



International Taraz
Innovative Institute
named after Sherkhan Murtaza

**«ХІХ-ХХІ ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ
ШИРЕГІНДЕГІ ОТАНДЫҚ ТАРИХТЫҢ
АЙМАҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ» АТТЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН, ТАРАЗ,
7 ҚАҢТАР, 2023 Ж.**



**ШЕРХАН
МҰРТАЗА**



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**



**«XIX-XXI ғасырдың алғашқы ширегіндегі отандық тарихтың
аймақтық аспектілері»
атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
Тараз, 7 қаңтар, 2023 ж.**

Тараз, 2023

ӘОЖ 94«18» (574)
КБЖ 63.2

Редакция алқасы

Саурыков Е.Б. (төраға), Баяндин М.А., Тажибаев С.Д., Буюклиев Н., Жапсарбай І.К., Берлібаев Б.Т., Сламбек З.Е., Тастанбек Я.С., Абдуалы А.Б., Сәмен Қ., Құрманбекова А.С., Ботабаева Ә.Е., Нұрманалиева Ұ.Т., Тамабаева Қ.У., Мырзабеков Ж., Елубаева Р.С., Асқарбекқызы Н., Газаев А.И., Беркенова Р.А., Саурыкова Ж.М., Қожамжарова Л.С., Ниязова П.Р., Байлыбеков Ғ.Р., Ташкараева А.М., Шакирбаева И.Т., Қырқынбай А.Л.

«XIX-XXI ғасырдың алғашқы ширегіндегі отандық тарихтың аймақтық аспектілері» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. Тараз, 7 қаңтар, 2023 ж.– 371 бет.

ISBN 978-601-8965-23-5

Жинаққа Қазақстан Республикасының жоғары, орта және кәсіптік оқу орындары мен ғылыми зерттеу институттары ғалымдарының XIX ғасырда аймақтық тарихтың зерттелу деңгейі, XX ғасырдағы отандық тарихтағы өңірлердің өзекті мәселелері мен Жаңа Қазақстан кезеңіндегі еліміздің, өңірлердің тарихын зерттеудегі проблемалар мен перспективасына арналған баяндамалар жарияланды. Жарияланған баяндамалар осы бағыттар бойынша айналысатын ғалымдарға, докторанттар, магистранттар мен студенттерге арналған.

Жинақ материалдарының электрондық нұсқасы сайтта орналастырылған
<https://htii.edu.kz/>

ӘОЖ 94«18» (574)
КБЖ 63.2

ISBN 978-601-8965-23-5



ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, мемлекеттік «Құрмет» ордені, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, «Байзақ ауданы және Жамбыл облысының құрметті азаматы», белгілі ғалым, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының вице-президенті, тарих ғылымдарының докторы, профессор **Абдуалы Асқар Бегадылұлының 70 жылдығына арналған «XIX-XXI ғасырдың алғашқы ширегіндегі отандық тарихтың аймақтық аспектілері» тақырыбындағы Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция**





ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСТІҢ БАЯНДАМАЛАРЫ

ӘОЖ 94(574)

ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСİNДЕГІ ЖАДИДТТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ КҮШЕЮІ ЖӘНЕ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСҚА ТИГІЗГЕН ЫҚПАЛЫ

**Қожамжарова Дария Пернешқызы – М.Әуезов атындағы ОҚУ басқарма төрағасы-ректоры,
ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор**

Қазақстанның бүкілресейлік шаруашылық айналымына енуі оның сан-салалы өмірін түбірлі өзгерістерге әкеп соқтырды. Қоғамдық-экономикалық қатынастарға айтарлықтай жаңалықтар ене бастады. Патша өкіметі бүкіл Түркістанды тікелей аграрлық шикізат көзі мен өз тауарларын өткізетін нарыққа жедел қарқынмен айналдыра бастады. Осы зымиян саясатқа қарамастан Ресейге Шығыстағы ұлт аймақтарының қосылуы олардың экономикалық және мәдени дамуын жылдамдатып, капиталистік қатынастарының иіріміне түсуіне ықпал жасады. Ресейге қосылу үрдісі аяқталған соң Түркістан өлкесіндегі халықтардың өмірінде айтарлықтай өзгерістер орын ала бастады. Бұл өзгерістер, атап айтқанда, бұл өлкеге Ресейдің Орталық губернияларынан қоныс аударушылардың лег-легімен келе бастауынан, егіншілік пен сауданың дамуынан, өнеркәсіп орындары мен теміржол құрылысының пайда болуынан, көшпелілердің отырықшылыққа көшу нышандарынан, жергілікті халықтардың дәстүрлі шаруашылықтары мен әдет-ғұрыптарына жекелеген жаңалықтардың енуінен және тағы басқа да көріністерден анық көрінді.

Орыстандыру, шоқындыру ісі патша өкіметінің жер және оқу-ағарту саласындағы саясатымен де тығыз байланыстырылды. Осылайша империядағы мұсылман халықтары, соның ішінде қазақтар орталық саясат нәтижесінде жері мен елдігінен айырылып, мәдениеті мүшкіл халге түсті. Мұндай ауыр жағдай Ресей империясындағы бүкіл мұсылман халықтарының наразылығын тудырып, отарлауға қарсылығын күшейтті. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына қарай пайда болған түркі-мұсылмандық қозғалыс патша өкіметінің отаршылдық саясатына жауап ретінде дүниеге келіп, бүкіл Ресей империясындағы ұлттық езгінің тауқыметін тартқан түрік тілдес мұсылман халықтарының саяси күштерін отаршылдыққа қарсы тұтас бір майданға біріктіру жолында қызмет жасады. Жалпыресейлік деңгейде өткен бұл қозғалыстың негізін түрікшілдік және исламшылдық қорғанушылардың идеологиясы атқарды. Осы тарихи кезеңде Ресей империясында жалпытүріктік азаттық идеясының күш алуына татар және башқұрт зиялылары зор үлес қосты. Өйткені орыстық отарлық езгіні ең алдымен басынан өткерген, сондықтанда онымен күресудің жолын терең меңгерген және осы бағытта біраз тәжірибе жинақтаған осы халықтардың өкілдері болып табылды. Исмаил Гаспринскийдің «Тәржіман», Фатих Каримовтың «Вақыт» газеттері, татар зиялылары ұйымдастырған баспаханалар, олар бастап берген жаңа әдістік (жәдидтік) оқыту белгілі дәрежеде жалпытүріктік азаттық идеясының қайта жаңғыруына қызмет жасады.

Мұсылманшылдық қозғалыстың дамуына әсер еткен негізгі себептердің бірі – патша өкіметінің мәдени-рухани жағынан отарлау саясаты, яғни, миссионерлік саясат болғандықтан да оны тереңірек талдау қажет. Белгілі ғалым, профессор М.Мырзахметов «Қазақ қалай орыстандырылды» атты кітабында патшалық Ресейдің қазақ халқын отарлау саясатының түпкі мәнін былай ашып көрсетеді: «Ресей патшалығының ғасырлар бойы жүргізіп келген ішкі, сыртқы саясатының негізгі бағыттары отарланып алынған елдерді дінге шоқындыру арқылы орыстандыру саясаты және оны жүзеге асырудың ең ұрымтал буыны отарланған бұратана елдердің ғасырлар бойы қолданып келе жатқан жазу таңбаларын, яғни, алфавитін өзгерту, оны кириллицяға ауыстыру саясаты тым ертеректен басталғанын көреміз. Өйткені ескі жазуын өзгерту – олардың тарихи есінің сақталу дәстүрі мен тарихынан қол үздіру арқылы идеологиялық мәңгіртке айналдыру – отаршыл үкімет атаулының негізгі мақсаты болып табылатын ортақ құбылыс». Міне осындай мақсатты көздеген патша өкіметі 1862 жылдан бастап ресми түрде қазақ халқын шоқындыру, сол арқылы біртіндеп орыстандыру саясатын ашық жүргізе бастады. Осы жолда 1865 жылы қасиетті Синодтың ұйымдастыруымен «Православиелік миссионерлік қоғам» құрылады. Қазан қаласында 1869 жылы қоғамның I съезі өтіп, оның жарғысы қабылданады. Онда «Православиелік миссионерлік қоғамның» алдына қойған басты мақсаты – Ресей империясындағы христиан емес халықтарды православиеге көшіру (шоқындыру) және шоқынғандар арасында христиан өмірінің салт-дәстүрлерін нығайта беру.

Құрылған күннен бастап өзінің миссионерлік саясатын пәрменді түрде жүргізген «Православиелік миссионерлік қоғам» 1894 жылға дейін империя көлемінде 200 мыңнан аса адамды шоқындырады. Қоғамның мұндай жетістіктерге жетуі 1880 жылы Қасиетті Синодтың обер – прокурорлығына «тек мұсылмандардың ғана емес, бүкіл адамзат мәдениетінің қорқынышты дұшпаны» саналған К.П.Победоносцевтың тағайындалуымен

байланысты еді. Жаулап алынған бұратана халықтарды шоқындырумен қатар, патша өкіметі ғасырлар бойы қолданып келе жатқан араб алфавитін орыстың кириллицясына көшіру мәселесін ойластырады. Бұны жүзеге асыру үшін көптеген миссионер ғалымдар жылдар бойы еңбек етіп, қазақтарды кириллицяға көшірудің дайындық жұмыстарына кіріседі. Олардың қатарында Н.И.Ильминский, Түркістанға белгілі миссионер Остроумов, әрі ағартушы, әрі миссионер Алекторов және түріктанушы ғалым, миссионер В.В.Радлов болды. Жалпы түрік тілді халықтардың жазуын орыс алфавитіне көшіру туралы ережені ІІ Николай патшаның өзі қабылдатады. Алайда патша өкіметі сол уақыттағы Ресей империясында болып жатқан саяси-әлеуметтік қиыншылықтарға байланысты орыс алфавитін бірден жүзеге асыруды кейінге қалдырады. Оның есесіне олар бұратаналардың бойын біртіндеп үйрету үшін орыс алфавитін ресми құжаттар мен мектеп оқулықтарында қолданумен шектелу қажет деп табады.

Сонымен қатар патша өкіметі «орыс-түзем» мектептері арқылы отарлауды жалғастырып, жастарды бірден орысша оқытып, оны ұлттық тарихтан айыра отырып, өздерінің отарлау аппараттарына қажетті мамандар даярлау ісіне баса назар аударады. Отаршылдардың ерекше мән берген келесі мәселелерінің бірі – баспасөз арқылы миссионерлік идеяны таратып, насихаттау үшін арнаулы зерттеу жинақтарын, газет, журналдар, аударма кітаптар шығарумен айналысты. Мәселен 1860-1917 жылдар арасында қазақ тілінде православие дінінің 72 кітабы аударылып, таратылған.

Патшалық Ресейдің мақсатын сезінген Түркістан халқы патша өкіметінің орыстандыру мен шоқындыру саясатына қарсы күреске шығады. Яғни, Ресей империясы құрамындағы түркі-мұсылмандар ой-санасын еркіндік үшін күреске бағыттайды. Осындай жағдайда Ресей империясының отарлық саясатына қарсы ұлт-азаттық күресті бастайтын жаңа тұрпатты қоғамдық-саяси әрі әлеуметтік күш қажет болды.

Мұндай күш – алғашында ана тілінде сауат ашып, өз ұлтының тарихы мен ұлттық ерекшеліктерін жете меңгерген, кейіннен орыс оқу орындарында білім алып, патшалық отарлау аппаратында қызмет жасаған, түрік халықтарының зиялылары және өздері негізін қалаған «жәдиттер» деп аталатын жаңа идеологиялық мәдени-ағартушылық бағыттағы қозғалыс дүниеге келеді. Жәдитшілердің ағартушылық реформалары қоғамдық өмірде өз орнын алған феодалдық тәртіп пен патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бағытталды. Олар баспасөз беттерінде: «Біз мұсылман халықтарының өзінің завод, фабрикаларымен қатар дамыған оқу орындары болып, олардың ерікті, әрі өркениетті, болғанын қалаймыз», - деп басқа елдер секілді тәуелсіз өмір сүруін аңсаған. Ал патша өкіметі болса бұл идеяға қарсы шығып, «мұсылмандар еуропалық өркениетке тек орыстанып барып жете алады»-деген пікірде болды.

Жәдиттер бүкіл түркі-мұсылман халықтарын оятуға, өткен тарихы арқылы өзін танытуға, ортақ мүдде жолында тұтас түрік қозғалысын ұйымдастыру жолында аянбай еңбек етеді. Түркістан жәдиттерінің рухани «әкесі» Бехбуди жаңа әдіс мектептері туралы айта отырып, Гаспринскийдің Ресей мұсылмандары арасында бірінші болып жаңа оқыту әдісін енгізгенін және оларды насихаттап, оның алғашқы оқулығын жасап шығарғанын жазады.

Гаспринскийден кейін Орта Азияның белгілі жәдитшілері М.Бехбуди, А.Фитрат, А.Дониш «оқу орындарын реформалау, зайырлы ғылымдарды енгізу үшін күресу» талаптарын алға тартты. Жәдиттік қозғалыстың басында: Ташкентте – Мунаввар қари Абдурашидханов, Абдулла Авлюни, Убайдулла Ходжаев, Самарқандта – Махмұдқожа Бехбуди, Абдуқадыр Шәкури, Саидахмад Сыддиғи-Аджди, Бұхарада – Фитрат, Файзулла Ходжәнаев, Алқап – Хамза, Ибрат, Чулпан, ал Хиуада – Палваннияз Ходжи Юнусов пен Баба Ахун Сәлімов тұрды. Олар Түркістандағы жәдиттік қозғалыстың негізін қалады.

Түркістан өлкесіндегі түрікшілдік қозғалысының негізін қалауда Мүнәууар қари Абдурашидханов та зор рөл атқарды. Ол Бұқара қаласындағы діни оқу орнын бітірген соң, өз махалласындағы Дархан мешітінің имамы болады. Жаңа ағарту мен мәдениет үшін жанқиярлықпен күрескен Ташкент жәдиттерінің атасы Мунаввар қари Абдурашидханов түрлі қуғын-сүргіндер мен тыйымдарға қарамастан қаржылық қиындықтарды жеңіп, мектептер ашты, оқулықтар жазды, газет беттеріне белсенді түрде мақалалар жариялап, кітаптар шығарды, мәдени-ағарту үйірмелерін ашты. Сөйтіп, Мунаввар қари Түркістанға адал, жанқияр перзенті ретінде танылды. Қоғамдық сананың өсуі сауат ашуды оқыту әдістемесін реформалауды талап еткені белгілі. XX ғасырдың басындағы түрік және татар халықтарының рухани өміріне күрт бетбұрыс жасаған Исмаил Гаспринскийдің идеялары мен мектеп пен медресе реформасы арқылы рухтанған Мунаввар қари мектеп реформасынсыз мүмкін еместігін түсініп, 1901 жылы Ташкентте бірінші болып жаңа әдісті мектеп ашады. Ол «Усули-савтия» деп атаған бұл әдісті өмірде қолдануда озық орыс, татар педагогтарының тәжірибесін пайдаланды.

Мунаввар қари Абдурашидханов патша шенеуніктеріне ұнамай, озық ойлы Махдли зиялыларының бастамасымен қиындықпен жұмыс істеген қазіргі мектептің ұстазы болды. 1905-1907 жылдардағы төңкерістен кейін жергілікті халыққа сөз, баспасөз еркіндігі берілген соң, мұны пайдаланған Мунаввар қари 1907 жылы «Әдиби аввал», «Әдиби сони» сияқты оқулықтар шығаруға қол жеткізді. Мунаввар қаридың бұл оқулықтары қызықтылығымен, дүние танымынан үзінділер беріліп, дүние танымына сүйене отырып түсіндірілуімен құнды. Бұл кітапта әр саладан бірнеше мысал ғана қамтылғанымен, өз заманы үшін өте ерекше, баға жетпес басылым болды. «Әдиби соний» кітабында әдеп сабақтары ертегілер мен әңгімелер арқылы баяндалса, зоология жануарлар әлемін әңгімелеу арқылы берілген. 1908 жылы Мүнәууар қари «Шухрат» атты газет шығарып, Ресей

империясындағы басқару жүйесін ұнатпайтындығын ашық білдіреді. Онда ол «Біздерді, мұсылмандарды, тұтқын шынжырынан азат ету үшін бір-ақ нәрсе қажет. Ол біздерді және балаларымызды ағарту» деп жазған.

Жаңа оқу үлгісіндегі жәдиттік оқу орындары Түркістан өлкесінде XIX ғасырдың аяқ кезінен бастап ашыла бастады. Олардың жәдиттік ілімі Түркістан өлкесіне мешіттерде дәріс берген шәкірттері арқылы тарады. Жәдиттік оқу орындарының ашылуы жергілікті халық тарапынан кең қолдау тапты. Жаңа әдістік мектептердің халық ықыласына бөленуі тұрғысында, әкімшілік орындардың бір-бірімен хат алысу барысында былай делінген: «Соңғы жылдары жаңа әдістік (усули-джедад) мектептері кеңінен таралуда, олар халық арасында үлкен беделге ие, ал халық болса ол мектептерді ерікті түрде өздерінің ақшаларына қаржыландырады». Гаспринскийдің әдісі бойынша оқытатын мектептерде мұғалім мектепке 30-40 оқушы қабылдайды, егер оқушылар саны көп болса онда мұғалімге көмекші тағайындалған. Оқушылар жылына екі рет: жаздың басында және қыстың басында қабылданып, әр сынып жаңадан қабылданған оқушылардан құралған. Гаспринский ұсынысы бойынша мұғалім оқушылар санына сәйкес оларды өз қалауы бойынша 3 немесе 4 сыныпқа бөлген. 3 жылдық мектептің оқу бағдарламасы: 1-сынып: әліпби – оқу мен жазу, түркі тілінде оқу, ойша санау; 2-сынып: түркі және араб тілінде оқу, жаттаған сөздерді жазу, ойша санау арқылы есептер шығарып, сандарды жазу, қарындашпен жазып жаттығу; 3-сынып: түркі және араб тілдерінде оқу (кейбір мектептерде парсы тілінде), дін туралы негізгі мәліметтерді, дұғаларды оқу (ибадат), түркі тілінің грамматикасы, арифметика, түркі тілінің грамматикасы, арифметика (‘ilmi k̄hisāb), түркі тілінде оқылған мәтіндерді ауызша қайталау немесе жазбаша баяндау. Сынып саны 4 болса, онда сабақтар олардың санына қарай бөлінген. Сабақтың ұзақтығы түскі асқа дейін 3 сағат және одан кейін 2 сағат, жалпы 5 сағатқа дейін созылып, сабақтар арасы 10 минут үзілістен тұрған және түскі уақыттағы үзіліске 30 - 45 минут берілген.

Бұл мектептегі оқу бағдарламасы діни пәндермен қатар мыналарды қамтыды: 1) түркі тілінде оқу және жазу; 2) дін туралы алғашқы мәліметтер; 3) арифметикадан төрт ереже; 4) қысқаша тарих; 5) орфография; 6) география; 7) орыс тілі. Кейіннен оқу курсы гигиена туралы негізгі және қысқаша ақпарат бойынша курспен толықтырылды.

Осы мақсаттардың бірі ретінде ағайынды Хусайиновтардың сауда фирмаларына білікті қызметкерлерді дайындау үшін Орынбордағы «Хусайния» медресесі құрылады. Бұл медресенің оқу бағдарламасына физика, химия, геометрия, тригонометрия, психология, логика, бастауыш құқық (мұсылман емес), гигиена, медициналық білім, саяси экономика, сауда және есеп сияқты пәндерді оқыту кірді.

Түркістан өлкесіндегі жәдиттік мектептерге мамандар даярлауда Уфадағы, Орынбордағы және Қазандағы медреселер елеулі рөл атқарды. Қазан, Уфа, Орынбор қалаларында жәдиттік әдістегі ірі медреселер қатарында «Мухаммадия» (1882, Қазан), «Апанаев» (1892, Қазан), «Хусайния» (1889, Орынбор), «Расулия» (1884, Троицк), «Усмания» (1887, Уфа), «Ғалия» (1906, Уфа) медреселері Түркістандағы білім жүйесінде маңызды орын алды.

Оны Орта Азияның белгілі ағартушысы Махмұдқожа Бехбуди ерекше атап өтіп, «қазіргі халықты» дамыту үшін Орынбор мен Қазанға шәкірттер жіберу керектігін атап көрсетеді. Әсіресе Қазандағы «Мухаммедия», Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хусайния» медреселеріндегі оқу жаңа әдіске көшкеннен кейін олардың мәртебесі артып, нәтижесінде Қазан губерниясынан келгендердің саны артып, Бұхара медресесінде оқитындардың саны азайып кетеді. Тек 1906-1916 жылдар аралығында Орынбордағы Ғалия медресесінде Түркістан мен Кавказдан 224 шәкірт білім алған. Бұл мектептерде оқитын мұсылман халықтарының балаларымен бірге түркістандық қазақ жастарының да саны жыл өткен сайын арта түседі. 1906-1917 жылдар аралығында «Ғалия» медресесінде 154 қазақ оқыған. Олардың ішінен Жетісудан Ысқақ Қанағатұлы, Нарынқол Кабиров, Ниязғали Жакып оқу бітірген. «Ғалия» медресесінде қырғыздың белгілі ағартушы ғалымы, әрі мемлекет қайраткері И. Арабаев білім алған. Оның 1911 жылы жәдит мектептеріне арналған «Әліппе, яки төте оқу» атты оқулығы Уфа қаласында жарық көрген. 1913 жылы «Ғалия» медресесіне 40-тан астам қазақ шәкірті келсе, оның 6-ы Жетісудан, 2-і Сырдариядан болған. Сондай-ақ жоғарыда аталған қалалардағы медреселердің ұстаздары мен шәкірттері қазақ далаласында көшпелі жәдиттік мектептер ашып, қазақ балаларына білім таратты. Осындай көшпелі мектептердің ашылуына байланысты орыс-түзем мектептеріндегі қазақ балалары оқуларын тастап, жәдиттік көшпелі мектептерде білім алуға ынта көрсете бастады.

Түркістан өлкесінің аумағындағы татарлардың ағартушылық қызметі Түркістанның бірінші губернаторы Қ.П. фон Кауфманның (1867-1882) кезінен бастап-ақ көрініс тапқан. Түркі-мұсылман қозғалысының Ресей империясының тұтастығына белгілі бір қауіп төндіруі мүмкін екенін білген ол «Қандай жағдайда да татарлардың қырғыздармен (қазақтармен) араласуы зиянды болатынын» атап көрсетіп, «мен «Исламның анасы» деп аталатын Бұхараның діни реакцияшыл фанаттарын көргім келеді, өйткені татарлар бұл реакцияшылдардан қауіпті». Татарлардың қазақтарға мұндай «теріс» ықпалын Түркістан облыстық сотының 1899 жылы 13 тамызда Шымкент уезінің бастығына жазған арызынан көруге болады. Құжатта «татар Камал Махзұм Замалиддинов Созақ ауылында тұрады және Түркістанның төңірегінде оның 2000-ға жуық мүридтері бар. Ол Камал Махзұм әулие есімімен бүкіл өлкеде тұратын қазақтарға қатты әсер еткен» делінеді айтылады.


Сонымен, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Түркістанда түркі-татар ағартушыларының идеялары белсенді түрде таратылғандықтан, Ресей империясының басқа жерлеріндегі сияқты Түркістан



өлкесінде де, жаңа әдістеме мектептерінің желісі мен алғашқы жәдидтік мектептер Еділ бойынан келген татар зиялыларының және жергілікті ағартушылардың қызметімен тікелей байланыста ашылды.

Мұрағат деректеріне сүйенсек, 1897 жылғы құпия ақпарат бойынша Түркістан өлкелерінде татар мұғалімдері ашқан мектептер үкіметтің рұқсатынсыз жұмыс істеген. Соған байланысты 1897 жылы 22 желтоқсанда Түркістан оқу орындары басқармасы облыстардағы әскери губернаторларға өз өлкелерінде әрекет ететін татар мұғалімдері туралы толық мәлімет беруді сұрап арнайы хат жолдаған.

Міне, өздеріңіз байқап отырғандай Түркістан өлкесіндегі жәдидтік білім берудің күшеюі және оның азаттық қозғалысқа тигізген ықпалын осындай құжаттар арқылы саралауға болады. Бұл тақырыпты індетте зерттеу алдағы уақыттың еншісінде деп есептеймін!



ӘОЖ 94(574)

XVI АЛҒАШҚЫ ОНЖЫЛДЫҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ МЕН МАУЕРЕННАХРДАҒЫ ШИБАНИЛЫҚ ӘУЛЕТ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Берекет Бақытжанұлы Кәрібаев

**ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,
тарих ғылымдарының докторы**

IX-X ғасырларда Дешті Қыпшақ пен Мауереннахр аумақтары араб-парсы тілдеріндегі тарихи-географиялық әдебиеттерде басқа да түрік тілдес тайпалардың өмір сүрген аумақтарымен бірге жалпы ортақ атаумен – Түркістан деп аталғаны белгілі [1,144; 2,149]. «Түркістан» атауы парсы тілінде «түріктердің елі» деген мағына береді [3,510]. Түркістан атауы тарихтың әртүрлі кезеңдерінде тарихи жағдайларға байланысты мәні мен мазмұнын өзгертіп отырды. Егерде бұл атау IX-XIII ғасырларда алғашқы мәнінде қолданылып, бүкіл түрік тайпаларының өмір сүрген аумағын білдірсе, XIV-XVI ғасырларда атау мәні өзгеріске түсіп, оған тек Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы қалалар мен өңірлер жатты [4, 28-29]. Осы екінші мәндегі Түркістан аумағы сол ғасырларда Дешті Қыпшақ пен Мауереннахрды байланыстырып тұрған аумақ болып саналды. Ал XVI ғасырдың соңғы немесе XVII ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап Қазақ хандығының саяси орталығына айналуына байланысты Яссы қаласы – Түркістан деп атала бастайды [5, 32]. Біз бұл жұмысымызда Түркістан атауының екінші мәндегі мағынасын қолданамыз. Өйткені, XV ғасыр ортасында Дешті Қыпшақ аумағында құрылған Қазақ хандығы мен XVI басында Мауереннахрда темірлік әулеттің орнына билікке келген шибанилық әулет арасындағы саяси қарым-қатынастардың негізгі өзегін – осы Түркістан өңіріне иелік ету үшін күрестер жатты. Бұл күрестер бір жарым ғасырдай уақытқа созылып, өз ішінде бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Сондай кезеңдердің біріне - XVI ғасырдың алғашқы онжылдығы аралығы жатады. Сол себепті де біз бұл жұмысымызда осы аралықтағы, яғни Мауереннахрдағы шибанилық әулеттің билігін орнатқан Мұхаммед Шайбаниханның билігі тұсында Қазақ хандығымен жүргізілген қарым-қатынастары мәселесін қарастырамыз.

XVI ғасырдың алғашқы жылдары Орта Азияның саяси тарихына түбегейлі өзгерістер әкелді. Оның ең бастысы - аумақта билеуші әулеттің ауысуы болатын. 130 жыл бойы Мауереннахрда билік құрған Ақсақ Темір және оның ұрпақтарының билігі XV ғасырдың соңғы жылдары өзара феодалдық соғыстар нәтижесінде әбден әлсірейді. Ондағы өзара күресуші күштер көрші елдерден көмек іздестіреді. Көмекке келгендердің бірі – Мұхаммед Шайбани хан болды.

Шайбани ханның Мауереннахрда билікке келуі мәселелері А.А.Семенов еңбектерінде жақсы қарастырылады [6,109-150; 7, 39-83]. Мауереннахрдың жаңа билеушісі 1504 жылға дейін ондағы Ақсақ Темір ұрпақтарын толығымен жеңіп, билігін нығайтады, Моғолстан хандары Сұлтан Махмұт хан мен Сұлтан Ахмет хандардың біріккен күшін талқандап, Ташкент аймағын Мауереннахрға қосады [8, 145]. Сөйтіп, XVI ғасыр басында Қазақ хандығы мен Шибанилық Мауереннахр Орта Азия мен Қазақстандағы күшті мемлекеттерге айналады. Екі ел арасындағы саяси қатынастар XVI ғасырдың алғашқы он жылдығындағы аумақтағы саяси дамудың бағыт-бағдарын, сипатын анықтады.

XV ғасырдың соңындағы Бұрындық хан мен Мұхаммед Шайбани ханның жасасқан шарты бойынша Қазақ хандығы Сыр бойының солтүстік өңірін иеленді. Мұхаммед Шайбани ханның Мауереннахрдағы жаулап алу соғыстары кезінде Қазақ хандығының билігі аймақтың орталық және оңтүстік бөлігіне де тарай бастайды. Мауереннахрды толық бағындырып, Хорасандағы Ақсақ Темір ұрпақтарымен күрес жүргізіп жатқан Шайбани хан үшін Түркістанда Қазақ хандығының позициясының өсуі қауіпті бола бастады. Қазақ хандығы үшін Түркістанның Мауереннахрға қарауы қандай қауіпті болса, әскери-стратегиялық тұрғыдан аймақтың Қазақ хандығы құрамында болуы Мауереннахрға да дәл сондай қауіпті болды. Шайбанилық сұлтандардың көрнекті өкілі Ұбайдаллах сұлтанның «Қазақтармен қазіргі кезде соғысудың себебі, бұл халықты қыруда, тежеуде болып отыр, өйткені біздің қызылбөріктермен соғысуымызда олар жағынан Мауереннахр мен Түркістан аймақтарына

жорық жасау, жаулап алу қаупі бар», - деген сөзі Сыр бойының шайбанилықтар үшін әскери-стратегиялық маңызын көрсетеді[8, 68].

Мауереннахрды өте қысқа мерзімде бағындырып және Моғолстанды жеңіп, оның бай өлкесі Ташкентті өзіне қаратақан Шайбани хан XVI ғасыр басында бүкіл аумақтағы бірден-бір қуатты саяси күшке айналады. Ал Қазақ хандығының Сыр бойының бір бөлігін өзіне қосуы, сондай-ақ бүкіл аймақта оның саяси ықпалының күшеюі Шайбани ханды тыныш қалдырмады. Күшіне сенімді ол XV ғасыр соңында Бұрындық ханмен жасасқан шартты бұзуға әрекет ете бастайды.

XVI ғасыр басындағы Қазақ хандығы мен Мауереннахрдағы шибанилық әулет арасындағы қарым-қатынастар қатты шиеленісіп, күрделі жағдайда дамиды. Мұхаммед Шайбани хан Қазақ хандығына қарсы күресу үшін күрестің бірнеше түрін қатар қолданады. Біз ол күрестерге - экономикалық күресті, діни күресті, идеологиялық күресті және әскери күрестерді жатқызамыз. Төменде осы күрестерге қысқаша болса да тоқталсақ.

Бірінші күрес, ол – экономикалық күрес болды. Дешті Қыпшақ аумағында туып-өсіп, өмірінің 50 жылын сонда өткізген Мұхаммед Шайбани хан дештілік тұрғындардың қандай тауарларды Мауереннахр қалаларынан сатып алатынын жақсы білетін. Егерде қазақтардың Мауереннахр аумағындағы сауда-саттығына тыйым салынса, онда олардың жағдайы күрт нашарлайды. Бұл Мауереннахр билеушісіне өте тиімді болатын. Оның ойынша қазақтарды бағыныштылықта ұстаудың бір жолы - осы экономикалық жол болуы тиіс. Сол мақсатпен шибанилық хан Түркістан аймағының тұрғындары үшін қазақтармен сауда-саттық жасамау, қазақтармен араласпау және саудагерлердің ол жаққа бармауы туралы заң шығарады[8, 101]. Тіпті, Хорезм мен Түркістан аймақтарында жүрген қазақ саудагерлерін осы заңға сүйеніп, тонауға бірнеше рет жарлық береді[8, 101]. Ал қазақтар жағы да қарап қалмай, тоналған сауда керуендері үшін кек алу мақсатында бірнеше рет Мауереннахр аумағына жорықтар жасайды. Бұл туралы Мұхаммед Шайбани ханның хатшысы, әрі діни кеңесшісі болған Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани өз еңбегінде айтып өтеді[8, 101].

Екінші күреске - идеологиялық күрес жатты. Бұл күрестің негізгі мақсаты – қазақ хандарының беделін төмендетіп, олардың билігінің заңсыз екендігін көрсету болды. Сол мақсатта арнайы тапсырмамен 1504-1506 жылдары кітаптар жазылып, онда қазақ хандары мен сұлтандарының жақсы соғыса алмайтындығы туралы баяндалады, Шыңғыс хан ұрпақтарының шежіресі жазылып, онда қазақ хандары Жошының ең кіші ұлы – Тұқай Темірден тарқатылады[9, 40-42]. Ел арасына шибанилық сұлтандардың Тұқай Темірлік сұлтандардан артықшылығын, мәртебесі жоғары екендігін көрсететін мынадай аңыз – әңгіме таратылады. Бұл әңгімені шибанилық әулеттің тарихшысы Өтеміс қажы өз кітабында баяндайды. Оның қысқаша мазмұны төмендегідей: «Жошы хан қайтыс болғаннан кейін оның артында қалған ұлдарының ешқайсысы билікті иеленбей, оны ұлы атамыз шешсін деп Шыңғыс ханға келіпті. Шыңғыс хан немерелерінің әңгімелерін тыңдап болған соң, үш киіз үй тіктіріпті де, алтын босағалы Ақ ордаға - Батыйды, күміс босағалы Көк ордаға - Орда Еженді, болат босағалы Боз ордаға - Шибанды кіргізіпті. Ал Тұқай Темірге арба да бермепті. Содан бері шибанилықтар тұқайтемірліктерге «Біз сендерден артықпыз», - деп айтатын болыпты»[10, 92]. Осылайша, қазақ хандары мен сұлтандарының арғы атасын Тұқай Темірден тарату арқылы олардың беделін төмендету көзделіп, Дешті Қыпшақтағы олардың билігінің «заңсыз» екендігі дәлелденеді.

Осы күрестің үшінші түріне – діни күрес жатты. Бұл бойынша Мұхаммед Шайбани хан ортаазиялық ірі дін басыларына қазақтарды кәпірлер деп жариялатқызады. Ал кәпірлерге қарсы соғыс - қасиетті соғыс, оған әрбір мұсылманның қатысуы міндетті деп, шибанилық билеуші өзінің қазақтарға қарсы жасайтын жорықтарына жаппай мұсылмандық сипат бергізгенін жазады Рузбихан[8, 63]. Сонымен бірге автор Шыңғыс хан ұрпақтары арасында исламды алғаш қабылдаған хандар туралы айтады. Иранда - Газан ханның(1295-1304 жж. билік құрған), Шағатай мемлекетінде – Барақ ханның (1266-1271 жж.) алғашқы болып исламды қабылдағанын айта келе, дәл солардың заманында Жошы ұлысында да хандар мұсылман бола бастады дейді. Шайбани ханның айтуынша «Шыңғыс ханнан тарайтын біздің бесінші атамыз исламды қабылдаған, сол күннен бері бүкіл Жошы ұлысы мұсылман болған» деп жазады кітап авторы[8, 104]. Одан әрі Рузбихан былай дейді: «...Өзбек тайпалары да исламды қабылдады, солардың ішінде қазақтар да бар. Қазақ ұлысында исламның тамыры Шыңғыс хан ұлысында исламды алғаш қабылдаған кезден бері берік орныққан. Бірақ олардың арасында шамандықтың қалдықтары, пұтқа табынушылық әлі күнге дейін сақталып қалған. Мұсылман бола тұра шамандыққа, пұтқа табынушылыққа тән іс-әрекеттерге барса, онда оны діннен ауытқушылық деп атап, ондай қасиеттер тек кәпірлерде болады», - деп ой түйеді Шайбани ханның хатшысы Рузбихан «Михман наме - Бухара» атты кітабында[8, 105].

Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакханидың бұл мәліметінен біз, Мұхаммед Шайбани ханның Қазақ хандығына қарсы мықтап дайындалғанын байқаймыз. Шибанилық ханның тапсырмасымен қазақтардың діни туралы жоғарыда айтып өткен теріс пікірлер мауереннахрлықтарды қасиетті соғысқа итермелейді.

Соған қарамастан автор қазақтардың діни жөнінде басқа адамдардан естігендерін де жазады. Онда «... Қазақтардың мұсылмандыққа өткеніне 200 жылдан астам уақыт өтті. ... Олар Құран оқиды, намазға жығылады, балаларын мектептерге береді, ораза ұстайды, неке келісімінсіз үйленбейді...» - , деп нақты атап өтеді[8, 106].

Шайбани ханның Қазақ хандығына қарсы жариялаған діни күресінің түпкі мақсатын «Михман наме - Бухара» кітабынан кездестіруге болады. XV ғасырдың басында Иранда сефевилер әулеті билікке келіп, олар

шиизмді ресми дін ретінде жариялайды да, суниттер қуғынға ұшырайды. Көптеген суниттік бағыттағы діни ғұламалар, білімді адамдар Мауереннахрға қашып келеді. Солардың бірі – Рузбихан болатын. Оларды Мұхаммед Шайбани хан өз қызметіне алады. Шибанилық ханның билігі күшейгеннен кейін олар біртіндеп, Шайбани ханды қызылбастар еліне қарсы соғысқа шығуға итермелей бастайды. Оған негіз етіп хадистерден мысалдар келтіреді. 817-898 жылдары өмір сүрген Әбу Дәуід ас-Сиджистани иманның хадистер жинағында пайғамбардың мынадай сөздері бар екен: « Мұхаммед пайғамбар өзі қайтыс болғаннан кейін біраз уақыттан кейін Мауереннахрда «мұсылмандар қорғаушысы» пайда болады және оның бес белгісі болады деген екен». Сол бес белгіні талдай келе, олардың бәрі де Шайбани ханда кездеседі деп ой түйеді Рузбихан[8, 80]. Басқаша айтқанда, суниттік бағыттағы дін басылары мен ғұламалар Мұхаммед Шайбани ханды Иран мен Ирактағы сефевилер әулетіне қарсы соғысқа аттануға итермелейді.

Мұхаммед Шайбани ханға хадисте жазылғандай, бүкіл «мұсылмандардың қорғаушысы» болу үшін, оңтүстік-батыстағы мықты қарсыласы сефевилер әулетін жеңу керек, ал ол үшін алдымен, солтүстіктегі қарсыласы – Қазақ хандығын талқандау керек болды. Сөйтіп, қазақтарға қарсы жасалатын соғыстың себебі көрінеді.

Ал енді күрестің төртінші түріне – әскери күрес, яғни Қазақ хандығына қарсы жасалған жорықтар жатты. 1505 - 1510 жылдар аралығында Мұхаммед Шайбани хан қазақтарға қарсы бірнеше рет жойқын жорықтар ұйымдастырады. Оның алғашқы үшеуі біршама табысты өтеді. Осы үш жорық барысында Сыр бойында қыстайтын Жәнібек хан ұлдарының ұлыстары көп шығынға ұшырайды. Сол жылдардағы қазақ билеушісі Бұрындық хан тарапынан жауға қарсы ешқандай қарсылық ұйымдастырылмайды. Бұл жағдай оның ел ішіндегі беделін түсіріп жібереді. Үшінші жорыққа қатысқан Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани жорық барысы мен сол кездегі оқиғаларды өз кітабында жақсы баяндайды. Үш жорық барысында бірнеше қазақ ұлыстары талан-таражға түскенімен Мұхаммед Шайбани хан өзінің түпкі мақсаты - Қазақ хандығын бағындыруды жүзеге асыра алмайды.

Қазақ хандығына қарсы жасалған төрт жорықтың ортақ мақсаты – Түркістан аймағынан Қазақ хандығын ығыстыру, сол арқылы оларды Мауереннахрға тәуелді ету болып саналды. Сонымен бірге әр жорықтың өз алдына қойған міндеттері де болды.

Шайбани ханның XVI ғасыр басындағы қазақтарға қарсы алғашқы жорығы 1505/1506 жылы басталды. Оған Шайбани ханның қазақ саудагерлерін тонау туралы жарлығына сәйкес қазақтар тарапынан қарсы әрекет түрткі болды[11, 262-263]. Қазақ хандығының бұл әрекеті Шайбани ханның қазақ саудагерлерін тонау туралы жарлығына қарсы жасалған іс-әрекет деп түсінуіміз керек. Алғашқы жорық туралы мәлімет ортағасырлық деректер ішінде жалғыз «Михман наме-йи Бұхара» еңбегінде ғана баяндалады[8, 102-104]. Онда Мұхаммед Шайбани хан Түркістанға жетіп, қазақтар иелігіне қарай бірнеше күндік жол жүргендігі, қазақтардың кейін шегініп, қаша бастағаны, сөйтіп өз жақтарына қарай кетіп қалғандығы туралы айтылады[8, 103]. Қолға түскен олжаларды қанағат етіп, Мауереннахр әскерлері кейін оралады. «Шайбани хан қазақтарды қуып жіберді. Бұл қазақтарға қарсы жасалған бірінші жорық еді», - деп жазады ибн Рузбихан[8, 103].

Біздің ойымызша, қазақтарға қарсы жорық қыс айларында өткен. Оған дәлеліміз, біріншіден, ибн Рузбихан «Хан әскерінің келе жатқанын естігенде қазақ сұлтандарының зәре-құты қалмады», - деп жазғанына қарағанда, Сыр өңірінде қазақтар қыстауда болған[8, 103]. Екінші дәлелге, көшпелі қоғамның шаруашылықты ұйымдастырудағы ерекшелік жағдайы жатады. «Дисперсиялық дамудың ең шырқауы қазақтарда жылдың қыс айларында, ерте күзде және ерте көктемге сәйкес келеді, оған себеп қар қабатының болуы, жем-шөп қорының жетіспеушілігі және көшіп-қонудың мүмкін еместігі болды»[12, 122].

Шаруашылық жағдайының ерекшелігі әлеуметтік құрылымдарға тікелей ықпал етіп, рулар мен тайпалар, ұлыстар ерте күзден ерте көктемге дейін бір-бірінен алшақ, қашық орналасады. Ибн Рузбихан еңбегінде қыс кезінде ұлыстардың бір-бірінен қашықтығы 15 күндік жер деп айтылады[8, 131]. Міне, осыдан келіп ұлыстардың бір-бірінен қашықтығы олардың арасындағы өзара байланыстарды қыс айларында барынша кемітеді. Хабар алысып, сыртқы жауға қарсы бірігіп күресуге қыс айларында көшпелі тайпалар мен ұлыстардың мүмкіншілігі өте аз болды. Сондықтан да олар көп жағдайда қыс айларында болатын жау шабуылдарына төтеп бере алмайды. Көшпелі өмірдің қыры мен сырын өте жақсы білетін Мұхаммед Шайбани хан қазақтарға алғашқы жорығын қыс айында жасайды. «Қазақ сұлтандарының зәре-құты қалмады... » деп жазғанына қарағанда, автор бұл арада Шайбани ханды мақтау, мадақтау үшін, оның қуатын асыра көрсетпек болған[8, 103]. Екіншіден, ұлыстардағы қазақ сұлтандары бір-бірімен байланыса алмай, әрқайсысы өз ұлысының жағдайын ғана ойлайды. Жеке ұлыстың бүкіл Мауереннахр күшіне төтеп бере алмайтынын білген қазақ сұлтандары шегінуден басқа амал таппайды.

Алғашқы жорық Шайбани хан үшін сәтті аяқталғанымен, өзінің алдына қойған міндетіне жетпеді. Қазақ хандығы Сыр өңірлеріндегі жерлерінен айырылған жоқ. Керісінше, қазақтар шибанилықтар иелігіне келесі жылы тағы да жорықтар жасайды[11, 264]. Бұл жағдай өз кезегінде Шайбани ханның қазақтарға қарсы екінші жорығын ұйымдастыруға негіз қалайды.

1506 жылдың жазында Мұхаммед Шайбани хан Ақсақ Темір ұрпақтарының соңғы тірегі – Хорасанды бағындырады[8, 103]. Оның мемлекетінің шекарасы оңтүстікте Иранмен, солтүстігінде Қазақ хандығымен шектесті. «Бүкіл мұсылмандардың қорғаушысы» болуы үшін оған енді Ирандағы сефевилік әулетпен күресуге

тура келді. Бірақта Түркістан аймағында Қазақ хандығының болуы үнемі Мауреннахрға қазақтар тарапынан қауіп туғызады. «Ханның қазақтармен соғысы Иракты бағындыруға басты шара болды», - деп түсіндіреді Рузбихан[8, 80]. «Хорасанды жаулап алғаннан кейін қазақтардың ешбір ұлысы хан иелігіндегі жерлерге аяқтарын баспау үшін, хан оларды талқандауға нық шешім қабылдады», - деп жазылады «Михман наме-йи Бұхарада»[8, 103]. Хан Хорасан мен Ирак жаққа жорыққа кеткенде, Мауреннахр аймағына қазақтар енбейтіндей болуы керек», - деп түсіндіріледі шайбанилық дерек мәліметтерінде[8, 103].

Жоғарыда келтірілген мәліметтер екінші жорықтың мақсаттарын аша түседі. Жорық 1507/08 жылдың қыс айларында өтеді. Бұл жолғы соққы қазақ ханы Бұрындық хан ұлысына қарсы бағытталады. Мұхаммед Шайбани хан әскері қазақтар елінің шекарасына дейін жетіп, Сығанаққа соқпай, оны айналып өтеді де, Қара-Абдал деген жерге келіп тоқтайды. «Қара-Абдал қазақтар қыстауының ортасы», - деп жазады ибн Рузбихан[8,103].

Жорықтың қыста өтуі себепті Бұрындық хан жау әскерінің жорығынан хабарсыз еді. Тұтқиылдан болған соққыға төтеп бере алмай, ол мал-мүлкін жауға тастап, қашып құтылады[8, 103]. Осылайша, бұл жорық барысында қазақ ханының ұлысын талқандап, Шайбани хан Яссы арқылы Самарқанға қайтып оралады.

Екінші жорық қорытындысы бойынша, хан ұлысы талқандалғанымен, жалпы, Қазақ хандығының Түркістан аймағына енуі тоқтатылмады. Жорықтың міндеті қазақ ұлыстарының бәрін талқандау еді, жорық міндеті толық жүзеге асырылмады. Соған қарамастан Мауреннахр билеушісі қазақ ұлыстарын толық талқандау ойынан қайтпайды. Ол енді келесі күреске бар күшін салып дайындалады.

Келесі үшінші жорыққа дайындық, оның барысы мен қорытындысы «Михман наме-йи Бұхарада» жақсы баяндалған [8, 109-111; 120-137].

Шайбани хан үшінші жорыққа барынша діни сипат бергізеді. Хорасан мен Мауреннахр имамдарына қазақтарға жасалатын жорыққа қатынасушылар ғәзи бола ала ма, әлде жоқ па деген мәселе бойынша анықтап жазу бұйырылады. Және де ханның өзі қазақтарға пұтқа табынушылар деп жариялағаннан кейін, имамдар мен шейхтар қазақтарды дінсіздер, ал дінсіздерге қарсы қасиетті соғысқа қатынасқандығы үшін әркім сыйлық алады», - деп ханға жеткізеді[8, 63].

Үшінші жорықтың басталуына Қазақ хандығы тарапынан Мауреннахрдың орталық аймағына жасалған жорық түрткі болды. Жорықты Жәнібек ханның немересі, Жаныш сұлтанның ұлы Ахмет сұлтан 1507/08 жылы жасайды. Бұл жорық, біріншіден, Мауреннахр билеушісінің қазақтарға қарсы жасалған алғашқы екі жорығына қарсы жауап, кек қайтару ретінде болды. Жорыққа жалғыз сұлтан адамдары емес, бүкіл хандық күші қатынасады. Екіншіден, Мұхаммед Шайбани ханның Хорасанды бағындырып, Ауғанстанды бағындыруға аттануы Қазақ хандығы үшін өте қауіпті бола бастады. Түркістанда отырып, Мауреннахрдың саяси жағдайын жіті бақылап отырған Қазақ хандығы Шайбани ханның жоқтығын пайдаланып, жорық жасау арқылы Мауреннахрдың одан әрі күшеюіне жол бермеуді мақсат етеді.

Ахмет сұлтан 1507/08 жылы 50 мыңнан аса адаммен Мауреннахрдың орталық аймағына жетіп, елді-мекендерді тонайды. Тіпті шибанилық сұлтандардың тірегі Бұхара мен Самарқанды қоршауға алуға дайындалады. Қазақтардың бұл әрекетін естіген Шайбани хан Ауғанстан жақтағы бар істерін қалдырып, шұғыл түрде Мауреннахрға қайтады. Қазақтар Самарқанға қарайтын Куфин өңірін, Дабус қамалын, Соғды өңірін және Кухах өзенінің арғы бетіндегі Бұхараға қарайтын өңірлерді талқандайды. Олар құлдарды, малдарды, өзбектердің мүлкін және мұсылмандарды тұтқынға алып, олжа ретінде кейін оралады. Мәліметте тұтқынға алынғандардың жалпы саны бірнеше мың болды делінеді[8, 110-111].

Шайбани хан Бұхараға келісімен тонауға ұшыраған өңірлерді, от-басыларын көріп, оларға көңіл айтады және қазынадан материалдық көмек бергізеді. Бұл әрекет оның Мауреннахр халқы алдында беделін көтереді және де ол қазақтардан кек қайтаруға уәде береді. Ол жорықты келесі жылға, 1508/09 жылдың қысына белгілейді.

Жорық 1509 жылдың 27 қаңтарында, жұма күні басталады[8, 63]. Шайбани хан мол әскермен Мауреннахрдан шығып, 18 ақпанда Сырдың сол жағалауындағы аймақтың оңтүстік қақпасы Аркукке келеді[8, 73]. Өзеннің сол жағалауындағы елді-мекендерден бүкіл әскерге бір айдан аса уақытқа жетер азық-түлік жинап алады. Аркукте 3 күн болғаннан кейін өзеннің сол жағалауындағы қалаларды ала отырып, Үзкент қаласына келіп тоқтайды. Аркук, Үзкент қалалары маңына Шайбани хан әскеріне басқа шибанилық сұлтандар өз аймақтарының әскерлерімен келіп қосылады[8, 82].

Үзкент қаласы маңынан Мауреннахр әскері Сырдың оң жақ бетіне өтеді де, бірден Сығанақ түбінен шығады. Одан ары ибн Рузбихан, Шайбан ханның қазақтар қыстауының ортасы Қара-Абдалға келіп тоқтағанын айтады.

Шайбан ханның үшінші жорығының бағыты - Самарқан-Аркук, Үзкент және Сырдың оң жағалауындағы Қара-Абдал. Бұл бағыт - Қазақ қыстауларына тосыннан шабуыл жасауға ең тиімді, ең қолайлы маршрут. Бұған дейінгі екі жорық та осы бағытпен болып, қазақ ұлыстарының қыстауларына жауды тұтқиылдан әкелген еді. Бұл жолы да Мауреннахр билеушісі бұрынғы әдістерін қайталайды.

1509 жылдың наурыз айының алғашқы 10 күн ішінде жау әскерлері Қара-Абдалда толығымен бас қосады. Шайбани ханның ставкасынан 10 күндік жерде орналасқан Жаныш сұлтан ұлысын талқандауға хан бұйрық береді. Жаныш сұлтанға жау әскерінің келе жатқаны белгілі болды, бірақ ол жау әскері – Ташкент

аймағының билеушісі Сүйінші-қожа сұлтанның әскері деп қателеседі. Оның болжамы бойынша, Хорасан жақтағы Шайбани хан тез арада бұл маңға келуі мүмкін емес болатын. Қазақ сұлтаны әскер жиып, 30 мыңдай әскерімен өз ұлысында жауды күтеді. 1509 жылдың наурыз айы ішінде “атақты қазақ соғысы” болады[8, 128]. Ұрыс барысын ибн Рузбихан тиянақты баяндайды. Ұрыс Жаныш сұлтан ұлысының талқандалуымен, сұлтанның қашып, оның ұлы Ахмет сұлтанның өлтірілуімен аяқталады. Олжаға 10 мыңнан аса арбалы үй, сан жетпес мал, дүние-мүлік түседі[8, 128-131].

Бір ұлысты талқандап мол олжаға кенелген кейбір сұлтандар ауа –райының қолайсыздығын бетке ұстап, кейін оралу туралы сөз қозғағанда, Шайбани хан аймақтағы қазақ ұлыстарын және хан ұлысын талқандамай кейін қайтпайтындығын айтады. Оның ойы Түркістан аймағынан қазақтарды толық қумайынша кейін оралмай болатын.

Қара-Абдалдан 15 күндік жерде орналасқан Бұрындық хан мен Қасым сұлтан ұлысына аттануға хан жарлық етеді. Орта жолда Мауереннахр әскері қаннен-қаперсіз, Жаныш сұлтан ұлысының талқандалғанынан хабарсыз жатқан Жаныш сұлтанның інісі Таныш сұлтан ұлысына тап болып, оны да талқандайды[8, 135-137]. Ибн Рузбихан мұнда да Мауереннахр әскері мол олжаға кенелді деп баяндайды[8, 138].

Екінші қазақ ұлысының талқандалғандығы және жау әскерінің Бұрындық хан ұлысына қарай келе жатқандығы туралы хабар, Бұрындық ханға белгілі болады. Қыс айында бір-бірінен алыс, шашырай орналасқан ұлыстарға хабар жіберіп, әскер жиюдың өте қиын екендігін білетін Бұрындық хан аймақтағы қыстауын қалдырып, шегініп кетеді. Бұл туралы хабар Шайбани ханға жетісімен, онсыз да қысқы суықтардан әбден әлсіреген әскерді сақтау үшін, ол жорықты тоқтатады.

Барлық қолға түскен олжалармен жау әскері асықпай Сығанаққа беттейді. Бұл маңда да төңіректе болып жатқан оқиғалардан бейхабар қазақ рулары жатқандығы белгілі болып, хан оларды шабуға бұйрық береді. Ибн Рузбихан Сығанақ төңірегіндегі ру-тайпалардан 10 мыңға жуық арбалы үй, дүние-мүлік және бірнеше мың мал қолға түскендігін жазады[8, 138].

Осылайша, Түркістан аймағының солтүстік өңіріндегі бірнеше қазақ ұлысын талқандап, Мұхаммед Шайбани хан Сығанақ арқылы Сауранға, одан Яссыға келеді. Яссы қаласында Шайбани хан әр аймаққа жаңадан билеушілер тағайындайды. “Түркістан аймағының шекаралық өңірлерін қорғау туралы ойлана келе, хан оны басқаруды Сайд Ашыққа тапсырады[8, 143].

Сөйтіп, Мұхаммед Шайбани хан қазақтарға қарсы үшінші жорығын біршама табыспен аяқтап, 1509 жылдың 15 сәуірінде Самарқанға қайтып оралады.

Қорыта келе, Шайбани ханның үшінші жорығы алғашқы екі жорыққа қарағанда анағұрлым жемісті аяқталады. Оның бірнеше себептері де болады. Біріншіден, Шайбани хан бұл жорыққа діни сипат бере отырып, өзіне бағынышты аймақтардың бар күшін пайдаланады. Екіншіден, Шайбани ханның шебер және шұғыл қимылдап, қазақ ұлыстарына тосыннан жорықтар жасауы себеп болды. Үшіншіден, жау әскерінің жеңісіне қыс айындағы қазақ ұлыстарының шаруашылық ерекшелігіне байланысты шашыраңқы, бір-бірінен алыс және хабарсыз орналасуы көп көмек көрсетеді.

Мұхаммед Шайбани ханның үшінші жорығының алдына қойған мақсаты қазақ ұлыстарын талқандау және Түркістан аймағынан қуу болғандығын ескерсек, онда үшінші жорық та біршама табысты аяқталғанымен, толық мақсатына жетпейді. Қазақ хандығының Сыр бойының солтүстік өңірлерін иеленуі жалғаса береді. Мұндай жағдайда Шайбани хан Мауереннахрда тыныш отыра алмай, өзінің төртінші, соңғы жорығына дайындалады.

Төртінші жорық оқиғалары ортағасырлық екі деректе: Абдаллах Бахидың “Зубдат ал-асар” мен Мұхаммед Хайдар мырза Дулатидың “Тарихи Рашиди” атты еңбектерінде баяндалады[13, 133-134; 14, 270-271].

Шайбани ханның соңғы жорығы қарсаңында, 1509 жылы Қазақ хандығының ішкі саяси өмірінде бірқатар өзгерістер болып өтеді.

“Тарихи Рашиди” авторы соңғы жорық қарсаңындағы Қазақ хандығының ішкі саяси өміріндегі өзгерістерді былай деп баяндайды: «Бұл кезде Бұрындық хан болып саналғанымен, хандық билік және оны басқару Қасым ханның қолында болды»[14, 270]. Биліктің Қасым ханның қолына өте бастауы, біздіңше, Шайбани ханның соңғы жорықтарына қарамастан, ХҮ ғасырдың соңында бірте-бірте жүзеге аса бастаған үдеріс. Ал, Шайбани ханның бірнеше жорығы биліктің Бұрындық ханнан Қасым ханға өтуін тездеткен деп есептейміз. Әрине, Шайбани ханның екінші жорығы кезінде Бұрындық хан ұлысының талқандалуы, ал өзінің қашып құтылуы, үшінші жорық кезінде қазақ ұлыстарының талқандалуына жол беруі, сондай-ақ өзіне қарсы келе жатқан жаудан қашуы, хан беделін ел алдында, сұлтандар арасында түсіреді.

Шайбани ханның төртінші жорығының негізгі соққысы Қасым хан ұлысына бағытталған. Соған қарағанда Мауереннахр билеушісі Қазақ хандығындағы ішкі саяси өзгерістерден хабардар болса керек.

Абдаллах Балхи соңғы жорық мақсатын былай деп түсіндіреді: “Шахбахт ханға /Шайбани ханға - автор/ Хорасан, Мауереннахр, Түркістан, Тохаристан, Бадахшан, Кандахар, Забул, Хорезм, Астрабад және Иракқа дейінгі аумақтар бағынғаннан кейін, ол қыруар әскермен Дешті Қыпшақты бағындыруға аттанады”, - деп жазады[13, 133].

Төртінші жорық тағы да бұрынғы жорықтардың болған мезгіліндей, 1510 жылдың қыс айларында басталады[13, 270]. Сәтсіздікке ұшыраған бұл жорықтың басы ауа –райының қолайсыздығынан басталады. Әскері мен мініс аттары қалжырағаннан соң, Шайбани хан Сығанақ іргесіндегі Көк-Кесене деген жерде шатыр тіккізіп, Ұлытаудағы Қасым ханның ордасы мен ұлысына ұлы Мұхаммед Темір сұлтан мен немере інісі Ұбайдаллах сұлтан бастаған әскер аттандырады. Абдаллах Балхи: «...Қасым ханға кенеттен соққы берілді, ал ол шабуылдың тұтқиылдан болуы себепті қарсылық көрсетуге күші болмай шегінеді. Оның Ұлы-Таудағы ордасы мен ел-ұлысы сұлтандардың қолына түсті», - деп баяндайды[13, 133].

Хан ұлысында мол олжаға ие болған сұлтандар мен әскерлер қарауыл қоюды ескермей бірнеше күн бойы олжаларын бөліседі. Қасым ханның көп әмірлерінің бірі Мойынсыз Хасен аз ғана әскерімен барлауға шығып, хан ұлысындағы Мауереннахр әскеріне бүкіл қазақ әскерлері келе жатқандай әсер бергізеді. Бейғам жатқан жау әскері ішінде үрей басталып, бас сауғалап қашу басталады. Болған шайқастың бірінде Шайбани ханның атакты әмірлерінің бірі Қамбар мырза қаза табады. Қолға түсірілген олжа, жау әскерінің қару-жарағы қайтадан қазақтарға өтеді.

Мауереннахр әскерлерінің қалдықтары Шайбани ханның ставкасына келіп қосылады. Соңынан қуып жеткен Қазақ хандығының әскерімен тағы да ұрыс болып, «Шайбани ханның атакты көптеген адамдарын құртып жібереді»[13, 134]. Қалған әскерімен Шайбани хан қаша отырып, қыс айының соңында Самарқанға келіп жетеді.

Бұл жорықтың қорытындысын “Зубдат ал-асар” авторы былай деп тұжырымдайды. «Бір сөзбен айтқанда, Шайбани ханның үлесіне жеңіліс тиді, ең шырқау шегіне жеткен оның билігі енді құлдырай бастады»[13, 134].

Қазақ хандығынан мұндай жеңілісті күтпеген Шайбани хан, жеңілістің себебін сұлтандар мен әмірлерден көреді де, олардың иеліктерін ауыстырады. Шайбани ханға қарсы шибанилық сұлтандар арасында наразылық пайда болып, Мауереннахрдың әлсірей бастауына әкеледі. Ал, Мауереннахрдың әлсіреуі Қазақ хандығына Түркістан аймағын толық иеленуге жол ашады. Қазақ хандығы Шайбани ханды жеңе отырып, өзінің Сыр бойындағы ықпалын одан әрі нығайта түседі.

1510 жылдың күзінде Мерв қаласы түбінде Шайбани ханның қаза табуы, Мауереннахрда уақытша Бабыр мырза билігінің орнауы және оған қарсы шибанилық сұлтандардың күресі кезінде Қазақ хандығы Сыр бойындағы жерлерге өз билігін нығайта береді.

Осылайша, XVI ғасырдың алғашқы он жылдығындағы Қазақ хандығының Мауереннахрдағы шибанилық әулетпен жүргізген қарым-қатынастарын түйіндей келе, мынадай қорытындылар жасаймыз.

Біріншіден, Түркістан өңірінің Қазақ хандығы үшін маңызының ерекше болуы қазақ билеушілерін аймақ үшін жан аямай күрес жүргізуіне итермелейді. Қарсыластың қыс айларындағы жасаған жорықтарына қарамастан қазақтар қарсы әрекеттер жасап отырады.


Екіншіден, күрес барысында Қазақ хандығының билеуші топтары арасындағы қайшылықтар айшықталып, өз мәресіне жетеді. Соның нәтижесі ретінде билікке Жәнібек ханның ұлы - Қасым хан келеді.

Үшіншіден, Қасым ханның билігінің алғашқы кезеңінде Қазақ хандығы Түркістан өңіріндегі қалалар мен өңірлерге толық билігін орнатады. Бұл өз кезегінде Қазақ хандығының одан әрі күшейе түсуіне жол ашады.

Әдебиеттер:

1. Китаб ал-масалик уа ал-мамалик.// Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т. I. VII-XV вв. Арабские и персидские источники. Под ред. С.Л.Волина, А.А.Ромаскевича и А.Ю.Якубовского. М.-Л., 1939.(Одан әрі – МИТТ.)
- 2.Китаб ал-булдан.//МИТТ.Т. I. М.-Л.,1939.
- 3.Бартольд В.В. Состояние и задачи изучения истории Туркестана. Соч., т.IX. М., 1977.
4. Кәрібаев Б. Қазақ хандары туралы зерттеулер (XV ғ. ортасы - XVIII ғ. басы): монография. Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 228 б.
5. Махмуд бен Вали. Море тайн относительно доблестей благородных(География). Введение,перевод,примечания, указатели Б.А.Ахмедова. Ташкент, 1977.
6. Семенов А.А. Первые шайбаниды и борьба за Мауереннахр. //МИТУСА. Вып. I. ТИИАЭ АН Тадж.ССР. – Т. XII. – Сталинабад, 1954. – С. 109-150.
7. Семенов А.А. Шейбани-хан и завоевание империи тимуридов //МИТУСА. Вып. I. ТИИАЭ АН Тадж.ССР. – Т. XII. – Сталинабад, 1954. – С. 39-83.
8. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани. Михман-наме-йи Бухара. (Записки Бухарского гостя) /Перевод, предисловие и примечания Р.П.Джалиловой. Под ред. А.К. Арендса. – М., 1976. - 196 с.
9. Таварих-и гузида-йи нусрат-наме.// Материалы по истории Казахских ханств XV – XVIII веков. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П.Юдин. Алма-Ата, Наука, 1969. (Одан әрі - МИКХ).
10. Утемиш-хаджи. Чингиз-наме / Факс., пер., транск., текст. прим., исслед. В.П. Юдина. – Алматы, 1992. – 296 с.
11. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трехтысячелетий. – Алматы, 1992. – 384 с.

12. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности номадного общества. Алматы-Москва, 1995.
13. Зубдат ал-асар. /МИКХ.
14. Дулати М.Х. Тарих-Рашиди. – Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2003. 616 бет.



УДК 35 (355.01)

МИЛИТАРИЗАЦИЯ И ВОЙНЫ КАК ФАКТОР АССИМИЛЯЦИИ БАШКИР В ПРОШЛОМ

Мухтаров Тимур Гаязович, к.соц.н.

научный сотрудник Института истории, языка и литературы Уфимского научного центра РАН
Россия, Уфа.

Аннотация. В статье анализируются нарративы, связанные с военной политикой России в отношении башкир, войн, милитаризации и милитаризма России, с точки зрения изучения процессов ассимиляции, происходящих среди башкирского населения Южного Урала. Обзор охватывает период с конца XVIII до второй половины XIX века.

Annotation. The article analyzes narratives related to Russia's military policy towards Bashkirs, Russia's wars, militarization and militarism, from the point of view of studying the assimilation processes that are taking place among the Bashkir population of the Southern Urals. The review covers the period from the end of the XVIII to the second half of the XIX century.

Ключевые слова: Башкиры, ассимиляция, милитаризм, милитаризация, военная служба, казахи

Key words: Bashkirs, assimilation, militarism, militarization, military service, Kazakhs

Сегодня, во втором десятилетии XXI века, настало время критически оценить роль и значение военной политики, войн России и милитаризма в судьбе башкир. Нами представляется, что эти факторы сыграли огромную роль в этнических процессах башкирского народа. Когда мы начинаем рассуждать об этой роли, центральный вопрос звучит так: была ли эта военная политика, а также военная служба башкир и участие башкир в войнах России факторами, ускорившими их ассимиляцию?

Чтобы ответить на поставленный вопрос, следует сначала рассмотреть его в исторической перспективе. В первую очередь, необходимо с высоты сегодняшних дней, с точки зрения изучения ассимиляции, оценить ключевые аспекты российской военной политики в отношении башкир. Таковыми нами признаются следующие:

- строительство и функционирование российских оборонительных линий на территории исторического Башкортостана (Закамской, Оренбургской и пр.);
- использование российским милитаризмом воинственности башкир;
- введение и функционирование кантонной системы управления башкирами;
- военная служба башкир в Русской императорской армии;
- участие башкир в Гражданской войне и военная служба в Красной армии;
- участие башкир во II мировой войне и их служба в Советской армии после 1945 года;
- военная служба в современных ВС РФ и участие их в локальных вооруженных конфликтах.

В связи с тем, что формат данной статьи не позволяет охватить все перечисленные аспекты, сосредоточимся на втором и третьем из них.

По мнению исследователя национальных отношений в России, Г.Т. Тавадова, этническая ассимиляция протекает в три этапа. Первый этап – это культурно-бытовая ассимиляция. Вторым этапом – этноязыковая ассимиляция. Третьим – потеря этнического самосознания [11, с.34-35]. Соглашаясь с этой классификацией, считаем, что период пребывания башкир в казачьем военно-служилом сословии с образованием для них Башкирско-мещерякского войска (1798-1865) и созданием кантонной системы был важнейшим периодом первого этапа (культурно-бытовой) ассимиляции башкирского народа. До сих пор в башкирском общественном сознании дискутируется вопрос: «Было ли благом для башкир введение кантонной системы управления?». Существуют две точки зрения на эту проблему. Суть первой состоит в том, что указанный период был «мрачным» в судьбе башкир, другая же обосновывает позитивную роль кантонной системы в судьбе башкирского народа. Среди представителей первой точки зрения – А.Е. Алекторов, Д.П. Никольский, В.И. Филоненко, М.Д. Рабинович, Х.Ф. Усманов, А.Г. Бишев, Д.Ж. Валеев. Вторую точку зрения разделяют А.З. Асфандияров (частично) и Р.Н. Рахимов. Автор данных строк, в свою очередь, считает кантонную систему управления главным фактором ассимиляции башкирского народа в XIX в. Такой вывод сделан на основе изучения мнений представителей обеих вышеперечисленных точек зрения.

Так, например, военный историк Р.Н. Рахимов, выступая с имперских позиций, в своей статье,

посвященной анализу военной службы башкир как фактору их интеграции в Российскую империю, говорит о том, что кантонная система управления в Башкирии «завершила процесс интеграции и в целом инкорпорации башкир в состав империи через доминанту военного фактора» [6, с. 244]. Комментируя данное высказывание, обратим внимание на термины «интеграция» и «инкорпорация». Что под ними имеется ввиду и какое отношение они имеют к ассимиляции? Ответ содержится в той же статье, где Р.Н. Рахимов дал понять, что он придерживается концепции В.В. Трепавлова, согласно которой для народов в Российской империи процессы интеграции и инкорпорации предшествуют ассимиляции и «порой трактовались» как средства для достижения ассимиляционной цели инициаторами этих процессов [12, с. 420].

Второй важный момент, на который мы обращаем внимание в работе Р.Н. Рахимова, это тезис о том, что интеграция и инкорпорация башкир была завершена через доминанту военного фактора. Следуя ходу мыслей исследователя, мы приходим к выводу о его убежденности в доминировании военного фактора в деле интеграции, инкорпорации и последующей ассимиляции башкир. Как видно, даже сторонником позитивной оценки периода кантонной системы в судьбе башкирского народа не отрицается, а даже подчеркивается значение этого периода в последующей ассимиляции башкир. К сожалению, в трудах других вышеуказанных авторов не раскрывается тема ассимиляции башкирского населения, и это привычный взгляд для отечественных исследователей. Тем не менее, зная отдельные аспекты этого явления, мы без труда находим в работах историков свидетельства активизации ассимиляционных процессов через милитаризацию.

Первое, на что следует обратить внимание – это стратегические задачи российского правительства, которые оно намеревалось выполнить путем милитаризации башкир и других этнословных групп в Башкирии. В этой связи необходимо привести строки из датированного 1735 годом письма в российский Кабинет Министров обер-секретаря Сената, руководителя Оренбургской экспедиции И.К. Кириллова, которые были воспроизведены дореволюционным историком С.М. Соловьевым в его основной исторической работе. В письме Кириллов делится своими планами принятия мер, рассчитанных на предотвращение деторождения среди уральских мусульман: «...Башкирское народонаселение чрезвычайно увеличивается вследствие многоженства... Башкирцы, мещеряки и ясачные, хотя и понемногу, будут назначены в службу к городу Оренбургу, однако которое время там пробудут, жены без плода останутся, а которого убьют, тот и вовсе не возвратится» [9, с. 317]. Таким образом, мы видим, что идея учинения геноцида в отношении башкир всерьез обсуждалась на самом высоком уровне и была принята к руководству российскими властями для претворения ее в жизнь в Башкирии, поскольку тот же Соловьев пишет: «В начале 1737 года Кириллов, Хрущов и Татищев получили из Кабинета секретные указы, что Румянцев доносил (а Румянцеву внушил эту мысль Татищев), когда башкирцы будут успокоены, то для уменьшения их числа и приведения в слабость надобно взять у них тысячи две или три лучших и вооруженных людей под предлогом турецкой войны» [9, с. 323]. Несмотря на то, что указы в части отправки тысяч башкир на турецкую войну являлись факультативными и не были в тот момент выполнены, тем не менее, идея Кириллова впоследствии была неоднократно воплощена в жизнь в целях ассимиляции башкирского населения. Факты, свидетельствующие об этом, будут рассмотрены ниже.

Кроме демографической составляющей, ассимиляция – процесс во многом социально-психологический. В изучении этого явления важно знать, каким образом менялось сознание башкир, размышлялась их позитивная «Мы» – концепция и теряли значение традиционные ценности. Когда мы начинаем изучать период существования Башкиро-мещеряцкого войска, мы видим, что в этом плане большую роль сыграли войны XIX века, в которых участвовали башкиры. Широкомасштабные военные конфликты всегда несут в себе трансформацию системы ценностей участвующих в них людей. В связи с этим встает вопрос о разрушении системы представлений члена башкирского общества XIX века о самом себе в ходе таких войн. Образ башкира прошлого века представлялся ему как образ борца за свободу своего народа, защитника родного Урала от вражеских полчищ (в том числе от русских), воина-мусульманина на защите веры. Примерами нарративов, выражающих эти воззрения, могут быть песни о Карасакале, Салавате. Но в XIX веке башкиры массово приняли участие в войнах России против наполеоновской Франции в составе русской армии, и это перевернуло представления народа о самом себе. Об изменениях в этих представлениях говорит, например, возникновение в 1812-1814 гг. наивной народной песни «Любизар», выражающей новые представления башкир о себе как о союзниках русских. Появился фактор совместного участия в военных действиях против общего врага, причем в отличие от прежних времен, участие башкир было массовым. Армянский психолог А. Налчаджян в одной из своих работ упомянул, что такой фактор является фактором ассимиляции: «появление новых, чужих и опасных этносов на той территории, на которой уже некоторое время живут *наши* взаимодействующие этнические группы». Он отмечает, что «таким образом, объединение против общего врага способствует сближению и взаимной ассимиляции этносов» [5, с. 161].

Победа русской императорской армии в войне с наполеоновской Францией и ее союзниками еще серьезнее повлияла на "Мы" – концепцию башкир. В результате эйфории от этой победы башкиры стали больше ассоциировать себя с русскими и поддаваться увещаниям властей, направленным на дискредитацию национальных героев башкирского народа, таких, как Салават Юлаев. Башкирская элита стала единодушно занимать проимперскую позицию и поддерживать кантонную систему военного управления, как оправдавшую



себя в годы войны, вместо того, чтобы добиваться её отмены как существующей в качестве временной и чрезвычайной меры. Между тем, как было упомянуто, эта система вела к ассимиляции башкирского народа.

Возвращаясь к демографическому фактору ассимиляции, следует признать, что последствия войн между Россией и наполеоновской Францией для башкирского народа оказались в целом неблагоприятными, и также стали важнейшими предпосылками ассимиляционных процессов в башкирском обществе в XIX веке. В первую очередь, сильно ударили по народу людские потери в войне. За период с 1805-1815 гг., в среднем почти каждая башкирская семья выставила для отправки в армию по одному воину, однако вернулись домой далеко не все. Башкирская иррегулярная конница в походах против европейских армий, в основном, использовала отсталое вооружение (лук, стрелы, дротики) и несла намного более тяжелые, чем у регулярных кавалеристов, потери. Так, например, 1-й Башкирский полк встретил войну 1812 года в составе 500 человек, к концу войны в нем осталось всего около 120 башкир [7, с. 698]. Такие потери в конечном итоге сказались на росте численности башкирского народа, демографическое эхо войны преследовало башкир еще несколько десятилетий. Представляется, что по этой причине башкиры, несмотря на некоторый рост, остались вплоть до окончания XIX века сравнительно малочисленным народом с высокой дисперсностью расселения, что приводило у них к застою внутриэтнических коммуникаций, и как следствие – к нарастанию ассимиляции со стороны пришлого населения. Выражаясь образно, с войны не вернулись мужчины, которые в мирное время должны были стать главами больших семейств и создавать новые башкирские аулы.

Говоря о количественном факторе последствий наполеоновских войн для народа, не следует забывать и о качественном. Русско-американский социолог Питирим Сорокин, рассуждая о влиянии последствий войны на общество, утверждал, что «в сравнении с количественным уменьшением населения гораздо более важными являются те качественные изменения, которые вносит война, в частности, в состав населения» [10, с. 78]. Под этим он подразумевал гибель в результате войн наиболее трудоспособных, физически здоровых, честных, талантливых и достойных лиц мужского пола. Со многими из соображений П. Сорокина невозможно не согласиться. У башкир, например, не вернулся с войны видный башкирский военачальник, окончивший Петербургскую военную академию, герой войны 1812 года, командир полка Кахым Мурзашев (Кахым-туря). Невозвращение множества мужчин с войны несло в башкирские аулы гендерный перекос, одним из следствий которого был послевоенный дефицит женихов-башкир. Патриархально-родовой уклад, которого придерживались башкиры, для устойчивого и качественного воспроизводства народа требовал значительного преобладания числа потенциальных отцов над потенциальными матерями. Однако, даже через 20 лет после окончания наполеоновских войн количественный перевес мужчин над женщинами у башкир был незначительным, а в некоторых уездах и вовсе наблюдался перевес женщин над мужчинами. Так, согласно данным, приведенным башкирским историком А.З. Асфандияровым, в 1834 году «в западных, северо-западных уездах (Мензелинском, Бугульминском, Елабужском, Сарапульском) среди башкир женщин было больше, чем мужчин, их соотношение выглядело так: 0,98:1,02 [1, с. 192]. Вторым последствием гендерного перекоса стал рост числа левиратных браков и неразделенных семей, что ухудшало морально-психологический климат в башкирской семье, а значит – ослабляло народ в целом. Третьим последствием перекоса мы предполагаем изменение роли мужчины в семье, принятие некоторых его функций башкирской женщиной.

Несмотря на то, что наполеоновские войны закончились, кантонная система управления в Башкирии не была упразднена. Башкиры справляли военную службу, охраняя как юго-восточные, так и западные рубежи России. Эта служба стала для них тяжелым бременем, не только в экономическом, но и в моральном отношении. В первую очередь, кантонная система вела к отчуждению башкирской феодальной верхушки от остального башкирского населения. Результатом этого стало разрушение относительного единства башкир, наблюдаемого ранее, в XVIII веке. Кантонные начальники, воспринимавшие безжалостные методы военного управления Российской империи, как правило, становились антагонистами своего собственного народа.

Национальный дух и менталитет башкир за время существования кантонной системы претерпели большие изменения. В этнической идентичности современных башкир, например, одно из главных мест занимает такой элемент их позитивного автостереотипа, как характеристика себя в качестве воинственного народа, утверждает башкирский исследователь Г.Р. Шакурова, по ее мнению, это, вероятно, связано с историческим прошлым башкир [14, с. 80]. Философ З.Н. Рахматуллина в своей работе тоже выразила подобную мысль: «воинственность является одной из самых колоритных характеристик народа, которая ярко раскрывает сущность башкирского менталитета, созидает духовный образ башкира, порождая перед нами удивительное богатство и красоту движений народной души» [Рахматуллина, 2007: 92]. Выводы обоих исследователей верны, однако на наш взгляд, им ещё следовало подробнее изучить причины, роль и значение такого качества башкир в их судьбе. В рамках же нашего исследования предполагается, что воинственность башкир как характеристика народа, действительно есть, имела место быть раньше, и она была утилизирована в ходе осуществления военной политики России, военной службы башкир и развития российского милитаризма. Подтверждение такому тезису в части, касающейся внедрения кантонной системы, мы находим среди множества нарративов, например, в одной из работ А.З. Асфандиярова, который писал: «При переводе башкир в военно-казачье сословие были умело использованы особенности их жизни и быта» [3, с. 21].

Отдельные характерные черты менталитета народа по-разному влияют на процессы его ассимиляции. Изменяясь со временем под действием различных факторов, меняется и их способность замедлять ассимиляцию либо наоборот, ускорять ее. Воинственность башкир как важнейшая характеристика их менталитета, на наш взгляд, тоже претерпела наибольшую трансформацию, причем под действием именно тех событий и явлений российской колониальной истории, во время которых она была использована. К сожалению, на сегодняшний день мы видим, что оценка этих явлений носит по большей части односторонний характер, например, З.Н. Рахматуллина приводит участие башкир в войне Российской империи против наполеоновской Франции в 1812 году лишь в качестве положительного примера проявления воинственности башкир. Между тем, в её исследовании нас больше интересует вопрос, каким образом военный фактор изменил менталитет башкирского народа. По мнению указанного автора, «резкая смена естественного для народа уклада жизни, мрачная эпоха кантонного управления нарушили органичность внутренней и внешней жизни башкир, принципиально изменили повседневные ценностные ориентации, уничтожили многие положительные черты народа, привили такие, как апатичность и безынициативность, а пропасть между реальностью и желаемым привела к самоотчуждению народа» [8, с. 81]. Соглашаясь с исследователем, отметим, что отмеченные негативные явления, несомненно, создавали предпосылки для последующей ассимиляции башкирского населения, и воинственность башкир была использована для достижения этого результата.

Регулярно башкир отправляли на войны против единоверцев, что не могло не вызывать у башкирских воинов кризиса религиозного аспекта этнического самосознания. Так, например, в мае 1809 года в казахскую степь был послан карательный отряд из одной пограничной крепости. Для усиления этого отряда были вызваны из 9-го башкирского кантона 300 башкир. В июне того же года в казахскую степь по заданию военных властей для выполнения карательной функции отправился отдельный отряд из 800 башкир. Этим отрядом у казахов были отогнаны 406 лошадей и 20 голов рогатого скота. Далее, в 1837-1838 гг. башкиры были привлечены для борьбы против казахов-адаевцев, а также для подавления восстания казахов под предводительством Исатая Тайманова в Букеевской Орде. В ходе карательной экспедиции было убито 80 мирных жителей из рода Дюрт-Кара и отогнано множество скота. В 1838 году почти двухтысячный отряд из уральских казаков и башкир был отправлен на р. Тургай против Кенесары Касымова. В плен были взяты несколько казахов, большое количество скота было угнано. В 1843 году поход был повторён, в результате чего Кенесары Касымов был разбит на броде Тайпак. В 1839-1840 гг. тысячи башкир участвовали в захватническом Хивинском походе, который возглавил оренбургский военный губернатор Перовский, поход бесславно провалился. Многие башкиры погибли от обморожений и простуд. Большинство выживших пострадали от телесных наказаний, особенно в колонне генерал-майора Циолковского, прозванного "живодером". Далее, в русско-турецкой войне 1828-1829 годов участвовало два башкирских полка. Также, башкирам приходилось заниматься подавлением выступлений мусульманского населения в самой Башкирии, как например это произошло в 1835 году. Все эти эпизоды, конечно, наносили ущерб приверженности башкир исламской солидарности и исламской этике. И в мирных делах военные власти препятствовали свободной религиозной жизни мусульман. По утверждению историка И.М. Гвоздиковой, военный губернатор Перовский с недоверием относился к мусульманскому духовенству Башкирии и подвергал его суровому полицейскому контролю. Например, он потребовал от Оренбургского Магометанского Духовного Собрания все фетвы и увещательные воззвания к народу присылать из Уфы в Оренбург для предварительного рассмотрения военным губернатором [4, с. 14]. В результате таких ограничительных мер, а также милитаризации в целом общественного сознания башкир, авторитет мусульманского духовенства среди них со временем сильно упал. Перед отменой кантонной системы управления в Башкирии, правительственные наблюдатели в 1864 г. сообщали, что: «муллы вообще не пользуются большим уважением и значением в частной жизни башкир и потому, не участвуя на общественных сходках, не могут иметь влияние ни на действия общества, ни на частные желания башкир...», а представитель коренного населения Альмухамет Куватов заметил, что башкиры «не всегда следуют правилам Аль-корана и смыслу шариата, так что большая часть из них, отступая от правил магометанского закона, не слушается муллов, не ходит в мечети для совершения пятнадцатичасовых в день молитв и даже не соблюдает поста (ураза)» [2, с. 85].

В результате всего этого, в период военного кантонного управления башкиры постепенно стали ощущать себя несвободными, подневольными людьми по отношению к российским военным властям. Приходилось выполнять черную работу не только в переносном, но и в буквальном смысле. Р.Н. Рахимов пишет, что один из командующих Башкирского войска, Н.П. Беклемишев, пытавшийся реформировать систему, сообщал, что ежегодно несколько сот башкир наряжаются из южных кантонов для земляных работ в Оренбург, при этом они там пребывают в жестокой нужде, в достаточно унижительных условиях вместе с арестантами, и такой характер службы их оскорбляет [7, с. 450].

Ломка национального характера происходила не без сопротивления. Например, башкир из Верхнеуральского уезда, Биш-батыр, в 1838 гг. с товарищами взбунтовался против каторжных условий труда на строительстве оборонительных сооружений и тяжелых условий несения линейной службы. Он создал небольшой отряд и в течение 10 лет вел партизанскую деятельность в лесах Тамьянской и Бурзянской волостей, лишь в 1848 году он был пленен отрядом уральских казаков. Также, учитывая недовольство части башкир

фактами использования российским правительством башкирских отрядов против мусульман, во время Крымской войны башкирские полки не были отправлены Николаем I к театру военных действий против турок. Их было решено отправить охранять Прибалтику от возможного англо-французского десанта.

О деструктивных изменениях в менталитете башкир в течение кантонного периода свидетельствует и появление у них нарочно сочиненных в угоду начальству песен, восхваляющих военных чиновников, например песни «Циолковский» и «Перовский», которые потом стали считаться народными. Если раньше в башкирской культуре такими поэтами, как Салават Юлаев, воспевалась идея свободы, то теперь о ней почти совсем не упоминалось. Такие настроения в башкирском обществе ускоряли ассимиляцию, ведь свободолюбие наряду с воинственностью было одной из главных характеристик менталитета башкир, помогавшего им сохранить свою духовную целостность. Русский этнограф Василий Черемшанский, незадолго до окончания периода кантонной системы писал о башкирах: «...Дикий и необузданный, привыкший действовать самопроизвольно, не терпящий над собою никакой власти, одним словом, народ буйный и своевольный, в настоящее время представляет народ мирный, терпеливый и покорный, не имеющий уже того строптивого духа. Глядя на башкир, трудно себе представить, что это был когда-то многочисленный и сильный народ, которому принадлежала, за небольшим исключением, вся земля между Камой и Волгой до Самары, Оренбурга и Орска (тогда еще не существовавших) и на восток по Миассу, Исети, Тоболу и Иртышу до Оби. Осталась лишь бледная тень его прежнего мужественного облика, полного гордости и достоинства. Забыты все притязания на бесконечный простор зауральских степей, бесследно исчез воинственный дух вместе с многочисленными стадами, привольем отдаленных степей» [13, с. 13].

Литература:

1. Асфандияров А.З. Башкирия после вхождения в состав России (вторая половина XVI - первая половина XIX в.). Уфа, 2006.
2. Асфандияров А.З. Башкирская семья в прошлом (XVIII - первая половина XIX в.). Уфа, 1997.
3. Асфандияров А.З. Кантонное управление в Башкирии (1798-1865). Уфа, 2005.
4. Гвоздикова И.М. Отчет Оренбургского военного губернатора В.А. Перовского по управлению краем (1833-1842): Документальная публикация. Уфа, 2010.
5. Налчаджян А.А. Этногенез и ассимиляция (психологические аспекты). Москва, 2004.
6. Рахимов Р.Н. Военная служба нерусских народов юго-востока России в XVIII в. как фактор интеграции в империю. //Проблемы национальной стратегии, № 3 (30), 2015.
7. Рахимов Р.Н. На службе у «Белого царя». Военная служба нерусских народов юго-востока России в XVIII — первой половине XIX в. Москва, 2014.
8. Рахматуллина З.Н. Менталитет башкир: сущность, характеристики. Уфа, 2007.
9. Соловьев С.А. История России с древнейших времен. Книга X. 1725-1740. Москва, 2011.
10. Сорокин П.А. Влияние войны на состав населения, его свойства и общественную организацию // Ж-л "Экономист", СПб, 1922.
11. Тавадов Г.Т. Этнология. Современный словарь-справочник. Москва, 2007.
12. Трепавлов В.В. Этническая политика и особенности управления национальными окраинами / В.В. Трепавлов // Российское государство от истоков до XIX века: территория и власть / отв. ред. Ю. А. Петров. М.: РОССПЭН, 2012.
13. Черемшанский В.М. Описание Оренбургской губернии в хозяйственно-статистическом, этнографическом и промышленном отношениях. Уфа, 1859.
14. Шакурова Г.Р. Этническая идентичность современных башкир. Москва, 2006.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДА ТАРИХ ҒЫЛЫМЫН ЖАҢҒЫРТУ

Бүркітбай Аяған Ғелманұлы
Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының құрметті академигі,
тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары

*Бұл мақаланы курстасым профессор А.Әбдуәлиев мерейтойына арнадым.
 Біз барлығымыз Кеңес дәуірінде оқып білім алдық. Қазіргі заман ескірген қағидаларды қайтадан сараптауды талап етеді.*

XX ғасырдың аяғында өткен КСРО-ның құлауы мен тәуелсіз мемлекеттердің қалыптасуы тек қана материалдық ресурстардың межеленуімен ғана емес, сонымен қоса тарихты зерттеудің жаңа орталықтарының пайда болуына алып келді. Осы кезеңде Қазақстанның тарихи қоғамдастығына мүлдем жаңаша мақсаттар қойыла бастады. Ендігі жерде ондаған жылдар бойы белгілі бір мәселелерді зерттеуге қатысты саяси директива беріп тұратын, өзінің түрлі методологиялық нұсқауларын республикаларға таратқан бұрынғы орталық – КСРО Білім министрлігі мен оның қоғамдық ғылымдар басқармалары жойылған болатын. Ең бастысы сөзсіз бұйрығы орындалуы тиіс, Бас хатшылар басқаратын Кеңес Одағының Коммунистік партиясы жұмысын тоқтатты. Тарихтың едәуір түйінді тақырыптарын баяндауға тікелей нұсқау болған партия съездерінің қаулылары мен шешімдері тиылды. Ал партия шешімдері КСРО азаматтарының тарихи санасын қалыптастырудағы аса күшті де өтімді болатын.

Карл Маркс пен Фридрих Энгельстің әсіресе 1848 жылы жазылған «Коммунистік партияның манифесті» атты еңбегі бүкіл дүние жүзі тарихын баяндаудың өзегіне айналды. 1917 жылы билікке жеткен большевик басшылары К.Маркс, Ф.Энгельс және В.Лениннің еңбектерін «марксизм-ленинизмнің біртұтас ілімі» деп жариялады. Бірақ іс жүзінде «марксизм-ленинизм ілімінің» астарында И.Сталиннің өзі дайындатып, жасап түзеткен «БК(б)П Қысқаша тарихы» жатты. Тіпті И.Сталиннің есімімен байланысты жеке басқа табынуды айыптаған КОКП XX съезінің (Н.Хрущев) күтпеген шешімдері де «КП(б)П Қысқаша тарихына» шаң жолатпай, «көсемнің» басты ойларын отандық қана емес, жалпы тарихқа қатысты керемет еңбек деп жариялап пайданғаны белгілі. Сондықтан 1991 жылы Кеңес Одағы толығымен қираған шақта Қазақстанның тарихи қоғамдастығының алдына келесідей мынадай күрделі мәселелері шыға келді:

1. «Маркстік-лениндік» методологияны мойындаған біздерге жаңа дәуірде, Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін ғылыми зерттеу жүргізудің методологиялық негізі қандай болу керек?

2. Тарихи еңбектер мен мектеп-жоғары оқу орындарына арналған оқулық, типтік бағдарламалар қандай негізде жазылу керек? Себебі миллиондаған мектеп оқушылары мен ЖОО студенттері кеңестік мектептің оқулықтарынан білім алғаны белгілі.

3. Қоғамдық пәндер оқытушыларын оқытудың бұрынғы жүйесі күйрегеннен кейін ЖОО және ЖОО-нан кейінгі білім беру жүйесінде жаңа маман дайындауды қалай ұйымдастырған дұрыс?

4. Және соңғысы, Университеттер мен жалпы ЖОО-нан кейінгі білім беру жүйесінде, соның ішінде жеке меншік жоғары оқу орындарының қабырғаларында, тарихи пәндер кафедраларының жұмысын қалай және қандай қағидалар негізінде ұйымдастыру керек?

5. Тәуелсіз Қазақстан Әлемдік тарихи қоғамдастықтан қалай орын табады? Сонымен бірге, мысалға, тарихтағы, тіпті қазірдің өзіндегі шекаралар, ұлтаралық қақтығыстарға қатысты күрделі де жүгі аса ауыр мәселелерді қалайша баяндауғ болады?

Аталған мәселелер тұрғысынан, сондай-ақ ғылымнан мамандардың жаппай кетуі жағдайында 90-жылдары ғылыми-зерттеу институттарының жұмысын ұйымдастыру қиындығы орын алда. Жалпы, аталған барлық қиындықтар бүкіл посткеңестік кеңестіктің тарихи қоғамдастығы үшін өзекті болғанға ұқсайды. Әрине, посткеңестік әр мемлекеттің ғылыми мектептер арасында белгілі бір ерекшеліктер болған, бірақ тұтастай алғанда көрсетілген міндеттер 1991 жылы барлығына бірдей еді.

Арада 30 жылдан астам уақыт өтсе де бұл бөліну үрдісінің аса ауыр өткенін атап өту керек. Кейбір тарихшылардың мәселе шекараны бөліп шегендеуді, өткен кезеңдегі ауыр ұлтаралық қақтығыстарды зерделеуге келген кезде ұлтшылдыққа салынып немесе тар эгоистік саяси ұрандардың жаршыларына айналғаны жасырын емес. Осындай ұлттық тарихи мемлекеттер мен өткен ғасырлардағы ұлттық шекаралар үшін аса маңызға ие күрделі тақырыптар: Қазақ хандығының құрылуы, көркеюі, Ресей мемлекетінің құрамына кіру, қосылу немесе жұтылу мәселелері өте өзекті мәселе болды. Өткеннің ауыр салмағы, биліктің адамзат болмысының тарихи заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан зерттеуге құлықсыз болуы тарихшыларға жаңа міндеттер жүктеді.

1917 жылғы революция сипаты, қозғаушы күштері мен жергілікті жерде Кеңес билігінің орнауы сияқты маңызды мәселелер де күрделі сипат алды. Украина мен Қазақстанның тарихшыларына 1928-1933 жж.

ашаршылық себептерін ашу, кеңестік партия көсемдерінің қызметіне баға беру, елімізде ұжымдастыру жүргізген саясат, оған кінәлі болған адамдарды іздеу мәселелері аса қатты тиді. Кеңестік қуғын-сүргіннің зардаптары, КСРО-да адам құқықтарын жаппай бұзудың идеологиялық негізі, Кеңестік биліктің сипаты мен мәнін бағалау барлық посткеңестік республикаларға дерлік аса күрделі мәселеге айналды. М.Горбачевтың жариялылық кезеңінде ашаршылық пен кеңестік басшылықтың саяси қуғын-сүргіні тақырыбына қатысты жаңа деректердің ашылуы қатардағы оқырман адамды ғана емес, кәсіби тарихшылардың жанын түршіктірді. Тіпті КСРО халықтарының Ұлы Отан соғысына бірлесіп қатысуы сияқты біріктіруші фактор қазіргі кезде әртүрлі республика тарихшыларының еңбектерінде түрлі сипатқа ие болғанын көріп отырмыз.

Мұндай жатсынудың салдарынан бірден ғалымдар арасында ғылыми және кәсіптік байланыстар үзілді, өзекті мәселелер бойынша өзара кеңесу тыйылды, ғылыми журналдар мен бірлескен монографиялар саны қысқарды. Конференцияларға және диссертация қорғау бойынша мамандандырылған кеңес отырыстарына шақыру азайды. 2000 жылдардан, ал Қазақстанда 2010 жылдардан бастап Болон үрдісінің хаттамасына сәйкес докторлық және кандидаттық диссертация қорғау кеңестері жабылды. Бұрынғы атақ пен дәреже алудың орнына Қазақстанда бірыңғай PhD кластерін беру тәртібі орнады. РКФСР, Өзбекстан мен Қырғызстанда ғылыми атақ берудің бұрынғы үлгісі 2020 жылы да сақталған, алайда соңғы кезде PhD атағын беру үрдістері белең алып келеді. Осыдан Болон үрдісін қалыптастыру аясында енгізіліп отырған үлгінің тиімділігі қандай деген заңды сұрақ туады. Өкінішке орай, Қазақстанда Болон үрдісінің талаптарын қатаң түрде орнату ғылымды күшейтпейді, керісінше жағдайды ушықтырады деп санаймыз.

1991 жылы Қазақстанда тарих бағытындағы үш ғылыми-зерттеу институты болған, олар Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты еді. Еңбекте тарихи оқиғаларды баяндаудың жаңа методологиялық қағидалары да қолданылды. 1995 жылдың маусым айында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңес жаңа «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының концепциясын» қабылдады. «Концепцияда» тарих ғылымының жаңа даму бағыттары айқындалды, тарихты зерттеу мен оқытудың, мамандар даярлаудың өзекті мәселелері мен тарихи зерттеулердің даму болашағы қарастырылды. Жаңа талаптарға сәйкес 1987 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің жанында Қоғамдық пәндер оқытушыларының біліктілігін арттыру институты ашылып, онда республиканың жетекші ғалымдары дәріс оқып, мамандар шақырылды. Тақырыпты зерттеуде 1988 жылдың қазан айында өткен «Орта Азия республикалары мен Қазақстанда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру тарихы» атты Бүкілодақтық ғылыми конференциясының маңызы зор болды.

Жаңа уақыт, жаңа талаптар тарихи оқиғаларды баяндаудың инновациялық жолдарын, ғылыми ізденістің жаңа құралдарын, жаңа методологиялық амал-тәсілдерді пайдалануды талап етті. Кәсіби тарихшылар өз ойларын «Отан тарихы» журналында жариялауға мүмкіндік алды. Жаңа журналдар, бұқаралық ақпараттың жаңа құралдары жаңа идеялар мен ғылыми тұжырымдамалардың сараптау алаңына айналды.

Тарихи пәндердің дүниетаным қалыптастырудағы рөлін ескере отырып, мемлекеттік органдардың көмегімен қоғамдық пәндерді, ең алдымен тарих ғылымын реформалау мен жаңғырту мәселелері талқыланған бірқатар кеңестер өткізілді. Өткен тарихтың аса маңызды мәселелері, тарихи оқиғаларға баға жаңадан шыққан еңбектерде, оның арасында Мемлекет басшысы Н. Назарбаев бекіткен мемлекеттік бағдарламаларда тарих ғылымының жаңалануына ерекше мән берді. XX ғасырдың соңында егемендік пен мемлекеттіліктің күшеюі, XXI ғасырдың жаңа сындары Қазақстанның тарихшылары мен саясаттанушыларға жаңа міндеттер жүктеді.

Шетелдік архивтердің ашықтығы, жаңа мәліметтерді пайдалану, және 1990–2000 жж. болған тарихи үрдістер қоғамға жаңа міндеттер жүктейді. XX ғасырдың аяғы – XXI ғасырдың басында болған ғаламдық оқиғаларды қайта зерделеу қажет еткені белгілі. Сонымен қатар, Қазақстанның дербес мемлекет ретінде әлемдік кеңістікке кіруі республика ғалымдарына "буржуазиялық" деп айыпталған ғалымдардың қосымша материалдарын немесе "құпия" деген белгімен жасырынған ғалымдардың еңбектерін зерттеуге мүмкіндік берді. Ағылшын, француз, неміс, парсы, қытай тілдерінде шыққан бай әдебиетпен танысу, сондай-ақ шетелдік мұрағаттарда гранттық зерттеулер бойынша жұмыстар атқару оң әсерін көрсетті.

Атап айтқанда, қазақстандық ғалымдар Ұлыбритания, Франция, Италия, Польша мұрағаттары мен кітапханаларының материалдарын зерттеуге мүмкіндік алды. Ватиканнан "Фро Мауро" карталарының көшірмелері әкелінді. Олар соғыс, революция және бейбітшілік Гувер мұрағатының (АҚШ), Корольдік әлеуметтік тарих мұрағатының (Голландия) материалдарын алып, айналымға шығарды. Осы кезеңде қазақстандық ғалымдар Орынбор, Мәскеу (Сыртқы саясат мұрағаты), Қазан мұрағаттарында жұмыс істеді. «Халық тарих толқынында» бағдарламасын орындау шеңберінде Қазақстан ғалымдары Қытай, Иран, Мысыр, Түркия қоймаларынан материалдарды іздеу, алу және ғылыми айналымға енгізу бойынша терең жұмыс жүргізді.

2010 жылы Қазақстанда 203 ғылым докторы, 937 ғылым кандидаты еңбек атқарған екен. Бірақ 2011 жылдан бастап, жаңа "ғылыми дәрежелер беру ережелеріне" сәйкес диссертацияны дайындау және қорғау PhD докторантура бағдарламасы бойынша жүзеге асырыла бастады, бұл ғылыми дәрежесі бар ғалымдардың сандық және сапалық көрсеткіштерін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік берді. XX ғасырдың басында келесі күрделі мәселелер де көзге түсті. Олардың бірі - жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын оқытумен байланысты

болды. Мәселе тарихшы мамандығы беделінің құлдырауымен шектелмей, мұрағатшылар, антропологтар, археологтар сынды мамандықтарды дайындау азайтылды немесе тоқтатылды; тарихшылардың тілдік дайындығы айтарлықтай төмендеді.

Тарих ғылымының тағы бір проблемасы отандық тарихшылардың жаңа теориялық-әдіснамалық тәсілдерін әлсіз әзірлеуімен және игеруімен байланысты болды. Халықаралық деңгейдегі еңбектер өте аз болатын. Осы жылдары тарихты зерттеу бойынша сағаттардың күрт қысқаруы байқалды, тарихи пәндер бойынша бірқатар кафедралар жабылды немесе өзге гуманитарлық пәндермен біріктірілді. Осындай жағдайды ескерген Қазақстан Үкіметі өзінің 2008 жылғы мамырдағы қаулысымен жаңа "Мемлекет тарихы институтын" құру туралы шешім қабылдады, оған Қазақстан тарихын жаңа әдіснамалық тұрғыдан ашу міндеттері жүктелді. 2009 жылы «Түркі академиясын» құру туралы шешім қабылданды.

Қазақстан тарихшыларының жүргізген жұмыстардың нәтижесінде 1991-1993 жылдары типтік бағдарламалар, оқу-әдістемелік құралдар, сондай-ақ оқулықтар дайындалды. Кеңестік кезеңнен өзгермеген 4-11 сынып оқулықтары түбегейлі ауыстырылды. Оқулықтардың әлбеті де өзгерді, олар көркем безендіріліп, кескін суреттермен толықтырылды. Республиканың Білім және ғылым министрінің бұйрығы бойынша мектептерге арналған оқулықтардың баламалы түрлері де енгізілді. Жоғары оқу орындарында баламалы оқулықтар мен олардың әдістемелік құралдары қолданыста еді. Мемлекет тарихы институтының ғалымдары дайындаған тарихшы емес мамандықтарға арналған «Қазіргі Қазақстан тарихы» оқулығы үлкен танымалдылыққа ие болды. 2010 жылға 5 томдық «Қазақстан тарихы ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін» академиялық басылымы әзір болды. Оның 3 томын ҚР ҒА академигі М.Қ.Қозыбаев дайындап кеткен болатын. Ұлттық тарихты зерттеу мәселелері бойынша Ведомствоаралық жұмыс тобын құру жалпы тарих ғылымын реформалаудағы елеулі оқиғаға айналды.

Ведомствоаралық жұмыс тобының бірінші отырысы 2013 жылғы 5 шілдеде Президент Әкімшілігі өкілдерінің, Үкімет мүшелерінің және Парламент депутаттарының, басқару органдары өкілдерінің және көптеген ел ғалымдарының қатысуымен өткізілді. Республиканың Мемлекеттік хатшысы, академик, әлеуметтану докторы М.М.Тәжин баяндама жасады. Ол өз баяндамасында: «бүгінгі таңда тарих ғылымына мүлдем жаңа талаптар қойылады, ал әлемдік тарихнама таным әдістерін сын тұрғысынан қайта бағалауға көшті» деп ерекше атап өтті. Бұл өзгерістер «XX ғасырдың бірінші жартысындағы француз тарихи мектебінің ықпалымен, ең алдымен Люсьен февр мен Марк Блок есімімен байланысты» деп атап өтті М.М.Тәжин. Қазіргі заманғы тарих ғылымы «пәнаралық ғылым» болды, тарих ғылымы көптеген аралас ғылыми пәндердің әдістерін пайдаланады - саясаттану, әлеуметтану, антропология, мәдениет, құқық, ал тарихи зерттеулер тек қана жазбаша көздерді зерделеу мен мұрағат жұмыстарымен тұйықталудан қалды. Ғалымның өзіндік рөлі де түбегейлі өзгерді. Одан әрі М.М.Тәжин «Ұлттық тарихты қандай да бір әмбебап заңдылықтардың қатаң шеңберіне сыйғызуға талпыну» ниетінен бас тарту қажеттігін атап өтіп, іздеу процесін, тірі және бірегей ағзаның дамуы деп түсінуге шақырды.

Осы жиналыста сөйлеген шешендер тақырыпты қисынды жалғастыра отырып, ғылыми қоғамдастықты «еуроцентристік көзқарастардан» сақ бола отырып, дереккөздерді түбейгелі қайта қарауға үгіттеді. Ол «Отандық тарихнама өзінің әдістемелік және тілдік құралдарын айтарлықтай өзгертуі тиіс. Қазақстан тарихы ғылымының алдында шынайы өмір қиындықтар түр бірақ оның жауаптарын табуға болады» деп ойын жалғады. Қазіргі кезеңде тарихшы-ғалым жай ғана оқиғалардың тіркеушісі болмауы тиіс; Ғалым бірінші кезекте қазіргі қоғамның құндылықтарымен, ережелерімен, нормаларымен сіңіруі тиіс. Тарихшылардың міндеті күнделікті өмірдің қалай дамығанын түсіну жолын айықтады. Ведомствоаралық жұмыс тобының отырыстарында қабылданатын шешімдер, Қазақстанның тарихи қоғамдастығының жұмысы арнасында мүлдем жаңа сипат алды. Комиссия шешімінен өтіп жатқан импульстер кәсіби тарихшы-ғалымдар тобы үшін үлкен мүмкіндіктер көкжиегін ашты. Мысалы, республиканың мектептері мен жоғары оқу орындары үшін типтік бағдарламалар қайта қаралды. Ірі университеттердің қабырғаларында Қазақстанда тұратын халықтардың мәдениетін зерттеу орталықтары ұйымдастырылды. Шет елдердің мұрағаттарында сақталған деректерді іздеу және алу үшін кәсіби дайындалған мамандар тобы жіберілді..

2013-2016 жылдары әлемнің ірі мұрағаттарында жиналған құжаттар мен материалдарды іздеу және алу бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту тарих ғылымының одан әрі дамуына үлкен серпін берді (2015 ж.). Мерейтой қарсаңында тарихи ескерткіштер қайта қалпына келтірілді, карталар жаңартылды; сондай-ақ тарихи орындар бойынша, атап айтқанда Жошы хан кесенесіне, Сығанақ, Сауран, Сарайшық қалаларына бірнеше ғылыми экспедициялар жасалды. Тарих ғылымының жетістіктері археологтардың жұмысы нәтижесінде көзге түсті. Т.ғ. д., профессор В.Ф.Зайберттің Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының "Ботай" жерінде өткізілген зерттеулері осы аймақ жылқының алғашқы рет үй жануары ретінде үйретілген жер екенін анықтауға мүмкіндік берді. Қазақстан ғалымдарының қорытындылары Англия, АҚШ және Германия ізденушілер қорытындысымен расталды.

2004-2009 жылдар аралығында «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша археологиялық жұмыстар Моңғолия, Ресей Федерациясы, Түркия, Армения, Венгрия және Швейцарияның шетелдік мұрағаттарында жүргізілді. 2004-2009 жылдар аралығында «Парсы деректеріндегі Қазақстан тарихы» (5 том) сияқты іргелі басылымдар дайындалып, басып шығарылды. Және «Араб деректеріндегі Қазақстан тарихы» (5 том), «Қытай

деректеріндегі Қазақстан тарихы» (5 том), "Армян деректеріндегі Қазақстан тарихы», «Орыс деректеріндегі Қазақстан тарихы», «Шығыс миниатюраларындағы Қазақстан тарихы», «Қазақстан тарихы мен мәдениеті бойынша Анри Мозер қорынан алынған қолжазбалар мен фактілер» басылымдарын атап өткен жөн. ҚР БҒМ Р.Б.Сүлейменов Шығыстану институтының ғалымдары (М.Әбусейітова және т.б.) Қытайдағы бірегей мұрағат құжаттары – шағатай, қытай тілдерінде 300-ден астам атау және көршілес мемлекеттердің билеушілеріне бағытталған қазақ хандары мен сұлтандарының ресми хаттары бар манчжур және ойрат тілдеріндегі 3000-нан астам мұрағат құжаттарын тауып, көшірмелерін әзірледі.

Осы кезеңде Қазақстанның қазіргі тарихы бойынша еңбектер дайындалды және шығарылды. Мемлекет тарихы институты ұжымы басқа қоғамдық бірлестіктермен қосыла отырып жүйелі түрде ірі халықаралық ғылыми конференциялар өткізіп келеді. Мемлекет тарапынан жас ғалымдар үшін жыл сайын грант бөлу жөніндегі бастамасын жалғасуда. Жаңа Қазақстанды жаңаша дамуға бастайтын кадрлық резерв жасақтау жауапкершілігі жүктелуде. Сол сияқты ел дамуына пайдасы тиетін бастамалар қолға алынуда. Жастар туған елді шексіз қадірлеу арқылы адал қызмет етіп, нақты нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндігі бар. Ел мұрасы бүкіл халқымызға үлгі-өнеге, өшпес із қалдыратынын тұжырымдаған болатын. Ойшылдың білім мен ғылымды игеру, өнер мен тіл үйрену, адал еңбек ету қажеттілігі жөніндегі пайымдары бүгінгі күні де өзекті.

Қазіргі заманда сарапшылар Жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілетсіздігі мен ғылыми инфрақұрылымның алда тұрған ауқымды міндеттерді шешуге қауқарсыздығы, ғылым кадрларын даярлау үшін ең алдымен оларға жағдай жасау қажеттігі ашық мәлімделді. Сондықтан да білім беруді және ғылымды дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы бойынша жүзеге асырылатын реформаларды қайта зерделеу тапсырылып, бұл салаға бөлінетін қаржы көлемін өсіру мәселесі көтерілді. Қазіргі кезеңде тарих ғылымы саласын жаңғыртуда озық технологиялар мен цифрландыруды қолдану басты міндетке айналып отыр. Мұның барлығы болашақтың саналы ұрпағы үшін жасалуда. Тарихи сананы қалпына келтіру жолында ҚР Президентінің Ұлы Ұлыс (Алтын Орда) тарихын қайтадан зерттеу, Жошы-хан жатқан Ұлытауды әлемдік деңгейдегі кластер жасау туралы тапсырмалары бар халықтан қолдау тауып отыр. Бұл шаралар төл тарихымыздың көлеңкелі жерлерін анықтауға жо ашады.

30 мамыр күні Қ.К. Тоқаевтың сталинизм заманында қуғын-сүргін саясатын зерттеу комиссиясын құру туралы Өкімі Қазақстан зиялы қауымының ойынан шықты. Бұл комиссия нәубет жындары қияметін қайтадан саралап ақиқатын айтуы тиіс.

Пайдаланған әдебиет:

1. История Всесоюзной Коммунистической партии (большевиков). Краткий курс /Издание 1938 г/ Отпечатано в 1-й Образцовой типографии Огиза РСФСР, трест «Полиграфкнига», М: Валовая, 28- с. 306
2. Қараңыз: Ұлттық тарихты зерделеу туралы. "Тарих ғылымының ХХІ ғасырдағы жаңа белесі" 2013 жылдың 5 маусымы және 25 қыркүйегіндегі өткізілген ұлттық тарихты зерделеуге арналған Ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырыстарының материалдары және белгілі қоғам қайраткерлерінің пікірлері- Астана: ТОО "Дәме", 2018 г.
3. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (Очерк), Атамұра, Алматы, 1993 г.-446 бет
4. ҚР Президенті архивы, ф.708, оп.139, д.49, .1-6
5. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін.- Алматы, Атамұра, 2009-768 б.
6. Сілтеме: https://online.zakon.kz./mdocument/?doc_id=30178785
7. Сілтеме: <http://adilet.zan.kz./rusdocs/v1100006951>
8. Қараңыз: Ұлттық тарихты зерделеу туралы. "Тарих ғылымының ХХІ ғасырдағы жаңа белесі" 2013 жылдың 5 маусымы және 25 қыркүйегіндегі өткізілген ұлттық тарихты зерделеуге арналған Ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырыстарының материалдары және белгілі қоғам қайраткерлерінің пікірлері- Астана: ТОО "Дәме", 2018 г.
9. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты. Правда о голоде 1932-1933 гг. Колл. монография. под редакцией Б.Г. Аягана- Алматы, ТОО «Литера –М», 2012 г-336 с.+16 илл (каз, русс)
10. Абырой мен парыз (Еуропа елдеріндегі Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы) Ұжымдық монография проф.Б.Ф.Аяғанның басқаруымен-Алматы: "Литер" ЖШС, 2015-592 бет

АЙМАҚТЫҚ ДАМУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛЕУЕТІ

**Жапсарбай Илиясұлы Қуанышев, саяси ғылымдарының докторы,
Білім және ғылым Министрлігі Ғылым комитетінің Мемлекет тарихы институтының
бас ғылыми қызметкері
Астана қаласы, Қазақстан.**

Аңдатпа. Мақалада Ел экономикасын жаңғырту мен әртараптандыру мәселесін шешу аумақтық даму стратегиясымен тығыз байланысты екендігіне көңіл бөлінеді. Өйткені ол өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейі мен басымдықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге өңірлердің даму проблемаларын адам капиталының басымдылығын ескере отырып, оны әлеуметтік даму үдерісінің құрамдас бөлігі ретінде зерделеуге әрекет жасалған.

Түйін сөздер: дағдарыс, нарықтық экономика, әлеуметтік-экономикалық саясат, тұрғындарды әлеуметтік қорғау, аймақтардың әлеуметтік әлеуеті.

Кіріспе. Қазақстанның тәуелсіздік жариялауы мен нарықтық экономикаға көшуге бағыт алуы Кеңестік дәуірден бастау алып, бізге «мұра» болып қалған өңірлік проблемаларды шешудің орнына оны одан бетер шиеленістіріп жібергені белгілі. Әуелі, аймақтық саясатты жасақтау мен оны іске асырудың өзі қиындап кетті. Әлеуметтік саланың әлеуеті де дәл осындай мүшкіл күй кешті. Сондықтан Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін жергілікті жерлердегі тұрғындардың жағдайы бірден өзгеріп сала берді деудің өзі қиын. Оған 1996 жылғы 9 қыркүйекте қабылданған «Қазақстан Республикасының өңірлік саясатының тұжырымдамасында» нарыққа көшу кезінде аймақтық шаруашылықты ұйымдастыру тепе-теңдігінің бұзылғандығына және қалыптасқан шаруашылық байланыстарының үзілуіне орай республика аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлеріндегі айырмашылықтардың бұрынғыдан да бетер күшейе түскендігіне назар аударылғаны дәлел бола алады. Өйткені, өкінішке қарай, экономиканы басқарудың аймақтық деңгейі нарықтық қайта құруларға дайын болмай шыққандығы сол кезеңнің өмір шындығы болатын.

Зерттеудің нәтижелері. 1991-1996 жылдары Ел экономикасының барлық салаларында өндіріс айтарлықтай төмендеп, ауыл шаруашылығы дағдарыстан зардап шекті. Алғашқы екі-үш жыл аралығында кедейлер санатына жататын адамдардың саны артты. Жасырын жұмыссыздардың пайызы өсті. Экологиялық мәселелер өршіп кетті. Ауылдық жерлерде медициналық қызмет көрсетуге деген қолжетімділік төмендеді. Азаматтар арасында сырқаттанғандардың деңгейінің өсу үрдісі байқалды. Тұрғындардың өмір сүру ұзақтығы қысқарды. Халықтың білім деңгейі түсіп кетті. Нәтижесінде осы жылдары халықты әлеуметтік қорғаудың дәстүрлі тетіктерінің жойылу үдерісі белең алды. 1990-жылдардың ортасында Оңтүстік Қазақстан өңірінде қабылданған көптеген жоспарлар мен бағдарламалардың кейбір тармақтары толықтай орындалмай жатты. Облыста кедейшілік жағдайында 250 мың адам өмір кешті, соның ішінде 6 мың жалғыз басты қариялар, бала кезінен мүгедек 6 мың адам, 18 жасқа толмаған 2,8 мың жетім балалар болды. Бағаның өсуі 228896 зейнеткердің, 41,5 мың студенттер мен оқушылардың, көп балалы отбасының және тағы басқа да жалақысы төмен тұрғындарды әлеуметтік қорғауды қиындатып жіберді [1, 3, 91 п.]. Сол сияқты ауыл шаруашылық кәсіпорындарының жұмысының тұрақтандырылмауының салдарынан халық тұтынатын ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, дайындау мен тауарларды сату деңгейі төмендеп кетті. Нәтижесінде мал басы мен құстың саны қысқарды. Ірі қара малдың өлімі 20%-дан асса, қой мен ешкінікі 33%-ға өсті [2, 5, 7. п.].

1997 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша зейнетақы төлеу бойынша берешек 25958,8 млн. теңгені құрады, оған қоса экологиялық жәрдемақы – 4767,0 млн. теңге жетті. Жұмыс іздеген 150 мыңнан астам адамның 30%-ға жуығы ауыл тұрғындары болды. Жұмыспен қамту мәселесі әсіресе Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Жезқазған облыстарында өткір еді, оларда өтініш бергендердің 2-7%-дан астамы жұмыс таба алмады [3, 86, 90, 92 п.]. Оңтүстік Қазақстан облысында денсаулықты сақтау мәселесінде үлкен қиындықтар туындады. Медициналық құрал-жабдықтар, аппараттар, дәрі-дәрмектер мен вакциналар жетіспеді. Нәрестелер мен ана өлімі өсіп, ішек ауруы және бауырдың қабынуы, өкпе ауруы, сарып (бруцеллез) т.б. ауруларының кең тараған аудандарының қатарына Алғабас, Отрар және Созақ жатты. Аймақтың ауылдық жерлерінде қалыптасқан санитарлық-эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауынан гигиеналық нормалар бұзылып, педикулез, қотыр және тағы басқа жұқпалы аурулар өршіп кетті. Қоғамдық мал шаруашылығымен байланысты тұрғындарының арасында сарыпты жұқтырғандардың саны күрт өсті. (Алғабас және Қазғұрт ауданында тиісінше – 80 және 63,8%).

Жұқпалы аурулардың тарауының басты себептерінің қатарына тұрғындарды таза ауыз сумен қамтамасыз етудің қиыншылықтары жатқызылды [4, 5, 7. п.]. Бұдан былайғы кезеңдерде де аталмыш мәселеде проблемалар шешілмеген күйінде қалып қойды. Мысалы, 1999 жылы республика халқының 40-тан 60%-ға дейінгісінің жағдайы кедейлік шегінен де төмендеп кетсе, ауыл тұрғындарының 46%-ы әуелі күнкөріс деңгейіне де жете алмай, одан тыс қалыпты. Ал 2004 жылы республиканың 1500 селосы мен ауылдарында медициналық мекемелер болмапты [5, 544, 646 б.]. Медициналық ұйымдар 2004 жылы негізінен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келмейтін

бейімделген ғимараттарда орналасса, ал ауылдық жерлерде олардың 70%-дан астамы бұдан да жаман күй кешкен. Заманауи медициналық құрал-жабдықтармен және санитарлық көліктермен жарақтандыру деңгейі 50%-ға да жетпей, ауылдық жерлердегі алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету мекемелерінің 36%-ы ғана телефондандырылған көрінеді [6, 266 б.].

1991-2000 жылдар арасында республикада жұмыссыздардың саны күрт өсіп, ол 2000 жылы 906,4 млн адамды құрады. Бұл 1995 жылға қарағанда 98,1 мың адамға немесе 12,1%-ға көп еді. Жұмыссыздары көбірек болған облыстардың қатарына Солтүстік Қазақстан (58%), Атырау (52,1%), Оңтүстік Қазақстан (24,2%) және Қызылорда (20,4%) облыстары жатты. 2001 жылы ауылдық елді мекендерде жұмыссыздықтың деңгейі Шығыс Қазақстан облысында 2,95%-дан 2005 жылы 5%-ға жетті. Ақмола облысында – тиісінше 6,2%-дан 7,7%-ға, Қызылорда облысында – 9,7%-дан 12,5%-ға, Маңғыстау облысында – 14,6%-дан 16,3%-ға дейін көтерілді [7, 8-9 б.]. Дегенмен, кейінгі жылдары жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін жұмыссыз қалған тұрғындарды жұмыспен қамту бағытында тиісті шаралардың қолға алынғандығы және арнайы бағдарламалардың қабылданғандығына қарамастан, ол қадамдар күтілген нәтижелерге әкелмеді. Онда көбіне уақытша жұмыс орны, жалған есептер сияқты көптеген келеңсіздіктер орын алып келді. Ендеше, алысқа бармай-ақ 2022 жылдың он айында Абай облысынан мысал келтіре кетейік. Осы өңірде жоспарланған көрсеткіш 3 732 бола тұра, 9 493 жұмыс орны құрылып, ол 254%-ды құраған екен. Ол деген сөз облыста 244 жалған жұмыс орнының пайда болғандығын көрсетеді. Оның 41-і Семей қаласында орын алған көрінеді [8, <https://nomad.su/?a=3-202211160039>].

Жұмыссыздық кедейшілікті тудырды. Өңірлік тұрғыда 2005 жылы кедейлердің ең жоғары үлесі 25% Атырау облысында орын алды, бұл Алматыда тіркелген кедейшіліктің ең төменгі 0,3%-дық деңгейінен 83 есе жоғары деген сөз. Сондай-ақ кедейшілік деңгейі орташа республикалық деңгейден 9,8%-дан асатын жоғары өңірлерге республиканың барлық облыстарының жартысынан астамы кірді: Ақмола, Жамбыл, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстары. Мәселен, республиканың кедей тұрғындарының 19,3%-ы Оңтүстік Қазақстанда, 9,6%-ы – Қостанайда, 8,8%-ы – Алматыда және 8,0%-ы Шығыс Қазақстан облыстарында тұрыпты. Демек, ол аймақтардағы кедейлік индексі орташа республикалық деңгейден 30%-ға жуық жоғары көрсеткішке жетті дегенді аңғартады [9, 88-99, 20 б.].

Егер реформаларға дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 71 шалғай аудандардың жалпы санынан 30 аудан артта қалған ауыл шаруашылығы аудандарының қатарына кірсе, енді проблемалы аудандардың қатарына іс жүзінде барлық шалғайдағы аудандар жатқызылды [10, https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/P960001097_/09.09.1996]. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысы әлеуметтік-экономикалық және техникалық-технологиялық жағдайының төмендігіне байланысты күйзеліске ұшыраған аумақ ретінде қарастырылды. Өйткені 1992 жылы өндірістің құлдырауы біршама тұрақты болған 1990 жылмен салыстырғанда 14,6%-ке, 1993 жылы – 28%-ке, 1994 жылы 48%-ке, ал 1995 жылы – 45%-ке жетті [11, <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8865/>]. Мұның себептерін сол кездері жүргізілген аймақтық саясаттың кемшіліктері мен орталық және жергілікті басқару органдарының әлеуметтік-экономикалық дамуын реттеу жөніндегі функцияларының нақты ара-жігінің болмауынан іздеген жөн.

Өңірлерде қалыптасқан шаруашылық байланыстарының бұзылуы, экономикалық және әлеуметтік дағдарыстың шиеленісуінің салдарынан олар одан өз күштерімен шыға алмайтындай ахуал орнықты. Сонымен қатар орталық және жергілікті басқару органдарының реттеуші қызметін қайта қарау қажеттілігі туындап, аумақтардың теңдестірілген әлеуметтік-экономикалық дамуына, халыққа әлеуметтік-мәдени қызмет көрсетуді және оның әлеуметтік қорғалуын ұйымдастыру мәселесін қолға алу керек болды. Өйткені, мысалы, жан басына шаққанда орташа республикалық кіріс деңгейінен асатын аймақтарға Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар облыстары мен Алматы қаласы, орташаға жақын деңгейі барларына Атырау, Жезқазған, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Торғай облыстары, ал жан басына шаққандағы орташа кірістің ең төменгі деңгейіне тән аймақтар қатарына Алматы, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Көкшетау, Семей, Талдықорған және Оңтүстік Қазақстан облыстары кіргізілді

[12, https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/P960001097_/09.09.1996].

Дегенмен, жергілікті билік өңірдің теңгерімді әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін қолда бар әлеуметтік-тиімді пайдалану тұрғысынан 1998 жылы алғаш рет өз бетінше кешенді баға бере бастады. Әлеуметтік-экономикалық мәселелерді өздерінің өндірістік, әлеуметтік және нарықтық инфрақұрылымы, жұмыссыздық мәселелерін шешудің жаңа тәсілдері, жалақы, зейнетақы және әлеуметтік төлемдері бойынша қарыздарды өтеу есебінен шешуді қолға алды [13, 261 п.]. Қазақстанның аймақтары дамуы қарқынының әртүрлілігіне қарамастан 1990-жылдардың аяғы мен 2000-жылдардың ортасында жалпы өңірлік өнімнің аумақтық құрылымын жетілдіру үдерісі басталды. Бірақ аймақтардың дамуы тұрақты сипатқа ие бола алмады. Сонымен қатар бұл нарықтық реформалар аймақтардың әлеуметтік-экономикалық тұрғыда саралануын арттырып, 1990-жылдары басталған әлеуметтік саралану үдерісі бұрынғыдан да тереңдей түсті. Мәселен, Атырау мен Маңғыстау облыстарының, сондай-ақ Алматы және Астана қалаларының үлесі жалпы өңірлік өнімнің 53,2%-ын, ал Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан және Ақмола облыстарының ЖӨӨ өндірісінің көлемі оның жалпы көлемінің тек қана 9%-дан астамын құрады. Маңғыстау облысында халықтың шамамен 45,9%-ның табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болды және бұл негізінен ауыл тұрғындарының 95,9%-ның ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз дегенді аңғартты [14, 11 б.]. Көріп отырғанымыздай, республиканың аймақтық факторының жеткіліксіз ескерілудің

нәтижесінде алдыңғы қатарлы облыстар ең алдымен аумақтардың табиғи ресурстарына сүйенсе, ал ірі қалалар әлеуметтік-экономикалық артықшылықтарын пайдаланды. Жағдай 2004 жылы ғана түзегілді, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 21,0%-ға, оның ішінде ауыл халқының үлесі 47,0%-ға дейін төмендеді. Атырау облысында халықтың 30%-дан астамының табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болса, ауылдық жерлерде бұл көрсеткіш халықтың 41,8%-ына жетті. Демек, қала мен ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейі бірдей болмағандығы айдан анық еді [15, 11-13 б.]. Бұның себептерінің қатарына 1990-жылдары әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыстар мен Ресейдегі дағдарыстың салдары және одан кейінгі ресей рублінің құнсыздануы; 1998 жылғы астықтың төмен шығуы мен тұтастай алғанда елдің ауыл шаруашылығындағы шиеленісті жағдайға әкелген қолайсыз ауа райы жағдайлары және орталық басқару органдарының әлеуметтік-экономикалық реформалардың құқықтық негіздерін қамтамасыз етуге қатысты нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудағы баяу қимылдауын жатқызуға болады [16, 262-263 п.]. Яғни, бұл жағдай өңірлердің экономикасының баяу дамуынан болды. Ал, оның өсуіне кедергі келтіретін факторлар ретінде жабдықтардың тозуын, қалыптасқан экономикалық байланыстардың бұзылуын, әлеуметтік тығырықтан өз бетімен шығу мүмкіндігінің болмауын, ескірген технологияларды пайдалану, республиканың ғылыми-техникалық әлеуетінің тиімді пайдаланылмауын атап өткен жөн [17, 13 б.].

Аймақтарда қордаланған мәселелер осы күнге дейін өз шешімін күтуде. Қазір экология мәселесі де, су ресурсы тапшылығы қатты сезіліп отыр. Жылдар бойы қомақты қаржы бөлінгеніне қарамастан 1999 жылғы 1 қаңтардағы мәліметтерге сәйкес республика бойынша 7845 елді мекенде тұратын ауыл халқын ауыз сумен қамтамасыз ету күрделі проблемаға айналған еді [18, https://zakon.uchet.kz/kaz/history/P020000093_/22.08.2006]. Мәселен, Қазақстан жерінің 15 пайыздан астамын құрайтын Маңғыстау облысы 2010 жылы қабылданған халықаралық классификацияға сәйкес су тапшылығын бастан кешіретін 1 адамға шаққанда сумен қамтамасыз етілмеген өңірлерге жатқызылды. Облыстағы ауылдық елді мекендердің басым бөлігі орталықтандырылған су жүйесінен толықтай дерлік айырылған немесе су құбырлары істен шыққан еді. Сондықтан халық су тасушылар немесе теміржол цистерналарымен әкелінген суды тұтынуға мәжбүр болды. Сонымен қатар, сумен жабдықтау желілерінің барлығы дерлік қанағаттанарлықсыз жағдайда болды және олардың көпшілігі 20-25 және одан да көп жыл бұрын пайдалануға берілген және санитарлық талаптарға сай келмейтін. Облыстың барлық дерлік су құбыры және кәріз желілері 80-100 пайызға тозған еді. Осындай күрделі жағдай еліміздің батыс облыстарында байқалды [19, 46 п.; http://www.eecca-water.net/file/sbornik2016_vol2_vniigim.pdf; Труды Института Географии МОН РК «Водные ресурсы Казахстана: оценка, прогноз, управление», Алматы, 2011; <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P020000093>]. Ауыз сумен қамтамасыз етудегі белгілі бір нәтижелерге қарамастан, одан кейінгі жылдары да республика халқының едәуір бөлігі тиісті сападағы және толық көлемде сумен қамтамасыз етілмеді. 2011 жылы санитарлық-химиялық көрсеткіштер бойынша 2009 жылмен салыстырғанда жалпы республика бойынша жағдай нашарлап кетті. 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қала халқын орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету 82% құраса, ал ауыл тұрғындарына қатысты бұл көрсеткіш 40%-ды құрады [20, <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1100000570>].

2002-2010 жылдарға арналған «Ауыз су» салалық бағдарламасын және Маңғыстау облысы бойынша тиісті өңірлік бағдарламаны іске асыру барысында атқарылған жұмыстардың сапасына және оның түпкілікті нәтижесіне кері әсерін тигізген көптеген кемшіліктерге жол берілді. Нәтижесінде бұл тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермеді. Ендеше, Президент Қ.Тоқаевтың 2021 жылдың 22 қыркүйегінде Ақтауда Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде кеңес өткізіп, онда облыс тұрғындарының сапалы ауыз сумен толық қамтамасыз етілмей отырғандығына арнайы тоқталғандығы кездейсоқ емес-тін. Өйткені, ол ауыз су мәселесінің осы күнге дейін түбегейлі өзгере қоймағандығын көрсетеді. Сондықтан Мемлекет басшысы судың маңыздылығына назар аударма келе, халыққа Жолдауында Кендірліде су тұщыту зауытын салуды тапсырғандығын тағы да ескертіп, облыс әкімдігіне 2022 жылдың соңына дейін 12 ауылға таза су беруді тапсырды. Бұл ауылдардың 20% ауыз судың жоқтығын және осы бағыттағы жұмыстың қарқынының өте баяу жүріп жатқандығының дәлелі бола алады [21, <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-mangystau-oblysynyn-aleumettik-ekonomikalik-damuy-zhoninde-kenes-otkizdi-2285947>].

Табысты бюджет деңгейлері арасында әділ бөлу мәселесінің өз шешімін таппай отырғандығынан аймақтардағы халықтың өмір сүру деңгейі бойынша айтарлықтай айырмашылықтар сақталып, Елдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысының өнеркәсіптік әлеуетінің дамытылмауы мен еңбек ресурстарының тиімді пайдаланылмауы әсер етті. оңтүстік аймақтар дәстүрлі депрессиялық өңірлер болып шықты [22, <https://nomad.su/?a=3-202211070035>; <https://nomad.su/?a=3-202210110034>]. Өйткені Қазақстанда қолданыста болған қаражатты жоғары бюджеттен төменгі бюджетке дейін бөлудің орталықтандырылған моделі аймақтардың тәуелсіздігін төмендетуге әкеліп, облыс басшылығын мотивациядан жұрдай етті. Осының барлығы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бюджеттік саясатты жүзеге асырудағы дербестігін әлсіретіп, жергілікті бюджеттердің жоғары тұрған бюджеттерден түсетін трансферттерге тәуелділігін арттырып, бюрократиялық тоқырау туғызып, тұрғындардың нақты табыстарын төмендетіп жіберді. Бұл өз кезегінде министрстволар мен ведомстволардың аумақтық бюджеттердің кірістілігін арттыруға деген ынтасын азайтып, оларды теңестіру арқылы қордаланған әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу мен шаруашылық бастаманың дамуына тосқауыл болды. Оның үстіне алдыңғы жылдардағы трансферттердің өсуі кейінгі субсидиялардың бұрынғыдан көбірек болуына әкеліп отырды. Мұндай

келеңсіздіктердің түп тамыры биліктің халық пен оның нақты мұң-мұқтажынан тым алыстап кеткендігі және оның шектен тыс орталықтандырылуы мен оқшаулануында жатқандықта болса керек.

Яғни, бұл ақша табу үшін аймақты дамытудың қажеті жоқ деген көңіл-күй мен ағымдағы жылдың бюджет қаражатын толығырақ игеру тәжірибесін қалыптастырды. Осыған қарамастан бұл үрдіс трансферттердің үлесінің тұрақты түрде өсуіне әкелді. Мысалы, 2020 жылы бюджеттік субвенциялардың жалпы көлемі 2 триллион 104 миллиард 400 миллион теңгені құраса, 2021 жылы – 2 триллион 120 миллиард 900 миллион болып, ал 2022 жылы – 2 триллион 124 миллиард 700 миллион теңгеге жеткен екен. Осымен бір мезгілде дотация алатын өңірлердің қатары да өсіп отырған көрінеді. Айтқандарымыз дәлелді болу үшін мына ақпаратты келтіре кеттік. 2007 жылға дейін Қазақстанда 11 облыс, 2008 жылдан бастап - 12, 2011 жылдан бері - 13 облыс субвенция алатын аймақ қатарына кіріпті. 2015 жылы олардың арасынан Астана қаласы шығып, субвенция алатын аймақтардың саны 12-ге дейін қысқарады. Содан бері Атырау мен Маңғыстау облыстары, Алматы және Астана қалаларын сияқты донор өңірлерді қоспағанда қалған 13 облыстың барлығы субвенция алатын аймақтардың тобына жатқызылды. Осындай ахуалдың қалыптасуының негізі аймақтардың өз табыстарының 2018 жылдағы көрсеткіштерінен-ақ байқауға болады. Олардың кірістерінің орташа республикалық көрсеткіші 48,2% деңгейін құраса, мұнда жергілікті бюджеттер кірістерінің 51,8%-ын республикалық бюджеттен трансферттер жауып отырған екен. [23, <https://nomad.su/?a=3-202211160039>].

Мұндай жағдайда мемлекеттің әлеуметтік миссиясы туралы сөз қозғаудың өзі орынсыз. Бұл ол аймақтардың барлық тұрғындарының шамамен бірдей жағдайда өмір сүруін қамтамасыз ете алмайтыны айтпаса да түсінікті. Өйткені осындай облыстардың әкімдері жаңа өндірістер ашып, болашақта жаңа салықтар беретін жұмыс орындарын ұйымдастыруға ынталы болмай шықты. Сондықтан халық та қарны тоятын тоқ жерді іздеп, қай аймақтарда трансферттердің көлемі ұлғайса, сол жаққа көшуді әдетке айналдырып алды. Мұнда бақылаусыз көші-қон басым болды. Оның сыртында «Еңбек» сияқты өнімді жұмыспен қамту бағдарламасы барысында мақсаты түрде оңтүстік өңірлерден солтүстік пен шығысқа көші-қонды ынталандыру жұмыстары жүргізіліп, 2017-2021 жылдар аралығында бұл бағдарлама бойынша небәрі 32 мыңға жуық адам көшірілді. Ал, дәл осы жылдарда Алматы, Астана мен Шымкентке ешбір мемлекеттік бағдарламасыз еліміздің оңтүстік, солтүстік және шығыс өңірлерінен 211 мыңнан астам тұрғын барып қоныс тепті. Аталмыш жағдай, бір жағынан, «Еңбек» бағдарламасының маңызын төмендетсе, екіншіден, облыстарға бөлінген трансферттің бір бөлігі ондағы жергілікті тұрғындардың еңбек жағдайын жақсартып, ішкі көші-қон ағындарын азайту керек еді. Алайда, ол олай болмай шықты. Нәтижесінде аймақтарға бөлінген трансферттердің өсуі барлық облыстарда да орын алғанына қарамастан, ол ішкі экономикалық көші-қонды бәсеңдете алмады. Бұл облыстардағы толып жатқан әлеуметтік маңызы бар бағдарламалардың орындалмай қалғандығын аңғартады.

Қорытынды: Тәуелсіздік алғаннан бастап Қазақстанда халықтың өмірлік деңгейінің нашарлау үдерісін тоқтату мемлекеттің әлеуметтік жүйесінің басты міндетіне айналды. Демек, өтпелі кезеңде тұрғындарды қорғаудағы басты ұстанымдарға халықтың ең осал топтарын қорғау, табыстары төмен отбасыларына көмектесу, жұмыссыздарға жәрдемақы төлеу жүйесін қайта құру, жұмыспен қамтылмаған халықты қорғау, жұмыссыздықты болдырмау, әйелдер мен жастарды жұмысқа тартуға көмектесу, экологиялық апаттан зардап шеккен азаматтарды қолдау, халыққа білім беру, мәдениет, денсаулықты сақтау және дене шынықтыру мәдениетін бюджет есебінен қаржыландыру сияқты өткір мәселелер жатты.

Алайда, өңірлердегі әлеуметтік саясатта жетістіктермен қатар теріс тәжірибенің болғандығы да рас. Нарықтық экономикаға көшуде бірсыпыра қателіктерге жол берілді. Республика тұрғындарын әлеуметтік жағынан қорғаудың толыққанды орындалмауының себебі оны іске асырудың әдіс-тәсілдерінің толық анықталып, нақтыланбағандығында жатса керек. Яғни, Қазақстанның өзіне тән, оның ұлттық дәстүріне, тарихына, әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуына сәйкес келетін оңтайлы жолы болмады және қабылданған заңдар оларды жүзеге асыратын тиісті механизмдер ұсына алмады.

Сондықтан да аймақтардағы қордаланған әлеуметтік мәселелер осы күнге дейін жүйелі, толыққанды және сапалы түрде шешілмей келеді. Өйткені ынта мен бастамашылдықтың аздығы әртүрлі деңгейдегі жергілікті әкімдердің орталыққа жалтақтап, дербес шешім қабылдауға бата алмайтындығына әкеліп соқты. Оның үстіне аймақтарға жауапкершілік те жетіспеді және олардың қабылдаған шешімдері ылғи дұрыс болмай, кей жағдайда орталық органдар тарапынан өзгертіліп те жатты. Сонымен бірге қалыптасқан бюджетаралық қатынастардың шиеленіскен жағдайында қордаланған түйткіл мәселелер мемлекеттің жұмысын тежеп, оның етін бойкүйездікке үйретіп, аймақтарды орталыққа аузын ашып, қол қусырып қарап отыруға әбден дағдыландырып жіберді. Ол жергілікті атқарушы органдарды қаржыны үнемдеуге және салық базасын көбейтуге бетін бері бұра алмады. Мұндай жағдайда Ел дамуының жаңа кезеңіне сай аймақтық саясатты жүзеге асыруға қажетті жаңа көзқарас қажет еді. Бұл Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «халық үніне құлақ асатын мемлекет» ұстанымында көрініс тауып, оның басты қағидағарының қатарына жергілікті биліктің азаматтар мүддесі үшін жұмыс істеуі жатқызылды. Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы теңсіздікті қысқартып, әр облысқа тән міндеттерді жалпыұлттық басымдықтармен тиімді ұштастырып, бюджетті басымдыққа сай жұмсаудың маңызы зор. Республикалық бюджеттен өңірлерге қаржы бөлу субъективті жағдайларға байланысты болмауына көңіл аудару керек. Сонда ғана өңірлердің қаржылық дербестігін арттыруда тәртіп орнайды.

Жаңа аймақтық саясат тұрғындармен тығыз қарым-қатынас жасап, олардың мұн-мұқтаждарын жедел түрде шешу дегенді аңғартады. Аталмыш проблемаларды шешу үшін нақты саяси реформалар жүргізу қажеттілігі туындады. Сондықтан қазір әкімдерді тікелей сайлау процесі басталды. Алдымен бұл үдеріс ауылдық округтер мен аудандық маңызы бар қалалардан басталса, болашақта ол аудан, облыс әкімдерін сайлауға ұласпақ. Бұл жәй ғана демократияландыру емес, жергілікті билік пен халық арасындағы байланысты орнату дегенді аңғартады. Сонымен бірге, бюджеттік өкілеттіктерді сайланатын әкімдерге беру және олардың құқықтарын кеңейту мәселесі де қолға алынбақ. Ауылды өркендету мәселесі Қ.Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасы мен Президентті ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде ерекше атап өтілді. Сондықтан ол ауылдағы жағдайды жақсарту мен аймақтардың әлеуметтік әлеуетін көтеруді мақсатты түрде іске асыру үшін тиімді жұмыс жүргізуді мемлекеттің басты мақсаттарының бірі ретінде айқындап, ауылды дамыту жөніндегі арнайы Жарлыққа қол қойды.

Әдебиеттер мен деректердің тізімі

1. Государственный архив Туркистанской области. Ф. 121, Оп. 8, Д. 3088, Л.91; Ф. 121, Оп. 8, Д. 3167, Л. 3.
2. Государственный архив Туркистанской области. Ф. 121, Оп. 8, Д. 3167, Л. 5, 7
3. Национальный архив Республики Казахстан. Ф. 4, Оп. 1 (пр.). Д. 2899 ЛЛ. 86, 90, 92.
4. Государственный архив Туркистанской области. Ф. 121, Оп. 8, Д. 3088, Л.91, 94.
5. Кошанов, А.К. Трудовое восхождение. На путях к рынку. Ибранные труды. Астана. Елорда. 2004 г. - 704 с. - С. 544, 646.
6. Казахстан: устойчивый рост экономики и развитие социальной сферы. Сб. Аналит. Мат. - Алматы, 2006. - 656 с. - С. 266.
7. Казахстан: устойчивый рост экономики и развитие социальной сферы. Сб. Аналит. Мат. - Алматы, 2006. - 656 с. - С. 266 - С. 8, 9.
8. <https://nomad.su/?a=3-202211160039>
9. Казахстан: устойчивый рост экономики и развитие социальной сферы. Сб. Аналит. Мат. - Алматы, 2006. - 656 с. - С. 266 - С. 88, 89; Бримбетова, Н.Ж. Социально-экономическая дифференциация регионов Казахстана и стратегические приоритеты их развития. - Алматы, Институт экономики МОН РК, 2006. - 26 с. - С.20).
10. https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/P960001097_/09.09.1996.
11. <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8865/>.
12. https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/P960001097_/09.09.1996.
13. Национальный архив Республики Казахстан. Ф. 4. Оп. 1 (пр.). Д. 4204. Л. 261.
14. Бримбетова, Н.Ж. Социально-экономическая дифференциация регионов Казахстана и стратегические приоритеты их развития. - Алматы, Институт экономики МОН РК, 2006. - 26 с. - С. 11.
15. Бримбетова, Н.Ж. Социально-экономическая дифференциация регионов Казахстана и стратегические приоритеты их развития. - Алматы, Институт экономики МОН РК, 2006. - 26 с. - С. 11-13.
16. Национальный архив Республики Казахстан. Ф. 4. Оп. 1 (пр.). Д. 4204. ЛЛ. 262-263.
17. Бримбетова, Н.Ж. Социально-экономическая дифференциация регионов Казахстана и стратегические приоритеты их развития. - Алматы, Институт экономики МОН РК, 2006. - 26 с. - С. 13.
18. https://zakon.uchet.kz/kaz/history/P020000093_/22.08.2006.
19. Государственный архив Мангистауской области: Ф. 482, Оп. 1, Д. 1091, Л. 46; http://www.eecsa-water.net/file/sbornik2016_vol2_vniigim.pdf; Труды Института Географии МОН РК «Водные ресурсы Казахстана: оценка, прогноз, управление», Алматы, 2011; <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P020000093>.
20. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1100000570>.
21. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-mangystau-oblysynyn-aleumettik-ekonomikalyk-damuy-zhoninde-kenes-otkizdi-2285947>
22. <https://nomad.su/?a=3-202211070035>; <https://nomad.su/?a=3-202210110034>.
23. <https://nomad.su/?a=3-202211160039>.

КЕҢЕСТІК ТОТАЛИТАРЛЫҚ БИЛІКТІҢ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІН КҮЙРЕТУІ

Қаражан Қуанышбек Сүлейменұлы - тарих ғылымдарының докторы, профессор
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Андатпа. Мақалада Кеңестің тоталитарлық биліктің дәстүрлі мал шаруашылығының құлдырауына тигізген зардаптары баяндалады. Кеңес өкіметінің аграрлық саясаттағы қателігі салдарынан қазақтардың дәстүрлі шаруашылық жүйесін күйретуі мақалада айтылады.

Түйінді сөздер: «Жер туралы» декрет, Шаруа, Азық - түлік.

Қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі кеңестік тоталитарлық биліктің ауыл шаруашылығында жоғарыдан жүзеге асырған қайта құруларына тікелей байланысты. 1917 жылы қазан айында Кеңес өкіметі ауыл шаруашылығына қатысты «Жер туралы» Декрет қабылдады. Декретте: «барлық жер ... бүкіл халықтың игілігіне айналады және онда еңбек ететін еңбекшілердің қолына өтеді ... Жерді пайдалану түрлері ерікті түрде жекелеген селолар мен поселкалардың шешіміне сай: өзіндік, хуторлық, қоғамдық, артельдік болуы керек» - деп көрсетілген [1]. Декретке сай жерге жекеменшік жойылып, помещик, шіркеу, монастырь және тағы басқа иеліктеріндегі жерлер жергілікті кеңестердің қарамағына берілді. Декрет шаруаларды жермен қамтамасыз етуді, яғни, оларды байытуды көздеді. Кезінде Столыпиннің бастаған ісін жалғастыруға бағытталды. Бірақ В.Ленин бастаған большевиктер партиясы қазан төңкерісін шаруаларды байыту үшін емес, оны жою үшін жүзеге асырған болатын.

Әуеліде шаруалар большевиктер басқарған Кеңес өкіметінің өздерін алдап отырғандығын білмеді. Шаруалар ерекше сезіммен қабылдаған большевиктердің «Жер-шаруаларға!» деген ұраны бірте-бірте оларға түсініксіз сипат ала бастады. Нәтижесінде, 1918 жылы 27 қаңтарда қабылданған бүкіл Ресейлік Атқару комитетінің «Жерді социализациялаудың негізгі заңында» жерге жеке меншік түрі айтарлықтай қысқарды. Жер енді бүкіл еңбекші халықтың пайдалануына беріледі. Жекеленген азаматтардың құқықтық нормалары және олардың жер жөніндегі құқықтары қарастырылмайды, жерді бөлу міндеті енді мемлекетке –жерге ораналастырудың әкімшілік мекемелеріне беріледі. Оның 21 –ші бабында, жерге бақылау жасайтын Кеңестерге социалистік шаруашылыққа көшу үшін жеке қожалықтардың орнына ұжымдық шаруашылықтарды құру міндеті жүктелді. Бос жатқан және босаған жерлер Заңға сай енді алғашқы кезекте ұжымдық қожалықтарға берілетін болды [1, 407-411бб].

Сондай-ақ Заңда жаппай қоныс аударуға басымдылық беріледі. Мұндай таңдау шығыстағы шеткері аймақтарды отарлаудың тиімділігін арттыруды және өзге ұлт өкілдерінің арасында орыстарды шоғырландырып, қоныстандыруды көздеген болатын.

Большевиктер партиясы көсемінің болжамы бойынша кеңестік қожалықтар «еңбекші шаруалар арасында коммунистік саясатты таратушылар», селолық тұрғындарды мәдени және агротехникалық көмекті ұйымдастыру орталықтары болуға, іс жүзінде шаруаларға ірі қоғамдық қожалықтың артықшылығын көрсетуге тиіс болды [2]. В.И.Ленин өзінің «Питер жұмысшыларына» атты үндеуінде: «Питерде отыру, ашығу, бос фабрикалардың жанында бостан-бос тұру ...түсінбеушілік және тәртіпсіздік. Питер жұмысшылары бұл қараңғылықтан қол үзуі қажет, асырай алатын астығы көп Оралға, Волгаға, Оңтүстікке ондаған мыңдап бет алуы қажет» [3] - деп тікелей кеңес береді.

Жерді социализациялау заңына сай 1918 жылдың аяғына қарай жалпы 30101 кеңестік ұжымдық құрылып, олардың қарамағына 3918000 десятина жер берілді. Олардың басым бөлігі Ресейдің орталығында құрылды. Жеке шаруалар отбасына жер жетпей жатқанда, совхоздарда бір жұмысшыға 20 десятина егістік, ал жұмыс көлігіне 40 десятина егістік келді. Осыған байланысты совхоздар өздеріне бөлінген жерлерді игере алмады. Орта есеппен совхоздарға бөлінген жерлердің 5,3 % ғана пайдаланылды[4]. Олардың қатарында 1918 жылы ақпанда Шығыс Қазақстанда Петроградтағы Обухов заводының жұмысшылары «Алғашқы Ресей егінші коммунистерінің қоғамын» ұйымдастырды. Ленин олардың бастамасын қызу қолдап, жер комиссариатынан олардың бастамасын алдағы уақытта одан әрі өрістетуді өтінді. Көп ұзамай олардан 25 шақырым жерге Семьянниковский заводының коммуналары орналасты. Олар өздерінің коммуналарын «Екінші Ресей егінші коммунистерінің қоғамы» деп атады. Петроград жұмысшыларының үшінші «Солнечный» атты коммунасы – Ертіс өзенінің сол жағалауында таудың «Көке» атты шатқалында орналасты. Петроград жұмысшыларының бастамасымен Қазақстанның өзге аудандарында да артелдер мен коммуналар құрыла бастады. Жетісуда «Жаңа ғасыр», «Заря», К.Маркс атындағы, «Бірлік» коммуналары ұйымдастырылады.

Кеңес өкіметі ұжымдық қожалықтарға 1918 жылы шілдеде көмекке 10 млн. сом бөлсе, тамыз айында тағы 50 млн.сом бөлді. Ал, оған керісінше жеке шаруа қожалықтарына ешқандай көмек көрсетілмеді. Сол себепті «коммуна» шаруа үшін кезекті тонаушылық болды. Азамат соғысы жылдары ауқатты шаруалардан 50

млн.га жер, мол ауыл шаруашылық құрал-жабдықтары, техникалар мен мал тартып алынып ұжымдық қожалықтарға берілді.

Осы экономикалық, қаржылық көмектерге қарамастан ұжымдық қожалықтардың басым бөлігі өздерінің күнін әрең көріп, мемлекетке пайда әкелмеді. Мысалы, 1919 жылы жер халық комиссариаты есебіндегі 5000 колхоз мемлекетке 143620 пұт бидай, 30164 пұт сұлы мен арпа, 1250 пұт тары, 42100 пұт картоп тапсырды. Орта есеппен әр колхоздан 30 пұт бидай, 16 пұт сұлы мен арпа, 0.2 пұт тары, 80 пұт картоп алынды [5].

Ұжымдық қожалықтардағы еңбек өнімділігінің төмен болуының өзіндік себептері болды. Ұжымдық қожалықтар көпшілік жағдайда жоғарыдан күшпен ұйымдастырылғандықтан шаруалардың онда істегісі келмеді. Алғашқы ұжымдық қожалықтардың мүшелері ауыл шаруашылығынан хабары жоқ қара жұмысшылар мен еңбекке құлықсыз кедей шаруалар болды. Орта шаруалар бұл ұжымдық қожалықтарды мойындай қоймады. Шаруалар арасында «Кеңес өкіметі жасасын, бірақ та коммуна жойылсын!» - деген ұран кеңінен қолдау таба бастады. Шаруаларға бағытталған социалистік тәжірибенің сәтсіз аяқталуы, азамат соғысын большевиктер пайдасына шешпейтін еді. Сондықтан 1919 жылы көктемде өткен партияның VIII съезінде Ленин партия орташа шаруамен одақ жасауға бағыт алады деп, ауылдық жерлерде колхоздарға көшуді тездетуді қатаң айыптайды.

Осыған қарамастан кеңестік билік патша өкіметінің қоныс аудару саясатын жалғастыру тиімді деп есептеді. 1919 жылы 11 наурызда және 3-ші шілдеде РКФСР Жер халық комиссариаты анықталған жер қорын «жоспарлы және біртіндеп» қоныс аудару арқылы игеру туралы шешім қабылдайды. Қазақстанға жергілікті тұрғындардан жерді күшпен тартып алатын қоныс аударушылардың жаңа толқыны жіберіледі. ҚазақАКСР – ның 1920 жылғы 17 қарашадағы жергілікті, сондай-ақ осы уақытқа дейін қоныс аударып келген тұрғындарды толығынан жерге орналастырып болғанша Қазақ республикасын әртүрлі жолдармен шаруалардың отарлауын тоқтату жөніндегі Декрет ешқандай нәтиже әкелмеді. Тек қана 1922 жылдың наурыз айында Алматы уезіне - 10345, Қазалыға – 4347, Перовскіге – 6392, Түркістанға – 4634, Черняевқа – 7975 қоныс аударушылардың жан ұясы келді [6].

ҚазақАКСР-ның жер халық комиссариатының Қазақстанға қоныс аударушылардың легін шектеуге бағытталған бұдан кейінгі талпыныстары да жеміс әкеле қоймады. Өйткені Бүкіл Ресейлік ОАК-нің 1921 жылы 25 шілдедегі «Аштыққа ұшыраған губерниялардан жоспарлы жер аудару» жөніндегі қаулысымен аштыққа ұшыраған аудандардың тұрғындарына өз қалауымен қоныс аударуға рұқсат беріледі. Оның үстіне М.Калининнің атынан республика өкіметіне жолданған жедел хатта «Қырғыз өлкесінен оларды жер аударуға қатаң тиым салынады [7]. Аштыққа ұшыраған Поволжьеде қоныс аударғандардың саны 1 млн. адамнан асады. Олардың көпшілігі Оңтүстік Сібір мен Қазақстанда қоныстанды.

Азамат соғысы жылдарындағы «әскери коммунизм» саясатына сай аграрлық саладағы Кеңес өкіметінің төтенше шаралары азық-түлік диктатурасынан басталды. «Әскери коммунизм» саясатының дүниеге келуіне большевиктік көсемдердің капитализмді жедел жоюға және социалистік өндіріс пен өнімді бөлуге шұғыл түрде көшуге бағытталған идеологиялық тұжырымдары мен төңкерісшілдік шыдамсыздығы бірден-бір басты себеп болды. Азық-түлік салғыртына сай артық астығын тұрақты бағамен (оны тегін деп қабылдау керек) мемлекетке тапсырмағандардың барлығы халық жаулары деп жарияланып, бүкіл мүлкі тәркіленіп, қоғамнан біржолата қуылуға тиіс болды [8]. Азық - түлік комиссариатына көмекке ауылдық жерлерде азық-түлікті күшпен жинайтын қаруланған жұмысшылардан жасақталған азық-түлік отрядтары шұғыл түрде құрыла бастады. 1918 жылдың күзіне қарай, толық емес мәліметтер бойынша қала ауылдар мен селоларға 80 мыңдай адам жібереді. Азық-түлік отрядтары Ленин мен азық-түлік халық комиссары Цурюпаның «егер де деревнялық буржуазиядан астықты дәстүрлі жолдармен алуға болмайтын болса, онда оны күшпен алу керек» - деген нұсқауына сай іске кіріседі. Олар кедей комитеттерімен бірлесе отырып, селолар мен ауылдарда тап күресін өршітуге бағытталған саяси міндеттерді де атқарды. 1918 жылы қараша айында өткен VI жалпыресейлік съезде ауылдық жерлердегі саяси жағдай жөнінде жасаған баяндамасында Зиновьев кедей комитеттерінің көмегімен «деревняда қазық қақтық», өйткені «социалистің басты міндеті тап күресін жандандыру, кедейлердің байларға қарсы ежелден келе жатқан өшпенділігін арттыру»- деп ерекше атап көрсеткен болатын. Одан әрі Зиновьев: «Біздер –деревнядағы кулактарды түншықтырмай, оларды саяси, ал егер қажет болса іс жүзінде толық жоймай пролетарлық революцияны жүзеге асыра алмаймыз» [9] –деді.

Азық-түлік дайындау толығымен РКФСР азық-түлік комиссариаты билігінде болды. 1918 жылдың тамыз айынан олардың өкілдері Қазақстанның жергілікті тұрғындарынан Шығыс майданның қажетіне азық-түлікті күшпен тартып алуға кіріседі. Бұл науқанды жүзеге асыруға 1915 жылға дейінгі сайлау құқығына ие болған қала тұрғындарын (яғни, жұмысшыларды) жұмылдыруға шешім қабылданды. Алғашқылардың қатарында 1917 жылдың соңына қарай Ақмола облысына Балтық флотының матростары, солдаттар мен жұмысшылардан жасақталған отряд жіберіледі. 1920 жылдың басына қарай Петроград пен Москваның өндіріс орындарында жасақталған, құрамында 11500 адам бар, 370 отряд Қазақстанға келді. Олардан 70 отряд (1850 адам) Торғайға, 60 отряд (1500 адам) Орал губерниясына, 70 отряд (5180 адам) Ақмолаға, 30 отряд (900 адам) Сырдарияға, 80 отряд (2000 адам) Жетісуға және т.б. аудандарға жіберіледі [10].

Азық-түлік саясатында осындай қатал шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде 1917 жылдың қараша айынан 1918 жылғы мамырға дейін Қазақстаннан Ресейдің орталық өнеркәсіп аудандарына 18.245 мың пұт астық, 1.478 пұт ет, 220 вагон балық жөнелтілді, бір ғана Сырдария және Жетісу облыстарының 1918 жылғы өнім есебінен 4.622 мың пұт астық, 432 мың бастан астам қой, 12 мың басқа жуық ірі қара мал дайындалды [11]. Уақыт өткен сайын олардың мөлшері еселеп өсе түсті. Мысалы, 1920 жылдың бірінші желтоқсанына дейін тек қана Сырдария облысы бойынша азық-түлік отрядтары ресми мәліметтер бойынша 80.502 пұт бидай, 2.303.675 дөңдік жемшөп, 130.110 пұт ет, 3.804 пұт көкөніс дайындаған [12].

Кеңес өкіметінің аграрлық саясаттағы қателігі салдарынан 1920 жылдың күзіне қарай ауыл шаруашылығын аса ауыр күйзеліске апарып ұрындырды. «Әскери коммунистік» басқару әдісінің алапат зардабына ең алғашқы кезекте өлкенің өндіріс қуатының басты көзі көшпелі және егінші қожалықтары ұшырады. Астықты, етті және азық-түліктің басқа түрлерін күштеп тартып алу республиканың шаруашылық өндіріс көздерін ақырына дейін күйзелтті. Көптеген жеке қожалықтар шектен тыс сан алуан міндеткерліктің ауыртапшылығын көтере алмай толығынан күйреді. Ауыл тұрғындары саналы түрде өндіріс көздерін азайтып, тек қана өздеріне қажетті өнімді өндіруге көшті.

Қазақстанда егістік көлемі 1914 ж. 3,6 млн.десятинадан, 1922 жылы 1,6 млн.десятинаға дейін қысқарды. 1916 жылы республикамызда 148 млн.пұт астық жиналса, 1920 жылы бар болғаны 40 млн.пұт қана алынды. 1914 жылдан 1922 жылдың аяғына дейін ірі-қара мал саны 2,1 млн, жылқы 2 млн., ұсақ мал 605 млн., түйе 0,3 млн. басқа азайды [12]. Бұл болса да 1921-1922 жж. аштыққа апарып соқтырып, республика тұрғындарының 1/3 ашаршылыққа ұшырады. Аштықтан және онымен ере келген аурулардан, сондай-ақ амалсыздан үдере көшу халық санын күрт кемітті. 1914 жылы өлкеде 4811662 адам тұрса, 1922 ж.3795963 адам қалды. Ашаршылық тек қана қуаңшылыққа байланысты болмады. Астық жақсы шыққан Семей және Ақмола губернияларында жиналған астықтың 80 пайыздан астамын Кеңес өкіметінің азық-түлік салғыртына сай азық-түлік отрядтары тартып алып, Ресейдің орталық қалаларына жіберген болатын. Нәтижесінде, астықты аудандардың өзі аштыққа ұшырады.

Осыған байланысты елде Кеңес өкіметінің аграрлық саясатына қарсы наразылық күшейіп көтерілістер мен бүліктерге алып келді, «Коммунистерсіз кеңес үшін!», «Азық-түлік салғырты жойылсын!», «Коммунистік азық-түлік диктатурасы жойылсын!» ұрандары шаруалар арасында кеңінен қолдау тапты. Қазақстанда Қостанай, Ақмола, Орал, Семей губернияларында кеңестік құрылысқа қарсы бағытталған көтерілістер орын алды. Көтерілісшілер уақытша болса да Петропавл мен Көкшетау қалаларын басып алды. Мұндай наразылықтар Қазақстанның басқа өңірлерінде де орын алды.

Елдегі күйзеліс экономикалық, саяси және теориялық сипат алып, большевиктер партиясы шұғыл түрде, бірденнен коммунизмге өту талпынысының апатқа ұшырағанын амалсыздан мойындауға мәжбүр болды.

Партияның 1921ж. наурыз айында өткен X съезінде қабылданған ЖЭС қа сай салғырт заттай салықпен алмастырылып, жерді арендаға беруге, алуға, жалдамалы еңбекті пайдалануға, ауылшаруашылық, кредиттік, тұтыну кооперацияларын ашуға рұқсат етілді. ЖЭС аясында Қазақстанда жер-су реформасы жүзеге асырылып, патша өкіметінің Ертіс, Орал өзендерінің бойындағы және Жетісудағы қазақтардан тартылып алынған жерлер қайтарыла бастайды. Бірақта жер-су реформасы толығымен жүзеге асырылмады. Осы өңірдегі келісімсек орыс шаруаларының және казактардың қарсылығына байланысты, Бүкілресейлік ОАК-нің 1922 жылғы тамыздағы арнайы қаулысымен тоқтатылып, Жетісудан С.Қожанов бастаған комиссия асығыс түрде шақырылып алынады. Осылайша орталықтағы билік қазақ жеріндегі отарлаушы орыс ұлт өкілдерінің талабын қанағаттандырып, 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан қазақтардан тартып алынған жерлер толығынан қайтарылмай қалды.

ЖЭС жылдарында Кеңес өкіметі Қазақстан ауыл шаруашылығын өз бақылауында ұстау мақсатында, республика басшылығының пікірімен санаспай, жоғарыдан шаруаларды жерге орналастыру науқанын бастады. Кеңестік билікке көшпелі қазақ қожалықтарын бақылауда ұстау үшін оларды отырықшылыққа көшіру қажет болды. 1924 жылы 17 сәуірде бүкіл Ресейлік Атқару комитеті «Түркістан республикасы мен Қазақ АКСР-нің көшпелі және жартылай көшпелі аудандарында жерге отырықшыландыру жөнінде» жарлық қабылдайды [14].

Жарлықпен республиканың барлық көшпелі және жартылай көшпелі аудандарында жаппай жерге орналастыру шаралары белгіленді. Ынталандыру мақсатында отырықшылыққа көшкен қожалықтар жермен қамтамасыз етілді, мемлекет тарапынан тұқымға ссуда 5 жылға берілді. Отырықшылыққа көшкен қожалықтар мемлекеттік және жергілікті салықтан 5 жылға босатылды.

ЖЭС шеңберінде жеделдетіп жүзеге асырыла бастаған шаралар көп ұзамай 1925 жылы егістік көлемін 3 млн.ға дейін өсіреді. Орал, Ақмола, Семей губернияларының бірқатар астықты аудандарында егін түсімі 1913 жылғы деңгейге жетеді. 1925 жылы 92 млн.пұт астық жиналды, бұл 1914 жылдан сәл ғана кем еді. Мал шаруашылығында да жағдай түзеле бастады. 1925 жылы мал саны 1922 жылмен салыстырғанда екі есеге өсіп, көшпелі мал шаруашылығы бірте-бірте қалпына келтірілді [15].

Бірақ та тап күресі принциптерін басшылыққа алған кеңестік тоталитарлық билік билікті жеке меншік иелеріне беріп қойғысы келмеді. Орталық билік 20 –шы жылдардың ортасынан қайтадан ауыл еңбеккерлеріне тежеу-шектеу әдістеріне басымдық береді. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі даму жолымен қазақ ауылын, олардың тіршілік көзі болған мал шаруашылығын күйрету 1925 жылдың қыркүйек айында қазақ өлкелік партия комитетіне Ф.И.Голощекиннің бас хатшы қызметіне тағайындалуымен тығыз байланысты «Ауылда октябрь

болмаған» деп санаған Голощекин социалистік құрылысты, ауылды қайта құруды мал шаруашылығымен тығыз байланыстырды. Ол өлкелік партия комитетінің 1927 жылы қараша айында өткен VI конференциясында сөйлеген сөзінде: «ҚАКСР –ның шаруашылығының негізгі саласы мал шаруашылығы қалған, көне, ескі, атам заманғы түрлі ауылдың артта қалғандығын, бай мен жартылай феодалдардың билігін анықтайды [16] –деп мәлімдеме жасап, енді көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықты түбірімен өзгертуді қолға алады.

Бұл мәселе алғаш 1923 жылдың наурыз айында III облыстық партия конференциясында көтерілген болатын. Бірақта ірі байлардың «жартылай феодалдардың» еңбек құралын, малын тәркілеп алу, олардың өздерін үй-ішімен тұрған аймағынан көшіріп жіберу жоспары бір жағынан С.Садуақасов, С.Қожанов бастаған зиялылардың қарсылығына байланысты, екінші жағынан ол кезде жүзеге асырылып жатқан ЖЭС шараларына байланысты жүзеге аспай қалған болатын. ЖЭС шектелуіне байланысты 1927 жылы Голощекин бастамасы қайта көтеріліп, 1928 жылы 27 тамызда ОАК мен Республика Халық Кеңесінің мәжілісінде «Бай қожалықтарын тәркілеу» жөнінде Заң жобасы қабылданып, жарлық қаулы түріндегі құжатқа айналды. Тәркілеу республиканың Адай округі, бұрынғы Жетісай мен Сырдария губернияларының мақталы аудандарынан басқа, бүкіл аудандарда жүзеге асырылып, негізгі қуғын-сүргін орташа ауқатты шаруаларға қарсы бағытталды. Көпшілік жағдайда мәселенің анық-қанығына бармаған өкілдер ауқаттыларды, кейде тақыр кедейлерді де құрықтады.

Салықтың жылдан-жылға артуы да мал шаруашылығына кері әсер етті. 20 –шы жылдардың екінші жартысынан бастап мемлекет индустриаландыру үшін қаражат жинау мақсатымен ауыл шаруашылық салығының көлемін күрт өсіреді. 1926/1927 жылы Қазақстан бойынша есептелген ауыл шаруашылығы салығының көлемі 1925/1926 жылғымен салыстырғанда 87 %-ға өседі. БК[Б]П ОК-нің шешімімен 1928/1929 жылы ауыл шаруашылығы, 1927/1928 жылғы 305 млн.сомның орнына, елде 400 млн.сом мөлшерінде белгіленеді. Оның ішінде Қазақстан бойынша салық көлемі 23 млн.ға жеткен [15, 238 б]. Оған қосымша ауыл тұрғындары мәдени алым, уақытша салық түрлерінде төлеуге мәжбүр болды. Мәдени алым ауыл шаруашылығы салығының 65-200 %-н, ал уақытша салық 200 % көлемінде болды.

Кеңестік әміршіл-әкімшіл билік 1927 жылы желтоқсан айында өткен партияның XV съезінде ауыл шаруашылығын ұжымдастыруға бағыт алып, оны жүзеге асырудың дайындық жұмыстарына кіріседі. 1929 жылдың басында шамамен Қазақстан тұрғындарының 18,2 % ғана ұжымдастырудың әртүрлі түрлерімен, негізінен серіктестермен қамтылған болатын. Оларда негізінен орыс ұлтының өкілдері еңбек етті. Осыған қарамастан жыл соңында шұғыл түрде жаппай ұжымдастыруды жүйелі түрде жүргізу мақсатында 1930 жылы 5 қаңтарда БК[Б]П ОК «Ұжымдастырудың қарқыны және колхоз құрылысына мемлекет тарапынан көмек» атты қаулы қабылдайды. Осы қаулыға сәйкес, Қазақстан ұжымдастыруды 1933 жылдың көктемінде аяқтауға тиісті аймақтық топқа жатқызылады. Осыған қарамастан, жаппай ұжымдастыру жоғарыдан жеделдетіліп республикадағы барлық қожалықтардың 1930 жылдың сәуірінде – 50,5 %, ал 1931 жылдың қазан айында – 65 % ұжымдастырылды. Олардың басым көпшілігі қорыққанынан, амалы жоқтан ұжымдарға кірген болатын.

Жаппай ұжымдастыру жылдарында қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығына ерекше нұқсан келтірген көшпелі және жартылай көшпелі қожалықтарды жоғарыдан күштеп отырықшыландыру науқаны болды. Өйткені көшпелі шаруа қожалықтарын отырықшыландырмай ұжымдастыруды жүзеге асыру мүмкін емес еді. Сол себепті бұл мәселе өлкелік Партия комитеті бюросының 1929 жылы қараша айында өткен мәжілісінде және желтоқсан айында өткен пленумында қаралып, қолға алынады. 1930 жылдың қаңтарында ХКК-нің жанында республикалық жерге орналастыру комитеті құрылды [17].

Жерге орналастыру Қазақстанның 34 ауданында бір мезгілде басталды. Осы жылдың сәуір айында ҚАКСР ОАК «Көшпелі және жартылай көшпелі тұрғындардың еңбекшілерін жерге қоныстандыратын мекемелердің практикалық жоспары» туралы қаулы қабылдап, Халық Комиссариаты мен тиісті мекемелерге жыл соңына дейін 84 мың көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды отырықшылыққа көшіретін бірқатар шараларды жүзеге асыруды тапсырады. Отырықшылыққа көшкен аудандарға техникалық көмек жасау үшін МТС, олардың жанында партиялық бақылауда ұстау мақсатында саяси ұйымдар ұйымдастырылып, 1930 жылы 8303 мың сом қаржы бөлінді. Отырықшылыққа көшу жоспарына енгізілген аудандардың отырықшылыққа жарамды, жарамсыздығы ескерілмей, ешбір ғылыми негіздеусіз, жоғарыдан жоспарланды, тұрғындардың шұғыл түрде отырықшылыққа көшуге даяр болмауы үлкен қиыншылықтар туғызды. Осыларға байланысты Қазақстанда отырықшылыққа көшу науқаны жалғастырылып, нәтижесінде республика бойынша бүкіл шаруа қожалықтарының 85,9 пайызы ұжымдастырылады [18]. Отырықшыландыру туралы қаулылар тікелей кабинет жағдайында қабылданып қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығын күйретумен қатар, оның тұрмысына әсер етті. Ойластырылмай жоғарыдан жүзеге асырылған науқандардың қайтарымы өзін көп күттірген жоқ. Бірінші бесжылдықтың ішінде Бүкілодақтық товарлы-астық өндірудегі Қазақстан үлесі 9 %-дан 3 %-ға дейін төмендеді. Әсіресе, мал шаруашылығы бұрын соңды болмаған шығынға ұшырады. 1928 жылы республикада 6509 мың ірі қара мал болса, 1932жылы одан небәрі 965 мың ғана қалды. Жылқы саны 1928 жылы 3616,1 мың болса, оның 3200 –і қолдан қырғынға ұшыратылды. 1928 жылы 1042 түйеден 1935 жылы 63 мың ғана түйе қалды[13, 326 б.].

1932 жылы ақпан айында Қазақстанда колхозшы қожалықтарының 87 %-да, жекешелердің 51,8 %-да меншігінде бірде-бір малы болмады, нәтижесінде 1931-1933 жылдары ашаршылық орын алып, қазақ шаруаларын босқыншылыққа ұрындырды. Қазақстан территориясынан 1930 жылдардың басынан 1931

жылдың ортасына дейін ғана 281230 шаруа қожалығы көшіп кетті. Қоныстарынан ауа көшкен халық өздерімен бірге, толық емес мәліметтер бойынша, шамамен кем дегенде 1,5-2 млн. малды айдап әкеткен [19].

Олардың қатарында болған Қытай аспақ болған албан мен суан ауылының көп адамдары шекарадан өтерде шығынға ұшыраған. Солардың бірі, 80-ші жылдардың соңына дейін барынша құпия сақталып келген «Жалайыр қырғыны». 1931 жылы Жетісудың Қытаймен шекаралас Жаркент өңірінде жалайыр руынан шыққан Садырбаев деген байдың көшіне Коморов бастаған шекарашылар тосқауыл болған. Отряд құрамында 1931-1933 жж. аралығында шекара қызметін атқарған, 80 жылдардың ортасына қарай бір жылдан астам КОКП ОК бас хатшысы, үш мәрте Социалистік Еңбек ері атағын иеленген, жас пулеметші К.Черненко 300-400 адамды, жылқыларды қырып салған. Аман қалған балаларды осы мандағы қазақ-ұйғырлар асырап алады. Солардың бірі - Гүлжамал Балабековна. Анасының мәйітінің жанында шыр айналып жылап жүрген бес жасар қыз баланы ұйғыр отбасы асыраған. Қазақ екенін айтуға қорқып жүрген қыз баланы тек 1958 жылы арғы жақтан оралған ағалары іздеп тапқан[20].

Жалпы, Кеңес өкіметінің қазақ ауылын жоғарыдан әміршіл-өкімшіл әдістермен ұжымдастыруы мен отырықшыландыруының зардаптары аса ауыр болды. М.Тынышбаев, С.Садуақасов, Ж.Мыңбаев, С.Қожанов және т.б. ұлт өкілдерінің мал шаруашылығына қатысты ұлттық және табиғи ерекшеліктерді ескеру қажеттілігі жөніндегі ұсыныстары ескерілмеді. Күшпен отырықшыландырудың барысында мындаған жылдар бойы қалыптасқан көшіп қонуға бейімделген дәстүрлі қазақтардың шаруашылығы күйреді. Қазақтардың көшпелі қоғамдық қатынастарға негізделген ұлттық санасы, рухани мәдениеті бұрмаланып, оларға әлі де болса түсініксіз социалистік және ұжымдық идеологияға басымдық берілді. Ғасырлар бойы қазақ ауылының ұйытқысы болып келген тәжірбиелі, мал шаруашылығын ұйымдастыруға бейімді қазақ байлары мен ауқатты шаруалары кеңес өкіметінің қас дұшпаны ретінде жойылды. Ұжымдастыру және отырықшыландыру барысында қазақтардың меншігіндегі мал түгелдей дерлік қырылып, жеке меншікке негізделген қожалықтар күйреп, олардың орнына негізінен өзге ұлт өкілдерінен қоғамдық меншікке негізделген кеңестік шаруашылықтар қалыптастырылды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Декреты Советской власти. – М., 1957. – 1т. – 18-19 сс.
2. Декреты Советской власти. – М., 1973. – т II. – 82-88 сс.
3. Ленин В.И. Полное собрание сочинении. – т.36. – 521-522 сс.
4. Трапезников С.П. Ленинизм и аграрно-крестьянский вопрос. – М., 1971. – т.1. – 438 с.
5. Статистический ежегодник. 1918-1920 гг. – М., 1922. – т.8. В.2. – 112-113с.
6. Вопросы истории КПСС. – 1977. - №7, 45 с.
7. Жұлдыз, 1992. - № 8, 137 б.
8. Декреты Советской власти. – т.9 240-243 сс.
9. Новейшая история Отечества. XX век. Учебник для студентов вузов: в 2- томах. - т.1. – под ред. А.Ф.Кисилева, Э.М.Шаргина. – М., 1998. – 328 с.
10. Тугов П.И. Из истории рабочих отрядов в Казахстане // Вестник АН КазССР. – 1960. - № 11. – 72-77 сс.
11. Тугов П.И. Некоторые вопросы продовольственной политики Советской власти в Казахстане в 1917-1920 годах.//Труды института истории, археологии и этнологии им.Ч.Валиханова АН КазССР. – т.13. – Алматы, 1962. – 72-78 сс.
12. Вестник АН КазССР. 1960. - №11. – 74 с.
13. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (Очерк). – Алматы, 1994. – 315 б.
14. Сборник документов по земельному законодательству СССР и РСФСР. – М., 1954. – 212 б.
15. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). – Бес томдық. – т.4. – Алматы, 2010. – 204 б.
16. Отчет краевого комитета VI Всеказахстанской партконференции. Доклад и заключительное слово тов. Голощекина. 15-23 XI. 1927. – Кызыл Орда, 1928. – 53 с.
17. Исаев О.О работе в ауле и развитии животноводства //Народное хозяйство Казахстана. – 1933. - № 6-7. – 27 с.
18. Дахшлейгер Г.Ф., Нурпеисов К.Н. История крестьянства Советского Казахстана. – Алма-Ата, 1985. – 199 с.
19. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді. – Алматы, 1993. – 208 б.
20. Әбікенұлы Серік Жаркент абақтысы// Жас Алаш, 2018, - 20 ақпан.

Д.А. ҚОНАЕВ - XX ҒАСЫРДЫҢ БІРЕГЕЙ ТҰЛҒАСЫ

Берлібаев Бақдәулет Тұрбекұлы
Саясаттану ғылымдарының кандидаты, тарих ғылымдарының докторы
Абай атындағы ҚазҰПУ мен АЭЖБУ нің профессоры
Халықаралық ғылым академиясының педагогикалық білім саласының академигі

Тұлға атауы, өз Отанына ерекше қызмет еткен, оның ыстығы мен суығына шыдап жүріп, халықтың ыстық ықыласына бөленген адамға қаратып айтылса, онда бұл атау XX ғасырдағы аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері Д.А. Қонаевтың атына да сай келеді [1]. Олай болса, ширек ғасырға жуық ел басқарған осы адамның тұлға ретіндегі тарихтағы рөлін кресу, бүгінде тарихылыр үшін ғана емес, қолына қалам ұстаған ұлтжанды да әділ адамдардың бәрінің міндеті болып тұр. Өйткені, кейінгі жылдары опың қызметі мен жеке басына қатысты қарама-қайшылықты әңгімелер көбейіп, оны халықтың тұлға ретінде тануына тосқауыл қоюшылар пайда бола бастады. Сондықтан, біздің осы мақаланы жазудағы мақсатымыз, біреулермен дауласып, біреулерге жағыну емес, мүлде керісінше. Ол - Д.А. Қонаев секілді елге қадірі болған қайраткер адамға араша түсу барысында, оны өмір логикасына жүгіне отырып, түрлі жаладан құтқаруға тырысумен бірге, халық ықыласына бөленген оның жылдар бойындағы қоғамдық-саяси қызметіндегі істеріне ғылыми жағынан қысқаша шолу жасау болып табылады.

Қазақ айтатын: «бес саусақ бірдей емес» дегендей, дүни жүзінде қанша миллиард адам болса да, олардың бәрі бәрібір, бір-біріне ұқсамайды. Олар өмір сүру жағынан да, қызметі жағынан да, мінез жағынан да тіпті адами қасиеті жағынан да ерекшеленеді. Мысалы, басқаны былай қойып, В.И. Ленин мен И. В. Сталинді немесе, М.С. Гарбачев пен мен Д.А. Қонаев сияқты мемлекет қайраткерлерінің өмір-тіршілігін салыстырып көрейік. Тарихта бұлардың бәрінің қоғам және мемлекет қайраткерлері болғаны рас. Бірақ, осындай белгілі адамдарды қай жағынан алып қарасақ та, өзіндік айырмашылықтары жер мен көктей. Бір қызығы бұлардың бәрі- большевиктер болса да, істеген істері мен адами тұрқында ұқсастық жоқ. Айталық, В.И. Ленин білімі мен қарапайымдылығы жағынан И. В. Сталинді мың орап алса, соңғысы тым тоңмінез, қатал әрі дөрекі [2] адам болатын. Соған қарамастан оған дүниежүзінің көрнекті тұлғалары жоғары баға берген. Ол Ресей мен КСРО шеңберінде генарлизмус атағын алғандардың қатары санаулы болса, соның бірі осы И. В. Сталин еді. Ал М.С. Гарбачевты алсақ, оны қанша жерден жамандасақ та бүкіл әлем таныған «Нобль» силығын алып, дүние жүзіндегі прогресшіл адамзаттың құрметіне бөленді. Солар сияқты Д.А. Қонаев та адам болғасын, қателесуі әбден мүмкін. Бірақ ол, естелік кітаптарында Н.Ә. Назарбаев мәселесіндегі өз қателігін мойындаған адам [3]. Оның дәл осы әрекетінің өзі оны ерекше тұлға ретінде бғалауға итермелейді. Өйткені көріп отырмыз, бүгінде бәрі де өз орнына келе жатыр. (Д.А. Қонаевқа қала аты берілсе, Н.Ә. Назарбаевтан қала аты алынып, біраз ескерткіштері құлатылып тасталды т.б. с.с.). Солай болса да, Н.Ә. Назарбаев та Д.А. Қонаевты біршама мойындаған адам. Мысалы, Д.А. Қонаевпен болған кездесулерін естелік кітап етіп немесе, мақала жазған замандастары артылып жығылады. Солардың бірі Талды-Қорған облысында көп жылдар мемлекеттік қызметте болған Медетбеков Тұрсынғазы Әбілғазыұлы Д.А. Қонаевпен бірге істеген қоғам қайраткерлерінің Д.А. Қонаев туралы айтқан айшықты сөздерін жинастыра білген қаламгер. Ол өзінің Д.А. Қонаев туралы жазған 4 кітабының бірінде Н.Ә. Назарбаевтың Д.А. Қонаевқа туралы айтқан мына бір пікірін келтіреді: «Димекен-өз заманының перзенті бола білген ірі тұлға. Қонаевтың есімі Қазақстан халқымен бірге жасары анық ақиқат. Ол кісі бәрімізге ұстаз болған ұлы адам» [4]. Сол сияқты осы Н.Ә. Назарбаев, 1904-жылдың 24-ақпанындағы шығарған қаусысында Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ есімін мәңгі есте сақтау үшін республикадағы ірі мекемелер мен көшелерге атын беріп, мемлекеттік силықтар тағайындап, мұражай ашуға нұсқау берсе [5], өкінішке орай бұндай шаралар бәрібір, Д.А. Қонаевты түпкілікті мойындау дегенді білдірмеді... Бірақ қалай болғанда да, Н.Ә. Назарбаевтың есімі елдің бірінші Президенті ретінде тарихта бәрібір сақталатын болса, Д.А. Қонаевтың адал еңбегі мен алып тұлға ретіндегі мерейі және оның халық алдындағы айшықты беделі, Н.Ә. Назарбаевқа қарағанда әлдеқайда заңғар биіктен көрінетін күндер жақындап қалды. Дегенмен, Н.Ә. Назарбаев, И. В. Сталин сияқты өте күрделі күйінде сол тарихта қала беретін болады. (Белгілі адамдарға қатысты мұндай мысалдар, әлемде өте көп болған...)

Ақиқатқа жүгісек, 1986-шы жылғы жастардың әйгілі желтоқсан көтерілісі кезіндегі ұрандарында Д.А. Қонаевтың қызметіне қайта келуін талап етілген жоқ болатын. Демек олар, «атышулы» Пленумда тілге тиек етілген Д.А. Қонаевтың зейнетке шыққаннан кейінгі жасының ұлғайғанымен санаса білді. Бірақ, оларды алаңға алып шыққан негізгі мәселенің бірі- тағы да сол Д.А. Қонаев сияқты алып та біртуар тұлғаның үлкен беделі екендігін ұмытпасақ, тарихи оқиғаны жүйелегенде, Д.А. Қонаевтан бәрібір айналып өте алмаймыз. Себебі, сол бір дүбірлі оқиғаның тікелей куәгерлерінің естеліктерін оқығанда, мәселенің түйіні Д.А. Қонаевқа келіп тірелетінін байқау қиын емес. Мысалы, 2014 жылы Д.А. Қонаев атындағы мектептің директоры болып қызмет істеген Шара Нәлібаева сол жылдың 16 желтоқсан айындағы «Оңтүстік Қазақстан» газетіне берген мақаласында ағынан жарылып, былай дейді: «Сол күні сабақтың аяқталғанын тағатсыздана күттік. Топтағы

студенттердің көкейінде «неліктен елді ширек ғасыр басқарған Дінмұхамед Ахматұлы Қонаев қызметтен кетті?» деген сұрақ тұрды. Жастар осы сауалдың жауабын білгісі келді. Сабақтан шыға сала алаңға қарай бет алдық... Бибігүл Төлегенова, Әмина Өмірзақова секілді өнер қайраткерлері мінбеге бірнеше рет көтеріліп, жастарға басу айтты. Алаңда, жастар «Қонаев шықсын!» деген сөздерінен танбады» [6]. Қазіргі қолда бар деректердің көбінде Д.А. Қонаевты алаңға шақырғанда оның жастар алдында сөйлеуден бас тартпағаны айтылады. Шындығында, алаңға шақыртылған оны Москвадан хабарласып отырған М.С. Горбачев сөйлетпеді. Өйткені Д.А. Қонаев, ақымақ адам емес болатын. Сондықтан да ол сөйлегенде жастарды иландырып, пәтуаға келтіруі мүмкін еді. Алайда, орталықтың ішкі қызғанышы біріншіден, Д.А. Қонаевтың беделінің болашақта тағы да өсіп кетуіне жол бермей, әдейі оның сағын сындырып, келіп тұрған жерінен қайтадан кері қайтарып жіберді. Екінші жағынан, 3 мәрте Социалистік еңбек ері атанып, 8 рет Ленин орденін алған тұлғаға көрсетілген қолдан жасалған қиянат еді. Соған қарамастан ғажайып сабырлылық көрсеткен Д.А. Қонаев, қариялық және партиялық этикадан аттамай, елді енді ғана келіп басқара бастаған Г.Я. Колбиннің айтқанына көніп, келген жағына тып-тиыш кете барды. Ел аузында: «Д.А. Қонаевтың ұлты татар екен» деген сөздер тағы бар. Мейлі тіпті, солай-ақ болсын делік, бірақ одан не өзгереді? Кім болса да, әйтеуір мұсылман баласы бола жүріп, қазақ жерінде туып өскен оның кезінде Қазақстанды 15 одақтастар ішінде барлық даму көрсеткіштері жағынан КСРО-да 3-ші орынға шығарған қабілетімен неге санасуға болмайды? Д.А. Қонаев билікке келгенге дейінгі басшылардың қайсысы осындай көрсеткішке жетіп еді? Ол қызметінен кеткенде орталықтан келіп тексергендер оның жеке басының адалдығына таң қалса, онда Д.А. Қонаев, өмір бойы өз еліне адал қызмет етудің тамаша үлгісін көрсеткен ерекше тұлға болып шықпай-ма? Ал осы тұлға өз күшімен тапқан еңбекақысының бір бөлігін жылдар бойы Алматыдағы №3-ші балалар үйіне жіберіп тұрса, бұл арада мұсылмандықтың қайырымдылық белгісінен басқа ештеңе көрініп тұрған жоқ қой.

Әлгі, «татар еді» дегенге келсек, Жезқазған өңірі жігіттерінің Д.А. Қонаевтың атына қаратып айтылған мазағынан бастауға тура келеді. 1989-шы жылы Жезқазғанға ғылыми ізденіс жолымен емес, тойға қыдырып барған қазіргі таңдағы Ғаббас Қабышұлы деген қарт жазушымыз сондағы жиналған бір топ жігіттерден:

- Осында Сефулин деген атақты геолог адам болған екен, Жезқазғанды ашқан, соны білетіндерің бар-ма? деп сұрағанда, бір жігіт:

- Қонаевтың Сейфулині ғой,- деп мырс етті. Жұрт ду күлді [7]. Шындығында олардың айтып отырғаны кезіндегі Жезқазғандағы кен басқармасында істеген, ұлты жағынан татар болып келетін Саид Сефулин деген қарт геолог еді. Бірақ, тойда тойып алған адамдар не айтпайды? Дегенмен, «Ойнап айттса да, ойындағысын айтады» дегендей, бұл мысқылдан түсінетін нәрсе, Саид Сефулиннің татарлығына бола бүйрегін бұрған Д.А. Қонаев, өзі татар болғасын Жезқазған кенін бірінші болып ашқан Қ.И. Сәтпаев емес, ол-татар Саид Сефулин еді деп, тырнақ астынан кір іздеген астарлы ұғымға жетелейді. Сонда қалай, осындай тойда көпірген сөздерден тарих іздеп, соған бола Сефулин деген фамилия алып жүрген бүгіндегі «үш арыстың» бірі - Сәкен Сефулин мен қазірде көзі-тірі тарих ғылымдарының докторлығына жеңіл жолмен қол қол жеткізген Хизатолла Хаймолдаұлы Халидулинді де татарға жатқызуымыз керек-па? Несі бар, кезінде бүкіл КСРО- ны көмірмен қамтыған Қарағанды кеншін далада сүт пісірем деп жүріп бірінші болып ашқан қарапайым қойшыға қарағанда, Жезқазғанды ашқан Д.А. Қонаев айтқандай, Саид Сефулин деген маман геологтың болуы әбден мүмкін. Жалпы бұл арада, атам қазақ айтатын ежелден дауға құмар адамдардың өздері жиналған оңаша ортада тағы да сол арғы қазақ атасы «мал баққан» ортадан шыққан Д.А. Қонаевты мысқылдап, оны қалайда аяқтан шалу әрекеттерінің болғанын түсіну қиын емес. Әуелі кейде, дес бермейтін осындай даукеспе ағайындарға ақиық ақын Мұқағали Мақатаев «МЕН ҮЙСІНМІН» деген бұрын жариялауға тиым салған өлеңімен былай жауап берген екен:

Мен Үйсінмін, қауға берсең қауға бер,
Қан ағызып үйренгем жоқ, жаулап ел.
Жауы да жоқ, дауы да жоқ тып-тыныш,
Бауырларым біздің асқар тауға кел.
Ау – бауырым!
Мал бақ десең мал бағам,
Еш жамандық көргенім жоқ қауғадан.
Ортадан да кішіден де кішімін,
Ұлымын деп көрсетпеген қысымын.
Ел басына екі талай күн туса,
Екі інімнің найзасының ұшымын.
Ау – бауырым!
Мал бақ десең мал бағам,
Еш жамандық көргенім жоқ қауғадан.
Мен Үйсінмін, ұлы жүздің, ұлымын,
Кісіліктің, кішіліктің құлымын.
Бөлінбеген еншім даяр екі інім,
Желпілдетіп жетіп келсе тұлымын.

Д.А. Қонаевты жершілдік жағынан айыптаушылар да бар. Шынтуайтында бұл, протекционализмнің көрінісіне жатады. XX -шы ғасырдың 50-ші жылдарының басында заңғар ғалым Қ.И. Сәтпаев та тура осы іспен қудаланған. Бұрыннан білетіміздей, басқасын былай қойғанда, Сәтпаевтың кезінде өзі дүниеге келген бір ғана Баянауыл өлкесінен 25 академиктің болуы нағыз жершілдік болатын. Мейлі, тіпті бір ауданның ішінен 5 академик шыққан күннің өзінде, бүкіл Қазақстаннан сол бір қытымыр заманның өзінде 1000-ға жуық академик дайындаған болып шығамыз. Қазірде бұны, қайсыбіреулер айтып жүргендей, сол өңірдің адамдарының «ерекше қабілеті мен даналығына» немесе, «қаламының ұшқырлық» ерекшелігіне жатқызудың ешбір қисыны жоқ. Шындығы, «25 академиктің ғұламалығы» олардың орыс тілін ертерек білу ерекшелігінен барып туындаған болатын. Тіпті, кезінде Қазақстанның дәстүрлі әдебиетінен идеялық кемшілік іздеген [8]. Соғыстан кейін Қазақстан Кп ОК-нің бірінші басшысы болған Ж.Шаяхметов билік еткен тұста, қазақтан басқа орысша білетін ұлттың өкілдерін итпен іздеп таба алмайтын Нанынқол, Кеген және Алматы облысының тағы басқа бірқатар ауданның бірінші хатшылығынан басқа да тұтқалы мекеме және әкімшілік басшыларының бәрі дерлік Қазақстанның солтүстік және орталық өңірінен арнайы жіберілген орыс тілін жетік білетін қазақ мамандары еді. Ал, Д.А. Қонаевтың кезінде бұл мәселенің тек теңгермелік қана сипаты болды. Яғни, Қазақстандағы солтүстік және орталық өңір қазақтарының патша дәуірінен бастап Ресейге ерте қосылуына байланысты Шоқан Уәлиханов заманынан кеңес өкіметіне дейінгі аралықтағы оқыған қазақтардың орыс тіліне әжептәуір жетік болғаны рас. Ал, кеестік билік орнаған жылдардан Н.С. Хрущевке дейін де, ол өлкеде қазақ тілімен бірге орыс тілінің басымдығы байқалып тұрған еді. Тек 1932-33-ші ашаршылық жылдары ғана Петропавл мен Қостанай облысындағы қазақтардың 25%-ы орыстар көп тұратын қалаларға барып жан сақтаса, бұл көрініс сол өлке қазақтарының жаппай орыстануын одан әрмен күшейткен құбылыс болатын. Сол сияқты, Н.С. Хрущевтың «Бос жатқан жерді игеру» деп аталатын жымьсық идеясына орай, бұл өлкеде орыс тілі әдейі ойластырылған түрде күш алған тұста, солтүстік пен орталық Қазақстанда оқыған-тоқығандардың негізгі дені Қазақстанның түкпір-түкпірі бойынша кадр мәселесіндегі құйқалы орындардың бәріне дерлік қол жеткізе алды. Осы уақыттарда қызметінде мығым отырған Қ.И. Сәтпаев, өзінің бұрынғы дағдысын жалғастыра берді. Ал осыны байқаған Д.А. Қонаев болса, елдің бірінші басшысы ретінде орыс тілін енді-енді біле бастаған оңтүстік өлке қазақтарының білім мен ғылымға ден бере бастауымен санасып, оларды да кадр мәселесіндегі мәртебелі орындарға тартуды ұмытпай, кадр іріктеуде теңгермешілікке барғаны тарихтан белгілі болса да, қазіргі жазғыштардың көбі қалайда шындықтың өңін айналдыруға құмар...

Оның тағы бір көрінісі, желтоқсан көтерілісі туралы жазған авторлардың қазақ халқының тілінің жоғала бастауы, олардың сан жағынан өзбектерден қалып қоюы, қазақ тіліндегі мектептердің жаппай жабылуы және олардың жалпы рухының жұтандығы туралы Д.Қонаевтың атына айтылатын алып қашпа сөздерге әуес болуы. «Мен, қазақтарды орыстандыру жағынан патшадан да Сталиннен де асып кеттім және мен оны, қысқа мерзімде жүзеге асырдым»-деп, өз заманында «жүгері королы» атанған Н.С. Хрущевтің масайрауында шындық бар болатын. Қараңыз: Н.С. Хрущев, XX ғасырдың ортасында орыс тілінде сөйлейтін словян тектестерді Қазақстандағы «тың игеру» дақпыртына желіктіргенде, жаңа салынған орыс мектебінің қасында тозығы шыққан шағын қыспақтардағы бұрыннан бар, бірақ оқушылар жағынан саны аз, әрі көп жылдар бойы күтім көрмеген ескі қазақ мектептері мүлде қараусыз қалған еді. Бұл өзі, орталықтың шовинистік пиғылынан туындайтын және әдейі ойластырылған ең оңай отарлық саясаттың кесірі болатын. Осыған орай, қыстың қақаған Сібір аязының қыспағы басталғанда, орыс мектептері қазақ балаларына қарап, мен мұңдалап тұратын. Қазақ болса, ежелден балажан әрі намысшыл халық емес-пе?. Ол жаңа да жайлы, жылы да заманауи орыс мектебінің жанында тұрып, өз басынан ешкімді жоғары асырғысы келмеді. Ендеше, тура сол кезде қазақ балаларының орыс мектептеріне жаппай баруын Д.А. Қонаев емес, сорақы идеологияның қыспағынан туған өмір логикасының өзі талап еткен болатын. Ал, Алматыдағы қазақ санының аздығы туралы (8%) орталықтан Желтоқсан көтерілісіне нүкте қою үшін келген М.С. Солменцов деген «періште» айтқан жоқ па еді? Демек, бұл жерде де кезіндегі Қазақстанның астанасына словян тектестер мен басқа ұлт өкілдерін толтырған Д.А. Қонаев емес болатын. Ол кездегі қазақтың басым бөлігі ауылда тұрды. Осыған байланысты, кеңес басшылығы ауылдық жердегі қазақ мектептерінің жабылуына тым мүдделі болған жоқ. Себебі, мектепті бітірген қазақ балалары одан кейінгі оқуларын орысша оқитынына қарамастан, бәрібір сол ауыл төңрегін асып кетпейтін еді. Олай болса, айналып келгенде саны бадырайған, үйреншікті «700 қазақ мектептерінің» словяндар көп орналасқан жерде жабылуына кінәліні Қонаевтан жоғары тұрған-Кремль шенеуніктерінің қатарынан іздеу керек. Нақтырақ айтқанда оны іздеуді, Хрущевтің жымьсық саясатынан, әрі-беріден соң, XVI ғасырдан бері қаймағын бұзбаған күйі келе жатқан ұлы орыстық шовинистік пиғылдың ішкі мүддеіне үңілуден бастаған дұрыс болар...

Д.А. Қонаев болса, «тек қана орталықтың айтқанын істейтін»-деп тағы көпіреміз... Олай болса, сы жердегі арфиметиканы елдің есіне салуға тура келеді: Қанша мықты болса да, басшылықтағы Д.А. Қонаевтың өз билігі өзінде болған жоқ. Біз қазір, кеңес кезінде де Ресейдің отары болғанымызды ашық айта бастдық. Сондықтан, Д.А. Қонаевтың орталықтың айтқанын екі етпегені рас. Өйткені ол, біреуге тәуелді, енді біреуге бағынышты болғанын былай қойғанда, тағы біреумен мәмілегерлік тұрғыдан дос болғанына қарамастан, қалыптасқан дәстүр бойынша, бәрібір орталықтың айтқанын орындаушы ғана болды. «Ойбай, қазақтар сан жағынан өзбектерден қалып қойды» дегенге келсек, өзбек жерінде аштық та, нәубат та, бәлендей алапат та, тың игеру де болған жоқ, және олар өз жеріндегі қалың қазақты өзбек етіп жаздыруға бейім халық екені елдің бәріне белгілі.

Ал Д.А. Қонаев кезіндегі қазақ халқының жалпы рухының жұтандығы туралы айтсақ, еркіндікке тиым салынған, құқық бұрмаланған, шын мәнінде конституциясы болмаған, атейизм мен шовинизм жайлаған, тәуелсіздігі жоқ елде ол мәселе мүлде мүмкін болмады. Олай болса, бұл жерде де Д.А. Қонаевты жазғырудың ешбір реті жоқ.

Сонда, Д.А. Қонаевтың биліктегі қызметіне қысқаша сипаттама бергенде айтатын нәрсе, ол елді басқаруды соғыстан кейінгі қиын кезеңде қолға алды. Оған құлдыраған халық шаруашылығын ретке келтіру мен тың және тыңайған жерді игерудің барысындағы қарама-қарсылықтарға төтеп беруге, Өзбекстанмен екі арадағы орталық ұйымдастырған жерді межелеуге, батыс Қазақстанда мұнай мен газ өндіруге, орталық Қазақстанда отын-энергетика ресурстарын игеру мен елдің шығысында металлургия әсіресе, түсті металл өңдеуді жолға қоюға тура келді. Елді ол басқарған 1955-1986 жылдар аралығында мыңдаған жаңа қоныстар бой көтерді: 68 жұмысшы поселкелері, 43 қала пайда болды. Басқасын былай қойғанда, Рудный, Екібастұз, Шевченко (Ақтау), Никольский, Арқалық, Степногорск, Кентау, Жаңатас сияқты өндірістік қалалар дәл осы кезеңнің жемісі болатын. Еліміздегі ірі мәдени ошақтар мен белгілі спорт кешендері осы кезде салынды. Қапшағай, БАК сияқты су бассейндері де Д.А. Қонаев кезінде бой көтерсе, бұл-еріккеннің ермегі емес еді. Бұл ең алдымен, судан тапшылық көріп отырған елді мекендерге су жеткізу әрекеті болса, екінші жағынан шалғай ауылдағы қазақтарды қалаға жақындатып, жайлы мекендер мен саяжайлар салып беру болатын. Тек, үшінші кезекте ғана, дем алудың қолайлы жақтары ойластырылған еді. Бұл күнде «БАК сапасыз салынған Д.А. Қонаевтың үлкен «арығы» болды» дегенге келсек, оның салынғанына жарты ғасырға жуық уақыт болса, «Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ болмайды» дегендей, тозбайтын да еш нәрсе болмайды. Адам да қартайып, өмірден өтеді емес-пе?. Сол сияқты, БАК тың да тозған жері болса, оның ақаулығына дер кезіндегі күтімді қолдан жіберіп алған жергілікті әкімшілік кінәлі. Тіпті қазір, жаңа пайдалануға берілген тұрғын үйлердің өзі, бір жыл өтпей қисайюына қарасаң, оның жанындағы БАК өз міндетін әлдеқашан атқарған болып шығады.

Д.А. Қонаев кезінде ауыл шаруашылығы қарқынды дамып, Қазақстан жыл сайын Одаққа миллиард пұтқа жуық астық беретін алқапқа айналғанын ешкім де жоққа шығара алмайды... Дәстүрлі мал шаруашылығына келсек, 1955 жылы Қазақстанда 16 миллион қой малы, 4 миллионға жуық ірі қара малы болса, 1983 жылы қой малы 36 миллионға жетіп, ірі қара малы 9 миллионнан асып кетті. (Қазір мал мүлде азайып, малшылардың бәрі дерлік қалаға келіп алды). Әлеуметтік мәселеге келсек, Д.А. Қонаев кезінде жыл сайын 5-6 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе [9], тәуелсіздік алғанша қаланы былай қойғанда, барлық ауылдық жердегі мәдени мекемелер жұмыс істеп, олар елдің көңіл көтеріп, дем алатын заманауи орталыққа айналса, бұны қалай ұмытуға болады? Сол мекемелерде республиканың талай дарынды саңлақтары өз өнерлерін көрсетіп, халықтың құрметіне бөлense бұл арада, Д.А. Қонаевқа деген олардың ықыласы мен алғысы шексіз емес-пе?.

«Желтоқсандағы» Д.А. Қонаевқа тікелей келгенде айтатын негізгі мәселе, жекелеген авторлардың көбінің тілге тиек ететіні сол, ол-көтеріліс символына айналған Қайраттың түрмеден жазған күмәнді бір хатындағы Д.А. Қонаев туралы пікірі. Онда ол: «Мен алаңға Қонаевтың күйін күйттеп барған жоқпын...» дегенді жазыпты мыс [10]. (Бірақ сол хат, 25 жылға сотталып, жүні жығылып, өмір сүру үміті әбден үзілген, осы жасына дейін қамау дегеннің не екенін білмейтін түрмедегі өрілдей жас Қайраттың өзінің жазғаны ма, мүмкін қамаудағы біреудің ақыл айтқан боп, алдап жаздырғаны ма? Әлде біреулердің Д.А. Қонаевты қаралау үшін ұрып-соғып, қинап жаздырғаны ма, мүмкін біреудің жеке басының мүддесі үшін әдейі ойлап тауып, Қайраттың қолтаңбасымен жазғаны ма, бұндай басы ашылмаған екі ұшты нәрсені нақты куә болмағасын кесіп айтуға әлі ерте. Себебі Қайрат, айтатын өзінің осы сөзін тағдыры шешілгелі тұрған сот үрдісінде айтпай, қайдағы бір амалы мен шырмауы бастан асатын қапастағы түрменің шыңырау түбінен хат арқылы жеткізгені, намысы бар Қайраттың атына мүлде лайық емес. Түсінген адамға, «Желтоқсан тетігінің» бір ұшының дәл осы сөзде жатқаны беп-белгілі. Егер, осы сөз шындыққа айналса, онда Қайраттан батыр атағын алдырып тастауымызға тура келеді. Өйткені, біз сол хаттан қас батыр емес, саясаттан мүлде бейхабар, халықтың ойын дәл жеткізуден қорқатын, бүкіл бұқараға қадірлі болған Д.А. Қонаев сияқты алып тұлғаны мойындамайтын топас адамның бейнесін көреміз. Ал Қайраттың сол хатын оқыған жаулар жағы болса, басқан ізінді әлі аңдып отырған олар, сондағы біздің жастарымыздың саяси саналығына күмән келтіріп, әлгі «бұзақы, маскүнемдер», «қазақтың ұлтшылдығы» дегендердің «шындығына» қарай қайта жүгіретін болады. Қолда бар деректерге қарағанда, алаңда болған жастар Д.А. Қонаев туралы «Трибунаға Қонаев шықсын!» дегеннен басқа бірде-бір лозунг көтерген жоқ. Егер олар, «Қонаев жасасын!» дегендей ұран көтерсе, онда сол жастар, демократияны қолдамайтын, Лениннің ұлт саясатын түсінбейтін нағыз шовинистер болып шыққан болар еді. Ал егер, мәселеге тарихи шындық тұрғыдан келсек, жастардың бірден алаңға барғандағы негізгі талабы сол бір «қаралы Пленумның» Д.А. Қонаевты оның өз халқымен санаспастан орнынан алу туралы шешімін қайта қарау болатын. Өйткені Д.А. Қонаев, кеңестік идеологиямен тәрбиеленген сол кездегі жастар үшін, нағыз идеал еді. Сондағы жастарға ол, өздерінің өмірлерінде үнемі «сүйікті қамқоршылары» болған Маркс пен Лениннің және коммунистік партияның «сара жолын» жалғастырушы болып көрінетін.

Жастар үшін, тіпті барлық Қазақстан халқы үшін де Д.А. Қонаевқа берілген атақ-лауазымдар мен марапаттаулар оның бәріміз жүгіріп жүріп орнатпақ болған социализм мен коммунизм жолындағы адалдығы үшін берілгені тағы рас. Сол кездегі одақтас республика басшыларының ішіндегі ең беделдісі Д.А. Қонаев




болғандықтан, қазақ жастары да оны өз жүрегінде тура сондай биік дәрежеден қабылдаған болатын. Қазақта, «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген сөз бар. Ендеше, халық та, Д.А. Қонаев та, көтеріліске шыққан жастар да коммунизмді бағытқа алған КСРО империясының мәселелік-баптауымен өсіп жетілгендер еді. Бір сөзбен айтқанда, олардың санасы жалған идеологиямен сан жылдар бойы тұншықтырылған болатын. Олай болса алаңға, сол уланған сана жетегіндегі жастарды Д.А. Қонаевтың беделі алып шыққанын мойындау керек. Ал оның қоғамдық қызметінде жіберген ең үлкен қателігі - Н.Ә. Назарбаев сияқты тұлғаны суыртпақтап жүріп билікке алып келуі. Бірақ оның осы бір қателігі «Желтоқсан көтерілісін» тудырған беделіне бәрібір нұқсан келтірмейді.

Сонымен, 1986-шы жылғы қанды көтеріліске түрткі болған жағдайдың (ситуация) да дәл осы Д.А. Қонаевтың беделімен байланысты болғанын түсінетін уақыт жетті. Бұнымен санаспасақ, біздің сондағы жастарымыз прогресс жолында емес, керісінше, кері тартпалық регресс жолындағы қара тобыр ғана болып шығады. Қайрат алаңға барғанда: «...нәзік жандарға қиянат жасап жатқанды естіп барып едім» -десе, бұл оның жігіттік намысының ғана көрінісі болатын. Ал оның сол қыздарды қорғауының өзі, елін де қорғауы болып табылады. Ендеше, алаңға барғаннан кейін мәселеге әбден көзі жеткен Қайраттың ел алдындағы азаматтық намысы оянып, жалпы ұлттық сананы азат ету жолына көшкенін өзі де байқамай қалды. «Батыр аңқау, ер күдік» демеуші ме еді атам қазақ?. Олай болса Қайрат, дәл осы жерден бастап алаңнан кетпей, көппен бірге Д.А. Қонаевтың беделіне ілтипат білдіре жүіп, батырға тән айбат көрсете бастағанын да байқамай қалды. Жоғарыда «Кеңес тәрбиесі» деген айтылып қалды. Осы туралы: «Бұл мемлекетте әділдік жоқ екеніне көзім жетті» деп, алаңда басынан алған ауыр соққыдан кейін қайтыс болған Алматы энергетика және байланыс университетінің 2-ші курс студенті Ербол Спатаевтың тағдырын мысалға алуға болады. (Бұл мәселе өзінше бөлек айтылатын болады).

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Дінмұхамед Қонаев және Алматы. (У истока большего мегаполиса) – Алматы: «Өнер» баспасы, 2008.-224 бет.
2. В.И. Ленин. Соңғы хаттар мен мақалалар (1922 ж. декабрь-1923 ж. 2 март).-«Қазақстан» баспасы, Алматы 1976, 5-6 беттер.
3. Қонаев Д. Ақиқаттан аттауға болмайды (Естелік-эссе) (Ауд. С. Әбдірайымұлы.- Алматы, «Санат», 1994.- 412 б.
4. Тұрсынғазы Медетбеков.«Алып тұлға байсалды»-Алматы: 2018.-112б.
5. Егемен Қазақстан.- 24 ақпан.- 1994 ж.
6. Жас Алаш, 17 мамыр, 2020 жыл.
7. Оңтүстік Қазақстан.- 16 желтоқсан.-2014 ж.
8. Шаяхметов. Ж.К Қазақстан компартиясының V съезінде жасаған баяндама // Қазақстан коммунисі.- 1991.- №3.- 41-43 бб; Жас Алаш, № 24, 5 сәуір,2020 жыл.
9. Қала & дала, № 43-44, (305-306) 27 қараша 2020 жыл.
10. Табеев Қ.Т. Қазақтың Желтоқсаны (Деректі хикаяттар мен мақалалар).- Алматы: «Дайк-Пресс, 2006.- 160 б.



ӘОЖ 811.512.161

ДӘСТҮРЛІ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР ЖӘНЕ ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ АРҒЫ ТЕГІ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАР МЕН ЖАҢАША ТҰЖЫРЫМДАР

**Төлебаев Т.Ә. –тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті**

Андатпа. Түрік халықтарының арғы тегі жөніндегі көптеген мәселелер айқындауды қажет ететіндігін негізге ала отырып, оны зерттеу барысында позитивизм, диффузионизм сияқты дәстүрлі методологиялық бағыттарды пайдалану жолдары көрсетіліп, шетелдік және отандық зерттеушілердің көзқарастары мен тұжырымдарына тарихнамалық тұрғыда талдау жасалды және солардың негізінде жаңаша тұжырымдар ұсынылды.

Түйінді сөздер. Арийлер, сақтар, прототүрік жазбалары, түріктер, түрік тілі, позитивизм, диффузионизм,

Дәстүрлі тарихи лингвистикалық география мен ареалды лингвистика түріктердің ежелгі этникалық тамырлары Ш - ғасырда тек Алтай мен Байкал бойында, аздап Орталық Азияда байқалған деп көрсетеді. Ол көзқарас бойынша ІҮ ғасырда түрік тілдес тайпалар Орта Азияға, кейінірек Батыс Сібір мен Шығыс Еуропаға

қоныстанып, жергілікті отырықшы-егінші халықтарды түріктендірген делінеді. Дәл осы тұжырымдар көлемінде зерттеушілер тарапынан кейінгі кездері олардағы шындықтың дәрежесі туралы көптеген мәселелер көтеріліп жүр. Солардың ішінде көп айтылып жүргендері: 1. Қалайша көшпелі түрік тайпалары жергілікті отырықшы халықтарды түріктендірді? Мүмкін дәстүрлі көзқарас бойынша керісінше болар? 2. Түріктер қалайша шағын уақыт аралығында өте тез көбейіп, Батыс Сібір, Орта Азия мен Шығыс Еуропаны басып алды?

Аталған дәстүрлі көзқарас бойынша түрік-сахалар Шығыс Сібірге Байкал бойынан Х-ХҮ ғғ. ғана келді, оған дейін бұл аймақта түріктілдестер болмаған делінген еді. Бірақ А. Окладников бастаған кеңес-америкалық экспедиция бұл тұжырымның дұрыс емес екендігін дәлелдеді. 1975 жылы жарияланған «Первыми американцами были сибиряки» атты мақаласында А. Окладников Америка материгіне Беринг бұғазы арқылы бұдан 20-30 мың жыл бұрын өткен алғашқы американдықтардың тілінде түріктік белгілердің болғандығын айқындады [1]. Бұл мәселемен бүгінгі таңда кең түрде айналысып жүрген Ә. Ахметов үндістердің түркілік тегі туралы көптеген еңбектерін жариялауда [2-3].

Ендеше позитивизм, әсіресе Кун, Лакатос, Тулмин, Фейерабенд т.б. жаңғыртқан, әлеуметтік мәдени факторлардың рөлін ғылым динамикасында қарастыру қажеттігін ұсынып отырған, бүгінгі таңдағы постпозитивизм бойынша түрік тілінің негіздері бұдан 30-20 мың жыл бұрын –ақ қаланған деген тұжырым жасаудың ғылыми негіздемесі бар деп есептелуі қажет.

Енді біз сол постпозитивизм бойынша бұл тұжырымымызды дәлелдеп көрейік. 1947 жылдан бері шумер-түрік паралелдері мәселелерімен айналысып келе жатқан түрік ғалымы Осман Недим Туна 1990 жылы жарық көрген кітабында 168 шумерлік сөзге салыстырмалы тарихи талдау жасап олардан ежелгі түрік тілінің тамырларын табады. Олардың фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерін зерттей келе бұл тілдердің ұзақ уақыт бойы бір-біріне өте күшті ықпал еткендігі жөнінде қорытынды жасаған. О.Н. Туна түрік тілі бұдан 5500 жыл бұрын-ақ фонетикалық және грамматикалық тұрғыда жүйеленген. Ал сол жүйенің қалыптасуы үшін тағы да 5500 жыл кеткен деп есептеген жағдайда түрік тілінің жасы 11 мың жыл болып есептеледі. Сол түрік тіліндегі жазудың беку уақытына келетін болсақ ол бұдан 8000-8500 жыл бұрын болған, - деген тұжырым жасайды [4].

Келесі бір түрік ғалымы Казым Миршан «Алфаветик язы башлангычы» («Алфавиттік жазудың басталуы») атты Бодрумда 1994 жылы шыққан еңбегінде руналық және рунаға ұқсас жазбаларды, тастар мен үңгірлердегі суреттерді зерттеу барысында жаңа тұжырымдар жасайды [5]. Мәселен ол Сібірде, Қазақстанда, Абакан-Енисайда, Лена бойында, Алтай тауларында, Шығыс Түркістанда, в Анадолияда, Румынияда, Грекиеде, Швейцарияда, Италияда, Францияда, Солтүстік Испанияда табылған бұдан 20 мың жыл бұрынғы бояулармен салынған пиктограммаларды, 15 мың жыл бұрынғы жартастар мен тастардағы петроглифтерді зерттей отырып, олардан бірте-бірте алфавит пайда болған, Түріктерде де жазу осылай дүниеге келген, - деген болжам жасаған. Ол тіпті бұдан 4500 жыл бұрын Франция жерінде жазылған глезелдік жазбалар мен прототүрік жазбаларын салыстырмалы түрде талдай отырып, бір кездері Орта Азиядан Францияға дейін созылған орасан зор түрік өркениеті болған дейді. Айта кететін нәрсе оның аталған жазбалардың сырын ашуына Сорбонн профессоры Роберт Лирис көмектескен және ол «глезелдік» жазбаламен этрусскілік жазулардың ұқсастығына да назар аударған.

А. Аманжолов: «Самая старая надпись Тюркским алфавитом, Иссykkская надпись написаная на плоском серебряном кубке, была найдена в 1970 году в королевской могиле расположенной в Балыкчи (Иссык), Киргизском городе у озера Иссык, и была датирована 5-м в. до н.э.», - дейді өзінің «Генезис тюркского рунического алфавита» атты Алматыда 2003 жылы шыққан кітабында [6]. Ол да түрік алфавитінің б.з.б. Ү ғасырдың өзінде-ақ пайдаланылғанын айтады және оның өте көне замандардан келе жатқанын жоққа шығармайды.

О.Н. Туна мен К. Миршан Еуропада өткен бірнеше халықаралық конференциялар мен симпозиумдарда өз тұжырымдамаларын жариялап, дәлелдеген белгілі ғалымдар. Олардың тұжырымдары түрік тілінің бұдан 11 мың, ал жазуының 8-8,5 мың жыл бұрын қалыптасқандығы туралы болжамдары негізсіз емес. Олардың және А. Окладников пен Ә. Ахметовтың, А. Аманжоловтың тұжырымдары түрік тілінің негізінің қаланған уақыты туралы біздің болжамымызға арқау болды.

Келесі мәселе кімдер сол көне замандарда түрік тілін негіздеген және пайдаланған? - деген сұрақ көлемінде болуы керек. Бұл мәселені айқындауда және талдауда мәдени-антропологиялық зерттеулердің методологиясы деп есептелетін диффузионизмді пайдаланған тиімділеу.

Әзірбайжан зерттеушісі Фиридун Агасыюглу Джалилов шумер, аккад, ассирия және урарту деректері негізінде б.з.б. ІҮ-ІІІ мыңжылдықтарда Ассирия мен Урарту аралығындағы Тигр бойында өмір сүрген субарлардың, олардан төменірек мекендеген кумандар, гутилер мен лулулардың және Урмия көлі маңындағы туруктердің түріктілдестігін дәлелдеуде.

У.Х. Шалекенов кейінгі жылдары арийлер туралы жазып жүр [7]. Арийлер Үндістанға б.з.б. ІІ мыңжылдықта барған деп есептеледі. Олардың арғы отаны туралы мәселені арнайы қарастырған Индияның даңқты қоғам және мемлекет қайраткерлері Дж. Неру мен С.А. Данге болғаны белгілі. Дж. Неру Грекиеге барған арийлерді грек-арийлер, ал Үндістанға барғандарын үндіарийлер деп атайды. Ол атаулар туралы өз көзқарасымды 2008 жылғы мақаламда білдіргенмін [8].

Бұл жерде грек-арийлер ретінде б.з.б. ХІІ ғасырда Балқан түбегіне басып кірген дорий тайпалары айтылып отыр. Дж. Неру сонымен бірге Персия мен Месопотамияда арийлік қоныстардың болғандығын да атап өтеді[9]. Ал С.А. Данге арийлердің кейбір тармақтарының Еуропа мен оңтүстік-батыс және оңтүстік Азияға қоныс аударғанын айта келіп, Индияға олар Гималай, Пенджаб және Кашмир арқылы келді деп көрсетеді[10]. Сонымен С.А. Данге айтқандай Гималайдың арғы жағындағы арийліктердің белгілі бір топтары жан-жаққа қоныс аударғанға дейін олар қазіргі Қазақстан, кейбір зерттеушілер жазып жүргендей Сібір аймағында да өмір сүрді ғой. С.А. Данге арийліктердің ганалары – берік әлеуметтік-шаруашылықтық ұйымдары туралы айтады және оның арғы отанында қалыптасқан жүйе екендігіне назар аударады.

Мен Г.М. Бонгард-Левин мен Н.В. Гуровтың мына тұжырымына да назар аудару керек деп есептеймін: «миграция индоарийских племен шла волнообразно и в течение длительного времени; что она началась задолго до сложения «Ригведы» как литературного памятника, что в создании гимнов «Ригведы» принимали участие различные индоарийские племена, говорившие, по-видимому, на разных диалектах [11]. Бұл зерттеушілер арийлердің Үндістанға Пенджаб арқылы барғанын айтады. Біздіңше арийлердің Еуропа мен оңтүстік – батыс Азияға да қоныс аударуы толқын түрінде өткен.

Белгілі татар зерттеушісі Мирфатых Закиев өзінің «Происхождение тюрков и татар» атты Мәскеуде 2002 жылы шыққан монографиясында арлар, арийлер және гандарийлер туралы Геродот деректерін келтіре отырып былай дейді: «Что касается этнонима гандарии, то он по тюркской этимологии называет также аров/арийцев, но аров, имеющих гана/хана: ганды-ар, где ганды/ханлы 'имеющие хана'»[12]. Бұған қарағанда М. Закиев арийлерде мемлекеттік басқару болған деп есептейді.

Бүгінгі таңда өзінің арғы тегін арийлерден таратуға ұмтылушылар көбейді. Орыс зерттеушілері арийлердің Индияға қоныс аударуын Кавказ арқылы көрсетіп жүр. «Курды и арийцы» атты қалың кітаптың шығуы да осыны байқатады. Бұл сөз жоқ арийлердің « ең таза қанды халық» ретінде дәріптелуінен. Ал таза қанды деген атақ оларға бекер берілмесе керек. Өздерінің ганаларын мықтай түсу, сырттан басып алу әрекеттерін болдырмау үшін біршама жүйеленген шаруашылықтық-әлеуметтік басқару ұйымын құрған. Ал бұл бізге белгілі «әскери демократия», ру-тайпалық басқа да бірлестіктерге қарағанда адамзат тарихындағы ең алғашқы біршама берік, мықты және сонысымен тұйықталған сияқты көрінетін ұйымдастырылған, жүйелі тәртібі бар ганалардан құралғандықтан шеттен ене алмайтындай болуы себепті пайда болған «таза қандылар» деп қарастырылуы біршама шындыққа жақын деп ойлаймыз. Оның үстіне диффузионизм Үндістандағы ганалары мен касталық жүйенің қалыптасуына арийліктердің ықпалы болған деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Қалай болса да біз үшін осы баяндамадағы келесі бір мәселе сол арийлердің өмір сүрген уақытын айқындау болып табылады. Бұл әрине арнайы зерттеуді қажет етеді. Дегенмен біздің ол мәселені зерттеушілерге ой салу мақсатында мынаны айта кеткеніміз жөн сияқты. Арийлер - қазіргі қазақ даласында ежелде өмір сүрген аты белгілі халықтың алғашқысы. П-мыңжылдықта жер шарының біраз бөлігіне таралған арийлер арғы отанында одан бұрын кемінде тағы да екі жүз жылдай өмір сүрген деп ойлаймыз. Бүгінгі таңдағы үндірандық тіл тобы туралы болжамдарды сынаушылар арийлердің прототүрік тілінде сөйлегенін айтады.

Арийлерден кейінгі негізгі отаны қазіргі қазақ жері болған халық – сақтар. Бүгінгі таңда сақтардың өмір сүрген уақыты мен аумағы, тілі қайта қарауды қажет ететін мәселелер. Бәрімізге белгілі кеңестік кезеңде бүкіл далалы аймақта бірыңғай сақ мәдениетінің қалыптасуы б.з.д. VІІ ғ. деп көрсетілген еді. Міне содан бері бұл датадан арыға бармау қабылданған тәртіп сияқты болып келеді.

Ал Қытайдың белгілі археологы Таң Шиэнчун 1993 жылы «Әдебиет-тарихи білімі» журналының 7 санындағы «Жуужу» атты мақаласында: «1980 жылы Лоб-нұрдың батыс жағындағы Лыулэн ежелгі жұртынан бір әйелдің сүйегі табылды. Зерттеуге қарағанда, ол осыдан 4000 жылдың алдында жасаған адам», - дей келе оның сақ екендігі күдік тудырмайтынын жазады[13, 13]. Ал екінші бір қытай зерттеушісі Ваң Минжы «Іле өзені алқабындағы сақтар» атты 1985 жылы жарияланған мақаласында: «Нылқы ауданындағы Нұрасайдан табылған мыс кенінің орны мен Іле өзені алқабынан табылған көптеген мыс бұйымдарынан біз мынадай ой түйіндейміз. Іле өзені алқабында біздің жыл санауымызға дейінгі 1000 жыл шамасында Соғыс мемлекеттері дәуіріне дейін өмір сүрген сақтарда мыс мәдениеті едәуір дамыған», - деген еді[13, 48]. Бұл екі тұжырым да сақтар тарихының хронологиясын қайта қарауды қажет етеді. Бұл жазылғандарға қарап, сақтар мыс дәуірінде болмаса да, қола дәуірінде, демек б.з.б. П мыңжылдықтарда өмір сүргендігі көп күмән келтіре қоймайтын сияқты. Бұл да зерттеуді, анықтауды қажет ететін мәселенің бірі. Тарихи уақыттың тарихи кеңістікті өзгертіп отыратынын ескере отырып сақтар мен скифтердің біртұтастығын, Ұлы сақ империясын құрғандығын кейінгі кездері жекелеген зерттеушілер жазып, айтып жүр. Бұл бүкіл түркі ғалымдары зерттеуге, айқындауға тұрарлық тұжырым.

Мирфатых Закиев аталған көлемді еңбегіндегі «Скифо-сарматские этнические корни Тюрков» атты тарауында скифтер мен сақтарды бірге қарастырады және олардың ирантілдестігі туралы тұжырымға күйрете соққы бере отырып, түріктілдестігін дәлелдейді. I-П ғғ. өмір сүрген Дионисийдің Каспийдің солтүстік-батысында өмір сүрген халықтар туралы деректерін келтіре отырып: « Из перечисленных им племен все были тюркоязычными: скифы - в основном тюркоязычны, каспи - это также тюрки, этноним которых состоит из элементов кас 'скала', пи (бей, бай) - первоначальный тюркский этноним, алан<алуан<албан - этноним

тюркских племен, кадус - тюркский этноним, состоящий из первоначального этнонима ус (вариант этнонима ас), определением его выступает кад<кас 'скала', кадус 'асы у скалистых гор'». - дейді. Аталған тарауға қорытынды жасай келе: «индоиранисты, специально отбирая из скифских письменных памятников ираноязычные слова, пытаются представить язык скифов как единый язык иранской группы, а отдельные из них тщетно доказывают, что древнеиранский язык скифов является якобы языком предков осетин.

Мы считаем, что среди скифов большое (основное) место занимали тюрки. Далее мы обращаем внимание читателей на то, что в Центральной и Средней Азии сюны/гуны (хунны) и их разновидности сянби, усунь, табгачи, жужане и эфталиты образовали обширный древний тюркоязычный ареал», - дейді М. Закиев [12, 107].

Сонымен аталған мәселелер көлемінде зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында мына тұжырымдарға назар аударылғаны дұрыс деп есептеймін:

Әдебиеттер тізімі

1. Түрік тілінің негіздері бұдан 30-20 мың жыл бұрын–ақ қалана бастаған. Ал фонетикалық және грамматикалық тұрғыда бұдан 5500 жыл бұрын–ақ жүйеленген.
2. Түрік тіліндегі жазудың бұдан 8000-8500 жыл бұрын болған және жер шарының көптеген аймақтарына оны білетіндермен бірге таралған.
3. Арийлер - қазіргі қазақ даласында ежелде өмір сүрген аты белгілі халықтың алғашқысы. II-мыңжылдықта жер шарының біраз бөлігіне таралған олар арғы отанында одан бұрын кемінде тағы да екі жүз жылдай өмір сүрген, өзіндік өркениет негіздерін қалыптастырған.
4. Арийлердің мұрагерлері сақтар б.з.б. II мыңжылдықта өмір сүрген. Сақтар мен скифтер бір халықтық топ. Олардың негізгі отаны қазіргі қазақ жері және уақыт өте келе Алтайдан Фракияға дейінгі орасан зор аймақты мекендеп, иелік еткен ұлы империялық бірлестік құрған.
5. Арийлер мен сақтар прототүрік тілін негіздегендер.
6. Окладников А. Первыми американцами были сибиряки. // Наука и жизнь, 1975, №12, 7-6.
7. Ахметов Ә. Азия-Берингия-Америка немесе америкалық «үндістердің» азиялық тегі. А., 1992.
8. Ахметов Ә. Түбі түркі өркениеті. А., 2009.
9. Туна О.Н. Байырғы түрік тілі. - Анкара, 1990, 49-б.
10. Миршан К. Алфаветик язы башлангычы. - Бодрум, 1994, 77-б
11. Аманжолов А. Генезис тюркского рунического алфавита. – А., 2003.4-б
12. Шалекенов У.Х. Арийлер өркениеті негіздері. А., 2012.
13. Төлебаев Т.Ә. Ежелгі Қазақстанның тарихи кеңістігі туралы. // Халықаралық интеграция мен модернизация жүйесіндегі Қазақстан-Германия қатынастары. - А., 2008. 56-б./
14. Дж. Неру. Взгляд на всемирную историю. - М., 1980. 123 - б.
15. Данге С.А. Индия от возникновения первобытного коммунизма до разложения рабовладельческого строя. - М., 1950. 41- б.
16. Бонгард-Левин Г.М., Гуров Н.В. Древнейшая этнокультурная история народов Индостана: итоги, проблемы, задачи исследования». // Древний Восток: этнокультурные связи. - М., 1988.77-б.
17. Закиев М. Происхождение тюрков и татар. – М., 2002. 91-б.
18. Таным тармақтары. - А., 2005. 13-б.



ӘОЖ 930.1

ДАЛАЛЫҚ ИМПЕРИЯЛАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ СЕБЕПТЕРІ ТУРАЛЫ

**Сламбеков Зарықбек Ешімбекұлы, т.ғ.к.,
педагогика, психология және қоғамтану пәндері кафедрасының профессоры
Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті**

Адамзат қоғамы тарихында жаңа дәуір басталғанға дейінгі кезеңде Евразия кеңістігінде көшпелілер үстемдік жағдайда оқтын-оқтын болып келгені белгілі. Мәселен, нақты тарихи деректерге жүгінсек ғұндар империясы, түркілер империясы және жаңа дәуір қарсаңындағы монғолдар империялары. Осы аты аталған саяси құрылымдар жаулап алу шапқыншылығы нәтижесінде Евразия кеңістігінде өздерінің саяси биліктерін белгілі бір тарихи кезеңдерде жүзеге асырды. Неліктен бұл ірі мемлекеттер белгілі бір тарихи кезеңдерде пайда болды, оның қандай тарихи даму заңдылықтарымен байланыстылығы бар, империялардың пайда болған жерлері қазіргі монғолия территориясында болуы және пайда болуы уақыты 500-600 жылдар аралығын қамтығандығы сыры неде деген заңды сұрақтар туады.

Осы мәселелерге қысқаша, бір мақала көлемінде талдау жасап, жауап іздестіруге талпыныс жасап көрейік. Бұл сұрақтың туындауына және оған лайықты жауапты қарастыру осы жолдар авторының ұзақ жылдар бойғы ізденісі «Көшпелі қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымы» атты арнаулы курсты жоғарғы оқу орындарының тарих мамандығы студенттерімен магистрантарына дәріс беру барысында біртіндеп қалыптасқан тарихи оқиғаларға көзқарасы деп түсіну керек. Өкінішке орай, әлі күнге дейін әлемдік тарихта көшпенділер қоғамының шаруашылығы қалыптасуы жөнінде арнайы зерттеулер болғанменде, көшпенділердің әлеуметтік құрылымы және саяси жүйесінің қалыптасып дамуы және ішкі қатынастарының сақталуы жөнінде арнайы зерттеулер жоқтың қасы деп айтуға болады (1) Тек Л.Н. Гумилев зерттеулерінде көшпелілер қоғамындағы әлеуметтік топтардың пайда болуы заңдылықтарына және саяси жүйенің қалыптасуы үрдістеріне жалпылама талдаулар жасалынып, соны пікірлер айтылады. Сонымен бірге, табиғи географиялық жағдайлармен биосфераның байланыстылығы, адамзат қоғамына космогендік күштердің әсеріне болжамдар айтылады және табиғаттағы өзгерістердің белгілі бір циклдік жүйе бойынша жүретінін пайымдайды (2)

Жоғарыдағы айтылған зерттеулерге сүйене отырып көшпелілер империясының пайда болуы белгілі бір тарихи кезеңдердегі табиғи климаттың жағдаймен географиялық ортада өмір сүретін көшпенділердің шаруашылық өмірінен бастау алатындығына әкеліп саяды.

Мәселен, Евразиялық кеңістікте өмір сүретін көшпелілердің территорияларындағы географиялық орта және табиғат жағдайлары бірдей емес. Монғолия мен Қазақстан жерлеріндегі көшпелілердің өмір сүру ортасында өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақстан территориясындағы табиғи-климаттық жағдайдан гөрі монғол жерінің климаты қатаң және соған сәйкес шөп шығымдылығы төмен. Бұл нендей жағдайлармен байланысты. Жоғарыдағы айтқандай Л.Гумилев пайымдауындағы циклдік табиғаттағы өзгерістер-шығыс халықтарында, оның ішінде қазақтарда 12 жылдық циклдық айналым бар ғой. Соның ішінде кейбір жылдардың шаруашылыққа қолайсыз болатыны белгілі. Осындай циклдік табиғаттағы өзгерістер теориясына жүгінсек, ол тек 12 жылда ғана емес, одан да кеңірек ауқымда жүретіндігінде. Мәселен халқымызда «елу жылда ел жана, жүз жылда қазан» деген сөз бар ғой. Ал бес жүз жылда қайталанатын өзгерістер де болуы ғажап емес және ондағы қайталану неғұрлым айқынырақ болуы да мүмкін. Сол айқынырақ көріністегі табиғаттағы өзгерістер өзінің теріс жағымен неғұрлым қандай жерлерде адамдардың шаруашылық өміріне кері әсерін тигізуі тиіс. Осы жөнінде ойланyp көрсек мынадай қисындағы тұжырым жасауға болатын сияқты. Өмір сүруінің негізгі көзі мал шаруашылығы болып табылатын көшпелілер өміріне қазіргі Монғолия территориясындағы қатаң табиғи климаттың неғұрлым теріс ықпал етуі толық ықтимал. Шартты түрдегі автордың айтып отырған 500 жылдық циклының теріс, яғни қолайсыз жылдары бірнеше жылдарға созылып шаруашылықты күйзеліске ұшыратуға әкеліп соғатындығында. Өйткені көшпелілер мекендейтін Евразиялық кеңістіктегі монғол жері неғұрлым климаттық жағдайы жағынан осал аймақ болып табылады. Соның салдарынан бірнеше жылға созылған құрғақшылық және қатаң климаттық жағдай көшпелі мал шаруашылығын терең дағдарысқа ұшыратып, көшпелі тайпалар мен руларды ашындыруға алып келеді. Шаруашылықтың ұлғаймалы ұдайы өндірісінің тоқырауы, қатаң қыс және қуаңшылық жаз айларында малды жайылыммен көшіп-қонып жаю арқылы қамтамасыз етудің ауыртпалығы жыл сайын мал басының азаюына алып келеді. Тіпті қуаңшылық жылдардың созыла түсуі мал басын мүлдем азайтады. Осындай жағдай көшпелі ру – тайпаның құрылымының бұзылуына, ауылдардың банкротқа ұшырауы ауыл адамдарын қайыршылық жағдайға түсіреді. Отырықшы өмірге, жер шаруашылығына дағдыланбаған көшпелі қоғам адамдары көрші жерлердегі, бірінші кезекте, қытай елді мекендерінде күнкөріс қамымен барып босқындыққа ұшырайды. Бұл мәселе туралы қытай деректерінде ғұндардың қытай жеріне босқындықпен барып кіріптарлық жағдайға түсуіне душар болғандығы туралы мәліметтер жеткілікті. Сол сияқты қытай деректерінде ғұн балаларының тышқан аулап қоректенетіндігі туралы да материалдар бар (3). Ал түркі дәуіріне келсек Күлтегін монологында түркілердің әйелдерінің күн, еркектерінің құл болғандығы туралы айтылады. Монғол империясы құрылуы қарсаңында да монғол тайпаларының шаруашылық жағынан әлсіреп дағдарысқа ұшырағандығын дәлелдейтін деректер сондай жағдайдың болғандығын көрсетеді.

Міне осы терең экономикалық дағдарыс жағдайлары көшпелілер қоғамында монғолия территориясында болғандығы әрбір, шамамен 500 жылдар аралығында қайталанып отырған. Терең дағдарыс жағдайынан шығудың жолын іздестіру әрине оңай болған жоқ және ол аз уақытта жүзеге асатын шаруа да емес. Сондықтан қоғам ішіндегі рулық құрылымға негізделген қатынастар бойынша көшпелілерді бұндай жағдайдан шығару жолы қарастырылады. Дәстүрлі көшпелілік жағдайдан, нақты сол географиялық ортадан шығудың экономикалық мүмкіндігінің шектеулігі және ғасырлар бой көшпелі мал шаруашылығымен айналысып келген адамдардың басқа еңбектің түріне аз уақытта үйренуі мүлде мүмкін емес. Оның үстіне көшпелілерде қалыптасқан адамдарды жасынан тәрбиелеу дағдысы- әскери өнерге машықтандыру болатын. Ал көшпелілердің әскери өнерді меңгеруі, ұрыс қимылдарын жүргізуі, жорыққа даярлығы және төзімділігі жөнінде ғұндар, түркілер және монғолдар туралы қытай, европа, араб және парсы елдері деректері өте көп. Өйткені көшпелі тайпалар адамдары жасынан малды көшіп - қонып бағуға байланысты, еңбектің басқа түріне емес, әскери істерге баулынып, машықтанатын. Өмір сүру дәстүрінің өзі олардан соны талап ететін. Жасынан ат құлағында ойнау, шабандоз болу, садақ тарту, найзаласу, қылыштасу, бұғалық тастау т.б. Ұдайы мал жайылымы үшін, жақсы қоныс үшін талас- тартыс, әрбір көшпелі қоғам азаматынан бірінші кезекте талап

ететін нәрсе, немесе имиджінің деңгейі оның әскери даярлығымен байланысты болатын. Мысалы, біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырда үйсін еліне келген қытай елшісі үйсіндердің алты жүз мыңнан артық адамы бар, олардың 188 мыңы жауынгер адамдар деген мәліметі - үйсін қоғамындағы әрбір үшінші адам әскери адам болғандығын көрсетеді. Міне осындай қоғам адамдары ұзаққа созылған қиын экономикалық дағдарыстан, ашаршылық жағдайдан шығудың жолын көшпелі тайпалардың ішкі тәртібін күшейту, қатаң тәртіп негізінде бірлесу, тіпті бір тайпаның үстемдігін басқа тайпалардың үстінен күшпен жүзеге асыру арқылы жүзеге асырады. Онымен шектелмей сандық және сапалық жағынан әскери күштерін нығайтып көрші елдерге жорықтар ұйымдастыру арқылы өздерін материалдық жағынан қамтамасыз етеді. Яғни, соғыс жорықтары, басқыншылық шапқыншылықтар негізгі табыс көзіне айналады. Екінші жағынан, бұндай соғыс жорықтарын ұдайы жүзеге асырып отырмаса әскери тәртіпке негізделген мемлекеттік құрылым ыдырау процесіне ұшырайды. Оған далалық империялардың әскери жорықтар, жаулап алу шапқыншылықтары барысындағы күшеюі, ал жорықтар аяқталғаннан соң бейбіт жағдайда олардың біртіндеп саяси жүйесінің ыдырауы мысал бола алады.

Әрине бір мақала көлемінде бұндай мәселені егжей-тегжейлі және жан – жақты, оның барлық детальдарын ашып көрсету мүмкін емес. Сондықтан автордың бұл мәселені көтерудегі талпынысын оның жеке өзінің бастамасы және өзіндік көзқарасы деп түсіну керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Н.Э. Масанов. Кочевая цивилизация казахов. А-А. 1992.
- Ж.Б.Абылхожин. Традиционная структура Казахстана. А-А. 1991.
2. Л.Н.Гумилев. Этногенез и биосфера земли. М. 1993.
3. Қазақстан тарихы. А. 1996.



ӘОЖ 930.85

ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ М. ШОҚАЙ ИДЕЯЛАРЫ ЖАҢҒЫРУЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

**Тастанбек Яхияұлы Сәтбай, тарих ғылымдарының докторы,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымд. профессоры**

Түйіндеме. XX ғасырдың басында Орталық Азияның түркі халықтары Ресей империясы мен Қытай мемлекетінің құрамында отарлық жағдайда болды. Қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен және т.б. түркі халықтарынан шыққан еуропалық үлгідегі зиялыларды түркістан халықтарының болашағы толғандырды. Олардың ішінде Мұстафа Шоқайдың ойлары ерекшелігімен көзге түседі. Көптеген зиялылар түркі халықтарының дербес ұлттық автономиясы идеясын қолдады. Алаш зиялылығы бұл ауқымнан шығып, түркістан халықтарының конфедерациясын қолдады. Мақалада Мұстафа Шоқайдың «түркістан ұлты», «түркістан бірлігі» тұжырымдамасының қалыптасуы барысы және бүгінгі саяси реалдылықтар жағдайындағы өзектілігі талданады. Авторлар түркістан халықтарының саяси-мәдени жақындасуының нақты мүмкіндіктеріне сүйенеді. Әсіресе қазақ, өзбек, қырғыз халықтарының мәдени тұрмыстық тұрғыдан алғанда «төменнен» жақындасуына, өзара ықпалдастығына қатысты пайдаланылмай жатқан ресурстарға назар аударады. Сөйтіп, жаһандасу жағдайындағы М. Шоқай идеялары жаңғыруының, жүзеге асыруының нақты аспектілері көрсетіледі.

Кілт сөздер: Мұстафа Шоқай, «түркістан бірлігі», «түркістан идеясы», Ақжол Мейірбеков, «Ялла» ансамблі, қазақ, өзбек, қырғыз халықтары.

Кіріспе. XX ғасырдың басында түркістан халықтарының арасында сан жағынан аз да болса еуропалық тұрпатта білім алған ұлттық зиялылардың қатары өсе түсті. Солардың ішінде сан жағынан көбі және едәуір қабатты құрағаны қазақ зиялылары болды. Олар Ресей империясының құрамындағы отарлық жағдайда өз халқының әлеуметтік-саяси қорғаны болуға тырысып, қазақ зиялылары Алаш қозғалысына бірікті. Қазақ зиялыларының Алаш қозғалысы сол уақыттағы өлшеммен алып қарағанда аса қуатты интеллектуалдық құбылыс еді. Алаш қайраткерлерінің әрқайсысы қазақ халқының азаттық қозғалысында жарқын өз қолтаңбаларын қалдырды. Сондықтан түркістан халықтарының арасынан шыққан ұлттық зиялылардың азаттық жолындағы күресінің белсенділік дәрежесін айқындау отандық тарих үшін өзекті болып табылады. Саяси белсенділік өте жоғары болған түркістан тұлғаларының ішінен өзіндік орны бар Мұстафа Шоқай болды. Мұстафа Шоқай қазақ зиялыларының ішінде ең бірінші болып большевизмнің және орыс коммунизмінің тоталитарлық мазмұнын алғаш сезініп шетелге эмиграцияға кетуге мәжбүр болған тарихи тұлға ретінде

ерекшеленеді. Оның бас редакторлығымен 1929-1939 жылдары Францияда, Германияда «Жас Түркістан» журналы жарыққа шықты. Бұл эмиграциядағы тұңғыш қазақ басылымы еді және ол тек қазақ халқының мүддесін ғана емес түркістан халықтарының ұлттық мүдделерін қорғады. Басылымның негізгі концепциясы оның алғашқы нөмірлерінде айқын және зор дауыспен мәлімделді. «Біз, Түркістан тәуелсіздігін ту етушілер, еліміздің еркі және жұртымыз Түркістанның болашағы үшін күресеміз, – дей келе Мұстафа Шоқай – Біздің мұратымыз – Түркістанда түркі тұрғысынан да, мағына жағынан да ұлттық мелмекет құру, себебі тек осындай түрде ғана халқымыз өз жұртында өз тағдырының заңды егесі бола алады» [1.23 б] деп аса күрделі тең емес жағдайларда алдына нақты міндеттер қояды. Кеңес одағының ыдырауы мен түркі республикаларының тәуелсіздік алуы Мұстафа Шоқайдың «түркістан бірлігі» идеяларын бүгінгі күнде түркістан халықтары үшін айрықша көкейтесті етіп отыр. Жаңа тарихи жағдайларда жаңа түркістан республикаларының биліктері халықтардың жақындасу бағытында аз жұмыстар атқарып жатқан жоқ. Дегенмен олардың төменнен өзара кірігулігі, әлеуметтік тұрмыстық жақындасуы төңірегінде шешімін таппай жатқан мәселелерді шешуге Мұстафа Шоқай идеялары жәрдемдесетіні сөзсіз. Жаһандану жағдайындағы Мұстафа Шоқай идеяларын бүгінгі тарихи талаптар тұрғысынан жаңғыртау тек биліктің ғана емес Орта Азия республикалары қоғамдарының алдында тұрған өзекті міндет. Сондықтан Мұстафа Шоқайдың «түркістан идеясы» тұжырымдамасының кейбір аспектілерін жаһандасу жағдайындағы жаңғыруының мүмкіндіктерін қарастыру және зерттеу объектісіне айналдыру қазіргі түркі республикалары қоғамдық ғылым өкілдерінің кәсіби міндеті болып табылмақ. Қазақ зиялыларының сол тарихи тұста «ұлтшыл» болмауы мүмкін емес еді.

Материалдар мен әдістер. Мұстафа Шоқайдың саяси және ғылыми мұраларын зерттеуді тереңдету және оның басқа Алаш зиялыларының мұраларымен салыстырмалы түрде зерттеу айрықша әдіснамалық және тарихнамалық мәселелерге мұқият қарауды талап етеді. Бұл орайда тарих ғылымының сыннан өткен әдістері объективтілік, тарихилық және салыстырмалы тарихи зерттеу әдістерінің мүмкіндіктері әлі толық пайдаланылып болған емес. Объективтілік әдісі тарихи тұлға өмір сүрген оқиғалар мен нақты фактілерге сыни тұрғыда қарауға, қандай да болмасын субъективтіліктен мүмкін болғанынша алыс тұруға мүмкіндік беріп ғылыми әділ тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Ал тарихилық ұстанымы – тұлға өмір сүрген тарихи жағдайларда ескеруде таптырмайтын құрал екені белгілі. Салыстырмалы тарихи талдау әдісі арқылы М.Шоқайдың ғылыми-саяси мұраларын Алаш қайраткерлерінің басқа да өкілдерінің мұраларымен салыстыру мүмкіндігіне ие болдық. Тарихи талдаудың барысында Мұстафа Шоқай мен Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Ермеков, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов және т.б. Алаш зиялыларының ұлттық мүдде жолындағы күрестеріне қатысты принциптік айырмалықты таппадық. Тек жекеленген тарихи оқиғалар мен нақты мәселелерге қатысты ғана болмашы өзгерістерден болғандығына көзімізді жеткіздік. Бұл Ресейдің құрамында автономия құқы жолындағы күрестің практикалық мәселелеріне қатысты болды. Салыстырмалы тарихи талдаудың барысында Алаш зиялыларының көзқарастарындағы күнделікті өмірдің мұндай тәжірибелері олардың бірігуіне кедергі болмай, ұлттық мүдде жолындағы күресінде алауыздық элементтерді болдырмаған. Ұлт мүддесі олар үшін бәрінен де жоғары тұрды. Кәдемізге жараған келесі әдіс-тәсілдеріміздің бірі Мұстафа Шоқай мен Алаш зиялыларының саяси мұралары мен негізгі еңбектеріне мәтіндік талдау жүргізу болды. Оның барысында мақалалары мен еңбектері арқылы сол заманның саяси ахуалы мен психологиялық жағдайларына тереңдей бойлауға мүмкіндік берді. Герменевтикалық талдау әдісі Мұстафа Шоқайдың ғылыми, саяси және публицистикалық жазбаларының мәтіндерін кең ауқымда түсінуімізге мүмкіндік беріп, зерттеу пәнін нақтылауымызға себепші болды. Сөйтіп, мақаламыздың тақырыбын тиянақтатты.

Талқылау.

Нәтижелер. Махатма Ганди XX ғасырды «ұлтшылдық ғасыры» деп атаған екен. Біз тұжырымды мазмұндық жағынан күшейтіп, сондай-ақ «шовинизм ғасыры», тұтастай алғанда өз ұлтын бүкіл әлемге қарсы қойған «агрессивті ұлтшылдық ғасыры» деп нақтылаған болар едік. Сонда ғана тұжырым аясы кеңіп, ауқымдала, ірілене түспек. Астам державалардың ұлттық эгоизмі мен ұлттық центризмі ғасырдың бірінші жартысында адамзатты екі дүниежүзілік апатқа ұрындырды... Осындай жағдайда Шоқайдың «ұлтшыл» болмауы мүмкін емес еді. Оның «ұлтшылдығы» өз халқын ғана емес, түркі әлемін сақтап қалуға бағытталған «қорғаныстық ұлтшылдық» болды. Ол бір жағынан Ресей шовинизмімен күрессе, екінші жағынан ментальді тұрғыдан алғанда рулық-тайпалық сатыда болған өз халқының қоғамдық санасын ұлттық деңгейге көтеру жолында қызмет етті. «Ұлтшылдық» бұл тек М.Шоқайдың емес жаңа тұрпатты қазақ зиялыларының басындағы жағдай болды. Өткен тарихымызда саяси отаршылдық ұлтшылдықты тудырғаны белгілі. Алаш арыстарының бірі Міржақып Дулатов: «Бізді ұлтшыл қылған – кемдікте, қорлықта жүргеніміз, көрінгеннен соққы жегеніміз еді» [] деген еді. «Ұлтшылдық»сонымен бірге саяси мінезді талап ететін.М.Шоқай оны көрсетті де. Шын мәнінде 1916 жылғы Торғай қазақтарының патша билігіне қарсы күресі рулық-тайпалық шеңберден шыға алмады. – «Бұл тұста халық арасына «төңкерістен соң, орыс мұғажырлары Ресейіне қайтатын көрінеді» деген қауесет сөз тарады. Осыдан келіп орыстардан қалатын жерді бөлу туралы мәселенің төбесі көріне бастады. Тірі жүрген аюдың терісі үшін арғын-қыпшақ таласқа түсті. Өбдіғаппархан мен Аманкелді қыпшақтар жағын алып, арғындарға тізесін батырды. Рушылдыққа ешқашан бой ұрмаған Ахмет Байтұрсын мен Мирякуб Дулатқа, қыпшақтар арғындардың басшылары деп қарай бастады... » - дейді М.Шоқай. – «Өбдіғаппар мен Аманкелдінің

рушылдық дерті әбден асқынғаны сондай, 1917 жылғы Орынборда болған жалпы қазақ құрылтайынан соң және 1918 жылдың жазында Торғай даласын аралап жүрген кезімде маған да жақын кісілерін жіберіп, менің қыпшық руынан екенімді есіме салып, төреден шыққан Әлихан Бөкейхан мен арғыннан Ахмет, Мирякубтарға қарсы күресте «бізге саяси жетекші болыңыз» деп өтініш жасады. Мен, әрине, олардың ұсынысынан бас тарттым. Өйткені мен Түркістандағы түрік адамы үшін, әсіресе Түркістанның ұлт-азаттық туын көтерген адам үшін арғын, қыпшақты былай қойып, тіпті, өзбек, қазақ, түркімен болып бөлінудің өзі Түркістан түріктерін бөлшектеп, өлімге бастайтын жол екенін жақсы білетін едім...» [2.81-82]. Ізін суытпай ел ағаларына жауап хат-сәлемдемесінде М.Шоқай өз позициясын нақтылай түседі. – «Ағалар, қыпшақ деген ұлт болмайды, қазақ деген ұлт бар. Егер әрқайсымыз бөлініп, қыпшақтың көсемі, арғынның көсемі, үйсіннің көсемі болып жатсақ, біздің халық азады. »

Мұстафа Шоқайдың біртұтас Түркістан тұжырымдамасының негізі – ұлтшылдық, ал оның қандай да бір қатыгездіктермен өшірілмейтіндігі, ұлтпен бірге жасайтындығы белгілі. Алайда оның «ұлтшылдығы» отарлық жүйені «таптық», «интернационалистік» принциптермен бүркемелейтін большевиктер ұғымындағы «ұлтшылдық» емес, ол – халықтың, ұлттың этностық бірегейлігін сақтауының кепілі болып табылатын, басқа мәдениет пен өркениеттердің экспансиясы барысында жұтылып кетпеуге мүмкіндік туғызатын қуатты күш еді. М.Шоқай: «Ұлтшылдық идея – халықтардың жаны мен жүрегі, ұлтымыз өмір сүрсе, ол да өмір сүреді» - дейді. Шын мәнінде М. Шоқай ұлттың мәңгіліктігін мансұқтайтын интернационалистік, космополитикалық ағымдарды мүлдем қабылдамайды. 1939 жылдың маусым айында Гаяз Исхакимен түрік бірлігі идеясы төңірегіндегі талас-тартыс барысында жазған мақалаларының бірінде космополитизмнің ұлттық идеяларға қарсы бағытталғандығына, оны кезінде Түркия президенті К. Ататүріктің мәдениет және саясат мәселелері бойынша кеңесшісі болған Ю. Ақшораның «Үш теріс саясат» деген еңбегінде дәлелдеп бергеніне тоқталады. Онда Мұстафа Шоқай тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ұлттық мемлекет құру керек, себебі ұлттық мәдениет ұлттық мемлекетте ғана өсіп, өркендейді, гүлденеді деп есептейді. Бұл мәселелерді ол ұлттық санамен, ұлттық рухпен өзара байланыста қарастырады, біріне-бірінің ықпалын жеткізеді. «Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді» дейді ол.

Бүгінгі жаһандану үдерісінің негізін белгілі бір сипаттағы құндылықтар, мәдени ұстанымдар құрайды десек қателеспейміз. М.Шоқайдың «түркі адамы үшін», «түркістан түріктері» деген біріктіруші баса көрсетулерінен, оның геосаяси тұрғыдан алғанда, аймақтың болашағын «Түркістан ұлты» тұрғысынан елестететіндігін аңдау қиын емес. Мұстафа Шоқай қазақ, өзбек, түрікмен, қырғыз, татар, башқұрт, қарақалпақ, ұйғырларды «түркістандық ұлт» ретінде танып, олардың әр қайсысын жеке халық ретінде санады. М. Шоқай өз шығармаларында өзбек, қазақ, қырғыз, түрікмен, тәжік әдебиетіне көңіл бөліп, олардың рухани жетістіктерін қарастыруға ұмтылды. М. Шоқайдың «Түркістан әдебиетіндегі өлеңдер» атты мақаласында: «Түркістан поэзиясының гүлденуі ұлттық сана-сезімнің оянуына тікелей байланысты. Большевиктер мұндай процесті болдырмауға тырысады. Алайда халықтың өмір сүру қабілеті барған сайын күшейе түсуде. Түркістан тек ұлт тәуелсіздігі үшін ғана емес, өзінің рухын өшіріп алмау үшін де күресуде» -деп жазады [3, 438 б]. 1930 жылы 8 қаңтарда М. Шоқай Париждегі «Франс-Ориан» комитетінің жиналысында «Түркістандағы қазіргі жағдай» деген тақырыпта жасаған баяндамасында Түркістанда Кеңес өкіметінің күшпен орнатылғаны және оның жергілікті халыққа «аса қымбатқа» түскені, өлкедегі ашаршылықтың «этностық сипат» алғандығы туралы баяндап, Түркістанды бес республикаға бөліп, ұлттық-аумақтық межелеу шараларын жүргізген большевиктер саясатының өзегі бұл өңірдегі халықтың этностық бірегейлігін, біртұтастығын жою деп бағалайды. «Өзбекстан, Түрікменстан, Қазақстан, Қырғызстан және Қарақалпақ автономиялық облысын нәсілі, тілі, діні бір түркі тектес халық мекендейді, бірақ, өкінішке қарай, олар бірегей мемлекеттік ұлт ретінде қалыптасып үлгермеген» деп жазды [3, 330 б].

Сонымен қатар, Мұстафа Шоқай олар дербес, бір мемлекет құрамында даму барысында «мемлекеттік ұлтқа» ұласатынына ешбір күмән келтірмейді. «К.Маркс үшін неміс тайпалары мен итальяндықтардың бірыңғай мемлекеттік ұлтқа бірігуі XIX ғасыр тарихындағы ең озық құбылыстардың бірі саналса, Маркстің іліміне шын берілген оқушысы В. Ленин үшін түркістандықтардың, тіпті қызыл кеңес туы мен Мәскеудің «революциялық қанатының астында» бірыңғай мемлекетке бірігуі аса қауіпті, кертартпа болып шығады. БК(б)П X съезінде Сталиннің атап көрсеткеніндей, қазақ, өзбек және басқа да халықтардың өзара бірігуі «революциялық Ресей орталығының мүдделеріне» қауіпті деп танылғанын ашып жазды [3, 331 б].

«Для нас туркестанских турак наше единство, единство турецкой нации это все. Это не только политическая программа ближайших лет, но и та основа, на которой мы- туркестанцы строим все наше будущее, всю национально-государственную жизнь нашего народа. И это будет!»- дей келе М.Шоқай, ойын әрі қарай былай жалғастырады - «мы называем настоящим врагом национальной идеи Туркестана, кто на заре нашего национального пробуждения производит деления туркестанцев на племенные группы. Вне национального объединения всех казахов, узбеков, киргизов, туркмен нет и не может быть будущего Туркестана » [3.266 б]. Сондықтан 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейінгі «орыс демократтары» мен кеңестік билік оған түркі фундаменталисті деп қарап «жау» көрді, өздеріне қарсы қойып «жау» тауып алды. Большевиктік билік М.Шоқай көзқарастарының гуманистік астарын түсінбеді, ең жаманы түсінгісі де келмеді.

М.Шоқай өзінің «түркістандық фундаментализмін» басқа халықтарға қарсы қойған жоқ. Тіпті алғашында, Ресей қарамағындағы ұлттық-территориялық автономия үшін күресті де. «Жалпы адамгершілік және философиялық тұрғыдан алғанда жақсы халық, жаман халық деген ұғым жоқ, болмайды да» дейді ол. Дей тұрсақта, тіпті қазіргі тәуелсіз Қазақстан зерттеушілерінің қайсыбіреулері де, М.Шоқай мұраларын қабылдағанда пантүркішіл ретінде қабылдауға пейілді. Өйткені ұран жақсы. Алайда, М.Шоқай «пантүркішілдігін», «мұсылманшылдығын» абсолюттендіруге болмайды. Оны М. Шоқайдың өзі де 1924 жылы «Вольный Горец» журналында жарияланған «Пантюркизм» и «панисламизм» в Средней Азии» атты мақаласында атап өтеді – «... автор этих строк... не причисляет себя ни к панисламистам, ни к пантюркистам. И это обстоятельство ни в какой мере не мешает ему констатировать непреложный фактвнутреннюю духовную связь мусульманских народов» [4.4146]. Сондай-ақ 1942 жылдың 8 ақпанында М.Шоқай қаза болуының 1-жылдығына орай Парижде ұйымдастырылған естелік іс-шарада сөйлеген сөзінде Украинаның бұрынғы сыртқы істер министрі, профессор А.Я.Шульгин «Мұстафа кім еді?» деген сұраққа – «С одной стороны это был настоящий мусульманин, человек степей Туркестана, умевший воплотить в себе лучшие стороны Востока, а с другой стороны это был человек, который благодаря своей исключительной способности проникся глубоко русской культурой и через нее смог понять и ассимилировать в себе цивилизацию запада» [5.77 б]

Мұстафа Шоқайдың жастарда ұлттық сананы қалыптастыру тактикасы Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзінде анық байқалады: «Түркістан жастары, бірлесіңдер! Сендердің бірліктерің, сендердің бір-біріңе күш қосуларың еліміздің бақытына қызмет етпек... Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат» дейді [3, 364 б].

Мұстафа Шоқай еңбегіндегі өзекті мәселелердің бірі- оның «ұлттық рух», «шығыс рухы» туралы көзқарастары. «Зиялылар халыққа ұлттық тәрбие беру үшін олардың өздерінің бойында «ұлттық рух», яғни «шығыс рухы» болуы қажет», - деп жазады. Осы еңбегінде Батыс тәрбиесін алған зиялыларымыздың аянышты жері –рухани жақтан өз халқына өгей болып қалуы еді», - дейді, Осы пікірін «Батыс тәрбиесінің көптеген туыстарымызды халқымыздың жан дүниесіне сіңген, ұлттық тарихымыздың өң бойында жатқан «шығыс зердесінен айырды», - деп қынжыла жалғастырады

Нәтижелері. М.Шоқайды әртүрлі тұжырымдамалардағы ағымдар мен «измдердің» - пантүркішілдік, панисламшылдық, «әсіре патриоттар» - өз жағына тартуға ұмтылушылығы заңды және оған автор да бай мүмкіншіліктер береді. Екінші жағынан олардың барлығы бос әурешілік. Өйткені Мұстафа біздің зерделеуімізше, олардың барлығынан жоғары- жалпыадамзаттық деңгейде тұр. В.И.Лениннің белгілі сөздерінің өнін айналдырсақ, Мұстафа Шоқай ілімі догма емес, іске басшылық. ХХІ ғасыр мен жаһандану жағдаяттарында да, оның ілімдері мен дүниетанымы түркі халықтары үшін өзектілігін жойған жоқ. Біздің ойымызша, Көшім Есмағанбетов пен Әбдіжәлел Бәкір, Әбдіуақап Қара мен Әмірхан Бәкіровтердің іргетасты еңбектерінен кейін Мұстафатанудың жаңа кезеңі басталуы керек.

ХХ ғасырдың басындағы геосаяси жағдай мен Түркі халықтарының жағдайы оны «фундаменталист» еткенін де жасыруға болмайды. Түркі халықтарының бір бөлігі Қытайдың, үлкен бөлігі Ресей қол астында болған жағдайында оның «фундаменталист» болмауы да мүмкін емес еді. Соған қарамастан, ол кез келген фундаментализмді саяси құралдармен жүзеге асырудың күрделілігін сол уақытта сезінді. Уақыт көрсеткендей, оның күмәні негізді болып шықты. Айталық, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін «социалистік жүйе» елдері дейтін құрылып, ол славян елдерін біріктірді. Панславизм салтанат құрғандай еді. Алайда панславизм өміршен бола алмады, керісінше жанжал ошақтары пайда болды. Ол ол ма, этникалық біртұтас араб елдері мен халықтары да біріге алмай отыр. Осындай жағдайда түркі халықтары жақындасуының алғышарты, іргетасы мәдени-рухани жақындасуы болуы тиіс, онсыз саяси одақ бекем бола алмайды. Біз саяси одақ қашан құрылады екен деп, қарап отыра бермеуіміз керек. Өткеннің тарихи үлгілері мен дәстүрлері де жоқ емес. Біздің ойымызша, бұрынғы кеңес-түрік республикалары халықтарының ментальді жақындасуын лингвистикалық жаңғыртудан бастау керек.

Жаһандану үдерісінде ұлттық менталитет пен тіл арасындағы байланыс та өзекті мәселенің біріне айналды. Мұстафаның айтуынша «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тілде». Тілтану мен әдебиет тарихшыларының айтуынша, Балқы базар, Шораяқтың Омары, тіпті Тұрмағанбет тұсында, яғни бұдан 120-150 жыл бұрын қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ әдеби тілдерінің жақын болғаны сондай, олар бір-бірінің әдеби жазба мұраларын еркін оқи білген. Түркі фундаментализмінен сескенген кеңес билігі әуелі түркітанушы ғалымдарды қуғын-сүргінге ұшыратып, «жуасытылған» түркітанушыларды түркітілдерінің ортақ ұқсас үндестігінен гөрі, айырмашылық, ерекшеліктерін бадырайтып, ұлғайтуға пәрмен берілді. Осы мақсатта алфавиттер өзгертілді, өзбек тіліндегі жуан дауысты дыбыстар алынып тасталды, қазақ тілінің дыбыс үндестігі заңдылығы бұзылды, қарақалпақ тілі – өзбек, түрікпен тілдеріне жақындатылды және т.б. Сөйтіп бас-аяғы 60-70 жыл ішінде бұл халықтар бір-бірінің әдеби мұраларын түпнұсқада оқи алмайтын дәрежеге жеткені сондай, қырғыз тіліндегі әдеби туындылар қазақ тіліне орыс тілі арқылы тәржімаланатын болды. Осылайша антисемитизмнен кем түспейтін антипюркизм саясаты мемлекеттік тұрғыда жасырын жүргізілді. М.Шоқай идеяларын қайта жаңғырту, рухани жаңару дегеніміз – ең бірінші кезекте түркі тілдерінің арасындағы үзілген байланыстарды қайта қалпына келтіру, түркі диалектілерінің арасын қайта жақындастыру арқылы толыққанды суперэтнос – «түркістан ұлтын» қалыптастырудың ірге тасын қалауды, сөйтіп адам баласының адамзатқа

айналуынан бұрын түркістан ұлтын құруды білдірсе керек. Бұл орайда, лингвистикалық жаңғыртулар өзара кірігудің өзегі болуға тиіс. Оған түркі республикалары халықтарының биліктері мен қоғамдарының батыл саяси жігері жеткені абзал.

Жаһандану кезінде мәдени ықпалдастықтың бәрі жақсы немесе ұлттық мәдениетті сақтаймыз деп томаға-тұйықтыққа салыну да дұрыс емес. Оның ақыры сыртқы дүниемен, басқа мәдениетпен қарым-қатынасқа түспеу немесе ұлттық мәдениеттің архаикалық түрін консервациялаумен шектеу болып табылады. Лингвистикалық жаңару дегеніміз – қазіргі барлық түркі тілдерін қайта жақындастыру, бір-біріне батыл өзара кіріктіру, қажет болған жағдайда саяси құралдардан да аянбау дегенді білдіреді. Мұстафа Шоқайдың айтуынша «Көне сөздің бәріне күмәнді қарауға болмайды. Тіл – халықтың перзенті, ол адамзаттың тарихымен тығыз байланысты. Заманның талаптарына сәйкес әр уақытта жаңа сөздер пайдаланудан шығып қалып отырады. Сонымен қатар өзінің бастапқы мағынасын өзгертіп, жаңа мағынаға ие болатын сөздер де кездеседі. Бұл – барлық тіл атаулыға тән құбылыс» -деп ашып көрсетеді. Ендеше, қазіргі таңда қазақ тілі мамандары мен тіл саясаты комитеті халықаралық терминдердің қазақша баламасын ойлап табумен әуре. Қалған түркі республикаларында орнықтылық жоқ. Айталық, тәуелсіздік жылдары өзбек, татар түркілерінде «раис» баламасы бола тұра «төраға», милет сөзі бола тұра, «ұлт» сөзі ойлап табылды. Велосипедті қайта ойлап таппай ақ, сол сөзді қазақ тіліне кіріктіре салуға болатын еді ғой. Қырғыздар қазақ тілінде «аудан», «отан» баламасы болса да «район», «родина» сөздерінен айырлығы келмейді. Мұндай мысалдарды өзбек, түркімендерден де көптеп кездестіруге болады. Орайы келгенде мынадай нақты ұсыныстар мен тәжірбиені бастап көру сұралып тұрғандай. Айталық, жоғарыда айтқан тұрғанда қазақ тіліндегі жүз сөзді неге өзбек-қырғыз әдеби тілдеріне енгізбеске және керісінше..? Бұдан түркістан халқы ұтқан болар еді.

Қазақ хандығының 550-жылдығына арналған салтанатты жиында Елбасы Н.Ә. Назарбаев былай деген еді: «Түркі халықтары жаратылысында әрдайым бірге, береке-бірлікте болу үшін жаратылған. Бабаларымызда бізге осыны мирас еткен. Бірлік – біздің барлық жеңістеріміздің алтын қайнары, ел қорғағанда күш-қуат берер асқақ айбары. Осыны әрдайым жадымызда ұстауымыз керек. Жаһандану заманында тағдыр талайымен бөлініп кеткен, тілі, ділі, діні мен тегі бір түркі халықтары ХХІ ғасырда ынтымақ жарастыруы қажет. Сөйтіп, саясатта, экономикада, ғылым мен технологияда өзара ықпалдастық пен байланыстарды күшейте беруіміз керек. Ата тарихы бізді осыған шақырады» деген болатын [6]. Осы тұрғыдан алғанда Түркі Республикаларының билігі түркістан халықтарын жақындастыруда қол қусырып отыр десек артық айтқандық болар еді. Алайда, түркістан халықтарының «төменнен» жақындасу үдерісі қағажу қалмауы керек, оған жаңа тыныс беру өзектілігі байқалады.

Отбасылық тұрмыстық мәдениет – кез келген мәдениеттің іргетасты құрамдасы. Отбасылық тұрмыстық мәдениеттің қайнарлары – құда түсу, қыз берісіп-алысу арқылы туыстасу, жақындасу. Ежелгі және орта ғасырларда саяси одақтасу құдандаласумен бекітіліп отырғаны кездейсоқ емес. Қазақтар таң қалмай бөтен жұрт таң қалатын бір жәйт: - Алтай мен Атырау, Сібір мен Жетісу аралығын мекендеген қазақтардың тіліндегі диалектілердің болмауы. Қытай аймақтарының тұрғындары бірін-бірі түсінбейді. Меніңше, қазақ мәдениеті мен тілінің тұтастығында әйелдер шешуші рөл атқарды... Айталық, жаз айларында күллі қазақтың Арқада бас қосып, шүйіркелесіп-құдандаласып, нәтижесінде Сырдың қызы Ертіс жұртына, Алтайдың қызы Жайық өңіріне, Арқаның қызы оңтүстікке немесе Жетісуға тұрмысқа шығып, өз аймағының тілін жалпықазақтық тілге кіріктірген тасымалдаушы рөл атқарды, ортақ тілімізді қалыптастырды. Сондықтан түркі халықтарының арасындағы жақындасудың қозғаушы тетіктерінің бірі әйелдер – хатун-кизляр мен қыз-келіншектер болып қала бермек. Бұл жағынан алғанда қазақтар мен қырғыздар, қазақтар мен қарақалпақтар мақтана алады. Сондықтанда олардың тілдері мен дәстүрлері анағұрлым жақын. Алайда түркі халықтарының екі үлкен бөлігі – өзбектер мен қазақтар мақтана алмас еді. Нақ сондықтан да олардың арасындағы тілдік және тұрмыстық алшақтық кеңес жылдары ұлғайып кетті. Оны жеңу түркістандықтар үшін өзекті болып қала береді. Бұл тұрғыдан алғанда, өзбек-түріктердің оқшаулануға бейімділігі мен консерватизмі таң қалдырады. Олар тіпті, қыздарын өз махалла-қауымынан шығармау үшін өте жақын туыстары бір-бірімен қыз алыса береді. Өзбектер махаллалық оқшаулануды енді жеңе бастағандай. Дегенмен өзбек-қазақ құдандаласуында саусақпен санарлық озық үлгілер жоқ емес. Солардың бірі белгілі қазақ әншісі Ақжол Мейірбековтер әулеті. Оның әйелі Шарипа өзбек қызы болса, жақын әпкесі өзбек жігітіне күйеуге шыққан. Ақжол Мейірбеков жұбайымен 50жыл бірге тұрып, қазақ-өзбек кірігуінің үлгісін көрсетіп отыр. Қазақ-өзбек өзара кірігуі Түркістан ұлтын құрудың ұйытқысы. Өзара кірігуге қызмет ететін игілікті іс-шаралардың бірі ортақ тұлғаларымыз бен өнер ұйымдарының өнегелі қызметі. Осы тұрғыдан алғанда М.Шоқай мұраларын әсіресе өзбек, қырғыз тілдеріне аудару және оларды насихаттау айрықша өзекті. «Ялла» ансамблі осы тұрғыдан репертуарын басқа түрік халықтарының әндерімен жаңартса құба-құп. Қазақ-қырғыз музыкалық ұжымдары да белсенділік танытуы тиіс. Мемлекеттік құрылымдар да бұл процестен тысқары қала алмайды. ТМД елдеріне арналған «Мир» телеарнасы сияқты бұрынғы кеңес түрік республикалары халықтарына тарайтын қазақ-өзбек тілдерінде жүретін «Түрік» тележобасын іске қосылса нұр үстіне нұр болған болар еді. Қазақ-өзбек тілдеріне пәрмен беріп отырған себебіміз – қазақ тілі қырғыз, қарақалпақ тілдеріне жақын, ал өзбек тілі – түркімен, әзірбайжан тілдеріне жақын. ҚР сыртқы істер министрлігі М.Шоқай ескерткіштерін Ташкент және Қоқан қалаларында орнатуға мұрындық болуы тиіс. Жалаңтөс Баһадүр ескерткіштерінің Самарқанда және Қазақстан қалаларында болуы қуантады.

Аталған республикалардың орта мектептері оқулықтарында М.Шоқай туралы толық ақпарат берілуі қажет. Жалпы қазақ, өзбек, қырғыз мемлекеттері арасында шекараның болуы бұл халықтар дамуының табиғи заңдылығына жат құбылыс. Символикалық қана шекара болғаны дұрыс. Түркі республикалары мәдениет қайраткерлері мен қызметкерлерінің түркістан халықтарын ментальды жақындастырудағы рөлі ересен. Тіліміз, діліміз, тарихымыз ортақ болса да «Қазақфильм» мен «Өзбекфильм» студияларының бірігіп шығарған туындылары жоқтың қасы. Қазақ-өзбек түсіндірме сөздігі мен көпшілікке арналған тілашарларын шығаратын мезгіл жетті. Сондай-ақ жоғарғы оқу орындарының қазақ филологиясы факультеттерінде көрші түрік диалектілері арнайы курс ретінде өтілсе, филологтарымыздың білімінің кеміп қалмайтыны анық.

Қорытынды. Елімізде Орта Азия республикаларын зерттеу институттары ашылып, ортақ әдеби, ғылыми журналдар шығарылып жатса кәнеки. «Қазақ әдебиеті» газеті тұрақты түрде өзбек, ұйғыр т.б. түркі тілдерінде қосымшаларын шығарып тұрса – түркістандықтардың өзара кірігуіне қызмет ететіні хақ. Кезінде қазақстандықтарды біріктіруші «Қазақстандық ұлт» идеясын әсіре патриоттар қаламай, ал биліктің батылы бармай әуре сарсаңға түскегі бар. Ендігі жерде М.Шоқайдың «түркістандық ұлт» ұғымын олар жатсынбайтын болар деп ойлаймыз. Оның үстіне қазіргі осман-түрік менталитетіне қазақ, өзбек болуы маңызды емес, қазақ-түрік, өзбек-түрік немесе түркістандық түрік болуы маңызды. «Тарих рахымсыз - дейді Шоқай. – Ол ғұламаны да білгірді де өнер иесін де, хандар мен патшаларды да аямайды. Ол өз заңына қарсы келгендердің бәрін езіп жаншып жүре береді. Тарих заңдары кері қайтуды білмейді және оны жаратпайды» [7].

1934 жылы көрнекті әзірбайжан зиялысы Мұстафаның замандасы Али Мардан бей Топчибашидің жерлеу рәсімінде сөйлеген сөзінде М.Шоқай мазмұны жағынан болашақ «түркістандық ұлт» идеясын меңзеп, былай дейді: «Мы, тюрки Туркестана, как и тюрки остальных стран, буди чтить в Али Мардан беке большого общетурецкого деятеля, для которого Туркестан, казанец или крымчак был так же близок, как и родной ему аzerи» [8] - деп жазады. Алғашында Мұстафа Шоқай Ресей империясының құрамындағы мұсылман бірлігіне іш тартса, кейіннен бұл ой-толғамдарына түзету жүргізіп, түркістандық бірлік идеясына тоқталады. Өзінің ойын ол былайша нақыталайды: «Для нас Туркестанских турок наше единство, единство турецкой нации это все. Это не только политическая программа ближайших лет, но и та основа, на которой мы – туркестанцы строим все наше будущее, всю национально-государственную жизнь нашего народа. И это будет!» дей келе, түркістан халықтарының ұлттық мәдени және тұрмыстық, қазіргі тілмен айтқанда ментальдық бірлігіне шақырады, болашағын да осы ментальдық, тұрмыстық және тілдік бірліктен көреді. «Мы называем настоящим врагом национальной идеи Туркестана всякого, кто на заре нашего национального пробуждения производит деление туркестанцев на племенные группы. Вне национального объединения всех казахов, узбеков, киргизов, туркменов нет и не может быть будущего Туркестана... Туркестан – это тюрки. Тюркизм Туркестана так же естественно как его тюркская сущность... Туркестан не может отделиться от своей сущности. И не может принять подлости вроде отрицания своего происхождения и своих соплеменников» [9.266 с] - дейді ол. Мұстафа Шоқайдың «түркістан ұлты», «түркістан бірлігі» идеясын табандылықпен ұсынғанда мәселеге геосаяси тұрғыдан қарағандығын байқауға болады. Екі алып империялар – Ресей мен Қытай - аралығында орналасқан түркістан халықтарының жеке-жеке олармен теке-тіресе алмайтындығын сезінгендігін бағамдау қиын емес. Бүгінгі көрнекті қазақ зиялысы Амангелді Айталы да Мұстафа Шоқай мұраларын жаңғырту идеясы өзектілігіне баса назар аударып, қазақстандық ұлт саясатының басымдықтарын айқындауда кәдеге жарйтындығын көрсетеді [10. 161-180 б].

Қорытындылай келгенде, Мұстафа Шоқай идеяларын жүзеге асырып, ХХІ ғасырдың бірінші жартысын қазақ-өзбек-қырғызмәдениеттері жақындасуының тамаша онжылдықтарына айналдыра алсақ, бұл «Рухани жаңғыру»-сананы жаңарту бағдарламасына сәйкес келген болар еді. Бұл қазақ халқының ішкі бірлігін нығайту үшін де қажет [11]. Сөйткенде ғана ағартылған өркениетті «пантүркішілдік» адамзат ренессансына, гуманистік мұраттарына қызмет етпек.


Әдебиеттер

1. Әбдіжәлел Бәкір. Мұстафа Шоқай: өмірі мен қызметі, шығармашылығы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2020. – 328 бет
2. М.Шоқай. Таңдамалы. Алматы:Қайнар. Екі томдық. 2т.-520бет
3. М.Шоқай. Шығармаларының толық жинағы. 12-томдық. /Автор-құрастырушы 4. К.Есмағанбетов. 6-том. Алматы: Дайк-Пресс.2013.-520бет
4. Мұстафа Шоқай. Дайк-Пресс, 2012.-639бет.
5. Кушим Есмағанбетов. Мұстафа Шоқай – идеолог освободительной борьбы народов Туркестана. «Мұстафа Шоқай: саясаткер және ғалым» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары: (Алматы қаласы 2015жыл 15-қазан) –Алматы: «Арыс» баспасы 2015-288б
6. Н.Ә. Назарбаев. «Біз – Ұлы дала ұрпақтарымыз!» // Егемен Қазақстан. 12 қыркүйек 2015 ж. № 174 (28652).
7. Әбдіжәлел БӨКІР. «Мұстафа Шоқай: Мұратымыз – ұлттық тәуелсіз Түркістан». // Ана тілі. 23 шілде 2020 ж
8. Яш Туркестан, (Берлин) 1934, № 61, декабрь
9. Мұстафа Шоқай. Шығармаларының толық жинағы. 12-томдық. / Автор құрастырушы Көшім Есмағанбетов. 6-том. Алматы Дайк-Пресс, 2013. 520-б



10. Амангелді Айталы. Мұстафа Шоқай мұрасы және бүгінгі қазақстандық ұлт саясатының басымдықтары. «Мұстафа Шоқай: саясаткер және ғалым» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары: (Алматы қаласы, 2015 жыл, 15 қазан) – Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. – 288 бет

11. О.Сүлейменов. “Наступает новый период.” // Казахстанская правда. 25 октября 2019г.



ӘОЖ 930.2

М.Х.ДУЛАТИ МҰРАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ

Сәмен Құлбарак

филология ғылымдарының докторы, профессор
«Дулатитану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Бүгінде 70 деген асқаралы жастың биігіне шығып отырған тарих ғылымдарының докторы, профессор Асқар Бегәділұлы Абдуалының өңірдегі жоғары оқу орындарының дамуына сіңірген еңбегі, ғалымдығы, өңір тарихын танудағы ізденістері мен облыстың саяси-идеологиялық жұмыстарына белсенді араласуы туралы өзге әріптестер айта жатар, біз оның ұлы баба Мұхаммед Хайдар Дулати өмірі мен шығармашылығын зерттеудегі, насихаттаудағы еңбектеріне арнайы тоқтап өтуді жөн көріп отырмыз.

Тәуелсіздік – ең алдымен, ұлттық рух, санамыздың жаңғыруына жол ашты. Ұмыт болған тарихқа, ұлы тұлғаларға ешкімге жалтақтамайтын азат елдің көзқарасымен қарауға мүмкіндік берді. Соның бірі – ұлы баба Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати мұрасы еді. Бұрын тек ғалымдарымыз ғана біліп, зерттеу еңбектерінде деректерін пайдаланатын, бірақ былайғы жұртшылық тегіс біле бермейтін Мұхаммед Хайдардың есімі, еңбегі тек Тәуелсіздік жылдарында ғана кеңінен айтылып, атақ-даңқы жайыла бастады.

Бұл жөнінде кезінде ҚР мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы Әбіш Кекілбаев ұлы бабаның 500 жылдық мерейтойына орай болған жиында былай деп толғана айтқан: «Қоғамымыздың рухани өміріндегі аса бір айтулы оқиғаға куә болып отырмыз. Атын бүкіл әлем білетін Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің мүшелді жылы өз елінде алғаш рет аталып отыр. Бұл – Әбу Насыр әл-Фарабидің мың жылдық салтанатынан кейінгі екінші бір ерекше жағдай.

Бақсақ, ғасырлар бойы өз байлығымыздың қызығын өзіміз көре алмай келіппіз. Өз қазынамыздан өзіміз қол үзіп қалыппыз. Өз жақсыларымызды ағалаудың орнына, кей ретте кісі ағасын көбірек жағалап келіппіз. Сөйтіп, өзімізді-өзіміз жете білмейтін, жете танымайтын жағдайға жетіппіз. Бұл отаршылдық саясаттың ғана емес, сол қалыптастырған бодандық сананың өрескелдігі еді» деді.

XX ғасырдың 90-жылдарының соңына қарай ұлы баба есімі Қазақ даласына қарыштап ене бастады. Соның ең алғашқы маңызды оқиғаларының бірі Қазақстан Республикасы үкіметінің 1997 жылғы 3 қарашадағы № 1485 қаулысымен – Тараз мемлекеттік университетіне XVI ғасырдың ғажайып тұлғасы, ұлы тарихшы, дарынды қолбасшы, көрнекті ақын, жан-жақты дарын иесі Мұхаммед Хайдар Дулати есімінің берілуі және қазіргі бас ғимараттың алдына зәулім де сәулетті ескерткіштің қойылуы болатын. Бұл маңызды іс-шараға сол кезде Елбасы, республикамыздың зиялы қауымы мен ғалымдары қатысып, ризашылықтарын, қуаныштарын білдіріп жатты. Осындай игі іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне, жалпы университеттің Дулати атымен аталуында сол уақыттағы университеттің ректоры, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі Уәлихан Қозыкеұлы Бишімбаевтың қажырлы еңбегі, биік ұйымдастырушылық қызметі сеп болғанын тарих алдында ұмытпауымыз керек.

Университетке ұлы баба есімінің берілуі үлкен құрмет болумен қатар, зор жауапкершілік те міндеттеді. Ендігі жерде университет ұлы ғалымның өмірі мен шығармашылық жолына зерттеулер жүргізу мен мұраларын насихаттауды жүйелі орындауды міндетіне алған. Міне, осы шараларды жүзе асырудың үлкен салмағының бірі тарихшы-ғалым Асқар Абдуалыға жүктелгені сөзсіз. Қазақ ғылымының тарихында М.Х. Дулатиге арналған тұңғыш халықаралық ғылыми-теориялық конференция сол кездегі Жамбыл мемлекеттік университетінде 1997 жылдың наурыз айының 14-15 күндері болды. Бұл шын мәнінде ұлы баба өміріне, шығармашылығына арналған тарихи ғылыми жиын еді. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстанның маңдайалды тарихшы ғалымдары ұлы тарихшының өмірі, мұрасы туралы ғылыми баяндамаларын жасады. Тұңғыш ғылыми конференцияның қаншалықты салмақты болғанын баяндама жасаған ғалымдардың аты-жөндерінен-ақ байқауға болады. Академик Манаш Қозыбаев, тарихшы К.А. Пищулина, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшелері К.М. Байпақов, Б.Е. Көмеков, профессорлар Ә. Дербісәлиев, Ж.Ж. Молдабеков, У.Х. Шалекенов, М.К. Қойгелдиев, Т.О. Омарбеков, Б. Кәрібаевтар баяндама жасаса, Өзбекстаннан профессорлар А.Каюмов, А.У. Урунбаев, Қырғызстаннан профессор И. Молдобаев, тағы басқалар Дулати тақырыбындағы ғылыми баяндамаларын

ұсынды. Жасыратын несі бар, өзбек ағайындар Мырза Хайдарды өздеріне теліп, өзбек деп келген. Жан-жақты ғылыми негізді әңгімеден кейін, оның қазақ екені, Дулат тайпасының перзенті екені дәлелденді.

Арада 1 жылдың үстінде уақыт салып, 1998 жылдың 18-20 қыркүйек күндерінің аралығында М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы, ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Жамбыл облысының әкімдігі, Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының қатысуымен «Қазақстан көне ғасыр тарихының проблемалары» атты Мұхаммед Хайдар Дулати халықаралық оқулары өтті. Мұнда да академик Манаш Қозыбаев бастаған Қазақстан ғалымдары, Өзбекстан, Қырғызстан ғалымдары терең танымдық баяндамаларын жасады. Елімізде, оның ішінде Тараз қаласында ұлы баба мұрасына деген ерекше құштарлық, мақтаныш сезімі қалыптасқан. М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің басты мақсаты – ұлы баба мұрасына деген ғалымдардың бетбұрысын, ғылыми зерттеушілігін арттыру болатын. Бұл міндет сол тұста артығымен орындалды десе болады. Бұл конференциялардың өтуі, келген қонақтарды күтіп, шығарып салу, барлық шараларды ұйымдастыру, конференция жинақтарын шығару – айтар ауызға жеңіл болғанмен, оның артында толағай еңбектің, күннің түнге ұласқан ізденістің жатқаны сөзсіз. Оның үстіне, өзіне де, өзге де биік талап қоятын ректор Уәлихан Қозекеұлының жұмыс стилі белгілі. Міне, осы шаралардың бел ортасында, ауыр жүгін көтеріп Асқар Бегаділұлы жүрді.

Дулатитанудағы маңызды қадам – Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің туғанына 1999 жылы 500 жыл толуына байланысты 1999 жылдың мамыр айының 23-30 аралығында республикалық М.Х. Дулати қоғамдық қорының ұйымдастыруымен М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің ректоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі У.Қ. Бишімбаев бастаған делегацияның Үндістанға, Кашмир өлкесінің бас қаласы Сринагардағы «Мазар-и салатин» қабірстанындағы ұлы ойшыл зиратына туған жер топырағын жеткізуі еді. Делегацияның 8 мүшесінің бірі болып, сол кезде М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті жанынан алғаш құрылған ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастырушы Асқар Абдуалы да бар еді. 27 мамыр күні зират басында митинг болды. Оны Кашмир университетінің ректоры, профессор М.И. Кадири ашып, ұлы қайраткердің Кашмир тарихындағы орнына тоқтады. У.Қ. Бишімбаев өткен жылы шығыстанушы ғалым Ә. Дербісәлиевтің осында болып, баба зиратын тапқанын, соған орай ата-баба дәстүрімен қазақ жерінің топырағын ұлы ғалым зиратына салу, сондай-ақ бейіт топырағын Тараздағы ойшыл ескерткішіне сіңіру, Сринагардан мәңгілікке сая тапқан ғалым бабаға исі түркі халқы атынан тағзым етіп, бас ию ниетімен келгендерін айтты. Ә. Дербісәлі өткен жылға қарағанда зираттың қалыпқа келіп, күтімге алынғанына ризашылығын білдірді. «Мұхаммед Хайдар зираты туған жерден жырақта болса да, біздің екі елді қауыштыруға себепкер болып, қазақ-кашмир халықтары достығының алтын көпіріне айналуда», - деді. Бұдан соң Кашмир университетінде, Үндістан астанасындағы Дели және Джавахарлал Неру атындағы университеттерде, Делидің Сахития Академиясында ғылыми жиындар болып, ұлы бабаның Кашмир тарихындағы орны, халық өміріне әкелген әлеуметтік-мәдени жаңалықтары жан-жақты сөз болды.

Әсіресе солардың ішінде доктор М.А. Вани баяндамасы мазмұндылығымен, деректердің нақтылығымен назар аударды. Ол «Мырза Хайдар Кашмирді билеген жылдары елдің әл-ауқаты өсіп, мәдениеті өркендеді де, ол әсіресе архитектура мен өнерге ерекше мән берді. Ыстық моншаны да Кашмирге әкелген Мырза Хайдар» дей келіп, «ол жаңа сауда орталықтарын ұйымдастырды. Орта Азиядан түрлі кітаптар алдырып, ол жаққа Кашмирдің жазба жәдігерліктерін жіберіп тұрды. Кашмир өлкесінен көптеген кітапханалар аштырды» деп үлкен баға берді. «Мырза Хайдар балалардың мектепке түгел баруын да қадағалаған. Жергілікті халықтың сый-құрметіне ол осылай да бөленген» дейді. Сахития Академиясындағы халықаралық ғылыми конференцияда өзге баяндама жасаушылармен қатар Асқар Абдуалы да Тараз университеті жанындағы ғылыми-зерттеу орталығының жұмысы туралы жан-жақты баяндап береді.

Дулатитанудың алғашқы кезеңінде де, одан бері - күні кешеге дейін де университеттің бірінші проректоры ретінде Асқар Абдуалы халықаралық ғылыми-теориялық конференциялардың жоғары деңгейде өтуіне ұйымдастырушылық-басшылық жұмыстарын үлкен жауапкершілікпен атқарды. Ол сонымен қатар Дулати мұрасына қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізіп, конференцияларда ғылыми баяндамалар жасады. Соның ішінде «М.Х. Дулати өмірі мен шығармашылығы Үндістан ғалымдарының зерттеулерінде», «Бабыр және Дулат: тұлғалық үндестіктер», «М.Х. Дулати Саид ханның қолбасшылық қызметінде», «Мұхаммед Хайдар Дулатидің қолбасшылық келбеті» зерттеулерінің Дулатитанудағы маңызы ерекше деп білеміз.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмір жолын, әсіресе өмірінің соңғы кезеңін - Кашмирді билеген тұсын тереңірек тануда Үнді тарихшыларының еңбегін зерделеу аса маңызды. А.Абдуалы Үнді тарихшысы Ахмед Рази еңбегін саралап, оның «Мұхаммед Хайдар Дулат табиғат берген дарындарына қоса өте батыл және шынайы қолбасшыны қалыптастыратын барлық қасиетке ие еді» деген пікіріне ерекше мән береді. Ұлы баба бойындағы қолбасшылық қасиет оны биіктерге көтерді. Үнді тарихшыларының пікірлері бір жерден шығып жатпайды. Әсіресе, Мұхаммед Хайдардың мезгілсіз өлімі туралы пікірлер әр тарап болып келеді. Оның үнділіктер үшін түп тегі түркі-моғол екендігі де ұмытылмай, жаулап алушы ретінде қаралатын көзқарас та барлығы байқалады.

Ғалымның «Бабыр мен М. Дулат: тұлғалық үндестіктер» мақаласы нақты деректерге құрылған. «Бабыр наме» кітабы мен «Тарих-и Рашиди» салыстырыла тексеріледі. Бабыр бөлесі Мырза Хайдарды жақсы көрген,



оның басына қауіп төнгенде, қамқорлығын ұсынған. Бұл жөнінде ол «Бабыр наме» кітабында былай деп жазады: «Өзбектер әкесін өлтіргеннен кейін, ол келіп көзімнің тірісінде үш-төрт жылдай жүрді. Содан соң рұқсат алып, Қашғарға ханға кетеді. Енді ол ақыл тоқтатып, әрі қарай жақсы жолға түсті. Жазуға, сурет салуға, оқ пен садақ тартуға арналған дөңгелектер дайындауға – бәріне де оның қолы шебер болды. Оның өлеңге де дарындылығы бар болатын. Маған одан өтініш келді: оның сөз саптауы ұйқасты» деп жазды ол. Бабыр туралы ұлы ғалым да жүрекжарды пікірін ашық білдіреді: «Ол әрдайым аялап, еркелетіп отырып, мейіріммен уәде етіп, кейде қатты ескерткіреп білім алуға ынтықтыратын... Оның мейірімі мен шапағаты мені өмірге әкелген әкешемнің мейірімінен кем түспейтін» дейді. Ұлылар арасындағы үндестік осылай болатын. Заманы қиын, тағдырлары ауыр болса, адамдардың бір-біріне деген мейірім-шапағаты күні бүгінге дейін үлгі аларлықтай.

Зерттеу мақаласын А.Абдуалы былай түйіндейді: «З. Бабыр мен М. Дулат шығармаларындағы сабақтастық, олардың өмір жолдарының тағдырластығымен де байланысты көрінеді. З. Бабыр әкесі Омар Шейхтен он екі жасында, М. Дулат әкесі Мұхаммед Хұсайыннан тоғыз жасында айырылған. Балалық кездеріндегі көрген қиындықтары да аз болмады. Ата-аналарынан берілген тәлім-тәрбиенің, бойларындағы өжеттілік пен батырлық кездескен қиындықтарды женуге, білім-ғылымда, өнер мен лауазымдық биліктің шыңдарына жеткізді. З. Бабыр Үндістанда төрт жыл, ол құрған моғол империясы үш ғасырдан астам өмір сүрсе, М. Дулат Кашмирде 10 жыл билік құрды. Екеуі де 50 жас шамасында өмірден өткен» дейді.

«М.Х. Дулати Саид ханның қолбасшылық қызметінде», «Мұхаммед Хайдар Дулатидің қолбасшылық келбеті» мақалалары бір-бірімен байланысып жатыр. Саид хан мен Мырза Хайдар өмірлерінің 21 жылын бірге өткізген. Ол 1514 жылы Саид ханның Қашғарияны Әбу Бәкірден тартып алу жорығына қатысып, кейін өзінің «Тарих-и Рашиди» еңбегінде жорықты толық баяндайды. Мұхаммед Хайдар 30 жасқа келгенде, Саид ханның толық сеніміне ие болып, әскери қолбасшылық қызметін атқарады. Бұл туралы автор былай дейді: «Жасым отызға толған кезеңде хан әскер істерін маған сеніп тапсырды. Алайда жаным тәжірибелі кеңесші адамдар мен беделді әмірлерді қосып беріп: «Бұл кісілердің айтқан ақыл-кеңестерін еш уақытта да екі етпейсің, барлық істерде оларға құлақ асып, бойұсынып жүргін», - дейтін». Дулати талай жорықтарда шыңдала түседі. Ол қашанда оң шешімдер қабылдап, талантты қолбасшы ретінде ұрыс кезінде әр түрлі соғыс қимылдары мен әдіс-тәсілдері арқылы тәжірибе жинақтайды. Біраз уақыт өткен соң Саид хан оған былай дейді: «Сенің ой-пікіріңе менде толық сенім пайда болды». Осыдан кейін барлық әскери істер мен мемлекет істерін маған сеніп тапсырды һәм бүкіл істерде менің қолыма шексіз билік, еркіндік берді және ханның жарлықтары мен үкімдері (пәрмендері) менің атыма жіберіліп отыратын. Сондай-ақ менің өз атыма ханның жеке хаты да келіп тұратын. Кашмир жорығынан қайта оралғанымда, Тибетте ханның құзырына бардым. Мені ол оңашада да, көпшіліктің көзінше де «бауырым» деп атайтын». Саид хан мен Мырза Хайдар арасындағы уақыттың сынынан өтіп шыңдалған достық, бауырластық осылай орнаған болатын. Мақаланы А.Абдуалы былай қорытады: «Саид ханның тұсында мемлекеттің әскери қолбасшысы атанған М.Х. Дулати сол кезеңдердегі соғыс тәсілдерін шебер ұйымдастырып, қалың қолға басшылық жасады. Ал Саид хан әскери қолбасшы болу үшін оған лайықты азамат ретінде М.Х. Дулатиді тағайындады. Әдетте, қолбасшыға жеңіске жетуде қолда бар күштер мен құралдарды өте тиімді пайдалана білетін, дарынды, әскери жағдайлардың дамуын болжауға қабілетті, жігерлі, ұйымдастырушылық қабілеті бар тұлғалар таңдалады. Бұл қасиеттердің барлығын Саид хан Мұхаммед Хайдар Дулатидің бойынан көре білгені анық» дейді.

«Мұхаммед Хайдардың қолбасшылық келбеті» мақаласында автор М.Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегіне сүйене отырып, оның 30-дан астам шайқасын анықтауға болады дейді. Әскери жорықтарын 2 кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші кезеңді бөлесі Бабыр жорықтарымен байланыстырады. Ол 1510-1512 жылдары Бабырдың шайбандық өзбектермен болған 3 шайқасына қатысқан. 1510 жылы Бабыр патшаның Дешт-е Күлікке жасаған жорығына Мұхаммед Хайдардың өз сұранысымен алып барады. 1511 жылдың тамызындағы екінші шайқаста болған жасөспірім жігіт тәжірибе жинақтайды. 1512 жылғы желтоқсан айында шайбан өзбектерінен Бабыр патша жеңіліс тапқанда, М.Х. Дулати жеңілістің не екенін жан-дүниесімен сезінеді.

Зерттеуші Дулати әскери жорықтарының екінші кезеңін 1512-1533 жылдар аралығын Саид ханға қызмет жасау уақытымен байланыстырады. Мұнда 15 жорықтың хронологиялық тізбесі келтіріледі. Бабырдың ұлдары Камран, Һұмаюн әскерлерінің құрамында 3 ірі шайқасқа қатысқан. Сөйтіп, өз заманында Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің аса дарынды қолбасшы ретінде есімі мәшһүр болғанын А.Абдуалы ғылыми негізде делелдеп жазады.

Бүгінгі күнге дейін жалғасқан тұтас еңбектен біз профессор А.Абдуалының ғалым ретінде Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати рухына адалдығын анық танимыз. Бұл шын ғалымның біз бағалауға, айтуға тиісті жақсы қырының бірі болса керек.





ӘОЖ 94(470)

**СІБІР ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫ ХҮІІ-ХІХ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ БАТЫС, ОРЫС ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ
ЕҢБЕКТЕРІНДЕ****Қарасаев Ғани Мұқашұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор
ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының бөлім басшысы – бас ғылыми қызметкер
Қазақстан, Астана қаласы**

Батыс Сібір өңіріндегі ХҮІ ғасырдың екінші жартысынан басталатын 40 жылдан астам уақыт Шыңғысханның ұрпағы Көшімхан билік еткен Сібір хандығы өз мерзіміндегі қуаттылығы, айтарлықтай деңгейдегі шаруашылықтық дамуымен тарихқа белгілі болды. Хандықтың тұрғындарының басым көпшілігі қазіргі қазақ халқын негіздеген рулар болғандығы тарихи деректерде нақтылап жазылған.

Мысалы, ортағасырлық осы мемлекеттің тарихымен айналысқан зерттеушілердің баяндауынша, хандықтың тұрғындарының түгелге жуығын кейін қазақ халқының қалыптасуында үлкен орынға ие болған түркі тілдес қыпшақтар, наймандар, қаңлылар, арғындар, қарлұқтар, тағы да басқа рулар құраған. Оралдың арғы жағын мекен еткен жекелеген башқұрт рулары да бұл хандықтың құрамына енген. Хандықтың барша тұрғындарына сол мерзімдегі орыс деректері “Сібір татарлары” деген атау берген.

Ең жоғары қуаттылығына көтерілген Көшімнің билігі кезінде Сібір хандығы Орал тауларынан бастау алып, Орта Сібірге дейінгі өңірді алып жатқан аймаққа үстемдік етті. Ол оңтүстігінде Қазақ хандығы, Қазан, Ноғай Ордаларымен және Ресей мемлекеті иеліктерімен шекараласты.

Ал ХҮІ ғасырдың екінші жартысынан жер үсті және жер асты табиғи байлығы орасан мол Сібір өңіріне Ресей мемлекетінің назары ауды. Осы уақыттан бұл хандықтың Ресеймен арадағы алдымен бейбіт қатынасы орын алды. Ал оның арты Ресей патшалығының тікелей жаулау саясатына ауысты.

Өзінің бұл өлкені күшпен қарау мақсатын іске асыру жолында аталған мерзімнен ресейлік қызмет адамдары, кәсіпкерлері, саяхатшылары тарапынан Сібір хандығы туралы деректер жинауға деген ұмтылыс пайда бола бастады. Міне сондықтан да Ресейлік отарлауға дейінгі бүкіл Батыс Сібір өңірінің басым бөлегін алып жатқан бірегей қуатты мемлекеттік бірлестік болған хандықтың тарихы туралы ХҮІІ-ХІХ ғасыр көлеміндегі Батыс, Ресей зерттеушілері мүмкіндігінше молынан жазды. Нәтижесінде, қазіргі күнгі Қазақстан тарихы ғылымында аталған тақырыптың тұтастай тарихнамасы қалыптасты. Енді оған қысқаша тоқтайтын болсақ, Сібір хандығы, оның алғашқы билеушілері, территориясы, тұрғындары, тағы да басқа мазмұндағы деректерді ең алдымен Әбілғазы береді. Ал ХҮІІ ғасырдың соңынан алғашқы мағлұматты Ю.Крижанич, Н.Спафарий, С.У. Ремезов жазып, қалдырды. Бұл тақырыппен В.Н.Татищев, Г.И. Спасский, П.А.Словцов, т.б. белгілі Ресей тарихшылары айналысты. Сібір хандығы, оның билеушісі Көшім туралы маңызды деректерді ХҮІІ ғасырдың екінші жартысынан француз ғалым-ориенталисі Жозеф де Гинь, неміс зерттеушілері Герард Фридерик Миллер, Иоганн Ебергард Фишер, Академик Фальк, ресейлік А.Н.Радищев өз шығармаларының арқауы етті. ХІХ ғасырда Ипполита Завалишин, Г.Е.Катанаев (*Западно-Сибирское служилое казачество, СПб, 1908*), тағы да басқалары өздерінің еңбектерінде бұл тақырыпқа жеке бөлімдер арнады. Ал, В.Н.Пигнатти “*Кучумово городище, Тобольск, 1915*” деген кітап жазды.

Жоғарыда аталған авторлардың басым бөлегі Көшім хандығының негізделу тарихына тоқтаса, келесілері сол мерзімдегі Ресей мемлекетіндегі, Батыс Сібір, Орталық Азия өңіріндегі орын алған саяси, т.б. оқиғаларға талдау жасап, ондағы Сібір хандығының алған орнына баға береді. Мысалы Семен Емельянович Ремезовтың 1701 жылы құрастырған Сібірдің сызба кітабын баспаға дайындап, жариялаған Н.Н.Оглоблин онда қаралған мәселелерге сипаттама жасай келе: “Сібірдің сызба кітабы” осы басылымда берілген автордың нақты бағасы бойынша көне ресейлік картографияның тамаша ескерткіші болып табылады. Ресейдің тарихи географиясында мұндай ескерткіш болмаған және болмайды да, ... сондықтан да Ремезовтың бұл бағалы географиялық атласын құрастырудың тарихын түсіндіруге арналған кез-келген жаңа деректерді бағаламауға болмайды.

Ремезов өзінің “Чертежная книга сына” сипаттама бере отыра кітап сызбаларын құрастырғанда пайдаланған үш басты деректерді атап көрсетеді: 1) өзіне дейінгі Сібір сызбалары, 2) географиялық қолжазбалар, 3) білетін адамдардың мәліметтерін алу.

Ремезов әрдайым Мәскеуге әкелінген Сібір приказында көрсетілген және тараулары сонда жазылған, өзіне дейінгі құрастырылған “Сібірге арналған сызбалар” туралы үнемі еске алады. Ол өзінің атласындағы 24 беттің 7-ін ғана өзі жаңадан жазғандығын, ал қалған 17 бетті (Сібірден Мәскеуге әкелінген) ... қалалық Сібір сызбалардан алғандығын нақты атап көрсетеді.

Сызбада «Көшім Қазақ Ордасынан көп әскермен келіп, Едігер патша мен Бекболат князды өлтірді және өзінің иелігіндегі көптеген халықтар мен қалалардан алым алып, Сібір патшасы ретінде белгілі болды», - деген дерек келтіреді» [1], - деп жазды. Аталған сипаттамадан белгілі болатынындай, Ремезов Көшімнің Батыс Сібірдегі Сібір хандығына билікке келуінің тарихын баяндаған. Осы сызба кітабында Ремезов Сібір

хандығының тарихын, Ермакпен арадағы соғыстың барысын кеңінен жазып, оның көптеген оқиғаларын арнайы сызба суреттер арқылы бейнелеген.

Батыс Сібірдің ХҮІ ғасырдан басталатын тарихын жазумен белгілі Сібір зерттеушісі А.Н.Радищев те айналысты. «Ресейдің ертедегі мерзімнен,-деп жазады ол,- 1557 жылға дейін Сібірмен арадағы қатынасы белгісіз; алайда көрсетілген соңғы уақыттағы (1557 жылғы,-Ғ.Қ.) жазылған көне хаттан, соның ішінде Степенная кітабынан белгілі болатынындай, жекелеген Сібір жерлері ол уақытқа дейін-ақ Ресей билігіне бағындырылған еді. Атап айтқанда Иван Васильевич патшадан құндызбен алым алу үшін арнайы адамдар тобы оған жіберіліп тұрған.

Бұл мерзімде Сібір князы Едігер патшаға сенім грамотасын жібергенімен, ол Ресей патшалығының қарамағына өтпеген еді. Аталған уақытта Едігер бұл уақытта Бұхара ханы Көшімнен жеңіліс тапқаннан кейін, Ертіс және оған құятын өзендер жағалауындағы жерлерге иелік етіп, Сібір әлі бағындырылмаған болатын.

Көшім хан өз тарапынан әкелінген қырғын үшін ресейліктерден өш алуды жоспарлады, оларды ашық соғыста жеңе алмайтындығын ұғынып, қулыққа көшті, осындай мақсатпен бір татарды Ермакқа “Көшімхан Сібірдегі казактармен сауда жасауға бара жатқан сауда керуенін тонау үшін оған қарсы келе жатыр” деген жалған хабарды жеткізуге жіберді.

Бұл шын емес мәліметке сенген Ермак алдымен Ертістің жоғары ағысы, одан ары қарай Вагай арқылы керуенді тонаудан құтқару үшін сапарға шықты. Алайда ұзақ жүре отыра, ешкімді кездестірмей, айтылғанның жалған екенін ұғынып, кері қайтты және жауының шабуыл жасауынан қауіптенбей, өзеннің жағасына келіп, қонып шығуды шешті. Жол сапарынан шаршаған казактар сақтық шараларын ұмытып, қатты ұйқыға кетті. Ал, Ермак бұрын үнемі қолданып келген сақтық шараларын ұмытып, асығыстыққа жол берді, қонған жеріне казактар қарауылын қоюды естен шығарды. Бұл аңғалдық оның өмірден өкінішпен өтуіне әкелді. Өйткені Көшімхан Ермактың қимылын үнемі аңди отыра, осындай қолайлы жағдайды бірден пайдаланып, ұйқыда жатқан казактарға шабуыл жасады»[2].

Сібір тарихын зерттеуші Академик Фальктің сапар-жазбаларында: «Ремезовтың қалдырған деректері бойынша Сібір өзендері мен көлдерінің көпшілігі өздерінің атауларын олардың жағалауларын мекендеген татар хандарынан алған. Мысалы Ертіс ханнан Ертіс өзені, Тобалақ ханнан Тобол-Тура қаласы, ... Көшім ханның ұлы Ишимнен Ишим өзені және басқалар.

Ермак 1584 жылы Вагайдың Ертіске құяр жерінде батып кетті. Бірінші Сібір веводасы князь Волхонский Сібірге 1583 жылы келді.

Тобольскінің негізі 1587 жылы қаланды. Верхотурье 1598 жылы осы жерден ағатын өзен Неромка атауын алған татар қаласы Нером қала тұрған Тура жағалауында салынды» [3]-делініп, Көшім хандығының тарихына қысқаша сипаттама жасалған.

Белгілі неміс ғалымы Герард Фридерик Миллердің ХҮІІІ ғасырдың бірінші жартысында жарияланған «Описание Сибирского царства и всех произошедших в нем деле от начала, особливо от покорения его российской державой по сии времена, сочинено Герардом Фридериком Миллером, историографом и профессором Университета Академии Науки и Социетета??? Аглинского членом. Книга первая, Санкт-Петербург, при императорской Академии Наук, 1750 год» атты кітабында Сібір хандығы туралы бағалы мәліметтер молынан берілген. Онда жазылғанындай: «Ұлы Шыңғысханнан тарайтын Көшімханның өзі және оның арғы аталары туралы Абылғазыдан қарау керек, өйткені француз аудармасында оның тегі туралы дұрыс жазылмаған. Бұхаралық діни адам Тобольскіде маған Әбілғазының кітабының татар тіліндегі аудармасынан Көшімханның шығу тегін келесі тұрғыда таратып берді: Шыңғысханның ұлы Жошы, ал оның ұлы Шейбани хан Бұхарада билік етіп, мұсылман дінін қабылдаған, оның ұлы Батухан оның ұлы Жошыхан, оның ұлы Бадақұл, оның ұлы Мүнгетемір, оны ұлы Беконди-Оғлан, оны ұлы Әли-Оғлан, оның ұлы Әлциметхан. Әлциметханның екі ұлы болды, біріншісі Ибак, келесісі Мәметхан. Мәметтің ұлы Мұртазахан, ал оның ұлы Көшімхан.

Көшімханның билігі бүкіл Сібір аймағына тарады. Ертіс және Тобол жағалауында тұратын татарлар да сол мерзімдегі оның мемлекетінің құрамында болды. Тобол жылнамасында баяндалатынындай, Көшімнің иелігі Тура өзенінің жоғары жағасына дейін жеткен. Ал, Тархан острогында тұратын татарлар ханға алым төлейтіндердің соңы болған. Едәуір қашық орналасқан башқұрттар да өздерінің Көшімханның билігінде болғандығын айтады.

Тобол жылнамасында Көшім өзімен бірге Қазаннан көптеген діни адамдарды әкелген деп жазады. Мұсылман дініне еркімен кіргісі келмегендерді күшпен енгізген, ал қарсыларды өлім жазасына кескен.

Тағы да бір жағдайды анықтау, атап айтқанда, Абылғазының есептеулерін өзіміздікімен салыстыру керек болды: оның жазуы бойынша Көшімханның Сібірдегі билігі 40 жылға созылды, ал оның қуылуы Мұхамедтен бергі 1003 жылы, немесе Христостың туғанынан кейінгі 1594 немесе 1595 жылдары болған» [4].

ХҮІІІ ғасырдағы келесі неміс ғалымы Иоган Евергад Фишер де Сібір хандығының тарихымен шұғылданып, маңызды деректер береді. «Сібір ұғымы,-деп жазады ол,- кезіндегі Көшім ханның астанасы болып, Искер есімінен тараған, ал бұл анықтама Ертіс өзені бойында бұрын тұрған татарлардың атауынан алынған. Біртіндеп бұл ұғым одан ары тарай бастады, Көшімханның иелігіндегі Ертіс, Тобыл, және Тура өзені аңғарларындағы жерлер түгелдей Сібір деп аталып, орыстардың осы кездегі жазбаларынан анық

болатынындай, Ресей билеушілері дүние жаратылған уақыттан бергі 7071 жылдан, немесе Христос туғаннан кейінгі 1563 жылдан бастап Сібір патшалары деген айқындамаға ие болды»[5]

Фишер өзіне дейінгі жазба мағлұматтарды жинастыра отыра, Көшімханның билігіне енген жерлерді де атап көрсетеді. Оның сипаттауынша: “Ертіс және Тобол бойындағы татарлар ешқандай күмәнсіз оның билігінде болған. Барабы даласы татарлары да толығымен оған бағынғандығын айтуға болады. Сібір жылнамасында жазылғанындай, оның билігі Туры өзені жоғары ағысына дейін тараған және Тархан жоталары маңы татарлары Ханға алым төлеушілердің соңғылары болған. ... татарларға жақын тұрған остяктар мен вогулдар сөзсіз Көшімге қызмет еткен”[5.95-96].

XVIII ғасырдың бірінші жатысындағы белгілі француз ғалым-ориенталисі Жозеф де Киннің баяндауынша: «1583 жылы Сібірде Көшімхан билік етті. Бұл уақытта Танаис пен Еділ бойында тұратын казактар Персия мен Бұхариядан келетін керуендерге үнемі шабуыл жасап, Иван Василиевич патша оларды бұл жерлерінен аластатып, бұлардың атаман Ермак Тимофеевич бастаған 600-і Кама арқылы өзіне шақырған Строгановтар жеріне жетті. Осында Сібір туралы естіген казактар тобы Ермакпен бірге Серебряная өзені арқылы жоғары көтеріліп, осы арадан кемелерін құрғақ жолмен арбаларға тиіп Тураға қарай шықты. Олар осындай әдіспен Ертіс жағалауына келіп, бұл өзенмен жүзе отыра Көшімхан билік еткен қалаға жетті және араларында Алтанай сұлтан болған ханның әйелі мен балаларын тұтқынға алып, оның өзін қашуға мәжбүр етті.

Сібірдің астанасын бағындырып, олар одан арғы жерлерді жаулауға аттанды. 1584 жылы Ермак 50 казакты бұл жаңалықты жеткізу және өзіне көшірім алу үшін Мәскеуге жіберді. Риза болған Федор патша оған Сібір князы атағын берді және казактармен бірге өзінің екі генералы Семен Большовский мен Иван Глуховты Ермакқа жіберді.

Бұхарадан келе жатқан керуенге шабуыл жасау мақсатымен 150 казакпен Вагай өзеніне аттанған Ермак Көшімхан шабуыл жасап, оның барлық казактарын өлтірді. Тек біреуі ғана аман қалып, бұл оқиғаны қалғандарына жеткізу үшін генерал Иван Глуховпен бірге Обь арқылы түсіп, біреуі су, келесісі құрғақ жолмен Мәскеуге жетті. Аталған хабарды естіген Федор патша ол жаққа Борис Васильевич Сукинді армиямен жіберді. Ол (Сукин,-Ф.К.)Тюмен қамалын негіздеді және Данил Чулковты Тоболдың Ертіске құятын жеріне Тобол сарайын салуға жіберді. 1591 жылы орыс генералдары Сібірде үлкен жеңіске жетті, 1898 жылы олар Көшім ханды толығымен талқандады, ал оның әйелі мен үш ұлын Мәскеуге жіберді. Ал, Көшімнің өзі манкаттар немесе қарақалпақтар арасында жасырынып, сонда қайтыс болды. Келесі жылы орыстар Сібірде Мангас қаласын, немесе Енисейдегі Мангазеяны негіздеді. Ал кейін олар бүкіл осы үлкен аймақты бағындырды»[6].

Сібір хандығының тарихы XIX ғасырдағы белгілі Батыс Сібір өлкесін зерттеуші И Завалишиннің ғылыми шығармаларында да баяндалды. Оның көрсетуінше: “Тарихнамашы Миллердің дәлелдеуі бойынша Көшім хан, оның әкесі Мұртаза және жасақтарының бір бөлегі қырғыздар болған, яғни орыстардың олармен арадағы бірінші қақтығысы Ермактан және оның Сібірді жаулауының ең бірінші қадамдарынан бастау алады. Ал қырғыздар мұсылман дінін қабылдағанынан кейін олардың тонау мен жыртқыштыққа деген табиғи әуестігіне енді христиандарға ғана емес, сонымен бірге буддистерге деген мұсылмандық өш пен жеккөрінушіліктері қосылды.

Міне осыдан барып, Көшімханның батыста қалмақтармен, шығыста жоңғарлармен, ал солтүстікте орыстармен жүргізілген үздіксіз тонаушылық соғыстары басталды”[7].

Қорыта айтқанда, жоғарыдағы сараланған жазба мағлұматтардан Сібір хандығының жекелеген маңызды бағыттарының тарихи беттерін, осы арқылы бұл мемлекеттің өз мерзіміндегі Батыс Сібір өңіріндегі алған орнын білуге болады.


Бұл маңызды деректерді саралай отыра, Көшімханның, оның негізгі тұрғындарының сол мерзімдегі Қазақ хандығымен арадағы этникалық, шаруашылықтық, тұрмыс-салттық, тағы да басқа бағыттардағы байланысын айқындауға да мүмкіндік жасалады.

Аталған жазбалардан шығатын қорытынды, жоғарыдағы сараланған құнды деректер негізінде XVIII ғасырдың екінші жартысында өзінің дамуында елеулі іргелілікке жетіп, Батыс Сібір өңіріндегі қуатты мемлекеттік бірлестікті іске асырған Алтын Орда мемлекетінің Батыс Сібірдегі заңды жалғасы - Шыңғысханның ұрпағы Көшімхан негіздеп, қуатын арттырған мемлекеттің тарихы белгілі болады. Осы арқылы сол мерзімдегі Қазақ хандығы мен Сібір хандығының негізгі тұрғындарына айналған біздің халқымыздың негізгі руларының Каспий жағалауынан Батыс Сібірдің терең қойнауларына дейінгі жерлерді ата-қоныстары еткендігі бұлжымас дәлелдікке айналады. Ал мұның өзі Отан тарихшыларының Сібір хандығының тарихын мүмкіндігінше одан ары зерттеулерін қажет ететіндігі белгілі.

Әдебиеттер

1. Источники Чертежной книги Сибири Семена Ремезова. Н.Н.Оглоблин, Санкт-Петербург, 1896, сс.3,4,7
2. Полное собрание сочинений А.Н.Радищева. Том второй. Редакция, вступительные статьи и примечания В.В.Калаша. Москва.-1907. Издания В.М. Саблина, сс.109,129

3. ПОЛНОЕ СОБРАНИЕ УЧЕНЫХ ПУТЕШЕСТВИЙ ПО РОССИИ, издаваемое императорской Академией Наук по предложению его президента. С примечаниями, изъяснениями и дополнениями. Том шестой. Записки путешествия Академика Фалька. В Санкт-Петербурге, при Императорской Академии Наук, 1824, с.404
4. ОПИСАНИЕ СИБИРСКОГО ЦАРСТВА и всех произошедших в нем деле от начала, особливо от покорения его РОССИЙСКОЙ ДЕРЖАВОЙ по сии времена, сочинено Герардом Фридериком Миллером, историографом и профессором Университета Академии Наук и Социетета??? Аглинского членом. Книга первая, Санкт-Петербург, при императорской Академии Наук, 1750 год, сс.51,53,55,304
5. Сибирская история с самого открытия Сибири до завоевания сей земли Российским оружием, сочиненная на немецком языке и в собраний Академическом, читанная членом Санкт-Петербургской Академии Наук и профессором древностей и истории, так же членом исторического Геттинского собрания Иоганном Ебергардом Фишером. В Санкт-Петербурге при Императорской Академии наук 1774 года, сс.2,95-96
6. Жозеф де Кинь Общая история гуннов, тюрков, монголов и других народов, Париж, 1756. История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Том VII. Французские исследователи в Казахстане./ Пер. с фр. О.В.Рублевой/ Сост. И.В.Ерофеева-Алматы: «Санат», 2006, 272 стр. сс.77-78
7. Описание Западной Сибири Ишполита Завалишина. Москва, 1862, с.43



ӘОЖ 94(574)

ҚОРҒАЛЖЫННАН ШЫҚҚАН РЕВОЛЮЦИОНЕР, ҒАЛЫМ

Дүйсен Сейітқали Жахияұлы
Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері,
педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Қазақстан, Астана қаласы.

Еркеболат Бекмұхаметов (1897-1981) Ақмола өңірінің, оның ішінде Қорғалжын өңірінен шыққан танымал азаматтың бірі [1,297-298]. (Ақмола: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 400 стр.).

Қорғалжындық көнекөз қарттардың айтуынша Еркеболаттың әкесі шаруаға икемді пысық адам болғандықтан ол Ақмола қаласына көшіп барып жергілікті кәсіпкерлерге жалданып күнкөріс жасайды. Қаланың жатағына айналса да қорғалжындық ағайындарымен тығыз араласып тұрады. Еркеболат осы қалада дүниеге келеді. Әкесінің қолдауымен аздап сауатын ашады. Ауыр тұрмыс Еркеболатты бала шағынан еңбекке араласып, күнкөріс жасауға мәжбүр етеді. Ол 1909-1916 жылдары Ақмола уезінің түрлі кәсіпорындарында жалданып еңбек етеді.

Еркеболаттың есімі 1916 жылы Ресей патшасының отаршылық езгісіне қарсы шыққан ұлт-азаттық қозғалысына қатысушылардың бірі ретінде өлке тарихында жазылды [1,297]. (Ақмола: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 400 стр.).

Сол кездегі Ақмола өңірінің тарихында 1916 жылғы оқиға Қорғалжын-Ереймен көтерілісі деген атпен тарихта қалғаны белгілі [2,579-580]. (История Казахской ССР. Том 1. - Алма-Ата: Издательство АН Каз ССР. – 1957, - 609 с.),

Қорғалжын ауданының тумасы, кезінде Целиноград пединститутында ұстаздық еткен өлкетанушы, тарих ғылымдарының кандидаты Балтабай Қалқаманов «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық революция» атты зерттеу еңбегінде төмендегідей деректер келтіреді: «Қорғалжын көлінің маңында 30 мыңға тарта қырғыздар Ереймен тауында -5 мыңдай, Атбасар уезінің Ұлытау маңында 7 мыңнан аса адам топтасқан-деп 1916 жылы қыркүйекте жоғарыға хабарлаған анықтамасында генерал-лейтенант Таубе жазған» [3,23]. (Қалқаманов Б. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық революция. - Ақмола: С.Сейфуллин атындағы Ақмола аймақтық университеті. 1995. - 48 бет)

Қорғалжын көтерілісін жергілікті қазақ Рахымжан Мәдин және оның ұлты орыс досы, әрі сауатты ақылшысы Жоламанов Жақып (шын есімі Латута Афанасий Александрович, Киев губерниясының тумасы, гимназияда оқып жүргенде революциялық күреске қатысқаны үшін Қазақстанға жер аударылып, содан қазақ ауылын паналап, қазақша есім алған-С.Д.) басқарады Ғалым Б.Қалқаманов Целиноград облыстық музейінен алынған көтерілістің екі басшыларының фотосуреттерін өзінің осы зерттеу еңбегінде салған [3,24]. (Қалқаманов Б. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық революция. - Ақмола: С.Сейфуллин атындағы Ақмола аймақтық университеті. 1995. - 48 бет)

Еркеболат пен осы Жақып Жоламановтың егде тартқан жастарында бірге түскен суретін Еркеболат ақсақалдың туыстары кейін Қорғалжын аудандық газетінде («Қорғалжын» 1992 жыл, 4 наурыз №22 (8055) жариялады. Бұл фотосурет Еркеболат Бекмұхаметовтің Қорғалжын көтерілісінің басшысымен ертеден таныс, дос байланыста болғанын көрсетеді.

Қорғалжын өңіріндегі көтеріліске 19 жастағы Еркеболат та қатысты. Дегенмен әлі оң-солын жаңа тани бастаған балаң жігіт, ерлік жасап көзге түспесе де көтерілісшілер қатарында жүрді. Көтеріліс күшпен басылғаннан кейін қазақ жігіттерін зорлықпен 1914-1918 жылдардағы бірінші дүнежүзілік соғыстың орыс-герман майданындағы тыл жұмыстарына жөнелтеді. Қара жұмысқа іліккендер қатарында 1916-1917 жылдары Еркеболат та жүрді. 1917 жылы Ресейде Ақпан төңкерісі жеңіп патша өкіметі құлатылған соң тыл жұмысындағы қазақтар да елге оралады. Тағдыр жазып, көптің бірі болып Еркеболат та аман-есен Ақмолаға жетеді.

Сауатты, орыс тілінде еркін сөйлейтін, соғыстың от-жалынынан өткен жас жігіт Ақмола өңірінде жүріп жатқан саяси оқиғаларға белсене арласа бастайды. Сәкен Сейфуллин «Тар жол тайғақ кешу» кітабында Ақмолада Ресей патшасы құлағаннан кейін саяси өмірдің өте күрделі болғанын, қалада Уақытша үкіметтің комиссары, «совдеп» аталатын большевиктер билігі, орыс казактарының «казачья управа», «земство комитеті» және қазақ уездік комитеті болғанын жазады [4,148-151]. (Сейфуллин Сәкен. Тернистый путь. – Алма-Ата, 1964.)

1918 жылы ақпанда Ақмолада уездік съезд шақырылады және оған ауыл қазақтарының өкілдері де қатысады [3,157]. Осындай аласапыран уақытта Е.Бекмұхаметов өзінің саяси ұстанымын айқындап большевиктер партиясы жағына шығады. Ол Ақмола қаласындағы «Жас казак» ұйымына қабылданып, көрнекті революционерлер Сәкен Сейфуллин, Абдолла Асылбековтармен танысып, пікірлес болып, осы өңірде Кеңес өкіметін орнатуға қатысады. «Тіршілік» газетін шығаруға қолғабыс етеді және сол үшін үш рет тұтқындалады [1,297-298]. (Ақмола: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 400 стр.)

Осы арада бір ескеретін жәйт, С.Сейфуллиннің аталған кітабында қазақ мектебінің мұғалімі Бекмұхаметов қалалық совдепке мүше болып сайланғаны туралы дерек кездеседі, бірақ оның Еркеболат Бекмұхаметовке қатысы жоқ, ұлты татар, тек тегінің жазылуы ғана ұқсас екенін ескерген жөн.

Ақмола революциялық комитеті Еркеболатты халық арасында Кеңес өкіметінің саясатын түсіндіріп, жергілікті жерлерде кеңес өкіметі органдарын құрып, нығайту үшін Қорғалжын өңіріне жібереді. Саяси-ұйымдастыру істерінде белсенді болып, халықтың сеніміне ие болған соң, Қорғалжын болысының адамдары оны Ақмола уездік Кеңесі атқару комитеті мүшелігіне сайлайды. Ақгвардияшылар 1918 жылы Ақмолада Кеңес өкіметін құлатқан кезде Еркеболат бой тасалап Қорғалжын өңіріне кетіп, ауыл мектебінде бала оқытумен айналысады. Кеңес өкіметі Есіл өңірінде қалпына келтіріле бастағанда Еркеболат кеңес өкіметі жасақтары қатарында ақгвардияшыларға қарсы күреске қатысады.

Ақмолада кеңес өкіметі түпкілікті орнаған соң, Е.Бекмұхаметов 1918-1930 жылдары Қорғалжын болысында кеңес жұмысында болады.

Азамат соғысы аяқталған соң Еркеболат Бекмұхаметов Қорғалжын өңірінде кеңес органдарында қызмет атқарады. Мектептер ашу, сауатсыздықты жою, мәдени-ағарту жұмыстарына араласады. Қорғалжыннан кейін Қызылжар өңіріне (Петропавл) да еңбек етеді. Осы қызметте жүріп большевиктер партиясы қатарына қабылданады. Ұйымдастыру жұмыстары кезінде білімінің аздығын сезінген ол әрі қарай оқу керектігін сезінеді.

1929 жылы Ленинград қаласындағы жоғары практикалық кооперация курсына білім алады. Оқуын аяқтап елге оралған соң Алматы облысында партия органдарында еңбек етеді. Қазақстанда индустрияландыру науқаны басталғанда республика басшылығы өнеркәсіп саласына қазақ ұлтынан мамандар даярлау қажеттігі туындағанда Е.Бекмұхаметовті Ресейге оқуға жібереді.

Кеңестік кезеңде патшалық заманда отарлық езгі салдарынан артта қалған ұлт азаматтарына өз республикаларына қажетті орта және жоғары білім беруге, сонымен қатар қажетті жұмысшы мамандықтарына оқытуға көңіл бөлгені тарихи факт. Мұны кеңестік заманда ұлттық интеллигенцияның қалыптасуы тарихын зерттеген қазақстандық ғалымдардың еңбектерінен [5] (Абубакиров С.С. Рост инженерно-технической интеллигенции Казахстана» (1946-1960 гг.) дисс. канд. техн. наук.: 00.00.00, Другие специальности. Алма-Ата. 1984. – 198 с.) деректер табуға болады.

1925-1941 жылдары бөлімшелері Ленинградта және Свердловскіде жұмыс Москвада орналасқан өндіріс басшыларын даярлайтын Бүкілодақтық өнеркәсіп академиясында бірнеше жас қазақ азаматтары техникалық білім алды. Солардың қатарында Еркеболат Бекмұхамбетов те болды және аталған академияның Свердловскідегі бөлімшесінде білім алып республиканың ұлттық техникалық интеллигенция өкілдерінің бірі болды.

Кеңестік заманда шыққан бес томдық «Қазақ КСР тарихында» Мәскеудің шешімімен басқа ұлт аймақтарындағыдай қазақ жастарының бір бөлігі Ресейдің түрлі орта және жоғары оқу орындарында білім алғандары айтылады. 1923/24 оқу жылында 100 адам, 1925 жылы Москвада 100 қазақ студенті, Ленинградта-47, Қазанда-31, Омскіде 10 қазақ студенті оқығаны көрсетіледі [6,477]. (История Казахской ССР. (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 4. –Алма-Ата: «Наука» Каз ССР, 1977. – 640 с.)

Осы науқанға орай Е.Бекмұхаметов 1933-1937 жылдары Свердловск қаласында Өнеркәсіп академиясында оқып инженер-металлург мамандығын алып, Лениногорск (Риддер) металлургия заводына келіп бас металлург және партия ұйымының хатшысы қызметін атқарды. Осы жұмыста жүргенде «халық жаулары» қатарына ілігіп қуғынға түседі. Екі жылдан соң «айыпсыз екендігі анықталып» босатылады. Ұлы Отан соғысы жылдарында, Қарағанды, Ақмола облыстарының өндіріс орындарында еңбек етеді. Соғыстан кейін Шымкент,

Алматы облыстарында түрлі шаруашылық салаларында жұмыстар атқарады. 1944-1945 жылдары Ақмола облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметінде жүріп өңірдің соғыс кезіндегі ауыр әлеуметтік –экономикалық мәселелерін шешуге үлесін қосты [1,297]. (Ақмола: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 400 стр.).

Бейбіт өмір кезінде Е.Бекмұхаметов қарбалас өндірістік жұмыстармен бірге ғылыми жұмыстармен айналысуға да уақыт таба біледі. Ресейде алған жоғары техникалық білімін жетілдіре отырып өзінің төл мамандығы-тау-кен ісі саласында ғылыми ізденістер жүргізеді. Соның нәтижесінде 1964 жылы «Қазақстандағы революцияға дейінгі түсті металлургия мен тау-кен ісі» деген тақырыпта монография жариялап, келесі жылы осы еңбегінің негізінде диссертация қорғап техника ғылымдарының кандидаты атанады. Ғалымның 374 беттік құнды еңбегі Қазақстанға ғана емес шетелде де мәлім болды. 2010 жылы АҚШ-ның Калифорния университеті монографияны цифрлық жүйеге көшіріп өзінің иелігі етіп алды. [7]. (https://books.google.kz/books/about/Цветная_металлургия_u.html?id=ppw5AQAA/AAJredir_esc=y)

Е.Бекмұхаметов партия-кеңес органдарындағы жұмыстан босаған соң бірнеше жыл Қазақ КСР Ғылым академиясы Төралқасы аппаратында, академия құрамындағы ғылыми институттарында қызметтер атқарады.

Алматыдағы жылдары Еркеболат Бекмұхамбетов энциклопедист ғалымдар әйгілі фарабитанушы және тау-кен саласының терең білімді ғалымы Ақжан Машанов және академик, техника ғылымы саласының білгірі Евней Арыстанұлы әріптес болды. Е.Бакмұхаметовтың Қарағанды университетінің ректоры Евней Бөкетовпен жақсы араласқаны туралы туыстары айтып отырады.

Е.Бакмұхаметов тек ғылымның өзі таңдаған саласымен ғана шектеліп қалмай қазақ тілі мен әдебиеті саласымен де шұғылданады. Араб, парсы тілдерін меңгеріп ғалымдармен бірлесе отырып бірнеше техникалық сөздіктер жасауға қатысады. 1977 жылы «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері» деген монография шығарса, 1979 жылы ғалымдармен бірлесіп «Орысша-қазақша политехникалық сөздік» еңбектерін жазуға қатысады [1,297]. (Ақмола: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 400 стр.). Қазақ Кеңес энциклопедиясын шығару кезінде ғылыми кеңесшілік жұмысқа қатысады.

Ұзақ жылғы партия-кеңес органдарында, мәдени-ағарту, шаруашылық және ғылым саласындағы еңбектері үшін Е.Бекмұхаметов «Құрмет белгісі» орденімен және бірқатар медальдармен марапатталып, республикалық дәрежедегі зейнеткерлікке шығып, 1981 жылы Алматыда дүние салады.

Е.Бекмұхаметов ұзақ жылдар туған жері Қорғалжыннан жырақта еңбек етсе де атақонысымен байланыс үзбеді. Төрт-бес жылда бір рет «Қорғалжын» кеншарындағы ағайындарына келіп, ауылдарстарымен кездесіп қонақ болып қайтатын. Ғылымның көп саласыннан білімі мол, сонымен бірге ислам діні тарихын, қағидаларын жетік білетін Ерекең ақсақалды ауылдастары сағына, қуанышпен қарсы алып, әр үй қонаққа шақырып қызықты, мағыналы, гибратты әңгімелерін құмарта тыңдайтын. 1979 жылы ауылға келген бір сапарында осы жолдардың авторы да Қорғалжын-Ақмола өңіріне танымал осы ақсақалды көріп, сөзін тыңдаған еді.

Қазір өмірден өткен ақсақалдар сол кездегі кеңшардан 15-16 шақырым жерде «Еркеболат мектебінің» орны қазір белгісіз болып жойылып барады деп сағынышпен еске алып отыратын. Кезінде Қорғалжын өңірінде алғашқы білім ошақтарының бірі болған сол мектептің орнына барып суретке түсіріп алмағанымды мен де екіншінен еске аламын.

Өткен ХХ ғасырда қазақ халқы мен мемлекетінің азат, дамыған республика болып құрылуына, дамуына аз да болса өзіндік үлесін қосқан партия-кеңес қайраткері, қазақ ұлтынан алғашқылардың қатарында жоғары техникалық білім алып, ғылыми еңбек жазған қайраткердің есімі жаңа Қазақстан тарихында ұмытылмай өз замандастары қатарында бағаланар деп үміттенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Ақмола: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 400 стр.
- 2 История Казахской ССР. Том 1. - Алма-Ата: Издательство АН Каз ССР. – 1957. – 609 с.
- 3 Қалқаманов Б. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық революция. - Ақмола: С.Сейфуллин атындағы Ақмола аймақтық университеті. 1995. - 48 бет.
- 4 Сейфуллин Сакен. Тернистый путь. – Алма-Ата, 1964.
- 5 Абубакиров С.С. Рост инженерно-технической интеллигенции Казахстана (1946-1960 гг.). Дисс. канд. техн. наук.: 00.00.00, Другие специальности. - Алма-Ата. 1984. – 198 с; Асылбеков М.Х. Формирование и развитие кадров железнодорожников Казахстана. -Алма-Ата, 1973; Тастанов Ш.Ю. Советский опыт формирования и развития интеллигенции ранее отсталых народов. - Алма-Ата, 1975; Тастанов Ш.Ю. Казахская советская интеллигенция. - Алма-Ата, 1982.
- 5 История Казахской ССР. (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 4. – Алма-Ата: «Наука» Каз ССР, 1977. – 640 с.

6

Интернет

ресурс:

https://books.google.kz/books/about/Цветная_металлургия_u.html?id=ppw5AQAA/AAJredir_esc=y



XIX ҒАСЫРДАҒЫ ӘУЛИЕАТА ӨңІРІ ЖӘНЕ БАЙЗАҚ ДАТҚА

Абдуалы Асқар Бегәділұлы
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының
вице-президенті, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Байзақ Мәмбетұлының (1789-1864) белсенді өмір жолы XIX ғасырдың басы мен 60 жылдар аралығындағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-шаруашылық үрдістермен және халқымыздың ұлт-азаттық қозғалыстар тарихымен тығыз байланысты болды. Ел басына күн туған қысталаң шақта ұлы істердің ұйтқысы болған Байзақ датқаның тағлымы мол тағдырын бағдарлайтын құнды мәліметтер ең алдымен халық ауыз әдебиетінің негізін қалайтын ақын-жыраулардың әдеби мұраларынан, тарихи жазба түп деректерді құрайтын сирек кездесетін қорлардағы орыс әскерилерінің жазып қалдырған естеліктері мен Қокан хандығы туралы сақталған мұрағат деректерінен табылады. Ұлы бабамыздың өмірі мен қызметі, оның тарихтағы орны жөніндегі алғашқы ғылыми зерттеуді көрнекті ғалым Е.Бекмахановтың «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» монографиясы арқылы басталды. Белгілі жазушы, тарихшы-өлкетанушы Б.Әбілдәұлының 1995 жылдары жарық көрген «Байзақ датқа» атты еңбегінде Байзақ датқаның өмірі мен қызметіне халық ауыз әдебиеті, орыс, қырғыз деректері арқылы баға беруге ұмтылыс жасалды.

Батыр бабаның ұлт-азаттық күрес жолындағы қилы тағдырын кеңейте зерттеуде филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Дәдебаев деректермен қоса өзінің зерделеген ғылыми тұжырымдарымен елеулі үлес қосты. Ал, Байзақ Мәмбетұлының тікелей ұрпағы Сүйінген Сейтхановтың 2007 жылы шыққан «Выбор Байзака» атты еңбегі бірқатар соны деректерге негізделіп жарияланды. XIX ғасырдағы қазақ-қокан, қазақ-қырғыз қатынастары тарихында өшпес із қалдырған Байзақ Мәмбетұлының өмірі мен қызметі жөнінде мақала авторы белгілі өлкетанушы Б.Әбілдамен бірге 2008 «Ел бастаған ер Байзақ» кітабында бірқатар жаңа деректер келтірген болатын. Белгілі тарихшы Ж.Қасымбаев өзінің «Последний поход хана Кенесары и его гибель» атты еңбегінде бұрын ғылыми айналымға енген мұрағат деректері арқылы хан Кене бастаған ұлт-азаттық көтерілістің соңғы кезеңіндегі Ұлы жүз батырлары мен билеріне жаңаша тарихи-тұлғалық тұрғыдан баға берген. Белгілі жазушы Сәуірбек Бақбергенов 1986 жылы «Ақбоз атты ару» атты повестінде Байзақ батыр және оның ұлы Ақмолда туралы әдеби сарында жазылған еңбегінде көптеген тарихи фактілерді негізге алған. Сол кезеңдердегі тарихи ғылыми-зерттеу саласы бойынша қазақ және орта азия хандықтарының қарым-қатынастарына арналған Т.Омарбековтің, Ө.Қожақұлының және А.Махаеваның еңбектерін де ерекше атау қажет.

Қырғызстан Республикасының ҰҒА академиктері Б.Жаңбыршин, А.Хасанов монографияларында, Б.Солтоноевтің «Қызыл қырғыз тарихы» атты екі томдық еңбегінде, қырғыз шежірелеріндегі қокан, орыс үстемдігіне қарсы тұрған дулаттардан шыққан датқалар, соның ішінде Байзақ батыр туралы тың деректер келтірілген.

Бұл еңбектердің бірқатары халық жадында сақталған, ұрпақтан-ұрпаққа ауызекі әңгіме түрінде жалғасып келе жатқан естеліктер негізіне сүйеніп жазылса, көпшілігі Байзақ батырға әділ баға берілетін нақты тарихи жазба түп деректерді құрайтын құжаттарға негізделуімен ерекшеленеді. Көрнекті тарихшы Е.Бекмаханов мұрағат деректері негізінде: «Кенесары ханның 20 мың адамдық әскерінің негізі Байзақ датқа жігіттерінен құралғанды. Ол Ұлы жүздің ең көп санды - 9 мың үйлі шымыр руының басшысы еді» [1.329], - деп келтірген. Дегенмен, ортаазиялық хандықтар мен орыс отаршылдығына қарсы күрестерді басқарған даланың осынау жаужүрек көптеген ұлдары туралы, кеңестік идеология кезінде арнайы зерттеулер жүргізуге мүмкіндік берілмей, керісінше біржақты, жансақ пікірлер тудырумен шектелді. Еліміз тәуелсіздікке ие болғаннан кейін ғана Оңтүстік Қазақстан, оның ішінде XVIII-XIX ғасырлардағы Әулиеата өңіріне тікелей қатысты жарық көрген тарихи танымдық еңбектерінде ұлт-азаттық қозғалыстардағы Байзақ және басқа да тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі белгілі дәрежеде арнайы ғылыми-зерттеулер объектісіне айнала бастады.

Байзақ датқа 1789 жылы Талас өзенінің жағасында, Тараз шаһарының маңында жоңғар басқыншыларына қарсы соғыста атағы шыққан батыр, Абылай ханның серігі Мәмбет Құнбасұлының отбасында дүниеге келген. Халқымызда әкеден балаға, ұрпақтан ұрпаққа берілетін тектілік, батырлық пен батылдық, көрегендік секілді қасиеттерді жас кезінен бойына сіңірген Байзақ бабамыз отбасылық тіршіліктерге емес, елдік, ерлік істерге ертерек араласқан. Бұл жөнінде Майлықожа ақын:

Мәмбет бидің әулеті

Бес жүз үйлі ел болып,

Бір кісінің әулеті

Даланы қаптан сел болып

Сұрау бермей қазаққа

Байзақ шықты бел болып, - деп жырлауы осының айғағы десек болады.

XIX ғасырдың алғашқы ширегінде қоқандықтар Әулиеата өңірін Қазақстанның оңтүстік бөлігімен қоса бағындырған кезеңде ел басқарып, ұйымдастырушылық қабілетін танытқан елдің белді азаматтарымен (Сыпатай, Құдайберген, Батырбек, Сапак, Жауғаш, Сұраншы т.б. датқа, батырлармен) қатар Байзақтың да аты тек Ұлы жүзде ғана емес, қырғыз бен қоқандықтарға, кейінірек орыстарға да танылды. Қоқандықтар оңтүстіктегі басты рулар ішіндегі беделді би, батырларға датқа лауазымын беріп отырды. Мұндағы мақсат бір жағынан өз саясатын датқалар арқылы жүргізу болса, екіншіден, жергілікті халықпен санасу мәжбүрлігінен туындады.

Байзақтың нақты қай жылдары датқа атанғаны белгісіз. Бірқатар ғылыми-зерттеу еңбектерде Қоқан хандығындағы жоғары лауазым, атақ, мансап қызметтер дәрежелерінің саны 20-дан астам болған деп көрсетілген. Қоқандықтардың билік құрылымында «датқа» лауазымы дәреже жағынан тоғызыншы орында болды. Сол кезеңдерде «датқа» лауазымы қоқандықтар арасында тым жоғары болмағанмен, жергілікті халық арасында, әкімшілік басқару жүйесінде өзіндік жоғары санатқа ие еді. Сондықтан оңтүстік өңірдегі датқалық лауазымды XIX ғ. 60 жылдарына дейінгі қазақ даласын Ресей империясының басқару жүйесінде орын алған Кіші жүздегі сұлтан - правитель, Орта жүздегі - аға сұлтан дәрежелерімен теңестіріп қараған жөн.

Қоқан, қырғыз және орыс шапқыншылықтарына қарсы Оңтүстік қазақтарын бастап шыққан датқалар мен би-батырлар басқарған көтерілістер және Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық күреске Ұлы жүз қазақтарының қатысуы, олардың сипаттары мен ерекшеліктері, тарихи маңыздары әлі де болса жүйелі, терең зерттеулерді қажет етеді. «Тарихи тұлғаларды зерттеу үшін - тарихқа кіру керек», - деп көрсетеді академик Салық Зиманов. Өте орынды айтылған. Себебі, тарихи тұлғаларды өздері сүрген дәуірдің, ортаның қоғамдық саяси жағдайларымен тығыз байланыстырып, іс-қимылдарына, бүгінгі түсінікпен айтқанда геосаяси тұрғыдан жан-жақты талдау жасай отырып, өмірі мен қызметіне ғылыми тұрғыдан жан-жақты баға беру керек.

XIX ғасырдың 1-жартысындағы Әулиеата өңірінде қалыптасқан қоғамдық саяси жағдайға орай Байзақ датқаның саналы өмірінің басым бөлігі азаттық күреспен тығыз байланыста өтті. Қоқандықтардың Әулиеата өңіріне жасаған шапқыншылығына қарсы алғашқы азаттық күрес жолын 19 жаста бастап, осы қасиетті жолдан соңғы демі біткенше таймағандығы айғақ.

Азаттық жолындағы күрес тарихын, ұлтымыздың теңдігі мен бостандығы, еліміздің тәуелсіздігі үшін күрескен қайраткерлердің өмірі мен қызметін жаңа тұрғыдан зерделеу, зерттеу - жас ұрпақты патриоттық тәрбиелеуде аса маңызды. «Тұлға - халық басына күн түсіп, қиын-қыстау замана туғанда ғана өзінің өзгеден ерекше ісімен, құдіретті күшімен, ақылдылығымен танылады» - деп жазды академик М.Қозыбаев. Өйткені, тұлға - қоғамға, халыққа берілген табиғат сыйының туы. Ғұлама жазушы Мұхтар Омарханұлы айтқандай: «Тұлға, замана талабы туған кезде оттан шығып, жалын күшқан ақ алмас қынабынан жарқ етіп, қадір-қасиетімен халқына танылады. «Тарих» деген дарияны еркін өтіп, өз тұғырына, ұлылық тұғырына қонады. Мұндай тұлғалар тарихта күнде туылмайды, табиғат адам баласына анда-санда сыйлайды».

1864 жылы Байзақ датқа Қоқан ханы Әлімқұлдың бұйрығымен Шымкент қаласында зеңбірек аузына қойылып атылды. Тамтығы қалмаған денесінен саусағы ғана Талас өзенінің жағасына, қазіргі Байзақ ауданының орталығы болып отырған Сарыкемер ауылының маңына 10 шақырым жердегі биікте жерленді. Жерленген мазар бүгінде «Байзақ сөресі» деп аталады. Тарихи уақыт өлшемімен алғанда қысқа, 1809-1865 жылдар аралығын қамтыған Оңтүстік қазақтарына қоқандықтардың үстемдік орнатуы аса шиеленіскен, тартысты оқиғалармен толы болды. Егер 1810 жылы Ташкент хакіміне қарайтын қазақтардың саны 400 мыңға жуық болса, 1830 жылы олардың саны 2 еседен артты. Қоқан үстемдігіне Оңтүстікте 750 мыңнан – 1 млн.-ға жуық дейін қазақтар түсті. Қоқан хандығының Оңтүстік Қазақстанда жүргізген үстемдігін екі кезеңге бөлуге болады:

Бірінші кезең - 1810-1840 жылдар аралығы. Қоқан билеушілері Омар мен Мәделі хандар алдымен Ташкентті, одан соң Шымкент, Сайрам және Әулиеата, Меркіні басып алып, елді мекендерді қорған шептеріне айналдырды. Бұл кезеңде Қоқандықтардың үстемдіктерін жүргізу мақсатында әкімшілік басқару жүйесін құрды.

Екінші кезең - 1841-1865 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезең Қоқан хандығының саяси экономикалық жағынан дағдарысқа ұшырауы және орыс әскерінің Оңтүстік Қазақстанды отарлау саясатының аяқталуымен сипатталады. Бұл екі кезеңде де қазақтардың қоқан езгісіне қарсы күресі тоқтаусыз жүріп отырды.

Қоқан ханы Оңтүстік қазақтарды Ташкент хакімі (ресми түрде Ташкент және Дешті Қыпшақ хакімі деп аталды) арқылы басқарды. Ташкенттің хакімінің екі көмекшісі (орынбасары) – саркар (мырзабашы), салық жинау және азаматтық істермен және батырбашы (әскер бастық), әскери және көшпенділер (қазақ, қырғыз, қарақалпақ) ісімен айналысқан. Негізгі мақсат алым-салықтарды, міндетті қосымша төлемдерді өтеуді және Орта Азиядан Ресей, Қытайға баратын сауда керуен жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қазақтардың көшіп қонуын бақылауда ұстау болды. Орыс әкімшілігі Орта, Кіші жүзде ұзақ уақыт өздерінің саясатын қазақ хандары, сұлтандары арқылы жүргізсе, қоқандықтар Оңтүстік Қазақстанда Шыңғыс тұқымдары арқылы емес, өзіндік қатаң әкімшілік жүйе құру арқылы жүргізді. XVIII ғасырдың соңғы жылдары Ұлы жүзді негізінен Абылайдың ұлдары Әділ, Сүйіп сұлтандар Талас, Шу және Жетісудың солтүстік батысын басқарса, Түркістан, Сырдария бойындағы қалаларды Әбілмәмбеттің ұлы Болат сұлтан мен Сәмеке ханның ұлы Есім сұлтандар басқарды. Қоқандықтар үстемдіктерін 1809 жылдан басталған шапқыншылығынан кейін басып алған елді

мекендерде салған 18 әскери бекіністеріндегі коменданттар, олар жергілікті ру билері (олардың көпшілігіне датқа лауазымы берілді) арқылы басқарды. Мысалы, Байзақ Мәмбетұлы басқаруында шымыр руының әр атасының ауылынан бір би, жалпы 122 би болған. Байзақ датқа өзіне тиесілі қазақтарды осы билер арқылы басқарып, олардың шаруа-жайын, тұрмыстарын, жайылым-шабындықтарын, орын алған жағдайда даудумандарды әділ шешіп, үлкен беделге ие болған.

Қоқан хандығының оңтүстік, соның ішінде Әулиеата өңіріндегі қазақтарға жүргізген саясатының аса қатаң болуы мынандай жағдайлармен байланысты еді. Біріншіден, Қоқан және қазақтарды басқаратын, Ташкенттегі биліктің тұрақсыздығы, ішкі қақтығыстардың, төңкерістердің жиі болып тұруы. Мысалы, 1709-1876 жылдары, Қоқанда билік құрған 16 ханның 6-ы әртүрлі қастандық жолдармен өлтірілсе, ал 1841-1865 жылдар аралығында қазақ даласын басқарушы Ташкент құсбегі қызметінде болған 21 адамның, (жетеуі екі реттен), 10-ы өмірден өз өлімдерінсіз кеткен. Әрбір хан, құсбегі, аталық билікке келісімен қазақ даласына шапқыншылықтарын ұйымдастыруға ұмтылған. Себеп белгілі. Өз үстемдіктерін қазақтар арасында мойындату. Екіншіден, ХІХ-ғасырдың 60 жылдарына дейін оңтүстік қазақтарына, көршілес қырғыз ауылдарына қоқандықтардың жалпы жасаған 35 шапқыншылығы, оның елге тигізген зардаптары жөнінде ел аузында айтылатын әңгімелер, тарихи деректер жеткілікті. Үшіншіден, қазақ даласына тонаушылық жорықтарын, шапқыншылық жасаған қоқан әскерлері негізінен таулық (Памир) тәжіктерінен тұрды. Олардың қатігездігі, зұлымдықтары ерекше болды.

Қоқандықтардың оңтүстік қазақтарға үстемдігі салық түрлері мен мөлшерін үнемі көбейту (зекет, харадж секілді негізгі түрлерін қосқанда 20-ға жуық болған), әскерге, аманатқа, құлдыққа алу іс-әрекеттері арқылы жүргізіп отырды. Бұл Оңтүстік қазақтары арасында үлкен қарсылық, наразылықты тудырып, олар қоқандықтарға қарсы көтерілістерге ұласты.

Оңтүстік қазақтарының қоқан үстемдігіне қарсы 1809, 1821, 1830-1840 және 1858 жылдардағы көтерілістеріне және Кенесары ханның 1841-1845 жылғы қоқандарға қарсы ұлт-азаттық қозғалысына көптеген белгілі батыр, билермен қатар, Байзақ Мәмбетұлы шымыр руларынан құрылған әскери жасақтарды басқарып, әрдайым белсене қатысқаны тарихта белгілі.

ХІХ ғасырдың 40 жылдары Оңтүстік қазақтарын бастаған батыр, билер мен датқалар, олардың ішінде табанды түрде Байзақ Мәмбетұлы қоқандықтар мен қырғыздарға қарсы Кенесары хан жүргізген күреске қатысады. Бұл жөнінде Нысанбай жырау:

Қоқаннан ауған көп дулат,
Қарағаштай ел келген.
Мәмбеттің ұлы Байұзақ,
Балқожа, Медеу ер келген.
«Жауың қайда? Мен – жолдас, - деп,
Хан Кенеге дем берген – деп жырлаған.

Байзақ датқамен бірге Ұлы жүздің батырлары, билері мен сұлтандардың көпшілігінің Хан Кенені қолдап, қоқандықтарға, кейінірек қырғыздарға қарсы шығу себептеріне тоқталсақ. Біріншіден, елдің дербестігі, жердің тұтастығын әрдайым жоғары ұстаған Кенесары бастаған қозғалыстың жалпы ұлттық, яғни жалпы қазақтық сипатта болуында. Екіншіден, қоқандықтар мен қырғыздардың Оңтүстік қазақтарының әр кезеңдерде елдің, жердің тұтастығына нұсқан келтірген шапқыншылық саясаты.

Байзақ Мәмбетұлы ержүрек қолбасшылығымен қатар, халық болашағын ойлаған көреген тұлға болғандығын соңғы кездерде тарихи деректер дәлелдеуде. Мәселен, Әулиеата өңірінде жалпы ұзындығы бірнеше жүз километрден асатын отыздан асатын канал қаздырып, өзі басқарған елін отырықшы еткен, егіншілікке баулыған, балаларды медреседе оқытқан.

Байзақ батырдың 1810-1864 жылдар аралығындағы Қоқан хандығына қарсы күреске басшылық жасауын, Кенесары ханмен өмірінің соңына дейін бірге болғанын, оның өмір жолы мен әлеуметтік-шаруашылық қызметін, халқымыздың ұлт-азаттық қозғалысы тарихындағы рөлін алдағы уақытта толықтыратын тың мәліметтер мен деректердің табылатындығына сеніміміз мол.

Батырдың туған халқының қамын ерте, жан-жақты ойластырған көрегендігі ел үшін ештеңеден, тіпті, көпе-көрінеу төніп тұрған өлімнен де тайсалмаған ерлігі бүгінгі тарихымызда өзінің заңды орнын алуда. 1995 жылы 20 желтоқсан айында Жамбыл облысының Свердлов ауданын Байзақ есімімен атау туралы қол қойған Жарлығы аса маңызды және әділетті құжат болды. Байзақ батыр есімі Астана, Алматы, Тараз қалалары көшелеріне берілді. Бұл игі үрдістер бүгінгі ұрпақтың ұлы бабаларға деген құрметі, қазақ халқының тарихына деген тағылымы.

1-СЕКЦИЯ

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ЕЛІМІЗДІҢ АЙМАҚТЫҚ ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ

ӘОЖ 930.1

ШЕЖІРЕЛЕР – ТАРИХИ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ

Жанболатов.С.Е., педагогика ғылымдары кандидаты, тарихшы
Еркінбекова Б., тарих ғылымдары магистрі
Жалпы тарих кафедрасы оқытушылары
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті.
Қазақстан, Шымкент қаласы

Андатпа. Мақалада шежірелердің – тарихи дерек көз ретінде қаншалықты маңызды орны бар екені жан-жақты ашылған. Шежіренің дерек ретіндегі түрлеріне нақты мысалдар арқылы жан-жақты сипаттамалар берілген. Мақалада шежіре деректердің халқымыздың тарихын қалыптастыруда зор ықпалы болған авторлардың еңбектерінің шежірелік маңызы талданып шолулар жасалынған. Сонымен қатар бата, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер мен жырлардың шежіре ретінде деректік мәні де толығымен ашылған

Түйін сөздер: шежіре, деректер, тарихи, фальклор, баталар, шешен сөздер

Тарихи деректану саласында терең зерттеу объектісі бола қоймаған сонысымен де бүгінгі таңда өзекті болып ғылыми айналымға дендеп ене қоймаған нәрсе қазақ шежірелері. Шежіреде жазылған деректерге назар салып оны талдай білу үлкен білім-білікті қазақ халқының этностық, тарихи, географиялық, фальклорлық ерекшеліктерін терең білетін адамға ғана ашыла қоятын құпиясы мол дерек көзі. Ал осынау дерек көзінің сырын ашып зерттеу халқымыздың тарихын, генетологиялық түп-тамырын, тарихи оқиғаларды қыр-сырын, тарихи тұлғалардың шынайы бейнесін толығырақ танып-білуге көмектесетін әдістемелік тәсіл болып табылады. Бұл турасында белгілі қазақ ғалымы, біртуар тұлға Ш. Уәлиханов, қазақта «Бірде-бір мәнді оқиғасы, бірде-бір керемет кісісі туралы айтылмай қалғаны, халық жадында сақталмай қалғаны жоқ», - деп атап өткен [1, 157 б.]. Сондықтан да Шежірелер де жай айтыла салған немесе жазыла қалған еріккеннің ермегі емес. Ол сол шежіре жазушының белгілі бір фактілерді келешек ұрпаққа жеткізсем деген ой-арманынан туындаған шынайы дүние.

«Тарихи шежірелерге патша үкіметі саяси мән беріп, жергілікті орындардан жинатып отырған, – деп жазды Ә. Марғұлан [5, 231-232б]. Көріп отырғанымыздай патша үкіметі қарауындағы даланың асау тағысындай – көкжал мінезді қазақ халқын тезірек епке көндіріп, отарлау үшін сол отарлық саясаттың кезекті айла-шарғысын жүзеге асыру үшін шежірені жинатып, сол арқылы халықтың осал, және күшті жақтарын тап басып айырып оңай басқару үшін осынау құнды деректерді жинатқан. Сол шежіре деректерді талдау арқылы олар өздері бұратана деп атаған бірақ батыр мінезінен сескенетін халықты қалай алдап-арбап оңай игеруге болатын қитұрқы жоспарларын жүзеге асырған. Бұл жоспар орыс патшасы дәуірінде басталып Кеңес үкіметі тұсында жалғасын тапқан, аңғал халқымыз ұлт ретінде жойылудың аз-ақ алдында қалған. Бұл сөзіміз жалаң болмас үшін мына төмендегі құжаттардан үзінділер келтіріп өтейік « Как видно из помещенных в таблицах данных движения населения в различных республиках, районах и областях страны далеко не одинаково. Сразу обращают на себя внимание неблагоприятные показатели естественного движения населения по Украине и Казахстану. Стремясь объяснить причину этого явления Краваль в правительственной записке Сталину и Молотову выделяет пять групп территориальных районов в соответствии с основными тенденциями развития населения. 2-группа – национальные республики и области. Все они за исключением Казахстана, отличаются большим приростом населения как за счет естественного прироста, так и за счет притока извне: Узбекская ССР 28,8%, Туркменская ССР 18,8%, Киргизская ССР 37,2%, Азербайджанская ССР 32,8%, Армянская ССР 38,6%, Грузинская ССР 27,3%, Дагестанская АССР 28,3%, Карелия 92%. 5-группа – области в основном сельскохозяйственные с неблагоприятными показателями естественного движения населения и относительно большим по сравнению с другими областями процентом выселения за пределы области кулацких элементов. Сюда относятся сельскохозяйственные области Украины, Казахстана, Курская область, Саратовская область, Республика немцев Поволжье» Көріп отырғанымыздай Краваль бұл жазбасында сол елдердегі аштық туралы үн қатпайды тек көп жағдайды кулактандырудың салдарынан көшіп кеткен деп көрсетеді де қояды. Бұл мәселеде неғұрлым дәл мәліметті біз 1937 жылғы Денсаулық сақтау бөлімінің орынбасары М.В. Курманның мәлімдемелік хабарламасы бар. Ол ең алдымен Қазақ ССР территориясынан халықтың үдере көшуінің ұжымдастыру мен кулактандыру салдарынан екеніне мән береді. Оның есебі бойынша 1930-1932 жылдары

Қазақстанның территориясынан шет аймақтарға 1,3 млн адам кеткен. Әйтседе бұл цифрлардың ішінде өлген адамдар туралы мәлімет жоқ. Сондықтан да бұл цифрлар азайтылып көрсетілген деп санаймыз. Себебі бұл жерде Қазақ халық шаруашылығы есептеу басқармасы бастығы М.С. Саматовтың 1937 жылғы 14 қаңтардағы баяндамасын ескермеуге болмайды. Онда Қазақстанның ауыл тұрғындары 1930 жылғы Ішілдеден 1933 жылғы Ішілде аралығында 3379,5 мыңға азайып кеткенін баяндайды [3.42-43-44].

Жарайды енді шежіре мәселесіне қайта оралсақ көптген ағартушы – ғалымдарымыз өткен ғасырдың бас кезінде өмір кешіп қиямат зұлматтарды бастан өткерсе де шежірелік мәліметтер мен үлгілер жазған, айталық Шәкәрім Құдайбердиев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қазақтың тарихын алғаш жүйелеп жазған, қазақтан шыққан тұңғыш инженер-тарихшы Мұхамеджан Тынышпаев сынды көптеген тұлғалар шежірелік деректер жазып кеткен. Қазіргі таңда Ұлттық Кітапхана қорында, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер Институтының қорында шежіренің бірнеше ондаған данасы сақталған. Олардың әрбірінің өзіндік құндылығы тарихи дерек ретінде маңызы бар. Әсіресе ауызекі айтылған шежірелердің құндылығы жоғары. Себебі жазба деректер көп жағдайда кездесе беруі мүмкін. Ал ауызекі қариялардың көне көз көпті көрген кісілердің зерек тігі арқылы жадында сақталған деректер көп жағдайда жазбаша сақталмаған құнды дерек ролін атқарады.

В. Тизенгаузен жинаған парсы деректемелерінің үзінділері туралы да біршама тоқтала кеткенді жөн санап отырмыз. Әсіресе бұл кісінің Шыңғыс ханның тарихына қатысты соның ішінде Жошы ұлысының тарихы, ондағы хандардың жеке басы әдеттері мен жасаған жорықтары өзара таққа таласып қырқысканы турасында айтқан жазған дереккөздері бар. Сонымен қатар Тизенгаузен жалпы тарихи тұрғыда сол тұлғалардың жорықтарына баға беріп өзіндік ой-тұжырымдарын жасап отырғаны да салыстырмалы тұрғыда әр тұлғаның жеке сипатын дәлірек тануға ықпал ететін дерек көзінің міндетін атқарады. Бұл ғалым сонымен қатар қай ханның қанша ұлы болғанын аттарын түгел тізіп жазып қалдыруы да бұл шежіренің ерекшелігін көрсетеді. Жошының өлімі турасында да Тизенгаузеннің шежірелік дерегі қызықты тұжырым болып табылады. Берке ханның ислам дініне қалай жақын болып сол діннің белсенді қорғаушысы әрі таратушысы болу себебін көрсеткен мағлұматы да шежірелік құнды дерек. Әрі бұл деректердің көпшілігі кейін тарихшылар тарапынан расталған деректік шежірелер. Ал Тизенгаузен Батуды христиан дініне жақын болған деп оның ұлын христиан дінін қабылдаған адам етіп қоюы да шежіренің дерек көзі ретінде әлі де зерттеуге қажет етін мәлімет. Сонымен қатар Орта Азия жерінен Үндістан аумағына барып патшалық құрған Шыңғыс тұқымының бірі, З. Бабырдың жазған «Бабырнама» еңбегінің де орасан зор шежірелік құндылығы бар еңбек. Бұл еңбектің тарихи құндылығы сонда бұл тұлға көп оқиғалардың тірі куәсі болып табылатындығында, көбін өзі басынан өткерген оқиғалармен байланыстыра жазуында. Осыған ұқсас шежірелік тарихи еңбек Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегі. Мұхаммед Хайдар Дулати да Бабыр сынды өзі бел ортасында жүрген өз басынан кешкен оқиғаларды шежіреге жазып отырған.

Оның еңбегінде көптеген деректер қазақ тарихының бастауы болып бұл кісінің біздің халқымыздың тарихын ең алғаш жүйелеп жазушы – тарихшы ретінде ролінің аса зор болуы. Қазақтың тарихының бастауын іздеген адам осы Дулатидің еңбектеріне жүгінетіні сондықтан. Әсіресе бұл кісі Қасым ханның халқымыздың толыққанды халық ретінде қалыптасуында сіңірген еңбегін, әскер санының 300 000-ға жетіп қуатты мемлекетке айналу процесін атап көрсеткен тарихшы. Сонымен қатар қазақ жерінде сырттан келген рулар қожалар, төрелер, сейттер мен басқа түрлі рулардың шежірелік тарихы өз алдына бір зерттеу нысаны болатын нәрсе. Бұдан бөлек қазақтың әр руының өз шежіре жазушылары мен шежіресі бар. Деректердің бір тобына баталар жатады, қазақта батаның түрі көп. Ескіден қалған баталарға келер болсақ мысалы Қазақтарда «жеті саны киелі» деген мағына береді. Жеті қазына ұғымы бар, бұл ұғымды да Берлин музейінен табылған сақтардың «Шырақ шамы» білдіреді. Шырақ шам жеті шырақтан тұрады. Ол сақ ұғымында жеті қабат жер астындағы өмір мен жеті қабат аспандағы кіршіксіз таза жандардың тұрақ мекенін, жұмақ жайын еске түсіре отырып, жеті шырақ жаққан. Адамның о дүниелік болған соң жеті күндігін беру де осы ұғыммен байланысып жатыр. Жалпы сақ ой талғамдары қысқа сөзбен немесе суреттеме арқылы өте терең ой-тағылымын беретін ерекшелікке ие. Шырақ жаға отырып сақтарда мынадай бата түріндегі тілек болған:

Уа тәңірім қолдасын

Сақ, Иса пайғамбарлар шапағатын жолдасын.

Бак, дәулет, ырыс, ынтымақ,

Денсаулық беріп өзіме жұртыма, халқыма

Ата-бабамыздың аруақтары,

Істерімізді оңдасын.

Жүргенде жолымыз болсын,

Қыдыр бабамыз жолдасымыз болсын.

Қайыперен қырық шілтен бойымыздағы жабысқан,

Сордан арылтсын - деп тілек тілей отырып, сақтар осы тілекті бір Тәңіріге

жеткізетін, рухтарға жеткізетін дәнекер күш ретінде періштелерді қосады [4,56].

Айналайын Акперіште, біздің,

Аузымыздан шыққан ақ ниетті

Сөзімізді рухтарға жеткізіп,

Рухтарымыздың тілектерін тәңірге жеткізіп,
 Үстіміздегі жеті аспанды өз рухтарымыздың билігіне берулеріңізді өтіне тілейміз – деп қос алақандарымен беттерін сипап, бата жасаған. Жеті қат көк пен рухтар сақтардың тәңірлік ой-тұжырымының негізі болған іспетті. Бұл өмірге о дүниелік рухтардың тигізер ықпалы зор деп білген. [4,98]. Қытайдың ескі жазулары бойынша ғұндардың жақсы көрген баласына беретін алғыс бата сөзі поэзия түрінде айтылғаны аса таңсық нәрсе. Онда не деген: Ай мүйізді аққошқарым бастаған отарлы ақ қойым сенікі болсын, қамыстай сүйір құлағының жиегінде қара мені бар мөлдір көзді боз айғырым бастаған ұлан-байтақ боз жылқым сенікі болсын, шудалары төгілген, түсінен адам шошитын қара бурам бастаған отарлы түйем сенікі болсын, мүйізі қарағайдай, бөрі келсе оны жармай тыныш таппайтын көк бұқам бастаған қара малым сенікі болсын. Бата сөздегі мөлдір көзді боз айғыр – бұл жерде сұлу, сымбатты болуын тілек етсе, түсінен адам шошитын қара бура, айбынды да сұсты болуын, көк бұқа, көк бөрі – батырлықты, ержүректілікті меңзейді. Әрі көк түстің өзі Көк Тәңірі қолдап жүрсін деген ұғымдармен астасады.

Шежірелердің мазмұны да формулаларға толы: нақты әрекеттер жайында түсінік беретін халық даналығы, мақал, мәтел, шешендік сөздер, ертегілер және т.б. Қажы бабамыз ұзақ уақыт билікте болып тағын тастарда былай деген екен:

«Бай бол, малың не керек,
 Патша бол, тағың не керек.
 Ел ортасы алтын бесігім
 Оралу маған сол керек»-депті.

Яғни халықтың қалың ортасынан қол үзген ел басшысы елді ұзақ басқара алмасы анық. Қажы би осыны меңзеп, өзінің де халықтың төл перзенті екенін, ел ортасынан шыққанын және сол ортаға қайта қауышып солармен теңдей өмір кешкісі келетінін білдіре отырып, кейінгі ұрпағына тағылымы зор ой тастап отыр. Ел ортасы алтын бесік деу, сонымен қатар бала тәрбиесінде оның ақыл-ойының, мінез-құлқының қалыптасуында өскен ортаның рөлі зор екені мәлім. Жақсы орта жақсы азаматты, жақсы ел басқарушыны тәрбиелеп шыңдайды.

Сақтың даналары жазып кеткен Берлин мен Кабулдан табылған суреттемеде мынадай ой-тағылымы бар: «Иесі келгенде, ашылмасың ашылар бекінсең де, Маңдайға жазылғанды көрмей қалман, Аспанға тікесінен секірсең де» [4,90].

Шешендік сөздер заңдық, нақылдық, философиялық, сатиралық болып жіктеледі.

Ел бастау қиын емес, қонатын жерден көл табылады.

Қол бастау қиын емес, шабатын жерден ел табылады.

Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргем жоқ – деп Бұқардың тәрбиеленушінің санасына ықпалды әсері мол сөз өнеріне ерекше мән беруі осыдан. Ғұлама Ақтамберді жыраудың ақыл-ой тәрбиесі туралы мынадай өлең жолдарына зер салайықшы:

«Білімді туған жақсылар

Аз да болса көппен тең.

Иә, білімді адам аз болса да көппен тең болатын себебі, ол көп адамның ойын, білімін бір басына жинаған, айналасына жарық шашқан шамдай, оның бір басы бірнеше адамға теңеседі.

Жақсысы кеткен ауылдың

Артынан жақсы шықпаса,

Өртеніп кеткен шөппен тең» - қылышпен шапқандай неткен өткір ой десеңізші, мұнан артық жеткізіп айту мүмкін бе?

Бала тәрбиесіне терең мән берілгеніне қазақ даласының ұшқыр философиялық және педагогикалық ой-пікірлері айғақ. Оған мысал: атақты Тоқсаба шешен жолаушылап келе жатып, бір ауылдың сыртында қозы баққан сегіз жасар балаға жолығып:

– Балам, бұл қозы кімдікі? – деп сұрапты.

– Ата, бұл қозы қойдікі.

– Әкеңнің аты жоқ па еді, шырағым – десе,

– Әкемнің қара аты да, торы аты да,

Сары аты да, құла аты да бар – депті.

Шешен ішінен «Мынау бір қиқар бала екен» деп ойланып қалады. Таутекенің мүйізінен жасаған сылдырмақты шақшасынан ердің басына қағып-қағып, насыбай атады. Сонда бала тұрып: - Ата шақшаның ненің мүйізі, - депті. Балаға іштей қиястанған Тоқсаба:


Бұл біздің қоянның мүйізі» - депті. Шешеннің өтірігін естіген бала лып етіп: «Елі азғанның жері тозған» деген рас екен-ау. Біздің ел қоянның мүйізінен шаңырақ иеді. Сіздің елдікі шақшаға ғана жарапты – депті. Тоқсаба тойтарма сөзге қарсы түк айта алмаған екен [173],[174],[175],[176]. Шежіре жалпы алғанда жыр түрінде де көптеп кездеседі. Қазақтың ат қоюының өзі белгілі бір рудың генологиялық түп тамыбымен жалғасып жататын жағдайлар көп. Бір кісісі қаза болса қазақ ұзамай дүниеге келген сәбиге сол қайтыс болған адрақтысын ұмытпас үшін соның орныны басын деп сол атты қойып жаттатын жағдайлар да бар. Қазақтың шежіресі көптеген батырлардың ерлік істерін баянаумен де ұласып жататын ы белгіліСөзімізді қорыты келе Шежірелер –бұл тарих ғылымның дамуында аса бір көрнекті роль атқарған ерекше бір түрлі жанрдағы



деректер жиынтығы. Ал оның рас-өтірігі, шындыққа қаншалықты жанасымды шыққандығын ажырату тарихшылардың еншісінде. Түрлі тарихи –салыстыру тәсілдері арқылы тарихи сана мен тарихи шындықты орнықтыратын тарихшылар болуы керек.

Әдебиеттер тізімі.

1. Валиханов Ч. Киргизское родословие // Собр. соч. в 5-ти томах. – А., 1985. – Т.2. – С. 148-166.
2. Марғұлан Ә. Шежіре. Қазақ шежіресі // Қазақ совет энциклопедиясы. – 1978. – Т.12. – 595 б.
3. В.Б.Жиромская, И.Н.Киселев, Ю.А.Поляков Полвека под грифом секретно Всесоюзная перепись населения 1937года Москва. Наука. 1996г-стр 42-43-44 .
4. Ә.Бүркітбаев. Сақнаме. Алматы. Мерей. 1998-98-99б
5. Әбілова З., Қалиев С. Этнопедагогика оқулығы Алматы. Абылайхан атындағы Қаз.ХҚ және ӘТУ. 1999-125-128б.
6. Ел аузынан. Алматы. Жазушы. 1989-108-109б
7. Бес ғасыр жырлайды. I-том. Алматы. 1989-83б.
8. Жарықбаев. Қ. Қазақ тәлім- тәрбиесі. 100-102б.



ӘОЖ 39(574):910.4

ОРЫС ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЭТНОГРАФИЯСЫН ЗЕРТТЕУІ

Байболов Е.Т.

**Тарих ғылымдарының магистрі, «Тарих және география» кафедрасының аға оқытушысы
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті**

Андатпа. Мақалада ХХ ғасырдың басында республикада қазақ халқының тарихы мен этнографиясын, материалдық және рухани мәдениеті мен тұрмысы саласындағы мәдени дәстүрлер мен этнографиялық ерекшеліктерді терең және жүйелі зерттеу кезеңі басталуымен орай орыс зерттеушілерінің зерттеу еңбектері берілген.

Түйінді сөздер: қазақ халқының тарихы, этнография, материалдық және рухани мәдениет, мәдени дәстүрлер.

ХХ ғасырдың басында республикада қазақ халқының тарихы мен этнографиясын жан-жақты және байыпты зерделеу қажеттілігі туындады. Қазақстанда қазақтардың материалдық және рухани мәдениеті мен тұрмысы саласындағы мәдени дәстүрлер мен этнографиялық ерекшеліктерді терең және жүйелі зерттеу кезеңі басталды. Бастапқыда Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Оңтүстік Қазақстан аумақтарын қамтитын Түркістан республикасы құрылған Орталық Азияда жергілікті халықтың этникалық құрамын зерделеу және ұлттық-мемлекеттік межелеуді жүргізу үшін қажетті этнографиялық картаны жасау ерекше өзекті болды. Осы мақсатта 1924 жылы 6 қыркүйекте Орта Азия республикаларын ұлттық межелеу жөніндегі аумақтық комиссия құрылды. Ұлттық-мемлекеттік межелеуді дайындау мен өткізуде Ресейдің тайпалық құрамын зерттеу жөніндегі Комиссия сияқты елдің ірі этнографиялық орталығы үлкен рөл атқарды. Комиссия мүшелері (С.Е. Малов, Ф. А. Фиелструп), Түркістан мемлекеттік және ғылыми мекемелерінің этнографтары (М. С. Андреев, А. А. Диваев) жинаған материалдарға сүйене отырып, этнографиялық карта жасау және Орталық Азияның этникалық құрамын анықтау бойынша жұмыс жасады. (Гаврилов, Э.А. Шмидт, В. Н. Кун және басқалар). Ресейдің тайпалық құрамын зерттеу жөніндегі комиссияда оның бар ісін басқарған академик Бартольд үлкен рөл атқарды. 1920, 1924 және 1925 жылдары ол жекелеген ұлттар бойынша Ұлттық-статистикалық материалдарды жинады және өңдеді, библиография жасады, Түркістанның тайпалық құрамы мен қоныстануын зерттеу үшін этнографиялық экспедициялар ұйымдастырды. В. В. Бартольдтың өзі Түркістандағы жоғары білім мен шығыстану зерттеулерінің дамуына айтарлықтай үлес қосты, Түркістан ғылыми мекемелері мен қоғамдарының жұмысына белсенді қатысты. 1922 жылы Түркістан университетінің гуманитарлық факультеттерінің жанындағы ғылыми қоғамда «Түркістанды зерттеудің алдағы міндеттері» тақырыбында баяндама жасалды. 1926 және 1927 жылдары зерттеуші «түріктер мен моңғолдардың жерлеу рәсімдері туралы сұраққа» (1921), «Түркістанның мәдени өмірінің тарихы» (1927), «қоғамдық өмірдің түріктер мен моңғолдардағы шаруашылық салтымен байланысы» (1929) атты қызықты материалдарды жариялады. [1, 197]

Комиссияның Сібір бөлімі Солтүстік Қазақстандағы қазақтардың саны мен қоныстануын зерттеді. Қазақтар «Сібір халықтарының тізіміне» кірді және оны 1923 жылы С.К. Патков басып шығарды. 1918 жылы Ташкент қаласында Халық университеті мен Шығыс институтында алғаш рет қазақ этнографиясы және қазақ тілі кафедралары ашылды. Қазақ этнографиясы бойынша арнайы бағдарлама әзірлеген белгілі этнограф және

фольклортанушы А. А. Диваев осы кафедраларда дәрістер оқыды. Университет өзінің «Халық университеті» газеті мен «Халық университетінің апталығы» журналын шығарды, онда бағдарлама, дәрістер мен мақалалар жарияланды. Түркістан республикасының Халық Комиссарлары Кеңесі қаулысында тағайындау мәселелері қабылданып. Диваевқа өмір бойы зейнетақы тағайындау, Орталық Азия мұражайында оның атынан этнографиялық бөлім ашу көзделді.

1920 және 1922 жылдары Жетісу және Сырдария облыстарының қазақ ауылдарында Түркістанның байырғы тұрғындарының тұрмысын зерттеу жөніндегі комиссия ұйымдастырған этнографиялық экспедиция жұмыс істеді. Экспедицияның негізгі міндеті жергілікті халықтардың қоныстануын анықтау, этнографиялық карталар жасау үшін материалдар жинау, сондай-ақ қазақтардың мәдениетін, тұрмысын және ауызша халық шығармашылығын кеңінен зерделеу болды. Зерттеу барысында орасан зор материал жиналды, шамамен алғанда 15500 парақ жиналды, оның едәуір бөлігі фольклорлық мәтіндер, тайпалық және ұлттық қатынастар, отбасылық өмір және материалдық мәдениет туралы мәліметтер болды. Экспедиция жазба жәдігерлері сонымен қатар Өзбек КСР тарих мұражайында сақталған, сонымен қатар 277 этнографиялық заттарды сатып алды. 1920 жылы Түркістан авторларының ғылыми еңбектері негізінен «ғылым және ағарту», «әскери ой» журналдарында және Ташкентте жарияланған Түркістан ВЦИК-нің жаңалықтарында, сондай-ақ Мәскеудегі «ұлттар өмірі» және «Жаңа Шығыс» журналдарында басылды. Қазақ халқын этнографиялық зерттеудің тағы бір орталығы 1925 жылға дейін Қазақстанның астанасы болған Орынбор болды. Мұнда 1920 жылы Қазвоенткоматтың штаб - пәтері жанынан географиялық, тарихи және этнографиялық тұрғыдан өлкенің бұрынғы және әуелгі өткенін зерттеу мақсатында тарихи-статистикалық бөлім құрылды. 1920 жылы Орынборда Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамы пайда болды. Ол Қазақстанды тарихи-археологиялық, географиялық және этнографиялық қатынастарда жан-жақты зерттеуді өзінің міндеті деп санады. Қоғамның этнографиялық бөлімінің міндеттеріне жазбаша дереккөздерді анықтау, жүйелеу және жариялау, далалық материалдарды жинау және әзірлеу арқылы Қазақстанды этнографиялық және антропологиялық зерттеу, мұражайларда, кітапханаларда этнографиялық бөлімдерді ашу, этнографияның өзекті мәселелеріне қоғамның назарын аудару, этнографтар мен антропологтардың қызметін үйлестіру және бағыттау кірді. Бөлім мүшелері А. А. Четыркина, А. Л. Мелков, А. В. Затаевич және басқалар болды. [2,61]

1922 жылы А. А. Четыркина «Қызыл керуен» экспедициясының құрамында қала орталықтарынан алыс орналасқан қазақ ауылдарында болды. Ол көптеген әндер, аңыздар жазды, Орынбор мұражайына этнографиялық заттар қорын жинай алды. 1923-1924 жылдары қазақ ауылдарына зерттеуші А.Л.Мелков фольклорлық материалдарды жазып, Мәскеу мен Париждегі көрмелерге халықтық өнер бұйымдарын жинады, ал 1929 жылы қазақтардың өмірін зерттеу бойынша қысқаша бағдарлама жасады. Өкінішке орай, бағдарламада қазақ халқының рухани мәдениеті мәселелеріне аз көңіл бөлінген.

1925 жылы белгілі ғалым-этнограф және музыкант А. С. Затаевич (1869-1936 жж.) «қазақ халқының 1000 әні» атты еңбегін, қазақтардың музыкалық шығармаларын жинау және жүйелеу бойынша көп жылдық жұмыстың жемісін жариялады. А. С. Затаевич қазақ халық музыкасының көптеген шығармаларын ашушы ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының ерекше және жарқын музыкалық шығармашылығының тамаша зерттеушісі болды. 1922 жылы Э. А. Шмидт «Шымкент уезінің оңтүстік-батыс бөлігіндегі қазақ халқының рулық құрамы бойынша материалдар» атты еңбегін жариялады. Онда автор қазақ рулық топтарының таңбалары мен ұрандарын келтіреді. Сонымен қатар, олар қандай топтарда некеге тұру мүмкін немесе мүмкін еместігі туралы ақпарат жинады. Жұмыстың авторы осы мәліметтердің барлығын кітаптың соңында орналастырылған кестелерінде келтіреді. Бірінші кестеде олардың бөлімшелерімен бірге босану тізімі ұсынылады, белгілі бір елді мекенде тұратын рулық топтардың атауы көрсетіледі. Алайда, біздің ойымызша, автор керейлер мен уақтарды бір тұқымға біріктіру арқылы дәлсіздік жасады. Дәл осындай дәлсіздік А.И. Левшиннің «Қырғыз-қайсақ, немесе қырғыз-казак ордасы мен даласының сипаттамасы» атты зерттеуінде көрсетілді. Көптеген зерттеушілер оларды екі бөлек тұқымға бөледі. Бұл ретте, қазақтың көрнекті тарихшысы және этнографы М.Тынышпаевқа сілтеме жасауға болады, ол өзінің 1925 жылы Ташкент қаласында жарық көрген «Қазақ халқының тарихы жөніндегі материалдар» атты еңбегінде уақтар мен керейдің Орта жүздің жекелеген ұрпақтары екенін атап өтті. Келесі кестеде дәлсіздікті атап өту қажет, мұнда Э.А. Шмидт тұқымның ұрандары екенін сіргелі Бақтияр деп көрсетеді. Біздің ойымызша, бұл дұрыс емес, өйткені Бақтияр-Дулаттардың ұраны. 20-шы жылдары Қазақстанда Орынбор, Омбы, Семей, Алматы мұражайлары, Жетісуды зерттеу қоғамы, Орал, Көкшетау, Қостанай қалаларындағы Қазақстанның географиялық зерттеу қоғамының бөлімдері айтарлықтай этнографиялық жұмыстар атқарды. Мұражайлардың негізгі коллекцияларын жүйелеу, көрмелерді қайта құру мұражайлар зерттейтін ұлттармен тікелей байланысты қажет етті. Мұражайлардың шектеулі қаражаты оларға коллекцияларды тиісті түрде толықтыруға мүмкіндік берді. 1926 жылы «Этнография» журналы құрылды, бұл мәдени қоғам өміріндегі маңызды оқиға болды, өйткені 1916 жылы «Этнографиялық шолу» және «Тірі көнелер» журналдарын шығару тоқтатылды. 1931 жылы журнал қайта жаңа атпен аталды ол «Кеңес этнографиясы» делінді. Журналдың алғашқы редакторы академик С. Ф. Олдебург болды, содан кейін көптеген жылдар бойы КСРО Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі С. П. Толстов болды. Журнал басқа да мәселелермен қатар қазақ халқының этнографиясын зерттеу саласында үлкен жұмыс атқарды. Этнографиялық зерттеулер үшін мол материал жинады 1926 жылғы қазақ халқының санағын жүргізіп берді. [3,10]

1926-1928 жылдары этнография институтының Орта Азия экспедициясы Қазақстандағы мәдени құрылыстың бірқатар іс-шараларын шешу үшін деректер жинады. Жалпы басшылықты С.И. Руденко жүзеге асырған экспедицияның антропологиялық отряды Ақтөбе облысының батыс бөлігінде, ал 1927 жылы Қазақстанның шығысында жұмыс істеді. Антропологиялық отрядтың міндеті зерттелетін аудан қазақтарының физикалық типін анықтау, сырқаттанушылықты және қазақтардың санитарлық-гигиеналық өмір сүру жағдайларын анықтау үшін медициналық-санитарлық зерттеулер жүргізу, сондай-ақ одан әрі жұмыс жоспарын әзірлеу болды. Тұрмыс саласында отряд негізінен рулық жүйенің ерекшеліктерін және оның шаруашылық өмірімен байланысын зерттеді; атап айтқанда, отряд мал шаруашылығы, тұрғын үй, киім, тамақ, діни нанымдар, халықтық техника және ою-өрнектерді зерттеді. Антропологиялық жұмыстардың нәтижелері С.И. Руденко, С. Ф. Баранов жұмыс жасады. Бұл мәселеде А.И. Ярхоның жұмысы әлдеқайда үлкен рөл атқарды. Оның пікірінше, Алтай немесе оңтүстік Сібір қазақтарының бұл түрі тувалықтар мен буряттардың типімен нақты шектелуі керек. Сонымен қатар, А. И. Ярхо осы типтегі аралас шығу теориясына теріс көзқараспен қарады. «Біз қорытындыға келеміз, - деп жазды ол, - Алтай типінің кавказдықтардан салыстырмалы қашықтығы туралы. Бірқатар белгілер бойынша біз оны моңғолоидтық нәсілдер шеңберіне енгізе аламыз деді. Алтай мен Кавказ типі арасындағы айқын ұқсастықтар және кейбір белгілердің конвергенциясы адам тұқымының бір түрін жасаған және жасаған нәсілдік дифференциацияның эволюциялық процестерінің жаңғырығы болып табылады деген тұжырым жасады. Алтай типіндегі бет пен бастың құрылымында моңғолоидтар шеңберіне кіретін элементтердің өзіндік ерекшелігі, ерекше тән үйлесімі байқалады».

20-30 жылдары Қазақстанда Мәскеу, Ленинград, Ташкент ғалымдарының көптеген экспедициялары мен этнографиялық отрядтары жұмыс істеді, жергілікті өлкетанушылар мен этнографтар да айтарлықтай жұмыс жасады. Айта кетейік, революциядан кейінгі жылдары Орталық Азия халықтарының, оның ішінде қазақтардың мәдениеті мен тұрмысы бойынша материал жинау жүйелі сипатқа ие болды. 1920 жылы Мәскеу, Ленинград, Қазан, Омбы мұражайларында қазақтарға арналған экспозициялар ашылып, И.В. Старынкевич, Ф. А. Фиелструп, Б. А. Куфтин, С. М. Дудиннің еңбектерінде көрініс тапқан зерттеу жұмыстары жүргізілді. 1925 және 1927 жылдары Ф. А. Фиелструп Семей, Жетісу, Алматы облыстарында мал шаруашылығы заттарының этнографиялық коллекцияларын жинады. Онда байламдар, сорғыштарға арналған тұмсықтар, путтар, рогаткалар, кілем және киіз сөмкелер, ал 1933 жылы А. П. Булгаков ерлер мен әйелдер киімдерін, киіз және кілем әшекейлерін жинады, киіз үйлер Ақтөбе облысының қазақтарына тиесілі болды. 1926 және 1927 жылдары А. Г. Данилин Алматы облысының қазақтары арасында ыдыс-аяқ, ерлер мен әйелдер киімдерін, халық музыкалық аспаптарын жинады. [4,18].

20-шы жылдардың аяғы мен 30-шы жылдардың ортасына дейін этнографияның теориялық артта қалуын жеңу үшін күрес күшейе түсті. Қазақстанда этнографиялық ғылымның пәні мен міндеттері туралы қызу теориялық пікірталастар жүріп жатты. Қазақстандағы қызу даулар мен пікірталастардың көрсетілген кезеңі ғылыми-зерттеу және экспедициялық жұмыстардың күрт құлдырауымен сипатталады. Тіпті 1928 жылы жарияланған В. Н. Кунның «Қазақтарды этнологиялық зерттеу міндеттері» және 1929 жылы А. Л. Мелковтың «Қазақтардың өмірін зерттеу бағдарламалары» мақалалары этнографиялық зерттеушілер саласында жандануға себеп болған жоқ. Бұл жерде, біздің ойымызша, этнографияға нигилистік көзқарастың әсері, одақтас республикаларда этнографиялық ғылымның дамуының перспективасыздығы туралы теория және сонымен бірге этнографиялық зерттеулердің міндеттерін тарыту әсер етті. 30-жылдардың басында этнография саласындағы қолданыстағы өлкетану мекемелерінің қызметі экспонаттарды жинау мен мұражай экспозицияларын жаңартудан әрі қарай жүрмеді. 1935 жылы П. А. Хохолко әділетті түрде былай деп жазды: «Қазақстанда этнография бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы әлі айтарлықтай дамымаған. Қазіргі уақытта тарихшылар, тілтанушылар, фольклортанушылар қандай да бір дәрежеде қолданатын этнографиялық материал туралы айтуға болады». [5, 52]

1920 ж. Қазақстан этнографиясы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарында қазақ қолданбалы және сәндік өнерін зерттеуге көп көңіл бөлінді. Бұл жұмыстарда құнды мәліметтер мен қызықты ойлар бар. Бірақ олардың кейбірінде Ираннан шыққан қазақ ою-өрнектері бар деген пікір бар. Бұл пікірді алғаш рет этнографиялық әдебиетте 19324 жылы А. Миллер, содан кейін 1927 жылы Орыс мұражайының этнографиялық бөлімінің ғылыми қызметкері, КСРО Ғылым академиясының Қазақ экспедициясының антропологиялық отрядының мүшесі Е. Р. Шнейдер «Қазақ ою-өрнегі» атты мақаласында айтқан. Бұл бағытта С.М. Дудиннің жұмыстары үлкен маңызға ие болды, онда қазақ ою-өрнектерінің кейбір ерекшеліктері тұжырымдалған және көркем қолөнер жасау техникасы сипатталған. Ою-өрнек мотивтерінің пайда болуы мен эволюциясы туралы мәселеге тоқталмай, ол қазақ ою-өрнегінің төрт тән ерекшелігін атап өтеді. 1. Фон мен ою-өрнектің түрлі-түсті аудандарының теңдігін сақтау үрдісі. 2. Ою-өрнек мотивтерін өз бетінше пайдалану үшін «әсіресе аппликацияда» суреті бойынша бірдей Фон алуға бейімдеу. 3. Көлденең немесе екі осьтік оське қарағанда тік ось бойынша симметрияға үлкен артықшылық беріледі. 4. Түрлі-түсті гамманың шектелуі. Тондардың ауқымына келетін болсақ, ол киізден және ағаштан жасалған бұйымдарда өте кедей, бірақ ескерткіштерді безендіруде, кестелерде, тоқылған жолақтарда (негіздің бойлық жіптерімен қалыптасқан өрнектері бар жолақтарды қоспағанда) киіз үйдің түнгі жамылғысын нығайтуға қызмет етеді. Осылайша, XX ғасырдың басындағы жүргізілген этнографиялық зерттеулер өз межесінде жүрмегенімен қазақ халқының сан ғасырлық



мәдениеті кейінгі кезеңдерде эрттеуші ғалымдардың негізгі зерттеу нысандарының бірі ретінде жалғасын тапты.

Әдебиеттер тізімі

- 1.Э. А. Масанов. КСРО-дағы қазақ халқын этнографиялық зерттеу тарихының очеркі. Алматы, 1966.- 197 б.
2. XIX-XX ғасырлар тоғысындағы қазақтар шаруашылығы. 1980.-61 б.
- 3.Қосанбаев С.К. Қазақтардың этнологиясын зерттеу тарихы (XVII 40 жж. XX ғ.). Алматы. 2001.-10 б.
- 4.Қосанбаев С.К. Қазақтардың этнологиясын зерттеу тарихы (XVII 40 жж. XX ғ.). Алматы. 2001.-18 б.
- 5.Н. Әлімбаев, Х. Арғынбаев. 30-50 жылдардың аяғындағы тарихнамадағы революцияға дейінгі Қазақстан тарихының тарихи-этнографиялық мәселелері // Қазақстан тарихнамасы және деректану мәселелері: (революцияға дейінгі кезең). Алматы, 1988.- 52 б.



ӘОЖ 930(091)

Ш. УӘЛИХАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ДЕРЕКТІК НЕГІЗДЕРІ

Серубаева Аурика Темірханқызы, PhD доктор, доцент
Күреншеев Дінмұхамед Мұратханұлы, 2 курс магистранты
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Қазақстан, Тараз қаласы

Ш. Уәлиханов шығармаларының деректік негізін жазба деректер, мұрағаттық деректер, халық ауыз әдебиетінің үлгілері, археологиялық, нумизматикалық, эпиграфикалық, топонимикалық, географиялық, тарихи-географиялық, картографиялық және бейнелеу өнерінің деректері құрайды. Шоқан ғылыми айналымға көптеген түпнұсқаларды, Омбының облыстық мұрағатында сақталған мұрағат құжаттарын, шығыс авторларының өзі Қашғариядан алып келген қолжазбаларын, ел аузынан жинап алған қазақтың, қырғыздың аңыздары мен ертегілерін, эпиграфиялық жазбаларды енгізді.

Шоқан Уәлихановтың шығармаларының негізін құраған жазба деректерді үш топқа бөліп қарауға болады. Бірінші топқа еуропалық ғалымдардың, екінші топқа шығыс ғалымдарының, ал үшінші топқа қытай деректерін жатқызамыз. Ғалым еуропалық ғалымдардың ішінде Небольсиннің, түрік ғалымы Кятиб Челебидің, ағылшын ғалымы Дженкинсонның, француз ғалымы Клапроттың, Левшиннің, белгілі шығыстанушы Сенковскийдің, бурят ғалымы Банзаровтың, Березиннің, еңбектерімен жақсы таныс болды және оларды өзінің еңбектерінде пайдаланды. Шығыс ғалымдарынан Қадырғали Жалаиридің «Жами-ат тауарих», Әбілғазының «Түрік шежіресі», «Шайбани наме», Бабур жазбалары, Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди», «Сұтұқ Бұғрахан тарихы», «Туғлуқ Темір хан тарихы», «Қожалар тарихы», «Абумүслим Мауризи» атты ортағасырлық шығыс қолжазбаларын өзінің еңбектерінде негізгі дерек ретінде пайдаланды. Шоқан Уәлиханов қытай деректерін әсіресе, қырғыз халқының этногенез мәселесін зерттегенде кеңінен пайдаланғанын көреміз. Сонымен қоса Шоқан Уәлиханов қытайдың көне тарихи-географиялық деректеріне назар аударған. Ол Г.Ю. Клапроттың еңбегі арқылы қытай карталарымен таныс болған [1, 99 б.]. Шоқан шығыс деректеріне, әсіресе қытай деректеріне сын көзбен қарайды. Шоқан мәліметтерді әр түрлі түпнұсқалардан ала отырып, оларды тексеруге, көрсетілген мәліметтерді салыстырып отыруға тырысты.

Шоқан алғашқы танысқан ортағасырлық қолжазбасы Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі» болатын. Шоқан Уәлиханов 1825 жылы Қазан қаласында түркіше қолжазбаснан жарық көрген Әбілғазы Бахадүр ханның «Шежіре-и түрк» (Түркі шежіресі) еңбегімен танысады. Кітаптың авторы Әбілғазы хан 1661 жылы «Шежіре-и Тарахима» (Түркмен шежіресі) атты құнды еңбегін жазып бітіреді. Алпыс жасынан бастап, биілігін баласы Анушмұхаммедке тапсырып, «Шежіре-и түрк» атты өз ата-бабаларының тарихын жазуға отырады. Кітап жартысынан асқанда, ауруға ұшырап, жазуға шамасы келмей оны бітіруді балаларына өсиет қылып тапсырып, дүниеден өтеді. Шығарманы ұлы Ануш батыр 1664 жылы аяқтайды [2, 136-137 бб.].

Шоқанның Әбілғазы шежіресіне алғашқы сілтемесін біз оның алғашқы зерттеуінің бірі – «Профессор Березинге хат» атты зерттеуінен кездестіреміз. Шоқан Березиннің 1850 жылы шығарған «Хан жарлықтары» еңбегіндегі Тоқтамыс, Темірқұтлық және Сағадатгерей хандардың атынан жазылған Алтын Орда заманының қыпшақ тілді жарлықтарында кездесетін көне сөздердің мағынасы жөнінде пікір білдіреді. Сол дәуірдегі даруға, басқақ, бітікші, тамғашы, тартынақшы сияқты әкімшілік шендер мен оғлан, бек, би сияқты дәрежелер туралы сөз ете отырып, Әбілғазы шығармасы мен «Шайбанинамеде», Жалаиридің «Жамиғ-ат-тауарихында» Шыңғыс ханға дейін әр рулардың өз хандары болғаны, алайда Шыңғыс олардың басын қосқаннан кейін, сол дәрежелері деңгейіндегі бек мәртебесінде қалғаны, олардың күшті, қуаттыларымен туыстық, құдандалық байланыстар құрғаны туралы жазылғандары назар аударды [2, 137 б.].

Шоқан Уәлиханов Қашғардан іздеп таба алмай келген «Тарихи Рашиди» еңбегін шығыстанушылар И.И. Березин мен Мұхамедәлі мырза Қазымбек арқылы Петербург университетінің шығыс тілдері факультетінің кітапханасында сақталып тұрған парсыша қолжазбасы арқылы танысады. Аталған қолжазбаны бұл жерге қалай келген дегенге келсек, мұны кезінде Бөкей ордасының ханы Жәңгір Бұқарадан құнды шығыстық қолжазбалармен бірге осы «Тарихи Рашиди» шығармасы да қолына түскен. Ол бұл шығарманы тағы бір-екі шығармамен бірге өзінің танысы профессор Қазымбекке тапсырады [3, 81 б.]. Ал Қазымбек бұл кітапты өзі жұмыс істейтін университеттің шығыс тілдері факультетінің кітапханасына тапсырады. Шоқан кітапты осылайша қолына түсіреді.

Қазақ халқының тарихы үшін маңызы жоғары және Орталық Азия тарихы жөнінде көптеген мәлімет беретін Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» атты еңбегін алғаш рет Ресей ғалымдары арасынан бірінші болып ғылыми айналымға енгізген Шоқан Уәлиханов болатын. Оның әйгілі «Жоңғария очектері» еңбегінде 1861 жылы Петербургтегі ЗРГО-ның (Записки Русского Географического общества) 1-кітабында 184-200 беттерде, 2 кітабында 35-58 беттерде басылып шықты.

Міне, осындай аса құнды ғылыми басылымның 2-3 беті М.Х. Дулатидің «Тарихи Рашиди» кітабына арналған. Онда Ш.Уәлиханов осындай құнды тарихи кітаптың сол уақытқа дейін Ресей ғылымында белгісіз болып келгені туралы айтады. Сонымен қатар ғалым өзінің «Тарихи Рашидиден» үзінділер деп аталатын құнды зерттеуінде кітаптың мазмұнына тоқтала отырып, өзі Қашғардан алып келген қолжазбалардың авторлары туралы айтып өтеді [4]. Ғалым «Тарихи Рашидиден» үзінділер деген шығармасында Ғылым академиясының музейінде тұрған «Тарихи Рашиди» қолжазбасын Қашғар хакімбегі Жүніс Тәжінің тапсыруымен Мұхаммед-Садық Қашғаридың түркішеге аударғаны туралы жазады. «Тарихи Рашидиде» тарқатылған автордың ата-тек шежіресіне қатысты мәліметтерді тарқата отырып, оның арғы бабаларының бірі Бауырту Дуғлаттан бергі кестені сызады [3, 81 б.]. Ғалым 1554 жылға дейін Орталық Азия тарихынан көп мәлімет беретін осындай еңбектің Еуропада аты ғана белгілі екенін айтып, оның осы күнге дейін ғылыми айналымға енгенін жазады. Ғалымға парсы тілінде жазылған қолжазбаны Хұсайын бин Файзхан қазақшаға жуықтатып аударып береді.

Шоқан Уәлиханов Қашғардан «Сұтұқ Бұғрахан тарихы», «Туғлуқ темір хан тарихы», «Қожалар тарихы», «Абумүслим Мауризи» атты сирек ортағасырлық құнды қолжазбаларды әкеледі. Аталған шығыстық қолжазбаларды ол шығармаларында кеңінен пайдаланады және оларды тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізеді. Шоқан «Шейбани-наме» мен «Шежіре-и-түрктін» көптеген жерлерін жазып алып, солардың негізінде теориялық жағынан маңызды «Қырғыздың шежіресі» атты еңбегін жазды. «Джами ат-тауарихты» Уәлиханов сирек ұшырасатын тарихи шығарма, XV, XVI ғасырлардағы қазақтың тарихи аңыздар жинағы ретінде бағалады.

Ш.Уәлиханов өзінің еңбектерінде этнографияның барлық дерлік негізгі мәселелерін қозғаған. Шоқан бірнеше шығыстық және еуропалық тілдерді білді. Соның арқасында ол көне және ортағасырлық деректерді түпнұсқада оқуға мүмкіндігі болды. Орталық Азия мен Қазақстанның географиясына, тарихына қатысты материалдардың орыс тіліндегісінен басқа, барлық еуропалық және шығыстық деректерімен еркін жұмыс жасай алды. Нумизматикалық, эпиграфиялық және қолжазбалық түпнұсқалардың аса ірі бағалаушысы әрі жинақтаушысы Шоқан Уәлиханов бұл жолдағы қиындықтардан еш тартынбаған. Шоқан Омбы мұрағатында ұзақ отыруға уақыты болмағандықтан бұл жұмысты Г.Н. Потанинге тапсырып отырған. Шоқанға мұрағаттық деректер әсіресе, қырғыз халқының автохтонды халық екенін анықтау үшін қажет болды.

Көшпелі халықтарды – қазақтар мен қырғыздарды зерттеу үшін, ғалымның пікірі бойынша, олардың аңыз-ертегілері, өлең-жырлары ерекше маңызға ие деп санады. Шоқан «Көшпенді халықтардың және жалпы жазуы жоқ тайпалардың тарихы үшін басты түпнұсқа олардың жартылай ойдан шығарған аңыз-ертегілері және олар тоқайласқан мәдениетті халықтардың, ең алдамен қытайлардың, арабтардың жылнамаларындағы үздік-үздік хабарлар болды және бола береді» деп жазды [5, 59 б.].

Шоқан жас күнінен-ақ қазақ халық ауыз әдебиетіне қызығып өседі. Ауылға жиі келіп тұратын халық жыршылары мен аңыз-ертегішілерінің бұған тигізген әсері аз емес. Шоқан жыр үлгілерін жазып алатын жіне оларды ата-анасына дауыстап оқып беретін. Бала күннің өзінде-ақ ол «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер көкше» жырларының бірнеше нұсқасын жазып қойған, кейінірек оларды өзінің оқытушысы Н.Ф. Костылецкийдің қолына тапсырады. [6, 17 б.].

Қазақ шежірелерін зерттеуде Ш.Уәлихановтың рөлі зор. XIX ғ. қазақ шежіресі туралы мағаналы ғылыми мақала жазған ірі ғалым Ш.Уәлиханов Абылайдың шежіресін толық түрде сақтаған. Осы мәселе зерттелген оның мақалалары – көшпелілердің тұрмысы мен мәдениетіндегі шежіре дәстүрінің орны, ішкі мазмұны мен қызметі туралы жасалған құнды ізденіс [7, 16 б.]. Шоқан әйгілі «Қазақ шежіресі», «Абылай», «Қазақ хандары мен сұлтандарының шежіресі», «Қырғыз туралы», «Ұлы жүз туралы», «Оңтүстік Сібірдегі тайпалар», «Ұлы жүздің аңыз-эпсаналары», «XVIII ғ. батырлар жыры», «Шона батыр туралы аңыз» атты бірнеше ғылыми шығармаларында шежірелер туралы айтады. Шоқан жалпы түрік-моңғол жұртының тарихи жәдігері туралы, оның шығу тегі, тарихи деректері мен, мәдени ерекшеліктері, тәңірлік түсініктері, бақсылық дәстүрі, ру құрылымы, халық күнтізбесі хандары, космогониясы. Наным-сенім жүйесі, қазақ ортасындағы мұсылмандық құқық, шежірешілер, қария сөз, аңыздардың мазмұны, атақты адамдары, рухани құндылықтары сияқты көп мәселелерді зерттеп, ізденген. Ғалым қазақ халқының шежірелік мұрасын тұтас мәдениет деді, «бұл дастан-шежіренің барлығы – ішіндегі айтылып отырған оқиға, мақал-мәтелі, халық әдеті қазақ халқының өткен



тарихи және рухани өмірін суреттейді, қазақ тарихын жазу, оның шығу тегін анықтау үшін таптырмайтын тарихи дерек», - деп көрсетті [7, 17 б.].

Шоқан Уәлиханов бірінші болып ғылыми айналымға тарихи деректердің жаңа түрін, қазақтар мен қырғыздардың ауызша халықтық дәстүрін дерек ретінде енгізді. Ол бірінші болып Азияның түркі халықтарының этногенез мәселесі, исламның рөлі, әлеуметтік-саяси құрылымы және т.б. тарихтағы шешімін таппаған бірқатар мәселелерді көтереді және оны шешуге тырысады. Ғалым Орталық Азия халықтарының тарихын зор қызығушылықпен зерттеді. Әсіресе, қазақ және қырғыз халықтарының этногенез мәселесіне көп көңіл бөлді. Осы мәселені зерттеу барысында ол тұңғыш рет ғылыми айналымға халық ауыз әдебиетінің үлгілерін тарихи дерек ретінде пайдаланды. «Едіге», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Манас» жырларын жазып алып, оларға жоғары баға беріп, оларды тарихи дерек ретінде пайдаланды. Ғалым сондай-ақ: «Халық аңыздарының қандайы болмасын, әсіресе, тарихи аңыздар аса қызықты... бұл жөнінде қазақ аңыздары өзінің мейлінше қарапайымдылығымен, айқындығымен онда табиғатқа қайшы ғажап оқиғалардың жоқтығымен айрықша бағалы орын алады. Ол көбінесе Әбілғазы хабарларында құпталады, әсіресе, «Жәми ат-тауарихтың», қырғыз-қайсақтың жазғаны таңдай қағарлық... Бірде-бір айтулы оқиға, бірде-бір тамаша адам халқының есінен шықпай сақталып қалған» деп жоғары баға береді [5, 23-24 бб.]. Шоқан аңыз-ертегі, мақал-мәтелдерді тез жазып алумен ғана шектеліп қоймай, олардың мазмұны мен маңызы туралы да үлкен ғылыми тұжырымдар жасады. Халықтың этнографиялық материалдарына сүйене отырып, - деп көрсетеді Уәлиханов, біз ақиқатты тікелей ашпағанмен, сол ақиқаттың кейбір құнды жақтарын түсінуге мүмкіндік аламыз дейді [8, 4 б.].

Шоқанды қызықтырған жырдың бірі «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» жыры болатын. Ол жырды 1851 жылы әкесі Шыңғыспен бірге жазып алады. Шоқан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының бірнеше нұсқасын жазып алған, соның бірі «Құсмұрын нұсқасы» оны Жанақ ақынның аузынан жазып алған. Поэманың келесі бір нұсқасын Шоқан 1864 жылы Омбыда Шөже ақыннан жазып алады. Шоқан ол кезде генерал Черняевтың экспедициясымен сапарға аттанғалы тұрған болатын. Жазбаның тысында Шоқанның қолымен жасалған белгілер бар. Бұл нұсқа да профессор Березиннің мұрағатында сақтаулы тұр және біраз бөлігі оның «Түрік хрестоматиясында» жарияланған. Өкінішке қарай, Березиннің жариялағаны қанағаттанғысыз, онда көптеген қателіктер мен бұрмалаушылықтар кездеседі. Жырды ұзақ уақыт зерттеген академик Әлкей Марғұлан: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры қазақ халқы ғасырлар бойы айтып келген сахардағы мал өсіруші тайпалардың шығарған бір жарқын сәулетті әңгімесі. Бұл жыр туралы көп зерттелді. Ғалымдардың бұл жойқын поэманы зерттеуге итермелейтін себеп, Көрпеш пен Баян сұлудың тарихи заманнан келе жатқан мұнарасы, яғни екеуінің құрметіне салынған кешен» деп жазады [9, 284 б.].

Шоқан Уәлиханов Қозы Көрпеш – Баян сұлу кешенін, онда тұрған мүсін тастарды тереңірек зерттеді. Шоқанның ең алғаш көруінше «екі ғашыққа арнап салған атақты белгі осы күнге дейін Аягөз өзенінің оң жағасында Қызыл Қия бекетінен 10 шақырым төменірек, Семейден Қапалға баратын жолдан біржарым шақырымдай әрірек тұрады. Күмбезді таспен қалап, арасына балшық құйып отырған. Биіктігі 7 құлаштай. Астын төрт бұрышты қырлап көтеріп, үстін пирамида сияқты етіп, ішіне еңсесі бар, күмбез етіп жасаған. Үйдің іштің қабырғасында тастан дөңгелете жасаған кісі отыратын орындықтар бар. Есігі оңтүстік-шығысқа қараған, жоғарғы жиегінде терезе сияқты тесіктері көрінеді. Күмбездің іргесінде төрт мүсін тас тұр, олардың үшеуін алқамен әшекейлеген. Біреуі өзгесінен көп биік, бірақ басы жоқ, бір қара надан қағып түсірген. Ойға жүйрік бір қазақтың айтуынша бұл шайтан қағып түсірген Қодар болу керек» – дейді. «Бірақ Қодардың мүсін тасы өз қабырының басында тұр» деп жазады [9, 288 б.].

Шоқан Уәлиханов 1856 жылы Ыстықкөлге саяхатқа бара жатып, Қозы Көрпеш кешенін суретке түсірмекші болады. Алайда ауа-райының қолайсыздығына байланысты оның реті келмейді. Мүсін тастарды Шоқан қайтар жолда суретке түсіріп алады, алайда бұл суреттер оның мұрағатында сақталмаған. Бұл жырдың негізгі мотиві махаббатты ардақтау, екі жастың аз уақыт қызық көріп, кейін трагедияға ұшырағаны болып табылады [9, 343-351 бб.].

«Едіге» жыры қазақ халқының ең үздік жырларының бірі. Бұл жырды БК (б) П Орталық комитетінің «Татарстан партия ұйымы бұқаралық-саяси және идеологиялық жұмысының жайы мен оның жақсартудың шаралары туралы» 1944 жылғы тамыздағы қаулысынан соң «Едіге» эпосы халыққа жат деп жарияланды, тіпті, жырдың атын атауға тиым салынды [10, 1 б.]. Жырды зерттеу тоталитарлық жүйе құлап, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мүмкін болды. Жырдың түрік халықтары арасында отыздан астам нұсқасы бар. Қазіргі уақытқа дейін «Едіге» жыры филология саласында біршама зерттеліп, зерттеу объектісіне айналған. «Едіге» жыры туралы П.Мелиоранский, А.Самойлович, П.Фалев, Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, А.Орлов, В.Жирмунский, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, С.Садырбаев, Ш.Ыбыраевтар құнды пікірлерін білдірген [10, 2 б.]. 1841 жылы Шоқан қыпшақ Жұмағұл ақыннан «Едіге» жырын естіп біледі. Жырдың ең ескі нұсқасын Жұмағұл Шыңғысқа тарту етеді. Шыңғыста бұл тарихи жырдың үш нұсқасы болған. Осы үш нұсқаны біріктіріп, Шоқан мен Шыңғыс жырдың толық бір нұсқасын жасайды. Ал зиялы Ахмет Жантурин оны таза қағазға жазып шығады [11, 13 б.].

Шоқанды бұл жырдың XV ғасырға жататыны қатты қызықтырды. Шоқан «Едіге, Тоқтамыс хан мен Ақсақ Темір тарихта болған адамдар. Бұл халық аңыздарымен ғана емес сонымен қатар жазба деректермен дәлелденеді. Ибн Арабшахтың айтуынша Едіге Ақсақ Темірдің ең үлкен жауының бірі болған. Халфиннің

хрестоматиясында қазан татарларының аңызы бойынша құрастырылған Едігенің шежіресі бар» деп жазады [12, 224 б.]. Шоқанның айтуы бойынша Орта Жүздегі Ұлытаудың батыс бөлігінде бөлек орналасқан шың Едіге шыңы деп аталады. Осы шыңның басында қорған бар. Бұл қорған Едіге қорғаны деп, ал тау Едіге тауы деп аталады. Қазақтар оны өздерінің батыры деп санап, оған арнап құрбан шалады. Мал сойып құрбан шалу қазір азайып кеткенін, алайда онда өсетін бұталарға киімдерін жыртып, кейде жылқының жалын байлап кететінін, ал А.И. Шренк онда болып оның суретін дәл салғаны туралы жазады [12, 224 б.].

Шоқан «Едіге» жыры XIV ғасырдың соңына жатады, ал жыр XV ғасырда қалыптасқан деген тұжырым жасайды. Мұны Шоқан жырда көптеген көне сөздер мен сөз тіркестерінің кездесетінін және онда бірде-бір парсы немесе арап сөздерінің жоқ екенінен айтады. 1822 жылы жарық көрген Ибрагим Халфиннің қазан татарларының аңызы бойынша жасалған Едігенің шежіресі мен Ибн-Арабшахтың жазғандарымен таныса келе Шоқан Едіге жөнінде Едіге Тоқтамыстың тұсында маңызды қызмет атқарғанын, мәселен, «қырым мәселесін, әскери істі» басқарғанын аңғарады. Ол сонымен қатар би болған деген қорытынды жасайды. [12, 229 б.].

Шоқан Уәлиханов «Едіге» жырына ерекше көңіл бөліп, оның бастамасын бірнеше рет қағазға түсірген. Онымен 1904 жылы профессор Н.И. Веселовскийдің редакциясымен жарық көрген Императорлық Орыс Географиялық қоғамының этнография бөлімі бойынша XXIX томына қосымша ретінде шығарылған «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың шығармалары» деген атпен жарық көрген еңбек арқылы танысуға болады [12, 223-233 бб.] Тарихқа зер салсақ Едіге бар ғұмырын халқының бірлігі мен болашағы үшін күреске арнағаны белгілі. Сонымен қатар жырда «Алаш», «Алаша хан» және «ноғайлы» деген этнонимдер кездеседі. Жырда Тоқтамыс ханның жұрты ноғайлы жұрты деп аталады. Тоқтамыс хан жұртымен қоштасқан кезінде: «Алаш та, Алаш болғанда, - Алашадан хан болғанда...» - деп сөйлейді. Бұл жерден шығатын мәселе, ноғайлы жұрты бұл кейбір зерттеушілеріміздің шатасып айтып жүрген «ноғай халқы» немесе «ноғай этносы» емес, Алтын Орданың тұрғындары, яғни жұрты ноғайлы деп аталған. Бір сөзбен айтқанда, «ноғайлы» бұл да «қазақ» сөзінің ескі этнонимі болып табылады.

Ж.А. Асанов: «Едігенің» көп версиялы, ондаған нұсқалы, халық жүрегіне жақын болып қалыптасуының негізгі бір себебі, тілінің көркем, композициясының шебер болғандығына ғана байланысты емес, түркі халықтарының есінде өшпестей орын алған тарихи оқиғаларға да қатысты... Оның үстіне сақталып қалған тарихи деректер, негізінен, ірі оқиғаларды ғана шежірелеген, ал шын мәнінде, Едіге, Тоқтамыс, Ақсақ Темір аралығындағы өзара байланыс анағұрлым шытырман, иірім, бүкпесі көп болғаны аңғарылады» деп өз ойын түйіндейді [13, 15 б.]. Едіге Алтын Орда мемлекетін қайта қалпына келтіруге бар күш-жігерін жұмсады, мемлекеттің абыройы асқақтатты, жауласқан көршілерінің сағын сындырып, Ақсақ Темірдің үлкен жауының бірі болды. Ол білікті саясаткер, батыр қолбасшы болған. Едігеден кейін Алтын Орданың шаңырағы шайқалып, бұрынғы күш-қуаты кеми береді.

Шоқан Уәлиханов қырғыз халқының атақты эпикалық жыры «Манасты» алғаш рет жазып алып, оған тұңғыш рет тарихи және әдеби тұрғыдан ғылыми сараптама жасап, оның «Көкетай ханның өлімі мен оның асы» атты үзіндісін орыс тіліне аударды. Шоқан: «Қырғыздардың ноғайлы дәуіріне жататын «Манас» атты жалғыз жыры бар. «Манас» қара қырғыздардың барлық мифтер, ертегі, аңыз-әңгімелерінің бір кезеңге және бір адамның – Манас батырдың төңірегіне топтастырылған энциклопедиялық жинағы. Бұл дала Илиядасы тәрізді нәрсе. Қырғыздардың тұрмысы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, географиясы, діни ұғымдары мен медициналық түсініктері және олардың халықаралық қатынастары осы орасан зор жырда айқын суреттеледі. «Манас» - жекелеген көп оқиғалардан құралған тұтас еңбек. «Семетай» атты екінші бір жыр «Манастың» жалғасы іспетті және ол қырғыздардың Одиссеясы» [14, 38 б.] деп қорытынды жасайды.

Шоқанға «Манастың» «Көкетай ханның өлімі мен оның асы» деген қызықты үзіндісі өзінің шынайылығымен, қырғыздар жайлы тарихи-этнографиялық, шаруашылық, тұрмыс-салт және заң саласындағы құнды мәліметтерімен, сонымен бірге Қазақстан жерін мекендеген ертедегі тайпалардың қарым-қатынастары жөніндегі мағлұматтарымен ұнайды. Бұған қоса, үзіндіде ертедегі қырғыздардың Оңтүстік Сібірден Тянь-Шаньға көшуі айқын суреттелген. Шоқан мен Радловтан бұрын «Манас» жыры Еуропа әдебиетіне мүлде белгісіз болатын. Оның қысқаша сюжетін ең алғаш қағаз бетіне түсіріп кеткен XVI ғасырдың бас кезінде Ферғанада өмір сүрген Сейфуддин Ахсикенти болатын. Бірақ Сейфуддиннің жазғандары Орта Азия халықтарының әдебиетіне кеңінен тарамай, сол дәуірдің өзінде белгісіз болып қалып қойған [6, 248 б.]. «Манас» жырын бірінші рет жарыққа шығарған Шоқан, одан кейін академик Радлов болып табылады.

Манас жырын тұңғыш зерттеген Шоқан бұл жырды ноғайлы заманында, яғни XIV-XV ғасырда шыққан деп түсінген. Шоқан айтқандай, Манас жырының жаңадан тұтасып айтылған кезеңінің бірі – Ноғайлы-Қыпшақ заманы. Ежелгі дәуірдегі ғұндар сияқты, қыр далада қызықты әңгіме, шалқыған ерлік жырын, махаббат жырларын шығаруда қыпшақтардың рөлі жоғары болған [6, 367 б.]. Мақалада айтылған мәселелерді қорытындылай келе, Ш.Ш. Уәлихановтың шығармаларының негізін құраған бірнеше деректерге талдау жасай отырып, ғалымның зерттеулерінің деректік қорлары сан-қырлы және ғылыми негізі жоғары екенін аңғаруымызға болады. Деректердің мұнша көп-қырлы болуы ғалымның шығармалары арқылы жасалған қорытындылар мен жаңалықтардың барынша нақты және өміршең болтыны сөзсіз.

- 1 Еженханұлы Б. Ш.Ш. Уәлиханов пайдаланған көне Қытай тарихи-географиялық деректер // Отан тарихы. - №3 (63). – 2013. – 99-107 бб.
- 2 Бейсенбайұлы Ж. Шоқан және Әбілғазының «Түркі шежіресі» // Л.Н. Гумилев атын. ЕҰУ хабаршысы. - №3 (76). – 2010. – 136-140 бб.
- 3 Бейсенбайұлы Ж. Шоқан және «Тарих-и Рашиди» // Ақиқат. - 2010. - №6. - 80-83 бб.
- 4 Өтениязов С. Шоқан Уәлиханов және «Тарихи Рашиди» // Ана тілі. – 2014. – 4-10 қыркүйек. №35 (1241). - 9 б.
- 5 Сүлейменов Р.Б., Моисеев В.А. Шоқан Уәлиханов – шығыстанушы. Туғанына 150 жыл толуына орай. – Алматы: Ғылым, 1985. – 112 б.
- 6 Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. Құраст. Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан. – Алматы: «Алматы-Болашақ» баспасы, 2011. – Т.10. – 592 б.
- 7 Алпысбес М.А. Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу: монография. – Астана: «BG-Print» ЖК, 2013. – 380 б.
- 8 Оразбеков А. Шоқан Уәлиханов. – Алматы, 1985. – 15 б.
- 9 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар: Ғылыми-зерттеу мақалалар... (Құрастырған Р.Бердібаев – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
- 10 Е.М. Мағауин. «Едіге» жырының тарихилығы және көркемдік ерекшеліктері. - Фил. ғыл. канд. авторефераты. – Алматы, 1995. – 25 б.
- 11 Алпысбаева Қ.Б. Уәлиханов – фольклортанушы. Алматы: «Ғылым». – 2001. – 124 б.
- 12 Сочинения Чокана Чингисовича Валиханова. Изданы под редакцией Н.И. Веселовского. – Санкт-Петербург. – Типография Главного Управления Уделов. – 1904. – 531 с.
- 13 Ж.А. Асанов. «Едіге» жыры-тарихи қаһармандық эпос. – Фил.ғыл. док дисс. автореф. – Алматы, 37 б.
- 14 Ш.Ш. Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. I том /2 басылым. – Алматы: «Толағай групп», 2010. – 376 б.



ӘОЖ 94 (574)

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ӨЛКЕДЕГІ АГРАРЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР МӘСЕЛЕСІ КЕҢЕСТІК ТАРИХНАМАДА

**Қалыбаева А.Ж., Нұрлан А.Н.
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Қазақстан, Ақтөбе қаласы**

Аңдатпа. Бұл мақалада XIX ғ. II жартысы мен XX ғ. басындағы қоныстандыру саясатының жүргізілу барысындағы саяси және шаруашылық жағдайлармен қатар қоныс аударушылардың жергілікті тұрғындар арасына сіңісуі баяндалады. Сонымен қатар қоныстандыру саясатын бір жақты қарастырмай, объективті тұрғыда қарау көзделеді. П.Г.Галузо, А.Б.Тұрсынбаев, Г.Ф.Дахшлейгер, Б.А.Төлепбаев және Э.И.Герасимованың аграрлық қатынастар тарихының Кеңестік кезеңдегі еңбектеріне тоқталып, талдау жасалынады.

Кілт сөздер: аграрлық қатынас, қоныстандыру саясаты, қауымдық жайылым, чиновниктік-отаршыл концепция, отырықшылық, көшпелі қоғам, патриархалды-феодалды, помещиктік, Столыпиндік аграрлық реформа, буржуазия.

Тәуелсіздігіміздің отыз жылын артқа тастап, еліміздің әлемдік қауымдастықта алатын орны нақты айқындалған тұста, өткен тарихымызды кеңінен оқып-үйрену мен зерттеп-зерделеудің қажеттілігі күннен күнге арта түсіп, оған аса зор мән берілуде. Сонымен қатар Қазақстан тарихының кейбір кезеңдері мен мәселелерін мұқият зерттеп, қалыптасқан көзқарастарды қайта қарауда орын алуда. Сондай-ақ қалыптасып келе жатқан Отандық тарихнама мен деректеме мәселесіне де баса назар аударылуда.

Отандық тарихнамадағы шешімін табу, өз зерттеуін қажет ететін мәселелердің бірі аграрлық қатынастар тарихнамасы. Әрине республикадағы әр түрлі тарихи кезеңдер бойынша аграрлық қатынастар тарихы мен тарихнамасына қатысты бірқатар еңбектер жазылды. Дегенмен бұл еңбектер Қазақстан тарихының түрлі кезеңдерін қамтығандықтан, олардың басын біріктіріп, бірізділікке салып, сабақтастықта зерттеу қажет. Себебі тарих сабақтастықпен дамиды. Оның ішінде қазақ жер мәселесінің тарихы, өлкедегі аграрлық қатынастар Қазақстан тарихының қай кезеңі болмасын тығыз сабақтастықта. Себебі XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың басындағы патшалықтың өлкедегі жер саясаты мен XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы кеңестік биліктің Қазақстандағы жер саясатының мазмұны бірдей-отаршылдық сипатта болды. Міне осы

тұрғыдан келгенде XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстандағы аграрлық қатынастар тарихы тарихнамасының өзектілігі арта түседі.

Сонымен қатар қарастырылып отырған кезеңдегі аграрлық мәселе бойынша жарық көрген төңкеріске дейінгі, кеңестік кезеңдегі еңбектердің отаршылдық, таптық мән-мазмұнын ашып көрсету, олардың белгілі-бір идеологияға сай жазылғандығын талдау да мәселенің өзектілігін арттыра түсетіні даусыз. Сондай-ақ Тәуелсіздік алған тұстағы методологиялық өзгерістер, мәселеге жаңаша қарау орын алғанын анықтау да маңызды.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы патшалықтың аграрлық отарлау саясаты, қоныстандыру тарихнамасын талдау сол кезеңдегі орыс зерттеушілері мен қазақ зиялыларының зерттеу жұмыстары мен көзқарастарын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге аграрлық тарихқа қатысты тоталитарлық жүйе кезеңінде жарық көрген еңбектердің фактілік құндылығын анықтау, бірыңғай партиялық, таптық көзқарас негізінде жазылған зерттеулерді қайта бағалап, сыни баға беру маңызды болып табылады.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы Кеңестік тарихнамадағы өлкелік аграрлық қатынастар мәселесі. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы өлкедегі аграрлық қатынастар тарихын зерттеу кеңестік кезеңде жалғасын тауып, мәселені таптық қағида тұрғысында қарауымен ерекшеленді. Соғыстан кейінгі уақытта өлкедегі аграрлық қатынастар тарихын зерттеушілер қатарында П.Г.Галузо, А.Б.Тұрсынбаев, Г.Ф.Дахшлейгер, Б.А.Төлепбаев және басқалар болды. Олар патшалықтың өлкедегі қоныстандыру, аграрлық саясатын қарастырды. 1965 жылы П.Г.Галузонның «Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг.» атты зерттеуі жарыққа шықты. Еңбекте түрлі дерек көздерін талдай отырып, XIX ғасырдың аяғы-XX ғасыр басындағы Қазақстанның оңтүстігіндегі егіншіліктің, жер өңдеу ісінің дамуын көрсетеді. Әр жылдардағы статистикалық мәліметтер негізінде қазақтар мен отырықшы келімсек халықтар арасындағы жер өңдеу мен мал шаруашылығы кәсібінің арасалмағын баяндайды. Жетісу, Сырдария, Солтүстік Қырғызстан мен Ташкент уездерін қоса 1897 жылғы халықтың шаруашылық іс-әрекетін бөліп көрсетеді [Галузо 1965а: 51].

П.Г.Галузонның пікірінше, XIX ғасырдың аяғына таман қазақтардың арасында да егін егушілер болып, олардың жерге отырықшылыққа көшу процесі жүрген. Алайда қазақтардың басым бөлігі бұрынғысынша мал шаруашылығымен айналысуын жалғастыра берген. Басқа аудандардың шаруаларының өлкені отарлауының қорытындысы өлкедегі егіншіліктің дамуы болған. Егер бұған қазақтардағы жер өңдеудің дамуын қоссақ, онда XIX ғасырдың аяғына таман-ақ Қазақстанның оңтүстігі мал шаруашылықты-егіншілікті болған. XX ғасыр басында бұл үдеріс жалғасқан. 1906-1913 жылдары Қазақстанның оңтүстігіндегі жалпы мал басы саны 7 988,2 мыңнан 10 861,9 мыңға немесе 35,9 пайызға өссе, осы кезеңде егіс алқабы (картоп пен май өсіруді қоспағанда) 613,8 мың десятинадан 920,6 мың десятинаға өскен. Осылайша, XX ғасыр басында өлке мал шаруашылығының өсіміне қарсы егіншіліктің өсіміне қарай қадам жасаған [Галузо 1965а: 52].

П.Г.Галузо Қазақстандағы аграрлық қатынастар тарихының тарихнамасына да арнап еңбек жазған авторлардың бірі. Еңбекте төңкеріске дейінгі Қазақстандағы аграрлық өзгерістер тарихнамасы талданады. Автор төңкеріске дейінгі тарихнамадағы чиновниктік-отаршыл концепцияны қатты сынайды. П.Г.Галузо патшалық-чиновниктік тұжырымдамамен бірге демократиялық мазмұндағы пікірлер де болды деп көрсетеді. Мұндай пікірлер өлкедегі орыс интеллигенттері – дәрігерлер, мұғалімдер, статистер т.б. тарапынан жасалынған. Олардың қатарына Н.Васильевті, А.П.Румянцевті, Л.Чермакты, А.Е.Алекторовты, В.Гернды, Н.Зеландты, ішінара Ф.Щербинаны жатқызады. Бұлар демократиялық пиғылдағы адамдар болып, өз пікірлерінде шаруашылық демократияны білдіріп отырған [Галузо 1971б: 3-12].

XIX ғасырдың аяғы-XX ғасыр басындағы патшалықтың Қазақстандағы қоныстандыру, аграрлық саясатына қатысты бірқатар еңбектердің авторы А.Б.Тұрсынбаев. Автор 1950 жылы жарық көрген «Из истории крестьянского переселения в Казахстан» еңбегінде патшалықтың қазақ өлкесіне көшірген шаруалар саны және оларға тартып алынып берілген жер көлемі туралы мәліметтерді молынан келтіреді. Автордың пікірінше, Сібір темір жолы салынған сәттен бастап үкімет алғаш рет қазақ даласына орыс қоныстанушыларын көшіру мәселесін қойған. Осы мақсатта және қазақтардың пайдалануындағы «артық» жерлерді алу мүмкіндігін анықтау мақсатында 1896 жылы Ф.А.Щербина экспедициясын жіберген [Турсынбаев 1950а: 28]. Сонымен бірге Столыпиндік аграрлық реформа жылдарында қоныстану қарқыны күшейіп, 1906-1912 жылдары Ақмола облысына – 229 344, Торғай-Оралға – 53 413, Семейге – 55 315, барлығы төрт облысқа – 438 072 адам қоныстандырылған деген пікір білдіреді [Турсынбаев 1950а: 33].

А.Б.Тұрсынбаевтың келесі еңбегі «Казахстан в революции 1905-1907 годов» деп аталып, революция қарсаңындағы Қазақстандағы шаруалардың жай-күйі талданады. Автордың пікірінше, төңкеріске дейінгі ауылдың еңбекшілерінің экономикалық жағдайын суреттеу жерді пайдалану тәртібі туралы мәселені қарамау мүмкін емес болған. Ауылда жерді қауым болып пайдалану басым болған. Ал қауымдық жайылымды бәрінен бұрын кімнің табыны көп болса, сол иеленген. Ал бұл өз кезегінде жайылымды пайдаланудың мұндай формасының сақталуы билеуші бай-феодалдардың мүддесін қорғаған [Турсынбаев 1987б: 10].

Автордың қазақ қоғамын, ондағы мал мен жайылымдардың бөлінуін, қоғамдық қатынастарды сипаттауда таптық принциптерге сүйенгендігін байқауға болады. «Қазақ қоғамы таптық болды және өндіріс құралдарын антогонистік бөлу орын алған жеке меншікке негізделді. Мал мен жайылымның негізгі бөлігі бай-

жартылай феодалдардың қолына шоғырланды. Олар қазақ халқының 15 пайызын құрағанымен, барлық мал басының 60 пайызын иеленді. Бір ірі бай шаруашылығына орташа есеппен малдың барлық түрінен 474 бастан келсе, ал бір кедей шаруашылыққа-8 бастан кем келген. Осылайша, ауылдағы үстемдік етуші қоғамдық қатынастар феодалдық болып, бірақ олар патриархалды рулықпен қабаттасып, патриархалды феодалды ретінде болды», - деп жазады [Турсынбаев 1987б: 11].

XIX ғасырдың аяғы-XX ғасыр басындағы патшалықтың қоныстандыру саясатын, қоныстанушы шаруалардың саны туралы мәліметтерді Г.Ф.Дахшлейгер де көрсетеді. Г.Ф.Дахшлейгердің пікірінше, XIX ғасырдың аяғы-XX ғасырдың басында өлкенің экономикалық және әлеуметтік өмірінде үлкен маңызға ие болған, жаңа фактор-жаппай қоныстану қозғалысы жүзеге асырылған. Ол әсіресе 1906-1917 жылдары үлкен көлемде жүрген. Тартып алынған жерлер сияқты, Қазақстанда қоныстанған орыс-украин шаруаларының саны туралы нақты қорытындыланған мәліметтер болмаған. Қолда бар мәліметтер бойынша 1891-1905 жылдары Ақмола, Семей, Торғай және Орал облыстарына 234 134 қоныстанушы мен 184 487 жер шолушы келген. Кері қайтқандар – 133 216 адам болған. Қазақстанның төрт облысына 1 200 мыңнан астам адам орныққан [Дахшлейгер 1965: 50].

XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы аграрлық өзгерістер тарихын зерттеушілердің бірі Б.А.Төлепбаев болды. Автор аталған кезеңдегі өлкедегі аграрлық қатынастар тарихын таптық қағида тұрғысында қарастырғанымен, патша өкіметінің қоныстандыру және қазақ жерлерін тартып алу сияқты әрекеттерін ашып көрсетеді. Сондай-ақ автор өлкеге орыс шаруаларымен бірге мәдениет, білім, ғылым келді деп көрсетеді. Автордың пікірінше Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда егіншілікке қолайлы 50 миллион гектардан астам жер болған. Қазақстанның суармалы жерлері негізінен төңкеріске дейін Түркістан өлкесінің құрамына кірген Шымкент, Жамбыл, Қызылорда, Талдықорған және Алматы облыстарында болған. Төңкеріске дейінгі Түркістанда 168 миллион десятина жердің 66,3 миллионға жуығы егіншілікке қолайлы болып, оның ішінде 48,7 миллион десятинасын көшпенділер иеленген. Олардың аз ғана бөлігі егін алқаптарына пайдаланылған [Төлепбаев 1984: 24-25].

Патша өкіметінің қоныстандыру саясатының мақсатымен қатар қоныстандырудың тиімді жақтары да болғандығын көрсетуде автордың таптық қағида мен кеңестік идеологияның ықпалынан шыға алмағандығын байқаймыз. «Өзінің қоныстандыру саясатында патша үкіметі мынадай екі мақсатты көздеді: бірі Орталық Ресейдегі аграрлық дағдарыс пен шаруалар қозғалысын әлсірету, екіншісі, ұлттық аудандарға кулак шаруашылықтары мен орыс шаруаларын, казактарды орналастырып, соңғыларын өзінің сенімді тірегіне айналдырып, помещиктік жер иеленуді сақтау, - дей келе қоныстандырудың салдарына кеңестік идеологияға сай былай баға береді, - қоныстандыруды жергілікті халықты ығыстырып отырды деп қарау бір жақты болар. Қоныстанушылар Орта Азия мен Қазақстанға озық мәдениет, ғылым және материалдық өндірістің көптеген үлгілерін әкелді. Мысалы, Қазақстанда егіс алқаптары тез ұлғайып, тауарлы астықтың шығымы ұлғайды, өндірістің жаңа салалары пайда болды» [Төлепбаев 1984, 36].

Соғыстан кейінгі кезеңде XIX ғасырдың аяғы-XX ғасыр басындағы өлкедегі аграрлық қатынастар тарихына арнайы еңбек жазған авторлардың бірі Б.Сүлейменов болды. Автордың қаламынан туған XX ғасыр басындағы революциялық қозғалыстар, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс және тағы басқа еңбектермен қатар «XIX ғасырдың аяғы-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы аграрлық мәселе» атты көлемді монографиясы болды [Сүлейменов 1963].

Автор Қазақстанның Ресей империясының аграрлық-шикізат көзі болғандығын нақты көрсетеді. Еңбекте XIX ғасырдың екінші жартысындағы реформалар талданып, өлкенің империяның аграрлық шикізат көзіне айналғандығы дәлелденген. Сонымен бірге автор аталмыш кезеңде ауылда капиталистік қатынастардың біртіндеп енгенін көрсетеді. Зерттеуші қазақ жерлерінің патшалықтың тартып алуы аграрлық қатынастардың шиеленісуінің басты себебі ретінде қарайды. Сондай-ақ қазақ жерлерінің күшпен тартып алынып, казак әскерлері мен қоныстанушы шаруаларға бөліп берілгені де баяндалады [Сүлейменов 1963: 370-375].

XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың басындағы патша өкіметінің қоныстандыру саясатына өз зерттеулерінде көбірек көңіл бөлген авторлардың бірі – Н.Е. Бекмаханова болды. Автор «Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма» [60-е годы XIX века-1917 г.] атты еңбегінің бесінші тарауында өлкедегі жерді пайдалану мәселесін кеңінен көтереді. Автор 1891 жылғы «Дала ережесі» бойынша өлкедегі жерді пайдалану, жалға беру т.б. өзгерістерді кеңінен талдайды. Автордың пайымдауына XIX ғасырдың аяғы-XX ғасырдың басында Қазақстан мен Қырғызстанда қазақ және қырғыз қоғамының ыдырау процесі белсенді жүрген. Пайда болған буржуазия, байлар өз қолдарына орасан зор жер көлемін шоғырландырып, ауыл шаруашылығы шикізатын өндіретін фабрик-зауыт кәсіпорындарының иелері мен ірі мал өндірушілерге айналған. Байлардың шаруашылығында жалдамалы еңбек кеңінен қолданылған. Сонымен бірге байлар өз қаржыларын жерді жалға беруге жұмсаған. Үкімет байлардың мүддесін қорғап, жеке иеліктердің құрылуына жол берген. 1909 жылғы 9 шілдедегі нұсқауда ірі көлемде малы мен егістік жері бар ірі шаруашылықтарға жер нормасын көтеруге рұқсат етіледі. Сонымен бірге қоныстандыру басқармалары қауымдық учаскелермен бірге байларға жалға беру үшін арнайы жерлер бөлген. Байлардың жерлерді тартып алуы жаппай сипат алған [Бекмаханова 1986].

Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты және оның Қазақстанның экономикалық, шаруашылық өміріне тигізген ықпалы жөніндегі Э.И.Герасимованың да мақаласын айтуға болады. Автор 1884-1891 жылдары Орал облысында 2 299 отбасының қоныстануға рұқсат сұрағаны туралы мәліметті келтіреді [Герасимова 1962: 79].

Э.И.Герасимова: «қазақ шаруалары күштеп жерден айырылудың нәтижесінде олардың отырықшылыққа көшуі күшейді», - деп жазады. 1911 жылы Орал облысының Орал уезінен 8 577, Ілбішін уезінен 393, Темір уезінен 2 520 шаруашылық жерге орналастыру туралы өтініш білдірген [Герасимова 1962: 83].

Э.И.Герасимова қазақтардың отырықшылыққа көшуі олардың мал табындары құрамының өзгеруіне, осыған орай мал азығын дайындауға әкеліп соққанын көрсетеді. Сонымен бірге қазақ ауылына капиталистік қатынастардың енуі мүліктік теңсіздіктің күшеюіне, еңбектің қаналуына әкелді деп, коммунистік идеология шеңберінде өз пікірін былайша тұжырымдайды: «Қазақтардың көшпелі өмірден отырықшылыққа және жартылай отырықшылыққа көшуі олардың мал табынының ірі қара өсіруге қарай бағытталған өзгерісіне әкелді. 1907 жылға қарай Орал уезі бойынша мал табынының құрамы былай болды: жылқы-27,8 пайыз, түйе-4,5 пайыз, мүйізді ірі қара-39,3 пайыз, қой-ешкі-28,4 пайыз. Мүйізді ірі қараның үлесі 1898 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге ұлғайған. Байлар қауымның пайдалануындағы шұрайлы жерлерді барған сайын басып ала түсті. Ауылда мүлік теңсіздігі күшейді. Қоныстандыру ұйымының статистикалық мәліметінше Орал уезінде кедей қазақ шаруашылығына орташа 2,9, ал байға-54,7 бас мал бірлігінен келген. Орал уезі бойынша кедейлер мен орташалар шаруашылықтың 72,8 пайызын құрап, 88 640 бас малы болса, байлар тобы 27,2 пайызды құрап 133 430 бас мал иеленген. Сонымен, капиталистік қатынастар Орал облысының қазақ шаруаларының барлық салаларына енді. Бұл үдерісте қоныстандыру саясаты үлкен рөл атқарды. Натуралды, негізінен мал бағатын шаруашылық шаруашылықтың жаңа түрі-отырықшы мал шаруашылықты, отырықшы егіншіге өтуімен біртіндеп тауарлы-ақша шаруашылығына айналды. Отарлау қажеттіліктеріне қазақ жерлерін тартып алу қазақ тұрғындарының орташа және кедей топтарының отырықшылануын тездетті. Байлар мен феодалдар аздаған малымен жайылымдардан ығыстырылғандықтан, өздеріне өңдеуге қолайлы жерге бекініп қалуды ойлап, бұрынғы өмір сүру образынан бас тартуға мәжбүр болып отырықшылыққа көше бастады» [Герасимова 1962: 84-87].

XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстандағы аграрлық қатынастар тарихнамасы өз дамуында бірнеше кезеңдерден өтті. Себебі мәселенің кезеңдік ерекшеліктеріне сәйкес төңкеріске дейінгі, кеңестік кезеңдегі және қазіргі таңдағы зерттеулерден тұрды. Сондай-ақ төңкеріске дейінгі зерттеулерде патшалық-чиновниктік тарихнама өкілдері мен қазақ зиялыларының көзқарастары мен еңбектері қарастырылса, кеңестік кезеңдегі де қазақ зиялыларының көзқарастары мен кеңестік тарихнамасы салыстырыла отырып зерттелді. Бұл ретте қай кезеңде болмасын қазақ зиялылары жер мәселесін ұлт мүддесі тұрғысында қарастырғанын айта кеткен жөн. Ал патшалық-чиновниктік тарихнама өкілдері империялық отарлау тұрғысында қарастырса, кеңестік тарихнама өкілдері таптық идеология шеңберінде қарастырды. Ал мәселеге қазақ зиялылармен қатар Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасы ғана өзінің объективті бағасын берді.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасыр басындағы қазақ өлкесіндегі аграрлық мәселе өз уақытында кеңінен көтерілді. Мәселеге қатысты арнайы ғылыми-зерттеу жұмыстары болмаса да, патшалық-чиновник тарихнама өкілдері мен қазақ зиялылары бұл тақырыпты барынша талдап, қоғамдық пікірді қалыптастырды. Патшалық-чиновниктік тарихнама өкілдері Г.Гинс, А.Алекторов және т.б. патшалықтың қоныстандыру, аграрлық саясатының отаршыл мәнін елеп-ескермеді.

Жалпы алғанда, XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстандағы аграрлық реформалар тарихын зерттеу өз дамуында бірнеше кезеңдерден өтті. Реформаны зерттеудің бастапқы жылдарында оның барысы мен нәтижелері туралы ашық пікірлер айтылды. Дегенмен 20-30 жылдары күшіне мінген әміршіл-әкімшіл жүйе батыл қарсылықтар мен ашық пікірлерді тұншықтырып тастады. Соғыстан кейінгі уақытта бұл мәселе толық идеологияландырылды. 20-жылдардағы реформаның ауылда кеңес өкіметін нығайтудағы маңызы асыра бағаланды. Ал Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасы атылымш мәселеге объективті баға бер алды.

Қорытындылай келе кеңестік кезеңде патшалықтың өлкедегі аграрлық, қоныстандыру саясатын таптық тұрғысында қарау басым болды. Дегенмен, зерттеушілер патша өкіметінің қоныстандыру және қазақ жерлерін тартып алу сияқты әрекеттерін айқындап берді. Сондай-ақ авторлар өлкеге орыс шаруаларымен бірге мәдениет, білім, ғылым келгендігін де көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60 - годы XIX в. 1917 г.). Москва: Наука, 1986. – 245 с.
2. Галузо П.Г. Аграрные отношения на Юге Казахстана в 1867-1914 гг. / Под ред. С.М. Дубровского. Алма-Ата: Наука, 1965. - 347 с.
3. Галузо П.Г. Очерк советской историографии аграрных отношений в Казахстане в период капитализма. (Материалы к научной сессии по проблеме: Развитие российского капитализма вширь). На правах рукописи. Алма-Ата, 1971.–113с.

4. Герасимова Э.И. К истории переселения крестьян в Уральскую область в начале XX века.//Известия АН Каз ССР. Серия истории, археологии и этнографии. 1962 Вып.3. 77-87 с.
5. Дахшлейгер Г.Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929 гг.) . Алма-Ата: Наука, 1965. - 536 с.
6. Сулейменов Б.С. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX - начала XX в. : (1867-1907 гг.). Алма-Ата: Академии наук Казахской ССР, 1963. – 410 с.
7. Тулепбаев Б.А. Социалистические аграрные преобразования в Средней Азии и Казахстане. –М.: Наука, 1984. 269 с.
8. Турсунбаев А.Б. Из истории крестьянского переселения в Казахстан. - Алма-Ата : 1950. - 102 с.
9. Турсунбаев А.Б. Казахстан в революции 1905-1907 годов. – Алма-Ата: Мектеп, 1987. - 84 с



ӘОЖ 39:314(574)(09)

ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

**Тулекова М.К., Әлем тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының
докторы.
Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы**

Андатпа. Мақалада Қазақстандағы аймақтардағы этнодемографиялық, әлеуметтік даму тарихын, көші-қон процесін зерттеу және ондағы өзекті мәселелер қарастырылады. Көші-қон процесінің еліміздегі демографиялық ахуалға тікелей әсер ете отырып елдің саяси, экономикалық және этнодемографиялық дамуына да тікелей әсер ететін процесс болатындығы зерттеушілердің еңбектерінде архивтік құжаттар арқылы талдана отырып оған ғылыми талдау жасалынатындығы кезеңдер бойынша беріледі..

Кілт сөздер: миграция, эмиграция, депортация, диаспора, репатриант

Жалпы халықтану саласы бойынша жарық көрген ғылыми зерттеу жұмыстарын бірнеше топтарға бөліп алып қарастыруға болады. Бірінші топқа арнайы арналып жазылған ғылыми зерттеу жұмыстарын, ал екінші топқа революцияға дейінгі авторлардың еңбектері жатады, үшінші топқа кеңес дәуіріндегі тарихшылар мен демографтардың тарихи демографияға байланысты жарық көрген еңбектерді, ал төртінші топқа, қазіргі кезеңде жазылған еңбектерді жатқызуға болады.

Қазақстандағы халықтың этнодемографиялық және әлеуметтік жағдайына байланысты зерттелген мақалалар мен монографиялар, баспасөз беттерінде жарық көрген еңбектер көп. Тұрғындардың жалпы санын көрсетуде автор А.Н.Алексеев 1920-1985-жылдар аралығындағы миграциялық процесті қарастырады. Соғыстан кейінгі кезеңдегі ауылдық жерлердегі халықтың қалыптасу тарихын қарастыруда құнды еңбек. Осының жалғасын автордың докторлық диссертациясының тақырыбынан көреміз. «Сельское население Казахстана. 1920-1990гг.»[1] А.Н.Алексеев республикадағы 70-жыл аралығындағы ауылдағы өзгерістерді қарастырады. Ол төмендегідей мәселелерді шешуге тырысады: экономикалық облыстар мен аудандар бойынша бөле отырып тұрғындардың сандық өсуі мен ұлттық құрамын анықтау; қала мен селодағы тұрғындардың орналасуы; тұрғындардың табиғи өсуі; селолық тұрғындардың ұлттық ерекшелігіне қарай орналасуының ерекшелігін анықтап көрсетуге арналған. Автор өз еңбегінің бірінші тарауында 1920-1990-жылдар аралығындағы осы тақырыпты қамтитын ғылыми жарық көрген еңбектерге шолу беріледі. Ал екінші тарауында Қазақстандағы халықтың өсу динамикасы мен ұлттық құрамына сипаттама береді, ал үшіншіде оның орналасуын қарастырады. Осы еңбектерінің жалғасы ретінде Алексеев А.Н. елдегі және жекелеген аймақтардағы халықтардың қалыптасу тарихына арнаған «Население Казахстана. 1920-1990гг.» және «Народы Восточного Казахстана» деген ғылыми зерттеулерін жазды.[2] Бірінші еңбекте тұрғындардың саны мен олардың орналасуы Қазақстан бойынша және оның бес негізгі экономикалық аймақтары бойынша қарастырылды, Оңтүстік, Солтүстік, Батыс, Шығыс, Орталық. Бірінші тарауда «Динамика численности и национальный состав населения» автор территорияның қалыптасуы және республиканың халқы, 1921-1922жылдардағы аштықтың демографиялық жағдайға әсері, одан әрі Қазақстан халқының дамуы туралы мәселелерді қарастырды. Республиканың ауылдағы тұрғындарын қарастырған кезде автор жергілікті және жергілікті емес тұрғындар деген терминді алады. Ол Қазақстандағы төрт негізгі ұлтты берген: қазақтар, орыстар, немістер, украиндарды. Шығыс экономикалық аудан бойынша-төрт ұлтты: қазақтар, орыстар, украиндар, немістер. Оңтүстік аймақ бойынша алтау: қазақтар, орыстар, украиндар, немістер, өзбектер және ұйғұрлар. Орталықта бес ұлтты: қазақтар, орыстар, немістер, украиндар, татарлар. Батыста –бес ұлтты:

қазақтар, орыстар, украиндар, татарлар, немістерді алып қарастырған. Осы жеті ұлттан басқа автор ерекше беларустар, тағы басқа ұлт өкілдеріне де тоқталады. «Расселение населения» деген екінші тарауында автор тұрғындардың қоныс аударуына, оның республиканың экономикалық аудандарын дамытуға қосқан үлесін талдаған. Экономикалық аудандарды беске бөледі: Шығыс, Оңтүстік, Орталық, Батыс және Солтүстік, олардың арқайсысына арнайы параграф арнаған. Ақырғы параграфында Қазақстандағы ХХғ. 90-жылдарындағы демографиялық процеске сипаттама берген. Алға қойылған мақсатына жету үшін 1920, 1923, 1926, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 жж. халық санағының қорытындыларын және статистикалық материалдарды салыстырмалы түрде пайдаланады. «Народы Восточного Казахстана» деген еңбегінде А.Н.Алексеев Шығыс Қазақстан облысындағы тұрғындардың ұлттық құрамын зерттеуге арнаған, 1897-ден 1989 жылға дейінгі санақ материалдарына сүйене отырып зерттеген. Бұл еңбек жалпылай зерттеумен қатар алғаш рет жеке аймақтағы тұрғындар тарихына арналған алғашқы еңбектің бірі.

Қазақстан тарихнамасында халық саны, тарихы туралы еңбектер жазған Тынышбаев М., Бекмаханова Н.Е., Алексеев Н.В., Татимов М.Б., Асылбеков М.Х., Козыбаев М.К., Қасымбаев Ж.К., Базанова Ф.Н., Галиев А., Сдыков М.Н. және т.б. Олар өз еңбектерінде берілген зерттеу деректері арқылы тарихи-демографиялық ғылымды жоғары сағыға көтерді, тарихи зерттеу әдістерін жаңарта отырып, проблемалық зерттеу шеңберін кеңейтті. Олардың ғылыми еңбектерінің нәтижесінде Қазақстандағы этнодемографиялық процесстің даму заңдылығын жасауға мүмкіндік туды. Нәтижесінде аймақтардағы этнодемографиялық, әлеуметтік даму тарихын зерттеуге терең негіз салынып, ғылыми тұрғыдан зерттеуге негіз қаланды. Жарық көрген еңбектерде сонымен қатар Қазақстандағы жалпы проблемалық мәселелер қаралды. Ал ғылыми әдебиеттер жекелеген аймақтар туралы жоқтың қасы, тек Батыс Қазақстан аймағы бойынша шыққан Сдыков М.Н. монографиясы мен Орталық Қазақстан тұрғындары ХІХ ғасырдың аяғынан- ХХ ғасырдың 30 ж. және 40ж. - ХХ ғасырдың аяғына дейінгі аралықты қаттыған В.Козинаның 2 кітабынан басқа. Сондықтан біз Жетісу аймағындағы этнодемографиялық, әлеуметтік даму тарихын зерттеуде жарық көрген ғылыми еңбектерді толық қарастыруға тырыстық.[3]

Тарихи-демографиялық әдебиетте бұл өзгерістер Асылбеков М.Х. және Галиев А.Б. «Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.)» атты монографиялық еңбегінен көрініс алды. Бұл ірі еңбекте әлеуметтік, демографиялық, этникалық және басқа факторлар алғаш рет кешенді түрде қарастырылған.[4] Бұл зерттеуде авторлар көп ұлтты Қазақстандағы ұзақ мерзімдегі халықтың қалыптасуы туралы мәселені зерттеуге арнаған. Зерттеуде көптеген тарихи деректерге жаңаша көзқараспен қарай отырып, оларды салыстыру арқылы статистикалық материалдар мен халық санағының материалдарын, әсіресе соғысқа дейінгі кезеңдегі деректерге сын көзбен қарап көптеген жаңа деректерді айналымға қосты. Авторлар Қазақстан халқының өсуімен өзгеруін, саны мен сапалық құрамын, оның ұлттық құрамын және әлеуметтік өзгерісін ретке келтірген. 30-40- жылдардағы табиғи өсудің кемуінің себептерін көрсеткен. Жыныстық және жастық мөлшерімен кәсіптік білім деңгейін көрсеткен. Қорытындысында 60-жылдардағы халық санының баяу өсуінен кейін жаңа кезең - «әлеуметтік-демографиялық» өсу кезеңі туды, - деген. Тарихнамалық шолуда әр кезеңде жазылған көптеген зерттеулерге талдау берілген. Осының нәтижесінде авторлар кеңес кезеңінде Қазақстан халқының тарихы жеткілікті зерттелмеген деген қорытынды жасауына әкелді. Аз зерттелген тақырыптар қатарына ауылшаруашылығын ұжымдастыру кезіндегі тұрғындардың өсу динамикасы, әсіресе жергілікті халықтың саны, қазіргі қазақстандықтардың құрамының өзгеруіне миграцияның әсері т.б. Сонымен қатар авторлар жекелеген аймақтардағы этнодемографиялық процесстердің өзгеруін зерттеу де қажеттігін көрсеткен. Бірінші тарауда авторлар әлеуметтік-демографиялық проблеманың тарихнамалық негізіне тоқталған, ал екінші тарауда әлеуметтік-демографиялық сипаттама берілсе, үшінші тарауда-Қазақстанның 1926-1980-жылдар аралығындағы әлеуметтік-демографиялық дамуына тоқталады. Еңбекте қала халқының қалыптасуы, миграция, жанұялық-некелік байланыстар туралы талдау кезінде Жетісу өңірінде қамтиды. Зерттеудің негізгі көзі – дерегі 1959, 1970, 1979 жылдардағы халық санағының материалдары алынған. Бірақ бұл еңбекте 1979-жылғы халық санағының материалы өте тар көлемде алынған, себебі оның қорытындысы тар көлемде бір-ақ кітапта 1985-жылы жарық көрген еді. Жалпы бұл монографияда кешенді түрде Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық процесстің дамуын, халық құрамындағы өзгерістерді: ұлттық, әлеуметтік, территориялық, жастық жыныстық және табиғи өзгерістерді- туу, өлу, миграция, орналасуы, демографиялық саясаттың дамуы туралы қарастырылған. Жалпы алғанда Асылбеков М.Х. пен Галиев А.Б. зерттеуі Қазақстан халқының тарихын оқудағы, кеңес дәуіріндегі елдегі халықтың дамуын көрсетуге қосылған ірі ғылыми еңбек болып табылады. Осы монографияның жалғасы ретіндегі еңбек М.Х.Асылбеков пен В.В.Козинаның «Демографические процессы современного Казахстана» атты еңбек.[5] Бұл зерттеуде авторлар республикадағы 80-жылдар мен 90-жылдың бірінші жартысындағы демографиялық даму тарихын сипаттаған. Онда халықтың саны, оның табиғи қозғалысы, миграция мәселесі қарастырылған. Ерекше көңіл бөлінген мәселе тұрғындардың әлеуметтік құрамы және оның қызметі, білімдік-кәсіптік деңгейі мен ұлттық құрамы. Арнайы бөлім арқылы қазақтардың индустриалды еңбек саласындағы еңбегі және тұрғындардың білім деңгейі көрсетілген. Арнайы тарау арқылы Қазақстандағы экология және денсаулық мәселесі қарастырылған. Авторлар өз еңбектеріндегі басты мақсаты етіп Қазақстандағы 70-жылдардың аяғынан бүгінгі күнге дейінгі әлеуметтік-демографиялық дамудың бірқатар аспектілерін зерттеуге арнаған. Сондықтан бұл еңбекте Жетісу өңірі жекелеп емес жалпы Қазақстан халқының

дамуын көрсетуде бір аймақ ретінде қарастырылған. Өз алдарына қойған зерттеу мақсатына жету үшін авторлар басқа деректермен қатар 1979 және 1989-жылғы халық санағының материалдарын қолданған.

XX ғ. 80-жылдарының аяғында жаңаша көзқараспен ҚР ҰҒА академигі М.Қозыбаевтың бірнеше ғылыми мақалалары жарық көрді. «История Казахстана: белые пятна» атты мақалалар жинағы жаңа көзқарастар негізінде жазылған. Онда Қазақстанның революцияға дейінгі және одан кейінгі даму тарихындағы аз зерттелген, кезінде дұрыс тарихи бағасын ала алмаған «ақ таңдақтар» аталған ауыл шаруашылығындағы ұжымдастыруға байланысты, басқа халықтардың күшпен қоныстануына байланысты кеңес кезіндегі тарихтағы аз оқытылған, қазақ тарихындағы қайғылы оқиғалар кезі туралы жаңа ғылыми көзқараста әлеуметтік-демографиялық, экономикалық және саяси дамудағы дұрыс бағасын ала алмаған мәселелерге көп көңіл бөлу, жаңаша зерттеу қажеттігін көрсетеді.[6]

Қоғамда ерекше қолдауға ие болған еңбек академик М.Қ.Қозыбаевтың “История и современность” атты кітабы. Онда Қазақстандағы қазіргі тарих ғылымының дамуына сипаттама берілген. Еңбекте Қазақстандағы халықтардың және басқада республикалардың Ұлы Отан соғысына қатысуы және Қазақстанның Ресейге қосылуы, Қазан революциясы, азамат соғысы, ұжымдастыру, индустриализация туралы проблемаларға арналған.[7]

Алғаш рет өнеркәсіп орындарында еріксіз еңбек күшін пайдалану, күшпен ұжымдастыру және ұлттық жұмысшы табының қалыптасуы мен жұмысшыларға қарсы жазалауға арналған ғылыми зерттеу тарих ғылымының докторы атағын алу үшін даярланған С.Б. Нұрмұхамедовтың еңбегі.[8]

Жаңа ғылыми көзқарас тұрғысынан талдай отырып елдегі индустриализацияның әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және саяси салдарын, ұлттық жұмысшы табының қалыптасуының ерекшелігі туралы М.Х.Асылбековтың мақалалары. Онда автор Қазақстанға ұжымдастыру, индустриализация кезінде КСРО-ның басқа республикаларынан көші-қонның жоғары болуы орталық әміршілдік-әкімшілдік басшылықтың жүргізген саясаты деп тұжырымдайды.[9]

Бұрын жарияланбаған тарихи деректер негізінде жарық көрген, әміршілдік-әкімшілдік кезінде еріксіз еңбек күшін қолдану туралы Қозыбаев М.Қ. пен Н.Е.Едігеновтың бірігіп жазған монографиясы жатады.[10] Онда авторлар Ұлы Отан соғысы кезінде жеңіс үшін совет халқының біріге отырып жауға қарсы ерлікпен күресін айта келіп, сол кездің өзінде кеңес халықтарының арасындағы бөліну, халықтардың бір бөлігінің өз туған жерлерінен күшпен жер аударылғандығын деректер арқылы баяндайды. Кеңес үкіметіне 1931-1932 жж. аштық кезінде жарты халқынан айрылған қазақ халқының да реніші туралы жазылған. Ұлттық жұмысшы табының қатарының өсу жолдары, ірі өнеркәсіп орындарында әйелдер мен жасөспірімдер еңбегінің қолдануы баяндалған.

Қазақстан жеріне күшпен қоныстандырылған халықтар туралы Қ.С. Алдажұманов пен Е.К.Алдажұмановтың “Депортация народов-преступление тоталитарного режима” атты зерттеуі жатады. Онда Жетісу аймағына орналастырылған халықтар туралы нақты деректер бар.[11]

Қазақстан территориясындағы социалистік қоғам орнату кезіндегі жіберілген қателіктердің қолдан жасалынғандығы туралы нақты деректермен жазылған зерттеу М.Қ.Қозыбаев., Қ.С.Алдажұмановтың “Тоталитарный социализм: реальность и последствия”.[12] Ерекше құнды жағы Қазақстандағы индустриализацияның жүргізілу әдістері мен оның салдарына берген сипаттамалары.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан кейін шет жерлердегі қазақ халқы туралы зерттеулер жарық көре бастады. Кешенді зерттеу қатарына Мендіқұлова Г.М. «Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие». [13] Автор өз зерттеуінде шет елдердегі қазақ халқының өмірін, олардың Қытай, Туркия, Ауғанстан елдеріне, сонымен қатар Батыс Еуропалық елдерге қоныс аударуының себептеріне тоқтала келіп, қазақ диаспорасының дүние жүзіндегі қалыптасуы мен олардың әр елдегі саны туралы деректер берген және зерттеуде репатрианттарға ерекше тоқталып өткен. Еңбектің құндылығы ол Қазақстан, Ресей, Еуропа және АҚШ кітапханаларынан алынған құжаттармен қатар жеке өзінің шетелдік қазақтармен кездесу кезіндегі алған деректері негізінде жазылған. Онда Жетісу аймағындағы репатрианттар туралы, жалпы шетелдердегі қазақтардың саны туралы деректер біз үшін құнды.

Ресей федерациясындағы қазақтардың тарихына арналып жазылған еңбек Ж. А. Ермекбаевтың «Российские казахи в составе РСФСР и СССР в 1917-1991 гг.»). Бұл зерттеудің құндылығы ол саяси мәні бар. Екі мемлекет арасындағы саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатнастар осы елдерде өмір сүріп жатқан екі ұлт өкілдеріне тікелей әсер ететіндігін атап көрсетеді. Ұлттар арасындағы қарым-қатнас, өзара байланыстың маңыздылығын баса көрсетеді.[14]

Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Этникалық ұлт өкілдерінің тарихына арнап жазылған Г.А.Кан мен Г.Н.Ким еңбектері. Онда Жетісу аймағында өмір сүріп жатқан көрейлер туралы көптеген деректер берілген.[15]

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан бастап еліміздегі әлеуметтік-демографиялық жағдайды зерттеуде жаңа көзқарастармен баға беруге ерекше көңіл бөліп келеді. Ондай зерттеулер қатарына Ж.Қ.Қасымбаев, Н.Э. Масанов, Ж.Б. Абылғожин, Т.О. Омарбеков, М.Қ. Қойгелдиев, М.Ж.Абдиров еңбектерін жатқызамыз. Ол еңбектерде бұрын зерттелмеген тарихтағы «ақтаңдақтар» беті ашылып, оларға тарихи баға берілді. Қазақстанның белгілі тарихшыларының зертеулерінде аймақтағы әлеуметтік-демографиялық жағдайға жаңаша көзқараспен баға беріліп, айтылмай қалған есімдерді жарыққа шығарып, жалпы халықтардың



қоғамдық-саяси өмірін және жалпы Қазақстандағы дамуға сипаттама береді. Жаңа методологиялық негізде орталық үкімет пен жергілікті үкімет орындарының орны мен ролін, жергілікті жерлердегі партияның жүргізіп отырған саясатына баға береді.[16]

Алексеенко Н.В. және Алексеенко А.Н. «Население Казахстана за 100 лет (1897-1997 гг.) Қазақстандағы халықтардың даму тарихындағы өзгерістерге 1897, 1926, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 жж. халық санақтарының деректері және басқа да статистикалық материалдар арқылы сипаттама, талдау жасалынған. Халықтың ұлттық және әлеуметтік құрамындағы өзгерістер, көші - қон туралы көптеген нақты деректер арқылы баяндаған.[17]

Тарихи демографиялық зерттеу жұмыстарының жалғасы ретінде кейінгі жарық көрген еңбектер қатарына жататын ол М. Х. Асылбеков пен В.В. Козинаның «Казахи» (демографические тенденции 80-90-х годов).[18] Бұл еңбегінде авторлар жалпы Қазақстандағы халықтың даму тарихын зерттей отырып 80-90 жылдар аралығындағы қазақ халқының дамуына тоқталған, яғни қазақтардың саны мен орналасуы, оның сандық және сапалық құрамындағы өзгерістер, жынысы мен жасы, білім деңгейі. Қазақ халқының кәсіптік шеберлігі мен олардың қоғамдағы орны және миграциялық процестің қазақ халқының дамуына тигізген әсеріне жан-жақты статистикалық деректерге сүйене отырып талдау жасаған. Қазақ халқының табиғи дамуына тигізген әсерлермен олардың әлеуметтік жағдайларына сипаттама берген. Еңбекте сонымен қатар Қазақстан республикасының егемендігін алғаннан кейінгі кезеңдегі қазақтар санының басқа ұлт өкілдерімен салыстырғандағы үлесіне тоқтала отырып елде болып жатқан экономикалық қайта құрулардың қазақ халқына тигізіп отырған әсеріне тоқталған. Бұл еңбекте де жалпы республика көлеміндегі қазақтардың демографиялық даму деңгейіне тоқталған. Ал жекелеген аймақтардағы қазақтардың басқа ұлт өкілдерімен ара қатнасы, олардың әлеуметтік дамуындағы ерекшеліктеріне, келешектегі қазақтардың этнодемографиялық дамуына тоқталмаған. Еңбек өзінің деректерінің молдығы, этнодемографиялық дамуды зерттеу тәсілдерінің жаңашылдығымен, методологиялық негізімен құнды. Осы тақырыпта жарық көрген В.В. Козинаның «Население Центрального Казахстана (конец XIX в.-30-е годы XX в.)» атты еңбегі.[19] Онда Орталық Қазақстан аймағындағы халықтардың дамуындағы жаңалықтар, қоғамдағы өзгерістердің халық санына, миграция процесіне, ұлттық құрамы мен жасына, жынысына, білім деңгейіне тигізетін әсеріне, әлеуметтік топтар арасындағы бөлініс пен кәсіптік мамандық деңгейіне және аймақтағы тұрғындардың денсаулығына тоқталған. XIX ғасырдың 90-жылдарынан бастап 1939 жылғы санақ аралығындағы аймақтағы этнодемографиялық өзгерістерге сипаттама беріледі. Еңбекте архивтік және статистикалық деректер негізіне сүйене отырып аймақтың этнодемографиялық сипаттамасын жасаған. Осы еңбектің жалғасы ретінде жарық көрген еңбек Асылбеков М.Х., Козина В.В. «Демографическое развитие республики Казахстан в условиях суверенитета».[20] Онда авторлар тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстан Республикасындағы халықтар санындағы өзгерістер, аймақтағы олардың орналасуы, ұлттық, жыныстық және жастық ерекшеліктері мен білім деңгейлеріне, халықтың табиғи жолмен өсуіне тоқтала отырып елдегі миграциялық процестердің халық санының өзгеруіне тигізіп отырған әсеріне талдау жасаған. Еңбек ресурстарымен халықтың жұмыспен қамтамасыз етілуіне тоқталып өткен. Келешектегі демографиялық жағдайды жақсартуға қазіргі жүргізіліп жатқан саяси, экономикалық және әлеуметтік істердің тигізер әсеріне талдау берген. Көші-қон және оның халықтар санының дамуына әсері, ұлттық демографиялық ұлттық саясат туралы көптеген зертеулердің авторы М. Б. Тәтімов.[21] Х. Әбжановтың «Қазақстанның село интеллигенциясы: кеше, бүгін, ертең» атты аналитикалық шолуға арналған зерттеуінде соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығындағы зиялы қауымның тарихына арналған. Ауылдағы және селодағы техникалық, гуманитарлық және басқарушылық саласындағы зиялы қауым мүшелерінің сандық және сапалық құрылымына сипаттама бере отырып олардың әлеуметтік дамуындағы негізгі бағыттарға тоқталып өткен. Келешекте ауылдық жерлердегі зиялы қауым мүшелерінің тек ғана ой еңбегімен емес, дене еңбегімен де айналысатынын, яғни олардың арасынан арендаторлар, фермерлер, кооператорлардың шығатынын айтады. Егемен Қазақстандағы он жылдан бергі аграрлық саладағы өзгерістер автордың тұжырымының растығын дәлелдейді.[22]

Егемендік жылдарында арнайы миграциялық мәселеге жаңаша көзқараспен қарай отырып жан-жақты ғылыми негізде зерттеген еңбектер қатарына Қазақстан жеріндегі славяндар арасындағы көші-қон процесін терең зерттеген Жангутин Б.О.[23] докторлық диссертациясы мен Қазақстандағы көші-қон процесінің демографиялық дамуға тигізген әсерін ғылыми талдауға негізделген Құдайбергенова А. докторлық диссертациясы жатады [24]. Кең көлемдегі мұрағаттық және бұхаралық, ғылыми еңбектерге, нақты деректерге талдау бере отырып зерделенген бұл ғылыми зерттеу жұмыстары тәуелсіздік жылдарындағы қомақты ғылыми еңбек. Диссертациялық зерттеулерінде маман-ғалымдар көші-қон процесінің еліміздегі халықтың ұлттық құрамына, біліміне, еңбек күшінің қалыптасуы мен дамуына және ұлтаралық қатынастарға да әсер еткендігін терең талдай отырып тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағы елімізден сыртқа тұрғындардың көптеп қоныс аударуының ішкі және сыртқы себептерін талдай отырып жаңаша көзқараспен еліміздегі демографиялық ахуал талданған. Бұл зерттеулерде жалпы Қазақстан бойынша берілсе тарихи демографиялық ғылымның алға басуы кезінде жекелеген аймақтарды тереңдетіп зерттеуді қажет етеді, оның келешектегі этнодемографиялық дамуын анықтау үшін. Міне жоғарыда атап көрсетілгендей Қазақстандағы халықтың қалыптасуымен дамуының тарихы, тұрғындардың ұлттық құрамы, жасы мен жыныстық ерекшеліктері, білім деңгейі, әлеуметтік топтар туралы




мәселелер жалпы алынып қарастырылған, ал егемендік кезіндегі көші-қон кешенді алынып зерттелген жоқ, сондықтан біз өз зерттеуіміздің негізіне сол еліміздегі тәуелсіздік жылдарындағы этнодемографиялық дамуын кешенді зерттеуді алдық. Қазақстанның басқа елдерге қарағанда өз даму ерекшелігі бар. Бұл жерде 135 тен аса ұлт өкілдері өмір сүруде. Еліміздің этнодемографиялық жағдайы қоғамның даму кезеңіне байланысты әркезде әрқилы өзгерістерге ұшырады. Нәтижесінде елдегі халықтың саны, ұлттық құрамы, жынысы мен жасы және білім деңгейі үнемі өзгеру үстінде болды. Оған әсер еткен саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар болды. Сонымен қатар елдегі этнодемографиялық жағдайға тікелей әсер еткен ол миграциялық процесс. Ол бірде тез бірде баяу жүріп отырды, бірақ ешқашанда тоқтаған емес. Оның бір себебі еліміздің орналасуы мен табиғат жағдайының халықтардың қоныстануы үшін өте қолайлы болуы да шығар. Сондықтан да халықтың табиғи жолмен санының өсуімен қатар оған әсер еткен механикалық қозғалыстарда болды. Міне, осындай жан-жақты талдауды қажет ететін мәселелерге толық жауап алу үшін оны жеке қарастыру қажеттігі туды, Қазақстан Республикасының экономикалық-саяси ірі мемлекет екендігін ескере отырып тәуелсіздік жылдарындағы қол жеткізген жетістіктерінің бірі көші-қон процесін реттеуін және оның қазіргі дамуын өткен кездердегі дамуымен салыстыра отырып баға беруді өзімізге мақсат етіп қойдық. Қорыта келгенде, осы мақсатымызға жету үшін жалпы жарық көрген ғылыми зерттеу жұмыстарына тоқтала отырып, ондағы ғылыми құнды деректерді өзіміздің зерттеуіміздің негізіне ала отырып этнодемографиялық даму тарихын зерттеуде Егемен Қазақстан Республикасында өткен алғашқы 1999 жылғы халық санағының қорытындыларын жан-жақты талдай отырып алуға ұмтылыс жасалды. Осы дерек арқылы біз жалпы Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық дамуына және жекелеген аймақтардағы дамуға да баға беруді мақсат еттік. Бұл халық санағының деректері алғаш рет ғылыми айналымға еңгізіліп отыр. Ерекше қарастырылған көші-қонға байланысты деректер болды. 1999 -2021 жылдар аралығында өткен халық санағының деректерін салыстырмалы түрде ала отырып еліміздегі этнодемографиялық дамуға жан-жақты сипаттама беруге ұмтылыс жасалынды. Тәуелсіздік жылдарындағы көші-қон үрдісі мен оның себебі, салдары мен сипаты талданды және осы процесік пайда болуына әсер еткен негізгі факторларға жан-жақты талдау беріле отырып сипатталып келешекте көші қон процесін реттеуді арнайы жоспармен жүргізу керек, оның еліміздің қауіпсіздігі мен экономикалық дамуына тікелей әсер ететіндігі айқын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алексеенко А. Н. Сельское население Казахстана в условиях совершенствования социализма.(1959-1985 гг.). - Автореф. канд. ист. наук. Алма-Ата, 1987. -24с.
2. Алексеенко А.Н. Население Казахстана. 1920-1990 гг. Алма-Ата: «Ғылым», 1993.-125с.; он же: Народы Восточного Казахстана. Усть-Каменогорск, 1994. -52с.
3. Тынышпаев М. История казахского народа. Алма-Ата, 1993.; Донич А. Народонаселение Казахстана. Оттиск из журнала «Народное хозяйство Казахстана». №11-12. Кызыл-Орда: Госплан КазССР, 1928. –С.27-55. Чулашников А. Очерк по истории казак-киргизского народа. Оренбург.1925.ч.1.
4. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.). Алматы: Ғылым, 1989. -С.210.; Галиев А.Б. К этнодемографической характеристике Казахской АССР (по материалам переписи 1926 г. //Известия АН КазССР, №3, 4. Алма-Ата, 1978.-С.42-48.
5. Асылбеков М.Х., Козина В.В. Демографическое развитие республики Казахстан в условиях суверенитета. Алматы: Өркениет, 2001. -112с.;
6. Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков:размышления и поиски. В двух книгах. Алматы: «Ғылым», 2000,-388с.
7. Козыбаев М.К. История и современность. Алма-Ата: «Ғылым»,1991. -252с.
8. Нурмухаметов С. Б. Индустриализация и рабочий класс Казахстана (1926-1941 гг.): опыт концептуального переосмысления проблемы. Алматы, 1992.
9. Асылбеков М.Х., Алтаев А.Ш.Тяжкое наследие прошлого. Мысль. 1995. №3. -с.60-64; Асылбеков М.Х., Алтаев А.Ш. О концептуальном переосмыслении проблем истории индустриального развития и рабочего класса Казахстана.//Вестник НАН РК.1993.№4.66-75 с.
10. Козыбаев М.К., Едыгенов Н.Е. Труд во имя победы. Алматы: Казахстан, 1995.-176с.
11. Алдажуманов К.С., Алдажуманов Е.К. Депортация народов-преступление тоталитарного режима. Алматы: Фонд “XXI век”,1997. -16с.
12. Козыбаев М. К., Алдажуманов К. С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. Алматы: Ғылым, 1997. -С.10-11.
13. Мендикулова Г. М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. Алматы: «Ғылым», 1997. -264с.
14. Ермекбаев Ж.А. Российские казахи в составе РСФСР и СССР в 1917-1991 гг. – Омск, 1999. -184с.
15. Кан Г. В. Корейцы Казахстана: исторический очерк. Алматы: Казахстан, 1994. -240с.
16. Касымбаев Ж.К. Главный девиз: Объективность. О проблемах истории Казахстана XIX начала XX веков. // История Казахстана: «Белые пятна». Алма-Ата, 1991. -С. 332- 346.; он же: Развитие джатачества (отходничества) как следствие социальной дифференциации казахского аула в XIX начале XX веков. // Изв. АН КССР. Сер.

- общественных наук 1992, -№ 6. -С. 36-41.; Н. Э. Масанов. Кочевая цивилизация казахов (основы жизнедеятельности номадного общества) Алматы, 1995.;
17. Алексеевко Н.В., Алексеевко А.Н. Население Казахстана за 100 лет (1897-1997гг.) - Усть-Каменогорск, 1999.-158с.
18. Асылбеков М. Х., В. В. Козина «Казахи» (демографические тенденции 80- 90-х годов). Алматы: Өркениет.-102с.
19. Козина В. В. «Население Центрального Казахстана (конец XIX в.-30-е годы XX в.». –Алматы: Өркениет, 2000. –144с.
20. Асылбеков М. Х., Козина В.В. «Демографическое развитие республики Казахстан в условиях суверенитета». - Алматы: Өркениет, 2001. -112с.
21. Татимов М.Б. Демография және тәуелсіздік. -Алматы: Жеті жарғы, 1999.-367 с. Ауылдағы демографиялық ахуал. -Алматы: Қайнар, 1990. -240б
22. Әбжанов Х. М. «Қазақстанның село интеллигенциясы: кеше, бүгін, ертең» -Алматы: Ғылым, 1990. -68б.
23. Жангутин Б.О. Формирование славянского населения в Казахстане (численность, миграционный процесс в конце XIX- XX вв. Автореф. диссерт. –Алматы, 2010.- 44 с.
24. Құдайбергенова А. Кеңес дәуіріндегі Қазақстандағы көші-қон үдерістері: тарихи-демографиялық аспект(1917-1991 жж.). Докторлық диссертация. –Алматы, 2011. 331 б.



ӘОЖ: 297(574)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ТОПОНИМИЯЛЫҚ ӘДІСПЕН ЗЕРТТЕУ ТӘСІЛДЕРІ ЖАЙЛЫ

Қадирғалиева А.Т. - Шымкент университеті, магистр, аға оқытушы
Қупбаева Р.М. - Шымкент университеті, магистр, аға оқытушы

Андатпа. Мақалада Оңтүстік Қазақстан археологиялық ескерткіштерін топонимиялық әдіспен зерттеу тәсілдері туралы кейбір мәселелер қарастырылған. Этнотопоним екендігі анықталған архонимдер, яғни археологиялық ескерткіштер көп. Оңтүстік Қазақстанның археологиялық ескерткіштерін жетілдірілген топонимиялық әдіспен зерттеу аспектілеріне осы мақалада аса көңіл аударылып отыр. Осы уақытқа дейін Қазақстанның оңтүстігі мен Арал теңізінің оңтүстік-шығысындағы археологиялық мәдениеттерді құрайтын ескерткіштер мен зираттар, сақ мәдениетімен шендестіріліп, бұл ескерткіштердің этникалық тиістілігі сақтармен байланыста қарастырылып, осыларға телініп келді. Сайрам-Испиджаб, Фараб-Отырар, Қаратөбе-Сауран археологиялық ескерткіштерін топонимиялық әдіспен зерттеу, бұл ескерткіштерді қалдырғандар, тек сақтар емес, сондай-ақ саурамат-сарматтар екендігін дәлелдеп берді. Осымен қатар аталмыш ескерткіштерді топонимиялық әдіспен зерттеу, бірқатар зерттеушілердің пікірі бойынша Кангюй мемлекетінің мұрагері болып табылатын, печенегтермен шендестірілетін, осылар деп саналатын кангар-кенгерестер – саурамат-сарматтардың солтүстік-батысқа ауып кетпей өздері қалыптасқан алғашқы отанында қалып қойған бөлігі екендігін де дәлелдеп берді.

Кілт сөздер: Оңтүстік Қазақстан, Орта Азия, тас ғасыры, қола дәуірі, топонимиялық әдіс, архонимдер, этнотопонимика, археологиялық ескерткіштер, артефактілер, катокмбалар, тайпалар.

Сайрам, Сауран, Фараб ойконимдерін, Ақсу, Арал, Салар гидронимдерін, Алан және Салыр этнонимдерін, Орал оронимін, Арран этнотопонимін арийлердің өзіндік Арар атауымен, антропологиялық ерекшелігімен байланыстырып, Ақсу гидронимінен басқа атаулардың барлығының төркіні - арийлердің Арар атауы екендігін дәлелдедік. Сондай-ақ өткен тармақта, жартылай көшпелі - мал өсіруші арийлер мер отырықшы-егінші дравиттердің Арыс пен Сыр өзендері бойында бір-бірімен араласа дуальды-экзогамиялық, рулар бірлестігін құруына байланысты саурамат пен сармат жинақтауыш атауларының, асақ және асии аталған сақтар мен арийлердің араласуынан арас-арыс пен аорс этнонимдерінің, арас этнониміне к эпентезасының сына дыбыс болып қыстырылуынан Аракс этногидронимінің ал, Аракс пен алан этнонимінің қосарлана бірігіп айтылуынан Роксолан этнонимінің пайда болғандығы дәлелденді. Бұдан басқа дравиттердің абад атауы мен арий жинақтауыш атауының түбірі «ар» морфемасының бірігіп айтылуынан Бадам гидронимінің ал, сақтардың су сағынасын білдіретін «ас» форманты мен осындай мағынаны білдіретін дравиттердің бадам-баджаб атауын қосарлап біріктіріп айтудан Асбаджаб-Испиджаб ойконимінің, сарматтардың сирак этнонимінің негізінде Сырдария гидронимінің түбір морфемасы болып табылатын Сыр және Қоңырат тайпасы алғи руының қарасирақ атасы атауларының пайда болғандығы дәлелденді. Осы келтірілген топонимиялық және

этнонимиялық фактілер мен мәліметтер, б.д.д. I-мың жылдық пен б.д. алғашқы ғасырындағы Арыс пен Сыр өзендерінің бойында сақтармен қатар саурамат-сармат аталған аралас текті популяциямен алан атты арийлердің мекендегендігін, бұл өлкелер, саурамат-сармат аталған этностардың қалыптасқан алғашқы отаны болғандығын дәлелдейді. Дәлелденген осы топонимиялық, этнонимиялық фактілерді, Арыс пен Сыр бойында б.д.д. IVғ. мен б.д. алғашқы ғасырларында жасаған арыс, отырар-қаратау, қауыншы, жетіасар мәдениеттеріне жататын археологиялық ескерткіштерден, Түгіскен, Ұйғарақ зираттарынан және Оңтүстік Орал мен төменгі Еділ бойындағы саурамат-сармат, Солтүстік Кавказ бен Қара теңіздің солтүстік жағалауындағы сарматтар қалдырған археологиялық ескерткіштерден табылған материалдармен және артефактілермен салыстырған кезде топонимиялық мәліметтер мен археологиялық мәліметтер мен археологиялық материалдар бір-бірімен сәйкес келіп, шендесіп, Орта Азияның бұл өлкелеріндегі аталмыш мәдениеттерді жасаған, зираттарды қалдырған, тек сақтар ғана емес, сондай-ақ саурамат-сарматтар да осы мәдениеттерді жасауға, аталмыш зираттарды қалдыруға қатысқан дейтін қорытынды жасауға мүмкіндік береді. [1]

Осы уақытқа дейін Қазақстанның оңтүстігі мен Арал теңізінің оңтүстік-шығысындағы археологиялық мәдениеттерді құрайтын ескерткіштер мен зираттар, сақ мәдениетімен шендестіріліп, бұл ескерткіштердің этникалық тиістілігі сақтармен байланыста қарастырылып, осыларға телініп келді. Сайрам-Испиджаб, Фараб-Отырар, Қаратөбе-Сауран археологиялық ескерткіштерін топонимиялық әдіспен зерттеу, бұл ескерткіштерді қалдырғандар, тек сақтар емес, сондай-ақ саурамат-сарматтар екендігін дәлелдеп берді. Осымен қатар аталмыш ескерткіштерді топонимиялық әдіспен зерттеу, бірқатар зерттеушілердің пікірі бойынша Кангюй мемлекетінің мұрагері болып табылатын, печенегтермен шендестірілетін, осылар деп саналатын кангар-кенгерестер – саурамат-сарматтардың солтүстік-батысқа ауып кетпей өздері қалыптасқан алғашқы отанында қалып қойған бөлігі екендігін де дәлелдеп берді.

Жоғарыда біз, арийлердің Арар атауын, х-к дыбысына бейім сақтардың Карар деп айтуынан Кангар ал, сақтар атауындағы «ас» формантын, арийлердің арас деп айтуынан арас-аорс этнонимдерінің пайда болғандығын дәлелдедік. Арийлердің «ар» форманты мен сақтардың «ас» формантын қосарлап біріктіріп айтудан арас атауы пайда болғаны сияқты кангар аталған арийлер мен атауында «ас» форманты бар сақтардың аралас бірігуінен кангарас дейтін этноним пайда болған. Біздің бұл пікірімізді, кангар-кангарас-кенгерестердің Кангюй мемлекетінің орталық бөлігі болып табылатын Сырдың орта ағысы мен Арыс өзені бойын мекендегендігі, осы себепті, кангарас атауының бірінші буыны немесе бірінші компоненті Канг-тың Сырдарияның көне атауына ал, кейінгі екі буынның немесе екінші компоненттің Арыс гидронимінің фонетикалық варианты - арас атауына айналу фактісі дәлелдейді. Кангарас этнонимінен Сырдарияның Канг және Арыс гидронимінің фонетикалық варианты «арас» атауларын көруге болады. Ал, арас атауының фонетикалық варианты - аорс атауының метатеза құрылысы бойынша пайда болатын этимологиялық варианты - аорс, сарматтардың бір тайпасының атауы екендігі белгілі. Егерде кангарас этнонимінің екінші компоненті арас атауының этимологиялық варианты «аорс», сарматтардың бір тайпасының атауы болса, онда біздің жоғарыдағы кангар-кенгерестер, саурамат-сарматтардың солтүстік-батыстағы Оңтүстік Оралға ауып кетпей алғашқы отанында қалып қойған бөлігі дейтін пікіріміз дұрыс болғаны. Кангарос, түрік тілдеріндегі а-с сәйкестігі бойынша кенгерес болып айтылған. Осыдан барып кенгерес этнонимі пайда болған. Аталмыш археологиялық ескерткіштерді топонимиялық әдіспен зерттеуді қорыта келгенде: сарматтардың бірлестігіне кіретін алан, асий, аорс тайпаларының қалыптасқан алғашқы отаны Қазақстанның оңтүстігіндегі Арыс пен Сырдария өзендерінің бойы болған дейтін А.Н. Бернштамның болжамы дұрыс болып шықты деген қорытынды жасай аламыз. [2]

Жақсы зерттелген, осы себепті топонимиялық әдіспен зерттеудің нысаны бола алатын келесі археологиялық ескерткіш - Бөріжары зираты. Бөріжары көне зираты, Арыс өзенінің сол жақ жағалауын ала 5-7 км созылып жатыр. Бұл зираттың уақыты, б.д. I-VIIIғғ. аралығы. Зиратты 1949 және 1951 жылдары А.Н. Бернштам басқарған Оңтүстік Қазақстан, 1966-68 ж.ж. К.А. Ақышев және Б.Н. Нұрмұқанбетов басқарған Жетісу, 1969-70 ж.ж. осы археологтар басқарған Отырар, 1971-75 ж.ж. аталмыш археологтар басқарған Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы зерттеген. Зиратты, б.д. I-ші мыңжылдығында Арыс өзені аңғарын мекендеген отырықшы-егінші және мал шаруашылығымен айналысатын көшпелі тайпалар қалдырған. Бөріжары зиратындағы молаларда кездесетін жерлеу салты, бірдей емес. Ірі көлемдегі қорған-төбелер (1,5 метрден жоғары), әдетте науска ұқсас жер бетінде жасалған жерлеу құрылыстары болып келеді. Кішігірім қорған-төбелердің көпшілігінің арасында, жерлеу құрылысының ішінде немесе қандай да бір қосымша жерлеу құрылысы жоқ, қарапайым жерлеу алаңшаларында жерлеу кездеседі. Осы себепті, зират молаларында кездесетін жерлеу құрылысы мен салтына қысқаша тоқталамыз. [3]

Қоршалмаған жерлеу алаңшаларында мәйітті жатқызып көшу салты орын алған қорған-төбелер, Жуантөбе қалашығынан оңтүстік-шығысқа қарай 300м жердегі зираттың орталық бөлігінде қазылған. Бұл қорған-төбелер, Арыс өзенінің арнасымен шектесетін ойпатта жатыр. Мұнда, жерлеу қабыры осындай болып келетін қорған-төбелердің үштен екісі орналасқан. Дөңгелек пішінді үйіліп жасалған қорған-төбелердің қазылып зерттелген бесеуінің екеуінің астынан катакомбалы мола табылған.

Катакомбаның құрылысына қысқаша тоқталып өтейік. 1 қорған-төбенің топырақтан үйіп жасалған үйіндісі, төбесі жалпақ (биіктігі 0,9м, диаметрі 10м) дөңгелек жоспарлы. Үйіндінің астында катакомба болған.

Дромос, төбенің оңтүстік-батыс шетінен басталып, ары қарай тар (0,6м) траншея болып, катакомбаға барып тірелген. Дромостың ұзындығы 4м, қабырғасының басталар тұсындағы биіктігі 0,7м, соңындағы биіктігі 2,3м. Жерлеу камерасы, яғни катакомба сопақ келген. Оның ұзындығы 2,4м, ені 0,9м, биіктігі 0,8м. Мәйіт камераның түбіне ұзына бойы созылған күйде шалқасынан жатқызылған, басы оңтүстік - оңтүстік-шығысқа қаратылған. Катакомбада жерленген екінші бір жер телімі, Жуантөбе қалашығына қарама-қарсы бағыттағы зираттың орталық бөлігінде орналасқан.

Екінші қорған-төбенің үйіндісі, жарты жұмыртқа формалы, бойлық бойлай созылған (14,5X13м), биіктігі 1,4м. Катакомба, үйінді төбенің сыртында орналасқан. Дромос, төбенің солтүстік-шығыс шетінен 3м беріден бастала тар, траншея болып аркалы кіре-беріске (лаз) тіреледі. Кіре-берістің ені 0,4м, биіктігі 0,5м. Дромостың көлем: басталуындағы тереңдігі 1м, соңындағы тереңдігі 3,1м, басталуындағы ені 0,5м, соңындағы ені 0,7м, ұзындығы 6,2м. Дромосқа көлденең орналасқан камераның формасы дөңгелек-эллипс тәрізді, ұзындығы 2,2м, ені 1,45м, биіктігі 1,1м. Камераның едені, дромостың еденіне қарағанда 0,15м төмен етіп қазылған. Камерада екі мәйіт бірге жерленген. [4]

Катакомбалар, қорған-төба астында, не болмаса үйіндінің сыртында орналасқан. Дромостардың ұзындығы 2 метрден 7 метрге созылады. Катакомбаларға кіретін тесіктер, дромостың бітер жеріндегі еденінен тесіліп жасалған. Жерлеу камералары сопақша-дөңгелек, оларда біреу немесе бірнеше мәйіт жерленген. Жерлеу біткен соң камераның аузы балшықпен бітелген, ал дромос топырақпен жабылған.

Қорған-төбе асты, жер бетінде жасалған жерлеу құрылысының ішінде мәйітті жатқызып көму салты орын алған қорған төбелер негізінен биік жерлерге жинақталған. Олар, сипатталған қорған-төбелерді үш жағынан қоршай, бірнешеқадам жерде орналасқан. Жерлеу құрылыстарын, бір-бірімен байланысты екі типке бөлуге болады: тік бұрыш жоспарлы қоршау (26 қорған) және кіре-беріс дәліз бен тік бұрышты ішкі камерадан тұратын сопақша немесе төтбұрышқа ұқсас жоспарлы құрылыс (32-33 қорғандар).

Қорған-төбе 26. Сопақша етіп үйіліп жасалған төбешік, көлемі 10,5X9м, биіктігі 1,2м. Айнала жасалған қоршауы, тікбұрыш формалы. Қоршаудың қабырғалары, пахсадан жасалған, оңтүстік-батыс қабырғасы жоқ. Қабырдың еденінде қаңқаның шашылып жатқан сүйектері, темірден жасалған бұйымдар, моншақтар мен қола алқа болған. [5]

Қорған-төбе 32. Сопақша етіп үйіліп жасалған, көлемі 16,5X14м, биіктігі 2м. Жоспары алмұрт формалы жер бетінде жасалған жерлеу қабыры. Қабырдың қабырғалары пахсадан жасалған. Қабырғалар, қиыршық тас араласқан балшықтан жасалған алаңшаға тұрғызылған жерлеу қабыры, тік бұрышты жерлеу камерасы мен оған апаратын ұзын дәлізден (2,25м) тұрады. Бұл дәліз қабырдың оңтүстік-шығыс қабырғасын 0,75м ендікте кесіп өтеді. Жерлеу қабырының көлемі 7,5м². Қабыр еденінен көмілген мәйіттің бөлшектенген қалдықтары табылған.

Қорған-төбе 33. Сопақша жоспарлы үйінді, көлемі 16,5X15м, биіктігі 1,8м. Жоғарыда сипаттағанға ұқсас, жер бетінде жасалған жерлеу құрылысы. Жерлеу камерасының көлемі 3,15X2,5м, кіре-беріс дәліздің ұзындығы 2,6м, ені 0,8м. Жерлейтін камераның еденінен қаңқаның шашылған сүйектері, жебенің 4 темір ұштары, бір жақ жүзді темір пышақтар және бір моншақ табылған.

Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевич зираттың уақыттық мерзімін VI-VIIIғғ. деп көрсеткен. Бірақ, В.И. Распопова Соғды жерінен табылған құранды белбеуді, Бөріжары зиратының белбеуімен салыстыра зерттеп: «бронзовые бляшки и пряжка из этого могильника находят аналогии в памятниках того же круга, что и самаркандские и таштубинские, поэтому могильнику следует датировать VI-VIIвв.» - дейтін түзету енгізеді. Зиратты зерттеген археологтар, оның жерлеу салтындағы мынадай негіздегі белгілерді атап көрсетеді:

1. Ескерткіш сырт келбеті біркелкі үйінділерден тұратын қорған-төбелі зират болып табылады.


2. Қорған-төбе асты жер бетінде немесе арнайы жасалған жерлеу алаңшаларында және екі типтегі жерлеу құрылыстарының ішіне мәйітті жатқызып көметін жерлеу салты кездеседі.

Діни сенім-нанымдармен қатар атап көрсетілген ерекшеліктер, зиратты қалдырған тайпалардың қандай шаруашылықпен айналысқандықтарын бейнелейді. Бөріжары зиратында кездесетін қабырлардың үстіне топырақты үйіп қорған-төбе жасау – Қазақстанның көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын бақташыларына тән ертеден келе жатқан салт-дәстүр. Ал, Бөріжарыдағы қорған-төбе асты жер бетінде жерлеу қабырынсыз мәйітті жатқызып көму - шаруашылығында бақташылық негізгі бағыт болған усун заманынан бері қолданылып келе жатқан салт-дәстүр. Бақташылықтың элементтерін өз шаруашылығында сақтаған кейінгі дәуірдің тайпалары да қайтыс болғандарды осындай салтпен жерлеген. Осы себепті, Бөріжары зиратында кездесетін жерлеу салттары, өткен дәуірлердің кейбір мәден шаруашылық дәстүрлерін бейнелейді дейтін болжам жасауға болады. Жуантөбе қалашығының солтүстік-шығысына қарай 0,5 км қашықтықтағы зираттың орталық бөлігінде қазылған қорғандардың астынан жер бетінде пахсадан жасалған молалар табылған. Бұдан бөтен аталмыш қалашықтың оңтүстік-шығысына қарай 300м қашықтықтағы зираттың орталық бөлігіндегі қорған астындағы жер бетінде арнайы жасалған алаңша үстінде өлікті жерлеу салты тіркелген қорған-төбелер анықталған. [6]

Этнотопоним екендігі анықталған Жабағылытөбе, Құлантөбе, Майтөбе, Мәртөбе археологиялық ескерткіштерінде қазба жұмыстары жүргізілмегендіктен, топонимиялық мәліметті салыстыратын, шендестіретін археологиялық материалдар болмағандықтан бұл ескерткіштерді, жетілдірілген топонимиялық әдіспен зерттей алмаймыз.

Әдебиеттер:

1. Әбдірахманов А. Қазақстан этнотопономикасы. Алматы, «Ғылым» 1979.
2. Малолетко А.М. Палеотопонимика. Томск. Изд. Томского ун-та. 1992.
3. Седов В. Ранний период славянского этногенеза. «Вопросы этногенеза и этнической истории славян и восточных романцев». Москва. 1976.
4. Кузьмина Е.Е. Историзм в археологии. Конференция «историзм археологии: методологические проблемы». Тезисы докладов. Москва. 1976.
5. Арутюнов С.А., Хазанов А.М. Проблема археологических критериев этнической специфики. Советская этнография. №6.
6. Никонов В.А. Введение в топонимику. Москва. 1965.

**ӘОЖ 930.1****ТАРИХИ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ.**

Лабенова Рабиға - магистр, аға оқытушы
Жанболатов Саттар педагогика ғылымдары кандидаты
Сейтімбетова Данагүл - магистр, аға оқытушы
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті
Шымкент қаласы

Андатпа. Жахандық интернет желісінің дамуы тарих пәндерін оқыту барысында аудиовизуалды құралдарды пайдалану мүмкіндігін арттыра түсті. Сонымен бірге, білім беру үдерісіне заманауи интерактивті аудиовизуалды құралдарды белсенді енгізуге, тарихты оқыту үшін оқу мақсатындағы әртүрлі электрондық тасымалдағыштарды әзірлеуге қарамастан, мұғалім мен оқушының тарих сабағына деген ынтасы мен сабақты игеру деңгейі жетілдіре түсуді қажет етеді. Соның бір көрінісі мақаламызда аудио және бейне өнімдерді тарих пәнінің жаңа тақырыбын өткен сәтте оқушы назарын аудару білу мақсатында пайдалану болып табылды.

Түйінді сөздер: бейне өнім, аудио өнім, ұялы телефон, фильмдер, күй, ұнтаспа

Тарих сабағын оқыту жыл өткен сайын күрделене бермек. Себебі уақыт өткен сайын адамзат тарихы жасара береді, жаңа мәліметтермен толыққан үстіне толыға түспек. Қазіргі заман өзгерістер заманы, соңғы жылдардың өзінде әлемдік мәні бар қаншама тарихи оқиғалар болып өтті. ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінің өзінде дүние жүзінде өткен оқиғаларды санамалап көрсек өте ауқымды цифрларға тап боларымыз сөзсіз. Тіпті басқа елдердегі тарихи оқиғаларды айтпағанда, еліміздің тәуелсіздік алғалы бері қаншама тарихи оқиғаларды бастан кешкені, олардың бәрі де Қазақстанның жаңа тарихы ретінде Қазақстан тарихы оқулығынан өзінің орнын алатыны даусыз. Демек тарих пәнін оқып үйренуде оқушыларға жаңа жүктеме жаңа тапсырмалар легі болмақ. Мінеки сондықтан да тарих пәнін оқып-үйренудің қаншама әдістемелерін ұсынсақ та, тарих пәні мұғалімдерінің осы әдістемелерді үйреніп өз сабағында қолдануында артық болмасы анық. Біз тарих пәнін оқыта отырып басты міндет ретінде оқушылардың жаңа тақырыпқа деген назарын аудару білуіміз қажет. Ал содан соң осы артықшылығымызды яғни оқушының назарын сабақ біткенше ұстай алсақ, бұл біздің осы сабақты табысты өткеніміздің айқын айғағы болып табылады. Себебі кейбір оқушылар сабақ барысында жаңа сабақты өткенде назар сала қоймайды, алаңдап отырады, кейбірі ұялы телефонға жалтақтайды, ұрлана қарап отырады, кейбірі сізді тыңдаған бола отырып ойы кешегі ойындарын т.т ойланып отыруы әбден мүмкін. Әлеуметтік медиа өте күшті демократиялық рөлге ие бола алады, өйткені бұқаралық пікір төмен сатыда әп-сәтте ұйып, қалыптасуы мүмкін. Басқа сөзбен айтқанда, ұялы телефон ұстаған азаматтар ретінде белгілі бұқаралық әлеуметтік медиа жасаған хабардың күн сайын өсіп отырған позитивті және теріс ықпалы бар [1]

Оқушылардың назарын жаңа тақырыпқа аудару үшін біз қазіргі аудио және бейне өнімдерді пайдалануға кеңес береміз. Бейне және аудио өнімдерді сұрыптап пайдалану керек.

Мысалы, бұл көркем фильмдерден үзінділер болуы мүмкін айталық 6-сыныптың Қазақстан тарихы пәнінен «Тәуке хан тұсындағы қазақ хандығы» тақырыбын өткенде "Көшпенділер" фильмін қысқаша 20 минут көрсетіп өткен дұрыс деп ойлаймын. Режиссерлер Р.Ибрагимбеков, Т.Теменовтың (Шет елдерге Номад деген атпен таралған), "Фильм Жоңғар шапқыншылығының қазақ халқына қандай ауыртпашылық әкелгенін халықтың ерлік күресін көрсетіп оқушылардың осы тақырыптарға терең мән беріп түсіне бастауыны үлкен көмек болары даусыз. Осы фильмдерден үзінділер оқушыларға зерттелетін тақырыпқа өз көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқушылардың назарын жаңа тақырыпқа аудару үшін біз қазіргі аудио және бейне өнімдерді пайдалануға кеңес береміз.

Сабақтарда зерттелетін материалды музыкалық сүйемелдеу қажеттілігі жиі туындайды. Мысалы 6-сыныптың тарих оқулығындағы «1836-1838 жылдардағы Бөкей ордасындағы шаруалар көтерілісі» тақырыбын өткенде атақты күйші Құрманғазы Сағырбайұлының осы көтеріліс басшысы Исатайға арналған «Кішкентай» күйін немесе көтеріліске арналған тағы «Адай» күйлерін үнтаспадан оқушыларға тыңдатып сабақты түсіндірсе сабақ өте жақсы әсермен өткен болар еді оқушыларда пәнге деген қызығу арта түсер еді. Осы сынды «19 ғасырдың 2 жартысындағы Қазақстан мәдениеті Орыс демократиялық мәдениеті және қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уалиханов » тақырыбын өткенде қырғыздың әйгілі Манас жырынан үнтаспа арқылы оқушыларға үзінді тыңдатып барып осы жырды да тұңғыш жазып алып зерттеген Шоқан екенін айтып тақырыпты жалғастырса дұрыс болар еді, оқушылар ынталана тыңдар еді деп санаймын. Мысалы 6-сыныптың тарих пәнінде «19 ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық және саяси жағдайы .Қазақстандағы хандық биліктің жойылуы» тақырыбын өткенде Ал Махамбет Өтемісұлы Баймағанбет сұлтанға айтқан өлең жолдарын аудиовизуалды түрде оқушыларға тыңдатып таспа арқылы немесе Белгілі ақын Махамбет туралы фильмді қоюшы- режиссері С.Тәуекел сценарийін жазған О.Сүлейменов ,оқушыларға 15-20 минут көрсетіп барып сабақ жүргізілсе сабақ өте көрнекі де әсерлі өтер еді деп ойлаймын. қарайық. Махамбет былай деп толғайды:

Жарыла көшкен еліңді,
Жаралы қойдай қылармын.
Мен кеткенмен тек кетпен,
Сізден артық табармын.
Ашуыма көп тисең,
Өзекті жанға бір өлім,
Орданды талқан ғып шабармын.
Ал Жәңгір ханға былай айтқан өлеңі тағы бар:
Хан емессің қасқырсың
Қас албасты басқырсың
Достарың келіп табалап
Дұшпаның сені басқа ұрсын!
Хан емессің ылаңсың
Қара шұбар жылансың
Хан емессің аярсың
Айыр құйрық шаянсың! [2]

Бұл Махамбеттің Жәңгір ханға айтқаны. Ал енді осындай өлең жолдары арқылы Жәңгір ханның жылдар бойы ұрпақтар санасында зұлым хан ретіндегі бейнесі қалыптасып қалды. Ал шын мәнінде Жәңгір хан Бөкей ордасында мектеп салдырып, қазақ жеріне мәдениет ошақтарын ашуда мол еңбек сіңірген тұлға. Жәңгір ханның басқа әрекеттерін айтпағанда қазақ жерінде Бөкей ордасында тұңғыш Мұрағат мекемесін салдырғанын айтсақ та жеткілікті емес пе ?. Оның осындай прогрессивті іс-әрекеттері Махамбеттің жоғарыдағы және басқа да оған қарсы жазылған өлеңдерінен кейін атаусыз қалып отырған. Осы тұрғыдан алғанда Алтын Орданың соңғы хандарының бірі Тоқтамыс хан мен Жәңгір ханның да тағдырларындағы ұқсастық барын көруге болады. Және осы екі тұлғаның шынайы бейнелерін қалпына келтіретін сәт жетті.

Сонымен қатар аудио құралдардың мынадай каталогын жасап осы арқылы әр тақырыпқа сай оқушыларға классикалық күйлерден, жырлардан қысқаша үзіндіні сабақ басында тыңдатып алған дұрыс деп санаймыз сонда оқушылардың жаңа сабаққа назар бөлуі арта түскен болар еді.

Кесте 1. Аудио құралдар арқылы тыңдалатын шығармалар каталогы

Қазақстан Тарихы Пәннің тақырыбы	Аудио құралдың түрі	Авторы , Шығарма атауы
Қазақ халқының шығармашылық дәстүрі	үнтаспа	Қазтуған Сүйінішұлының белгілі жыры “Алаң да алаң, алаң жұрт”. Бекболат Тілеуханұлы орындауында
«1836-1838 жылдардағы Бөкей ордасындағы шаруалар көтерілісі»	үнтаспа	Құрманғазы Сағырбаев «Кішкентай» күйі
19 ғасырдың 60-70 жылдарындағы қазақ халқының отарлық езгіге қарсы азаттық күресі	үнтаспа	Құрманғазы Сағырбаев «Адай» күйі
19 ғасырдың 2 жартысындағы Қазақстан мәдениеті Орыс демократиялық мәдениеті және қазақтың ұлы ғалымы Шоқан	үнтаспа	«Манас» жыры



Уалиханов		
«19 ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті мен мәдениеті»	Ұнтаспа	«Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» жыры
Қазақ халқының өнері мен музыка мәдениеті	Ұнтаспа	А)Тәттімбет Қазанғапұлы «Балбырауын Ә)Дәулеткерей Шығайұлы «Қоңыр»

Сонымен қатар аудиовизуалды құралдардың да мынадай каталогын жасап осы арқылы әр тақырыпқа сай оқушыларға фильмдерден қысқаша үзіндіні сабақ басында көрсетіп отырған өте маңызды болар еді. Ал фильмдерді толық көру үшін оқушыларға үй жағдайында бос уақыттарында көруге тапсырма ретінде беруге болады. Бұл әрі оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалануға үйретсе екіншіден таным көкжиегін кеңейтіп сабақ материалын жақсы меңгеруге үлкен себебін тигізеді.

Кесте 2.Бейне құралдар арқылы көрсетілетін шығармалар каталогы

Қазақстан Тарихы Пәнінің тақырыбы	Аудиовизуалды құралдың түрі	Режиссері , Шығарма атауы
Тәуке хан тұсындағы қазақ хандығы»	диафильм	Р.Ибрагимбеков,Т.Теменовтың «Көшпенділер» фильмі
«19ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік –экономикалық және саяси жағдайы .Қазақстандағы хандық биліктің жойылуы»	бейнетаспа	Махамбет туралы фильмді қоюшы-режиссері С.Тәуекел сценарийін жазған О.Сүлейменов
«Қазақстанда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру »	бейнетаспа	Құжатқа негізделген фильмді«НӨУБЕТ» сценарий авторы Валерий Михайлов,режиссері Калила Умарованың 1992 жылы түсірген фильмдері
«Сақтардың мекендеген жері сақ қоғамы»	бейнетаспа	"Сиявуш туралы аңыз" фильмінен үзіндіні оқушыларға көрсетуге болады.Бұл - 1976 жылғы кеңестік көркем фильм, Фирдоусидің"Шахнаме" эпикалық поэмасы бойынша тарихи кинотрилогияның үшінші бөлімі. "Тәжікфильм" студиясы, режиссері Бенционь Ариевич (Борис Алексеевич) Кимягаров. Екі бөлімнен тұрады: бірінші фильм — "Сиявуш және Судаба", екінші фильм — "Бұғы туының астында".
Сақтардың тәуелсіздік үшін күресі	Бейнетаспа	Ақан.Сатаевтың режиссерлығымен түсірілген ,басты ролдерде Альмира Тұрсын,Әділ Ахметовтар ойнаған «Томирис»фильмі
Халықтардың ұлы қоныс аударуы	Бейнетаспа	режиссер Эмануэль Итье АҚШ-та 2013 жылы түсірген негізгі ролде Михайла С,Кэмпбелл,Стив Хэнкс,Чейк конго,Филип Андре Ботелье,Крис Конрад
Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы	Бейнетаспа	қоюшы-режиссер Мәжит Бегалиннің «Артымызда Москва»фильмі
13-15 ғасырлардың бірінші жартысындағы Қазақстан.Монғолдардың Қазақстан жерін жаулап алуы	Бейнетаспа	2004 жылы режисер Юй Чжисянь,Продюсері Тэнгердің жетекшілігімен түсірілген « Шыңғысхан» фильмі басты ролді Басэн Чжабу,Сыцинь Гаова сомдаған



Алтын Орда 13 ғасырдың ортасы 16 ғасырдың басы	Бейнетаспа	2018 жылдан ғана экранда көрсетіле бастаған Қазақстан мен ресейдің бірігіп түсірген режиссері Тимур Алпатов,Продюсерлері Рубен Дишдишян,Леонард Блаватник,Нелли Яраловалар түсірген
Ыбырай Алтынсарыұлы және Абай Құнанбайұлы	Бейнетаспа	Абай фильмін Қоюшы-режиссері А. Әмірқұлов. Сценарий авторлары А. Әмірқұлов, Л. Ақынжанова, А. Баранов, С. Апрымов. басты рөлдерде Т. Жаманқұлов, Ғ. Тұрықбаев, Б. Римова, Ф. Жантілеуова, Б. Бейшеналиевтер ойнаған

Қорыта айтқанда аудио және видео құралдар арқылы көрсетілетін фильмдер,жырлар мен күйлер сынды әдістемелер оқушылардың тарих пәнін өткенде жаңа тақырыпты ашу барысында мұғалімге таптырмас көмек болады деп сенеміз. Өйткені қазіргі оқушы жаңа ұрпақ ғылым мен техниканың соңғы өнімдерін пайдаланып ,ұялы телефондарды өздеріне жатса-тұрса серік еткен,сазды әуендерді беріле тыңдайтын ұрпақ. Олардың осы ерекшелігін жаңа сабақ өткен тарих пәні мұғалімі ескермесе болмайды.Біз егеменді еліміздің тарихын оқытып үйретуде тиімді деп тапқан барлық тәсілдерді пайдаланып көруге тиіспіз. Солай ете отырып төл тарихымызға деген оқушылардың сүйіспеншілігін оята білу қажет. Ал төл тарихына деген Отаншылдық сезімі мен сүйіспеншілігі оянған жас ұрпақ сабақты одан әрі өзі де қызыға ,ынталана тыңдап,оқып –үйренеді деп санаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Хиллиард Л.Р. Телевизия радио және жаңа медиаға мәтін жазу-Алматы ; «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры,2020-528бет
2. Бес ғасыр жырлайды»1 том Құрастырғандар: *М. Байділдаев, Мұхтар Мағауин* - «Жазушы» баспасынан 1984-1156



ӘОЖ 398:93

АҢЫЗ-ӘҢГІМЕЛЕРДІҢ ДЕРЕКНАМАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Алимбеков Руслан Жұмасілулы

Философия докторы (PhD)

Қорқыт Ата атындағы ғылыми-зерттеу орталығы, Астана қ.

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқында дәстүр болып сақталып, атадан балаға ауызша жетіп отырған аңыздардың қазақ тарихын, дәстүрін, мәдениетін, дүниетанымын зерттеудегі маңыздылығы қарастырылады. Сонымен қатар, аңызды зерттеудің теориялық, методологиялық аспектілерін қарастыра отырып, аңыздың дерекнамалық құндылығына мән беріледі.

Түйін сөздер: аңыз, дерекнама, тарих, теория, методология.

Қазақ жері бастыны идірген, тізеліні бүктірген, озық өркениетті жасаған алпауыт мемлекеттердің, адамзат ақыл-ойының дамуына үлес қосқан ұлы данышпандардың ізі қалған қасиетті мекен. Профессор М.Жолдасбеков: «таусылмайтын дәулет, тозбайтын дәстүр қалдырып кеткен, адамзаттың өсіп-өркендеуіне орасан үлес қосқан бабалар тарихы мүлтіксіз, шынайы, жүйелі жазылуы тиіс. Сол тарихты халықтың санасына ұялататын да, сол тарихпен мақтанатын да мезгіл жетті. Осындай байтақ тарих әліде болса толық зерттеліп, өзінің бағасын алған жоқ десек те болады», деген еді [1]. Олай деудің де себебі бар, Қазақтың өткен тарихын отаршыл саясатты ұстанған саяхатшы-ғалымдар қалыптастырған ғылыми мектептердің ғылыми-методологиялық еңбектер шеңберінде қарастырылды. Соның салдарынан байтақ тарих бұрмаланды, деректер

жойылды. Ең ғажабы, қазақтың байтақ тарихы оның жадында және тілінде сақталды. Тіл арқылы атадан балаға жұрнағы жойылмай жеткен аңыз-әңгімелер шынайы дерек ретінде қабылдана қоймады. «Тек жазба деректер ғана дәлелді деректің түрі бола алады» деген көзқарас орын алды. Алайда, «Кез келген халықтың бастау қайнарынан хабар берер жалғыз дерек – сол халықтың өзінің төл тілі, сол тіл арқылы жеткен аңыз-әңгімелері болмақ. «Ауызша тарих» деп жүргеніміздің өзі түптеп келгенде осылар. Әр халықтың өз тілі – сол халықпен бірге жасасып келе жатқан, бүкіл тарихының куәгері, дүниетанымының айғағы. «Тіл тарихы – халық тарихы» дейтінімізде содан. Жазба дерекке түспеген дерек тілде сақталған», дейді тарихшы Қойшығара Салғараұлы [2]. Қазақ тарихында байырғы заманнан қазіргі күнге дейінгі кез келген оқиғаны алып қарасақ аңызда айтылмағаны кемде кем. Ұлы Даланың тамыры тереңде жатқан тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткен аңыз-әңгімелері арқылы зерттеу, ауызша тарих бағыты бойынша ізденіс жүргізу қазіргі тарих, деректану ғылымының негізгі мақсат-міндеттерінің бірі болуы тиіс.

Аңыз жайында зерттеу жүргізіп, теориялық тұрғыдан анықтаған бірнеше ғылыми еңбектер жарыққа шықты. Мысалы шет елдің К. Леви-Строс, Л. Леви-Брюль, Э.Б. Тайлор, Э. Эванс-Причард, Пол Томпсон, В.Я. Пропп, С.Н. Азбелев, В.К. Смирнова, А. Баймуратова сынды ғалымдарды, ал қазақ ғалымдарынан Ш.Уәлиханов, М. Әуезов, С. Қасқабасов, А.Сейдімбек, С. Қондыбай т.б. ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады.

XIX ғасырда ауызша тарихты дерек ретінде тарихшылардан гөрі әдебиетшілер көбірек қолданды. Өзінің 1802-1803 жылдары шыққан «Песни шотландской границы» деп айтылатын шығармаларына ауызша тарихты көбірек қолданушылардың бірі Вальтер Скот. Одан әрі бірқатар ғалымдар да өз еңбектеріне ауызша тарихты қолдануды әдетке айналдыра бастайды. Мысалы, Мокалея «Англия тарихы» (1845-1855) еңбегінде қолданса, Жюль Мишле «Француз революциясының тарихы» (1847-1853) атты еңбегінде ресми дерекпен тең дәрежеде ауызша тарихты көбірек келтіреді. Сонымен қатар Биатриса Вебб экспедицияға шығып, елді-мекендегі ауыз-екі әңгімелерді жүйелі түрде жинақтап «Кооперативное движение Британии» атты монографиясына (1891), т.б., еңбектеріне енгізді [3].

Британдық ауызша тарихтың негізін қалыптастырған Пол Томпсон: «Тарих қашаннан бері бар болса, ауызша тарих та сол кезден бері жасап келеді. Бұл тарихтың алғашқы формасы» деген еді [4]. Шетелдік ғалымдар ауызша тарихқа ерекше мән беріп, оны жеке пән ретінде қарастырып, ел аузындағы ескісөзді жинақтап, зерттейтін ғылыми бағдарлама жасап, қолданысқа енгізген. Оны зерттеудің теориясы мен методологиясын да қалыптастырған.

Ауызша тарихты дерек ретінде кең көлемде қолдануды, дамытуды қолға алған АҚШ пен Еуропа елдері болды. Ал, 1974 жылы Канадада ауызша тарих ассоциациясы құрылған [5]. Қазіргі таңда АҚШ-та ауызша тарихты оқытудың, зерттеудің мыңнан аса бағдарламалары жұмыс істейді.

Әлем ғалымдарының ауызша тарихқа деген қызығушылығы жайдан-жай болмаса керек. Алайда, ауызша тарихқа шынайы дерек ретінде қарау үшін де оның ғылымилығын, тарихилығын, шынайылығын ғылыми тұрғыда дәлелдеуді қажет ететіндігі жайында біраз зерттеушілер ойларын білдірген. Халықтың жадындағы ақпарат дәл сол оқиғаны түпкі нұсқада сақтай алмайды, өзгерістерге ұшырап, нақтылық жоғалады дейтіндер де табылды. Дегенмен, А. Хейли мен Я. Вансин сынды ғалымдар адамның жадындағы ақпарат ешбір өзгеріссіз бірнеше ұрпаққа дейін жазудың көмегісіз сақталатынын айтып дәлелдеді [6].

Д. Хубов ауызша тарих жөнінде зерттеу жүргізе отырып: «Ауызша тарих - адамдар тарихын, оқиғаларын, сезімін, ойын, таным-түсінігін жеткізеді, жазылып, сақталмаған, тек ауызша тарихқа негізделген кейбір халықтардың мәдениетін зерттейді» деп тұжырым жасайды [7]. Аңызды фольклортану ғылымында жеке жанр ретінде қарастырып келді. Оны тарихты зерттеудегі шынайы дерек ретінде қарастыру жаппай орын ала қойған жоқ. Кейін біраз ғалымдар (А. Сейдімбек, Қ. Салғара, М. Алпысбес) ауызша тарихты дерек ретінде қолдануды қолға алады.

Ауызша халық мұрасының құндылығын ерекше қастерлеген, оны сақтап, атадан балаға аманат етіп жеткізіп отырған халықтың бірі – қазақ. Қазақ халқының ұзына бойғы тарихы аңыздардан тұрады. Бұл біздің басты ерекшелігіміз десек те болады.

Қазақ халқының ауызша тарихының теориялық мәселелері жайында ізденістер жүргізген көрнекті шығыстанушы ғалым Ш. Уәлиханов болды. Ол 1852 жылы Сібір кадет корпусында оқып жүрген кезінде-ақ қазақтардың тарихи аңыз-әңгімелерін жинастырып, халықтың көненен қалған мұрасы мен аңыз-ертегілері арқылы ежелгі Шығыс тарихында жаңалық ашуды көздейді [8]. Осылайша аңыздағы деректердің құндылығына ерекше мән береді. Қазақтың аңызын, әңгімелерін, ертегілері мен мифтерін халықтың өткендегі тарихын білу үшін маңызы зор материал деп қарайды. Қазақтың шығу тегін зерттеушілер үшін ауызша тарихтың құнды дерек екендігін айта келіп, Шоқан: «Егер, жұрт айтқандай, Геродот жинған Гомердің өлеңдері мен аңыздарында қандай да бір тарихилық бар болатын болса, егер өзгертіліп мысал тәрізді болып кеткен аңыздарында тарихи шындық бар десек, қазақтардың қазіргі тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, ата-бабаларының тұрмысын елестететін керемет жүйелі түрде айтылатын аңыздарының да тарихи дерекке сай келетіндігіне, тарихи шындығының барлығына шүбә келтірмеуіміз керек. Халықтың ақыл-ойынан және қалың бұқараның сана-сезімінен, өмір тіршілігінен туған бұл шығармалар ұрпақтан-ұрпаққа, тұтас халыққа ауызша тарап отырды.

Сондықтан да бұл туындылар өзінің тарихи, филологиялық және психологиялық та мәнін жойған жоқ» дейді [9].

Әсемқұл Таласбек те қазақ өнеріне, мәдениетіне, тарихына қатысты зерттеулер жүргізген. Сол еңбектерінде халықтың ауызша мұрасы тарихтың бұғып жатқан сан-қырлы сырларын ашатын құнды дерек екендігін сөз ете келе: «Дүниеде мынау жазба мәдениет, яғни, жақсы мәдениет, мынау ауызекі мәдениет, яғни, жаман мәдениет деп бөлмеген. Информацияны сақтаудың екі формасы қатар жүрген. Ал қандай да болмасын өркениеттің күйреуінің қарсаңында Дәстүрдің эвакуациясы, Дәстүрді көшіру басталғанда, қағазға жазып қалдырғаннан гөрі еске сақтау әлдеқайда сенімді амал екені белгілі болады» – дейді [10].

Сонымен қоса, кейінгі пайда болған «ауызекі мәдениет өкілдерін» төменгі өркениет иесі деп санаған батыс ғалымдары жасаған ғылыми тұжырымдарын сынға алады. Оның еңбектерінде: «Фольклористика я басқа ғылым, қандай да болмасын мәдениетке баға бергенде оның сақталу формасына (ауызша немесе жазбаша) емес, ең әуелі сапасына, ойының өресіне назар аударуы керек. Оның сыртында әлемдік ғылым топанға дейінгі өркениетті мойындап, зерттеудің бағытын, мән-мағынасын, мұратын өзгертуі керек. Солай болғанда ғана бүгінде ғылым үшін шешуін таптырмайтын жұмбақ болып отырған көптеген жайттардың шын сыры ашылмақ», [10, б. 299] – деп, адамдардың дүниетанымы негізінде қалыптасқан аңыз-әңгімелердің астарында әлі ашылмаған тарихи шындықтың барына назар аударады.

Серікбол Қондыбай аңыз-әңгімелерді, мифтерді зерттеу арқылы ежелгі түріктердің оның ішінде қазақ халқының таным-түсінігі мен дүниетанымындағы кейбір басы ашылмаған мәселелерді, ұмыт бола бастаған тарихтың қатпарларын қайта қалпына келтіруде таптырмайтын әдіс екендігін айтып өтеді. Осы бағытта біраз зерттеулер жүргізіп, бірнеше еңбектері жарық көрді. Мифтің мән-мағызын былайша ашып көрсетеді: «Қазіргімізді, өздеріміздің кім екендігімізді естен шығармай, өткен заманның ұмыт болған қабаттарының бетін аршып алуға, естен шыққан рухты, киені, ділді, танымды еске түсіруге мүмкіндік беретін әдіс – мифология» [11]. Ал оның тарих, археология, фольклортану, лингвистика, дінтану, жаратылыстану т.б. сынды ғылым салаларымен өзара байланыста ғана жүзеге асатынын мойындайды. «Миф – ойдан шығарылған қиял емес, ол – өткен заман адамдарының шындығын бойына сақтап қалған ата-баба сарқыты», – дейді [11, б. 9].

Арал маңы халықтарының тарихын, этнографиясын зерттеуде жергілікті халықтың аңыз-әңгімелерін негізге ала отырып, зерттеу жүргізген тарихшы-этнограф ғалым Л.С. Толстова халықтардың тарихын, этногенезін танып-білуде, оның шындығына көз жеткізуде аңыздардың құндылығын ерекше бағалайды. «Тарихи фольклор – жазба ескерткіштер болмаған немесе, сақталмаған ежелгі кезеңдегі халықтың этногенезін қалыптастыру жұмыстары барысында бірден-бір шынайы дерек болып табылады», – деп атап өтеді Л.С. Толстова өзінің еңбегінде [12]. Ортағасырдағы түркі, парсы тарихнамасын зерттеуші белгілі шығыстанушы В.П. Юдиннің ауызша тарихқа байланысты айтқан салмақты ғылыми тұжырымдарына тоқталмай кете алмаймыз. Өтеміс қажы шығармасын зерттеу жұмысында В.П. Юдин осы қария сөздерді үлкен тарихи мәні бар тарихи дерек ретінде қарастырып, оны «далалық ауызша тарихнама» деп атаған [13]. Көне түркі генеалогиялық аңыздарын түркі тарихын зерттеу дерегі ретінде қарастырған ғалым Ю.А. Зуев, көне қытай деректерінде сақталған түріктердің мифтік сюжеттерін талдау арқылы түріктердің әлеуметтік-генеалогиялық жүйесіне байланысты әртүрлі ұғымдардың, наным-сенім мен діни, мифологиялық деректердің негіздерін ашуға қол жеткізді. Ю.А. Зуевтың бұл зерттеулерінде жасаған тұжырымдарын қазақ аңыздарының мәтіндерінде сақталған ескі мифологиялық, терең астарлы ұғымдарды анықтауда қолдануға болатын әдістер деп білеміз [14]. Ел аузында сақталған «ескі сөз», ауызша тарих ортағасырлық жазба ескерткіштердің негізгі дерекнамасы болды десек қателесе қоймаспыз. Белгілі тарихшы Мұхамед Хайдар Дулатидің белгілі «Тарихи Рашиди» шығармасының басым көпшілігі ауызша тарихнама негізінде жазылған. Ол өз кезегінде «Әлемдегі барлық халық өзінің ата-бабалары туралы аңыздар мен әфсаналарды тарихи дерек есебінде пайдаланып, одан мысалдар келтіріп, нақты дәлел ретінде ұсынады: әсіресе түркі халықтары өзінің барлық сөзі мен ісін, даудың шешімін ата-бабаларының өсиет сөзі мен аңыздарына сүйене отырып шешеді», [15] – деп аңыз әңгімелердің түркі халықтарының тарихын жазуда басты дерек екендігін баса айтып, оның маңыздылығын атап өтеді. Сонымен қатар, Ұлы Дала тұрғындары – түріктердің ауызша тарихи білімі шығыстың, батыстың ежелгі, орта, ерте ортағасырлық жазба ескерткіштерінде де көрініс тапқан. Өтеміс қажының «Моңғолдардың құпия тарихы» немесе «Шыңғыс-намасы» да, Әбілғазы Баһадүр ханның, Рашид-ад-диннің еңбектері секілді ауызша тарихнаманың жазбаша үлгілері. Бұған Парсы тарихшысы Рашид-ад-дин: «түркі, араб, франк ғалымдары мен тарихшыларының өз халықтары туралы қалдырған жылнамалары, қария сөздері, аңыздары бар, сол халықтардың білетін шежіре адамдарына сауал қойып, беделді адамдарынан сұрастырдық» – деп жазғаны дәлел бола алады [16]. Сондай-ақ, белгілі шығыстанушы В.П. Юдин ортағасырлық жазба ескерткіштерді зерттей отырып, бұл еңбектер жазбаша және ауызша тарихнаманың негізінде біріктіріліп жазылған деген баға береді. Бағзы заманнан бері халықтың санасында жатталып, атадан балаға ауызша беріліп келе жатқан қазақ халқында кең тараған аңыздың тарихи тамырының тереңдігінің шынайы мойындалуы және оның «тарихи» жанрларының тек мифологеммен ғана емес, сонымен қатар нақты фактімен де байланысының бар екендігін мойындау, зерттеушілер үшін де кең перспективалар ашады. Көптеген ғалымдар үшін, әртүрлі аңыз-әңгімелер белгілі бір тарихтың нақты оқиғалары туралы көмескі естеліктері, ол тарих болғанмен де, халықтың бұрмаланған күмәнді жады мен мифопоэтикалық санасындағы тарих болып табылады.

«Қазақ халқы кітап көрмей-ақ, оқып, жазбай-ақ, ауыздан ауызға айтылып келген, естіген сөздерін ұмытпай айтып келе жатқандары жөнінде дәлелдер көп. Сол үшін бұлардың көне хабарларына қашанда құлақ асу керек. Олардың тарихын, нәсілін білмек болғандар хикаяларына, аңыз-әңгімелеріне сүйену керек. Және олардың сөздерін өздеріңше аударып-төңкермей сол күйінде тындап алу керек...», дейді Құрбанғали Халид [17]. Бұл көнеден келе жатқан тарихи деректердің еш бұрмалаусыз жетіп отыратынын аңғартып, оны сол күйінде беруді меңзейді.

Ғалымдардың зерттеулері мен ой-тұжырымдары көрсеткендей, әр халықтың өзінің таным-түсінігіне, дүниетанымына, дәстүріне негізделіп айтылған аңыз-әңгімелері болады. Олар тарихта болған шынайы оқиғаларға, тұлғалардың өмір тарихына, елді-мекен, жер атауларына негізделіп айтылады. Бұл – халықтың тарихын, мәдениетін, этнографиясын танып-білуге, ел тарихын түгендеп, жүйелеуге мүмкіндік береді. Аңыздың құндылығы осында деп білеміз.

Ұлы Даланың қай өңірін алып қарасаң да тарихи елді-мекендер мен тарихи тұлғалардың ізі сайрап жатады. Олар жайында айтылатын аңыздарда көптеп кездеседі. Осыларды жинақтап, талдап, сараптап тарихи дерек ретінде пайдаланатын уақыт әлде қайда жетті деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жолдасбеков М. Кісілік. III том. Мақалалар. Ойтолғамдар. Сұхбаттар. – Астана: «Күлтегін», 2012. – 77 б.
2. Салғара Қ. Жер-жаһанда арғы атаңның ізі бар. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2015. – 51 б.
3. Томпсон П. Голос прошлого: устная история. – М.: Весь Мир, 2003. – 367 с.
4. Thompson P. The Voice of the Past: Oral History. – Ed. 3th. – Oxford: Oxford University Press, 2000. – 380 p.
5. Хрестоматия по устной истории / под ред. М.В. Ласкутова. – СПб.: Изд-во Европ. ун-та в С.-Петербурге, 2003. – 396 с.
6. Вансин Я. Устная традиция как история // В кн.: Хрестоматия по устной истории. – СПб.: Изд-во Европ. ун-та в С.-Петербурге, 2003. – С. 263.
7. Хубов Д. Устная история и архивы: зарубежные концепции и опыт: автореф. канд. ... ист. наук: 07.00.02. – М., 1992. – 34 с.
8. Валиханов Ч. Собрание сочинений. – Изд. 3-е. – Алматы: Алатау, 2010. – Т. 1. – 432 с.
9. Валиханов Ч.Ч. Сочинения Чокан Чингисовича Валиханова / под ред. Н.И. Веселовского. – СПб.: Тип. гл. упр. уделов, 1904. – 533 с.
10. Әсемқұлов Т. Шығармалары. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2016. – Т. 5. – 400 б.
11. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – Т. 9, кіт. 1. – 528 б.
12. Толстова Л.С. Исторические предания Южного Приаралья: к истории ранних этнокультурных связей народов Арало-Каспийского региона. – М.: Наука, 1984. – 248 с.
13. Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. – Алматы: Ғылыми, 1992. – 296 с.
14. Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – Алматы: Дайк-пресс, 2002. – 360 с.
15. Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жыл. арналған халық. ғыл.-теор. конф. материал / ЕНУ. – Алматы, 2001. – 584 б.
16. Хамадани Р-ад-д.Ф. Жамиғ ат-тауарих: тарихтар жинағы, XIV ғ.: көптомдық. – Астана: Фолиант, 2018. – Т. 1. – 596 б.
17. Халид Қ. Тауарих Хамса (Бес тарих) / ауд. каз. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. – Алматы, 1992. – 304 б.



ӘОЖ 930.94 (575.3)

М.Х. ДУЛАТИДІҢ «ТАРИХ-И РАШИДИ» ЕҢБЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРІ

**Абдуалы А.Б., Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының вице-президенті, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Сейтқұлова Ж.М. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті**

Андатпа. Мақалада Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегіндегі қазақ хандарының тарихы туралы деректері келтірілген. 1457-1534 жылдар аралығындағы Қазақ хандығының құрылуы, алғашқы хандар Керей мен Жәнібек, Бұрындық, Қасым, Мамаш, Таһир, Бұйдаштың саяси биліктерінің ерекшеліктері туралы жазылған.

Түйінді сөздер: Қазақ хандығы, демография, қазақтар, Мұхаммед Хайдар Дулати, Керей, Жәнібек, Бұрындық, Қасым, Мамаш, Таһир, Бұйдаш.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегі қазақ хандығының тарихын зерттеушілер үшін аса маңызды басты дерек.

Еңбекте Қазақ хандығының құрылуы, алғашқы хандар Керей мен Жәнібек, Бұрындық, Қасым, Мамаш, Таһир, Бұйдаштың саяси билігі туралы деректер келтірілген, яғни 1457-1534 жылдар аралығы. Бұл уақыт Қазақ хандығының тарихындағы алғашқы хандықтың құрылуы, күшеюі және «уақытша әлсіреуі» кезеңдері еді. Қазақ хандығының осы кезеңдеріндегі саяси, әлеуметтік, экономикалық дамуы туралы мол мағлұматтар қалдырған Мұхаммед Хайдар Дулати өз еңбегін жазуға дайындықпен, жиналған мәліметтерін тарихи жүйелілікпен жазған, өз заманының талабына сай зерттеуші.

Автор еңбегіндегі бірінші дәптердегі 39-тарауда берілген «Есенбұға ханға әмірлердің қарсылық көрсеткен күндерінен әңгімесінде» тұңғыш рет Қазақ хандығының құрылуындағы басты, алғашқы оқиғаға – Керей хан мен Жәнібек сұлтан бастаған ру-тайпалар тобының «көшпелі өзбектер» мемлекетінен бөлініп, Моғолстандағы Есенбұға ханның иелігіндегі өңірлерге келіп қоныстануы жатады. Бұл туралы Мұхаммед Хайдар мырза Дулати былай деп баяндайды: «...Сол заманда Әбілқайыр ханның Дешті Қыпшақ даласында түгелдей билік жүргізіп отырған кезі еді. Жошы ұрпағының сұлтандары жорық жасап, Керей хан мен Жәнібек сұлтан одан қашып, Моғолстанға кетіп қалған еді. Есенбұға хан оларды құрметтеп қарсы алып, қоныстануға Моғолстанның батыс жағындағы Шу өзені алабындағы Қозыбасыны берді. Олар бұл аймақта тыныш өмір сүрген. Әбілқайыр хан қайтыс болған соң өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасып, араларында үлкен келіспеушілік туды. Жұрттың көпшілігі Керей хан мен Жәнібек сұлтанның жанына кетіп қалды. Олардың саны екі жүз мың адамға жетті, оларды өзбек-қазақ деп атай бастады. Қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 870 (1465-1466) жылдан басталады. <Алла жақсы біледі>. 940 (1533-1534) жылға дейін қазақтар Өзбекстанның көп бөлігіне өз биліктерін толық жүргізген еді.

Керей ханнан кейін Бұрындық хан басқарды. Одан соң Жәнібек ханның ұлы Қасым хан басқарып, Дешті Қыпшақ даласын толық биледі. Оның әскерінің саны мың-мыңдаған адам еді. Жошы ханнан кейін ол жұртта одан ұлы хан болған емес. Қасым ханнан кейін оның ұлы Мамаш хан биледі. Одан соң немересі Таһир хан биледі. Таһир хан заманында қазақтардың саны азайып кетті. Одан кейін оның бауыры Бұйдаш хан билікті қолға алды. Қазақтар Бұйдаш хан кезінде жиырма мың болып қалған еді. 940 (1533-1534) жылдан соң Бұйдаш хан да о дүниелік болып [бұл жерде] қазақтар қалмады десе де болады.

Қорытып айтқанда, Есенбұға хан заманынан Рашид хан уақытына дейін моғолдар мен қазақтар арасында достық пен татулық орнаған еді, алайда Рашид сұлтан оны бұзды. Бұл жағдай Рашид ханның өмірбаяны баяндалған кезде еске алынады. <Алла бұйырса>» [1,110 – 111 б.].

Дәл осындай деректі автор кітаптың екінші дәптерінде былай жазады: «Әбілқайыр хан Дешті Қыпшаққа түгелдей билігін орнатқан кезде Жошы әулетінен шыққан кейбір тіміскішіл сұлтандар одан келер бір пәленің ісін сезіп қалып, оны орнынан тайдырмақ болды. Керей хан, Жәнібек сұлтан сияқты кейбір сұлтандар мен басқалар аз ғана топпен Әбілқайыр ханнан қашып, Моғолстанға келді. Сол уақытта Моғолстан хандығын билеу кезегі Есенбұға ханға жеткен еді. Есенбұға хан оларды қатты құрметтеп, оларға Моғолстанның бір шетін бөліп берді. Олар осы жерден қауіпсіз жайлы қоныс тапты. Сөйтіп тыныш өмір сүріп жатты. Әркім өз қадірінше тыныштық, қауіпсіз өмір сүруді мақсат тұтып, Керей хан мен Жәнібек ханды паналады, олардың тобы нығая бастады. Алғашында жұрттан оқшауланып, іргесін аулақтап, қонарын сай, ұшарын жел біліп, кезбе тіршілікке көшті, сондықтан оларды қазақтар деп атады» [1,305 – 306 б.].

Бұл мәліметтерден «Тарих-и Рашиди» авторы М.Х. Дулати Керей мен Жәнібектің қазақ хандығының негізін қалаған алғашқылар екендігін, құрылған жылын, сондай – ақ Қазақ хандығының құрылған өңірін, оларға қосылған ру-тайпаларды қазақ деген атау, этнониммен атап, нақты баяндап береді.

Қазіргі кезде Қазақ хандығының құрылу және қазақ хандарының тарихымен айналысатын тарихшылар өз зерттеулерін осы көрсетілген мәліметтерге талдау жасаудан бастайды. Қазақ хандығының құрылуы бір ғана оқиғамен, бір мезетте жүзеге асқан жоқ, ол - тарихи даму сатыларындағы кезеңдерден тұратын, басталуы, дамуы және аяқталуы бар тарихи үрдіс.

Қазақ хандығы құрылғаннан кейін алғашқы ханы ретінде таққа Керей хан отырып, билікті Жәнібек ханмен бірге атқарды. Дегенмен қосарланған басқару жүйесі ешқандай дау-дамай мен жік туындатпады, керісінше, екі хан күш біріктіру арқылы аз ғана уақытта хандықтың туын көтеріп, мықты мемлекетке айналдырды. Керей хан дипломатиялық байланыс орнату және халықты өзіне қарату арқылы Жетісуда мықты тыл жасаса, Жәнібек хан елдің сыртқы істерімен айналысып, хандықтың территориясының кеңеюі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырды.

Автор Керей ханнан кейінгі хандық таққа Бұрындықтың отырғандығы туралы мәліметтерді келтіреді: «Керей хан қайтыс болғаннан кейін хандық таққа оның ұлы Бұрындық хан отырды. Қасым хан Жәнібек ханның баласы болатын әрі әкесі сияқты барлық іс жағынан Бұрындық ханды тыңдап, соған бағынатын еді. Керей ханның Бұрындық ханнан басқа да көптеген ұлдары болған» [1, 306 б.].

Қазақстан тарихында Бұрындық хан Керей ханнан кейін хронологиялық көрсеткіш бойынша 1480-1511 жылдары хандық билік еткен деп көрсетілген [2, 606 б.]. Бұрындық ханның билігі кезіндегі алғашқы жиырма жылында Қазақ хандығы күшейеді. Ол билік еткен отыз жыл бойы Сырдария жағасындағы қалалар үшін Әбілқайырдың немересі Мұхаммед Шайбани ханмен күрес толастамады. Түркістан аймағын билеген Әмір Темір әулетінен шыққан Әмір Мұхаммед Мәзит Тархан мен Моғолстан ханы Жүніс хан да бұл қалаларды қолдарына түсіруге тырысты. Бұрындық хан Қасым және Жәдік сұлтандармен күш біріктіріп Жетісудағы иеліктерімен қоса Сырдария бойындағы отырықшы-егіншілік аудандары мен сауда, қолөнер мен мәдениеттің орталығы болған Сығанақ, Созақ, Сауран қалаларын алды. Бұл қалаларды саяси, шаруашылық және әскери тірек еткен қазақ хандары Дешті Қыпшақты басып алуға ұмтылғандардың бірінен соң бірін жеңіп, өз иеліктерін едәуір ұлғайтты.

Бұрындық ханның кезінде Жәнібектің баласы Қасым сұлтанның беделі өсіп келе жатты. XV ғасыр басында Мауераннахрды бағындырып, үлкен күшке ие болған Мұхаммед Шайбани хан 1506-1510 жылдары үздіксіз төрт рет қазақтарға жорық ұйымдастырады. Бұрындық хан Шайбани ханның алғашқы үш жорығына да тойтарыс ұйымдастыра алмайды.

Бұл туралы М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегінде былай деп келтірген - «Қасым хан тағына отырмай жатып-ақ оның үстемдігінің күштілігі соншалықты жоғары болғандықтан, Бұрындық ханды ешкім ауызға алмайтын. Алайда, Қасым хан Бұрындық ханның қасында болуды қаламайтын. Өйткені оның жанында болатын болса, оны құрмет тұтуға тура келеді. Егер де құрмет көрсетпеген жағдайда сынға ілінетін еді. Ал іштей жек көрушілік оған құрмет білдіруге жол бермейтін-ді. Сондықтан Қасым хан одан іргесін аулақ ұстайтын. Бұрындық хан Сарайшыққа қоныс тепті. Қасым одан мүкіндігінше қашық жүрейін деп Моғолстан шекарасына кетіп қалды», – дейді [1, 307 б.].

«Шаһибек ханның қазақтарға шабуылы және оның ісінің күйреуі жайында әңгіме» атты 20 - тарауда Бұрындық хан туралы мәліметтер келтірілген. «915 (1509)ж. Қарашасы – 1510 ж. ақпаны) жылдың қысында қазақтарға шабуыл жасады. Сол кезеңде қазақтардың ханы Бұрындық хан еді. Бірақ [шын мәнінде] хандық билік және үстемдік Қасым ханда болатын. Шаһибек ханның қолында үлкен күш бола тұра оған қарсы тұра алмайтын еді. Оның [Шаһибек ханның] әскері сол заманда екі жүз мыңнан асатын. Қыс түскенде оның барлық [әскері] жем-шөпке байланысты әр жерде қыстап шығатын. Қақаған қыста Шаһибек хан жортуылдағы бөріше жорыққа шығып, бірде жортып, бірде қайтып оралып отырды. Ондағы ойы дұшпанды уәлаяттың маңайына жақын келтірмеу болатын. Бірде [Шаһибек ханның] әскерлері аттарын жайып жүріп жақын маңда Қасым ханның тұрған хабарын есітіп, қатты үрейленді. Қасым ханның әмірлерінің бірі Бұиун Пір Хасан Шайбанның шабуыл жасағанын есітіп, өз әскерімен сол топқа қарсы қозғалып, Қасым хан келді деген қауесет таратты да оларға алыстан өз әскерінің қарасын көрсетіп отырды. Шаһибек ханның әскерлері, сірә Қасым ханның өзі келген екен деп ойлап, алған олжаларының бәрін тастап, салт басты күйде Шаһибек ханға жетіп, Қасым ханның келгені жайында хабар жеткізді. Шаһибек хан болса, ол сәтте басқа хабар алуға әрекет етпей, дереу аттаныс дабылын қақты. Әскердің бас-аяғын түгендеместен, жиналғаны жиналып, қалғаны қалып, быт-шыт болып, қыстың аяғында Самарқанға жетеді.», – делінген »[1, 270 б.]. Бұл деректерден Қасым ханды халық та, Бұрындық ханның өзі де мойындағандығын байқаймыз. Автордың келесі мәліметтерді былай келтіреді: «Жәнібек ханның да Қасым ханнан басқа балалары бар-ды. Соның бірі Әдік сұлтан-тын. Жүніс ханның төртінші қызы Сұлтан Нигар ханымды Сұлтан Махмұд бин Сұлтан Әбу Саид мырза қайтыс болған соң, Жәнібек ханның баласы Әдік сұлтанға күйеуге береді. Ташкент ойрандалған кезде Әдік сұлтан Шаһибек ханның әскерінен қашып шығып, қазақтарға кетті. Сұлтан Нигар ханым да оның соңынан ілесті. Әдік сұлтан көп ұзамай дүние салды. Содан Сұлтан Нигар ханымды оның бауыры Қасым хан некелеп алды. Әдік сұлтанның кейін Қасым хан билікке қол жеткізеді. Сөйтіп Бұрындық ханға хандықтан басқа ештеме қалған жоқ. Ең ақырында Қасым хан Бұрындық ханды қуып жібереді. Сонымен, Бұрындық Самарқанға кетіп, жат өлкеде өлді» [1, 306 б.].

Негізі Бұрындық ханның Шайхым, Санжар-Жаһан, Жаһан-Бақты, Кімсін деген төрт ұлы және бірнеше қыздары болады. Шайбани ханның ұлы Темір Сұлтанға күйеуге берген Михр Сұлтан ханым атты кіші қызы Самарқанда тұрған және сақталып қалған вақфтық құжаттардан көрінгендей, ірі жер меншігі болған. Бұрындық хан сол қызының қолында қайтыс болған. М.Х.Дулати еңбегінде келтіргендей ол жат жерде жүріп қайтыс болды деген дерегінің айғағы осы.

Қасым хан туралы деректерді автор «Қазақтар және қазақ сұлтандарының тіршілік ерекшеліктері туралы; бұл атаудың оларға берілу себебі хақында және олардың істерінің салдары жайында әңгіме» атты 33 – тарауда жан-жақты келтірген. ХҮІ ғасырдың басына қарай Қасым сұлтанның жеке билігі күшейе түсті.

1511-1518 жылдары Қасым хандық билік еткен кезеңде М.Х.Дулати еңбегінде келтіргендей: «Қасым хан Дешті-Қыпшақты түгелдей өзіне қаратып алғаны соншалықты Жошы ханнан кейін ешкім де мұндай билікке қол жеткізген емес. Мысалы әскерінің саны мың-мыңнан (миллион) асатын еді» [1,306 б.].

Қасым нағыз реформатор хан болды. Ол мемлекеттік және әскери істі тұрақты жүргізе білді. Тіпті әскери өнерге жауынгерлерді өзі даярлаумен айналысты. Ол біріншіден қазақ елінің нығаюына және ел қорғау дайындығына ерекше көңіл бөлді. Екіншіден ұйымдастырушылық ерлігінің нәтижесінде, өзінің ақылы мен ерік жігері арқылы соғыста көптеген жеңістерге жетті. Үшіншіден, қолбасшы өз қарамағына 1 миллионнан астам

әскер басын жинап, мемлекеттік билікте саяси тұрақтылықты қамтамасыз етті, өзіне жүктелген ел билеу міндетінде қазақтың әдет-ғұрып заңдарының ережелері жасалған күшті мемлекетті құрды. Қасым ханның әскерінен көптеген көршілес мемлекеттердің сол кезеңдердегі басшылары жеңіліс таба бастайды. Бұл туралы М.Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі 20-тарауындағы «Шаһибек ханның қазақтарға шабуылы және оның ісінің күйреуі жайында әңгімесіндегі» Қасым ханның Шаһибек ханды жеңуі оның беделін одан әрі өсіреді, сонымен бірге ол билеген қазақ хандығының халықаралық жағдайы арта түседі. Жалпы алғанда, Шаһибек хан жорықтарына қарсы күресі, оны талқандауы Қасым ханның қазақ халқы алдында сіңірген үлкен еңбегінің бірі болып саналады [1, 270-271 б.].

Халықаралық қарым-қатынастар нығайды. Қасым хан нағыз саясаткер басшы болды.

Бұл туралы М.Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі 34-тарауда 1513 жылы жазында Шу бойындағы Қасым хан Ордасына Әндіжаннан Моғолстан ханы Сұлтан саид хан елшілікпен келуі мен арадағы өзара келісім жан-жақты жазылған. Оның мақсаты – Ташкенттегі Сүйінші ханға жалпы Мауеранхрдағы шайбанилар әулетіне қарсы бірігіп күрес ұйымдастыру еді. Қасым хан бұл ұсынысқа дипломатиялық жолмен жауап береді. Сұлтан саид хан мақсатына жетпесе де, Қасым ханның көрсеткен құрметіне өте риза боп қайтады.

Қасым ханның замандасы Мұхаммед Хайдардың деректері өте көп берілген. Қасым ханның билікке келген кезінен бастап қазақ мемлекетінің күшеюі мен нығаюын өте тәуір баяндайды.

Қасым ханның қайтыс болған жылына байланысты мәліметті, М.Х. Дулати: «бұл билеуші хижра бойынша 924 жылы (1518 ж.) қайтыс болған», – деп келтірілгені [1. 306-307 бб]. Қасым ханның тарихта үш ұлының аты қалған. Олар – Мамаш, Хақназар және Әбілқайыр сұлтан. Мамаш хан Қазақ хандығының тарихындағы аласапыран кезеңде билік етіп, қақтығыс кезінде қаза тапқан. Ал, Хақназар хан қазақ халқының тарихында ұлы билеуші ретінде қалғаны белгілі. Әбілқайыр сұлтан Иран шахымен болған шайқаста 1511 жылы қаза болған. Қасым хандық билік еткен жылдардың соңғы 1517-21 жылдары Қазақ хандығының батысында белсенді саясат жүргізеді. Ноғайлардың бір бөлігі қазақтарға қосылып, шекара Еділге дейін жетеді. Сөйтіп, Қасым ханның кезінде Қазақ хандығының шекарасы батыста – Еділге, оңтүстікте Ташкентке дейінгі жерлерді қамтыды. Қазақ хандығының дамуына зор үлес қосқан Жәнібек ханның ұлы Қасым ханның билік еткен кезеңі Қазақ хандығының күшейуі мен кеңейу дәуірі деп аталады. Қасым хан билік құрған кезде Қазақ хандығы өзінің саяси - әлеуметтік қуатымен бүкіл дүние жүзі жұртына мәлім болғаны белгілі. Қасым ханның қайтыс болған жылына келер болсақ, орыс деректері бойынша Қасым хан 1521 жылы қыста қайтыс болады. Денесі Сарайшықта жерленеді.

Қасым ханның қайтыс болуынан кейін Қазақ тарихында «уақытша әлсіреу» деген шартты атауға ие болған кезең басталады. Бұл кезеңнің хронологиясына зерттеушілер XVI ғасырдың 20-30 жылдары аралығын жатқызады. Қасым хан қайтыс болғаннан оның ұлы Хақназар хан билікке келген кезеңге дейінгі аралық Қазақ хандығы мен қазақ халқы үшін ең алғашқы тарихи сынақ болған кезең деуге болады. Бұл кезеңге қатысты мәліметтер М.Х. Дулати еңбегінде біршама жақсы баяндалады. Енді сол кезең туралы автордың деректеріне тоқталсақ, ол былайша баяндайды: «Қазақ сұлтандарының арасында тартыс басталды. Қасым ханнан кейін оның ұлы Мамаш хандық таққа отырды. Ол шайқастардың бірінде тұншықпадан өлді. Одан кейін Әдік сұлтанның ұлы Тахир хан таққа отырды. Ол қатыгез адам болатын, қаталдығы өз шегінен шыққан соң елінің саны төрт жүз мың бола тұра одан бірден безіп бытырап кетті. Оның қарабасы қырғыздардың арасында жалғыз қалды, мүшкіл жағдайда қаза тапты [1, 111, 414, 418 б-б.].

Мамаш хан, кей деректерде оны Момыш хан деп те келтіреді – Қасым ханның ұлы, 1521-1522 жылдар аралығында билік құрады. Ол кезеңде XVI ғасырдың басында нығайған Қазақ хандығының жағдайы аталмыш ғасырдың 20-жылдарынан бастап әлсірей бастайды. Қазақ хандығын нығайтуға және күшейтуге қажырлы қайрат жұмсаған Қасым хан қайтыс болғаннан соң оның мұрагерлері арасында билік үшін ішкі талас пен қырқыстар туындайды. «Тарих-и Рашиди» авторы М.Х. Дулати айтқандай: «Қазақ сұлтандары арасында дау-шар басталды» [1, 111, 414, 418 б-б.].

Мамаш ханнан кейін Тахир хан, кейбір деректерде оны Тахир хан, Тайыр хан деп атайды. Ол Жәнібектің немересі, Әдік сұлтанның ұлы, 1523-1532 жылдар аралығында хан болған. Тахир хан мемлекет басқару ісінде жоғары қабілет таныта алмайды. Ең негізгісі — хан мен ел билеушілер арасында өзара түсінісу болмады. 1522-23 жылдары қазақ-қырғыз әскери одағының негізін қалады. 1524 жылы Дешті Қыпшақ даласынан Ноғай ордасының маңғыттары оны оңтүстікке қарай ығыстырды. Мұнда ол Сырдария өзенінің бойындағы қалалар үшін Ташкент билеушісі Келді Мұхаммед сұлтанмен айқасты. 1525 жылдың аяғында Ясы қаласының түбінде жеңілістен кейін бұл өңірге қайтадан Шайбани әулеті үстемдік жүргізді. Тахир ханның аса қаталдығынан қазақ хандығы бытыраңқылыққа ұшырап, саяси рөлінен айрылды. Дулатидің жазбасында онда әуелде 10 лак (1 млн. адам) болса, ақырында 2-ақ лак (200 мың адам) қалған. Өзбекстандық маңғыттарға қарсы шыға алмайтындығын, анасы ретінде Сұлтан Нигар ханым айтады. Әскери күшіне күш қосып, мықты одақтасқа арқа сүйеу үшін Сұлтан Нигар ханым інісі, Моғолстанның ханы Саидпен кездестіріп, одақтасып, осы туыстықты берік ету үшін Саидтың ұлы Рашид сұлтанға Тахирдың қарындасы, Сұлтан Нигардың қызына құда түскені туралы берілген [1, 414 б.]. Бұл одақтастық та хандықты күшейте алмады. Хандықта ішкі тартыс пен алауыздық өршіді. Халық соғыс ауырталығына, ханның қатыгездігіне төзе алмай басқа жаққа жаппай көше бастады. Тахир ханның ықпалы Жетісуда ғана сақталды. Мұнда ол қырғыздармен бірігіп, Моғол ханы Саидтың

Жетісуда билік құрмақ әрекетіне тойтарыс берді. 1526 жылғы деректерде ол Жетісуды қолынан шығармай ұстап, Қас және Күнес өзендерінің бойына дейін көшіп қонған. 1527 жылы қол астындағы қазақтардан мүлдем дерлік айрылып, қырғыздарға ғана билік жүргізді. Қазақ хандарының ішінде бірінші болып, Жетісуда қалмақтарға (ойрат) қарсы соғысты. Оларға тойтарыс беру мақсатында Бістыккөл маңында Жатан бекінісін салды. Дулатидің еңбегіне қарағанда Таһир туралы тағы да, - «ол өте қатал, әрі ашушаң болды. Сондықтан оны басқа сұлтандар жек көрді. Оның Әбу-л Қасым сұлтан атты бір бауыры болған. Жұрт оның қаталдығын сол бауырының кесірінен деп білетін, сондықтан бірде оған лап беріп, ұстап алып өлтірді. Содан адамдардың бәрі Таһир ханнан жан-жаққа қашып кетті. Сөйтіп, оның жанында баласынан басқа ешкімде қалмады. Бұл екеуі де қашып қырғыздарға барып қосылды», – деп жазады [1, 418 б.]. Хан қырғыздар арасында өледі, орнына інісі Бұйдаш хан таққа отырды.

Таһир ханнан соң, жазба деректер бойынша Қазақ хандығында бір мезгілде, 1533-1538 жылдары бірнеше хан билік етеді. Қазақстанның батыс бөлігінде ноғайлармен күресте – Қожа Ахмет, Жетісуда моғолдармен күресте – Бұйдаш хан, Мәуреннахрдағы шайбанилықтармен күресте – Тоғым хандар есімдері кездеседі. Аталған хандардың тарихи тұлғасын ашып көрсетуге, Қазақ хандығы тарихындағы алатын орнын анықтауға жазба дерек мәліметтері толық мүмкіндіктер бермейді. Бұйдаш хан – (кейбір деректерде Бұйлаш хан, Бойлаш хан, Бублаш хан, Бутлаш хан деп ұшырасады) Жәнібек ханның немересі, Әдік сұлтанның ұлы Таһир ханның інісі. 1532 жылы М. Х. Дулатидің дерегінде Бұйдаш хан 5-6 жылдай билік құрып, 1534 жылдан кейін қайтыс болған. М.Х. Дулати: «Бұйдаш хан билікке келген кезінде 30 мыңдық адамы болды», – десе, келесі бір дерегінде «Бұйдаш хан тұсында 20 мың қазақ қана қалды», – деп жазады. Деректерде Бұйдаш ханның ұрпақтары жөнінде ештеңе айтылмайды. Қадырғали Жалайырда: «Әдік, сұлтанның ұрпағын бес ұл деп атайды. Бес ұлдың ұрпағы жиырма төрт сұлтан сонда шаһид болды», – деп жазады. Соған қарағанда Бұйдаш ханның ұлдары 1559 жылғы шайқаста әкесімен бірге қаза тапқан болуы мүмкін деп жорамалдайды белгілі тарихшылар.

«Отыз мыңға жуық адам тағы да Моғолстанға жиналды. Таһир ханның бауыры Буслаш (Бұйдаш хан) хан таққа отырды. Ең ақырында сәтсіз тағдырдың қырсығынан соншама халықтан міне, бүгін төртінші жыл болып барады, ешбір жерде із де қалмапты. Отызыншы жылдары (930 (1524 жылы) қазақ саны мың-мың (миллион) болатын. Қырық төртінші жылы (944 (1537жылы) сонша халықтан бұл жерде еш белгі қалмаған», – деп келтірілген «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі осы келтірілген мәліметтердің шынайылығына көңіл қойып көрелік. Біріншіден, Мұхаммед Хайдар Дулати «отызыншы жылдар» мен «қырық төртінші жылды» нақты атап, қазіргі тарихнамада «уақытша әлсіреу» кезеңі деп аталатын кезеңнің басталуы мен аяқталуын көрсетіп отыр. Қазақ хандығының әлсіреуінің басты себебі – билеуші әулет өкілдері арасында бірліктің болмай, тақ үшін күрестердің күшеюі болатын. М.Х. Дулати мұны нақты атап айтып отыр. Мамаш ханның осындай күрестің құрбаны болғандығын да ол баяндап береді [1, 111 б.]. Екіншіден, қазақ халқының тарихи санасында әр кезеңдердегі аса ауыр жылдар белгілі бір атаулармен, сөз тіркестерімен сақталынып қалып отырғаны белгілі. Ал, XVI ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы қазақ халқы үшін қайғылы жылдарды Мұхаммед Хайдар Дулати «тағдырдың қырсығынан соншама халықтан ...ешбір жерде із де қалмапты» және «...сонша халықтан бұл жерде еш белгі қалмаған», – деп қинала баяндайды.

М. Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі мәліметтер орта ғасырлық Қазақстан тарихы үшін, оның ішінде Қазақ хандығының тарихы үшін ең басты дерек көздері болып табылады. Автордың мәліметтері арқасында қазіргі кездегі Отандық тарихнама Қазақ хандығының нақты тарихы туралы тарихи білімдерге қол жеткізіп отыр. «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі мәліметтердің ғылыми құндылығы мен маңызын анықтау, көрсету алдағы күндері жалғаса береді.

Ш.Уәлиханов: «Мұхаммед Хайдар тарихы нақты, дәйекті деректермен, шындық тұрғыда шынайы көзқараспен жазылған» [4, 3 б.], – деген тұжырым жасайды, өзінің әйгілі «Жоңғария очерктері» туралы жазылған ғылыми еңбегінде. М. Қозыбаев ұлы бабамыздың «Тарих-и Рашиди» кітабына: «Тарих – ата-бабаларымыздың дүние танымы, адамзат бұл ғылымды оқиды, оған сүйенеді, тарихты ғылыми объективтік, диалектикалық байланыстағы салыстырмалы кешенді, концептуальды зерттеу принциптерінің негізін қалаған тарихшы», [5, 10 б.] – деп әділ баға беруі еңбегінің құнды екендігінің дәлелі.

Әдебиеттер тізімі

1. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди (Хақ жолындағылар тарихы) – Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2003. - 616 бет.
2. Қазақстан тарихы(көне заманнан бүгінге дейін). Төрт томдық. II том.-Алматы: «Атамұра», 1998. – 640 бет.
3. Қазақтың көне тарихы. Алматы «Жалын» баспасы, 1993. – 400 б.
4. Уәлиханов Ш. «Жоңғария очерктері» 1861ж. 1-кітап, – 2-366.
5. Қозыбаев М.«Алтын көпір» Парасат журналы №1. –10б.

«ШЕЖІРЕ-И-ТАРАКИМЕ» ШЫҒАРМАСЫНА ДЕРЕКТІК ШОЛУ ЖӘНЕ ТӘПСІРЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ташқараева Әсел Мұхтарқызы
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы

Қазіргі таңда ортағасырлық авторлардың шығармаларын жүйелі зерттеудің ғылыми қажеттігі туындайды. Соның бірі - XVII ғасырда өмір сүрген Хиуа ханы, тарихшы-шежіреші Абу-л-ғазидің «Шежіре-и-таракиме» шығармасы. Бұл тарихи-мәдени ескерткіш орта ғасыр дәуіріндегі түрік дүниесіне қатысты аңыздар, әңгімелер, әдет-ғұрыптар, тайпалардың шығуы туралы баяндалатын маңызды деректеме.

«Шежіре-и-таракимедегі» деректерді нақты деректер және аңыздық сипатта жеткен, бірақ шынайы негізі бар мәліметтер деп қарастыруға болады. Шығармада аумақтық шегі ортағасырлардағы Азия, әсіресе Орта Азияны қамтитын географиялық, топографиялық, этникалық атаулар, тарихи оқиғалар мен билік құрған тұлғаларға байланысты мәліметтердің молдығы және автордың өзі жазған шежіредегі тарихи оқиғаларға өзінің тікелей қатысуы мен араласуы еңбектің құндылығын арттыра түседі.

Ал, мазмұны жағынан Адам атаның жаратылуынан басталатын діни сипаттағы мәліметтер, Оғыз хан, оның ұрпақтары, таралуы, бөлінуі және тікелей түрікмендер тарихы деп қарастыруға болады. Абу-л-ғазидің «Шежіре-и-таракиме» шығармасының «Құдай тағаланың Адам ғалаиссаламды жаратқанының баяны» деген алғашқы бөлімінде Адам атаның жаратылуы мен оның он жеті ұрпағы туралы қысқаша баяндап, Оғыз ханның әкесі Қара ханмен тоқтайды. Бұл мәліметтер ел аузында жақсы сақталғандықтан, қысқаша ғана тоқталып, көп жерде тек тізбектеумен шектеледі: Адам → Шес → Ануш → Қинан → Мәһләйіл → Берді → Ыдырыс (Аһнұқ) → Мүтүшлаһ → Ләмек → Нұх → Йафес → Түрік → Түтік → Амулджахан → Деббақой → Күйік → Алынша → Монғол → Қара хан [1. 37-40 бб.]. Абу-л-ғазидің тоғыз баптан тұратын екінші іргелі еңбегі «Шежіре-и-түрікте» де Адам атадан Қара ханға дейінгі есімдердің берілуі жоғарыдағыдай: бірінші бабында Алынша ханның егіз туған екі ұлы, сәйкесінше Адам атаның он алтыншы ұрпағы Татар және Монғолмен тоқталып, келесі бөлімінде Татар ханның жеті ұрпағына дейін патшалық құрғанын жазады. Ал, екінші бапта Монғол хан және Қара хан туралы сөз етеді. Яғни, Татар ханды қоспағанда, екі шығармада да бір мәлімет.

Еңбектің көп бөлігі Оғыз қағанның тууы мен өсіп ер жетуінен бастап, оның ел билеуі, жасаған жорықтары, өсиеттері, өмірінің соңында үлкен той жасап, алты баласына жаулап алған жерлері мен есепсіз байлық-жиһаздарын мұра қылып, үлестіріп бөліп бергені және кейінгі ұрпақтарының билігі кеңінен баяндалады. Бұл жерде де автордың екі шығармасындағы мәліметтердің берілуі бір. Тек, Оғыз ханның үлкен ұлы Күн ханның билік етуінен бастап шежірелер тармақталады. Түріктер шежіресінде: «Күн хан жетпіс жыл патшалық құрған соң, өз орнына інісі Ай ханды отырғызып, хақ рахметіне кетті», - дейді де, Ай ханнан Шыңғыс ханға қарай билік құрған хандар реті бойынша деректер береді [3. 21 б.]. Ал, «Шежіре-и-түрікте» Күн хан қайтыс болған соң оның үлкен ұлы Қайы ханның билікке келуінен бастап, түрікмендердің тарихына бағытталады. Дегенмен, түрікмендер шежіресінде оғыздарға қатысты деректер молырақ және жан-жақты берілген.

Абу-л-ғазидің Оғыз ханның туылуы мен ер жетуі, билік етуіне қатысты мәліметтері Рашид-ад-Диннің еңбегімен шамалас, екі еңбекте де шынайы негізі бар аңыз түріндегі мәліметтер беріледі. Автор Оғыздың туылуының өзін елден ерек сиқырлы, артық қасиеттерге бөлеп, оның ерекше тұлғасын сипаттайды: «Монғолдың (мұн, ұл – қайғылы ұл) төрт ұлының үлкені Қараханның үлкен әйелінен Оғыз хан туады. Айдай, күндей сұлу бала ана сүтін үш күн бойы ембей, анасына мұсылман болсаң ғана сүтінді емемін деген шарт қояды. Бір жылдан кейін жұрт оған ат қоюға жиналғанда, ол менің атым – «Оғыз» деп жария етеді» [1. 40 б.]. Қара ханның сол кездегі монғолдардың дәстүрі бойынша, бала жасқа келгенде ат қою үшін бүкіл елді жинап, үлкен той жасағанда, Оғызға тіл бітіп, өзіне өзі ат қоюы шынайылығы мен аңызы аралас мәлімет. Автор «Оғыз» атауының мағынасына тоқталмайды, кейбір зерттеушілер «оғыз» атауын «ок» сөзінен шыққан дейді. Профессор Ж.Артықбаев Қазақ шежіресінде Оғыздың аты «Уыз» ретінде аталауын анасының сүтінен бас тартуымен байланыстырады [8].

Абу-л-ғазиді одан әрі еңбекте: «Әкесі құда түсіп алып берген қыздармен мұсылман емес деп тұрмыс құрмайды, алайда сол дінді қабылдауға келісім берген кейінгі бір айттырылған сұлу қызға үйленеді. Мұны естіген әкесі Оғызды өлтірмек болады. Қарахан мен Оғыз соғысып, баласы жеңіп, әкесінің орнына хан болады», - дейді [1. 40 б.]. Бұл жердегі Оғыздың өзінің «мұсылмандықты қабылда» деп қойған шартын қабыл алған қызға үйленуі, жоғарыда жазып өткеніміздей, анасына «мұсылмандықты қабылда» деп шарт қойып, үш күн бойы омырауын ембеуі сияқты жазбалардан Оғыз ханның дінге деген беріктігін көреміз.

Ал, «Оғыз-наме» дастанының ұйғырлық нұсқасында ислам дінінің әсері байқалмайды, Оғыз хан Ай қағаннан туды дейді [9 22 б.]. «Оғыз-наме» дастанында Оғыз ханның тұлғасы қиял-ғажайып оқиғалармен суреттеліп, аңыз адам кейіпінде берілген: «Тағы күндерде бір күн Ай қағанның көзі жарқ етіп ашылып, ер бала туды. Осы ұлдың өңі – шырайы көк еді, ауызы оттай қызыл еді, көздері қызғылт, шаштары, қастары қара еді.

Нұрлы періштелерден көріктірек еді. Осы ұл анасының көкірегінен уызын татып көріп, одан кейін ембеді; шикі ет, ас, шарап сұрады. Тілге келе бастады. Қырық күннен соң өсті, жүрді, ойнады. Аяғы өгіздің аяғындай, белі бөрінің беліндей, жауырыны бұлғынның жауырындай, кеудесі аюдың кеудесіндей еді. Тұла бойын түгел қалың түк басқан еді», - деп сипаттайды [6, 36 б.].

Оғыз хан тағына отырғаннан кейін жан-жақты шапқыншылық жорықтарын жүргізеді. Абу-л-ғазиз Оғыздың жаулаушылық жорықтарын рет-ретімен, жүйелі түрде және нақты деректермен жеткізген.

Абу-л-ғазиз Оғыз ханның алғашқы жеңіспен аяқталған жорығы татарларға бағытталғанын, осы кезден бастап жетпіс екі жыл бойы шыққан тегінің бір екеніне қарамастан монғол және татарлармен соғыс жүргізіп, жетпіс үшінші жылы өзіне түбегейлі бағындырып, ислам дінін орнатқанын жазады. Шежіредегі деректерге сәйкес, Оғыз хан Жүржіт, Хатай және Таңғұт, Қарақытайларды өзіне қаратты. Бұл кезде Хатайдың арғы бетінде, теңіздің жағалауындағы кішігірім тауларда бірнеше тайпалар өмір сүрген еді. Бұл тайпалардың басшысы Ит-Барақ хан еді. Оғыз хан Ит-Барақ ханмен соғысып, жеңіліске ұшырайды. Тек он жеті жылдан кейін жаңа күшпен келіп, Ит-Барақты өлтіріп, әскерін талқандайды, өз еркімен мұсылман болғандарға тиіспей, қалғанын тұтқынға алады [1. 43-45 б.].

Енді Оғыз хан өзіне қараған татарлар мен монғолдардан әскерінің қатарын көбейтіп, балаларымен бірге Сайрам, Ташкентті, Түркістан мен Әндіжанды алып, даруғаларды тағайындап, Самарқандты, одан әрі Бұқара, Балх қалалары және Гор уәләйятын, Кабул және Ғазнинді, Кашмирді жаулап алды. Бұдан кейін бір жыл елінде тұрып, екінші жылы Иранға аттанды. Хорасанды алған соң, Әзербайжан, Әрмения, Шам, Мысырды алды. Алған жерлерінің барлығына даруғалар тағайындап, еліне оралды. [1. 45-48 бб.]. Абу-л-ғазиздің қысқаша келтірген бұл мәліметтері Рашид ад-Диннің «Оғыз-намедегі» мәліметтеріне ұқсас, алайда Рашид ад-Дин Оғыз ханның әлемді жаулауға арнаған жорықтарына он төрт бөлімін арнап, толығырақ мәлімет береді.

Шежіреде Абу-л-ғазиз Оғыз хан еліне оралып, 116 жыл патшалық құрған өмірінің соңында ұлан-асыр той жасағаны және алты ұлына жаулап алған жерлері мен есепсіз байлығы, дүние-мүлкін үлестіріп, алтын жақ тауып алып келген үлкен үш ұлына «бұзық», үш оқ тауып алып келген үш кіші баласына «үш оқ» деген ат беріп, өзінен кейін таққа Күн хан отыруын және одан соң бұзық нәсілінен кімді қабыл қылса соны патша етуін кеңес қылғанын жазады. Абу-л-ғазиз Оғыз ханның билікке келісімен-ақ өзіне қараған елдің бәрін мұсылман болуын талап еткенін, мұсылман болғандарына құрметпен қарап, болмағандарының соңына түскенін жазады. Сондай-ақ, жорық үстінде өз қарамағындағы бектерге, олардың ерлік істері мен алғырлық-тапқырлығына, оң қолынан өнері тамған шеберлігіне, тіпті сыртқы кескін-келбетіне қарай ат қою дәстүрі де тартымды баяндалады.

Шежіреде Оғыз ханның ұлдары мен немерелерінің есімдері аталып, олардың мағыналары түсіндіріледі. Балаларының есімдерін автор келесі ретпен берген: Күн, Ай, Жұлдыз, Көк, Тау, Теңіз. Күн ханнан Қайы, Баят, Алқайылі, Қарайылі туады. Ай ханнан Языр, Ясыр, Дұдырға, Дөкір. Жұлдыздан Ұшар, Қазық, Бекдәлі, Қарқын туады. Көктен Баяндұр, Бешена, Шауылдыр, Жебні туады. Таудан Салұр, Елұр, Алажұнтты, Үркер, ал Теңізден Егдүз, Бегдүз, Ауа, Қанық туады. Сондай-ақ, Оғыздың некесіз туылған балаларының есімдері: Кене, Көне, Торбатлы, Герейлі, Сұлтанлы, Оқлы, Көккі, Сушылы, Харасанлы, Жұртшы, Жамшы, Тұрымшы, Құмы, Сорқы, Құржық, Сұрашық, Қарашық, Қырғыз, Текин, Лала, Мұрдашой, Сайыр [1. 51 б.].

Қазірде тайпалардың атауының этимологиясы туралы сан түрлі пікірлер мен тұжырымдар бар, ол тұжырымдардың барлығы түпдеректер негізінде жасалған. Осы орайда, Абу-л-ғазиздің еңбекте тайпаларға қатысты келтірген деректерін айта кету керек. Автор шежіреде оғыздардың «жиырма төрт жүздік» пен «жиырма төрт аймақ» сөздерінің шығу тегінің, тамғалар мен онғондар туралы жазып, сексенге жуық тайпалардың атын атайды. Оның ішінде қыпшақ, қарлық, қаңлы, ұйғыр және қалаш тайпаларының шығу тарихын Оғыз ханмен байланыстырады. Соның бірі – «ұйғыр» этнонимінің шығуы туралы. «Оғыздың әкесі Қара хан баласының мұсылман екенін біліп қойып, оның көзін жоюға бел буды. Бұл туралы білген Оғыз хан өзіне еретін адамдар болса келуін айтып, елге кісі жібереді. Сонда Қара ханның інілерінің ұлдары Оғыздың жанына келді. Оларды Қара ханнан айырылар деп ешкім ойламап еді, сондықтан Оғыз хан оларға «ұйғыр» деген ат берді. Ұйғыр – түркі сөзі, мағынасы «қосылу», «жабысу» дегенді білдіреді», - дейді [1. 42 б.].

Абу-л-ғазиз Оғыз ханның татарларға бағытталған жорықтары туралы баянында: «Бұл жорықта оғыз әскері жеңіске жетіп, үлкен олжаға кенелді, алайда оны арту үшін ат көлігі жетпеді. Әскердің ішінде шебер адам бар еді, ол ат арба жасады. Оған қарап барлығы да арба жасап, мол олжаны артып әкетті. Бұл уақытқа дейін арба да, арба атауы да жоқ еді, сондықтан арбаның шығарған даусына қарап «қаңк» деп атады. Ал оны жасаған адамды «қаңқлы» деп атады. Барлық қаңқлы тайпасы осы адамның ұрпағы», - деп, қаңлы атауының шығуы туралы аңызды келтіреді [1. 43 б.].

Одан әрі қыпшақтардың шығу тегі жөнінде Абу-л-ғазиз былай дейді: «Оғыз ханның бір бегі соғысқа әйелін алып барып еді. Өзі ұрыста өліп, қатыны қашып құтылып, екі судың арасында тұрған ханның артынан жетті. Әйел жүкті еді, толғағы келді. Күн суық еді, кіретін үй жоқ, әйел іші шіріген бір үлкен ағаштың қуысына босанып, ұл тапты. Мұны естіген хан: «Әкесі менің көз алдымда соғыста өлді, қамқоршысы жоқ» деп атын Қыпшақ қойып, өз қамқорлығына алды. Түркі тілінде іші қуыс ағашты қыпшақ дер еді. Бұл бала ағаш ішінде туғандықтан, атын Қыпшақ қоюы содан еді. Бұл кезде іші қуыс ағашты шыпшақ дейді. Қара халық тілі келмегендіктен к-нің орнына ш-айтып кеткен. Бұл баланы хан өз тәрбиесінде ұстады, жігіт болғаннан соң көп

ел және нөкер беріп, Оғыз ханға жау болған орыс, олақ, мажар, башқұр елдеріне жіберді. 300 жыл Дон мен Еділ атты екі үлкен өзеннің жағасында патшалық етті. Барша қыпшақ елі соның нәсілінен шықты. Оғыз ханның заманынан Шыңғыс ханның заманына дейін Дон, Еділ, Жайық аталатын бұл үш судың жағасында қыпшақтан өзге ел жоқ еді. Ол жерде қыпшақтар төрт мың жылдай отырды, сондықтан ол жер Дешті қыпшақ (қыпшақ даласы) деп аталды» [1. 43-44 бб.]. Қыпшақ атауының шығуы туралы дерек Рашид ад-диннің еңбегінде де жазылған [1.18-19 бб.], Абу-л-ғазиз бұл деректі Оғыз-намеден алған болуы керек. Дегенмен, қыпшақтардың тек шығу тарихымен шектелмей, одан кейінгі тарихына қысқаша тоқталып өтеді.

Шығармада аты аталатын келесі тайпа – қарлұқтар. Абу-л-ғазиз Оғыз ханның Тұран мен Үндістанға жорығының баянында Оғыз ханның жаулап алынған Сайрам, Ташкент, Түркістан, Әндіжан, Самарқанд, Бұхара, Балх елдеріне даруғалар қойып, Гур уәләтына келгенін жаза келе: «Ол кезде қыс еді, Гур тауларында қар қалың жауып, әскердің жүруіне қиын болды. Хан: «Ешкім менен қалып қоймасын», - деген әмір беріп, барып Гурды алды. Көктем келіп, күн жылынғанда Оғыз хан әскерін түгендеп еді, бірнеше кісіге кем болды. Олардың қайда екенін ешкім білмеді. Бірнеше күннен кейін жоғалған кісілер ханға келді. Хан олардан мән-жайды сұрағанда, олар әскердің соңында жүріп, қар қалың жауғанда қалып қойғанын, көліктерінен айырылып, көктем шыққанда жаяу келгенін айтады. Хан бұл адамдарға «қарлықтар» деген атау береді, барлық қарлық елі осы кісілердің ұрпағы», - дейді [1. 45 б.]. Абу-л-ғазиз қалаш тайпасының шығуын да Оғыз ханмен байланыстырады: «Оғыз хан «бірнеше жылға Иранға жорыққа аттанамыз» деп жарлық етеді. Екінші жылы Талас өзенінің жағасына келді. Шаршаған, ашыққан, адасып кеткен немесе әскер соңында қалып кеткен кісілерді алып келу үшін ханның арнайы таағайындалған адамдары бар еді. Бұл адамдар бір отбасын ханның алдына алып келді. Хан олардан қалып қойғандарының себебін сұрағанда, олар: «Ашыққандықтан, мен әскердің соңында жүріп келдім, жанымда әйелім бар еді, жолда босанып қалды. Тамақ ішпегендіктен балаға сүті жетпеді. Бірақ, мен жүруімді тоқтатпадым. Өзеннің жағасына келгенде ши бөрінің қырғауылды ұстап алғанын көрдім. Жүгіріп барып, бөрінің басынан ағашпен ұрып едім, ол аузындағысын тастай сала қашып кетті. Мен қырғауылмен әйелімді тамақтандырдым. Содан кейін сіздің адамдарыңыз келіп, осында алып келді», - дейді. Оғыз хан астына көлік беріп, азық пен біраз мал беріп, оған: «Енді әскердің соңынан ерме, осында «қал аш», - дейді. Барлық қалаш тайпасы осы кісінің ұрпағы. Қазір оларды «халаж» деп атайды. Олардың көбі Мәуреннахрда. Бұл жерде олар Аймақ тайпасымен бірікті. Хорасан мен Иракта да көп. Ол жерде Шағатай елімен біріккен» [1.47 б.]. Абу-л-ғазиз шежіреде жоғарыда аты аталған тайпалардың шығуына байланысты аңыздарды келтіріп қана қоймай, олардың кейінгі тарихына шолу жасап, таралу аймақтары туралы деректер ретін келтіреді.

Келесі кезекте Абу-л-ғазиз еңбегінде Оғыз ханның үлкен ұлы Көк ханның билігіне тоқталып, оның кіші інілері мен ұлдарына үлес орнын бөліп бергенін, одан кейін билікке үлкен ұлы Қайы хан, одан кейін Деббақой, одан кейін Кузы-Йавы хан болды дейді. Бұдан әрі: «Оғыз ханнан Кузы-Йавыға дейін айттық, енді Инал-хан туралы айтатын боламыз. Инал-ханнан бұл кітап жазылған уақытқа дейін (1661) жазғанымыздың бәрі рас, ешқандай жаңылыс жоқ. Ал, Кузы-Йавы мен Инал ханға дейін неше жыл өткені анық емес», - дейді де: «Оғыз хан Кеюмарстың замандасы, ал Инал-Йавының кезінде Қорқыт ата уәзір болған. Пайғамбарымыздың нағашы ағасы Аббастың ұрпақтары Бағдатта бес жүз жыл бойы өз биліктерін жүргізді, Кеюмарс пен Аббас ұрпақтарының арасында бес мыңжылдық өтті. Кузы-Йавы Оғыздың бесінші ұрпағы, енді әрі қарай өзіңіз есептеңіз», - дейді [1, 55 б.]. Ал, Рашид ад-Диннің мәліметінде Кузы-Йавы мен Инал ханның арасы үзілмеген: «Курс Явқуй хан (Кузы-Йавы) – 30 жыл биледі, Кору Ясак Явқуй – 90 жыл биледі, Инал Явқуй хан – 120 жыл ел биледі, содан кейін Иналсыр Явқуй-хан (Абу-л-ғазиз бойынша Инал-Йавы) – 7 жыл биледі», - дейді [4, 35-36 бб.]. Яғни, Рашид ад-Диннің мәліметіне сәйкес, Кузы-Йавы мен Инал Йавы ханның арасында 117 жыл өткен. Егер, Оғыз ханды шамамен б.з.д. 1 мыңжылдықтың соңы мен б.з. 1 мыңжылдықтың басында өмір сүрді деп есептеп, ал Инал Йавы Мұхаммед Пайғамбардың (с.а.у.) замандасы екенін ескерсек, Рашид ад-Диннің мәліметі ақиқатқа жақын, бірақ ол Оғыз ханның өмір сүрген уақыты мың жыл деп есептейді.

Оғыз мемлекетінің нығаюына мол үлес қосқан тұлғалардың бірі Қорқыт. Ол заманда Қорқыт атадан ақыл сұрап, кеңесін алмайынша ешбір істі бастамаған, айтқанын бұлжытпай орындап, әр сөзіне құлақ асып отырған [9, 11 б.]. Өте ақылды, керемет ғұлама Қорқыт өз өмірінде бірнеше ханның уәзірлігіне тағайындалған. Әсіресе, Инал ханның тұсында Қорқыттың қайраткерлік тұлғасы ашылады [5, 31 б.].

Абу-л-ғазиз Қорқыт ата Қайы тайпасынан шыққан Қараходжаның ұлы, 295 жыл өмір сүріп, үш патшаның уәзірі әрі ақылшысы болғанын жазса, Рашид ад-Дин баят тайпасынан шықты дейді. Ал, «Баят руында Қорқыт ата дейтін билікті, сәуегей адам болыпты», - деп басталатын Қорқыт ата кітабында оның баят тайпасынан шыққаны жазылған [7, 7 б.]. Абу-л-ғазиз келтірген деректерге сәйкес, Қорқыт ата салор тайпасынан шыққан Енқеш қожа және Авашбан қожамен бірге Инал Йавыны хан көтереді. Инал Йавы жеті жылдық билігінде Қорқыт атаның ақыл-кеңесінен шықпаған. Инал-Йавының екі ұлы бар еді: Ал және Дүйлі Қайы. Инал Йавы қайтыс болар алдында Дүйлі Қайыны өз орнына отырғызады. Дүйлі Қайы да көп жылдар Қорқыт атаның ақыл-кеңесімен билік жүргізіп, қайтыс болады. Оның жерлеу рәсімін Эркі атты туысы жүргізеді. Рәсім барысында ханның әйелдерінің арасында біреуі жүкті екені анықталып, кейіннен дүниеге ұл келеді. Қорқыттың асқан ақылдылықпен, көрегенділікпен балаға ат қоюы суреттеледі: Еркі баланың туылу құрметіне үлкен той жасайды. Той барысында оғыз елі Қорқыт атаға балаға ат қоюын сұрағанда: «Баланың аты Тұман болсын,

бұдан жақсы және лайықты ат болмас. Себебі, Дүйлі Қайы қайтыс болғанда елімізді тұман жайлап, қараңғылық орнады. Бұл бала тұман кезінде туылды. Екіншіден, тұман ұзақ тұрмайды, тұманның артынан ашық, жаймашуақ күн туады. Бұл бала хан тағына отырғанда бақытты күндер болады» деп түсіндіреді.

Шығармада Қорқыт ата бұл патшалықтағы басты тұлға болғанын аңғаруға болады: бүкіл халықтың Қорқыттан ақыл сұрауы, хандарға ақылшы болуы, үлкен тойларды шатырдағы төрде отыруы, қасындағылар мен бүкіл елдің оның сөзінен аспауы жазылған [1, 59 б.].

Келесі ретте Абу-л-ғазиз еліндегі хандарды келесі тізбектермен көрсетеді: «Тұман хан, Қанлы Йавлы, Мур Йавы, Қара хан, Богра хан, Күзі Тегін, Арслан хан, Осман хан (Арсланның інісі), Еслі хан (Османның інісі), Шейбан хан, Боран хан, Али хан мен Қылыш Арслан (Шахмәлік) бір уақытта, Тоғрұл хан (Қайы тайпасынан шыққан Тоғырмыштың ұлы), Арслан хан (Тоғрұлдың інісі), Асыл заде, Арслан, Кукем Бақуй, Серенк». Кукем Бақуй мен Серенктен кейін оғыз елі өз бетінше хан көтере алмады, Маңғышлақ пен Балқан түрікпендері Үргенішке, Хорасан маңындағылар Хорасандағы билікке бағынды дейді. [1, 69 б.].

Қорытындылай келе, халық жадында сақталған деректерді хатқа түсіріп, жазып кеткен ортағасырлық авторлардың еңбегі түркілік төл жазба мәдениетінің айғағы екендігін тағы баса назар аударғымыз келеді. Еуразия кеңістігінде өмір сүрген халықтардың тарихынан, таралуынан және тыныс-тіршілігі мен әдет-ғұрпын жаңаша көзқараста жазуда Абу-л-ғазиздің «Шежіре-и-таракиме» шығармасының деректемелік маңызы жоғары. Оның еңбегіндегі аңыздық деректері Тұран даласында кең тараған түркі тайпаларының негізгі этно-саяси тарихы, мәдениеті, шаруашылығы, әдет-ғұрпы, өмір дағдыларынан мол мағлұмат береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кононов А.Н. Родословная туркмен/Сочинение Абу-л-Гази хана Хивинского. Издательство АН СССР Москва-Ленинград, 1958
2. В.В.Бартольд Сочинения том II часть 1. Общие работы по истории Средней Азии. Работы по истории Кавказа и Восточной Европы. Москва, 1963. 1020 стр.
3. Әбілғазы. Түрік шежіресі. / Көне түркі тілінен аударған Б.Әбілқасымұлы. – Алматы: Ана тілі, 2006 ж, 200 бет.
4. Фазлаллах Рашид ад-Дин. Огуз-Наме. // Перевод с персидского, предисловие, комментарии, примечания и указатели Р. М.Шукюровой. Баку «Элм» 1987. 128 с.
5. Айдосов А.Х. Қорқытнама / жалпы ред. басқарған, ред. З.Қари. Алматы: Бастау, 1997. – 67 бет.
6. «Оғыз-наме». «Мұхаббат-наме». Алматы: Ғылым, 1986. – 208 бет.
7. Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос / орыс тілінен ауд. Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 128 бет.
8. Артықбаев Ж. Огуз-хан и проблемы древней истории Среднего Прииртышья (Огуз хан, Уыз хан, Огуз-каган) // <https://e-history.kz/ru/contents/view/526>
9. Щербак А.М. Огуз-наме. Мухаббат-наме. Памятники древнеуйгурской и староузбекской письменности. Москва: издательство восточной литературы, 1959. – 170 стр.



УДК 394.2

ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ ЗАМЕТКИ О КАЗАХАХ В НАСЛЕДИИ А.П.ХОРОШХИНА (ПО МАТЕРИАЛАМ ТУРКЕСТАНСКОГО СБОРНИКА)

Жолдыбаев Ж.Т. – кандидат исторических наук, доцент кафедры «История Казахстана»
Южно-Казахстанского Университета им. М.О.Ауэзова, г.Шымкент
Тилеукулов Г.С.- кандидат исторических наук, доцент кафедры «История Казахстана»
Южно-Казахстанского Университета им. М.О.Ауэзова, г.Шымкент

Аннотация. В данной научной публикации авторов научно-исследовательская деятельность известного дореволюционного российского исследователя А.П.Хорошхина, знатока истории, быта и культуры народов Центральной Азии. В его трудах отражены повседневная трудовая жизнь народа, его традиции, обычаи и обряды, духовно-нравственные ценности и идеалы.

Ключевые слова: Жизнь и деяния А.П.Хорошхина, быт и культура, занятия, хозяйство, пища, одежда кочевых казахов.

Современный Казахстан твердо идет по пути общественного прогресса и глубинного духовного обновления. Не теряет актуальность вопросы возрождения национального самосознания, духовно-нравственных ценностей казахского народа. При этом особое значение придается повсеместному учету особенностей традиционного уклада жизни, быту и культуре кочевых казахов, познанию этнических корней,

возрождению национальных традиций и обычаев, которые на протяжении всей многовековой жизни казахского народа служили связующим звеном для преемственности поколений и определяли своеобразие национального быта и культуры, образ мышления и мировоззрения казахов.

В обеспечении задач восстановления национальной духовности, возрождения утраченного важное значение имеет научное и системное изучение историко-этнографических аспектов казахского народа. Это определяет настойчивую необходимость проведения сравнительного анализа всех видов исторических источников.

Как отмечают авторы коллективной монографии известные узбекистанские исследователи А.Аминов и А.Бабаходжаев: «Для распространения знаний в Средней Азии определенное значение имели созданные во второй половине XIX века различные специальные училища, химическая лаборатория в Ташкенте, астрономические учреждения, обсерватория, музеи и библиотеки. Туркестанская публичная библиотека (ныне Национальная библиотека Узбекистана имени А.Навои), открывшаяся в 1874 году, заложила первые основы библиографической работы, являющейся весьма важным условием для ведения научной работы. В результате деятельности русских энтузиастов – библиографов библиотека стала пополняться весьма ценными трудами и материалами. Одним из замечательных сводов источников, хранящихся в фондах библиотеки, является «Туркестанский сборник сочинений и статей, относящихся к Средней Азии вообще и к Туркестанскому краю в особенности». Работа по составлению этого сборника была начата в Петербурге видным русским библиографом В.И.Межовым. Сборник состоит из 594 томов вырезок из газет, текстов из журнальных статей и даже из целых книг. Он содержит ценные сведения не только о Средней Азии, но и сопредельных с ней странах Востока» [1].

Мы разделяем точку зрения авторов коллективной монографии А.Аминова и А.Бабаходжаева и считаем, что многотомный конволют «Туркестанский сборник», хранящийся в единственном экземпляре в Национальной библиотеке Узбекистана имени Алишера Навои в отделе редких книг и древних рукописей весьма интересен и содержит весьма ценными сведениями, касающимися истории, этнографии, археологии, экономики, географии населения Туркестанского края. Многие содержащиеся в данном сборнике сведения по идеологическим соображениям в советское время лишь частично были введены в научный оборот. Обращение к этому уникальному и бесценному первоисточнику позволит нам представителям научной общественности восстановить истинную панораму картины тех далеких времен и воссоздать в целостном виде реальную повседневную жизнь, быт и культуру народов Центральной Азии.

Как отмечал академик АН УзССР Т.Н.Кары-Ниязов: «Этот сборник является настольной книгой всякого научного работника, занимающегося изучением Средней Азии вообще и особенно Туркестана» [2].

На наш взгляд, оценки академика Т.Н.Кары-Ниязова правдивы и обоснованы с точки зрения современных данных и заслуживает серьезного внимания со стороны представителей научной общественности.

Известный среднеазиатский историограф Б.В.Лунин, касаясь значимости «Туркестанского сборника» отмечал: «Конечно, за более чем столетний период со времени появления первых томов «Туркестанского сборника» к нему обращались уже многие сотни исследователей, в том числе и этнографы. В связи же с работой над атласом назрела необходимость заново подвергнуть все тома сборника «сплошной ревизии» для извлечения из него максимального количества полезных данных историко-этнографического характера» [3].

Мы согласны с данной точкой зрения автора и считаем, что многотомный конволют «Туркестанский сборник», содержащий ценные сведения об истории и этнографии народов Центральной Азии нуждается на наш взгляд, в критическом переосмыслении и обобщении с точки зрения новых теоретико-методологических подходов.

Как отмечает известный узбекистанский исследователь Т.И.Дорошенко: «Многие видные русские ученые XIX века внесли неоценимый вклад в развитии туркестанской науки. Это были люди, которые искренне, по-настоящему любили Туркестан. Многие из них владели местными языками, поэтому довольно успешно исследовали край» [4].

На наш взгляд, Т.И.Дорошенко безусловно прав в своей взвешанной научно-аргументированной оценке, ибо как отмечает автор подавляющая часть дореволюционной российской научно-интеллектуальной элиты с правдивых и объективных позиций осветили историю, этнографию, культуру и быт, занятия, образ жизни, хозяйство местных коренных жителей Туркестанского края. Знание местных языков, менталитета, психологии, духовно-нравственных ценностей народов Туркестанского края позволила известным дореволюционным российским исследователям создать фундаментальные научные труды, в которых нашло свое отражение реальная историческая картина, жизнь трудового народа, мировоззрение, духовные идеалы и ценности казахского народа.

Среди авторов сборника особо хотелось бы выделить известного дореволюционного российского исследователя А.П.Хорошхина, который внес весьма существенный вклад в изучении многогранных аспектов казахской этнографии.

А.П.Хорошхин происходил из дворян Уральского казачьего войска. Первые годы своего детства он провел в Нижнеуральской линии, где и выучился казахскому и калмыцкому языкам. Воспитываясь в Оренбургском Неплюевском кадетском корпусе он еще более освоил языки местных народов Туркестана.

Выпущенный из корпуса хорунжим в Уральское казачье войско в 1859 году, он состоял в Уральском казачьем полку до 1865 года, а затем вернулся на родину. После возвращения на родину есаул А.П.Хорошхин отправился в Туркестанский край, где занимал различные должности по военно-народному управлению и участвовал в Бухарском и Хивинском походах.

В 1876 году на страницах многотомного конволюта «Туркестанского сборника» в 116 томе был опубликован интересный и содержательный труд исследователя А.П.Хорошхина «Сборник статей касающихся до Туркестанского края» в котором содержатся ряд содержательных и интересных историко-этнографических сведений, касающиеся народов Туркестанского края. Данный труд А.П.Хорошхина несмотря на отдельные недостатки и пробелы является весьма серьезным научным трудом, ибо в ней затронуты наиболее ключевые и важные вопросы, касающиеся истории и этнографии народов Туркестана.

В данном томе содержатся ряд очень ценных и интересных публикаций А.П.Хорошхина, в которых освещаются особенности традиционного быта и культуры казахов, занятия, хозяйство, ремесла, верования и т.д.

Так, например, в статье от «Оренбурга до Казалинска» автор на основе своих личных наблюдений красочно и колоритно описывает красоту и величие казахской степи, животный и растительный мир, историю городов и т.д. Как отмечает автор: «Город Оренбург находится уже в киргизской степи на левом берегу р.Урала. В ней две почтовые станции: одна для возвращающихся из степи - русская, другая для едущих в степь - киргизская. С Оренбурга начинается киргизская степь, по которой вы поедете от станции до станции, или вернее, от землянки до землянки, но самой однообразной, порой совсем неживленной местности. Правда и землянки иногда не имеют стекол, но все таки они похожи на жилье. За Перовском, вместе с местностью, начинает изменяться природа. Своеобразный и печальный саксауловый лес и колючий кустарник тянутся на большие расстояния по обе стороны пути, и фазаны по одному и стаями перелетают дорогу, порой в недалеком расстоянии, а потому обладая ружьем, можно доставить себе удовольствие охотой, за успехи ее впрочем никто не поручится, фазан, хот и подпускает к себе близко, но быстро скрывается в кустах» [5].

Касаясь истории туркестанских городов автор пишет: «Сауран издалеко предстает перед путниками своими высокими стенами, из которых в одном месте выглядывают верхушки каких – то оригинальных башен,они очень высоки и с них в былые годы, будто бы бросали осужденных на смерть преступников. По другому преданию башни были построены Тамерланом, в угоду его любимой внучке нелюбившей сидеть в гареме, и большой охотнице любоваться окрестностями и видом громадной мечети Хазрета, которая отсюда уже видна. По рассказам киргиз, Сауран был городом следы которого как – будто заметны по направлению к горам, и принадлежал к какому – то султану, кочевавшему летом в соседних горах, в Сауране имелись помещения, бани, мечети и войско. Караваны приходили в Сауран со всех стран и торговля в нем процветала, но калмыки напали на город и разрушили его. Город Туркестан – первый среднеазиатский город по пути сюда он был взят русскими отрядами в 1864 году. Ночи здесь великолепны, потому что небо и звезды необыкновенно яркие, и созвездия как-будто непохожи на наши северные. Туркестан как и все почти среднеазиатские города окружен садами. В Туркестане достойна внимания мечеть времен Тимура Хазрет Ахмед Ясави. В ней похоронен мусульманский святой теолог Ахмет Ясави, потомки которого живущие в Туркестане, и доселе избавлены от податей» [6].

Не менее интересные и содержательные сведения о казахах, приводятся в статье «Кызылкумский дневник», где автор описывает образ жизни, быт и культуру, занятие, хозяйство, пищу кызылкумских казахов.

Характеризуя занятия казахов данного региона, автор замечает: « Преобладающим элементом являются бараны, козы и верблюды. Земледелие в незначительных размерах существует на ключах Тамды, где алчины сеют клевер и дыни. Затем киргизы занимаются торговлей между собой и с соседними среднеазиатскими ханствами. Они везут туда шерсть, охру, саксауловый уголь, арканы и взамен вывозят для себя джугару, продукт весьма любимый киргизами, и предметы роскоши: дешевые бумажные ткани, палатки и др. Торговля внутренняя выражается в обмене или продаже всевозможного скота, войлоков и т.п. Киргизам доступны все ремесла. Они шьют для себя неприхотливую обувь, выделывают кожи, кууют железо, делают седла и стенки для своих юрт» [7].

Таким образом, следует отметить, что хозяйство казахов носило в основном комплексный характер. Казахи сочетали один вид хозяйственной деятельности с другим, например, скотоводство с земледелием, охотой, звероловством, рыболовством и т.д.

Как отмечает автор данной статьи: « Наружность, домашний быт, одежда, религия, нравы и обычаи, язык кызыл-кумских киргизов совершенно сходны с общими киргизскими, кроме разве некоторых особенностей одежды. Так, например, киргизы ближайщие к Хивинской границе, носят высокие туркменские шапки, а соседи сартовских городов надевают чалмы, но это объясняется чисто склонностью к подражанию» [8].

В другой статье «На переправе» (Очерк быта прилинейных киргизов) А.П.Хорошхин дано описание традиционного жилища, пищи кочевых казахов отмечает: « Казаки, киргизы и киргизки ставили для нас кибитку. Решетчатые стенки ее были уже поставлены и укреплены, оставалось только поднять чангарак, то есть самую верхушку, укрепив ее на палках, называемых унинами (уық-авт.), и обернуть войлоком. Тогда и дом




готов на постройку его требуется полчаса. Ставить кибитки обязанность женщин и она в этом случае искуснее мужчин» [9].

Обращаясь к характеристике казахской национальной кухни, автор пишет: « Киргизская кухня не разнообразна. Ее составляют лишь вареное или жареное в сале мясо барана, рогатого скота, верблюда, лошади и молоко во всех видах и от всех названных травоядных. Хлеб у киргиз составляет лакомство» [10].

Таким образом, в заключении статьи хотелось бы особо подчеркнуть роль и заслугу известного дореволюционного российского исследователя А.П.Хорошхина в изучении истории и этнографии казахского народа. Автор на основе своих личных наблюдений собрал, систематизировал и обобщил значительный пласт аутентичных источников, в которых представлена историческая картина прошлого, хозяйство, быт и культура казахов, его многогранный и богатый жизненный опыт и знания. В целом, обращаясь к данному труду А.П.Хорошхина, можно извлечь из него немало ценной историко-этнографической информации, касающиеся всех важных сторон жизни и быта кочевых казахов.

Литература

1. А.Аминов, А.Бабаходжаев. Экономические и политические последствия присоединения Средней Азии к России. Ташкент, 1966. С. 61-62.
2. Т.Н. Кары – Ниязов. Очерки истории культуры Советского Узбекистана. Москва, 1955. С. 90 – 91.
3. Б.В.Лунин. Материалы к историографии хозяйства народов Средней Азии и Казахстана конца XVIII – начала XX вв. // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. Москва, 1975. С. 32.
4. Т.И.Дорошенко. Научное наследие Ошаниных. // Вестник Национального Университета Узбекистана им. Мирзо Улугбека. № 2 Ташкент, 2008. С. 34.
5. А.П.Хорошхин. От Оренбурга да Казалинска. В сборнике статей касающихся до Туркестанского края // Туркестанский сборник Том 116. СПб., 1876. С. 5.
6. Там же. С. 10.
7. А.П.Хорошхин. Кызылкумский дневник. В сборнике статей касающихся Туркестанского края // Туркестанский сборник Том 116. СПб., 1876. С. 470.
8. Там же. С. 471.
9. Там же. С. 520.
10. Там же. С. 523.



ӘОЖ 930.1

БАЙЗАҚ БИ ЖӘНЕ ҚОҚАН ДӘУІРІ

Уразбаев Құрманғали Мархабатұлы - ф.ғ.к., доцент
Отарбаева Гулжан Көбейқызы - т.ғ.к., доцент
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті
Шымкент қаласы

Андатпа. Мақалада XIX ғасырдағы қазақ халқының аумалы-төкпелі тағдырының белгісіздеу бір тұстарындағы Байзақ датқаның халқының азаттығы жолындағы күрескер тұлғасының бір қыры баяндалады. Орыстың отарлау саясатына қарсы шыққан Кенесары қозғалысының басы-қасында, оның басты қолдаушыларының бірі ретінде де Байзақ Мәмбетұлы үлкен рол атқарған. Сонымен бірге мақалада Байзақ датқаның қапыда опасыз жаулардың қолынан қаза тапқаны, оның қазасының соңы қазақ халқының оның өлімінен соң ашына көтеріліп Қоқан хандығының аяр езгісіне қарсы шығып Шымкент қаласын қоқандықтардың отарлауынан азат еткені, жалпы датқалар билігі жөнінде қызықты ой-тұжырымдары жасалған.

Түйінді сөздер: датқа, хандық, қоқандықтар, отарлау, тоғашы, батырбасы.

XIX ғасырда қазақ халқы тауқыметі ауыр сындарлы заманды бастан өткізді. Осы ғасырда қазақ халқы патшалық Ресей мен Қытай, Хиуа, Бұхар әмірлері және Қоқан хандықтарының отарлық езгісінде өмір сүрді. Жоңғар мемлекетінің қыспағынан құтылып, қытай, орыс империяларымен тату көршілік қарым-қатынас орнатқысы келген қазақ хандарының ұсыныстарын аталған мемлекеттер қабылдағысы келмеді, бұрыннан негізі салынған империялық бодандықпен ұштастырды. Мұндай «жапырақты отарлау» саясатында қазақ жерлеріне бекініспен кірген патшалы Ресей алдына жан салмады.

XIX ғасырда оңтүстік қазақтарының геосаяси хал-ахуалы қауіпті де мазасыз болды. Бұған біріншіден, оңтүстік қазақтарының географиялық орналасу шекарасының өзбек пен қырғыз халықтарымен тікелей шектесіп жатқандығы, бұл мемлекеттердің қазақтармен тұтастыққа келмеуі, екіншіден, оңтүстіктегі қазақтарды

Қоқан хандығының қатыгездікпен жаулап алғандығы, олардың діндестігін бетке ұстап, қазақтарды аяусыз қырып-жойып, өз билігінде ұстауы болды.

Осындай аумалы-төкпелі заманда қазақ халқының біртуар ұлдары сыпатай батыр, шымыр Байзақ датқа, көкірек Биназар батыр, сиқым Батырбек, байлар-жандар руынан шыққан Мұсабек, Сапақ және көбек Қанай датқалардың өз халқын ұлы нәубеттен алып өтудегі қызметтері ерекше деп атуға болады. Кеңестік кезеңде осы тұлғалардың халқына жасаған қызметтері өз бағасын ала алмады. Себебі, 1944 жылдың мамыр-маусым айларында БК (б) П Орталық комитеті белді тарихшылардың кеңесінде қабылданған «Ұлт-азаттық қозғалыстарының жеткішілерін мадақтауға болмайды. Басқаша айтқанда, езілген халықтардың бостандық жолындағы, отарлық езгіге қарсы күрестегі батырлары мен қолбасшылары, жауынгерлік күрес тарихы болуға тиіс емес» деген догмалық қаулысы халқымыздың жадынан тек Кенесары хан тарихын ғана емес, жоғарыда аттары аталған ерлеріміздің тарихын да өшірді. Кеңес империясының ондағы ойы халқымызды мәңгірттендіріп, ұлттық санасын уландыру еді. Ол кезде бұл ерлердің еңбектері мүлдем қарастырылмады. Тек Майлықожа, Сүйінбай, Жамбыл сынды ақындарымыздың өлеңдерінің жекелеген шумақтарында ғана аттары кездескенмен, ғылыми талдауға алынбады.

Ал, бүгінгі күн тұрғысынан келгенде тарихымызды қайта саралауда датқалар өмірін зерттеу ХІХ ғасырдағы Оңтүстік Қазақстан тарихының көптеген құпияларын ашады. Дәл осы мәселе төңірегінде келелі ой қозғап, ғылыми негізде пікір көтеріп жүрген профессор М.Мырзахметұлы ХІХ ғасырдағы қазақ даласының үш жақты қыспақтан құралғандығын ескертіп, әдебиет тарихын дәуірлеуде де жаңа ұстаным жасағаны белгілі. Ғалым ойын тарата талдап, «Қоқан хандығы дәуіріндегі қазақ әдебиетін» бөлек топтастырып, ғылыми негіздеп оқытуда да өз ұсынысын енгізіп жүрген Оңтүстікке белгілі ғалым С.Өмірзақовтың зерттеулерінде осы бағыттағы ізденістің басы дейміз. Қоқан хандығының патшалық Ресейден жеңілуіндегі, Шымкент қаласын генерал Черняевтің басып алуындағы таза шындыққа әлі күнге қол жеткізген жоқпыз. Осы дәуір туралы өзіндік пікірін білдіріп жүрген беделді тарихшыларымыз бен профессорларымыз тек Ресейдің әскери адамдары жазып қалдырған мұрағаттардағы аз ғана деректермен шектелуде. Дж. Нерудің «...Менің халқымыз тарихын ағылшындар жазған» деген философиялық астарлы ойымен ойлана қарсақ, Ресейдің әскери мамандары жазған күнделіктерге бас шұлғи берудің қажеті шамалы-ау деймін. Екіншіден, жоғарыда айтып өткен қаулылардың бір тармағы «Үлкен халықтардың шағын халықтарды жаулап алуы, не болмаса қосып алуы объективті прогрестік факт. Демек, Ресейдің шет аймақтарды отарлауы тек прогресті жағынан түсіндірілуге тиіс» деген сталиндік концепцияның догмалық идеологиясынан шыға алмай, біздің тарихшыларымыз Ресейдің немесе жаулап алушы елдердің Қазақстанды отарлауын прогрессивті немесе регрессивті жағынан анықтауға ғана бас қатыратыны байқалады. Тәуелсіздігінен айрылған ел еш уақытта да бақытқа қол жеткізген емес. Мұндай елдің өмірі өсікке толып, қайғы-мұңға батып, жылап-еніреумен ғана өтеді. Мұны бізге 300 жылдық бодандығымыз іс жүзінде дәлелдеп береді. Сондықтан «жақсы ықпалы», «теріс ықпалы» деген құлдық санадан айырылуымыз керек. Қоқандық дәуірдегі тарихты зерттеуде Ресей деректерімен қатар, Өзбек тарихын және ХІХ ғасырдағы ақын-жырауларымыздың мұраларын сол кездегі Оңтүстіктегі қазақ халқының аңыз-әңгімелерімен салыстыра отырып, кешенді зерттеу керек. Осындай олқылықтардың орнын толтыруда сол кездегі датқалар мен билердің өмір деректерінің де мәні ерекше. Датқалардың өмірбаянын, әлі күнге белгісіз билер мен шешендердің өмір тарихын бір жүйеге түсіру керек деп санаймыз. Сондай биік тұлғалы датқалардың бірі – Байзақ датқа.

Байзақ Мәмбетұлы – ХІХ ғасырда Ұлы жүз қазақтарының ішіндегі беделді де белді, ұлтын сүйген патриот, батыр әрі дипломат, Қоқан хандығының датқа шенін алған адам. Атақты Майлықожа ақын Байзақ датқа байлығын:

Таңырқап қалың қазақ қалушы еді,

Қылғанда Мәмбетұлы атан жарыс, - деп өз өлеңіне қосқан. Бірақ, датқа шен мен шекпен, байлықты мұрат тұтпаған. Әкесі Мәмбет батыр сияқты халқының тәуелсіздігі жолында аянбай күресті. Қазақтың соңғы ханы Кенесары Жетісуға келгенде, оны құшақ жая қарсы алып, Кененің көтерілісін қолдап, қырғызға жасаған жорығына белсене араласты. В.Радловтың халық арасынан жинаған хан Кене туралы жырында:

Беріпті сөйлесін деп тіл менен жақ,

Наурызбай, осындайда қимылдап бақ.

Өркеші жоқ түйедей мойны құлаш,

Әкелді Кертайлақты үйсін Байзақ, - делінген.

Осы халық өлеңінде Байзақтың хан Кене мен Наурызбайды қолдағаны, соғыстағы істері өрнектелген. Тарихқа байланысты халық өлеңінің тағы бірінде:

Мың кісі келді Сәмбеттен,

Байзақ келді Мәмбеттен, - деп жырланады.[1,1466] Кенесары соғысына Байзақ датқа олжа үшін емес, қазақ елі үшін, хан Кененің ары үшін соғысты. Хан Кененің өлімі Байзақ датқаның қазақ халқын тәуелсіздікке жеткізу арманын сөндірмеді. Кенесарының қырғызбен соғысында қазақтардың ішінде шымыр руы ерекше шығынға ұшыраған. Бұл да Байзақ датқаның хан Кенеге адалдығы болса керек.

Байзақ датқаның билігі бүкіл шымыр руына жүрді. Ол білімді, тақуа адамдарды таңдап, өзіне сенімді серік, тоғашы би етті. Оларды Сайрам, Шымкент қалаларына тұрғызып, қоқандықтардың іс-қимылын дер



кезінде бақылауға ұмтылды. Солардың бірі – шымырдың төлесінен шыққан Серкебай би болатын. Оқырманға белгісіз Серкебай кім еді?

Серкебай өз заманына лайықты мұсылманша білім алған, данагөй қарттардың ел бірлігі жөніндегі билік дәстүрін көріп өскен ер болатын. 1850 жылдары қазақ даласында қоқандықтарға қарсы көтерілістің көбейіп кетуіне байланысты Қоқан ханы ел салығын жинауды қазақ датқаларына тапсырған. Осындай аумалы-төкпелі заманда Байзақ датқа өзінің ұйғарымымен Серкебайды Сайрам қаласына тоғашы би еткен. Лесбек Байжан деген азамат «Ұлы бабалар насияты» еңбегінде «Тоғашы» сөзіне «Қазақ Қаһан өзі билік құрып тұрған заманда елді бірлікке, ынтымаққа шақырған азаматтарға «Тоғасын» деген атақ берді. «Тоғасын» сөзі дәуірлер өтіп, тіліміз бен салтымыз, тұрмыс- жағдайымыз, жер атаулары өзгерген соң, «Тоғыша» сөзіне айналды» деп анықтама береді. Ал, қоқан хандығының дәуірінде Тоғыша бидің міндеті - елден шөпауыз яғни, малдың жайылымына салынатын салық жинау және елді бірлікке, ынтымаққа шақыру болды. Өзінің адалдығы, тақуалығы арқасында Серкебай би Байзақ датқаның жанашыр үзегілес серігіне айналған. Кейін Байзақ датқаның өлімін жоқтап, Шымкентті қоқандардан орыстарға әперген еңбегі үшін генерал Черняевтің марапатынан бас тартқан. Бұл кісінің соңында «Мен мұсылманмын дәуірінде тоғашы би болдым, енді пайғамбар жасынан асканда кәпірге қызмет етпеймін» деген сөзі қалған. Осы сөздің өзінен XIX ғасырдағы Оңтүстік Қазақстан халқының психологиясын аударуға болады. Мұндағы мұсылмандық идеологияның қаншалықты өркен жайғандығын көреміз. Бүгінде бидің қазақ әйелінен және Сайрам әкімінің қарындасы өзбек қызы Сауран бикеден туған балаларынан ұрпақтары бар.

Байзақ датқа өмірінің соңы өте ауыр аумалы-төкпелі дәуірге дөп келді. Хан Кененің Жетісуға келгені, Ұлы жүз қазақтарын орыспен қатар қырғыз, қоқан сарттарына қарсы қояды. Бұл кезеңде өз шығынын берген ұлы жүз қазақтарына енді екінші қауіп келді. Қоқандықтар Ұлы жүз қазақтарын орыстарға қарсы қалқан ретінде пайдаланды. Ал, орыстар болса, өзінің жаңа қаруының құдіретімен жергілікті қазақтарды қырып-жойып, жасытып алуды көздеді. Міне, осындай жағдайлар сол кездегі ел билеген ерлерге ауыр салмақ салғаны түсінікті. Әсіресе, Байзақ датқа тұсында жан-жақтан қоқан, қырғыз, орыстар көз тігіп отыр еді. Өйткені, Байзақ датқа билеген ел Алматы облысы мен Ташкенттің аралығын қоныстанды. Осындай жағдайда Байзақ датқа өте сақ, байсалды саясат жүргізе білді.

Қоқан хандығы да қарап жатпады. Олар қазақтың атақты адамдарына қыз беріп, құдандалы жекжат болды. Қазақтың осы бір қасиетті салтын пайдаланып, ағайын араздығын, ру таластарын тудыруға тырысты. Құдандалы жекжаттығын алға тартып, қоқандықтар Ұлы жүз қазақтарынан деректі құпия ақпараттар алып отырды.

Орыс әскерінің Алматы (Верный) бекінісінен шығып, Әулиеата қаласын басып алғаны, осы жергегі Черняев әскерінің бассыздығына, бейбіт қарусыз халықты қырып-жоюына наразы болып, экспедициядан Шоқан және бірқатар орыс офицерлерінің кетіп қалғаны бізге тарихтан белгілі. Орыс отаршыларының аямас пиғылын аңғарған қазақтар Шымкент қаласында 1964 жылдың 14-15 шілдесінде басқыншы Черняев әскеріне қатты қарсылық жасайды. Осы соғыста орыстар 57 адамынан айрылып, 23 адамы жараланды. Қоқандықтардың бұл соғыста да алдыңғы шепке қазақтарды жұмсағаны Ахмет сұлтанның «Кенесары және Сыздық сұлтандар» атты тарихи еңбегінде баяндалады. Мұнда тек Сыздық сұлтан ғана емес, оңтүстік қазақтарының атақты датқалары және қол бастаған батырлары болды. Майлықожа ақынның осы соғыс туралы:

Қамалап Ақбұлақта ұрысты сап,
Қоқандық әлдеқайдан келді парлап,
Ұрысқан сарбаз қырылып қалды лезде,
Дұрыстық кем екен ғой қырғыз елде,
Өз қарасын көбейткен Байзақты

Әлімқұл ұстап алып қылды пенде, - деп жырлаған[1,1586].

Қазақтардың осындай жанқиярлық ерлігінің арқасында Шымкент қаласы қоқандықтардың қолында қалады. Осы соғыстан кейін көп уақыт өтпей жатып, Молда Әлімқұл «Шыршынай съезін» өткіземіз деп, Байзақ датқаны алдап, Шымкент шаһарына шықырып алады. Байзақ датқа әскерсіз, аз ғана адаммен Шымкент қаласына келеді. Осылайша Молда Әлімқұл Байзақ датқаны қапыда қолға түсіріп, зеңбірек ауызына байлап, Қаратауға қаратып, аттырып жіберген. Бұл дерек Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасында «Байзақ датқа заманында Қоқан ханына қарсы шығып, содан қапыда қолға түсіп, Құдияр ханның жарлығымен зеңбіректің ауызына байланып атылып кеткен» деп тарихи дерек табиғатымен баяндалған [2,786].

Байзақ датқаны зеңбірек ауызына байлан атқанда шынашақ саусақтары өзінің Сайрам қаласындағы тоғашы биі Серкебайдың алдына түскен екен. Серкебай би шынашақты орамалға түйіп, еліне апарып, Ақмолда батырбасына берген. Ақмолда – Байзақ датқаның үлкен ұлы. Бұл батырдың да халқына кең танымал болғанын Б.Момышұлы «Ұшқан ұя» повесіндегі «Ақмолда батыр басындай мәрт болсын!» деген батадан аңғаруға болады[3,896]. Батыр есімінің батаға ілігуі халқына сіңірген еңбегі зор болғандығын білдіреді.

Серкебай би мен Ақмолда батырбасы ақылдаса келіп, орыстармен келісім жасап, Байзақ датқаның кегін алу үшін Әулиеатадан Қаратауды жағалатып, түнделетіп орыс әскерін бастап Шымкентке келеді. Шымкент қаласының қазіргі Ордабасы алаңы тұрған жеріне түнімен орыс әскері зеңбіректерін орнатып, таң алакеуімде




зеңбіректерімен топтай атқанда, қаладағы Қоқан сарбаздары еш қарсылықсыз қақпадан шығып, Ташкентке қарай қаша жөнелген. Міне, осылайша орыстарға Шымкент қаласы оңай олжаға түскендігін атақты Майлықожа ақын «Қонысты орыс алғаны» атты өлеңінде:

Және бір Шәрнәйіппен қосын келді,
Бұ қосын тау жағынан тосын келді,
Жазықсыз Байзақты өлтіргені,

Қоқанның дәулетіне кесір келді, - деген жолдармен суреттелген[4,1136].. Жазықсыз Байзақ датқаны Молда Әлімқұлды осылайша жантүршігелік зұлымдықпен өлтіруі қазақ халқының қоқандықтардан біржола безінуіне әкеп соқты. Бұл дерек атақты тарихшы Құрбанғали Халиттің «Тауарих хамса» еңбегінде 28-бетте «...орыстар 1864 жылы Түркістан мен Әулиеатаны жаулап алып, одан әрі Шымкентке де жылжи бастады деген хабар келген соң, Сұлтан Сәйіт бар әскерімен Шымкентке келді, онда бір атақты қазақты өлтірген. Бұған жергілікті халық наразы болады» деп баяндалған. Қазақ елі осындай опасыздықты көрген соң, Қоқан ханына да, оның діндестігіне де сенімнен айырылып, хандықты жоюға атсалысты. Бартольд шығармалары жинағының II томы 2-бөліміндегі 345 бетте Ташкент халқының бұл туралы пікірі: «Не прошло и месяца после его возвращения, как пришла весть о падении Чимкента и о походе неверных на Ташкент. По поводу этой вести все кипчаки и киргизы говорили: «Мулла Алим-Кул, когда был в Чимкенте, по своему легкомыслию и неразумно велел убить Байзака, одного из главных казацких биев. Вследствие этих дурных поступков все казахи сделали его врагами и союзниками войска неверных; они были причиной взятия Чимкента и они же убедили неверных идти на Ташкент. Все это произошло вследствие несчастного нрава Алим-Кула; в конце он всех нас погубит» деп берілген[5,3456]. Қоқандық дәуір турасындағы тарихымыз бен әдебиетіміздегі осындай ақтандақтарды ашу үшін біз профессор М.Мырзахметұлы ұсынып, С.Өмірзақов жүйелеп жүрген датқалық дәуір әдебиетін өз алдына қарастыруымыз, келешекте көлемді зерттеулер жазуымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Ә.Марғұлан «Ежелгі жыр, аңыздар» А., «Жазушы» 1985ж.-1466
- 2.Момышұлы Б. II томдық шығармалар жинағы. 2000ж.-786
- 3.Момышұлы Б. «Көз алдымда бәріңсің» 2007ж.-896
- 4.Смирнова Н.С., Нұрмағанбетова О.Ә. Қазақ халқының ауыз әдебиетін жинаушыға көмек. -А.,1960.-1136
- 5.Бартольд Б. 9 томдық шығармалар жинағы, Москва -1995-3456



ӘОЖ 940.2 (574)

ЖОҢҒАР ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР СОҒЫСЫНЫҢ БАСТАЛУЫ

Жүрсінбаев Б.А. – тарих ғылымдарының кандидаты, «Тарих және география» кафедрасының доцент м.а., М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тілек М.Е. – магистрант, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Аңдатпа. Бұл мақалада Орталық Азиядағы қазақтардың ең басты саяси қарсыласы болған Жоңғар хандығының құрылуы және оның Қазақ даласына жасаған жорықтары баяндалып, қазақ-жоңғар соғысының алғышарттары мен оған ықпал еткен саяси факторлар және бұл Отан соғысының алғашқы сатысына бағалар беріледі.

Түйінді сөздер: Жоңғар хандығы, Қазақ хандығы, қонтайшы, ойраттар, құрылтай, қалалар.

XVIII ғасырда қазақ халқы өміріндегі ең бір күрделі кезеңді басынан өткізіп, тұтас тағдырын талқыға түсіреді. Қазақтардың мұндай қиын-қыстау күйге түсуіне негізгі себебі оның геосаяси жағдайда орналасуында еді. Хандықтың батысында Ресеймен түйісуі, шығысында Қытаймен шектесуі, күнгейінде азиялық хандықтармен араласуы қазақтарды үш жақты қыспаққа түсіріп, ел жағдайын мүлде шиеленістіріп жіберді. Әсіресе, Қытай мен Ресей империясы Қазақ хандығы мен Жоңғария хандығы сияқты көшпелі мемлекеттердің әлсіреуіне бірдей мүдделілік танытты. Осылардың ішінде XVI-XVII ғасырларда тарихи аренаға шығып, ойрат халқының негізін қалаған торғаут (турхаут, торгут), хошоут (хошуты), дербет (дэрбэт), чорос, хойт және басқа да әлеуметтік-этникалық тайпалық одақтар қазақтар үшін ең басты қауіп төндіруші елге айналды. XVII ғасырдың 30 жылдарында ойрат тайпалары өзара бірігеді де біртұтас мемлекетін құрады. Бұл мемлекеттік негізін Хара-Хулының баласы Хото-Хочин қалайды. Ол таққа Эрдэне Батыр қонтайшы деген есіммен отырады. Бұл лауазымды ол Далай-ламадан алады [1, с. 98]. Жоңғарлар негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысып қана қоймай жер шаруашылығын да дамыта алды [2, с. 7].

Жоңғар хандығындағы халықтың саны 600 мың адамды құрады. Оның 10 мың шаңырағы тікелей қоңтайшының өзіне қарады. Ойраттардың әкімшілік құрылымы жағынан алғанда оток, анги және аймақтар бойынша рулық одақтарға біріккен ұлыстардан тұрды. Бірнеше ұлыстар тайпаларды құрады. Соның ішінде Жоңғар хандығына төрт ойрат тайпасы: чорос, дербет, хошоут және хойт кірді. Жоңғар әскерлері көшпенділерге тән ондық, жүздік, мыңдық түмендерге бөлінді. Ойраттардың экономикалық және қоғамдық құрылысының негізін хотондар (ауыл) қалады. Ойрат қоғамында хандар мен тайшылар билік жүргізсе, оток, анги, аймақтарды зайсандар басқарды. Сондай-ақ, жоңғарлардың рухани өміріне ламаизм діні ықпал жасайды. Әсіресе XVIII ғасырдың бірінші ширегінде Жоңғарияның барлық аймағында ламаистік шіркеулер мен монастырлар жаппай ашылады. Қазіргі қалмақ зерттеушілерінің есебі бойынша XVIII ғасырдың басында ойраттардың жалпы саны 200 мың адамды құраған [3, с. 44].

Іле мен Қара Ертістің жоғары жағындағы құнарлы және жайылымға бай ауданындарын иеленген ойраттар арасы ұзақ емес қашықтықта көшіп қонды. Осыған байланысты ойраттардың тайпа басшылары қазақтарға қарағанда қысқа мерзім ішінде әскерлерін жинай алатын және елдің ішіндегі саяси жағдайларды жіті бақылап отыруға да мүмкіншілік беретін. Торғауттар мен дербеттер Жоңғарияның солтүстік ауданындағы Еріс, Моңғол Алтайын, Тарбағатайды, чоростар Іле өзенінің жоғары және орта тұсын, одан әрі шығысқа қарай хошоуттар, Қара Ертіспен Қобдо өзенінің аймағын хойттар мекендеді [4, с. 2]. 1653 жылы Жоңғар билеушісі Батыр қоңтайшы қайтыс болғаннан кейін оның үлкен ұлдары арасында билікке таластар жүріп, ақыры кіші ұлдарының бірі – Сенге билікке келеді. Бірақ ол жоңғар қоғамындағы алауыздықтарды тоқтата алмай, 1670 жылдың соңына таман өзара тартыстардың құрбаны болады. Бұл жылдар – екі жақ арасындағы қарым-қатынастарда тыныштық кезеңмен сипатталады. Сенгенің інісі Галдан тақты иеленіп, бірден орталық билікті нығайту ісіне кіріседі. 1678-1679 жылға таман Галдан Жоңғариядағы негізгі қарсыластарын жеңіп, кейбіреулерін қашуға мәжбүрлеп, жеке дара билеушіге айналады. Содан кейін ғана оның көрші елдерге және Қазақ хандығына тонаушылық, басқыншылық жорықтары басталады. Жастайынан діндар болған Галдан Тибеттегі дін басыларының қолдауына сүйене отыра, көрші елдерге көз аларта бастайды. 1680 жылға таман Далай-лама оған Бошақту хан – «ізгі ниетті хан» атағын береді [1, с. 129]. 1678 жылы ол Шығыс Түркістандағы саяси дағдарысты пайдаланып, аумақты бағындырып алған болатын. Ал 1680 жылдан бастап Галдан Бошақту хан Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның қалалары мен аймақтарына жорықтар ұйымдастыра бастайды. Ол туралы 1722-1724 жылдары Цеван Рабданның ордасына барып қайтқан орыс елшісі Иван Унковский былай деп баяндайды: «Осы тауық жылы (1681) ол (Галдан Бошақту хан) қол ертіп жорыққа аттанып, Сайрамды қоршап алды. Ит жылы (1682) жорықтан қайтып оралып, ол Іле өзенінің жағасында қыстап шықты. Доңыз жылы (1683) тағы да Сайрамға аттанды. Жазда Галданның (әскербасы) Рабтан Сайрамды қиратты» [5, 302 б].

1652 жылдан кейінгі жоңғарлардың қазақтарға қарсы жасаған бұл ірі жорығы мұсылман авторларының шығармаларында көрініс береді. «Тарих-и амнийя» еңбегінің авторы Мулла Мұса Сайрами жоңғарлардың Сайрамды алуы туралы былай деп баяндайды: «...Біздің аталарымыздан естігеніміз бен жасы келген кәрі адамдардың айтуына қарағанда, осыдан 200 жылдай бұрын қазіргі Моғолстан жеріндегі хан орнына Іледе Құнтаджи (Хонтайшы) деген қалмақ келеді, оның билігі шығыста Комул мен Баркөлге дейін, батыста – Ташкент пен Сайрамға дейін, оңтүстікте – Карангу-Тағқа дейін созылады. Ол кенеттен жорыққа шығып, Ташкент Сайрамын басып алып бағындырады да, билікті бір қалмаққа тапсырады. Оның қасына бірнеше қалмақты көмекші етіп қалдырады да, өзі Ілеге қайтып оралады. Сайрамдықтар қалдырылған қалмақтарды өлтіріп, бағынудан бас тартады. Сайрамнан қашып құтылған бірнеше адам Құнтажыға келіп болған оқиғаның бәрін айтып береді. Құнтаджи Ілеге соқпай, Сайрамға қайтып оралып, қаланы екінші рет басып алады да, тұрғындардың бір бөлігін өлтіріп, қаланы талан-таражға түсіреді. Қалмақ басшысы Сайрамның игі жақсы үш тобының әрқайсысынан 20 отбасыдан барлығы 60 отбасын бала-шағасымен, қызметшілерімен Ілеге алып кетеді. Оларды Іледе бір жылдай ұстап, сосын көне Тұрпанға жібереді...» [6, с. 486-487].

Баяндаудан көріп отырғанымыздай, шығарма авторының арғы-тегі сайрамдық, оның ата-бабалары – деректегі 60 отбасының бірі. Дерек мәліметінде айтылғандай, жоңғарларға Сайрамды 2 рет бағындыруға тура келген. Бұл жылдары Тәуке хан билікке жаңадан келіп жатқандықтан, оның жоңғарларға қарсы қояр күші болмаған секілді. Тарихи аңыз-әңгімелер бойынша, осы Сайрам соғысында Кіші Жүздің батыры Тілеу батыр Айтұлы кіші ұлы Жолдаяқ батырмен бірге көзге түскен және шайқастардың бірінде әкелі-балалы батырлар қаза тапқан. Олардың денелері қазақтың бас қаласы – Түркістанда, Қожа Ахмет Йассауи кесенесі жанына жерленген. Жалпы, XVII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ-жоңғар қарым-қатынастарындағы ірі соғыстар мен шайқастарға көңіл аударсақ, олардың онша көп болмағанын байқаймыз. Екі жақтан да жекелеген кішігірім ұрыстардың болып тұрғандығын жоққа шығаруға болмайды. Ал жазба деректерде сақталған ірі шайқастардың осы кезеңде, яғни XVII ғасырдың екінші жартысында алғашқысы 1652 жылы өтсе, келесісі – 1681-1684 жылдары болады. Жоңғарлар Сайрам қаласын алып, оны қиратқанымен шабуыл бағытын одан әрі тереңдете алмайды. Оның басты себебі, қазақтар тарапынан қатты қарсылықтардың көрсетуінде жатса керек. Әрине, мұның бәрі Тәуке ханның ұйымдастыруымен болғаны белгілі. Сайрам шайқасынан кейін жоңғарлар Ош пен Әндіжан түбінде де қатты қарсылықтарға тап болады. Галдан Бошақту хан бұдан кейін өзінің әскери қимылдарын шығысқа қарай бұрып, Шығыс Монғолияның жерін өзіне қарату үшін соғыс жүргізеді. Ақыры ол 1697 жылы наурызда 52 жасында қытай әскерлерінен жеңіліп, өзін-өзі өлтіреді [1, с. 208]. 1690-1697 жылдары

Цин империясынан қарсы соғыста ауыр жеңіліске ұшыраған Жоңғар хандығы өзінің күш-қуатын қайтадан қалпына келтіре алады. Қалдан Бошоктының кезінде мемлекеттің билік басына келген оның немере інісі Цеван-Рабдан (1697-1727 жж.) белсенді түрде хандықтың іргесін бекіте бастады. Ол өзінің сыртқы саясатындағы бағытын өзгертіп, Түркістан, Қазақстан, Орта Азия мен Оңтүстік Сібірге қарай бұрады [7, с. 15]. Нәтижесінде қазақ-жоңғар қатынасы шиеленісіп, аяғы жоңғарлардың қазақ даласына шабуылымен 1698 жылғы басталады. Бұл жорықтың себебін Цеван-Рабдан Цин императоры Кансиге жіберген хатында былай деп түсіндіреді: «Мен Қазақ Ордасымен соғысты еркімнен тыс бастадым. Оның себебі мынада: мен Тәуке ханның ұлын тұтқынға түсіргеннен кейін Далай Ламаға сыйлық ретінде жіберген едім. Алайда Тәуке ұлын босату туралы маған өтініш жібергеннен кейін мен оның баласын Лхастан алдырып 500 жауынгермен бірге әкесіне қайтардым. Бірақ Тәуке «алғыс» ретінде менің барлық сарбаздарымның қырып салады. Содан кейін ол маған бағынышты Орқадай Батыр-Тайдзияны өлтіріп, оның барлық адамдарын тонап тұтқынға алады. Мұнымен қатар Цеван-Рабдан қазақтармен болған соғыстың бірнеше себептеріне қазақтардың қалыңдық алып келе жатқан Еділ қалмақтарының ханы Аюкеның қызы Сетерджабтың жасауына бас салуы, ойраттардың билігіндегі урянхайларға шабуылы, жоңғарлардың керуендерін тонауы және тағы басқа жағдайларды жатқызады. Дегенмен осы 1690 жылғы соғыс қазақ пен жоңғарлардың арасындағы үлкен қанды қырғынды бастап берді және Жоңғария қазақтардың тәуелсіздігіне ең басты қауіп төндірген мемлекетке айналды [1, с. 215].

Цин империясымен болған шайқаста жеңіліске ұшырағанына қарамастан жоңғарлар Батыр және Қалданның кезіндегі Жетісудағы иеліктерін сақтап қала алды. Бұл жөнінде Л.А. Гольденберг былай дейді: «XVII ғасырдың аяғында қалмақтар Талас пен Шу өзендері және Ұлытау арқылы Қазақ Ордасымен араласып тұрды» [8, с. 230].

Сонымен қатар, басқа да деректердің айтуынша Қалданның Цин империясынан жеңіліс тауып, Қалқаға қарай кеткеннен кейін қазақтар Шу мен Таластағы қоныстарына оралады. Яғни, ойраттардың елшісі Қашақбай 1699 жылы қыста тоболдық воевода М.Я. Черкесскийге былай деген: «Ерден Жорықты қонтайшы Шу мен Талас өзендерінің бойындағы Қазақ Ордасына соғыспен барып жеңіске жетеді» [9, 1-2 пп.]. Сол кезде Оңтүстік Қазақстанға басып кірген ойраттардың саны орыстардың айтуы бойынша 40 мың жауынгер болған. 1698-1699 жылдары Қазақстанға жасаған бұл басқыншылықты ұйымдастыруда Цеван-Рабдан есебі зор рөл атқарған [10, с. 37].

Жоңғар хандығындағы жағдай оларға Еділ қалмақтарынан торғауыттар пен Көкнұрдан хошоуттардың бір бөлігі көшіп барғаннан кейін жақсара түскен. Өйткені жоңғарларға 60 мыңға жуық сарбаз қосылған. Торғауыттар Жоңғарияның оңтүстік-шығысындағы Жұлдыз өзенінің бойынан орналасады. Дегенмен Цеван Рабдан Тәуке хандай билеушісі бар қазақтарға ашықтан-ашық жойқын шабуыл жасай алмады. Өйткені Тәуке Қазақ хандығының күш-қуатын әлсіретпей, оның ішкі-сыртқы саясатын бірдей салмақтап ұстап тұрды. Сондықтан Цеван Рабдан қазақтың мұндай билеушісінен еріксіз тайсақтайтын. Шынында да Тәуке хан бастаған қазақ әскерлері көп күттірмей жоңғарлардың мекендеріне жауап ретінде бірнеше соққылар бере бастайды. Мәселен, 1698 жылғы жоңғарлардың жорығына жауап ретінде қазақтар олардың қоныстарына бірнеше шабуылдар ұйымдастырса, 1702 жылы қазақ сарбаздары жоңғарлар мен қалмақтарға екі бағыттан бірдей уақытта жорықтар жасайды. 1702 жылы тоболдық воевода М.Я. Черкасскийдың тапсырмасымен қонтайшыға барған тоболдық боярдың ұлы Матвей Городничийдың күнделігінде былай деп жазылған еді: «Қазақ Ордасынан қонтайшыға қашып келген қашқындар Қазақ Ордасы Ертіске өзенінің бойымен жорыққа 3 мыңға жуық адам шықса, ал қалған бөлігі Ямыш көліндегі Қоқан батырдың ұлысына қарай кеткен» [9, 264 п.]. Бір жылдан соң екі жақта соғысты тоқтату туралы келісімге келуге тырысып, 1703 жылы 25 сәуірде Текесте орналасқан Цеван Рабданның ордасына «Қазақ ордасынан Тәуке хан мен Қайып сұлтанның атынан Бөкей» келеді. Осыдан кейін көп уақытқа дейін екі мемлекеттің арасында қақтығыстар болмайды [9, 273 п.]. Алайда 1708 жылы Қазақстанға ойраттардың жаңа жорығы басталады [11, с. 163]. «Қанқұмар көріп қалмақтар құмырсқаша жорғалап, шегірткеше қаптап келіп қазақ тайпалары мен ұлыстарын шапты. Жолында кездескенді тонап, қиратты. Көп қазақ көріп қалмаққа тұтқын болды... Қазақтар мен қарақалпақ тайпалары қаптаған көпір қалмақтардан үркіп, ауылдарын тастап қашты. Ташкентке барып паналады [11, с. 163]. Осы жорықтың салдарынан Ұлы жүз қазақтарына ауыр шығынға ұшырайды. Дегенмен жоңғарлардың тарапынан туындаған қауіп қазақ билеушілерінің бірлесе қимылдауға итермелеп, ортақ қорғаныс жүйесін жасауға жұмылдырады. 1710 жылы Қарақұмда үш жүздердің бүкілқазақтық съезі шақырылып, онда Жоңғар хандығына деген қатынас мәселесіне күн тәртібіне қойылады. Съезге қатысушылар жоңғарлармен соғысты әрі қарай жүргізе беру қажет немесе жоңғарлардың қойған талабына көніп, бейбіт келісім шартқа отырамыз деген пікірде екі топқа бөлінеді. «Егер... өздерінің қорқақтығын көрсетіп ... қонтайшының мейірімділігін паналауды ұсынды. Басқалары үй-күйін тастап, Еділдің сыртына қашып барып жан сақтағысы келді, ал енді біреулері қоян секілді жан-жаққа бытырап кетпекші болды, талайы толқып жүрді, бірақ сол кезде ерлігімен әйгілі болған ру басы Бөкенбай мұндай әрекеттердің бәрін тыйды», – деп жазады Я. Гавердовский [12, 52 п.].

Қарақұмда болған Құрылтай алдында Қазақ хандығының жауынгерлеріне сардар қолбасшы болып сайланған Бөкенбай батыр қарт әкесі Ақша батырдың қолынан Қазақ мемлекетінің әскери сарыала туын сардарлық бағананы қабылдап, жалынды сөз сөйлейді. А. Диваев: «Оның жалынды шақыруынан кейін жиналысқа қатысушылар «қасық қаны қалғанша бірін-бірі бір ауыздан қорғауға, күш біріктіруге» ұйғарады.

Ант берілгеннен кейін «жұрттың бәрі дұға қылып, құрбандыққа шалған ақбоз аттың етін жеп, өз одақтарының мызғымайтынын көрсетті», – деп жазған екен [13, 16 б.]. Нәтижесінде табындардың старшыны Бөкенбай батыр бастаған соғысты жақтаушылар жеңіске жетіп, қазақтар жоңғарларға жорық жасау қамына кіріседі. Жалпы халқымыздың басына қауіп төнген XVIII ғасырда қазақ батырлары ерекше із қалдырған. Олардың қатарында қызмті мен өмірі толық зерттеліп, ұрпаққа таныс болғандары да немесе жасаған саяси-қоғамдық қызметтері әлі толық зерделенбей ғылыми сараптаудан тыс қалып қойғандары да бар. Міне сондай батырлардың қатарына Қарақұм құрылтайында ең басты рөл атқарған табыннан шыққан Бөкенбайды жатқызамыз. Өкінішке орай отандық тарихнамадағы көптеген зерттеушілер осы тарихи тұлғамыздың жасаған айтулы еңбегін Орта жүзден шыққан қанжығалы Бөгенбайдың еңбегі деп бағалайды. Осы съезден кейін ойраттар мен қазақ жасақтарының арасында қанды күрес басталады. Жоңғариядағы Цин империясының елшісі Баочжудің 1712 жылғы император Кансиге жазған мәліметінде былай делінеді: «Қазақтар бірнеше жорықтар жасағандықтан жоңғарлардың шекарадағы қоныстары күйзеліске ұшырап, көптеген адамдар өлтірілген, әйелдері мен ұлдары тұтқынға түскен» [14, с. 67]. Қарақұм құрылтайынан кейінгі жылдары Әбілқайыр ханның әскери жасақтары терістік-батыс шекараны қорғауға батыл кірісті. Еділ қалмақтарымен, Жайық казачествосымен, тіпті башқұрттармен де жиі-жиі шайқасып қалып жүрді. Әбілқайыр ханның өзі де әлсін-әлсін ел тыныштығын бұзушыларға қарсы шабуылдар жасап қоятын. Тіпті ол Қазан қаласына дейін барады. Жайық қалашығын айдан астам уақыт бойы қоршауға алып тұрған. Оңтүстік Орал, Еділдің орта ағысы және Сібір аймақтарындағы қазақ елімен шектесетін жерлерде өте шапшаң, жылдам қимылмен шапқан қазақ сарбаздарының көрінуі патша әкімшіліктеріне едәуір қобалжу туғызған. Қазақ сарбаздарының патшалық жеріне терең сұғына жорықтар жасауы Астрахан, Қазан, Сібір губерниялары әкімшіліктеріне қорқыныш туғызып қана қоймай, солардың бас қолбасшысы Әбілқайыр ханның есімін әбден танытады. Осыған байланысты Ресей губерниялары мен Қазақ хандығы арасында елшілер толассыз жүріп жатады. Екі жақтан алынған тұтқындарды босатудың яки өзара алмасудың жолдарын келісу, қазақтар мен ресейлік бодандар (Жайық және Сібір казактары, қалмақтар, башқұрттар) арасындағы әскери қақтығыстарды, түрлі өзге де кикілжіндерді шешіп, ретке келтіру, сондай-ақ сауда-саттық байланыстарын дамыту, көпестердің қазақ халқы ішіне баруына жағдай туғызу, дала үстімен өтетін сауда керуендерінің қауіпсіздігі мәселесін шешу – келіссөздердің негізгі тақырыптары болды. Сонда Әбілқайыр хан мен Бөкенбай батыр бас болып, аз уақытта қалмақты Қарақұм алабынан асырып, Жем өзенінен әрі қуып, Жайықтың арғы бетіне дейін тықсырып, Сарысу өзенінің сыртына қашырады. Әбілқайыр ханның қалыптасқан жағдайға байланысты шақырған ұранына Қайып хан мен Абдолла хандарда өз үндерін қосқан. Табын Бөкенбай батыр бастаған қаһарман сарбаздарды ел ішіндегі танымал Тама Есет батыр, Қошқарұлы Шақшақ Жәнібек, Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай сынды ондаған айтулы батырлар қолдайды. Осы батырлардың басшылығымен қазақтың сарбаздары азаттық үшін алысып, дұшпан жасақтарын елден қуып шығып, кезінде айрылып қалған көші-қондық жерлерін, шұрайлы жақсы жайылымдарын қайтарып алды. Қазақ хандығының әскері 1711–1712-ші жылдары жоңғар басқыншыларына тойтарыс беріп, оларды хандықтың жер-суынан аластап, шығысқа ығыстырып тастаумен ғана шектелмей, олардың еліне – Жоңғарияға басып кіреді. Сәтті жасалған жорықтың нәтижесінде олар олжалы оралады. Сол кездегі қазақ сарбаздарының күштілігі сонда олар ойраттардың қарымта қайтару мақсатымен 1713 жылы жасаған шабуылын да жеңіліске ұшыратады. Осыдан кейін қазақтың сарбаздары араға аз уақыт салып, жоңғарлардың қазақ елімен шектесетін ұлыстарын тағы шабады. Міне жорықтардан соң барып бірнеше жыл бойы қазақ және жоңғар елдері тыныш тауып, тек екі арада ұсақ қақтығыстар ғана орын алып тұрады. Оның үстіне жоңғарлардың хал-ахуалы мүшкіл болып та табылатын. Өйткені Цеван Рабдан қонтайшының әскерлерінің басым бөлігі Қытаймен арадағы шекарада болып, екі жақта үлкен соғысқа дайындалып жатты. Яғни, ойраттардың негізгі әскери күші Цин-Қытай империясы әскерлеріне қарсы соғысқа жұмылдырылған болатын. Осы жағдайдың арқасында қазақтарға ішкі жағдайды тұрақтандырып, нығайта түсу мүмкіндігі туды. Бірақ бұл тыныштық ұзаққа бармайды.

XVIII ғасырдың бірінші ширегінде Жоңғар хандығының саяси белсенділігі арта түседі де, Цеван Рабдан Қашқар мен Яркент бектерінің арасындағы өзара араздықты пайдалана отырып Шығыс Түркістанда жоңғарлардың билігін толығымен орнатады [15, с. 203]. Шығыс Түркістанды басып алған соң қалмақтардың жылнамасын жазған Батыр Убаши түменнің көрсетуі бойынша 1710 жылы Цеван Рабдан қазақтарға қарсы жорықты өзі бастап шығуды жоспарлайды. Алайда жоңғарлардың Хами ауданында қытайлармен шайқасы және жоңғарларға қарсы Цин империясының жаппай әскер жасақтауы Цеван Рабданның жорықты кейінге қалдыруға мәжбүрлейді [16, с. 50]. Дегенмен 1709-1710 жылдардағы ойраттардың Қазақстанға басып кіруі Бұқара хандығын дүрліктіріп, Убайдолла ханның мол әскермен Самарқандқа қарай аттанады. Алайда ташкенттік қожалар ханның алдына шығып «дінсіз қалмақтар» кері қарай қазақ ауылдарына қайтқанын жеткізеді. Осыдан кейін ол қожалардың уақытында ханға қалмақтар туралы мәлімет жеткізгенін ескеріп, оларды әр түрлі сыйлықтармен марапаттап, сарайына қайтады [17, с. 277].

1716 жылы қытайлықтар жоңғарларға қарсы жорық жасауға батылы бармағанын пайдаланған Цеван Рабдан Церен-Дондоба бастаған алты мыңдық әскерді Тибетке жіберсе, ал қалған бөлігін өзі бастап қазақ даласына аттанады. Сол жылы жоңғарлармен өткен шайқастарда қазақтар зор шығынға ұшырайды. Мәселен, жоңғарлардың тұтқынынан қашып шыққан орыс сарбазы Захар Белослудев қонтайшының тапсырмасымен қазақ даласына шапқыншылық жасаған Шарын-Дундук (Кіші) қазақтардың сарбаздарын талқандап көптеген

адамдарды тұтқынға алғанын айтып барған [18, 83 п.]. Жоңғарлардың шапқыншылығына жауап ретінде қазақтарда қарап қалмай, Іле өзенінің бойындағы шоростарған шабуыл жасап, жоңғарлардың қоршауында қалған Ямыш бекінісінің бастығы подполковник И.Д. Бухольцтың Цеван Рабданға жіберген елшісі поручик Маркел Трубинковты тұтқынға алады [18, 41 п.].

Осыдан кейін жоңғарлар мен қазақтардың арасындағы ірі шайқас 1717 жылы Аягөз өзенінің бойында өтеді. Бұл шайқастың қалай өткені жөнінде Құттыбай мырзаның Сібір губернаторы М.П. Гагариннің Қайып ханға жіберген Б. Брянцевке айтқан сөзінен білуге болады. Онда былай делінеді: «Қайып пен Әбілхайыр бастаған қазақ сарбаздары Жоңғарияның иелігіне кірген соң оларға қарсы шыққан жоңғар әскерлерімен кешке дейін ұрыс салады. Түнде қалмақтар бөренеден қорғаныс жасайды. Қазақтарда қалмақтардың бөренелерінен екі есе биіктікте қорған тұрғызып екі күн бойы садақтардан оқ жаудырады. Үшінші күні қалмақтарға мың жарым адам көмекке келеді де, қазақтардың ту сыртынан соққы береді. Жоңғарлардың тосыннан берген соққысына шыдамаған қазақтар қаша жөнеледі» [19, с. 157-162]. Ал Қазақ ССР тарихында бұл соғыс туралы мынадай ақпарат берілген: «1717 жылы Қайып пен Әбілқайыр 30 мың қолды бастап Жоңғар хандығына соғыс ашады. Аягөз өзенінде қазақ әскері қатты жеңіліске ұшырады. 1718 жылдың көктемінде жоңғар әскерлері Түркістанға таяу Бөген, Шаян және Арыс өзендерінде қазақтарды тағы да жеңеді. Бұл шайқастың қазақтар үшін сәтсіздікпен аяқталуы жоңғарлардың ту сыртынан келуі ғана емес, Қайып пен Әбілқайырдың өзара тіл табыса алмауынан да туындады. Мұндай алауыздықтың нәтижелердің арқасында жоңғарлар Оңтүстік Қазақстанның аймағына тереңдеп кіруіне мүмкіндік алды. Алайда жоңғарлар бұл сәттілікті пайдалана алмай, барлық күштерін қытайлықтардың шабуылына тойтарыс беруге дайындайды да, батысындағы иеліктерге соғыс жүргізуді жоспарламайды. Осылайша жоңғарлардың ойранына ұшыраған халықтың алдында ұзақ жылдарға созылған аянышты тағдыры мен сол зобаланнан құтылу жолындағы аяусыз күрес күтіп тұрды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1 Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. - Москва: Наука, 1983. - 331 с.
- 2 Баграков В.С. Хозяйственные связи кочевых народов с Россией, Средней Азией и Китаем (с XV до XVIII в) // Труды Среднеазиатского гос. университета. - Ташкент: ТашГУ, 1958. - Вып. 126. - С.3-62.
- 3 Авляев Г.О. Санчиров В.П. К вопросу о происхождении торгоутов в составе средневековых ойратов Джунгарии (К проблеме этногенеза калмыков) // Проблемы этногенеза калмыков. - Элиста, 1984. С. 35-50.
- 4 Потанин Г.Н. О караванной торговле с Джунгарской Бухарией в XVIII столетии // ЧОИДР, 1868. - Кн. 2. - С. 1-35.
- 5 Қазақ ССР тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. - Алматы: Ғылым, 1983. - Т. 2. - 650 б.
- 6 Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII вв. - Алматы: Наука, 1969. - 654 с.
- 7 Позднеев А.М. К истории зюнгарских калмыков. - СПб., 1887.
- 8 Гольденберг Л.А. Статья С.У.Ремезова «О калмыках как весьма известном в Сибири народе» // Страны и народы Востока. - М., 1976. - Вып.18. - С. 228-233.
- 9 РИССМ. 113-қор, 113/1-тізбе, 1699, 1-іс.
- 10 Батур Убаши-Тюмен. Сказание о дербен-ойратах // Калмыцкие историко-литературные памятники в русском переводе. - Элиста, 1969. - С. 29-41.
- 11 Мир Мухаммед Амин-и Бухари. Убайдулла-наме. - Ташкент: Фан, 1957. - 210 с.
- 12 Гавердовский Я. Обозрение Киргиз-кайсацкой степи или описание страны и народа кайргиз-кайсацкого // Рукописный отдел ЛОИИ СССР АН СССР. Коллекция №115. №495.
- 13 Қазақ ССР тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. - Алматы: Ғылым, 1982. - Т. 3. - 560 б.
- 14 Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи (XVII-XVIII вв). - Алматы: Ғылым, 1991. - 238 с.
- 15 Кутлуков М. Рукописи и документы по истории Восточного Туркестана. XVI-60-х гг. XIX в. И его взаимосвязи со Средней Азией // Актуальные вопросы советского уйгуроведения. - Алматы, 1983. - С. 202-208.
- 16 Ходжаев А. Взаимоотношения Цинской империи и Джунгарского ханства в первой четвертой XVIII в. // Из истории Средней Азии и Восточного Туркестана. XV-XIX вв. - Ташкент, 1987. - С. 37-58.
- 17 Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. - Москва: АН СССР, 1963. - Т.2. - Ч.1. - 520 с.
- 18 РИССМ. 113-қор, 113/1-тізбе, 11739, 2-іс.
- 19 Памятники сибирской истории XVIII века. В 2 кн. - СПб., 1885. - Кн.2. - 1713-1724 гг.

**XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ОРЫС ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ МЕН ҚАЗАҚ
АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ**

Қалыбаева А.Ж., Сугурбаева Б.К.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы жер мәселесі жайлы зерттеушілердің пікірлері қарастырылады. Патшалықтың отаршыл жер саясаты XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының өткір талқалауына түсті. Патша өкіметінің аграрлық саясатына қатысты қазақ зиялыларының пікірі екіге жарылғаны белгілі. Бірі патшалықтың ұсынған отырықшы жер нормасын құп көрсе, бірі көшпелі норманы жақтады. Бұл ретте Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов бастаған топтар отырықшы норманың отаршыл мазмұнына қарсы шықты. Ғасыр басындағы патшалықтың аграрлық саясаты «Қазақ», «Айқап» секілді мерзімді басылымдарда қызу талқыға түсті. Осы арқылы патшалықтың отаршыл жер саясаты сыналды.

Keywords: Kazakh, agriculture, expedition, kingdom, land issue, researcher.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ даласындағы егіншілік, аграрлық қатынастар және патшалықтың қоныстандыру мәселелері орыс зерттеушілері, чиновниктері және т.б. еңбектерінде көтеріліп, мәселені империяның отаршы саясатына сай қарастырды. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ даласындағы егіншілік, отырықшылық туралы Л.Мейер жазды. Еңбекте Орынбор өлкесіндегі қазақтардың арасындағы жер өңдеу, оның тәсілдері және көлемі жөнінде мәліметтер келтірілген. Автор қазақ даласындағы егіншілікті қарапайым егіншілік және суармалы егіншілік деп екіге бөледі. Қарапайым егіншілік негізінен даланың солтүстік бөлігінде, шепке жақын жерлерде айналысуға болады. Алайда бұл аймақтарда жаңбыр жаумаған құрғақшылық болған жылдары, егін шықпай еңбек далаға кетеді,-деп жазады[1; 101 б.].

Сонымен бірге қазақ даласындағы егіншілікке жарамды, өңделген жерлер туралы да мәліметтер береді. «Қырғыздың (қазақ) мұндай тәсілмен (қарапайым) өңделген жерінің көлемін анықтау қиын. Шекара комиссиясының есебінде 1855 жылы далада осы уақытта жер өңдеушілермен шығыс бөлікте 627 отбасы, батыста-2,019 және ортада 4,064 барлығы 6,700 түгін айналысқаны айтылады. Сонымен бірге, мұнда бидайдың әр түрінен жыл сайынғы түсім 9,500 десятинадан жарты миллионға жуық пұт екендігі анықталған. Көрсетілген бір миллион пұт егіннің үш жүз мыңы тары, осындай көлемде бидай, қалған бөлігі ячмень мен овсаға тең бөлінеді,-дей келе, қазақ даласындағы қарапайым тәсілмен егін егіп, жер өңдеу туралы ойын былай түйіндейді,- бұл жерде егіншілікке талпынысты сәтсіздік деп есептеуге болады. Мұның себебі елді-мекеннің ыңғайсыздығы, мекендеушілердің өздерінің еріншектігі мен бұл іске қырсыздығы. Суарылмайтын егіншілік туралы жалпы қорытынды көріп отырғанымыздай жарамсыз. Даладағы егіншілік туралы мәліметтердің тұрақсыздығына қарамастан, бұл тез ұлғаяды. Егіншіліктің бұл жерде ұлғаюына басты кедергі жерді иеленудің айқындалмауы. Мұнда заң бойынша жер жеке адамдарға ғана емес, сондай-ақ қоғамға, яғни руларға тиесілі болмауы»[сонда, 102-104 бб.].

XIX ғасырдың аяғына таман Қазақстан территориясына орыс-украин шаруаларының қоныс аударуы ұлғая түсті. Қазақ өлкесіне қоныстанушылардың саны күн өткен сайын ұлғая түсіп, жерді иемдену жергілікті халықтың құқықтарын таптауымен бірге жүргізілді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ өлкесіндегі аграрлық қатынастардың дамуы өлкеде жұмыс жасаған түрлі комиссиялар, статистикалық мекемелер т.б. жұмыс жасаған орыс чиновниктерінің еңбектерінде көрініс тапты. Бұлар негізінен қазақ даласындағы аграрлық қатынастар мәселесін патшалықтың мүддесі тұрғысында қарады. Бұлардың қатарында А.А.Кауфман, П.П.Румянцев, Ф.Щербина, Г.Гинс, П.Хворостанский т.б. болды. Сондай-ақ Қазақстандағы аграрлық жағдайды шынайы көрсетіп, патша өкіметінің аграрлық саясатына сыни баға берген, демократиялық концепцияны ұстанған А.Е.Александров, П.Герн, Т.Седельников т.б. болды.

Көшпелі қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық және шаруашылық өміріне қатысты зерттеулерінде П.П.Румянцев қазақ даласын орыс қоныстанушылары арқылы отарлауды қазақтар өміріндегі түбірлі прогрессивті өзгерістермен байланыстыра отырып, қазақтар арасында жер өңдеумен айналысатындар санының ұлғайғандығы туралы былайша негізсіз пікір білдіреді: «Даланы орыс қоныстанушыларымен отарлау және сауданың тез дамуы, темір жол желілерінің салынуы қырғыздардың шаруашылық өміріне түбірлі өзгерістер әкелді. Бір кездері натуралды мал шаруашылықты-көшпелі шаруашылығы біртіндеп жаңа форма-мал шаруашылықты және отырықшы жер өңдеушілікке көшетін тауарлы-ақша формасына айналды. Сонымен бірге капиталистік қатынастар да дамуда, және қырғыз халқы ескі рулық ортақ ештенесі жоқ және феодалдық-сословиелік болып жаңа экономикалық топтарға бөлінуде»[2; 36 б.].

Г.Гинстің 1913 жылы шыққан қоныстандыру мен отарлау мәселесіне қатысты екінші шығарылымында отарлардағы жер саясаты, отарлаушылар мен жергілікті халықты жермен қамтамасыз ету мәселесі көтеріледі. «Отарлардағы жер саясаты айтарлықтай күрделі және ол мынадай мәселелерге бөлінеді. Біріншіден, жергілікті

халықты жермен қалай қамтамасыз ету. Екіншіден, отарлаушыларға жерді қандай негізде бөлу керек? Үшіншіден, отарлаушыларға қандай жерге деген құқық беріледі. Төртіншіден, мемлекеттің құзырында қандай құқық сақталады? Бесіншіден, отарлауға жер айналымының қандай формасы ыңғайлы. Жергілікті халықты жермен қамтамасыз ету күрделі де өткір. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда жер байырғы тұрғындар мен алғашқы отарлаушылар арасындағы қайшылықтың себебі екенін аңғару қиын емес. Сонымен, қарама-қарсы мүдделерді татуластырып және өз жерін сақтаушыларды да оны алушыларды да ренжітпейтіндей етіп жер саясатын жүргізу қажет, дей келе, оны шешу үшін отарлаушылардың мүддесі тұрғысында мынадай ұсыныс айтады: сонымен, жергілікті халықтың жерге деген мүддесін сақтаудың ең жақсы формасы оларды жерге орналастыру. Ол үшін мынадай екі шараны қолдану қажет. Біріншіден, тұрақты, отырықшы үлес деп аталатын жерге көшпелілерді барынша кеңінен орналастыруды дамыту. Екіншіден, қоныстанушы учаскелер құруда шығындар үшін көшпелілерге сыйақылар беріп, жаңадан орналасу үшін оларға көмек көрсету керек» [3; 7-15 бб.]. Бұдан байқайтынымыз автор қоныстандыру саясаты барысын жеңілдету, қазақтардың жерін алуда кездесетін кедергілерді, жергілікті халықтың өзіне отырықшы ретінде жер бере отырып жоюды көздеген.

Ахмет Байтұрсыновтың «Айқап» журналының беттерінде жер мәселесі, отырықшылыққа көшу, қала салу жөнінде, сонымен бірге қазақ жерін отарлауға қатысты патша өкіметінің заң-жарлықтарының отаршыл мазмұнын түсінідіріп мақалалар жазып отырды. Ол отырықшылыққа көшу, қала салуды жақтайтындардың пікіріне былайша ақыл қосады: «...Қазірде аяулы жерді алып қалудың қайласы жалғыз-ақ сол жақсы жерге қала салу, бұл қала салу деген сөз қазақтың бәріне айтылған емес, егін салып, күн көрерлік жері бар қазақтарға айтылған сөз, мұны мақұлдамайтын адам аз шығар. Талас болатұғын «сұрап салалық» деген сөз. Сұрап салғанды қолдайтындар да, қолдамайтындар да бар. Әуелі сұрап салу жайын қарастыралық, осы күнде екі түрлі сұрау болып жатыр, біреулер баяғыдан бері қыстау салып отырған жерлерін алып бара жатқан соң мұжықпен қатар жан басына он бес десятинадан жер кесіп беріп, орнымнан қозғама деп сұрап жатыр. Біреулер өзгелердің жерін алып жатқанда біздің жеріміз де аман қалмас деп алдын ойлап, қала салуды сұрап жатыр. ...Сөз санаулы боларға керек, жоғары айтылған сөздерді қорытып айтайын егінге жайлы жерді алып қаламын дегендер қала салу керек. Қала салуға бел байлағандар сұрап әуре болмасқа керек. Жақсы жерге жиылып қала салсаң, сен неге салып жатырсың дейтұғын ешкім жоқ. Қазақ қалаған жеріне қала болып отырса, мешіт медіресе салса, қаланың маңайындағы егіндік жерлерді өлшетіп планға түсірсе, өлшеген жер артылмастай көп болып, жиылып отырса, қалаңды бұзып, мешітінді қиратып, жерінді ала қоймас, аламын десе, соны ізден. Қала салуға қазақ омыын қойса, баяғы тіленгіш ғадетін істемегенде басы ауырмайтын болса, қала салам деп сұраудың орны жоқ. Қазақтың жерін алғанда жалғыз-ақ артық деп, шығарып алып отыр, қандай өлшеуменен, қалай өлшеп артық дейді, ол бек қараңғы нәрсе» [4; 60-61 бб.].

1-кесте. Қазақтардан алынған жерлер көлемі:

Губерния	Жалпы жер көлемі (мың га есебімен)	Тартып алынған жер (мың га есебімен)	Соның ішінде			Алынған жерлер %-ға шаққанда
			Казак әскеріне берілгені	Қоныстанушы поселкелерге берілгені	Орманды дачалар мен арнайы бөлінген учаскелер	
Семей	59 969,9	15 272,5	6 779,8	4 995,0	3 497,0	25,6
Ақмола	53 740,3	9 405,0	1 859,1	5 751,3	1 795,6	17,5
Қостанай округі	12 178,6	4 000,5	-	3 412,3	588,2	32,0
Орал	26 405,3	8 228,6	7 066,2	967,5	204,9	31,2

Адай округі	33 153,4	-	-	-	-	-
Ақтөбе	28 487,2	2 468,7	-	2 419,9	48,8	8,7
Сырдария	41 084,7	1 816,5	-	1 816,5	-	4,4
Жетісу	27 384,6	3 793,4	1 108,1	2 432,1	253,2	13,9
Барлығы	282 120,7	44 986,2	16 813,2	21 784,6	6 388,4	15,9

Осындай жолмен далалық облыстарды зерттеуге арналған экспедицияның құрылуы патша үкіметінің Қазақстандағы қоныс аудару саясатының жалғасы болды. Экспедицияның негізгі міндеті қазақ халқының жерін тартып алудың «ғылыми» базасын жасау болды, деп жазады зерттеушілер [5; 56 б].

Дала облыстарындағы аграрлық мәселе мен патша өкіметінің қоныстандыру саясатын патшалық-чиновниктік концепциясында тұрғысында қарастырған авторлардың бірі А.А.Кауфман болды. Автор еңбектерінде қазақ даласына орыс шаруаларын, оның ішінде жаңа жерге бейімделуі оңай ауқатты шаруаларды қоныстандыру қажет екендігін көрсетеді. «Себебі,- дейді автор,- жаппай қоныстандыру қоныстанушыларға да жергілікті тұрғындарға да пайдасы жоқ». Дегенмен ол қоныстандыру саясатын Ресейдегі аграрлық мәселені шешудің жолы деп есептемей, аграрлық шиеленісті жою үшін жерлерді мемлекет пайдасына алу қажет деп есептейді.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ағартушыларының бірі Мұхаммед Салық Бабажанұлы да қазақ жер мәселесін өзінің назарынан тыс қалдырмады. Мұхаммед Салық Бабажанұлының «Бөкей Ордасы қазақтарының этнографиясы» еңбегінде Ішкі Ордада мекендеген қазақтардың этнографиясы, өмір салты, көші-қоны туралы мәліметтерімен қатар жер мәселесі де қаралған. Еңбектегі «Орал қазақтарының Ішкі Орда қырғыздарымен дауы» деп аталатын әңгімесінде үлкен және кіші Өзен, Қамыс-Самар көлі, Қамыс-Самар көлінің оңтүстігінде Каспий теңізіне дейін созылып жатқан ұзындығы 180 вест, ені екіден 20 верстке дейінгі жер жөніндегі дау көтеріледі. Автор дауласушы жақтардың бұл жерлерді иемденуге үкіметтің белгілі-бір деңгейде төрелік етпеуін, екі жақтың басымдылықтарының жоқтығын айта келіп, жалғыз өмір сүру көзі көшпелі мал шаруашылығы болған қазақтарға жердің ауадай қажеттігін айтады. «Орданың пайдалануында 5 миллион десятинаға дейін жер бар, ал адам саны 5 мың. Жер қырғыздар үшін мал шаруашылығымен шұғылданғандықтан бастапқы қажеттілік, бірден-бір өмір сүру көзі және өмір сүрудің тірегі; ал мал шаруашылығы жеткілікті жермен қамтамасыз етілмесе аз өнім береді немесе тиімсіз болады. Қырғыздар басқа өнеркәсіп түрін білмейді, ал осы бірден-бір өмір сүру көзін жалғастыру құралынан айыру олардың қырылуына әкеледі. Оның үстіне қазақтарда мал жайылымы үшін жер аз болғандықтан Орда сыртынан ең кем дегенде 150 мың сомға, оның ішінде оралдықтардан 30 мың сом күміске жалдауға мәжбүр. Осының бәрінен қазақтарға өмір сүрудің материалдық әл-ауқаттың жалғыз көзі мал шаруашылығы құлдырамас үшін жердің қаншалықты қажет екендігін көруге болады, деп қазақтардың мәңгілік көшпелі болып қалуын қаламайтындығын, олардың өнеркәсіптің бір түрін меңгергенге дейін жерін алып, мал шаруашылығын құлдыратудың қажет еместігі жөніндегі ойын былай жеткізеді,-Ордадағы мал шаруашылығын қолдау, оларға жеткілікті деңгейде жер беру туралы айта келіп, қырғыздардың мәңгілік мал шаруашылықты көшпелі болып қалуын қаламаймыз. Қырғыздардың өнеркәсіп өндірісінің басқа түрлерін үйренетін уақыты келді және сол кезде мал шаруашылығы ешқандай сыртқы шектеусіз өз бетімен заманға сай өнеркәсіпке жол береді. Ал қазақтардың басқа өнеркәсіптің түрін меңгергенге дейін, олардың мал шаруашылығын қысқарту-орасан зор тері салдарға әкеліп соқтырады»[6; 121-122 бб.]


Сонымен XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасыр басындағы қазақ өлкесіндегі аграрлық мәселе аталмыш кезеңде кеңінен көтерілді. Аталмыш мәселеге қатысты арнайы ғылыми-зерттеу жұмыстары болмаса да, патшалық-чиновник тарихнама өкілдері мен қазақ зиялылары бұл тақырыпты барынша талдап, қоғамдық пікірді қалыптастырды. Патшалық-чиновниктік тарихнама өкілдері Г.Гинс, А.Алектров және т.б. патшалықтың қоныстандыру, аграрлық саясатының отаршыл мәнін елеп-ескермеді.

Патшалықтың отаршыл жер саясаты XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының өткір талқалауына түсті. Патша өкіметінің аграрлық саясатына қатысты қазақ зиялыларының пікірі екіге жарылғаны белгілі. Бірі патшалықтың ұсынған отырықшы жер нормасын құп көрсе, бірі көшпелі норманы жақтады. Бұл ретте Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов бастаған топтар отырықшы норманың отаршыл мазмұнына қарсы шықты. Ғасыр басындағы патшалықтық аграрлық саясаты «Қазақ», «Айқап» секілді мерзімді басылымдарда қызу талқыға түсті. Оы арқылы патшалықтың отаршыл жер саясаты сыналды.

Әдебиеттер

1. Л.Мейер. Казахская степь Оренбургского ведомства. Астана: Алтын кітап, 2007. -193 с.
2. Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем. СПб, 1910.
3. Гинс Г. Переселение и колонизация. Выпучк 2. Земельная политика в колониях. СПб, 1913 -65 с.

4. «Айкап». Құрастырушылар: Ү.Субханбердина, С.Дәуітов. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. -560 б.
5. Амрина М.С. Ф.Щербина экспедициясының құрылуы және ұйымдастырушылық-әдістемелік принциптері. //ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы, №4, 2006. -51-57 бб.
6. Бабаджанов М.С. Этнография казахов Букеевской Орды. –Астана: Алтын кітап, 2007.-221 с.
7. Әбенев Д.Қ. Орынбор әкімшілігінің қоныстанушыларды экономикалық жағынан нығайту бағытындағы саясаты. // КСРО аймағындағы түрік-мұсылман халықтарын заман талабына бейімдеудің тарихи тәжірибелері. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Ақтөбе: Принт-А, 2008. 116-120 бб.



ӘОЖ 94(574)

ОМБЫ СОТ ПАЛАТАСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕГЕН ҚАЗАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

Аргимбаев Темирлан

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің магистранты

Түйіндеме. Мақала XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында Омбы қаласында сот палатасында қызмет істеген алғашқы еуропаша білім алған қазақ зиялыларының тарихына арналған. Жоғары білім алған қазақ жастарының сол кездегі мемлекеттік қызметке араласу тәжірибесін зерттеу бүгінгі тарих ғылымының мәртебелі міндеті. Кез келген отар елдің жергілікті тұрғындарының құқын қорғау сол елдің ұлт зиялыларының негізгі мақсаты болғандығы белгілі. Тек Омбы сот палатасында қызмет істеген қазақ зиялыларының қызметі басқаларға үлгі болды. Нақтылы деректер негізінде авторлар ұлт зиялыларының қызыметіне баға береді. Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Сібір ұлысы: Алтын Орда этносаяси жүйесіндегі Солтүстік Қазақстан және көршілес аймақтар» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында дайындалды

Ілмекті сөздер: сот, палата, құқық, заң, қылмыстық іс, азаматтық іс, университет.

Резюме. Статья посвящена истории казахской чиновников, получившей евро-пейское образование в конце XIX-начале XX в., работавшие в судебной палате г. Омска. Изучение опыта участия казахской молодежи с высшим образованием в государственной службе царской России, является приори-тетной задачей современной исторической науки. Как известно, защита прав коренных жителей любой колонии была основной целью национальной интеллигенции этой страны. Примером для других стала деятельность казах-ской интеллигенции, служившей в Омской судебной палате. На основании конкретных данных авторы дают оценку их деятельности по защите прав каз-ахского населения. Статья подготовлена в рамках научного проекта Министерства образо-вания и науки Республики Казахстан по теме «Сибирский улус: Северный Казахстан и сопредельные территории системе золотоордынской этнополи-тической системы

Ключевые слова: суд, палата, право, закон, уголовное дело, гражданское дело, университет.

Resume. The article is devoted to the history of Kazakh officials who received European education in the late XIX-early XX centuries, who worked in the judicial chamber of Omsk. The study of the experience of participation of Kazakh youth with higher education in the public service of tsarist Russia is a priority task of modern historical science. As you know, the protection of the rights of the indigenous inhabitants of any colony was the main goal of the national intelligentsia of this country. An example for others was the activity of the Kazakh intelligentsia, who served in the Omsk Judicial Chamber. Based on specific data, the authors assess their activities to protect the rights of the Kazakh population. The article was prepared within the framework of the scientific project of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan on the topic "Siberian

Keywords: court, chamber, law, law, criminal case, civil case, university.

Кіріспе. Осы уақытқа дейін бұрмаланып, ақиқаты айтылмаған немесе біржақты бағаланған төл тарихымызды жаңаша саралап, қайта қалыптастыру бағытында шаралар жүзеге асырылып жатқан мезгілде еліміздің тарихында қалдырған тарихи тұлғаларымыздың ғұмырнамасын зерттеу қолға алынды.

Соған байланысты ұлт қайраткерлерінің туған еліне, халқына сіңірген еңбегін, қоғамдық-саяси және әлеуметтік процестердегі алар орнын көрсету және олардың қызметкер ретінде қалыптасу мәселелеріне көп көңіл бөліну-де. Осындай қайраткерлердің қатарына XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында тарих сахнасына шыққан Омбы сот палатасында жұмыс істеген қа-зақ қызметкерлерін жатқызуға болады. XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы Омбы сот округінің сот палатасының құрылымын, құрамын және онда жұм-ыс жасаған қазақ қызметкерлері туралы зерттеу.

Деректерге қысқаша шолу. Осы тақырып бойынша дереккөздерді бірнеше топқа бөлуге болады: Деректердің бірінші тобына Омбы облыстық мемлекеттік тарихи мұрағатынан алынған құжаттар жатады.

Ең негізгі деректер. Мұнда Р. Марсековке штаттық жалақыны көтеру туралы бұйрығы. А.Тұрлыбаев, Ж.Ақбаевтың Санкт-Петербург университетінің бітірген жайлы дипломы. И.Итжанов, Е. Итбаевтың куәлегі. С.Жанайдаровтың формулярлық парағы.

Деректердің екінші тобы зерттеу кезеңіне байланысты мерзімді баспасөзден тұрады. Мұнда «Киргизская степная газета» (Дала уалаятының газеті) басылымынан А.Тұрлыбаевтың мақалалары мен газет қызметкері ретіндегі қызметі туралы құнды мәлімет алынды.

Зерттеу әдістері: Ғылыми зерттеу әдісі - бұл объективті шындықты білу тәсілі екендігі белгілі. Әдіс - бұл әрекеттердің, тәсілдердің, операция-лардың белгілі бір реттілігі. Деректерді талдау барысында зерттеудің эмпирикалық, теориялық және метатеориялық деңгейлердің пайдаландық. Эмпирикалық деңгейде деректер мен мәліметтерді бақылау, сипаттау, салыс-тыру, санау, өлшеу, эксперимент, модельдеу және тағы басқа да түрлері өз нәтижесін берді. Теориялық деңгейдің әдістері табылған материалдарды синтез-деу барысында өз көмегін берді. Метатеориялық деңгейдің әдістері дерек-терді формальды және мазмұнын талдауда, деректерден шынайы ақпарат алу үшін пайдаланылды. Проблема баяндау әдісімен жазылды.

Нәтижесі. 1898 жылы 2 маусымда Сібірде жаңа соттық-әкімшілік бөлінісі енгізілді. Қазан және Иркутск округтік сотынан бөлінген Тобыл және Томск губерниялары Омбы Сот Палатасына өтті. Омбы Сот Палатасы 4 округтік соттан тұрды: Омбы, Семей, Тобыл және Томск. Сібір және Қазақстан аймағында әзірленіп жатқан сот-құқықтық реформа бойынша ең ірі жаңалық сот палаталарының және округтік соттардың енгізілуі болды. Округтік сот бітістіруші соттар шешкен істер жөнінде апелляциялық соты болды. Сот палаталары округтік соттарға қатынасы жөнінен апелляциялық және қадағалаушы деңгей міндетін атқарды. Бірінші инстанциядағы сот ретінде олар ең күрделі істерді шешті.

Омбы Сот Палатасы аға төраға, департамент төрағасы, 6 мүшесі, 2 хатшы, 4 хатшының көмекшісі, аудармашы, Палата прокуроры, екі жолдасы және прокурор хатшысынан тұрды. Омбы Сот Палатасы екі департаментке бөлінді: қылмыстық және азаматтық. Қылмыстық департамент палатаның төрт мүшесінен тұрды. Ал екеуі төрағамен бірге азаматтық департаментте жұмыс істеді. Бұны азаматтық істен гөрі қылмыстық істің көп түсуімен байланыстыруға болады. Омбы Сот Палатасы аға төрағасының шешімінсіз ведомствоның кез-келген шенеунігі қызметін ауыстыруына, басқа қызметке ауысуына, орден немесе классты шен алуына болмайды. Занды бұзушы қызметкерлерге палата шешім шығарады. Палата немесе округтік сот шенеуніктерінің қызметке тұру өтінішінен кейін, бұрынғы бастығынан олардың парасаттылық және іскерлігі жайлы сұралатын. Ол округтер мен министрліктер арасында хат арқылы жүргізілетін. Әдетте бұл қызметтік хаттар 2-3 айға созылатын. Бұл құпия хаттарды әдеттегі формальды деуге болмайтын. Мәселен сондай хаттарда өтініш жазушының қысқаша мінездемесі берілетін. Заң жүйесінің күрделілігі сонша міндетті түрде жоғары заңгерлік білімі бар мамандарды ғана жұмысқа алатын.[1].

Сот палатасы округтік кемелерге арналған апелляциялық саты болып табылады. 1864 ж. сот жарғыларына сәйкес шағымдану тәртібінде алқабилерсіз шығарылған округтік соттардың үкімдері мен шешімдеріне шағымдар бойынша істер қаралды.

Сонымен қатар, сот палатасы округтік соттар мен әлемдік съездерді қадағалау органы болды, округтегі округтік соттар арасындағы істің соттылығы туралы кінәні талдады және соттың жеке ұйғарымдарына Тараптар әкелетін жеке шағымдарды шешумен айналысты. Палата сондай-ақ өзіне сот прокуроры ұсынған айыптау актілерін қарады, оларды ол айыптаудың не қорғаудың пайдасына бекітті немесе өзгертті. Палатаның бұл ұйғарымдарына түпкілікті үкімдерден бөлек шағым жасауға жол берілген жоқ.

Сонымен қатар, Омбы сот палатасы Астанадан қашық болуына байланысты әлемдік судьялар мен округтік соттарға қатысты Сенаттың кассациялық департаменттерінің функцияларын әлемдік судьялар съезі ретінде орындады. Үкімнің күші жойылған кезде іс басқа құрамда жаңадан қарау үшін округтік сотқа қайтарылды.

Округтік соттардың құзыретіне қатысты, сот жарғыларына сәйкес бірінші сатыдағы сот ретінде округтік сот әлемдік судьяның соттылығы шегінен тыс қылмыстық және азаматтық істерді қарағанын атап өткен жөн. Ол бекіністе, бітімгерлік үйде немесе түрмеде қамау түріндегі жаза көзделген құқықтар мен артықшылықтарды айыруға немесе шектеуге байланысты емес қылмыстарға айыптау жөніндегі істерді қарады. Бұл іс болды"... немесе лауазымды адамның, әскердің немесе әскери бөлімнің қызметі туралы көрінеу жалған мәліметтерді жария ету немесе тарату туралы, сондай-ақ үкіметтік билік ету, қоғамдық апат немесе өзге де оқиға туралы Қоғамдық дабыл тудыратын көрінеу жалған естуді, сол сияқты қызмет міндеттерін, сақшылар мен әскери қарауылдарды орындау кезінде шенеуніктерді қорлау туралы істерді жария ету немесе тарату туралы; темір жолдарда болған жазатайым оқиғалар туралы, поездар жүргізушілерінің және поездардың жолдарын; заңда 600 т. асатын жаза салынған теріс қылықтар мен қылмыстар туралы немесе 2000 т. асатын зиян мен залал үшін сыйақы беру туралы азаматтық талаппен қатар; заң бойынша теріс қылықтар үшін жаза қолданылатын барлық істер сауда немесе кәсіп жасауға тыйым салуға немесе сауда немесе өнеркәсіп мекемесін жабумен байланысты".

Омбы сот палатасының округтік соттар ведомствосына жалпы қылмыстық заңдар бойынша түрмеге қамаудан асатын жаза қолданылған, барлық ерекше, жеке өзіне және берілген құқықтар мен

артықшылықтардың жай-күйі бойынша айырып, осындай қылмыстар мен теріс қылықтар жасаған жер аударылған және жер аударылған қоныстанушылар туралы барлық істер жатады.

Атап өткендей, округтік соттар әлемдік судьялар съезінің міндеттерін орындады. Онда түбегейлі емес шешімдерге шағымдар, оларды жою туралы өтініштер, сондай-ақ әлемдік судьялардың өкімдеріне жеке шағымдар қаралды. Үкімнің күші жойылған жағдайда іс оны шығарған әлемдік судьяға немесе егер сот қажет деп санаса, басқа әлемдік судьяға Жаңа қарау үшін қайтарылды. [2, 36 б.]

Омбы сот палатасының округінде Ресейдің еуропалық губернияларынан келген әріптестерімен салыстырғанда әлемдік Судьялардың құзыреттілігі мен құзыреттілігі айтарлықтай кеңейтілді. Бұл, ең алдымен, халықтың тығыздығының төмендігі және қатынас жолдарының әлсіз дамуымен түсіндіріледі. Осылайша, Батыс Сібірдің әлемдік судьясы (Кавказ өлкесіне ұқсас) бойынша: жеке міндеттемелер мен шарттар бойынша 2000 руб. дейін, қозғалыстар мен жылжымайтын мүлік туралы 2000 руб. артық емес баға бойынша; залал мен шығындар үшін сыйақы туралы, егер олардың мөлшері 2000 руб. артық болмаса; жеке реніштер мен қорлау туралы талап-арыздар сотталады.; бұзылған кезден бастап бір жылдан аспайтын уақыт өткен жағдайда қалалық және ауылдық сервитуттар туралы; кез келген сомаға талап-арыздар бойынша дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы өтініштер. [3].

Омбы сот палатасы қызметкерлерінің білім деңгейі сапалы болатын. Жоғарғы оқу орнын 1-дәрежелі дипломмен бітіргендерге X-сыныптық шен, 2- дәрежелі дипломмен бітіргендерге XII-сыныптық шен, магистрлерге IX-сыныптық шен, докторларға VIII-сыныптық шен берілетін. М.А. Бтикееваның есептеуінше Омбы Сот Палатасындағы қызметкерлердің 7-і Императорлық Санкт-Петербург университетін, 3-і Мәскеу университетін, 4-і Новороссиский және Томск университетін, 1-і Юревский, 1-і Қазан, 1-і Дерптский университетін бітіргендер. Қарап отырсақ Сібірдегі жүргізілген реформаның арқасында жоғары білімді сот қызметкерлерінің саны арта түскен. Міне осылардың қатарында оқуды енді ғана 1-дәрежелі дипломмен бітірген А.Тұрлыбаев та болды. Көкшетау өңірінің тумасы ол 1877 жылы өмірге келген. 1897 жылы Омбы гимназиясын, 1902 жылы Санкт-Петербург Университетінің заң факультетін бітірді.

Омбы облыстық тарихи мұрағатындағы Айдархан Тұрлыбаевтың жеке ісінде: «1902 жылдың 8 шілдесіндегі Омбы Сот Палатасы аға төрағасының № 27 қаулысымен Омбы Сот Палатасы сот қызметіне кіші үміткер қызметіне қабылданады». Кейін ол 1903 жылдың 1 сәуірінде «аға төрағаның бұйрығымен азаматтық іс-бойынша Хатшы көмекшісі қызметіне ауыстырылып, іс-сапарға жіберіледі». Жұмыс істеп жүрген жас маман пәтерде бірге тұрған досы Ж.Ақбаевпен байланысын үзген жоқ. Мәселен, өзінен бір курс төмен оқыған Ж.Ақбаев оқуын бітіретін кезде Омбы Сот Палатасында қызмет жасайтын досы А.Тұрлыбаевпен хат жазысқан (Қосымша II). Келмей жатып, білім дәрежесін көрсету мақсатында 1904 жылы 23 ақпанда өз өтінішімен Омбы Сот Палатасының ерекше комиссиясы сынағынан өтеді. Соның нәтижесі болса керек 1904 жылдың 21 тамызында азаматтық ведомствосының № 64 бұйрығымен А.Тұрлыбаевқа Колледж хатшысы шені беріледі. Осы жылдың 1 желтоқсанынан өз өтініші бойынша азаматтық іс департаменті палатасындағы хатшы көмекшісі қызметінен босатылып, Тобыл Аймақтық сотының төрағасы қарамағына жіберіледі. Жас маман қызмет жасаған соттық мекеме жұмысының сапалық бағасын сандық көрсеткіш арқылы беруге болады. [4]. Мысалы Омбы Сот Палатасына келіп түскен істердің саны жыл сайын артып отырды. Сондықтан да Азаматтық департамент палатасы төраға мен екі мүшесінен тұрса, қылмыстық департаментінің аға төраға басқарған төрт мүшесі жағдайға байланысты бірігіп жұмыс істеді. Көшпелі сессия кезінде департамент мүшелерінің бірі ауырып қалған жағдайда қиындықтар туатын. Сессия уақытында қылмыстық департаменттің құрамы азаматтық департамент мүшелерімен толықтырылып отырды. Бұл олардың өз жұмыстарына да кері әсерін тигізіп жатты. Мұндай жағдайларда заң бойынша округтік сот мүшелерін немесе құрметті бітістіруші соттарды қатыстырды.

Біз зерттеп жатқан тұлғамыздың қызметтегі өсу жолын оның қажырлы еңбегінің арқасында деп тұжырым жасауға болады. Тобыл Аймақтық сотының жалпы жиналысының шешімімен 1906 жылы 9 желтоқсанда А.Тұрлыбаев Мемлекеттік Думаға сайлау ісі бойынша Ишим уезінің төрағасы болып іссапарға шығады. Осы кезеңде А.Тұрлыбаев мемлекеттік маңызы бар саяси істі жауапкершілікпен атқара алатын сенімді мемлекеттік қызметкер ретінде көріне білді. Дерек көздеріндегі дәйектемелерге сүйенсек, қазақтан шыққан қызметкерлер арасында мұндай зор сенімге ие болғандардың саны аз болған.

1910 жылы А.Тұрлыбаев Есіл уезінде ант-берген заседатель міндетін атқарды. Сот істеріндегі жаңа жүйе бойынша ант-берген заседательдердің деңгейі жоғарылады. Ант-берген заседательдер сотталушының кінәлі немесе кінәсіздігін анықтады. Ал, жазаның шегін судьялар анықтады. Ант-берген заседательдер мемлекеттік бақылаудың шартына сай саяси сенімді болуға тиіс. Олардың тізімін жергілікті басқарушылар жасады. А.Тұрлыбаев ант-берген заседательдер қызметіне үміткер бола тұра өзінің білікті заңгер бола алатынына және таңдаған жолының дұрыс екендігіне деген сенімін жоғалтқан жоқ. Барлық мінездемелік сипаты бойынша ол ұсынылған қызметке лайық болды. Сот 69 туралы Заңға сәйкес ант-берген заседательге үміткер Тобыл немесе Томск губерниясының тұрғынының жеке иелігінде 20 десятина жері болуы керек. А.Тұрлыбаев бұл талапқа да сай келді. Ақмола және Семей облыстары бойынша христиандар емес ант-берген заседательдердің саны 25 пайыздан аспауы керек-ті. А.Тұрлыбаев орыс пен өзге ұлттардың саны көп Сібір жерінде еңбегімен зор табыстарға жеткендіктен, оған лауазымдық өсуге жол ашылды. Статистикалық мәлімдемелер бойынша сол кезде Есіл уезіндегі ант-берген заседательге лайық адамдардың саны 1179-ға

жеткен екен. Бұл көрсеткіш губерния басшылығының уездегі ант-берген заседательдер сотының ашылуындағы ерекшелігін арттыра түсті.[5].

А. Тұрлыбаев жұмыс орнын босатқаннан кейін оның орнына Омбы сот палатасы азаматтық департаментінің хатшысын ретінде Жақып Ақбаевті тағайындайды. Ақбаев Омбы басшылығымен жақсы сипатталды сот палатасының Жас маман ретінде, 1904 жылы ол ерекшеленді Заңтану мен тамаша білім сияқты қасиеттер 148 қызмет бабында. Осы кезеңде ол кіші қызмет атқарды судьяға кандидат болған жоқ және ерекшелік белгілері болған жоқ. Мазмұнына сәйкес жеке іс, Ақбаев қаржылық қамтамасыз етілмеген. Ол тұрды кезінде кеңсе қылмыстық департаментінің Ақбаев Семей қаласының тумасы болды облысы. Оған аумақтық жағынан Ақмола жақын болғаны тән аумағында Омбы сот палатасы орналасқан облыс. Әлбетте, Ақбаев иерархиялық өсудің одан әрі болашағы жоқ. тиісті құрылымға сәйкес. Шамасы, тиісті фактор оның шешімін таңдауда басым болды. Бір қызығы, Ақмола облысының кіші кандидат Ақбаев жұмыс істеу кезеңінде жұмыс істеуге тұрғылықты жері бойынша Қарқаралы қылмыстық бөлімшесінде Семей қаласының юрисдикциясындағы Берқара болысының округтік сотының болды.[6].

Сібірде Раимжан Мәрсеков мансабы өтті. Ол 1877жылы дүниеге келді. Жұмыс басында айырмашылық белгілері болған жоқ.1902 жылы Мәрсеков сот қызметіне кіші кандидат болып Семей округтік сотында қызмет етті. Олкіші кандидат міндеттерін орындады . 1902 жылдың қарашасында ол, өтініш бойынша"үй жағдайы" деген себеппен отставкаға кетті. 1903 жылыМәрсековСемей округіндегі алқабилердің көмекшісі қызметіне қайта орналасты.

Мүмкін, Мәрсековтың жұмыс қабілеттілігі жоғары болды. Ресей империяның шығыс аудандарында кадрлардың өткір тапшылығы сақталды.Жақын учаскелерге ұзақ мерзімге мамандар жиіжолданған ұзаққа созылатын іссапар болды. Сәйкес қолданыстағықызмет бойынша жоғарылату ережелеріне, әдетте,жоғары білімі бар. Сондықтан 1904 жылы аға Төрағаның бұйрығымен Раймжан Мәрсеков Омбылық сот палатасының кіші кандидатын болып анықталды.1904 жылдың қараша айында МәрсековОмбы уезінің 1 учаскесінің әлемдік судьясына іс жүргізумен танысу мақсатымен іс сапарға жберілді.[7].

Кейіннен ол барлық жас мамандар сияқты сынақтан өттіОмбы сот палатасы жанындағы . Сынауан кейіноған сот қызметіне аға кандидат атағы берілді. КезіндеОмбы сот палатасына алқабиге сенім білдіруші лауазымында жалғастыСанкт-Петербург университетінің түлегі Раимбек мансабы Мәрсекович Мәрсеков. Оның тұрғылықты жері Петропавл болды.Туған Семей өлкесінен тыс жерде тұрған Мәрсеков Ақмола облысындағы мансабы Петропавлдан айырмашылығыОмбыға географиялық жақын болды.

1905 жылдың ақпанында Мәрсеков Омбы сот палатасының басшылықтың бұйрығымен Омбы округтік соты төрағасының өкіміне өтті. Сонда болған жиналыс 150білікті тәжірибелі судьялардан тұрды. Осы алқалы органның шешіміМәрсеков құзыретінің сапасын куәландырады. Жас ұрпаққа деген сенімзаңгерге палата басшысының жеке көзайымы емес,кеңестің шешімімен бекітіледі. Омбы округтік сотының жалпы жиналысының ұйғарымымен оғанПетропавл уезінің 3-ші учаскесін құру тапсырылды.

Осылайша, шені және ерекшелік белгілері жоқ Райымжан Мәрсековқызметтік жұмысының болмашы 4 жылдық жұмыс барысында алқаби дәрежесіне жетті. Қазақ заңгерлерінің тобында Мәрсековекінші," Орынбор " командасынан кейін Кучуков тергеушінің міндетін атқарды.Бұл ерекшелік қаржылық мәртебеде жақсы көрінді. Оның жылдық мазмұны 2500 рубль болды. Жалақы көлемі 1800 рубльге, асхана - 500 рубльге, пәтер 300-ге жеттірубль, кеңсе-500 рубль, ерекше-200 рубль.[8].

Қорытындылай келе1917 жылы Ақпан төңкерісіне дейін Омбы Сот Палатасында А.Тұрлыбаев, Р.Мәрсеков, Ж.Ақбаевтар кәсіби қызметінде жетістікке жетті. Бұлар Қазақ ұлтынан шыққан білімді де, білікті заңгерлердің бірі еді. Ақмола облысының орталығы Омбы қаласының әртүрлі мекемелерінде кәсіби қызметпен айналысқан қазақ оқығандары мен жастар 1917 жылдың көктемінен бастап ел үшін саясат майданына шығады. Сонымен Омбы Сот Палатасындағы Тобыл, Томск және Омск округтік соттарындағы құқықтық қызметіне зерттеліп, қазақ қызметкерлері заңгер маман ретіндегі құқықтық саласындағы кәсіби қызметінің қырлары көрсетілді.

А.Тұрлыбаев, Р.Мәрсеков, Ж.Ақбаевтар жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін елге қызмет жасау үшін Омбы қаласына келеді. Бұл уақыттарда империяның жүргізген құқықтық реформасы нәтижесінде Ресейдің орталық бөлігіне қарағанда Батыс Сібірде дипломы бар заңгерлер жетіспейтін. Олар алғашқы еңбек жолын Омбы Сот Палатасында бірінші дәрежелі дипломмен сот қызметіне кіші үміткер дәрежесінен бастайды. А.Тұрлыбаев 1903 жылы азаматтық іс департаментінде хатшының көмекшілігіне ауысады. Сот Палатасының ерекше комиссия сынағынан өтеді. Асқан білімі, іскерлік қасиеті және жоғары дәрежелі кәсібилігі арқасында А.Тұрлыбаев жоғары мансапқа қол жеткізе бастайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бтикеева М.А. Реформирования судебных установлений Западной Сибири и их деятельность в конце XIX-начале XX вв. (По материалам округа 139 Омской судебной палаты): дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.01. – Омск, 2002. – 220 с.
2. Астахов А.В. Судебные институты Омского судебного округа в конце XIX-начале XX вв.: структура, состав и функционирование: дис. ...канд. юрид. наук: 12.00.01. – Омск, 2009. – 239 с.

3. Чечелев С.В. Судебная реформа в Сибири во второй половине XIX начале XX вв.: дис. ...канд. юрид. наук: 12.00.01. – Омск, 2001. – 208 с.
4. Омбы ОТМ. 10 – к., 1 – т., 1338 – іс.
5. Омбы ОТМ. 10 – к., 1 – т., 283 а., 271 – іс.
6. Омбы ОТМ. 10 – к., 1 – т., 570 – іс.
7. Омбы ОТМ. 10 – к., 1 – т., 571 – іс.
8. Айтмухамбетов А.А. Казахские служащие Российской империи: формирование, профессиональная и общественно-политическая деятельность в XIX вв. (исторический аспект): дис. ... докт. истор. наук: 07.00.02. – Семей, 2010. – 346 с.
9. Ақтаев С. Алаш көсемдерінің бірі Айдархан Тұрлыбаев туралы // Ақиқат. – 2005. – № 8. – Б.77-82
10. Дулатбеков Н. Алаш ардақтылары: Санкт-Петербург іздері. – Таймас, 2013. – 240 б.
11. Дулатова Г.М. Алаштың сөнбес жұлдыздары: естелік-эссе. – Алматы: Мектеп, 2012. – 392 б.
12. Кемеңгер Қ. Айдархан Тұрлыбайұлы // Абай. – 2015. – № 1. – Б.64-69
13. Төлепберген Б. Мәңгі жас – Алаш идеясы: публицистикалық зерттеулер мен мақалалар / Б. Төлепберген. – Алматы: Алматы баспа үйі, 2008. – 304 б.
14. Төлеубаева А. Айдархан Тұрлыбаев жайында не білеміз? // Семей таңы. – 2017. – 7 ақпан. – Б.3
15. Тұрлыбаев Айдархан // Алаш қозғалысы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Сардар» баспасы, 2014. – Б.399-400.
16. Тұрлыбаев Айдархан // Алаш. Алашорда: энциклопедия / құраст.



ӘОЖ 94(517)

XV–XVIII ТҮРКІ-МОҢҒОЛ МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕГІ ДІНИ ФАКТОРДЫҢ БИЛІК ЗАҢДАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

**Түменбай Ысмағолла Нұрланұлы, Мұса Жібек
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті**

Аңдатпа. Мақала «Дала империялары» – Ирандағы Ильхандар мемлекеті, Шағатай ұлысы, Алтын Орда ыдырағаннан кейін пайда болған ортағасырлардағы бірнеше түркі-моңғол мемлекеттеріндегі билікті заңдастырудың жаңа факторларын талдауға арналған. Ұзақ уақыт бойы билік құқығын шығу тегі бойынша заңдастырып келген Шыңғыс ұрпақтарының саяси беделінің түсуі ендігі кезекте діни факторға сүйенген жаңа қарсыластарды әкелді. Сәйкесінше, билікті сақтау мақсатында түркі мемлекеттеріндегі Шыңғыс ұрпақтарының билеушілері исламның діни тұлғаларынан қолдау табуға тырысты.

Түйін сөздер: Моңғол империясы, Алтын Орда, билікті заңдастыру, дала империялары, дін мен билік, ислам, буддизм.

Ұлы Яса заңын мемлекеттің құқықтық негізі жасаған Шыңғыс ұрпақтарының империялық типтегі мемлекеттерінің XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында құлдырауы моңғолдардың (Юань әулетінің) Қытайдан қуылуы, Ирандағы Елхан мемлекетінің құлауы, Алтын Орда мен Шағатай ұлысындағы көпжылдық қиыншылықтарынан көрініс тапты.

Осылайша, Яса ережелеріне сәйкес билікке келудің жалғыз жолы ретінде қарастырылған тектік фактор түркі-моңғол мемлекеттеріндегі жаңа әлеуметтік-саяси қатынастарда өзектілігін төмендеті бастады. Нәтижесінде бұрынғы Моңғол империясы территориясындағы мемлекеттердің тағына Шыңғыс ұрпақтары ғана емес, өзге рулардың беделді өкілдері де ие бола бастады. Алтын Орда тарихында 1359-1379 жылдардағы «Ұлы дүрбелен» кезеңінде бірнеше аймақтық билеушілер өздерін орталықтанған биліктен тәуелсіз екенін көрсеткені белгілі. Атап айтсақ, ноғай билері – Едіге ұрпақтары, Сібірдегі Тайбұғалықтар, Шағатай ұлысында Тимуридтер, Қашқарда Дулаттар, т.б. дербес билеушілер болды.

Шыңғыс ұрпақтары өздерінің шығу тегіне байланысты билікке заңды үміткер ретінде саналғанымен, саяси ықпалы азайды. Саяси топтар осындай жағдайда аймақтағы исламның кең көлемде таралу факторын билікті заңдастыру жолында пайдаланғысы келді.

Біздің көзқарасымызша, аталған кезеңде билік легитимділігін арттыруда негізгі үш діни факторды қарастыруға болады.

Олардың біріншісі – билік кезеңінде және мемлекеттік маңызды шешім қабылдайтын уақытта діни нормалар мен рухани көсемдерге жүгіну. Алтын Орда мен бұрынғы Моңғол империясы аймақтарында орталық биліктің әлсіреген тұсында бұл фактордың маңыздылығы артты. Түркі-моңғол билеушілерінің діни

көсемдермен серіктестік орнатуы ислам кең таралған аймақтардағы халықтардың қолдауына ие болуға мүмкіндік тудырды.

Осыған сәйкес, Өзбек ханның Алтын Орданың әкімшілік жүйесі мен сот, дипломатия және басқа да мемлекеттік істерге мұсылман институттарын белсенді түрде араластыру әрекеттері өте қисынды болып көрінеді.

Өзбек хан империялық мемлекеттілік дағдарысы тұсында діни көсемдермен байланыс жасау арқылы мұсылмандар басым аймақтардың қолдауына ие болып, өзінің билігін нығайта алды. Сәйкесінше, Өзбек ханның жанына рухани таптың ықпалды өкілдері – сейіттер, шерифтер, имамдар, қазылар және т.б. топтасты. Алайда, Өзбек ханның билігі қуатты болуының нәтижесінде көп жағдайда діни көсемдердің ойлары ханның саяси шешімдерімен үндесіп отырды. Өзбек ханнан кейін билікке келген хандар іс жүзінде діни көсемдерге жүгінуге мәжбүр болды. Жаңа әлеуметтік-саяси жағдайда олардың қолдауынсыз билік шешімдерін жүзеге асыру екіталай еді.

Мысалы, ханды сайлау үшін өтілетін дәстүрлі құрылтай рәсіміне хан әулетінің мүшелері, кеңесшілер мен әскербасылар ғана емес, діни көсемдер де қатысты. Одан бөлек, Қазақ, Қазан, Қасым хандықтарында Құранмен ант ету мысалы жиі кездеседі [1].

Бұдан ары хандар мен билеушілер сейіттермен және діни көсемдердің басқа да беделді өкілдерімен үнемі кеңесіп, шешімдердің орындалу тиімділігін қамтамасыз етуге тырысты. Постордалық мемлекеттерде ханның қабылдаған шешімдерін діни тұрғыда пәтуалармен заңдастыру фактілері кездескендігі белгісіз болғанымен, Орталық Азиялық мемлекеттерде бұл дәстүр кең таралғаны мәлім. Тіпті Бұхар хандығының негізін қалаушы Мұхаммед Шайбани қуатты, ықпалды болғанына қарамастан, ол саяси шешімдерін пәтуалармен заңдастырды. Хан шешімдерінің легитимділігін арттыруға бағытталған бұндай әрекеттер ұзақ уақыт ислам дінінің ықпалында болған Қазан, Қырым, Қасым хандықтарында қолданылу мүмкіндігі жоғары. Қазақстанда Мұхаммед пайғамбардың алғашқы халифтері, серіктері мен ұрпақтары «ақсүйек» атты әлеуметтік топқа кірді. Қожалар алғаш рет бұл мәртебеге ие болған Шыңғыс ұрпақтарынан емес еді [2]. Аталған әлеуметтік топқа жоғары құрмет көрсетіліп, айрықша құқықтық басымдықтар берілді. Қожалар халық арасында дінді уағыздау, неке қию, жаназа шығару және т.б. рәсімдерді атқарып отырды.

Рухани көсемдердің беделін өз мақсатына қолдану Алтын Ордада ғана емес, өзге де бұрынғы Моңғол империясының ұлыстарында жүзеге асты. Сейіт Берекенің Әмір Темірдің жақын кеңесшісі болуы бұған айқын мысал бола алады. Орталық Азия мемлекеттерінде билеуші өзін рухани көсемнің мүрид ретінде жариялау дәстүрі кең таралған. Мұхаммед Шайбани Мұстафа Хитай және Яссауи тариқатының жалғастырушылары Жамаладдин Азизан, Шейх Худайдат Уәли мен Мансұрдың шәкірті болған. Бірде Мұхаммед Шайбани ұстазына келген сәтінде Мансұр оған: «Мен саған қарап, сенің мемлекет билеушісі болуды аңсайтыныңды аңғарып тұрмын!». Одан кейін ас әкелуін бұйырды. Тамақтанып болғаннан кейін дастарқан жинала бергенде Мансұр шәкірті Шайбаниға: «Дастарқан шетінен жиналғандай, сен де мемлекетті шетінен баста» деген екен. Шайбани ұстазының кеңесін қаперге ала отырып, ақырында Темір мемлекетін жаулап алады [5].

Алтын Ордада Өзбек ханның тұсынан бастап діни тұлғалар шет мемлекеттерге дипломатиялық құраммен бірге жіберіле бастады. Бұл көп жағдайда олардың мемлекет ішіндегі беделі үшін ғана емес, сарайдағы басқа қызметкерлермен салыстырғанда әлдеқайда сауатты болуымен байланысты.

Мемлекет билеушілері өз билігін заңдастыруда осындай діни фактор арқылы жүзеге асырылуы тек мұсылман мемлекеттеріне тән құбылыс емес. XVII–XVIII ғасырлары ойрат билеушілері Тибеттің басты діни тұлғасы Далай-ламадан хандық титулды заңдастыру арқылы өз билігінің легитимділігін арттырған мысалдар жеткілікті. Билеушілер Шыңғыс ұрпағы болмаса да Далай-ламаның қолдауының нәтижесінде билігін орнықтыра алды [6].

Постордалық мемлекеттердегі биліктің легитимділігін арттырудағы екінші фактор – мұсылман дінбасыларының беделді өкілдері, әсіресе, сейіттер мен кожалармен құдандалы болу. Бастапқыда аталған фактор Шыңғыс ханның тегінен шықпаған рулар үшін өзекті болды. Мәуереннахр билеушісі болған Әмір Темір тимуридтік тарихнамада Мұхаммед пайғамбардың немере інісі Әлидің ұрпағы екендігі жазылады. Дала аңыздарында Алтын Орда саясатының ықпалды тұлғасы Едіге қасиетті Баба түкті Шашты Өзіздің ұрпағы екендігі айтылады. Осындай дінге негізделген туыстық қатынас жоғарғы билік құқығына мүмкіндік берді.

Тағы биліктің легитимділігін арттырудағы негізгі діни факторлардың бірі – билеушілер қабылдаған шешімдері мен істерін діни тұрғыда ақтап алуы. Яғни, діни көсемдердің мақұлдауына ие болып, ислам догмаларын негізге ала отырып кез-келген әрекетті жасауға мүмкіндік туындады.

Құран аяттарындағы «Сен қалаған адамға билік бересің, қалаған адамнан билікті тартып аласың» атты жолдары дінді саяси мақсатқа қолдануға тырысатын билеушілерге таптырмас құрал деп айтуға негіз бар [3].

Түркі-моңғол билеушілері дін қызметкерлері мен мекемелерге қаржылық қолдау білдіріп қана қоймай, қасиетті соғыстар (ғазуат) жүргізіп, өздерін ислам әлемінің қорғаушысы бейнесін қалыптастыруға тырысты. Сонымен қатар, діни көсемдер мақұлдаған жағдайда ғазуат соғыстары мұсылман мемлекеттеріне де қарсы бағытталды. Тарихта осы тәсілмен Әмір Темірдің Осман империясының сұлтаны Баязид пен Дели аймағындағы мұсылман сұлтандарына, Мұхаммед Шайбанидің қазақтарға жорық жасағаны мәлім. XVII ғасырдың соңында




Жоңғар қонтайшысы Қалдан да қазақтарға қарсы күресті буддизмді тарату және қазақтарды исламнан бас тартқызу сипатындағы сылтаумен жүргізді.

XV–XVIII ғасырларда бұрынғы Моңғол империясының аймақтарында орын алған аталған оқиғаларды саралай келе, ендігі кезекте биліктің легитимділігін арттыруда «чингизидтік» негізден қарағанда діни фактордың ықпалы артқанын байқаймыз. Осылайша, алғашқыда Шыңғыс ұрпақтарының саяси қарсыластары аталған тәсілді рулық негізге қарсы қоюда қолданды деген қорытынды жасауға болады. Алайда, уақыт өте келе Шыңғыс ұрпақтары да діни факторды бұрынғы Моңғол империясы кеңістігінде тиімді қолданудың нәтижесінде XVIII–XIX ғасырларға дейін өз билігін сақтай алды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. - Алматы: Дайк-Пресс, 2001. - 278 с.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. - Алматы: Рауан, 1992. - 423 с.
3. Коран / Пер. И.Ю. Крачковского. Москва, 1991. С. 39. Сура 3, стих 25/26.
4. Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи (XVII-XVIII вв.). Алма-Ата: Гылым, 1991. - 238 с.
5. Султанов Т.И. Чингиз-хан и Чингизиды. Судьба и власть. - Москва: АСТ МОСКВА, 2006. - 448 с.
6. Пагсам Джонсан. История и хронология Тибета. - Новосибирск: Наука, 1991. - 265 с.



ӘОЖ 950(574.54)

АҚМЕШІТ БЕКІНІСІНІҢ ПЕРОВСК АТАНУЫ

**Рамазан Г.Ж. – педагогика ғылымдарының магистранты – тарих бағыты бойынша
Қорқыт ата таныдағы Қызылорда университеті**

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасыр Сыр даласында күрделі әскери-саяси оқиғалар, Хиуа мен Қоқан хандықтары өздерінің ықпал ететін аймақтарын кеңейту үшін жасаған жорықтары, сол кезеңдегі өлкенің басты шаһары мен ірі бекінісіне айналған Ақмешіттің талас-тартыспен Перовск атануының негізгі саяси себептері мен әскери көрінісі, патшалық Ресейдің Қоқан бекінісі Ақмешітті алуының басты мақсаты сипатталған. Сондай-ақ орыс әдебиеттеріннен Орынбор генерал губернаторы Перовскийдің Ақмешітті жаулау барысы туралы жазылған деректер мен хаттар баяндалған.

Түйінді сөздер: Ақмешіт бекінісі, Қоқан, камал, Перовский, жорық, форт, әскерлер

Іргесі осыдан II ғасыр бұрын қаланған Қызылорда тарихы мен оның айналасындағы оқиғалар Отандық тарих ғылымында аймақ тарихын зерттеуде бүгінге дейін өзектілігін жоғалтқан емес. Әсіресе, Қоқан билеушісі қалаған Ақмешіттің Перовск атану тұсындағы оқиғалар Қызылорда тарихының күрделі кезеңдерінің біріне жатады. Осы кезеңде Сыр бойы халықтарына Қоқан, Хиуа және Ресей патшалығынан үш жақты қысым болды. Соның бірі Ресей империясы тарапынан XIX ғасырдың II жартысында Қазақстан мен Орта Азияны жаулаудың түрлі жоспарларын құруы. Өйткені осы өңірлерді толық басып алу арқылы патша өкіметі Сыр өзені мен Ақмешіт Орта Азиямен саяси және сауда қарым-қатынасын жандандыра алатынын, сондай-ақ стратегиялық жағынан маңызы бар жоспарларын жүзеге асыра алатын жақсы түсінді. Әсіресе, осы уақытта В.А. Перовский өз жобасында Патша өкіметіне Ақмешіт бекінісіне зор мән беріліп, оның маңыздылығын көрсетті. Бұл жаулаушылық әрекеттің бастауы Сыр бойына билік етіп отырған Хиуа, Қоқан хандықтарына өз ықпалын тигізді. Осы орайда Қоқан, Хиуа хандықтарымен Ресей империясы қызығушылық танытқан Ақмешіт бекінісіне аз-кем тоқталып өтелік.

XIX ғасырда Қоқан хандығы өзінің иелігіндегі жер көлемін кеңейті. Сыр өзені бойымен Арал теңізіне дейін бекіністер салды. Дарияның оң жағалауындағы Қармақшыға дейінгі жерлер қоқандықтарға қарады. Олар мұнда Жаңақорған, Желек, Шымқорған, Қосқорған, Күмісқорған, Бөрібай бекіністерін орнатты. Солардың ішіндегі ең берігі Ақмешіт қамалы болды [1,86 б.]. Ақмешіттің орнаған жылы жөнінде әр түрлі пікірлер бар. А.И.Макшеев: «Қоқандықтар Түркістанды жаулап алғаннан кейін, яғни 1814 жылдан кейін, олардың бастысы Ақмешіт шамамен 1817 жылы салынып, бір жылдан соң өзеннің келесі – оң жақ жағалауына ауыстырылды», [2,103 б.] - деп жазады.

Ақмешітке дейінгі ауызша деректер бойынша «Қамыс қала» елді мекені XIX ғасырдың бас кезінде Қоқан бодамдығында болған. Қоқан билігі тұсында Ислам діні өкілдерінің ықпалы күшейе түсті. Қабілетті, икемді балаларды Самарханд пен Бұхарадағы діни оқу орындарына жіберіліп тұрды. Олар мешіттер ашылуына қолдау көрсетіп отырды. «Қамысты қала» елді пунктінде де бектердің тарапынан зәулім ақ мешіт салынды. Көп ұзамай қала «Ақмешіт» атанды.

Бұдан шығатыны «Ақмешіт» әрі қорған, әрі жұрт сыйынатын орын болған. Автор М.Қ.Керектің «Қызылорда» атты кітабында «Қоқан қорғаны (қамалы) «Ақмешітті» жергілікті ауылдардағы 10 мыңнан астам қазақтар тұрғызған»[3,31 б.] деген дерек келтірген.

Қамалдың архитектуралық кескіндемесі үстінен қарағанда қабарғалары тең төртбұрыштарға да ұқсайтын. Қабырғалар түйіскен бұрыштарға 8 мұнара соғылған. Бұл мұнаралардың әр бұрышына және әр сыртқы беттің ортасында зеңбіректер орналастырған. Қамалы айнала су жүретін терең айналма ор қазылған. Бекіністің ішінде 2 мешіт, 50-ге жуық балшықтан салынған үйлер болған[4, 36 б.].

Қамал аймақты басқару орталығы ғана емес, бейбіт халықты қанау орталығы қызметін де атқарды. Бұған қоса зекет, харадж түрінде қазақтардан жинақталған көп мөлшердегі алым-салықтар да қамал-қорғандарда жиналды.

Қоқандықтар бұл аймаққа жарты ғасыр бойы өз әмірлігін жүргізіп отырды. Көршілес қазақтарға жиі қысым жасаған қоқандықтар Сыр бойында, тіпті батысқа қарай жайласқан рулардың мал-жайын тонап, алым-салық жинастырып отырды. Бұл туралы Қызылорда қаласының 100 жылдығына арналған «Алаштың Ақмешіті» атты кітапта «Қызылорда аймағын мекендеген қазақтар ол кезеңде алым-салықты айтылған ортаазиялық хандықтарға төлеп отырды. Мысалы, әрбір сырдария қазағының отбасы қоқандықтарға жылына 6 қой, 24 қап көмір, 4 өгіз арта сексеуіл, 100 бау қамыс салық, егерде ол егінші отбасы болса жылдық егін түсімінің үштен бір бөлігін алым ретінде беруге міндетті болған. Апта сайын әрбір қазақ отбасы қоқандықтардың бау-бақша мен егін егу және жинау жұмыстарына көмектесу, қамалдарының құлаған жерлерін қалпына келтіру, т.б. жұмыстар атқару үшін өз құрал-сайманы мен көлігі бар 1 адамын қоқандықтардың құрамына жіберіп отыруға міндеттелді.....Соғыс қаупі туған кезде әрбір қазақ өз қаруы және көлігімен қоқан сарбазының сапында тұруға тиіс болды. Діндес жұртын еркінше қорлаған олар қазақтың малын ғана емес, жанын да талауға салды» деген деректер келтіреді [5, 28-29 б.].

XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. басында Хиуа хандығы қазақ жеріне жиі шабуылдар жасап тұрды. Сыр бойы қазақтары Хиуа хандығын танығы келмеді. Алым-салық төлеуден бастартып отырды. Өйткені, өздерін Ресей патшалығының қоластындамыз деп ойлады. Сырдария қазақтарының (Кіші Орданың шығыс бөлігі) 1851 жылы өткен халық құрылтайы Ресейге қосылу туралы шешім шығарады [4,12 б.].

Сыр қазақтары мен Қоқан, Хиуа хандықтарының арасындағы қарама-қайшылықтардың шиеленісуі Ресей империясының Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алу үшін жасаған жорықтарымен тікелей байланысты. Ресей тарапынан алғашқы В.А. Перовский бастаған жорық 1839 жылы қарашада жарияланды. Бірақ бұл жорық сәтсіз болып, Перовский 1840 жылдың маусымында Орынборға оралды. Орыстардың Сыр өлкесіне ене бастауымен Хиуа хандығы да орыстармен тайталаса жергілікті халыққа жасаған қысымын одан әрі күшейтті.

Перовский 1853 жылы Ақмешітке жарықты қайта бастады. Жорық туралы мынадай мәліметтер келтіруге болады: Ақмешіт түбіндегі орыс әскерінің құрамында:

- а) 4-ші Орынборлық линиялық батальонның 3 жаяу ротасы, №2 фортта қалғандарын қоспағанда 14 офицер мен 794 төменгі шен;
- б) 8 казак жүздігі: 10 офицер мен 794 төменгі шенділер бар, оралдықтар құрамында 7 офицер мен 318 төменгі шенділер бар 3 жүздік башқұрлық;
- в) артиллерияның әртүрлі калибрлі 17 зеңбірегі бар, оның біразы 17-ші Орынбордан әкелінген казактың атты батареясы;
- г) саперлі команда – 1 офицер, 20 төменгі шенділер;
- д) ракеталық 1 офицер және 11 төменгі шенділер [6,139 б.] болған.

В.А. Перовскийдің Ақмешітке жорығы туралы А.Я. Булгаковқа жазған 29 хаттың 7 хаты баяндалған. Мысалы, 1853 жылдың 28 сәуірде жазған 16-хаттында «Кемдегенде екі аптадан соң Орынбордан Сыр-Дарияға аттанамын, аталған өзеннің бойын жағалай ағысқа қарсы жоғары қарай жүруімнің мақсаты бірнеше жылдардан бері біздің байғұс қырғыздарымызға (қазақтарға – А.Ә.) тыным бермей барымта жасап, қамал тұрғызып жатқан қоқандықтардың әрекеттеріне тыйып салып, жазалау. Міне, Сізге айтатын шын сөзім, барлық іс барысы осы.» деген мәліметтер қалдырса, ал 1853 жылдың 12-мамырда жазылған 17-хатында «Ертең емес, арғы күні жолға шығамын. Отряд пен арбалы керуен әлдеқашан жорықта. Мен өзім тоқтаусыз жүріп отырсам, 20 күннің ішінде Сыр-Дария сағасына жетемін, күніне 50-ден 60 шақырымға дейін жүріп отырсам ба деген ойым бар. Шойын жолмен салыстырғанда бұл, әрине, шаян жылжыс, тағы бір есіңізге салар жай бұл сапарда лау ат кездеспейді, тек бір атпен ғана жүруімен тура келеді, жорық қиындығына төзу деген осы» [7, 116] деп жазылған.

Хатта сипатталғандай Орыс әскерлері үлкен қиындықпен 1853 жылдың 5 шілдесінде Ақмешіт бекінісіне жетті. Олардың жорығы кезінде Арал теңізінен бастап Сырдария өзенімен шағын пароход қатар жүзіп отырды. Генералдың ұрыссыз берілу жайлы жасаған ұсынысына қорған ішіндегілер оқпен жауап қайтарды. Содан соң орыстар қамалды жан-жағынан қоршауға алып, шабуылға дайындала бастайды.

«Небәрі 3 құдық, 2 мешіт-медресе және 50-ге жуық үй бар. Қабырғаларға 3 шағын зеңбірек орналастырылған, шабуылды тойтаруға қажетті бірнеше бөренелер мен кесектер жинастырылып қойылған. Қамал ішіндегілердің қорғаныс қаруларының бары міне, осылар ғана.» Генерал-губернатор тыңшылары

жеткізген осы там-түм деректі әбден зерттеді. Ойлана келе 13 шілдеде Ақмешіт бекінісінің басшысына мынадай мәтінде хат жазды.

«Орынбор генерал-губернаторынан Ақмешіт бекінісінің басшысына! Патша ағзамның бұйрығымен мен орыс жерінде біздің бодандығымыздағы қырғыздарды ығыстыру үшін салынған Ақмешіт қамалын алуға келдім. Сендердің қамал қабырғасын бекемдеп жатқандарың құр бекершілік. Мен өз қорғаным қабырға емес, қақпа арқылы кіремін. Орыстар мұнда бір ай немесе жылға емес, мәңгілікке келді. Мен сіздерді асықтырмаймын, бірақ қайталап айтамын тірі қалғыларың келсе – сауға сұраңдар, ал өлгілерің келсе соғысуға біз әзірміз. Мен бір адамымды шығын етпей қамалды басып аламын».

Генералдың осы хатын алған қоқандықтар орыстардың қамалдан шегіне тұруын сұрап, өздеріне 15 күн мұрсат беру жөнінде жедел жауап береді [5, 222 б.]. Араға күн салып Ақмешітке қыспақты шабуыл бастайды. Күшті шабуыл мен зеңбірек оғының дүмпуінен Ақмешіт қорғаны құлап, қорғанды тастап қашуға мәжбүр болады. Қоқандықтардың біраз тобы дария сыртындағы құмға тығылады. Ол құмды жергілікті қазақтар «қоқан қашқан» деп атап кеткен [5, 38 б.].

Ақмешіт бекінісін алу В.А.Перовский ойлағандай оңай болған жоқ. Бекініс қабырғаларының беріктігі және оны айналдыра қазылған ордың тереңдігі мұздай қаруланған орыс әскерін тығырыққа тіреді. Отряд кезінде қоршау артиллериясы болмағандықтан, бес қабатты қалыңдықтағы бекініс қабырғасында тесік жасау мүмкін болмады, сондықтан Перовский жер жұмыстарын еріксіз жүргізуге тура келді, яғни ол Ақмешітті алу кезінде сол техниканы қолданды. Тек жиырма бір тәулік өткеннен кейін ғана мина қоюшылардың жанкештілігімен бекініс қабырғасының күл талқаны шығарылып әскерге жол ашылды. Ең соңында орыс әскерлері қопарғыштармен қамалды бірнеше жерден бұзып, Ақмешіт бекінісін алды [8, 1106.].

В.А.Перовскийдің А.Я.Булгаковқа жазған 21, 22-хаттарында Ақмешіт бекінісін алудың қиын болғаны, қол астындағы әскердің біразы жараланғаны туралы айтылған. Мысалы, 1853 жылдың 16-шілде күні жазылған 21-хатында «Кесек қабырғасы 5 сажен, биіктігі де сондай қамалдағы 300 адам өліспей берісер емес, сондықтан қазу жұмыстарымен бірге басқа да істермен айналысып жатырмыз. Менің жер үңгіп, тасбақа қимылға түсуімнің сыры осы, біз жатқан бірнеше адам жараланып төрт солдат өлді. Ақмешіт алынды, бірақ соншалықты тамаша жеңіспен емес, газет мақаласына тұрмаған мен хабар беруге болар. Мақсатым солдат қанын аз төгу. Менің жорығым құпия аяқталады, бірақ тілегім қоқандықтар қамалдың алынғанын біліп, өздерінің қирағанын түсінсе екен» [7, 11 б.] деп жазған. Сондай-ақ Перовский өз хатында Қоқандықтардың жеңілуі олардың көне зеңбіректер қолданып, атыс қаруларының болмауымен деп түсіндіреді. Оларда бар үш шойын мылтық оларға ешқандай зиян тигізбеген.

Ресейге қосылуын шебер пайдалана білген генерал В.А.Перовский 27 күн қоршау соғысынан кейін, 1853 жылдың 28 шілдеде (жаңаша 10 тамызда) Ақмешіттен қоқандықтарды қуып шықты.

I Николай Ақмешіт бекінісін басып алғаны үшін Орынбор генерал губернаторы Перовскийге бұйрық шығарғаны туралы хат жазды. "Василий Алексеевич. Ақмешіт бекінісін жаулап алу туралы сіздің хабарламаңызды алғаннан кейін, мен сізге орыс қаруын жаңа даңққа белегеніңіз үшін шын жүректен ризашылығымды білдіруге асығамын.... Сіз Ақмешітке барар жолда келе жатқан жорықтың қиындығын назардан тыс қалдырдыңыз; сіз денсаулығыңыздың әлсіздігін қарамай барлық қиындықтар мен қауіптерді еңсеріп, тоқтатпадыңыз... Мен сізге шын жүректен ризашылығымды айтамын және мен бұйырамын: Ақмешіт бекінісі бұдан былай Перовский форты деп аталсын». Бұйрыққа сәйкес 26 тамыз күні Ақмешіт бекінісі «Перовский форты» деп аталды [8, 122 б.].

Осы жеңісіне байланысты В.А.Перовский өз жауынгерлерін ерліктері үшін марапаттап, ақшалай сыйлықтар беруге бұйрық бергенді. Соғыста ерлігі үшін 36 адамға орден және алтын жалатқан қылыш сыйланды. 67 жауынгерге түрліше әскери атақтар берілді. 14 адамға ақшалай сыйлық тағайындалды. Тағы да 62 адам түрліше әскери орденмен марапатталды. Солардың ішінде 12 қазақ болды [3, 34 б.].

Ақмешіт алынғаннан кейін артынша Сырдария әскери шебі құрылды. Перовскийдің бұйрығымен тағы да бірнеше бекіністер мен форттың іргетасы қаланды. Арал бекінісі бірнеше бекеттерден және №1 Қазалы форты салынып, №2 Қармақшы форты Қараөзек және Жаңадария жанындағы бұрынғы Құшқорған бекінісінің, ал №3 Қуандария форты Күмісқорған бекінісінің орнына орналасты. Перовский форты барлығынан әрі стратегиялық жағынан маңызды болды, оған бірнеше бекеттер кірді.

1858 жылдан бастап Перовскіге жұрт қоныстана бастады. Перовск форты 1867 жылы Перовск қаласы деп аталады да, ол Сырдария уезінің орталығына айналады [9, 5 б.].

Орыстар бекіністі алғаннан соң Сыр елінің ерекшелігі мен табиғат байлығын, шаруашылық ерекшеліктерін, ең алдымен Перовск және Қазалы уездерінің әлеуметтік-саяси өмірінен байқай бастады.

Қорытындылай келе, жалпы Ақмешіттің Перовск болып өзгеруін екі жақты салыстыра отырып қарастыруымызға болады. Бірішіден, қазақтардың көмегінсіз Ресейдің оңтүстік бағытта одан әрі жылжуы ғана емес, сонымен қатар Дала бекіністерінің болуы да мүмкін емес еді. Бірақ, Ресейге қосылғаннан кейінде жағдай соншалықты жақсы бола қойған жоқ. Мысалы, Перовск фортын қалпына келтіру жұмысына жергілікті қазақтар еріксіз жегілді. Олардың еңбекақылары дұрыс есептелмеді. Әр түрлі айыппұл салыну салдарынан қолдарына жартымды ақша тимейтін болды. Ең тәуір үй мен азық-түлік алдымен орыс офицерлеріне берілді. Сонымен қатар, сыр өңіріне қоныстанушылар көбейіп, құнарлы жерлерден жергілікті қазақтарды ығыстыра

бастады. Осылайша Сырдария қазақтары Хиуа, Қоқан хандықтарының орнына Ресей империясының езгісіне ұшырады. Перовский форты орыстардың Қазақстан жерін отарлау әрекеттерін жалғастыруға тірек болды. .

Екінші жағынан қарастыратын болсақ, Сыр бойының экономикалық дамуы, қаланың көркеюі, халық санының көбеюі Перовск форт болған кезден басталды. Мысалы, 1858 жылдан бастап қазына қаражатына үйлер салынып, олар жылдан жылға көбейе бастады. Орыс саудагерлерінің келуіне байланысты Ресейден ұн, мата, қант, темір бұйымдарын т.б. заттар әкелінді. Ал бұл жақтан мал, жүн, теріні әкеліп отырды. Саудагерлердің кейбірі тұрақтап қалып, сауда үйлері ашылды. Осылайша қоныс аударушылардың саны артып, халық саны көбейе бастады. Перовск қаласында 1860 жылы алғаш мектепте ашылып, кейіннен училищеге айналды. Қалада мешіттер мен шіркеулер жұмыс істей бастады. 1906 жылы учаскелік емхана ашылып, онда 1 дәрігер, 1 фельдшер, 1 акушерка, 4 көмекші жұмыс жасады. XX ғасырдың басында Перовск қаласында Орынбор-Ташкент темір жолының салынуы қаланың дамуына үлкен әсерін тигізді.

Ресей тарапынан Ақмешіттің алынуын орыс үкіметі әскери және саяси мәні жоғары факторлардың бірі есебінде бағалады. Қоқан бекінісін басып алу және Сырдария желісінің құрылуы Ресей империясын Орта Азия мемлекеттерінің шекараларына тікелей байланысуына алып келді. Ресей империясының иелігіне 500 шақырымдық жерді қосып қана қойған жоқ, енді бүкіл Кіші жүз қазақтарының жайлауларымен бірге қыстауларына да бақылау жасауға мүмкіндік берді. Орынбордан Ташкентке баратын сауда жолдарына иелік жасауына және қазынаны толтыруға септігін тигізді.

Әдебиеттер тізімі

1. Айдосов А., Қалиев Ы., Асқаров Қ. Сыр өңірі тарихы: Көне заманнан бүгінге дейін. – Алматы: Атамұра, 1998. – 288 б.
2. Кәрібозұлы Б., Әбілов А., Мыңжасов Н., Тайман С., Тұяқбаев Ғ. Сырдария: – Алматы: Фолиант, 2011. – 288 б.
3. Айдосов А., Қалиев Ы., Кереев М. Қызылорда: – Қызылорда: Тұмар, 2005. – 296 б.
4. Досманбетов Б.С., Кереев М.К. Қызылорда: – Алматы: РИК, 1999. – 222 б.
5. Терентьев М.А., История завоевания Средней Азии: – Москва: СПб.: Типо-литография В.В. Комарова, 1906. – 510 б.
6. Қожақұлы Ө. Қазақ-қоқан қарым-қатынастары (XVIII-XIX ғ.ғ.): –Қызылорда: Қорқыт Ата университеті, 2005. – 272 б.
7. Әлімов А. Ақмешіт қалай құлады? // Заң газеті. – 30 желтоқсан – 1995. – № 3. –11 б.
8. Захарьин (Якунин). Начало завоевания Коканда // Исторический вестник. – 1901. – №6. – 80-195 б.
9. Қалиев Ы., Шілдебаев Е. Дария жағасындағы қала: – Алматы: Қазақстан, 1980. – 96 б.



ӘОЖ 340.15

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ БИЛІК ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Асқар Абдуалы, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Қазіргі таңда әлемдік қауымдастықта бейбітшілік пен тұрақтылықтың мекені ретінде танылған мемлекетіміздің ұлттық тарихын өзіндік даму ерекшелігімен әлемдік деңгейде таныту – ел тұтастығын сақтау мен қоғамның тұрақты болуына, халқының беделінің артуына ықпал етері анық. Еліміз өз алдына дербес ел болғалы осы мақсатта жасалынған жұмыстар аз емес. Мемлекеттің тұрақтылығы мен өркенді дамуына серпін беретін жұмыстар бүгін де өз жалғасын табуда. Қазақ хандығының 550 жылдығымен тұспа-тұс келген Қазақстан Халқы Ассамблеясының 20 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы және сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы сияқты маңызды оқиғалардың өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезімінің берік орнығуына белгілі дәрежеде ықпал еткендігі сөзсіз.

Елдің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етіп, құқықтарын қорғап, тұғырлы Тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған қазіргі қолданыстағы Ата заң Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» секілді әлеуметтік-құқықтық сипаттағы заңдар жүйесінің жалғасы болғандығы ақиқат.

Қазақ хандарының алғашқы билік жүргізу және құқықтық басқару жүйесі ертеден қалыптасқан дәстүрлі билік жүргізу үрдісі дала заңына негізделіп, бірнеше деңгейде жүзеге асырылып отырды. Халықтың төлтума және синкреттік дүниетанымына орай орныққан құқықтық басқару жүйесі мен биліктік жүйесі мемлекеттік атрибуттардың барлығын тұтас қамтыды. Ең жоғары билік жүргізу құқы Шыңғыс хан ұрпақтарының әлеуметтік-корпоративтік тобынан сайланатын ханға тиесілі болды. Хандық биліктің негізгі қызметтеріне экономикадан тыс қайшылықтарды реттеу, ру-тайпалар арасындағы келіспеушіліктерді шешу,

әскери-саяси және сот қызметтері жатты. Қазақтарда хан билігінің басты қызметі - халықты сыртқы шапқыншылықтардан қорғау, ел мен жердің тұтастығын сақтау болды.

Қазақ қоғамындағы аға хан институтына қазақ жүздері арасындағы бірлікті нығайту, тұтас қазақ жұртына қатысты мәселелерді реттеп отыру міндеті жүктелді. Қоғамдық санада хан билігі мемлекеттіліктің, қоғамды ұйымдастыру ісіндегі тарихи сабақтастықтың символы, қауіпсіздік пен игіліктің нышаны ретінде қабылданды. Бұл Түрік қағанаты заманынан бері келе жатқан хан мен халық тұтастығының бір көрінісі болатын. Қазақ қоғамында хан бірден-бір билік иесі болған емес. Жоғарғы сюзерен ретіндегі оған хандықта билік жүргізуді қарауындағы ұлыстар мен тайпалық бірлестіктерді билейтін сұлтандармен және билермен бөлісуге тура келді. Жалпы мемлекеттік сипаттағы мәселелерді шешу үшін құрылтай (халық жиналысы) шақырылды. Тарихта Қарақұмдағы халық құрылтайы, Ордабасы құрылтайы белгілі. Құрылтайда хан сайлау, жау шапқыншылығына қарсы күрес, шет елмен бітімге келу, т.б. бүкіл қазақ халқының тағдырына қатысты мәселелер талқыланды. М.Х.Дулати «Тарих-и Рашидиде» Күлтөбені Моғолстанның әйгілі аймағы деп жазады. Күлтөбе басында ел бірлігі мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты қиын-қыстау кезеңдерде халық жиналысы бірнеше рет өткізілген [1, 91 б.].

Дәстүрлі қазақ қоғамының ең ықпалды саяси күшін ханнан кейін сұлтандар немесе төрелер құрады. Шыңғыс хан әулетінен тарағандардың барлығы сұлтандар аталып, олар, Шыңғыс ханның қай бұтағына жатса да, хан тағынан үміткер болды. Қазақтар далалық мемлекеттілік дәстүрлерді сақтай отырып, сұлтандардың жеке ұлыстарды басқару құқығын да қабылдады. Олардың саяси құқықтарына жалпы мемлекеттік басқаруға, жергілікті яғни, ұлысты басқаруға қатысу жатты. Ұлысты басқару сұлтандарға оның халқының үстінен әскери-саяси билік жүргізуге мүмкіндік тудырды. Ұлыстық сұлтандарға соғыс кезінде жасақ құрып, оған қолбасшылық ету құқы берілді.

Дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жүйесіндегі демократиялық биліктің маңызды буыны - би халық түсінігінде: сот, төреші, батагөй, шешен, бітістіруші дипломат, елші ретінде ұғынылды. Би - «Жеті Жарғы» бойынша, өзіне бағынышты ру-тайпа шегінде сот және әкімшілік билікті жүргізді. Өз қауымының тұрмыс-тіршілігін қадағалап, тәртіп пен тыныштықтың бұзылмауына жауапты болды. Осылайша, билер билеуші хандардың халық арасындағы сенімді тірегіне айналып, сұлтандармен тең құқылы дәрежеде мемлекеттік мәселелерді талқылауға қатысты. Қазақтарда билер, атқаратын жұмысына, лауазымына, беделіне орай: ата би, төбе би, қатар би, жеке би, төтен би, бала би болып бөлінген. Билер институты мемлекеттің саяси және әлеуметтік құрылымын тек қана ғұрыптық құқық емес, сол сияқты рухани-мәдени салт-дәстүр негізінде де ұштастыра әрі теңдестіре отырып қамтамасыз етуді көздеген бірден-бір құрылым болды. Оның үстіне ол мемлекеттік басқару жүйесімен тығыз астаса отырып, халық пен билеуші топтардың белгілі бір әлеуметтік-саяси құндылықтар төңірегінде топтасуына ықпал етті [2, 497 б.].

Билер институты көшпелілер қоғамында бұрыннан да белгілі болды. Қазақ қоғамында ежелгі құқықтық реттеу формаларының бірі ретінде билер соты жұмыс істеді. Оны көне замандардағы хандық басқару жүйесінің тайпа көсемдеріне сүйену арқылы мемлекет ішіндегі тәртіп пен реттілікті нығайтуға бағытталған ұмтылысы нәтижесінде өмірге келген далалық демократияның классикалық үлгісі деуге болады. Қазақ қоғамында сот төрелігі мемлекеттік басқару иерархиясындағы жоғарғы буын-хандық билікпен теңдес, кейде одан биік деңгейде тұрды. Билер соты жергілікті мәндегі дау-дамайды, қылмыстық және азаматтық істерді қараған. Билер сотының шешімдеріне көңілі толмаған, әділдігіне сенбеген дауласушы тарап өзге билерге немесе төбе би төрелігіне жүгінуге құқылы болған. Ал, төбе би дәстүрлі қазақ қоғамында арбитр қызметін атқарған [3, 56 б.].

Дәстүрлі қазақ қоғамында Еуропа елдерінің парламентімен деңгейлес институт - билер кеңесі болды. Ол жылдың бір мезгілінде, әдетте ел жайлауға көшіп болған соң өткізілген. Оған хан, сұлтандар, үш жүздің елге сыйлы, «қара қылды қақ жаратын» әділдігімен танылған билері, батырлар мен қожалар қатысқан. Билер кеңесінде мемлекеттік маңызы бар мәселелер талқыланып, тиісті шешімдер алынған. Билер шешімдерін ешкім бұза алмаған, хан да, қара да оны орындауға міндетті болды [3, 23 б.].

Сонау ғұндар заманы, Түрік қағанаты кезеңдерінен бері келе жатқан мемлекеттік атрибуттар мен басқару институттары Қазақ хандығында сол күйінде, өзгерместен қабылданды деу қателік болар еді. Қазақ қоғамы мемлекеттілік дәстүр сабақтастығын жалғастыра отырып, оны өзінің өмір сүру ерекшеліктеріне орай дамытып, жалғастырды.

Келесі билік жүйесі батырлар институтымен толықты. Оның дәстүрлі қазақ қоғамындағы орны, батырлардың әлеуметтік категория ретінде қалыптасуы біршама зерттелген. Батырлардың дәстүрлі қызметі - елді сыртқы шапқыншылықтан қорғау болды. Сан ғасырлар тарихы бар көшпелілік, өзіндік өркениет ретінде, абсолюттік жүйені, ешқандай шектеу қойылмаған билікке ұмтылушылық үрдісін қабылдамады. Хан мен халық арасындағы билік тепе-теңдігінің сақталуы көшпелі қоғамның дамуына қолайлы жағдайлар тудырды.

Қазақ мемлекеттілігі қызметтерінің жүзеге асырылуы негізінен әдеттік ғұрыптар басым түрлі құқықтық нормалар жүйесімен реттеліп отырылды. Қазақ құқығы өз бастауын XIII ғасырда өмір сүрген үйсін Майқы биден алады.

Қазақ хандығының этностық негізінің нығаюында ислам діні маңызды рөл атқарды. Сыртқы күштерге қарсы күресте діни идеология халықты жұмылдырушы, интеграциялық үрдісті жеделдетуші күш болды. Қазақ хандарының бір дінге сенуі және бәрі бірдей ислам дінінің сопылық бағытын ұстанып, далалық исламның

негізін қалауы қоғам мен мемлекетке ерекше ықпалын тигізді, рухани жікшілдікке тосқауыл қойды. Ислам діні, Қазақ хандығының мемлекеттік діні ретінде, ішкі және сыртқы саясатының доктринасына айналды. Қазақтардың бүкіл қоғамдық-саяси және мәдени өмірі шарифаттың басымдық рөлімен сипатталды. Қазақ заңдарының құқықтық дереккөздерінің бірін ислам діні құрай бастайды. Қазақ хандығы исламдық мемлекет ретінде қалыптаса бастады.

Шарифаттың мемлекет өмірінде берік орын алуымен халықтың әдет-ғұрпында, мәдени дамуында елеулі өзгерістер орын алады. Осындай сабақтастықпен жаңа құрылған Қазақ хандығында билік жүргізу және құқықтық жүйе одан әрі дамыды. Қасым ханның кезінде «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталатын заңдары тұңғыш қазақ хандығының мемлекеттік құқықтық жүйесінің негізін қалады. «Қасым ханның қасқа жолы» заңдар жинағы сол кезеңдегі ислам дінін ұстанатын Күн Шығыс пен Орта Азияның бірсыпыра елдеріндегі феодалдық мемлекеттер мен хандықтарда жаппай қолданылып отырған шарифат заңынан мүлдем басқаша болатын. Бұл қазақ хандығының ғасырлар бойы жинақталған ерекше тарихи, әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайының туындысы болды.

Қасым ханның «Қасқа жолы» негізінен жарғы деп аталды. Ол сол дәуірдегі жаңашыл реформа болғанымен, түп тамыры орта ғасырларда қыпшақ, шағатай ұлыстарында қолданылған яғру заңына сүйеніп жасалғанды. Қазақша жарғы «әділдік» деген ұғымды білдіреді. Түркілік мәні дәл, әділ ұстау дегенді білдіреді. Жарғы заңының негізі – осы. Ішкі мазмұны жағынан бұл заңның негізгі идеясы ежелгі әскери демократиядан туындаған. Қасым хан алғашқы қазақ заңының түп-төркіні қазақ халқында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптық ережелерінен шықты. Ол ежелден ел салтына сіңген, халық бұқарасына түсінікті заң болды. Қасым ханның заңдарында саясаты және қоғам мен оның әртүрлі топтарына көзқарастары мен қатынастары, оның жоғарғы билеуші ретіндегі билігінің соншалықты нақты әрі танымал болғандығы, әрі хандықты қалай басқарғандығы көрініс тапты.

Қазақ хандығының тарихында Қасым хан алғашқы болып «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталған саяси-құқықтық сипаттағы заңдар жүйесінің жазбаша нұсқасы бізге жетпеген. Себебі, сол кезеңдерде хан ордасындағы хатшылар (шимайлағыштар) негізінен шайқастардағы ерлік істерді, соғыстан түскен байлықтар, ел биілеушілердің жеке басына қатысты суреттеулерді ғана жазып, ел басқару ұстанымдары мен заң жүйелері ел арасында ауызша таралып, сақталатын. Халық арасында Қасым ханның «қасқа жолы» деп аталып кеткен заң жобасының нақты бір нұсқасы ешқандай түпдеректерде кездеспейді, бізге жеткені – қағазға түскен тарихи еңбектерден кем түспейтін көшпелілердің ауызша мәдениетіне сай ақпарат негізіндегі нұсқасы.

Қасым ханның заңдарының ортағасырлық еңбектерде көрініс таппауын бірнеше себептермен түсіндіруге болады:

- Ортағасырлық тарихи әдебиеттердің көпшілігінің хроникалық сипатта жазылуы. Жазбада негізгі мәселе ретінде билеушілер арасындағы жүріп жатқан шайқастар мен жаулап алушылар, олардың жорықтары мен жеңістері, некелік-туыстық қарым-қатынасы бейнеленеді. Мемлекет пен қоғамдық құрылыс, қоғамдық өмір, басқару мәселелері қамтылмай қалған;

- Орталық Азия кеңістігіндегі көшпелілердің экономикалық, әлеуметтік-мәдени негіздері мен саяси режимі талай ғасырлар бойы өзінің алғашқы нысанынан айтарлықтай өзгеріске ұшырамай, тұрақты түрде сақталды. Сақ, ғұн, монғол империяларына, кейіннен Қазақ хандығына да осы құбылыс тән болатын. Сарай тапсырмаларын орындаудан әрі аса алмайтын хатқа түсірушілердің назарына қоғамдағы кішігірім өзгерістер мен жаңа құбылыстар ғана ілігіп, өзгесі хатқа түспей қалды;

- Орталық Азияға ХІХ ғасырға дейін билік жүргізген шыңғыс хан тұқымдары үшін Шыңғыс ханның «Ясасы» деп аталатын заңдар жинағының ролі жоғары болды. Белгілі бір аумақтың биілеушілерінің заңдар жинақтарына тиісті көңіл бөлінбей қалды.

Аталған заң сол кезде мұсылман елдерінде жаппай қолданылып жүрген ислам дінінің (шарифат) заңынан өзгеше, көшпелі қазақ өміріне үйлесімді байырғы өмірге негізделген заң болды. Сондықтан, ол Қасым ханның атымен байланыстырылып: «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталады. Алғашқы ресми қазақ заңы саналатын бұл заң қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде жасалып, сол кезде мұсылман елдерінде жаппай қолданылып жүрген ислам дініндегі шарифат заңынан өзгеше, көшпелі қазақ өміріне үйлесімді байырғы өмірге негізделген заң болды. Қасым ханның қазақ халқының мүддесіне сай шығарылған заңдар жинағы халықты адастырмайтын тура жол, бақытқа жетелейтін сара жол, ақ жол деген мағанада «Қасым ханның қасқа жолы» деген атауға ие болған.

Қазақ тілінде «қасқа» көшпенділердің тікелей өмірімен тығыз байланысты қасиетті жануар - жылқы малының дәл маңдайына орналасқан ақ теңбілді айтады. «Қасқа жол» деген сөз тіркесі ақ жол, халықты адастырмайтын тура жол, бақытқа жетелейтін сара жол деген мағына білдірсе керек. Қасым ханның қазақ халқының мүддесіне сай шығарылған заңдар жинағын тура жолға, ақ жолға балап «Қасым ханның қасқа жолы» деген қысқа қайырған мазмұнының терең атау бергенін байқаймыз.

Ел басқару жүйесінде Қасым хан заман ерекшелігіне орай, жаңа нұсқа жүйесін енгізеді. Бұл көне Жарғы сол кездегі қазақ қауымының қоғамдық және құқықтық заңдарын қалыптастырып, әдет-ғұрып тұрмыс-салт

ережелерін заңдастырып, жеке адамдар арасындағы ру тайпалар мен қоғамдық топтар арасындағы қатынас жүйесін реттеді. Қасым хан тарихта «Қасым ханның қасқа жолы» деген атпен енгізіп, дайындаған конституциялық құжатының көмегімен ел басқарды. Бұл қазақ ұлтында жасалған тұңғыш заң еді. Заң бес тараудан тұрды. Заңда Құран талаптарына қайшы келмейтін қазақи әдет-ғұрып ерекшеліктер сақталып, сол кездегі қазақ жұртының табиғатына сай етіп жасалған болатын. Қазіргі күні кейбір мәтелдер сол заңның тармақтарынан алынған. Қасым хан отырықшы елдердегі тәртіп-заңға ұқсамайтын көшпенді халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, ой-көзқарасына орай жаңа заң «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталып кеткен тәртіп орнатты. Қазақ хандығының мемлекеттік негіздері де осы заңда көрініс тапты.

«Қасым ханның қасқа жолы» деп аталған, халқының ұлттық, әлеуметтік жағдайына сай әдет-ғұрып пен биліктің жаңаша Дала заңының негізін қалаған, өз билігі кезінде Қазақ хандығын сол заманғы ең қуатты елге айналдырған, атақ-даңқына өз халқымен бірге көрші елдер де қанық болған, батырлық пен қайсарлық, кеменгерлік пен табандылық, мейірім мен дарқандық, адам қызығарлық жан жомартығы сияқты ұлтының асыл қасиеттерін бойына жиған жұрт осы заңмен тәрбиеленді. Бір сөзбен айтқанда, «Қасым ханның қасқа жолы» - қазақ жұртының елдік, ұлттық санасын негіздеуде шешуші қызмет атқарған өзгеше құжат болды.

Қасым ханның «қасқа жолы» сол кездегі қазақ қауымының қоғамдық және құқықтық заңдарын қалыптастырып, әдет-ғұрып тұрмыс-салт ережелерін заңдастырып, жеке адамдар арасындағы ру тайпалар мен қоғамдық топтар арасындағы қатынас жүйесін реттейді және хан өзі құрастырған Жарғы негізінде елді басқарып отырады.

Қазақ қоғамында Қасым ханның «қасқа жолына» дейін қолданылып келген «ата-баба жолы», «ақсақалдар ережесі», әдет-ғұрыпқа негізделген «жөн-жосықтар» секілді жарғы ережелерін толықтырып, билер кеңесімен ақылдаса келе біршама өзгерістер енгізді.

Ата-бабаның қолданып билік дәстүр, әдет-ғұрыптық «жарғы» негізінде, сол кезеңдегі қазақ қоғамына сай жаңа «Жарғы» пайда болды. Қасым хан бес ережелер топтамасынан тұратын бұл заңдарды көшіртіп, елге таратты. Олар:

- мүлік заңы (жер дауы, мал-мүлік дауы);
- қылмыс заңы (кісі өлтіру, талау, шапқыншылық жасау, ұрлық қылу);
- әскери заң (аламан міндеті, қосын жасақтау, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат);
- әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, тұлпар ат, ердің құны т.б.);
- елшілік жоралары (майталман шешендік, халықаралық қарым-қатынастағы сыпайылық, әдептілік, ибалылық);
- жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас, той, мереке, думан үстіндегі ережелер, ат жарыс, бәйге ережелері, жасауыл, бекеуіл, тұтқауыл міндеттері).

«Қасымханның қасқа жолы» бір ғасырдай қолданылды, Есім ханның (1598-1628 ж.) тұсында оған тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, оны «Есім ханның ескі жолы» деп атады.

Ел аузында сақталған деректерге қарағанда, Есім хан тұсында «Қасқа жолға» қосылған жаңалық «Хан болсын, ханға лайық заң болсын; Батыр болсын, абыз сайлау парыз болсын; Би болсын, би түсетін үй болсын» деген ережелер екен. Бұл Қазақ хандығы (ережелерінің) құрылысының саяси-әкімшілік, әскери, рухани, және сот істері жөніндегі негізгі заң сипатындағы төрт тұғыр екені байқалды. «Ескі заң» деп аталуына қарағанда, сірә бұл ережелер бұрыннан келе жатқан дәстүрлі жүйемен жасалған.

Қазақ хандығы заңдарының тілі қысқа, тұжырымды, есте сақтауға ыңғайлы, қанатты, ұйқасты, шешен сөздермен құрастырылған. Оны мына тіркестерден байқауға болады: «Әдік билік – алтын таразы», «қара қылды қақ жару», «тура биде туған жоқ», «жетпеген билік жеті рудың есігін ашады», «батыр айғақ, балуан куә», «сорғылаған қан, сойдақталған із», «ер өлтіріп, өріс бұзу», ел шауып, мал талау», «табандап ұрып, тап шығу», «бата тимесе, қата тию», «семсер астында серт жүрмейді» т.б. Бұлар мақал-мәтел түрінде ел ішінде әлі сақталып келеді.

Қасым ханның «қасқа жолы» жоғарыда атап өткеніміздей, мұсылман елдерінде жаппай қолданылып жүрген ислам дініндегі шариғат заңынан өзгеше болғанымен, Құран талаптарына қайшы келмейтін, қазақи әдет-ғұрып ерекшеліктері сақталынған, сол кездегі қазақ жұртының табиғатына сай етіп жасалған болатын. Бұл заңдар топтамасы «Құдай жалғыз, хан жалғыз» деген басқару ұстанымын басшылыққа алды. Яғни Қасым ханның мақсаты – билік бір орталыққа, бір адамның қолына шоғырланатын мемлекеттік басқаруды өмірге енгізу болды. Бұл саяси жүйеде ең жоғарғы билеуші болып табылатын хан мемлекетті өзінің уәзірлер кеңесі арқылы жүзеге асыруы тиіс болды. Халықтың ұлттық, әлеуметтік жағдайына сай әдет-ғұрып пен биліктің жаңаша Дала заңының негізін қалаған, өз билігі кезінде Қазақ хандығын сол заманғы ең қуатты елге айналдырған, атақ-даңқына өз халқымен бірге көрші елдер де қанық болған, батырлық пен қайсарлық, кеменгерлік пен табандылық, мейірім мен дарқандық, адам қызығарлық жан жомартығы сияқты ұлтының асыл қасиеттерін бойына жиған жұрт осы «Қасым ханның қасқа жолы» заңымен тәрбиеленген.

Қазақ қоғамындағы құқықтық - басқару жүйесінде маңызды буын иелері билердің беделі зор болды. Олар хан заңының халық арасында орындалуын тікелей қадағалап отырды. Қол астындағы руларға сот, әкімшілік, әскери билік жүргізу ісі ханнан басқа тек билерде ғана болды. Олар «халықтық жиынға» жалпы


мемлекеттік істерді шешу үшін жыл сайын шақырылатын сұлтандармен қатысты. Ең беделді ру басшылары ханның қол астындағы «билер кеңесіне» кірді. Билер хандық басқару жүйесіндегі маңызды топты құрағандықтан, олардың кем дегенде мынадай төрт құқы сақталды: әскери басшы, әкімшілік адамы, сот және дала үстем табының өкілі. Билердің төрелерден айырмашылығы – олар «халықтық» үстем тапты құраушылар «қарасүйек» тобының бастаушылары болатын. Осындай негізде құқықтық-басқару жүйесін құрған Қазақ хандығы заңдарының атқарылу үрдісі халық арасында орасан зор беделге бөледі.

Қазақ хандығы заңдарының негізі феодалдық базис пен патриархалдық, феодалдық өндірістік қатынас болды. Оның міндеті феодалдық меншікті қорғау және нығайту, феодалдық қанауға қарсы келгендер қатал жазаланып отырды.

Қорыта келгенде, жоғарыдағы қалыптасқан дәстүрлі заңдар бойынша қазақтардың тыныс-тіршілігі белгілі бір талаптарына сәйкес қатаң түрде реттеліп отырған. Ал, тәртіпті бұзғандар тиісті жазасын тартатын. Қазақ хандары негізіндегі заңдарды баяндау тәсілі мен стиліне қарай қазіргі ұғым бойынша конституциялық заңдар деуге әбден болады. Өйткені ол заңдарда мемлекет құзырындағы азаматтардың құқықтары мен міндеттері, сот билігін жүргізудің тәртібі алдын ала айқын атап көрсетілген.

Әдебиеттер тізімі

1. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди (Хақ жолындағылар тарихы) – Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2003. – 616 б.
2. Оразбаева А. Қазақ хандығындағы билер институтының генезисі мен тарихи эволюциясы. // Саясат. 1997. 107 б.
3. Оразбаева А.И. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. Алматы: Дайк-Пресс, 2004. - 186 б.



ӘОЖ: 94.(574)

ПРОФЕССОР АСҚАР АБДУАЛЫНЫҢ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

**Ыбырайым Ә. О. - филология ғылымдарының кандидаты, доцент, филология факультетінің деканы,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Кабылбекова Л.Б. - тарих ғылымдарының магистрі
Алматы қаласы Білім басқармасының «№42 жалпы білім беретін мектебінің»
тарих және география пәні мұғалімі**

Аңдатпа. Мақалада тарих ғылымдарының докторы, профессор Асқар Абдуалының отандық тарих және өлкетану ғылымының дамуына қосқан үлесі сараланып, тұжырымдалған. Мәселенің өзектілігін ашуда қазақ жерінде тарихи - өлкетануға байланысты теория ертеден келе жатқандығы талқыланып, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі Асқар Бекәділұлының Жамбыл облысын зерттеудегі қызметі нақтылы фактілер арқылы көрсетілген.

Түйінді сөздер: Асқар Абдуалы, тарих, өлкетану, Тараз, қала, Жамбыл облысы.

Сан ғасырлық соқпақтардан өтіп, адамзат өркениетіне өшпестей із қалдырған тарихымыз кенестік дәуір тұсында қолдан жасалған түрлі бұрмалаушылықтар мен кертартпа әрекеттердің кесірінен жойылудың алдында тұрған болатын.

XX ғасыр қазақ халқының тарихында айрықша орын алған оқиғалармен есте қалды. Осынау жүз жылдықтың басында Орталық Азиядағы ірі халықтардың бірі болып есептелетін қазақтар большевиктік әлеуметтік-экономикалық және саяси эксперименттер барысында алапат аштыққа, қуғын-сүргінге ұшырап, демографиялық дағдарысты бастан кешірді.

Қазақстанның өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауы және осыған орай орныққан жаңа әлеуметтік-саяси ахуал қоғамның да, оның азаматтарының да санасында айтарлықтай сілкініс туғызғандығын ешкім жоққа шығара алмасы анық. Дүниеге, халық пен оның тарихына деген көзқарас та түбегейлі өзгеріске ұшырады. Егер бұрын Қазақстан тарихы біртұтас КСРО тарихының құрамдас бір бөлігі ретінде ғана ұғындырылып келсе, енді оны – әлем тарихының, Еуразия тарихының, көшпенділер өркениетінің, түркі халықтары тарихының, Орталық Азия елдері тарихының аясында қарастыру жөн деген ұғым қалыптасты.

Осындай жағдайда өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасау – жалпыұлттық бірлігіміздің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бітімі қалыптасуының, оның егемендігін нығайтудың, азаматтық пен отаншылдықты тәрбиелеудің ең басты факторларының бірі болып отырғандығы жасырын емес. Тарих – халықтың зердесі, ол содан қуат алады, ол содан әлеуметтік шығармашылыққа, жарқын болашаққа бастайтын шабыт алады.

Тарих, әсіресе, қоғам дамуының өтпелі кезеңдерінде ерекше маңызға ие болады. Тарихқа ден қоюдың күшейе түсетін себебі – адамдар өткеннен бүгінгі күнге ұқсастықтар іздейді, одан бүгінгі күннің проблемаларының шешімін тапқысы келеді [1].

Кемел тарихымызда өшпестей із қалдырған ғалымдар шоғырының ішінде тарих ғылымдарының докторы, профессор Абдуалы Ақсар Бегәділұлының рөлі мен қызметі ерекше.

Әрбір адамның туған жері – тамыр жайып, көркейтін ортасы саналатынын ескерсек ақбас Алатау мен қарт Қаратаудың ортасынан орын тепкен, жазы жайлы, қысы қолайлы, тарихы бай Байзақ өңірі Асқар ағамыздың бойына жанашырлық пен алғырлықты, тереңдік пен көрегенділікті сыйласа керек-ті.

Еңбек жолында Тараз қаласындағы педагогикалық институтында кафедра меңгерушісі, декан, проректор, ректор қызметтерін абыроймен атқаруымен бірге тарих және өлкетану ғылымына қомақты үлес қосты.

Жалпы тарихи-өлкетану саласының дамуына көз жүгіртсек, аталмыш мәселе өз бастауын тереңнен алатындығына көз жеткіземіз. Туған жерге деген ыстық сезім, атамекенге деген құрмет пен қадір қасиетке – қазақ халқы қоғамның барлық даму кезеңдерінде аса мән берген. Туған өлке табиғатын, оның ерекшелігін, сұлулығын, байлығын, оған деген сүйіспеншілігін ерте кезде адамзат баласы қара сөзбен өрнектесе, ғұламалар өздерінің өлең-жырларына арқау еткен.

Қазақ халқының ағартушы-ғалымдары мен ақын-жазушыларының еңбектеріндегі өлкенің сұлу көріністері негізінде жасөспірімдердің табиғатпен, қоғаммен қарым-қатынасын орнықтыру, білім беру, тәрбиелеу, қазақ халқының мәдениеті мен ағарту саласы мен соның негізінде азаматтық, адамгершілік қасиеттерін жетілдіруде маңызды орын алады [2, 81б.].

Еліміз өз тәуелсіздігін қолына алып, етек-жеңімізді түріп, дамудың даңғыл жолына түсе бастаған тұста-ақ Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Тұтас жұртыңды, иісі алашынды ардақтау ең алдымен өзіңнің тұрған өлкенің тарихын, табиғатын танудан, адамдарын құрметтеуден басталады», – деп өз бағасын берген болатын. [3].

Сонымен бірге «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты Жолдауының 12 тапсырмасында, қазіргі кезде еліміздегі оқу-ағарту саласында, өте көкейкесті болып табылатын өлкетану сынды пәннің жоқтығын, соның кесірі жастардың едәуір бөлігінің әлеуметтік инфантилизміне, ересек өмірге бейімделе алмауына, басқа да келеңсіздіктерге ұрынатындығын атап көрсеткен болатын [4].

Осы орайда өткен тарихымызды қайта зерделеу, қоғамдық сананы жаңғыртудағы жергілікті өлкенің құндылықтарын паш ету ісі терең жолға қойылды. Бұл тұрғыда сан ғасырлардан бері рухани дінгегіміздің алтын қазығы саналып, сәулет ескерткіштері мен көне қала жәдігерлерімен талайларды тамсандырып, ғалымдарымызға ұшқыр серпін берген Жамбыл өлкесінің жанға жайлы, құт мекен ерекше табиғатымен бірге тарихы да әрбірімізді ерекше қызықтырып келгендігі жасырын емес. Сөз жоқ, бабалардан бізге жеткен мәдени-рухани мұралар, тастағы жазбалар ғасырдан-ғасырға жеткен өсиет, өнеге, нақыл сөздер, құнды жәдігерлер қазіргі жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік, ерлік сезімді ұялатып, олардың туған жерге, өскен елге, ұлт мәдениетіне деген сүйіспеншілік қасиеттерін қалыптастыруға игі ықпал етеді.

Белгілі бір әлеуметтік-экономикалық формацияның дамуына байланысты адамзат тарихы ұзақ-ұзақ кезеңдерге бөлінеді. Көне тарихтың ұзақ уақытты қамтитын маңызды бөлігі археологиялық дерек көздері бойынша зерттеледі. Археологияда кезеңдендірудің өзіндік әдісі жасалған, оған сәйкес адамзат тарихы тас, қола, темір және ортағасырлар дәуірлеріне бөлінеді. Алғашқы қауымдық құрылыс – адам баласының өсіп дамуындағы ең алғашқы кезеңі. Ғылыми зерттеулерге қарағанда алғашқы қауымдық құрылыстың дамуы барлық жерде бірдей болған. Елімізде жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстар өткен өмірдің даму тарихының алғашқы кезеңдерін ашып, дүние жүзілік адам қоғамының зерттелуіне өз үлестерін қосуда.

Талайлардың танданысын тудырған Жамбыл облысы тарихи-мәдени ескерткіштерге өте бай. Жыл өткен сайын ажарланып, көркейе түскен өңірімізде көптеген тарихи ескерткіштер мен монументтер қатары артып келеді.

Жалпы алғанда біздің өлкеміздің қилы тарихы сонау алғашқы қауымдық құрылыс кезінен яғни палеолиттің шелль кезеңінің соңғы дәуіріне жататын Бөріқазған, Тәңірқазған тұрақтарынан бастау алып жалғасын тауып келеді. Ал облыс территориясындағы қола дәуірінен қалған ежелгі тұрақтар мен темір дәуірінен қалған обаларды зерттеу, зерделеу оны ғылыми айналымға енгізуде де проф. Асқар Абдуалының еңбегі өлшеусіз.

Ұлы даланың төл тарихы – бейне бір зор дарактың тереңінде жатқан тамырындай тарам-тарам. Алып ағаштың әрбір бұтағындағы жапырақтардың сол терең тамырдан көктеп, нәр алатыны секілді, мемлекетіміздің де бүгінгі бағыты кешегі жүріп өткен жолмен біте қайнасып жатыр. Нешеме ықылым замандардан бері батыс пен шығыс елдерінің алтын көпірі саналып, зор өркениеті мен тағлымды мәдениетімен дараланған ежелгі Тараз қаласы талай тарихи оқиғалардың куәсі болған Талас өзенінің бойында созылып жатқан аты мәшһүр қалалардың қатарынан болған. Тарихи деректерге сүйенетін болсақ, қалашық V ғасырға дейін салынған екен. Жазба деректердің барлығында дерлік ең алғаш Тараз қаласы туралы деректерді византиялық елші Земрах 568 жылдың өзінде-ақ там-тұмдап жазып кеткендігі айтылады. Араға уақыт салып, 630 жылы Қытайдан шыққан

жиһангез Сюань-Цзянь Таразды Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан маңызды сауда орталығы деп жазып кеткен.

2000 мың жылдық тарихы бар Тараз қаласы туралы ақпараттар ағымы бір сәтке де тоқтамаған. X ғасырдағы араб географы Әл-Мақдиси: «Тараз – бақтары қыруар көп, халық тығыз қоныстанған, орлары, төрт қақпасы мен адамдары мекендеген қамалы бар үлкен бекіністі қала. Екінші мединада үлкен өзен, оның ар жағында шаһардың бір бөлігі, оның үстінен өтетін көпір бар. Базар ортасында мешіт үйі тұр» десе, Рудаки, Фирдоуси сынды біртуар тұлғалар: «Мөп-мөлдiр көздің қарасын Тараздан ғана табасың» – деп жырлауы тегін емес.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Жамбыл өлкесін зерттеуге қомақты үлес қосқан шоқтығы биік ғалымдар Мекемтас Мырзахметұлы, Ислам Жеменей, Асқар Абдуалының 2002 жылы «Санат» баспасынан шыққан «Көне Тараз» атты еңбегінде көптеген тың мәліметтер тарихи дереккөздерге сүйене отырып келтірілген [5].

Кітаптың ең маңызды құндылығы бұрындары ғылыми айналымға түсе қоймаған парсы тілінде жазылған мәліметтер негізінде көне Тараз қаласының тұрғындары, сауда байланыстары, қаланың көркем орындары, қалалық ерекшеліктерге сай сәнмен киіну, халықтың мінез-құлқы, сөйлеу тілі, мәдениеті мен жалпы тұрмыс-тіршілігі кең көлемде тұжырымдалған.

Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойына маңызы зор сыйлық әрі дара туындылар қатарын толықтырған бұл кітаптың бірінші бөлімі қала атауының шығу тарихы, орналасуы, парсылардың әйгілі «Зафарнама» желісіндегі өлкенің тыныс-тіршілігі, Наршахидің «Бұхара тарихы» еңбегіндегі көне Тараз, сонымен қатар біртуар тарихшы-ғалым М.Х.Дулатидың «Тарихи-Рашиди» еңбегіндегі өнер адамдары жүйелілік принципін сақтай отырып, жазылған құнды мұра. Оқырманды бірден баурап алатын аталмыш еңбекте, кеңес дәуірінен бері шешімін таппай келген Баласағұн қаласын салдырған Алып Ер Тоңға екендігін дәлелдеп берген.

Жалпы қазіргі Жамбыл өңірінде есімдері күллі түркі халықтарына танымал тарихи тұлғалар мен өз заманынан озық туған оқымыстылар көптеп дүниеге келген. Соңғы онжылдықта белгілі дінтанушы, ғалым Әбсаттар қажы Дербісәлі Тараз маңында дүниеге келіп, ел мүддесіне қызмет еткен қырықтан аса Таразилердің болғандығын жазып кеткен. Ең өкініштісі, кеңестік дәуір идеологиясына сай біз бұл ғалымдардың еңбектері тұрмақ, өздерін де ұмыттық. Ұмыттық емес қолдан ұмыттырды.

«Көне Тараз» кітабының екінші тарауында осындай біртуар Рудаки, Фирдоуси, Әсәди Туси еңбектерінен бастап, Иран ақыны Кәтран Тәбризидің өлеңдеріндегі Тараз келбеті туралы тың деректер келтірілген.

2015 жылы Тараз қаласында Қазақ хандығының 550 жыл толуына орай ұйымдастырылған ауқымды іс-шараның бел ортасында жүрген Асқар ағамыз бірнеше рет Шу мен Талас аңғарындағы Қозыбасы аймағына танымдық экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастыруға ат салысты.

Бұл туралы ғалымның өзі «Мемлекеттің пайда болуы – тарихи үрдіс. Қазақ хандығының еуразиялық үлкен аймақта мемлекет болып қалыптасуы, оның көрші елдермен қарым-қатынас жасауда, бір-біріне ықпал етуде алар орны зор. Бір кемшілік, жазба деректерді біз әлі толық жинақтай алмай жатырмыз» – деп атап көрсеткен болатын.

Ұлтымыздың тарихына көз жіберсек, ел шегіне жау тиіп, сүттей ұйып отырған бейбіт қауымның басына қатер төнген тұста халық мүддесін ту қылып ұстап, елім деп еңіреген түкті жүрек, мықты білек ата-бабаларымыздың да, елінің, жерінің амандығын, бауырларының бүтіндігін көксеген басалқалы билердің де, жалын атқан сөздерімен, жүрекжарды сырымен алыс жақынды бірдей баураған от ауызды, орақ тілді сайыпқыран батырларымыздың да талайының атын атай аламыз. Осы тұрғыда XIX ғасырдың 20-60 жылдары Оңтүстік Қазақстанда Қоқан мен Ресей отаршылдарына қарсы күресте қол бастаған, Жамбыл облысын суландыру жүйесінде каналдар қаздырып, халықты егіншілікке бастаған қоғам қайраткері Байзақ Мәмбетұлының орны бөлек.

Жасыратыны жоқ, тарихшыларымыз ұзақ уақыт бойы, отандық тарихнамада Байзақ Мәмбетұлының алуға тиісті өз орнын анықтап, бүгінгі күн тұрғысынан қарастыра алмай келген болатын. Осы орайда Асқар Абдуалы мен Бахтияр Әбілдаұлының «Ел бастаған ер Байзақ» атты кітабында батыр тұлғасына байланысты көптеген тың деректер келтірілген. Бір қызығы Байзақ датқа және оның ұрпақтары қаздырған каналдар күні бүгінге дейін бір қатар егін-жайларды суландыруда. Байзақ датқа әр каналдың басынан су диірмендер тұрғызған, көпшілікке арнап мешіттер салдырған. Кейін кеңестік кезеңнің белсенділері оларды қиратып тастаған, бүгінде олардың орындары мен үйінділері ғана сақталған.

2017 жылы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласындағы туған жер бағытын жүзеге асыру бойынша сол кездегі М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде 2017 жылы Асқар Абдуалының басшылығымен 3 бағытта, 1-бағыт – Жуалы, Жамбыл, Талас, Сарысу аудандары; 2- бағыт – Байзақ, Шу, Мойынқұм аудандары; 3-бағыт – Т.Рысқұлов, Меркі, Қордай аудандары бойынша «Әулие ата – киелі мекен» атты профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерден құралған экспедиция ұйымдастырылды. Экспедицияның мақсаты: «Туған жер» бағдарламасы аясында Әулиеата өңірінің киелі жерлерін және Жамбыл облысы этностарының тарихын, мәдениетін, тілін және салт-дәстүрлерін, археологиясын, географиясын зерттеу, елге таныту және насихаттау болатын. Нәтижесінде Жамбыл облысының киелі жерлеріне байланысты бейнероликтер түсіріліп, проф. А.Б.Абдуалының



басшылығымен «Әулиеата өңірі киелі орындарының тарихи аңыздары» тақырыбында оқу құралы жарыққа шықты.

Кітапта қазіргі Жамбыл облысының территориясындағы киелі орындарды жүйелілікпен көрсетіле отырып, оның ерекшеліктері мен тарихи деректеріне жан-жақты сипаттамалар берілген [6].


Сонымен бірге проф. А.Абдуалы тарих магистрі Р.Тобаджановпен бірге 80 жылдық тарихы бар Байзақ ауданының құрметіне «Тәуелсіздік жылдарындағы Байзақ ауданы» атты оқу құралында өлкенің тарихына жан-жақты сипаттамалар бере отырып, тарихи-ғылыми тұжырымдар жасаған [7].

Қазіргі кезде Халықаралық Тараз инновациялық институтының бірінші проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор қызметін абыроймен атқарып келе жатқан Абдуалы Асқар Бегәділұлы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Алтын адам» төсбелгісімен марапатталды.

Жоғары оқу орындарында қаншама жауапты қызметтер атқарып, бәсекеге қабілетті кәсіби мамандар мен ел ертеңіне саналатын жастарды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуде, отандық ғылымды дамытуға, ел руханиятының шын жанашыры бола білген Асқар Бегәділұлының есімі тарих беттерінде алтын әріптермен жазылатыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы. //Егемен Қазақстан. 1995. - 30 маусым.
2. Байдалиев Д.Д. Өлкетану негіздері. - Тараз: Тигу, 2013. - 135б.
3. Назарбаев Н.Ә Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. – Астана: Елорда, 2006. – 44 б.
4. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына жол. //Егемен Қазақстан. 2012, - 27 қыркүйек.
5. Мырзахметұлы М., Жеменей И., Әбдуалиев А. Көне Тараз. - Алматы: Санат, 2002. - 216б.
6. Абдуалы А.Б., Серікбаев Е.Қ., Өтепбергенова Г.С., Тобаджанов Р.Т. Әулиеата өңірі киелі орындарының тарихи аңыздары: Оқу құралы. – Тараз: Тараз университеті, 2018, 104б.
7. Абдуалы А.Б., Тобаджанов Р.Т. Тәуелсіздік жылдарындағы Байзақ ауданы. – Тараз: Тараз университеті, 2018, 100б.



ӘОЖ: 94:336.7 (574)

АЛТАЙДЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТЕРІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ЖЫЛҚЫ ӘБЗЕЛДЕРІ ЖАЙЛЫ

Оңғарова А.А.- Шымкент университеті, магистр, аға оқытушы
Кадирғалиева А.Т.- Шымкент университеті, магистр, аға оқытушы
Рамазанова Л.А.-Мирас университеті, магистр, аға оқытушы

Аңдатпа. Мақалада Алтайдың, Шығыс Қазақстанның археологиялық мәдениеттерінде кездесетін жылқы әбзелдері туралы кейбір мәселелер көтерілген. Жылқы – көшпенділердің серігі және күнделікті көмекшісі. Негізінен Алтай қорғандарында мініске қолданылған жылқылар жерленген. Дендрохронологиялық, радиоқөміртектік, археологиялық және топографиялық зерттеулер нәтижесінде анықталған Алтайдың б.з.д. VI-V ғасырлардағы үлкен қорғандарының арқасында жылқы әбзелдерінің кезеңделуін көрсетуге болады. Еуразия қырлары мен Алдыңғы Азияда б.з.д. VIII-VII ғасырларда кішкене сақинасы бар қола және темірден жасалған ауыздықтар кең тараған, ондай ауыздықтар Алтай даласынан әлі табыла қойған жоқ. Дәл осындай қола ауыздықтар Оңтүстік Сібірден (Аржан қорғандары мен Минусинск көмбесінен) анықталды. Мүмкін мұндай ауыздықтарға сулық кигізілудің орнына байланған болар. Б.з.д. VI ғасырларда Алтай ескерткіштернен ерекшеленген осындай ауыздық пен сулықтың байланысу жүйесі болды. Осы кезеңдерде қатал басқаруға арналған қатты ауыздықтарда пайдаланылды.

Кілт сөздер: Қола дәуірі, Алтай, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Сібір, Еуразия, археологиялық мәдениет, жылқы әбзелдері, қорғандар, қорымдар, жылқы жүгенінің құрылысы.

Б.з.д. 580 жылдары Туэкта-1, кейінірек Башадар-2, Арагол, Туэкта-2, б.з.д. VI ғасырдың соңында Кутургунтас, кейін Ақ-Алаха, б.з.д. 450 жылдары 2-ші және 3-ші Пазырық қорғандары, б.з.д. 410 жылдары Пазырық-5 қорғандары тұрғызылған. Б.з.д. VIII-VII ғасырлардағы хронологиялық кезеңдерге жататын қорғандардың қатарына Тувадағы Аржанды және Еуразия даласындағы ертесак ескерткіштерін кіргізуге болады (б.з.д. 808 жыл). Б.з.д. VIII-VII ғасырлардағы Алтай сулықтарының кезеңделуі басқа шығыс Еуропалық, орталық Азиялық және Қазақстандық сулықтармен бірдей болып келеді. Сондықтан оларды археологиялық зерттеулерде барлығы бір-бірімен салыстыра отырып пайдаланады. [1]

Еуразияның басқада аудандары секілді Алтайдың б.з.д. VIII-VII ғасырларындағы көшпенділер ауыздық пен сулықтың байланысуының төрт түрін ғана кеңінен қолданды. 1) Жұмсақ ауыздықты және үш тесікті сулығы бар жүген (Курту-2, Усть-Куюм); 2) Металлдан жасалған ауыздық пен үш тесікті сулық ортаңғы тесігі арқылы байланысатын жүген (Қара Ануй-1 қорған-1, Карбан-1, Семисарт-1 қорған -1, Бойтыгем-2); Металл ауыздық Т немесе У-ға ұқсас сулыққа ілінетін жүген (Коксу-1 қорған 42, Солонечный Белок қорған 2, Вакулиха); 4) Металлдан жасалған ауыздық пен еукі тесікті сулықтан тұратын жүген (Измайловка). [2]

Алтайдың б.з.д. VIII-VII ғасырларға жататыны белгілі болған барлық ауыздықтар үлгі бойынша құйылған, екі құрылымды, шарға ұқсас, шеткі ұштары үзенгі тәріздес болып келген. Шеткі ұштары үзенгі тәріздес ауыздықтар Майэмер көмбесінде (А.В. Адриановтың қазбасы), Қара Ануй-1 қорған 1ден, (В.И. Молодиннің қазбасы), Карбан-1 қорған 5тен (М.А. Деминнің қазбасы), Коксу-1 қорған 42 ден (С.С. Сорокиннің қазбасы), Солонечный Белок қорған 2ден (А.В. Адриановтың қазбасы), Бойтыгем-2 қорған 2ден (М.Т. Абдулганиевтың қазбасы), Вакулихадан (В.Б. Бородаевтың қазбасы), Измайловкадан (А.С. Ермолаеваның қазбасы) және т.б. ескерткіштерден табылды. Майэмер, Измайловка, Вакулиха, Солонечный Белоктан аршылған ауыздықтардың үзенгі тәріздес шеткі ұшында шығыңқы жақтары бар, ал Қара Ануй-1, Коксу-1 ден табылған ауыздықтарда ондай ерекшелік жоқ. Карбан-1 қорған 5тен табылған ауыздықтың үзенгі тәріздес шеткі ұшында қосымша кішкене тесік бар, ал Измайловкадағы ауыздықтың үлкен тесігіне екі тесіктік сулық кигізілген. Тувадағы Аржан ескерткішінің қорғандарынан негізінен қосымша тесігі жоқ ауыздықтар табылды, тек ерекшеленіп тұрған бір жұп ауыздықта ғана кішкене тесік болды. Аржандық және Алтайлық материалдар бойынша айтсақ алғашында шеткі ұштары үшбұрышты (үзенгі тәріздес) ауыздықтар, кейіннен осыған ұқсас бірақ қосымша кішкене тесігі бар ауыздықтар, одан кейінгі уақыттарда үлкен тесігі бар ауыздықтар пайда болған. Жылқы әбзелдерінің ішінде ауыздықта басқа заттарға қарағанда уақыттық өзгерістер аз байқалады [3].

Алтайдағы б.з.д. VIII-VII ғасырларға жататын қазіргі таңда белгілі болып тұрған сулықтардың барлығында алғашқы пішіндегілеріне қарағанда тесіктері бір жақ жазықтығында орналасқан. Археологиялық материалдардың арасынан сулықтың жеті түрін айыруға болады: 1) үштесікті, бір шеткі жағы қалпақша секілді, ал екінші шеті шарға ұқсас келген сулықтар (Курту-2 қорған 3, Қара Ануй-1 қорған 1, Карбан-1 қорған 5); 2) үштесікті, бір шеткі жағы төртбұрышты пирамида секілдене келген сулықтар (Семисарт-1 қорған 1, Усть-Куюм қорған 9); 3) жануарлардың мүйіздерінен және сол секілді заттардан жасалған сулықтар (Чарыш өзені, Измайловка); 4) бір шеткі жағында тесігі және ортасында Т-ға ұқсас ілгіші бар сулықтар (Коксу-1 қорған 42, Вакулиха); 5) У-ға ұқсас сулықтар (Солонечный Белок қорған 2, Вакулиха және т.б.); 6) Өтпелі кезең сулықтары (Измайловка, Бойтыгем-2); 7) Зооморфтық сулықтар (Карбан-1).

Карбан-1 қорымының №5 қорғанынан сулықпен бірге әртүрлі екі жұп ауыздық табылды. Екінші жұппенен бірге үлкен көлемді бір жақ ұшында қабанның басы бар сулық табылды. Қазбаның авторларының айтуынша мұндай сулықтың аналогы Сібір аумағында кездеспеген. Бұл сулық кейбір ерекшеліктері бойынша келермеско-нартановск типіндегі сулықтар қатарына жатқызылып, б.з.д. VII ғасырмен кезеңделді. [4]

Семисарт-1 қорымының №1 қорғанынан (Л.С. Марсадолловтың қазбасы) домалақ тесіктері бар мүйізден жасалған сулық табылды (сурет 12). Сулықтың бір жақ ұшы кесілген, ал екінші жағы Усть-Куюмнан аршылған сулық секілді төртбұрышты пирамидаға ұқсас болып келген. Сулықтың ұзындығы шамамен 12 см. Орталық бөлігіндегі тесіктегі іздердің арқасында оның Минусинск көмбесіндегі сулық секілді үлкен үзенгі тәріздес ұшы бар ауыздықпен қолданылғанын айтуға болады. Семисарт-1 сулығына әзірше Сібір аймағында аналог жоқ. Ол Шығыс Еуропадағы мына археологиялық ескерткіштерден табылған мүйіз сулықтарға жақын: Веселая Долина ауылының маңындағы қорғандағы, Жирноклеевск асуыныңдағы қорғандағы. Осылайша Л.С. Марсадоллов Семисарт-1 қорымындағы сулықты б.з.д. VIII ғасырдың екінші жартысы мен VII ғасырдың бірінші жартысымен кезеңдеді.

Усть-Куюм қорымының №9 қорғанынан табылған сулықтың бір жақ ұшы жоғарлаған сайын қалыңдай береді және үш жағы төртбұрышты пирамида секілді болып жасалынған. Ал келесі жақ ұшы сынып қалған, бірақ төмендей бере кішірейіп, ұшы кесілген. Сулықтың ұзындығы 14,7 см, ал ең қалың жері 1,7 см. Жақсы сақталған сулықтың тесіктері бір беткейінде орналасқан. Марсадоллов Усть-Куюмдағы сулықты Шығыс Еуропаның Тенетинке өзенінің жағалауындағы №183 қорғандағы, Рось бассейіне жататын Медвин ауылындағы Горчаковск орманының жанындағы №2 қорғандағы, Воронеж маңындағы Старое Тулучеев ауылындағы қорғандағы, Мингечаурдегі сулықтардың тобына жатқызды. Сөйтіп бұл сулықты б.з.д. VII ғасырмен кезеңдеуді дұрыс деп санады. [5]

Жануар мүйізінің жанама бөлігінен жасалынған үштесікті доғалдана келген сулықтар Алтайдағы Чарыш өзені жағалауынан табылды. Мұндай сулықтар Орталық Қазақстаннан (Тасмола), Орта Азиядан (Ұйғарақ пен Түгіскен), Кавказдан (Березовский қорымы), Украинадан (Днестровка-Лука) және т.б. аудандардан анықталған. Осы топтағы сулықтардың тесіктері әрқалай, шетке қарай жылжып, орталығына немесе жоғарғы бөлігіне жылжып орналасқан. Чарыш өзеніндегі сулық ортасына жақын болғандықтан оны Шульга б.з.д. VII ғасырға жатқызды.

Ғалымдар Орта Азияда ежелден бері жылқының үш түрлі тұқымы болғанын анықтады: тауда жүруге ыңғайлы Тапал жылқы, ұзақ жүруге ыңғайлы шыдамды Қазанат және қазіргі ахалтеке жылқысының арғы тегі саналатын жүйрік жылқы (Тұлпар). Көшпелілер ұшқыр тұлпарларды да қадірленген, оларды қос-қостан жегіп

алып, сары далада сағымша жүйткіген. Жартастарға салынған суреттерде байырғы тайпалардың дүниетанымдық өресін, шаруашылық қарекеттерін (ан аулау, баққан мал тұқымдары), ең бастысы көлік, жегін құралдары (екі доңғалақты арбалары) туралы мәліметтер сақталған. [6]

Ежелгі сақтар мен ғұндар Хинған тауларынан Дунай өзеніне дейінгі кең байтақ аймақта үйір-үйір жылқы өсіріп, жылқыны мемлекеттілік пен қорғаныстың, өнер мен мәдениеттің, шаруашылық пен спорттың өресі биік деңгейіне жеткізген. Олардың балалары мен әйелдеріне дейін жылқы үстінде соғысу тәсілдерін жас кезінен жетік меңгеріп, өзге жұрттың зәресін ұшырған. Соның салдары деп айтуға болатындай мына бір жалпыға мәлім дерек соның дәлеліндей. Небір қанқұйлы жорықтарынан соң Еуропада, Кіші Азияда, Жерорта теңізінің аймағында, Мысырдаатпен бірге жаратылған адам басты, жылқы тұлғалы — кентаврлар туралы аңыз таралғандығы жалпыға мәлім.

Қалай болғанда да, жылқыға салт мінуді төл өнерге айналдырып, оны әскери әдіс-тәсілдермен шебер ұштастыра білген көшпелілер өз заманының ең қуатты мемлекеттерінің қатарынан ойып тұрып орын алған. Сондықтан болар, олар өздерінің жаңа жерлерді жаулап алуына, тіршілікке қажетті байлықтар мен игіліктерге кенелуіне бірден бір мұрындық болған жылқы түлігін аса қатты құрметтеп, жан серігі санаған. «Олар аттарына да мыстан кеудені жауып тұратын сауыт кигізеді», — деп жазады тарих ғылымының атасы Геродот, — ал жүгендерін, шылбырын алтынмен әшекейлейді». Сақтардың патшалары, қолбасшылары мен батырларының тек өздерінің бас киімдеріне ғана емес, мінген аттарының төбесіне де лауазымдық белгі — жыға таққан. Олардың қайтыс болған хандарды, ханзадаларды, батырларды т. б. жерлегенде, оның жан серігі болған атын «иесіне аты о дүние де серік болады» деген сеніммен жанына бірге жерлеген... Соның айғағы атымен қоса көмілген Қазақстан жерінен, Таулы және Өр Алтайдан табылған небір бекзаалар мен асылзадалардың қорымындағы жерлеу ескерткіштерінің биік өресі мен ғажайыптығына бүгіндер әлем жұршылығы тамсана қарайды [7].

Жылқы жүгенінің құрылысы өзгерген кезден бастап ауыздықтарда анау айтқандай ерекшелік байқалмайды. Олардың жасалу әдісі бір-біріне ұқсап, тек қана сыртқы безендіруіне қарап ажыратуға болады.

Әдебиеттер:

1. Тоқтабай А. Ботайдан басталған әлемдік жылқы тарихы//Қазақ әдебиеті. – Алматы, 2010. №45. 19-25 қараша, 6 б.
2. Тоқтабай А. Қазақ жылқысының тарихы. – Алматы: Алматы кітап, 2010.
3. Халиков А.Х. Волго-Камье в начале эпохи раннего железа (VIII-VI вв. до н.э.). – Москва, 1977.
4. Хинаятұлы Б. Ат жалынындағы мәдениет//Shahar-Культура, 2004, №2,
5. Черников С.С. К вопросу о хронологических периодах в эпоху ранних кочевников (по материалам Восточного Казахстана) // Первобытная археология Сибири. – Ленинград, 1975.
6. Черников С.С. О работах Восточно-Казахстанской экспедиции.//КСИИМК. – Москва, 1956.
7. Чугунов К. В. Уздечные комплекты алды-бельской культуры в контексте развития конского снаряжения//Снаряжение кочевников Евразии. – Барнаул: Изд-во АлтГУ, 2005.



УДК 339.54

ИНОСТРАННЫЙ ТОРГОВЫЙ КАПИТАЛ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В ДОРЕВОЛЮЦИОННЫЙ ПЕРИОД

Жанысбеков Мурат Ашимович - к.и.н.
г.Шымкент

Түйін. XIX-ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ даласында көптеген шетел кәсіпкерлері өзінің қызметін көрсетті. Соның ішінде шетел сауда капиалы қазақ саудасының дамуына үлкен үлес қосты

Summary. In Kazakhstan began to arrive the foreign businessmen. They have developed an industrial chain on manufacture, storage of a butter, by the necessary equipment and realization it on the foreign markets. All export of agricultural raw material was in hands of the foreign businessmen.

Вовлечение Казахстана в конце XIX - начале XX вв. в мировой водоворот товарообмена, происходило при непосредственном и активном участии иностранного торгового капитала. Вместе с новыми капиталистическими формами хозяйствования и проведением линии железных дорог в Степной край стал активно проникать иностранный торговый капитал. Экономическая отсталость края, отсутствие достойной

конкуренции, слабое развитие различных отраслей сельского хозяйства и промышленности позволило им развить здесь бурную деятельность

Широкая деятельность иностранных предпринимателей зиждилось на импорте различных предметов, где Казахстан выступал в роли импортера готовых фабрично-заводских товаров, сложной техники и машин, а экспортировало сырье. Отсталая экономика России, построенная на участии, во многом, иностранного капитала, еще не была способна производить достаточного количества товаров для повседневной жизни, а особенно, такой сложной техники для того времени, как сельскохозяйственные машины и орудия. Быстро заселяемая территория края переселенцами проявила громадный спрос на такую технику. Огромные пространства занятых переселенцами территорий, большие наделы земли на душу переселенца и казака (от 15 до 30 десятин), было трудно обрабатывать и засеивать вручную старыми орудиями производства, которыми они ранее пользовались. До этого крестьяне пользовались самыми примитивными сохами, деревянными боронами с железными зубьями и сабанами.[1] Этим моментом быстро воспользовались иностранные фирмы, предлагая новейшую продукцию в виде сложной сельскохозяйственной техники. Для деятельности иностранных фирм на территории Казахстана, как и во всей России, была создана необходимая юридическая база, и они почти беспрепятственно внедрялись в экономическую жизнь края, до того времени ни кем не занятую. Главное переселенческое управление установило тесные связи с заграничными производителями этой техники и их представителями в России.

Проникновение иностранного торгового капитала в Казахстан началось во второй половине XIX века, а наиболее интенсивно после проведения Сибирской железной дороги. Огромные пространства края, полезные ископаемые и животноводческое сырье издавна привлекало внимание иностранных деловых людей в степные пространства, здесь они наравне с российскими купцами могли приобретать дешевые кожи, шерсть, мясо, скот, взамен привозя и реализовывая фабричные товары, мануфактуру, бакалейный и галантерейный товар, одежду, обувь и сельскохозяйственную технику. Проводимая экономическая политика министра финансов, а в последствии премьер-министра царского правительства С.Ю.Витте, введение им золотого стандарта в России, и стабильное законодательство, четко определявшее статус иностранных бизнесменов, равенство их прав с отечественными предпринимателями и разумное ограничение деятельности в приграничных районах, все это способствовало расширению деятельности иностранных фирм.

Иностранное предпринимательство в Казахстане до 1917 года можно условно разделить на несколько этапов. Для первого этапа (примерно до середины 1890-х годов, т.е. до проведения Сибирской железной дороги) характерны отдельные случаи появления зарубежного торгового капитала и его последующее оседание, т. е., принятие русского подданства. Второй этап (с середины 1890-х годов до 1907 года) характеризуется деятельностью торгового капитала по скупке сельскохозяйственной продукции и продаже сельскохозяйственных машин, началом развития маслоделия и вывоза масла за границу. На третьем этапе (1907-1913 г.г.) иностранный торговый капитал совместно с банковским капиталом действовал в благополучной обстановке промышленного подъема. В это период открываются отделения акционерных коммерческих банков, появляются крупные иностранные предприятия в горнопромышленной и горнозаводской, нефтяной промышленности, начинается массовое переселение в Казахстан крестьян из Европейской России, в связи с чем расширяются пахотные земли и появляется большой спрос на сельскохозяйственные орудия и машины. В четвертый период (1914-1917 гг.) - деятельность иностранного капитала происходит в трудных условиях военного времени, фактического вытеснения германского капитала, и началом массового проникновения американского торгового капитала.

В 1890-х годах за границей образовались несколько компаний призванных развернуть свою деятельность в Сибири: в Дании - «Общество Датско-Сибирской торговли», в Англии – «Феникс», «Английско-Сибирская торговая компания», «Английская морская торговая экспедиция» и другие, которые организовали ряд торговых экспедиций, доставляя в Сибирь промышленные товары и вывозя отсюда сырье.

На обширный и динамично развивающийся казахстанский рынок сбыта сельскохозяйственных машин и орудий в числе пионеров прибыли представители американских заводов по производству сельскохозяйственных машин и орудий - «Мак Кормик», «Диринг», «Осборн», «Плано», «Мильвоки», «Чемпион» и другие. Уже в 1897 году представители этих фирм обосновались в Омске. Однако, в первое время своей деятельности названные фирмы не создавали собственных складов по реализации этой техники. Они первоначально поставляли для других частных фирм, как иностранных, так и местных комиссионеров машины оптом, а особенно для российских правительственных складов. Эти склады являлись самыми крупными агентами американских фирм.

Осенью 1902 года образовался международный трест «Интернейшнал Гарвестер компани оф Америка» (Международная компания жатвенных машин в Америке), которая вошла в финансовую систему Моргана, объединив ранее действовавшие на казахстанском рынке по раздельности крупные заводы по выпуску сельскохозяйственных машин из Америки и Канады, такие как: «Мак Кормик», «Диринг», «Чемпион», «Осборн» и другие.[2] Открыв свое отделение в Омске, трест получил в наследство уже налаженный этими заводами рынок сбыта по всей Сибири и Казахстану. С этого времени трест, еще более энергично стал

внедряться в местный рынок, постепенно превращаясь в монополиста в деле продажи сельскохозяйственных машин и орудий в Казахстане.

На втором месте по количеству складов и размеров оборота в Казахстане занимало товарищество «Столл и К». Оно главным образом продавало плуги своей заводской марки, уборочные машины завода Мак Кормик. Ее среднегодовой оборот достигал 1,5 млн. рублей в год. [2,58] Кроме этих двух компаний в Казахстане реализацией продукцией своих заводов занимались акционерное общество «Р.Эльворти», «Адрианс Платт и К», товарищество «Гельфедерик Саде», «С.Х.Рандруп», анонимное общество «Джон Гриевз», компании «Вальтер Вуд» и «Массей Гаррис».[3]

Наравне с представительствами собственных заводов занимавшихся реализацией своей продукции, на рынке находились множество других иностранных фирм, представлявших продукции нескольких иностранных заводов. Например, фирма «Энс» представлял сельскохозяйственные орудия и машины завода Геркулес, шведские орудия и лобогрейки завода «Кассен и Найфельд», завода Ремпеля, Братьев Брандт и др.[4] Немецкая фирма «Эверт» из Берлина продавала плуги и уборочные машины своего завода из шести отделений в Актюбинском уезде и Уральской области, с оборотом до 200 тысяч рублей в год. Компания «Рудолф Сакк» из Лейпцига сбывала плуги в Казахстане через фирму «Гельфедерик Саде» и имела свое представительство в Омске.[5]

Напористость и энергичность свойственная иностранным предпринимателям позволило им за сравнительно небольшие сроки окутать сетями своих магазинов и складов почти все более или менее крупные населенные пункты Казахстана. По данным Главной конторы Переселенческого управления, в том же 1907 году в одном только Петропавловске действовало 8 складов по продаже сельскохозяйственных орудий и машин, среди которых кроме комиссионеров Международной Компаний, имелись склады другого американского завода «Вальтера Вуд». [6]

Но самой известной в то время иностранной фирмой, раскинувшей сеть своих магазинов по всей России и Казахстану, было акционерное общество «Зингер» по продаже швейных машинок и ниток. Акционерное общество «Зингер» пришло в России в 1897 году с основным капиталом в 5 млн. рублей, владельцами которого являлись американские и английские подданные. Акции общества были реализованы при посредстве «Нейшнал банк оф Скотланд» в Англии, а главная контора для России находилась в Москве. [7]

АО «Зингер» имело завод в Подольске по производству швейных машинок. Доверенным лицом в Омске - этого старейшего на планете производителя швейных машинок в мире был Т.Нейдлингер, который постоянно через газету «Степной край» призывал местных жителей покупать машинки Зингер и воздерживаться от приобретения подделок. Поддельные машинки тоже носили в своих названиях престижную марку «С.Зингер», «Система Зингер», «Ноталис Зингер», «Усовершенствованный Зингер», но они стоили дешевле оригиналов. [8]

Широкая известность акционерной компаний «Зингер» была обусловлена тем, что во всех городах и селениях находились ее магазины, например: в Уральске, Чимкенте, Туркестане, Мерке, Аулие-Ате, селах Дмитриевка, Покровка, Александровка, Ключевое, Казанское, Бурно-Ивановское, Горное Аулия-Атинского уезда, Жаркенте, Зайсане, не говоря уже о более крупных городах. В магазинах и конторах этой фирмы служили в основном местные жители, в том числе и казахи. Так например, в Верненском отделении компании «Зингер» работали служащими М.Толбаев, В.Трофимов, С.Уразаев, Т.Чокатаева, К.Карабаева. [9] Швейные машинки «Зингер» хорошо раскупались, так в Верненском отделении в 1910 году работало 12 человек и обороты составляли 67146 рублей в год. [10]

Еще одной широко известной фирмой, окутавшей сетью своих складов весь Казахстан, являлась фирма «Братья Нобель» по продаже керосина. К этому времени керосиновые лампы обрели широкое применение в быту. Ее склады были во многих населенных пунктах, таких как, Петропавловск, Усть-Каменогорск и другие - на севере, Казалинск, Перовск, Мерке, Верный, Чимкент - на юге и т.д. [11]

Датские, английские, германские фирмы, занимающиеся скупкой сливочного масла, яиц, дичи и т.д. одновременно со своих контор реализовывали предметы необходимые для маслоделия: сепараторы, буковые клепки для изготовления бочонков и т.д. К таким конторам относились Сибирская компания, торговый дом «Лунд и Петерсон», К.Йергенсон, С.Х Рандруп, Датско-Сибирское экспортное общество, и другие. Даже клепка для изготовления бочонков ввозилась из-за границы. Ее до 1915 года ввозили из Германии, Дании, Англии. Основными же поставщиками ее являлись Сибирская компания и «Лунд и Петерсон», которые перепродавали ее другим маслоэкспортным конторам, и маслоделы упаковывали масло в материал полученный из третьих и четвертых рук. Чтобы избежать конкуренции и сохранить высокие прибыли по продаже буковой клепки, иностранные фирмы отказывались от местных сортов клепки, ссылаясь на ее не соответствие требованиям мирового рынка.[12] Сепараторы же завозились в основном шведского, датского, германского производства.

С деятельностью иностранных фирм казахи приобщаются к сенокосению. Согласно источникам все косы были австрийского, немецкого производства. С появлением сенокосилок и конных граблей во много раз увеличилось количество выкошенного сена, что сохраняло казахов от такого внезапного бедствия, как ждут. Но

эти перемены мало благоприятствовали казахскому населению, которое страдало от нехватки пастбищных земель и общего сокращения количества скота из-за безудержного экспорта ее продуктов в Россию и за границу. Наплыв дешевых импортных предметов быта, таких как: топоры, молотки, косы, кетмени, утюги, ножницы и многое другое, разрушал вековые традиции кустарной и ремесленной промышленности.

Таким образом, деятельность иностранных фирм в Казахстане в дореволюционный период все больше обретал тенденцию закрепления на местном рынке, и подчинения своему экономическому влиянию. В хозяйственной жизни края, увеличилось количество сельскохозяйственного инвентаря у местного населения, и по темпам его приумножения и количества на душу населения оно опережала даже центральные российские губернии. По утверждению американского исследователя Дж. Демко, в европейской России только у 29 % крестьян имелись железные плуги, тогда как у крестьян Казахстана этот показатель достигал 81,7 %, а во всей Западной Сибири только у 31,1 процентов крестьян имелись железные плуги. Также увеличивалось благосостояние оседлого населения. У крестьян Казахстана чистый годовой доход составлял 14 рублей, когда как сравнительно у Воронежских крестьян чистый доход за вычетом всех расходов составлял только 4 рубля.[13]

Результаты деятельности иностранных фирм проявлялись почти во всем, одним из этих проявлении было изменение в одежде. На рубеже XIX-XX веков складывался новый тип костюма, определяемый как «европейский», и в связи с этим появляется новое понятие - мода, которая менялась вместе с общими экономическими, социальными и культурными процессами. Готовые платья, в частности дамские наряды, обувь завозившиеся в города, были большей частью варшавского, лодзинского и московского производства, но изготовленные по европейским аналогам. К концу XIX века устанавливается новый тип в мужской одежде – брюки, жилет, пиджак, пальто. К костюму полагалось крахмальное белье (воротники Рига, Дрезден, Берлин), Каштан, Ницца, Анно, монжеты Ибси, Барвин.[14]

Говоря о значении деятельности иностранного торгового капитала в Казахстане мы приходим к двоякому мнению. Конечно же, основной целью деятельности иностранных фирм являлась реализация своих товаров, и получение дополнительной прибыли. В результате деятельности по продаже сельскохозяйственных орудий и машин во много раз увеличились объемы распаханых полей, сбора хлебов, скошенного сена, что в экономическом плане увеличил общий объем урожаев и несколько улучшило экономическое положение и благосостояние оседлого населения края; приобщила к более передовой западноевропейской технике, к товарно-денежному обращению, обучила правильно вести торг, появились качественные товары. Сотрудничая с иностранными фирмами, обогащаясь на посреднических операциях, стал формироваться местный торговый капитал.

Но, тем не менее, производство сельскохозяйственных продуктов оставалось экстенсивным, увеличение объемов продуктов зависело от увеличения распашек, объемы вывоза сливочного масла зависело от роста количества коров. Очень медленно происходил переход к интенсивным методам хозяйствования. В тоже время деятельность иностранных фирм способствовала дальнейшей колонизации края, постепенно превращая ее в рынок сбыта фабричной продукции, тормозя развитие местной промышленности. Торговля между иностранными фирмами и местным населением была не эквивалентной. Иностранные фирмы наживались на разнице цен, сбывая промышленные товары по наивысшей цене, и приобретая сырье по минимальным существующим ценам. Зачастую невозможность оплатить приобретенные товары, приводило к разорению многих крестьянских и казахских хозяйств. Иностранные предприниматели чувствовали себя здесь, как и себя дома. Тесно сотрудничая с местной властью, он безжалостно эксплуатировали народ.

Источники и литература


1. Огановский Н.П. Народное хозяйство Сибири. - Омск, 1921. - С.210
2. Краткая энциклопедия по истории купечества Сибири. -Новосибирск, 1997. - Т.3. – С.77.
3. Лукин А.А. Американская монополия «Интернейшнал Харвестер и К» в Сибири. // Из истории Сибири. - Томск: Издательство Томский университет, 1971, Вып. 3. - 238 с. /- С.126/.
4. Там же: С.129
5. ГАОО - Ф.78. - оп.1. - д.7. - л. 4.
6. Памятная книжка Семипалатинской области на 1901 год. - Семипалатинск, 1901; Памятная книжка Семиреченской области на 1904 год. Б.м.Б.г. Т.ч.; Памятная книжка Тургайской области на 1904 год. - СПб., 1905; Памятная книжка Уральской области на 1912 год. – Уральск, 1912.
7. ГАОО - Ф.108. - оп.1. - д.2. - л. 424.
8. Коммерческие вести. - Омск, 1998, №5.
9. Сибирский торгово-промышленный ежегодник за 1913 год. - СПб., 1914. -С.140, 149, 160, 190, 463, 482, 547; ЦГА РК - Ф.510. - оп.1. - д.2. - л.71 - 210.
10. ЦГА РК - Ф.342. - оп.1. - д. 575. - л. 38 об.
11. ЦГА РК - Ф.342. - оп.1. - д.538. - л.108.
11. Адресно-справочная и торгово-промышленная книга "Сибирь". – Томск, 1910. - С.192; Сибирский торгово-промышленный ежегодник за 1913 год. - СПб., 1914. - С.190, 463, 482, 547.



12. ГАОО - Ф.81. - оп.1. - д.80. - л. 20-21.

13. Демко Дж. Ἰδὺπὸἀδᾶϊ» ῥᾶσᾶῖῃῃῃ ἰῃῃῃῃῃ. - Ἀ.: «ἑῖῃῃ», 1997. - 168 ἄῃῃ.

14. Сабурова Т.А. Кисилев А.Г. К вопросу об Омском городском костюме на рубеже XIX-XX веков. // Проблемы историографии, источниковедения и краеведения. - Омск, 1997. - С.183-187.



ӘОЖ 82.091

«ИГОРЬ ЖАСАҒЫ ТУРАЛЫ ЖЫРЫНЫҢ» ТІЛІНДЕГІ ТҮРКІЛІК КӨРІНІСТЕР

Кембаева Айнұр Тұрарқызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің докторанты
Алматы қаласы

Аңдатпа. Ғылыми мақалада О.Сүлейменовтің «Азия» еңбегіндегі «Игорь полкы жайындағы жырда» кездесетін түркізмнің көріністері, славистика мен түркітану мәселелері, сонымен қатар автордың түркітану ғылымына қатысты терең көзқарастары мен тұжырымдары талданып берілген. Осымен қоса, еуропа тілдеріндегі жазылу мен айтылуға байланысты ерекшеліктердің түркі тілдеріндегі көрінісі, жырдың берілу тарихы, шумер-түркі арақатынасы біршама ашылған.

Тірек сөздер: түркізм, славистика, шумер, салыстырмалы тіл білімі, кипчакизм, қостілділік, үндіеуропа тілдері, көне-түркі ескерткіштері.

О.Сүлейменовтің «Азия» еңбегі тұңғыш рет 1975 жылы «Жазушы» баспасында жарық көрген. Оқырманға жол тартқан мезеттен бастап-ақ, бұл шығарма үлкен резонанс тудырды. Оның себептері де осы мақаламызда анықтап жазылады.

Олжас Сүлейменов – көрнекті мемлекет, әрі қоғам қайраткері, ірі дипломат, әрі саясаткер, әлемдік тұлға, ұлттардың дәнекері, белгілі ақын. 1983-1991 жылдар аралығында Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының 1-хатшысы, Қазақ КССР-і Жоғары Кеңесінің депутаты.

1990 жылы ядролық апатқа қарсы «Семей-Невада» қозғалысын құрып, Семей полигонының жабылуына зор үлес қосқан болатын. 1995 жылы Италияда, 1996 жылы Грекия және Мальта республикаларында Өкілетті және төтенше елші болған.

Қоғам қайраткерінің өмір жолындағы осыншалықты атқарған қызметтерін бағамдасақ, оның жан-жақтылығы мен әсіресе, ұлтжандылық қасиетін ерекше атап өтуімізге болады.

1961 жылы оның «Арғымақтар» атты өлеңдер жинағы жарыққа шығып, дәл осы жылы оны дүниежүзіне паш еткен «Адамға табын, жер, енді» атты поэмасы жарыққа шығып, әдеби әлемді дүр сілкіндірді.

Дегенмен, қазақ тарихы, мәдениеті және түркітануда ерекше таңба қалдырып, адамзатты үлкен ойларға, ғылыми жаңалықтар мен ізденістерге итермелеген негізгі туындысы – «Азия» екендігі жасырын емес.

Шығарманың негізгі зерттеу нысаны – «Игорь жасағы туралы жыр». Жырдың текстологиясын зерттей келе, Олжас Сүлейменов жаңаша, әрі өзіндік тұжырымдар жасай білді. Дәлірек айтсақ, бұл жырдың түркі және славян мәдениеттерінің өзара ықпалы нәтижесінде туған шығарма екенін дәлелдеп шықты.

Сол кездегі сұрқай саясаттың нәтижесі болар, Кеңес идеологтары оның тұжырымдарын пантюркистік және орыс мәдениетіне қарсы жазылған ұлтшылдықтың көріністері деген айыптар тағады. Тіпті, ол кітапті оқуға да тиым салынады. Автор өзінше қуғындалып, моральдық қысым жағдайына түседі.

Бұл оқиғалар турасында шын мәнінде Олжас Сүлейменовтің өзі былай деп жазған екен: «Мен бұл кітапты жазуға Дала мен Русьтің тарихы ежелден қойындасып кеткенін, екі елдің тарихтың ұзына бойында негізінен жақындасуымен, бауырласуымен өткенін, халықтардың тілдері тіпті араласуға дейін жеткенін дәлелдеу үшін кірістім... Кітаптің ел назарына ілігуі де – менің «Игорь жасағы жайындағы жырдың» ең алғашқы қостілді оқырманы болғандығымнан». [1:19] Осы тұста біз автордың екі елді араздастыру мақсатында емес, бауырластыруды мақсат тұтқанын байқауымызға болады. Және оның бұл шығарманы сауатты талдап, өзіндік ғылыми тұжырымдар беруі – қостілді оқырман ретінде екі тілде де сауатты болуы деп түсінуіміз қажет.

Шығармадан мысал берейік. Жырда: «Се уримь кричатъ подь саблями половецкими» деген жол бар. Ал монолингвист-аудармашылар мұны «се у Римъ» деп түсінген, сонда қарап отырсақ, Кончак қыпшақтары Римге дейін барған ба? Одан соң Мәскеуді «Третий Рим», яғни «Үшінші Рим» деген. Ал О.Сүлейменов осы тұста былай дейді: «Мен тәрізді қостілді оқырманның көзімен қарасаңыз бәрі оп-оңай. Мұндағы «Уримь» - түрік сөзі», - деп өздігінше дәлел келтіреді. [1:14]

Дегенмен, неге орыс халқы бұл жырда түркі сөздерінің болуына үзілді-кесілді қарсылық танытты екен деген сұрақ туындайды. Мәселен, Корей тілінің 75% қытай сөздері, француз тілінің 25% араб сөздері құрайды

екен. Олай болса, тілдің эволюциялық даму жолында мұндай сәйкестіктер мен тілдік элементтердің араласып келуі – заңдылық. Оны мойындамаудың өзі үлкен қателік десек те болады.

Дұрысында қыпшақ және оғыз тілдерін салыстырып қарасақ, ежелгі оғыз тіліндегі жәдігерлерден айқын кипчакизмдерді көруімізге болады. Олар лексикасынан да, грамматикасынан да танылып, ал мұның өзі екі тілді бұтақтың да Орхон-Енисей жазбаларынан көп бұрын болғанын, әрі бір-бірімен байланыстылығын айқындап көрсетеді.

Жалпы, бұл жырдың пайда болу тарихына біраз шолу жасап өтейік. 1791 жылы граф Мусин-Пушкин сол кездегі негізгі қызметтердің бірі – оберпрокурор болады. Сол тұстағы патшайым Екатерина II кітапханалар мен архивтердегі орыс халқының тарихына қатысы бар жазбалардың барлығын алуға үкім шығарады. 1972 жылы Мусин-Пушкиннің қолына XVI ғасырға жататын жинақ ілігіп, арасынан «Игорь жасағы туралы жырдың» көшірмесі табылады. Алайда, 1812 жылғы Мәскеу өртіне жырдың түпнұсқасы өртеніп кетіп, тек қолжазбасы қалған екен. Осы өрттен кейін жырдың тарихта болған, болмағанына орай түрлі пікірлер екіге бөлінеді.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында Ресейде осы мәселеге қатысты күдіктенушілердің қатары өзінше бір мектепке айналған еді. М.Т.Каченевский мен оның мектебінің өкілдері қолдағы деректерді асықпай салыстыра келе, «тарихи дамудың жалпы заңдылықтарына сәйкес» талдау қажеттігін баса айтты. Кейінірек скептиктер мектебінің тағы бір өкілі болған Н.И.Надеждин: «Кез келген оқиғаның ақиқаттық сипатының өзіне тән ішкі шарты болады. Осы ішкі шарттар оқиғаның тарихи мүмкіндігін қалыптастырады. Егер оқиға осы заңдылықтарға мүлде қарама-қайшы бағытта тұрса, мені ешқандай тарихи жазба да, сын атаулының бар тепкісіне мойымаған белгілі бедел иесі де осылай болған еді деп сендіре алмайды», - дейді. [1:13] Мұндай скептик ғалымдардың қатарында О.И.Сенковский, М.Н.Катков, И.И.Давыдовтар болады. Ал, ғалым К.С.Аскаков бұл жырды орыс халқының патриоты емес, шетелдік біреудің жаза салған жалған шығармасы деген пікір айтады.

Бұдан кейінгі жылдары бұл жырдың мәтінін зерттеген Л.А.Творогов 1923 жылы Петрозаводскіде болып, Оленец семинариясының оқытушысымен танысып, ол кісі осындай қолжазбаның болғандығын растап, тіпті сипаттамасын да айтып береді.

«Игорь жасағы туралы жырдың» өн бойындағы осындай мәліметтердің, зерттеулердің ақиқаттылығын, яғни, XII ғасырға жататын шығарма екендігін дәлелдеген қорғаушылардың тобы мәселені тым шиеленістіріп те жіберген еді. Мұнда оқиғаның қалай туғандығын шартты түрде болса да, солай қабылдау керек еді. Сонда, бұл жырдың кем дегенде екі дәуірге – XII мен XIV ғасырларға тән сипатын мойындауымыз қажет деп ойлаймыз.

О.Сүлейменов шығарманың өн бойындағы түркізм көріністерін барынша ашып көрсетуге тырысады. Еңбектің «Көктеңбіл күн» тарауында ескерткіштің бұрын жарияланбаған оқуға қиын түскен тұстарын ашуға арналады. Бір мысал келтірейік:

... Игорь ждет мила брата Всеволода,

И рече ему буйтурь Всеволод...

Қолжазбамен алғаш айналыса бастаған Мусин-Пушкин осындағы «буйтурь» сөзін былайша түсіндірген екен: «Буй – тағы, жабайы, тур – өгіз, бұқа». Сонда оның пікірінше, Буйтур – Буйвол. Яғни, мұнда Всеволодтың күші мен айбынын әсірелеу нәтижесін көруімізге болады. Қарап отырсақ, бұл – «халықтық этимология» көріністері.

Осыған ұқсас тағы бір мысал келтірсек:

«Всеслав изъ Киева дороскаше до курь Тмутороканя». Мусин-Пушкин мұны былай түсіндіреді: «кінәз Курскіден Тмутороканяға дейін шапқан», сондықтан да «Курь» сөзін бас әріппен жазады. Осыған байланысты ғалым Д.С.Лихачев «таңғы қораздың шақыруын» еске ала отырп, «дон курь» - «қоразға дейін» деген мағына береді деген түсіндірмесін қабылдайды. Бұлайша оқу емлеге қарсы деп, мәселе «қораз» емес, «тауықта» дейді. Жырдың осындай тұстарын О.Сүлейменов былай түсіндіреді: «Түркі тілдерінде «кура» деген сөз бар (тартарша – құра, қазақша - қора). Оның көне сөз екенін X-XI ғасырдағы түркі ескерткіштері дәлелдейді. Оның түбірі – «құр» (құру, тұрғызу, қорған, қамал, құрылыс, құрама, құрам) (Радловтың «Түркі сөздерінің сөздігі»). Мұндағы «кура» сөзі – жырдағы көрінбейтін түркізмнің тағы бір көрінісі. Менің аудармам бойынша: «Доскокал до стен Тмутороканья» деп, «курь» - «стена» - қорған, қамал деген аударма береді.» [1:57-58]

Жырды оқи отырып, О.Сүлейменов жыр авторының түркі тілін білгеніне, тіл ерекшеліктерін түсінетініне көзі толық жетеді. Бірақ, автор түркізмдерді бұлжытпай сол қалпында емес, бір жүйеге түсіріп беріп отырғандығын айқындайды. Ең бастысы, оның кейіпкерлері батыс қыпшақ диалектісінде сөйлейтіндігін байқауымызға болады дейді. Мәселен: ханның орнына – «қан», қатынның орнына – «хадын», қағанның орнына – «когань» тәрізді сөздердің берілуі – таза түркізм элементтерінің көрінісі деуімізге болады. Жырдың өне бойынан осындай түрлі диалектілерді кездестіруге болатындығын О.Сүлейменов дәлелдейді.

Түркізм белгілері тек шығарманың тілінде ғана емес, мазмұны мен сюжеттік барысынан да көрініс табатындығын баса айтады. Мәселен, жырдың аман сақталып қалған соңғы бөлімінде Игорьдың тұтқыннан қашып шыққан тұсы, князьдың еліне оралып, оның тұтқыннан құтылуына байланысты бүкіл жұрты болып қуанып, той жасағанымен аяқталуы – түркі халықтары жырларындағы, дастандарындағы қаһарман құрметіне арналған салтанатпен аяқталғанын байқауымызға болады.



«Кітапқа синкретизм тән болады, бұл әдіс кезінде көркемдік элементтері публицистика мен философиялық қорытулармен тұспа-тұс келеді. Ақын ойының еркін ұшуы дайын ақиқатты қабылдамайды, бұл қалыптасқан пікірлердің жалған тұтастылығын тарату үшін жасалатын ұшу болады». [2:3]

Жалпы, үндіевропалық тілдердің бастан кешкен тарихы – түркі тілдеріне қарағанда анағұрлым күрделі. Оны құрылысынан тануға болады. Бір жарым мың жыл бұрынғы скандинавиялық руникалық ескерткіштердің тілі қазіргі германистердің өзіне де түсініксіз. Бұлардың ашылғанына 2 ғасыр өтсе де, әлі оқылып жатқан жоқ. Ал, дәл осы дәуірлерге жататын ертедегі түркі халықтарының тасқа қашалып жазылған жырларының мәтіні бүгінгі күні толық оқылып жатыр.

О.Сүлейменов «АЗИЯ» еңбегін құрғақ сөздермен, бос дәйектермен зерттеген жоқ. Оның ғылыми түсінікпен, біліммен қаруланған ғалым екендігін еңбектің өн бойынан байқауымызға болады. Ол салыстырмалы, салғастырмалы тіл білімдерінің негізін қалаған танымал ғалымдар Вильям Джонс, Франц Бопптардың ғылыми тұжырымдарын негізге ала отырып, терең зерттеулер жүргізгенін байқауымызға болады. Өйткені, В.Джонс санскрит қолжазбаларымен таныса отырып, қазірде салыстырмалы тіл білімінің теориясына айналған мына сөздерді тебірене жазады: «Көшпелілігіне қарамай, санскрит тілінің құрылымы таң қаларлық: грек тілінен гөрі әлдеқайда көп жетілген, латын тілінен анағұрлым бай, оларға қарағанда анағұрлым қазыналы және бай. Бірақ оларды зерттеушілер – олардың ортақ қайнар көзден шыққандығына сенімсіздік танытады», - десе, Ф.Бопп В.Джонстың мәлімдемесінен бастап санскриттегі, грек, латын және гота тілдеріндегі грамматикалық ерекшеліктерді салыстырмалы әдіспен зерттеді. Демек, О.Сүлейменовтің салыстырмалы лингвистиканың дамуында өзіндік орны бар ғалым деуімізге толық негіз бар.

Үндіевропаның тіл білімі көне үнді жазуы (санскрит) ескерткіштерінің тілін зерттеумен басталса, түркі тіл білімі де Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің тілін зерттеуден туындайтынын байқаймыз. Ғалымның ойынша: «Тіл – ең бір самарқау құрылым. Толысып, кемеліне келген тілге «сырттан жаңалық енгізіп», оны мәңгі қалдыру үшін оның өзге тілдермен ұзақ уақыт бойы өзара байланысқа түсуі керек». [3:34]

Славян және түркі тілдері қалыптасу кезеңінде де, неғұрлым толысып, дербестік алған шағында да тығыз байланыста дамығанын байқауымызға болады.

О.Сүлейменовтің пікірінше: «Түркітану мен славистика бір-бірімен 2 ғасыр емес, ұзақ уақыт бойы тығыз байланыста болған». Сонымен қатар, оның пікірінше, егер түркі тілдеріне жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінетін болса, тарихнама мен тіл білімінде қаншама аңыз-ертегілердің орнын ақиқат басатындығын баса айтады.

Еңбектің екінші «Шумер-наме» атты бөлімінде автор шумер-түркі арақатынасы туралы зерттеу жүргізіп, тыңғылықты дәлелдемелер береді. Еңбектегі ең қызықты тұсы – шумер лексикасын түркі лексикасымен салыстырудың қысқаша кестесі: [1:222-229]

1. Адамға байланысты сөз табы. (1-кесте)
2. Табиғатқа байланысты сөз табы. (2-кесте)
3. «Құдай табы» (3-кесте) атты үш кесте беріледі. Үш кестеден бірер мысалдан берейік: (1-кесте)

Адамға байланысты сөз табы

№	Шумер сөздері	Түркі сөздері
1.	ДУМУ бала, ұрпақ	ТУМА бала; ұрпақ, тұқым (жалпы түркі)
2.	ЕРЕ (ЕР) құл. Жоғарғы сөздің дамытылуы	Ер сарбаз; батыр (жалпы түркі)
3.	ГИГ қараңғы, қара, өлім	ГИУК (КУИУК), күйе, қараңғы; уайым, қайғы (жалпы түркі)
4.	ШУБА (СИПА) шопан	ШУПАН (ЧУБАН, ЧОГАН, ЧАБАН) (жалпы түркі) - бақташы

(2-кесте)

Табиғатқа байланысты сөз табы

№	Шумер сөздері	Түркі сөздері
---	---------------	---------------

1.	АМАР бұзау, жас төл	МАРА малдың жас төл саналатын мерзімі (түрікше). МАРАА (МАРҚА) қозы (жалпы түркі). ПАРУ – БҰЗАУ (шуаш)
2.	ЕДЕН дала	ЕДЕН киіз үйдін едені (қазақ) АДАН киіз үйдің асты; табаны (шағатай)
3.	УЗУГ (УЗУ, УЗ) суда жүзетін құс	ИУЗУК (ЖУЗУК) суда жүзетін құс (жалпы түркі) КУРУК сөзіне саяды.
4.	УДУ қошқар; күн тәңірісі, қасиетті	УДУК (ЫДУК) қасиетті, киелі (көне түркі)

(3-кесте)

«Құдай табы»

№	Шумер сөздері	Түркі сөздері
1.	УШ үш	УШ (УЧ, УЧ, ИС) үш (жалпы түркі).
2.	ДУБ қыш кесте, құжат	ТУП күйдірілген кірпіш (түрік)
3.	УД от	УТ (УД, ОТ, ОД) от (жалпы түркі).
4.	АН аспан; жұлдыз	АН (АЙ) ай (жалпы түркі) Түбірі сын есімде де сақталады. АНЫҚ, таза, айқын, жарық.

Кестеден шумер лексикасы мен түркі лексикасын салыстыруға әбден болатындығына көз жеткіземіз. Кестедегі сөздердің формалары мен мағыналарының толық сәйкестігінде белгілі бір жүйенің бар екенін байқауымызға болады. Сонымен қатар, бұл тілдердің ұзақ уақыт бойы тығыз қарым-қатынаста болғанын зерделейміз. Тіпті, кейбір мысалдардан шумер сөздерінің түркі сөздеріне тәуелді болғанын да аңғаруымызға болады.

Демек, шумер жазуының тарихы б.з.б. 3 мыңжылдықтың соңында десек, түркі тілдерінің тарихын б.з. 4 ғасырлары, яғни, Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен емес, сонау тарихтың терең қойнауларынан іздеу керек екенімізді О.Сүлейменов дәлелдеп берді. [4]

Жоғарыдағыларды зерделей отырып, мынадай тұжырымдар жасауымызға болады: «АЗиЯ» еңбегіндегі «Игор полкы жайындағы жырда» түркізмнің көріністерін толыққанды байқаймыз. Олай дейтініміз, еңбекте автор славистика мен түркітану мәселелеріне терең ене отырып, түркітану ғылымына қатысты терең көзқарастары мен тұжырымдарын берген. Еуропа тілдеріндегі жазылу мен айтылуға байланысты ерекшеліктердің түркі тілдеріндегі көрінісі туралы тұжырымы нақты. Жырдың берілу тарихы, шумер-түркі арақатынасы біршама ашылған. Және ғалымның ең негізгі ойы – түркі тілінің славистикадан кем түспейді деген тұжырымы.

Ғалым өз зерттеуінде Еуразияның барлық тілдерін үлкен ағзаның мүшелері ретінде біріктіретін тірі жүйелер есебінде қарастырады. Үндіеуропа тілдері сияқты түркі тілдерінде де сол фонетикалық, морфологиялық және семантикалық заңдылықтардың бар екенін дәлелдейді. Түркі тілдерінің шумер тілдерімен арақатынасы тек қана түркітану мәселесі емес, сонымен қатар, жалпы тіл білімінің мәселесі болуы шарт дейді.


Қорыта айтқанда, «АЗиЯ» - тарихи-лингвистикалық талдау кітабы, тіл біліміндегі үлкен жаңалық. Сайын Мұратбековтың редакциясымен, Сәбетқазы Ақатаевтың аудармасымен, өлең жолдарын Қадыр Мырзалиев арқылы қазақ тілінде сөйлеген кітаптың мәні мен маңызы өте зор. Бәлкім, О.Сүлейменов бұл еңбегін қазақ тілінде ғана жазып қойса, мұндай тарихи резонанс тумас та еді. Ирландия әдебиетшісі Бернард Шоуға «еңбектеріңіз неге ағылшын тілінде жарық көреді, туған тіліңізде емес», дегенде, ол: «Кезінде өзімізге қысастық жасаған халықтың тілінде үлкен дүниелерді жарыққа шығару – сол мемлекетті үндемей отырып бауыздау», - деп керемет жауап берген екен. Ең бастысы, О.Сүлейменовтің еңбегін талдау барысында біз одан нағыз ұлтжанды азаматтың бейнесін көре аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. О.Сүлейменов. «АЗиЯ». Алматы: «Кітап» баспасы, 1992
2. «Казахстанская правда», 18 қаңтар 2013
3. В.Гусев, Национальное, интернациональное и общечеловеческое: об Олжасе Сулейменове и его «Глиняной книге» // в кн. Герой и стиль, М., 1983



4. <https://massaget.kz/blogs/8658/>



ӘОЖ 94 (574)

ПОСЛЕДНИЕ ГОДЫ КЕНЕСАРЫ, ИЛИ ЖЕ КАЗАХО-КИРГИЗСКИЕ ОТНОШЕНИЙ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА

Ғылыми жетекші: Байлыбеков Гани Рахметуллаевич
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының
аға оқытушысы, магистр.
Рахметулла Шыңғыс Төлендіұлы
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының
3 курс студенті.
Тараз қаласы

Аңдатпа: Мақалада шиеленіскен сәтіндегі қазақ-қырғыз қатынастары туралы сипатталған. Бұл оқиғалардың басты тұлғасы, көшпелі халықтың соңғы ханы – Кенесары, атап айтқанда оның соңғы жылдары болады. Біздің дереккөздерімізге ғана емес, қырғыз қолжазбаларына сүйене отырып, біз осы оқиғалардың ауқымына кеңірек қарап, Кенесары ханның өлімінің нақты себебін түсіне аламыз. Сондай-ақ, мақала ғылыми әдебиеттер, мұрағаттық дереккөздер мен фольклорлық материалдар сияқты үш бағытта зерттелді және осы еңбектердің барлығы бізге осы жерде қойылған сұрақтарға жауап беруге көмектеседі.

Аннотация: В данной статье описываются о казахо-киргизских отношениях в момент её напряжений. Ключевым же личностью этих событий будет последний хан кочевого народа – Кенесары, а именно его последние годы. Опираясь не только нашим источникам, но и киргизским рукописям, мы можем взглянуть шире на масштаб этих событий, и постичь истинную причину гибели хана Кенесары. Так же статья была изучена в трёх направлениях, таких как – научная литература, архивные источники и фольклорные материалы, и все данные труды, помогут нам ответить, на заданные здесь вопросы.

Annotation: This article describes the Kazakh-Kyrgyz relations at the time of its tension. The key personality of these events will be the last khan of the nomadic people - Kenesary, namely his last years. Relying not only on our sources, but also on Kyrgyz manuscripts, we can take a broader look at the scale of these events, and comprehend the true cause of the death of Khan Kenesary. Also, the article was studied in three directions, such as scientific literature, archival sources and folklore materials, and all these works will help us answer the questions asked here.

*«Только в лице Кенесары мы встречаем в истинном смысле
национального казахского героя, мечтавшего о политическом
объединении всех казахов, без различие племен и даже орд.
Лично очень храбрый, он обладал неутомимой энергией
и был в то же время очень искусным политиком»
Николай Коншин*

В 1837-ом году, на политическую арену выходит вспльчевый потомок Аблая – хан Кенесары. На протижений восьми лет «1837 – 1845» Кенесары производит ряд победоносных нападений на российские укрепления, расположенные в землях среднего и младшего жуза. Но наша задача не в том что бы останавливаться на каждом из этих сражений, а в том, чтобы понять – какое же положение имел хан Кенесары в середине 40-ых годов, в момент первых связей с Киргизскими манапами.

А положение Кенесары в этот момент складывались не самым лучшим образом. Он вёл борьбу на два фронта, с севера против карательных отрядов Белого Царя, а с юга против Кокандского ханства, с которыми Кенесары имел свои личные счёты. Ведь известно что братья Кенесары – Саржан и Есенгельды, а также его отец – султан Касым, были подло убиты от рук кокандцев, оставив молодого Кенесары на произвол судьбы.

Возникает вопрос, почему же многие соратники Кенесары, и именитые батыры как Жоламан и Сыпатай, покинули своего предводителя? На вопрос такого характера, я бы хотел оставить свое «личное» мнение, сделав вывод исходя из прочитанных мною литератур. Начнём с Жоламана, батыр происходивший из рода табын. Известно только то что он покинул Кенесары отправившись в земли младшего жуза, а его дальнейшая судьба неизвестно, но примерный ответ на данный вопрос можно определить.

В одной из карательных экспедиций Белого Царя, когда Кенесары находился со своими сарбазами на охоте, была схвачена любимая жена Кенесары – Кунимжан [1, ст. 284]. Узнав о происшествий, и о похищений, Кенесары словно ураганом проходит через земли младшего жуза, которые активно поддерживали царскую

власть. Казнив султанов, и старшинов рода табын, из которого происходил Жоламан, Кенесары тем самым вызывает ряд недовольств среди соратников, в результате которого часть из них во главе с Жоламаном решают просто покинуть своего предворителя.

Что же касается Сыпатая, то вряд ли бы я назвал его действие «предательскими». Он выходил из рода Ботпай, первенец Дулата. Когда богатые земляки, имеются ввиду «чингизиды», прогнали Сыпатая с родных мест, то он нашел приют у киргизского народа. Всю свою жизнь он отдал в борьбе с киргизами против кокандского гнёта, и за заслуги свои получил от них убежище и скот [2]. А когда хан Кенесары предпринял поход на земли киргизов, стал бы Сыпатай поднимать меч свой против братского народа? Отнюдь нет. Именно поэтому он увёл своих людей из войск Кенесары, продемонстрировав тем самым не «предательское отношение» в сторону хана, а просто «нежеланием сражаться» против тех, кто однажды протянул ему руку помощи.

Так же в своих нападениях на ауылы младшего жуза, Кенесары жестоко казнил Алтыбая Кубекова – бийя рода Жаппас, который был под покровительством царской администраций. Эта фатальная ошибка Кенесары вынуждает его стиснуться на юг, в земли старшего жуза. А царь Николай I в свою очередь объявляет 3 000 рублей за голову мятежника [1, ст. 284]. Все были заинтересованы данным предложением, но никто не решался на такое гнусное предательство.

Виноват ли Кенесары на самом деле в том, что пошел против своего народа? Думаю нет. Ведь это тот же народ который больше проявлял симпатию к Белому Царю, нежели ханской власти. И процесс репрессий устроенным Кенесары, отражается для меня лично как «напоминания» народу о своих былых традициях и культурах. Действительно ли дела Кенесары шли настолько плохо, что он покинул родные кочевья под натиском русской армий? Давайте же раскроем истинный ответ данного вопроса.

Как пишет Р.Темиргалиев, Кенесары уже получал от властей – «помилование величайшего уровня», но не стал им придрываться долговременно [1, ст. 282]. Однако когда ханша была возвращена, мир все же был возобновлен. Этот же факт подтверждает и родной сын Кенесары – султан Ахмет – «Обменявшись посольством с оренбургским генерал-губернатором, он выдал захваченных в Адырлы людей и вернул свою ханшу. После этого между ним и Россией некоторое время был мир» [3, ст. 23]. Из этого можно сделать вывод что Кенесары на время успокоив северные границы государство, решил приступить ее к южной части, а именно – поход на Кокандцев, за смерть отца и братьев. Безопасности ради, русские власти строят укрепление на урочище Улытау, да бы обезопасить себя, в случай нового всплеска со стороны Кенесары.

Анализируя ситуацию, можно смело заявить движение Кенесары как «перекочевка», а не «откочевка», ведь помимо Коканда, его интересовал сближение с Китаем, коротко говоря, степной беркут решает подружиться с драконом. Подробности этих событий описывает все тот же сын Кенесары – Ахмет, цитируя в своих трудах – «Со времени заключение договора между Абылай ханом и Китаем, между ними не было никаких враждебных действий. С целью завязать сношение с китайцами, он покинул старые кочевья, и передвинулся ближе к Китаю» [3, ст. 24].

В это время, род младшего жуза жаппас, бий которого Алтыбай Кубеков был казнен от рук Кенесары, совершает нападение на отряды брата Кенесары – Наурызбая, в итоге которого погибает любимец Кенесары – батыр Байтабын [1, ст. 295]. В отместку за его смерть, Кенесары подвергает народ жаппас полному разгрому, народ который в свое время поднял Кенесары на белой кошме, провозгласив его ханом своим. Многие сарбазы от такой жестокости Кенесары просто не желали дальше следовать за ним.

Кенесары имея под свою руку хорошо вооруженную конницу не стал оказывать сопротивление царскому отряду, так как ему было выгоднее послать эту же конницу на земли кокандцев. Поэтому отступление Кенесары нужно принять как вывод сделанный из «соображений». Прийдя в свои владений он вновь собирает силы старшего и среднего жуза против русского царизма, однако уже не все родоначальники откликнулись на ханский призыв.

После успешных переговоров с Китаем, как пишет Ахмет Кенесарин – «Цель передвижение хана была следующая – подчинить себе кыргызов и большую орду» [3, ст. 26]. Отсюда становится ясно, что Кенесары готовил поход не только Кокандцам, но и кыргызам, в случай же если они откажутся от его подчинение. Так что все народные аргументы с заголовком – «Кенесары отправился на земли киргизов ища помощи» резко отпадают. Посмотрим же теперь политическую арену Киргизий.

Что же в это время происходило в киргизских степях? Против кого они сражались? Следили ли они за движением Кенесары? И заинтересовало ли их награда Белого Царя? Насчет последнего вопроса думаю нужно остановится по подробнее. Киргизскую степь в те годы охватывала межплеменные раздоры, а именно роды Бугун и Саяк. Последние в свою очередь обратились за помощью рода Сарыбагаш, представителем которого является киргизский манап – Ормон [4, ст. 14].

Учитывая внутривосточное состояние киргизий, можно уверенно сказать что им не было дело до восстание Кенесары, если же награда за его голову интересовал внешнеполитические страны как Бухара, Хива, Коканд, но точно не киргизов. Хотя возможно они были осведомлены данным указом Белого Царя, но никогда не начинали действие первыми, и то что русские власти вели тайные связи с некоторыми представителями

киргизских манапов тоже не дают должных результатов думать о том, что убийство Кенесары было организованной засадой.

Жестокие межплеменные распри сильно сыграли на руку Ормона. Воспользовавшись ослаблением родов, он объединяя и подчиняя их под свою волю достигает первенства среди влиятельных манапов. Ормон созывает собрание, на котором участвовали не только Саяки и Бугинцы, но и остальные видные родоначальники. На этом курултае Ормон объявляет себя ханом, и накануне до встречи с Кенесары, организовывает большой поход против народа Нойгуйт, но случится этому помешают вторжение казахов [4, ст. 15]. Эта информация доказывает то что киргизские манапы, а именно хан Ормон, не сильно уж и увлекались политикой средней Азии, и уж тем более за движением Кенесары.

Сообщается что хан Ормон, хотя и являлся формальным правителем, но его реальную власть над племенами было трудно признать. Как пишет Б.Джамгерчинов в своем труде «Киргизы в эпоху Ормон хана» - «Только во время наступления Кенесары на киргизов, все киргизские племена, кроме южных, сплотились вокруг Ормон хана, придавая его ханской власти некторую видимость» [4, ст. 16]. Здесь происходит обострение казахско-киргизских отношений, требуемого тщательного разбора.

Известно, что во второй половине 19-го века, Кенесары хан со своим отрядом с численностью около 15-ти тысяч сарбазов, вступает в земли Киргизов. Однако перед своим нашествием, как пишут казахские, так и киргизские историки, хан Кенесары в 1846 году отправляет посольство киргизскому манапу – Ормон хану. В своем посольстве хан призывает киргизский народ объединить силы против «Белого Царя». Но большинство казахских историков умалчивают в своих трудах – о ультиматуме Кенесары, поставленные перед киргизским народом.

Как сообщает рукопись «Казах – киргизские события» - наряду совместной борьбе против царской экспансий, Кенесары так же изъявил желание признать его ханом. В случай же отказа, он – Кенесары, обратит их аулы в пепел, истребит всех кто способен держать меч, а женщин и детей уведёт рабство [4, ст 16]. Конечно же это высказывание негативно отразилось в лицах киргизских манапов, и на курултае созданным Ормон ханом, где все единодушно были против ханской власти Кенесары над ними, было решено не выполнять условий, и быть готовым к войне.

И действительно, в 1847-ом году, Кенесары со своими сарбазами вступает в Киргизские земли, и по обещанному слову, производит нашествие с жестоким характером. Из этих рассказов можно сделать вывод – что хан Ормон, по нужде обратился к царской администраций, в надежде получить от них помощь против «узурпатора». Поверхностным взглядом это может показаться не иначе как – «предательство», но углубленным в материалы, это действие обретает название как «вынужденная измена».

В 1847-ом году, в местечке Майтобе – Кеклик-Сенгир, Кенесары окруженный киргизским отрядом, решает дать свой последний бой. Это сражение продолжалось несколько дней, и с каждым днём, шансов на победу, у него практический не осталось. На предложение отступить или же бежать, Кенесары строго отвечал что «это будет плохим примером для потомков» [5]. Упоминает подобные слова и Ахмет Кенесарин цитируя отца своего – «Если же я сам, предворительствуя войском, обращусь в бегство, то уже не смогу быть ханом народа» [3, ст. 32]. Даже на ханском совете, близкие ему люди, никак не соглашаясь с мнением хана, все больше поддерживали идею отсупление.

Как пишет Р.Темиргалиев в своем труде «Казахи и Россия» - «Кенесары имел возможность отсупить, но решил сражаться до конца. Видимо он сам желал неизбежной развязки. В ночь перед битвой его покинули недавно обретенные соратники, но это не имело для хана никакого значение. В последовавшей битве отряд Кенесары был полностью разбит, и взят в плен Киргизскими манапами, которые вскоре казнили – последнего «Казахского хана» [1, ст. 297].

То что Кенесары был окружен киргизскими манапами, многие воспринят это действие как «организованная засада», но на самом деле силы Кенесары на тот момент поистине были ничтожны по сравнению с его противником. Объясняется это тем, что до встречи с такими силами, Кенесары отправляет немногочисленный отряд во главе своих братьев Наурызбаем и Ержаном для разорение киргизских ауылов. Но наткнувшись на противников, они сражаются до последних сил в результате которого Наурызбаю удается отступить, в то время как Ержан попадает в плен к киргизам [3, ст. 31].

Узнав о происшествий, Кенесары собрав всю оставшийся войско, двигается вперед без должной разведки местности и мобилизаций сарбазов, в то время как хан Ормон призывал под свое крыло все больше и больше людей. Возможно поэтому Кенесары оказался в неравных силах при встрече с Ормоном. Как сообщает Ахмет Кенесарин – «Силы киргизов росли ото дня, и окруженные казахи три дня сражались без пищи и воды». Так же он отмечает недостойные поступки его соратников которые дезертировали воспользовавшись ночной темнотой [3, ст 32-33]. Именно поэтому ясная причина гибели хана Кене, вычеркивает слова «организованная засада» со стороны киргизских манапов.

На казнь Кенесары, его пребывания в плену, и о тех мучениях которых он испытал, думаю нужно остановится по подробнее. В цепях и кандалах его таскали по всем ауылам, словно как Тамерлан поступал своим пленником – Баязидом молниеносным. Верные ему соратники были живьем сварены в котле, сам же Кенесары, по преданиям, в течений сорока дней и ночей, подвергался мучительным наказаниям [6].

Что же касается Ормон хана, ненависть к Кенесары в сердце его настолько была полна, что он приказал отрубить голову мятежника, наотрез отказавшись о встрече с ним [6]. Из этого можно судить, что каждый родоначальник, мучал его по своему усмотрению. Однако приказ вскоре был исполнен, и собрав всех казахских пленников, принудили их смотреть на чудовищное зрелище.

Перед смертью, хан Кене обвёл взглядом окружающий его народ, и запел песню в итоге которого произвел впечатление на боевых друзей [7, ст. 337]. Подробно об этом рассказывает – Я.Палферов, из уст одного из участников мятежа, жырау Нысанбай – «...И внимало рыдающему аккорду все окружающее. По смуглым лицам слушателей струились обильные слезы, а порой вырывался стон... Казалось вся природа рыдала с этой безутешной песней»

О казни последнего хана красочно описывается в монографии Е.Бекмаханова – «Палач приступил к делу. Привычной рукой, длинным ножом, одним взмахом руки распорол он Кенесары живот. Внутренности вывалились, и Кенесары замертво упал, испустив последнее дыхание. Затем, распоров ему грудь, вынули они сердце его и с благоговением отступились от него. Сердце Кенесары было покрыто густыми волосами, а сердце такое бывает лишь только у храбрых людей» [6].


Здесь можно, и вообще нужно отметить жестокость киргизских манапов по отношению нашего хана. То что Кенесары понес наказание за совершенные набеги в виде казни, большинство склоняется на сторону «справедливых решений». Если же с этим фактом можно примириться, но точно не с тем, как киргизы обращались с трупом покойного. Ведь то что мертвого хана, и вообще человека белой кости, надругались над его безжизненным телом, я считаю уже бесчестным поступком.

В одних источниках сообщается, что голову Кенесары, хан Ормон отправил генералу-губернатору западной Сибири, в виде достойного подарка [5]. А в других говорится что киргизские манапы вели торг между князьями за голову Кенесары, в надежде получить от них награду в виде золотых и серебрянных монет [6]. Как бы то ни было, ясно то что в обоих случаях, действие киргизов является знаком верноподданства к Российской империи.

Для нас, для всего казахского народа, Кенесары является храбрейшим из кочевников. Человек сражавшийся за независимость своего народа, за былую свободу которые они имели при хане Абылай. Человек – ум которого острее лезвий, взгляд дальше ястреба, храбрость как у льва, и жестокость, в крови которых имеют настоящие чингизиды. Каждый судит его политику по своему, но в нашем случае – «о человеке судят по тому, как он принял поражение».

Литература:

1. Р.Темиргалиев «Казахи и Россия», изд. ASPANDAU; Алматы 2019; стр.282; стр. 284; стр. 287; стр. 295; стр. 297;
2. Государственная детская библиотека им. С. Бегалина // Сыпатай Алибекулы (1781-1868 гг.)
3. А.Кенесарин «Кенесары хан и султан Сыдык» // Текст на русском языке подготовлен Бахытжаном Бухарбаем на основе издания Е.Т. Смирнова 1889 года // г.Алматы, изд. AmalBooks, 2022; глава 1, стр 22-23; глава 2, стр. 24-34;
4. Б. Джамгерчинов «Киргизы в эпоху Ормон хана» // Компьютерная верстка САОЗТ «АЛЛ-Пресс», Бишкек 1998 год; глава 2, стр. 14-17;
5. Историк Марат Конуров рассказал о судьбе хана Кенесары, // NUR.KZ, 03.01.2011.
6. Жанузак Касымбаев. Гибель хана Кене // «Казахстанская правда». — 19.09.2002.
7. Е.Бекмаханов «Казахстан в 20-40 годы XIX века», изд. «ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ», Алматы 1992 год; стр. 317



ӘОЖ 323.15 (043)

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БИЛЕР ИНСТИТУТЫ

Саккулова Аружан Айдынқызы

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің 2 курс магистранты

Би — дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жүйесіндегі демократиялық биліктің иесі. Зерттеуші ғалымдардың, әсіресе, В.В. Бартольдтың пікірінше, «би» сөзі шамамен 14 — 15 ғасырларда ежелгі түркі тіліндегі «бек» атауының бір нұсқасы ретінде пайда болып, басқарушы, ел билеуші мағынасын білдірген. Кейіннен бастапқы семантикалық-тілдік реңкінен ажырап, көбінесе, дау-жанжалды шешіп, кесімді төрелік айтушы, әділ үкім шығарушы адамды бейнелеу үшін қолданылған. 17 ғасырда өмір сүрген Махмұд ибн Уәлидің

«Бахр әл-асрар фи манакиб әл-ахйар» атты еңбегінде «жоғарғы мәртебелі әмірлер мен елге сыйлы, пендәуи тірліктен азат адамдардың барлығы» би аталғанын жазады [1].

Қазақ қоғамының әлеуметтік қатынастарының жүйесін зерттеген белгілі тарихшы Е.Бекмаханов «би» сөзінің қайдан шыққаны осы кезге дейін әлі толық анықталмаған деген болатын [2, 81 б.]. Құрбанғали Халид Оғлы «би» деген сөз «бек» немесе «биік» сөзінен шыққандығын дәлелдемек болған. Оның көрсетуінше: «би» деген атақ, әрине, «бек» деген сөзден шыққан. «Би» және «бек» сөздері «кабир газим» деген араб сөзімен мағыналас: араб сөзінің аудармасы «бір рудың басы немесе ру старшыны немесе қала бегі», деген ұғымды білдіреді [2, 81 б.].

«Түрік Лу-ати» деп аталатын түрік сөздігінде «бек» сөзінің мағынасы: Бек - кейбір шенеуніктер мен лауазымды адамдардың атағы, патша әулетіне қызмет ететін адамдарға берілетін атақ, кейбір шетелдік өкілдерге берілетін атақ: Сефир-бек, Консулус-бек; автономиялы облыстардың әкімдеріне берілетін атақ. Бұл мағынада «бек» деген атақ «ргіпсе» деген атаққа тең. Әдеттегі құқық нормаларын сақтаушы және түсіндіруші болғандықтан, билер қазақ қоғамында көрнекті орын алғаны айтылады [2, 81 б.].

Тарихқа үңілсек қазақтың билер институты бірден қазақ хандығы тұсында емес, одан бұрын ата-бабаларымыз болып саналатын әуелгі ортағасырлық түркілер дәуірінде қалыптасып, өзінің басынан эволюциялық дамуды өткерді. Қазақтың билер институты бастапқыда, яғни түркілер дәуірінде бектік институт ретінде тарих сахнасына шықты.

Бектік институттың қалыптасуы ежелгі түркі ру-тайпаларға ғұн, сақ дәуірінен басталады. Өйткені көшпелілігі мен мал шаруашылығы басым қоғамға осы бектік басқару жүйесі барынша қолайлы болды. Сондықтан, әр түрлі формаларда кездесетін бұл «бек» сөзі (көктүріктерде – бег, ұйғыр. – бәг, хазар. – beh, пех, қазақ, қырғыз – би, пи, өзбек – би, бей, түрікмен – биг, бег, осман – бей, т.б.) негізінен мынадай мағыналарда қолданылған: 1) лауазым, атақ, шен; 2) қожайын, отағасы, ер; 3) мырза, қожа; 4) ханзада. Тарихта бүкіл түркі мемлекеттерінде болған бұл лауазымның басқа тілдерден (мәселен, қытайша «по», моңғолша «бегі», сасани (иран) әулетінде «бағ» немесе «баға») енуі мүмкін деген этимологиясына қатысты әркелкі пікірлер алға тартылғанмен, семантикалық та, фонетикалық та тұрғыдан нақты шешімін тапты деу қиын. С.Арсал мұны түрікше бек түбірінің жұмсарған нұсқасы (бек – бег – бей) деп есептейді. Расында да, кейбір түрік диалектілерінде бек сөзі “сақтау”, “қорғау”, “бақылау” мағыналарын білдіреді. Орхон ескерткіштері бойынша да көне Түрік мемлекеттерінде қағанның көмекшілері іспетті болған бектер елді, мемлекетті қорғаушы, мемлекет істерін жүргізуші, бақылаушы қызметін атқарған. Бұл С.Арсал пікірін нақтылай түседі. Тарихи деректерде «бек» сөзінің түбірі түрікше (алт.) алғаш Азия ғұндарының императоры Мо-тун (б.д.д. 209 – 174 жж.) есімінде кездеседі: Мотун Викстун-Биктин-Бек-тун, яғни «бектің тектілігі» туралы мағынаны береді [3].

Ғалым Сыздықов С. би сөзінің этимологиясы туралы: «Көне түркілердің мемлекеттік құрылымында «бек» негізінен ру-тайпалардың басшыларына берілген атақ. Олар рудың ішкі бірлігін сақтап, керек кезінде сыртқы жаудан қорғауға міндетті болған. Бек болып батыл, адал, соғыс ісіне қабілетті, әрі бай адамдар сайланатын. «Қорқыт ата кітабында» бек болудың шартына қатысты мынадай жолдар бар: «Оғыз заманында Ушун қожа ұлы Егрек әй-шәй жоқ бектердің алдына шығып отыра кетеді. Бұған Терс Узамыш деген бек шамданып: «Әй, Ушун қожаның ұлы, мына бектердің (билердің) қай-қайсысы да осы отырған орындарын қылышы мен қызметінің арқасында иеленді. Ал сен не істеп едің? Бас кестің бе, қан төктің бе? Әлде жоқ-жітікке қарасып, ашқа, ас беріп, жалаңашқа тон кигізіп пе ең?» – дейді. Демек, бек лауазымы көне түркілерде адамның тегіне, шыққан ортасына байланысты берілген атақ емес, қарым-қабілетінің, еліне еткен қызметінің арқасында ғана бек дәрежесіне жететін болған. Бектер сонымен қатар, білімді де болуға тиісті еді. «Құты білікте» Жүсіп Баласағұн «бей» және «білгі» сөздері бір түбірден өрбіген деген пікір айтады. Қаған, хан басқаратын мемлекеттік құрылымда бектер қаған мен халық арасын байланыстырушы қызметін атқарды. Бек пен халық бір болған кезде елдің (мемлекеттің) күшті болып, ал олардың бірлігі бұзылған жағдайда елдің әлсіреп, ыдырағанын бітік тасқа қашап қалдырды: «Бектері де, халқы да адал /түзу/ болған екен. Сол үшін елдік құрып тұтынған /өмір сүрген/ екен. Елдік құрып төрін /өкімет/ орнатқан. Бектері, халқы адал /түзу/ болмағандығы үшін табғачтардың (қытай) алдауына сенгендіктен, арбауына көнгендігінен, інілі-ағалының кектескендігінен, бектер мен халықтың ымырасыздығынан түркі халқы елдіктен, елдігінен айрылды», делінген. Ал, сол кездегі көрші Қытай империясы үнемі бектер мен халық арасына іріткі салу арқылы өздерінің империялық мақсаттарына жетуді қарастырған [3].

Түркілер исламды қабылдағаннан кейін де бұл атақ өзінің бұрынғы мағынасында қолданыла берді. XI ғасырда Қарахан мемлекетінің басшы қызметкерлері осы лауазымды иеленді» деп өз ойын білдіреді.

Билер халықтың көкейіндегісін айтқан, көмейіндегісін жарыққа шығарған әділет жоқшысы болған. Бұл тұлғаның ерекшелігі сонда, биді байлық та, барлық та жасай алмаған. Би тұғырына топты жарып, таразы басын тең ұстап, әділдікті сақтап, қара қылды қақ жарып айтатын парасатты адамдар көтерілген. Биге табиғи дарын, текті ақыл, алыстан көріп, барлай алатын, оны зерделей білген дана, сөздің «майын» ағызатын дүлдүл шешендер жатқан. Міне, осы би ұғымының мәнін ашатын: «Түгел сөздің түбі – бір, Түп атасы – Майқы би», деген сөз тарихта қалған. Қазақтың атақты билері: Төле, қаз дауысты Қазбек, Өйтекеден қалған сөз билігі дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес. Олардың заманында, Ахмет Байтұрсынов пікірімен айтқанда, «әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын таптырмас дәрі еді». Билер жақсы мен

жаманды, жақын мен алысты, қымбат пен арзанды, қиын мен жеңілді салыстырып алға тартқан. Мал дауы мен жер дауына, ар дауы мен намыс дауына кесімді билік айтып, «тілмен түйіп, тіспен шеше алмас» тұжырым жасаған. Кез келген қазақ ол кезде мылжындықты, далбасалықты, жағымпазды мін көріп, қорлық санаған. «Сөз шынына тоқтайды, пышақ қынына тоқтайды» деп шындықтың туын көтерген «от ауызды, орақ тілді» шешендерін қастерлеп өткен. «Су түбін шым бекітеді, дау түбін сөз бекітеді» деп те ретіне қарай келістіріп отырған. Бейнелі, дәлелді, қисынды уәж айтқан. Билер билік айтарда ауытқып, бұра тартқан тұстары болса, бірін-бірі тоқтатып, әділетке шақырған, «айтқан сөзі-құрған қақпандай» болған беделді билер қазақ қоғамындағы әділеттіліктің жаршысы болған. Бүгінде «би» сөзінің шығу тегі жайлы бірауызды кесіліп-пішілген пікір жоқ [4].

Кейінгі уақытта билер институты көптеген авторлардың, негізінен Ресейдің ғылыми-географиялық қоғамының өкілдерінің арнайы зерттеу тақырыбына айналды. Атап айтқанда - Ш. Уәлиханов, Қ.Халид, Г.Н. Потанин, П.П. Румянцев, А.И. Добросмыслов, В.В. Радлов, А. Янушкевич, Н.А. Аристов, А.И. Левшин, В.В. Веляминов-Зернов, И. Крафт, С.А. Фукс, Г.Вамбери және т.б. өлке зерттеушілерінің жазбалары мен зерттеулерінде көрініс тапты.

Осылайша, қазақ қоғамында қарапайым халықтың билеушілермен байланысы қызметін атқарған билер институты соншалықты күшті ықпалға ие болды, сондықтан саяси реформалардың бастамалары көбінесе билерден туындады және халық оларды көбірек тыңдады, өйткені олар қарапайым халықтың мүдделерін білдірді. Аталған мәселе туралы ғалым С.З. Зиманов былай деп жазады: "... патриархалдық-феодалдық қоғамда орталық билік - хан-дәстүрлі түрде салыстырмалы түрде көтерілу кезеңінде әлсіз болды және оның бейбіт уақыттағы функциялары негізінен тараптар оған жүгінген дауларды шешуге және олардың домендік істерін басқаруға дейін азайды" [5] Көріп отырғанымыздай, сол кездің өзінде қазақ қоғамында қоғамның одан әрі демократиялық дамуы үшін «дала демократиясы институттары» деп аталатын алғышарттар болған. Сол кездегі қазақ қоғамындағы демократия туралы айта отырып, сол кездегі ханның билігі салыстырмалы түрде әлсіз болғанын, әсіресе қазақтардың көшпелі халық болғанын, күшті және еркіндікті сүйетін сипатқа ие болғанын ескерген жөн.

Осылайша, қазақ қоғамындағы билер институтының қызметі саяси функция, әлеуметтік-құқықтық функция, идеологиялық функция, қазақ халқының дәстүрлі рухани мәдениетін жеткізушілердің белгілі бір қабаты ретінде, билер институты ұлттық мәдениетті сақтау, байыту және беру құралы ретінде қызмет еткен. Халықтың тәуелсіздікке деген ұмтылысын білдірудің жанама механизмі ретінде билер институты сыртқы саяси қауіпсіздікті қамтамасыз ету, яғни жұмылдыру қызметін атқарған [6].

Осы жерден біз қазақ қоғамындағы би институты әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық және мәдени-рухани қатынастарды реттеудің жиынтық және жетілдірілген нысаны ретінде көрінетінін байқауымызға болады. Алайда, даланың патша отарлауының басталу жағдайында билер институты енді қазақ қоғамының әлеуметтік өзін-өзі ұйымдастыруының бейтаныс табиғатына бөтен құқықтық психология элементтеріне қарсы тұра отырып, қорғаныс қызметін жүзеге асыруға дайын болды, дегенмен бұл қарсылықтың нәтижесі алдын-ала шешілген. Осылайша, би халық пен билеушілер арасында ауызша делдал болып, тараптардың келісімге келуіне көмектесті. Қазіргі уақытта Қазақстанда жүргізіліп жатқан құқықтық реформаны енгізу мәселесіне келетін болсақ, қазір жаңа құқықтық институт - медиация институты енгізіліп жатқанын атап өту қажет. Егер медиацияны енгізу перспективалары туралы айтатын болсақ, билер соты зардап шеккен тараптар татуласуға келген кезде медиация элементтері бар институт болғанын атап өткен жөн.

Қазақ халқының өмірінде билер институтының алар орны мен үлес-салмағы, маңыздылығы айрықша болды. Өйткені, оның – мемлекеттің саяси және әлеуметтік жағдайын тек әдеттегі құқықпен ғана емес, рухани-мәдени салт-дәстүр негізінде де ұштастыра әрі теңестіре отырып қамтамасыз етуші бірден-бір құрылым ретіндегі рөлі ерекше. Бұл құрылым ол кезде мемлекеттік басқару жүйесімен тығыз астасып жатты. Билер ел, жер, жесір дауын, мал-жан, кәсіп мәселесін түйінді төрт-ақ ауыз сөзбен тындырып отырған. Тындырғанда да хатсыз, қарарсыз, ауызша жүзеге асырып, бітіріп отырған.

Би деген сөзді есіткенде осы күнге дейін елең етпейтін қазақ баласы жоқ. Осынау сөздің аса жағымды естілетіні соншалық, шын мәнінде, ол қазақ өмірімен біте қайнасып кеткен тарихи күрделі процесс екенін бұл күнгі ұрпағымыз білуге тиісті. Сонау ерте заманнан бері келе жатқан қазақтың билер институтын зерттеу соңғы үш ғасыр бойы жүріп, әлі күнге дейін жалғасып келеді... Қазақ тарихында бидің алатын орны ерекше, сондықтан, билер институты жалпы мемлекеттің саяси және мәдени өмірінде әрқашан маңызды рөл атқарады. Әрине, қазақ мемлекетін хан басқарды, дегенмен, хан мемлекеттің ішкі және сыртқы істерін ез кеңесшілерімен, яғни, билермен ғана ақылдасып шешіп отырған... Мысалы, Тәуке хан тұсындағы «Билер кеңесіне» бүкіл қазақ елінің сексен, тіпті, жүзге дейін билері қатысқан. Демек, әрбір рудан бір-екі әйгілі би міндетті түрде қатысып отырған. Кейінгі жылдары, Тәуке хан тұсында соңғы нұсқасы жазылған Қазақ мемлекетінің заңдар жинағы – «Жеті жарғы» туралы көп айтылса да, оның құрастырушылары туралы үш жүздің үш биі ғана қатысқан деген сияқты шолақ пікірлі ойлар көптеп айтылып жүр. Біріншіден, «Жеті жарғы» қазақ мемлекетінде, жалпы, одан бұрынғы ата-бабамыз тарихында бірінші емес, оның талай нұсқасы болған. Екіншіден, Тәуке хан тұсында оның жаңа редакциясын жасаған болса, оған үш би емес, талай тарландар қатысса керек. Қазақ хандығында үш жүзге бөліп билеу сонау Батыс Түрік қағанаты заманынан қалған, яғни, мұрагерлік әдіс. Мұнда қазіргі кезде көптеген

шежірешілеріміз әлде тарихшыларымыз ойлайтындай туысқандық ешқандай қатынас жоқ. Бұл тек «әкімшілік бөлу», сондықтан, қазіргі шолақ түсінікпен айтқандай, туысқандық ешқандай белгі жоқ. Қазақта қырық ру болса, олар туысқандық жағынан да, құқық жағынан да бірдей. Аумақ үлкен болған соң, үлкен үш аймаққа бөліп билеу, шын мәнінде, ата-баба дәстүрінің, яғни Қазақстан жерінде өмір сүрген іргелі мемлекеттер дәстүрінің жалғасы, сондай-ақ, өмірдегі қажеттілік. Қазақ қоғамымен біте қайнасып келе жатқан билер институты өз ерекшелігімен біздің тарихымызда аса маңызды орын алады. Шын мәнінде, біздің өткен тарихымыздағы үлкен мақтанышымыз.

Ғалым-тарихшы Өтениязов С.: «Қазақ еліндегі билер институты, яғни, ата-бабамыздың тұрмыс-тіршілігінде, саяси өмірінде билердің алатын орны мен ерекше маңызын өткен ғасырда ұлы ғалым, шығыстанушы Шоқан Уәлиханов жан-жақты зерттеген болатын. Осы мәселені одан әрі толықтырып, түбегейлі зерттеген – Қазақстан Республикасы ҰҒА академигі Салық Зиманов. Әрине, қазақ қоғамындағы ерекше құбылыс – билер институтын патшалық Россия ғалымдары өз мақсаттары үшін зерттеп, қазақ елін түгелдей отарлау үшін ең алдымен билер институтын түгелдей қирату керек деп қорытқан. Солардың барлық зерттеулерін және қазақ қоғамындағы билердің орнын құртуға айналған патша өкіметінің экспансиялық саясатын түгелдей сараптаған Ш.Уәлихановтың осынау зерттеуі шын мәнінде, осы күнге дейін құнын жоғалтпаған ірі, кесек ғылыми жұмыс. Осы мәселені түбегейлі зерттеп, яғни Батыс Қазақстандағы билер институтының тарихына байланысты нақты архивтік материалды көтеріп, теңдесі жоқ ғылыми кітаптар жазған – С.Зиманов. Сондықтан, осынау мәселені зерттеушілер бұл күнде Шоқан Уәлиханов пен Салық Зимановқа борышты. Сонау атам заманнан бері қазақ қоғамындағы әрбір би – суырылып шыққан талант, ол тек қара сөздің ғана шебері емес, сондай-ақ, өлең сөздің және көсемсөздің (публицистика) шебері болған. Ол сондай-ақ, көреген дана, ақылгөй данышпан, қара қылды қақ жаратын әділ және өткір адам болған. Би деген атының өзі халық арасында аса құрметті болды» деп қазақ қоғамындағы билер институтының рөлі мен зерттелу мәселесі туралы пікірін білдірген [7].

Ш.Уәлиханов: «Қазақтарда құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекітуімен емес, тек сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерін менгерген қазаққа ғана берілген. Би атану үшін қазақ халық алдында әлденеше шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған. Мұндай адамдардың есімі желдей есіп, әлейім жұртқа таралып, біріне емес, бәріне де танылған. Сөйтіп би атағы сот пен адвокаттық істегі патентке айналды да, бидің балалары заңнан тәлімі болғандықтан, әке орнына мұрагер болып қала берді» [8, 53 б.]. деп билердің қоғамдағы рөліне баға берген.

Сот билігін қазақ даласында билердің жүзеге асырғандығы белгілі. Би — қазақ қоғамында ердің құны, нардың пұлы болса да, екі ауыз сөзбен шешетін адам. Би — өз өмірінде өз басына дау келтірмеуі шарт, елге күмән, күмәнді сөзге себеп бермеуі шарт: «Би басына дау келсе, билігі кетер басынан» деген ұлы сөз де қалған.

Би, ең алдымен, — сот (төрелік етуші). Бидің өзі де, билігі де түптамыры халықтың тарихына байланысты. Сол себепті би халық алдында беделді, ұлт алдында тұғырлы қалпында болды. Ал хан билігін көпшілік бұқара әкім билігі деп таныды. Қазақтың мәдениет қайраткерлерінің бірі жазғандай: «Мықты билер тілін алмаған хандарды бір кезде тақтарынан алып тастап отырған».

Қазақ даласында би болу оңайлыққа түспеген. Оған күрделі талаптар қойылды. Тек «Құдайдың сүйген құлдары ғана» би бола алады. Би боламын деген адам тек жеке қасиеттерімен танылып қана қоймай, бірқатар сатылардан тұратын сыннан сүрінбей өтуі керек болған. Далада әділеттің ақ туын желбіретер биге табиғат берген қасиеттерден басқа шешендік, сөзуарлық, ақыл-парасат, қызыл тілде ешкімге дес бермеу және де «Қасым ханның қасқа жолында», «Есім ханның ескі жолында», «Әз Тәукенің «Жеті жарғысында» көрініс тапқан «Дала заңының» негізгі қағидалары мен нормаларын жатқа білуі, өзіне дейінгі атақты билердің үлгілі сөзінен нәр алу секілді негізгі талаптар қойылатын. Әрине, билік шеңбері жағынан билердің елдегі беделі мен ықпалы бірдей болған жоқ: шағын ауыл, шағын ру бірлестігінен бастап жүзге, ұлысқа, тіпті бүкіл қазақ еліне төрелік айтқан билер болған.

Баласының табиғи дарынын байқаған ата-анасы оған би болу жолында дұрыс бағыт-бағдар да, тәрбие беруге тырысқан. Ең алдымен, отбасында оған қазақтың айшықты сөз өнерін, әдеттік- құқықтық дәстүрлері мен ережелерін үйреткен, логикалық мәселелерді шешуді, яғни соттық қызмет барысында кездесетін сан қилы өмірлік мәселенің түпкі негізін табууды үйренуіне көмектескен, қисынды сөзбен байланысқан жұмбақ сөздің астарын табуға баулыған. Бұл қызметті ата-анасы үйреткен, ауылына белгілі, танымал, көпті көрген, өзінің білген-түйгені мен өмірлік тәжірибесі бар ауыл ақсақалдарынан тәлім алған. Мұндай жас жеткіншектің ерте бастан белгілі билердің алдын көріп, оларға атқосшылыққа жүріп, «далалық» сот ісін жүргізудің қыр-сырын жас күнінен бастап игеруі өте маңызды шарт болып есептелген. Ұстаз рөліндегі бұл билер шәкіртіне кейде билер сотында қаралатын істер бойынша шығаруға қатысты шешімге өзінің көзқарасын нақты білдіру мүмкіншілігін беріп, оның қабілетін сынап отырған.


Жоғарыда айтылған пікірлерді қорыта келе, «би» сөзі көне түрктің «билік» элементі бар жалпы атауынан шыққан [9, с. 74-75]. Ол терминалогиялық белгі мағынасын сақтап қалған. Билер сот билігін атқарған және құқықтық реттеу жағынан қоғамда ерекше маңыздығына байланысты беделді болған. XVII ғасырдың аяғында және XVIII ғасырдың басында бірнеше беделді билер, билер кеңесінің мүшесі болып, жүздерді және

жеке әскери-потестарлық бірлестіктерді басқарып билік уәжіптерін орындаған. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы би - халықтың - тірі шежіресі, заңгері әрі заң шығарушысы болды. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында билер институты іс жүзінде қолына бүкіл ішкі және сыртқы әлеуметтік һәм саяси билік тетіктерін шоғырландырған және нақты іс-әрекетке қабілетті бірден-бір қоғамдық институт рөлін атқарды деуге негіз бар. Қазақ қоғамындағы билер институтының дәстүрлі қазақ мемлекеттігін сақтауға ат салысқан қайраткерлер екендіктері билер институты тарихына қатысты зерттеулерде дәлелденді [9]. Билер әрі шешен, әрі дана болған. Ресей империясының отарлау саясатының жолындағы үлкен кедергі қазақ жерінің тұтастығына негіз болған билердің соттық жүйесі, сондай-ақ көшпенділердің өмір-салтына «халық билігіне», демократия мен әділ сотқа бейім әдет-ғұрып құқығы мен «жарғы» заңдары болды. Бұл «Далалық құқықтық тәртіп» ең қиын-қыстау жағдайда өзінің таңғаларлық өміршеңдігімен ерекшеленеді және көшпелі қазақ қоғамы қандай қиындық көрсе де соған негізделеді. Патшалық өкіметтің көптеген жылдар бойы іске асырған шаралары мен өзгерістерінің ішінде салыстырмалы түрде карағанда сәтті шыққаны, отарлаушылық мақсатқа сай келмесе де қазақтың «Жарғы» құқығының нормаларына негізделген билер сотының коллегияларын заңдастыру болды. Бұл жерде айта кететін мәселе, қазақтар туралы аса маңызды қылмыстық соттық істердің барлығы Империяның жалпы заңдарының негізінде қызмет ететін әскери соттардың қарауына берілетін, тек мүліктік даулар ғана әдет-ғұрып құқығы мен «жарғы» заңдарының негізінде қызмет ететін «халық соттарына» берілді. Қазақ құқығы бойынша қылмыстардың ең ауыр түрлері мүліктік деп есептелінген. Патшалық өкімет мұны іс жүзінде ескерген болатын.

Еліміздің тарихындағы билер институтының маңызы ерекше. Сол бір топтан озған жүйріктердің ел басқару істерін бұл күнде тәуелсіз Қазақстан тағдырында қайта жаңғыртып пайдаланса, нұр үстіне нұр болар еді. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы билер институтының алған орны мен атқарған қызметі әлемнің ешбір елінің тарихында көздеспеген көшпелі халықтардың ел басқарудағы теңдесі жоқ құралы болып табылады. Өкінішке орай, тарихымыздағы талай інжі-маржандар отарлық жүйенің салдарынан келмеске кеткені тарихтан белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. <https://kk.wikipedia.org/>
2. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырлардың 20-40-жылдарында – (Оқу құралы). – Алматы, Санат, 1994. – 416 б.
3. Сыздықов С. Билер институтының тұлғасы // <https://ortalyq.kz/biler-institutyny-t-l-asy/>
4. Қуандық Есенғазы. Қазақ хандығы кезіндегі билер институты: тәлімі мен тағылымы // Егемен Қазақстан. – 2015. - 18 тамыз
5. Зиманов С.З. Проблемы обычного права казахов. - Алма-Ата, 1985
5. Шнирельман В.А. История первобытного общества. - М., 2001.
7. Өтениязов С. Қазақ еліндегі билер институтының тағдыры <https://qazaquni.kz/rukhaniyat/60948-kazak-elindegi-biler-institutynyyn-ta>
8. Ш. Уәлиханов Ш. Сот реформасы жайында жазба. Кіріспеге мақалалар мен ескертулерді жазған С.Ф. Ударцев. -Алматы: Жеті жарғы, 2003.
9. Исенов Ө.И. XVIII-XIX ғғ. қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқық жүйесі билер институты. // Проблемы права и экономики. Problems of and economics. Международный научный журнал. Выпуск № 3, № 3-4, 2011. - (74-79 бб.).



ӘОЖ 930.26

«ТАЛАП» ҚОҒАМНЫҢ ТАРИХЫ МЕН АТҚАРҒАН ҚЫЗМЕТТЕРІ

Қалығұлова Ж.А., тарих магистрі, аға оқытушы,
М.Х.Дулати атындағы Тараз аймақтық университеті

Андатпа. XX ғасырдың бастапқы кезіндегі Қазақстандағы білім мен ғылымның қалыптасуына зор үлес қосқан қоғамдық ұйым «Талаптың» тарихы мен атқарған қызметі қарастырылды.

Кілт сөздер: «Талап» қоғамы, тарих, ұйым, қазақ, ұлт зиялылары, мүшелері, атқарған қызметтері, қазақ мәдениеті, ғылым, ағарту, қоғамдық сана, қалыптастыру.

Аннотация. Рассмотрены история общественной организации «Талап» и его деятельность, которая внесла большой вклад в становление образования и науки Казахстана в начале XX века.

Ключевые слова: общество «Талап», история, организация, казах, национальная интеллигенция, члены, занимаемые должности, казахская культура, наука, просвещение, общественное сознание, формирование.

Annotation. The history of the public organization "Talap" and its activities, which made a great contribution to the formation of education and science in Kazakhstan at the beginning of the twentieth century, are considered.

Keywords: "Talap" society, history, organization, Kazakh, national intelligentsia, members, positions held, Kazakh culture, science, education, public consciousness, formation.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуынан кейінгі біраз жылдай уақыт өткеніне қарамастан, Отандық тарихтың әр түрлі салалары бойынша ғылыми зерттеулердің қарқынды түрде жүргізіліп жатқандығы баршамызға аян. Соған қарамастан әлі де болса өз кезегін күтіп, ғылыми-зерттеу нысанасына айналмаған тақырыптар да бар. Соның бірі “Қазақ мәдениетін” көркейтушілердің “Талап” қоғамының тарихы.

XX ғасырдың бастапқы кезін қоғамдық санада ұлт-азаттық идеяларының күшейіп, ұлттық рухтың оянуына түрткі болған кезең деп айтуға болады. Бұған ұйытқы болған ұлттық мәдениеттің жанашырлары – қазақ зиялылары еді. Ұлттың жаршысы болған қазақ баспасөзін ашудан бастаған олар, азаттық идеяларын жалпыұлттық санаға айналдыру жолында қызмет етті. Кейін кеңес өкіметі орнаған соң, ұлттық интеллигенцияның мәдениет саласындағы қызметін-азаттық жолындағы күрестің ерекше түрі деп түсінген дұрыс. Мұндағы айпақ ойымыз, қоғамда объективтік-тарихи жағдай қалыптасқан кезеңде ұлттың зиялы қауымының қоғамдық сананы қалыптастыруы арқылы өмірді белгілі бір арнаға бағыттауға мүмкіндігі болатындығы, қазақ елінде қалыптасқан мұндай жағдайды Ресей империясында жүзеге асырылған қазан революциясы басқа арнаға бұрып, өз ықпалына бағындырып алды.

Қазақстанда XX ғасырдың 20-жылдардың басында қоғамдық өмірдің барлық саласында қалыптасу кезеңінің еркін түрде өткір қайшылықтармен өрбігенін көреміз. Тоталитарлық жүйенің қанды шеңгеліне жол ашқан 30-шы жылдарға қарағанда, 20-шы жылдардың басын еркіндік, кең-тыныстау жылдары деуге де болады. Дәл осы жылдары “Алаштың” көшбасшыларына кешірім жасалған еді. “Қырғыз (қазақ) өлкесін зерттеу” қоғамының жұмысы да (Орынбордағы), “Қырғыз мәдениетін көркейтушілердің “Талап” қоғамының (Ташкенттегі) ғылыми-мәдени қызметінің жандануы да осы кезеңге дәл келеді.

Кенестік кезеңдегі Қазақстандағы тарихи оқиғалардың мың құбылған заманында “Қазақ мәдениетін көркейтушілердің “Талап” қоғамының” төңірегіне топтасқан ғылыми-мәдени топтың, қазақ зиялыларының қызметі мен осы қоғамның тарихына толғамды зерттеу жүргізіп, оны өркениеттілік негізде бағалау қазіргі кезеңнің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Қоғамның құрылу тарихына тоқталатын болсақ, 1917 жылдың 14 қыркүйегінде “Сарыарқа” газетінің 13-ші санында “Талаптың” алғаш деректерде кездесуін анықталды. Газеттегі мәліметке жүгінсек, оның басқарма мүшелері: Өміртай Ақбердіұлы, Микаел Құнанбайұлы, Мұқтар Әуезұлы, Сіләмқажы Ғабитжанұлы. Ұйымның орналасқан жері Семей облысы, Шыңғыс болысы. Сонымен қатар Омбыда Ақмола облыстық “Талап” ұйымының басшысы – А.Тұрлыбайұлы, мүшелері: М.Жұмабайұлы, Х.Садықұлы тұрған еді. Бірақ бұл ұйымдар өз қызметтерін бірнеше жылдардан кейін мемлекет тарапынан қолдау тауып, қоғамға айналған кезде ғана толық атқара алды. Кейінгі, мемлекеттік деңгейде соның қолдауымен құрылған “Талап” қоғамының (толық аты “Қазақстан мәдениетін көркейтушілердің “Талап” қоғамы”) құрылуы деректерде екі түрлі көрсетіледі. Біріншісінде, 1922 жылдың 4 желтоқсанында қоғамның жарғысы Мемлекеттік ғылыми кеңестің бекітуінен өтіп, 14 желтоқсанда жалпы жиналысы болғандығы айтылса, келесі біреуінде қоғам 1923 жылдың 13 желтоқсанында құрылған делінеді. Негізінен бұлардың алғашқысы дұрыс, оны көптеген мұрағат деректері дәлелдейді. Түркістан автономиялық республикасының Халық ағарту комиссариатының жанындағы Мемлекеттік ғылыми кеңестің қолдауына ие болған қоғам Ташкент қаласының Карл Маркс даңғылындағы 41 үйдегі Қырғыз (қазақ) Ағарту институтының (Киринопрос) 35-ші бөлмесіне орналасты [5, 62б.].

103-тен астам мүшесі болған қоғамның төрағасы – доктор Халел Досмұхамедов, басқарма мүшелері – шығыстанушы профессор А.Ә. Шмидт, географ Иса Тоқтабаев, ақын (студент) Қасым Тыныстанов, инженер-темір жолшы Мұхамеджан Тынышбаев, әдебиетші (студент) Мұқтар Әуезов, заңгер Жаһанша Досмұхамедов, математик Кәрім Жәленовтар болды [2]. Қазақстан мәдениетінің ежелден келе жатқан мұрасын төкпей-шашпай жинақтаумен қатар ел ішінде оны кеңінен насихаттау мен қайта жандандыруға, сөйтіп өркениетті елдер көшінен қалып қоймауға қазақтың қаймағы болып саналатын ұлт зиялыларының басым бөлігі қатысты десек шындықтан аттамаймыз.

“Талап” қоғамының негізгі қандай мақсаттарды жүзеге асыруды қолға алғаны туралы мәліметке жүгінер болсақ, Халық ағарту комиссариатының, Мемлекеттік ғылыми кеңесінің бекітуіне ұсынылған 1922 жылдың 4 желтоқсанындағы “Қазақ мәдениетін көркейтушілердің “Талап” қоғамының” жарғысынан көрініс табады. Бұл Жарғының бірінші бөлімінде, қазақ халқының мәдени өркендеуінің жолдары ретінде бірнеше міндеттерді атап көрсетті. Олар ең алдымен қазақ әдеби тілін қалыптастыру, қазақша түсіндірме сөздікті жасау, орфографияны жетілдіру, дайындау. Мәдени жетістіктерге қол жеткізу үшін, ұлттық өнерді зерттеу арқылы оның бастауларына жол ашу.

Келесі бір атқарылатын шара ретінде қазақ мектептеріндегі оқулықтарды шығару мен білім беру сапасын арттыру көзделді. Ал осы міндеттерді атқаратын қазақ ғылыми қызметкерлері мен өнер қайраткерлерінің тұрмысын түзеу үшін жәрдемақылар тағайындау мәселесі көтерілді.

Міне, осы жоғарыда аталған мәселелерді жүзеге асыру үшін, төмендегідей міндеттерді атқаруға қоғам өзін мүдделі деп таныды.

Ең алдымен, қаржы мәселесін шешу үшін – талқы, дәріс, баяндамалар және т.б. өткізуді жолға қою. Мұражайлар мен кітапханаларға қажетті заттар мен жабдықтар жинақтау, экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастыруды іске асыру. Көрмелер ұйымдастыру, кітаптар, қолжазбалар, көне ескерткіштер мен өнер туындыларын жинастыру.

Ғылыми ізденістерді жандандыру үшін, ғылыми еңбектер мен өнертапқыштарды марапаттау, бәйге, байқау жариялауды кең насихаттау.

Қоғамның Жарғысындағы қарастырылған келесі бір мәселе кадрлар дайындау ісі еді. Оны жүзеге асыру үшін Ағарту саласына қажетті курстар ашу, қазақша жауапты тәржімешілер мен әріп терушілерді, журналистерді, редакторларды т.б. дайындауды қолға алуды міндеттеді. Қоғамның Жарғысының соңында, оның басқармасы Ташкент қаласында орналасқандығы, жалпы отырыстар сонда өткізілетіні айтылған. Сонымен қатар, қоғам өз бөлімшелерін республиканың басқа жерлерінде ашуға құқылы делінді.

Қоғамның мүшелігі екі бөліктен тұрады: нағыз және көмекші мүшесі. Нағыз мүшелікке кіретіндер қазақ халқының білім мен мәдени ағарту саласында қызмет етуші болуы қажет, ол екі нағыз мүшелердің ұсынысымен қабылданады. Ал көмекші мүшелікке алынатындар - қоғамның мақсатын танып ант бергендер, екі нағыз мүшенің ұсынысымен алынады. Көмекші мүше болудың екі шарты белгіленген: 1-ші, білім немесе мәдени ағарту саласы қызметкері болуы, 2-ші көмекші мүше ретінде алты ай мерзім өтуі керек. Қоғамның мүшелері өз аттарына лайықты ұлт мүддесіне қызмет етуге тиіс. Аумалы-төкпелі заманда өмір сүріп, жоқ-жітіктің қыспағында болса да ұлт зиялылары қарақан басының қамы емес, қаймана қазақтың болашағын ойлағаны еді.

Ал, енді қоғамның қаржыландыру көзіне қайта оралар болсақ, оның төрт бастауы болды: 1. Қоғамның мүшелерінен түсетін жарна; 2. Мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың бөлген қаржылай көмегі; 3. Ақылы дәрістер мен мерзімдік басылымдар мен кітаптарды сатудан түскен қаражат; 4. Жеке азаматтардың қаржылай көмегі.

Қоғамның жоғарғы басқарушы органы жалпы жиналыс болып табылды. Ол көбінесе жылына бір рет немесе төтенше жағдайларда кезектен тыс Ташкент қаласында шақырылатын. Сонымен қатар басқарма мен басқарма басшыларынан және оның жұмыс істеуін, қаржыны тиімді жұмсауын қадағалайтын тексеру комиссиясынан тұратын.

Қоғамның жабылуы жағдайы жарғының 25-26 баптарында айтылған. Егер қоғамның жабылатыны белгілі болса, ол үкіметтің бұйрығымен немесе қоғам мүшелерінің жалпы жиналысының қаулысымен ғана орындалатын болды. Ондай жағдайда оның дүние-мүлкі мәдени-ағарту мекемелерінің біріне берілуге тиісті болды.

Қым-қуыт замана жағдайында елдің болашағын ойлаған қазақ зиялылары “Талап” қоғамы арқылы сауатсыздықты жоюды, қазақ әдебиеті, тілі мен тарихын зерттеуді дамытуды, ұлттық мәдениетті өркениетті елдер деңгейіне көтеруге ұмтылды. Бұл үшін ақпарат алмасуы мақсатында ұлт зиялылары арасында апта сайын тұрақты түрде талқылаулар, дәрістер өткізіліп тұратын. Қоғам басқармасы түркі-монғол және қазақ халқының тарихы бойынша, археология мен этнографиялық зерттеулердің шығыстанудағы жетістіктері туралы қазақ әдебиеті мәселелері тақырыптар бойынша дәріс өткізді жоспарлаған болатын. Оқылған дәрістерге тоқталар болсақ: түркі-монғол тарихы бойынша М.Тынышпаев екі дәріс оқыса, қазақ әдебиетінің дамуы жайында М.Әуезов үшінші дәрісті өткізді. Төртінші дәрісті археология мәліметтеріне сүйене отырып Х.Досмұхамедов Түркістанды мекендеген халықтар туралы дайындады. Бесінші дәрісті С.Қожанов өткізіп, ауылдағы халық ағарту ісінің мәселелеріне тоқталды. Алтыншы дәріс М.Есболовтың - Ы.Алтынсариннің өмірі мен қызметіне арнаған баяндамасынан тұрса, жетінші дәрісті Тұмабаев - Абайдың шығармашылық мұрасына арнады [1, 70-75бб.].

“Талап” қоғамының алға қойған шараларының негізгі мәселелерінің қатарында мыналар болды:

1. Ташкент қаласында қырғыз (қазақ) өлкелік кітапханасын ашу;
2. Байтұрсынов тәсілі бойынша жасалған қазақ әліпбиін үйрету үшін курстар ұйымдастыру;
3. Аудармашылар бюросын ұйымдастыру;
4. Баспагерлік мәселесі.

Бұл мәселелердің жүзеге асырылуы қалай болды дегенге тоқталар болсақ, жергілікті халық үшін аса маңызды болып табылатын кітапхананы ашу үшін “Талап” қоғамы оның жарғысын дайындап, қажетті қаржы көлемін көрсетіп, Кеңестік халық комиссариатына рұқсат алуға жібереді. Мемлекеттен заттай (астықпен) көмек алып, қоғамның ашылуына рұқсат алды.

Екінші мәселе бойынша, дайындық курстары ашылып, алғашқы талапкерлері бітіруге жақын делінген. Сонымен қатар “Талаптың” басқармасы өзінің барлық мүшелеріне де жаңа әліпбиді оқытатын курсқа жазылуды міндеттеген.

Ал, аудармашылар бюросын құру мәселесіне келер болсақ, ғылыми әдебиеттерді, саяси кітапшаларды және әр түрлі мекемелік қағаздарда тұрақты түрде аудару қазақ тіліне қажеттілігінен туындағанын айтуымыз керек. Кейіннен бюро ұйымдастырылып, қызу іске кірісіп кетеді.

Соңғы ұйымдық мәселенің бірі баспа ісі болды. Бұл жерде “Талап” қоғамының алға қойған мақсаты: қолда бар қолжазбаларды, ең алдымен оқулықтар мен оқу құралдарын басып шығару еді. Соның бірі К.Жәленовтың арифметика теориясы бойынша дайындаған қолжазбасын басып шығару, қазақ тілінде Түркістанның, Қазақ Республикасының, РКФСР-дің және бес құрылықтың картасы және географиялық атласты қазақ тілінде баспаға дайындалады.

Сонымен, “Қазақстан мәдениетін қызғыштай қорғаған “Талап” қоғамының қызметінен теріп алған тарихи деректік мәліметтерімізге жүгінсек, оның алғашқы ғылыми қоғам ретіндегі іс-әрекетінің өз заманындағы аса қажетті, маңызды болғандығын нық сеніммен айта аламыз.

“Талаптың” Алматыдағы бөлімшесі – Қырғыз (қазақ) Ағарту институты да көп іс тындырған. Осында дәріс оқитын төрт қазақ оқытушыларының көмегімен пікірталастар, өнерге қатысты кеш-жиындар дәрістер өткізілген, “Балдырған” атты қолжазба журналының шығуына жан-жақты ат салысқан. Тарихи орындарға саяхат жасауға, өлкетану ісінің жандануына, мұражай, кітапханалар ұйымдастыруға және т.б. кезек күттірмейтін мәселелерді жүзеге асыруға көп күш жұмсалған. Қоғам ел тарихын, салт-дәстүрі мен тілін құрметтейтін азаматтарды дайындауға және қазақ мәдениетін көркейтуге ұмтылды. “Қазақтың әдеби тіліне бірінші қызмет қылушылар елдің сырына қанық, әдет-ғұрып заңдарымен бірге өсіп, біте қайнаған елге жуық азаматтар болуға тиіс. Өлі жүректі қанды жүрекке айналдырып, көзсіз қиялды көзді қиялға айналдырып, ар-намысты қолға алып, сыбанып кірісетін қауымыз – осы “Талап” болуға тиіс”, - делінген Қ.Басымовтың тілек-ниетін белгілі дәрежеде жүзеге асырған сияқты [1, 456.].

1923 жылдың 24 ақпанында Халық ағарту комиссариатына келіп түскен № 817-ші хаттаманың көшірмесінде “Талап” қоғамының “Жетісу облысындағы әйел мәселесі” деген тақырыпта отырыс өткізгені айтылған. “Қазақстан мәдениетін көркейтушілердің “Талап” қоғамының” Алматыдағы бөлімшесінің отырысына 67 адам қатысқан. Жиналыстың төрағалығына – қоғам Басқармасының орынбасары М.Есболов, хатшылығына Молдабаев тағайындалыпты [1, 676.].

Жетісу облысындағы әйелдердің жағдайы туралы баяндама тыңдалып, жиналысқа қатысқандардың талқылауынан кейін арнайы қаулы қабылданды. Онда былай делінген:

“1. Қарастырылған мәселе тек Жетісу облысына ғана емес бүкіл қырғыз (қазақ) халқының әйелдеріне қатысты екендігін тану;

2. Нақты шаралар ұйымдастыру, аталған мәселені бүге-шігесіне дейін қарастыру үшін құрамында Ж.Досмұхамедов, М.Әуезов, С.Ақаев, А.Досшанов, Махмельдин Алдабек бар комиссия құру;

3. “Талап” қоғамының осы жылдың 3 наурызында болатын отырысына дейін комиссия шешімін дайындап, шаралар белгіленсін;

4. Әділет Халық Комиссариатының өкілі И.И. Крылцованың ұсынысы бойынша бұл мәселені Ташкентте арнайы декретпен заңдастырсын;

5. Аталған мәселені тек, тұйық түрде немесе басқа мәселелермен (мұрагерлік құқық, көне заңдармен т.б.) байланыста шешу қажет пе, соны анықтау;

6. Мәселені тек заңдық жағынан ғана қарастыру керек пе, немесе экономикалық, мәдени өмір, тұрмыстық жағдай және т.б. бірге қарастыруға тиістігін комиссияның анықтауына жүктеу”.

Сонымен, “Талап” қоғамы өзінің қазақ мәдениетін көркейтудегі жұмысын орталықта ғана емес басқа жерлерде бөлімшелер ашумен қызметін жандандыра түсті. Қоғам айналасына қазақтың зиялылары, оқыған жастары мен қазақ мәдениетінің жанашырлары топтасып, болашақ зерттеуші ғылым кадрлардың өсіп шығаруына айналды.

Есеп беру жылында “Талап” қоғамының атқарған істеріне қайта оралар болсақ, ол мынадан көрінеді:

Біріншіден, ұйымдастыру шаралар асқан жауапкершілікпен көптеген қиындықтарды артқа тастап толығымен жүзеге асырылды. Қоғамның бөлімшелері арасындағы байланыс жолға қойылды. Бұл негізгі мәдени шараларды жүзеге асыруға мүмкіндіктер берді.


Екіншіден, қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын жазу, дайындау, оны баспадан шығару үшін қарды көзін табу жұмыстары жүргізіліп, тиражы көбейтілді. Бұл мемлекеттік мекемелердің шамасы келмей жатқан кезде, қоғам тарапынан жасалған зор жетістік еді.

Үшіншіден, қазақ тарихының ашылмаған беттерін айқындау мен оны зерттеу нысанасына алу, сол бойынша дәрістер оқу, талқылар өткізу, ұлтжанды азаматтардың елінің болашағына селқос қарамағандығының айқын белгісі болды. Бұл қоғамның алдындағы міндеттерін айқын қоюы нәтижесінде мүмкін болды.

Талап” қоғамы сол кездегі оқыған, көзі ашық қазақ зиялыларын өз айналасына топтастырып, ұлттық мүддеге жұмыс істеуге жұмылдыруды өз қолына алған еді. Сол замандағы мәдени-ағарту саласындағы істердің қандайына болмасын бел шешіп араласа отырып, көп жағдайда белсенділік көрсетіп, мемлекет тарапынан қолдау табуға ұмтылған. Тілін жоғалтып, тарихынан айрылған халықтың жербетінен жойылып кететінін жақсы ұғынған ұлт зиялылары қазақтың өткен тарихын, мәдениетін, тарихи ескерткіштері мен ауыз әдебиетін және т.б. көркейтуге, сақтап қалуға аянбай қызмет етті. Бұл жерде “Талаптың” атқарған ісіне қазіргі заман төрінен қарағанда, оның ұрпағына үлгі боларлық зор міндет өтегенін айта аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қамзабекұлы Д. Руханият. Саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы мақалалар мен зерттеулер. - Алматы, 1997. -250б.
2. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғғ.). Зерттеулер. - Алматы: Жалын баспасы, 2004. - 280 б.
3. Қамзабекұлы Д. Смағұл Садуақасұлы. -Алматы, 1996. -256 б.
4. Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. -2 том. -Алматы: Алаш, 2003. – 360 б.
5. Әлмаханова Р. Халел басқарған “Талап” қоғамы // Ақиқат. -1998. - №3. - 62-63 б.



УДК 94 (574)

РАЗВИТИЕ НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ В КАЗАХСТАНЕ ПОСЛЕ ПРИСОЕДИНЕНИЯ К РОССИИ

Сугурбаева Б.К. - магистр
преподаватель Актюбинского регионального университета имени К.Жубанова
Калыбаева А.Ж. – магистр
старший преподаватель Актюбинского регионального университета имени К.Жубанова
г. Актөбе

Аннотация. Научное изучение казахского края, истории и этнографии казахского народа начался после принятия российского подданства. И.К. Кирилов, В.Н. Татищев, Г.Ф. Миллер обосновали необходимость широкого изучения русскими учеными восточных народов, и своими трудами положили начало этому делу, которое нашли продолжение в трудах С.П. Крашенинникова, П.И. Рычкова и других ученых.

Ключевые слова: А.И.Тевкелев, И.К.Кирилов, Г.Ф. Миллер, первая академическая экспедиция, казахская степь, этнографический материал.

После принятия российского подданства начался процесс научного изучения казахского края. Становление процесса систематического изучения казахов связано с деятельностью российского дипломата и чиновника Оренбургской администрации А.И. Тевкелева. А.И. Тевкелев большую часть своей жизни прожил на северо-западной границе Казахской степи, в Оренбургской губернии. Здесь он успешно проявил себя не только как дипломат и чиновник, но и как оригинальный исследователь истории, культуры, быта, социального положения казахского народа.

В своей деятельности А.И. Тевкелев руководствовался особой инструкцией, которой его снабдила Коллегия иностранных дел. Некоторые пункты этой инструкции предусматривали изучение довольно широкого круга научных вопросов, и она может рассматриваться как одна из самых ранних русских программ по изучению казахского края [1, с. 43-44]. А.И.Тевкелев собирал исторические материалы в казахских аулах как путем непосредственного и ежедневного наблюдения жизни казахов, так и посредством беседы и опроса населения.

В 1734 г. Россия приступила к реализации плана И.К. Кирилова, которая учитывала колониальные интересы царизма. По этому плану предполагалось построить два новых русских города, один на русско-казахской границе, а другой - в устье реки Сыр-Дарьи, для реализации политического и экономического господства на Востоке. Осуществление плана была поручена Оренбургской экспедиции, основанной для реализации этой цели. Экспедицию возглавил сам Кирилов. И.К. Кирилов (1689-1737) один из видных государственных деятелей первой половины XVIII в., внесших значительный вклад в развитие русской науки. В 1727 г. Кирилов составил первое географо-статистическое описание страны «Цветущее состояние Всероссийского государства...», а в последующие годы подготовил около тридцати карт для атласа России. На картах атласа была обозначена и Казахская степь [2, с.109].

И.К. Кирилов возглавлял Оренбургскую экспедицию около трех лет. Восстание в Башкирии и ранняя смерть не позволили ему до конца выполнить возложенную на него миссию. В 1735 г. на реке Ори им было положено начало строительства г. Оренбурга, который через несколько лет дважды переносили на другое место и на нынешнем месте город был основан в 1743 г. С этого времени Оренбург стал административным центром края, который служил интересам колониальной политики царизма почти двести лет. Первую карту края составил в 1737 г. геодезист Алексей Норов, куда входили земли Младшего и Среднего жузов. С тех пор казахские земли обозначались на всех русских картах. После смерти Кирилова начальником Оренбургской экспедиции был назначен выдающийся ученый и государственный деятель В.Н. Татищев (1686-1750). В.Н. Татищев лично наблюдал жизнь казахского народа, в 1738-1739 гг. вел переговоры с ханами, султанами и старшинами Младшего и Среднего жузов, посещал по их приглашению крупные казахские аулы. Он старался

закрепить присоединение казахского народа к России и установить с казахским населением дружеские отношения. Научная деятельность Татищева имела важное значение. В 1734 и в 1737 гг. Татищев составил в двух вариантах первую в мире анкету географо-этнографических обследований, где показаны названия народов и их происхождение, занятия, нравы, обычаи и обряды, народная медицина, верования, язык, фольклор [3, с.690]. В.Н. Татищев также проводил беседы с купцами, дипломатами, путешественниками, переписывался с ханом Абулхайром, П.И. Рычковым, Г.Ф. Миллером и чиновниками колониальной администрации, работал в архивах Москвы, Петербурга, Поволжья, Сибири. В число географических и историко-этнографических документов он ввел архивные источники и книги. В его главном труде «История Российская» (1739-1750) были рассмотрены такие вопросы, как этническая территория, кочевья и родоплеменная структура казахов. В нем автор дал лингвистическо-этнографическую классификацию народов России, отнеся казахов в так называемую «скифскую» группу, вместе с туркменами, башкирами, каракалпаками, татарами и другими народами [4, с.274-294].

В этой же работе автор, одним из первых, указал, что европейские ученые ошибаются, называя многие народы Азии, в том числе и казахов, просто татарами, а их обширную страну - общим названием «Великая Татария». Интересуясь происхождением тюркских народов, Татищев тщательно изучил родоплеменной состав казахов, особый интерес он проявил к кипчакам. Он специально обратился к П.И. Рычкову с просьбой «внятнее изъяснить» значение слова кипчак, высказав при этом уже известное ему объяснение, в котором он сомневался. Научные сведения о казахском народе содержатся почти во всех трудах Татищева. Например, во «Введении к историческому и географическому описанию Великороссийской империи» (1744-1745) отмечено: «Сыр-Дарья в Оренбургской губернии, в Киргизском владении. По ней киргиз-кайсацкой Меньшой орды наилучшее зимовье бывает». И далее сказано о разделении казахов на три жуза, о названии казахов и дана известная автору этимология слов казак и киргиз [5, с.178]. В «Российском историческом, географическом и политическом лексиконе» (1745), являющемся первым, хотя и незаконченным, опытом создания в России энциклопедического словаря, казахам посвящено несколько статей.

Границы этнической территории казахов, разделение их на три жуза, взаимоотношения жузов с Россией и Джунгарией Татищев описал в статьях «Кайсаки и киргизы» и «Киргиз и кайсак». Этнографические сведения о казахах содержатся в статье «Кибитка», описывающая казахскую юрту. В переписках В.Н. Татищева и П.И. Рычкова заметен интерес Татищева к истории казахов, где он задавал Рычкову вопросы историко-географического и лингвистического характера или же высказывал свое мнение о казахском народе. Известно также, что геодезисты Кошелев и Норов, по заданию Татищева собирали в казахских аулах материалы, необходимые «для описания тракту и географических примечаний» [6, с.83]. Большое значение имели и государственные мероприятия В.Н. Татищева для укрепления казахско-русских связей и сближения двух народов. Близкому знакомству русских людей с казахским народом способствовали русские посольства, организованные в казахские аулы, а также торговые караваны, открытие менового двора около Оренбурга, к которому с каждым годом прикочевывало все большее количество казахских аулов.

Огромное значение для изучения экономических, политических и культурных сторон жизни казахов имела проведение первой академической экспедиции, работавшая в период с 1733 по 1743 г. Одним из выдающихся участников первой академической экспедиции был С.П. Крашенинников (1711-1755), показавший в своей работе «Описание земли Камчатки» (1755), пример исследования нерусских народов страны. С.П. Крашенинников призывал русских ученых изучать родную страну, «знать свое отечество во всех его пределах, знать изобилие и недостатки каждого места, знать промыслы граждан и подвластных народов, знать обычаи их, веру, содержание и в чем состоит богатство их, также места, в каких они живут, с кем пограничны, что у них произрастает земля и воды и какими местами к ним путь лежит...» [7, с.87].

Другой участник экспедиции Г.Ф. Миллер (1705-1783) в своей научной деятельности уделил особое внимание вопросам изучения казахского народа. Г.Ф. Миллер свою деятельность начал с изучения русских источников о восточных народах и прежде всего архивных материалов, хранившихся в Петербурге и Москве. Для экспедиции Миллер написал специальную инструкцию «О истории народов», которая предусматривала необходимость тщательного изучения истории народов Сибири. Находясь в экспедиции, Миллер посетил Омскую, Железинскую, Ямышевскую, Семипалатинскую крепости, имевшие тесные связи с казахским народом, где тщательно изучал местные архивы и сделал копии с наиболее интересных документов, представляющих очень большую научную ценность для исследователей истории Сибири. Итогом работы Миллера в академической экспедиции явился его четырехтомный труд «История Сибири» [6, с.86]. В «Истории Сибири» Миллер дал обширный материал по вопросам этногенеза и этнического родства сибирских народов. Также Миллером было написано множество статей, например: «Известие о песошном золоте в Бухарии...», в которой говорится о нравах казахов, «О начале происхождения казаков», рассматривающая этимологию слова «казак» [6, с.87].

Успехи научного изучения казахского народа в России в XVIII в. связаны в значительной степени с развитием русского востоковедения, задачи которого впервые изложили в своих трудах И.К. Кирилов, В.Н. Татищев, Г.Ф. Миллер. Они обосновали необходимость широкого изучения русскими учеными восточных

народов, и своими трудами положили начало этому делу, которое нашли продолжение в трудах С.П. Крашенинникова, П.И. Рычкова и других ученых.

Список литературы:

1. Казахско-русские отношения в XVI – XVIII веках. Т.1. Алма – Ата - 1961.
2. Фель С.Е. Картография России XVIII в. М - 1960.
3. Попов Н. Татищев и его время. М - 1961.
4. Татищев В.Н. История Российская с самых древнейших времен. Кн.1., Ч.2., М - 1961.
5. Татищев В.Н. Избранные труды по географии России. М - 1960.
6. Масанов Э.А. Очерки истории этнографического изучения казахского народа в СССР. Астана - 2007
7. Крашенинников С.П. Описание земли Камчатки. М-Л - 1959.

ӘОЖ 781.3

ОТАНДЫҚ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮРДІСІНДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Абдурахманова К.Р. - құқық және эконмика магистрі, М.Х.Дулати атындағы ТарӨУ

Аңдатпа. Мақалада ұлтты қалыптастырудағы және сол ұлттың ұлттық бірегейліктің қалыптастырудағы тарихтың маңыздылығы, сөзсіз, оның педагогикалық мақсаттардан әлдеқайда жоғары, әлде қайда күрделі мәселе екендігін көрсетілген.

Түйін сөздер: Ұлт қалыптастыру, трансформация, территориялық кеңістік

«Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға бейім тұрады... Дүниеде өңген жұрттар қатарында қор болмайын, «тұқымым құрып қалмасын» деген халық өзінің шежіресін имани дәрежесінде ұғып білуге тиіс болады»
Әлихан Бөкейхан

Соңғы жылдары Қазақстанда тарих ғылымы мен тарих білімін беру мәселелеріне мемлекет саясаты тарапынан ерекше назар аударылып келеді. Осылайша, Қазақстанда ұлтты қалыптастыруда (nation building) және азаматтықты тәрбиелеудегі тарихтың рөлі өзінің толық көрінісін тауып келе жатыр. Осы орайда, Қазақстандағы ұлт қалыптастыру (nation building) үрдісінде отандық тарих ғылымының маңыздылығын зерттеу бүгінгі күннің бірегей тақырыптарының бірі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай, тарихи білімнің азаматтық құндылықтарды, ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда орны ерекше. 1920 жылы Хелен Маделі өзінің «Азаматтық мектебі ретінде тарих» (History as a School of Citizenship) кітабында тарихты оқытудың негізгі мақсаты «азаматты қалыптастыру» (the making of the citizen) болу керектігін атап кетеді [11; 10 бет].

Соңғы онжылдықта Кит Бартон [4; 119–148 бет]. Сонымен қатар Бартон мен Левстик [5] және Кен Осборн [13; 585–626 бет] сияқты шетелдік ғалымдар Америка мен Канадада демократиялық азаматтық тәрбиесін ілгерілетудегі тарих білімінің рөлін атап өтеді. Модерн

мемлекеттің даму кезеңіне көз жүгіртетін болсақ, тарихтың оқыту пәні ретінде қалыптасуы ұлттық мемлекеттер мен ұлтшылдықтың өркендеуімен тікелей және жанама түрде байланысты.

Ұлт қалыптастыру (ағылш. – nation building) тұжырымдамасы-мемлекеттің ұлттық бірегейлігін орнату процесін білдіреді. Ұлт қалыптастыру мемлекеттің ұзақ мерзімді перспективада тұрақты және берік болуын қамтамасыз ету үшін жеке адамды қоғаммен, ұлтпен және мемлекетпен бірегейлендіруге бағытталған. Харрис Милонастың айтуынша,

«қазіргі ұлттық мемлекеттердегі заңды билік халықтық билікке, көпшілікке байланысты.

Ұлт қалыптастыру-бұл осы көпшілік құрылатын процесс» [12; 17 бет].

Саяси ілімдер тарихына көз жүргізетін болсақ, алғаш болып құрылған модерн-ұлттық мемлекеттерге қоғамда интеграцияланған, біртұтас құрылымды құру үшін, сондай-ақ азшылық болып табылатын түрлі дәстүрлі топтардың өздерінің бірегейлік сезімдерінен біртіндеп арылдыру үшін жаңа жоғарғы бірегейлік қажет болды. Бұл өз кезегінде ұлт қалыптастыру (nation building) тұжырымдамасының пайда болуына әкелді [10; 143 бет]. Бұл қажеттіліктің нәтижесінде тиесілілік пен байланыс сезімі дәстүрлі/діни құрылымдардан алыстатылып, ұлттық деген жаңа құбылысқа қарай бағытталды. Бұл трансформация әр түрлі дәстүрлі бірегейліктер мен тиесілік сезімдерді баяу ыдырату, оларды біртұтас ұлттық бірегейлікке бағыттау, содан кейін ортақ құндылықтарды, ортақ тілді және ортақ мәдени және тарихи негіздерді қолдану арқылы біртекті қоғам құруға талпыныстың нәтижесі ретінде пайда болады [6; 9–36 бет]. Осындай ұжымдық жад шеңберінде қалыптасатын

тарих ұлттың шығу тегінен бүгін мен болашақты қиып өтетін көпір құрады. Демек, ұлттық болмыстың қалыптасуы тарих арқылы ұжымдық жадтағы объективті заттардың бүгінгі күнге берілуі арқылы жүзеге асады.

Әрине, бірге өмір сүретін қауымдастықтардың бәрі ұлт емес. Басқаша айтқанда, олардың ұлттық ерекшелігі жоқ [7; 298 бет]. Шынында да, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру үшін этникалық бірегейлік, діни бірегейлік, әлеуметтік бірегейлік және аймақтық бірегейлік сияқты басқа да әр түрлі бірегейліктердің орнын басу және «ортақ нанымдар мен құндылықтарға» сәйкес жаңа бірлікті қамтамасыз ету қажет. Бұл бірліктің құрылуында ұлт қайраткерлерін, батырларды, ұлттық мінезді, ортақ тілді, мәдени және тарихи ескерткіштерді, сондай -ақ «бірегейлікті куәландыратын тізімге» жатқызуға болатын бірнеше фольклорлық ерекшеліктер алдыңғы қатарға шығады [2; 145–62 бет].

Ұлт қалыптастыру үшін қажетті ұлттық бірегейлік сезімі, бір жағынан, жоғарыда көрсетілгендей ұлттың барлық мүшелері үшін тарихи сабақтастық сезімін қамтамасыз ететін болса; екінші жағынан, ол белгілі бір теориялық әрі философиялық негізге тиесілілік пен байланысты қалыптастырады. Көріп отырғанымыздай, тарих білімі территориялық/кеңістіктік тиесілілік сезімінің қалыптасуының құрамдас элементі ретінде де пайда болып отыр. Смиттің анықтамасы бойынша, қоғам мүшелерін бірегейлендіруде және белгілі бір құндылықтарға тиесілі сезімін қалыптастыруда әлеуметтік кеңістік және территория да ұлттық бірегейліктің негізін қалаушылардың бірі болып табылады. Алайда, бұл территория жай ғана территориялық кеңістік емес, ол «тарихи» территориялық аумақ [3; 9 бет]. Яғни, бұл жерде территориялық кеңістікке «тарихи» маңыздылық беру мәселесі сөз болдып отыр.

Тарихты оқытудың ұлт қалыптастырудағы рөлі - адамдардың көпшілігі өздерін өз отбасыларынан әлде қайда үлкен әлеуметтік топтармен бірегейлендіреді, ал тарих болса адамдарды көбінесе бір ұлтпен бірегейлендіру үшін қолданылады [5; 48 бет]. Тарих «Мен кімін?» деген сұраққа жауап іздеу арқылы адамның шығу тегі мәселесін шешуге тырысады [1; 18–19 бет]. Тарих бұл тұрғыда ұлттық бірегейлік рухын қалыптастыратын болса, мемлекеттің «идеологиялық аппараттары» осы бірегейлікті қоғамға танытуға және оны тұтастандыруға, одан әрі жетілдіруге әрекет жасайды.

Ұлтты қалыптастырудағы және сол ұлттың ұлттық бірегейліктің қалыптастырудағы тарихтың маңыздылығы, сөзсіз, оның педагогикалық мақсаттардан әлдеқайда жоғары, әлде қайда күрделі мәселе екендігін көрсетеді. Ғылыми тұрғыдан алғанда, тарихи білім беру жүйесі азаматтықты тәрбиелеуде ғана емес, сонымен қатар, ұлтты қалыптастыруда және ұлттық мемлекет құруда маңызды рөл атқаратынын көріп отырмыз. Демек, белгілі бір территориялық аумақты ұлттық бірегейлік тұрғысынан құнды әрі мағыналы ететін нәрсе - оның жай ғана географиялық сипаттамасы емес, керісінше оның тарихи сипаты, тарихи табиғаты. Бұл қысқаша теориялық негізде ұлтты құрайтын әрбір элемент дерлік тарихпен байланысты. Бұл мемлекет қайраткерлерінің және ұлт көшбасшыларының неліктен тарих пен тарихты оқытуға арнайы сезімталдықпен қарайтындығын түсіндіруде ерекше маңызға ие.

Тарих білімін беру азаматтарда өткеннен болашаққа дейінгі ұжымдық жат пен ұлттық сана қажеттілігіне бағытталған сабақтастық сезімін қалыптастыру үшін функционалды түрде қолданылуда. Ұлттық мемлекетті біртектес қоғам ретінде қалыптастыру идеясы негізінде қалыптасқан және ұлтжандылық дискурсына негізделген тарихи білімнің бұл түсінігі адамдарды тек қана қоғамның бір мүшесі ретінде ғана емес, тиісінше әр түрлі құқықтар мен міндеттерге ие азамат болуын қамтамасыз етуге бағытталған [8; 6–7 бет].

Бұл ресми тарихи білім беру процесі жаңа ұрпаққа қалыптасқан тәртіптің принциптерін, мәдени құрылымын, тарихи сабақтастығын және мағыналық әлемін беруге бағытталған.

Осылайша, қоғамның ұжымдық жады күшейтіледі; ойдың, мінез-құлықтың және көзқарастың біртектілігі қамтамасыз етіледі; және ағымдағы уақыт пен орынға тиесілі байланыс орнатылады. Бұл процестің соңында белгілі бір бірегейлік сезімі қалыптастырған адам айналасындағы әлемді түсінеді және өткенге қайта саралау арқылы оны қайта жаңғыртады. Ұжымдық жадқа енгізілген құндылықтардың барлық түрлері, оң және теріс пайымдаулар мен басқалардың бейнелері жақсы азаматтар тәрбиелеу мақсатында оқулықтар арқылы жоғары жоспарлы және бағдарламаланған түрде білім алушыларға жеткізіледі.

Негізгі мақсаты – ресми тарих білімі арқылы ұлттық мемлекеттің идеалды азаматын «қалыптастыру», идеалды азаматын «жарату»; осылайша ұлттық мемлекет мақсат еткендей ұлттық бірегейлік қалыптастыру.

Қазақстандағы ұлт қалыптастыру үрдісі және тарих білімі 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның жеке дара мемлекет ретінде жүзеге асырылуы қажет жаңа міндеттер алдыңғы қатарға шыққан болатын: советтік азаматты ұлттық бірегейлігі бар қазақстандық азаматқа трансформациялау және біртұтас ұлт қалыптастыру. Әрине, ортақ мәдениет және тарихи санасы бар біртұтас ұлт қалыптастыру үрдісі күні бүгінге дейін тоқтамайтын үрдіс.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мәдени мұра мен рухани қазынаны талдап, жіктеп, қоғамның игілігіне жарату зиялы қауым мен ғалымдарға үлкен міндеттер жүктелді. Бұл міндеттің, әсіресе, ауыр жүгін тарихшы-мамандар арқалады. Елімізге есімдері белгілі М. Қозыбаев, К. Байпақов, К. Нұрпейісов, М. Қойгелдиев, Т. Омарбеков, Н. Әмірекұлов, Б. Көмеков, Ж. Абылғожин, Т. Сұлтанов сынды майталман мамандар қыруар жұмыстар атқарды [15].

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ халқының қоғамдық санасындағы түбегейлі өзгерістер тарихи тағдырдың тәлкегімен ұмыт болған ұлттық дәстүр мен мәдениетті қайта жаңғыртуымен сипатталды. Халықтың тарихи

өткенін толығымен, жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, тарихи сананы қалыптастыру мақсатында бір қатар жұмыстар іске асырылды. 1995 жылы «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастырудың тұжырымдамасы» қабылданып, онда тарихи білімнің іргелі принциптері айқындалып, негізгі басымдықтары анықталды. 1997 жылдың «Қоғамдық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы», 1998 жылдың «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы», 1999 жылдың «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы», 2000 жылдың «Мәдениетті қолдау жылы», 2001 жылдың «Қазақстан тәуелсіздігінің он жылдығы» деп жариялануының, 2004 жылдан бастап «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырыла бастауы нәтижесіндегі атқарылған қыруар жұмыстар, сөз жоқ, ұлттық бәрегейлік пен тарихи сана қалыптастыруға үлкен әсерін тигізді. Сонымен қатар, ұлттық тарихымызды қайта зерделеп, объективті түрде жаңа заман тұрғысынан зерттеуге арналған Ә. Марғұлан атындағы Археология институты, Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Мемлекет тарихы институты сияқты іргелі институттардың және университеттер қабырғаларында тарих факультеттерінің ашылуы жалпы тарих ғылымының институтциялануына үлкен әсер етті.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында айтқандай, тарих ғылымы саласында жүргізілген кешенді жұмыстар нәтижесінде отандық тарих ғылымы тың серпінмен дамып, түрлі бағыттар бойынша көптеген зерттеу жүргізілді.

Бұрын бәймәлім болған қаншама тарихи деректер, археологиялық қазыналар табылды. Тарихымыз сан мың жылдан тамыр тартатынын айғақтайтын жаңалықтар ашылды. Елбасының осындай іргелі бастамалары халқымыздың тарихи санасын жаңғыртуға зор үлес қосты [16].

Көріп отырғанымыздай, ортақ мәдениет және тарихи санасы бар біртұтас ұлт қалыптастыру мақсатында жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатқа назар аударатын болсақ, мемлекет тарапынан тарих ғылымы саласындағы теориялық әрі методологиялық мәселелерінің шешуіне [14] және отандық тарих ғылымының дамуына қолдаулар жасалып жатқандығын көріп отырмыз. Мәселен, қазіргі уақытта «Қазіргі заманғы тарих ғылымының қалыптасуының ғылыми негізделген тұжырымдамасын әзірлеу» тақырыбында ғылыми бағдарламаны іске асыруды бастады. Бағдарламаның негізгі мақсаты тек қана Қазақстанның тарих ғылымының қазіргі жағдайын жан-жақты зерттеу емес. Негізгі мақсаты Қазақстанның тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуының ғылыми негізделген жаңа тұжырымдамасының іргелі негізін, яғни фундаментін қалыптастыру болып табылады [15].


Сөзсіз, адам жаңа болашаққа ұмтылатын болса, ол өткен өмірді жаңадан саралайды.

Алаш қайраткері Әлихан Бөкейхан айтқандай, «...бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға бейім тұрады...» Тарихты жазу мен оқыту арқылы жаңа мемлекеттің негізін қалаушылар жаңа қоғамды құруға тырысты, бұл өз кезегінде жаңа болашақты құруға талпыныстың жемісі. Тарихтың ұлт қалыптастыру үдерісіндегі бұл маңызды рөлі оның жаңадан жазылуы мен оқытылуына, сондай-ақ мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі ретінде қалыптасуына алып келді. Жоғарыда көргеніміздей, ұлтжандылық пен ұлттық бірегейлікті қалыптасуында және нығайтуда тарих ғылымының маңыздылығы ерекше. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап мемлекеттік саясат тарапынан Қазақстандағы тарих білімінің дамуына, ұлттық жад пен тарихи сананың қалыптасуына ерекше назар аударылып келеді. Қазақстанның қазіргі заманғы тарих ғылымының тарихын зерделеу және ғылыми негізделген тұжырымдамаларды дайындау бағытында іргелі зерттеулер жүргізіліп жатыр. Осы орайда, тарих ғылымының жаңа тұжырымдамасы әзірлену барысында тарихи білімінің жаңа азаматтық құндылықтарды, ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға ерекше назар аударылуы қажет.

Пайданылған әдебиеттер

1. Akif Pamuk (2014), *Kimlik ve Tarih: Kimliğin İnşasında Tarihın Kullanımı*. İstanbul: Yeni İnsan Yayınevi. P. 18–19
2. Anne-Marie Thiesse (2010), “Ulusal Kimlikler, Ulusaşırı Bir Paradigma”, *Milliyetçiliği Yeniden Düşünmek*. İstanbul: İletişim. S. 145–62.
3. Anthony D (1991). *Smith, National Identity*. London: Penguin. P. 9.
4. Barton, Keith (2001), ‘Committing acts of history: Mediated action, humanistic education and participatory democracy’, in W. Stanley (ed.), *Critical Issues in Social Studies Research for the Twentieth Century*, Greenwich, CT: Information Age Publishing, pp. 119–148.
5. Barton, Keith and Levstik, Linda (2004), *Teaching History for the Common Good*, Mahwah, NJ: Lawrence Erlbaum Associates.
6. Benedict Anderson (2006), *Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism*. London: Verso. P. 9–36.
7. Erol Göka, *İnsan Kısım (2006) Kısım: Topluluklar, Zihniyetler, Kimlikler* İstanbul: Aşına Kitaplar. S. 298.
8. İsmet Parlak (2005), *Kemalist İdeolojide Eğitim*. Ankara: Turhan Kitabevi. P. 6–7.
9. Köksal Şahin (2007), *Küreselleşme Tartışmaları Işığında Ulus*. İstanbul: İlgı Kültür Sanat. S. 143.
10. Madeley, Helen M. (1920), *History as a School of Citizenship*, Oxford: Oxford University Press.
11. Mylonas, Harris (2012). *The Politics of Nation-Building: Making Co-Nationals, Refugees, and Minorities*. New York: Cambridge University Press.

12. Osborne, Kennc (2003), 'Teaching history in schools: A canadian debate', Journal of Curriculum Studies, 35: 5, pp. 585–626.
13. Бағдатова С.А (2021). Обзор материалов научного семинара «Информационное обеспечение исторической науки Казахстана: современное состояние и перспективы развития» \\ http://history-state.kz/ru/?ELEMENT_ID=1711&bxajaxid=ccb6ad31101c9f96b7955bebd0da3f59
14. Еркін Әбіл (2021). Теоретические проблемы современной исторической науки Казахстана. Часть 2 \\ http://history-state.kz/ru/?ELEMENT_ID=1610
15. Қазіргі замандағы тарих ғылымы және тәуелсіз Қазақстандағы тарихи сана \\ <https://edu.e-history.kz/kz/contents/view/867>
16. Тоқаев Қасым-Жомарт (2021). Тәуелсіздік бәрінен қымбат \\ <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat>



УДК 371.21

ФОРМИРОВАНИЕ НРАВСТВЕННОГО ПОВЕДЕНИЯ И СОЗНАНИЯ НА ИСТОРИЧЕСКИХ ПРИМЕРАХ В ПРОЦЕССЕ ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Алтаева Г.А. - к.ф.н., доцент

Республика Казахстан, г.Тараз, Таразский региональный университет имени М.Х.Дулати,
gulnar.a1969@mail.ru

Патриотическое воспитание подрастающего поколения никогда не теряло градуса актуальности. Можно с твердой уверенностью заявлять, что патриотическое воспитание берет свое начало со времен первобытнообщинного строя, когда каждый человек мог чувствовать себя в более или менее безопасной обстановке лишь будучи в коллективе. Вне коллектива первобытный человек не мог бы элементарно выжить в условиях проживания среди дикой природы. Так постепенно в людях формируется чувство принадлежности к какому-либо сообществу. Постепенно пробуждается чувство близости, любви к окружающим людям, территории, на которой живут люди.

В процессе становления государства подобные чувства начинают усиливаться. Люди начинают защищать свою территорию от посторонних, заботиться о ней. Постепенно, в связи с централизацией, мелкие образования объединяются, образуя более крупное государство. Централизация государств способствует зарождению наций, и, соответственно, формированию органа национального самосознания, - языка. Естественно, усиливается роль патриотического воспитания граждан, так как необходимо защищать территорию своего государства от нашествия внешних врагов, заботиться о процветании своей страны. А защищать свою Родину, трудиться для ее блага, отдавать свою жизнь в битве за независимость своего Отечества могут только патриоты, люди, искренне любящие землю, на которой родились.

В настоящее время в эпоху глобализации, время процветания интернет-технологий границы между государствами, можно сказать, стираются. Современные люди могут в любое время суток устанавливать связи между с другими людьми, находящимися в любой точке планеты, работать удаленно, находясь на много километров от места работы.

Именно в таких условиях, особенно возрастает актуальность патриотического воспитания подрастающего поколения, так как имея возможность жить и работать в любом государстве мира, у молодых людей возможна смена приоритетов, изменение системы ценностей. Для современного поколения внешнее благополучие, комфорт выходят на передний план. Большая часть молодежи живет по принципу «Родина там, где мне хорошо». В условиях приоритета

Анализ поведения современной молодежи убеждает нас в том, что для молодых людей - поколения зумеров в системе ценностей приоритетными являются вопросы личного успеха, карьеры, денег, а нравственные категории постепенно отходят на второй план, так у них создаются ложные ориентиры, и личные интересы современных школьников и студентов расходятся с интересами государственными. В таких условиях, естественно, вопросы нравственного воспитания и нравственного в процессе патриотического воспитания приобретают особую актуальность.

Глобальная сеть Интернет оказывает очень большое влияние на сознание подрастающего поколения. Как утверждают современные исследователи, молодое поколение отличает «калейдоскопичность» сознания, то есть подростки и юноши не любят анализировать ситуации, они привыкли читать маленькие тексты, которые принимают на веру без детального анализа. Поэтому они разучились читать большие тексты, очень быстро пробегают небольшие тексты, получают информацию, но уже на анализ нет ни времени, ни желания. То есть мир для них имеет вид калейдоскопа.

В подобных условиях от глобальной сети, можно сказать, исходит достаточно серьезная опасность – манипуляция сознанием.

Как утверждает С.Г. Кара-Мурза, манипуляция сознанием представляет собой «программирование мнений и устремлений людей, их настроений и психического состояния с целью обеспечить такое поведение, которое необходимо группе заинтересованных лиц, владеющими средствами манипуляции и осуществляющими такое воздействие, преследуя свои личные корыстные цели» [1, с. 14-15]. Причем, это скрытое воздействие, когда объект манипуляции не понимает, что подвергается воздействию.

В качестве примера можно привести технологию «окно Овертона» [2, с. 14-15], которую предложил американский психолог Джозеф Овертон. Конечно, окно Овертона можно и нужно использовать в положительных целях. Сейчас в интернете много блогеров, предлагающих прием «окно Овертона» в психологических целях. Но помимо положительного эффекта, данный прием может таить в себе опасность использования его в целях манипуляции сознанием идеологически неокрепшего молодого человека. Так, используя подобные психологические приемы можно постепенно какое-нибудь аморальное, безнравственное поведение выдать за норму.

А современный мир движется и развивается очень быстро, информация потоком льется со страниц социальных сетей, интернета. У современного поколения нет времени обобщать информацию, анализировать. Получая огромную информацию и, не имея возможности ее фильтровать, думать, размышлять, молодые люди просто ее принимают, не проверив, не проанализировав ее, он не стремятся критически оценивать получаемую информацию.

Генерал Масальский, не достигнув своей цели и опасаясь попасть в плен к повстанцам, был вынужден уехать в Акмолинск, передав командование уездному начальнику и войсковому старшине Березовскому.

Царский отряд продолжал преследовать повстанцев до местности Акмечеть, сжигая имущество казахов. Часть казахов коргалжинской степи переселилась в Китай.

Плохо вооруженные и разрозненные отряды повстанцев были обречены на поражение. 25 октября 1916 года один из отрядов, находившихся в Кендириллинском лесу, был разбит казаками. Повстанцы потеряли только убитыми 42 человека. В ходе карательных акций гибли невинные жители аулов. У села Слащевка казачьими отрядами были убиты 63 человека, а в районе села Северное – более 50. 28 октября из пулеметов были расстреляны 40 восставших Карабутаковской волости, а 29 октября при местности Кош – более 50. Таких случаев было много.

72 повстанца были захвачены в плен и содержались в Акмолинской тюрьме в качестве заложников. Осенью движение пошло на спад. Повстанцы пошли на соединение к Амангельды Иманову в Тургайские степи. В конце 1919 года Жакып Жоламанов организовал большевистскую ячейку в Аккуш-Нурунской волости, а весной 1920 г. его избирают депутатом на I уездный съезд Советов от казахского населения края! В уездном комитете он состоял в тогда называемой «Киргизской секции».

В феврале 1921 года на территории Акмолинского уезда с Ишимского района двинулись банды кулаков во главе с офицером царской армии, насчитывающие до 15 тысяч штыков. По пути они уничтожали партийных и советских активистов. Жакып принял деятельное участие в организации обороны мирного населения.

2 апреля 1923 года в урочище Жантеке из 11 обедневших жатаков Жакып организывает одну из первых сельскохозяйственных артелей имени раба Жоламана, т.е. своего «отца». Инициатор создания артели был выбран его председателем. От местной казны в кредит получили 50 пудов семян пшеницы, одну конную сеялку. По тем временам собрали хороший урожай-48 пудов с одной десятины.

Умелый руководитель Жакып по своему распоряжению 1440 пудами урожая пшеницы: 50 пудов сдали государству в качестве семенной ссуды, 100 — засыпали в семенной фонд, 60 — на фураж, 180 — на оплату тепла и долгов, 60 отдали за приобретенные товары, 90 — продали государству, а остальные 720 — равномерно распределили по количеству колхозников.

В последующие годы хозяйство, руководимое Жакыпом Жоламановым, стало крепчать и укрупняться а коллектив колхоза стал интернациональным. Сюда вошли 9 русских и 1 башкирское хозяйство. Авторитет Жакыпа еще больше вырос.

В 1924 году Жакып Жоламанов построил первую светскую казахскую школу. Из районного центра по его просьбе направили двух педагогов. При школе открывает первый детский кооператив «Жас калам» («Молодое перо»).


Паралельно Жакып Жоламанов много работал над повышением своего образовательного уровня: в 1927 году закончил сельхозтехникум, а в 1939 – полеводческий факультет Омского сельхозинститута имени Кирова. Позднее работал на различных руководящих должностях. На последней из них — заведующим контрольно-семенной лабораторией, он проработал до 1965 года, когда ему исполнилось 75 лет. Таким образом, Жакып Жоламанов, этнический украинец Афанасий Латута, всю свою жизнь посвятил делу служения казахскому народу, был соруководителем Акмолинского центра восстания казахов 1916 года, уникальным народным просветителем и крупным организатором сельского хозяйства в Акмолинском Приишимье.

Местное казахское население уважало его и за прекрасное знание казахского языка, его истории, обычаев и обрядов, а также казахских шежире и ислама. В Коргалжино он был первым, кто начал заниматься садоводством.

В знак глубокого уважения к нему его современники и потомки присвоили ему звание почетного гражданина Коргалжинского района. Когда-то в его честь местные казахи создали краеведческий музей. В праздники его приглашали в президиум собрания. Оставаясь верным своим принципам, сыновей назвал Бостандык (Свобода) и Тендык (Равенство). В имя настоящего наших народов Жакып Жоламанов посвятил свою жизнь, приближая нынешнюю независимость и суверенитеты народов. Память о Жакыпе Жоламанове – Афанасии Латуте навсегда останется в памяти сыновей и дочерей Великого «Дешт-и Кыпчака» и служит подлинным примером интернационализма, мужества и отваги, а также преданности интересам казахского народа и его независимости.

Использованная литература:

1. Кабульдинов З.Е. Афанасий Латута – герой казахской земли. Астана. 2014
2. Кабульдинов З.Е. Жизнь Афанасия Латуты – пример подлинного интернационализма. Астана. 2014
3. Токарь П.В. Этнический украинец во главе восстания казахов. Астана. 2013
4. <https://assembly.kz/ru/>
5. <https://ru.rodovid.org/wk/>
6. https://vuzlit.com/1373644/istinnyy_syn_kazahskogo_naroda



ӘОЖ 930.85

МҰСТАФА ШОҚАЙ : ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ

Исенов Ө.И., т.ғ.к., профессор

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Бектұрғанов Қ.Б., тарих магистрі

«Дарынды балаларға арналған Білім-Инновация Лицейі», тарих пәнінің оқытушысы

Қазақстан тарихының өркениетті көзқарас шеңберімен зерделейтін өзекті мәселелері жеткілікті. Кеңестік тоталитарлық тәртіп ұлттық құндылықтарды жою саясатымен қаруланғандықтан, өзіне қарсы келгендерді саяси қуғын-сүргінге ұшыратты. Түркістан автономиясын Кеңес өкіметі аяушылықсыз құлатылғаннан кейін, Мұстафа Шоқай өз күресін тоқтатпай, Европа елдерінде жалғастырады. Шет елде жүріп Кеңес Үкіметінің ұжымдастыру саясатының салдарынан аштыққа ұшырап қынадай қырылған халқымыздың тағдырына қаламымен араша түскендердің бірі - Мұстафа Шоқай болды. Ол кеңес өкіметінің, большевиктердің елге жақсылықтан гөрі қайғы-қасіретті көп әкелетінін ашып айтты. Сондықтан да кеңестермен қас болды, ол туралы ащы шындықты дүние жүзіне паш етті.

Еліміздің тәуелсіздік алып, дербес даму жолына түсуіне байланысты түрлі саяси күштер мен ағымдардың, олардың жетекшілері мен идеологтарының халық санасын оятып, адамзаттың ұлы көшінен қалмай алға жылжуына сіңірген еңбегін ғылыми тұрғыдан сараптап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің маңызы арта түсуде. Өткен ғасырдың 20-30 жылдарында қазақ мемлекеттілігінің даму мақсатын тұжырымдап берген, халыққа қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен тұлғалардың бірі Мұстафа Шоқай болатын.

Түркі халықтарының азаттық үшін арпалысының мән-мағынасын, өткені мен келешегін айқындауда Мұстафа Шоқайдың алатын орны ерекше. Кеңес Одағының құрамындағы тәуелсіздігі жолында өмірін сарп еткен толағай тұлғаның соңында қайраткерлігі мен ғұламалығына, мәмілегерлігі мен шешендігіне, дүнетанымы мен идеялық мақсат-мұраттарына, адамгершілік биік қасиеттеріне тірі куә іспеттес аса құнды шығармашылық мұрасы қалды. Мұстафа Шоқайдың саяси күресінің ең маңызды құралдарының бірі – баспасөз болып табылады. Ол саяси идеяларын тарату құралы ретінде газет-журналдарға әрдайым үлкен мән беріп, күрес жылдарының кезеңінде мақала жазып отырған. Мұстафа Шоқай мақала жазумен ғана шектелмей, Түркістанға қатысты жеке газет немес журнал шығаруға да күш жұмсады. Әйтеуір, Мұстафа Шоқайдың баспасөз саласынан сырт қалған кезеңі жоқ десе де болғандай.

М.Шоқай Лондонда болған сапарлары барысында Англияның Кеңес Одағына байланысты көзқарасын білуге де әрекеттенеді. Бұл мәселе жөнінде консервативтік партия ұстанымының екіұшты екендігін анықтайды. Партияның бір тобы елдің Кеңес Одағымен қарым-қатынастарын дамытуды жақтаса, келесі тобы Кеңес Одағына сенімсіздік танытып, ондағы ашаршылық, саяси қуғын-сүргін, ұлттық қайшылықтарға мән береді дейді [1, 114 б.]. Соңғы топтағылар консервативтік партияның көрнекті қайраткері, парламент мүшесі герцогиня Атольскаяның салонында бас қосады. М.Шоқай ағылшын саяси элитасының өкілдерімен бірге осы атақты салонда болып, олардың пікірлерін тыңдайды. М.Шоқайдың айтуынша, ақылды да аса білімді герцогиня Кеңес Одағындағы ашаршылық туралы әңгімеге ден қояды. Бұл тақырып төңірегінде пікір алысудың бел ортасында М.Шоқайдың болғаны күмән тудырмайды. М.Шоқайдың бұған дейін қазақтар мен Орта Азия халықтарының арасында Қазан революциясынан кейін орын алып отырған ашаршылық туралы «Ашаршылық және большевиктердің Түркістандағы ашаршылық саясаты» [1, 226 б.], «Түркістандағы ашаршылық» [2, 89 б.], «Ферғанадағы ашаршылық және оны ұйымдастыруға Кеңес өкіметінің қатысы» [2, 271 б.], «Ашаршылық» [2, 188 б.], «Қазақтар арасындағы ашаршылық» [15, 123 б.], «Большевиктердің Түркістандағы ашаршылық саясаты» [2, 405 б.] және тағы басқа мақалалары «Дни», «Последние новости», «Йени Түркістан» секілді басылымдарда жарық көрген. Кеңес одағындағы ашаршылық материалдар жинастырып жүрген герцогиня Атольскаяның назарынан бұл мақалалар тыс қалмаған болуы керек және бұл мәселеге байланысты М.Шоқайдың өз аузынан тың мағлұматтар алады. Сөз жоқ, сол кезде қазақтардың жаппай ашаршылық нәубетіне ұшырап жатқандығы жөнінде де әңгіме болады. «Ашаршылық туралы және Түркістандағы Кеңес саясатының ерекшеліктері туралы сөйлестік» [2, 110 б.], - дейді. М.Шоқай Мұның өзі ағылшын герцогинясының түркі-мұсылман халықтарының жеріне ашаршылық Қазан революциясы мен азамат соғысына ілесе келгендігі, оның көп жағдайда Кеңес өкіметі тарапынан ұйымдастырылғаны, 20-30 жылдардағы зұлматтан қазақ халқының жартысынан астамы құрбан болғаны, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов секілді алаш қайраткерлері туралы әңгіме тыңдағанын білдіреді.

М.Шоқай «Дни» газетінде 1923 жылы №120 санында жарияланған мақаласында [3, 200 б.] «қолдан жасалған саясаттың құрбаны болған түркістандықтардың жеуге наны болмағандықтан, халық жаппай малын қорекке айналдыруда. Соның нәтижесінде «Намаган уезінде 1920 жылы 31 574 бас жылқы және сиыр болса, бұл көрсеткіш 1921 жылы 5397 басқа дейін қысқарған», - деп жазады. Статистика ғылымы латын тілінен «күй, жай» деген мағынаны білдіреді. М.Шоқай статистикалық деректерді салыстыра келе, бір жылдың ішінде мал басының қаншалықты азайғанын дәлелдейді. Араға 9 күн салып, дәл осында мазмұнда «Голод в Туркестане» [3, 403-406 б.] деген мақаласы жарияланады. Мақалада жергілікті «Қызыл байрақ» газетіне сілтеме жасай отырып, тұрғындарды аштықтан құтқару негізінде «Қоқанда 2400 адамдық, Өндіжанда 2500 адамдық, Наманганда 500 адамдық, Ошта 2500 адамдық асханалар ашылғандығын» жазады. Біз осы деректегі сандарды саралай келе, ашаршылықтың қай өлкеде қатты белең алғанын көре аламыз. Деректің шынайылығын тексеру жағдайларында автор ақпаратты қайдан алғандығы маңызды. М.Шоқай өзінің әрбір дерегінде мақаласының дереккөзі саналатын жергілікті мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларға сілтеме жасап отырған.

М.Шоқай 30-жылдардағы алапат ашаршылық туралы батыс баспасөздерінде де хабарлайды. Лондонда тұрып жатқан орыс қайраткері А.Байкалов 1934 жылдың 15 шілдесінде М.Шоқайға: «Ашаршылық туралы мәліметтеріңіз үшін үлкен рахмет, мен оны тиісті жерлерге тапсырдым» [4, 269-270 б.], - деп жауап қайырады. Бұл жағдайлар М.Шоқайдың қазақтардың жартысынан астамын қырғынға ұшыратқан 30-жылдардағы ашаршылықты құпия ұстауға тырысқан Кеңес өкіметінің зұлымдықтарын әлем жұртшылығы алдында әшкереп еткендігін көрсетеді. Деректер арасындағы бірнеше генеалогиялық байланыс түрлері бар. Егер зерттеуші соңғы жылдардағы деректі негізге алатын болса, дұрыс қорытынды жасай алмайды. Алайда М.Шоқайдың Түркістандағы ашаршылық туралы 1923 жылы жарияланған мақаласы мен 1934 жылы А.Байкаловқа жазған хатындағы мәтінді саралайтын болсақ, автордың екі деректе те айтқызы келгені Кеңес өкіметінің зұлым саясаты.

Мұстафа Шоқайдың Париждегі эмигранттық басылым «Дни журналының» 1923 жылы кезекті санында «Голод в Фергане и участие советской власти в его организаций» [5, 433-436 б.] атты мақаласы жарияланады. Ферғана өлкесі Түркістанды нанмен қамтамасыз ететін басты орталағы саналатын. Алайда большевиктерді АҚШ-қа мақта тәуелділігінен құтқару мақсатында ендігі кезекте Ферғана мақта өндіруде большевиктердің басты орталығына айналды. М. Шоқай ташкенттік жергілікті «Қызыл-Байрақ» басылымына сілтеме жасай отыра, «өлке 120% аштыққа ұшыраған, 1922 жылға дейін 257 598 мың болған жылқы 27 114 дейінгі

көрсеткішке төмендеген. Большевиктер өлкенің негізгі шаруашылығы бидай өсіру екенін біле тұра, әдейілеп жасалған саясат», - деп қорытынды жасайды. Бұл деректе Ферғана өлкесіндегі халықтың ашаршылыққа ұшырауына бірден бір себепкері большевиктер екенін дәлелдейді. Статистикалық деректер өз кезегінде демографиялық, өнеркәсіптік, ауылшаруашылық материалдар болып үшке бөлінеді. М.Шоқай ауылшаруашылық материалдарды дереккөзі ретінде пайдаланған. Бұл деректе мәтіннің мазмұнын түсіну арқылы, автордың деректі жазудағы мақсатын анықтауға болады.

Париждегі «Последние новости» журналында М.Шоқайдың қазақ жеріндегі аштық туралы 1921 жылғы 26 қарашада «Голод в Киргизии» [6, 282-285 б.] атты мақаласы жарияланады. Берлиндегі «Новый Мир» журналының №244 санында Ахмет Байтұрсыновқа телінген «Қазақ даласындағы ашаршылық» атты мақаласы басылады. Әрине, бұл қайта басылған мақала, яғни журнал басшылығының өзгертуі негізінде жазылған. А.Байтұрсыновтың пікірінше, қазақ жерінде аштық табиғаттың келеңсіз жағдайларынан (стихиялық түрде) болған деп есептейді. Мерзімді баспасөз бетінде жарияланған әрбір дерек субъективті түрде жарияланады. Себебі, баспасөз басшылығы жазылған мақаланы өзгертіп, өзі қалайтын шындықты көрсете алады. Осы жерде объективті шындықты білу үшін сол кезеңдегі Қазақстандағы табиғи жағдайды еске түсірсек, осының өзі жеткілікті. Бұл пікір қаншалықты дұрыс болғанымен, оның негізі «большевиктердің арнайы жоспарланған, халықты қолдан қыру саясаты», - деп жазады М.Шоқай. Бұдан байқатынымыз, батыс баспасөздерінде Қазақстанға қатысты жазылған әрбір мақалаға өзгертулер енгізілгендіктен, М.Шоқай өзінің сенімді газет-журналдарында жауап ретінде мақала жариялап отырған. М.Шоқай 30-жылдардағы ашаршылық нәубетінің ең алдымен қазақтардың басына төнгендігін айтып, оны төңкеріске дейінгі қазақтардың жан басына шаққанда қанша малы болғаны, енді қанша малының қалғаны туралы статистикалық деректермен дәлелдейді.

1933-1934 жылдары «Таймс» [7, 55 б.], «Геральд Трибюн» [8, 37 б.], Морнинг Пост [15, 301 б.], т.б. басылымдарда Кеңес Одағындағы алапат ашаршылық туралы мақалалардың жарық көруі Мұстафа Шоқайдың Англияға сапарлары барысындағы сұхбаттарынан, герцогиня Атольскаяның салонынан бастау алды деуге толық негіз бар. Тек осыдан кейін ғана әлем жұртшылығының пікіріне орай мазасызданған Кремль қазақтарға жеңілдіктер ұсынғаны бүгінгі ұрпаққа белгілі бола бермес еді.

Көшпелілерді отырықшылыққа ауыстыру, Қазақстандағы мал шаруашылығы туралы зерттеулерінде М.Шоқай ашаршылықтың себеп, салдарларын анықтайды. Ол «Қазақстанды өнеркәсіп ошағына айналдырдық» деген большевиктердің үгіт-насихаттарының астарынан Ресейдің ғана экономикалық мұң-мүддесін көздеушілікті көреді. М.Шоқай өнеркәсіпті индустрияландыру барысында Түркістанда бірнеше зауыт, фабрика және комбинаттар салынғаныдығын теріске шығармайды, бірақ «мұның бәрі түркістандықтардың ұлттық мүддесіне сәйкес келмейді» [9, 12 б.], - деп жазады. Әңгіме бірнеше зауыт, фабрика салуда емес, олар түркістандықтардың ұлттық қажеттіліктері мен экономикалық жағдайларына жауап бере ме – әңгіме осында деп ой түйеді. Орта Азия республикалары мен Қазақстанда өнеркәсіп ошақтарын ұйымдастыру, оларда жұмыс істеу үшін славян халықтары өкілдерін көшіріп әкелу орыс орталығының мүддесіне орай жүзеге асырылады.

Оның пікірінше, қоныс аударушылық орыс мемлекеттілігінің өзіндік мәнін құрайды. Егер Еуропа мемлекеттерінің басқа бір елді жаулап алу процесі саудагер-өнеркәсіпшілердің экспансиясымен қатарласа орын алса, орыс жаулап алушылығы оған ілесе жүретін қоныс аударушылықпен сипатталады. Еуропалықтар басқа жерлерді өз тауарларын өткізетін рынок ретінде, ал орыстар өз халқының бір бөлігін апарып қоныстандыратын жаңа мекен ретінде қарастырады. Осы жағдайға байланысты М.Шоқай Ресейдің Қытаймен, Моңғолия, Иран, Әзірбайжан және басқа да елдермен қарым-қатынастары тарихынан бірнеше мысалдар [3, 10 б.] келтіреді. Ресейдің басқа аймақтарға орыс мұжықтарын орналастыру әрекеттерінің бірі табысты аяқталса, қатарына I дүниежүзілік соғыстың қарсаңында Ресейге ың-шыңсыз қосып алуға әрекет жасалған Урянхай өлкесі, 1915 жылы Иран жерінің бір бөлігі жатады. Ресей Моңғолия мен Қашқарға да көз тігеді.

1928 жылы сәуір айында М.Шоқай А.З.Валидидің «Йени Түркістан» журналында жарық көрген мақаласын толықтыру мақсатында жазған «Орыс қоныс аудару саясаты» [4, 189 б.] деген еңбегінде оның «халқымыздың болашағы үшін аса қауіптілігі туралы айту да жазу, оған отандастарымыздың назарын аудару – біздің парызымыз», - деп ескертеді. М.Шоқайдың басқа да еңбектерінде өлкеде орыс пролетариаты диктатурасының орнатылуы жергілікті халықты әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени дағдарысқа ұшырататыны туралы пікірлер қамтылған. «Кеңес өкіметі» мен «орыс пролетариаты диктатурасының» бір ұғым екендігі, оған екі түрлі мағына берудің шындықпен сәйкес келмейтіндігі тұжырым «Упразднение Среднеазиатского бюро и ЭКОСО» [5, 432-434 б.], «Кровавый террор в Туркестане» [5, 435-436 б.], «На Родине» [6, 364 б.], Кеңес өкіметі Ұлттар Лигасында» [6, 392-395 б.], «Ұлтаралық қатынастарға» [18, 425 б.] секілді еңбектерінің өзегін құрайды.

Түркістандағы маңызды мәселе – мақта мәселесі. Мақта Ресейдің назарын әрқашан да өзіне аударып келген. Түркістан мақта мәселесі – Ресей тоқыма өнеркәсібін Америка мақтасына тәуелділіктен құтқару мәселесі. 1929 жылы «Яш Түркістан» журналының №1 санында «Түркістанда мақта төңірегіндегі күрес» [7, 22-29 б.] атты Мұстафа Шоқайдың мақаласы жарияланады. Мұстафа Шоқай бұл мақаласына Ресейдің Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті және Бас мақта комитеттеріндегі мақта мәселесіне байланысты деректерді негізге алады. Мақта шаруашылығының бес жылдық жоспарына сәйкес, Кеңес тоқыма өнеркәсібі үшін қажет болатын 598 700 тонна тазаланған мақтаның 1932 жылы Кеңес аумағында 368 600 тоннасын Түркістан өлкесі өндіремек.

Түркістандағы мақта шаруашылығының қиыншылықтарымен есептеспей отырғандығын, Түркістандағы суармалы жерлердің аздығы, Түркістан тұрғындарының астықпен өзін-өзі қамти алмай отыруы сияқты мәселелерімен санаспай отырғандығын жазады. Деректің пайда болуына Түркістан өлкесінің мұң-мұқтажы, қажеттіліктері себепкер болған.

М. Шоқайдың «Патшалық Ресейдің министрі Кривошейннің Түркістандағы мақта шаруашылығына көзқарасы» [7, 33-38 б.] деген мақаласы «Яш Түркістан» журналының 1930 жылғы кезекті санында жарияланады. Кривошейннің пікірінше, өндірілген мақтаны Ресейге жөнелту үшін Арыс – Пішпек, Пішпек – Алматы, Алматы – Семей – Алтай темір жолдарының тезірек салып бітіру керек. Алайда М. Шоқай «осы темір жол негізінде «қоныстандыру» саясатының қарқынды жүргізілуіне ықпал етеді», - дейді. Деректе М.Шоқайдың позициясы айқын көрінеді.

«Хлопковый план на 1931 год в Узбекстане» [6, 381-383 б.] деген еңбегінде М.Шоқай 1930 жылдың 30 қарашасындағы шешімге орай, Өзбекстанның енді кезекте 1 120 000 гектар жері мақта шаруашылығы мақтасында пайдаланылмақ. 14 ауданда, соның ішінде Өзбекстанның дәнді дақылдар өндіруінде ең құнарлы жерлерді алып жатқан Қоқан, Әндіжан, Нарын, Мархамат өңірлерінде бидай, жүгері, тары, жүгері өсіруіне тыйым салынды. «Мұның соңы халық көтерілісіне алып келеді», - дейді Мұстафа Шоқай. Осылай жазылған мақалаларды саралай келе, Түркістанның түпкі мүддесі – Ресейге астық тәуелділігінен құтылу екенін түсіндік. Себебі, орыс астығы тым қымбатқа түседі және астыққа еріп Ресейдің саяси және экономикалық үстемдігі келеді. Мұстафа Шоқай осыны жақсы түсініп, «Мақтаға қарсы күресте бидаймен қаруланңыз», - деп ұран тастайды.

Мұстафа Шоқай мақалаларының құндылығын арттырған жәйт – тұжырымдарына негіз болатын деректердің сенімділігіне ерекше мән беруінде еді. Мұстафа мақалаларына дерек ретінде көбіне кеңес баспасөзі мен жауапты ресми қызметкерлердің мәлімдемелерін пайдаланды. Кеңесті баспасөз органдары Шоқай мақалаларынан үзінділер бере отырып, оның сыни пікірлеріне жауап бере алмай қиналатын.

Мұстафа Шоқай Түркістан ұлттық тәуелсіздігі жолындағы күресінде өзінің әрбір жариялымында, ресми сөйлеген сөздеріде, тіпті іс-қимылдарында да үнемі ақиқаттылықты, шыншылдықты қалтықсыз берік ұстанды. Сылай болғандықтан, М.Шоқайдың әрбір шығармасы, мақаласы, өзі тіпті бір мәселеге арналған күнде де ғылыми шығармадай әсер қалдырады. Бұл жалпы алғанда ең ұлы ойшылдарда кездесетін қасиет. Мұстафа Шоқайдың кейінгі шет елдерде шыққан еңбектері, баспасөзде жарияланған мақалаларындағы оның большевиктердің пролетариат диктатурасы туралы идеясының теориясы мен практикасына жасалған қатаң сыни талдаулары большевизм идеяларының түпкі негізінде ешқандай демократиялық нышандардың жоқтығын көрсетті. Егер большевиктерде бірде бір пролетариаты жоқ Түркістан өлкесінде пролетариат диктатурасын орнатамыз десе және орнатқан болса, онда ол орыс пролетариатының Түркістан халқына үстемдігінен басқа еш нәрсе демес еді. М.Шоқайдың баспасөз саласындағы үлкен жетістігі – «Яш Түркістан» журналы. Халықаралық қауымдастық «Яш Түркістанға» Орта Азия мен Қазақстан бойынша сенімді дереккөз ретінде қарайды. Түркістан ұлттық қозғалысының жаршысына айналады, оның идеологиялық тұжырымдамасын қалыптастыруда зор еңбек сіңіреді.

Әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:

1. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: 3 томдық.– Алматы: «Қайнар», 2007. 2-том. – 392 б.
2. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: 3 томдық.– Алматы: «Қайнар», 2007. 3-том. – 384 б.
3. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2012. IV том – 572 б.
4. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2012. V том – 540 б.
5. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2013. VI том – 524 б.
6. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2014. IX том – 568 б.
7. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2014. X том – 612 б.
8. Шоқай М. Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық / Құраст. Ф. Исахан. – Алматы: «СаГа» баспасы, 2006. 1-том. – 424 б.
9. Шоқай М. Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық / Құраст. Ф. Исахан. – Алматы: «СаГа» баспасы, 2006. 2-том. – 372 б.

СЕЙІЛБЕК ШАУХАМАНОВ-ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ӘКІМІ

Сатбай Д.Т. – тарих ғылымдарының докторы
Абилгазиева К.Ж. – «Тарих» мамандығы бойынша 2-курс магистранты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университеті

Аңдатпа. Мақала облыс көлемінде ұлтын ұлықтаған қайраткерлердің бірі – С.Шаухамановтың өмірі мен қызметіне арналған. Ол өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап облыстың үлкенді-кішілі шаруашылықтарын басқара жүріп облыс экономикасын басқару ісіне қомақты үлес қосты. С.Шаухамановтың облыс шаруашылықтарын басқарып, тәжірибе жинақтауы 1960-жылдардан бастау алады. Ол қарапайым инженерден облыс басшылығына дейінгі қызмет жолы ел тарихының негізгі белестерімен сәйкес келеді. Ең жоғарғы қызметтік мансабы «қайта құру» жылдарына және Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарына сәйкес келеді. Оның өзі кейіннен қалжындап айтқанындай: «Қызылорда облысының ең соңғы обком хатшысы және бірінші әкімі болды». Сондықтан С.Шаухаманов өмірі мен қызмет жолын зерттеу – облыс тарихынан бөліп ажыратып қарау мүмкін емес. Оның тәжірибелерінде өлке тарихы жан-жақты бейнеленген.

Түйін сөздер: Шаухаманов С., Қызылорда облысы, Арал тағдыры, Жасыл өлке бағдарламасы, үндеу, өңір тарихы.

С.Шаухаманов 1989 жылдың шілде айынан Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшы қызметіне кірісті. Келесі 1990 жылы Кеңестер жүйесі қысқарып, Кеңестің төрағасы қызметін қоса атқарды. Ал 1991 жылы КОКП тарихы сахнадан кеткеннен кейін Қызылорда облыстық кеңесінің төрағасы болып сайланды. Алайда басқару жүйесіндегі өзгерістер мұнымен шектелмей, іле-шала облыс әкімшілігінің басшысы, әкімдер институты енгізілгеннен соң – облыстың бірінші әкімі болып тағайындалды. Осылайша, С.Шаухаманов Қызылорда облысын басқарған алты жарым жылда оның қызметінің атауы бес рет өзгеріске ұшырады. Бұдан шығатын қорытынды – С.Шаухаманов облысқа өте күрделі және аумалы-төкпелі заманда қызмет атқарды. Сол жылдары Қазақстанды шарпыған және тереңдей түскен әлеуметтік-экономикалық дағдарыстарға қарамастан облыстың көрсеткіштері салыстырмалы түрде қалыпты жағдайда болатын. Күрделі құрылыста да оң өзгерістер болды. Егер 1984 жылы небәрі 160 мың шаршыметр тұрғын үй пайдалануға берілсе, 1988 жылы 330 мың шаршы метрге жетті.

1989-1990 жылдары облыс тұрғындарын азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету күрделене түсті. Соның салдарынан көкөніс пен жеміс консервілерінің бәрі сырттан – Украинадан, Белоруссиядан, Молдавия мен Өзбекстаннан, Шымкент және Талдықорған облыстарынан әкеліне бастады. Осы жылы Қызылорда облысында болып қайтқан КСРО денсаулық сақтау министрі Е.Н.Чадов Арал қаласында өткен кездесуінде тағамдық рацион мәдениетінің төмендігі мен теңдік мөлшерінің сақталмауынан облыс тұрғындарының денсаулығына кері әсер етіп отырғандығын атап көрсетті. Бала туу жасындағы әйелдердің 70% қаны аздықтан зардап шексе, балалардың 40% рахитпен ауырған. Кейбір аудандарда рахитпен және гипотрофиямен ауыратындардың саны республикамен салыстырғанда жеті есе артық болды. Сондықтан С.Шаухаманов салған бойдан қосалқы шаруашылықты дамытуға күш салды. 29 шілде 1989 жылы өткен ІХ-сессиясында, ең негізгі мәселе ретінде азық-түлік мәселесі арнайы қаралды. «Қаншама асыра сілтеулер мен қателіктер болды десеңізші! – деп атап көрсетті С.Шаухаманов- жерден қол үзіп, диканшылық, малшылық және бағбандық кәсіпті жоғалтып алған тұтас ұрпақтар пайда болды» [1, 16].

Қалыптасқан жағдайдың күрделілігін ескере отырып, облыс басшысы ет-сүт өндірісін шаруашылық басшыларымен арнайы кездесу өткізді. Сиыр ұстамайтын, сүт өндірмейтін шаруашылық басшыларымен қатаң әңгіме жүргізілді. Қарапайым еңбек адамдарының еңбегін бағалауға, марапаттауға көңіл бөлінді. Осы мақсатта тұңғыш рет 1989 жылдың егін науқаны аяқталғаннан кейін өткізілген «Алтын дән» мерекесінің форматы өзгертілді. Ауыл еңбек озаттары облыс орталығындағы орталық стадионда салтанатты шеру ұйымдастырылды. 1989 жылы болған сабантой, алтын дән жәрмеңкесіне облыс орталығының жұртшылығының бірі қалмай жиналды десе де болғандай еді [2, 236.]. Алтын күз мерекесімен іле-шала облыстық басылымдарда жарияланған «Жасыл өлке» бағдарламасының символдық маңызы болды [3, 36.]. Облыстағы елді мекендерді көркейтті, көгалдандыру туралы кең ауқымды бағдарлама қабылданды. Жоспар бойынша 1989-1995 жылдар аралығында облыс көлемінде елді мекендер, көшелер, темір жол бойларында жасыл желек орнату көзделді. Сырдария жағалаулары бойында жасыл белдеу жасалатын болды. Жаңадан питомник, дендропарктер ашылып, елді мекендердің суландыру жүйесі қолға алынды. Айдың соңында, яғни 30 қазан 1989 жылы өткен облыс территориясын көркейту және ағаш отырғызу жөніндегі облыстық актив жиналысына қатысушыларға облыстың актив жиналысына қатысушыларға облыстың барлық тұрғындарына үндеу тасталды, істің ұйымшылдықпен жүруі әркімнің немен айналысатындығын білу үшін арнайы нақты шаралар белгіленді. Алты жылға арналған жоспарда облыстың барлық елді мекендерін көркейтіп, үлгілі тазалық пен тәртіпті қамтамасыз ету болды. «Бүгін біз барлық облыс тұрғындарын осы игілікті іске белсене

қатысуға, Қызылорда жерінгүлденген аймаққа айналдыруға көмектесуге шақырамыз» [4, 1б.] делінді үндеуде. «Жасыл өлке» бағдарламасына дейін облыс көлемінде 2150 гектар ағаш, бау және жүзімдік болды. Бағдарлама бойынша 1995 жылы облыстағы көк желектің көлемін 102,7 мың гектарға жеткізу көзделді. Оның 12 мың гектары суармалы жердің үлесіне тиді. Облыс жеріндегі барлық орман тоғайлар, мемлекеттік орман қоры, мемлекеттік жердің қосалқы қоры болып үш дәрежеге бөлінді.

С.Шаухаманов облыс, партия және кеңес ұйымдарының жұмысын экологиялық апат аймағы тұрғындарының Арал қасіретін жеңуге жұмылдыру бағытындағы «Жасыл өлке» бағдарламасына үлкен үміт артты. Өлкеде Арал қасіретіне, Шиелі ауданындағы уран өндіруден пайда болған радиация қаупі төнді. Аудан орталығында орналасқан №6 кен басқармасы Тәжікстандағы Ленинобад кен-химиялық комбинатына қарайтын. 1976 жылдан бастап Шиелі ауданында кен өндірумен айналысты.

Басқарма облыс көлеміндегі ірі өндіріс орындарының бірінен саналды. Барлау, кен өндіруге қажетті техникалық базаны, былай қойғанда, мекемеде 300 автоматика, күрделі құрылыс техникалары болды. Кен басқармасында 2100 адам жұмыс істеді. Құрылыс қарқыны да жаман болған жоқ. 9 қабатты тұрғын үй салынып жатты. Алайда, кен орындарында сәуле шашатын элемент болған соң өте қауіпті болатын. Экологиялық радиация фоны 4-20 микрорентгеннен аспауы тиіс. Жергілікті белсенділер радиациялық фонның жоғарылығына шағым айтатын. Бірақ облыс тұрмақ, Қазақстанға бағынбайтын маңызды мекемені қалай елге бағындыру керек? Сондықтан облыс басшылығы кен мекемесін республикаға бағындыру бағытында жұмыс істеді [5,2б.].

Қазақстан компартиясы облыстық комитетінің бюросында бұл мәселе оқта-текте қаралып отырды. Облыста қалыптасқан жағдай республикалық билікке де белгілі еді. 1990 жылы ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің республикалық кеңесінде, елде және облыста қалыптасқан жағдай аталып өтті. Кеңесте сөз сөйлеген Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің бірінші секретары Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанда азық-түлікті тұтыну дәрежесінің ғылыми негізделген ұтымды нормалардан едәуір артта қалып отырғаны таңданарлық нәрсе емес. Әсіресе, Шымкент, Қызылорда, Жамбыл, Ақтөбе облыстарының магазин сөрелерінде ет-сүт өнімдері өте тапшы болып отыр. Өнімнің түр түрлерінің аздығы байқалып отырған маусымдылық, өнім сапасының төмен және бағасының қымбат болуы, еңбекшілердің әділ ренішін тудыруда» [6,1б.] деп атап көрсетті. 1990 жылдарың басында облыстағы демографиялық ахуалда шиеленісе түсті. Қызылордадан елдің басқа аймақтарына қоныс аудару үйреншікті құбылыс. Алайда, нақ осы жылдары үрдіс жылдам қарқын алды. Облыс өнеркәсібін дамытудың үлкен бір көзі «Құмкөл» мұнай кәсіпшілігінің келешегіне байланысты еді. Мұндағы мұнай қорының көптігі 10-15 миллион тонна мұнай шығару мүмкіндігі болды. 1991 жылы Қызылордада полимерлік материалдардан жасалатын бұйымдар заводының құрылысы басталып, қорғасын мен мырыш шығаратын «Шалқия» кенішінің байыту фабрикасын салу көзделді. Сөйтіп, бірқатар кәсіпорындарды қайта жаратандыру қолға алынды. Облыста жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары филиалдарының кең жүйесін құру жоспарланды. Осылайша, тек жеңіл және жергілікті өнеркәсіпті дамыту, оның жүйесін кеңейтуден жылына 100-150 миллион сомның өнімі өндірілетін болды. Бұл қалыптасқан экологиялық апат жағдайында серпімді қадамдар еді.

Арал теңізінің барған сайын тартылып, құрғай түсуі халықтың денсаулығына, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне зардабын тигізуі терендей түсті. 90-жылдар басында облыс территориясында жылына 70,0 тонна зиянды заттар шығаратын 1200 тұрақты қондырғылар болды. Аралдың құрғаған табанынан жылына 100 миллион тоннаға жуық тұзды шаң аспанға көтеріліп, облыс территориясында шөгіп жатты. Арал теңізі екі жақтан қыспаққа алынып Қызылқұм мен Қарақұм бір-біріне уақыт өткен сайын жақындау үрдісі жүріп жатты. Арал қасіреті облыс тұрғындарының ғана емес, бүкіл республика, одақ көлемінде ел тағдырын ойлайтын азаматтарды толғандыруға тиіс дей отырып, С.Шаухаманов бұл мәселені республикалық, одақтық деңгейге көтерді. Бірнеше одақтық министрліктерде болды. «Алдағы уақытта Әмудария мен Сырдарияның суын реттемей, Сібір өзендерінің суларын Арал бассейніне жеткізілмей Арал тағдыры шешілмейді. Біз осындай принципті ұстанып отырмыз» [7,2б.]. дейді облыс басшысы. Облыста халықтың ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі де өткірленді. Облыста 338 елді мекеннің 69-ы жергілікті су құбырын пайдаланды, 81-не су тасып әкелінді, қалғандары құрамы өзгеріп бара жатқан құдық суынан ішті. Қолда бар су құбырлары жүйесінің санитарлық-техникалық жағдайы өте төмен болды. Облыс қалаларындағы әрбір тұрғын нормадағы 250-300 литр орнына тәулігіне 60-100 литр су ғана пайдаланды. Ал ауылдық жерлерде әр тұрғынға есептегенде 40-60 литр орнына 20-25 литрден ғана келді. Мысалы үшін Ташкент қаласының тұрғындары тәулігіне жан басына 800 литр су пайдаланса, Арал өңірі тұрғындарының үлесіне 5 литрден ғана келді. Экологиялық тепе-теңдік бұзылуы салдарынан қатерлі аурулар көбейді. Тағамдар құрамында түрлі белоктық заттардың жетіспеуінен әйелдер арасында анемия ауруы, бала өлімі көбейді. Облыста сәбилердің өлімі дүниеге келген мың сәбиді есептегенде республикада 30-49,5 болып жоғарғы көрсеткішті құрады. Осы қиыншылықтарды жеңу мақсатында облыс тұрғындарының назарына егіншілікпен байсалды және жүйелі айналысу қолға алынды. 1989-1995 жылдарға арналып қабылданған «Жасыл өлке» бағдарламасының да түпкі мақсаты осы мәселелерді шешуге бағытталды.

С.Шаухаманов басқарған жылдары облыстың рухани өмірінің ахуалын жақсарту бағытында игілікті істер атқарылды. Бұл қазақ тілінің мемлекеттік тіл деп таныған заңның іске асырылуына байланысты еді. Бұрын облыстың 6 ауданында іс-қағаздары қазақша жүргізілсе, енді барлық 8 ауданында қазақша жүргізілетін болды.

Қазақ тілінің беделін көтеру оны мемлекеттік тіл дәрежесінде қолдану ауқымын кеңейту бағытында Қызылорда қаласында 24 бастауыш партия ұйымында іс-қағаздары қазақша жүргізілді. Осы жылдары Қызылордада 5 КСРО жазушылар одағының мүшесі болды. Өткен ғасырдың 90-жылдары жүргізілген серпімді жұмыстардың бірі «Қорқыт ата кешенін» салу жұмыстары болды. 1990 жылы кешенге бөлінген 350 мың сом игеріліп, құрылыстың алғашқы бөлігі аяқталды. Комплекске шағын амфитеатр, туристер деп алып, түстенетін орын, арнаулы үлкен баспалдақ, киоск т.б. салу жоспарланды. Ұлы Жібек жолының маңызды бөлігінде орналасқан маңызды бекетінде орналасқан қазіргі кешен Сыр бойының тарихынан мол деректер беретін танымдық сипаты бар мәдени орынға кейіннен айналды.

1990 жылдары 31-наурызынан облыс көлемінде «Аралды құтқару» сенбіліктері, радио, телевизия марафондары, дөңгелек үстелдер жүзеге асырылып, экологиялық қасіретті жеңуге бұқаралық сипат беріле бастады. 1990 жылдың маусымында өткен Қазақстан компартиясының XVI съезінде С.Шаухаманов арал қасіретін қозғап, Қазақ ССР-нің жоғарғы Кеңесінің Арал теңізін құтқару және экологиялық апат зардаптарын жою жөнінде күш-қуат біріктіру туралы Орта Азия республикалары мен үкіметтеріне үндеу жариялануына ықпал етті. Съезде С.Шаухаманов «Қазіргі таңда Арал тағдыры жұртшылықты қатты алаңдатып отыр. Оған бүкіл әлемнің назары ауа бастады. Бір кезде кәсіпшілікке құт, елге береке, жерге нұр берген теңіздің тынысы бітуге айналды. Жалғыз ғана Сырдария бойында мақталық пен күріштіктің сарқынды, әбден уланған тосап суын дария арнасына қайта құятын 146 коллекторлық жүйе бар. Оның 140-ы біздің республикадан тыс жерде» [8,16.] дей отырып, мәселеге байланысты халықаралық жиын өткізуді ұсынды. Соған дайындық ретінде 1990 жылдың 14 маусымында Қызылорда қаласында Қазақ ССР ғылым академиясы президиумының облыста көшпенді мәжілісі өтіп, Арал төңірегіндегі әлеуметтік-экономикалық және экологиялық проблемаларды шешуді жеделдету шараларына арналды. Мәжіліске Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті Ө.М.Сұлтанғазин ашып, республика басшылары Н.Ә.Назарбаев және Қазақ ССР-і министрлер советінің төрағасы Ұ.Қ.Қараманов қатысып сөз сөйледі [9,16.].

1990 жылдың 13 шілдесінде өткен КОКП орталық комитетінің XXVIII –съезіне де С.Шаухаманов бастаған Қызылордалық депутаттар съездің күн тәртібіне Арал мәселесін қоюға барлық күштерін жұмылдырды. Бірақ съездің басты жеңісі деп Коммунистік партияның сақтап қалу деп жарияланды. Қызылордалық делегацияның мақсаты Арал теңізі аймағын Чернобль секілді дәрежедегі апат аймағы деп атайтындай съезде құжат қабылдануға қол жеткізу еді. Алайда, ол жоспар орындалмады. Көпшілік дауыспен бұл ұсыныс қайтарылып тасталды. Дегенмен осы мәселенің ізінен қалмай, қайсарлық танытқан қызылордалықтар – көршілес жатқан бес республиканың атынан съезге құжат түсірді. Ол нәтижесіз болған жоқ. Арал мәселесі съездің қарарына енгізіліп, Чернобльмен қатар аталып өтілді. Мәскеуде болған кездерін пайдаланып, қызылордалық делегация облыстың әлеуметтік-экономикалық, экологиялық мәселелерін шешуге ұмтылыс жасап, министрліктерде, ведомстволарда болды. Сөйтіп, бірқатар оң шешімдерге қол жеткізді. Атап айтқанда, Қазалы, Қармақшы аудандарын ауыз сумен қамтамасыз ету, жалпы облыстың елді мекендеріне су мен табиғи газды жеткізу жөнінде келісімдер жасалынды. «Қызылорда мелиорация» бірлестігі одақтық бағытысқа өтетін болды. Сол секілді алдағы бесжылдықта мектеп, балалар мен денсаулық сақтау мекемелерін, тұрғын үйлердің көлемін 2-3 есеге арттырудың негізі қаланды [10,26.]. 1990 жылдың қыркүйек айында Біріккен Ұлттар ұйымына көмектесу жөніндегі Қазақ ассоциациясының шақыруымен гуманитарлық мұқтаждық жөніндегі Бүкіл әлемдік кооперативтік ұйымның директоры Джон Ченни Алматыға келген болатын. Америкадағы ауқатты шаңырақтардың бірінен саналатын мистер Ченни Арал, Семей, Шығыс Қазақстанда орныққан қиын жағдайларға қол үшін беруге тілек білдірді. Құрметті қонақты Қызылорда аэропортында халық депутаттары облыстық Советі комитетінің төрағасы В.А.Брынкин және басқа басшы Совет қызметкерлері қарсы алды. Д.Ченнидің негізгі мақсаты жеткілікті мөлшерде дәрі-дәрмектер жеткізу және Арал балалары мен аналары үшін қажетті деген тағамдардың, азық-түлікті молайтуға тікелей көмектесу болды.

Партияның XXVIII съезінде өңірге қатысты Орталықтан жергілікті қолдау көрмегенімен 1990 жылдың қараша айында КСРО кәсіподақтары XIX съезінің «Аралды құтқару және Арал аймағы тұрғындарын экологиялық апат қасіреті зардаптарынан қорғау мәселесі жөніндегі үндеуі» қабылданды. Үндеуде «біздер ССРО кәсіподақтары XIX съезінің депутаттары, тұтас бір ұрпақтың көз алдында гүлденген жердің тұлдырсыз шөлге айналып, Арал теңізі аймағының экологиялық апатқа ұшырағандығына қатты алаңдаймыз» [11]. Кәсіподақтар съезі Қарақалпақ автономиялы Советтік Социалистік Республикасын, Қазақстандағы Қызылорда облысын, Түркменстандағы Ташауыз облысын экологиялық апат аймағы деп жарияланды. Аралды қалпына келтірудің төтенше шараларын қабылдауды, апат аймағында тұратын халықтың тұрмыс жағдайын қалыпқа келтіруді, Орта азия республикаларының үкіметаралық үйлестіру советін және Арал проблемасы жөнінде Орталық құруды, бағдарлама енгізуді және т.б. әлеуметтік мәселелерді шешуді талап етті.

1990 жылдың 13-қарашасында жиырма бірінші сайланған халық депутаттары облыстық советінің үшінші сессиясында С.Шаухаманов «облысты нарық экономикасына көшірудің бағдарламасы» жайлы баяндама жасап, қалыптасқан жағдай жайлы терең талдау жасады. «Біздің міндетіміз,- деп атап көрсетті ол,- өз арамьздан іс тетігін білетін акционер, кооператор, комерсант, жалдаушы, фермер, жалпы істің көзін таба білетін шаруа адамдарының көбірек өсіп шығуына көмектесу, инициатива, тапқырлық, іскерлікке даңғыл жол ашу. Қоғамдық санада қалыптасқан пысық та шаруақор жанға сенімсіздікпен күдіктене қараушылық сияқты

көне дерттен арылған абзал» [12]. Облыстың партия комитеті жылдың екінші жартысынан бастап әрбір аудандық, қалалық партия комитеттерінің жаңа нарықтық экономикалық қатынастарға көшу жағдайында тұрғындарды әлеуметтік жағынан қорғау мен қолдауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарының есебі сараланатын болды. Жылдың соңына дейін есеп берген аудандардың есептерінде жаппай дерлік аудандар партия ұйымдарының жаңа экономикалық жағдайға көшу мәселелеріне байланысты іс-әрекеттерінің кешенді бағдарламаларының тұрғындарды әлеуметтік жағынан қорғау және жұмыспен қамтамасыз етудің кеңес, шаруашылық, кәсіподақ органдарымен және қоғамдық ұйымдарымен өзара байланысының қалыптасқан жүйесінің болмауы тұрғындардың тұрмыс деңгейінің жақсаруына кері әсер еткендігі атап өтілді. Сондықтан Қазақстан компартиясы облыстық комитетінің бюролары барлық аудандық партия комитеттерінің жаңа экономикалық қатынастарға көшу жағдайында тұрғындарды әлеуметтік жағынан қолдау және оларды жұмыспен қамтамасыз етудің сенімді жүйесін жасауда қолда бар мүмкіндіктерді пайдалану үнемі ұсынылып отырды.

1992 жылдың 16 маусымында Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Президиумының Шымкентте өткен кеңесі үлкен де өмірлік маңызы зор іргелі істің тұсауын кесті. Дүйім ел асыға күткен Ғылым академиясының оңтүстік бөлімшесі ашылды. Бөлімше құрамына үш оңтүстік- Жамбыл, Шымкент және Қызылорда облыстарының ғылыми потенциалы қамтылып, аталған аймақтың әлеуметтік дамуы үшін ғылыми негіз қалауға қызмет ететін болды. Кеңестің жұмысына Қызылорда облысының әкімі С.Шаухаманов қатысып, сөз сөйледі. Сөзінде Сыр бойында қалыптасқан экологиялық апаттың себептеріне терең талдау жасай келе ҚР. Ғылым Академиясының назарын өлкедегі ғылыми зерттеу жұмыстарының бағыттарына аудара келе «ауыл шаруашылығында біздің алдымызда бірегей күріш егуден бас тарту, егістік танаптың құрылымын түбегейлі қайта құру, күн санап нашарлай түскен табиғи ауа райы ахуалына және топырақтың тұз басып, сорлануына бейімделген егіншіліктің су үнемдегіш жүйесін енгізу проблемалары тұр.... Мұның көпшілігімен Қызылорда ауылшаруашылығы ғылыми зерттеу институты айналысады да, бірақ ол жаңа ғана аяғынан қаз басып келеді. Оны нығайтып, оған базалық ғылыми мекемелер тарапынан жәрдем беру керек» [13] деп атап көрсетті. Сондай-ақ әкім «Жасыл өлке» бағдарламасы аясында Қызылорда қаласында ботаникалық баудың салынуы қажеттігіне назар аударды.

1992 жылдың маңызды оқиғаларының бірі – облыс теледидарының қызмет атқарғанына бір жыл толғандығы еді. С.Шаухаманов көпшілік халық көтерген мәселені ашуда аянбай еңбек етті. Облыстық теледидар және радиохабарларын тарату компаниясының алғашқы төрағасы Жәлел Бәкіров. Облыстың мәдени, әлеуметтік өміріндегі үлкен қадам жасалды. Оны облыстың басшылары да тездетіп ашу үшін жедел қадамдар жасалды. Асығыс шешімдер де қабылданды. Сол кездегі телевизия жөніндегі мемлекеттік комитеттегі жанашыр азаматтар үлкен қайрат көрсетті. Комитет өз есебінен 3,5 миллион сомның техникалық жабдықтарын берді [14]. Облыстан 1,8 миллион сом бөлінді. Бұл Сыр бойының мәдени өміріндегі үлкен оқиға болды. 1991-92 жылдары атқарылған ауқымды істер қатарында: диагностикалық орталық құрылысының қарқын алуы, Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институтының ашылуы, ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының оңаша шаңырақ көтеру, «оңтүстікмұнайгаз» дербес өндірістік бірлестігінің облысқа қарауы, облыстық теледидардың ашылуы, «Айдарлы» совхозының және Қазалы мамандандырылған шаруашылығының республикалық бағыныштағы мәртебелі мекемелерге айналуы сияқты және басқа көптеген жарқын бастамаларды жатқызуға болады. Алайда, соңғы бес жыл ішінде тек Арал проблемасы бойынша қабылданған 8 одақтық және республикалық қаулылар қағаз жүзінде қалып облысты экологиялық апат аймағы деп жариялап тұрғындардың әлеуметтік жағынан қорғалуын қамтамасыз ету орнына облысқа осы жылы республикалық көрсеткіштен төмен деңгейде қор белгіленді. Байқоңыр ғарыш кешенінің тереңнен тартатын «Ближний» және «Дальний» су құбырларының айнала төңірекке тигізетін залалды әсерінің салдарынан ахуал ушыға түсті. Бұларды пайдалану 120 мың гектар шұрайлы жайылымдықтың айналымнан шығып қалуына әкеліп соқтырды. Осыған сәйкес С.Шаухаманов республикалық басшылыққа мынандай ұсыныстармен шықты. Біріншіден, Арал жөнінде арнайы республикалық бағдарлама жасау. Екіншіден, облыстық кеңес Қарақалпақстанның және Хорезм, Ташауыз, Бұқара, Чарджау, Ақтөбе, Шымкент облыстарының халық депутаттарының басшыларының атына Үндеу қабылдап, тиісті мәселелерді көтеру. Сондай-ақ облыста «Денсаулық», «Экология», «Ауыз су, аяқ су», «Жасыл өлке» т.б. бағдарламалар жүзеге асырылды [15].

1992 жылдың аса маңызды оқиғаларының қатарында облыс әкімі С.Шаухамановтың Израйльге және Канадаға сапарын айтса болады. Екі ел сапарында да, облыс әкімі облысқа инвестиция тарту, озық елдердің жаңа технологияларын өндірісте пайдаланудың жай жапсарын талқылады. 1993 жылдың маусым айында С.Шаухаманов Тереңөзек ауданындағы Н.Ильясов атындағы кеңшарда болып «Шаққан» учаскесінде облыстың тарихында тұңғыш рет қолға алынған голландиялық әдіспен картоп егудің технологиясымен егжей-тегжейлі танысты. Кеңшар директоры Бақыт мыханов картоп өсірушілер бригадасының бригадирі Әмірхан Қыдыралиев шетелдік технология бойынша кеңшар сушы-механизаторларының картоп егу жұмыстары жайлы хабарлама жасады [16]. 1993-1994 жылдары елімізде орын алған саяси дағдарыстар мен экономикалық құлдырау тереңдей түсті. Айта кету қажет, осы жылдары ұйымдастырылған қала мекемелерінің облыс орталығынан алыс аудандарда жәрмеңкелер ұйымдастыруы өз нәтижесін берген жоқ. Ауыл халықтарының сатып алу қабілеті

төмен болғандықтан облыс орталығынан барған тауарлардың негізгі дені сол күйінде кері тасылды. Бұл облыс тұрғындарының пассивті наразылығын туғызды.

1993 жылдың басты оқиғаларының бірі 1993 жылдың 26-наурызында бес елдің – Қазақстан, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан мемлекеттерінің басшыларының бас қосып, Арал мәселесі туралы халықаралық конференцияның өтуі болды. Сыр елі мен жерінің тарихында тұңғыш рет өткен жоғарғы дәрежедегі бас қосуда өмірлік маңызға ие шешімдер қабылданды. Бес ел президенттері – И.Каримов, И.Рахманов, Н.Назарбаев, А.Ахаев және Ресей мен Түркменстан өкілдерін қарапайым қызылордалықтардың көруі – олардың өміріндегі зор оқиға болды. Конференция Аралды құтқару жөніндегі халықаралық қор мен оның басқармасын құрып, Ережесін бекітті. Халықаралық қордың бірінші президенті болып Н.Ә. Назарбаев сайланды. Арал теңізі бассейнінің мәселесі жөніндегі мемлекетаралық кеңес құрылып, оның құрамы бекітілді. Оған облыс әкімі С.Шаухамановта мүше болып енді. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан мен Ресей Федерациясы басшыларының Біріккен Ұлттар Ұйымының бас хатшысы Бутрос Галиге арнайы хат қабылдауы бүкіл дүниежүзі халықтарының назарын аударды. Осылайша, Арал мәселесі дүниежүзілік деңгейге көтерілді. Тағы бір қуанарлығы, осы тарихи іс-шараның Қызылорда жерінде өтуі және С.Шаухамановтың осы шараның ұйымдастырушысы және атқарушысы болуы. Екінші бір қуанарлық жаңалық – «Арал апат аймағында тұратын халықты әлеуметтік жағынан қорғау» заңының қабылдануы болды. Себебі бұған дейінгі Сыр өңірі жөнінде қабылданған Одақтық, Республикалық сегіз қаулының бірде біреуі орындалмай, экономика құлап, жалақы, зейнетақы, жәрдемақы, төленбей тұрған кезеңде бұл заңның қабылдануы айтулы оқиға болды. Республика соншалықты қиын жағдайда тұрғанда Үкіметті, 362 депутаттан тұратын Парламентті, Президентті осындай тағдырлы, тарихи шешім қабылдауға сендіру және көндірудің С.Шаухаманов үшін оңайға түспегені анық. Нәтижесінде бүгінде Қызылорда тұрғындары 9 миллиард теңге қосымша пайда көріп, басқалардан 9 күн артық демалуда. «Егер егесіздіктен бұл заңның аясына бірнеше аудандар, аймақтар негізсіз, ретсіз, әділетсіз кіріп кетпегенде, бізден кейінгі басшылар бұл заңның бірнеше баптарынан айырылып қалмағанда, халыққа келетін пайда бүгінгіден әлдеқайда артық болатын еді» [1,55б.] дейді С.Шаухаманов.

1989-1994 жылдары облыс әкімі облыстағы барлық ірілі-кішілі ұжымдарға жинақтай келгенде 5 тапсырма беріп – орындалуы қатаң бақылауға алынды: 1. Ұжымда жұмыс істеп жүрген әр адам басына 50 литрден сүт өндіру. 2. Ұжымда жұмыс істеп жүрген әр адам басына 20 килограмнан ет өндіру. 3. Әрбір ұжымда бір сом айлыққа – бір сомның халық тұтынатын тауарын өндіру (өндіріліп тұрғаны 48 тиынның тауарлары). 4. Әрбір ұжымда бір сом айлыққа – 10 тиыннің ақылы қызметін көрсету (көрсетіліп тұрғаны 0,18 тиын немесе 6 есе кем) 5. Әрбір ұжым мүшесіне шаққанда бір шаршы метрден тұрғын үйді пайдалануға беру.

Қазіргі күнмен өткенге баға беру оңай емес. 1994 жылдары өлкедегі жағдай барынша шиеленісіп тұрды. Қайткен күнде халықты қиындықтан алып шығу керек болды. Ғарышты заманда, ГТР заманында «тезек теріп, есек арбаны іске қажет болды». Бұл белгілі бір дәрежеде батылдық еді. Сол уақытта мұндай қияс шешімге барған облыс әкімін сынаушылар да, күлкіге айналдырып келемеждегендер де болды. С.Шаухамановтың репутациясына кері әсер еткен жәйттердің біріне айналды. «Осының үстіне ауылдық жерлерде тезек те терілді, тезек пен көмір араластырылып отын да жасалды, жанармайдың жоқтығынан пісіп тұрған бидай мен жоңышқада қолмен орылды, жаппай есек арба да іске қосылды... Ол кезде менің басымда халықты ашаршылыққа ұрындырып, тарихта қарабет болып қалмаудан басқа ойға орын жоқ еді. Сондай тарихи тағдырлы кезеңде өз халқымды апаттан аман алып қалу шараларын, тапсырмаларын аузыма Алла салды деп ойлаймын.» [1,58б.] дейді С.Шаухаманов.

1992-1994 жылдары Қызылорда облысының мекемелерінде халықтық шығармашылықпен 3,5 мың кіші цехтар ашылды. Олар етті, сүтті, көкөністі өндейтін, күріш ақтайтын, ұн тартатын, жем дайындайтын, май сығатын, нан жабатын, киім тігетін, сағат, аяқ киім жөндейтін т.б. цехтар ашады. Қазақстан Республикасы Білім министрлігі Қызылорда облысы мектептеріндегі еңбек тәрбиесі бағытындағы оң қадамдарды мақұлдап, тәжірибені республикаға таратты. С.Шаухамановты Ыбырай алтынсарин медалімен марапаттады. Облыста балалар бақшасынан бастап барлық салалар, мекемелер, кәсіпорындар, ұжымдар азық-түлік, тұтыну тауарларын өндірумен айналысты. Өнертапқыштар мен инженерлер мотоцикл негізінде трактор, шөп турайтын машина негізінде ұн тартатын машиналар жасап шығарды. Алайда, нарықтық қатынастар жағдайында облыстың көрсеткіштері республикалық көрсеткіштерден әлдеқайда төмен қалып қойды. Жекешелендіру және жеке нарықтық кәсіпорындар саны жағынан сын көтермейтін жағдайға жетті. Оның үстіне көптеген облыс әкімінің бастамаларына тұрғындар іштей наразы болды. Атап айтқанда, облыс мекемелерінің аудандарға жәрмеңке ұйымдастыруы, мектеп ұжымдарын оңды-солды қоғамдық жұмыстарға тарту және кадр саясатындағы олқылықтар, облыс бюджетіндегі кемшіліктер облыс әкімінің танымалдылығын төмендетіп жіберді. Сондықтан 1995 жылы ҚР Президентінің жарлығымен С.Шаухаманов қызметінен босатылып, орнына Бердібек Мәшбекұлы Сапарбаев тағайындалды. Ал, С.Шаухаманов 1995 жылдың соңынан ҚР Парламент сенатының депутаты болып сайланды. Парламентте аймақтың мүддесі үшін ұсыныстар, сын пікірлер айтып отырды [17]. 1996 жылы Қазақстан Республикасы көші-қон және демография агенттігі төрағасының орынбасары болып бір жылдың үстінде қызмет істеп, елге оралды. Алғашында

«Қуатамлонмұнай» кәсіпорны бас директорының кеңесшісі, ал 2005 жылдан бастап облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Жалпы үшжүзшілер қолына қару алып тез арада билікті жеңіп алуға тырыспаған. Бұл партияның бағдарламасында политехникалық білім беру, діннің халыққа қызмет етуі, бейбітшілік саясатын қолдау, халықты отырықшылыққа бейімдеу, ұлттар арасын ұшықтырмау сияқты мәселелер орын алды. Демек үшжүзшілердің революция жылдарында да ізгілікті демократиялық бағыттан жаңылмағанын аңғаруға болады. Осы бағытта жүру барысында «Алаш» партиясының көзқарасына бірде жақындап, бірде алыстап отырғандығын жоғарыда атағанбыз. Аумалы-төкпелі қиян кескі заманда, тарих сахынасына қатар келген бұл екі партияның ұстаған саяси, қоғамдық, әлеуметтік бағыт бағдарламасы екі басқа, біріне-бірі кереғар қайшы болды. Әрқайсысының өзіндік ұстаған жолында мұндай қарама-қарсылықтың болуы, аласапыран кезеңде, қиян кескі тартыстың үстінде болатын заңды құбылыс, мемлекет жүйесі бір түрден екінші түрге ауысқан кезде болатын заңдылық. Қай партияның да өзінің ұстаған, саяси бағыт-бағдарламасын жүзеге асыруы талас-тартыссыз өтпейтіндігі тарихи шындық. Сондықтан бұл екі партияның талас-тартысын, өзара күресін кінәлауға болмайды. Бұл тақ тартысы емес, халқының мақсат-мүддесі мен мұңы үшін күрес. Бұл мәселе төңірегінде арнайы тоқталғаныммен, өзіндік пікір айтудан аулақпыз. Тек айтарымыз қазіргіше айтқанда, оппозициялық бағыттағы партия еді.

Егер де «Алаш» пен «Үш жүз» өз күштерін бір-бірімен күресуге жібермей, керісінше бірігіп қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескенде аса маңызды саяси күшті құрайтын еді. «Үш жүз» партиясының қоғамдық-саяси қызметін сараптаудың нәтижесінде біз оның демократиялық бағытта іс-әрекет жасағанын көреміз. Қазіргі кезде біз тарихымыздың шынайы оңды-солды мәселелерін толық қалпына келтіруге мүмкіндігіміздің мол екеніне көзіміз жеткені белгілі. Халқының болашағы үшін өз өмірлерін арнаған жандардың есімі әрқашанда халықтың есінде қалады. Зерттеу жұмысы «Үш жүз» партиясы Қазақстанның ұлт-азаттық және демократиялық қозғалысы тарихында алатын орнының ерекше екенін растайды.

Әдебиеттер:

1. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – Т.1. – 384 б.

2. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп толықтырылған екінші басылым. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. – 480 б.
3. ҚР ПМ. 811 - қор, 23 - тізбе, 218 - іс. 3 п.
4. Нұрпейсов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
5. ҚР ПМ. 811 - қор, 23 - тізбе, 218^а - іс. 9 п.
6. Алексеенков П. Кокандская автономия. – Ташкент: Узгиз, 1931. – 75 с.
7. Сейфуллин С. Тар жол тайғақ кешу // Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2004. – Т. 1. – 395 б.
8. ҚР ПМ. 811 - қор, 23 - тізбе, 218 - іс. 6 п.
9. ҚР ПМ. 811- қор, 23 - тізбе, 218 - іс. 7 п.
10. ҚР ПМ. 811- қор, 23 - тізбе, 218^а - іс. 21 п.
11. Смағұлова С.О. Көлбай Төгісов және «Үш жүз» партиясы. – Алматы: Арыс, 2009. – 232 б.
12. ҚР ПМ. 811- қор, 23 - тізбе, 218^а - іс. 11 п.
13. ҚР ПМ. 811 - қор, 23 - тізбе, 217 - іс. 2 п.
14. Есмағамбетов К.Л. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы: Ата-мұра, 1994. – 240 б.
15. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – Т.1. – 384 б.



ӘОЖ 323 (574)

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ӘУЛИЕАТА УЕЗІНДЕГІ АШТЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСУІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Серікбаев Е.Қ., т.ғ.к., доцент, М.Х. Дулати атындағы Тараз Өңірлік университеті.
Ибраимов Н.Л., магистр, М.Х. Дулати атындағы Тараз Өңірлік университеті.

Андатпа. Мақалада Тұрар Рысқұловтың 1918-1920 жылдардағы Әулиеата уезіндегі ашаршылыққа қарсы күресі, жергілікті халықтарды саяси-әлеуметтік және экономикалық істерге топтастыру, шиеленіскен қазақ және орыс тұрғындары арасындағы ұлтаралық ала ауыздықты бәсеңдету, Әулиеата уезінің халық шаруашылығын қалпына келтіріп, өркендету бағытында атқарылған шаралары туралы айтылады.

Түйін сөздер. Тұрар Рысқұлов, ашаршылық, Әулиеата, комитеттер.

Қазіргі таңда тәуелсіз тарихымыз қайта зерделеніп, зиялы тұлғаларымыз ортамызға оралып жатқанда қазақ халқының көрнекті перзенті Тұрар Рысқұловтың қоғамдық-саяси қызметін кезеңдерге бөліп зерттеу заман талабы болып отыр. Оның артына қалдырған өшпес мұрасы бүгінде болашақ ұрпаққа қызмет етуде. Қазақстанның, Ресей Федерациясының, Орталық Азияның тарихында қайраткер ретінде танылған Тұрар Рысқұловтың қазақ халқының азамат соғысы мен солақай саясат кесірінен аштыққа ұшыраған кезеңіндегі қызметі өз алдына бөлек зерттеу нысаны болып табылады.

Т. Рысқұловтың 1918-1920 жылдардағы атқарған қоғамдық-саяси қызметі мынадай негізгі бағыттарды қамтыған еді: 1) Әулиеата уезінде кеңес үкіметі билігін нығайту; 2) жергілікті халықтарды саяси-әлеуметтік және экономикалық істерге топтастыру; 3) негізінен көшпелі халықты қамтыған сұрапыл ашаршылықпен күрес; 4) шиеленіскен қазақ және орыс тұрғындары арасындағы ұлтаралық ала ауыздықты бәсеңдету; 5) Әулиеата уезінің халық шаруашылығын қалпына келтіріп, өркендету бағытында атқарылған шаралар.

1917 жылы жазда Ташкент қаласында қазақ депутаттарының Түркістан өлкелік кеңесі құрылды. Ол кеңестің жетекшілерінің бірі Т. Рысқұлов болды. Сол жылы 30 тамызда шаруа депутаттары кеңестері мен қазақ депутаттары кеңестері бірігіп ортақ атқару комитетіне 6 адам орыс 6 адам қазақ мүше болып сайланды. Бұл комитеттің құрамында да Т. Рысқұлов болды.

Ташкенттегі саяси оқиғалардың ықпалымен 1917 жылы 6 қарашада Әулиеата уезі мен қаласындағы саяси билік уездік солдат және жұмысшы депутаттары кеңестерінің қолына өтті. Бірақ, ұзақ уақыт бойы уездік кеңестің негізгі қызметінің ауқымы қала мен уездің европалық тұрғындары мекендеген болыстарын ғана қамтыды. Ал, уездің мұсылман халқының өмір тіршілігі олар үшін жат күйінде қалып, негізгі қарым-қатынас тек қарудың күшімен ғана жүргізіле берді [1].

Сол тарихи кезеңде Т. Рысқұлов жергілікті халықтардың саяси-әлеуметтік жағдайын жеңілдетіп, мүдделерін қорғау үшін бірден-бір тактикалық дұрыс жолды таңдай білді. Бұл жол — өз маңына топтасқан саяси қайраткерлерді ұйымдастыра отырып, саяси билік пен әскери күшке ие болып отырған уездік кеңестің құрамына өту және оның қызметіне ықпал жасау болатын. «Еңбекшілердің қолдауымен мен уездік атқару комитетіне сайландым. Белсенділігімнің арқасында көп ұзамай орыс солдаттары мен жұмысшылардың да

сеніміне ие болдым... Сол үшін солдат бұқарасы мен орыс жолдастар мені ұдайы бірауыздан қолдап отырды», - дейді Т. Рысқұлов.

1917—1918 жылдардың қысы аса ауыр жағдайда өтті. 1917 жылдың күзіне таман басталып, 1918 жылдың қыс айларында үдей түскен ашаршылыққа ең алдымен уездің көшпелі халқы ұшырады. Ал, уездің отырықшы орыс шаруалары мұндай ауыртпалықты басынан кешірген жоқ. Мысалы, уездің бір ғана Гродеково селосындағы орыс шаруаларының қамбаларындағы астықты тексергенде мынадай жағдай анықталды: 84 отбасында (653 адам) 5.185 пұт бидай, 533 пұт ұн сақталған, яғни жан басына шаққанда шамамен 9 пұт шамасында астық болған. Көптеген орыс шаруаларының артық астықтарын базарда үстеме бағаға сатуға мүмкіндіктері бар еді [2].

1917 жылдың соңында Әулиеата уездік кеңесінің өкілдері Хоменко мен Жужин уездің халқы үшін Ақмола облысынан 100 мың пұт астық сатып алады, бірақ бұл астық уездегі ашыққан көшпелі халыққа берілмей, негізінен орыс жұртшылығы мен әскери бөлімдерге таратылады.

Әулиеата уезіндегі көшпелі халық арасында аштық қатты етек ала бастады. Түрліше жұқпалы аурулар — сүзек, іш аурулары, тырысқақ, құрқұлақ, оба, тері аурулары тез тарап жатты. Аш-жалаңаштықтан, індеттен қырылған адамдардың өлігі ит-құсқа жем болып, далада шашылып қалды. Оларды жинап, жерлеуге үкімет мекемелерінің күш-қуаты жетпеді.

Саяси белсенді іс-әрекетімен таныла бастаған Т. Рысқұлов депутаттардың ұсынуымен 1918 жылы сәуірде Әулиеата уездік кеңесінің атқару комитетінің төрағасының орынбасары болып сайланады. Саяси билікке қол жеткізген Т. Рысқұлов өз күш-жігерін ашыққан халықты төніп тұрған ажал тырнағынан арашалап қалуға, орыстар мен қазақтардың арасындағы қарым-қатынасты реттеуге, кеңестерде жергілікті басшылардың көбеюіне жұмсады. Бүкіл Түркістан елкесінде алғаш рет уездік төтенше комиссия ұйымдастырып, қарулы отрядпен бірге уезді аралап, орыстар мен қазақтардың өзара қырқысын тиюға, контрибуция ретінде тартып алынған қазақтардың бұйымдары мен малдарын өздеріне қайтарып бергізуге тырысты. «Дәл осы сәттен бастап уездегі 200 мың қазақ халқына, әсіресе кембағалдарға, мен және менің қызметкерлерім езілгендерді құтқарушылардың нағыз өздері болып көріндік», - деп еске алады кейіннен Т. Рысқұлов [3].

Т. Рысқұловтың ықпалымен Әулиеата уездік кеңесінің құрамы мен жұмыс тәсілі тез өзгере бастады. 1918 жылдың 21 сәуірінде уездік кеңестің мүшелігіне қазақтар арасынан депутаттар сайлау мақсатымен Әулиеата қаласында Т. Рысқұлов ұйымдастырған қазақ жұмысшыларының үлкен жиыны болып өтті. Ашық дауысқа түскен 9 адамның арасынан кеңестің мүшелігіне 4 адам өтті. Осылайша, 1918 жылдың сәуір айының аяғында Әулиеата уездік кеңесінің 26 мүшесінің 15-і, ал атқару комитетінің 14 мүшесінің 3-і жергілікті халық өкілдері болуына қол жеткізілді. Құрамына жергілікті халықтардың әлеуметтік жағдайын жақсы білетін мүшелердің көптеп енуіне байланысты, Әулиеата уездік кеңесінің атқару комитеті дұрыс бағытта жұмыс істей бастады.

Күн өткен сайын асқына түскен ашаршылық пен жұқпалы ауруларға қарсы күреске Т. Рысқұлов қатты күш-жігер жұмсады. Науқастарды емдеу, ауруханалар ашу және жұқпалы аурулардан сақтандыру өте қиынға түсті. Қалада не бәрі 4-ақ маман дәрігер бар еді. Уездік кеңес 1918 жылдың 23 сәуірінде жұқпалы аурулармен күрес шараларын белгілеп, жұмысты үйлестіру үшін санитарлық комиссия тағайындады. Әулиеата қаласының маңында қоғамдық тамақтандыру орындары ұйымдастырылып, онда 20. 000 адамға дейін ашыққан қазақтар тамақтандырылды.

Аштықты ауыздықтау үшін басқа да шаралармен қатар, көктемде егіс жұмыстарын ұйымдастыру, ауыл еңбекшілерін тұқыммен, құрал-сайманмен қамтамасыз ету сияқты кезек күттірмейтін аса қиын проблемаларды шешуге тура келді. Өлкелік үкіметтің Әулиеата уезіне бөлген тұқымдық астығын қабылдап алу, оларды әділетті түрде бөлу ісі де оңайға соқпады. Бұл істе де мемлекеттік мекемелердің шалағайлығы мен қазақ жұртшылығының егіншілікпен таныс еместігі де көп қолбайлау болды. Сондықтан, 1918 жылы 29 сәуірде Т. Рысқұловтың ұйымдастыруымен өткен уездің қазақ тұрғындары өкілдерінің жиыны егіс мәселесін кең түрде талқылап, жеткізілген тұқымды қазақтар мен орыстар арасында әділетті түрде теңдей бөлу ісін қадағалау мақсатында арнайы комиссия тағайындалады. Комиссия 30 сәуірдегі қаулысында тұқымдық астықты талан-таражға ұшыратпау үшін оны жеке адамдарға емес, ауыл тұрғындарының бірлестіктеріне және ұйымдарына бөліп беру туралы шешім шығарады. Бұл шаралар көктемгі егістік жұмыстарының ұйымдасқан түрде өтуіне үлкен қолғабыс жасайды [4].

1918 жылы 7 мамырда Т. Рысқұлов Әулиеата уездік комиссары мен уездік кеңестің төрағасымен бірге, Үлкен Алмалық болысында орналасқан № 41-ші қоғамдық тамақтандыру орнын тексеріп, оның жағдайымен танысады. Тексеру барысында комиссия орын алып отырған түрліше кемшіліктердің сырын ашып, жағдайды сауықтандыру үшін нақты шаралар белгілейді. Асхананың орыс басшылары аштарға бөлінген азық-түлікті талан-таражға түсіріп, аш-ауру адамдарды ұрып-соққаны анықталынады.

Қоғамдық тамақтандыру орнында бұрын қазақ азық-түлік секциясы басшылық жасап келген болса, одан кейінгі басқару жергілікті орыс комитетінің қолына берілген болатын. Олар аштарды тамақтандырудың орнына, ойларына келгенін жасаған. Т. Рысқұлов асхана меңгерушісін орнынан алып, қолынан іс келетін басқа адам тағайындайды. Комиссияның арнайы тапсырмасымен аурулар үшін қосымша тағы да 10 киіз үй тіктіріліп, әр үш адамға тәулігіне 1 бөлше нан беріле бастады.

Қазақ жастарын саяси-мемлекеттік істерге белсене араластыру мақсатымен 1918 жылы 11 мамырда Әулиеата қаласында Т. Рысқұлов пен Федоров-Завадский ұйымдастырған қазақ өкілдерінің уездік съезі ашылады. Съезде Т. Рысқұлов төрағалық етеді. Бұрынғы кеңестің таратылуына байланысты, құрамына төралқаны қоса есептегенде 28 мүше кірген жаңа қазақ депутаттарының уездік кеңесі құрылады. Төралқа тұрақты жұмыс істейтін болып шешіледі, ал кеңестің съездерін ай сайын Әулиеата уездік солдат, жұмысшы, шаруа және қазақ депутаттарының кеңесі съездерімен бір мезгілде өткізіп отыру көзделеді. Съезде қазіргі саяси жағдай, конституция мәселелері, қазақ-орыс шаруаларының ара-қатынасы, ашаршылықпен күрес шаралары талқыланады.

Осылайша, Т. Рысқұловтың Әулиеатадағы саяси қызметі өз мәресіне жетіп, оның өмірінде жаңа бір белес басталады. Т. Рысқұловтың қызметіндегі Әулиеата кезеңі – ірі мемлекет қайраткері болып қалыптасу жолында орасан зор ықпал еткен алғашқы баспалдық, саяси өмір мектебі болды. Әулиеата уездік кеңесінің мүшесі, соңғы айларда атқару комитеттерінің төрағасы ретінде Т. Рысқұлов өзіне жүктелген аса ауыр міндеттерді абыроймен атқарып шықты. Зор саяси ұйымдастырушы ретіндегі Т. Рысқұловтың орны ол Әулиеатадан Ташкентке ауысқан алғашқы апталарда-ақ айқын көрінеді. Бұл уақытта Т. Рысқұловтың тікелей басшылығымен ұйымдастырылып, жұмыс істеп жатқан қоғамдық тамақтандыру орындарында сан мыңдаған аш-жалаңаш босқындар күнелтуде болатын. Асханалардың ырғақты және ұйымдасқан түрде жұмыс істеуіне Т. Рысқұлов көп күш-жігер жұмсаған еді. Бұл асханалардың 1918 жылғы тамыз айындағы жағдайы туралы Әулиеата уездік комиссарының есебінде былай деп көрсетілген: «...аштарға құнарлы тамақ берілуде, сондықтан да олардың жүріс-тұрысы ширақ. Тамақтандыру орындарындағы аштарға деген жақсы күтімнің арқасында соңғы кезде өлім-жітім едәуір азайды». Бұл дерек, егер жеткілікті дәрежеде көңіл бөлініп, қамқорлық жасалса, онда аштан қырылып жатқан адамдардың өмірін арашалап қалуға мүмкіндіктердің болғанын көрсетеді. Ал, Т. Рысқұловтың Ташкентке қызметке ауысуына байланысты, аштарға көмектесу туралы талап босаңсып, жағдай қайтадан шиеленісіп кетеді. Мысалы, аштарға көмек ісі бойынша тағайындалған эмиссардың 1918 жылы 22 қазанда Әулиеата атқару комитетіне жазған мәліметінде, уездік кеңестің бұл істі бетімен жіберуіне байланысты, тамақтандыру органдарының тығырыққа тірелгені атап көрсетілген [5].

Т. Рысқұловтың беделі тек уездік кеңесте ғана емес, сондай-ақ жергілікті партия ұйымында да жоғары болатын. Принципшіл, адамдарды ұлттық белгілеріне қарай емес, іскерлік қабілеттеріне қарай іріктейтін Т. Рысқұлов - уездік кеңесте де, жергілікті партия ұйымында да адамдарды топтастырушы және мақсатты іске жұмылдырушы қайраткер ретінде саналды. Т. Рысқұловтың Ташкент қаласына қызметке ауысуына байланысты Әулиеата уездік кеңесінің атқару комитетінде ұлтаралық ала ауыздық басталып, мүшелері бірге қызмет істеу мүмкіндігінен айырылады.

1918 жылы 2 қарашада Әулиеата уездік партия ұйымының большевиктер фракциясының мәжілісінде осы мәселе арнайы талқыланып, атқару комитетінің мүшесі Бегеевтің баяндамасы тыңдалды. Қорытындысында Бегеев ала ауыздық шарпыған атқару комитетінде жұмыс істеуден бас тартады. Ала ауыздыққа негізінен атқару комитетінің құрамындағы орыстардың жаңадан қабылданылған қазақ жастарына менсінбей, кемсіте қарауы мен сенімсіздік танытуы басты себеп болған екен.

Ташкент қаласына қызметке ауысқан Тұрар Рысқұлов Түркістан Республикасының уездік, қалалық аштықпен күрес комиссияларының нұсқаулықтарын әзірлеп, бекітті. Аштықпен күрес жөніндегі Орталық комиссияның төрағасы бола отырып, барлық аймақтардағы қалыптасқан жағдайды қадағалап отырды [6].

Сонымен қатар, Денсаулық сақтау комиссарына хатпен қайрылып, Түркістан Республикасындағы аштарды тамақпен қамтамасыз ету пункттерінің санитарлық-гигиеналық жағдайын жетілдіруді сұрады [7].

Т. Рысқұлов үнемі өсу үстінде болды, бірақ оның осы жылдардағы атқарған қызметтері жәй қызмет алмастыру немесе қызмет бабындағы қарапайым өсу емес еді. Қай саланы басқармасын, қай жерде жүрмесін, Рысқұлов өз деңгейіндегі іскер азамат ретінде танылды. Оның ой-пікірі мен қажыр-қайраты ешқашан да халыққа қарсы бағытталған жоқ. Ол туған халқының арман-тілегімен, мұң-мұқтажымен өмір сүріп, күрес жүргізді.


Т. Рысқұлов – ұлт жанашыры болды, оның бүкіл саналы ғұмыры ұлт мүддесі жолындағы жалынды күреспен өтті. Ал, XX ғасырдың 20-30 жылдары ұлт мүддесі үшін күресу оңай емес еді. Сталин оның әр қадамына аңду ұйымдастырды. Ол елдің батыс аудандарын басқаруды орынбасары С. Пестковскийге тапсырып, ал өзі елдің шығыстағы аудандарын, мұсылман түріктері мекендеген республикаларды қырағы бақылауында ұстаған болатын.

Т. Рысқұловтың арман-тілегінің орындалғанына бүгінде тарих куә, ол бұл бақытты күнді көре алмаса да, оның туатынына сенген еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. – Алматы: Қазақстан, 1994.- 448б.- Б. 47.
2. Средне-Азиатский экономический район: очерки по экономике Средней Азии.-Ташкент, 1922.
3. Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: қоғамдық-саяси ... – Б. 36.

4. Яковенко Л.И. Продовольственная политика Коммунистической партии и ее осуществление в Туркестане (1918-1924 гг.).- Душанбе, 1974.
5. Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: қоғамдық-саяси ... – Б. 38.
6. Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. 50-қор.- 1-тізбе.-58-іс.-60-64 пп.
7. Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. 50-қор.- 1-тізбе.-58-іс.-76п.



ӘОЖ 94(574)

1839 ЖЫЛҒЫ ХИУА ЖОРЫҒЫНА ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ

Тоқболат С.Т. – тарих ғылымдарының кандидаты
Тарих және география кафедрасының аға оқытушысы
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Андатпа. Мақалада 1839 жылғы патшалық Ресейдің Хиуаға жорығының ұйымдастырылуы мен оның логистикалық мәселелері талдауға алынады. Орынбор әкімшілігінің әскери жорықты жүзеге асыру үшін жергілікті Кіші жүз қазақтарын тартқаны және олардан едәуір көлемдегі жүк көліктерін жинаудағы әрекеттері айқындалады. Зерттеу жұмысы 1839 жылғы Хиуа жорығына қатысушы Ресей патшалық Ресей шенеуніктерінің жазбаларын талдау негізінде жүргізіледі. Өйткені жорыққа қатысушы Ресей офицерлерінің жазбалары Хиуа экспедициясының дайындығы мен барысы жайында нақты мәліметтер береді. Бұл деректерден жорыққа қазақ руларынан жиналған түйелер мен қатысқан қазақ түйекештерінің саны, патша әкімшілігінің жорық туралы ресми жоспарлары мен ойлары сипат алады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің құжаттық деректері де пайдаланылды. Архив материалдары арқылы патша өкіметінің қазақ ақсүйектерін марапаттау үшін атқарған әрекеттерін анықтаймыз.

Түйін сөздер: Хиуа жорығы, қазақтар, түйелер, Хиуа хандығы, Орынбор әкімшілігі, Перовский.

1873 жылы Ресей империясы ұзақ жоспарланған әскери жорығын жасап Хиуа хандығын бағындырады. Бұған дейін Хиуаны басып алу үшін Ресей әскері бірнеше рет талпыныс жасап сәтсіздіктерге ұшырып отырды. I Петр заманынан басталған жорықтардың бірінде орыс әскері Хиуа жерінде талқандалса, кейінгісінде ауа-райының қолайсыздығынан шығынға батып, мақсатына жете алмай кейін шегінуге мәжбүр болған. Осылайша патшалық Ресей әкімшілігінде Хиуа хандығында үстемдік құру 1873 жылға дейін жүзеге аспай келді.

Осындай жорықтарының ішіндегі сәтсіздігімен ерекше назар аудартатын әскери науқандардың бірі 1839-1840 жылдардағы Хиуа жорығы еді. Ресей империясының 1839 жылғы Хиуа жорығы тарихта терең із қалдырған тарихи оқиғалардың бірі болды. Өйткені материалдық және адам шығыны жағынан Ресейдің отарлық тарихындағы аса ауыр әскери жорық патша әкімшілігінде біраз дау тудырған еді. Тіпті осыдан кейін жорықты әзірлеген Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский қызметінен кеткен еді.

Тарихи деректерді ақтарсақ 1839 жылғы Хиуа жорығы тек патшалық Ресей әскерлерінің шығынымен ғана ерекшеленбеді. Сонымен қатар осы әскери науқанға Кіші жүз қазақтарының көптеп қатысуымен белгілі. Өйткені бұл жорықты ұйымдастыруда Орынбор әкімшілігі Кіші жүз руларынан жорық қажеттілігіне орай күштеп түйе малдарын жинап, оны ертіп жүретін қазақ түйекештерін де қатарға қосқан. Отандық тарихнамада 1839 жылғы Хиуа жорығын жүк көлігімен қамтамасыз етудегі қазақтардың рөлі мен оған қатысқан қазақтар туралы арнайы еңбектер кездеспейді. Осыған сәйкес осы зерттеуімізде Хиуа жорығын қамтамсыз етудегі қазақтардың жағдайы арнайы талдауға алынады.

Мәселенің зерттелу деңгейі

Бүгінгі күнге дейін Ресей империясының әскери жорықтарын қазақтардың логистикалық және азық түлікпен қамтамасыз ету мәселесі арнайы зерттеуге алынған емес. Бұған дейін жүргізілген ғылыми зерттеулер Ресей империясының Түркістан өлкесін жаулап алу және саяси-әкімшілік, экономикалық мәселелерге мән беріп келді.

Дегенмен Ресей империясының қазақ даласы мен Түркістан өлкесіне жасаған әскери жорықтарын ұйымдастырудағы қазақтардың қатынасы жайында арнайы зерттеу еңбектерінің жоқ болғанына қарамастан өлкедегі әскери қимылдар мен отарлау саясаты жайындағы зерттеулер отандық және шетелдік басылымдарда көптеп жарияланды. Жарияланған еңбектерде әскери жорықтардың ұйымдастырылуы мен әскери қимылдар жөнінде ішінара мәліметтер келтірген. Осындай мәліметтер Ресей империясының қазақ даласы мен Түркістандағы әскери қимылдары туралы жариялау революцияға дейінгі кезеңдегі мерзімді баспасөзде жарияланған мақалалар мен көлемді еңбектерде көрініс тапты. Олардың қатарында М. И. Иваниннің [1], Абазының [2], Макшевтің [3], Поттоның [4], Терентьевтің [5], Венюковтың [6], Захарьиннің [7] еңбектерін

ерекше атап өтуге болады. Бұл еңбектерде патшалық Ресейдің қазақ даласы мен Түркістан өлкесіндегі әскери әрекеттерін сипаттауға талпыныс жасалды. Дегенмен Түркістан өлкесі туралы кеңестік дәуірге дейінгі кезеңде жазылған әдебиеттердің басым бөлігі жаулап алу, орыс әскерлерінің жорықтары, патшалық Ресейдің бірқатар Шығыс елдерімен сыртқы байланыстары, олардың шаруашылығы, этнографиясы мәселелеріне арналған.

Кеңес дәуірінде патшалық Ресейдің қазақ даласы мен Түркістан өлкесіндегі әскери жорықтарын логистикалық жабдықтау жайында арнайы жазылған еңбектер болмағанымен дегенмен бұл мәселе көптеген еңбектерде ішінара қозғалып отырды. Көбіне әскери жорықтар тек Ресей империясының Орта Азия аймағындағы әскери қимылдар және отарлау саясатын жүргізудегі әрекеттері қарастырылды. П.Г.Галузо [8], В. Шахматов [9], Е. Бекмаханов [10], Н.А.Халфин [11], және Б.С. Сүлейменов пен В.П. Басин [12] сияқты ғалымдардың еңбектері патшалық Ресейдің Қазақстан мен Орта Азиядағы отарлау саясаты мен оның қазақ қоғамына әсері жайлы мәселелерге арналған. В. Шахматовтың еңбегінде Есет Көтібарұлының Ресей әскерін жасақтау үшін қазақтардан жиналып тұратын жүк көліктерін беруден бас тартып, қарсылыққа шыққандығы айтылады. Яғни әскери жорықтарды қазақтар тарапынан жасақтап, жүк көлігін жинау қазақ қоғамында наразылық тудырғанын көрсетеді.

Пост-Кеңестік дәуірде Қазақстанда отандық тарихты идеологиядан тыс жаңаша көзқарас бойынша зерттеу жүргізуге мүмкіндік алды. Патшалық Ресейдің Түркістан өлкесіндегі жаулаушылық саясатына қатысты бірнеше көлемді еңбектер жарыққа шықты. Ресей империясының әскери қимылдары мен отарлау әдістері жайында М.Ж. Абдиров [13], А.Ш. Махаева [14], С.С. Сайфулмаликова [15] А.Б. Абдуалы [16] және С.Б. Құрманалиннің [17] еңбектерінде қарастырылған. Бұл еңбектерде отарлау саясаттың бағыттары мен қадамдары, оған қарсы азаттық қозғалыс мәселелері қозғалған. Аталған авторлар Ресей империясының Қазақстан мен Орта Азиядағы отарлау саясатына қатысты мәселелерді қозғанымен Ресейдің әскери жорықтарын логистикалық жасақтаудағы қазақтардың қатынасын арнайы зерттеу нысаны етіп алмаған.

Шетелдік зерттеушілердің ішінде Ресей империясының Түркістанды жаулап алуы мәселесін қозғаған авторлар да бар [18]. Солардың ішінен ағылшын тарихшысы А.Моррисонды ерекше атап өткен жөн. Ғалым өзінің соңғы еңбектерінің бірінде 1838 жылғы ағылшындардың Ауғанстанға басып кіруі мен 1839 жылғы Ресейдің Хиуадағы қысқы жорығын салыстырады [19]. Ресей империясының әскери жорықтары және оны түйелермен қамтамасыз етудегі өлкелік Ресей генерал-губернаторларының шешімдерін талдауға алған. Автордың бұл еңбектерінде 1839 жылғы Хиуа хандығына қарсы әскери жорықты жасақтауда патша әкімшілігінің логистикалық мәселелерге мән бермегенін жеткізеді. А.Моррисонды Ресей империясының әскери жорықтарының логистикалық қамтамасыз ету мәселесін зерттеу нысаны етіп алған алғашқы ғалым деп есептеуге болады. Өйткені бұған дейін қазақстандық және шетелдік ғалымдар арасында осындай мәселеге мән бермей келген. Бұл еңбекте логистикалық қамтамасыз етудегі қиыншылықтар Ресейдің кейінгі әскери қимылдарына ықпалы талданған.

Осылайша, Ресей империясының қазақ даласы мен Түркістан өлкесіне жасалған әскери жорықтардың логистикасы және қазақтардың қатынасы турасында әлі күнге дейін арнайы еңбек жарық көрмеген. Сондықтан бұл зерттеуде осы тың мәселені арнайы алып қарастыруды жөн көріп отырмын.

Зерттеу жұмысы 1839 жылғы Хиуа жорығына қатысушы патшалық Ресей шенеуніктерінің жазбаларын талдау негізінде жүргізіледі. Өйткені жорыққа қатысушы Ресей офицерлерінің жазбалары Хиуа экспедициясының дайындығы мен барысы жайында нақты мәліметтер береді. Бұл деректерден жорыққа қазақ руларынан жиналған түйелер мен қатысқан қазақ түйекешетрінің саны, патша әкімшілігінің жорық туралы ресми жоспарлары мен ойлары сипат алады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің құжаттық деректері де пайдаланылды. Архив материалдары арқылы патша өкіметінің қазақ ақсүйектерін марапаттау үшін атқарған әрекеттерін анықтаймыз.

1839 жылғы Хиуа жорығын жоспарлау

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясының қазақ даласы мен Түркістан өлкесіндегі жаулаушылық соғыстары өріс алған еді. Әскери технологиясы мен соғыс тактикасы жағынан әлдеқайда дамып кеткен патшалық Ресей армиясы қазақ даласында сәтті нәтижелерге жетіп, оңтүстіктегі біршама жерлерді басып алды.

Патшалық Ресейдің әскери жорықтарының қарқынды жүргізілуін стратегия, тактика, дайындық және қару-жарақ технологиясымен қатар, отаршылдық жаулап алу процесінде тағы бір ескеретін қыры ол логистика мен жабдықтау еді. Бұл Ресей империясының Орталық Азия жорықтарында шешуші мәнге ие болды деуге болады. Өйткені ұлан-ғайыр қазақ даласында сәтті әскери қимылдар жүргізу үшін патша әкімшілігі әскери жорықтардың тыңғылықты дайындықтан өткізіп, оның ұзақ жол қажеттілігіне қарай жабдықтауды ерекше назарға алған.

Осындай дайындыққа ұзақ уақытты қажет еткен әскери жорықтардың бірі 1839 жылғы Хиуа жорығын атап өтуге болады. Орыс деректерінде Хиуа жорығын ұйымдастырудың басты себебі ретінде орыс тұтқындарын босату мен керуен саудасына толық еркіндік беруді алға тартты [1, с. 225]. Патша әкімшілігінің 1839 жылдың көктемінде жоспарланған жорық жолында Ембі бойында Атыжақсы мен Үстірттегі Ақбұлақ бекіністерін алдын ала тұрғызу Хиуа билігін алаңдатқан. Мұны біз 1839 жылы Хиуа ханының Ресей патшасына елшілік аттандырылып, онымен бірге 80 орыс тұтқынын босатқанынан көреміз. (5, с. 144). Өйтсе де, патша

өкіметі әскери экспедиция ойдағыдай жүзеге асып жатса, «Хиуадағы барлық орыс тұтқындарын азат етіп, орыс сауда керуеніне еркіндік беру» ғана емес, сондай-ақ «Хиуа ханын сенімді қазақ сұлтанымен ауыстыруды» жоспарлаған. (20, с. 402). Ресей әкімшілігі Хиуа билігіне Кіші жүздің батыс бөлігінің сұлтан билеушісі Баймұхамед Айшуақовты тағайындауды көздеген. Осылайша Хиуа ханының орнын қазақ сұлтанының алуы қазақтардың жорыққа қатысуына ынталандыруға түрткі болуы керек еді (21, с. 9).

Хиуа жорығын ұйымдастыруда Орынбор әкімшілігі қазақ даласында алдын-ала барлау жұмыстарын жүргізіп, жүріп өтетін жолдарына дейін тыңғылықты ойластырған. Осыған орай Орынбор әкімшілігі Хиуаға баратын екі жол бағытының біреуін таңдауға мәжбүр болды. Өйткені Хиуа хандығының Ресей шекарасынан шалғайда орналасуына байланысты барар жолды тиянақты ойластырылып таңдау аса маңызға ие болды. Жолдың біреуі Арал теңізінің батыс жағында жатса, екіншісі теңіздің шығыс жағымен Сыр және Амудария өзендерін кешіп өтуді қажет етті. Алғашында Орынбор басшылығы үшін Арал теңізінің шығыс жағымен өту тиімдірек көрінгенге ұқсайды. Өйткені жорық жобасы бойынша Сыр бойының төменгі ағысында әскери форттар тұрғызу мәселесі де қаралған. Сонымен қатар өзендерді басып өту үшін кемелер дайындауды жоспарлаған. Ақырында Перовский жорықты теңіздің батыс жағымен алып жүруді құп көрген. Генерал штабтың полковнигі Берг Үстірт маңындағы Доңызтау мекенінде әскер керуенін жорық барысында тыныстандырып алатын уақытша бекіністер тұрғызуды ұсынған [1, с. 34]. Осылайша Хиуаға жету үшін Арал теңізінің батыс жағын басып өту ыңғайлы көрінген.

Орынбор генерал-губернаторы В.А. Перовскийдің 1839 жылғы Хиуа жорығы салыстырмалы түрде небәрі 5217 әскерден тұратын шағын әскери экспедиция еді [22, с. 510]. Оның 3000 жауынгері әскери қимылдарға тікелей қатысып, Хиуа қаласын басып алуға жеткілікті деп сенген. Ал қалған екі мыңға жуық әскер керуенді және жолдағы бекіністердегі қоймаларды күзету үшін қажет болады деп ойлаған [1, с. 53]. Дегенмен жорықты ұйымдастыру әрекеттеріне қарағанда Орынбор әкімшілігін қазақ даласының қыс мезгіліндегі ауа-райы мен жол қашықтығы алаңдатқан. Осылайша, экспедиция Ресейдің әскери әлеуеті емес, логистикалық ұйымдастыру деңгейіне байланысты сәтті жүргізілу мүмкін еді. Тіпті жорықтың ауа-райының қиындықтарына байланысты болатынын Перовскийдің өзі әу бастан-ақ болжаған болатын. Перовский Ресей патшасына берген есебінде «Хиуаға қарсы әскери науқанның жетістікке жетуі жауынгерлер мен жылқыларды қамтамасыз етудің жолдары мен әдістерін дұрыс бағалап, шешім шығаруға негізделеді» деген болатын [23]. Яғни әскери жорықты ұйымдастыруда логистикалық және әскерлерді қажетті заттармен қамтамасыз ету аса маңызға ие болғанын патша өкіметі жақсы білген.

Жүк көліктерін жинау және қазақтардың жорыққа қатысуы

Жорық керуенінде тек әскерлерге қажетті заттар ғана емес сонымен қатар ұзақ жолдарда жүк көліктерін қалыпта ұстау үшін жем-шөпті де өзімен бірге алып жүру қажет еді. Тарихи деректерде далалық аймақтарға бағытталған отарлық әскери жорықтарды логистикалық қамтамасыз етуге жергілікті қазақтардың тартылғаны жайында көптеген мәліметтер бар. Отарлық әкімшіліктің осындай әрекеттерге баруы қазақ даласының географиялық және климаттық ерекшеліктерін негізге алуынан туындаған еді. Сондықтан Орынбор әкімшілігі әскери жорықтарды қажетті азық-түлікпен және жүк малдарымен қамтамасыз етуге жергілікті Кіші жүз қазақтарын жаппай жұмылдыруды көздеген.

Әсіресе Ресей әскеріне қажетті жүктерді алыс сапарларға таситын түйелерді қазақтардан жинау отарлық әкімшіліктің күн тәртібінен түспеген мәселесі болды. Әрбір әскери жорық бірнеше мың жүк көліктерін қажет етті. Осыған орай Ресейдің жергілікті әкімшіліктері қазақ руларының әрбіріне белгілі мөлшерде түйе жинап беруді міндеттеген. Осындай әскерге қажетті мал жинау науқандары жиі орын алып, әдетке айналған еді.

1839 жылғы Хиуа жорығына пайдаланылған түйелердің жалпы саны 10 000-нан асып жығылады. Ағылшын профессоры А.Моррисон «бұл далалық аймақта бұрын-соңды болмаған әскери керуен болды» деп сипаттайды [19, р. 96]. Түйелердің дерлік барлығы ұзаққа қашықтыққа созылған жорық әскерлерінің жоспарланған жеріне аман-есен жетуі үшін қажетті азық-түлік, оқ-дәрі, жем-шөп және басқа да жүктермен тиелген болатын. Осындай жағдайларда керуен саяхатымен байланысты көптеген шаруашылықтар жай күйреді, өйткені ең бай ландшафттың өзі ол арқылы өтетін малдардың соншалықты санын қамтамасыз ете алмады. Түйелер бір апта бойы тамақтанбай жүре алса да, жақсы күйін сақтап қалу үшін әрбіріне күніне 10-20 кг. жем-шөп қажет еді.

Ресей әскері үшін қазақ даласына икемделген түйелердің маңызды жүк көлігі болғанын осы Хиуа жорығынан байқауға болады. Соғыс қажетіне жаратылатын заттардың дерлік барлығы түйеге жегіп тасымалдау басты назарда болды. Пантондар, шаналар, арбалар, ауыр зеңбіректер және жорық шіркеулерінен басқа жорыққа қажетті заттардың барлығын түйеге жегуді көздеген. Сонымен қатар әскердің күшін сақтау мақсатында екі-екіден кезекпен жауынгерлерді түйеге отырғызып тасымалдау қарастырылған [1, с. 71].

Кіші жүз қазақтарынан түйені жинау 1838 жылдың тамызында басталып, он сегіз айға жуық созылды. Орынбор шекаралық комиссиясының басшысы генерал-майор Г.Ф.Генс Кіші жүз қазақ сұлтандарына қарамағындағы рулардан белгіленген сандағы түйелерді жинап, оларды белгіленген уақыттан кешіктірмей Орынборға жеткізуді тапсырған бірқатар бұйрықтар таратады [1, с. 83]. Генс 1839 жылдың 11 маусымында қазақ ақсүйектерін жинап, императордың мейірімін алу үшін өз еріктерімен қол астындағы қазақтардан сұратылған түйелерді жинап беруді талап еткен. Егер бұйрық орындалмаса мәжбүрлеп малдарын тартып

аламыз деп сес көрсеткен [1, с. 84]. Кіші жүз руларынан жүк көліктерін жинау Баймағанбет Айшуақовқа тапсырылды [1, с. 85]. Хиуа билігінің күдігін тудырмақ үшін Орынбор шенеуніктері түйе жинау науқанын қарашаға жоспарланған ғылыми экспедиция қажеттіліктері үшін жүргізіліп жатқанын ерекше атап өтеді [1, с. 84].

Алғашында қазақтардан 150 сомға түйе сатып алып, қазақ түйекештерін бөлек жалдау ұсынылды. Бірақ Перовский көп ұзамай түйелерді түйекештерімен бірге жалдау тиімдірек деп жазды. Өйткені түйелердің ерекшеліктерін түсінетін иесінің мұқият назарынсыз ұзақ жол барысында малдардың қырылу ықтималдығы жоғары болатынын білді [24, с. 248]. Бастапқыда Перовский қазақ даласын басып өту үшін 6 мыңға жуық жауынгерге 2207 жылқы, малды қарап жүретін 400 қазақ және тек 1712 түйе жеткілікті деп ойлаған [25, с. 19]. Бірақ дайындық барысында әскерге қажетті азық-түліктер мен жүктерді тасымалдау үшін түйенің санын көбейту керек екенін түсінеді.

Қазақтардан түйе жинау Орынбор әкімшілігі үшін оңай соқпаған. Хиуа жорығына қатысқан Ресей генерал штабының полковнигі М.И.Иванин кейінірек өзінің жазбасында Байұлы руының қазақтары ғана белгіленген көлемдегі түйелерді жинап беруге наразы болып, бас тартқанын жазады. Орынбор әкімшілігі бұйрығын орындамаған Байұлы руын жазалауды полковник Жемчужниковке жүктеген. Перовский болса орыс әскери отрядына Байұлы қазақтарының артынан жетіп олардың барлық түйелерін тартып алып, Мұғалжар тауынан асырып өз жайлауларына қайта келместей қууды бұйырады. Бірақ орыс әскерлері Байұлы қазақтарын қуып жете алмай қайта шепке оралады. Осындай қорқыту әрекеттерін Орынбор әкімшілігі басқа қазақ руларына үлгі болсын деген мақсатпен жасалғаны түсінікті. Өйткені осыдан кейін Кіші жүз қазақтары өздеріне жүктелген түйелерді жинап беруге келіскен. Тіпті Бөкей ордасының ханы Жәңгір әскери жорыққа арнап Орынборға қайтарымсыз 1000 түйе жөнелткен. Жалпы қазақ рулары арасында Ресей әскеріне жәрдем беруге құлықсыздық таныту кеңінен тарағаны соншалық кейбір рулар жорық керуені жолға аттанғанша түйені белгіленген мөлшерде жеткізе алмағанын айтады [1, с. 29].

Қазақ рулары жорыққа қажетті жүк көліктерін жинап берсе де ұзақ жолға жарамсыз түйелерді беруге барынша тырысқан. Бұл туралы Терентьев «қазақтар орыстарға түйелердің нашарын беріп отырған. Өйткені орыстарға берген түйелер нашар күйде қайтарылып, тіпті өлген түйелердің құны Ресей үкіметі тарапынан аз бағаланып төленген» деді [26, с. 273-274]. Осыдан қазақтардың жорыққа қажетті түйелерді жинап беруге ынтымақ болғанын байқауға болады.

Қазақтардан түйе малдарын жинауда Орынбор әкімшілігі түрлі тәсілдерді қолданғанын көруге болады. Орынбор шенеуніктері ру басшыларына сүйеніп, қол астындағы қазақтардан жиналған малдарға байланысты ынталандыру шараларын пайдаланған. Әскери жорыққа қажетті түйе жинап беруге белсенділік танытқан қазақ сұлтандары алтын және күміс медальдармен және т.б. түрде марапаттауды ойластырған. Мысалға Орынбор Шекара комиссиясының шенеунігі корнет Айтов Кіші жүз қазақтарына түйе жинауда белсенділік танытқан рулар бұған дейінгі қылмыстары үшін сотқа тартылмайды деп көндіруге тырысқан. Оның үстіне қазақтар түрлі наградалар және сыйлықтармен марапатталады деді [1, с. 85]. Ақырында 18 беделді қазақ қажетті түйелерді жинауда атқарған маңызды рөлдері үшін алтын және күміс медальдармен марапатталады, ал 131-і маңызды үлес қосқандар ретінде тізімге алынды [27, п. 19]. Осыдан біз Орынбор әкімшілігінің қазақ руларынан едәуір көлемдегі түйелерді жинау қаншалықты маңызды болғанын байқаймыз.

Жалпы Хиуа жорығына жиналған түйе мен қатысқан қазақтардың нақты санын анықтау үшін орыс офицерлерінің жорық жазбаларынан мәліметтер аламыз. Иваниннің деректері бойынша жорыққа қатысқан қазақтардың және жүк тасуға жиналған түйелердің санын шығаруға болады. 1839 жылдың 14-17 қараша аралығында жорыққа төрт әскери колонна жолға шықты [21, с. 23]. Иваниннің мәліметінде әрбір колоннаның құрамында қазақтар бөліп орналасқан делінген. Бірінші колоннаның құрамында №2 батальонның 2 ротасы, Орынбор казактарының жүздігі, 2 зеңбірек, 360 қазақ пен 1800 түйе болған. Екінші колонна №5 батальонның 2 ротасы, 50 орынбор казагі мен 50 башқұрт жауынгері, 2 зеңбірек, 400 қазақ пен 2000 түйеден тұрды. Үшінші колонна сапында №4 батальон, Орынбор казактарының дивизионы, Орал казактарының жүздігі, 2 зеңбірек, 6 мортир, көшпелі шіркеу, госпиталь, отрядтың штабы, 700 қазақ пен 3600 түйе болды. Төртінші колоннаны №5 батальонның 2 ротасы, башқұрттардың жүздігі, 2 зеңбірек, 360 қазақ пен 1800 түйе құрады [1, с. 92]. Аталған төрт колоннадан бөлек 16 қарашада төменгі Орал шебінен 2 Орал казак әскерінің отряды мен 1800 түйеден құралған керуен тікелей Ембі бекінісіне жол тартты. Осыдан жоғарыдағы келтірілген Иваниннің көрсеткен мәліметінен жорық керуенінде 1820 қазақ болғанын аңғарамыз. Бірақ Иванин керуен құрамында жалпы саны 2090 қазақ болғанын жазады [1, с. 208].

Түйелердің саны жағынан орыс деректерінде түрлі мәліметтер келтіріледі. Мысалы М.А. Терентьевтің ақпары бойынша, Орынбордан отряд құрамында 10 400 түйе шықты делінсе [5, с. 183-184], Захарын 12 450 түйе болды деп көрсетеді [21, с. 22]. Осыған ұқсас Дальдің хатынан да 12000 түйе болғанын аңғарамыз. [20, с. 404]. Иванин өзінің Хиуа жорығы кітабында қанша түйе қай рудан жиналғаны туралы егжей-тегжей мәлімет берген. Мұнда Шекті руынан 1639, Жағалбайлы руынан 1000, Қыпшақ руынан 844, Жаппас руынан 3002, Кете руынан 559, Жетірудан 2986, Қаракесек руынан 36 түйе жиналғаны көрсетілген. Сондай-ақ полковник Геке отряды үшін 150 түйе бөлінген делінген. Осыдан бөлек жорық үшін Бөкей ордасы ханы Жәңгір 1000 түйені Орынборға аттандырған. Басқа да ауыл старшындарының жинап бергендерін қосқанда ұзын сонары

жалпы 11968 түйе қазақ даласынан Хиуаға аттануға дайын болған [1, с. 223].

Хиуа жорығының дала табиғатының қатал қысынан жапа шеккені белгілі. Осы жорыққа Перовскийдің хатшысы ретінде қатысқан әйгілі орыстың сөздігін жасаушы жазушы В.И.Дальдің хаттарынан түйелер мен қазақтар туралы мәліметтер ала аламыз. Экспедицияның түйелерге де, оларды басқаруда қазақ жол көрсетушілері мен түйекештеріне тәуелді болғанын байқаймыз. Даль сөзінше жорық басталған сәттен екі апта өткен соң түйелердің бестен бір бөлігі дерлік ауру және пайдалануға жарамсыз деп, 10 400 түйенің ауруларын қосқанда 8 000 ғана қалды деп жазды [20, с. 411].

Иванин кейінгі естелігінде қазақ түйекештері жорық барысында бүлік шығаруы немесе хиуалықтар жағына өтіп кету қаупі бар екенін жиі жазып тұрған. Жорық керуенінің Ембі өзеніндегі Аты-Жақсы бекінісінен қалың қар арқылы Ақ бұлақтағы бекініске аса ауыр қиындықпен жеткенде қазақтар арасынан наразылар шығып, орыс әскерімен бірге әрі қарай бармайтынын білдіріп, бірауыздан қарсы екендерін айтқан. Бұл оқиға жөнінде Иванин 300-ден астам қазақ орнынан жылжымай, түйелерімен ауылдарына қайтатындарын жеткізген делінеді. Тіпті наразылардың қарасы көбейгенін көрген орыс әскерлері оларды қоршауға алып бағынбаушылық танытса атумен қорқытқан. Бұған кейбір қазақтар өлуге дайын екендіктерін, мұндай аяз кезінде керуендер ешқашан жолға шықпайтынын алға тартып әрі қарай жүруге үзілді-кесілді қарсы екенін білдірді [1, с. 125-126] Иваниннің жазбасында да, Дальдің хатында да бүлік шығарған қазақтардың екеуі далада ату жазасына кесіліп, сол жерде көз жұмды делінсе [20, с. 431], ал Захарьин болса үш қазақ атылған деп жазады [21, с. 132].

Сол хатында В.Даль ату жазасының қалай жүзеге асқанын сипаттап жазады. Ол дейді «200 қазақты орыс әскерлері қоршауға алып, ішіндегі белсенділер бөліп алып, шешіндіріп, көздерін байлап оқ жаудырған». Содан кейін ғана наразылардың қарасы сейілгенін айтады. Иванин өзінің жазбаларында керуен қазақтарының наразылығы себебін хиуалықтардың үгіт-насихатымен және «жабайы мұсылмандық фанатизмімен» байланыстырады [1, с. 126].

Жорық барысында аяздың күшеюі, қардың қалыңдығы және Хиуа әскерінің толассыз шабуылдары жорықтың сәтсіздігіне әкелді. Ембіден шығып Шошқакөл бекінісіне жеткен кезде аяз бен ауыз судың жетіспеуінің әсерінен жорық әскерлері арасында үсік шалу, цынга, дизентерия сияқты аурулар етек алды. Біршама уақытқа дейін Хиуаға жету сенімінен айрылмаған Перовский ақырында керуеннің әрі қарай ілгерілей алмайтынын мойындап, 1840 жылы 1 ақпанда керуен жауынгерлеріне Орынборға оралатындарын жариялады [21, с. 87].

Түйелердің жаппай ауруға шалдығып, жол қиындықтарына шыдай алмай қырылуына байланысты Ресей отрядтарының Орынборға қайта оралудың өзі қиындық туғызды. 1840 жылдың 29 ақпанында Н.В.Балкашинге жазған хатында В.А. Перовский былай дейді: «...қазір біздің бүкіл отрядтағы түйелердің саны 2 мыңнан аспайды» [28, с. 160]. Ал И.Н. Захарьиннің мәліметі бойынша тіпті мың түйе ғана тірі қалған делінген [21, с. 96]. Даль 1 наурыздағы хатында «казак әскерлерінің жылқыларына ғана үміт арта аламыз» деп жазады [20, с. 367]. Тығырықтан шығудың жолын іздеген Перовский Баймұхамед Айшуақов пен Орал казак әскерінің полковнигі Ф.Бизяновқа жергілікті қазақ ауылдарын шауып, түйе жинап келуді бұйырады [5, с. 194]. Осылайша бұйрықты орындау үшін казак әскерлері жолай бірнеше қазақ руларының ауылдарын шауып, түйелерін тартып алған. Тіпті Бизянов адай руына тұтқиылдан соққы беріп қарсылық көрсеткен 450 қазақты өлтіріп, малын айдап әкеткен [5, с. 194-195].

Хиуа жорығына аман қалғандар ақыры 1840 жылдың шілде айының басында Орынборға жетеді. Отряд басшылығы жорық шығындарын барынша кемітіп көрсетуге тырысқан. Петербургке берген мәлімдемелерінен жорық барысында қаза тапқан орыс жауынгерлері мен офицерлерінің саны деректерде түрлі беріледі. Мысалы Иваниннің жазбасында жорық барысында 1054 жауынгер далада жерленді, ал қалған 600-ден астамы цынга ауруына шалдығып, көбісі үсік шалудың салдарынан мүгедек болып қалды делінген [1, с. 155] Захарьиннің мәліметі бойынша жорыққа қатысқан бес мың әскерден тек екі мыңға жетер жетпесі Орынборға оралғаны айтылған [7, с. 130]. Ал керуен құрамындағы қазақтардың қаншасы аман қалғаны туралы нақты мәлімет жоқ. Орыс деректерінен жорық барысында қаза болған қазақтар туралы есеп жүргізбегенін байқаймыз.

Әскери жорық үшін үлкен көлемдегі түйе малын жинау Кіші жүз қазақтарының шаруашылығына әсер еткен. Хиуа жорығындағы түйелердің қырылуы қазақтар арасында бірнеше жылға дейін мал шығынының орны толмағанын байқауға болады. Мысалыға 1845 жылы Орынбор генерал-губернаторы Обручев Орынбор шекара комиссиясына Ырғыз және Торғай өзендері бойында жаңадан салынған бекіністерге жүк тасымалдау үшін 1000 түйемен қамтамасыз етуді тапсырғанда, түйелердің әлі де болса қазақ ауылдарында тапшы болғаны байқалды [29, п. 1]. Демек біз әскери жорықтардың жаулаушылық қырына мән бергенімізбен, оның логистикалық қажеттіліктері үшін қазақ ауылдарынан жиналған түйелердің күштеп жиналуы дәстүрлі шаруашылыққа кері әсер еткенін көреміз.

Ресей әскери жорықтары тек әскердің саны мен соғыс техникаларына назар аудармағанын байқаймыз. Өйткені Орта Азия хандықтарын жаулап алу аз әскермен де жүзеге асыруға болатынын білген. Бастысы далалық аймақтардан аман есен жоспарлаған жеріне өту аса маңыздырақ көрінді. Осыдан біз Ресей әскерлерінің жергілікті қазақтардың жүк таситын малына және даланың қыр-сырын білетін жол көрсетуші қазақтарға тәуелді болғанын байқаймыз. Ресей патшасына бағынуға ант берген қазақ сұлтандарының ынтасы мен еңбегі болмағанда 1839 жылғы Хиуа жорығы жүзеге аспас еді.

1839 жылғы Хиуа жорығы Ресей әскерінің логистикалық ұйымдастыру қиыншылықтарымен сипатталды. Жергілікті қазақтардан орасан зор жүк малдарын жинап, қыс мезгілінде жорық сапарын ұйымдастыру көздеген мақсаттарына жеткізбеді. Керісінше Орынбор әкімшілігінің жорықты ұйымдастырудағы қателіктері едеуір материалдық және адам шығындарына әкеліп, орыс билігінің Хиуаға үстемдігі біраз жылдарға кейінге шегерілді. Ресей империясының далалық аймақтар арқылы жорық жасау әрекеті тікелей жергілікті қазақтарға тәуелді екенін Хиуа жорығы көрсетіп берді. Өйткені қазақтардан жиналған жүк малдары мен сол малдарды далада жетектейтін қазақтар әскери жорықтың негізгі күшіне айналды.

Әдебиеттер тізімі:


- 1 Иванин М. И. Описание Зимнего похода в Хиву в 1839–1840 году. СПб., 1874. –268 с.
- 2 Абаза К. К. Война с текинцами. СПб., 1902. 202 с.
- 3 Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. – СПб.: Воен. типография, 1890. – 380 с.
- 4 Потто. О степных походах // ВС. – 1873. – № 5. – С. 30-57.
- 5 Терентьев, 2018 – Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. В 3 томах. Т. 1. / Вступит. статья, справки и комментарии, именной и географ. указатели. Г.А. Бордюгов, А.Г. Макаров, Б.В. Соколов. М.: АИРО-XXI, 2018. – 544 с.
- 6 Венюков М.И. Поступательное движение России в Средней Азии. СПб., 1877. – 364 с.
- 7 Захарьин И.Н. Зимний поход в Хиву Перовского в 1839 г. и Первое посольство в Хиву в 1842. СПб.: Изд-во П.П. Сойкина, 1898. – 207 с.
8. Галузо П.Г. Туркестан - колония: (Очерк истории Туркестана от завоевания русскими до революции 1917 года) / П. Г. Галузо. - Москва : Ком. ун-т трудящихся востока им. И. В. Сталина, 1929. – 162 с.
- 9 Шахматов В. Восстания в Казахстане в 50-х годах XIX в. // Известия Казахстанского филиала Академии Наук СССР. Серия историческая. – 1940. – Вып. 1. – С. 63-94.; Шахматов В. Есет Котибаров // Известия Казахского филиала Академии Наук СССР. Серия историческая. – 1946. – № 2 (27).
- 10 Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. М., 1957. – 275 с.
- 11 Халфин Н. А. Политика России в Средней Азии (1857-1868). – М.: Издательство восточной литературы, 1960. – 272 с.
- 12 Сулейменов Б., Басин В. Я. Казахстан в составе России в XVIII – нач. XX в. Алматы: Наука, 1981. – 247 с.
- 13 Абдиров М.Ж. Завоевание Казахстана царской Россией и борьба казахского народа за независимость: из истории военно-казахской колонизации края в конце XVI - начале XX веков. Елорда, 2000 – 301 с.
- 14 Махаева А.Ш. Тойшыбек би және оның заманы. – Алматы: Баянжүрек, 2006. – 202 б.
- 15 Сайфулмаликова С.С. Царизмнің XIX ғасырдың 30-50 жылдарындағы Сыр бойымен іргелес өңірдегі әскери-саяси қимылдары және оның салдарлары. Тарих. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1998. – 132 б.
- 16 Абдуалы А. Взаимоотношения Казахстана и Хивинского ханства во второй половине XVIII-60-е годы XIX вв. Монография Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 320 с.
- 17 Құрманалин С.Б. 1847-1858 жж. Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі. Тарих. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 199. – 173 б.
- 18 Brower D. Turkestan and the Fate of the Russian Empire. London: Routledge, 2003.; Ross, E. D., & Skrine, F. H. (2012). The Heart of Asia: A History of Russian Turkestan and the Central Asian Khanates from the Earliest Times. Routledge.; Campbell, I. W. (2017). Knowledge and the ends of Empire: Kazak intermediaries and Russian rule on the steppe, 1731-1917. Cornell university press.; Keller, S. (2019). Russia and Central Asia: Coexistence, Conquest, Convergence. University of Toronto Press.
- 19 Morrison A. The Russian Conquest of Central Asia: A Study in Imperial Expansion, 1814–1914.: Cambridge University Press., 2020.
- 20 Даль В.И. Письма к друзьям из похода в Хиву // Русский архив. 1867. Т. 63. № 3. С. 247-262
- 21 Захарьин (Якунин) И.Н. Граф В.А. Перовский и его зимний поход в Хиву. СПб.: Изд-во П.П. Сойкина, 1901. – 347 с.
- 22 Косырев Е.М. Поход в Хиву в 1839 г. (Из записок участника) // Исторический вестник. LXXIII, 1898. С. 539-602.
- 23 «Всепопданнейший доклад генерал-адъютанта Перовского» / Сборник материалов для истории завоевания Туркестанского края / Сост. полк. А.Г. Серебренников. Ташкент: тип. Шт. Туркест. воен. окр., Том 1. 1912. – 262 с.
- 24 Перовский Чернышеву / Сборник материалов для истории завоевания Туркестанского края / Сост. полк. А.Г. Серебренников. Ташкент: тип. Шт. Туркест. воен. окр., Том 1. 1912. – 262 с.
- 25 «Всепопданнейший доклад генерал-адъютанта Перовского» / Сборник материалов для истории завоевания Туркестанского края / Сост. полк. А.Г. Серебренников. Ташкент: тип. Шт. Туркест. воен. окр., Том 1. 1912. – 262 с.
- 26 Терентьев М. А. Хивинские походы русской армии. 2-е изд. М. : Вече, 2016. –464 с.
- 27 ҚРОМА – Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві. Қор 4, Тізбе 1, Іс 2167. «Список



ордынцев, оказавших усердие при сборе верблюдов для ученой экспедиции».

28 Перовский В.А. Письма гр. В.А. Перовского к Н.В. Балкашину // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып. XXIII. Оренбург: Типо-лит. т-ва «Каримов, Хусаинов и Ко», 1911. – С. 149-190.

29 ҚРОМА – Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві. Қор 4, Тізбе 1, Іс 2344. «Обручев к Оренбургской пограничной комиссии».



ӘОЖ 63. 03 (574)

ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

**Серікбаев Е.Қ., тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
М.Х. Дулати атындағы Тараз Өңірлік университеті.**

Андатпа. Мақалада Алаш зиялысы Елдес Омарұлының көрнекті ғалым, білікті аудармашы, ұлағатты ұстаз ретінде қазақ ғылыми тілін жасауға, жалпы жұртқа түсінікті және саяси әдебиетті қазақ тіліне аудару мәселелерін зерттеп, жүзеге асырған азамат ретіндегі қызметі баяндалады.

Түйінді сөздер: Елдес Омаров, Алаш қайраткері, тіл ғылымы.

Еліміздің тәуелсіздік жолында қызмет еткен қоғам қайраткерлерінің бірі - көрнекті ғалым, білікті аудармашы, ұлағатты ұстаз Елдес Омарұлы еді. Алаш зиялылары ұлттық мемлекеттіліктің іргесін ұлт тілін сақтап, оны дамыту арқылы нығайта алатынын жақсы түсінді. Бұл мәселе ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы күн тәртібінің өзекті мәселесі қатарында тұрды. Ахмет Байтұрсынов басқарған жылдарда комиссия жұмысы жөнінде Қазақ АКСР Оқу Халық Комиссариатының 1921-1923 жылдардағы Академиялық Орталықтың атқарған қызметі туралы есебінде: «Қазақ өлкесін зерттеу жөніндегі ғылыми жұмыстармен қатар, Академиялық Орталықтың өткен жылдарда екінші бір маңызды жұмысы – қазақ ғылыми тілін жасау; жалпы жұртқа түсінікті, саяси әдебиетті қазақ тіліне аудару...» делінуі тіл проблемасының мемлекет саясатының бір бөлігі екендігін айғақтайды. Сол себепті Алаш зиялылары қазақ терминологиясын қалыптастыруды басты мақсаты етті. Олар термин ретінде алдымен қазақтың төл сөздерін пайдаланды немесе солардың негізінде жаңа терминдер жасады [1].

Тіл проблемасына асқан жанашырлықпен қараған ұлт зиялылары ішінен Елдес Омаров қызметі бүгінде филология мамандарының ғылыми-ізденістік шығармашылығында кеңінен орын алып келеді. Ал қоғамдық-саяси қызметі назардан тыс қалып қойды. Ресей империализмінің әділетсіз саясатын көріп өскен Елдес, «Алашшылар» бастаған зиялылардың саяси толқуына алғашқы күндерден-ақ, атсалысты.

Айналырған он шақты жыл ішінде аз ғана Алаш оқығандары ұлттық тілде жүздеген терминдер жасап, қолданысқа енгізді. Алаш зиялылары белгіленген бағыттың басты ерекшелігі – қазақ терминологиясының негізгі бөлігін ұлттың өз тілінің сөздік қорын, сөзжасам мүмкіндігін тиімді пайдалана отырып жасау. Сондықтан да 20-жылдары жасалған терминологияның ұлттық сипаты басым болды. Ахмет Байтұрсынұлы тіл мен әдебиет, Халел Досмұхамедұлы биология-медицина терминдері, Жұмахан Күдерин өсімдіктану терминдерінің жасауда үлкен із қалдырса Елдес Омаров физика, геометрия, медицина, филология салаларында термин жасауда қажырлы еңбек етті. Яғни, қазақ терминологиясы, ғылым тілінің дамуы туралы сөз еткенде Елдес Омарұлының есімін ерекше атаған абзал.

Алаш зиялыларының сол бір тамаша ұлттық, тиімді, ұтымды, тапқырлықпен даярлаған терминдік сөздері бүгіндері әлі де оқу процесіне енбей тыс қалып келеді. Кезінде жазуымызды үш рет өзгертіп, үш рет мәңгіртендірген кеңестік биліктен құтылғанымызға жиырма жыл өтсе де әлі тіл проблемасы толық шешілген жоқ. Ұлт тілінің терминологиялық лексикасы дұрыс қалыптастырылмаса, халықтың өз тілінде білім алу, ғылымды игеру мен дамыту, ақпарат алу және оны тарату қажеттіліктері толық өтелмейді. Қоғамдық және ғылыми ой-сананың жетілмей, кенжелеп қалуына жол беріледі. Сол себепті ғылыми-техникалық және басқа да салалардың терминологиясын дамыту мен қалыптастыру кез-келген мемлекет үшін маңызы зор іс болып саналады.

1907 жылы тамыздың онында Елдес Омарұлы Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын оқу орнына түсуге тілек білдіреді. Мемлекет тарапынан Торғай өлкесіне бөлінген жалғыз стипендия Елдестің еншісіне тиеді. Әрине, қазына есебінен тегін оқытатын орынға қол жеткізу оңай олжа болмағандығы белгілі, ол үшін Елдестің аз тер төкепегендігін мектеп әкімшілігінен берілген қысқаша мінездемедегі мына жолдардан анық аңғарылады: «...ықыласты, тәртібі жайлы, оқта текте ұстаздарына қыр көрсетіп қояды., мінезі тұйық, бұйығы... Ойлау жүйесіне қатысты айтарлықтай оғаштық байқалмайды. Білім дәрежесін саралаған алдын-ала өте жақсы тапсырды» [2].

Елдестің жоғары мәртебелі инспектор мырзаға жазған өтініші қанағаттандырылып, емтиханға жіберілді. Ол барлық сыннан сүрінбей өтіп, студент қатарына қабылданды.

Орынбор шахарында өткізген бұл жылдары оның өмірге деген көзқарасын түбегейлі өзгертті. Бейтаныс қалада халқының басым бөлігі діні де, ділі де, тілі де басқа ортада оқу қыр қазағының баласына зор әсер етті. Ол орысша басылымдарды, татар газет журналдарын оқып үйрену арқылы айнала қоршаған дүниедегі болып жатқан саяси әлеуметтік ахуалдармен танысуына мол мүмкіндік алды. Халқын кешкен ауыр тұрмыс, саяси-әлеуметтік теңсіздік саналы жасты қысқа күнде мың толғанып, жүз ойландырды.

1911 жылы маусымның 15 де Орынбордағы ЖОО ойдағыдай бітіріп шыққан Елдес қырға оралды. Қазына есебінен оқығанда білім беру жүйесінің тәртібі бойынша жұмсалған қаражаттың төлемақысын өтеу үшін, алты жыл оқу бөлімі инспекторының жолдаған жеріне барып, қызмет етуі тиіс еді. Сондықтан Елдес өзінің туған еліне бара алмай, Қостанай уезі Көмек болысы, Добай ауылында ұстаздық жолын бастайды. Бақандай үш жыл бойы өз білгенін талапкер жас өскін буынға үйретіп, сауат көзін ашуға бар күш жігерін жұмсайды. Ауылда болған осы мерзім ішінде ол қырдағы әділетсіздіктің сыр сипатына мейлінше қанығады. Ел басқарған атқамінер, шенқұмар әкімсымақтардың қалың бұқараны қанағанда теспей сорып отырған жүгенсіздігін, адам құнын аяққа басқан заңсыздықтарын, бет бетімен кеткен берекетсіздіктерін, жең ұшымен жалғасып жатқан парақорлығын, бейкүнә жандар үстінен бораған домалақ арыз, жалған айып, жабылған жала жағылған күйе біткеннің Елдес куәсі болып, жүрегі сыздайды. Осындай бассыздықты жоғары мәртебелі ұлыққа баяндаған әлеуметтің арыз шағымдерін қазақтан шыққан арамза тілмаш, тәржімашылардың тонын теріс айналдырып, аударатыны ел сенімінен айырып, қатты күйзелтіп, оның жанына аяздай батады. Ол ендігі жерде халқының құнын қорғауды ойға алып, Орынбордағы сот кеңесіне аудармашылық қызметке ауысады, Осы сапарында ол өзімен бірге Жақайдың Жүсіпбегін Ыбыраштың Хайрын, Асылбек атайдың інісі Ахметті Күлқадиша, Қатира Күланын Күләш, Күнғазила, Рахатқызын, Сара Нұрмаханбетқыздерін оқытпақ ниетпен жанына ертіп шығады [3].

Сот кеңесінде Елдес 1917 жылдың ақпан айына дейін қызмет атқарды. Аудармашының қозғалған қыруар істің оң шешілуіне себі тиіп, бейкүнә жәбір көрген қаңдастарына адами жанашырлығының дәлел айғағы Орынбордағы мұрағат қорларында сақтаулы [4].

Сол заманның рухына сай қазақтың ақылшы кеңес бағыт-бағдар берер ұйытқысы «Қазақ» газеті еді. Әділетін айтсақ бұл – алты млн халықтың бетіне шыққан жақсысы мен жайсандарын алаламай ұлттың болашағы үшін топтастырып, қалың бұқараны соңынан ерте білген саяси мінбесіне айналды. Қырдағы, ойдағысы қара таныған, көкірегінде саңылауы бар байы-кедейі, малшы-жалшысы түгел тайлы-тұяғы қалмай «Қазақтың» әрбір санын асыға күтті. Ана тіліндегі төл басылымның мұнша беделге ие болуы оның басшы-қосшысына рухани дем беруші, демеушілеріне тікелей байланысты екені шүбәсіз. Толқыны-толқын қуалап, кемерлене, екпіндей шалқып аққан Ордың Жайық өзеніне ұласқанындай ой ағыстары, пікір көзқарастары бір арнаға тоғысқан Әлихан, Ахмет, Міржақып, Һәм басқа да ұлтжанды ұлы күрескерлермен жақындасу оқу-ағарту майданында сыннан өткен, рухани дайындығы мықты Елдесті саясат айдынына алып шықты. Міне, осындай алыптар аясында жайсаң жандар саясында жүріп, саяси көзқарасы айқындалып, әбден шираған Елдес Омарұлы халқының басынан өткерген елеулі құбылыстардың белортасында білегін сыбана бар күш-қайраты мен парасатын аямай ерен ерліктің, мойымас қайсарлықтың үлгісін танытқан қайталанбас тұлға [5].

1917 жылдың ақпан-мамыр айлары аралығында Елдес Минск қаласындағы земство Одағының «Бұратана халықтар» бөлімінде хатшы болады. Бұл – жауапкершілігі зор, атқарар жүгі ауыр іс еді. Тау тасымен көп басымен мықты. Әлихан бастаған қазақ оқығандары 1916 жылғы дүрбелеңнің нағыз қайнаған ортасында жүріп, елді үлкен кесапат, қырғыннан аман сақтап, ақыл мен ынсапқа шақырып, майданның қара жұмысына алынған өгей тілге шорқақ, дініне берік, жат жерге табаны тиген қандас бауырларына бас-көз болуды мақсат еткен-ді. Сондықтан Елдес аттандаған қилы заманда марқұм Алашты аузына қаратқан арыстардың үндеуіне үн қосып, жәрдемін беруге асыққан Мәскеу Қазан шахарларында білім нәрін сусындап жүрген Мырзағазы Есболұлы, Тел Жаманмұрынұлы, Хұсайын Бекентайұлы, Мұса Сейдалыұлы, Шафқат Бекмұхамедұлы және де қазақ студенттерімен тізе қосып саяси төтенше жағдайға араласты. Оның арнайы іссапармен майдан шебін аралап, патша пәрменімен алынған қыр жігіттерінің жай-күйін баяндаған хабар-ошарлары «Қазақ» газетінде жарияланып тұрды. Шілде туа Торғай уезі комиссарының көмекшісі бола жүріп, ол Азаматтық комитетке сайлауға қатысты: Елдес 1918 жылдың қаңтарына дейін Торғай облысындағы Азаматтық комитетке төрағалық етті. Осы жылдары оның табанды күрескерлік қарымы мен жан-жақты білімпаздық дарыны ашыла түсті [6].

Патша үкіметі жүргізген құйтырқы саясаттың іріп-шіруі; қоғам өміріндегі қайшылықты жағдайлардың әбден шегіне жетуі; соғыстың халыққа әкелген ауыр зардаптарының нәтижесі 1917 жылдың ақпан төңкерісін жеделдетті. Ақ патшаның тақтан құлауын сахара жұртшылығы қуанышпен қарсы алды. Өйткені олар отаршылдық езгі мен қанаудан түбегейлі құтылып, армандаған дербес басқару билігінің жүзеге асуын нығайта түсер алғышарт екеніне иманда сеніп, шыққан күндей үміттенді. Жаңа үкіметті қолдап, қуаттаған сәуірдің екісі мен сегізі аралығындағы Орынборда Торғай облысы, он тоғызыншы сәуірде басталған Орал облысы қазақтардың құрылтайлары өтті. Өтпелі дәуірдегі қиыншылықтан киіз туырлықты көшпелілердің іргесі сөгілмей, өсек-аяң, алып-қашпа сөзден шошымай, сабыр мен тәртіп сақтап, азаттық жолында біріге түсуге шақырған бұл бас қосулардың Елдес арнайы өкілі болып қатынасты [7]. Мұндай тарихи өзгерісте ата жұрттың

ұстанатын басты саяси бағыт-бағдары, адастырмас темір қазығы қандай болуы керек? – деген сауат күллі зиялы қауымды толғандырған күн тәртібіндегі ең өзекті мәселеге айналды. Әлихан бастаған Алаш азаматтары қазақ елінің саяси құрылымы өз алдына дербес, демократиялық – парламенттік өкімет болуын көздеді. Мұны біз Елдес Омарұлының «Алаш» партиясының бағдарлама жобасының бірге түзіскен әріптестерінің ынтымақтастығынан да анық көреміз. Бұл ой тұжырымның халық көңілінен шыққандығы соншалық, білікті ділмарлардың шағын бөлігінің теке тіресуден туған пікір қайшылықтары болмаса негізінен бірауыздан қолдайтындарын білдіріп, Әлекеннің соңына ерді.

Қыркүйектің 10-15-де Орынборға жиналған Торғай облысы Қарашекпен кеңесі өкілдерінің мәслихаты тұңғыш құрылған қазақтың саяси партиясын «Алаш» деп атауды ұсынды және желтоқсан айында өтетін жалпықазақ қырғыз құрылтайына қатысатын депутаттарды бекітті. Алмалы-төкпелі заманда елдің құлақ түріп, зарыға жаңалық күткен жалғыз ана тіліндегі хабар көзі «Қазақ» былай деп жазды: «Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сөйтіп қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою ойлап әуре болмастан ауызға түсіп тұр». Газет №244 санының баспахана жұмысшыларының ереуіл жасауына байланысты мезгілінен кешігіп шыққандығынан Сахара облысатрына партияның атын «Алаш» болсын!» - деп шұғыл құлақтандырғанын да ескертеді. Сонымен желтоқсанның 5-нен 13-не дейін созылған жалпы қазақ-қырғыз құрылтайында партияның төрағалығына үміткерлердің арасынан дауысқа түскен Әлихан Бөкейхан мырза сайланды. Осы жиында қаралған мәселелерді талқылауға ат салысқан Елдес Омарұлы, қатар жүрген Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Биәхмет Сарсенұлы, Телжан Шонанұлдарымен бірге ұлттық оқулық түзу комиссиясына мүше болып бекиді [8].

1918-1919 жылдары Елдес Алашорда өкіметінің Қосатанай уезіндегі комиссары міндетін атқарды. Туған өлке топырағында өткізген аз ғана мерзімде Елдестің көңілі таудай өсіп, құлшына еңбек етті. Бейнетқор халқының мүдде мақсатын көздеген ұлттық Алашорда өкіметінің қабылдаған заң жобаларын бұйрық-жарлықтарын қалың бұқараға түсіндіріп, үгіт-насихат жұмыстарына шындап кірісті. Өйткені 1917 жылғы қазан айындағы қарулы көтерілістің нәтижесінде Ресейде өкімет басына қызыл коммунистер келген еді. Ол қарашаның 11-дегі Қостанай уезі қарашекпендеріне мәлімдеген үндеуінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы 5-ші қаңтардағы қаулысымен Ресейді Федеративтік демократиялық республика деп жариялады. Аталған қарар бойынша Ресейді мекендейтін халықтардың өзін-өзі басқаруға құқылы екеніні және Уфада өткен мемлекеттік деңгейдегі кеңестің қорытындысына сәйкес заң жүзінде қазақтар да Алашорда өкіметін Алаш автономиясын құрғандығын ол соқырға таяқ ұстатқандай тәптіштеп түсіндірді. Осыған орай 1918 жылы 17 қазанда Қостанайдағы уездік жиынға қатысушылар күнтіртібіндегі мәселелерді талқылай келіп, Алашорда өкіметін нақты мойындайтындықтарын хәм заңды талаптары негізінде Алаш автономиясына қосылатындықтарын білдірген комиссар Елдес Омарұлы қол қойған қаулы қабылдайды. Өкініштісі, Алашорда өкіметінің ғұмыры ұзаққа созылмады [9].

Сонымен, ХХ – ғасырдың басы Ресейдің отарлау саясаты қазақ қоғамына шектен тыс бата түсуі ұлт зиялыларының қарсы күрес әрекетіне көшуіне мәжбүрледі. Бұл үшін қазақтың интеллектуалдық күшін бір ортаға топтастырып, мәдени жолмен басқару, қоғамдық піркір қалыптастыру ел ішінде ағарту жұмыстарын жеңілдету шараларын жүзеге асыратын ұлттық мерзімді баспасөз құралын қажет етті. Сөйтіп қазақ өлкесінде «Қазақстан» «Айқап», «Қазақ» сынды ана тіліндегі басылымда өмірге келді. Бұл баспасөз беттеріне жазып тұрғандардың көпшілігі алғашқы оқығандар болды. Ол кездегі оқудың түрі орысша, татарша, арабша болғандықтан зиялылардың жазба лексиконы жат тілдерінің элементтерін бұтып-шатқан түсініксіз сөзге толы қойыртып, шұбар тіл болды. Демек, жазба тіл мен ауызекі сөйлеу тілінде жер мен көктей айырмашылық пен алшақтықтың салдары бір қары майды шіріткен құмалақтай қазақ тілінің лексикалық қорын бүлдіретін, әдеби номасын бұзатын, тіл мәдениетіне нұқсан келтіретін еді. Әсіресе, Құран Кәрім, Ислам дінінің уағыздарымен араб, парсы сөздерінің, әкімшілік – билікпен идеологиялық жолмен орыс тілінен енген сөздердің қазақ тілінің қолданыс аясына тигізген ықпалы зор болды. Оның үстіне орта ғасырдан бері жазба дәстүрден берік орын алған кітаби тіл, яғни, араб, парсы, шағатай тілдерінің үлес салмағы түркілік тілін таза сақтап қалған көшпелі қазақ тілінің мәдениетіне кәдімгідей қауіп төндірді. Мұрат, Сабыр «Құтыптың «Хұсару мен Шырын» поэмасы және оның тілі» атты зерттеуінде : «ортағасырларда Ислам діні мен мәдениеттің өркендеуі Дешті-Қыпшақ даласына өз ықпалын тигізді. Арабтардың басқыншылық саясатының қылышы далалықтарға жетпегеннен мұсылманшылық пен араб жазуына негізделген. Ғылым мен білім, оқу ағарту ісі дендеп кірді. Түркі тілдерінің құрамына араб парсы сөздері ене бастады. Кірме сөздер жай ене салған жоқ.

Бірте бірте өзі енген тілдің лексикасының құрамды бөлігіне айналды, - дей келіп, ол – Араб шапқыншылығынан кейін парсы тілі көпттеген мөлшерде араб элементтерін өзіне сіңірді, осының нәтижесінде кейінгі ғасырларда түркі тілдерінде араб сөздері парсы тілі арқылы да кіре бастайды», - деп қоғамдық өмірдің шындығына сүйеніп, пікір сабақтайды. «Жығылғанға жұдырық» дегендей, сыртқы ықпалдың бірінен құтылса екіншісіне тұтылған көшпелі қазақ елі Ресей шапқыншылығына кіріптар болған дәуірде де араб-парсы тілінің әсерінен біржолаға іргесін сала алмады. Профессор Құдайберген Жұбанұлы «Оның үстіне патша үкіметі қазақтың басын айналдырып, ұстау үшін дін уын септі. Алғашқы әзірде іслам дінін таратудың өзіне көмекші болды. Екатерина қатын патша 1781 және 1784 жылдары қазақ даласында мешіт, медресе салдырып, мұсылманшаға оқытылсын деп тәртіп берді. 1797 жылы Петерборда арабша баспахана ашылып, сол жылы

«Құрамды» қазаққа босқа таратылсын деген тәртіп болды. 1798 жылы Орынбор губернаторы Игельстромға мынанайдан (Меновой) мешіт салып, сонда қазақ балалары оқытылсын, имам мен музеемге жылына 2007 сом, қазынадан жалованье берілсін, - деген патшадан тәртіп болды. Қазақ даласына арнап, тұрып, молла шығара бастады. Бұл саясат XIX ғасырдың жарымына дейін созылды [10].

Сөйтіп қазақ арасына дін таралуына сонымен бірге араб-парсы сөздері енуіне патша үкіметінің өзі себеп болды. Осыдан қазақ тілін араб парсы элементтері толықтыра бастады», - деп нақты деректерге жүгіне отырып, отаршылдық саясаттың зымияндық астарын ашып береді. Сондықтан жоғарыда айтылған мерзімді баспасөз бетінде қазақтың ұлттық намысы бар оқығандары тіл тазалығына ерекше көңіл бөлуді ұдайы мәселе ғып көтерді. Соның нәтижесінде бұған дейінгі баспа бетін көрген қисса, дастандардан ауысқан, татар, газет, журналдарының әсерінен жазба тілге енген араб, парсы сөздерінің орнына қазақтың сол ұғымды білдіретін төл сөздерін алу үрдісі белең алды, егер болмаған жағдайда тілдің ішкі мүмкіншілігін пайдаланып жаңа сөз жасауда ұстанды. Бұл ретте араб-парсы сөздерінің қазақ тіліне енуіне бейімділігінің бір себебі, әліпбидің жетілмеуі болса, екіншіден, ана тілінің өзіне тән дыбыстық жүйесін сәйкес емлесінің түзілмеуінен болатын. Аталған кемшіліктерді жою үшін қазақ тіліндегі дыбыс жүйесіне сәйкестендірілген әліпбиін жаңаша түзіп, соған орай емлесі ережесін бекіту күн тәртібінде тұрған өте мөте маңызды іс еді. Әйтпесе елдің жазба тілін түзеу мүмкін еместігі анық болды.

Бұл бағытта түркітілдес халықтардың бәрінің де оқығандары көп ізденіп, толғанды, Қырым татары Смағұлбек Ғаспрәліден бастап әлденеше әліпби үлгілері жасалды. Бірақ бұл әліпбилердің ешқайсысы тәжірибедегі қиындықтарды жеңіп, мәселені толық шешпеді. «Айқап» журналының 1912 жылы №4-5 санында «Жазу тәртібі» атты мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми құрылымына түбегейлі түзету жасады. Бұл – қазақтың тілтану ілімін игеруге тұңғыш жол салған белесті кезең. Түркі тілдерін тану саласында бұл реформаторлық жаңалық бірсыпыра айтыс-тартыс тудырғанмен тез сіңісіп, тәжірибеде кең қолданыс табуы өміршеңдігінің айғағы еді. Осыдан бастап А.Байтұрсынұлының ғылыми мектебі қалыптасты деуімізге толық құқымыз бар. Тілдің қоғамдық атқаратын қызметіне байланысты оның пікірін айтпаған саласы қалған жоқ деуге болады. А.Байтұрсынұлының ғылыми мектебінің ең белсенді де мықты өкілдерінің бірі – Елдес Омарұлы.

Елдес Омарұлының тілтанудағы ғылыми еңбектерін былайша топтауға болады: 1. Қазақ тілі дыбыстық жүйесінің құрылымы; 2. Емле туралы пайымдаулары; 3. Ғылым тілін қалыптастыру яки термин жасам; 4. Қазақ тіліндегі сөз тәртібі; 5. Қазақ тіліндегі сан жүйесі; 6. Тіл мәдениеті; 7. Аударма саласындағы тәжірибелері. Таратып айтар болсақ мұның әрқайсысы жеке-жеке сүбелі зерттеу нысаны боларлық тақырыптар. Елдес Омарұлы қазақ тілін теориялық жағынан тәжірибемен ұштастыруды мектепке оқу құралы жазу арқылы да, арнайы зерттеу жұмыстарымен шұғылданып та, тіл төңірегіндегі ғылыми мәжілістерге араласып, өз көзқарас пікірін білдіріп те, мерзімді баспасөз бетіндегі танымдық, насихат бағыттағы мақалалары мен де идеясын қалың бұқараға жеткізуді алдына мақсат етіп қойды [11].

Елдес Омарұлының өмір сүрген дәуірі өз тұтастары сияқты қазақ халқының бір қоғамдық жүйеден екіншісіне ауысу, ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі, тұрмыстық-шаруашылық дағдысының отырықшылыққа көшуіне соған орай сан алуан мамандықтарды меңгеруге жаппай сауаттану, ағарту жұмыстарының кең қанат жаюы тілдің жаңа сипатта дамуына, сөздік қорының тың ұғым – танымдары мен қордалануына себеп болды. Ендеше, тіл тазалығы мен тіл мәдениет дін сақтау үшін ғылыми ереже, қағидаларын заңды бекіту үлкен сұраныс туғызды. Егер тілдің ғылыми негізі дұрыс салынса қазақ тілінің асыл қасиеті, бар құдыреті сол күйі сақталып, болашақ ұрпаққа ғасырлар тұңғышына даналықтың қыр-сырынан мол дерек беріп, дәстүр сабақтастығына үзбей қызмет етеді. Міне, осындай көз алдында тілдің, ділдің жанару, түрлеуіне куә болып, оның ғылыми түзілуіне хал-қадірінше үлес қосу бақыты маңдайына жазғандардың бірі Елдес Омарұлы. Тіл саласында ол араласпаған мәселелер жоқ десе болады. Ғалым пайымдаушыларының ғылыми маңызын әлі жоғалтпағаны сондай, дыбыс жүйесі туралы ой тұжырымдарының қазақ тілінің тарихи фонетикасын зерттеуде түркітанудың талай қатпар қырларына қанықтырары күмәнсіз.

1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында «Жалпы қырғыз-қазақ съезін» өткізгенде оны ұйымдастырып, шақырғандар қатарында Елдес Омарұлы да болды. Е.Омаров физика, геометрия, филология ғылымы саласында орасан зор аудармашылық қызметін атқарып, ұлттық алаштық терминдік мұраларын қалдырды. Е.Омарұлы Қазақ медициналық институтында, Қазақ мемлекеттік университетінде ұстаздық қызмет етіп, қазақ тілінде оқулықтар даярлады. Сонымен қатар алгебра, тригонометрия және геометрия, физикадан қазақ тілінде оқулықтар жазды. Ол оны орыс, неміс тілдерінен аударып, өңдеді.

Сонымен тарау соңын қорыта келе Елдес Омаровтың патшалық әкімшіліктің қазақ қоғамы ішіндегі әділетсіздіктерін көріп өсуі, студенттік кезеңінен-ақ XIX ғасырдың соңынан қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуы оның ел ішіне аудармашы болып қызмет етуіне ықпал етті. Қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуын өзі бірге қызметтес болған орта қатты әсер етті. XX ғасырдың басы қазақ тарихында саяси-рухани ояну дәуірі болғаны белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Біләл Ш. Елдес Омаров – пішіндемедегі ұлттық таным өрнегін жасаушы //Түркістан 21 тамыз, 2008ж.
2. Құрманбайұлы Ш. Елдестің ерекше баяндамасы немесе қазақ терминологиясын дамытудағы Алаштық

- бағыт. // Егемен Қазақстан 21 мамыр, 2008ж.
3. Шаяхмет А. Елдес Омарулы – казахский Ломоносов // Казахстанская правда, 23.08.2005г.
4. Сауырбаева Қ. Ұлттық тілтаным санасын ғылыми жүйелеген тұлға // Бастауыш мектеп. - №10, 2006.
5. Сабыр М.Б. Құтыптың «Хұсырау мен Шырын» поэмасы және оның тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 2003, 38-б.
6. Сауырбаева Қ. Ұлттық ғылым тілінің тынысын кеңейткен тұлға. // Бастауыш мектеп. - №10, 2006.
7. Құрманбайұлы Ш. Біз терминологиядағы Алаш зиялылары қалыптастырған дәстүрді үзіп алдық // Айқын, 23 қаңтар, 2008.
8. Жұбаева О. Елдес Омаровтың тілтанымдық мұрасы // Туған тіл, №3. 2009.
9. Доклад 1-съезду Автономистов, читанный 19-ноября 1905 года. // Тынышпаев М. История казахского народа: Учебное пособие.- Алматы: «Санат», 2002. – 28бет.
10. Тұрсын Жұртбай. Абақтыдағы алаш. // Егемен Қазақстан 7 желтоқсан 2007 ж.
11. Махат Д.А. Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде «оңшылдыққа» және ұлтшылдыққа айыптау: тарихы және салдарлары (1925-1933жж.) Тарих ғыл. канд. диссерт. авторефераты. - Астана, 2000.



УДК 94.100

«ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ТҮТҚЫНДАР МӘСЕЛЕСІ»

Қаратаева Динара Ғалымбайқызы, әлеуметтік-гуманитарлық бағыт бойыша білім беру бағдарламасының оқытушы дәріскері, тарих магистрі
І.Жансүгіров атындағы ЖУ
Талдықорған қаласы

Адамзат тарихында үлкенді-кішілі он бес мыңға жуық соғыс өткен. Бірақ солардың ішінде ауқымы, құрбандықтары мен алапаттығы жағынан ең жантүршігерлігі екінші дүниежүзілік соғыс және оның құрамдас бөлігі – Ұлы Отан соғысы болды.

Бастапқы кезеңде Қазақстан тарихнамасында қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы, еңбек тылындағы кеңес адамдарының даңқты істері сол кезеңнің өзінде мерзімді баспасөз беттерінде, оның ішінде одақ көлеміндегі түрлі баспасөз және бұқаралық насихат құралдарының беттерінде жариялана бастады. Сонымен қатар, Қазақстан КП ОК үгіт-насихат бөлімінің қызметкерлері, ғылыми қызметкерлер мен жазушылар бірігіп жазған 1943 жылы басылып шыққан екі жинақта Қазақ КСР-нің соғысқа қатысуы және онда республика экономикасының соғыс жағдайын қалыптасуы сондай – ақ, майдандағы қазақстандықтардың ерлігі көрініс тапқан.

Екінші дүниежүзілік соғыспен оның құрамдас бөлігі аталған «Ұлы Отан соғысы» да тарихымызда тиісті баға беріліп, лайықты орнына қойылмаған ақтандақ беттердің бірі. 1933 жылы үкімет басына келген Гитлермен одақ құрмақшы болған КСРО Кеңес-Герман келісімшартын (1939) жасасуға мәжбүр болды, сөйтіп, бес қаруын сайлап отырған фашистік мемлекетпен сыбайлас болып шыға келді. «Молотов-Риббентроп пактісінің» құпия хаттамасы бойынша екі ел Еуропадағы «мүдделі аймақтарын» бөлісіп алысты. Балтық теңізі жағалауы елдері, Шығыс Польша, Финляндия, Солтүстік Буковина мен Бессарабия КСРО-ның ықпалында, Еуропаның қалған елдері толығымен Германияның ықпал аймағында қалуға тиіс болды. КСРО-мен құпия келісімге келгеннен кейін бір аптадан соң, яғни 1939 жылы 1 қыркүйекте Гитлер Польшаға соғыс ашты. 1939 жылы 28 қыркүйекте И.Сталин мен А.Гитлер дипломаттары тағы да бас қосып «Достық және шекара туралы» келісімге қол қойды. Ол келісім бойынша Польша мемлекетін жою, екі ел шекараларын «Керзон шебі» бойынша бекіту көзделді. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына осылайша үлес қосқан КСРО араға екі жыл салмай өзі де соғыс өртінің астында қалды [1, 55 б.].

1937-1938 жылдары кәсіби офицердің үштен бірін өз қолымен қырып салған И.В. Сталин соғыстан 1941 жылы ұрыс тактикасынан бейхабар қолбасшылардың басқаруымен жауды жалаң қылышпен қарсы алды деуге болады. Кеңес елі, қазақ жауынгерлерінің соғыста жан аямай ерлік көрсеткені туралы Отан әдебиетінде кеңінен жазылған. Сол әдебиеттер арасында ұлтымыздың біртуар көрнекті азаматы, жазушы Ғабит Мүсіреповтың «Қазақ солдатты» атты шығармасы елі үшін қан төккен қазақ жауынгерінің ерлігін кеңінен баяндайды. 1941 жылы маусым айы мен қараша айының ортасында, небары 5 ай ішінде 4 миллионға жуық қызыл әскер лек-легімен неміс тұтынына түсті. Бұл бұрын-соңды көз көріп құлақ естімеген жайт болды. Немістер, тіпті өздері осыншама тұтқынмен не істерін білмей әлек болған. Соғыс жылдары Қазақстанда 12 атқыштар және 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы және 50-ге жуық жеке полктер мен батальондар жасақталып, майданға аттандырылды. Қазақстан аумағында жасақталған әскери құрылымдар соғыстың алғашқы күндерінен бастап жаумен ерлікпен шайқасты. Әсіресе, Мәскеу түбіндегі шайқаста қазақстандықтар

үлкен құрметке ие болды. Мәскеу бағытындағы негізгі жолдардың бірі – Волоколамск тас жолын қорғауда Алматыда жабдықталған 316-атқыштар дивизиясы генерал-майор И.В. Панфиловтың басшылығымен теңдесі жоқ ерлік танытты. Қысқа уақыт ішінде дивизия жауынгерлері жаудың танк, моторлы және екі жаяу әскер дивизияларын талқандады. Мәскеу түбіндегі шайқаста, әсіресе саяси жетекші В.Г. Клочков басқарған бөлімше – 28 панфиловшылар жаудың 50 танкісіне тойтарыс беріп, асқан ерлік көрсетті. 1941 жылы 17 қарашада дивизияға 8 – гвардиялық деген атақ беріліп, кейінірек Қызыл Ту, Ленин ордендерімен, ал Риганы жаудан азат еткені үшін екінші дәрежелі Суворов орденімен марапатталды. Бұл шайқаста ерлік көреткен 28 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Сонымен бірге Волоколамск түбінде үлкен ерлік көрсетіп қаза тапқан талантты қолбасшы, қаһарман командир И.В. Панфиловке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді [2, 133 б.].

Панфиловшы аға лейтенант Б.Момышұлы Мәскеу түбіндегі шайқаста өз батальонымен жаяу қоршауын үш рет бұзып шықты. Соғысты Б.Момышұлы полковник лауазымымен, 9-гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі болып жүріп аяқтады. Белгілі орыс жазушысы А.Бектің «Волоколамское шоссе» повесі Б.Момышұлының соғыс жылдарындағы ерлігіне арналды. Сөйтсе де, Б.Момышұлының соғыс жылдарындағы ерлігі өз дәрежесінде мойындалмай, тек 1990 жылы еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тікелей араласуымен оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Бауыржан Момышұлы туралы кезінде белгілі ғалым Қаныш Сәтпаев: «Көз алдымызда өтініп жатқан оқиғалар даусыз бүкіл дүниежүзі тарихының игілігіне айналмақ, онымен болашақ ұрпақтан шыққан зерттеушілер де айналысатын болады. Бұл аса маңызды тарихи мәнді оқиғалардың, жарқын көріністерінің ішіне Ұлы Отан соғысының барысында еліміздің тағдыры шешілген, Мәскеу үшін шайқас жүргізген 1941 жылдың күзіндегі оқиғалар ерекше маңызды әрі оның принципті мәні бар. Мәскеуді қорғаудағы аса жауапты шештер, Қазақстанның абыройы мен даңқына орай, Қазақстанда генерал Панфилов жасақтаған дивизияға тапсырылды. Бұл оқиғалар біздің бәріміз үшін де өте маңызды, әрі біз бұл аса зор шайқастар жөнінде тереңірек білуге тиіспіз. Полковник Бауыржан Момышұлы сұрапыл шайқастарға қатысушы ғана емес, ол жетекші командир болды, сондықтан да оның әңгімелері бізге ерекше құнды болмақ» - дейді [2, 135 б.].

И.В.Панфилов дивизиясы құрамында жаумен шайқасқан М.Ғабдуллин 1943 жылы Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. М.Ғабдуллин бастаған жауынгерлер Бородино селосын жаудан тартып алып, 7 сағат бойы ерлікпен қорғады. Шайқас нәтижесінде немістер шегінуге мәжбүр болды. Мәскеу түбіндегі шайқастарда Т.Токтаров, Р.Жанғозин, Р.Елебаев және т.б. қазақстандық 238 – дивизия, 19 атқыштар бригадасына қатысты.

1942 жылдың 19 желтоқсанында Боковская-Пономоревка ауданында болған әуе шайқасында қарағандылық ұшқыш Н.Әбдіров өзінің оқ тиіп өртенген ұшағын жау танктері шоғырланған жерге бағыттап, экипажымен бірге ерлікпен қаза тапты. Н.Әбдіров, минометші К.Сыпатаев пен Р.Рамазанов Сталинградты қорғаудағы ерліктері үшін Ұлы Отан соғысы батыры атағына ие болды. Шығыс Еуропаны жаудан азат етуге қазақстандықтар үлкен ерлік көрсетті. Шығыс Пруссия аумағын азат етуде көрсеткен ерліктері үшін 20 қазақстандық жауынгер кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар – В.А.Андреев, Л.И.Беда, П.Т.Брилин, Т.К.Абилов, В.Г.Козенков, И.И.Корнев, И.В.Кутурга және т.б. Словакия аумағын жаудан азат етуге 4-Украина майданы құрамында қазақстандық 8-атқыштар дивизиясы қатысты. Майданда көрсеткен ерліктері үшін 8-атқыштар дивизиясының құрамындағы 62-артиллериялық Карпат полкі Қызыл Ту орденімен, 151-Карпат полкі 3-дәрежелі Кутузов орденімен, 310-атқыштар полкі 3- дәрежелі Суворов орденімен марапатталды. 72-73 гвардиялық атқыштар дивизиялары Венгрия, Оңтүстік Чехия, Австрия аумақтарын жаудан азат етуде алматылық М.А.Пупков Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Сонымен қатар Австрияны азат етуші 105-гвардиялық дивизия жауынгерлері: А.Мудрагель, Г.Сливных, Ж.Аминов қаһармандықтарымен көзге түсті.

Чехословакия жерін азат етуге келген қазақстандық ұшқыштар 2, 8, 5 - әуе армиясының бөлімдерінде жаумен шайқасты. Шайқастардағы ерлігі үшін С.А.Батенков пен П.Ф.Железняков соғыстан кейін Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Ұшқыштар: Т.Я.Бигельдинов, И.Павлов, С.Д.Луганский және Л.И.Беда 2 мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Олардың қатарын 56 жыл кешігіп барып, 1941 жылдың 26-маусымында, соғыстың бесінші күні-ақ аты аңызға айналған батырлық капитан Гастелло экипажының ерлігі емес, капитан А.Масловтың экипажының екендігі айқындалып, осы экипаж құрамындағы Б.Бейсекбаев 1998 жылы Ресей Батыры атағын алып, толықтырылды.

Берлин операциясына қазақстандық 118-313 – атқыштар дивизиялары және 209- атқыштар полкі қатысты. Берлин ратушасын алуда 118-атқыштар дивизиясының взвод лейтенанты К.Маденов, ал көше шайқастарында И.Б.Мадин, Рейхстагқа ту тігуде Р.Қошқарабев ерлік танытты. Айтпенбет Накыповтың танкі қала алаңына ескерткіш ретінде қойылды. Берлин операциясында 27 қазақстандық ерліктерімен көзге түсіп, Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді.

Қазақ қыздары да соғыс ауырпалығын ер азаматтармен бірдей көтерді. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап соғысқа сұранып, әскери комиссариаттарға хат жазған қазақ қыздары өте көп болды. Мысалы, Қарағандының әскери комиссариатына соғысқа сұранып өтініш жазған арулар саны 10 мыңнан асқан. Семей қаласы бойынша соғыстың алғашқы күндерінде 3 мың өтініш түскен. Ал, Алматы қаласының тек Фрунзе ауданы бойынша 112 өтініш түсті. Майданға аттанған әйелдер мен қыздардың көбі медсанбаттар мен госпитальдармен борышын өтеген. Қазақ арулары түрлі әскери құрамаларда болып, ерен ерлік үлгісін көрсетті. Қолдарына қару алып, майданға аттанған қазақ жұлдыздары - Әлия мен Мәншүк Қазақстан даңқын әлемге паш

етті. Авиация саласын меңгерген қазақ қызы – Х.Доспановаға Кеңес Одағының батыры М. Раскова басқарған әйелдер авиациясының құрамында авиация штурманы болып 300-ден астам мәрте әуеге көтерілді. 2004-жылы Президенттің жарлығымен Х.Д.Доспановаға Халық Қаһарманы атағы берілді. Сафарбекова Жауһария Насырқызы Ленинград майданында қалалық радиостанция бастығы болып, Ленинград майданында аса ерлігімен көзге түскен. 1942 жылы Қазақстанда құрылған 34-жеке әйелдер ротасының 300-ге тарта арулары Курск иініндегі шайқасқа қатысып, бірнеше марапаттарға ие болды.

Енді партизан қозғалысы қатарында жаумен шайқасқан қазақстандықтар құрамына тоқталсақ, Украина аумағындағы партизан бірлестіктерінде 1500 қазақстандық жаумен шайқасты. Атап айтсақ, М.И.Шукаевтың партизан отряды құрамында 79 қазақ, Ұлы Отан соғысының Батыры С.А.Ковпактың партизан отрядында 70 қазақстандық болды. Ленинград облысы аумағындағы партизан бірліктері құрамында 220, ал Белоруссия аумағында 1,5 мыңға тарта қазақстандықтар жаумен шайқасты. Қазақстандық партизандар жаумен шайқаста үлкен ерлік танытты. Мысалы, 1941 жылы Киев облысы, Македон селосында жасырын партизан орталығы құрылады. Бұл орталыққа соғысқа дейінгі жылдары Павлодар облысында оқытушы қызметін атқарған Қасым Қайсенов коммунистік жолдамамен жіберіледі. Отанын қорғаудағы асқан ерлігі үшін Қ.Қайсеновке «Халық Қаһарманы» атағы беріледі [3, 226.].

Соғыста жеңіске жетуде миллиондаған Кеңес Одағы адамдарының тағдырлары мен өмірлері құрбан болды. Осы уақытқа дейін жабық саналып келген мұрағат қорларындағы құжаттарды пайдалануға және әскери саладағы құпиялардың ашылуына байланысты соғысқа қатысқан адамдардың саны, қазақстандықтардың ортақ жеңіске қосқан үлесі анық-қанық анықтала бастады. Қазақстандықтардың үлесі әскери құрылымдарды құру, оқ-дәрі жасау, эвакуацияланғандарға көмек көрсету, қаражат жинау, майдандағыларды киім-кешекпен қамтамасыз етумен ғана шектелмейді.

Жеңіске жетудің бірінші қадамы Қызыл Армияны дер кезінде адамдармен толықтырылып отыру болғаны белгілі. 1945 жылдың ақпан айына дейін Қазақстаннан майданға 1,5 млн. жуық адам жіберілген деп саналды. Алайда, жоғарыда аталған сандар нақты емес, ол бүгінгі күнге дейін жаңа мәліметтермен толығы үстінде. Мысалы, Ұлы Отан соғысына қатысқандар туралы айтылғанда әр уақытта Кеңестік Армия қатарын 1938, 1939, 1940 жылдары шақырылғандарды есепке ала бермейді. Жалпы алғанда Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандықтардың саны 2 млн-нан кем емес деп жорамалданады. Қазақстаннан майданға 4 ұлттық атты дивизия, 7 атқыштар бригадасы, сондай-ақ 2 ұлттық атқыштар бригадасы жөнелтілген еді, 50-ге жуық әртүрлі әскери полктер мен батальондар құрылды. Майданда гвардиялық атаққа ие болған 5 әскери құрама сәтті ұрыстар жүргізді, ұлттық әскерлер құрылып, майданға аттандырылды. Атап айтқанда олар Өскемен қаласында, Жамбылда және Ақмолада құрылған атты әскерлер болса, Алматы және Ақтөбеде жекелеген атқыштар бригадалары ұйымдастырылды. Барлығы Қазвоенкоматтан соғыс жылдары майданға 14 атқыштар және атты әскер дивизиясы, 7 бригада, 1 зенит полкі, 12 құрылыс және 2 автобатальон аттандырылды. Қазіргі кезде Ладога өзені арқылы Ленинградқа жүк тасымалдаған жүргізушілердің жартысы қазақстандықтар болды деген деректер бар. Қазақстан соғыс өнімдерін соғыс жылдары жаппай тәртіппен КСРО – ның батыстағы эвакуацияланған облыстарының 19 қорғаныс заводтарының есебінен өндірді. Мұның барлығы Қазақстан соғыс жылдары шын мәнінде майдан арсеналы болғанын айғақтайды [4, 326.].

Фашистік Германияның негізгі мақсатының саяси және экономикалық астары болды. Германия империясы шикізат үшін, азық-түлік базасы ретінде қуыршақ мемлекет құруды көздеді.

Кеңес адамдарының патриоттық сезімі, әрине, бұл жоспарға қарсы тұра білді. Қазақстан халқы Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен жаппай жазыла бастады. Мысалы, Алматы медицина институтының студенті Мәншүк Мәметова: "Отбасымыздан майданға жіберетін ешкім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан өзімді жіберуді өтінемін", — деп әскери комитетке өтініш берді.

Қазақстаннан соғыс майдандарында 100-ге жуық ақындар мен жазушылар шайқасқан.

Республика бойынша 2 миллионнан астам адам әскери даярлықтан өтті. Соғыстың алғашқы кезеңінде 14 атқыштар және атты әскер дивизиясы, 6 бригада құрылып, майданға жіберілді. Қазақстандық 36 жеке атқыштар бригадасы 30-дан астам ұлттан құрылды. Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қырғызстаннан шақырылған жігіттерден 316-атқыштар дивизиясы құрылып, оның командирі генерал М. В. Панфилов болды. Армия қатарына 1196164 (1196300) қазақстандық қосылып, әрбір бесінші адам майданға аттанды. Соғыстың сипаты — Германия тарапынан бұл соғыс агрессиялық, жаулап алушы, әділетсіз соғыс болды, ал Кеңес Одағы тарапынан әділетті өз жерін қорғаған, азаттық Отан соғысы болды [9, 122-125 бб.].

Қазақстандық жауынгерлер Украинаны, Белоруссияны, Балтық бойын, Молдовияны азат етуге қатысты. Мындаған қазақ жігіттері Кеңес әскерінің құрамында Шығыс Еуропа халықтарын Гитлердің тепкісінен азат етуіне ат салысты. [5, 175 б.]

Кеңестік Шығыс әйелдері арасынан бірінші болып Ленин орденімен және Алтын жұлдыз медалімен марапатталғандар — шығыстың қос шынары: пулеметші Мәншүк Мәметова мен 54-атқыштар бригадасының Мергені (снайпер) Әлия Молдағұлова болды.

Кеңес Одағының батыры, Қазақстан республикасының қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов те Берлин үшін ұрыстарға өз жауынгерлерін бастап кірді. Берлинге шабуыл жасауға жерлестеріміз Есжанов, И.Я.Сянов, Х.Қайдаусов, З. Тұрарбеков, Х. Көбеков, Т. Бигелдинов, А.Еремеев, Н.Шелихов және т.б. көптеген

адамдар қатысты. Жас офицер Р.Қанқарбаев өзінің досы Г.Булатов пен бірге рейстаг терезелерінің біріне алғашқыларының бірі болып алқызыл Жеңіс туын желбіретті, ал Орал өңірінің жас офицерлері Қ.Меденов пен Р.Қараманов Берлин ратушасының төбесіне тікті.

Қазақстандықтар партизандық қозғалысқа белсене қатысты. Толық емес мәліметтерге қарағанда Украинаның партизандық құрамалары мен отрядтарында 1500, Ленинград облысында 220-дан астам қазақ жігіттері соғысқан. Белоруссияның әр түрлі аудандарында әрекет еткен 65 партизандық бригадалар мен шоғырларда 1500-ден аса қазақстандықтар болған. Партизан қозғалысына қатысқан даңқты қазақ жігіттері: Ғ.Ахмедьяров, Ғ.Омаров, В.Шарудов, Қ.Қайсенов, Ә.Шәріпов, Ә.Жангелдин, Ж.Саин, Н.Көшекпаев т.б. есімдері бүгінде зор құрметке ие болды[5, 183 б.].

Соғыстың соңына таман болған маңызды оқиғалар:

- 1945 жылы 2 мамырда Берлин қаласы алынды.
- 1945 жылғы 8 мамыр-фашистік Германияның тізе бүккендігі туралы шартқа қол қойылды.
- 1945 жылғы 9 мамыр-Қызыл Армия жеңіске жетіп, Ұлы Отан соғыс аяқталды.

1945 жылғы 9 тамыз — одақтастық міндеттемелерге сәйкес КСРО соғыстың соңғы ошағы Жапонияға қарсы соғыс басталды. Қиыр шығыста Жапонияға қарсы соғысқа аттанған әскери бөлімдер арасында қазақстандық құрамалары да болды. Тынық мұхит флоты әскери-әуе күштерінің 12-шабылдаушы авиация дивизиясының звено командирі, көкшетаулық Михаил Янко 1945 жылғы тамыздың 10-ында Гастэллоның ерлігін қайталады.

Жапонияға қарсы шайқастарға Ақтөбеде құрылған 74-жеке теңіз атқыштар бригадасының негізінде ұйымдастырылған 292-атқыштар дивизияның жауынгерлері Кеңес Қарулы Күштері дәстүрінің даңқын шығарды. Забайкалье сонан соң 1-Қиыр Шығыс майдандары әскерлерінің құрамында қазақстандық 129-миномет полкі шайқас жүргізді. Қазақстан минометшілері батылдық және ерлік көрсеткені үшін 2027-жауынгерлік ордендер мен медальдарға, соның ішінде 14 адам «Кореяны азат еткені үшін», 234 адам «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарына ие болды.

Қызыл Армияның Қиыр Шығыстағы соғысы 24 күнге созылды.

1945 жылғы 2 қыркүйекте Жапония жеңілгендігі туралы шартқа қол қойды. Сөйтіп, екінші дүниежүзілік соғыс аяқталды.

Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алғандар:

- 1.Барлығы — 11600 адам;
- 2.Қазақстандықтар — 497, оның ішінде қазақтар — 97;
- 3.Қазақ қыздары — 2.

Екі мәртебе Кеңес Одағының Батыры атағын алғандар: Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский.

Үш мәртебе Кеңес Одағының Батыры атағын алған: И.Н.Кожедуб- Шымкентте орналасқан Чугуев әскери авиация училищесінің түлегі.

Солдат ерлігі орденінің толық иегері — 142 қазақстандық. Кеңес Одағының орден, медальдарымен марапатталған қазақстандықтар — 96638.

Жалпы екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңіс Кеңес Одағына қымбатқа түсті. Елдің 27 млн астам адамдары соғыста қаза болды. Оның 603 мыңы (400 мың) қазақстандықтар.

Міне, осылай Кеңес халқы мен оның Қарулы күштері бұдан 69 жылдан астам бұрын адам баласының қас жауы фашизмді осылай талқандады. КСРО-ның Ұлы Отан соғысында өз елінің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды, Европа халықтарын фашизмнің қанды шеңгелінен құтқарып, жеңімпаз халық атанды.

Кеңес халқының Ұлы Отан соғысындағы жеңісі адамзатты фашизм қаупінен құтқарды. Қазақ халқының бұл жеңіске қосқан үлесі зор. Соғыстың ауыртпалығын көтеріп, бостандықты қорғаған қазақстандық батырлардың есімі әрқашан ел есінде сақталады. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап “Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!” деген ұранмен соғысқа аттанған ерлердің орнын әйелдер, қариялар мен балалар алмастырды. Тыл еңбеккерлерінің де жауды жеңудегі рөлі жоғары. Олар соғыс күндерінің барлық ауыртпалықтарын қажырлылықпен көтеріп, патриотизм үлгісін танытты.

Соғыс кезінде Қазақстанға қоныс аударған мамандардың көпшілігі туған жерлеріне қайтты. Көптеген Қазақстандықтар майданда қаза тапты және соғыстан оралмады. 1930-1934 жылдардағы шаруалардың зорлап ұжымдастыру кезіндегі жаппай қоныс аударуы, сондай-ақ республиканың ауыл шаруашылық аудандарының жартысына жуығының қырылуына алып келген аштық салдарлары айқын сезілді. Зауыт және фабрика жұмысшыларының мамандану дәрежесі, жалпы алғанда, жоғары болмады. Жетіспейтін жұмыс күшінің орнын толтыру үшін республикада жер-жерлерден еңбек ресурстары мектептері мен училищелері құрыла бастады. Жұмыс күшінің орны Кеңес Армиясы қатарынан демобилизацияланған әскерлер, сондай-ақ фашистік тұтқыннан оралған репатрианттар есебінен толығып отырды. Қолданылған ішаралар нәтижесінде егін алқабының деканшылары мен еңбекшілерінің қатары толықты. 1946 жылы Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы болып Жұмабай Шаяхметов тағайындалды. Кеңес Одағының басқа республикалары сияқты Қазақстан да фашистік оккупациядан зардап шеккен аудандарға қолдан келген көмекті аямады. Республикада

тұтастай азық-түлік керуендері жасақталды. Қазақстандықтар Сталинградтың, Ленинградтың, Солтүстік Кавказдың соғыстан зардап шеккен шаруашылықтарын қалпына келтіруге белсене қатысты.

«Ұлы Отан соғысына жаңаша көзқарас керек» дейтін болсақ, тарихшы ғалымдардың бұл орайдағы пікірі көптеген көркем шығармаларға негіз бола аларлықтай. Мәселен, тарих ғылымдарының докторы, профессор Бекіт Аяғат былай дейді: «Мені толғандыратын маңызды мәселелердің бірі – соғыстағы тұтқындардың тағдыры. Мысалы, Ұлы Отан соғысы туралы айтқан көп нәрсе жасырылды. Соның бірі – Кеңес өкіметінің қарамағындағы халқын соғысқа мүлде дайындамай алып келгендігі. «Үш адамға – бір винтовка» дегенде бұрын нанбаушы едім. Шындығында да солай болған екен. 1941-42 жылдар кеңес халқының көп қырылғаны содан. Оның сыртында жүздеген, миллиондаған адам тұтқынға түскен. Біразы, рас, қорқып түскен шығар. Бірақ, көпшілігі жаралы күйде немесе қоршауда қалып түскен. Ал, біз солардың бәрін осы күнге дейін «опасыз» санап келдік. Бұл – біріншіден. Екіншіден, атақты Женева конвенциясының шешімі бойынша, әр мемлекет өзінің тұтқынға түскен азаматтарына көмек беруге, хат жазып, сәлемдеме жіберуге құқылы болған. Англия, Франция, Америка Құрама Штаттарын айтпағанда, осы құқықты тіпті шетелде эмиграцияда жүрген Польша мемлекетінің өзі де пайдаланған. Пайдаланбаған бір-ақ ел бар. Ол – Кеңес елі. Біздің ел тұтқынға түскен азаматтарын мүлдем ұмытқан. Содан ол бейшаралардың көбі аштықтан және құсалықтан өліп кеткен» [43, 115-118 бб.].

Бұл солақай саясаттың соңы – тіпті сойқан. Талай адамдарын құрбан етіп, Кеңес мемлекеті ақыры Берлинге жетті ғой. Сол жылғы сәуір-мамыр айларында Берлинді төрт жақтан: Англия, Франция, Америка Құрама Штаттары, сосын Кеңес әскері қоршап тұрған. «Адамдарымыз қырылады» деп қалаға ешқайсысы кіргісі келмей тұрғанда, бас-көзге қарамай қойып кеткен кеңес әскері болған. Яғни, адамды аямағанбыз. Үшіншіден, соғыс біткен кезде тұтқындардың арасында «елге қайтындар, сендерге ешкім тиіспейді» деп қарқынды үгіт-насихат жүргізген де, келгеннен кейін бір-екі жыл сыртынан бақылап отырып, он бес-жиырма жылға соттап жіберген. Ал, мысалы, Англия тұтқыннан қайтып келген адамдарына «Аман қалғаны үшін» деген медаль берген... Әрине, соғыста опасыздар да болған ғой. Бірақ тұтқында болғандарды жаппай қырып-жою бермей, істің ақ-қарасын ашумен арнайы мекемелер айналасуы керек еді...[43, 119-120 бб.]

Кеңестік үстемшіл билік тіпті ел басына ауыр күн туғанда да, өзінің жымсық саясатын қоймайды. Тіпті үлкен ерлік жасағандардың өздері ұлтына қарай іріктеліп отырды. Әйтпесе, сол соғыста батальонын қоршаудан алты рет шығынсыз алып шыққан Бауыржан Момышұлыныңдай командирлер көп болған емес. Екі рет Кеңестер Одағының батыры атағына ұсынылса да, қайсыбір әскери басшылардың «бізден бұрын әскери-тарихи романға кіріп кетті» деген қызғанышынан жолы кесілді. Тіпті осы себеппен «Волоколамское шоссе» кітабын жазған Александр Бектің өзіне Сталиндік сыйлықты бергізбей қойды. Бауыржанды дивизия командирлігіне тағайындау кезінде оны Жуков: «Мен полковникті соғыстың қаһарманы екен десем, кітаптың қаһарманы екен ғой», -деп кекетеді. Ал, фашизмнің ордасы – Рейхстаққа ең алғаш ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатов атаусыз қалады. Әрине, Рейхстаққа ту тігушілердің бірі – басқа ұлттан болуы керектігі әбден ойластырылғаны айтпаса да түсінікті .

Тәуелсіз Қазақстанның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1999 жылы 7 мамырындағы бұйрығымен Рақымжан Қошқарбаевқа «Халық қаһарманы» атағы берілді. Бұл Ұлы Жеңістің 62 жылдығы қарсаңында қазақстандықтар үшін үлкен қуанышты жаңалық болды. Ұлы Отан соғысының батыры Рақымжан Қошқарбаевтың Рейхстаққа Жеңіс туын тіккені расталды. Ресей осы ерлікті айқындайтын құжаттарды еліміздің мемлекеттік мұражайының қорына табыс етті. Ресми түрде Мәскеу тарихи қателікті түзетіп, қазақ батырының ерлігін мойындауға мәжбүр болды [6, 144 б.].

100-ші ұлттық атқыштар бригадасының әйгілі мергені Ыбырайым Сүлейменовтың қолынан оққа ұшқан неміс солдатты мен офицерінің нақты саны 341 болды. Не зеңбірек емес, не пулемет емес, жалғыз оқты винтовкамен осыншама жауды жою – соғыс тарихында бұрын соңды болмаған ерлік. Алайда қазақтың құралайды көзге атқан мергеніне батыр атағы бұйырмады.

1944 жылдың қақаған қысында майдан шебінде қаза тапқан Панфилов дивизиясының мергені Төлеуғали Әбдікенов ағамыздың ең жоғары батыр атағын алмақ түгілі, тым құрыса бір мәрте де лайықты бағасын алмауының бір ғана құпия сыры «халық жауы» саналған әкесінің інісі Кемелбайға келіп тірелуі, расында, төтенше озбырлық. Отансүйгіш қасиетті рухты қорлау болып табылатыны сөзсіз. Кеңес әскерінің жылдық мерекесі қарсаңында жаудың асқан шебер мергенімен жекпе-жек болды. Бұл уақытта Төлеуғали суық тиіп, мырқаттанып отырды. Гитлершіл қас-қағым сәтке озып кетті, бірінші оқ Әбдікеновке тиді, бірақ өлімші болып жараланған аға сержант фашисттен кегін алып үлгерді. Гитлершіл батыр қазақтың соңғы атқанынан сеспей қатты. Бұл атақты мергеннің есебіне енген 397-ші дұшпан болатын [7, 140 б.].

Панфиловшылардан 34 жауынгер Кеңестер Одағының батыры атанған. Ұлы Жеңістің 40 жылдығына арналған «Панфиловшылар» атты кітапта Т.Әбдібековтің есімі тек кітаптың ең соңындағы - «Құраманың ескерткіш күнтізбесі» атты соғыс хроникасында екі жерде жай ғана аталып өткен.

Туған елін жаудан жан аямай қорғаған даңқты сұрмерген, бір өзі бір батальондай дұшпанның көзін жойған Төлеуғали Әбдібеков орыс жерінде Калинин облысының маңында жерленген. Тек №2916 нөмірлі снайпер винтовкасы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық мұражайында сақтаулы тұр.

Еліміз Тәуелсіздік алғалы бері Кеңес кезінде жіберілген келеңсіздіктер түзетіліп жатыр. Қасым Қайсенов, Рақымжан Қошқарбаев сияқты көзсіз батырларға «Халық Қаһарманы» атағы берілді. Қазақтың ұшқыш қызы Хиуаз Доспанова да осындай айрықша құрметке ие болды. Енді Ыбырайым Сүлейменов пен Төлеуғали Әбдібековке келіп тұрған тәрізді [4, 155 б.].

Осы күнде көп нәрсенің беті ашылып жатыр ғой. Өскемен, Ақмола, Жамбыл қалаларында жасақталған қазақтың 95-ші, 105-ші, 106-ші ұлттық атты әскер дивизиялары, Алматыда жасақталған қазақтың 100-ші, Ақтөбеде жасақталған 101-ші ұлттық атқыштар бригадалары, т.б. әскер қатарындағы қазақ жауынгерлерінің өз ұлтына тән ерлігі мен ержүректілігін орыстар ғана емес, жау әскерлері мен офицерлері мойындаған. Шынында да Райымбек, Махамбет пен Исатайдың ұрпақтарына тән ерлік көрсетті. Ұлы Жеңістің мерейтойына байланысты Кеңес Одағы батырларының санын миллион адамға шағып, ғылыми талдау жасағанда миллион адамға шаққанда, батырлар саны қазақта 35 адам болды, ал түркіменде – 20, қырғыздарда – 18, өзбекте – 16, тәжікте – 14 адам.

Қазақ солдаттар соғысқа жеткіліксіз дайындықпен барғандықтан, алғашқы жылдары тәжірибенің жоқтығынан көп қырылып кетті. 39-шы армия қарамағындағы (Калинин майданы) қазақтың ұлттық 100-ші атқыштар бригадасы 1942-ші жылы 25 желтоқсанда Молодой Туд ауданында жау бекінісін бұзуға жіберілді. Бұл бағытта құрама 1943 жылдың 15 ақпанына дейін қимыл жасап, 12 елді мекенді жау шеңберінен босатты. Бірақ, осы ұрыстарда бригада зор шығынға ұшырап, 2572 адамынан айырылды. Бригада құрамының жартысынан артығы қаза тапты. Өлгендердің көбісі атаусыз қалды.

Қазақстанның Халық жазушысы, 100-ші бригаданың зеңбірек командирі болған Әзілхан Нұршайықов естелігінде: «...Бригада командирі, подполковник Шевцов әскери стратегия мен тактика жағынан дарынсыз әрі моральдық тұрғыдан босаң адам болып шықты. Сондықтан жоғарғы командование оны қызметінен босатуға мәжбүр болды. 1942 жылғы желтоқсан айының соңында ол бригадadan кетіп, оның орнына полковник Воронков командир болып келді. Полковник Ефим Васильевич Воронков бұрын 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясында полк командирі болған аса жігерлі адам еді. Келе сала күні-түні тыным таппастан бригаданың қорғаныс жұмыстарын ұйымдастырып, танк өтеді-ау деген қауіпті жерлерді өз көзімен көріп жүрді. Жабық позицияда тұрған артиллеристер арасында да бой көрсететін. Сол командирдің 5 қаңтарда оққа ұшқанын естігенде қатты мұңайып қалдық. Сол күні кешке үшінші батареяның мерт болғаны туралы хабар жетіп, жігіттердің көңілін мүлде күйретіп жіберді [17, 110 б.].

Бұдан кейін бригадаға командир болып полковник Михеев келді. Ол бригадада небары алты-ақ күн болды. Бұл уақытта оның не істеп, не қойғаны, қайда болғаны белгісіз. Тек 100-ші дербес атқыштар бригадасының жауынгерлік қимылдар жазылған журналдың 43-бетінде: «22.00 – 06.01.1943 жылы бригада командирі болып полковник Михеев тағайындалды» деген сөздер ғана қалған. Ал, 13-қаңтарда Калинин майданы (қолбасшысы – генерал-лейтенант Пуркаев Максим Алексеевич) мамандар бөлімінің жолдамасымен 100-ші бригадаға он алты күн ішіндегі үшінші командир болып полковник Морецкий Анатолий Александрович келді. Қолды-аяқты баладай шағын құрамды ұлттық бригаданы жоғарғы басшылар майданның кез-келген тесігіне тығын етуге тырысты. Оны бір жауынгерлік аймақтан екінші қиырға жиі ауыстырумен болды. Кейде арнаулы бұйрықпен қалың қарда ұзақ жол жүріп, бір пунктке қалжырап жеткен бригаданы: «Мұнда сендердің керектерің жоқ екен, кейін қайтыңдар» деген жаңа бұйрықпен кері қайтарған шақтар да болды. Қақаған аяз, түтеген боранда босқа сабылу бригадаға оңайға түскен жоқ [15].

Мәселен, 1943 жылы 3 қаңтарда сағат 17.00-де Великие Луки іргесіндегі Сахны, Иванцево, Федьково, Горушка деревняларының шетінде қорғаныста жатқан бригаданы орнынан көтеріп, 4 қаңтар күні сағат 06.00-де Великие Лукидің оңтүстік жағындағы теміржол бекетіне алып келу жөнінде 3-ші Екпінді армияның штабынан бұйрық болды. Бригада қалың қарды кешіп, көрсетілген жерге келіп, жеті жарым сағат босқа тұрды. 13 сағат 30 минутта 3-ші Екпінді армия штабының бастығы Юдинцев 100-ші бригаданың тығыз түрде бұрынғы орындарына барып орналасуына жаңадан бұйрық береді. Түнде жауған жұмсақ қар көзге түртсе көрінбейтін қатты боранмен қайтқан бригада 15-20 шақырым жердегі деревняларға қайта жетуге мәжбүр болды.

Мұндай келеңсіз оқиғалар бригада 39-шы және 22-ші армиялардың қарамағында болған уақытта да кездесті. 1942 жылы Молодой Туд түбінде бригада алғаш шабуылға шығарда армия штабы санитарлық қызметінің бастығы шабуылға қатар шығатын өзара көрші 46-шы орыс атқыштар бригадасы мен 100-ші қазақ атқыштар бригадасының жаралыларды қабылдау пункті бірге болсын деген бұйрық береді. Бірақ, ұрыс басталып, жаралылар көбейе бастаған кезде екі бригадаға ортақ санитарлық бөлімшеге тек орыс солдаттары ғана келеді. Қазақтардан ешкім жоқ. 100-ші бригада санротасының командирі Ізтілеу Наурызғалиев жүгіріп далаға шығып, жаралылар келетін жолға шықса, онда 2-3 орыс сақшылары санитарлар әкелген шаналардағы жаралы орыс солдаттарын пунктке жібереді де, қазақтарды кейін қайтарады. Басқа апарар жері жоқ болғаннан кейін 100-ші бригада санитарлы жаралыларды сол жерге аударып тастап, өздері қайтадан ұрыс даласына жөнеледі. «Мына жаралыларды ішке жіберіңдер» деп сақшыларға айғай салады. Олар міз бақпайды. «Біз өз басшыларымыздың ғана бұйрығын орындаймыз деп, қазақ командирін кеудеден итереді. Ол жүгіріп барып, 46-шы бригада санротасының командиріне айтады. «Мен білмеймін. Оны бастықтар біледі», - деп ол басын шайқайды. Содан кейін ол өзінің 100-ші бригада санитарлық қызметінің бастығы капитан Бушковқа жүгіреді.

«Мен не істеймін?» - деп ол да иығын қушитады. Өйткені, 100-ші бригаданың жараланған орыс солдаттары мен командирлері мұнда тоқтаусыз қабылданып жатқан болатын. Ол соған разы.

«Бүйтіп өмір сүргенше, сендермен қоса өлейін», - деп Наурызғалиев қаруын суырып, өзін-өзі атып салады. Бұл хабарды бригада командирі Шевцовқа айтқанда: «Собаке - собачья смерть» , - депті. Рота командирлерінің өлімі, уақытында көмек көрсетілмеген өлген талай жауынгерлердің қазасы тексерілместен аяқсыз қалды. Осы оқиғаны 1975 жылы 12 қыркүйекте 100-ші дербес атқыштар бригадасының дәрігері, капитан Мәриям Сырлыбаева соғысындағы естелігінің көзіне жас ала айтқан [18, 92 б.].

100-ші бригаданың бұдан кейін нағыз жанашыр командирі Воронковтың бригададағы өмірі қысқа болды.

Сонымен 1943 жылғы қаңтардың ортасында 100-ші бригаданың құрамында қалған адам саны мынадай еді: I-атқыштар батальонында – 36, II-атқыштар батальонында – 41, III-атқыштар батальонында – 53, IV-атқыштар батальонында – 47, автоматшылар ротасында – 26 және танк атаны дивизионда (ПДТ) – 35, байланыс ротасында – 87, саперлер ротасында – 68 және барлаушылар ротасында – 38 адам. Барлығы – 431 жауынгер. Мұның сыртында 257-ші атқыштар дивизиясының қарамағына арнаулы тапсырма орындау үшін жіберілген 300 жауынгер бар. Ол – 76 мм артиллерия дивизионы мен 120 мм миномет дивизионы.

Бригаданың Великие Луки ұрысында да жолы болмады. Полковник Воронков өз бригадасын жұмған жұдырықтай тегеурінді күш етіп ұстаймын дегенімен, оған ерік берілмеді. Армия басшылығы ұлттық бригаданы бөлшектеп жіберді. Артдивизион мен миндивизионды өзі теңдес 47-ші атқыштар бригадасына бөліп берді. Батальонды бөлшектеп, 257-ші және 32-ші дивизияға жіберді. Олар «Байдың малын аяма...» дегендей, «бөтен» бригаданың адамдарын ең қауіпті аймақтарға салды. Қаладағы гарнизонды құтқарып алу үшін жөңкеліп келе жатқан жау танктерінің алдына тосты. 100-ші бригаданың үшінші батареясы сол шайқаста мерт болды. Ақ қар, көк мұзда шабуылшылардың алдына барып жайғасқан жаяу әскер шегедей болып қатпы қалған жерді қазып, өздеріне окоп жасай алмай, қардан соғылған ақ қаланың іргесінде жатты. Жау көктен бомбылап, жерден атқылап шабуылға шыққанда қорғаныс ашық алаңда жатқан жаяу әскер оларға төтеп бере алмады. Қалаға қарай шегінуге мәжбүр болды. Шегінген солдаттарды танктерден оқтар атылды. 100-ші бригаданың артында бұрын окоп қазып, ірге теуіп, бекініп жатқан басқа дивизиялардың жауынгерлері жау танктерін қалаға кіргізбеді. Бірақ, осы кезде жүзіншіге «драпбригада» деген ат та тағылды. Сондай ауыр күндердің бірінде солдаттарының қасында полковник Воронков оққа ұшты.

Маршал Жуков «Воспоминания и размышления» еңбегінде «1942 жылы 8 желтоқсанда Калинин және Батыс майдандарының күшімен 1943 жылдың 1 қаңтарына дейін Ржев-Сычев-Оленино-Белый аймағында дұшпан күші жойылсын деген директива берілді» деген. Осы бұйрықты орындаушы құрамалардың ішінде қазақтардың 101-ші дербес атқыштар бригадасы да бар еді. Оленино стансасы бригада шайқасқан Мишуково елді мекенінің іргесінде орналасқан. Директива аса құпиялы болғандықтан, оны біреудің білуі де мүмкін емес еді. Қалай болғанда да сол қиян-кескі ұрыстардың нәтижесінде жау күші айтарлықтай шығынға ұшырап, соғыс барысын түбегейлі өзгерткен Сталинград шайқасына бірде-бір дивизиясын жібере алмады. Демек, ортақ Жеңіске 4-ші Екпінді армияның құрамында болған қазақтың 101-ші ұлттық атқыштар бригадасы да өзінің қомақты үлесін қосты. Бірақ, бұл үлес өздігінен келмеді. Бригаданың сапындағы 8 мың адамның 3 мыңы ғана аман-сау қалды [18, 92 б.].

Екінші бірінің ескере бермейтін, көпшілік қауымның назарынан жасырын болып келген кеңестік саясаттың бір қалтарыстары жайлы соғыс және еңбек ардагері Қимаш Сыздықовтың естелігінен: Ұлы Отан соғысы кезінде Кеңес әскері бір жұдырық болып майданға шықса да, жасырын түрде ұлтқа, дінге бөлінгені анық. Ұлт өкілдерін қиын жерлерге жіберді. Мысалы, 1942 жылы Сталинград түбінде қиян-кескі ұрыс жүріп жатқанда Батыс Қазақстан жерінен, Башқұртстаннан бір үлкен батальон жинап, Сталинградқа алып барады. Бұл батальонның ерекшелігі – біртұтас мұсылман дінін ұстанғандардан құрылған. Мұны күшейтілген (усиленный) батальон деп адам санын бір мың екі жүзге дейін жеткізген. Содан Сталинградқа қарай жіберіп, Паульстің әскері келе жатты. Сол Паульстің армиясының алдына, нағыз өңешіне әлгі батальонды үлкен ұшақтармен алып барып, десант қылып түсіреді. Сталинградтан алыс апарып тастайды. Неміс әскерінің жолына салған, «кішкене болса да кедергі жасасын» деген. Бергі жағында Кеңес әскерінің мықты бекінісі тұрған. Әлгі 1200 адамнан қырыла-қырыла жиырма адам қалады. Барлығы Қазақстан облысының Тайпақ ауданының түлегі, сол жігіттеріне: «Біз тірі қалмайтын болдық, енді зеңбіректің оғын өзімізге сұрасақ қайтеді?» деп айтады. Сосын «жаудың қолына түскенше, өз әскеріміздің оғынан өлейік» деп бәрі келіседі. Оны рация арқылы хабар берген екен. Зеңбірек оқты жаудырып, бәрі қырылып қалады. Жалғыз радист орыс жігіті аман қалып, кейін осы оқиғаны айтады. Соның айтқанынан майдангер жазушы Анатолий Ананьев «Батальон просит огонь на себя» деген кітап жазды [23, 255 б.].

Ұлы Отан соғысы жылдары майдандағы ерлігі үшін 11500 жауынгер кеңестер Одағының Батыры атағын алған. Олардың ұлттық құрамына келсек: 8160 орыс, 2069 украин, 309 беларус, 161 татар, 108 еврей. Қазақстандық Кеңестер Одағының Батырының саны соғыстың соңында 369 адам болса, 1968 ж 447-ге, 80-жылдары 497-ге жетті. Оның 97-і қазақтар. Біздің ойымызша, бұл көрсеткішпен де келісуге болмайды. Өйткені соғыс жылдары, әртүрлі себептермен ерлігі ескерілмей, бағы жанбай қалған жауынгерлер аз емес. Олардың бірі Бақанастық қазақ жауынгері Б.Бейсекбаев. Тоталитаризмнің солақай саясаты салдарынан ұзақ жылдар бойы

Ұлы Отан соғысы тарихында капитан Н.Гастелло экипажының жасаған ерлігі 1941 жылы 26 маусымда соғыстың бесінші күнінде-ақ аңызға бергісіз батырлық болып жазылып келді. Ал шын мәнісінде араға 56 жыл салып барып Белоруссия және Ресей тарихшылары мен заңгерлерінің еңбегінің арқасында бұл тарихи ерлікті Гастелло басқарған экипаж емес, құрамында қазақ жауынгері Бақтораз Бейсекбаев бар капитан А.Масловтың экипажы жасағандығы анықталып, оларға Ресейдің батыры атағы берілді [23, 155 б.]. Соғыс кезінде аз ұлт өкілдерін ұлты орыс қолбасшылар мен командирлерінің тарапынан кемсітуге жол берілді. Ол жөнінде Халық қаһарманы атағын тәуелсіздік тұсында алған Қ.Қайсенов "Ұлы жеңістің 50 жылдығы қарсаңындағы ой" атты мақаласында: "Өз басым 1941 жылы әскери барлаушылар училищесін аға лейтенант болып бітіріп, диверсия ротасының командирі, ал 1942 жылы бірден жоғарылатылып (арнайы білімді маман ретінде), партизан отрядының командирі болғанымда жау тылында рация арқылы майор атағы беріліп еді, онан сонау соғыс аяқталғанша, партизан отрядының командирі болдым (Партизан отряды армиядағы полкпен тең). Сол күйі ескерусіз қалдым да, соғыстан ешбір шенсіз бір партизан медалімен ғана қайттым. Қазіргі наградаларым - кейін әр жерде газет беттері арқылы табылған наградалар. Совет Одағының батыры атағын екі рет алған Т.Бигелдинов подполковник шенінде ғана елге келді. Ал екі рет батыр атағын алған орыстардың генерал атағын алмағаны жоқ" деп өз ойын білдіреді. Осындай келеңсіздіктің салдарынан Б.Момышұлы, Р.Қошқарбаев және т.б. батыр атағы берілмей қалғаны белгілі. Бауыржан Момышұлы 200-ден астам ұрысқа әскерді өзі бастап кірген. Бес рет қоршауда қалып, оны бұзып шыққан. Жеті рет жарақаттанған, үш рет контузия алған. 45 жыл бойы батыр атағына екі рет ұсынылса да берілмеді. Оған қоса соғыстан кейін Мәскеудегі Жоғары әскери академияда 5 жыл қызмет етіп, 13 жыл генералдық қызмет атқарды. Осыған қарамастан, Жоғары әскери билікке араластырылмайтын ұлттың өкілі екендігі есепке алынып, оған генерал шені берілмеді. Кеш болса да бұл кателік біршама түзетіліп, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың араласуымен Б.Момышұлына Кеңестер Одағының Батыры атағы 1991 жылы 11 желтоқсанда берілді [3, 289 б.].

Қолда бар мұрағат деректеріне сүйене отырып Ұлы Отан соғысында ерен ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған, алайда саяси солайқылық, тарихи әділетсіздік кесірінен бұл атаққа ие бола алмай қалған қандастарымыз жөнінде қысқаша мәлімет:

1. Біләл Қалиев – 1941 жылы 8 тамыз күні Берлинді бомбалады. 16 тамыз күні екінші рет бомбалады. Аса қауіпті тапсырманы орындауда асқан ерлік пен кәсіби шеберліктің жоғарғы үлгісін көрсетті.

2. Балтабек Жетпісбаев – Панфилов дивизиясының артиллерия полкінің комиссары, командирі. Ол басқарған батарея қысқа мерзім ішінде жаудың 6 танкісін, 13 машинасын, 120 солдат пен офицерін жойып жіберген.

3. Аманша Мендіғалиев – Панфилов дивизиясының батарея командирі. Батарея жаудың жалпы саны 4 танкісін, 5 бронемашинасын, 18 оқ ататын нүктелерін жойды, 200 солдат пен офицерін оққа ұшырды.

4. Төлеуғали Әбдікенов – Панфилов дивизиясының мергені. Гитлершіл батыр қазақтың соңғы атқан оғынан сеспей қатты. Бұл атакты мергеннің есебіне енген 395-ші дұшпаны болатын. Фашисттер оны «Қара өлім» деп атаған.

5. Сұлтанбай Ысқақов – Бір өзі гранатпен және автомат оғымен 52 фашистті өлтірді, жаудың 2 пулемет және танкі ататын мылтықтың расчетын жойды, 7 неміс солдатын тұтқынға алды. Екі сағаттық ұрыста 25 жауынгерді ерлікке бастап бүкіл полктің ілгері басуына мүмкіндік берді.

6. Сембай Қалиев - Будапешт түбіндегі ұрыста жаудың 20 бронемашинасын, 8 танк, 12 бронетранспорттерін жойып жіберген батареяның командирі.

7. Оразай Самақов – Батарея дұшпанының 5 танкісін жандырып, 3-еуін істен шығарды. Артиллеристерді бірнеше рет жау снарядының жарылысынан кейін топырақ басып қалды. Соған қарамастан олар зеңбіректі тез ретке келтіріп, фашисттерге қарсы тұра білген.

8. Ораз Әлібаев – Барлауда жүріп Ораз Ленинград түбіндегі Ладога көліне немістердің 10 мың адам десант түсіру жоспарын біліп, хабарлайды. Күн ілгері хабарланған кеңес әскері 10 мың адам неміс десантын Ладога көліне мұз үстіне түгел жойып жібереді.

9. Ысқақ Уәлиев – Старшина Ысқақ Бәлиұлы Калинин майданының үздік мергені атанып, екі рет «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталған. Ержүрек жауынгер жаудың 227 солдат-офицерін құрдымға жіберген.

10. Алқар Уигаров – Офицерсіз қалған ротаны аға сержант А.Уигаров шабуылға көтерген. Жауынгерлер бұл ұрыста 38 жау әскерінің көзін жойып, 61-ін тұтқынға алған.

11. Ғали Әділбеков – Гвардиялық танк полкінің командирі. Соғыс қарсаңында бронетанк әскерлерінің академиясын бітірген. Ол басқарған полк жаудың 29 танкісі мен бронемашинасын, 20 танкіге қарсы ататын зеңбірегін, 3 батальон жаяу әскерін құртты.

12. Ғұсман Ахметқалиев – Орел-Курск доғасындағы жан беріп, жан алысқан шайқаста бөлімше командирі Ғұсман бес дұшпанды атып өлтіріп, 22-сін гранатамен жайпап, 19-ын тұтқынға алған «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталған.

13. Әбен Ахметов - Берлин түбіндегі болған шайқастарда гвардия лейтинанты Ә.Ахметовтың зеңбірекшілері жаудың 1 «Тигр», 2 «Пантера» танктері мен 5 бронды машинасын атып, өртеп жіберген.

14. Ораз Бұзақаров - «Егемен Қазақстан» газетінің 2000 жылғы 9 мамырда шыққан мерекелік басылымында ҚР Мұрағатының бөлім меңгерушісі Ә.Ипмағанбетованың Бауыржан Момышұлы жөніндегі мақаласы жарық көрген болатын. Сол материалда көрсетілгендей, 1942 жылы Республика Министрлер Кеңесінің төрағасы Нұртас Ондасыновтың Мәскеуден Қазақстанның Орталық партия Комитетіне жеделхат жолдап: «Біз Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынған жолдастар: Төлеген Тоқтаров, Мәлік Ғабдуллин, Балтабек Жетпісбаев, Ораз Бұзақаров туралы қажетті өмір-деректік мәліметтерді жіберулеріңізді сұраймын. Капитан Б.Момышұлы туралы мәліметтер жеткіліксіз болып шықты» деген. Әйтсе де бізге белгісіз себеппен Б.Жетпісбаев пен О.Бұзақаров кезінде өзінің әділ бағасын ала алмағаны қазір ғана белгілі болып отыр.

15. Алтыншаш Нұрғожина – 1924 жылы туылған, ұлты – қазақ. Әскерге Мәскеу қаласының Сталин аудандық әскери комиссариат атынан шақырылған. 1941 жылы Орал әскери округінен алты айлық командирлер курсы бітірген. Қазақтың тұңғыш офицер қызы. Гвардия лейтинанты. Орталық, Воронеж және Украина майдандарында соғысқан. 237, 70-атқыштар дивизияларында батальон комсоргі болған.


Қазақстанда жасақталған ұлттық әскери құрамалар жөнінде тарихшы, академик М.Қозыбаев: «Ұлы Отан соғысы жылдарында ұлттық республикаларда құрамалар құрылғандығы белгілі. Алайда олардың басым көпшілігі соғыста дұрыс пайдаланылмады. Ал кейбір атты әскери құрамалар танкілерге қарсы шығып, жауған оқтың астында бірден жоқ боп кетті. Бұл бір жағынан халқымызға көрсетілген сенімсіздік болса, екінші жағынан тағдыр салған зобалаң еді. Өйткені, мұндай әскери құрамаларға жаңа ғана өндірідей өсіп жетіле бастаған зиялы қауымның өкілдері алынған-ды», - деп жазған еді [2, 265 б.].

Соғыс басталғанда құрылған құрамалардың кейбіреулері немістердің соққысынан талқандалса, ал Сталиннің нұсқауымен кейбір құрамалардың командирлері, қолбасшылары тұтқындалып, атылып, олар басқарған әскери дивизия, корпус, бригадалар таратылып, құрамындағылар басқа құрамаларға беріледі.

1941-1945 жылдар аралығында Қазақстанда 12 атқыштар мен 4 кавалериялық дивизиялар, 7 атқыштар бригадалары мен 5 жеке полк әртүрлі әскер түрлерінің батальондары құрылған. Оның ішінде 3 атты әскер дивизиясы мен 2 атқыштар бригадасы ұлттық құрамалар ретінде құрылды. Негізінде олар еріктілер қатарынан жасақталып, майданға кеткенше республика бюджеті мен халық жарнасынан қамтамасыз етілді. Бұл құрамалар соғыс басталысымен іле-шала жасақталып, жедел түрде әскери дайындықтан өтіп, майданға жөнелтілді.

Әдебиеттер тізімі

1. Абишев Г. Казахстан в Великой Отечественной войне. 1941-1945. - Алматы: Каз.гос.издат., 1958. - 361 с.
2. Басин В.Я. Тяжелая промышленность Казахстана в Великой Отечественной войне. - Алма-Ата: Наука, 1965. - 164 с.
3. Покровский С.Н. Казахстан в Великой Отечественной войне: очерки. - Наука, 1968. - 74 с.
4. Әміров Х. «Легионның күйреуі» А., 1971
5. Шакибаев С. Падение "Большого Туркестана". - Алма-Ата, Жазушы, 1972. - 288 с.
6. Қошқарбаев Р. «Жеңіс жалауы. Рақымжан Қошқарбаевтың Ұлы Отан соғысы жайлы естелігі». - Алматы: Жалын, 1978. - 168 бет.
7. Малкин В.М. «Батырлар қалмас беймәлім: Панфиловшы жауынгерлер туралы деректі-очерктер». - Алматы: Қазақстан, 1987. - 262 бет.
8. Гильязов И.А. «Пантюркизм, пантуранизм және Германия: Этнографиялық шолу» А., 1989. - 98 с.
9. Бенингиен А., Лемерье -кельнешей Ш. преса и национальное движения среди мусульман России до 1920 года. /Альманах. «Алем» выпуск/ Алматы 1990.
10. Белан П.С. Правда о "Гростуркестане" и "Туркестанском легионе": История Казахстана: белые пятна. - Алматы, 1991.
11. Толғанбаева А. «Исповедь судьбы жестокой» А., Казахстан, 1993.



ӘОЖ 930.1 Ж91

КІШІ ЖҮЗДЕГІ САЯСИ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ НҰРАЛЫ ХАННЫҢ БІЛІГІ

Жүрсінбаев Б.А. – тарих ғылымдарының кандидаты, «Тарих және география» кафедрасының доцент м.а., М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Ұзақбай Д.Ұ. – магистрант, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Андатпа: Мақалада Нұралы ханның қазақ тарихындағы орны мен рөліне, Кіші жүз хандығындағы қызметі, оның Ресеймен қарым-қатынасы деректер арқылы талданады. Кіші жүздегі хандық биліктің жойылуына алғышарттар жасаған өзгерістерді анықтау арқылы Нұралы ханның Ресей саясатына негізделген басқару жүйесіне қатысуын және патша әкімшілігі аймақтағы қызметі ашылады

Әбілқайырдың өлімінен кейін Кіші жүздегі оның әулеті күш-қуатынан айрыла бастайды. Әбілқайыр ханның әулетінен шыққан туысқандар мен оны билігіндегі ру басылары өздерінің билеушілерін өлтірген адамның соңына түсуге міндетті бола тұрса да, олар ешқандайда белсенділік танытпаған. Сондықтан Әбілқайыр әулетінің әлсіздігі жаңа хан сайлауында да айқын көзге түседі. Өйткені Әбілқайырдың үлкен баласы Нұралы сұлтан өзін хан деп танытуға Тархан Жәнібектің көмегімен ұмтылғанымен, бірақ бұл «сайлау» әдеттегідей қазақ рубасшылары мен билерінің кең жиылысында өткізілмей, Нұралы ордасында жиналған игі жақсылардың ішінде ғана сайланады. Сондықтан Нұралы ханға Ресейге қарай бейімделуі оған маңыздырақ еді. Өйткені Нұралы хан қазақтың рулары мені тастап кетуі мүмкін деп қауіптенетін. Ол Орынбор губернаторына «олардан айрылып, өзім жалғыз қалып, мұнда елден айрылып қалуым ғажап емес» деп хат жазады. Дегенмен, ханның жалғыз қалып қоямын деп қорқуының бекер болатын. Өйткені олар ханды тастап Оңтүстікке, әсіресе Сыр бойына көшкенімен оларға бос жайылымдар табылмайтын. Осыған қарамастан, рулардың ір бөлігі, қалай дегенмен де Хиуамен шектес аудандарға көшіп кетеді. 1771 жылдан бастап «ішкі жақта» жаңа жағдай қалыптасады. Нарынқұм ауданында көшіп жүретін қалмақтардың әжептәуір бөлігі Убаши деген тайпаның басшылығымен келіп, осы жылдың ақпан айында шекарадан өтіп, Жайық өзенінің арғы жағына шығып кетеді. Сонда, қалмақтардың көздеген мақсаты — қазақ жерлерін басып өтіп, Жоңғарияға жету және Қытай өкіметінің ықпалында болып, осы жерге орналасып қалғысы келді. Қалмақтарды кері қайтару үшін патша әкімшілігі де қарап қалмай небір әрекеттерге барып, оларды ұстап әкелу үшін қазақ даласына қарулы әскерлер жібереді. Бірақ, бұл шаралар патша әкімшілігін көздеген мақсаттарына жеткізбейді. Жазалаушы әскерлер қалмақтарды іздеу кезінде далада адасып, аттарынан, адамдарынан айрылып, ешқандай нәтиже шығара алмай, шептерге қайтып оралады [1, с. 112]. Қайта Орынбор губернаторы И.А. Рейнсдорптың қазақтың сұлтандары мен билеріне, яғни, Нұралы ханға, Ералы мен Айшуақ сұлтандарға салған сөздері және Сібір әкімшілігінің Орта жүз билеушілеріне жіберген нұсқаулары неғұрлым нәтижелер береді. Дегенмен қазақтардың халық бұқарасы және старшиналардың бір бөлігі қалмақтарды қудалауға қарсы болып, «қалмақтармен тату жүргеніміздің өзі жақсы» деп есептесе, хан және оның аға-інілері көше қашқандарды қудалауға белсене қатысады. Ұзақ жорықта қажыған қалмақтар Кіші және Орта жүз далаларында көптеп қырылады, сұлтандар бастаған жасақтардың талан-таражына ұшырайды. Кіші жүз билеушілеріне қарағанда Абылай керісінше оларды қудалауды тоқтатуға тырысқан. Алайда Абылайдың бұл әрекетінен түк те шықпай қалмақтардың Жоңғарияға тек бір бөлігі ғана жетеді. Қалмақтардың жаппай Жоңғарияға көшуінің нәтижесінде Жайық пен Еділ арасындағы жердің біраз бөлігі босап қалады. Бірақ, бұл патша өкіметі босап қалған жерлерді қазақтардың иелігіне беруге ынта танытпайды. Сыртқы істер коллегиясы сол жылы жарлық шығарып, қоныс аударуға тиым салуды сол күйінде қалдырады да, тек бір ерекше жағдайларда ғана «ішкі жаққа» қоныс аудару патша өкіметіне берілгендігіне ешқандай күмән тудырмаған рубасыларға ғана рұқсат етіледі. Нұралы ханға бағынған рулар үшін жер мәселесін қиындатқан тағы бір себебі, Жайықтың сол жақ бойында да қазақтардың көшіп келуіне жергілікті әкімшілік үнемі қыспақ көрсетіп отырған. Жайық өзенінің сол жақ бойында қазақтардың көшіп жүруіне заң жүзінде тиым салынбағанына қарамастан Жайық казак әскерлері қазақтың малдары далада шауып қойған шөбімізді шашып бүлдіреді дегенді сылтауды алға тартып, қазақтардың Жайық бойына көшіп келуіне жергілікті әкімшілік арқылы тиым салғызады.

Міне осындай жағдайларға қарамастан «Ішкі жақтағы» қысқы мал жайылымдары мен Жайықпен іргелес жерлерде көшудің ерікті болуы жөніндегі мәселе Нұралы ханның қоластына қараған қазақтардың шаруашылығы үшін шешуші рөл атқарды. Бұл мәселе тек қазақ сұлтандары мен ру билерінің ғана емес, сонымен қатар халық бұқарасының жалпы мүддесіне сай келді. Ханның осы мәселені шешуге шамасы келмеуі қазақ халқының алдында оның беделін мүлдем төмендетеді. Сыртқы саяси бағыттар бойынша оқшау қалған хан Кіші жүздің ішінде де өзін қолдайтын ешкімді таба алмайды. Осы жағдайларда Нұралы хан амалсыздан патша әкімшілігімен қайтадан жақындасуға ұмтылады. Сондықтан алдында тоқтатып тастаған Орынборға аманат беруді жалғастырып, оны бұлжытпай орындауға мәжбүрленеді. Сонымен қатар ол Орынбор әкімшілігінің орыс тұтқындарын босату туралы талаптарын ойдағыдай болмаса да оны орындауға тырысады және қазақ даласын басып өткен керуендерді қорғауды өз міндетіне алады [2, с. 169]. Өкінішке орай жайылымға деген тапшылық пен рулардың көшіп-қонуына шек қою тәртібі қазақтардың патша әкімшілігі мен өздерінің ханына деген сенімсіздік туғызған тек жалғыз ғана мәселе болмады. Нұралы ханның ел алдындағы беделін түсірген және Кіші жүздегі хандық институтқа соққы болып тиген үстіне патша әскерлерінің қазақ ауылдарын қайта-қайта шауып, оларды барынша күйзелтуі еді. Сондықтан орыстар әр түрлі нәрсені, соның ішінде малың шөпке түсіп кетті, орыс селоларының шаптындар деген әр түрлі сылтауларды себеп етіп шабуылдар ұйымдастырылады. Тіпті патша әкімшілігі тарапынан жасалған шапқыншылықтардың көбісі ойдан шығарылып отырды. Мысалы, мұрағаттық деректерде кездесетін «шекара барымтасы» дейтін шабуыл бүкіл бекініс шебінен қазақтарға қолданылып тұрады, бірақ мұндай шабуылдар қазақтың барлық руларына бірдей қолданылмаған. Орал казак-орыс әскерлерінің старшиналары ұйымдастырған бұл шапқыншылықтар негізінен Төменгі Жайық шебінің бойындағы қазақтарға көбірек қолданылған. Мұндай шапқыншылықтар хандықтың мәртебесін ғана түсіру үшін ғана қолданылып қана қойған жоқ, сондай-ақ, казактар осы шапқыншылықтар арқылы баюды көздеді. Өз кезегінде бұл шапқыншылықтарды Орынбор әкімшілігі де қолдап, кейбір кездері ұйымдастырып отырды [3, 181 б.]. Әдетте, шөпке жасалған шабуылдарға орыс-казактарының жеңіл атты әскерлері жете алмайтын алыстағы

ауылдардың қазақтары қатынасып отырған, ал мұның жазасын шабуылға мүлде қатыспаған, шекараға таяу жерде көшіп жүретін Нұралы ханға қарасты ауылдар тартатын. Патша әкімшілігі мұны «әбден шыңына жетіп, зығыры қайнаған қырғыз-қайсақ халқының» қарсыласуын басудың негізгі әдісі деп қаралған. Оны 1789 жылы Симбирьск және Уфа губернаторы генерал-губернаторы О.А. Игельстромның өзі де мойындайды. Мұндай шабуылдардың бетін қайтара алмаған Нұралы хан осы шекара барымтасының мәселесі жөнінде де қорқып, жөнді ештеңе істей алмай, тек жергілікті орыс әкімшілігі мен Петербургтегі патша өкіметінің атына шағымдарын жазып, наразылық білдіріп қана қоюдан әрі аса алмайды. Ең ақырында, үшінші мәселе — орыс қашқындары жөніндегі мәселе. Нұралы хан «ішкі жаққа» көшу жөніндегі және шекара барымтасы жөніндегі мәселелерді шеше алмағаны сияқты, осы үшінші мәселені шешуде де әлсіздік білдіреді.

Орыс қашқындарының далаға кетуі әсіресе, XVIII ғасырдың 50-жылдарынан бастап көбейіп кетеді. Хан қаншама тырысса да, қашқындарды ешкім қайтарып бермеген. Патша өкіметі келіскен тек бір ғана мәселе қашқындар тек рекрутқа қана беріліп тұрады деп қазақ ауылдарына хабар береді. Дегенмен, қашқындар жөнінде ханның орыс өкіметтерімен жазысқан қағаздары қазақтардың көшіп-қонуларына шек қойылуы жөнінде жазылған қағаздардан кем болмайды, ал бұл мәселені ханның қанағаттанарлықтай шешуге шамасының келмеуі оның қарамағындағылардың арасында беделінің түсуіне үлкен себеп болады. Қазақ халқының өмірінде шешуші орын алған осы үш мәселе жөнінде Нұралы ханның ештеңе өндіре алмауы қазақ қоғамының ең көп деген топтарының арасында ханға үлкен наразылық туғызады, сонда бұл наразылық патша өкіметінің отаршылдық саясаты материалдық үлкен залал келтіргендігінен ғана туып қоймайды. Ханның әлсіздігінен, оның патша өкіметімен арасындағы қатынастарынан ештеңе шықпауынан хан өкіметінің беделі түскендігін көрсетті. Осылайша патша өкіметінің жүргізген «қитұрқы» саясатының нәтижесінде наразылық тек ханның өзіне, сұлтандарға және олардың туыскандарына ғана емес, сонымен бірге тұтастай хандық билікке деген өшпенділік күшейді.

Өйткені, рубасылардың көбісі және қалың көпшіліктің санасына патша өкіметі хандық биліктің уақыты өтті, енді ол сендерге қамқор, қорған бола алмайды, ендігі жақсылықты тек қана патшадан ғана көресің деген түсінікті егізуге тырысты. Өз билігінің беделі төмен түсіп кеткенін жақсы түсінген Нұралы хан да қарамағындағыларға үміт артуын тоқтатып, оны патша өкіметінің күшімен қайтадан қалпына келтіруге ұмтылады. Осыған байланысты ол Орынбор губернаторынан Жайық жағасынан бекініс салып беруді және халық наразы бүлік шығара қалған жағдайда оны қорғайтын қарауына бір полк орыс әскерін беруді сұрайды. Осылайша патша әкімшілігінің «бөліп ал да, билей бер» деген саясатының салдарынан Нұралы ханның өз халқынан «оқшаулануы» басталады. Яғни, ол енді қарамағындағы рубасылары мен билеріңе және тағы басқада жақындарының өзіңе берілгендігіне сенбей, өз халқынан қорқатын дәрежеге жетеді.

Алайда Е. Пугачев бастаған орыс шаруаларының көтерілісі және қазақ руларының қатынасуы Нұралы ханның дәуірін бірнеше жылға болса да ұзартады. Ал Ресейдегі шаруа соғысын бастаған Е. Пугачев болса соғысты бастаған кезде қазақтардың қолдауына үлкен маңыз берген. 1773 жылы күзде ол Нұралы ханға неше мәрте хаттар жазып, өзін Ресей империясының патшасы деп деп мойындауын талап етеді [4]. Бұл жағдай Нұралы ханның патша өкіметінің алдындағы бағасын көтермелеуге бір мүмкіндік болып табылды. Дегенмен Пугачевтың көтерілісін қолдауда Әбілқайыр әулетінен тараған сұлтандар екі түрлі көзқарас ұстанады: бірінші топтағылар Пугачевпен байланысқа түссек кейін патшаның ашуына қаламыз десе, екінші топтағылар қазақтардың болашақтағы тәуелсіздігін Пугачевтың көтерілісімен байланыстырды. Қазақ сұлтандарының ішінде жасырын түрде Пугачевті де қолдап, сонымен қатар, патшаның да көңілін қалдырмауды ұсынғандар болды [5, 220 п.]. Ал Нұралы хан болса Пугачевпен байланыс жасай отырып, бір жағынан Орынбор губернаторына көтерілісшілер отрядының орналасқан жерін, бет алысын мәлімдеп, әрі Пугачевке қарсы әскери көмек те ұсынып, екі жақты саясат ұстанды. Қазақтарды көтеріліске қатыстыруға Пугачев үлкен мән бергенімен, Нұралыны түпкілікті өз жағына қарата алмады. Сондықтан ол қазақтарға тікелей тіл қатуға ұйғарды.

Орынборды қоршап тұрған кезінде оның адамдары шақыру «қағаздарын» алып, Кіші жүздің ауылдарын аралап жар салды. Пугачев оларға жер-су сыйлап, дін бостандығын беруге уәде етіп, Екатерина II-нің үкіметіне қарсы бірігіп күресуге шақырды. 1773 жылдың қарашасында Пугачевтің манифесіне арқа сүйеген қазақтар Жайықтың оң жағасына өтіп, малдарын жайды. Орынбор әкімшілігінің мәлімдеуі бойынша тама, табын, жағалбайлы руларының кейбір бөліктері бірінші күннен-ақ Пугачевке қосылып, орыс бекіністеріне шабуыл жасады. 1773 жылы 7 қазанда Орынборға жасалған шабуылға 2 мың қазақ қатысып, үкімет әскеріне көп зиян шектірген. Беріш пен шеркеш руларының жасақтары Орал шебінің бекіністерінің гарнизондарына шабуыл жасаған. 1774 ж. қаңтарда А. Овчинников отрядының көтерілісшілері Гурьевті алғаннан кейін, Кіші жүздің батыс жағының тұрғындарына шаруалар соғысының ықпалы күшейе түсті. Ресей әкімшілігі мен хандарға қарсы кейбір сұлтандар да көтерілісшілерге қосылды. *Досалы сұлтан* 200 адамдық қолмен баласы Сейдалыны Пугачевке аманатқа жіберді. Ол Орынбор түбіндегі соғысқа белсене қатысты. Сонымен қатар Орынбор қоршауына және Елек (Илецк) қорғанысына шабуыл жасауға Орта жүз қазақтары да араласты, Кіші жүз бен Орта жүз қазақтары Пугачев армиясына материалдық жағынан да жәрдем көрсетті. 1774 жылы 10 сәуірде Сакмара ауданындағы ұрыста Пугачевтің негізгі күші жеңіліс тапты. Көтерілісшілер армиясының қалған топтары таулы башқұрт жеріне ығысты. Олар Оңтүстік Оралға келісімен көтеріліске қайта қуат бітті. Көтеріліс

орталығының Оңт. Оралға ығысуына байланысты қазақтардың Сібір қорғандарына шабуылы жиілей түсті. Пугачев Орта жүз қазақтарын өз жағына тартып, әскер әрі ат алу ниетімен оларға үндеу жазып, өкілдерін жіберді. 1774 ж. маусымның басында Сарыторғай маңында Орта жүз старшындары бас қосып, Пугачев үндеуіне келісетіндіктері туралы ұйғарымға келді. Сол жылы Кіші жүз қазақтары Жайық бекінісіне жиі-жиі шабуыл жасады.

Жекелеген жасақтар Жаңаөзен уезі мен Еділ жағалауына дейін барды. Қазақтар Пугачев армиясының әскери қимылдарымен ұйымдасқан түрде байланыста болмағанымен, олардың шабуылы Ресей үкіметі әскерінің күшіне қарсы тұра білді. Бұл соғыс қазақ халқының өміріне айтарлықтай әсер етіп, Ресей үкіметінің болашақтағы отаршылдық саясатына қарсы күресіне негіз қалады. Тіпті Сейдалы сұлтан Пугачев Москвада өлтірілгеннен кейін де патша өкіметіне қарсы белсене күрес жүргізе берген. Мәселен ол 1774 жылдың қаңтар айында беріш пен шеркеш руларының қазақтарын бастап бекіністердің шебіне шабыл жасау үшін, «Нұралы ханнан жасырын түрде» қару-жаракты жасақтар ұйымдастырады [6, 32 п.]. 1774 жылы тамыз айының басында, яғни қазақ халқы бұқарасының қозғалысы өте күшті өрлеп тұрған кезде, Нұралы Жайық қаласының комендантынан халық қозғалысын басу үшін көмек сұрайды, ол «қырғыз-қайсақтар соғысқа мойын ұсынып кетті, солардың бетін қайтаруға менің шамам келмей жатыр», - деп жазады [7, 301 п.]. Бұл жерде Нұралы хан патша өкіметінің алдында халық қозғалысының өршігені соншалықты оған шамам жетер емес деп дәрменсіздік танытқанымен, өзі де осы қозғалысқа жасырын болса да қолдау жасап тұрған. Яғни, Нұралы хан бастаған ақсүйектер екі жақты бағыт ұстанады: 1) соғысты пайдаланып, жер тапшылығын жою; 2) өзіне бағынышты қазақтарды қазақтарды тәуелділікте ұстау және жеңілсе патша алдында ақталу [6, 55 п.]. Осылайша қазақтардың қалың бұқарасы күресінің Ресей патшалығына қарсы күресінің осы даму процесі үстінде «Ішкі жаққа» көшу жөніндегі мәселе де шешіледі. 1773 жылы күз аяқталып, қыс кіре бастағанда толып жатқан қазақ үйлері Жайықтың оң жақ бойына көшіп шығады. Жайықтың оң жақ бойына шыққан ауылдардың ішінде Нұралы ханның және онымен туыстас бірқатар сұлтандардың (Айшуақ, Есім, Шұралы) ауылдары болады. Бұл кезде Пугачев та Орынборды қамап тұрады. Шекарадан өткен ауылдарға қарсы патша өкіметі жазалау шараларын қолдана алмайды, өйткені қазақтардың қозғалысы күшейіп кетуінен қорқады. Оның үстіне патша негізгі күштері түрікке қарсы соғысып жатқандықтан Пугачевке қарсы күресі әлсіздік танытып жатты. Дегенмен Нұралы ханның өз бетімен Жайықтың арғы бетіне көшіп өткеніне патша өкіметі мазассызданып, Нұралының патша өкіметіне берген антын бұзып, Пугачевтың жағына шығып кеткен деген қауіппен байланыстырады. Бірақ, патша өкіметінің бұл қауіпі бекер болатын. Бұл туралы ханның өзі 1774 жылғы хаттарының бірінде «мен көшкенде Пугачевтен қауіптеніп көштім және малға жер тар болып, лажсыздан көштім» деп түсіндіреді [6, 22 п.]. Мұны орыстардың қолына түскен бір қазақ та өзінен жауап алғанда осы жағдайды көрсетеді.


Онда ол былай дейді: «Нұралы барлық халқын, мүлкін және малын алып ана жақтан Жайықтың төменгі бойына теңізге қарай көшкенде, Ресейге қастық ойлап көшкен жоқ, малға жайылым іздеп көшті». Сөйтіп, қазақтардың Жайық пен Еділ арасындағы жерді қыстау үшін пайдалансам деген тілегі хан мен патша өкіметі арасында жазылған қағаздар арқылы іске аспай, тек Ресейдегі Пугачев бастаған шаруа соғысының қазақтар бұқарасымен байланысының нәтижесінде іске асады. Нұралы хан да көпшіліктің қозғалысына бағынып, басқа ауылдармен бірге көшеді және ол патша әкімшілігіне өзінің берілгендігін де білдіріп қояды. Осылайша қазақтар жазғытұрымда өз жайлауына қайтып келсе, ал 1774-1775 жылғы қыста «ішкі жаққа» қайта көшіп барады [7, 31 п.]. Кіші жүздегі толқу күшейгендіктен үкімет те бұрынғысынша жазалау шараларын қолдануды амалсыздан азайта бастайды. Өйткені 1775 жылдың қыркүйек айында керей руында қозғалыс шығып, ол көп ұзамай табын және тама руларына жайылады. Халық бұл көтерілісті бастаған адамды «невидимка» (көзге түспес) деп атайды. Көтерілістің негізгі үгіт жұмыстары Пугачев өлтірілсе де онымен есімімен байланысты жүргізіледі. Шамасы қазақтар өздерінің қоныстанып жүрген жеріне жаңа «патшаның» келуін күткен болуы керек. Осы оқиғаның өзі қарапайым қазақтардың Нұралы ханнан теріс айнала бастағанын көрсетті. Өз кезегінде көтерілістің ауқымы да тез жайылып, 1775 жылы желтоқсанда табын және тама руларымен бірге шекті, шөмекей, байбақты руларының ауылдарын да қамтиды.

Көтеріліске Сейдалы сұлтан да келіп қосылады [8, с. 205]. Дегенмен Кіші жүздегі қозғалыстың күшеюінің арқасында патша өкіметі қазақтардың қыс кезінде «ішкі жаққа» көшуін заңдастырып беруге мәжбүрлік танытып, 1775 жылы 7 қарашадағы патшаның жарлығы бойынша Сыртқы істер коллегиясы бұл көшке рұқсат береді [3, 187 б.]. Алайда патша өкіметінің бұл әрекетіне наразылық көрсеткен Орал казак-орыс әскерлерінің старшиналары: «бұл мал айдап өту әскердің балық аулау шаруашылығына залалы тиді және станицалардың дайындап қойған шөптерін қазақтардың малы бүлдіріп отыр, деп ішкі жаққа» өкіметке бірнеше мәрте хаттар жазып, қазақтардың мал айдап өтуіне тиым салуды өтінеді. Өздерінің отаршылдық саясатын жүзеге асыруда нақты қолшоқпары болған Орал казактарының «өтінішіне» назар аударған патша өкіметі 1782 жылы 27 желтоқсанда генерал-губернатор Апухтиннің атына жарлық шығарылып, онда малды айдап өтуге Оралдың арғы бетіндегі далада жұт болғанда ғана рұқсат берілсін және қазақтар жерді жалдап алатын болсын делінеді. Осылайша патша өкіметі қазаққа өз еркімен жерін жалға беретін жер иесі табылмаса, онда оларға малды өткізбеуге сылтау тауып береді. Патшаның соңғы жарлығының негізінде қимылдаған жергілікті әскери әкімшілік пен Шекара экспедициясы қазақтардың Төменгі Оралдың сол жақ бойындағы жерлерді пайдалануына

шек қояды. Бірақ қазақтарға малды айдап өтуге тиым салмай, тек шеп бойында тосқауыл күзетті күшейтуге және бекініс коменданттарына қазақтардың малдарын ақы алып және «қырғыздардың тыныш жүруіне кепіл ретінде аманат алып өткізіңдер» деп нұсқау береді [3, 188 б.]. Дегенмен Е. Пугачев бастаған шаруалар соғысы Нұралы хан мен патша өкіметінің арасына жік салып кетеді. Өйткені қазақ сұлтандарының бейбіреулері Пугачевтың соғысына қатысуы, Нұралы хан мен оның туысқан туысқан сұлтандары да осы соғысты өз мүддесіне пайдаланып қалуға тырысуы оның патша өкіметінің алдындағы сенімін жоғалтты. Патша өкіметінің алдында сенімінен айрылғанын ханның өзі де жақсы түсінді. Сондықтан олар қайтадан сеніміне кіру үшін жергілікті әкімшілік пен патша өкіметінің атына өз-өздерін ақтап қайта-қайта хаттар жазады. Алайда бұл хаттардар акталумен қатар бір-бірін қаралаған шағымдарда жазылады. Осының салдарынан ханның әулетінде өзара алауыздық араздық күшейеді. Мұның өзі старшындардың позициямын күшейтіп, хандық биліктің одан сайын әлсіреуіне әкеліп соғады. Өйткені бір-біріне араз болған сұлтандар ханның негізгі тірегі еді. Яғни Нұралы хан патша өкіметінің отаршылдық саясатының салдарынан осы негізгі тіректен айрылып қалды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Рычков Н.П. Журнал или дневные записки капитана Рычкова по разным провинциям российского государства, 1769 и 1770 году. - СПб., 1770. - 189 с.
2. Вяткин М. Очерки по истории Казахской ССР. - Ленинград: Госполитиздат, 1941. Т.1. - 368 с.
3. Вяткин М.П. Сырым батыр. - Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1951. - 395 б.
4. Рязанов А. Пугачевская восстание и хан Младший Орды Нурали // Советская Киргизия, 1924. - №8-9.
5. РИССМ. 122-қор, 122/2тізбе, 1763, 7-іс.
6. РИССМ. 122-қор, 122/3тізбе, 1774, 3-іс.
7. РИССМ. 122-қор, 122/3тізбе, 1773-1774, 5-іс.
8. Рязанов А. Ф. От голоски Пугачевского восстания на Урале, в Киргиз-Кайсацкой малой орде и в Поволжье (по материалам Централархива КССР) // Советская Киргизия, 1925. - №1. - С.205-207.



ӘОЖ 94 (574) : 929

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫСЫ ҒАЗЫМБЕК БІРІМЖАНОВТЫҢ «АҚЖОЛ» БАСЫЛЫМЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Сембиева Ш.Б.

М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

Аннотация. В данной статье рассматривается Общественно – политическая деятельность Газымбека Биримжанова-одного из тех, чье имя до сих пор носит неопределенный характер, который в начале прошлого века служил для нации, но до сих пор не получил своей исторической оценки. За основу его жизни и общественно-политической деятельности были взяты труды К. Есмагамбетова, Т. Каленовой, К. Ертая, Т. Журтбая, Д. Аманжоловой, К. Нурпеиса, М. К. Койгелдиева и др. исследователей. В первой четверти XX века была создана особая Центральная комиссия по борьбе с голодом по Туркестанскому краю совместно с ее председателем Т. Рыскуловым, Центральной комиссией были рассмотрены пути борьбы с голодом в республике, оказана помощь голодающим, предприняты все возможные меры, казахская интеллигенция А. Байтурсынов, Г. Биримжанов и другие лица были незаконно привлечены к преступлению и наказаны безвинно уточняется данными. Также на основе данных рассматривается связь с деятелем алаш М. Шокаем. В статье рассказывается о том, что Газымбек Биримжанов, будучи учеником, последователем А. Байтурсынова, М. Дулатова, был созвучен с ним, был замечательным писателем, врачом, агрономом и общественным деятелем-просветителем.

Ключевые слова: Алаш, деятель, общественный, политический, нация, репрессии, писатель, партия, движение, советский

Annotation. This article examines the social and political activities of Gazymbek Birimzhanov, one of those whose name is still vague, who at the beginning of the last century served for the nation, but has not yet received its historical assessment. The works of K. Esmagambetov, comrade Kalenova, K. Ertai, T. Zhurtbai, D. Amanzholova, K. Nurpeis, MK Koigeldiev and other researchers were taken as the basis of his life and social and political activity. In the first quarter of the twentieth century, a special Central Commission to Combat Hunger in the Turkestan Territory was created together with its chairman comrade Ryskulov, the Central Commission considered ways to combat hunger in the republic, provided assistance to the starving, taken all possible measures, the Kazakh intelligentsia A. Baitursynov, Birimzhanov and other persons were unlawfully involved in the crime and punished innocently specified by data. Also, on the basis of the data, the connection with the leader Alash M. Shokai is considered. The article tells that Gazymbek

Birimzhanov, being a student, follower of A. Baitursynov, M. Dulatov, was in tune with him, was a wonderful writer, doctor, agronomist and public figure-educator.

Keywords: Alash, activist, public, political, nation, repression, writer, party, movement, Soviet

Түркістан коммунистік партиясының Орталық Комитеті Атқару бюросы халықпен жүргізетін идеологиялық жұмыстар кешенінің бірі ретінде 1920 жылы 19 қазандағы мәжілісінде «Қырғыз газеті» туралы мәселе қарап, ТКП ОК мен ТүркОАК органы ретінде «Ақ жол» газетін шығаруға; газетті аптасына кем дегенде 2 рет жарты баспатабақ көлемінде 12 мың данамен шығаруға шешім қабылдап, жауапты редакторлыққа Сұлтанбек Қожанов, жауапты хатшылыққа Міржақып Дулатов тағайындалды. Осы кезде редакция құрамында Иса Токтыбаев, Хасан Алиев, Абдулла Байтасов, Қоңырқожа Қожықов, Хади Илаев, Ғабит Алпаров қызмет істеген [1].

1920 жылдың аяғында М.Дулатовтың ұсынысымен «Ақжол» газетіне жұмысқа шақырылған Ғазымбек ағартушы, қаламгер, дәрігер, агроном, қоғам қайраткері ретінде танылды. Қаламгерлік жолында Ғазымбек «Ақжол» газеті беттеріне 1921-1922 жылдары «Ғ. Бірімжанов», «Ғазымбек», «Шеген», «Ш-н», «Ғ» есіммен мақалалары жарияланды. Сонымен қатар Ғазымбек осы кезеңдегі қазақ даласындағы күн тәртібіне қатты қойылған қоғамдық - әлеуметтік мәселелерді жалғастыра жырлаушы журналист, елді оқу-ағарту, әйелдерді езгіден азат ету жөнінде А.Байтұрсынов, М.Дулатовтардың шәкірті, ізбасары болған, солармен үндес, пікірлес болған өрелі өрен.

Ғазымбек Бірімжанов «Ақ жол» газетіндегі жұмысы жайлы 1929 жылы тергеу кезінде былай деп атап өтеді: «...До весны 1920 года, прослужил в Семипалатинске, пока брат не был вызван, тогда ему...на работу в Оренбург....братом в Оренбург, где я узнал об открытии Средне-Азиатского Университета. Поехал в Ташкент и поступил в университет, где мне, фактический, не удалось учиться, т.к. меня мобилизовали на работу, как сотрудника в редакцию газеты «Ак-Жол». Это был конец 1920 и начало 1921 года. Там я проработал до октября 1922 года»[2].

Негізінде Ғазымбектің газет беттеріне жарияланған мақалалары әр алуандылығымен, ұшқыр ойлы пікірлерінің нақтылығымен, қоғамдағы өткір мәселелерді шынайы түрде боямасыз жеткізіп отырумен ерекшеленеді. Жариялаған мақалалары тақырыпта қозғалған мәселені терең біліп, нақты зерттеп жазуға тырысқан. Қазақ жерінің суы мол, шөбі шұрайлы, шабындықты жерлерінің басым бөлігі сырттан келген келімсектерге беріліп, өз жеріміздің уысымыздан шығып бара жатқандығы, орыс шаруаларының қазақ жеріне қарай толассыз ағылуы Алаш қайраткерлері секілді жас өрен Ғазымбектің де жанын жегідей жеді.

Кезінде «Кеңестің жауы», «халықтың жауы» деген қарғыс таңбасы басылып, қорланған Ғ. Бірімжановтың «Ақ жол» газетінде қалдырған публицистикалық мұрасы оның жау емес екенін дәлелдейді. Мысалы, Ғазымбектің «Ақжол» газетінің №41 санында жарияланған «Қазақ-қырғыз еңбекшілерінің ұйымы – Кеңесшіл хукіметтің сүйеніші» (29.03.1921) мақаласында бір кезеңдерде елдегі негізгі кімнің қолында байлық болса, билік сонда еді, ал енді қазір Кеңес үкіметі орнаған соң елдегі жағдай өзгерінін, Кеңесшіл үкіметтің тек еңбекшілер үшін құрылған деп ұрандаған. Бүгінгі тіршіліктің талас-тартысында кім азулы болса, заман сонықы. Бір кездерде барлық қоғамдағы билік дәулетті байлардың қолында болып келгені мәлім. Енді міне Кеңес үкіметі орнағаннан соң бар билік еңбекшілерге берілді. Бұл құрылған Кеңес үкіметі кімде-кім еңбектенсен, өз еңбегімен күнін көрген еңбекші халықтықы, себебі осы үкіметті жасаған сол еңбекшілердің өзі деді. Осы үкіметтің орнату үшін қаншама боздақтар қыршынан қиылып, ана жесір, бала жетім болып қаншама жастың өмір құрбан етті. Сондықтан да өмірде ана мен бала бір-біріңсіз өмір сүруі қиын болса, еңбекші мен үкіметтің ара қатынасы да сол секілді болуы қажет. Себебі осы үкіметтің орнауы оңай болған жоқ екендігін айтқан. Енді, қазақ - қырғыз еңбекшілерінің билік, әскер, партия жұмысына шейін өз қолына алып, адам санына сан жетпейтін уақыт жетті.

Кеңесшіл хукімет пен қазақ - қырғыз еңбекшілері сонда ғана, бір - біріне түсініп, сонда ғана бір - біріне сүйеніш болады. Біздің қазақ - қырғыз халқы осы дәрежеге жеткенде, Кеңесшіл хукімет сонда ғана мақсатына жетеді. Кеңесшіл хукімет сонда ғана қазақ - қырғыздың ішінен сүйеніш табады. Мұнан басқа жерде істеген істің бәріде я алдану, я алдау болып табылады.

Кеңесшіл хукімет, жер жүзінің еңбекшілеріне бірдей қайырымды. Жалғыз біздің қазаққа емес. Бірақ, Кеңесшіл хукіметтің басқа хукіметтерден айрықша бір артық жері, алдымен езілген ұлттарды бұғаудан босатып, солардың қолын теңдікке жеткізу. Қазақ-қырғыздың, Кеңесшіл хукіметке деген тегіс сүйеніш болатын жөні бар. Әсіресе, Жетісуда қазақ - қырғыздың бөлінетін неш нәрсесі қалған жоқ.

Қазақ - қырғыз еңбекшілері! Ұйымдассандар, күшейсендер, жебірлерге жем болмайсындар, еңшілеріңді аласындар, сендер Кеңесшіл хукіметке, Кеңесшіл хукімет сендерге сүйеніп, қол ұстасасындар. Сонда ғана, жақсы тұрмыс құрып, жаңа тілекке жетесіңдер! Жасасын ұйымдарың! Жасасын, орыс еңбекшілері мен бірліктерің, бір - біріне сүйенулерің! - деп Кеңесшіл үкімет пен қарапайым еңбекшілердің арасында мызғымас камал орнауы керек, себебі үкіметтің негізгі сүйеніші еңбекшілер екендігін баяндады. Кеңесшіл үкіметке деген қарапайым халықтың сенімін арттырып, ол үкімет жер бетіндегі барша еңбекшілері сенім артқан күш секілді түсіндірді. Сонымен қатар (12.05.1921) «Бізге кім дос» атты еңбегінде де «Осы күні кеңесшіл хукімет орнықты, жан-жағынан ішінен болсын, тыстан болсын, анталап тұрған көп жауларының бәрі де жойылды. Енді бұған

тұра алатын жау жоқ деп айта алмасақ та, кеңесшіл хукіметтің досынан дұшпаны көп екені рас болса да, нақ бүгінгі күні кеңесшіл хукіметті жағадан алып қамап тұрған жау жоқ. Кеңесшіл хукімет өзі соғысқа сұранбайды. Кеңесшіл хукімет әсіресе осы күні ең ымырашыл хукімет»-деп, [3.]. Кеңесшіл хукіметтің бұл күндері ешқандай сыртқы жауы жоқ екендігін, өздігінен соғысты бастамайтындығын, «Осы күнгі тіршіліктің дүниеге шығарған өзді-өзімен таласып-тартысып жатқан саяси партияларына үлгі алып, ұйымдасып отыр. Қатар түзеп барып, көкпардың бір жағынан ұстай алмай, досымызбен құшақтасып, дұшпанымызбен жағаласа алмай жүрген кінәнің бәрі өзімізден.

Біздің өзіміздің соңғы шын досымыз–кеңесшіл хукімет»-деп, Кеңес өкіметі жөнінде жан жүрегімен толғанған Ғазымбек Кеңес өкіметінің жер бетіндегі барша халықты отаршылдықтың бұғауынан босатып, теңдік алып беретінін, халықты ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке шақырып, Кеңесшіл өкіметтің халыққа, халықтың өкіметке сеніп, бір–біріне сүйеу болындар деп ұрандаған.

Еңбегінің негізгі өзегі ретінде Кеңес өкіметі жайында «Өткен заманда жұмыскерлер күні-түні күйсіз жайда жұмыс қылып, зорығып, дертке де шалдығушы еді. Жауырыны бүкірейіп, кеудесі күшейіп, көкірек ауру болған етікшілерді, көзінен айырылған ұсталарды біздің қазақ арасынан да көруге болады. Шаруалардың өздерін ұтымдылыққа үйретіп, еңбегін біреуге жегізбеу, денсаулығын сақтау, құқығын һәм неше түрлі жәрдем өтемдерін беріп, тұрмысын жақсарту Кеңес өкіметінің мақсаты» деген сөзді өз еңбегіне арқау етті [2.]. Алайда «Кеңес өкіметінің жауы», «халықтың жауы» деген айып арқалаған Ғазымбек сонау 1921 жылы-ақ осыларды айтқан. Кеңес өкіметінің орнағанына елмен бірге қуанған, халық басына төнген қасіретке елмен қатар қайғырған адамды қалайша жау деуге болады? Ниеті жат жау осы сөзді айтып, осылай тебірене ме? Шіркін, «Егемендік» деп еңіреп, халқымыздың амандығын, өсіп-өнуін, гүлденуін көксеріп отырған бүгінгі күндерде ел мүддесін туғып көтеретін осындай азаматтар жүздеп, мыңдап көріне берсе, кәне!

Қазақстанның алыс аудандары мен шалғай ауылында осындай індет, дерттердің әлі де бар екені, көкірек ауруға қарсы күресті күшейту, халықтың денсаулығын сақтау ол үшін жан аямай күресу туралы қазіргі мемлекет тарапынан қабылданған шаралар, қойылып жатқан міндет, талаптар Ғазымбектің бұл материалдарының әлі де идеялы, әлі де мән-маңызын жоймағанын көрсетеді.

Ғазымбек кез-келген материалының мазмұнымен де, мағынасында халықтың да жауы емес, қайта сол халықтың жоғын жоқтаушысы, мұңшысы екенін, өз елінің жанашыры екенін дәлелдеп отырды. Бірде ол: «...надан, үлгісіз, азап шеккен, қорлық көрген», зұлымдарға құл, жем болған, қоян жүрек қорқақ, қорғалақ болған біздің қазақ, қырғыз емеспе?» деп халықтың өзгелерге жем болғаны жөнінде айтып егілсе, бірде «Россия тарихының-отаршылдық тарихы болғандығы, біздің қазақ-қырғыздың «халық түрмесінен» шыққаны өтірік пе?» (14.01.1921) деп жазды. Тағы бірде «орыс отаршыларымен, өз арамыздан шыққан соғылғандармен тартынбай таласу, тартысу, аянбай алысу керек, иә, өлім, иә, азаттық» (07.06.1921) деп халықты ешқашанда тартынбай өзінің азаттығы үшін кез-келген қауіп-қатерге дайын болу керектігін айтып сілкінді. Ал, жарияланған «Қырсық» (28.6.1921) атты мақаласында ол: «Ырғыз уезінің, әсіресе Қара бұтақ уезіндегі 8 қазақ болысының халқы аштықтан ісіп-кеуіп, қырылып жатыр. Қарабұтақ ауданында осы күнде бірнеше ауылдар, болыстар, қоласты толайымен сары тышқан ұстап жеп жатыр. Ырғыз, Шалқар, Қарабұтақта һәм әрбір ауылда күніне көшеде, ауыл ортасында 10 - 15 адам өліп тұрады. Біреудікің біреу ұрлап тартып алып, сойып жеу әрбір ауылда, болыста бар» деп дабыл қаққан еді. Алайда тиісті орындар бұл дабылға мән бермеді, керісінше «елді үркіттің, үрейлендірдің деп «Ақжол» газетіне кінә қойғанды [2]. Елде ашаршылық жайлап, «ауруын жасырған өлер» дегеннің кебін киіп отырғанын, ашаршылықтың алдын алмай, елге қауіп төнгенін, ел көзіне өлім елестей бастағанын ашық айтты. Ғазымбектің 1921 жылғы ашаршылықта халықтың қырылуы жүрегі «елім» деп соққан алаш азаматының жанына қатты батты. Ел арасына ашаршылықтың әсерінен тараған жұт пен індеттен халықты қалайда аман алып қалуға жанын салды. Осы кездегі өзінің суы мол, шөбі шұрайлы жерінен айырылып, арыз-мұңдарын кімге жеткізерін білмей дал болған халықтың ауыр жағдайын қаламгер өз еңбектеріне арқау етті.

Қаламгер «Түркістан отаршылдарына сот» (07.05.1922) еңбегінде Ташкент қаласындағы соттағы жағдайды баяндайды. Онда қазақтардың ата-бабаларынан мұра болып қалған жеріне орыстар арасындағы жанжалды қарастырған. Атын естігенде бүкіл алаштың жүрегі дүп-дүпдейтін, қазақтың тұрмысын, жайын, білгіш атақты Әлихан Бөкейханұлының патшашыл хукіметтің қазаққа тұтқан саясаты туралы жазған сөздерін сот тексеруінде отаршыларды айыптап тұрып кітаптан оқып келтірді: «патшашыл хукімет қазақ жерінің бәрінде мемлекет жері қылып заң шығарған, меншіктеп жер берілсе, арнап белгілі жуан жұдырықтарға, байларға ғана берілген. Егіндік һәм шаруаға, тіршілікке жайлы жердің бәрін қара шекпендерге әперіп, переселен мекемелерінің меншігіне шығарып жіберген. Үй салып орныққан. Қазақтарды көшіргенде қағаз жүзінде ақша берілетін болсада, іс жүзінде былай болған: хукімет қазақ жерін айнала пішіп, мінеп, қазақтардың сулы жерін қара шекпендерге жіберіп, қазақтарды шөл аралға қамаған. Ақырында жемқорлардың өртінің құрсауында қалған қазақта «ақылың болса, ала байтал суға шаптың» мүшкіл халіне түскен. Өз жерінен, жұртынан өздері безе бастаған. Переселен чиновниктерінің «әділдігі» һәм «қамқорлығы» әсіресе қазаққа келгенде осындай болған. Сөйтіп, ақша берілмейтін жолда оп-оңай табыла қойған. Бұл көріп отырған уақиғамыз 1920 жылы бостандық, октябрь төңкерісінің кейін болғанмен де, патша заманынан мұның несі кем деп айта аламыз?! Біз баяғы ақысына таласып, айқаса кете алмайтын «құдай салды, біз көндік» қазақты көріп отырмыз. Олардың

арын арлап, намысын намыстап, қазақтың қамын жеп отырған ешкімге қазақтың ақысын жібермейтін хүкімет кісілері болып отырғандардың да түрін көріп отырмыз.

Сонымен қатар Ғазымбек еңбегіне негізгі арқау болған тақырыптың бірі ол-халық арасындағы оқу-ағарту ісі жайында сөз қозғап, әр болыстықта жеке мектептердің ашылуы, мұғалімдерді маусымдық егін жұмысына емес, олар өз жұмысын білу керек деп айтты. Ардақты алаш азаматтарды, қазақ-қырғыздың көзін ашып, алаш халқын ағартушы сендерсіңдер. Жазға қарсы адамнан адырап-қаусап қалған Ташкеннің әдемі кілем төсеге, жұмсақ орындықта отырып үш саусағының ұшымен қағазға қол қойып отырған бірен - саран адамға сенбендер. Алаштың оқыған азаматының саны белгілі. Үміт өздеріңнен, басқаға сенбендер. Ардақты алаш азаматтары, қазақ - қырғыздың көзін ашып, алаш халқын ағартушы сендерсіңдер, бірлікпен көп жұмысына өз жұмыстарындай жұмылып жұмыс қылыңдар. Қайырлы, жемісті болсын тұңғыш жиылыстарың қайырлы, жемісі көпке, халыққа болсын [4.2996]-деп барлық істеген іс ел игілігі үшін жасалуы қажет екендігін баса айтады. Үстіміздегі хүкімет ескі патшашыл хүкіметтің "қазақ халқында неш бір алға басушылық көрінбейді, қазақ халқы өзінен-өзі жоқ болуға тиіс",-деген отаршыл саясатын жойғандығын халықтың көзіне көрсету керек дей келе, Ғазымбек ел қайғысына бірге күйіне білген азаматтардың бірі болған. Ел арасындағы қазақ арасынан шыққан көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың қайғысына да ортақтасып өз күйінішін газет бетіне жариялап отырғандығын байқатады.

Әдебиеттер:

1. Қаленова Т. «Жүсіпбек Аймауытовтың: қайраткерлігі, ағартушылығы, саяси көзқарасы» Астана. 2012.
2. ҚР ОММ. 320-қ.-1-т.-45-іс.-46-п, Дулатов М. Аштық қырғынынан қайтсек құтыламыз? // Қазақ тілі.- 1922.- №55.
3. «Ақжол» газетінің қазақша басылымы. Ан-Арыс 2012. 3-том.-7,22,41, 2686б.
4. «Ақжол» газетінің қазақша басылымы. Ан-Арыс 2012. 4-том,-299б.



ӘОЖ 94(574)

XIX ҒАСЫРДЫҢ ОРТА КЕЗЕҢІНДЕГІ ПАТША ҮКІМЕТІНЕ ҚАРСЫ ҚАЗАҚ ШАРУАЛАРЫНЫҢ КҮРЕСІ

Биназарова Назым Нұрланқызы
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
«Тарих және география» кафедрасының аға оқытушысы

XIX ғасырдың ортасында патшалық Ресейдің қазақ даласында бекіністердің құрылысы жалғаса берді. 1837-1847 жылдары Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс кезінде бір жыл ішінде Кіші жүз территориясындағы жайылымдарының жерінде екі бекініс салынды. Олар 1845 жылы Кіші жүздің шығыс бөлігінде салынған Торғай қамалы және Ырғыз қамалы болды. 1847 жылы Сырдария өзенінің Арал теңізіне құятын жерінде Райым бекінісі құрылды, 1848 жылы Орал мен Орск бекінісі арасында Қарабұтақ бекінісі құрылды. 1846 жылы ол Каспий теңізінің шығыс жағалауындағы Түпқараған түбегінде Ново-Петровский сарайын (Александровский форт) салды.

Ресейдің оңтүстік аймаққа, Сырдария облысына қарай кеңеюі осы аймаққа қоныс аударатын Кіші жүздің рулары тарапынан ашық наразылыққа тап болды. Бұл көтерілістерді Есет Көтібарұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы басқарды.

Орыс әскерлерінің Сырдарияға келуі, әрине, осы аймақтың билеушісі болған Қоқанның Хиуа билеушісіне ұнамады. Олар сондай-ақ Сырдария және Арал аудандарында бекіністер салуды бастады. Қазақтардан Жем өзеніне дейін олар зекет, жарғанат жинады.

Ал Ресейдің Орынбор әкімшілігі 1837 жылы темекі шегуге салық салып, әр үйден 1 сом 50 тиын жинай бастады. Сонымен қатар, Орынборды қоспағанда, орыс бекіністеріне әскери керек-жарақтарды тасымалдау қарапайым көшпелі малшыларға-түйелерге, осы аймақта арнайы салынған халық жылқыларына зиян тигізді [1, 87 б.].

Түркістан өлкесіне баратын әскердің гарнизондық қажеттіліктерін тасымалдау — лау міндеткерлігі деп аталды. Мұндай төтенше салық міндеткерліктеріне лау міндеткерліктерінен басқа жолдарды, арықтарды тазалау, көпірлерді жөндеу, малдың қысқы азығы, отынмен қамтамасыз ету, т.б. жатты. Сырдария бойында бекіністер салу мен 1853 жылғы Қоқан хандығына қарсы Ақмешіт жорығының барлық ауыртпалығы халықтың мойнына түсті. Олар орыс жасақтарын көлікпен, жүк артып көлік бағатын қара жұмыскермен қамтамасыз етуге міндетті болды.

Көтеріліс басшысы Есет Көтібарұлы Кіші жүздегі саны жағынан ең көп саналатын шекті руының аса ықпалды батыры. Ол қазіргі Ақтөбе облысы, Шалқар қаласының іргесіндегі Ақши деген жерде туған. Есеттің әкесі Көтібар Бәсенұлы XVIII ғасырдың соңындағы Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы кезінде шекті руының жасақтарын бастап, Тіленші, Асау батырлармен бірге патшалық Ресейдің отарлау саясатына қарсы күресті [2, 287 б.].

XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Сегіз сері Баһрамұлы өзінің «Қашқын» дастанында Көтібар батыр туралы:

Аралас шекті, табын қонған екен,

Олар да патшаға өшті болған екен.

Көтібар заманында ту көтеріп,

Халқына хал-қадірі болған екен — деп жырлайды.

Сырым мен Көтібардың түпкі мақсатына жете алмай, біреуі Хиуада, біреуі өз елінде қаза болуы жайында:

Сырым мен Көтібардың,

Пайдасы тиген жалпыға.

Екеуінің өлімі Қатты батты халқына, —деп көрсетеді.

Осындай күрескер әкенің ұлы Есет жас кезінен-ақ Кіші жүздегі қоғамдық-саяси өмірге белсене қатысты. Шекті руы тілеуқабақ тармағының рубасы, әрі биі, әрі батыры ретінде аты Кіші жүзге, одан асып үш жүзге белгілі болды. Ол XIX ғасырдың екінші жартысында патша үкіметінің отарлық саясаты күшейіп, Қазақстанның Ресейдің қол астына енуі аяқталар уақытта ел тағдыры үшін күреске белсене араласты.

Есет Көтібарұлы көтерілісі қарсаңында Кіші жүз көлеміндегі ең ірі тайпалық бірлестік — шекті руы 12 800 түтін, шамамен 65—85 мың адамнан тұрды. Есеттің қарамағындағы үлкен шекті рулары жазда Жем өзенінің жоғарғы ағысы, Арал теңізінің жағалауы, Үлкен және Кіші Борсық құмдарын мекендеді. Ал Жанғожа бастаған кішкене шектілер — 3500-дей түтін басқалардан бөлек Кіші жүздің оңтүстігін Қуандария, Сырдарияны мекендеді. Жанғожа мен Есет ағайынды болатын. Халық Есетке қыр шектісі, Жанғожаға сыр шектісі деп атаулар берген. Жаугершілік заманда Есет үнемі Жанғожаға көмек беріп отырған [3, 416 б.]. XIX ғасырдың 40-жылдары патша үкіметінің отарлық езгісімен Хиуа, Қоқан билеушілерінің озбыр шапқыншылықтары күшейе түсті. Осылайша Кіші жүздің оңтүстік аудандарындағы, Арал мен Сырдың төменгі ағысындағы қазақтар екі жақты қысымның ортасында қалды. Қоқан, Хиуа бектері де Сырдариядағы бекіністерге жақын маңда көшіп жүрген қазақтарға дүркін-дүркін шапқыншылықтар жасап, ауылдарды тонап, үйлерін өртеп, малдарын айдап әкетті.

Орталық Азия хандықтары қазақтардан зекет, ұшыр жинау арқылы оларды өздеріне тәуелді етуді көздесе, патшалық әкімшілік те дәл осындай мақсатпен түтін салығын төлеуді талап етті. Осындай «былай тартсаң арба сынатын, былай тартсаң өгіз өлетін» қиын саяси жағдайда жергілікті рубасылары алдында бірнеше жолдың біреуін таңдау міндеті тұрды. Жанғожа Нұрмұхамедұлы Хиуа, Қоқан хандықтарына байланысты бітіспейтін жаугершілік бағытты ұстанды. Ал кейбір Кіші жүз сұлтандары Хиуа хандарымен тату байланыс орнатты. Есет Көтібарұлы болса Ресеймен де, Хиуамен де дипломатиялық жолмен қатынас жасауға тырысты. Себебі олармен тығыз сауда байланыс орнатылған еді. Әсіресе, Хиуамен байланыстың үзілуі ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан отырықшы қалалардан қол үзуге әкелер еді. Ал Жанғожаның қол астындағы кіші шектілер өздері 3 мың десятинаға жуық жерге егін егіп, Хиуа астығынсыз-ақ күн көретін. Басқа тауарларды Бұхардан сатып алды. Кіші жүз қазақтары XIX ғасырдың 20—30-жылдары шекара шебінің салынуына байланысты табын руы мекендеген жайылымға, өзендерге, тұзды жерге бай Жаңа Елек ауданынан бір рет айырылды. 40-жылдардың ортасында Жем өзенінің ар жағына өтуге тыйым салынды. Ал бұл ауданда үлкен шектілердің жайлауы орналасқан болатын. Ембі посты мен Арал бекінісі салынған кезде шектілер ол жерді де тастап шықты. Жоғарыда айтылғандай алғашқы наразылық 1853 жылғы Ақмешіт жорығына қажетті 4 мың түйе мен көлік жабдықтарын беруге бас тартудан басталды. Есет бастаған көтерілісшілерді жазалау өз нәтижесін бермеді [5, 372 б.]. Патша үкіметіне қарсы қарулы қақтығыстар 1855 жылы жазда қайта басталды. Оған Қырым соғысында Ресейдің түрік әскерлерінен жеңілуі әсер етті. Қырым соғысының нәтижелері қазақ даласында отаршылдыққа қарсы көңіл күйдің өрши түсуіне жағдай жасады. Есет өзіне қарсы күштердің шығарылуын күтпей, топ жасақтай бастады. Есеттің қол астына 1300-ге жуық шекті, табын, адай, т.б. патшалық озбырлықтың құрбандары жинала берді.

Есет Көтібарұлына қарсы Орынбор бекінісінен Кіші жүздің орта бөлігінің басқарушы сұлтаны Арыстан Жантөреұлы басқарған қазақ әскери жүздігі және әр түрлі рулардан 900-дей сарбаздар жиналды. Онымен бір мезгілде батыс бөліктің басқарушы сұлтаны М.Тәукеұлы жасағымен қырға бет түзеді. Елек өзенінің жоғарғы ағысындағы Суықсу шатқалындағы сұлтан лагеріне тұтқиылдан жасалған шабуыл кезінде Арыстан Жантөреұлы және т.б. дистанция бастықтары, билер, рубасылары — барлығы 10 адам қаза тапты. Ал Дәуіт Асауұлы бастаған шөмішті, табын, ысық, таз, шеркеш руы қазақтары келісім бойынша Тәукеұлы жасағына шабуыл жасауы керек еді. Мұны естіген Тәукеұлы дереу шепке оралып, қазақ жасағын ертіп шығып, Дәуіт Асауұлына қатысты ауылдарды талқандап, малдарын тонады. Дәуіттің отбасы тұтқындалып, Орынборға аттандырылды. Дәуіттің өзі бой тасалап үлгерді.

Енді Есет жасақтары 10—40 адамнан тұратын шағын топтарға бөлініп, патшалық Ресей жағындағы би, рубасы, сұлтандардың малдарын айдап әкетумен айналысты.

Орынбор әкімшілігі көтерілісшілерге қарсы Орал, Орынбор қазақ әскерін, башқұрт полктерін, бекініс гарнизондары күштерін бір мезгілде қырға шығарды. Жазалаушы жасақтарды басқарған подполковник Кузьминский, Дерышевтер көтерілісшілер ауылдарымен қоса бейбіт ауылдарды жан түршігерлік қаталдықпен жазалады. Жазалаушыларға «бүлікшілердің» мал-мүліктерін тонап алуға, барымта жасауға рұқсат берілді. Есет Үстіртке жақын Асмантай, Сам құмдарына шегінуге мәжбүр болды. 1857 жылы Сам құмдарында көтерілісшілер түгелімен талқандалды.

Есеттің Хиуамен көмек жөніндегі келіссөздері нәтиже бермеді. Есеттің алдында тағы да екі жолдың бірін таңдау міндеті тұрды: туған жерді тастап шығып, Хиуаның қол астына бағыну немесе Ресей билігін мойындап, ежелгі ата-қоныста қалу. Есет екінші жолды таңдады. Тек 1858 жылдың жазында ғана, В.А.Перовскийдің орнына тағайындалған генерал-губернатор, Катенин Жем бойында Есетпен бітім жасасады. Есет лажсыздан патша билігін мойындауға мәжбүр болды [3, 417 б.]. Есет 1859 жылы бірнеше би-сұлтандармен Петербургке барып, империяның күш-қуатымен танысып қайтады. Қазақ даласынан барған бұл делегацияны әдейі әскери шеруге қатыстырған. Осылайша Есеттің халық алдындағы беделімен санасқан патша үкіметі оны өз жағына тартып, шекті руының қабақ тармағының басқарушысы етіп тағайындайды. Арынғазы Әбілғазыұлы мен Жанғожа Нұрмұхамедұлының Хиуа мен Қоқан хандықтарына және Ресей отаршылдығына қарсы күресі. XIX ғасырдың басынан басталған Азия құрлығы үшін Англиямен бақталастық, Ресей үшін Қазақстанның Шығыс елдеріне апаратын «қақпа және кілт» факторының күшеюі дамып келе жатқан Ресей капитализміне жаңа шикізат көздерінің қажеттігінен туындады.

Міне, осылардың бәрі XIX ғасырдың ортасында үлкен маңызға ие болып, Ресейдің Орталық Азияны жаулап алу саясатында Қазақстанның оңтүстік өңірінің стратегиялық маңызын арттыра түсті. Сыр бойында алғашқы орыс бекінісі — Арал (Райым) Арал теңізінен 60 шақырым жерде орналасты.

Орыс бекіністерінің салына бастауы хиуалықтардың табанды қарсылығына кезікті. Хиуалықтар орыс билігіне мойынсұнған қазақтарды жазалау үшін сусыз қалдыруды көздеді. Қожанияз бекінісінің тұсынан Қуандарияның суын төмен жібермей бөгеп, Арал теңізіне дейінгі жерді сусыз қалдырды. Судан тапшылық көрген қазақтар — төртқара, кішкене шекті, тілеу рулары Райым бекінісінің маңайына көшіп келіп, хиуалықтарға зекет төлеуден бас тартады. Жалпы, бұған дейін Сырдың төменгі ағысы, Арал өңірінде бұрынғы Хиуа ханы Қайыптың немересі Арынғазы Әбілғазыұлы билік жүргізді. Ол 1815—1821 жылға дейін қазақтардың саяси тәуелсіздігіне қауіп төндірген Хиуа ханы Мұхаммед Рахыммен үздіксіз қарсыласты. Хиуа басқыншылығына қарсы күрес Арынғазының беделін өсірді. Оның билігін Орта жүздің батыс бөлігіндегі қазақтар да мойындады. Көптеген қазақтар Арынғазы шетел басқыншылары мен өз билеушілерінің озбырлығынан құтқарады деп үміттенді. Жайықтан Сырға дейінгі далада билігі жүруге тиісті Шерғазы Айшуақұлының орнына халық Арынғазыны бекітуді сұрайды. Арынғазының қол астына қарулы жасақтар топтаса бастайды.

Арынғазының күшеюінен сескенген патша үкіметі Арынғазыдан құтылу үшін сылтауратып 1821 жылы оны Петербургке шақырды. Ол жолда ұсталып, Калугаға жер аударылды. Өз халқынан осылайша қол үзген Арынғазы 1833 жылы сол жаққа қайтыс болды. Сыр бойын иеленуге ұмтылған патшалық Ресей өз жолындағы кедергіден осындай жолмен құтылды.

Арынғазының тұтқындалуы Сыр өңірі қазақтары үшін орны толмас ауыртпалықтарға әкелді. Бұл аймақта Хиуа бектерінің үстемдігі орнады. Жайық пен Елек өзені аралығындағы жерден айырылуға байланысты Жоламан Тіленішұлы көтерілісінің басталуына да Арынғазының тұтқындалуы себеп болды.

Енді Сыр бойындағы қазақтарды Қоқан, Хиуа хандықтарынан азат етуге кішкене шекті руының билеушісі Жанғожа батыр бел шешіп кірісті. XIX ғасырдың ортасына дейін хиуалықтар Сырдарияның төменгі ағысына дейінгі, қоқандықтар Ақмешітке дейінгі жерлерді бақылауда ұстады. Жанғожа батыр осындай жағдайда Орталық Азияға қарай жылжып келе жатқан Ресейдің көмегіне сүйеніп, қазақтардың дербестігін қорғауды ойлады. Қазақтардың Ресей жағында тұрғанын байқаған Хиуа ханы 1847 жылғы тамыз, 1848 жылғы наурыз айында 6 мың әскермен Сырдың екі жағындағы елге жойқын жорық ұйымдастырды.

Екі күннен кейін Жанғожа өз сарбаздары және Райым гарнизонының көмегімен хиуалықтардың Жаңақала бекінісінің, қоқандықтардың Қошқорған бекіністерінің құл-талқанын шығарады [5, 373 б.].

Патшалық әкімшілік Жанғожаның халық алдындағы зор беделін ескеріп, оны өз жағына тарту үшін казак әскерінің «есаул» шенін береді. «Ерлігі үшін» алтын медалін сыйлап, Сыр қазақтарын басқарушы ретінде 200 сом төлемақы белгілейді. Алайда Жанғожа шеннен де, төлемақыдан да, ант беруден де бас тартады. Жанғожа батыр басында Ресей әскерін хиуалықтардан қорғаушы ретінде қабылданғанымен, уақыт өте келе олардың да отаршылдық пиғылын тереңірек түсіне бастаған еді. Орынбор әскери генерал-губернаторы Обручев Жанғожаны «бағынбағандығы үшін» жазалауға көшеді. Қазалы маңындағы қазақтарға салық төлеткізіп, әскери бекіністердегі ауыр жұмыстарға салды. Егістікке қолайлы жерді басып алды.

Сырдария бойындағы қазақтар көтерілісінің негізгі себебі де жерінің тартып алынуынан еді. Орыс армиясы Қоқан бекіністерін жаулап алу арқылы Сырдария әскери шебін құрды. Қазақстанның Ресейге қосылуын аяқтау үшін Сырдария әскери шебін Сібір шебімен қосу көзделді. 1853 жылы Перовскийдің басшылығымен Аралдан Ақмешітке дейінгі аралықта бекіністер салынды. Қоқандықтар үшін саяси стратегиялық және экономикалық үлкен маңызы бар Ақмешіт 20 күн қоршаудан кейін аса зор әскери күштің



арқасында орыс әскерлерінің қол астына өтті. Ақмешіт Ресейдің қол астына өткеннен кейін Перовск форты салынып, Сырдария шебі құрылды. Райым (Қазалы) мен Ақмешітке дейінгі аймақта отаршылдық тәртіп орнады. 1 сом 50 тиын түгін салығы енгізіліп, толып жатқан еңбек міндеткерліктері: әскери бекіністер құрылысы, бекіністер арасында жол, көпір салу, егіске керек су жүйелерін қазу, жүк тасу үшін көлікпен (түйемен), адам күшімен қамтамасыз ету жүктелді.

Жаңа тәртіпке наразылар Жем бойында көшіп жүрген Есет батыр мен Сыр маңындағы Жанғожа бастаған отаршылдыққа қарсы күреске қосылды. Көтерілістің ошағы Қызылқұм, Жаңақалада орналасты. Көтерілісшілердің қарулану дәрежесі төмен, астындағы аттарының күйі болмаса да, тіпті кейбіреуі өгізге мініп, кейбіреулері жаяу-жалпы болса да, олардың күрескерлік рухы жоғары еді. Көтеріліске Сыр бойындағы алты ата әлімұлынан кішкене және үлкен шектілер, қарасақал, шөмекей, кете, төртқара сияқты т.б. үш мыңға жуық жергілікті халық қатысты.

1857 жылы қаңтарда Ақмешіттен Перовскийдің бұйрығымен «Ритингофтың әскері 1 зеңбірек, 2 зымыран станогы, 300 аттылы казак әскері, Елекей Қасымұлы бастаған 320 жаяу башқұрт жасағы шықты. Оған Арал флотилиясының бастығы Бутаков жасағы да көмекке жетті. Міне, осыдан-ақ көтерілістің патша әкімшілігін қатты әбігерге салғандығын аңғарамыз.

Жанғожа бастаған көтерілісшілер Фитингоф әскерімен 1857 жылы 9 қаңтарда Арықбалық деген жерде бетпе-бет кездеседі. Жараланған Жанғожа қолы біртіндеп шегініп, Бұхар жеріне өтіп кетеді. Көтеріліс жеңіліс тапты. Көтерілісшілерді өкшелей қуған жасақтар оларды таба алмады, есесіне жолда кездескен ауылдарды айуандықпен талан-таражға салды. Ашыққан ел балықты талшық етіп қана аман қалды. Көтерілісшілердің көп бөлігі Хиуа жеріне өтіп кетті. Азып-тозған халықты бастап Жанғожа тек 1860 жылы ғана қайта елге оралады.

Сырдария әскери шебінің бастығы Жанғожаға қарсы оның ежелгі қас дұшпаны Елекей Қасымұлының басшылығымен 600 орыс әскерін аттандырады. Олар Жанғожа ауылын қоршайды.

Жанғожа келе жатқан жасақты көрсе де асықпай намазын оқып, жауларына қасқая қарай отыра береді. Жаулары оны қолға түсіруге батпай, алыстан атқылайды. Осылайша 90 жастағы батыр орыс жендеттері мен итаршыларының қолынан қаза тапты. Қазақ халқы батыр өліміне қайғыра отырып, ол туралы былай деп жырлаған:

«Аттанды Елекей хан жұртын жиып,
Ауыр қол жүре алмайды жолға сыйып.
Бар болса, Елекей хан жау болмас деп
Тұр екен тау алдында намазға ұйып,
Жанғожа жұрттан асқан батыр еді
Өлтірді оны неғып көзі қиып».

Аничков В.И. Мұсабай жыраудан жазып алған дастаннан үзінді.

Жанғожа мен Есет бастаған көтерілістің жеңілу себептері. Біріншіден, көтерілісшілердің қарулану дәрежесінің төмендігі, патша үкіметі әскерімен теңдесе алмауы.

Екіншіден, жергілікті сұлтандардың, рубасыларының сатқындығы. Патша үкіметіне қызметке өткен би-сұлтандар олардың жергілікті жерлердегі қолшоқпарына айналды.

Көтеріліс сипаты жағынан ұлт-азаттық мазмұнға ие болды. Себебі көтерілісте азаттықты аңсаған, отаршылдық қысымнан зардап шегіп тығырыққа тірелген халық өз көсемдерінің бастауымен отаршылдық бұғауға қарсы күресті. Ел басына төнген ауыртпалық кезде Жанғожа, Есет сияқты батырлар ел бастар қорғандарына айналды. Есет батыр да, Жанғожа батыр да Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілісті ұйымдастырушы көрнекті мемлекеттік тұлғалар қатарына жатады[5, 374 б.].

Әдебиет:

1. М.Қойгелдиев, Ө.Төлеубаев. Қазақстан тарихы: Аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері — Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. ISBN 9965-36-106-1
2. Қаражан С. Қазақстан тарихы лекциялар курсы Алматы, 2011ж.376 бет Қ.С.
3. Бекмаханов Е. «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» Алматы, 1994.-416 б
4. «Қазақстан тарихы» 3 том, «Атамұра» Алматы, 2002ж.
5. Артықбаев Ж.О. «Қазақстан тарихы» Алматы «Атамұра» 2008 541 бет



ӘОЖ 940.53 (574.52)

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ
ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ ШАРАЛАРЫ****Нұрбекова Динара Тойбайқызы
Шона Смаханұлы атындағы №44 орта мектеп тарих пәнінің мұғалімі**

Соғыстың бірінші жылында егіннің бітік шығуына байланысты колхоздар жылдық нормаларын асыра орындады. Негізгі өндіруші күш болып табылатын ер-азаматтардың жаппай майданға алынуы елде жұмыс күшінің тапшылығын тудырды. Жұмыс күшінің жетіспеушілігі мәселесі шешімін күткен маңызды істердің бірі еді. Кеңестік билік бұл мәселені еңбек өнімділігін көтеру және өндіріске жасөспірімдер мен әйелдерді тарту арқылы шешуге тырысты. Сондықтан КСРО Халық Комиссарлар комитеті 1942 жылы 13 сәуірде еңбекке жарамды колхозшылардың еңбеккүндерінің көлемін соғыс жағдайында көбейту қажеттігі туралы қаулы қабылдады (КСРО Халық Комиссарлар советінің Төрағасы И. Сталин және БК(б)П ОК хатшысы А. Андреев қол қойған). Мыс: мақталы аудандарда 150 еңбеккүн, РСФСР құрамындағы мал және егін шаруашылығымен айналысатын жерлерде 100 еңбеккүн болса, КСРО-ның басқа аудандарындағы мал және егін шаруашылығымен айналысатын жерлерде 120 еңбеккүнге көбейту керек деген шешімге келеді. Бірақ, жергілікті халық Комиссарлар Советі, өлкелік, облыстық атқару комитеттері жергілікті жердің табиғи жағдайына, ерекшеліктеріне байланысты еңбеккүнді 20%-ға көбейтуге немесе азайтуға құқылы болды [1, 48 б.]. Осының негізінде Жамбыл облыстық атқару комитеті де қаулы шығарып еңбекке жарамды тұрғындарына соғыс жылдарында еңбеккүндерін көбейтуді міндеттейді.

Облыстың Талас, Луговой, Свердлов, Сарысу сияқты мақталы аудандарында еңбекке жарамды әр адам жылына 150 еңбеккүн жинауға міндетті болса, облыстың мал және егін шаруашылығымен айналысатын басқа аудандары жылына 120 еңбеккүн жинауға міндетті болды. Яғни, Талас, Луговой, Свердлов, Сарысу сияқты мақталы аудандарында 15 мамырға дейін ең кемі 35 еңбеккүн, 15 мамыр – 1 қыркүйек аралығында 45 еңбеккүн, 1 қыркүйек пен 1 қараша аралығында тағы 45 еңбеккүн, ал қалған 25 еңбеккүнді 1 қарашадан соң орындау міндеттелген. Мал және егін шаруашылығымен айналысатын облыстың басқа аудандарында 15 маусымға дейін ең кем дегенде 35 еңбеккүн, 15 маусым – 15 тамыз аралығында тағы 35 еңбеккүн. 15 тамыз бен 15 қазан аралығында 34 еңбеккүн, қалған 16 еңбек күнді 15 қазаннан кейін орындау міндеттелген [1, 66 б.]. Сонымен бірге колхозшылардың 12-16 жас аралығындағы жасөспірім балаларына да еңбек кітапшасы ашылып, олар жылына 50 еңбеккүн жинауы тиіс болды. Колхозшылардың жұмысқа жарамды деп табылған жас шамасы ер адамдар үшін – 14-55 жас аралығы, ал әйелдер үшін – 14-50 жас аралығы болған. Қала мен ауыл мектептерінің 6-10 сынып оқушылары, техникум мен институттың бітіруші курстарынан басқа студенттері; орталау сынып оқушыларының ұлдары мен қыздары бір-бірінен бөлек, мұғалімнің бақылауымен ауылшаруашылық жұмыстарында жұмыс істеуге міндетті болды. Мектеп оқушылары жұмыстың түрі мен балалардың жас ерекшеліктеріне қарай 6-8 сағат жұмыс істеді. Колхоз, совхоз, МТС-терге ауылшаруашылық жұмыстарына көмекке келгендерді баспанамен қамтамасыз ету міндетті болды. Оларға еңбек ақы жергілікті колхозшылармен бірдей еңбеккүндеріне қарай ақшалай және заттай берілді [1, 133 б.]. Жұмыс күші тапшылығын уақыт оздырмай, тез арада шешу үшін жаңадан жұмысқа қабылданғандарды жаңа кәсіптерге әртүрлі курстарда және тікелей жұмыс орындарында жекелей үйрету арқылы бейімдеу қажет болды. Сондықтан 1942 жылдың 18 тамызында КСРО Халық Комиссарлар Советі МТС-тарда трактор мамандығына жаңадан маман дайындау үшін мамандықты игерушілерді жеке оқыту туралы қаулы қабылдайды. Онда 1942 жылдан бастап тракторшы мамандығына оқытуды МТС тракторшысының егістік жұмыстары кезінде ұйымдастыруы; колхоздың әрбір жеке үйренушіге оқу-үйрену кезінде күндік еңбекақы жазуы; МТО тракторшысына оған бекітілген үйренуші үшін үш айлық курстың әр айына 10 күндік еңбек күн төлеуі туралы айтылды. Деректерге қарап отырсақ, елдегі жұмыс күшінің жетіспеушілігіне қарамай облыс шаруашылықтарында еңбек өнімділігі еселеп артып отырған. Оған Отанға деген сүйіспеншілікпен бірге жоспарды орындай алмай қалам ба деген қорқыныш та себеп болған. Бұлай деуіміз негізсіз де емес. Себебі, орталықтан жіберіліп тұратын қаулыларда жоспар орындалмаса, оған қолданылатын әртүрлі жазалар да қоса тағайындалатын. Мысалы, еңбекке жарамды колхозшылар ауылшаруашылығы жұмыстары кезінде себепсіз жұмысқа шықпай, міндетті еңбеккүнді жинамайтын болса, сотқа тартылатын болған және халық сотының үкімі бойынша колхозда еңбекпен түзеу жұмыстарына тартылып, еңбеккүн ақысының 25%-ы колхоз пайдасына ұсталып отыруы тиіс болған. Сонымен бірге жыл бойы міндетті еңбеккүндерін жинамағандар колхоздан шығарылып, үйлерінің жанындағы жер телімдерінен де айырылатын болған. Ал, колхоз басшылары осыларды қадағалап, міндетін орындамаған колхозшылардың ісін халық сотына тапсыруы, әрі қарай 10 күн ішінде үкім шығарылып, дереу іске асырылуы тиіс болды. Сонымен қатар міндеттерін орындамаған колхозшыларға аяушылық танытып, жасырғаны үшін колхоз басшылары мен бригадирлері де сот алдында жауап беруі тиіс болды [2, 98 б.]. Осыдан-ақ соғыс жылдарында кейбір колхоз басшыларының халықтың жағдайын көріп тұрса да, не себепті қатал, мейірімсіз болғанының бір себепін түсінуге болады. Осының өзі-ақ кеңестік биліктің өз халқына жаны ашымайтын, қатал билік болғанын

көрсетеді. Әрбір адамның жеке мүмкіндіктері ескерілмей, барлық еңбекшілерге бірдей норма әзірленді. Ол нормалар халықтың еркінен тыс сырттан таңылып, орындауға мәжбүрледі.

1942 жылы көктемгі егін жұмыстарын асыра орындағаны үшін Облыстың көшпелі Қызыл Туын жеңіп алып, Құрмет тақтасына аты ілінген колхоздар: Жамбыл ауданының Ильич атындағы колхозы, Шу ауданының «Көктөбе», Сарысу ауданының Чкалов атындағы колхозы, Меркі ауданының «Большевик», Луговой ауданының «Мақпал», Көктерек ауданының «Бірлік» колхоздары болды [2, 25-30 бб.]. 1942 жылы «Ақтерек» колхозының есейген жастары мен еңкейген қарттарына дейін барлығы егін жинау жұмысына бір кісідей қатысқан. Колхоздың 60 жастағы қарты Кәрібаев Бейсенбі астық тасуда күндік нормасын 300%-ға жеткізіп, басқарма тарапынан 200 сом ақшалай және бидай сыйлыққа алады. Сол сияқты колхоздың темір ұстасы Жұмашов Көпшілбай қарт та нормасын 200-300%-ға асыра орындағаны үшін колхоздан 1 рет астықтай сыйлық алған. Красногор ауданының Ворошилов атындағы колхоздың 76 жастағы қарт тұрғыны Асанов Абдулла да жасының ұлғайғанына қарамай егін даласынан табылды. Колхоздың 4 бригадасының құрамында қол шалғымен бидай шабудан 0,50 га норманы 0,60-0,70 га дейін жеткізіп, артығымен орындап жүрген. Сонымен бірге осы ауданның Киров атындағы колхозының Тайжанов Берікбай, Нарымбаев Қыдырбек сияқты қарт колхозшылары да қол шалғымен бидай шабудан 0,50 га күндік норманы 2 есеге дейін үнемі асыра орындап жүрген. Осы колхоздың тұрғыны шалғыншы әйел Можба Поля да күндік нормасын үнемі 0,75-0,80 га асыра орындаған [2, 108 б.]. Шу ауданының «Қарауылтөбе» колхозының Дулатов, Сеттікбаев сияқты колхозшылары шөп шабудан күніне 2 норма орындап жүрген. Осы ауданның «Көктөбе» колхозының алдыңғы қатарлы колхозшылары Қалжан Жамауова қызылша егісінде күндік норманы 250%-ға орындап, көктемде 125 еңбеккүн, Бораш Ықыласова күндік нормасын 150%-ға орындап, 128 еңбеккүн, Қатбала Бердібаева күндік норманы 130%-ға орындап, 132 еңбеккүн тапса, Жүзімбала Қарабаева нормасын 200%-ға орындап, 130 еңбеккүн тапқан. Соқашы Есімқұл Күздеубаев күніне 0,75 га орнына 1,1 га жер жыртып, көктемде 164 еңбеккүн тапса, тұқым себуші Құсайын Дәлбаев күндік нормасын 200%-ға орындап, 171 еңбеккүн тапқан тағы сондай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Сонымен бірге аудан колхозшылары ленинградтықтарға арнап 300 кг пияз, 300 кг шалқан және ай сайын 1,5 еңбеккүндерінің табыстарын берді және алдағы уақытта 15 тонна қарбыз, 5 тонна қауын, 4 центнер пияз, 4 центнер пияз даярлап беруге міндеттеме алды [3, 2 б.]. Ал, Новотроицкі ауылдық советіне қарасты Сталин колхозының Нашарбек, Өмірбек, Аманов, Әуескаримов сияқты колхозшылары егін жинау кезінде күндік нормаларын 200%-дан орындаған [3, 51 б.]. Күні-түні қаншама тынымсыз еңбек етсе де халықтың қарны тоймады, қанша егін ексе де тегін тамақ ішпеді. Қанша жерден жан аямай еңбектенсе де еңбегіне, табысына сай өмір сүре алмады. Барлық табыс майдан үшін, жеңіс үшін деп мемлекетке тапсырылды. Бұл соғыс заманының қатал заңы еді. Тойып тамақ ішпеген, аш-жалаңаш халық өмір сүрудің басқа тетіктерін іздей бастады. Үкіметтің тиым салғанына қарамай алыпсатарлықпен айналысты. Бір қызығы, бұл кәсіппен айналысатындар негізінен колхоздар мен совхоздарда жұмыс істесе де, алыпсатарлықты негізгі кәсібіміз деп есептеген. Мысалы, Қосқұдық ағаш шаруашылығының жұмысшысы Ада Соломоновна Теппер дүкеннен түрлі азық-түліктер алып, оны 2-3 есе қымбат бағаға сатқаны үшін сотталып, 7 жылға түрмеге қамалған. Ол шаруашылықтағы жұмысын емес, алып-сату жұмысын негізгі кәсібіміз деп атаған. Себебі, осы кәсібі арқылы қарнын тойғызып отырған [4, 48 б.].

Шаруашылық мәселесіне оралатын болсақ, жекелеген еңбекші жетістіктерге жеткенімен, жалпы алғанда облыстың егін шаруашылығындағы жағдай айта кетерліктей оңалып кеткен жоқ. Ерте жер жыртыу жұмыстары да мардымсыз болған. Мысалы, 1942 жылдың 5 шілдесіндегі мәлімет бойынша, колхоздарда 28,9% жер жыртылса, совхоздарда бұл көрсеткіш 55,5% болды. Атап айтсақ, Жамбыл ауданының колхоздарында бар жоғы 8,8% жер жыртылса, Қордай ауданында 9,8%, Красногор ауданында – 13,3%, ал Меркі ауданының совхоздарында 1600 га жердің 357 га-сы ғана жыртылған. Осылайша, егіннің, масақтардың жиналып болғанына қарамастан жер жыртыу жұмыстарының баяу жүргізілуі, күздік бидайдың себілу мезгілінің кешігуі қаупін туғызады. Сондықтан Облыстық атқару комитеті жер жыртыу жұмыстарын 10 күннің ішінде аяқтау туралы қаулы шығарып, әр колхоз бен совхозға күнделікті орындалатын тапсырмаларды бекітіп береді [5, 12 б.].

1942 жылы Меркі ауданы бойынша негізгі ауылшаруашылық жұмыстарына байланысты өндіріс жоспары орындалмаған. Колхоздарда жоспар бойынша дөнді-дақылдар жинау көлемі 10 центнер болса, жиналған өнім 3-4 центнер ғана болған. Қант қызылшасы жоспар бойынша 400-500 центнер болса, ол 242 центнерге ғана орындалған. Күздік егістік жұмыстары да нашар жүргізілген: жаздық бидай себу – 39%, күздік бидай себу – 72,2% болған. Шу ауданының Ленин атындағы колхозы 1942 жылы қант қызылшасының әр гектарынан орташа 302 центнер өнім алған. Луговой ауданының «Восток» колхозынан (звеновойы Бітегенова) қызылшаның әр гектарынан 520 центнер өнім алған, жоспарды 250-300% орындаған [5, 15 б.].

1942 жылдың қорытындысы бойынша облыс колхоздары мен совхоздары шөп шабуды 104,6%-ға, азық жинауды – 100,6% орындағанымен мал азығын толық дайындамаған аудандар да болды. Олар: Жамбыл ауданы – 70,6%, Красногор ауданы – 68,8%-ға ғана орындаған. Жамбыл ауданындағы 47 колхоздың 22 колхозы, Красногор ауданының 12 колхозының 4-еуі мал азығымен толық қамтылмаған.

Жұмыс күшінің жетіспеуіне байланысты қаланың өнеркәсіп орындары колхоздарды өздерінің қамқорлығына алып, жұмысшыларын көмекке жіберіп отыруы тиіс болған. Сондықтан колхоздар мен совхоздарға егін жинау науқаны кезінде қаладан қосымша жұмыс күші келетін. 1943 жылы жүн жуу комбинаты

Жамбыл ауданының «Төрткүл» колхозына 70 адам жіберген. «Еңбек» колхозында әр кезеңдерде Горкомбинаттың 176 адамы жұмыс істеген. Қала мектептерінің жоғары сынып оқушылары мен мұғалімдері колхоздарға көмекке келіп 62829 еңбеккүн жасап, 61 133 кг масақ терген.

Қаладан көмекке келген өнеркәсіп шеберханалары қамқорлығындағы колхозды ауылшаруашылық жұмыстарына қажетті құрал-саймандармен толық қамтамасыз еткен немесе сол колхоздың шеберханаларында қаладан жіберілген ұста соғып берген. Қаладағы байланыс орталығы, облыстық жер бөлімі, облыстық өнеркәсіп одағы, Терікомбинаты, «Вперед» артелі, спирт зауыты, т.б. кәсіпорындар колхоздарға медициналық көмек, ауылшаруашылық машинасын жөндеу, есептеу және есеп беру, т.б. бірнеше көмек турлерін көрсетті. Сонымен бірге қамқорлықтарындағы колхоздар мен МТС-тарда тракторлардың, ауылшаруашылығы машиналарының тоқтаусыз жұмыс істеуі үшін оларды тапшы қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етіп отырған [5, 68 б.].

1943 жылы облыстағы 348 колхоздың 314-і өздерін келесі 1944 жылдың көктемгі егін жұмыстарына қажетті тұқымдық бидаймен қамтамасыз ете алмағандықтан мемлекеттен ссуда сұрауға мәжбүр болған. 1944 жылы жаздық егін 135400 га жердің 123706 гектарына, яғни егістік жердің 91,5%-на ғана себілді. Сол себепті осы жылға егін түсімі де аз болып, жоспар 11694 гектарға кем орындалған. 1944 жылғы егін жоспарының орындалмауына егін егу мезгілінің созылып кетуі, тұқымның аз себілуі мен суару жұмыстарының дұрыс жүргізілмеуі, тракторлардың бұзылып тұрып қалуы, көп жағдайда егіннің қолмен себілуі, көктемгі ауа-райының қолайсыздығы да әсер етті. Егін егу мезгілінің созылып кетуіне колхоздардың тұқымдық бидайлары болмағандықтан мемлекеттен сұраған ссудаларының кешіктіріліп, мамыр айының басында бір-ақ берілуі де себеп болды. Осы себептерден облыстағы 348 колхоздың 104-і мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындай алмаған. Бұл өз кезегінде облыс колхоздарының 1945 жылғы көктемгі егін жұмыстарына арналған тұқымдық бидайды керегінше ала алмағанын көрсетеді. 1944 жылы егін өнімінің аз болуы колхозшыларға берілетін еңбеккүн мөлшерін 1943 жылмен салыстырғанда едәуір азайтып жіберді. Мысалы, 1943 жылы колхозшыларға орта есеппен 279 гр бидай, 82 тиын берілетін болса, 1944 жылы 263 гр бидай, 1. сом 80 тиын болған.

1943 жылы мемлекетке астық тапсыру жоспарын облыстағы 10 ауданның 2-еуі (Көктерек және Шу аудандары) ғана орындаған. Немесе астық тапсыру жоспары 1943 жылы 74,5%-ға, ал 1944 жылы 105,6%-ға орындалған, яғни жоспардан тыс 50 мың пұт астық артық тапсырылған. 1944 жылы әр колхозшының еңбеккүндерін орындап отыру көрсеткіші де артқан. Мысалы, 1943 жылы еркек, әйел, балаларды қоса санағанда орта есеппен әр колхозшы 224 еңбеккүн жинаса, 1944 жылы бұл көрсеткіш әр колхозшыға шаққанда 333 болған. Яғни, әр колхозшы 1943 жылмен салыстырғанда 109 еңбеккүн артық орындаған. Бірақ, 1944 жылы орындалмаған еңбеккүндер саны да 1943 жылмен салыстырғанда артығырақ. Егер 1943 жылы 5072 адам еңбеккүндерін орындамаған болса, 1944 жылы олардың саны 6062 адамға жеткен. Еңбеккүндерін орындамағандардың 50%-ы негізінен балаларының жағдайына байланысты жұмысқа шыға алмаған көпбалалы әскерилер отбасының әйелдері мен денсаулықтарына байланысты жұмысқа жиі шыға алмай қалатын Ұлы Отан соғысының мүгедектері еді. 1944 жылы 1941 жылмен салыстырғанда МТС-тардың транспорт жұмыстарының жоспарын орындауы да төмен. 1941 жылы МТС-тар трактор жұмыстарының жылдық жоспарын 104,7%-ға орындаса, бұл көрсеткіш 1942 жылы бар-жоғы 72,3%; 1943 жылы 74%; 1944 жылы 92,3% болған. 1941 жылы трактор жұмыстарының жылдық жоспарын 17 МТС-тың 7-еуі (40%) орындамаса, 1942 жылы 17 МТС түгел орындамаған. Ал 1943 жылы 15 МТС, 1944 жылы 12 МТС, яғни 70%-ы орындамаған. Көктерек, Жейімбет, Красногорск, Қарақоңыз, Успенев, Ақкөл МТС-тары мен осы МТС-тардың директорлары да жұмысқа немқұрайлы қараған [6, 75 б.]. Кейбір директорлар жұмысшыларды алдап, оларға берілуі тиіс еңбек ақысын бермей, өтірік сылтаулар айтып, олардың еңбек ақысын өздерінің пайдасына жаратып кеткен кездері де болған. Облыста 1944 жылы 1940 жылмен салыстырғанда өнім алу да 50%-ға дейін төмендеп кеткен. Егер 1940 жылы әр гектардан орташа 9,2 центнер дәнді дақыл жиналса, бұл көрсеткіш 1943 жылы 4,6 центнер, ал 1944 жылы 4,3 центнер болған. Қант қызылшасының өнімі 1940 жылы 250 центнер болған болса, 1941 жылы 300 центнер болды. Бірақ, сол көрсеткіш 1943 жылы 58 центнерге дейін, ал 1944 жылы 85 центнерге дейін түсіп кеткен. Облыс бойынша 1944-1945 жылдары Меркі, Луговой, Свердлов, Красногор, Қордай аудандары астықты аз жинаған. Луговой аудандарында 1941 жылы 8,8 центнер өнім жиналса, 1944 жылы 2,7 центнер болды. Меркі ауданында 1941 жылы 10,8 центнер болса, 1944 жылы 2,7 центнер болған.

Облыс бойынша қызылша жинау да 1944 жылы 1941 жылмен салыстырғанда 3 есе кем, яғни 7,8 миллион пұт аз болған. Соның ішінде Меркі ауданы қызылшаны 4 есе, яғни 1,5 млн пұт аз берсе, қант қызылшасын да 6 есеге немесе 3,7 млн пұтқа кем берген. Свердлов ауданы астықты 4 есеге немесе 900 мың пұтқа, қант қызылшасын 5 есе немесе 3,9 млн пұтқа аз берген. Өнімнің аз жиналуы өз кезегінде колхозшыларға берілетін еңбеккүн мөлшеріне де әсер еткен. Колхозшыларға еңбеккүн 1944 жылы 1941 жылмен салыстырғанда 6 есе аз берілді. Меркі (1942 жылдан бастап), Луговой (1943 жылдан бастап), Свердлов (1943 жылдан бастап) аудандары Өздерінде тұқымдық бидайлары болмағандықтан, соғыс біткенге дейін мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындай алмаған. Тұқымдық бидайдың болмау себебі: алдыңғы жылдары егіннің түсімі аз болғандықтан тұқымдық бидай алып қала алмаған. Сондықтан осы аудандардың колхозшыларына берілетін еңбеккүн мөлшері де кеміп кеткен. Меркі ауданында 1940 жылы колхозшыларға теңбеккүнге 1,450 гр бидай берсе, 1944 жылы 170 гр берген. Свердлов ауданында 1940 жылы 1 еңбеккүнге 1,200 гр бидай берілген болса, 1944 жылы 125 гр ғана берген. Сол себепті осы аудандардың материалдық жағдайлары да өте төмен болған [6,



106 б.]. Деректерді қарап отырсақ, соғыс жылдарында егін жоспарының орындалмауына егін егу мезгілінің созылып кетуі, тұқымның аз себілуі мен суару жұмыстарының дұрыс жүргізілмеуі, тракторлардың бұзылып тұрып қалуы, егіннің қолмен себілуі, көктемгі ауарайының қолайсыздығы сияқты көптеген себептермен бірге егістік зиянкестерінің шабуылы да өте қатты әсер еткен. Осылайша, облыс еңбекшілерінің иығына түскен соғыстың ауыртпалықтарын ауыл шаруашылығындағы зиянды жәндіктер және олармен күрес жұмыстары да еселей түсті. 1941 жылы облыстың Красногор, Қордай, Меркі, Луговой, Шу аудандарының таулы жерлері мен тау етегіндегі қыстауларда зиянды жәндік, егістік зиянкестерінің бірі – зиянды бақашық кандала пайда болып, піскен егіннің түгелдей жарамсыз болып қалуы қаупін тудырды. Бұл жәндік күздік және жаздық бидай, арпа, сұлы, т.б. астық дақылдарымен бірге мал азығы болып табылатын жем-шөппен де қоректеніп, оларды зақымдайды. Сондықтан ауылшаруашылығы өнімдеріне деген сұраныс күшейіп тұрған соғыс уақытында егістік зиянкестерімен күрес кезек күттірмейтін шұғыл міндеттердің біріне айналды. Себебі, зақымданған бидайдың салмағы кеміп қана қоймай, тауарлық, тұқымдық сапасы да жойылатын. Аталған аймақтарда зерттеу жүргізген облыстық жер бөлімінің (ОблЗО), биологиялық зертханалар мен шегірткеншілер отрядының жұмысшылары кекілік, шіл сияқты жабайы құстардың осы жәндіктерді жерден қазып жеп, сонымен қоректенетінін байқайды. Сондықтан келесі жылдың астық өніміне зияны тимес үшін оларды жоюда кекілік пен шілді жаппай пайдалануды мақсат тұтты. Осы құстарды аулауға тыйым салынады [6, 110 б.]. Сонымен бірге зиянды бақашық кандаланы аулауда үй құстарын пайдалану да қолға алынды. Бірақ, мәселе бұнымен де шешіле қоймады. Зиянкестермен күрес жұмысы аяғына дейін дұрыс жүргізілмегендіктен, қыстап қалған зиянкестер көктем шығысымен көктеп шыққан егінге қарай лап берді. 1942 жылы Қордай, Меркі аудандарының колхоздарында 50%-дан аса күздік бидайды зақымдаған. Колхоз құс фермасында 24463 тауық бола тұра зиянды бақашық кандаласын аулауда олардың 11234-ін ғана пайдаланған. Колхоздарда 34 биологиялық зертхана ұйымдастыру керек болса, 16 биозертхана ғана жұмыс жасаған. 380 бақашық ұстағыш жасау қажет болған болса, 105 қана жасалған, оның 63 ғана пайдаланылған. Көптеген колхоздарда зиянды бақашық кандаласымен күрес 1,5-2 айға кешігіп жүргізіліп, шілде айында мүлдем тоқтап қалған. Осылайша, агрономдардың, колхоз басшыларының бейқамдығынан егіннің көп бөлігі жарамсыз күйге түскен [6, 115 б.]. Соғыстың басынан аяғына дейін облыс жұртшылығының алдына қоғамдық мал басын көбейту, жас төлдерді аман сақтау мәселесі өткір қойылды. Шығын болған мал басы үшін сот арқылы жауапқа тартылды. Облыс халқы әскерді малмен және мал өнімдерімен үздіксіз қамтамасыз етіп отыруы тиіс болды. Мал шаруашылығының өнімділігін арттырудың жыл сайынғы жоспарын орындауға міндетті болды. Десекте, жылдық жоспарлар орындала бермеген. Мысалы, 1942 жылы Меркі ауданы бойынша мемлекетке өткізетін мал шаруашылығы өнімдерінің жоспары 61,4%-ға ғана 5 орындалған. Оның ішінде ет – 85%, жұмыртқа – 37,8, шөп - 43,8% болған.

Мүйізді ірі қара мал өсіру – 87,2%-ға, қой мен ешкі өсіру – 2 93,7%-ға, шошқа өсіру - 78%-ға, құс өсіру – 25%-ға ғана орындалып, қоғамдық мал өсіру жоспарын орындай алмаған. Мал басын дамыту жұмыстарының нәтиже бермеуі малдың талан-таражға салынуына, ұрлануына, сатылып кетуіне, дұрыс күтіп-бапталмауына, ветеринарлық-зоотехникалық ережелердің сақталмауына байланысты болды. Осылайша, соғыстың алғашқы жылдарында тұрғындар мал басын өсіруге қанша тырысса да негізінен малдың дұрыс күтіп балталмауы мен ветеринарлық-зоотехникалық бағыттағы іс-шаралардың жүргізілмеуі салдарынан мал аурулары асқынып кетіп, оның арты малдардың, әсіресе жас төлдердің өлім-жітімге жиі ұшырауына әкеліп соғып отырған. Мал ауруларының асқынып кеткені соншалық, тіпті кейбір аудандарда 20 күнге жуық карантин енгізілген. 1941 жылы Қордай ауданы бойынша 322 мүйізді ірі қара, 6101 қой, 4050 шошқа, 194 жылқы сатылып, айырбасталып кетсе, 254 мүйізді ірі қара, 2013 қой, ешкі, 202 жылқы, 1425 шошқа торайларымен қоса қырылып қалған. Мал өлімі 1942 жылы тоқтамай одан әрі жалғасқан. Бұдан да басқа малдың ұрлануы, тиым салынса да базарға апарып сатылуы, т.б. жағдайлар мал басын көбейтуге кедергі келтірген еді [7, 116 б.]. 1942 жылдың I жартысының өзінде бұзау өлімі – 10,1%; қозы-лақ өлімі – 3,0%, құлын – 3,9%, торайдың өлімі – 10,5% болған. Әсіресе, Қордай, Меркі, Луговой аудандарында жас малдың өлімі жиі орын алып тұрған. Мысалы, Луговой ауданы бойынша 1942 жылдың I жартысында бұзаудың 15,6%-ы, торайдың 14,6%-ы өлген болса, осы ауданның Сталин атындағы созхозында бұзаудың 46,6%-ы, «Еңбекші» колхозында 40,5%-ы өлген. Төлдердің қырылып қалу жағдайы Красногор, Жамбыл аудандарында да кездескен. Красногор ауданының Ворошилов атындағы, Калинин атындағы және «Жаңатұрмыс», «Шарбақты» совхоздарында мал шығыны көп болған [8, 6-7-пп.]. 1943 жылы мал басын өсіру шаруашылықтың ешқандай түрі бойынша да орындалмаған.

Мал басын шығын қылмай сақтау, әскерді ет, сүт және басқа да мал өнімдерімен үздіксіз қамтамасыз ету – соғыс заманының бұлжымайтын заңы болды. Мемлекетке тапсыратын мал өнімдеріне деген сұраныс артып отырған кезде қоғамдық мал басының аман сақталуына қарапайым колхозшыдан бастап обкомның хатшысына дейін тікелей жауапты еді. Сондықтан, 1942 жылы «Колхоздардағы мал басы есебінің жағдайын тексеру туралы» комиссия құрылады. Тексерудегі басты мақсат – колхоздардағы мал басының нақты санын анықтау, үлкен малдар мен бірге жас төлдердің аман сақталуы үшін малдың қысқы жем-шөппен қаншалықты қамтамасыз етілгеніне, жылы қора жайлардың қыс мезгіліне қаншалықты дайын екеніне көз жеткізу еді. Комиссия мүшелері облыс колхоздарын аралаған кезде талай кемшіліктің беті ашылып, көптеген колхоз председателдері мен олардың орынбасарлары, мал мамандарының қылмысы әшкереленеді.

Облыста малдың санына қарағанда оның тұқымының сапасы төмен болды. Мал тұқымын асылдандыру жұмыстары нашар жүрді. 1942 жылы мал тұқымын асылдандыру мақсатында ауыл шаруашылығы малдарының тұқымдық және шаруашылық құндылығын анықтау үшін 2200 мүйізді ірі қараның, 40 000 қойдың, 300 шошқаның тұқымдық-өнімдік сапасын бонитеттеу (бағалау) жұмыстары жүргізілді [7, 52 б.]. Аудандар арасында мал тұқымын асылдандыру үшін мал айырбастау, асыл тұқымды мал сатып алу жұмыстары қолға алынған. Мал тұқымының сапасын көтеру мақсатында облыс бойынша мал шаруашылығы мамандарының (ферма меңгерушілерінің, сауыншылардың, бұзау бағушылардың, шопандар мен шошқа бағушылардың) біліктілігін көтеру үшін оларды жаппай 10 күндік курстарда оқытқан. Нәтижесінде 675 – ферма меңгерушісі, 1246 – сауыншы, 181 — бұзау бағушы, 2166 - шопан, 267 — шошқа бағушы өздерінің кәсіптері бойынша біліктіліктерін көтерген. Бірақ мұндай шаралар жүзеге асырылғанымен мал тұқымын асылдандыруға толықтай қол жеткен жоқ. 1943 жылы Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы Н.Оңдасынов республика бойынша мал өсіру жоспарының орындалмауының төлдейтін малдың қысыр қалуы, жас төл мен ірі малдың шығыны, малдың орынсыз жұмсалып, талан-таражға салынуы, мемлекетке арық малдардың тапсырылуы себепті көп малдың артық тапсырылуы, т.с.с. бірнеше себебін атап көрсетеді. Сонымен бірге осы аталған кемшіліктерді жойып, мал басын көбейту, малдың тауарлығын арттыру, тұқымын асылдандыру үшін социалистік мал шаруашылығын өркендетуде ғасырлар бойғы тіршілігі мал шаруашылығымен тығыз байланыста болған қазақ халқының байырғы бай тәжірибесін пайдалануды ұсынады. Яғни, Қазақстанның ауа-райына, географиялық-тарихи ерекшеліктеріне қарай ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан малды маусымдық (қыстау, көктеу, жайлау, күзеу) жайып бағу әдісінің маңызы зор екенін атап көрсетеді. Сонымен бірге малды жайып баққанда оның тұқымын асылдандыру үшін қолдан ұрықтандырудың қажеті шамалы екенін де атап көрсетті. Өйткені мал тұқымын асылдандыру мақсатында жүргізіліп жатқан бонитеттеу жұмыстары айтарлықтай нәтиже бермеген.

Колхоздарда 1944 жылы 1943 жылмен салыстырғанда төл басы да жақсы сақталған. Мал өлімі азайыпқырап, мал өсіру жоспары арта бастаған. Облыстағы 348 колхоздың 150-і шаруашылықтың барлық түрі бойынша, 254 колхоз – мүйізді ірі қара бойынша, 280 колхоз қой, ешкі бойынша, 265 колхоз - жылқы бойынша, 158 колхоз - түйе өсіру бойынша мал басын аман сақтаған. Соның нәтижесінде облыс бойынша жоспардан тыс 3366 мүйізді ірі қара, 53093 қойешкі, 1440 жылқы, 278 түйе өсірілген [7, 5-28 бб.].

1944 жылы мүйізді ірі қараның 5,7%-ы, қой-ешкінің 5,2%-ы, жылқының 5,2%-ы, бұзаудың 12,4%-ы, қозы-лақтың 8,2%-ы, құлынның 4,0%-ы, шошқаның 27,5%-ы, торайдың 19,4%-ы өлген. Колхоздар 1942 жылдан бастап шошқа өсіру жоспарын орындамаған. Ал, 1945 жылдың I жартысында мал өлімі қайтадан өршіп, 1,9% мүйізді ірі қара, 3,5% қой-ешкі, 2,9% жылқы, 17,5% шошқа қырылып қалған. Бұл көрсеткіш 1944 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда мал өлімінің асқынғанын көрсетеді. Мал аурулары соғыс жылдарында ауыл шаруашылығындағы қиындықтарды одан әрі шиеленістіре түсті. Жамбыл облысының аймағында мал аурулары соғысқа дейін-ақ байқалған болатын. Соғыс облыс халқы мен оның экономикасы үшін үлкен трагедиялық сынақ болды. Соғыс тым ұзаққа созылып кетіп, тұрғындардың еңсесін басқан мұңы мен қайғысын одан әрі қоюлата түсті. Соғыстың басынан аяғына дейін бел жазбай еңбек еткен халық қолындағы барын, бойындағы күш-қуатын Отан үшін майданға берді. Майданға азық-түліктің ең жақсысын, киімнің ең жылысын, сапалысын берді. Бірақ өздері жарым құрсақ, жалаң аяқ, жалаң бас жүрді. Олар уақытпен санаспай күндіз-түні жұмыс істегенімен мал шаруашылығының жағдайы жақсарып, мал басының саны көбеймеді. Бұл саланың жұмысының нәтижелі болуы тек қана еңбекшілердің тынымсыз еңбегіне тәуелді болған болса, нәтиже басқаша болар еді. Үкіметтің ерекше назарда ұстағанына қарамай мал басының саны жыл санап кеми берді. Бұған әсер еткен бірнеше факторлар болды.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Койгелдиев М.К. История сахарной промышленности Казахский ССР, формирование и рост ее рабочих кадров (1932-1970). - Дисс... канд. истор. наук. – Алматы, 1977. – 180 с.
- 2 Қозыбаев М.К. Едігенов Н.Е. Труд во имя победы. Алма-Аты 1995. – 210 с.
- 3 Қозыбаев М. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. - Алматы, 2000. – Т. 2. - 218 с.
- 4 Садықов Т.С. Тарих тағлымы. Алматы 1992. – 173 б.
- 5 Жақупова М.Л. Эвакогоспитали Казахстана в годы Великой Отечественной войны. - Алматы: Казахстан, 1985. – 185 с.
- 6 Оразов К. Рабочий класс Казахстана в Великой Отечественной войне. - Алматы: Наука, 1995. – 162 с.
- 7 Шарипов А. Народное образование Казахстана за 40 лет. - Алматы: Казучпедгаз, 1998. – 186 с.
- 8 ЖОММ. 282-қор, 1-тізбе, 548-іс, 36-бума, 89-п.

ӘОЖ 940.53 (574.52)

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ

Умиралиева Құралай Зиятханқызы
Шона Смаханұлы атындағы №44 орта мектеп тарих пәнінің мұғалімі

Ауыр әрі табысы мардымсыз еңбектен күйзелген халық соғыс салығын төлеуге міндетті болды. Бұл халыққа ауыр тиді. 1942 ж. 8 қаңтардағы «Екпінді жол» газетінің №3(663) санында жарық көрген КСРО Жоғарғы Советі Президиумының Төрағасы М. Каланин жолдас пен КСРО Жоғарғы Советі Президиумының Хатшысы М.Горкиннің қолы қойылған 1941 жылғы 29 желтоқсандағы бекітілген соғыс салығы туралы Жарлықта салықты төлеу, төлету, төлемеген жағдайда жазалау түрлері тарқатылып жазылған. Жалпы елімізде тыл еңбегі жаппай ауыр болды. Қазақ әйелдерінің басым көпшілігі жұмысты таңның атысынан бастап («сағаттың қанша екенінде жұмысымыз жоқ, әйтеуір жоспарды орындау керек деп, түн бе, таң ба білмейміз кете беретінбіз» деп еске түсірген екен.

Соғыс жылдарында алынған салықтар, азамат соғысы жылдарындағыдай азық-түлік салғырты іспеттес болды. Тылдағы әйелдерге жүктелген міндеттердің бірі – майдандағы жауынгерлерге жылы киім жөнелту болатын. Бұл тапсырманы орындау әсіресе, облыстағы ауыл әйелдерінің үлесіне тиді. Онсыз да ауыл шаруашылығының түрлі саласында күн-түн демей еңбек етіп жүрген қарапайым көнбіс аналар бұл жұмысты да асқан шыдамдылықпен орындап шықты. Экономикалық ауыртпалық жағдайында, әсіресе соғыс жылдарында тұрмыс қажеттігіне қатысты бұйымдардың біразын әйелдер, өз қолдарымен даярлап беріп отырған.

Соғыс салықтарының бірі - жылы киім жөнелту тұрақты айлық ақысын алып тұрмаған ауыл адамдарына қатты ауыр тиді. Киім-кешек адамның күнделікті өміріне аса қажет. Соған қарамастан, газет беттерінде «жылы киімдерді майданға жөнелтейік» рубрикасымен үнемі есімдері аталатын кісілер болды, бірақ әрине, олар әлеуметтік ахуалы зор адамдар емес еді.

Қоғамда кең өріс алған коммунистік партияның үгіті мен насихаты белгілі бір деңгейде қоғамдық санаға да тереңдеп енді. Әсіресе, ұл механизм көп жағдайда өсіп келе жатқан жеткіншектерге қатты әсерін тигізді. Бұрын-соңды көрмеген қауіп-қатерге бас қойып, сұрапыл майдан даласына өз еркімен сұранып кету ел ішінде кең етек алды. Тіпті сол үкіметтің зардабын шеккен әлеуметтік топ өкілдері де, Отанды қорғау мәселесі қойылғанда патриоттық құлшыныс танытты. Бұл белгілі бір деңгейде қоғамда кең етек алған үрдістің көрінісі болса, екінші жағынан, халықты тек кеңестік арнада ойлануға баулыған коммунистік идеологияның жемісі еді [1, 82 б.]

Соғыстың қарсаңында елде «халық жауларын» жоюға бағытталған үлкен саяси науқан жүріп өтті. Еңбектегі патриотизмді үлкендермен қатар мектеп оқушылары да көрсетті. Олар жаппай ауыл шаруашылығы жұмысына тартылды. 1942 жылы қаңтар айында «КСРО Жер Халық комиссариатының органдарындағы барлық қызметкерлері, орта және жоғарғы оқу орындарының оқушылары және қалалар мен аудан орталықтары қызметкерлерінің бір бөлігін ауылшаруашылық жұмыстарына үйрету» туралы бұйрық шықты. Онда орта мектептің оқушылары үшін ауылшаруашылық жұмыстары бойынша білім беру ісі анықталғаны айтылды. 8-класс оқушылары дөңгелекті тракторларды меңгере білуі міндетті болса, 9 және 10-сынып оқушылары жыланбауыр тракторлар мен «ГАЗ - АА» автомобилін меңгеруі тиіс деп көрсетілді. Ал төменгі класс оқушыларын қол еңбегіне жұмылдыру қажет деп көрсетілді [2, 103 б.].

Халықты өнеркәсіп өнімдерімен қамтамасыз ету белгіленген мөлшерде ғана іске асырылды. Алайда ел тұтынатын киім-кешек, аяқ киім тұрмыстағы ең басты қажеттіліктер майданға жөнелтілді. Сондықтан адамның еңбек және күнделікті өміріне қажет тұтынатын тауарлардың қолжетімсіздігі елді үлкен қайыршылық күйге түсірді. Жалпы облыста 1945 жылғы мәліметтер бойынша, 417 дүкен, палатка, ларек және 134 киоскі, барлығы – 551 сауда орталықтары болды. Ал, маусымдық сауда бойынша 1 дүкен, 79 киоскі барлығы 80 орын жұмыс жасады. Сауданы ұйымдастыру ісі облторг, военторг, спецторг, ювелирторг делініп бөлінетін салалардан тұрды. 1945 жылдың жартыжылдығында жүргізілген ревизия материалдарында, облторг ұйымдастырған сауда айналымына талдау жасалынған. Жоспарды асыра орындау дәстүрге айналған, облпромсоюздың тауар шығаруы 64 пайыз, ал облместпром 50,7 пайызға орындағаны ерекше сынға алынады. Оның үстіне тұтынатын тауардың сапасы төмен, ал бірақ, оған қойылған бағаның тым жоғары болуы да ревизия барысында ашық айтылады. Әрине, соғыс жағдайындағы экономиканың ахуалы басқаша болуы мүмкін де емес еді. Сондай-ақ, бұл құжатта: «жоспарды орындаудағы сомманы айқындауда ассортимент бойынша белгіленген жоспар қанағаттанарлықсыз деңгейде орындалды. Жалпы айналымда спирт өнімдері 40,6%, ол 32 560 сомға өткізілді, ұн мен нан 15,6% және қалған тауарлар 45%-ды құрады. Облпотребсоюз жүйесі бойынша алғашқы жартыжылдықта сатылымдағы өнімдер 20042 сомды құрады, соның ішінде спирттік өнімдер 16577 сом болды. Спирттік өнімдер жалпы айналымда потрепкооперация бойынша 42%-ды құраған [3, 112 б.]»

Облыстағы сауда ісі сонымен қатар колхоздық рыноктарда да жүргізілді. Жамбыл облысында 25 колхоз базары жұмыс жасаған. Оның 6-ы қала орталығында, 19-ы облыстың 10 ауданында болған. Оның ішінде

ен ірі деп есептелетіні Шу, Меркі, Луговой және Қордай ауданының Георгиевка селосынан орын алды. Облыстағы колхоз базарларының басым көпшілігі жайсыз, сауда үйлерінің дуалдары құлаған, ларектер тым аз, халықтың тұтынуына жеткіліксіз болған. Базарларда шәй ішетін мәдени орындар ұйымдастырылмаған. Оның үстіне санитарлық жағдайы өте төмен жағдайда болған. Мұның бәрі белгілі дәрежеде колхоз сауда ісін дамытуға кері әсерін тигізіп отырған. Алайда аталған базар орталықтарында тұтынатын тауарлар шектен тыс жоғары болды. Оның үстіне ай сайын ақша алып тұрмаған халық үшін бұл базар орталықтарының қажеті де болған жоқ. Шындығын айтқанда халық асқан қайыршылық күйге душар болды. Міне, осындай ауыр заманда балаларын асырау үшін қарапайым ел ұрлыққа барды. Сондай-ақ, облыстағы соғыс ардагерлері мен мүгедек жандарға да арнайы азық-түлік қоры бөлінді. Жалпы облыста соғыс аяқталған жылы 43 409 әскери отбасы өмір сүрген. Оларды жабдықтау үшін: ұн 57 тонна, жарма 30, май 2,2, ірімшік 25, өсімдік майы 49 тонна бөлінді. Облыс тұрғындарының соғыс жылдарындағы тұрмысы ауыр болды.

Соғыс қарсаңында 1941 жылдың 5 маусымында КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі әскери қызметкерлердің әлеуметтік-тұрмыстық мәселелеріне байланысты «Жоғары, аға және орта басшылық құрамындағы, қысқа мерзімді қызметтен кейінгі кіші басшылық құрамындағы, қысқа мерзімді қызметтен кейінгі қатардағы мамандар және олардың отбасыларына зейнетақы мен жәрдемақы туралы» қаулы қабылдаған еді [4, 88 б.]. Ол бойынша аталған санатқа кіретін әскерилердің қызмет ету жылдарына, мүгедек болып қалудың себептеріне қарамастан және олардың отбасына, асыраушысынан айрылған отбасыларға төленетін зейнетақылар көлемі өскен болатын. Ал соғыс басталысымен бірнеше күннен кейін-ақ, кеңестік билік әскери қызметкерлердің көңіл-күйіне, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелеріне ерекше назар аударып КСРО Жоғары Кеңесі Президиумы 1941 жылы 26 маусымда «Соғыс уақытында рядовой және кіші бастық составтағы әскери қызметкерлердің жәрдем тағайындау және оны төлеу тәртібі туралы» Жарлық шығарады [3, 32 б.]. Осы заңдар арқылы Орталық және жергілікті билік органдары майдангерлерге олардың отбасыларын қамқорлыққа алу туралы міндеткерлік алды. Соған байланысты іске асырылатын шаралардың бәрі екі мақсатты көздеді. Олар біріншіден, майданда жүрген әскери қызметкерлердің жауынгерлік қабілетін арттыру, сол үшін екіншіден олардың тылдағы отбасыларына жан-жақты қолдау көрсету еді. Атқарылатын шаралардың мазмұны да осы екі мақсатқа бағындырылды.

Аталған заңда әскери қызметкерлердің отбасыларына әлеуметтік жәрдем көрсету жөнінде бірқатар құқықтар мен жеңілдіктер берілді. Онда жәрдемақы тағайындауға байланысты түскен арыздарды комиссия үш күн мерзім ішінде қарастыруы қажет деп белгіленгенді. Сонымен қатар жәрдемақы мен зейнетақыдан басқа тағыда бірқатар жеңілдіктер қарастырылды. Мысалы, ауылшаруашылығы салығы, соғыс салығы және басқа да салықтар бойынша жеңілдіктер. Сондай-ақ ауылшаруашылығы өнімдерін мемлекеттік міндетті тапсыру бойынша, тұрғын үйлеріне пәтеракы төлеуде жеңілдіктер беру ескерілді. Майдангерлердің балалары оқу ақыларынан босатылды, балалар үйіне, бала бақшаларға орналастыруда да жеңілдіктер жасау көрсетілді. Жәрдемақы майдангерлердің отбасыларына тұрғылықты жеріне қарай әр ай сайын төленуі тиісті болды. Жарлық шығысымен оны іске асыру жұмыстары басталып, жарлыққа сәйкес бүкіл елде, әрбір қала мен ауданда арнайы комиссиялар құрылып, тез арада жұмысқа кіріседі.

Жамбыл облысы бойынша 23 482 әскери қызметкердің отбасы жәрдемақы алып тұрған. Оларға соғыс басталған кезден 1943 жылдың мамыр айына дейін жәрдемақы түрінде 24 728 мың сом және қатардағылар мен төменгі санаттағы әскери қызметкерлердің отбасыларына зейнетақы түрінде 5 203 мың сом төленген [5, 29 б.].

КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының 1941 жылғы 26 маусымдағы қаулысының орындалуына байланысты Жамбыл облыстық әскери бөлімінің бастығы Берденниковтың берген есебі бойынша әскери қызметкерлердің отбасыларынан 1942 жылдың 1 желтоқсанында жәрдемақы тағайындауды сұраған 5083 арыз түскен. Олардың барлығы жәрдемақы тағайындау жөніндегі комиссияның отырысында қаралып 4544 отбасыға жәрдемақы тағайындалып, 539 отбасының арызы қанағаттандырылмаған. Тағайындалған жәрдемақылар бойынша 510 300 сом төленген [6, 152 б.].

Жамбыл облыстық Әскери бөлімінің меңгерушісі Берденниковтың 1942 жылдың 19 желтоқсанында облыстық партия комитетіне берген есебі бойынша Қызыл Армияның басшы құрамындағы әскери қызметкерлердің отбасыларын жұмысқа орналастыру және оларға тұрмыстық қызмет көрсетуге байланысты да бірқатар шаралар іске асырылған. 1942 жылдың 1 желтоқсанындағы мәлімет бойынша Жамбыл қаласында басшы құрамдағы әскери қызметкерлердің 2 575 отбасы тұрған, олардың 1 861-і эвакуациялық жолмен келген. Басшы құрамындағы әскери қызметкерлердің әйелдерінің 454-і жұмысқа, балабақшаларға 140 бала орналастырылған. 300 отбасы отынмен қамтамасыз етілген [6, 78 б.].

Жамбыл ауданы бойынша КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының 1941 жылы 26 маусымындағы қаулысына байланысты біраз жұмыстар атқарылған. Дегенмен де, бірталай кемшіліктер де орын алған. Облыстық партия комитеті Әскери бөлімінің тексерісі барысында жәрдемақы тағайындау жөнінде түскен арыздар заң ережесіне сай 3 күн ішінде емес, 10 күн, тіпті кейде одан да артық уақыттарда қарастырылған. Арыздараы қарастыратын комиссияның отырысы қойылатын талаптарға сәйкес өтпеген. Комиссияның отырысына қатысуға міндетті аудандық әскери Комиссариаттың төрағасы оған жүйелі түрде қатыспаған. Жәрдемақы тағайындау жөнінде түскен арыздарды қарастыру мен оны тағайындау ісіне салғырт қарауынан жәрдемақылардың көлемін анықтауда заң бұзушылыққа жол берілген. Кейбір жағдайларда жәрдемақылардың

көлемі артық, кейде кем төленген. Сонымен қатар әскери қызметкерлердің жәрдемақысын төлеу әруақытта кешіктіріліп отырған. 1942 жылдың 1 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, Жамбыл ауданында уақытында төленбеген жәрдемақыдан 154 359 сом қарыз болған [7, 15 б.].

Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің қаулысы бойынша партизандардың отбасыларын да мемлекеттік қамсыздандыру қарастырылған. Сонымен қатар басшы қызметтегі әскерилердің отбасыларына жәрдемақы және аттестат бойынша міндетті мемлекеттік қамсыздандыру белгіленген. 1943 жылғы мамыр айындағы мәлімет бойынша Жамбыл облысында Қызыл Армияның басшы қызметтегі әскерилер құрамының 5 547 отбасы тұрған. Оларға Әскери комиссариаттар арқылы жәрдемақы және аттестат бойынша 1942 жылдың 1 шілдесінен бастап 29 200 мың сом төленген. Одан басқа Қызыл Армияның қаза тапқан командирлері мен бастықтарының отбасыларына 86,0 мың сом зейнетақы түрінде көмек көрсетілген [6, 48 б.].

1941 жылдың 22-23 қазанында өткен облыстық партия комитетінің пленумы «Елдің қорғанысына арналған партиялық-саяси және мемлекеттік жұмыс туралы» мәселе қарап, Қазақстан КП Жамбыл облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы М.Ткаченко баяндама жасаған. Пленум шаруашылық және мәдени саладағы табыстарды атап көрсете келіп, облыстық партия ұйымының соғыс жылдарындағы жұмысын соғыс жағдайда қарай қайта құру мәселесін алға қойып, майданның қажеттіліктерін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді белгілеп берді.

Соғыстың алғашқы айларынан бастап кеңес мектептерінің мұғалімдері мен оқушылары майданда да, тылда да батылдық пен ерлік көрсету, ұйымшылдық және тәртіптік таныту мұратына адалдық көрсетіп, Отан қорғауға жұмылды.

1941 жылы тамыз айында өткен мұғалімдердің жалпықазақтық конференциясында барлық баяндамашылар бір ғана пікірге табан тіреді: «Барша халық секілді мұғалімдер де өз қызметінде күш-жігерін аямай, жас буынды коммунистік рухта тәрбиелеуі тиіс. Айбынды ел қорғаушылардың Отанға деген сүйіспеншілігі, шын берілгендігі, батылдығы, ерлігі – балалармен тәрбие жұмысының басты әрі тұрақты тақырыбы болу тиіс» [7, 28 б.].

Соғыс жылдарында барлық мекемелердің жағдайы мәз болмағаны баршаға белгілі жағдай. Қиындықтан білім беру саласы да шет қалмады, оған сол уақыттағы мектептердің, интернаттардың және балалар үйлерінің материалдық жағдайы нақты дәлел бола алады. Қазақ КСР Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Н.Оңдасынов: «Бірқатар мектептерді тексеру кезінде олардың материалдық базасы қанағаттанарлықсыз деңгейде екені анықталған. Мектеп-интернаттар отынмен толық қамтылмады. Дайындалған отын жеткізілмей қалды, сынып жиһаздары мен мектеп ғимараттары сапасыз жөнделді, тіпті, мектепте ең бірінші кезекте керек зат-тақталардың өзі жөндеу көрмеді, мектептерде санитарлық талаптары сақталмаған. Оқушыларды мектепте қажетті керек-жарақпен ету бақылаусыз жүргізілді, соның салдарынан онсыз да шектеулі көлемде шығатын оқулықтар, дәптерлер, қарындаштар толығымен жетпеді» [7, 33 б.].

Соғыс кезеңінде туындаған ауыртпалыққа қарамастан, әр оқу жылының басында мектептер өз оқушыларына есігін ашып отырды. Мысал ретінде 1943-1944 оқу жылын алайық. 3 мектепті (Шу ауданындағы Ворошилов атындағы ОМ және орталау мектеп, Жамбыл ауданындағы Амангелді атындағы орталау мектеп) есепке алмасақ, облыстың басқа барлық мектептерінде терезенің әйнектері, темір, ағаш және басқа да құрылыс материалдары тапшы болғанына қарамастан, жөндеу жүргізілген.

Орта мектептердің басым көпшілігінде кабинеттерде сақталды, ол үшін кабинет меңгерушінің мойнына материалдық жауапкершілік алды. Мектептердің, әсіресе орталау мектептердің басым бөлігінде оқу кабинеттері өте жұтаң жабдықталды, жабдық сатып алуға мүмкіндік болмады. Мәселен Свердлов ауданының мектептерінде географиялық карталардың, глобустардың және басқа да көрнекі құралдардың тапшылығы қатты сезілді. Ал, Фрунзе, Ленин атындағы, Ақжар мектептерінде бірде-бір географиялық карта болмады.

Соғыстан кейінгі кезеңде қала мектептерінің географиялық картамен қамтылуы біршама жақсарды, алайда, аудандардығы жағдай ауыр күйінде қала берді. Аудан мектептерінің көпшілігі 3 жыл бойына бірде-бір карта алмады. Мұғалімдерге оқулыққа қоса тіркелген жұмыс жасауға тура келеді. Тарих және география сабақтарының басым көпшілігі картасыз өтетін [8].

Физика-химия кабинеттерінің жабдықтары да мәз болған жоқ. Кейбір мектептердегі кабинеттердің бар оқу жабдығының өзі үнемі пайдаланылмағанын атап көрсеткен жөн.

Мектептерде оқулық тапшылығы қатты сезілді. Оқу жылы басталғанға дейін ұсталған оқулықтарды сатып алу ұйымдастырылғанына қарамастан (қазақ тілінде 44201 данаға жуық және орыс тілінде 36212 оқулық сатып алынды), әсіресе, бастауыш кластарда қазақ тіліндегі оқулықтар жетпеді, сондай-ақ, тарих және әдебиет оқулықтары тапшы болды. Тұтастай алғанда, облыс оқулықпен шамамен 60% қамтылды.

Мерке, Қордай, Свердлов, Красногор аудандарында оқулықпен жабдықтау ісі нашар болды. Мерке ауданында ОМ және орталау мектептерде оқулықтар кітапханасы болды, жаңа кітаптар түспегендіктен, ал ескілері аз болғандықтан, кітапханалар оқырмандардың қажеттерін толық қанағаттандыра алмады. Оқушылардың көпшілігі оқулықтан басқа ешнәрсе оқымады, бұл олардың жалпы дамуына, сондай-ақ, оқушылардың әдебиет пәні бойынша білімдерінің сапасына әсер етті, өйткені мұғалімдерге оқушыларды шығармалардың мазмұнымен әңгімелеп беру арқылы таныстыруға тура келді.

Свердлов ауданындағы орталау мектепте қарастырылып отырған кезеңде 1-4 қазақ сыныптарға арналған жаңа әліпбиіндегі бірде-бір оқулық болмады. 23 оқушыдан құралған класка арифметикадан небәрі 3 оқулықтан келетін, не болмаса тарих, география бойынша бірде-бір оқулық болмайтын. 37 балаға барлығы 7 есеп кітабы тиді, әліппеден кейінгі кітаптар мүлдем болмады.

Талас ауданындағы мектептер оқулықтармен 70% қамтылды. Красногор ауданында жағдай одан гөрі нашар болды, мұнда 55% қамтылды. Қаладағы 1-4 сыныптарды қолда оқулықтардың 70-90%-ы; сыныптарда – 60-70%-ы; 8-10 сыныптарда 50-60%-ы болды. Соғыстың соңына қарай оқулық жетіспеушілігі, әсіресе, әліппеге қажеттілік қатты сезілді – мектептердің небәрі 30%-ы қамтылды. Әліппеден кейінгі кезеңде оқуға арналған кітаптармен қамтудың жайы тіптен нашар болды, тіптен қаланың өзінде қазақ мектептерінде бір сыныпқа бірде-бір оқулық болмады. Тарих пәнінің оқулықтары жетіспеді, 10-сыныпқа арналған әдебиет пәнінің оқулықтары қажеттіліктің 30-40%-ын ғана қамтыды. Қаланың ірі мектептерінің өзінде 5-6 оқушыға бір оқулықтан артық болмады. Чернышевский тандағы ОМ-де мұғалімдердің оқулықтары болмады [9, 48 б.].

Облыс мектептері оқу-жазуға керекті құралдардың, соның ішінде, дәптер, сия, қаламсап, бор жетіспеушілігі салдарынан үлкен қиындықтарды бастан кешірді. Қағаз тапшылығы ескі кітаптар мен газеттердің жиектерін, тұсқағаздарды, керексіз құжаттарды пайдалануға мәжбүр болды, бұл каллиграфияны қалыптастырды, үй тапсырмаларын тексеру және тағы да басқа жұмыстарды қиындатты. Мұның бәрі айналып келгенде білім сапасына, соның ішінде орыс тілі мен математика пәндері бойынша үлгерімнің сапасына әсер етті. Оқушының қаламсабы қолдан жасалған таяқшалармен және олармен бірге жүретін болат қаламұштармен алмастырылады. Сиялар күлден және қызыл қызылшадан жасалды, бордың орнына ақ балшық пайдаланады. Қарындаштар бар болса да, бардық оқушыға жету үшін бірнеше бөліктерге бөлінді.

Облыстың мектептеріне жартыжылдықта ұйымдасқан түрде мынадай құралдар ұсынылады: 15000 дәптер, 24750 дана қарындаш, 900 дана қаламсап (қаламсап есепке алмағанда). Алынған оқу-жазу құралдарының бір бөлігін теміржол мектептерінің оқушыларына жөнелтуге тура келуі тағы да түйткіл тудырды. Бұл оқу жылы басталғанға дейінгі жоспарда қарастырылмаған болатын және теміржол мектептеріндегі оқушылар саны Ағарту Халық комиссиясының жүйесінің мектептері оқушыларының жалпы санына қосылмады (12). Оқу орындарының материалдық қамтылу жағдайы осындай күйде болады. Соған қарамастан осындай ауыртпалық кезінде де, тіпті, толық жағдай жоқ болған кездерде де оқыту үдерісі үзілмегенін атап айтқан жөн.

Соғыстың салдарынан педагог мамандар едәуір қысқарып қалды, кадрлардың құрамы да елеулі өзгеріске ұшырады. Педагогтар қатарында әйел адамдардың үлес салмағы артты. Газет беттерінде ешқандай кемшілік жоқтығы жазылып жатқанына қарамастан, шын мәнінде кемшіліктер аз болған жоқ. Көптеген мұғалімдердің тиісті біліктілігі болған жоқ. Мұғалімдердің жетіспеуі салдарынан, бір қатар мектептерде жекелеген пәндерді өткізбеуге тура келді. Педагогикалық жұмыс жүргізу, педагогикалық училищилердің, мұғалімдер институты мен педагогикалық институттарының жұмысын нығайту үшін орта білімі бар тұлғаларды жедел дайындау шараларын қолға алу қажеттілігін туындады.

Қазақ КСР Халық комиссарлары кеңесінің, Қазақстан К(б)П ОК, облыстық атқару комитеті мен Қазақстан КБП облыстық комитетінің бірқатар нұсқауларына қарамастан, мұғалімдерді нанмен ұнмен қамтамасыз ету мейлінше қанағаттанарлықсыз жағдайда болды [9, 88 б.].

Облыс аудандарындағы мұғалімдерге деп белгіленген 800 гр және олардың асырауындағылар үшін берілетін 200 гр күндік нан мөлшері азайтылып, еріксіз бұзыла берді. Нанның мөлшері азайған сайын облыстың барлық аудандарында мұғалімдерге 15-20 күнге дейін нан берілмей қалған кездер болды, тіпті бірнеше күн қатарынан мүлде берілмей қалған күндер де болды, мұндай жағдайлар, әсіресе, қаңтар-ақпан айларында жиі болып тұрды.

Облыстың үш ауданында нан мен ұнның орнына астық дәндері берілді (Шу ауданында – бидай, жүгері, Луговой ауданында – арпа, Сарысу ауданында – бидай түрінде), Свердлов ауданында мұғалімдерге тамаққа жарамсыз ұн таратылды.

Азық-түлік және өнеркәсіп тауарларымен бір реттік қамтамасыз ету ісі де мардымсыз болды. Аудандық сауда бөлімдерінде, аудандық тұтынушылар одақтарында және аудандық халыққа білім беру бөлімдерінде мұғалімдерге берілген тауарларды есепке алу жүргізілмеді. Бақылаушы ұйымдардың мұндай жауапсыздығы салдарынан бұл тауарлардың ішінара «талан-таражға» түсуі байқалды және бұл тауарлардың тиісті мақсатта пайдаланылмауына әкеліп соқтырды. Атап айтқанда, Көктерек ауданында 200 кесек иіс сабынна мұғалімдерге тек 55 кесек сабын ған берілген. Михайловка ОМ мен Мынарал ОМ 18 мұғалімі 1943 жылдың 4 тоқсанында да, 1944 жылдың 1 тоқсанында да бірде-бір өнеркәсіп тауарын алмаған. Сарысу ауданында мұғалімдерге арнап бөлінген 172 литр айдың орнына, 72 литр ғана берілген. Аудан мұғалімдерінің бөлінген тауарды сауда бөлімінің меңгерушілері көбінесе таныс арқылы таратып, өз пайдасына шешкен.

Мұғалімдердің қорына берілген тауардың жетіспеуінің басты себептерінің бірі олардың ауылдық сауда ұйымы арқылы таратылуы еді. Тиісті бақылау болмаса, бұл әдістен ештеңе өнбейтіні анық аңғарылды, сондықтан бірқатар аудандар (Жамбыл, Меркі, Қордай және т.б.) мұғалімдерге арналған тауарды аудандық дүкендер арқылы сататын болды.

Облыстың барлық аудандарында мұғалімдерге қаңтар, ақпан, сондай-ақ, наурыз айлары үшін еңбекақы тек наурыздың аяғында ғана төленіп отырды. Еңбекші депутаттары аудандық кеңестерінің атқару комитеттері, аудандық халыққа білім беру бөлімдері тарапынан КСРО Халық комиссарлары кеңесінің 1936 жылғы 10 сәуірдегі мұғалімдердің еңбекақысын төлеу тәртібі туралы қаулысы тұрақты орындалған жоқ [10, 48 б.]. Бірде-бір аудандық атқару комитеті Қазақ КСР Халық комиссарлары кеңесінің 23 қазандағы еңбекақы бойынша берешектерді жою туралы қаулысын орындаған жоқ.

1945 жылы облыс мектептерінде 1938 мұғалім жұмыс атқарды. Педагог кадрлардың біліктілігі мынадай болды: жоғары білімді – 166 адам, аяқталмаған жоғары біліммен – 168 адам, орта біліммен – 944 адам, аяқталмаған орта біліммен – 658 адам. Кадр жетіспеуіне байланысты облыстың бірқатар мектептерінде, тіпті орта мектептерде, әсіресе, қазақ мектептерінде бір мұғалім өз мамандығы болмаса да, бірнеше пәнді жүргізе беруге мәжбүр болды [10, 31 б.].

Соғыстың ауыртпалығына қарамастан, жалпыға бірдей оқыту немесе міндетті жалпыға бірдей бастауыш білім беру ерекше сипат алып, кеңінен насихатталды. Жалпыға бірдей оқытуды іске асыру көптеген жағдайларға, атап айтқанда, госпиталь ретінде пайдалану, оқу мүліктердің жетіспеуі, оқушылардың мектептен кетуінің жиілеуі және өзге де себептерге байланысты қиындыққа ұшырады. Бұл мәселелерді шешу үшін үкімет бірқатар шараларды қолға алды.

«Жалпыға бірдей оқу туралы» заңды жүзеге асыру мақсатында мамыр және наурыз айларында мектеп жасындағы балалардың есебі жүргізілді. Аудандық, қалалық халыққа білім беру бөлімінің деректері бойынша, облыс бойынша оқытылуға тиіс барлығы 29190 адам есепке алынды. Нақтылай алғанда, оқу жылының басында 30616 бала мектепке тартылды, яғни есепке алынған балалар санына қарағанда, 1426 бала артық қамтылды. Бұл мектеп жасындағы балаларды есепке алудың жүргізілмегенін көрсетеді. Есепке алынбаған балалардың көпшілігі Жамбыл қаласында (1037), Шу (557), Талас (139) және Қордай (111) аудандарында анықталады. Есепке алу жұмысы қайтадан жүргізілген кезде балалардың толық қамтылмауы Луговой (291), Свердлов (336), Қордай (201) аудандары бойынша анықталған.

Свердлов ауданының Новоивановка ОМ 36 оқушы оқумен қамтылмаған, оның ішінде 20-сы мектептің қашық орналасуына байланысты бармаған (7-10 сыныптар, интернат және тасымалдау болған жоқ), Қалған 16-сы аяқ киімдерінің жоқтығы салдарынан сабақтан қалған [10, 35 б.].

Мектептердің жұмысында, әсіресе, жалпыға бірдей оқыту туралы заңды іске асыру саласында үлкен кемшіліктер болды. Соған қарамастан, білім берудің сапасы мен тұрақтылығына баса мән беріліп, оқушылардың әскери даярлығы мен тәртіп сақтау ережелерін енгізуге ерекше назар аударылады. Мектептерде оқушыларға Отанға деген сүйіспеншілік пен басқыншыларға қарсылықты қалыптастыратын тәрбие жұмысы күшейтілді. Оқушылардың, әсіресе майдангерлердің балаларының тұрмыстық жағдайын жақсарту жолында, сондай-ақ, майдан мен жаудан азат етілген аудандарға көмек ұйымдастыруға байланысты үлкен жұмыстар жүргізілді. Мұғалімдердің ерен еңбегі оқушылардың тәртібін жақсартуға ықпал етті.

Соғыстың ауыр жылдарында әлеуметтік-мәдени ортаны қалыптастыру, халықтың бос уақытын ұйымдастыру, білім беру, ағартушылық және тәрбиелеу міндеттерін арқалаған мәдениет орындары келесідей құрылымда болды: театр, газет редакциялары, клубтар, кітапханалар мен оқу үйлері, кинотеатрлар мен жылжымалы киноқондырғылар және т.б.

Халықты коммунизм рухында тәрбиелеуде басты құрал ретінде үгіт-насихатты пайдаланған кеңестік мәдениет соғыстың сынаққа толы қиын жылдарында жеңіске жету жолында халықтың жауынгерлік рухын көтеруде елеулі еңбек сіңірді. Халықтың мәдени өмірі мемлекеттік саясатпен ынталандырылған арнайы мекемелердің ықпалымен қалыптасты. Ал, мәдениет қызметкерлері әсіресе, ауылдық жерлерде жергілікті интеллигенция қатарында болды.

1941 жылы Жамбыл облысында 224 клубтық, яғни еңбекші бұқараның бос уақытын өткізу іс-шараларын ұйымдастыру және олардың коммунистік тәрбие алуларына ықпалдасатын бұқаралық мәдени-ағартушылық мекемелердің 90-ы колхоздарда орналасты. Мәдениет үйлері, колхоздық клубтар, кітапханалар, оқу үйлері, мұражайлар, қызыл бұрыштардан құралатын клубтық мекемелерді аудандарға бөліп қарастырсақ: Қордай ауданы - 35, Красногор ауданы - 27, Көктерек ауданы - 27, Луговой ауданы - 29, Мерке ауданы - 25, Свердлов ауданы - 20, Сарысу ауданы - 21, Жамбыл ауданы - 29, Талас ауданы — 14, Шу ауданы - 26 [10]. Соғыс аяқталған 1945 жылы бұл көрсеткіш облыс бойынша 293-ке артып, құрамында 25 кітапхана, 21 мәдениет үйлері мен клубтар, 91 оқу үйлері, 15 қызыл бұрыштар, 2 мұражай болған.

Радиоландыру қарқыны облыс бойынша Жамбыл қаласында жақсы қолға алынып, қаладағы 3 радиоторап арқылы 2714 радионүктелер қондырылған. Аудандар бойынша негізінен радиотораптар аудан орталықтарында немесе ірі елді мекендерде орналастырылған.

Соғыс жылдарында халықтың тыным таппай, күндіз-түні жанын сала еңбек еткеніне қарамай ауыл шаруашылығы тұрғындарының әлеуметтік жағдайы жылдан-жылға төмендеп кетуінің бірнеше себептері болды. Атап айтқанда, соғыстың ұзаққа созылып кетуінің өзі халықты іштей қажытып, жан-дүниесіндегі күйзелісін тереңдете түсті. Соның салдарынан еңбекшілердің соғыстың алғашқы кезеңдеріндегі әлеуметтік белсенділігі төмендеді. Екінші жағынан, колхозшыларды еңбекке, табыс табуға ынталандыру туралы үкімет пен партияның қаулылары барлық жерде бірдей орындала бермеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Балакаев Т.Б., Алдажуманов К.С. Историография Казахстана периода Великой Отечественной войны. В кн. актуальные проблемы истории Советского Казахстана. - Алматы: Наука, 1998. – 115 с.
- 2 Чокин А.Р. Очерки развития санэпидслужб в Казахстане. - Алматы: Казахстан, 1999. – 160 с.
- 3 Оразов К. Рабочий класс Казахстана в Великой Отечественной войне. - Алматы: Наука, 1995. – 162 с.
- 4 ЖОММ. 282-қор, 1-тізбе, 336-іс, 22-бума, 7-п.
- 5 Қозыбаев М.К. Едігенов Н.Е. Труд во имя победы. Алма-Аты 1995. – 210 с.
- 6 Қозыбаев М. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. - Алматы, 2000. – Т. 2. - 218 с.
- 7 Есенов Ш.Е. Горизонты науки Казахстана // Октябрь и наука Казахстана. - Алматы: Наука, 1998. – С. 5-28.
- 8 Жакупова М.Л. Эвакогоспитали Казахстана в годы Великой Отечественной войны. - Алматы: Казахстан, 1985. – 185 с.
- 9 Нурбекова Г.Д. Женщины Казахстана – фронту. – Алматы: Казахстан, 1992. -168 с.
- 10 Бисенбаев А.К. Деятельность научных учреждений и высших учебных заведений Казахстана в годы Великой Отечественной войны. - Алматы: Наука, 2000. – 215 с.



ӘОЖ:339.924(574)

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ҚОСШЫ» ОДАҒЫНЫҢ ЖЕР МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ
ҚЫЗМЕТІ ЖАЙЛЫ**

**Кадирғалиева А.Т. - Шымкент университеті, магистр, аға оқытушы
Рамазанова Л.А. - Мирас университеті, магистр, аға оқытушы
Насурлаева Г.О. - ОҚМПУ, магистр, оқытушы**

Андатпа. Жаңа экономикалық саясат жеке мүддеге, жеке мүдделікке, шаруашылық есепке, негізделеді. Ол социализмнің материалдық іргетасын қалауды, өндірістің социалистік жолын нығайтуды көздейді. Қазақ өлкелік партия комитеті 1921 жылы маусымда Орынборда өткен облыстық 1-ші құрылтай конференциясы өлкенің 28 мың коммунистерінің атынан жаңа экономикалық саясатқа көшуді қуаттады. Қазақ АКСР-інде 1921 жылғы наурыз бен сәуір айларында «әскери коммунизмдік» азық-түлік салғырт азық-түлік салығымен ауыстырылды. Сөйтіп, негізі жоқ социализмнің утопиялық мақсаттары зорлық, қысым арқылы жүзеге асып, адам факторы аяққа басылды. Аса зор материалдық, адамдық шығындармен орнатылған сталиндік социализм индустриялық қоғамға секіріс жасай алмады. Адам факторынан сырт айналу оның түбіне жетіп, әлемдік тарихтан тұрақты орын алуға мүмкіндік бермеді. Осыған байланысты мақалада Оңтүстік Қазақстандағы «Қосшы» одағының жер мәселесіне қатысты қызметі туралы мәліметтер қарастырылған.

Кілт сөздер: жер-су реформасы, «Қосшы одағы», кеңес өкіметі, кедейлер, кулактар, қазақ халқы, шаруа, жер мәселесі, шабындық жер, партия, Оңтүстік Қазақстан.

1921-1922 жылдары жүргізілген жер су реформасында қазақ және орыс еңбекшілерін кеңестік құрлысқа тұруға жағдай жасады, патша өкіметінің аграрлық қатынас саласындағы отаршылдық мұрасына соққы берді, қоныс аударған кулактардың экономикалық қуатын мықтап кемітті. Қазақ ауылындағы патриархтық – феодалдық бастауларды әлсіретті, тамырын жойды.

Осы одақтың қимыл-әрекеті негізінде қазақ халқы мен мекендеген өзге де ұлт өкілдерінің интернационалдық достығына игі бастаулар берді, қаналған халықтардың саяси одағының нығаюына, халықтар достығының берік бола түсуіне жағдай жасады.

Ауыл шаруашылығын қалпына келтіруді ұйымдастыру үшін ауыл шаруашылық кредит қоғамы құрылды. Олар өз қызметін ең алдымен кедейлер мен орта шаруалар, совхоздар, бірігіп жер өңдеу серіктеріне көрсетті, солардың пайдалануына жағдай жасады. Кеңестер кедейлер мүддесін байлар мен кулактардың озбырлығынан қорғады. Шаруалардың қоғамдық өзара көмек комитеттері – «Қоғам» шаруалардың жерді, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге, меншігіне ауыл шаруашылық машиналарын, сондай-ақ ұсақ кәсіпорындарды: дирмен, наубайхана, асхана, майшайқағыш, қапахана, кірпіш заводтары, т.б. сатып алуға жәрдемдесті. «Қосшы» одағы орыс деревняларындағы шаруа комитеттерінің жерді қауымдасып, жыртуы, жарналарды, ақшалай және материалдық қорлары, басқарудың ұжымдық формасы болумен кооперацияның алғашқы формасын өмірге әкелді. Олар серіктер мен колхоздар құру жөнінде бастама көтеріп отырды. т.б. [1]

1921 жылы ақпан айындағы жер-су реформасы Түркістан өлкесінің көптеген аудандарында, оның ішінде Алматы, Қапал, Шымкент, Әулиеата уездерінде жүзеге аса бастады. Бұл реформа ауылдың еңбекшілер бұқарасын дүр сілкіндіріп, кедейлер мен батрактардың арасында революциялық зор өрлеу туғызды. Көптеген жиналыстарда, жиындарда, партияда жоқтар конференцияларында кедей қазақтар Коммунистік партия мен



Кеңес өкіметін қызу құтқарды. Қазақ кедейлері мен батрактарының тұңғыш бұқаралық ұйымы – Қосшы одағын ұйымдастыру мен оның қызметінде бұқараның өрлеуі ерекше айқын көрінді.

Түркістан АКСР-інің партия ұйымдары революциядан іле-шалаақ ұлттық деревняның еңбекші шаруаларының жергілікті жағдайларға икемді келетін таптық ұйымдарын іздестіре бастады. Олардың бастамасы бойынша және басшылығымен «Қырғыз (қазақ) батрактары мен кедейлердің одағы», «Шаруа», жерсіз және жері аз дихандар мен шәйіркелер одағы Және басқалары құрылып, жұмыс істеді. Алайда олардың саны мейлінше аз болды. РКП(б) орталық Комитетінде (С.Асфендияровтың, С.Атабаевтың, Т.Рысқұловтың, В.Познердің, И. Сольцтің және басқаларының қатысумен) жүргізілген айтыс, пікір таластарының нәтижесінде болыстық және бірқатар ауылдық партия ұялары қызметінің тәжірибесін есепке ала отырып, 1921-жылдың басында Қазақстанның оңтүстігінде «Қосшы» одағы құрылды. Түркістан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті бекіткен Қосшы одағының жарғысы (устаы) оның басты міндеттерін:

- еңбекшілердің таптық сана-сезімін көтеруді;

- олардың мүдделерін қорғауды;

- Кеңес Одағы саясатына жәрдемдесуді белгіледі. Байлар, кулактар, еңбексіз табыс есебімен өмір сүріп отырған және еңбегін қанаушы адамдар бұл Одаққа қабылданбады.

Қазақстанның Оңтүстігінде осы Одақты құруда, оның тәжірибелік қызметінде, сондай-ақ жер су реформасын жүргізуде коммунистер Ж. Бөрібаев, А. Розыбакиев және басқалар рөл атқарды. Бұқараның танымал басшысы, большевик О. Жандосовтың рөлі ерекше болды. Он сегіз жасар жігіт шағында ол жетісіда Кеңес өкіметін орнатуға қатысты, он тоғыз жасында коммунистік партияға кірді.

Сенімді интернационалист О. Жандосов Азамат соғысы жылда-рында ұлт істері жөніндегі облыстық бөлімді басқарды, жергілікті партия және кеңес ұйымдарын нығайту үшін, қазақ даласында Ленин идеяларын насихаттау үшін көп жұмыс істеді. Ол Ақтөбе қаласында өткен бірінші бүкіл қазақстандық кеңес конференциясында жетісулықтар делегациясын басқарды, бұл конференция РКП(б) өлкелік ұйымдастыру бюросын құруды қажет деп тапты [2].

1921 жылы көктемде Жетісу 15 мың, орақ, 13 мың шалғы, 120 соқа, 200 мың кез мануфактура, шай, сабын, сіріңке және тағы – тағысын алды. Қазақ еңбекшілеріне жерлерді қайтарып беру – тонап алынған мүліктерді, астықты, құрал – саймандарды жойып, жер комиссияларының, Қосшы одақтарының белсенді қызметкерлерін өлтірген кулактарға, қазақ ұлықтарына (старшиналарына) қарсы келіскен таптық күрес үстінде өтті. Кеңес және Қосшы ұяларындағы өздерінің итаршылдары арқылы олар жер беруді тежеуге ұмтылды, арандатушылық өсек – аяндар таратты, сөйтіп, қоныс аударушы орыс шаруаларын қазақ шаруаларымен қақтығыстыруды көздеді.

Елдегі қайта құруларға апаратын социалистік реформаны жүргізудің барысында қоныс аудару селоларының кедейлері менен орта шаруалары жөнінде өрескел қателіктер мен бұрмалаушылықтар орын алды. Көптеген селолар жеткілікті негіз болмаса көшірілді. Кеңес заңдылығына, кеңес өкіметі саясатының таптық қағидаларына қарамастан троцкистік ұлтшыл элементтер (Г.Сафаров және басқалары) кей кезде орыс шаруа халқының бәрін «басқыншылар» («оккупанттар») деп аталағандырға бет алды қоса салды, ал орта шаруаларды «кулактар» деп жариялап, олардың мүліктерін тәркіледі. Қызыл әскерлер, азамат соғысына қатысушылар отбасшылары да басқа аудандарға заңсыз көтерілді [3].

«Қазақ АКСР-і партия ұйымының 1921 жылғы жұмысына жасалған шолуды» мыналар атап көрсетілді:

- Ұлтшыл-уклонистер бұрынғы алашордашылармен бірге аграрлық мәселені отаршыл орыстарға қарсы бірлесіп күресу үшін қырғыз (қазақ) кедейлерін байларымен біріктіру арқылы шешуді ұсынады. Ал мұндай көзқарасты Түркістан өлкесінің ұлтшыл-укланитері де білдірді.

Алайда коммунистік партия бұл көқарастарға батыл түрде тойтарыс берді, сөйтіп бұқара партияның интерноцианалдық бағытын қолдады. Бұл жөнінде ұзын Қорғалы және Қостек облыстарының 4100 кедейінің 1921-жылы В.И.Ленинге жолдаған хатын келтіруге болады:

«Жетісу облысының жерінде тұратын орыс, қырғыз (қазақ) және басқа да ұлттардың кедейлері күш – бірлікте екенін енді түсінді, сөйтіп тізе қосып жұмыс істеп, ақыл-ойын қосып бірге бастады.

Кеңесінің шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу туралы қаулысының тексін жариялайды, қайта бөлістің саяси және экономикалық маңызын баяндаған мақалалар басты. [4]

Жергілікті жерлерде отбасылық тізімдер жасалып, олар шаруа-шылық ауылдардың жалпы жиналыстарында талқыланды. Әкімшілік ауылдың территориясында қайта жоспарын ауылдық Кеңес бекітті. Шаруашылық ауыл ішіндегі қайта бөліс үшін үш адамнан ауылдық комиссиялар (әрбір әкімшілік ауылда 6-10 комиссиядан) құрылды.

Комиссияларға партия ұйымының, қосшы одағы мен ауылдық Кеңестің өкілдері енді. Қайта бөлістің ойдағыдай болуын қамтамасыз ету үшін бастауыш партия ұйымдарын нығайту қажет болды. Осы мақсатпен 1926 жылдың аяғында БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің шешімі бойынша әрбір ауылдық партия ұясы әкімшілік ауылдың барлық коммунистерін біріктіретін болу үшін ауылдық партия ұялары жүйесі қайта құрылды. Партия ұяларының саны өсті, 1927-жылдың бірінші жартысында ауылдарда 3495 партия мүшесі және 2970 мүшелікке кандидат болды.


Жер алқаптарын қайта бөлу орташаларының мүдделеріне де сай келді, сондықтан олардың көпшілігі

науканға белсене қатысты. Бірақ кейбір ауылдарда орташалардың мүдделеріне қысым жасалған реттер болды. РКП(б) Алматы округтік комитетінің пленумы да «кейбір ауылдарда орташаларға дұрыс қарамаушылық орын алды, - деп, осындай қателерді атап көрсетті. [5]

Қорытындылай келе, елде жаңа экономикалық саясаттың енгізілуіне байланысты жерді жалға беруге және алуға, жалдамалы еңбекті қолдануға рұқсат етілді, ауыл шаруашылығын, несиені, тұтыну кооперацияларын дамыту мен өркендету көзделді. Соғыс коммунизмі кезінде енгізілген еңбек міндеткерлігі ісі қолдану тауып, еңбекке мобилизациялау жойылды.

Әдебиеттер

1. Гуревич А. О кризисе исторической науки // Вопросы истории. -1991. №2-3. -С.25.
2. Омарбеков Т.. 1920-1930 жылдардағы Қазақстан қасіреті.-Алматы: Санат, 1997. -320б
3. Дахшлейгер Т.Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929гг.).-Алма-Ата:Наука,1965.-536.
4. Социалистическое строительство в Казахстане в восстановительный период (1921-1925 гг.). Сб. документов и материалов. Алма-Ата, 1962,
5. Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. IV том, -Алматы, 1981



ӘОЖ 94(574)

КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ХАЛЫҚ САНАҚТАРЫ М.ШОҚАЙ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ (XXF.20-30ЖЖ)

Абдразакова А.У., п.ғ.м., аға оқытушы, Азирбекова А.Ж., п.ғ.м., аға оқытушы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Қазақстан, Қызылорда қ.

Аңдатпа. Мақалада ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында Қазақстанда жүргізілген санақтар қорытындысынан мемлекеттің жүргізіп отырған экономикалық және әлеуметтік саладағы саясаты мен орын алған демографиялық апаттар жайлы айтылады. Өйткені демографиялық көрсеткіштер кеңестік билік тұсындағы ұлттық аймақтарда орын алған әділетсіздіктер жайлы нақты және шынайы мәлімет беретіні анық. Осы деректерді Мұстафа Шоқай да ұтымды пайдаланып Қазақстанда жүргізілген халық санақтарының нәтижесін талдай келіп, шетелдік баспасөздерде мақалалары арқылы жариялау мүмкіндігін иемденді. 1939 жылғы санақ нәтижесін 1926 жылғы санақ қорытындысымен салыстыра отырып, екі санақ аралығында Түркістан республикасының халқы 3955282-ға өскендігін атап көрсеткен. Арнайы Қазақ республикасының халық санағына тоқталып, 71958-ге яғни 1,2 %-ға ғана өскенін, ауыл халқының саны екі санақ аралығында кеміп кеткендігіне тоқталады. Қала халқының саны орыс қоныс аударушылар есебінен жүріп отырғанын алға тарта отырып, «кеңестік жұмақтағы» түркістандықтардың тозақ өмірін өткір сынға алады.

Түйін сөздер: халық санақтары, әлеуметтік, экономикалық, интеллигенция, демография.

Қазақстан территориясындағы жалпы халық санағы алғаш рет патша үкіметі тұсында 1897 жылы жүргізілсе, кеңестік билік тұсындағы 70 жылда бүкілодақтық халық санағы 7 рет: 1926, 1937, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 жылдары жүргізілген екен. Белгілі бір уақыт аралығында қандай да бір мемлекеттің демографиялық, экономикалық және әлеуметтік саладағы мәліметтерін жинау процесі ретінде жүргізілетін халық санақтарының барысы мен нәтиже – көрсеткіштері арқылы сол мемлекет ұстанып отырған саясатының бет – бейнесін ашып береді.

Бірінші жалпы Кеңес өкіметінің санағы 1920 жылдың 28 тамызында жүргізілді. Бұл санақ әскери коммунизм саясаты мен большевиктер террорының шарықтау кезінде жүргізілген еді. Азамат соғысы аяқталмағандықтан, Қазақстанның барлық аймағы санаққа кірмеген болатын. Сондықтан, ең толық халық санағы 1926 жылы өткізілген Бүкілодақтық халық санағы болды. Қазақстан халқының саны толығымен 1914 жылғы дәрежеге жеткен. 1926 жылдың 17 желтоқсанындағы халық санағы бүкіл халықтық іс болды. Партияның Орталық комитеті, жергілікті партия органдары санақ талаптарын бірінші кезекте орындады. Осы маңызды іс-шараға бүкіл халықты жұмылдырды. Келесі санақ 1937 жылдың қаңтар айында өткізілген. Бұл «атыс санағы» болған. Үлкен шығындар жасалып, маңызды ұйымдастырушылық жұмыстарды жүргендігіне қарамастан, санақ қорытындылары нәтижесіз болды. Өйткені санақты ұйымдастырушылардың көп бөлігі ату жазасына ұшыраған. Бұл санақ, оның бағдарламасы, ал ең бастысы санақтың көңіл толтырмайтын қорытындылары Сталин мен оның қарамағындағыларды да қанағаттандырмаған. Бұл санақтың мәліметтері өңделмеген және басылым беттеріне де шықпай мұрағаттарда қалған [1].

Қазақстан тарихының кеңестік кезеңінде қолдан жасалған мұндай қиындықтар мен қателіктері аз болған жоқ. Сондай орны толмас қателіктердің бірі - азаттық қозғалыстың жаңа кезеңінің негізін қалаған ұлт зиялыларының тұтастай легін «халық жауына» айналдырып, бүкіл жасампаздыққа толы қабілеттері мен білімдерін қолдануға мүмкіндік бермеуі. Бүгінгі біздің басты міндетіміз - соларды өз деңгейінде бағалай білу. Тарихи тұлғаларын дәріптеген халықтың алар асуы да асқақ, тәуелсіздігі де баянды болмақшы. XX ғасырдың алғашқы ширегінде ұлттық мемлекеттілігімізді қайта жаңғыртатын оңтайлы сәт туғанда білімділігі, іскерлігі жағынан өз замандастарынан көп уақыт алға кеткен тұлғалар қатарында Мұстафа Шоқайдың орны өзінше бір төбе десек қателеспейміз. Мұстафа Шоқай Қазақстанның және Орта Азияның тәуелсіздігі үшін күрескен ірі қайраткер. Түркістан автономиясына бүкіл түркі халқын біріктіргісі келген М. Шоқайдың батыл да өжет қызметін кеңес идеологтары «контрреволюциялық» деп жаулық әрекет сипатында көрсетті.

Түркістан автономиясы күшпен таратылған соң шетелге кетуге мәжбүр болған Шоқай мақалалары арқылы Кеңес үкіметінің жүргізген саясатының Түркістан халқының мүддесіне мүлдем қайшы екенін көрсетуге бағыттады. М. Шоқай деректерді большевиктік газеттердің өзіне сүйеніп келтіріп отырған. Бұның өзі М. Шоқай келтірген мәліметтердің құнын арттыра түсері сөзсіз, және бір ұтымды тұсы большевиктер өз баспасөздерінде келтірілген мәліметті де жоққа шығара алмайтындығында еді. 1928 жылы «Кеңестер билеген Түркістан» деген еңбегінде большевиктік отаршылдықтың бет пердесін ашып, ұлттық аймақтардағы әділетсіз саясатты өткір сынға алады [2]. Бұл жөнінде ғалым ағамыз Х.М. Әбжанов өз пікірін білдіреді: Әсіресе «Туркестан под властью Советов» кітабының, халықаралық жағдай, Кеңестер Одағы, Қазақстан, Түркия, Германия, большевизм, оның аграрлық, ұлттық, кадрлық саясаты, айтулы оқиғалар жайлы мақалаларының, жазысқан хаттарының теориялық- методологиялық, деректік маңызы аса жоғары. Қай тақырыпқа қалам тартса да, оны халқының азаттығымен байланыстырмай тұрмады [3]. Мұстафа Шоқайдың эмиграцияда жүріп-ақ кеңестік баспасөз материалдарын дереккөздер ретінде қолданып, большевиктердің саясатын әшкерелеп жазуы партия басшыларының өлкелік басылымдарға деген көзқарасын түбірінен өзгертті. Сондықтан да 1925 жылы 29 мамырда И.Сталин Қазақ өлкелік партия комитетінің бюросына өлкелік «Ақжол» газетінің ұстанған саяси бағытын айыптап арнайы хат жолдады. Онда газетте жарық көріп жатқан мақалалардың бұл кезде шетелде эмиграцияда жүрген М. Шоқаевпен «үндес» және пікірлес екенін, яғни алашордашыл, ұлтшыл идеяларды жаңғыртатынын атап көрсете келіп, осындай көзқарастағы партияда жоқ интеллигенция өкілдерін жастарды тәрбиелеуге жібермей, негізінен оқу құралдарын жазу тәрізді жұмыстарда ғана пайдалану қажеттігін ескертті [3]. Осылайша, қазақ интеллигенциясының ақпан төңкерісіне дейінгі ұлт-азаттық қозғалысына революцияшыл деп, ал қазан төңкерісінен кейін реакцияшыл, контрреволюцияшыл деген айдар тағылды. Контрреволюцияшыл деген айдар ұлттық интеллигенция өкілдерінің бүкіл жасампаздық еңбектері мен күрес нәтижелерін жоққа шығарды. М. Шоқай өз шығармашылығы арқылы Сталиннің Алаш қозғалысын қаралайтын көзқарасын жалғастырушы, отқа май құюшы Ф.Голощекиннің арандатушылық әрекеттерін өткір сынға алып отырды. «Туркестанская хроника» деген мақаласында автор кеңес үкіметінің талаптарын орындағысы келмеген Қазақстандағы партияға мүше және партияға мүше емес зиялылардың қуғынға ұшырап отырғандығы жайлы жазады. Мұстафа Шоқай Голощекиннің Кеңестік Қазақстанның X жылдығына орай болған парт - актив жиналасында сөйлеген сөзінде алашордалықтарды Орынборда, Алматыда, Семейде контрреволюциялық ұйым құрып алғандығы жөнінде мәлімдегенін жазады. Голощекин Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсынов басқаруындағы ұйымның М. Дулатов, Х. Аббасов, Д. Әділов т.б. мүшелерін ұлттық контрреволюциялық қызметі үшін айыптайды. Түркістандық зиялылар газет беттерінде кеңес өкіметінің саясатының олқылықтарын жазғаны үшін айыпталып отыр, ал сол олқылықтарға жол бергендер неге айыпталмайды деп М. Шоқай ойын түйіндейді [2]. Осылайша М. Шоқай кеңестік Орта Азияда болып жатқан әлеуметтік және саяси өзгерістерге ашық наразылық танытып, қарсылық көрсеткен қайраткер ретінде дараланады. Сол жылдары шет мемлекеттердің бұл өлкеде болып жатқан саяси - әлеуметтік өзгерістерді жіті қадағалап, сыни тұрғыда объективті бағалайтын, оларды жергілікті халықтың мүддесі тұрғысынан қорытындылай алатын мүмкіншіліктері жоқ еді. Сондықтан Шоқай кеңес үкіметінің Түркістандағы жүргізген саясатының Еуропадағы ғана емес, әлемдік деңгейдегі ең ықпалды қарсыластарының біріне айналды. Бұл тұрғыдан алғанда, Шоқай туған жеріндегі халық мүддесіне жат саясатқа қарсы шығармашылықпен саяси күрес жүргізген біртуар ұлттық тұлға болып табылады [4]. Мұстафа Шоқай кеңестік солақай саясаттың салдарынан қазақ халқының 1920-1930 жылдары санының күрт азайып кетуін большевиктер қаншама жасыруға тырысқанымен әлемге мақалалары арқылы жария етті. Ол шындықты анау айтты, мынау айтты деген алып қашты сөздерге емес, 1926, 1939 ж.ж. жүргізілген бүкілодақтық халық санағы мәліметтерінен алынған деректермен –ақ әшкерелеп береді. Өз мақалаларында автор 1939 жылғы КСРО-дағы халық санағына талдау жасайды. Бұл үшін М. Шоқай 1939 ж. 2 маусымдағы мәскеулік баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларды дерек ретінде қолданады. 1939 жылғы санақ нәтижесін 1926 жылғы санақ қорытындысымен салыстыра отырып, екі санақ аралығында Түркістан республикасының халқы 3955282-ға өскендігін атап көрсеткен. Арнайы Қазақ республикасының халық санағына тоқталып, 71958-ге яғни 1,2 %-ға ғана өскенін, ауыл халқының саны екі санақ аралығында кеміп кеткендігіне тоқталады. Қала халқының саны орыс қоныс аударушылар есебінен жүріп отырғанын алға тарта отырып, «кеңестік жұмақтағы» түркістандықтардың тозақ өмірін өткір сынға алады [5].

Сонымен қатар, автор 1937 жылғы санақ қорытындысы кеңес үкіметі тарапынан «зиянкестер санағы» деп айыпталып, жойылғандығын да мәлімдейді. 1939 жылғы халық санағының мәліметтерін қолдана отырып КСРО құрамындағы республикалар халқының өсіміне талдау жасайды: Қазақстан-1,2%; Қырғызстан- 45,7; Өзбекстан – 37,6; Түркіменстан – 25,6, Тәжікстан – 43,9%. Славян республикаларда: РСФСР -16,9%; Украина – 6,6%, Белорусия – 11,7%.

Байқап отырғанымыздай, Қырғыз, Өзбек, Тәжік, Түркімен республикаларында халық санының пайыздық көрсеткіштері жоғары болса, сол жылдары Қазақстанда халық саны тек бір пайызға ғана көтерілген. Ашаршылық зардабын көбірек тартқан Украина халқы да төмен көрсеткіш көрсетіп тұр басқа республикалармен салыстырғанда. Большевиктердің «кеңестік жұмақ», «бақытты өмір» туралы айтқан қандайда бір уәждерін халықтың қайғылы тағдырының мына көрсеткіштері жоққа шығаратыны анық дейді М. Шоқай [5,42]. Бірақ партия басшылары өлкедегі халықтың шынайы өмірін жабулы есік артында қалдырып, шетелдік журналистерге жалған ақпарат беріп, алдамшы көріністермен КСРО-дағы «жұмақ өмір» жайында мақалалардың жарық көруіне мүдделі болды. «Кеңестік жұмақ» шын мәнісінде сенімді, шынайы болып халық жадында сақталып қалар ма еді... М. Шоқай кеңестерге қарсы шығармашылықтың қан майданын аспағанда. Мұстафа Шоқайдың «Туркестанцы не склонят головы» деген мақаласында автор американдық журналист Линдсей Хобсеннің Парижде «Пари-Миди» газетінде жарық көрген «Советы окружили Туркестан красной стеной» деген мақаласына шолу жасап, сол жылдардағы Түркістандағы кеңестік саясатқа баға береді. Линдсей Хобсен бұл мақалада Түркістанда болған іс сапарынан алған әсері туралы баяндайды. Мұстафа Шоқай Хобсенге дейін де Түркістанда болған шетелдіктердің мәскеулік большевиктердің дайындаған мәліметтері негізінде даярланған кеңестік Түркістандағы жергілікті халықтың тұрмысы жайлы, қол жеткізген жетістіктері туралы әлемге жар салғандарын айтады. Ағылшын, француз, итальян, поляк, тіпті американдық коммунистер кеңес үкіметінің есебінен Түркістанға келіп, оюмен көмкерілген жібек шапандар мен тақиялар сыйға алып, Түркістан халқының кеңестік билік тұсындағы ерен жетістіктері, табыстары туралы тамсана жазумен болды. Тіпті итальяндық коммунист біздің қазақтардан итальян халқына фашизмнен құтқаруын, ағылшын, американдық коммунистер түркістандықтардан еліне келіп империалистерден құтқаруға көмек сұрайды. Қазақтар да, өзбектер де шақыру түскен бойда көмек беруге дайын екендіктерін жарыса мәлімдеумен болды. Осылайша, мәскеулік жалған мәліметтермен қаруланған жалдамалы жағымпаздар біздің отанымыз туралы жалған мақала жазып жатты деп мәлімдейді М. Шоқай өз мақаласында.

Жалпы М. Шоқай шетелде жүріп кеңес үкіметінің Түркістандағы жүргізіп отырған саясатын өткір сынға алып, өз мақалаларында әшкерелеп отырды. Хобсеннің мақаласын талдай отырып автор мақаласынан большевиктердің озбыр саясатын әшкерелейтін үзінділер келтіріп отырады. Мәскеуден Орта Азияға келсең өлкені жайлап алған әскери тәртіп көзге ұратыны, қазақтар мен өзбектер ешқашан большевиктер билігіне тізе бүкпегені туралы айтылады. Сонымен қатар М.Шоқай қазақ халқының ұлттық тәуелсіздігі жолындағы күресі жүргізілгенін, жүргізіле беретінін мәлімдейді. Ұлттық сана сезімнің болуы жеткіліксіз, өз құқығын үшін күресе білу керек дейді. Большевиктердің қызыл қабырғасын құлату біздің қасиетті борышымыз деп аяқтайды мақаласын [6].

Сол жылдардағы кеңестер билігіндегі Түркістан тарихының ашылмаған беттерін зерттеу үшін М. Шоқайдың мақалалары өте құнды болып табылады. Ат төбеліндей Алаш зиялыларының сол бір тарихи сәтте өз мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, ұлтын, атамекенін сақтауды, мемлекеттілігін қалпына келтіруді мақсат еткен ұлттың мүддесі үшін күресі, әрине, ерлік.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. <https://e-history.kz/kz/contents/view/1739>
2. Мұстафа Шоқайдың «Туркестанская хроника» деген мақаласы М.Шоқай // Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: 12 томдық / Р.Б. Сүлейменов атын. Шығыстану ин-ты; құраст. К.Есмағамбетов.- Алматы,2013.- Т.5.- 31-33б.б.
3. Х. Әбжанов. «М. Шоқай мұрасы және ұлт зиялысын зерттеу методологиясы». Рухани жаңғыру: «Мұстафа Шоқай мұраларын зерттеудің өзекті мәселелері» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ғылыми еңбектер жинағы 26 қазан 2018 ж., Қызылорда, 7 б.
4. Омарбеков Талас XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. –Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001. - 404 бет, 168 б.
5. Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі. Шығармашылығы / Түрік тілінен аударған. Г.Шадиева.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2004.-320 бет
6. Шоқай М.Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014.-544 (45) бет.
7. Мұстафа Шоқайдың «Түркістандықтар басын иемейді» атты мақаласы М.Шоқай // Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: 12 томдық/ Р.Б. Сүлейменов атын. Шығыстану ин-ты; құраст. К.Есмағамбетов.- Алматы,2012.- Т.4.- 271-274 б.б.

ТӘУЕЛСІЗ ЖОЛЫНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ- АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС.

Шакирбаева И.Т.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Аңдатпа. Мақалада 1916 жылғы көтерілістің отаршылдыққа және феодализмге қарсы бағытталғандығы, оның негізгі қозғаушы күштері ауылдың еңбекшілер бұқарасы болып табылғандығы қарастырылады. Бұл мақалада 1916 жылы ұлт- азаттық көтерілістердің ең ірі ошағы болып табылатын Торғай даласындағы көтерілісі толыққанды зерттеулерді талап ететіндігі жазылған. Бұл кездейсоқ жағдай емес еді, өйткені мұнда жұрттың көп жері тартып алынып, аграрлық мәселенің шиеленісуі өте күшті болғандығында еді. Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының азаттық қозғалыстарын шежіресіндегі ең бір жарқын белес болып табылатындығы қарастырылады. Бұл кезде елді тәуелсіздікке бастап егемендік мақсат-мұратқа жеткізетін саяси күш әлі де толық қалыптаспандығы. Сондықтан көтерілісшілер тарихи дәстүрмен хандықтар мен хандарды қайта құру әдісімен отаршылдыққа қарсы күрескендігі және де бұл әдіс тарихтың жаңа мақсаттары мен мұраттарын іске асырмағандығы кенінен қарастырылады. Көтеріліс жазалаушы отрядтардың күшімен басылғандығы және қазақ жігіттер еріксіз майдан жұмыстарына алынғандығы келтіріледі. 1916 жылғы көтеріліс сол тұста қазақ қоғамында феодальдық-патриархалдық қатынастардың әлі де болса күштілігін аңғарғандығы анық жазылған. Қазақ халқының патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бірінші дүние-жүзілік соғыс кезіндегі күресі, жергілікті халықтың өздерін еріксіз түрде майданның қара жұмыстарына мобилизация жасауға көрсеткен қарсылығының Орта Азия мен Қазақстандағы өте күшті көтеріліске айналуы және де осыған байланысты көптеген мәселелер ұлттық мемлекеттің нығаю процестері көрсетілген.

Кілтті сөздер: саяси күрес, партия, ұлт, тәуелсіздік, қазақ зиялылары, мәдениет, отарлық тәуелділік.

Көне тарихымыздың әлі де көтерілмеген тақырыптарына бармай- ақ, дәл үстіміздегі ғасырдың оқиғаларын да жете танып болмағанымыз ұлттық, азаматтық санамыздың кенжелігінің көрінісі.

Кешегі кеңестік идеология өңін айналдырып, тереңге көміп тастаған шындықтың бір ұшқыны ғана. Орыс патшасының қазақ даласына жүргізген отарлау саясаты алғашқы күннен-ақ халқымыздың ашу-ыза, наразылығына тап болды. Баһадүр бабамыз, Сырым Датұлынан басталған ұлт-азаттық көтерілісінің бірінен соң бірі қанжоса жеңіліп, көтеріліске қатысушылар аяусыз жазаланса да, қазақ даласының бір шетінде бұрқ ете қалған көтеріліс оты екінші жерінде қайта тұтанып, ол өз жалғасын тауып жатты.

Атап айтқанда 1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының көп ғасырлық ұлт- азаттық қозғалысының тарихында аса көрнекті орын алады. Шындығында да, өз тәуелсіздігі үшін ұзақ жылдар бойы жүргізген ерлік-күресінің дәстүрінде тәрбиеленген қазақ халқы 1916 жылы ұлттық және саяси бостандық алу мақсатымен Ресей империясының езгісіне қарсы жойқын күреске шықты. Қазақ халқының патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бірінші дүние-жүзілік соғыс кезіндегі күресі, жергілікті халықтың өздерін еріксіз түрде майданның қара жұмыстарына мобилизация жасауға көрсеткен қарсылығының Орта Азия мен Қазақстандағы өте күшті көтеріліске айналуы және де осыған байланысты көптеген мәселелер ұлттық мемлекеттің нығаю процестерімен тіке байланыстыра қарауды қажет етеді.

Тұтас алғанда, Қазақстандағы 1916 жылғы көтерілістің отаршылдыққа қарсы және феодализмге қарсы сипаты болды, оның негізгі қорғаушы күші ауылдың еңбекшілер бұқарасы болған еді.

1916 жылғы 25 маусымдағы патша Жарлығы бойынша, қара жұмысқа 19-дан 43 жасқа дейінгі еңбекке жарамды барлық ер адамдар алынуға тиіс болатын. Сол арқылы патша үкіметі көптеген орыс солдаттарымен жұмысшыларын неғұрлым көбіс және арзан жұмыс күші ретінде "реквизицияланған бұратаналармен" ауыстырып, оларды қорғаныс құрылыстары мен басқа да тыл жұмыстарынан босатқысы келді. Түркістан мен Дала өлкесінен 500 мыңнан астам жігіт алу көзделді. Бұл жағдай қазақ даласына үлкен қобалжу туғызды. М.Дулатұлы айтқандай: " жұрт сендей соғылды, түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырылды".

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс проблемалары географиялық жағынан да өте тар шеңберде қарастырылады: негізінен көтерілістің Жетісу ошағы мен Торғай орталығына баса назар аударылды. Қазақстанның батыс аймағы бойынша, өкінішке орай, толыққанды зерттеулердің осы күнге дейін жоқтығын айтуға тура келеді. Көтеріліс барлық уездерді: Торғай, Ырғыз, Ақтөбе және Қостанай уездерін қамтыды. Көтерілістің ең пәрменді де берік ұйымдасқан жері – Торғай даласы болды. Облыста көтеріліс қамтымаған ауыл немесе елді мекен болмады. Бұл кездейсоқ емес еді. Істің мәні мұнда жұрттың көп жері тартып алынып, аграрлық мәселенің шиеленісуі өте күшті болғандығында еді.

Торғай және Орал облыстары бойынша 1916 жылғы көтеріліс зерттеу қазіргі Қазақстанның Батыс аймақтарындағы ұлт-азаттық қозғалыс ерешеліктерін ұғуға мүмкіндік береді. Патша жарлығы бойынша «соғысып жатқан армиялар қатынастар орнату» жөніндегі жұмыстар үшін Түркістан мен Дала өлкесінен 500 мыңнан астам жігіт алу көзделді.

Соның ішінде Түркістан бойынша: Сырдария облысы-87 мың адам, Жетісу облысы-60 мың адам, Ферғана облысы-50 мың, Самарқанд облысы-38 мың адам, Закаспий облысы-15 мың. Ақмола облысы-48316 адам, Семей облысы-85479 адам, Орал облысы-50270 адам, Торғай облысы-49489 адам[1].

Патша жарлығын жүзеге асыру үшін Қазақстанның батыс аймақтарында да шұғыл түрде әскери-әкімшілік шаралар қолға алынды. 1916 жылғы 25 маусым жарлығы Торғай, Орал облыстарына 28-29 маусым күндері телеграф арқылы жеткізеді. Ресей ішкі істер министрлігінің 1916 жылғы 8 желтоқсандағы мәліметі бойынша, Орал облысынан 50270 адам, Торғай облысынан — 49489 адам майданының қара жұмыстарына алынуға тиіс болды. Сөйтіп, Қазақстанның батыс аймағынан 1916 жылғы жарлық бойынша, шамамен 90 мыңдай адам жұмысқа алынуы тиіс болды. Оның ішінде Ақтөбе уезінен 12895, Ырғыз уезінен 12510, Орал облысының 4 уезінен 50270, Маңғыстау уезінен 3 мың адам тізімге ілінді. Майданға алынған қазақ жігіттері, негізінен Солтүстік, Батыс, Оңтүстік-Батыс және Кавказ майдандарында, яғни Ресей, Прибалтика, Украина, Белоруссия және Кавказ территориясында майданның азапты қара жұмыстарын атқарған. Темір жол, ішкі істер министрлігі т.б. ведомстволарының қарамағына бөлінген қазақ жігіттері Ресейдің ірілі-уақты станциялары мен бекіністеріне жіберілген. Қызылордадан жұмысқа алынған 1088 қазақ Новосибирск және Томск губерниясында темір уезінен жұмысқа алынған 900 қазақ жігіттері. Дэпо станциясында, 160 қазақ Валдай станциясында вагондардан жүк түсіру жұмыстарын атқарған, Бөкей Ордасынан 1500 қазақ – Рязань губерниясында ағаш дайындау істерімен айналысқан.

Кейінгі тарихи оқиғалар Алаш қозғалысы лидерінің патша жарлығына қарсылықсыз көнуі туралы пікірінің дұрыстығын дәлелдеді. Қазақстанның барлық территориясында, соның ішінде Батыс Қазақстанда болған көтеріліс пен толқулар көтерілісшілерге ойдағыдай толық нәтиже берген жоқ. Патша үкіметі алдын-ала ойластырып, қазақтарды қарудың күшімен белгілі бір мөлшерде тыл жұмыстарына баруға көндірді. Мобилизацияға ұшыраған жігіттерді сауатты азаматтар бастап, олардың жағдайын септігін тигізді. Көптеген жұмысшылар майдан даласында солдаттармен араласып, жалры бірінші дүние жүзілік соғыс, патшалық Ресейдің әлеуметтік саяси-экономикалық жағдайы туралы көп түсінік алды. Солардың көпшілігі, Қазақстанның батыс бөлігінің жігіттері еді.

1916 жылғы көтеріліс мәселелерінің тереңірек түсіну үшін, кеңес үкіметінің тоталитарлық режимінің қатаң цензурасына байланысты осы уақытқа дейін көпшілікке белгісіз болып келген М.Шоқай, Б.Хайт сияқты ұлт зиялыларының еңбектерінің маңызын бөліп айтқан орынды. [2]

Бұл еңбектерде нақтылы деректер арқылы 1916 жылғы көтеріліс Ресейдің үстемдігіне қарсы болған бұқаралық көтеріліс деп бағаланып, оның негізгі шығу себебі елдің отарлық қанауға ұшырауына байланысты деп атап көрсетіледі. Қазақстан Республикасының өз тәуелсіздігінің алуы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің көптеген даулы мәселелері мен «ақтандақтар беттерін» тарих шындығы тұрғысынан зерттеп баяндауға мүмкіндік туғызды. Осыған байланысты қазақ ауылының көтеріліс алдындағы ерекшеліктері, Қазақ интеллигенциясының көтеріліске деген көзқарасы, патша жарлығы жарияланғаннан кейінгі әртүрлі әлеуметтік топтардың бірігу дәрежесі, көтерілісші сарбаздар мен олардың отбасыларының Қазақстаннан тыс жерлерге кетіп қалу жағдайлары және оның себептері, майданның қара жұмысына алынған жігіттердің тағдыры т.б. көптеген мәселелер қазақ халқының тарихына жаңа көзқарас тұрғысынан жазыла бастады. К.Нүрпейісов «Азаттық үшін арпалыс» деген мақаласында көтерілістің Торғай және Қазақстанның басқа аймақтарындағы оқиғаларды сипаттай келіп: «Ұлттық және әлеуметтік езгінің күшеюі, соғыс тудырған қиыншылықтарға байланысты халық бұқарасының қайыршылануы, қымбатшылық пен аш-жалаңаштылықтың өріс алуы, міне, осының бәрі еңбекші бұқара тарапынан жаппай наразылық тудырады.

1916 жылғы көтеріс кең байтақ өлкенің барлық аймақтарын қамтып, бүкіл қазақстандық сипат алды. Көтеріліс отарлауға және империалистік халық жат саясатқа қарсы бағытта өрбіді», — деп тұжырым жасайды.[3]

Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының азаттық қозғалыстарын шежіресіндегі ең бір жарқын белес болып табылады. Көтеріліс дүниежүзілік империалистік соғыстың қызып тұрған кезінде, Ресейдегі жұмысшы және шаруа қозғалысының мықтап өрлеу жағдайында өтті. Бұл жерлерінің империализмнің жалпы ресейлік системасына мықтап соққы болып тиді. Көтерілістің бірыңғай басшылығы және ұйымдастырушы орталығы болмаса да, Қазақстанда болып жатқан оқиғалар басқа аймақтарға ықпал жасап, өзара байланысты болып отырды. Көптеген аудандарда көтеріліс антифеодалдық сипат алды. Алайда, көтеріліс стихиялы түрде дамып, онда тұрақты, жеткілікті біріккен басшылықтың болмағандығының салдары айқын көрінді. 1916 жылғы көтеріліс қазақ еңбекші бұқарасының таптық сана-сезімін арттыруда зоррөл атқарды. Көтеріліс негізгі қорғаушы күші ұлттық шаруалардың қалың топтары, сондай-ақ жаңадан туындап келе жатқан жұмысшы табының өкілдері, қолөнершілер еді. Оған қазақ халқының өзге топтарының, сонымен бірге демократиялық интеллигенцияның өкілдері де қатысты. Жалпы алғанда Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қазақтармен қатар ұйғырлар, өзбектер, дұңғанадар және кейбір өзге халықтардың өкілдері қатысқан тұтас бір ұлттық сипатқа ие болды.

Алайда 1916 жылғы көтерілісі жеңіліске ұшырады. Себебі ол алдын-ала жоспарланған бас көтеру емес еді, көтерілістің жеңілуі заңды құбылыс еді. Оның негізгі себебі, көтерілістің-елдің ең сапалы құбылысы еді. Бастауыш тобы ұлт зиялыларының қолдауына ие болмады. Қазақ интеллигенциясы орыс империясының өзінің

отаршылдық саясатын жүзеге жолында халықты қару күшімен аяусыз басып-жаншу әрекеті қолданатынын түсініп, елді бүлікшіліктен сақтандырды, көтерілістен бас тартуға шақырды. Бұл кезде елді тәуелсіздікке бастап егемендік мақсат-мұратқа жеткізетін саяси күш әлі де толық қалыптаспады. Сондықтан көтерілісшілер тарихи дәстүрмен хандықтар мен хандарды қайта құру әдісімен отаршылдыққа қарсы күресті. Бірақ бұл әдіс тарихтың жаңа мақсаттары мен мұраттарын іске асырмады.

Көтеріліс жазалаушы отрядтардың күшімен басылды. Жігіттер еріксіз майдан жұмыстарына алынды. 1916 жылғы көтеріліс сол тұста қазақ қоғамында феодалдық-патриархалдық қатынастардың әлі де болса күштілігін аңғарды.

Дегенмен, 1916 жылғы көтеріліс нәтижесінде патша жарлығы жартылай ғана жүзеге асты, империялық саясаттың негізіне елеулі соққы берілді. Қазақтың ұлт-азаттық қозғалысы 1916 жылғы оқиғалар нәтижесінде мемлекеттік құрылыстың жаңа заманға сәйкес түрін келесі 1917 жылға мақсат етіп қойды, сөтіп 1916 жылғы көтеріліс ұлт-азаттық күрестің жолайырық кезеңіне айналды. Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы Ресей империализмі дағдарысының бір көрінісі еді. Бұл қозғалыс Ресейдегі азаттық күрестің жалпы тасқынына ұласты[4].

Көтеріліс қазақ халқының таптық сана- сезімінің өскендігін көрсетті. Мыңдаған көтерілісшілер патша билігіне қарсы қарулы күрес мектебінен өтті. Отаршылдық езгінің ұзақ жылдары ішінде олар ұлттық мүдделерінің ортақтығын тұңғыш рет ұсынды, белсенді саяси қызметке құлшынып, өзін Ресей билігінің отаршылдық экспансиясына қарсы күрес жүргізе алатын күш деп сезінді.

Арғы аталарында даңқты, абыройлы адамдар көп шыққан, ормандай боп өсіп өнген атақты рудың белгілі, беделді ағасы Әбдіғапар Жанбосынұлын 1916ж Торғай өңірі қазақтарының бірауыздан хан сайлағаны, оған Ресей патшасының қазақтан майданның қара жұмысына адам алу туралы жарлығына қарсы көтерілістің тағдырын сеніп тапсырғаны, ал сарбаздарға бас сардар етіп Амангелдіні ұйғарғаны тарихтан мәлім.

Көтерілістердегі ұсынған соғыс тәсілдері Әбдіғапар көсемдікі еді, ал Амангелді оны шебер пайдаланды. Әбдіғапар қарамағындағы ауылдардан бірде бір адам соғыс жұмысына бармады. Хан ордасының сарбаздарын соғысқа дайындау әрекеті нәтижелі болды, сарбаздар жазалаушы әскер бөлімшелеріне қарсы шығып: Шолақсай-Күйік, Қара-Қоғада, Құмкешеуде, Доғал-Үрпекте соғысып, жеңіс бермей орыстың ақпан революциясына аман-сау жетті.

Осындай ауыр заманда ту көтерген ерлердің бірі Әмір Әбдіғапар даңқ үшін әмір болмады, ел есімін атады, ол көнді, Отан үшін жанын пида етіп, шүберекке байлады. Патша жендеттерінен аман қалған Әмір Әбдіғапар большевиктік экстремизмнің құрбаны болды.


Сол кезден бастап Әмір Әбдіғапардың есімі мүлдем ауызға алынбай кетті. 1916-1917 жылдардығы оқиғаларды баяндайтын негізгі құжаттар Ресей мен қазақстан мұрағаттарының (архивтарда) сақталған, бұл бір бөлігі. Қазақстанда, ал барлығы дерлік, жинақталып 1960 жылы Ресейде (Мәскеуде) басылып шықты[5].

1916 жылғы Торғай көтерілісінің тарихы, “жыры” кешеге дейін үш рет өзгертілген. 30-шы жылдарға дейін Торғай көтерілісі Бұрмаланбай шындықпен келіп, 1936 -шы жылдан бастап бұрмаланып, ендіміне қайта ақ тандақ күнімізді аршып алып жатырмыз. *

Тәуелсіздік туын көтерген дәуіріміздің бір игі жұмысы тарихымыздың қараланған беттерін тазартып, бұрмаланған шындықтарды түзеп, жалған жалаға ұшырағандарын ақтап, олардың анық орны мен бағасын беруден көрініп тұр. Осы шағын еңбегімді Манаш Қозыбаевтің сөзімен аяқтай отырып: «Еліміз тәуелсіз болған күні есіңе ал, қазақ елі еңіреген еріңнің бірі, бірі болса бірегейі Әбдіғапардай Әмірді, Отан үшін туған батыл, дарынды. Оның есімі сонау Сырым, Исатай, Махамбет, Хан Кене, Амангелдімен қатар аталуы әділ де, орынды. Сенің дабылды атың, даңқты затың – Отан тарихында міне осылай хатталады. Аруағына табынамын Әмір Әбдіғапар...» деймін.

Әдебиеттер:

1. Нүрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек, 1995.-258 б.
2. Дулатов М. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1991-116 б.
3. Назарбаев Н. Тарих толқынында. — Алматы: Атамұра, 1999. — 296 б
4. Мырзағалиұлы М. Торғай көтерілісі. Алматы, 2004-168 б.
5. Қойгелдиев М. Қ 48 Алаш қозғалысы (Көмекші оқу құралы).— Алматы, «Санат», 1995.—368 б.



XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ӨНІРЛЕРДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ. МАХАНШЫ ӨНІРІ - ТАРИХЫ БАЙ ӨЛКЕ

**Советхан Қанағатов – тарихшы, өлкетанушы
Алматы қаласы.**

Бұрынғы Семей облысы, Қазіргі Абай облысының Мақаншы өңірі - тарихы өтте бай өлке, Жоңғар Алатауының е ж тегінде атқан Алакөл өңірдің табиғатын сұлуландыра түседі. Ертеден қалған шежілерде Алакөлдің тұзды суына Шыңғыс хан әскерін шомылдырып, жараланғандардың жарасын емдеуге қасиетті суды пайдаланған деседі. Ол рас та болуы бек мүмкін, себебі көлден 10-12 шақырым жерде барлық тауының етегінде Барлық Арасан ыстық суы бар, арасанның ыстық суы Радон элементтеріне өте бай кез-келген сырқатқа ем болады. Жоңғар Алатауы деп аталу себебі Жоңғар империясы 16-18 ші ғасырларда Жоңғар Алатауының теріскиін мекендеген, сол себепті ол мемлекет Жоңғария Империясы деп аталады. Ал Іле-Алатауымен Жоңғар Алатауының қиылысқан жері Жоңғар қақпасы деп аталады. Жоңғар Қалмақтарының қазақ жеріне шапқыншылық жорықтары Жоңғар қақпасы арқылы өтуден басталған. Бұл өлкеде Қаракерей Қабанбай батырдың қолы ұзақ уақыт қалмақтармен ұрысқа түскен. Жоңғарларды қазақ жерінен қуу осы Жоңғар қақпасы арқылы жүзеге асқан. Қабанбай да әскерін емдеу мақсатында Алакөлге түсіріп, біраз уақыт дамылдап жатқан деседі. Қазіргі уақытта Мақаншы өңірінде Қабанбай ұрпақтары тығыз орналасқан. 19 ғасырда қазақтың тұңғыш ғалымы, саяхатшы Шоқан Уалиханов Қытай еліне саяхат және зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін барған сапары Мақаншы арқылы өткен. 19шы ғасырда сауда орталығы болған. Мақаншының іргесіндегі орналасқан Найман қалада бірнеше күні болып тарихын зерттеп ол туралы өзінің естеліктерінде жазған. Ал 20шы ғасырдың басында Алаш орда үкіметі өзінің алаш армиясын құру мақсатында Мақаншы өңірінде болып Бақты (Көктұма) арқылы Қытай жеріне өтіп ондағы Шәуешек қаласында Қытай қазақтарын, дүнгендерді т.б мұсылман халықтарды жинап, Алаш армиясын құру мәселесін көтерген. Алаш қайраткерлері А. Байтұрсынов, Д. Дулатов және Р. Мерсекевті Қарағаш болысы Қанағат Сүлейменов Мақаншыда қарсы алып Бақты арқылы Қытайдың Шәуешек Қаласына ертіп апарып мәслихат өткізуге көмектескен. Қанағат болыстың қасында әйгілі ақын, сазгер, әнші Әсет Найманбаев та болған. Ол Шәуешектегі Алаш қайраткерлерне берілген кешкі аста ән айтқан. Ахаң, Жақандардың осы тарихи миссиясының куәсі ретінде сақталған тарихи құжат - сол кездегі Шәуешек қаласында түсіріліп, қазіргі таңда Мақаншадағы Әсет мұражайына қойылған тарихи фотосурет. Суретке алдыңғы қатардағы ортада Ахмет, Міржәкып, он шақты адам орындыққа отырып түскен. Суреттің шет жағында басына шыт тартып, қаптал шапан киіп, жерде малдыс құрып отырған - ақын Әсет. Мәдениетіміздің баға жетпес ескерткіші Әсеттің осы күнгі жалғыз суреті сол суреттен жекеленіп түсірілген. Азамат соғысы кезінде Мақаншы өңірінде ақтар мен қызылдар арасында кескілескен шайқастар болған.

Оның куәсі Мақаншы өңірінде қабірі жатқан қызыл армия командирі Мамонтовтың және атаман Аненковтың қазақ ауылдарына жасаған озбырлығырлығының куәсі жер атауының сақталуы. Сол бір алмағайып кезеңде Мақаншы өңірінде азамат соғысынан басқа да тарихи оқиғалар өте көп болған. 1920 шы жылдардың соңында ұжымдастыру науқанның басталуы қазақ ауылдарының күйзеліске ұшырауына, адамдардың аштықтан қырылуына әкелді. Аштықтан аман қалу үшін әрі ұжымдастыруда қарсы болған, қазақ ауылдары жаппай қытайға қашқан. Шекараның болмауы олардың Қытайға өтулеріне мүмкіндік берді. Дегенмен жансыздардың хабарлауы арқылы шекарадан өтетіндерін күні бұрын біліп, қызыл гвардия олардың жолын бөгеп немесе артынан қуып қырып отырған. Кейбір деректерге сәйкес Мақаншы өңірінен 200-250 мың адам Қытайға қашқан, олардың ішінде басқа өңірдің адамдары да болған.

Жалпы алғанда қазіргі Абай облысы, Мақаншы өңірінің ашылмаған, жазылмаған, зерттелмеген тарихи деректері жетерлік. Тарихшы ғалымдарды, өлкетанушыларды Мақаншы өңірінің тарихын зерттеуге шақырамыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. «Незримый фронт» Алматы. 1968 сборник документальных рассказов о Казахских чекистах, изданных в честь 50-летие ИЧК, НКВД, КГБ.
2. С. Сейфуллин. «Тар жол тайғақ кешу» деректі роман.
3. Қабанбай ауылының тұрғындары: Мұқамедқали Ахметжан, Қожеқұлы Темірхан, Қатиев Байжұма, Тастанбеков Күлзиңалардың естеліктері.
4. Қ. Жұмаділов. «Дарабоз», «Тағдыр»
5. А. Жақыпов «Қабанбай Батыр ұрпақтары»
6. Оразбаев Тұрсағұл «пехот қырылған», «Ленин туы» газеті. Мұқаншы 1989 ж.



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК ӨңІРІ ҮШІН РЕСЕЙ-ҚОҚАН ТЕКЕТИРЕСІ

Альдибаева А.Б.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

XIX-ғасырдың 60-жылдарының басында Ресей Қазақстанның оңтүстігіне шабуылын қайта жалғастырып, оны Қокан хандығының қолынан түгелдей дерлік тартып алудың идеологиялық дайындығын жасауды аяқтады. Енді оны іске асыру міндеті ғана күн тәртібінде тұрды. Ол үшін, әрине патша үкіметі ішкі жағдайда да, сыртқы жағдайда да сәтті уақытты күтті.

1862 жылдың соңына қарай Ресей үшін халықаралық жағдайдағы қолайлы жай қалыптасқан еді. Ал соның алдында ғана ше? Мысалға алатын болсақ, 1863 жылдың 3-наурызындағы Ресей империясы соғыс министрінің Орынбор корпусының командиріне жазған хатында: “Егер Түркістан қаласы біздің әскерге қақпасын өздері ашса не істейміз?” деген сұрауына: “ондай жағдайда қаланы алу керек”,- десе, артынша-ақ Орынбор корпусының командирінің Сырдария шебінің қолбасшысы 18- сәуірдегі хатында: Түркістанды тіпті тұрғындары қақпасын Ресей үшін өздері ашса да алуға болмайды,- деп хат жолдады. Дол осындай жағдай Созақ қамалы жөнінде де болған еді.

Ресейдің сыртқы жағдайындағы және бір сәттілік-ол Қокан хандығының көрші хандықтарымен жағдайының барған сайын нашарлай түскені болды. Жалпы ұзақ уақыттан бері Қокан, Бұқара, Хиуа арасындағы соғыстар олардың үшеуін де әлсіретсе, оның үстіне, өсіресе 60-жылдардың басындағы Қокан хандығының өз ішіндегі саяси жағдайдың тұрақсыздығы күшті болды. Атап айтқанда 1852-1858 жылдары хандық билікте отырған Худояр ханға ел ішіндегі ықпалды адамдардан қарсылар көбейіп, ол тақты Миллеханға берсе, оның кезінде де ел ішіндегі саяси тұрақсыздық басыла қоймай, қайта орши түсті. Ақырында, 1862 жылы ол өлтіріліп, 1862-1863 жылы қайтадан таққа Худояр келсе, тағы да билік үшін күрес өсіп, 1863 жылы оны орнынан екінші рет түсіріп, билікті Сұлтан Саъдхан алды. Бірақ оның кезінде де ел ішіндегі жағдай барған сайын шиеленісе берді де [68], тыныштық орнай қойған жоқ.

1862 жылдың басында Қокан хандығы қоластындағы қазақ жерін алу үшін шешуші істер атқаруға мүмкіндік туды. Біріншіден, жоғарыда атап көрсеткеніміздей 1862 жылы Қокан билеушісі Миллехан өліп, оның орнына таққа кімді отырғызу жөнінде қатты талас болды, билікке таласқан екі жақ бір-бірімен қатты тартысты. Бірақ, екі жақ күші де тең болып алғашқыда екеуі де жеңе алмады. Бұл ел ішіндегі тұрақсыздыққа қатты әсер етті. Жаңа хан сайланып, ол бар-жоғы бір жыл ғана отырды. Тағы да жаңа хан сайлау үшін тартыс басталды. Содан кейін ел ішінде тәртіп кетті, мемлекет күші әлсіреп, ынтымақ, берскесіздік орын алды. Осы жайлардың барлығы бір жерде Қокан қоластындағы иеліктердің өз дербестігін алуға деген ұмтылысын тудырса, екінші бір жерде басқа хандық қоластына өтуді ойлаушылар да болды.

Түркістан қаласына жақын, таудың арғы бетіндегі Сыр бойындағы Перовск мен Қаратаудың шығыс бетіндегі Алатауға таяу жатқан Әулиеата арасындағы маңызды жолда жатқан Созақ және Шолаққорған бекіністерін орыс әскерлерінің бейбіт жолмен алуының себебі — ондағы тұратын қазақтардың өздерінің Ресей құрамына ену үшін жасаған тілегіне байланысты еді,

1864 жылдың ерте көктемінде Әулиеата қаласын алу үшін Верный қаласынан полковник М.Г.Черняев басқарған әскерлер шықты. Оларда барлығы 16 зеңбірек, тағы басқа атылғын ірі қарулар болды. Әскер құрамында 67 офицер мен 2571 томенгі шенділер бар еді. Барлық жүк 789 атқа артылды.

1864 жылдың 28-мамырында М.Г.Черняев басқарған отряд Меркі бекінісі түбінен шығып, жолай ешқандай қоқандықтарға кездеспей Ұзынбұлаққа жетті. Олардың соңында жүк арқан көліктер келе жатты. Осы жерге келгенде мұндағы қоқандықтардың қаптап келе жатқан орыс әскерлерін көріп, қорыққандарынан бскіністі тастап, бұл жерге қарағанда орыстармен күресуге мықты деп саналатын Әулиеата бекінісіне қарай шегініп, сол жерге бетпе-бет қарсы алуға дайындалып жатқанын білді.

Осы жерге шағын әскерлерін қалдырған олар 2-маусымда Әулиеатаға таяу келді. Қамалға жақындағанда қоқандық әскерлер көріне бастады. Әулиеатаға 7 шықырым қалғанда тоқтап, 25 шақырымдық сусыз жермен жүріп келгендіктен әскерлеріне демалуға мүмкіндік жасалды.

Бір кезде орыс әскерлерінің тоқтаған жерінен 5 шақырымдық жердегі Тектүрмас деген биікте қала бегі Ниязәлінің басқаруымен шыққан қалың қоқандық әскер көрінді.

1864 жыдың мамыр айының 22-жұлдызында Н.А.Веревкин бастаған орыс әскерлері Түркістан қаласын алу үшін Перовск фортынан аттанды. Н.А.Веревкин сол жылы Сырдария әскери шебінің қолбасшылығына тағайындалған болатын. Қокан хандығы қоластындағы мықты бекіністің бірін алғаны үшін полковник шеніне ие болған ол бұл өңірдің жер жағдайын, Қокан әскерлерімен соғыс жүргізу тосілдерін біршама игерген еді.

Н.А.Веревкиннің Созақ бекінісіне ерекше мән беруінің негізгі себебі, сонау XVIII ғасырдан бастап Ташкент, Шымкент, Тараз қалаларына Орынбор жақтан баратын керуен осы қала арқылы жүретін. Ал Қокан билігі кезінде Әулиеата-Акмешіт жолы да осы Созақ арқылы өтетін.

1863 жылдың 4-маусымында орыс әскерлері Түркістан қаласына таяу келгенде қоқандықтардың

қатты сасқалақтап жатқандығы байқалды. Әскерлердің негізгі бөлігі қала сыртындағы бсс шақырымдай жердегі Қарашық өзеніне бекініпті. Қалаға кіре берісте қоқандықтардың алғашқы тосқауылы осылай басталды.

Орыс әскерлері мен қоқандықтардың арасындағы бұл шайқас төрт күнге созылды. 8-маусым күні орыс әскерлері оқ-дәріні аямай Қарашық өзенін зеңбірек оғының астына алды. Орыстардың тегеуіріне шыдамаған қоқандықтар өздерінің бекінген жерлерін тастап, қала шетіндегі бауға барып жасырынды.

Н. А. Верекин өзінің әскерлерінің қоқандықтармен қолма-қол ұрыстарға шығып, көп шығынға ұшырап қалмас үшін түрлі тәсілдер ойлады. Өйткені, алыстан ататын қарулармен ғана соғысып үйренген әскерлері қолма-қол шайқасқа дайын емес еді. Егер байқаусызда екі жақ арасындағы шайқас кезінде екі ел әскерлерінің арасында қолма-қол шайқас бола кетсе өзінің біраз шығынға ұшырауы мүмкін екендігін ол жақсы түсінді. Ақырында, орыстардың қамалды алардағы ескіден қолданып келе жатқан әдісінің бірі-дуал түбіне дәрі қойып қопарып тастау ісіне кірісіп, ол үшін қамалдың қалың дуалының түбіне қарай түнделетіп ор қаздыруды бастады. Орыстардың бұл ісі бұрын мұндай жағдаймен кездеспегендіктен қоқандықтарды қатты састырды.

Ресей империясы қазақ даласының оңтүстік өңірін жаулап алу кезінде аса көп қаржы жұмсаған екен. Кей жазбаларда орыс үкіметі өкілдерінің қазақтың ру, тайпаларындағы басты-басты адамдарын сатып алғандығы жөнінде айтылады. Соның бір мысалы Түркістан қаласын алу кезінде орын алды. Сыздық төренің сарбаздары түнделетіп орыс әскерлеріне түткиылдан барып шабуыл жасайтын болғанда оның бұл орекетін Түркістан ақсақалы Жанту Өтепұлы полковник Н.А.Верекинге өзінің сенімді адамын жіберіп айтып қойғандықтан бұл шабуыл сотсіз аяқталды. Сыздық төренің сарбаздарының келетінін біліп отырған орыстар оларды дәл қастарына келгенде оқтың астына алды.

Қоқандық әскер басшысы, Қоқан ханының аталығы Қыпшақтан шыққан аталығы Әлімқұл молда 16-шілде күні генералға өзінің елшісін жіберіп, олармен бейбіт келісім жасауға өзі екенін білдірді. Бірақ, орыс әскерлерінің қолбасшысы үшін бұл бейбіт келісім керек емес еді. Өйткені орыс генералы М.Г.Черняевтің өзінің сөзімен айтар болсақ, ол қоқандықтармен ешқандай келісім жасауға келген емес болатын. Сондықтан, сонау, керуен үшін алты айлық жердегі Петербордағы патшаның жеке талабымен және жасаған өнеркәсіп өнімін қайда шығаруға, арзан шикізатты қайдан аларын білмей отырған өнеркәсіп иелерінің мүддесімен ғана келіп отырғандықтан қоқандықтармен келісім жасауға емес, жаулап алуға келген генерал түрлі сылтаулар айтып оны қабылдамай тастады. Қоқандықтар тарапынан арандатушылық жағдай күткен еді, өкініштеріне орай, қоқандықтар өздерінің қоластындағы бекіністі қатты қорғауға жұмылғаны болмаса, басқа орекетке бармады. Осыдан кейін қоқандықтарға қояр ешқандай кінәсі болмай, енді ол қаланың сөзсіз берілуін ашық түрде талап етті.

Черняев әскерінің шілдеде келіп Шымкент қаласын қоршап, ала алмай кеткеннен соң Әлімқұл молда Ташкентке Мырзахметті бастық етіп қойып, өзі қоқан әскерімен Ферғана аңғарындағы Қоқан қаласына кеткен еді. Қыпшақтардың басшысы Әлімқұл молда 1863-1865 жылдары Қоқанды билеген әлі кәмелетке толмаған Саъдханның тұсында ол хан болмағанымен елді оның атынан толық биледі. Сондықтач да Шымкенттегі орыстармен шайқасқа әскерді бастап келген болатын.

Шымкент қаласын талқандап болып, сондағы жергілікті тұрғындардың біразының қанын судай шашқан орыс әскерінің қолбасшысы генерал М.Г.Черняев 8,5 жаяу әскер ротасы, 1,5 жүздік казактармен, 12 артиллериялық қарумен және басып алынған Әулиеата, Шымкент төңірегіндегілерден жиналған 500 казактармен Ташкент қаласына қарай аттанды. Олардың шұғыл түрде көлемі үлкен, күші де басқа қалаларға қарағанда едоуір басым, әрі халқы көп тұратын бұл қалаға шабуыл жасауының екі себебі болды. Біріншісі, бірден шабуыл жасап, осыдан төрт күн ғана бұрын Шымкент қаласында адамның жаны шыдамайтын қырғын жасағаны Ташкентке жөнс оның төңірегіндегілерге қатты әсер еткенін білген қолбасшы ол қаланың халқы әлі де есін жия алмай тұрғанда оңай-ақ тізе бүктіруді ойлады.

Шымкенттен шыққан орыс әскерлері шынында да кеше ғана қала түбінен шығып, бекіністің солтүстігінен бастап бүкіл солтүстігін орап ағатын Мұңлық /Қошқарата/ деп аталатын озсінің жағасындағы сүмдықтың куәсі болғандардың сөзін естігендіктен жол бойындағы қоныс теуіп отырған қазақ ауылдарының тіпті бірі де қалмай, жолдан аулыққд қарай қашып, ал қала маңындағылардың барлығы да Ташкентке келіп тығылған еді.

Черняев қаланы зеңбірек оғының астына ала отырып оң жағындағы Қашғар қақпасына полковник Обух бастаған 2 роталық ерекше отрядты жеңіл 4 зеңбірекпен жіберді. Оған көмекке Шымкент қаласын алу кезінде ерекше ерлік көрсеткен Лерхе де кетті. Олар зеңбірекпен атқылап қақпаға қарай лап қойғанда қоқандықтар оқты қардай боратып алдында келе жатқан Обух қатты жараланса, Лерхенің қолына оқ тиді. Солдаттар лап қойып алға жүгіргенде орыс әскерлері ойламаған жерден алдарында көрінбей жатқан терең орға кездесіп, екпіндерімен бірінен соң бірі соның ішіне құлап, ақырында жоғарыдан атылған қоқандықтардың оғынан соның ішінде тышар етпей жасырынып жатуға мәжбүр болды. Бірақ, кейін білгендеріндей соның өзінде, қоқандық әскерлердің атқан оқтары Дәл тиіп, жасырынып жатқанының өзінде 16-сы өліп, 63-і жараланған болып шықты.

1862 жылы генерал М.Г.Черняев Ташкент қаласына қайта оралды. Алғашқы он күндік шайқастан кейін Шортантобеде қоқандық әскерлер қатты соққы алып, Әлімқұлдың өзі қатты жараланып, көп кешікпей өлді. Осыдан кейін Ташкент қаласында берекесіздік басталды. Қала атқыланып жатты. Қала қорғанысын Сыздық төре қолға алып қырық күннен астам қорғады. Бірақ ол келісім бойынша Ташкент билігін Бұқараға берді. Бірақ

одан кейін мұнда келген Тайшыбек қала қорғанысын ұйымдастыра алмады. Соның салдарынан Ташкент қаласы орыс әскерлерінің алдында тізе бүгуге мәжбүр болды.

Сөйтіп, Қоқан хандығы барған сайын бір кездері басып алған жерлерінен ғана айрыла бастаған жоқ, енді тіпті өзінің мемлекет ретінде дербес өмір сүру мүмкіндігінен айрылу қаупі туды. Қоқандық билеушілер, шынында да өздерінің күндерінің бітіп бара жатқанын жақсы түсінді.


Оңтүстік Қазақстан жері түгелдей Ресей қоластына өтіп, Қоқан ханы Ресей империясының протекторатына айналған кезде Ұлы жүз қазақтарының шығыс жағының шағын жері Қытай империясының қоластында қала берді. Дегенмен, Іле өзенінің бойындағы қазақтардың Ресейге өздерінің еріктерімен өтуі, Жетісуды оңтүстік батыс жерінде Қоқан билігінің құлауы, Ұлы жүз қазақтарының шығыс бөлігіндегі қазақтардың біртіндеп Ресей қарамағына өтуіне әсер етті. Бұл әеіресе Аякөз округі құрылғаннан кейін жылдамдай түскен еді. Бір ғана мысал, 1851-1865 жылдары орыс қоластына қарай Ұлы жүздің Қытай қоластындағы қазақтардан 7500 үйі өтті [72]. Дегенмен қазақтардың біраз бөлігінің сол елдің құрамында қалып қойғаны белгілі.

Оңтүстіктегі қазақтардың түгелдей Ресей империясының құрамына бағындырылуы Қытай үкіметінің наразылығын туғызды. “...Аякөз, Көкбекті округтері Қытай жері, сондықтан Аякөз өзенінің оң жағалауынан орыстар кетуі керек. Көкбекті жеріндегі орыс күзеттері жойылып, Қытай ықпалы қалпына келтірілуі керек” [73], - деп талап етті олар. Бірақ патша үкіметі Жетісу қазақтары өз еркімен қосылды деп әлі де өз ішіндегі жағдайын ретке келтіре алмай, сыртқы жағдайы да оншалықты болмай отырған Қытай үкіметінің жасаған наразылығына анау айтқандай мән бермеді. Бірақ қашаннан бергі іргелес жатқан ірі көрші болғандықтан Ресей үкіметі бұл елмен жанжалға бармай, ретін тауып екі арадағы достықты сақтауға қашандағыдай ерекше назар аударды.

Жалпы алғанда, оңтүстік өңірінің Ресей құрамына біржола өтуінің аяқталуы бүкіл қазақ жерінің орыстардың қоластына түсуінің аяқталуы болды. Ресейге қосылғаннан кейін енді қазақтарға келіп тиісетін елдің қай-қайсысы болсын орыстардан тиісті сыбағасын алар еді. Орыстарға қосылу өзге мемлекеттердің әлім жеттілік жасап, тиісуінен сақтады. Шынында, оңтүстік қазақтары Қоқан хандығының қоластында сол күйі қалып қойғанда не болар еді?.. Оны ойлаудың өзі қорқынышты. Тек оңтүстік қазақтарының өзі Хиуаға да, Бұқараға да, Қоқанға да, Қытайға да, Ресейге де қарады емес пе. Егер сол күйі болғанда бөлшектенген қазақ халқы өзінің тұтастығын жойып алмас па еді. Қоқан-Ресей текетіресінен кейін бүкіл қазақ жері орыстардың қоластына өтіп, үш генерал- губернаторлыққа бөлініп кетсе де қазақ халқы әйтеуір бір елдің ішінде тұрды. Бірақ патша өкіметі жылдарында қазақ шаруалары Ресейдің отарлық саясатына бас изеп отыра бермеді. Кей мәліметтерге қарағанда Ресейдің отаршылдығына қарсы қазақ шаруалары 400-дей ірілі-уақты ұлт-азаттық көтерілістері болған екен .

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Э. Тарих толқынында. -Алматы: Атамұра. 1999. - 296 б.
2. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы: Санат. 1996. - 654 с.
3. Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. СПб. 1890. - 377 с.
4. Зиманов С. Общественный строй казахов в первой половине XIX в. Алма-Ата. 1958. - 296 с.
5. Галузо П.Г. Туркестан и колония. Ташкент. 1935. - 286 с.; Он же. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг. Алма-Ата: Наука.
6. Бекназаров Р. Оңтүстік Қазақстан тарихының очеркі (XVIII-XIX гг.). Алматы: Ғылым. 1976. - 329 б.
7. Мәшімбаев С. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. Алматы: Санат. 1994. Б.106.



ӘОЖ 94(574)

ҰЛЫ ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚОҚАН ЖӘНЕ ХИУА ХАНДЫҚТАРЫНА ҚАРСЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ

Ташқараева Әсел Мұхтарқызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі ұлттық сананың жаңғыруы тарихи танымның көкжиегін кеңейтіп, отандық тарихтың өзекті мәселелерін ғылыми тұрғыда қайта бағалауды қажет етті. Қазақстанның тәуелсіздік тарихы аппақ парақ бетіне күні кеше түсе қалған жоқ, оның көне дәстүрлері бар. Бүгінгі күнді түсініп, түйсіну

үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек [1, 4 б.]. Өз тарихын ұмытқан немесе оны білмейтін халықтың болашағы жоқ және ол мақсатты іс-әрекеттерді жүзеге асыра алмайды деген тұжырымды жете түсінудің маңызы жоғары.

Отандық тарих ғылымы қоғамдық сананы ұлттық мүдде тұрғысынан қалыптастыруда негізгі рөл атқарады. Ең маңызды мәселелер қатарында тарихтың зерттелмеген немесе зерттеуге тиым салынған беттері саналады. Тәуелсідікке дейін тарихи оқиғаларға берілген бағамыз ұдайы дәл болмай келгені шындық. Кеңес кезеңіндегі тарих ғылымының ең сорақы қателерінің бірі ұлттық мүддеге, құндылықтарға салғырт, саяси үстемдік тұрғысынан қарау болды. Өзінің өткен тарихын білу, оған дұрыс баға беру, тоталитарлық жүйенің жіберген қателіктерін түзеу ұлттық сананың оянуын тездететіні сөзсіз.

Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсап, қол жеткізгені – бейбітшілік, біртұтастық, егемендік, тәуелсіздік, халқының амандығы, елінің тыныштығы секілді құндылықтар және осыған жету мақсатында көп күш жұмсап, бар еңбегін аямады. Тарихқа көз жүгіртсек, Қазақстанның Ресейге қосылу қарсаңында қазақ елінің бас бостандығы, жері мен елі үшін Қазақстанның әр аймағында екі жүзден астам ұлт-азаттық күрес өткен. Соның ішінде XIX ғасырдағы ұлы жүз қазақтарының Қоқан және Хиуа хандықтарына қарсы ұлт-азаттық күресі де бар.

«Найзаға үкі таққан қазақ елі» еш уақытта біреуге шабуыл жасап көрген емес, қай заманда да ол қаруды жерінің шетін жаудан қорғау мақсатымен, немесе, «асқақтаған хандардың», азуы батқан патшалардың озбырлығына қарсылық ретінде алған. Демек, қазақ халқы ұлт-азаттық қозғалысының түбегейлі екі себебі бар. Олар: туған жерді шетелдік шапқыншылардан қорғау және егемендік пен еркіндік үшін күрес. Біріншісі қазақ жеріне тынымсыз көз алартқан Орта Азиялық Бұхар, Хиуа, Қоқан хандықтарына қарсы жүргізілсе, екіншісі патшалы Ресейге қарсы бағытталды [2, 215 б.].

Ұлт-азаттық қозғалыстың осы кезге дейінгі тарихы алдымен Ресей империясының отаршылдық мүдделері, кейіннен Кеңес үкіметінің тап тартысы қағидалары тұрғысынан зерттеліп келді. Осы жөнінде академик Манап Қозыбаев: «Зерттеушілердің дендеп бойлай алмай жүрген ділгірлігінің бірі – ұлт-азаттық қозғалысы. Біз осы уақытқа дейін әрбір ұлт-азаттық қозғалысын империя мүддесі билігінен талдап, жеке-жеке аймақтық шеңбердегі төбелес, жанжал дәрежесінде қарап келдік. Шын мәнінде, 1731 жылдан бастап, қазақ халқы үзілмеген, бір сәт толастамаған қозғалысын басынан аяғына дейін жүйелеп, оларға тән ортақ заңдылықтарды, әрқайсысына тән ерекшеліктерді анықтау абзал», - деп жазды [3, 8 б.].

XIX ғасырдың бірінші жартысында Ұлы жүз қазақтарының ұлт-азаттық күресі Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде маңызды рөл атқарады [4, 45 б.]. XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Қазақстанның оңтүстігіндегі саяси жағдай күрделі болды. Мұнда Орта Азиялық үш мемлекет: Хиуа, Бұхара және Қоқанның мүдделері қақтығысқа түсті. XIX ғасырдың басына қарай күшейген Қоқан хандығы енді Оңтүстік Қазақстанды жаулап алуды көздейді. Оның негізгі себебі: өзінің қазынасын толықтыру, мал шаруашылығын дамыту, сонымен қатар, Ресей мен Қытайды байланыстыратын Орта Азиядағы керуен жолдарына бақылау орнату және мұсылман халықтары тұратын аумақты иелену еді.

1810 жылы Оңтүстік Қазақстанды жаулап алған уақыттан бастап 1865 жылы Ресей империясының қол астына өткенге дейін қоқандықтар Ұлы жүз аумағында әкімшілік қадағалау жүргізіп Ақмешіт, Жаңа-Қорған, Күміс-Қорған, Шын-Қорған, Шолақ, Созақ және тағы басқа бекіністерді салды. Бұл кезеңде Хиуа мен Бұхараға қарағанда Қоқанның күші басым болып, онымен тайталасқа түсе алмады [5, 142 б.].

Қоқан билеушілері оңтүстік өңір қазақтарын Бұхара хандығынан тартып алғаннан бастап-ақ салықтың түр-түрін үдете бастады. Олар осы жердегі отырықшы шаруашылықтардан салықты заттай емес, ақшалай ала бастады. Бір ғана хан салығына бұл өңірден жылына алынған салық 4000 ділдәға жетті. Мысалға, Түркістан аймағындағы тұрғындар осындай бір хан алымының есебіне 35.000 қойға дейін төлеген [6, 50 б.].

Сонымен бірге, мұнда астық егетін шаруашылықтардан салықты ақшалай да салды. Оның төлемі жылына 50 мың пұтқа жетті. Салықтың басқа түрлері де енгізілді. Мәселен, керуенге салынатын салық мөлшері 1500 ділдә. Мұның үстіне осындағы Дулат, жалайыр тайпаларының қазақтарынан олар басқа да салықтармен қатар, тек ханға арнап қосымша әр жүз қойдан бір қой, әр елу жылқыдан зекет алды. Оңтүстік өңір астыққа ғана бай емес, бау-бақша, дәнәді дақыл, жем-шөп, басқа да егін егілетіндіктен, олардан да салық алынды. Ондай салық танап делінді. Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларынан зекет алынды. Оның мөлшері малдың санына, немесе олардың ақшаға шаққандағы бағасы әр 40 малдың бірі болған. Бірақ ол сөз жүзінде болып, іс жүзінде жиырмадан біріне дейін жеткен. Мысалы, Шымкент аймағындағы рулардан жиналған зекеттің мөлшері: Бестамғалыдан - 8000-10000 қой, сіргеліден 6000-8000, Сиқымнан 2000-2500, Шымырдан 2000-2500, Жаныстан 2000 қой, барлығы 20000-25000 қойға дейін жиналған. Зекет сатылған малдың белгілі бір санынан алынатын сауда салығы ретінде де жүргізілген. Қоқан хандығына базарда сатылған мал үшін де, жеке шаруашылықта болған мал үшін де салық алынып отырған [7, 156 б.].

Қоқандықтардың қазақтарға түрлі салықтар салуы қарапайым адамдарға үлкен ауыртпалық түсіріп, ішкі әлеуметтік қайшылықтарды тереңдетіп, халық ішінде кедейлердің көбеюіне әкеліп соқты. XIX ғасырдың басында қазақтар Қоқан хандығының қол астындағы қырғыз, қарақалпақтар секілді алым-салықтың үш түрін төледі: 1) түңлік-зекет – бір үйден бір қой алынды; 2) алал-зекет (мал салығы) – 50 мал басынан бір бас алынды; 3) харадж – егіншілерге салынды. Сонымен бірге, бір тиль (әр отбасынан алтын тиын немесе үш қой алынды)

көлемінде әскери салық та алынды [4, 22 б.]. Қоқандықтар билік жүргізген тұстағы ауыр жағдайлар елдің есінде қатты сақталып қалды. Ол туралы Ш.Уәлиханов: «Қазақтардың арасында «әзірейіл барда жаным бар деме, қоқандықтар барда малым бар деме» — деген мәтел пайда болды»,—деп көрсетеді.

Қоқан билеушілері басып алған жерлерге алғашқы кезден-ақ қазақтар мен қырғыздарға өзінің қаталдығын танытты. Осыған байланысты қазақтар наразылық білдіре бастады. Жайылымдардың жетіспеуі салдарынан әр түрлі рулардың, жер иеленуші феодалдардың арасында, сондай-ақ отырықшылыққа ауыса бастаған кедейлер арасындағы күрес күшейе түсті. Мұның өзі ауылдардың бірін-бірі шауып алып, адамдарын қолға түсіріп, кісі өліміне дейін жеткізген жер үшін болған таптар күресі еді [8, 11 б.].

XIX ғасырдың басында Қазақ халқының Қоқан билігіне қарсы наразылықтары көбейе бастады. 1810 жылы Ташкент өңірінде тұратын қазақтар салық төлеуден бас тартты. Қоқан ханы Әлім бек қарсылық көрсеткендерді жазалауға және Сайрам, Ташкент, Түркістанды бағындыру үшін 12 мың әскер жіберді. Қоқандықтардың қолына түскен төңіректегі қазақтар тонаушылыққа ұшырады. Қоқандықтар Түркістанды басып алуы кезінде оның билеушісі Тоқай Төре Бұхараға қашуға мәжбүр болды. Бұхараның әмірі Тоқай Төреге осындағы соғысқа жарайтын қазақтардан жасақ жинап алуға рұқсат берді. Тоқай Төре алдымен Созаққа бекініп, одан кейін Түркістанды қоршауға алды. Оған қарсы қоқандықтар Ташкенттен 300 жауынгермен Базар бахадүрді аттандырды. Олар жолда Тоқай Төреге көмек көрсеткен 1000 отбасынан тұратын қазақ ауылына шабуыл жасап, ауылды тонап, адамдарын тұтқындап кетті. Түнде Тоқай Төре Созақты тастап қашуға мәжбүр болды [5, 143 б.].

Оның бұдан кейінгі әрекеттері де сәтсіз болды. Сол кезде қоқандықтар Пішағар бекінісіне (Ұратөбеден батысқа қарай) жақын жердегі Бұхара әмірлігімен шекараға тонаушылық әрекеттер жасады. Олар Тоқай-төренің әмір Хайдарға жіберген жаушысын қолға түсірді. Бұл Тоқайдың әрекеттерін тоқтату үшін Түркістан ауданына бірнеше жасақ жіберуге мәжбүр етті. Қазақ даласы тағы да күйзеліске ұшырады. Тоқай ханның «қасиетті Бұхарадағы» одан кейінгі тағдыры қайғылы болды, ол Бұхара әмірінің балалары билікке таласқан тұста өлтірілді [36, 287 б.].

XIX ғасырдың басында патшалық Ресеймен қатар, қазақ жерін жаулаған Хиуа, Қоқан хандығына қарсы да ұлт-азаттық көтерілістердің бірі Омар ханның салық жинаушыларына наразылық көрсеткен Түркістан, Шымкент, Сайрам және Әулиеата өңірінде басталды.

1821 жылы Тентек төренің бастауымен қазақтардың Қоқан үстемдігіне қарсы көтерілісі болды. Көтерілісшілердің саны 12 000-ға дейін жетті [9, 46 б.].

1821 жылы Тентек төре (шын аты Рүстем Аспандиярұлы) бастаған қазақтардың бас көтеруі үлкен көтеріліске ұласты. Көтерілістің орталығы он жылдан астам қанау көрген Шымкент және Сайрам қалаларының төңірегінде болды [10, 13 б.].

Көтерілісшілер Сайрамға, ескі бекініске шоғырланды. Олар Сайрам, Шымкент, Әулие-Ата қалаларын алып, бірнеше бекіністі қоршады. Көтеріліске Түркістан, Шымкент, Сайрам, Әулие-Ата төңірегін мекендеген қазақтар қатысты. Омар хан көтерілісті басу міндетін өзінің уәзірі әрі туысы Әбілқасым аталыққа жүктеді. Бұған сондай-ақ Хушвақт құсбегі, Лашқар құсбегі, Мұхаммед Шәріп парванашы, Ханқожа мир-асад және басқа да тәжірибелі әскербасылар тартылды. Көтеріліске шыққандар бетпе-бет шайқаста талқандалып, шегінді де екі жасаққа бөлінді. Бір бөлігі Тентек төренің басшылығымен Сайрамда, ал екіншісі Шымкентте бекінді. Қоқандықтар Шымкентті қоршауға алды. Онда қазақтарды Рүстем басқарды. Кескілескен қоршаудан және қазақтардың түн жамылып жасаған шабуылы сәтсіздікке ұшырағаннан кейін Шымкент алынды. Қоқан әскерлерінің қызыл және ақ тулары Сайрамда да көтерілді. Оны қоршау кезінде қоқандықтар зеңбірек пен мылтықты кеңінен пайдаланды. Қоршаудағылардың күш пен қаражаты сарқылғаннан кейін Тентек төре берілуге, көтерілісшілер қаруын тастауға мәжбүр болды. Тентек төре жеңілісті мойындап, қоқандықтарға «баж» немесе жол салығын, «зекет» төлеуге және Қоқанға баласын сыйлықтармен жіберуге келісім берді.

Қоқандықтардың жорықтарына қарсы көтерілген қазақ, қырғыздың біріккен қолына 1821 жылы Рүстем төре (Тентек төре) басшылық жасаған көтерілісшілердің қатарын Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі қазақ рулары мен таластық қырғыздар құрады. XIX ғасырдың 20-жылдары Талас бойындағы қазақтар мен қырғыздар да бірлесе Жаңақорғандағы қоқандық билеушілерге қарсы көтеріліп, бекіністі басып алады. Қоқандықтардың қуғынына ұшыраған қырғыздар қазақ жеріне өтіп кетіп отырды. Қанай бидің, ағайынды Атантай мен Тайлақ батырдың қазақ жеріне, Іле бойына көші осыны айғақтайды [11, 22 б.].

Көтеріліс басындағылардың негізгі беделінің жеткіліксіз болуы, бой көрсетулердің бытыраңқылығы, іс-қимылдың үйлесімсіздігі, көтеріліске шыққандардың арасында бірліктің болмауы және Бұхараның көмегіне сүйену әрекеттері, ақырында, рулық-тайпалық жасақтарға күресте оқ ататын қол мылтығымен және артиллериямен қаруланған жаңа әскер мен атты әскердің іс-қимылын ұштастырған қоқандықтардың әскери басымдығы – осының бәрі Қазақстандағы қоқандықтарға қарсы бой көрсетулердің сәтсіздікке ұшырауына себеп болды [9, 287 б.].

Тоқай төре одан кейін Тентек төре бастаған көтерілістерден кейін, қысқа мерзімге болса да қоқан билеушілері озбырлықтарын бәсеңдетті, әсіресе, салық мөлшері азайды. Алайда, көп ұзамай қазақтардың тағы да ұлт-азаттық күрестерінің орын алуына себеп болған қоқан билеушілерінің озбырлық саясаты бой көрсетті. Қоқандықтарға қарсы толқу XIX ғасырдың 30-50 жылдары кең көлемде жүргізілді. 1832 жылы Тайлақтың

бастауымен көтеріліс басталды. 1857 жылы Әулие-Ата маңында қазақтар мен қырғыздардың бірлескен қоқандықтарға қарсы күресі болды. Бұл қозғалыстың негізгі себептерінің бірі – Ташкент бегі Мырза Ахмедтің озбырлық саясаты мен салық жинаушылардың зорлық әрекеттері еді [4, 47 б.].

1822-1842 жылы Қоқан хандығының тағына Омар ханның кіші баласы Мадалы хан (Мұхамед Әли) отырды, оның тұсында жекеленген облыстар мен Ташкентті өз алдына билеген Күшбегілердің рөлі күшейді. Ұлы жүздің басып алынған аумағының бір бөлігі және Сырдария бойындағы қазақтар Ташкент Күшбегіне жылына 20 мың алтын ақша төлеп тұруға міндетті болды. Салық төлеушілерді қанау бұрынғыдан да күшейе түсті. Одан кейінгі жылдары қоқан билеушілерінің өзара қырқыстары Ұлы жүз қазақтарының одан әрі зардап шегіп, кедейлене түсуіне әкеліп соқты. Құдияр хан тұсында қазақтар ғана емес, Қоқан хандығының жергілікті диқандары да қанауға түсті.

XIX ғасырдың орта шенінде Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі Қоқан хандығына және Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық күресті ұйымдастырушылардың бірі – Байзақ Мәмбетұлы еді. Ұлы жүздің Дулат руынан шыққан Байзақ Мәмбетұлы туған өлкесі Қоқан хандығына да, Ресейге де қарамай тұрған тәуелсіз кезде ер жегіп, ел басшысы ретінде қалыптасты. Оңтүстік өңірді Қоқан хандығы басып алғаннан кейін, сұлтан Рүстем Асфендиярұлы бастаған көтеріліске қатысты. Көтерілісшілер қатты жазаланса да, Байзақ батыр беделді адам ретінде, өз руластарына датқа болып тағайындалды. Байзақ датқа Қоқан отаршыларының айтқанына көнбей, қазақтардың мүддесін қорғай отырып, тәуелсіз саясат жүргізуге ұмытылады. Отаршыларға қарсы күресте Кенесары Қасымұлының сенімді серігі ретінде әйгілі болады. Оның сарбаздары Кенесары Қасымұлының қолына қосылып, Қоқанның бірнеше бекінісін басып алып, Созақ аймағын азат етуге қатысты. Байзақ батыр 1858 жылы қазақтар мен қырғыздардың Қоқан хандығына қарсы көтерілісіне басшылық жасаған. Патша генералы Колпаковскийдің әскеріне қарсы Алматыға жақын Ұзынағашта болған соғыс қимылдарына өз қолымен келіп қатысты [12, 57 б.].

Ұлы жүздің ірі тайпалары албан, дулат және шапырашты көшіп жүрген Жетісуда сонау 1778 жылы әлдебір «ташкенттік мыңбасы» Каскелең өзені маңына бекініс салыпты. 1810 жылдарда Қоқан экспансиясы әуелі оңтүстік-батыс, ал содан соң бүкіл оңтүстік Жетісуды да (Леден арғы өлкені) қамтыды. Осындай жағдайда Ұлы жүз өкілдері 1818 жылы патша үкіметіне өздерін Ресей бодандығына қабылдау туралы өтініш жасады. 1819 жылғы 18 қаңтарда орыс үкіметі өтінішті қарап, Ұлы жүз қазақтарын ресми түрде Ресейдің бодандары деп жариялады. Абылай ханның баласы Сүйік сұлтан өзіне бағынышты 55 мың адамымен бірге бодандыққа сол кезде ант берген еді. 1822 жылы тағы да 14 сұлтан - Абылай ханның немерелері мен Әділ төренін балалары орыстың өкімет орындарына бодандық туралы өтініш жасады, бұл өтініш 1824 жылғы 13 мамырда бұл сұлтандардың еркек кіндікті 165 мың адамымен бірге бодандығы туралы құжатқа I Александрдың қол қоюымен қанағаттандырылды. Алғашқылар болып бодандықты үйсін, жалайыр, албан, суан, шапырашты, ысты, ошақты, қаңлы бірлестіктері және басқалар қабылдады.


Қоқан хандығының Ташкентті басып алып билеуі шамамен 56 жылға, Шымкентті билеуі 54 жылға, Түркістанды 49 жылға, Әулиеата өңірін 36-37 жылға, Ақмешіт өңірін билеуі 33 жылға созылды. Бұл қалалар XIX ғасырдың бірінші ширегінде Қоқан хандығының билігіне өтсе, 60-жылдардың ортасында Ресей қолтастына өтті. Осы бір дүрбелең оқиғалар жылдары бұл өңірдегі қазақтың бір ұрпағы бірде қоқандық билеушілердің езгісіне түссе, енді орыс билігіне өтіп, отаршылдықтың ащы дәмін тағы татты [10, 24 б.].

XIX ғасырдың ортасында ұлттың рухани өмірінде бұрын білінбеген жаңа бір нышандар пайда бола бастады. Қазақ руханиятының өзін-өзі туындатқан осынау күнделікті тыныс-тіршілігі ауық-ауық өзінің тұтастығын, дүниетанымы мен ұлттық дүние бейнесін қару алып, қорғау қажеттігімен алмасып отырады. Мұның өзі көбінесе рухани талаптан гөрі саяси себептерге негізделеді. Мәселен, Ұлы жүз қазақтарының бастаған көтерілістері қазақтың ұлттық рухын орнықтыруға, ортақ жау – сыртқы жауларға қарсы күресте қазақтардың барлық күшін біріктіруге талпынған әрекеттер еді.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.А. Уроки истории и современность. – Алматы: Қазақстан, 1997. - 121 б.
2. Әбдікәдімұлы Ә. Қазақстан тарихы. – Алматы: Қазақстан, - 2005. -604 б.
3. Қозыбаев М. Тарихнама мәселесі толғандырады // Қазақ тарихы. – Алматы, 1996. - №6.
4. Абдуалы А. Политическая история Южного Казахстана в первой половине XIX века. Тараз, 2008.
5. Қаражан Қ.С. Қазақстан тарихы. Лекциялар курсы. Алматы, 2009.-376б.
6. Туркестанский сборник. Составитель В.И.Межов. Санкт-Петербург.- 1873.
7. Данилевский Г.И. Описание Хивинского ханства // Записки РГО кн.5 СПб. 1851.
8. Шуланбекова Г. Оңтүстік Қазақстанның орыс отарлау жүйесіне тартылуы // Қазақстан тарихы: Әдістемелік журнал. – 2011. - №5.
9. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. Т.3. Алматы: Атамұра, 2010.
10. Жолдасов Б.С. Қазақстанның оңтүстік өңірі үшін Ресей-Қоқан текетіреттері (1839-1865жж.) т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. - Алматы, 2005.
11. Махаева А.Ш. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы. т.ғ.д. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы 2009.

12. Абдуалы А., Әбілдәұлы Б. Ел бастаған ер Байзақ. Тараз.-2008.



ӘОЖ 950:343.272(574.54)

ҚЫЗЫЛОРДА ОКРУГІНДЕГІ ТӘРКІЛЕУ НАУҚАНЫ (Қызылорда облыстық мұрағат деректері бойынша)

**Әбдіжәми Ә.Ә. - педагогика ғылымдарының магистранты – тарих бағыты бойынша
Қорқыт ата таныдағы Қызылорда университеті**

Аңдатпа. Мақалада ХХ ғасырдың 20 жылдардың аяғы мен 30-жылдардың басындағы Қызылорда округіндегі тәркілеу науқаны қарастырылады. Кеңестік биліктің ұжымдастыру саясатының бастамасының бірі елімізде қазақ байларын кәмпескелеуден басталды. Зерттеуде заңнамалық қаулы бойынша аса ірі байлар тізімге іліксе, кейіннен науқанға орташа шаруалар, болыс-билер, молда-ишандардың қосылуы көрсетіледі. Саясатқа қарсы шыққандарға арнайы жазалау шарасы қабылданғаны, соның барысында билікке қарсы бой-көтерулер орын алуы және билік есебінен қатыгездікпен жазалау шараларының жүргізілгені архивтік дерек арқылы баяндалады.

Түйінді сөздер: тәркілеу, кәмпеске, саяси науқан, Қызылорда округі, байлар, орта шаруалар, жер аудару, наразылықтар.

Кеңестік биліктің орнығуы мен саясатының ықпалы қазақ жеріне де тікелей байланысты болды. Большевиктік басқару елді толық кеңестендіріп, меншікті ортақ етуде жүргізген саясатының бастамасы ұжымдастыру науқаны болды. Бұл қазақ қоғамын таптық негізде жіктеуге себеп болды. Билік басы таптық түйсігі әлі жете қоймаған кедейлерді байларға қарсы қоюға, тапаралық ымырашылдыққа жол бермеуге шақырды. Партия басшылары үнемі оларды жігерлендіріп, арнайы қаулылар мен қарарлар шығаруға барынша тырысты. Ең үлкен бастаманың бірі елдегі Кіші қазан саясатының бастауымен болды. Яғни, 1925 жылдан басталған өзгеріс қазақ халқына үлкен өзгеріс пен қауіп әкеле жатыр еді. Саяси жоспар бойынша Қазақстан аумағынан Орынбор қаласы мен губерниясы бөлініп, Жетісу мен Сырдария облыстарының енуі елдің әкімшілік құрылысына елеулі өзгерістер әкелді. Сол тұста орын алған басты оқиға астаның Перовскі болуы мен Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республика болып өзгертілуі еді. Бірақ, бұл жаңалықтар билікті қуанта қоймады. Елдегі зиялылардың көбеюі орталық билікті сескендірді.

Алдымен, кеңестік басшы партияға қосылмаған алдыңғы буын зиялыларды саяси және идеологиялық қызметтен біржолата аластатуды көздеді. Халықты ағарту мақсатында кең етек алған ұлттық сезім мен ұстанымды бұзу керек болды. Осының барысында, сол жылы ел басына орталықтан Филипп Голощекиннің келуі орын алды. Жергілікті ахуалмен таныс болған басшы алдымен И.Сталинге хат жолдайды. Онда басты назарды жалпұлттық мүддеге емес, ауылдарды кеңестендіру мен жергілікті билікті қайтадан қарау керек екендігін баяндайды. Бұл хаттың негізінде «Кіші қазан» бағдарламасы даярланған еді. Осылайша курстың жүргізілуіне үлкен кедергінің басы байлар табы деп түсінді. Осы орайда, 1926 жылдан басталған шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу 1927 жылы кең көлемде жүргізіліп, байлардан көп жер, мысалы, бұрынғы Орал губерниясында 84 605 десятина, ал бұрынғы Жетісу губерниясына - 31 961 десятина, бұрынғы Семей губерниясында - 17 154 десятина, Қостанай округінде - 17 365 десятина шабындық, егістік алқаптары тартып алынып, кедейлерге берілді [1, 93 б.]. Алайда, көбіне ауылдағы рулық қауымның тарқай қоймағаны, бай мен кедейдің айырмашылығы білініп тұрды. Бұл бөлінген жерлерді шаруалардың игеруіне, байлардан толық меншік өз қолдарына алуға әлі де жете қоймады. Өзгерістер әсерінің болмауы Ф.Голощекиннің нақты қазақ байларының мал-мүлкін күшпен жоюына жол ашты.

Қазақ байларын кәмпескелеу туралы 1928 жылы 27 тамызда арнайы декрет қабылданды. Қаулы бойынша науқанды 20 қыркүйекте бастап, 1 қарашада аяқтау керек болды. Ең бірінші, заңнамалық құжатта көрсетілгендей көшпелі аудандардан 400 бастан жоғары, жартылай көшпелі аудандардан 300 бастан жоғары, отырықшы аудандардан 150 бастан жоғары, кейбір жағдайда 100 бастан төмен болмауы тиіс деп бекітті [2, 26 п.]. Сол жылы 30-шы тамызда науқанға арнайы нұсқаулық шығарылды. Онда қазақ даласы көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы аудандар деп бөлінді. Нақтырақ, Қызылорда округінен көшпелі аудандарға Аламесек, Арал, Қазалы мен Қарсақбай аудандары кірді. Жартылай көшпелі аудандарға Қармақшы, Қараөзек, Қызылорда, Шиелі жатқызылды. Декрет бойынша Республикалық орталық тәркілеу комиссиясы құрылып, округтік басшылары жан-жаққа жіберілді. Олар жергілікті жерлерде дайындықты бастап, науқан жұмысына түсіндірме жүргізді. Осы тұстан бұл жұмысқа кедейлер мен батрактарда қатысты. Бірақ, бұл іс көбіне нақты әрі толық жүргізілген жоқ еді. Жартылай көшпелі аудандардың алғашқы кезде науқанға қатысудан бас тартқан. Бұл кезеңде халықтың көп бөлігі кәмпескені толық қолдай қоймаған. Ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеп, өздерін

жер аудару жөнінде үгіт науқан жайлы ақпарат округтегі 8 аудан бойынша 602 жиналыс өткізіліп, оған 22914 адамның қатысқаны белгілі болып отыр [3, 94 п].

Жалпы алдын-ала жоспар бойынша 700 қожалықтан, 696-сы тәркіленгендігі мен округтен тыс жерлерге жер аударылғандары 669 санына жеткен. Оның 127-сі отырықшы, 508-і жартылай, 61-і көшпелі аудандарға тиесілі болған [1, 100 б.]. Ал, Қазақстан Республикасының Орталық мұрағатында 916 байдың жазған арыздары сақталған. Яғни бір байдың есебінен бірнеше шаңырақтардың қоса тәркіленгенін дәлелдейді. Мәселен, Теренқзек ауданынан Бекбауұлы Құлымбайдың отбасында 19 жан, 5-6 шаңырақ. Үлкен ұлы Нұрсейіт - 47 жаста, онан кейінгісі Рысмұхамед - 35 жаста, Жармұхамбет - 30 жаста, Мағзұм - 21 жаста, Құлымбай мен бәйбішесінде жеке-жеке үй болса да, барлығын бір отбасы деп есептеген [4, 6 б.]. Осындай өрескел қателердің саны аз емес. Қызылорда округі бойынша 54 бай кәмпескеге ұшыраған. Әсіресе, малдың басым бөлігі қой мен жылқы болған.

Одан басқа киіз үйлер мен текемет, киіздерді алып артельдерге жіберіп отырған. Негізінен, тәркілеуге қатысты жоспарда байлардың тізімінен бастап, мал-мүліктің есебі дұрыс емес жасалған. Қызылорда округтік комиссия хатшысы Ажарұлының есебінде Үсен Өтегенұлының округтік кәмпескелеу тізімінде жоқтығы мен Қармақшы аудандық комиссияға 17 қарашада 244 санға қатынас қағаз жіберген. Онда Өтегенұлының берген арыздары мен барлық материалдар болған [3, 175 п.]. Осы сынды мұраға құжаттарынан тізімге тіркелмеген, бірақ мал-мүлкі тәркіленгендер кездеседі. Ал, Қарсақбай ауданының бесінші ауыл азаматы Хасан Қасқабайұлынан кәмпескеге сай малым толық емес, науқаннан босатыңыз деген арызы келіп түскен. Бірақ, оның тәркілеуге түсуі 2-ші топқа жатқызылған. Яғни, қаулығы сәйкес бірінші топқа ірі байларды, екінші топқа хан тұқымы, сұлтандар мен болыс басқарушылар, дін басылар жатқызылды. Осылайша, комиссияға жолданған арыздардың көбісі екінші топқа жатқызылғандар. Тартып алынған мал-мүліктер, үй тұрмысындағы заттар мен құрал-саймандарды артельге өткізгендігі жайлы мәліметтер бар.

Алайда салыстырмалы түрде қарасақ, алынғандардың саны мен өткізілген мүліктердің саны толық сәйкес келмейді. Жоғарыда көрсетілгендей 30-тамызда қабылданған қаулыда заң органдарының рөлі көрсетілген. Олардың рөлі төмендеп, тәркілеу комиссиясының құрамында прокуратура өкілдері болғанымен, ГПУ қызметкерлері болды. Әсіресе, байларды жер аудару ісін осы ГПУ және милиция қызметкерлері атқарды. Іс жүзінде бұл аталған органдарды халықтан құпия ұстап отырған. Нақтылы 1928 жылы қыркүйек пен қазан айларында кәмпескеге қарсы болғандарға арнайы қаулы қылмыстық жауапкершілік туралы қосыша шара қабылдады. Кейіннен, 17 қазандағы екінші қаулыда қылмыстық заң кодексінің баптарымен жазалау туралы болса, 58 және 169-баптармен бекітті. Сол заматта-ақ он округтен 148 адам тұтқындалып, 69-ының ісі прокуратураға, ал 34-і босатылған [1, 96 б.]. Соның ішінде, Теренқзек ауданынан 5 адамды жауапкершілікке тартқан. Сонымен қатар кеңесте байларды Жетісу мен Сырдария округінен - Оралға, Гурьев округінен - Петропавлға, Павлодар мен Петропавловск округтерінен - Ақтөбеге, Семей округінен - Сырдарияға, Қызылорда округінен - Адайға, Қостанай округінен - Семейге жер аударылатыны белгілі болды. Дерек бойынша алғашқы жылдың Қызылорда округінен кәмпескеленіп Адай округіне жер аударылып жіберілген байлардың тізімі [3, 180 п.]:

№	Аты-жөні	Жан саны
1	Нұржанұлы Жүргенбай	12
2	Бисенбайұлы Шанен	19
3	Нұрманұлы Аймахан	15
4	Әбдіқожаұлы Шамен	12
5	Аймағанбетұлы Баймахан	18
6	Есенжолұлы Айымбет	14
7	Есқожаұлы Әбдіхалық	9
8	Қирабайұлы Мамбет	12
9	Ақайдарұлы Бердібек	5
10	Тақиұлы Ізгілеу	7
11	Малқарұлы Тайша	11
12	Сақиұлы Дүйсеман	19
13	Тажибайұлы Қыстау	8
14	Алпысбайұлы Мұхамбетжан	18
15	Әкімбайұлы Қайып	18

16	Дәкебайұлы Мергенбай	13
17	Құлсарыұлы Мырзақұл	17
18	Байекеұлы Құлсары	14
19	Естайұлы Қуан	
20	Сарсенбайұлы Қырықбай	14
21	Жаманкөзұлы Мамыр	4
22	Қуантайұлы Рахмет	3

Тәркілеу ісі, қылмыстық жаза мен жер аудару, халықты отырықшыландыру істерінің барлығы халықты әбігерге салды. Науқан барысында халық арасында толқулар туа бастады. Бандиттік бас көтерулер мен ата қонысты тастап ауа көшулерді шығарып тастағанның өзінде 1929-1931 жылдары Қазақстанда 372 рет шаруалардың бұқаралық бас көтерулері болды. Оларға Тақтакөпір, Бостандық, Батпаққара, Асан, Созақ, Сарысу, Балқаш, Қарақұм, Өскемен, Зырян, Шұбартау, Ырғыз, Адай, Сарқанды, Абыралы, Шыңғыстау наразылықтары, Қастек және Қордай аудандарындағы қарсылықтарды жатқызамыз. Соның ішінде Қызылорда округінің Қармашқы және Теренөзек аудандарынан қатысқан Қарақұмдағы қарулы қақтығыс 1930 жылы орын алды. Олардың құрамында 2000-ға жуық адам мен 300-ге тарта қарулары болған. Қару-жарақтардың жетіспеушілігі мен халықтың бірлігінің болмауы көтерілістің күшін бәсеңдетті. Себебі, үкімет комиссиясына сеніп, өз еркімен берілгендер болды. Кейін оларды жаппай тұтқындау басталғанда өздерінің алданғандарын білді. Шешуші шайқас 1930 жылы 8 желтоқсанда Көжебай сайында болды [1, 150 б.]. Қарсыласу кезінде көтерісшілер ұсталып, өлтірілгендері бар. Іле-шала ұсталғандарға жазалау шарасы басталып, 586 адамнан 210-ы босатылды. Қалғаны түзету лагерлері мен Сібірге жер аударылды. Сонымен қатар, Қазалы ауданында орын алған Ақмырза ишан бастаған наразылық болды. Ол 1930 жылы наурыз айында орын алды. Бұл да Қарақұмдағы қақтығыс сынды үкімет тарапынан басылып, көтерілісшілерді қолға түсірді. 10 адам ату жазасына, 41 адам түзету лагеріне, 6 адам жер аударылды [1, 151 б.]. Жалпылай 3386 адамға ең ауыр жаза-ату, 13151 адамға 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге концентрациялық лагерьге қамау жөнінде үкім шығарылды [5].

Жалпы, қазақ халқының төл тарихындағы ақтаңдақ беттерінің бірі - меншіктен зорлап айрыу мен күштеп ұжымдастыру саясаты болды. Зерттеу мәселесіне қатысты мұрағат құжаттары мен тарихи әдебиеттерді сараптай келе ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында жүргізілген байлар мен кулақтарды тап ретінде жою, оның ішінде қазақ байларын тәркілеу науқаны мен қылмыстық жауапкершілік барынша аяусыз жүргізілді. Бұл шараның халыққа зор пайдасы тиеді деген үмітпен басталып, соңы аштыққа ұласқаны ащы шындық. Осы уақытқа дейін осы қасіретті жылдар туралы зерттеулер жарық көргенімен, олардың әлі де болса тереңірек зерттеулерін қажет етеді. Бұл тарихымызда зерттеуге күрделі тақырыптардың бірі болып саналады. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2020 жылы 24 қарашадағы жарлығы бойынша саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылып, зерттеу жұмысы жасалып жатыр. Әлі де болса, нақтылы дерек пен толықтыруларды қажет етеді. Ал егер бұл дерек-мәліметтердің әлі толық емес екенін ескерсек, науқанның қаншалықты зиян тудырғанын пайымдай аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы: Санат, 1997. - 320 б.
2. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. - 138 қор, 1-тізім, 1698-іс.
3. Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағаты. - 2 қор, 2-тізім, 11-іс.
4. Ижанов З. Тәркілеу қасіреті. Алматы: Өлке, 2017. - 400 б.
5. Мусатаева М.К., Өскембаев Қ.С. Ұжымдастыруға қарсы шаруалар көтерілістерінің тарихнамасы. [Электронды ресурс] – URL: <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/9022/> (Есепке алынған күні: 10.09.2022)



ӘОЖ: 947.085:950(574.54):304:355.48(47)

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ДАМУЫ

Меңлібай Таңат Қайратұлы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
магистранты

Аңдатпа. Мақалада Жалағаш ауданының Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардағы қоғамдық-саяси жағдайы сол кезеңнің қиыншылықтары мен еңбек саласындағы жеңістері арқылы талданады. Соғыстан әлсіреп шыққан еліміздің ауыл шаруашылығын қалпына келтіруге ауыл шаруашылығы жоспарлы түрде жоғарыдан басқарылуы кедергі болды. Ұжымшардағы ауыр жұмыста әйелдер мен балалар еңбегі басым болды. Сондай-ақ егістік алаптар көлемінің қысқаруы мен агротехникалық дақылдардың аз себілуі егін өнімінің төмендеуіне алып келді. 1950 жылы ұжымшарларды ірілендіріп, машина-трактор станцияларын құруды жоспарлаған жаңа ауылшаруашылық реформасын жүргізу қолға алынды. Халықтың материалдық қажеттерін қанағаттандыру ісі екінші кезектегі мәселе болып саналды. Тұрғын үйлер, халық тұтынатын өнеркәсіп тауарлары жетіспеді. Шаруалардың ауыр жағдайы КСРО ауылшаруашылығы дағдарысының тағы бір себебіне айналды. Әлеуметтік экономиканың өсуі нәтижесінде колхоздар едәуір нығайды, колхозшылардың табыстары өсті. Бірақ қалалармен салыстырғанда ауылдық жерлерде өмір сүру деңгейі әлі де төмен болды.

Тірек сөздер: аудан, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, егістік, машина-трактор станциялары, агротехника

Соғыстан кейінгі бесжылдық қоғамда тоталитарлық, авторитарлық жүйе үстем болды, әсіресе халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы үшін аса ауыр кез болды. Қазақстанның сол жылдардағы тарихын саяси жүйедегі орын алған социалистік қоғамның заңсыздықтарынан бөліп жарып қарастыру мүмкін емес. Бүкіл КСРО-да орын алған жеке басқа табынушылық, орынсыз айыптаулар мен Мәскеуге бағыныштылық өңірлерде де қиыншылықтар тудырып отырды. Сондықтан соғыстан кейінгі жылдарда халықтың жағдайын жақсартуда біраз шаралар қолданылғанымен бұл оңай шешілетін мәселе емес еді. Әсіресе, экономикасы шикізатқа негізделген аудандарда ауыл шаруашылық өнімдерін мемлекеттің арзан бағамен сатып алуы ауылдық жердегі халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсаруына мүмкіндік бермеді. Ауыл шаруашылығы жоспарлы түрде жоғарыдан басқарылды.

Соғыс жағдайына бейімделген ел экономикасының қайта құрылуы Қызылорда облысына қарасты Жалағаш ауданында да басталды.

Жалағаштың құтты мекені ғасырлар бойына мал шаруашылығымен айналысып қана қоймай егіншілікті де кәсіп етіп келген. 1939 жылы қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Президиумының Жарлығымен Жалағаш аудан болып құрылған екен. Ауданда Қаракеткен, Карл Маркс, Энгельс, Елтай, Ақсу, Амангелді, Калинин атындағы, Мәдениет, Бірінші май ауылдық кеңестері мен 1 МТС, 34 колхоз біріктірілді.

1940 жылғы қаңтарда болып өткен конференцияда егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын дамытуға бағытталған шешім қабылданады.

Кереге жайып шаңырақ көтерген аудан орталығында ол кезде 840 адам тұратын, ал аудан халқының барлығы 1941 жылдың бірінші қаңтарында 19416 адам еді.

Ұлы Отан соғысы қарсаңында Қазақстанның этно-демографиялық жағдайы үлкен өзгерістерге ұшырады. 30-шы жылдардың басында аштық қырғыны Қазақстан халқын біраз күйзеліске ұшыратып, санын азайтып тастаса, соғыс алдындағы репрессия, ұлттық интеллигенцияны жоқ қылды деуге болады, ал басқа халықтарды күштеп Қазақстанға көшіре бастау, онсызда қиналып жатқан халықты одан сайын күйзеліске түсірді. Күштеп көшірілген халықтар негізінен ауылды елді мекендерге көшірілгенге байланысты ауылдың этно-демографиялық жағдайы, әсіресе бұрын қазақ ұлты ғана тұратын Қызылорда облысының этно-демографиялық жағдайын күрт өзгертті. 1939 жылғы санақ мәліметтері бойынша Қазақстанда 6151102 ал Қызылорда облысында 328067 тұрғын болған. Қиыр Шығыстан жер аударылған кәрістер Қараөзек, Бәйбіше, Серкеш бойларына қоныстандырылып, «1 март», «Приморский партизан», «Путь Октября» деген колхоздар құрылды [1,51].

Депортацияланған халыққа мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек өз деңгейінде қажетті мөлшерде жеткізілмеген жағдайда жергілікті халық тарапынан қолда бар көмегін беріп, қиын сәттерде демеу бола білді. Жалағаш ауданының тұрғындары депортацияланған халықтар үшін қысқа мерзімде 7 пальто, 313 пар аяқ-киім, 202 кг жүн, 20 шалбар, 4500 сом ақшалай жинап берді. Бұл әрине соғыс жылдары барлық күш пен қаржы соғыс қажеттілігіне жөнелтіліп жатырған жылдарға сәйкес келгендіктен оңайға түспесі анық еді. Бірақ жаратылысынан көңілі мен қолы ашық толерантты қазақ халқы белбеуін қаттырақ қысып бұл көмекті де бере алды.

Соғыстан әлсіреп шыққан еліміздің ауыл шаруашылығын қалпына келтіру жолында көптеген кедергілер кездесті. Мысалы, ауыл шаруашылық техниканың жетіспеуі, жұмыс күшінің аздығы, әміршіл-әкімшіл жүйенің ықпалы т. б. Алайда ауыл шаруашылығы техникалары, егістік алқаптарын қамтамасыз ететін шикізаттар жетіспеушілігі білінді.

Партияның 1946 жылғы қаулысына сәйкес совхоздар мен колхоздардың бұрынғы зардаптарын жою басталды. Ауыл шаруашылығын жаңа техникамен қамтамасыз ету үшін мемлекет арнайы қаражат бөлді. 1950 жылы еліміздегі колхоздарда (76%) МТС-тер (машина-трактор станциялары) жұмыс істеді. Үкімет өзін қамтамасыз ете алмайтын ұсақ колхоздарды біріктіре бастады [2].

Қазақстан экономикасын бейбіт жағдайға бейімдеу көп қиыншылықтар тудырды. Өнеркәсіпке қарағанда ауылшаруашылығының жағдайы ауыр болды. Соғыстың салдары КСРО-ның аграрлық секторын апатты жағдайға жеткізген еді. Соғыс жылдары ұжымшар халқының саны қысқарды. Ұжымшардағы ауыр жұмыста әйелдер мен балалар еңбегі басым болды. Сондай-ақ егістік алаптар көлемінің қысқаруы мен агротехникалық дақылдардың аз себілуі егін өнімінің төмендеуіне алып келді.

Аграрлық сала жағдайы 1951 жылдан бастап күрт өзгерді. Қатал қыс Қазақстанның бірқатар аймақтарында малшаруашылығының күйреуіне алып келді. 1952-1953 жылдары мал саны азайып, 23 млн. басты құрады. Малшаруашылығы аймақтың табиғи-климаттық жағдайына тәуелді экстенсивті түрде болып қала берді.

Елді азық-түлікпен (ең бірінші кезекте, астықпен) қамтамасыз ету мәселесі жаңа шешімдер қабылдауға алып келді. 1946 жылы 26 желтоқсанда КСРО Министрлер Кеңесі «КСРО-ның шығыс аудандарында егіс алқаптарын кеңейту және дәнді дақылдарды, әсіресе жаздық бидай өсіруді арттыру» туралы қаулы қабылдады [2]. Қазақ КСР-інің осы қаулысына сәйкес егіс алқаптарының көлемі жыл сайын арттырылып отырды.

Он жыл аралығында (1940-1950 жж.) ауылшаруашылығын қаржыландыру 3,4 есе өсті. Бірақ бұл салымдар нәтиже бермеді. Қазақстанның аграрлық дамуына сапалылық пен тиімділік тән болмады. 1950 жылы ұжымшарларды ірілендіріп, машина-трактор станцияларын (МТС) құруды жоспарлаған жаңа ауылшаруашылық реформасын жүргізу қолға алынды. Нәтижесінде ұжымшарлар саны қысқарды. Шаруалардың еңбегін шынайы бағаламау еңбекке ден қоюға кедергі болды. Кезекті реформадан кейін ұжымшар еңбеккерлері жұмысшылардан 4 есе кем жалақы алды. 1946-1949 жылдары аралығында ұжымшарлар меншігіне шаруалардың жер телімдері тартып алынды. Қосалқы шаруашылық өнімдерін сатудан түскен табысқа салынатын салық анағұрлым жоғарылады. Қиын жағдайға қарамастан, ұжымшар еңбекшілерін өз шаруашылығынан алынған өнімдер құнының 1-10%-ын ғана құрайтын бағаға сатуға мәжбүрледі. Әрбір шаруа қожалығы мемлекетке жер телімінің салығы есебінде ет, сүт, жұмыртқа, жүн т.б. өнімдерін өткізуге міндетті болды.

Жалағаш ауданында да бүкіл елдегідей майда колхоздар ірілендірілді. «Ақарық», «Жасқайрат», «Жаңаталап», «Алғабас» колхоздарының 914 адамы Қараой деген жерде Сталин атындағы үлкен колхозға бірікті. Бұрынғы «Елтай», «Жігер», «Іркөл», «Белсенді» колхоздарының 1013 адамы Молотов колхозын құрады. «Таң» мен «Ұмыл» колхозының 575 тұрғыны Самыратта «Таң» колхозының іргесін қалады. Карл Маркс пен «Қызыл Ту» колхозындағы 943 адам да Карл Маркс колхозына бірікті [1,51].

Сонымен ауданның бұрынғы отыздан астам колхозы ірілендіріліп, он колхозға айналды. Жаңа колхоздардың иелігінде 10408 мүйізді ірі қара, 83860 қой, 4355 жылқы, 785 түйе шоғырландырылды. Бұл жылы аудан бойынша 3400 гектар жерге күріш, 500 гектар жүгері, 900 гектар тары, 200 гектар арпа, 2600 гектар бидай егілген еді [3].

Қызылорда су торабының іске қосылуының арқасында соғыстан кейінгі 50-жылдардың екінші жартысы мал шаруашылығын дамытуды жандандырған жылдар болды. Жем-шөп, тары өндірісі ұлғайтыла бастады. 1951 жылы мүйізді ірі қара 137.6 мыңға, қой мен ешкі 914.7 мыңға, жылқы 58.1 мыңға, түйе 17.3 мыңға жетті. 1960 жылы екінші тың Қызылқұмды игеру басталды, төрт ауданда жаңадан 6 мал шаруашылықтары ұйымдастырылды. Жердің құнарын көріп, мал басының өсімі артқанына көзі жеткен аудан басшылары Қарақұмды тек жазда ғана жайлаумен шектелмей, малды қыстату жөнінде мәселе көтерді. Осы кезде ауданның бүкіл малы Қарақұмда болды десек қателеспейміз. Әсіресе, Жалағаш ауданының «Аққыр» қой шаруашылығы алғашқы он жылдың ішінде таза пайдамен шығып, республикалық жарыстардың жүлдегері атанды. Оған көшпелі мемлекеттік ту тапсырылды [4, 157]. Қазір ауылдарда мал өсіруге жайылымдық жерлердің жетіспеуінен қаншама дау-дамай, өкпе-реніштер туындап, проблемаға айналып отыр. Бұл мәселені шешудің бірден-бір жолы да осы Қарақұмды игеру.

Дегенмен, бұл жылдары мал шаруашылығының түйткіл мәселелері аз болмады. Ол негізінен экстенсивті, малды жайып бағу әдісіне сүйенді. Екпелі шөптер өте аз мөлшерде өндірілді. Мал жылдың көп бөлігінде болмашы азықпен қоректендірілді. Ұсақ фермаларда малға да, онда еңбек ететін адамдарға да жағдай жасалмады. Жұмыс қолмен атқарылды, механикаландыру болған жоқ. Мал шаруашылығын жақсарту мақсатындағы шаралардың бірі мал тұқымын асылдандыру болды. Қаракөл өндірісінде селекциялық жұмыстарының ғылыми негізделген жобасы бекітіліп, елтірін өңдеу жөніндегі арнаулы шаруашылықтар құру жүзеге асырылды. Жалағаш ауданындағы «Аққыр» кеңшарында осы бағытта еңбек етіп, сухандария асыл тұқымды қойларын өсіру қолға алынды [5,177].

Алайда соғыстан кейінгі халықтың тұрмысы өте нашар болды. Халықтың материалдық қажеттерін қанағаттандыру ісі екінші кезектегі мәселе болып саналды. Тұрғын үйлер, халық тұтынатын өнеркәсіп тауарлары жетіспеді. Аудан түгілі республиканың сауда орындарының жұмысы әлі де болса нашар болды. Медицина мекемелерінің санының өсіуіне қарамастан, әлі де медициналық көмек көрсету сапасы төмен болды. Ұжымшар еңбеккерлерінің еркіндігін шектейтін соғысқа дейінгі тәртіп сақталды. Олар қоныс аудару мүмкіндігінен айырылды. Шаруалардың жеке құжаты болмады, жыл сайынғы демалыс, зейнетақы, еңбекке жарамсыздық қағазы және т.б. берілмеді. Малшылардың тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени жағдайлары тым ауыр болды. Тұрғын үйлер, монша жетіспеді. Шаруалардың ауыр жағдайы КСРО ауылшаруашылығы дағдарысының тағы бір себебіне айналды. 1947 жылы желтоқсанда ақша реформасын жүзеге асыру және карточкалық жүйенің жойылуы, азық-түлік пен өнеркәсіп тауарларының қалыпқа келтірілуі халықтың өмір сүру деңгейін көтеруде маңызды рөл атқарды. Әлеуметтік экономиканың өсуі нәтижесінде колхоздар едәуір нығайды, колхозшылардың табыстары өсті. Бірақ қалалармен салыстырғанда ауылдық жерлерде өмір сүру деңгейі әлі де төмен болды. 1950 жылдардың басында колхозшы жұмысшының немесе қалалық қызметкердің өз еңбегі үшін алатынынан орташа есеппен төрт есе аз алды.

Осылайша, төртінші бесжылдықтың аяғында жұмыс істейтін халықтың әлеуметтік жағдайы соғыс алдындағы жылдармен салыстырғанда жоғары болды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Шежірелі Жалағаш. Өлкетанымдық басылым. Алматы, «Орхон» баспа үйі. 2009. 320 бет
2. Партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығы жөніндегі шешімдері (1965-1971), А., 1974.
3. Народное хозяйство Кызылординской области. Статистический сборник Кызыл-Орды. А., 1968.
4. Айдосов А.Х., Қалиев Ы., Кереев М.Қ. «Қызылорда», «Тұмар», 2005ж., 296 бет
5. Сыр өңірі тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). - Алматы: «Атамұра», 1998. - 288 бет.



ӘОЖ 94(574)

ӘУЛИЕАТА УЕЗІНДЕГІ Қ.ҚОШМАМБЕТОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

**Сейтқұлова Ж.М. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті**

Аңдатпа. Мақалада ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Әулиеата уезінде Кеңес өкіметінің орнауын отаршылдық бұғаудың күйреуі ретінде танып қарсы алып, халқына адал қызмет атқарған тұлға Қарымбай Қошмамбетовтың өмірі мен саяси қызметі туралы келтірілген.

Түйінді сөздер: Қарымбай Қошмамбетов, Әулиеата, уезд, Кеңес өкіметі, саяси, қызмет, архив, құжаттар.

Әр кезеңнің ұлы тұлғалары болады және оларсыз сол дәуірлерді дұрыстап тану мүмкін емес. Тұлға тағдыры бір тарих көшінің рухы мен тынысын білдіреді. Қиын-қыстау кезеңдерде өз өызметін адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезеңінде де болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген.

Отандық тарихтың ең күрделі тұстарының бірі ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ ұлтының болашағы жолындағы күреске толы кезеңдерде өз мүддесін ұлт мүддесімен ұштастырған қазақтың біртуар ұлдары, зиялылары көшбасшы ретінде тұрды. Ресейдің езгісінен езілген елдің санасын оятып, азаттыққа үндеп, төңкеріс уақытында, азамат соғысы жылдарында шыңдалып, Кеңес өкіметін орнатуда қазақ ұлтының қоғамдық-саяси өмірге белсене араласуына аянбай қызмет еткен тұлғалардың бірі – Тұрар Рысқұловтың Әулиеата уезіндегі сенімді серігі, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Қарымбай Қошмамбетов. Ұлтжанды қайраткердің қысқа ғұмырындағы қоғамдық – саяси қызметі қазақ ұлтының әлеуметтік жағдайын жаңадан орнаған Кеңес үкіметі тұсында көтеруге арналды.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс пен одан кейінгі саяси оқиғалар Қарымбай Қошмамбетовты демократиялық интеллигенцияның алдындағы шоғырынан өсіп шыққан революционер ретінде қалыптастырды. 1917 жылы ақпанда патша үкіметі құлатылғаннан кейін бүкіл елде жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының кеңестері және де басқа қоғамдық саяси ұйымдар құрыла бастады. Осындай жағдайда 1916 жылғы көтеріліс кезінде құрылған қазақ жастарының ұйымы 1917 жылғы ақпан революциясынан кейін қазақ жастарының революциялық одағы етіп, қайта құрылған болатын.

«Қазақ жастарының революциялық одағы» - Қ.Қошмамбетов үшін саяси шыңдалу мектебі болды бұл идеяға сеніп, бостандыққа жеткізе алатын бірден-бір саяси күш ретінде қабылдауы болатын, әрі өзі шыққан

әлеуметтік орта оны осы бағытты қабылдауға итермелейді. Алғашқыда Құрылған пролетарлық үкіметтің құрамына жергілікті мұсылман халықтарының бірде-бір өкілі кіргізілмеді. Патша заманында жергілікті халықтар өкілдерінің үкімет құрамына өтуіне «бұратана» болғандығы сылтау болса, енді кеңес үкіметінің құрамына енгізілмеуіне «пролетар» еместігі желеу болды. Бұл жағдай ұлттардың теңдігі мен өзін-өзі басқару құқығы туралы большевиктердің саяси ұрандарының мән-мағынасын жоққа шығарып, жергілікті халықтардың ортасынан шыққан большевиктерді саяси дағдарыс жағдайына түсірді.

1917 жылдың «бейбіт жолмен» 6 қарашасында Әулиеатада Кеңес өкіметінің орнауын отаршылдық бұғаудың күйреуі ретінде танып қарсы алды. Ол белсенді түрде жаңа өкіметтің дамуына атсалысты. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Әулиеата уезінде атқарушы комитетінің төрағасы қызметін жасайды.

Ұзақ уақыт бойы уездік кеңестің негізгі қызметінің ауқымы қала мен уездің европалық тұрғындары мекендеген болыстарды ғана қамтиды. Ал, уездің мұсылман халқының өмір салты, тіршілігі олар үшін жат, түсініксіз күйінде қалып, негізгі қарым-қатынас тек қарудың күшімен ғана жүргізіле берді. Қалыптасқан саяси жағдайда уезде Т.Рысқұлов басқарған топ жергілікті халықтардың саяси-әлеуметтік жағдайын жеңілдетіп, мүдделерін қорғау үшін бірден-бір тактикалық дұрыс жолды таңдай білді. Т.Рысқұлов басқарған саяси қайраткерлердің ішінде Қ. Қошмамбетов сынды жастар болды. Жеңіске жеткен большевиктер партиясы кең-байтақ империя аумағының басым көпшілігінде соның ішінде Қазақстанда да социалистік революцияға қарсы күштерге 1917 жылғы қазанның соңы мен 1918 жылғы көктемге дейін тойтарыс бере отырып, Кеңес өкіметін нығайту жолына түсті. Осы кезеңдерде Кеңес үкіметі шаруашылық пен мәдени құрылыстағы өзінің алғашқы қадамдарын жасады.

Қ.Қошмамбетовтың белсенді қоғамдық-саяси қызметі 1917 жылдан басталды. Ол Түркістан Компартиясы депутаттарының ұсынуымен 1918 жылы 10 мамырда партия мүшелігіне алынады. Әр заманда әр тұлға өз заманының тарихи мүмкіндігі шеңберінде ұлтының тәуелсіздігі үшін жанқиярлық күрес жүргізеді. Қарымбай Қошмамбетов – сондай тұлға. Қалай десек те, оның жүрегі «халқым, жұртым, ұлтым», - деп соққан.

Қ.Қошмамбетовтың Әулиеата уезінде Кеңес өкіметін нығайту жолында мынадай негізгі бағыттарды қамтыды:

- уезде кеңес өкіметін нығайтып, жергілікті халықтардың төл өкіметіне айналдыру үшін күрес;
- жергілікті халықтарды саяси-әлеуметтік және экономикалық істерге топтастыру;
- Әулиеата уезіндегі революциялық қазақ жастарының одағына мүше ретінде насихат жұмыстарын жасау;
- көшпелі халықты қамтыған сұрапыл ашаршылықпен күрес;
- уездің контрреволюциямен күресу комиссиясында, яғни Төтенше комиссияда қызмет ету;
- уездің халық шаруашылығын қалпына келтіріп, өркендету бағытында атқарылған шаралар және т.б.

Қарымбай Қошмамбетовтың Әулиеата уезіндегі атқарған саяси қызметі бүгінгі таңда Жамбыл облыстық мемлекеттік музейінің №50,308 қорларында сақталған.

Соныменен, 1918 жылы 30 сәуірде Түркістан өлкесі Кеңестерінің V-съезінің шешімімен автономиялық Түркістан Кеңестік Социалистік Республикасы құрылды. 1918 жылдың мамыр айында Әулие ата уезі оның құрамына енді. 1918 жылдың 17 шілдесіндегі мәлімет бойынша Әулие ата уезінде 54 болыстық болды. Олардың 11-орыс, 43-і қазақ болыстығы еді.

Архив құжаттарындағы мәліметтер бойынша 1920 жылдары Әулиеата уезінің халқы 200 мың адам болған. Олардың арасында – қазақтар 131 975, орыстар – 40200, сарттар – 16662, немістер – 2189, шала қазақтар немесе метистер – 1117, дүнгендер – 817, татарлар – 800, басқа этнос өкілдері 500 адамды құраған [1].

1920 жылғы 24 тамызда В.И. Ленин Қырғыз (Қазақ) АКСР-ын құру туралы Декретке қол қойып, елде жарияланды. Сырдария облысына қарайтын Әулие ата уезі Қазақ АКСР-і құрамына енді. 1920 жылы ҚазАКСР-ның құрылуына байланысты, ішкі істер халық комиссариаты құрылды. 1921 жылдың 6 маусымында Гурьев уездік милиция қызметкерлерінің 1-ші съезі болып өтті. Съезде ПО қызметіне байланысты көптеген түйінді мәселелер қаралды. Кеңестік милиция қызметін нығайтудың алдағы бағыттары белгіленді. 1920 жылы Қазақ АКСР-де милиция қызметі бойынша Бас басқарма құрылады. 1921 жылыдың өзінде-ақ Милиция кадрларын даярлайтын мектептер Семей мен Ақмола, Қостанай аймақтарында қызмет жасай бастайды.

Жамбыл облыстық архивіндегі №50 істегі деректерге қарасақ 1919 жылдың қаңтар айында Әулиеата Әкімшілік бөлімінде милиция кадрлары құрылған. Алғашқыда Әулиеата уезіндегі милиция органдары Түркістан Республикасының халық депутаттары Кеңесінің Комиссариатына бағынады. Осы кезеңде Әулиеата уездік-қалалық милиция бөлімдері бастапқы кезде бес милициялық бөлімшелерден тұрды. Олар;

1. Қалалық милиция, орталығы – Әулиеата қаласы болды
2. Меркелік милиция бөлімі, орталығы – Мерке селосы.
3. Шу аудандық милиция бөлімшесі, орталығы – Гуляевка селосы (кейінгі Новотроицк).
4. Таулы (Горный) аудандық милиция бөлімшесі, орталығы – Дмитриевка селосы (бүгінде бұл аудан Қырғызстан Республикасына өткен, қазіргі Талас облысы).
5. Асса аудандық милиция бөлімшесі, орталығы – Асса селосы.

Әулиеата уездік милиция бөлімдерін құрылғаннан бастап, негізгі кадрлары (жасақтары) жергілікті жұмысшылар, шаруалар, солдаттар тұрған. Архивтік деректер бойынша, 1920-21 жылдары Әулиеата уездік-қалалық милиция бастығы болып Әбубәкіров тағайындалған.

1922 жылдың 19 шілдесінен бастап Әулиеата атқарушы комитеті Кеңесінің президиумы Қарымбай Қошмамбетовты уездік-қалалық милицияның басшысы етіп тағайындайды. Өйткені сол кезеңде бұл жауапты да күрделі қызметке тек тәжірибесі бар жауапты да жігерлі Қошмамбетовтай сенімді азаматтар талап етілді. Оның қарулы қақтығыстарға қатысып ержүректігімен көзге түсіп, осы қызмет саласында тәжірибе жинаған уақыты,

1918 жылы құрылған Төтенше комиссия құрамында Чекада 3 жыл қызмет етуімен байланысты еді. Қарымбай Қошмамбетов 1922-1923 жылдары милиция басшысы қызметін атқарған Қарымбай Қошмамбетов алдымен милиция құрамындағы кадр мәселесін, екінші уездегі тәртіп мәселесін, үшінші маңызды аймақтардың күзетін күшейтуді қолға алады.

1923 жылдың 31 мамырынан бастап Қарымбай Қошмамбетовты келесі қызметке Әулиеата уезінің қалалық атқарушы комитетінің төрағасына тағайындалады. Бұл қызметті атқару барысында ол халықтық азық-түлікті қатаң бақылауға алу, ашыққандарға көмек қоры ретінде құрылған қоғамдық тамақтандыру орнындарын құру және оларды тексеру, ашыққандарға бөлінген азық-түлікті талан-таражға түсірмеу, балалар үйлері мен интернаттардың жағдайын бақылау, халықты білімді дамыту, қазақ тілінде іс жүргізу және т.б. жұмыстарды атқарады. Бұл жұмыстарды атқару барысында оның беделі тек уезде ғана емес облыс деңгейінде көтерілді. 1924 жылдың қазан айында республикалардың мәртебесін көтеруге орай Орта Азиядағы Ұлттық-аумақтық межелеу өтті. Сонымен, 1924 жылдың 12 желтоқсанынан 1928 жылдың 17 қаңтарына дейін Сырдария облысына қарайтын Әулие ата уезі Қазақ АССР-і құрамына енді.

1925 жылы Әулие ата уезінің жер аумағы 17120 шаршы км., тұрғындарының саны 213863 халық болған. Бұл 1920 жылмен салыстырғанда уез халқы санының 13863-ке көбейгендігін көрсетеді. Ауыл тұрғындары 92,1 % құраса, қалалықтар 7,9 % жеткен. Оның ішінде қазақтар – 157380, орыстар – 38922, өзбектер – 12985, немістер – 2268, татарлар – 1155, басқалары – 1225 болды. Уезде 38 болыс, оның 25-і көшпелі ел, 13-і тұрғылықты болыстар еді [2, с.189].

1924-25 жылдары Қарымбай Қошмамбетов Әулие-ата уезінің атқарушы комитетінің төрағасы етіп сайланады. Осы қызметпен қоса ол республиканың Халық Шаруашылығы Орталық кеңесінің ревизиялық комиссиясы құрамында жұмыстар атқарады. Өлкедегі Кеңес өкіметін нығайту бойынша әкімшілік қызметтерді күшейту, кадрлар мәселесі, азық-түлік, ауыл шаруашылығы және т. б. істерді белсене күресіп атқарды.

Бұл жұмыстар тек Әулиеата уезі төңірегінде ғана емес, Орталық Азия мен Қазақстанның барлық аймақтарын тексеру, әсіресе Самарқан мен Ферғана облыстарындағы қызметтік іс-сапаралары бойынша атқарған ерен еңбегі оны беделін арттыра түсті. 1924-25 жылдары Қарымбай Қошмамбетов Әулие-ата уезінің атқарушы комитетінің төрағасы етіп сайланады. Осы қызметпен қоса ол республиканың Халық Шаруашылығы Орталық кеңесінің ревизиялық комиссиясы құрамында жұмыстар атқарады. Өлкедегі Кеңес өкіметін нығайту бойынша әкімшілік қызметтерді күшейту, кадрлар мәселесі, ағартушылық саласы, азық-түлік, ауыл шаруашылығы және т. б. істердің қалтқысыз орындалуына бар күш жігерін салып, күресіп, белсене атқарды. Бұл жұмыстар тек Әулиеата уезі төңірегінде ғана емес, Орталық Азия мен Қазақстанның барлық аймақтарын тексеру, әсіресе Самарқан мен Ферғана облыстарындағы қызметтік іс-сапаралары бойынша атқарған ерен еңбегі оны беделін арттыра түсті.

1930 жылы мемлекетке астық тапсыру науқанын ұйымдастыру кезінде күзгі қатты суыққа ұрынған Қарымбай Қошмамбетов сол жылы күзде қараша айының 9 күні Алматы ауруханасында дүние салған. Ол небәрі 33 жаста еді. Оны республика жұртшылығы, Мәскеуден арнайы келген Тұрар Рысқұлов, туған-туысқандары ақырғы сапарға зор құрметпен шығарып салғаны туралы 1930 жылғы 9 қаңтарда «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеті ресми хабарлар, қазанама материалдар жариялады. Қарымбай Қошмамбетов жас ғұмырын өзі негізін қаласқан халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға арналған жаңа қоғамды құруға атсалысты. «Тұлға халық басына күн түсіп, қиын – қыстау замана туғанда ғана өзінің өзгеден ерекше ісімен, құдіретті күшімен, ақылдылығымен танылады, - деп жазды академик М.Қ.Қозыбаев, - өйткені тұлға – табиғат сиының туы. Тұлғаны ақ алмастай замана шыңдайды, ақ алмас Мұхтар Омарханұлы айтқандай, қаттыны жарады, жұмсақты тіледі, замана талабы туған кезде оттан шығып, жалын құшқан ақ алмас қынабынан жарқ етіп қадір – қасиетімен халқына танылады, «тарих» деген дарияны еркін өтіп, өз тұғырына, ұлылық тұғырына қонады. Мұндай тұлғалар тарихта күнде тумайды, табиғат адам баласына анда – санда сыйлайды.

Тарих - үздіксіз даму мен сабақтастықты қажет Тарих - үздіксіз даму мен сабақтастықты қажет ететін ғылым екендігі баршамызға аян. Дегенмен, тарлан тарихтың талай тылсым сырды қойнына тығып, өз кезегін ұзақ күтетін кездері де болады. Болашақ ұрпаққа тұлға арқылы патриоттық тәрбиені қалыптастыру негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

1957 жылдың басында Әбдіқадыр Жүргенов, Рахым Емқұлов, Көкіш Рысбаев басқарған ғалымдарымыз бен қайраткерлеріміз Қарымбай Қошмамбетовтың атқарған қызметтерін архив құжаттарынан ақтара жүріп қала партия, Кеңес ұйымдарының қаулылары облыстық партия комитетінің бюросында талқылап, мақұлдатып




Қарымбай Қошмамбетовке ескерткіш орнатуды қолға алады. Қаулы Қазақстан компартиясы Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесінде мақұлданып, гипстен ескерткіш жасалады.

Ұлы Қазан төңкерісінің 40 жылдығы қарсаңында 1957 жылы 4 қарашада Қарымбай Қошмамбетовтің ескерткіші салтанатты түрде ашылды. Оған қала халқы ғана емес, Қарымбайдың туыстары, жерлестері де шақырылып, салтанатты жиын артынан қонағасы беріледі. Осы ескерткіш 1962 жылы тағы сол Әбдіқадыр Жүргеновтің мәселе көтеруімен Қордай гранитінен қайта жасалып қойылады. Осылай тарих қойнауындағы тұлға ұрпағына ұлағатталды.

Олай болса, Т.Рысқұловтың сенімді серігі халқының жарқын болашағы үшін азаттық жолындағы күресте қызмет еткен Қарымбай Қошмамбетовтың 33 жас жасаған қысқа ғұмырындағы күрделі кезеңдерде жасаған ерен істері мен өмірі өзінен кейінгі ұрпаққа қашанда үлгі өнеге. Қарымбай Қошмамбетовтай ұлы бабаларымыздың атқарған қызметтерін жастарға насихаттап, патриотизмге тәрбиелеу жаңадан қалыптасып келе жатқан жасжеткіншектердің өз еліне, өзінің ұлы тарихына, ұлы адамдарына деген мақтаныш сезімін қалыптастырады. Сол себепті, Қазақстан тарихында ұлы тұлғалардың өмірлік іс-әрекет тарихы Жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру факторларының бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. ЖОМА. 50-қор, 1-тізбе, 28-іс, 2-бума.
2. Рыспаев К. Жамбылская область. Тараз, Жамбылский издательский центр «Сенім», 2006. – 408 с.



ӘОЖ 902.7(574)

1959-1989 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЯСЫ

Сейтқұлова Ж.М. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Аңдатпа. Мақалада 1959-1989 жылдардағы Жамбыл облысының этнодемографиясы туралы келтірілген. Осы жылдар аралығындағы облыстағы қазақ және өзге де этнос өкілдерінің сандық ерекшеліктері көрсетілген.

Түйінді сөздер: Жамбыл облысы, демография, қазақтар, Кеңес өкіметі, халық санағы.

1959-1989 жылдары Жамбыл облысы ауыл шаруашылығымен қоса химия өндірісінің орталығына айналды. Бұл жергілікті халықтың әл-ауқатының дамуымен қоса, сала мамандарының тартылуымен ұлттық құрамының ерекшелігіне де өз әсерін тигізді. Осы жылдар аралығындағы Жамбыл облысының демографиялық дамуы 1959, 1970, 1979 және 1989 жылдардағы халық санақтарынан көрініс тапты.

1959 жылы өткен Бүкілодақтық халық санағы материалдарының мәліметтері бойынша Қазақстан халқының саны – 9309847 адамға жеткен. Сол жылғы статистикалық мәліметтер бойынша Жамбыл облысының ұлттық құрамы мынандай көрсеткішке ие болды: облыстағы барлық халық саны – 561546 болса, оның ішінде қазақтар – 39,1 %, орыстар – 31,3 %, украиндар – 6,5 %, өзбектер – 1,9 %, татарлар – 1,7 %, әзірбайжандар – 1,5 %, дүнгендер – 1,3 %, кәрістер – 0,9 %, қырғыздар – 0,7 %, басқалары – 17 %-ды құрады [1, с. 68]. 1926 жылғы халық санағындағы деректерімен салыстырсақ, Жамбыл облысында 1959 жылы қазақтар 33 жылда – 39,5 % -ға кеміген. Өңір халқының әлеуметтік құрамын талдар болсақ, Жамбыл облысындағы 561546 тұрғынның 58,4 % – жұмысшылар, 20,8 % – қызметкерлер, 20,7 % – колхозшылар, 0,1 % – жекелеген шаруалар болды. 1959 жылғы мәлімет бойынша Жамбыл облысындағы қазақтардың ауылдық елді мекендерде тұратындары 52%-ды құрады [1, 100 б.]. Осы жылдары қазақ халқының кенттену қарқынының біршама өскендігі байқалады.

1955-1962 жылдары Кеңес өкіметінің әміршіл-әкімшіл басқару саясатының өктемдігінен өзге территорияларға кеткен қазақтар елімізге оралуға мүмкіндік алды. Деректер бойынша елімізге оралған отандастарымыздың қолдарында аты-жөні жазылған 4x5 өзінің фотосы жапсырылған анықтама қағазы болған екен. 1955 жылдары 250 мыңдай қазақтар Қытайдан оралса, ал 1962 жылы 60 мыңдай қазақтар мен ұйғырлар келген. 1963 жылы елімізге Қытайдан 24202 отбасы, 118962 адам көшіп келіп, олардың 7657 адамы тек Жамбыл облысына орналастырылған. Қытайдан келген қазақтар Жамбыл облысының Жамбыл, Құлан, Меркі, Қордай, Байзақ аудандарына орналастырылды. Осы жылдары Қытайдан келген қазақ, ұйғыр, дүнгендердің ұрпақтары Байзақ ауданының Темірбек ауылдық округінің Сарыбарак, Тегістік елді-мекендерінде күні бүгінге дейін тұрып жатыр және жергілікті қазақтармен араласып, қазақыланып кетті.

1959-1963 жылдар аралығында Қытайдан ұйымдасқан түрде, өз бетінше және басқа жолдармен қайта оралғандардың саны кейбір деректерде 268371-ге жеткен. Еліміздің аймақтарында орналасқандары 254398 адам болса, ал, қалған 8989 адам КСРО-ның өзге территорияларына қоныстанған. Осы жылдары Қытайдан ресми

және өз бетімен қазақтардың көшіп келуі кезінде қазақтармен бірге өзге этностар келгені туралы мәлімет бар. Мұрағат құжаттары 1955 жылы Қазақстанға Қытайдан көшіп келген азаматтардың ішінде қазақтардың, ұйғырлардың, орыстардың, дүнгендердің және басқа да ұлт өкілдерінің болғанына дәлел бола алады [2].

Ал, 1966-1969 жылдардағы Қытайдағы «мәдени революция» саясатынан Шыңжаң аймағындағы мешіттер мен ұлттық мектептердің қиратылуы, ислам дінін ұстанушыларды қудалаудың барысынан қазақтардың елімізге көшіп келуін ұлғаята түскен. Кейбір деректерде 1959-1970 жылдары Қытай территориясынан келген қазақтардың саны 143 мыңға болған екен. Бұл еліміздегі қазақтардың этнодемографиясына айтарлықтай жақсы әсер етті.

1959-1969 жылдары Қазақстандағы барлық халықтардың өсу үрдісі сырттан келгендермен 20%-ға өскен. Бұл көрсеткіш 740 мың адамды құраған.

Қазақстанның демографиялық дамуы бүкіл әлем халқының дамуының негізгі үрдістерімен сәйкес келеді. Алайда, жекеленген демографиялық жағдайлар республиканың әлеуметтік-экономикалық және тарихи-демографиялық даму ерекшелігіне, соның ішінде ұлттық құрамының өзгерістеріне негізделген ерекшеліктерге байланысты болды.

Жамбыл облысында 1963 жылы Қаратау қаласы, 1969 жылы Жаңатас кенттері қала дәрежесін алады. Бұл қалалардағы тау-кен өнеркәсібінің дамуы КСРО аймағынан әр түрлі ұлт өкілдерінен құралған осы саланың мамандарының келуіне үлкен себепкер болды. Ол облыс халқының этникалық құрамын өсірді. Одақтық ведомствоаралық тапсырма бойынша жан-жақтан келген мамандардың ұлттық құрамы әр түрлі болды. 1970 жылы өткен Бүкілодақтық халық санағының нәтижесі бойынша Жамбыл облысында жалпы – 792,300 тұрғын болса, оның 322,8-і қазақ ұлты еді. 1950-1980 жылдар аралығындағы халықтың табиғи өсімінің көтерілуі, сырттан келетін басқа ұлт өкілдерінің көші-қонының бәсеңдеуі, Қытайдағы қазақтардың орала бастауы және т.б. тиімді жағдайлар Республикаға өз атын берген ұлттың саны да, үлесі де өсіп, құрамының нығая түсуіне әкелді.

1970 жылдардан бастап көші – қон үрдісі бойынша көшіп кету үрдісі басталды. 1970 жылы Қазақстаннан 35 мың адам көшіп кетсе, ал, 1988 жылы 95 мың адам қоныс аударған. 1970-1990 жылдары Ресейге, Украина мен Белоруссияға, Балтық жағалауы елдеріне көшіп кетудің салдарынан Қазақстанда 1,5 млн адам кеміді [3, 657 б.].

1970-1989 жж. көші-қонның ерекшелігі сонда, XX ғасырдың өн бойында сырттан келуші көші-қоншылардың қозғалысы осы уақытқа дейін ішке бағытталса, енді Қазақстанға өзге республикалардан келушілер саны азайып, көші-қон үдерісі халық санының өсіміндегі шешуші рөлінен айрыла бастады. 1970 жылдардың екінші жартысынан басталған көші-қонның республикадан сыртқа бағытталу үдерісі жыныстық арасалмаққа өзіндік әсерін тигізді. 1979-1989 жылдары тұрғындардың әр түрлі жастағы топтарын жынысы бойынша салыстырсақ, ерлер мен әйелдердің еңбекке қабілетті жастардағыларының үлесі, тиісінше, 1979 ж. 35% және 31,5 %-ды көрсетсе, 1989 ж. 32% және 28 % болып азайған.

1958-1962 жылдары елде этнодемографиялық жарылыс болды. 1959-1979 жылдар қазақ халқы үшін ұлттық құрамның саны өскен алтын кезең десек болады.

Қазақстандағы XX ғасырдың басынан жалғасқан көші-қон үдерісінің қарқыны бәсеңдей бастады, бағыттары Қазақстаннан кері қарай бұрылды. Әлі де жоспарлы түрде қоныстандыру және басқа да мемлекеттік шаралар негізіндегі көші-қон үдерісі жалғасты, бірақ, осы кезді сонау XIX ғ. ортасынан Қазақстанға қарай ағылған көші-қон бағытының кері бұрылу межесі деп алуға болады. РКФСР-ден басқа одақтас республикалармен көші-қон айырбасында теріс айырым көріне бастады. Оған себеп болған факторлар - ұлттық сана сезімнің оянуы, халық шаруашылығында ұлттық мамандар үлесінің өсе бастауы және т.б. Бұл кезеңде Қазақстан халқының демографиялық мінез-құлқында да өзгерістер жүрді. Көп балалы отбасыдан аз балалыққа өту, бала тууды сандық жағынан реттеуге негізделген бағыт осы кезеңнен бастау алды.

1968 жылдардан бастап орыстардың, украиндардың, 1980 жылдардан немістердің кері көші-қоны осы ұлт өкілдерінің сандық өсімінің қарқынын төмендетті. 1970 жылдардан бастап, КСРО-ның европалық бөлігінен келуші көші-қоншылар әлеуетінің сарқыла бастауы, көші-қон қозғалысында теріс айырымның тұрақтылығы мен қайтуға бейім көші-қондық көңіл-күй табиғи өсім көрсеткіштерін төмендетте бастады: табиғи өсім коэффициенті 1970 жылы 17,4 адам болса, 1980 жылы 15,9 адамға, Қазақстанға 1989 жылдан бастап, Қарақалпақстан, Өзбекстан, Түркіменстан және Ресейдің кейбір аймақтарынан қазақтардың қарқынды оралу үрдісі басталды, сондай-ақ, РКФСР мен Орта Азиядан қырғыздар, өзбектер және түркімендер көшіп келді [3, 657 б.]. Әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің сеңі қозғалған «қайта құру» мен «жаңаша ойлау» үрдісі 1985 жылдың сәуір Пленумынан басталды. Сол, 1980-90 жылдары ұлттардың өзін-өзі басқару құқығымен одақтас республикалардың мемлекеттік дербестігі деген мәселе көтерілді. «1920-50 жылдардағы саяси қуғын-сүргін тұзақтарының қиянаты мен әуре-сарсаңына ұшырағандар құқығын қалпына келтіру жайында» КСРО Бас хатшысы қуғын-сүргінге ұшыраған этностар мен этникалық топтар сталиндік зобалаң нәтижесінде қиыншылықтарды басынан кешіргендерге тарихи отандарына қайту мәселесі кеңінен қарастырылды. 1989 жылы Қазақстанға 7,6 мың адам көшіп келіп, 34,2 мың адам көшіп кеткен.

Сонымен, 1970-1991 жылдардағы республикадағы табиғи өсім (6117,1 мың адам) халық санының өсімін (3536,6 мың адам) қамтамасыз еткендіктен, көші-қондық фактор (2580,5 мың адамға кері айырым) шешуші

рөлге ие болмады. 1990 жылдардан бастап Қазақстан халқы отбасын бір-екі баламен шектеуге көшкен аз балалық принципті ұстанған мемлекетке айналды. Міне осындай жағдайда, 1989-1991 жж. арасындағы республика халқының санындағы өсу үрдісін қамтамасыз еткен осы жылдардағы 1989 жылы 71,3 мың, 1990 жылы 97 мың 1991 ж. 57,6 мың адамдық кері айырым көрсеткен көші-қон емес, табиғи өсім болып табылады.

Осы жылдары Жамбыл облысы көші-қон үрдісімен халқы ең көп кеткен аймақтардың қатарына енді. 1979 жылы Қазақстандағы жүргізілген халық санағының нәтижесі бойынша 1-кестеден көріп отырғандай, өлкеде жергілікті емес өзге этникалық ұлттың саны 64%-ды құрады. 1979 жылғы халық санағы бойынша Қазақстанда 14 млн. 684 мың адам тұрған. Оның 933426 адамы Жамбыл облысында тұрған. Олардың ішінде қазақтардың саны 410 мың ғана болса, қалған 522426 өзге этнос өкілдері санын құрап отыр. Бұдан байқағанымыз 1979 жылдары қазақ ұлтының облысымызда саны жағынан төмен екендігі байқалады. Олардың барлығы дерлік осы кезеңдерде ауылдық аймақтарды тұрғандығы белгілі. Ал, 1989 жылғы елімізде жасалған республикалық санақ нәтижесінде облысымызда 1 млн.386 мың 67 адамға жеткен. Ұлттық құрамы бойынша этнодемографиялық көрсеткіш он жылдың көлемінде 97 мың 302-ге қазақ санының өскені көрініп отыр. 1989 жылғы санақ бойынша облыста 507302 қазақтар болса, өзге этнос өкілдерінің саны 531365 адамды құрап отыр. 1979-1989 жылдары Жамбыл облысының демографиялық статистикасына көз салсақ №1 кесте бойынша қазақ ұлтының саны өсіп, өзге этнос өкілдерінің күрт санының кемігендігін байқаймыз. Осы жылдары облысымыздағы өнеркәсіп орталықтарына айналған Қаратау, Жаңатас қалалары, аудандардағы елді-мекендер саяси және экономикалық үрдістерге байланысты өзге этнос өкілдерінің көшіп кетуі есебінен босап, азайды. Демографиялық үдерістердің басты белгісі - қала халқы құрылымында орыс халқы мен тұтасынан алғанда славян этностарының үлесі төмендеп, қазақ және басқа да түрік халықтарының үлесі артты.

Жамбыл облысындағы 1970-1989 жылғы этностар мен этникалық топтар туралы салыстырмалы статистикалық мәліметтер №1 кесте

№	Этностар мен этникалық топтар	1970 жыл	1979 жыл	1989 жыл
1	Барлығы	794,320	933426	1038667
2	Қазақтар	322,8	410,0	507302
3	Орыстар	256,3	282,4	275424
4	Дүнгендер	12,7	17,200	23555
5	Түріктер	8,2	11,2	17145
6	Өзбектер	14,3	18,111	21512
7	Күрдтер	4,7	6,700	8796
8	Корейлер	8,2	11,365	13360
9	Әзірбайжандар	9,0	12,200	11653
10	Татарлар	14,2	16,0	16618
11	Қырғыздар	4,3	4,0	5279
12	Немістер	66,4	69,446	70150
13	Украиндар	36,5	36,0	33903
14	Ұйғырлар	2,4	2,4	2805
15	Шешендер	4,0	3,7	881
16	Гректер	10,3	10,0	9273
17	Белорустар	-		3986
18	Басқалары			17025


Қорытындылай келе, мақалада қарастырылып отырған кезеңдегі Жамбыл облысының демографиясының ұлттық құрамның сан жағынан өскенін көрсете отырып, бұл үдерістің экономиканың дамуына, еңбек өнімділігі



артуына, адамдардың әлеуметтік-тұрмыс жағдайлары жақсаруына және басқа көптеген факторларға елеулі түрде тәуелді екендігіне тоқталғым келеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Сейтқулова Ж.М. Жамбыл облысындағы этностар мен этникалық топтар тарихы. Монография. – Тараз: Тараз университеті, 2017. – 190 б.
2. ҚРОММ, 1481-қ., 16-т., 3576-іс.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 5-том.-Алматы: Атамұра, 2010. – 688 бет.



ӘОЖ 93/94

ОРЫНБОР ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЫ В.А.ПЕРОВСКИЙ ТҰСЫНДАҒЫ БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ САЯСИ-ӘКІМШІЛІК ӨЗГЕРІСТЕР (1851-1856 ЖЖ.)

Токболат Сейілхан Токболатұлы

Халықаралық Тараз инновациялық институты, тарих ғылымдарының кандидаты

XIX ғасырдың қыркыншы жылының ортасында Ішкі ордада хандық билік жойылғанымен, әлі де болса дәстүрлі билік институттары өмір сүруін жалғастырды. Бүкіл орда халқы рулық бөлініс түрінде жергілікті ақсүйектер арқылы басқарылып тұрды. Ал бұл өз кезегінде қазақ жерінде қалыптасқан басқару тәртібі Ресейдің басқару жүйесімен үйлесім таппады. Бұл жағдай патша әкімшілігіне жергілікті жерде өз саясатын нәтижелі жүргізуіне қолайсыздық тудырды. Сондықтан патша әкімшілігі жергілікті басқару құрылымын қайта құруға мәжбүр болды.

Ішкі ордаға қатысты мұрағат құжаттарынан осы кезеңде патша министрліктері мен Орынбор және Астрахань әкімшіліктерінде жергілікті билік құрылымын өзгертуге бағытталған сан түрлі пікірлер мен басқару жобалары дайындалып, соны жүзеге асыру жолдарын қарастырған күрделі іс-шаралар жасалғаны аңғарылады. Ресей империясының Ішкі ордада ең алдымен әкімшілік саясатқа баса назар аударғаны белгілі. 1846 жылдан бастап билік жүйесіне реформа жасап, жергілікті элитаны өз уысына алғаннан кейін түбегейлі әкімшілік-территориялық өзгерістер енгізу Ресей үшін кезек күттірмейтін жағдай еді.

1851 жылы Орынбор және Самар губернияларының бірдей губернаторы қызметіне генерал-адъютант, граф В.А.Перовский тағайындалды. Ол қазақ даласымен жақсы таныс болғандықтан жедел түрде Ішкі орданың саяси-әкімшілік жағдайына байланысты жаңа ойларын іске асыруға кіріседі. В.А.Перовский болса, ол патшалық Ресейдің шығыстағы отарлау саясатына өзінің зор үлесін 1833-1842 жылдары Орынбор губернаторы болып қызмет атқарған уақытында қосқан еді. Орынбор басшысы Ішкі ордаға қатысты саясатты қатаң түрде жүргізуді қолдады. Оның басшылығымен Ішкі орданы басқару жөніндегі Жәңгір хан өлгеннен кейін құрылған Уақытша кеңестің қызметкерлер штаты және жергілікті басқару құрылымы өзгерістерге ұшырады. Атап көрсетсек, Уақытша кеңестің құрамындағы қазақтардың үлес салмағын кеміте бастады. 1854 жылы Уақытша кеңестің басшысы Әділ Бөкейханов қызметінен босатылды [1, 2-18 п.]. Осы уақыттан бастап оның орнына Мемлекеттік мүлік министрлігі тарапынан тағайындалған Уақытша кеңес кеңесшілері кезекпе-кезек отырды.

В.А.Перовский 1851-1857 жылдар аралығындағы губернаторлық қызметте болған уақытында Ішкі орданың әкімшілік-территориялық негізіне өзгерістер енгізуді бастап көрсетіп берді. Патша билеушілері Ішкі орданы бөлімге және бөлімшеге бөлу арқылы басқару тәсілін болыстық тәртіпке көшіруді көздеді. Әкімшілік-территориялық реформаның басталуына бірден-бір септігін тигізген 1853 жылы Уақытша кеңестің кеңесшілік қызметіне Мемлекеттік мүлік министрлігі тарапынан тағайындалған 52 жастағы полковник М.И.Иваниннің дайындаған жобасы болатын [2, 1-2 п.]. Ол қызметке тағайындалғаннан кейін бірден Ішкі орданың жағдайымен терең танысып, оған дейінгі жеті жыл жұмыс істеп келген Уақытша кеңестің қызметіне өзгерістер енгізу қажеттігіне көзі жетеді.

М.И.Иванин Орынбор губернаторына дайындаған жобасын ұсынып, онда Уақытша кеңестің қызметкерлер құрамын жаңадан құру қажет екендігін жеткізді және Мемлекеттік мүлік министрлігі тарапынан тағайындалған кеңесшіге іс қағаздармен жұмыс істеудің бар ауыртпалығы тиетінін, сонымен қатар оның не көмекшісі, не хатшысы жоқ екенін мәлімдейді. Жаңа реформаның басты мақсаттарының бірі жергілікті қазақтарды орыс губернияларындағы шаруалардың құқығымен, сұлтандарды олардың құрметті азаматтармен теңестіргісі келді. Сондай-ақ, Уақытша кеңестің басшысы Әділ Бөкейхановты өз қызмет бабын асыра қолданып, көптеген оққылық істерге жол берді деп кінәлады. Осы мекемеге ары таза емес адамдардың қабылдануы жалғасып жатқанын қоса баяндаған. Оған дәлел ретінде ол Жәңгір ханның мұрасын қадағалаушы татар молда Әбсаттар Әминов ханнан кейін қалған жеке заттарының тоналуына себепкер болғанын келтірген.

Соған орай, М.И.Иванин Әділ Бөкейхановты жиналған салықтарға бақылау жасау құқығынан айыру және ханның мұрасының қамқоршылығынан аластату қажет деп тапты.

Ішкі орда сұлтандары тарапынан Уақытша кеңестің кеңесші қызметіне тағайындалған Шөке Нұралыхановты жасының егде тартқанына байланысты (1777 жылы туылған) орнынан босату арқылы оның орнына орысша сауаты бар, Орынбор кадет корпусын және басқа да губерниялық оқу орындарында білім алған жергілікті қазақтардан шыққан шенеунікті тағайындау қажет деп білді [2, 11 п.].

М.И.Иванин Ішкі орданың қазақтарынан салық жинау жүйесін бір қалыпқа келтіру, сот пен тергеу жұмыстарының нәтижелі орындалуы және сол арқылы қазақтарды патшалықтың әкімшілік басқару жүйесіне үйрету, мойындату үшін бүкіл орда жерін ірі округтерге немесе бөлімдерге бөлу қажеттігін білдірді. Округтерге бөлу арқылы көшпелі тұрмыс кешіп жүрген жергілікті халықты отырықшылыққа үйрету керек екенін, сол арқылы салық жинау, сот, тергеу тағы басқа қызметтердің жұмысын жеңілдетуге қол жеткізуге болатынын мәлімдеген [3, 1 п.]. Осындай нақты дәлелдермен жеткізілген М.И.Иваниннің ұсынысы Орынбор губернаторын бұл бағытта жедел шаралар қолдануына мәжбүрледі. Сондықтан Орынбор губернаторы жоғарғы жақтан аталған шараларды орындауға шұғыл кірісуге рұқсат сұрайды. Бірақ бұл жылдары Ресейдің шығыстағы саясаты әскери басқыншылық сипат алған еді. Дәлел келтірсек, 1853 жылы Қоқан хандығының қол астындағы Сыр бойында орналасқан Ақмешіт бекінісін патша әскері басып алды. Әрі қарай Орта Азия хандықтарының территориясын қол астына алуға бағытталған әскери қимылдар жүріп жатты. Патша билеушілері әкімшілік-территориялық өзгерістерді әрі қарай жалғастыра беруге жергілікті халықтың наразылығының ушығуынан қауіптенді. Соған сәйкес, Сыртқы істер министрлігінің мемлекеттік канцлері Ішкі ордадағы әкімшілік өзгерістерді қолайлы кезеңдер қалыптасқанға дейін кейінге қалдыруды ұсынды. Соған қарамастан 1854 жылы 27 желтоқсанда Орынбор губернаторы Ресей патшасының Мемлекеттік мүлік министрлігіне аталған шараларды орындауға рұқсат білдіретін резолюциясын ұсынды. Ресей патшасының асығыс шешім қабылдауына Орта Азиядағы иеліктерде ағылшындардың астыртын барлау жұмыстары жүріп жатқаны себеп болды. Сондықтан Ресей шығысқа бағытталған саясатын кейінге қалдырмай орындауға тырысты. Генерал В.А.Перовскийдің Мемлекеттік мүлік министріне ұсынған баяндамасында Ішкі ордадағы қайта құру саясаты қазақтардың болашақтағы жақсы өмірі немесе өзінің өзгерістер енгізуге құштарлығынан емес, тек бұл істі кейінге қалдыру патша әкімшілігін бодан елдерге үстемдік етуде тығырыққа тіреуі мүмкін деді. Ал өзгерістер енгізу барысында болуы мүмкін халық наразылығы жайлы, ол 20 жыл бойы жергілікті халықтың жағдайын өте жақсы білетінін және істің бейбіт жағдайда шешілетініне көзі жететіндігін, сонымен қатар барлық ауырпалық пен жауапкершілікті өз мойнына алатынын жеткізеді [4, 3 п.].

Ішкі ордадағы әкімшілік жүйеге көңілі толмайтындығын білдірген Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский 1855 жылы 12 маусымда реформалық шараларды жүзеге асыруға кіріседі. Уақытша кеңестің орыс кеңесшісі қызметін атқарып жүрген полковник М.И.Иванин Бөкей ордасын әкімшілік бөліске салмас бұрын ол округтік басқармалар ұйымдастырып, барлық істі есепке алып, атқарылатын шараларды ресми түрде жергілікті халыққа хабарлау қажет деп тапты. Содан кейін екі ай мезгіл ішінде әр отбасы қай округке жазылатынын анықтап, олардың шаңырақ мүшелері мен иелігіндегі мал санын есепке алып, жерді бөліп беруді көздеген. Тіркелмегендер отбасына жер берілмейтінін де алға тартты [2, 11 п.]. Осындай шараларды жүзеге асыру үшін орда жерін өлшеп бөлетін арнаулы мамандар жасақталды. Мысалы 1853 жылы 16 қыркүйекте Орынбор шекара комиссиясына жолдаған мәлімдемесінде полковник М.И.Иванин: «Орданы аралап шығып, ноғай руынан басқа рулар бүкіл орда жерінде шашыраңқы қоныстанған, тек рубасқарушылар ғана емес, сонымен қатар қарамағындағы старшындардың да қол астындағы шаңырақтар бір-бірінен 100, 200 және одан да алыс шақырым қашықтықта жайғасқан. Қазақтарды бақылау, қажетті істер бойынша керекті адамдарды іздестіру және олардан салық жинау үлкен қиындықтар туғызуда және осылай жалғаса берсе Орда ісін шиеленістіріп, кері жылжуына әкеп соғады», – деп пайымдады [2, 43 п.]. Сондай-ақ, М.И.Иваниннің мәлімдемесі бойынша жергілікті қазақтардан бір руға бірігіп қоныстану жөнінде сұрастыру жүргізгенде, жауап ретінде олар өздерінің қоныс тепкен жерінен еш жерге ауысуға ниеттері жоқ екенін білдірді. Сондықтан Бөкей ордасы жерін бөлу руға байланысты емес округтерге бөлу тиімді деп білді, яғни қазақтарды бұрынғы қоныстарында қалдыра отырып жер үлестеріне бөлуді ұйғарды.

Перовский мен Иваниннің мәлімдемелері негізінде жасалған шаралардағы салық жинау мәселесіне тоқталсақ, қолданысқа енген салық жинау тәртібін Уақытша кеңес өз бақылауына алып, басқарды, яғни бұл мекеме әр округ, бөлімше қанша мөлшерде салық төлеу қажеттігін белгілеп отырды. Округ басшылары мен старшындар өз мал сандарын жариялай отырып салықтан босатылды. Егер де округтен жиналған салық мөлшері белгіленген мөлшерден асып түссе, бұрынғы жылдары салық жинау кезінде жетіспей қалған мөлшерді жабатын болды. Кеңес жаңа салық жинау үлгісін іске қосқаннан бастап Каспий маңы қазақтарынан уақытында төленбеген салықты жинауды тоқтату қажет деп тапты. Бұл жұмысты талапқа сай жүргізуде Уақытша кеңес пен округ басшылары арасындағы өзара хат алмасуды ретке келтіру үшін әр округке 3 хабаршы (вестовый) жолданды және әрқайсысына айына 3 руб төлеу белгіленді. Округ басшылары 1854 жылы 21 желтоқсанда Уақытша кеңеске жіберген мәлімдемесінде округ басшылары әкімшілік шараларды жүргізуді келесі жылдың көктеміне қалдыру қажет деп тауып, оны Каспий маңын мекендейтін қазақтардың көбісі теңіз жағасында өмір сүру қамында еңбек етуде және округ ішінде ешкім көшіп-қонып жүрген жоқ деп түсіндірді.

1855 жылдың 12 тамызында Орынбор шекара комиссиясына берген мәлімдемесінде Уақытша кеңес басшысы полковник Иванин Орынбор мен Самар генерал-губернаторының 1854 жылғы 7 қыркүйектегі № 1446 бұйрығы бойынша бірінші және екінші Каспий аймағынан екі округ құрғанын жеткізеді. Каспий маңы аумағын бөлу жұмыстарының баяу жүргізілуі және көктемгі мезгілге қалдырылуының себебі, кейбір бұрынғы старшындар жаңа құрылымдық өзгерістің әсерімен өздерінің ханнан кезінде белгілі бір сомаға немесе сыйлықтарға алған қызмет орындарынан айрылып қалам деп қауіптеніп, соған орай хан белгілеген бұрынғы қалпында қала беруді жақтап, өздерінің ниеттерін басшылыққа жеткізуді тиісті адамдарға білдірді. Бұлай соза беруден ештеңе шықпайтынын білген бірінші округтің басшысы, сұлтан Құшақғали Шығабиев халық арасындағы ең басты арандатушылардың бірін тәулік бойына қамауға алу арқылы басқаларға әсер етуге кірісті. Содан кейін-ақ округ басшыларына қазақтар арасынан старшындарды сайлауға сыйлы, беделді адамдар келе бастады [5, 63 п.].

Ішкі ордада жерді үлестіру барысы шаңырақтың қанша мал иеленетініне қарай жүрді. Жайылымды бұлай бөлудің себебі, халықтың көбі салықтан жалғару үшін қол астындағы мал санын азайтып көрсетіп аз ақша төлейтін еді. Соның салдарынан де салық мөлшері белгіленген жоспарына жетпей қалатын. Осындай жағдайды ескере отырып Уақытша кеңес отбасыларға жер көлемін мал санына қарай үлестіруге кірісті.

Округтерді құру, жерлерді бөлу, белгілеу үшін бұл қызметке тағайындалған округ басшыларының қол астында ханның құжатымен белгіленген көлемді жерлері болмауы қажет еді. Сондықтан Уақытша кеңестің 1853 жылдың 14 ақпанында Каспий маңы округтерін басқаруға Құшақғали Шығабиев пен Мұхамедғали Қасымовты таңдауы бекер емес еді [6, 16 п.]. Аталған сұлтандар Каспий маңындағы жерлерді бөлуді ретке келтіріп болғаннан кейін Уақытша кеңес оларды орданың қалған бөлігін әкімшілік бөлулерге пайдалануды көздеді. Оған Иваниннің Орынбор генерал-губернаторына берген ұсынысындағы: «Султана Касимова следует назначить управляющим Ногаевским или другим родом, из которого предполагается образовать новый округ, а на место его во 2 - прикаспийском округе назначить переводчика Хорунжего Бекмухамедова, которому ныне для наблюдения временно вверено управление Ногаевым», – деп жазғаны дәлел болады [7, 1-10 п.]. Жерді үлестіру барысында әр рудың беделді адамдары Каспий маңы округтерінің ішіндегі жергілікті халықтан шыққан сенімді өкіл арқылы Уақытша кеңеске хат жолдап, өздерінің мұқтаждарын білдірді. Олардың жазған өтініштерінде халықтан зекет пен соғым алу және Каспий маңындағы жер иеленуші орыс шонжарларының жерлерінде мал жаюға алынатын ақы, хабаршыларға ақы ретінде жиналатын алым, сонымен қатар хабаршыларға, старшындарға, салық жинаушыларға, депутаттарға, ру басқарушыларға көлік түрінде малды пайдалануға беру әрекеттері тұрғындарды күйзеліске ұшыратқаны айтылған. 1855 жылдың 5 наурызында Уақытша кеңестің № 881 бұйрығы бойынша жергілікті тұрғындардан мал санына қарай түйе мен жылқыдан 28 коп., ірі қарадан 14 коп., қой мен ешкіден 4 коп. салық жинау қажет деп тауып, бекітті. Сондай-ақ, 1855 жылы 29 сәуірдегі Орынбор-Самар генерал-губернаторының бұйрығы бойынша жалпы округтегі 10 хабаршы мен корреспонденция тасушыға (почта) төленуге тиісті 660 руб. орнына 900 руб., яғни әр хабаршыға 84 руб. және корреспонденция тасушыға 60 руб. төленетін болды. Бұрын атап көрсетілгендей, хабаршы мен корреспонденция тасушыларға төленетін ақы да жергілікті тұрғындардан өндіріліп алынды. Олардың қатынас көлігі де қара халықтың мойнына жүктелді. Салық мәселесін жүйеге келтіру Орынбор әкімшілігінің алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі болып қалды. Уақытша кеңес басшылығына келген Иванин, Ващенко, Герн, Плотников сияқты шенеуніктердің көздеген нысанасы – Ішкі орданы әкімшілік-территориялық өзгерістер арқылы жалпы империяның басқару кеңістігіндегі жүйемен сәйкестендіріп, біріктіріп, жергілікті шаруашылық істі барынша оңтайластыруға қол жеткізуге тырысты. Оның ішінде әрине салық жүйесі ерекше маңызды мәселелердің бірі болды. Өйткені метрополия Ішкі ордаға мал басына салатын салықтан пайда көрді.

Уақытша кеңестің басшылық қызметін арқарған орыс шенеуніктері шын мәнінде алдымен Орда жерін аралап шығып, жергілікті тұрғын халықтың санын біліп, оларда қанша мал барын түгел санап, есебін алуды көздеді. Соған орай, алдын ала шаралар жасау үшін жергілікті жер иеленушілермен келісімдер жүргізді. Мәселен, Уақытша кеңес басшысы, полковник К.И.Герн 1859 жылы Ішкі орданы іс сапармен аралау уақытында ордалықтардың жергілікті беделді топ өкілдерімен сөйлесіп, аксүйектердің мал санағын жүргізу ісіне жәрдемдесуге даяр екендіктерін тиісті орындарға жеткізді. Сол беделді топ әр шаңырақ иелерінің есімі мен олардың иелігіндегі мал саны жөніндегі тізімді ұсынып та үлгірді. К.И.Герн әлгіндей жолдармен жинақталған мәліметтерге сүйеніп, жергілікті тұрғындар иелігіндегі төрт түлік мал санының тізімін дайындап, 1860 жылғы 29 қазандағы рапортында Уақытша кеңес атынан Орынбор генерал-губернаторы А.А.Катенинге ұсынады [8, 22 п.]. Патша шенеуніктерінің Ішкі ордадағы әкімшілік шараларды жүзеге асыру барысындағы ең алғашқы тәжірибе ретінде қолға алған жұмысы – Каспий маңы қазақтары мекендеген аумақты территориялық жағынан екі ірі округке бөліп, әкімшілік жағынан бір жүйеге келтіру ісі толық жүзеге асты. Бірақ, реформа жасау барысында жергілікті халықтың наразылық білдіргенін көре аламыз.

Каспий маңын екі ірі округке бөлу, оның ішінде бөлімшелерге бөлу халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі көшпелі тұрмысына сәйкес келмейтін, өйткені бөлу нәтижесінде әр шаңырақ белгілі бір бөлімшеге тіркеліп, сол жерден басқа қалаған жеріне қоныстану мүмкіндігінен айрылды, сондай-ақ, басқа жерге қоныс аудару үшін жергілікті биліктен, яғни бірінші өзі тәуелді старшынан, содан кейін старшын округ



басшысынан, сосын округ басшысы Уақытша кеңестің түпкілікті шешімі арқылы рұқсатқа қол жеткізіп отырды.

Бюрократиялық жүйені енгізу көшпелі тұрмысқа жат көрініс болып табылды. Бұл жалпы қарапайым бұқараның қарсылық білдіруіне себеп болған бірден-бір жағдай еді. Сонымен қатар, бұл ордада жергілікті ірі жер иеленушілердің наразылық білдіруіне өздерінің себептері болды. Жәңгірдің кезінде үлкен жер телімдерін сыйға немесе сатып алған сұлтандар, қожалар, тархандар үшін әкімшілік-территориялық өзгерістер жақсы нәтижелер әкелмеді. Өйткені жер бөлу барысында Уақытша кеңес басшылығы ірі байлар иелігіндегі жерлерді халық арасында тең болуге тырысты. Бар байлығынан айырлығысы келмейтін ірі жер иеленушілер қара халықты пайдалана отырып қарсылық тудырды. Сондай-ақ, Иванин қазақтарды тұрған мекенінде қалдырып, олардың арасындағы жерлерді тек қол астындағы мал басына қарай бөліп беру және ешқайсысын әлеуметтік жігіне қарамай салықтан босатпау қажет деп тапты.

Уақытша кеңес басшысы хандық кезіндегі үлкен жеңілдіктерге ие сұлтандар, қожалар, тархандар, билер, молдаларды да қарапайым халықпен тең жағдайда салық төлеуге мәжбүрлеу міндетін ұсынды. Бұл шараларды іске асыру үшін Орынбор әкімшілігі жергілікті беделді қазақтарға сүйенуі қажет еді. Патшалық әкімшілік ондай адамдар ретінде Неплюев кадет корпусының жергілікті халық арасындағы алғашқы буыны – сұлтандар Құшақғали Шығаев пен Мұхамедғали Қасымовты барынша пайдалануға тырысты. Сұлтан Құшақғали Шығаев патша әкімшілігінің тапсырмаларын орындауда жергілікті халыққа жәбір көрсеткенін мұрағаттық дерек құжаттарынан көптеп кездестіруге болады. Қазақ халқының санасында еркіндікті аңсау, қалаған жеріне еш кедергісіз жету және ең басты байлығы – малды жаю үшін қажетті жайылымдық жерлерде еркін өмір сүру ниеті тұрды. Каспий маңына территориялық- әкімшілік реформалар жасау жоспарында бұл аумақты екі ірі округке бөліп, әр округтің басына беделді сұлтандарды орналастырып, округтерді бөлімдерге, ал, бөлімдерді бөлімшелерге бөлу көзделген еді. Әр бөлімнің басына жергілікті беделді қазақтардан старшындық қызметке сайлау көзделді. Бөлімдердің старшындық қызметіне сайлау мынадай тәртіппен өтті: бір бөлімдегі әрбір 15-20 отбасының арасынан бір беделді адамды сайлау қажет болды. Старшындыққа үміткерлерге халық өз дауыстарын береді, егер бірде-бір үміткер 30 пайыздан астам дауыс жинай алмаса, онда старшынды Уақытша кеңестің басшысы өзі тағайындайтын болды [2, 12 п.]. Әкімшілік-бюрократиялық қызметтің ең төменгі сатысы – старшындық қызметке хандық кезіндегідей тағайындаулық әдіспен емес, енді халықтық сайлау арқылы жететін болды. Ал ірі округтердің басшылығына алдағы уақытта орыстанған, патшалыққа қызмет ететін, Ресейдің оқу орындарында білім алған қазақ шенеуніктерін Орынбор әкімшілігі Уақытша кеңестің ұсынысымен тағайындады. Халықты көшпелі тұрмысынан айырған бұл әкімшілік-территориялық реформа салық жинау тәртібін де ретке келтірді.

Патша әкімшілігінің Ішкі орданың тұрғын халқына осылай іс-шараларды батыл қолданып, жаңа реформаны жасап, сонда көрсетілген талаптарды бірден жүзеге асыруға құлшына кірісуіне біздіңше, қазақ халқының бытыраңқы тұрмысы себеп болған деп ой қорытуға болады. Ресей империясы бодан елдерді аяусыз қанаудың осы тәсілін Ішкі орда халқына жасап, тәжірибеден өткізуді мақсат тұтты және өзге бодан елдерге де сондай тәртіп орнатылатынын олардың естеріне салып, соған көнуге бейімдеу еді. Еркін тұрмыс-тірлікке үйренген қазақ халқы мына аяусыз езгіге амалсыз мойын ұсынып, көнді. Өйткені жергілікті тұрғындар патша заңы бойынша жазалаудан және әскери күш қолданудан қорықты.

Қорыта айтқанда, Орынбор әкімшілігі билігіне қайта тағайындалған генерал-адъютант В.А.Перовский өзін империялық саясатты орындауда бар күш-жігерін жұмсауға тырысатынын көрсетті. Генерал В.А.Перовскийдің бастамасымен Бөкей ордасында бірнеше жылдан бері тұрақтап қалған саяси-әкімшілік шаралар жедел іске асырыла бастады. Сонымен қатар оның патша әкімшілігінде бірнеше жыл күн тәртібінен түспеген хандық билікті қайта келтіру мәселесін түпкілікті тоқтатып, оның орындалуына қарсылығын анық көрсетті. Сондай-ақ ол жергілікті басқару орны – Уақытша кеңестің қызметін жолға қойып үлгірді. Бөкей ордасын алдағы уақытта тек орыс шенеуніктері басқаратынын және патшалық саясаттың жүзеге асырылатынын көрсетіп берді. В.А. Перовский билігі тұсында Бөкей ордасының ішкі басқару тәртібі толық патша әкімшілігі құзырына өтті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. РФ ОрОММ. 6-қор, 10-тізбе, 6708-іс.
2. ҚР ОММ. 4-қор, 1-тізбе, 5607-іс.
3. ҚР ОММ. 78-қор, 2-тізбе, 4715-іс.
4. ҚР ОММ. 4-қор, 1-тізбе, 3689-іс.
5. ҚР ОММ. 4-қор, 1-тізбе, 5431-іс.
6. ҚР ОММ. 78-қор, 2-тізбе, 1075-іс.
7. ҚР ОММ. 78-қор, 3-тізбе, 94-іс.
8. ҚР ОММ. 4-қор, 1-тізбе, 6087-іс.



**ОҢТҮСТІК ӨНІРДЕГІ КӘСІПКЕРЛІК МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕР
(XIX Ғ. СОҢЫ - XX Ғ. БАСЫ)**

**Абдирасилова Зауре Садуақасовна - тарих ғылымдарының кандидаты
Тараз қаласының білім бөлімінің № 3 мектеп – лицей директоры**

Аңдатпа. Мақалада XIX ғ. соңы - XX ғ. басындағы оңтүстік өңірдегі кәсіпкерлік мәселесінің зерттелуі және деректер қарастырылған. Ұсынылған деректер 1861-1914 жылдардағы Қазақстанның оңтүстік аймағындағы кәсіпкерлік тарихындағы жетістіктер мен кемшіліктердің объективті бағалануы, сонымен қатар, жалпы Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамытудағы әр аймақтың өзіндік орнын, ерекшелігі мен маңыздылығын айқындауға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: оңтүстік өңір, кәсіпкерлік, деректер, зерттеу.

Қазақстанның оңтүстігі ерте дәуірлерден бері геосаяси, әлеуметтік-экономикалық, этно-демографиялық және мәдени жағынан маңызды аймақ болып табылады. Бұл өлкенің осындай артықшылықтарын қазіргі уақытта тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін, оның экономикалық тарихына, әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптаса бастаған жергілікті кәсіпкерлікті дамыту нәтижелеріне объективті баға беру қажет.

Кейінгі жылдары отандық тарихнамада кәсіпкерлік мәселесі бойынша зерттеулер жүргізу жандана бастады. Тарих ғылымыдағы бұл өзгеріс, Қазақстандағы кәсіпкерліктің қалыптасу және даму тарихына қатысты жаңаша тұжырымдамалар мен деректер қорын қалыптастыруымен құнды. Белгілі бір саланың дамуының шынайы көрінісін жасау, оның барлық жақтары қамтылып, олар өзара салыстырылған жағдайда ғана іске асатындығы белгілі. Сондықтан, зерттеуде елдің оңтүстігіндегі кәсіпкерліктің өнеркәсіп, сауда, ауыл шаруашылық және халыққа қызмет көрсету салаларында қалыптасып, дамуына басты назар аударылады. Сонымен бірге, кәсіпкерліктің дамуына әлеуметтік және этникалық тұрғыдан алғанда әр текті кәсіпкерлердің іскерлік мүмкіндіктері мен мемлекеттік қолдаудың ықпалына талдау жасау да өзекті болып табылады.

Осыған байланысты, бұл мәселенің зерттелуі өзекті болып табылады. Ол ең алдымен, 1861-1914 жылдардағы Қазақстанның оңтүстік аймағындағы кәсіпкерлік тарихындағы жетістіктер мен кемшіліктердің объективті бағалануына, сонымен қатар, жалпы Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамытудағы әр аймақтың өзіндік орнын, ерекшелігі мен маңыздылығын айқындауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңдегі қазақстандық зерттеушілердің еңбектері кәсіпкерлік тарихын зерттеуде маңызды орын алады. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі жаңа даму кезеңіне аяқ басуы, нарықтық экономикаға өтуі кәсіпкерліктің тарихына деген қызығушылықты арттыра түсті. С.Қ.Игібаевтың [1; 66] еңбектері революцияға дейінгі өнеркәсіп жұмысшылары тақырыбына арналды. С.Қ.Игібаевтың 1974 жылғы Қазақстанның алтын өнеркәсібіне арналған зерттеу жұмысы шықты. Еңбекте негізінен алтын өнеркәсібіндегі жұмысшы табының қалыптасуы мәселесі қарастырылды. Автор, жұмысшы табының қалыптасу процесін көрсету үшін кәсіпорындардың материалдық-техникалық жағынан жабдықталуы сияқты өзекті мәселеге назар аударды. Ресей капитализмінің дамуы, өнеркәсіп төңкерісінің аяқталуы, Қазақстанның алтын кеніштерінің техникалық деңгейінің жоғарылауына ықпал еткенін, бірақ оның баяу түрде жүргендігін ұтымды түрде дәлелдеді. Зерттеу жұмысында, көптеген мұрағат деректері арқылы жұмысшылардың тұрмыстық жағдайы, медициналық қызмет көрсету деңгейі, жұмыс күнінің ұзақтығы, жұмысшы еңбекақысы сияқты мәселелермен қатар, жұмысшы қозғалысының түрлерін терең аша білді.

Сонымен бірге, Қазақстандағы алтын өнеркәсібі саласын басқару жүйесінің талдануы, оның өзіндік ерекшеліктерінің жан-жақты ашылуы және алтын өнеркәсіпшілер санының өсу динамикасының зерттелінуі, еңбектің құндылығын арттыра түседі. Бірақ, С.Қ.Игібаевтың қазіргі уақытқа дейін маңызын жоғалтпаған бұл еңбегі негізінен жұмысшы мәселесін зерттеуге бағытталғандығын көреміз. Дегенмен, бүгінгі күн көрсетіп отырғандай өнеркәсіп тарихы алтын-кен орындарындағы жұмысшы жағдайының, жұмысшы қозғалысының тарихымен ғана шектелмейді, ол шын мәнінде осы бір өндіріс саласындағы кәсіпкерлік тарихын да қамтиды.

Т.Садықұлының [2] монографиясында өндірістік өнеркәсіптің дамуындағы кәсіпкерлерлердің қызметін сипаттаған және мемлекеттің өнеркәсіпті дамыту бағытындағы саясатынан құнды мәліметтер берілген.

Ж.Б. Әбілхожин еңбегінде капиталистік кезеңге дейінгі уақыттағы жеке кәсіпкерлік бағыттарының мәселелеріне терең теориялық-методологиялық зерттеу жүргізілген [3]. Ж.Б.Әбілхожин еңбегінде капиталистік кезеңге дейінгі құрылыстағы жеке кәсіпкерлік тенденцияларының мәселелеріне терең теориялық-методологиялық зерттеу жүргізілген. Зерттеуші жалдамалы еңбек пайдалану категориясына сараптама жасап, өндірістегі қосымша құнға негізделген кәсіпкерлік шаруашылық бай шаруашылығы өзінің экономикалық мақсатында тұтынуды иеленушілер қатарында болды, ал ондағы өзге біреудің еңбегін пайдалану қосымша құн әкелген жоқ деген шешім шығарды.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, тіршілік ету кәсіптері, қолөнер кәсіпшілігінің халыққа қызметі туралы құнды деректер С. Мадуановтың еңбегінде берілген [4].

Оңтүстік Қазақстан өлкесіндегі өнеркәсіп мен сауданың дамуы С.Н. Наумов [5] және Ө.Қ.Қожақовтың [6] кандидаттық диссертацияларында кең қарастырылған.

Қазақстан тарихының тарихнамасында қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымын сараптау мақсатында тарихнамалық зерттеулер жүргізілді. Олардың ішінде Д.И.Дулатова [7] және Т.Төлебаевтің [8] тарихнамалық еңбектері маңызды болып табылады.

М.Ф.Пузиков және С.Е.Мамытова [9] өздерінің ғылыми мақаласында қазақ даласындағы XIX-XX ғасыр тоғысындағы кәсіпкерліктің даму мүмкіндігі және ауыл шаруашылығының қандай салаларында кәсіпкерліктің қалыптасу процесі жүргендігін экономикалық ой тұрғысынан қарастырды.

Сол сияқты, М.Төлековтың докторлық диссертациясында XIX-XX ғасыр аралығындағы Жетісу өлкесінің әлеуметтік-демографиялық дамуы зерттелген [10]. Осы жұмыста өлкедегі кәсіпкерліктің дамуына шолу жасалынған.

Отандық тарихнамада кәсіпкерлік тарихы тарих ғылымының бір саласы ретінде дамыған жоқ. Кәсіпкерлік тақырыбына арналған арнайы кешенді зерттеулер енді қолға алынып келеді. Бұл салада соңғы жылдары Д. Жақыпбекова [11], Ф. Сұлтанова [12], Қ.Ж.Әбілов [13] т.б ғалымдардың ғылыми жұмыстары жарық көрді. XIX ғ. 60-шы жылдары – XX ғ. 17-ші жылдары аралығындағы кәсіпкерлік тарихын Қазақстан территориясындағы жекеленген облыстар бойынша зерттеу, мәселені кешенді зерттеп, кәсіпкерліктің нақты нобайын жасауға мүмкіндік береді. Д. Жақыпбекованың диссертациялық жұмысында Қазақстанның Торғай және Орал облыстарындағы сауда және өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерліктің қалыптасу және даму мәселесі зерттеледі. Бұл еліміздегі кәсіпкерлік тарихына арналған маңызды еңбектердің бірі. Д. Жақыпбекова өзінің зерттеуінде ауылшаруашылығы саласындағы кәсіпкерлікті қарастырмағанын айтып өтеді.

Ф.М.Сұлтанованың ғылыми жұмысы Жетісу облысындағы кәсіпкерліктің қалыптасу және даму тарихына арналады (1867-1914 жж). Аталған зерттеу жұмысында Жетісу облысындағы сауда, өнеркәсіп салаларындағы кәсіпкерлік түрлері сарапталынып, банк жүйесіне талдау жасалынған. Диссертация оңтүстік өлкенің маңызды саяси-экономикалық орталығы Жетісу облысы материалдары негізінде жазылған. Дегенмен, бұл жұмыста да жаңа жанданып келе жатқан ауылшаруашылығы саласы мен халыққа қызмет көрсету жүйесіндегі кәсіпкерлік мәселесі қарастырылмаған. Қ.Ж.Әбіловтің докторлық диссертациясы кәсіпкерлік тарихын зерттеуде маңызды орын алады. Бұл еңбекте Қазақстандағы кәсіпкерліктің даму тарихы тұтас қарастырылған. Дегенмен, Қосман Жақыпбайұлының еңбегі Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ) материалдары негізінде жазылған. Біз қарастырып отырған Қазақстанның оңтүстік аймағындағы кәсіпкерліктің қалыптасу және даму тарихын толық та кешенді зерттеу үшін бұл түп деректер жеткіліксіз. Біздің зерттеуімізде Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты материалдары негізінде алдымыздағы ғалымдардың зерттеу объектісінен сырт қалған Сырдария облысының қазақтар тұратын уездері толық қарастырылды.

Зерттеу тақырыбының дерек көзін бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады.

Деректік көздердің алғашқы тобын құқықтық сипаттағы деректер құрайды. «Полное собрание законов Российской империи» жинағының 4, 8, 14, 28, 29-томдарындағы кәсіпкерлік тарихына қатысты енгізілген салық мөлшері, жеке меншік кәсіпорындардың Жарғысы және оған енгізілген толықтырулар, Мемлекеттік банк Жарғысы, несиелік Жарғылар сияқты заңдық материалдар пайдаланылды. Сонымен қатар, үкіметтің өнеркәсіптерге жеке меншік кәсіпкерлікті жіберу, бақылау, шетелдіктердің шекаралық аудандарда саудамен айналысуына шектеу қою және басқа да әр түрлі сипаттағы қаулылары мен жарлықтарында кәсіпкерлік тарихына қатысты мол мәлімет жинақталған. Бұл кешенді құжаттар жинағы, патша әкімшілігінің Қазақстанның оңтүстігіндегі кәсіпкерлікке қатысты саясатының негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Үкіметтің нұсқаулары және бұйрықтарымен, Сенат шешімдерінің түсініктемелерімен, Қаржы министрлігінің циркулярларымен толықтырылып, 1902 жылы құрастырылған кәсіптік салық жөніндегі Ереже, қарастырылып отырған тақырып бойынша деректердің маңыздысы болып саналады. Ондағы материалдардың негізінде кәсіптік салық жүйесіндегі өзгерістерді байқауға болады.

1910 жылы жарық көрген сауда мен кәсіп туралы империядағы заңнамалар мен ережелер жинағы сауда кәсіпкерлігін жүргізу ережелері жайлы көптеген мәліметтер береді.

Екінші топтағы іс-қағаз деректері үлкен қызығушылық тудырады. Кәсіпкерлік тарихын зерттеуде төмендегі іс-қағаз сипатындағы құжаттардың маңызы зор. Оларда оңтүстік аймақтағы кәсіпкерліктің даму барысы жайлы құнды ақпараттар сақталған:

- Ф.Гирстің 1888 жылғы есебінде көрсетілген жылдағы Түркістан өлкесінің экономикалық дамуының жетістіктері мен кемшіліктері туралы мәлімденеді;

- Жер және мемлекеттік мүлік министрлігінің Ғылыми комитетінің мүшесі А.А. Кауфманның 1903 жылдың жазындағы іс-сапар нәтижесінің есебінде өлкедегі орыс отарлау шараларының барысы және Ресей империясы үшін Түркістанның отары ретіндегі маңызды аймақ екендігі жан-жақты талқыланды;

- 1908-1909 жылдардағы сенатор гофмейстер, граф К.К. Паленнің Түркістан өлкесін тексеру нәтижелерінің есебінде аймақтағы сауда, өнеркәсіп орталықтарының дамуы, олардың ресейлік сұранысты

қамтамасыз ету мүмкіншілігі қарастырылып, жергілікті экономиканың дамуының сандық көрсеткіштерін береді.

Деректердің үшінші тобы статистикалық және анықтамалық басылымдардан тұрады. XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап облыстық статистикалық комитеттер жыл сайын өз облысының шаруашылық өмірінен мәлімет беретін анықтамалар шығарды. Зерттеу жұмысында «Обзор Семиреченской области», «Обзор Сыр-Даринской области» деп аталатын анықтамалар кеңінен қолданылды. Олардың бір ерекшелігі - кәсіпкерлікті дамыту барысындағы жылдық өнімнің төмендеу себептеріне түсініктеме беруі болып табылады. Бұл анықтамалық шолулар облыс губернаторларының есебі түрінде шығарылған. Облыстық шолулар Жетісу облысы бойынша 1882-1913 жж., Сырдария облысы бойынша 1885-1887 жж., 1889-1895 жж., 1904-1906 жж., 1908-1913 жылдар аралығында жарық көрді. Сонымен қатар, «Экономический обзор» деп аталатын анықтамалық шолуда, Түркістан өлкесіндегі мақта шаруашылығының дамуы жөнінде маңызды деректер бар.

XIX ғ. соңы – XX ғ. басындағы өлке тарихына байланысты құнды деректің бірі - облыстық статистикалық комитеттердің дайындаған «Памятные книжки» құжаты. Онда Жетісу облысының 1897, 1898 (т. 1-2), 1900, 1901, 1905 жылдардағы экономикалық дамуына байланысты материалдары бойынша жергілікті кәсіпкерлік жайлы да ақпараттар алуға болады. 1895 жылы жарық көрген «Указатель фабрик и заводов окраин России: царство Польского, Кавказа, Сибири и Среднеазиатских владений» деп аталатын жинаққа Қазақстанның оңтүстік аймағындағы фабрика-зауыттар туралы мәліметтер де енгізілген.

1897 жылғы Ресей империясының Бірінші халық санағының материалдарында XIX ғ. соңындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өмірі жайлы мәліметтердің мол қоры бар. Оның Сырдария (LXXXV-том) және Жетісу (LXXXVI-том) облыстары бойынша құрастырылған томдарындағы халықтың саны, жыныстық құрылымы, мамандық бойынша жіктелуі және т.б. мәліметтер, кәсіпкерлердің әлеуметтік және этникалық құрылымына байланысты қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. «Указатель действовавших в империи акционерных предприятий и торговых домов» деген атаумен 1905 жылы жарық көрген жинақта, аймақтағы кәсіпкерліктің дамуының негізгі белгілерінің бірі - сауда үйлерінің сандық көрсеткіштері жарияланған.

Деректердің соңғы тобын мерзімдік баспасөз материалдары құрайды. Қазақстанның оңтүстігіндегі кәсіпкерліктің даму деңгейін ашып көрсетуде, қарастырылып отырған жылдардың басылымдарында жарияланған мақалалардың орны бөлек. Атап айтқанда, «Айқап», «Қазақ» және «Туркестанские ведомости» сияқты газет-журналдарда қазақ қоғамына еніп келе жатқан капиталистік қатынастар, шаруашылықтың жаңа түрлерін меңгеру, кәсіпкерлікті дамытуға байланысты, сол уақытта өмір сүрген адамдардың келтірген жекелеген мәліметтері, сипаттамалары құнды болып табылады.

Зерттеу тақырыбына байланысты ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатында төмендегідей қорларын қарастыруға болады: «Семей-Жетісу округтік инженері» (10-қор), «Далалық Солтүстік тау-кен округінің округтік инженері» (14-қор) қорларында өлкедегі өнеркәсіптік кәсіпкерлік жөнінде мәліметтер сақталған және осы сала бойынша қазба жұмыстарын жүргізуге берілген рұқсат құжаттары тіркеуге алынған. «Сырдария облысының Шымкент уезінің мемлекеттік мүліктерінің меңгерушісі» (34-қор), «Ішкі істер министрлігінің Түркістан уездік басқармасы» (119-қор), «Жетісу облысының 1-учаскесінің округтік бақылаушысы» (156-қор), «Түркістан облысының Сырдария линиясының Перовск фортының қазақтарын басқару» (383-қор), «Әулиеата уездік басқармасы» (146-қор), «Верный уездік басқармасы» (41-қор) қорларында қарастырып отырған оңтүстік өлкенің жекелеген уездеріндегі кәсіпкерліктің даму барысын, оның ерекшеліктерін қамтитын материалдар жеткілікті. «Жетісу облыстық басқармасы» (44-қор), «Дала генерал-губернаторының кеңсесі» (64-қор), «Жетісу облыстық статистикалық комитеті» (828-қор) қорларында кәсіпкерлердің жеке шаруашылық ашу жөніндегі өтініштері мен оларға берілген кәсіпкерлік куәліктер, зауыт, фабрика және жәрмеңкелердің жұмысы жөнінде құнды мәліметтер жинақталған.

Сонымен қатар, Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының төмендегідей қорлары пайдаланылды: «Түркістан генерал-губернаторының кеңсесі» (И-1 қоры), «Сырдария облыстық басқармасының материалдары» (И-17 қоры), «Сырдария облысының статистикалық комитетінің материалдары» (И-269 қор) деп аталатын қорлар өлкенің экономикалық өмірі туралы жан-жақты мәліметтер береді. Оларда Түркістан, Қазалы, Шымкент, Перовск уездеріндегі кәсіпкерліктің қалыптасу және даму тарихы бойынша құнды материалдар сақталған.

Қорытындылай келе, XIX ғ. соңы - XX ғ. басындағы оңтүстік өңірдегі кәсіпкерлік мәселесінің зерттелуі және деректер аймақтағы кәсіпкерліктің қалыптасуы мен даму тарихын терең зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар ұсынылған деректер 1861-1914 жылдардағы Қазақстанның оңтүстік аймағындағы кәсіпкерлік тарихындағы жетістіктер мен кемшіліктердің объективті бағалануы, сонымен қатар, жалпы Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамытудағы әр аймақтың өзіндік орнын, ерекшелігі мен маңыздылығын айқындауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Игибаев С.К Частная золото-промышленность дореволюционного Казахстана. Дисс. ... к.и.н. –У.-К., 1974. – 160 с.

- 2 Игибаев С.К. Промышленные рабочие дореволюционного Казахстана: численность, состав, положение (1861-1917г.г.): Автореф. ... д.и. н. –Усть-Каменогорск, 1990. – 30 с.
- 3 Садықұлы Т. Сарыарқаның мыс алыбы (Жезқазған өнеркәсіп аймағының қалыптасу және даму тарихы XIX ғ. ортасы –XX ғ.): монограф., – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 1998. – 260 с.
- 4 Абылхожин Ж.Б. Традиционные структуры Казахстана: социально-экономические аспекты функционирования и трансформации (1920-1930 гг.). –Алма-Ата, 1991. – С. 80.
- 5 Мадуанов С. Взаимоотношения казахов с другими соседними народами Центральной Азии в XVIII-начале XX вв. (Политические и социально-экономические аспекты). Алматы: Изд. «Білім», 1995. – 274 с.
- 6 Наумов С.Н. Ярморочная торговля в системе социально–экономических отношений на юге Казахстана. (Вторая половина XIX- начало XX вв. Исторический аспект). Дисс. ... к.и.н. – Алматы, 1995. – 150 с.
- 7 Қожақов Ө.Қ. Сырдария облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы (1867-1914 жж.). Т.ғ.к. ... дисс. – Алматы, 1998. – 145 с.
- 8 Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917). – Алма-Ата: Наука, 1984. – 272 с.
- 9 Төлебаев Т.Ә. Қазақстанға капитализмнің енуінің тарихнамасы (XIX ғасырдың II жартысы-XX ғасырдың басы). Т.ғ.к. ... дисс. – Алматы.: Каз ҰУ, 2002. –251 б.
- 10 Пузиков М.Ф., Мамытгова. С.Е. К вопросу об истории развития предпринимательства в казахской степи на рубеже XIX-XX веков. // Вестник КазГУ. Серия экономическая. – Алматы, 1998. – № 7. – С. 77.
- 11 Тулекова М. Социально-демографическое развитие населения Жетису (конец XIX- XX вв.) – Дисс. ... д.и.н. – Алматы, 2003. – 320 с.
- 12 Жакупбекова Д.Ж. Торгово промышленное предпринимательства в Казахстане во II половине XIX начало XXвв. (на материалах Уральской и Тургайской областей). – Дисс. ... к.и.н. – Алматы, 1994. – 160 с.
- 13 Султанова Ф.М. История становления и развития предпринимательства в Семиреченской области. (1867-1914гг). – Автореф. ... к.и.н. –Алматы, 2005. – 30 с.
- 14 Абилов К.Ж. История становления и развития предпринимательства в Казахстане (вторая половина XIX –начало XX вв.) Автореф. ... д.и.н. – Караганда, 2006. – 30 с.



ӘОЖ 07: 950(547):378.245.2

МЫРҚЫ ИСАЕВ – ЖУРНАЛИСТ, ӨЛКЕТАНУШЫ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

Ибраева Нағима Нұрмұратқызы

**Қ.Мұхамеджанов атындағы № 1 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистрі**

Андатпа. Мақалада Сыр бойының аса көрнекті журналисі, өлкетанушы Мырқы Исаевтың өмірі мен қызметі, шығармашылығы, өлкетану бағытындағы ізденістері қарастырылады. Мырқы Исаев аудандық, облыстық баспасөз орындарында, аудандық, облыстық газеттерде жұмыс істей жүріп, облыстың тарихына қатысты тарихи деректерді жинаумен айналысты. Облыстық және республикалық архивтерде ғана емес, Мәскеу мен Ленинград архивтерінде де жұмыс істеп, өлкеден шыққан тарихи қайраткерлерге қатысты деректерді жинады. Кеңес жылдарында отандық және өлкелік тарихқа жеткілікті мән берілмегендігін ескерсек, қарапайым журналистің жеке ізденістерін азаматтық ерлік деп бағалауға болады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана автор өзінің жинаған материалдары негізінде өте құнды және өлкетанушылық мәнге ие. «И.Токтыбаев», «Текей батыр» атты монографиялары мен мақалалары жарыққа шықты. Сөйтіп өлке тарихын зерттеуге кәсіби тарихшылармен қатар үлес қосты. Сыр бойы ардагерлерінің өмірдеректеріне арналған «Боздақтар» энциклопедиялық кітабының орны ерекше.

Түйін сөздер: Мырқы Исаев, журналист, өлкетанушы, облыстық газеттер, Иса Токтыбаев, Текей батыр

Кіріспе. Ғылыми мақалада Сыр бойының аса көрнекті журналисі, жазушысы, Мырқы Исаевтың қоғамдық қызметі, шығармашылығы, өлкетану бағытындағы мұралары қарастырылып, негізгі еңбектері талданады. Кеңестік жылдары Мырқы Исаев журналистік қызметпен қатар өлкенің тарихына қатысты архив деректерін жинастырумен шектелмей ауызша деректерді ел аузынан, көнекөз қариялардан жинастырып, тәуелсіздік жылдарында жарыққа шығарды. Бүгінде көрнекті журналистің артында қалған ғылыми мұраларының деректік маңызы зор болып отыр.

Материалдар мен әдістер. Мақалада тарих ғылымында кеңінен қолданылатын ғылыми жүйелілік, тарихилық, объективтілік және т.б әдістер мен тәсілдер қолданылды. Сондай-ақ автордың өмірі мен қызметінің

негізгі кезеңдеріне қатысты хронологиялық принцип сақталынды. Басқа да отандық әуезкой өлкетанушылардың шығармашылығымен салыстыру үшін тарихи салыстырмалылық әдісі қолданылды.

Талдау. Мырқы Исаевтың өмірі мен қызметі, шығармашылығына қатысты оның әріптестері мен шәкірттерінің мақалалары мен естеліктері бар. Өкінішке орай оның өлкетанушылық мұраларын зерттеуге арналған арнайы еңбектер аз. Бірақ олардың құнды дереккөздері екендігін айтқымыз келеді.

Зерттеу нәтижелері. 1950 жылдардың екінші жартысында Қазақстан өлшемімен алғанда да провинциялық аймақ болып табылатын Қызылорда облысының қоғамдық саяси өмірінде де «жылымық» жылдарына тән «жаңарулар» жүріп жатты. Бұл ең бірінші кезекте Қазақстан компартиясы Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы М.Ә.Сужиковтың белсенді қызметімен байланысты болды. 1958 жылы Қызылордада аса маңызды екі оқиға болды. Бірі Бүкілодақтық комсомол ұйымы құрылуының 40 жылдығына орай Ғ.Мұратбаевтің өмірі мен қызметіне арналған бүкілодақтық ғылыми-практикалық конференцияның зор ауқыммен ұйымдастырылуы болса, екіншісі сырт көзге байқалмаған қарапайым оқиға - Ғанидың досы Иса Тоқтыбаевтың ұзақ жылдарға созылған сталиндік лагерьден елге оралып облыстық өлкетану музейін ұйымдастыруы және оның директоры болып тағайындалуы еді. (Аяған.Б, 2005. 484). Екеуінің де халық жадына оралуы оңай болған жоқ. Ғанидың жолы болды. Оның есімін «қайта тірілту» жоғарыдан ұйымдастырылды. Конференция ұйымдастырудың бастамашысы облыстық комсомол комитеті, оның сол кездегі бірінші хатшысы- Ыдырыс Қалиев болды. Ғаниды «қайта тірілтуші» де Ы.Қалиев еді. Себебі Қазақстан ғана емес, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түркменстан республикаларынан Ғанидың көзін көрген куәгерлерді конференцияға шақыртып, көрген білгендерін, яғни Ғани туралы естеліктерін қағазға түсіруді ұйымдастырған сол еді. Мұнымен қатар Мәскеу, Ташкент т.б. Орта Азия республикаларының астаналарындағы орталық архивтерге іс-сапармен арнайы адам жіберіп қажетті материалдарды алдырып, оларды естеліктермен қоса жинақ етіп шығарды. Бұдан кейін кейінгі тәуелсіздік жылдары да Ғаниға қатысты көптеген іс-шаралар өткізілді. Алайда, жасалған баяндамалардың негізгі дерек көзін сол баяғы Ы. Қалиев ұйымдастырған конференцияның іргетасты деректері құрады.

Бұл тұрғыдан алғанда Иса Тоқтыбаевтың жолы болмады. Ғанидың жолының болуы – өмірінің қысқалығынан болса, Исаның «кінәсі» бірнеше рет «халық жауы» ретінде сотталғандығына қарамастан тірі оралғандығында, Ғаниға қарағанда өмірінің ұзақтығында еді. Тіпті, жерлестерінің арасында, оның тірі оралғанын көре алмағандар да табылып жатты. Бұл сезіммен қабылдау мүмкін емес қайшылықты жағдай.

Иса Тоқтыбаев есімін лайықты қалпына келтіруге партия- кеңес орындары кедергі жасаған жоқ, бірақ пәрменді жәрдем де көрсеткен жоқ. Диссертациялық жұмыстары «Роль партии в развитии...» деп басталатын ғылыми дәрежелері бар, бірақ партиялық-летаргиялық ұйқыдағы жергілікті кәсіби тарихшылардан да қайран жоқ жағдайда Иса Тоқтыбаевтың ардақты есімі үшін күрескен қарапайым журналист Мырқы Исаев еді. Ө.Қоңыратбаев, А.Тоқмағанбетов, Н. Алдамжаров, М.Кереев, Қ.Назханов (Кереев М, 1966) сияқты Қызылорда зиялыларының шағын нәзік қатары ғана білетін Иса Тоқтыбаевтың аңызды есімін елге қайтару үшін күресте М.Исаевтың азаматтық позициясы жарқын бір қырынан көрінді. Азаматтық қоғам, азаматтық ұғым жоқ жағдайда – халық арасында танымал болу үшін азаматтық мінез танытудың өзі жеткілікті болды. Сондай мінезді Мырқы Исаев көрсетті. Ол партия, кеңес құқық қорғау құрылымдары мен бас редакторлар үшін ең «беймаз» журналист болды. Тоғыз редактормен қызметтес болды, оның жетеуімен «жағаласып» өтті. Сөйтіп жүріп жұбайы екеуі он бала тәрбиелеп қоғамға берді. Ұлтқа бір адам қызмет етсе, Мырқыдай қызмет етсін. Әділдік іздеп шарқ ұрған талай жерлестері оның есімімен кіші-гірім басшыларға қоқан-лоққы жасайтындай жағдайға жетті – «Мен, Мырқы Исаевқа барамын». Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерлерінің өмірі мен қызметін, мұраларын халыққа танымал етуге, ешқандай материалдық қолдаусыз Мырқы Исаев он жыл өмірін сарп етті. Балалары Бибажар мен Есенге «папаларыңның он жылғы еңбегімен танысыңдар» деп өсиет етті. (Исаев М. 1991.192) Жергілікті институттың қоғамдық кафедралары, оның ішінде тарих кафедрасы атқара алмаған жұмысты ол қоғамдық негізде бір өзі атқарды, азаматтық парызын өтеді.

Нәтижесінде, 1991 жылы «Қазақстан» баспасынан оның «Иса Тоқтыбаев» атты кітабы жарық көрді. Публицистикалық стильде жарық көрген еңбек деректік материалдарға байлығымен ерекшелетіні сондай – бұдан былайғы зерттеушілер де енді М.Исаевтың еңбегіне соқпай өте алмайды. Кеңестік тарихнамада ауызша деректер мойындала қоймайтын немесе оған екінші және үшінші кезекте мән берілетін. М.Исаевқа ондай шарттылықтың қажетті болған жоқ. Ол өзінің негізгі зерттеу объектісі болған Иса Тоқтыбаевтың көзін көрген куәгерлердің куәліктеріне басымдық берді. Олардың ішінде бір кездері И.Тоқтыбаевтың шапағатын көрген, қызметтес болған жергілікті ғалымдар мен комсомол, кеңес ардагерлері Ө.Қоңыратбаев, А.Тоқмағанбетов, Д.Тасекеев, Н. Алдамжаров және т.б. куәліктерінің орасан зор маңызы болды. Деректердің бір парасын И.Тоқтыбаевтың балалары Рәм, Варлен және Мәуленнен алынған мағлұматтар құрады. Осылайша, Мырқы Исаев уақыт тапшылығына байланысты, бірінші кезекте ауызша деректерді жинап жүйелеуге айрықша мән берді. Уақыт көрсеткендей ол дұрыс болып шықты. Иса Тоқтыбаевтың бір кездері С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов және т.б. қазақ зиялыларына көрсеткен қолқабысы нақ осы тірі куәгерлердің аузынан жазылып алынды. Мұнымен қатар «Ақ жол» газетінің құрылуы мен қызметіне байланысты мәліметтермен ең алғаш танысқандар ішінде тарихшылар емес, М.Исаев болды. «Ақ жол» - 1920-1925 жылдары Ташкентте Түркістан компартиясы орталық комитетінің органы, 1925-1926 жылдары Шымкентте партияның Сырдария өлкелік

комитетінің органы ретінде шыққан газет. Аптасына екі рет қазақ тілінде шығып тұрды. 1920 жылғы 18 апрельден 27 июньге дейін шыққан «Жаңа өріс» газетінің жалғасы» (Исаев М,1991.70) деп тайға таңба басқандай анықтама берген де Исаев еді. Ол «Ақжол» газеті өмір сүруінің кезеңдеріне қатысты кеңестік қазақстан тарихшыларының пікірлерімен келіспейді. Тарихшылар «Ақжол» газетінің тарихын 1925 жылға дейінгі және онан кейінгі кезең деп бөлсе, Мырқы Исаев оны 1924 жылдың желтоқсанына, яғни оны Сұлтанбек Қожанов редактор болып тұрғанға дейінгі кезең және 1922 жылдың желтоқсан айында оны Иса Тоқтыбаев алмастырған кезеңге бөліп көрсетеді және өз тұжырымдарын нақты фактілермен дәлелдейді.

Мырқы Исаевқа тарих ғылымында қалыптасқан стереотиптермен де күресуге тура келді. Айталық, Мырқы Исаев – 1970 жылы жарық көрген тарихшы профессор Қасым Бейсембиевтің «Маркстік-лениндік идеологияның Қазақстандағы жеңісі» атты еңбегіндегі «Ақжолмен» оның редакторы И.Тоқтыбаевқа қатысты пікірлерімен батыл келіспейді. Онда автор шын мәнісінде 1925 жылға дейінгі «Ақжол» қызметін сынға алған еді (Бейсембаев Қ,1970.146-147). «Профессор Қ. Бейсембиев өз кітабында – деп атап көрсетеді М.Исаев, – Ахмет Байтұрсынұвтың елу жылдығын салтанатпен атап өтуді алашордалық пиғылдағы әрекет деп бағалайды да, оны ұйымдастырушылар Тұрар Рысқұлов, Ораз Исаев, Иса Тоқтыбаев болды деп тұжырым жасайды (Исаев М, 1991.74).

1925 жылы Ф.И.Голощекин Қазақстанды басқаруға келгенде ең алғаш қуғын-сүргінге түскен Иса Тоқтыбаев еді. Мырқы Исаев «Сонымен Иса Тоқтыбаев голощекиншілдіктің ең алғашқы құрбаны болғанын ғалымдар ескере білуі керек. Тарихи шындықты қалпына келтіру үшін де бұл аса қажет» (Исаев М, 1991.75) деп атап көрсетеді. М.Исаев тарихшылар ғана емес, әдебиетшілер жіберген олықлықтарды түзетуге ат салысты. Профессор С.Қирабаев 1966 жылы шыққан «С.Сейфуллин» атты ғылыми еңбегінде ақынның «Асау тұлпарына» берілген рецензияларға шолу жасай келе «...РК(б)П Киргиз облыстық комитетінің «Известия» журналында жарияланған К.Тоқтыбаевтың мақаласында Сәкеннің «Асау тұлпары» кітабы объективті партиялық бағасын алды». (Қирабаев С, 1966. 59-61) деп жазды. Мәселен, рецензия авторы И. Тоқтыбаев деп көрсетілмей Қ.Тоқтыбаев болып кеткенінде болып тұр. Өкінішке орай белгілі әдебиетші-ғалым Т.Кәкішевте 1972 жылы шыққан «Сәкен Сейфуллин» атты еңбегінде ақын шығармашылығына оң баға берген қай Тоқтыбаев екенін ашып көрсетпеді (Кәкішев Т, 1972. 220). Мәселенің ақ-қарасын анықтаған ешқандай ғалым маман емес қарапайым қызылордалық журналист Мырқы Исаев еді. Мәселенің анығына Ә.Қоңыратбаев арқылы таныс М.Исаев 20-30 жылдары Қазақстанда екі Тоқтыбаевтың болғанын дәлелдеді. «Сол тұста – дейді М.Исаев, - қазақ жерінде екі Тоқтыбаев қатар жұмыс істеп, қатар өмір сүрді. Кәрім Тоқтыбаев республиканың егіншілік халық комиссары болып істегенін, оның әдебиетпен шұғылданбағанын, Сәкеннің ежелгі қарсыласы болғанын филология ғылымдарының докторы, Қызылорда педагогикалық институтының профессоры Әуелбек Қоңыратбаев бізге айтып берді» (Исаев М, 1991. 87). Бұдан әрі М.Исаев белгілі әдебиетшілерге кейіс білдірмей, олардың не себептен қателікке ұрынуы мүмкіндігін түсіндіреді. Себебі «Иса Тоқтыбаев өзі редактор болып істеген газет-журналдарға жазған мақалаларының бәріне «Тоқтабаев» деп қол қоятын. Тіпті, «Советская Киргизия» журналының 1924 жылғы үшінші, төртінші номерлерінде жарияланған «Общее состояние дела народного образования в КССР» деп аталатын он беттік көлемді мақаласында да «Тоқтабаев» деп қол қойған болып шықты. Осылайша, 1923 жылғы С.Сейфуллинді қорғап қалған Кәрім Тоқтыбаев емес, Иса Тоқтыбаев екендігі анықталды.

Оның Иса Тоқтыбаев есімін Қазақ Совет Энциклопедиясына енгізуі де шырғалаңды. «Осы арада Қазақ Совет Энциклопедиясының бас редакторы болған профессор Мұхаметжан Қаратаевтың «Ақжол» газеті, жалпы 1919 жылдан КПСС мүшесі Иса Тоқтыбаев десе кірпідей жиырылған бір жәйітті оқырмандар назарына сала кеткім келеді - дейді Мырқы Исаев. – Осы жолдар авторы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының ұсынуымен Иса Тоқтыбаев жайлы анықтама әзірледі. Бірақ, М. Қаратаев оны энциклопедияның бір де бір томына енгізбеді». (Исаев М,1991.73). Алайда, оған шегінген М.Исаев болған жоқ. Жерлесі, ақын Асқар Тоқмағанбетовті араға салып, жағдайды оңалтуға тырысты. А.Тоқмағанбетов 1978 жылы 26 қазанда М.Қаратаевқа жолдаған хатында « Ассалаумағалейкүм Мұха... Біз де аманбыз. Мұха, Сізге айтарым: Иса Тоқтыбаев энциклопедияның 11-12 томдарына енбей қалыпты. Соның себебін біле алмаған біздер қайран қалдық. Ол адамның қазақ халқына сіңірген еңбегі бар емес пе еді? Егер мүмкіндігі болса, соңғы шығатын томдарына қосса жақсы болар еді» (Исаев М, 1991.73).

Иса Тоқтыбаев есімін қалпына келтіру жолындағы Мырқы Исаевтың ізденістері мұнымен шектелген жоқ. Ол жеке бастамашылығымен КСРО-ның Октябрь революциясы орталық мемлекеттік архивінде, Совет Армиясы мен соғыс теңіз флотының мемлекеттік архивінде, Ленинградтағы СССРО халықтарының этнографиялық музейінің қорларында, Өзбек ССР Орталық мемлекеттік архивінде, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде, Республикалық А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры бөлімінде жұмыс істеп, Иса Тоқтыбаевқа қатысты деректерді тәптіштеп жинады, ең алғаш рет ғылыми айналымға түсірді.


Қорытынды. Түйіндей келгенде, көрнекті оқымысты, ағартушы жерлесіміз Иса Тоқтыбаевтың есімін халық жадында қайта жаңғыртуда көрнекті журналист Мырқы Исаев ерен еңбек етті. Оның барысында Мырқы Исаевтың өлкетанушылық және тұлғатанушылық қабілет-қарымы жарқырай көрініп, көптеген кәсіби



тарихшылардан оқ бойы озып тұрды. Мырқы Исаев өлкеміздің көрнекті зиялысы, азаматы ретінде жерлестеріміздің есінде мәңгі қалады.

Әдебиеттер мен деректер

1. Аяған Б. Сыр Елі. Қызылорда облысы энциклопедиясы. Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 2005. 484 – б.
2. Бейсембаев.Қ.Победа марксистско-ленинской идеологии в Казахстане. Алматы Казахстан.. 1970. 384 - б
3. Исаев.М. И.Тоқтыбаев. // Алматы: Қазақстан. 1991. 192-б.
4. Кереев.М. Данышпан көсемнің Қызылорда облысы еңбекшілерімен байланысы. // Ленин жолы. 1966 жыл, 13 ақпан.
5. Кәкішев. Т.Сәкен Сейфуллин. М., Молодая гвардия.1972. 224 – с.
6. Қирабаев.С. «Сәкен Сейфуллин». // Алматы, Жазушы. 1966.384-б.



ӘОЖ 94(315) (043)

ОҢТҮСТІК ӨҢІРДЕГІ КӘМПЕСКЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Иманбаева Гульзия Калиевна

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің 2 курс магистранты

Қазақ халқының ғасырлар бойы өзіне тиесілі жайлау, қыстау, күздеуін, жайылымдық, егістік жерін әр маусымға сәйкес ауыстырып, көшіп-қонып жүруі көшпенді өркениеттік тұрмысқа сүйенген табиғи құбылыс еді. Міне, осы салт кеңестендіру дәуірін қамтыған 1920 жылдарының екінші жартысы мен 1950 жылдар аралығында ауылдан қалаға, бір өңірден екінші өңірге және бір аймақтан екінші аймаққа, республикамыздың өз ішіндегі көші-қонға айналса, ал бір қиырдан екінші қиырға еріксіз жер аууға, немесе республикадан тыс жерлерге, көршілес республикалар мен Одақтас мемлекеттерге, ал арғысы шетелдерге бас сауғалап, босқыншылыққа негізделген сыртқы көші-қонға айналғаны белгілі. Оның ішінде, ұжымдастырудан келген қуғындау салдары, әсіресе, кәмпескелеу науқаны мен 1931-1933 жылдардағы ашаршылық кезеңі қазақ халқына айрықша жайсыздық әкелді. Бұның негізінде қазақты әуелден жайлап келген қонысынан айыру және тиесілі аймақтан көшіріп, сапырылыстыру арқылы иелігіндегі жерін пайдалану құқынан айыру, сөйтіп бүкіл даланы мемлекеттік меншікке аудару нәтижесінде қалың бұқараны өкіметке тәуелді ету саясаты жатқан еді. Коммунистердің қулығына құрық бойламас бұл мақсаттың жүзеге асқаны соншалық, қазақтар туған атамекенін тастап, алды көршілес Түрікмен, Өзбек, Қырғыз, Монғол, Қытай, Ресей елдеріне барып жан сауғаласа, біразы Иран, Ауғанстан және Туркияны асып кетті. ХХ ғасырдың 20 -жылдарында қазақ халқының негізгі кәсібі және республикадағы халық шаруашылығының басты саласы мал шаруашылығы болып, көшіп-қонып жүрген еді. Сондықтан, осы ғасырдың 20-30 -жылдары большевиктердің күшпен жүргізген аграрлық саясаты ғасырлар бойы қазақ даласында қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығының табиғи дамуына кедергі жасады. Ф.И.Голощекиннің қазақ халқының көшпелі және жартылай көшпелі дәстүрлі мал шаруашылығын артта қалған, ортағасырлық, мәдениетсіз социалистік құрылыспен үйлеспейтін сала ретінде сипаттап, оны түбірімен өзгертіп, «социалистік» қайта құру бағытын ұстанды. Бұл қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығына кері әсерін тигізіп, халықтың әлеуметтік жағдайына зиянын тигізетіні ескерілмеді [1].

Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің жаңа экономикалық саясат жылдарында қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайларды толық күйреткен 1928 жылдың 27 тамызындағы «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы» декреті қазақ даласына ерекше қасірет әкелді. Бұл қаулы ауыл шаруашылығындағы қуғындау зұлматының басы болды.

Өлкелік комитеттің ІІ пленумындағы баяндамасында Ф.И.Голощекин: «Қазақтардың ұлттық сана сезімі өсіп келе жатқанын», ал мұның «жетекшісі - байлар» екенін айта келіп «Қазақ халқының кедейленуі мен қайыршылануынан кеңес өкіметіне келер пәлендей қауіп жоқ» [1] деген тұжырым жасады. Сөйтіп, аталған қаулы бойынша республикада 700 шаруашылықты тәркілеу керек болды. Ресми құжаттар бойынша, Қазақстан аумағында 696 қазақ байларының қожалықтары тәркіленіп, оның ішінде 619 қожалық иелері өзінің тұрған мекенінен басқа жаққа жер аударылуға тура келді. Олардан 144474 мың бас мал тартылып алынып, колхоз, совхоздарға бөлініп берілген. Қазақстанда 1931-1933 жылдары орын алған алапат ашаршылық қазақ тарихындағы ең ауыр қаралы беттердің бірі. Бұл мәселе кеңестік тоталитарлық жүйе тұсында ғылыми-зерттеулер үшін жабық тақырыпқа айналды. Соған қарамастан қазақ халқының өміріндегі ақтаңдақ жылдар жөнінде жан-жақты деректерді қопарып, барынша зерттеу жүргізуге жанын салған белгілі тарихшы ғалым Талас Омарбековтың еңбегі зор.

Қазақ халқы ХХ ғасырдың өне бойында небір жойқын қырғындарды, төңкерістер мен соғыстарды, екі бірдей нәубет аштықты, ядролық жарылыстар мен жер-судың құрғап, эрозиялық апаттарға ұшырауынан туындаған

зардаптарды бастан кешірді. Соңғыларының зардабын күні бүгінге дейін тартып отыр. Мұның бәрі отандық, шетелдік тарихшылардың зерттеу нысаны ретінде қарастырылып келе жатқаны да рас. Әсіресе нәубет аштық жылдары ерекше зерттеуді қажет етеді.

Осы бір зұлмат кезең туралы ғалым Омарбеков Т: «Әрине, ашаршылық жайындағы деректер талай жыл жабулы қазан жабулы күйінде жатты ғой. Негізінен нақты деректерге үңілдім. Мәселен, 1929-1933 жылдары қазақ шаруалары үшін қатал кезең туды. Осы бес жыл ішінде ОГПУ мемлекеттік қауіпсіздік органы саяси басқармасының үштігі 9 805 істі қарап, 22 мың 930 адамды жауапқа тартқан. Соның ішінде ең жоғарғы жазалау – ату жазасына 3 мың 386 адам бұйырылған. Концлагерлерде 13 мың 151 адам 10 жылға дейін жазаға кесілді. Бұл деректі 1992 жылы 22 желтоқсанда Сенаттың жанынан құрылған комиссияның құрамында жүріп, анықтадық. Жалпы, күштеп коллективтендіру, кәмпескелеу, ет дайындау, астық дайындау науқаны кезінде жазалау бар, отырықшыландыру науқанында жазалау бар, одан бөлек халық жауларын анықтаудың түрлі науқандары, тіпті, оншыл, солшыл оппортунизм, «рысқұловщина», «қожановщина», «сәдуақасовщина», т.б. әр түрлі науқандарда 165 мың адам халық жауы ретінде айыпталған. Ал бұдан бөлек жекелеген жазалаулар болды. Мысалы, 1932 жылы 7 тамызда «Об охране имущество государственных предприятий и колхозов и коопераций и укрепление общественной социалистической собственности» деген қаулы шықты. Бір сөзбен айтқанда, социалистік меншікті қорғау туралы заң. Сол бойынша колхоздан масақ теріп ұсталғандар, комбайн мен трактордан қалған егінді жинағандар ұры деп айыпталып, 10 жылға сотталып, жер аударылған. Екінші жаза – ату жазасы. Осы қаулыға байланысты Қазақстанда бір жылдың ішінде 33 мың 345 адам сотталған. Жазалау науқанының қалай жүргенін бағамдай беріңіз. Шын мәнінде, қаншама қаулы шықты ғой! ОГПУ-дың Гулагтары мен концлагерлерге 46 мың 91 отбасы жер аударылды, бұл адам санына шаққанда 180 мың 15 адам. 1929-31 жылғы ұжымдастыру кезінде Созақ, Ырғыз, Зырян, Абралы, Балқаш, Қордай, Шыңғыстаудағы көтерілістерде көптеген адамдар айыпталып, атылып кетті. Ал 1931 жылы желтоқсан айында Голощекиннің Сталинге жазған хатына қарасақ, Қазақстанда осы көтерілістердің 15-і – ірі көтерілістер болған. Оны бандиттік көтерілістер деп атап жазған. Неге? Кейбір өңірдегі халық қызыл жалауды түсіріп, Маркс, Ленин, Сталиннің суреттерін отқа жағып, аудан көлемінде Кеңес үкіметін құлаққан. Осы 15 көтеріліске қатысқан 34 мыңға жуық адам айыпталды. Сондай-ақ, Қазақстанда 372 көтеріліс болды деп мәлімдеген. Көтерілісшілер жазалаушы қызыл әскермен, коммунистер отрядымен соғысқанда қатты қырылған. 1 мыңнан аса адам айқас кезінде ұрыс даласында қаза тапқан. Оған ұжымдастыру кезіндегі аштықты қосыңыз» [2] деп тебірене тізбектейді.

Сонымен қатар осы кезде ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыруға қарсы болған шаруалар көтерілістері болғаны мәлім. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыруға қарсы болған шаруалардың қарулы көтерілістері мен басқөтерулерінің тарихын зерттеу ХХ ғасырдың 20 жылдарының аяғы 30 жылдардың басынан басталады. Берілген кезеңнен бастап бүгінгі күнге дейін мәселенің тарихнамасы күрделі және қайшылықты жолдардан өтті, жалпы алғанда сатылап дамыды. Бүгінгі таңда шаруалардың қарулы көтерілістері мен басқөтерулерінің тарихын арнайы зерттеген ғылыми еңбектер өте аз десек те болады. Берілген тақырыпқа қатысты бірқатар зерттеулер мен басылымдарда тек сәйкесінше бөлімдер ғана бар. Ал Орталық Қазақстан өңіріндегі шаруалардың қарулы қарсылықтарының тарихы көп еңбектерде жалпылама қарастырылып өтеді.

Т.Омарбековтың монографиясында ХХ ғасырдың 20–90 жылдарында Қазақстандағы 1920–1930 жылдары орын алған әлеуметтік—экономикалық үрдістердің негізгі мәселелері бойынша: «кіші Қазан» саясаты, байлардың мүліктерін кәмпескелеу, көшпелі халықты отырықшыландыру және ұжымдастыру, 1931–1933 жылдардағы аштық туралы жарық көрген әдебиеттердің бірқатар кешеніне кеңінен тарихнамалық шолу жасалынған [3, 23–41 б.]. Берілген шолуда тарихнаманың даму кезеңдері мен сипатына қатысты ойталқылар, көзқарастар беріліп, басқа зерттеулерге сыни талдау жасап, зерттелуші тақырып бойынша кейбір сәттерді ғана қамтиды. Сонымен қатар 30 жылдардағы Орталық Қазақстан өңіріндегі Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау көтерілістері туралы мұрағат деректерімен толықтырылған біршама толыққанды деректер берілген. Шаруалардың қарулы көтерілістерінің тарихына арналған қазақстандық тарихшылардың жаңадан шыққан басылымдарына қысқаша сипаттама Т.Алланиязов пен А.Таукеновтың біріккен басылымында берілді [4, 6–8 б.]. Бұнда ұжымдастыру кезеңіндегі Қарағанды облысының Шет ауданындағы және Қарсақпай өңіріндегі шаруалар көтерілістерінің тарихы туралы арнайы зерттеулері берілген. 2002 жылы жарық көрген Т.Алланиязовтың еңбегінде Қазақстандағы 1929–1932 жылдардағы шаруалар көтерілістерінің тарихы бойынша әдебиеттердің методологиялық және деректанулық негіздерімен қатар шаруалар көтерілістері тарихын зерттеу үрдісіне кеңейтілген сипаттама берілген [5].

Отандық тарихнамада 1929–1931 жылдардағы шаруалар көтерілістері 1930 жылдардан 1980—жылдар аралығында тыйым салынған тақырып болды. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мәселесінің түрлі аспектілерін қарастырғанда отандық тарихшылар осы қауіпті тақырыпты айналып өтуге тырысты. Бұл отандық тарихнамаға сол кезеңде қойылған партиялық қатаң талаптар мен идеологиялық қысымнан болды. Кеңестік дәуірде жарық көрген еңбектерде партия саясатына қарсы шаруалар көтерілістері тек тап күресі шеңберінде ғана қарастырылды. Сонымен қатар олар «бандиттік», «антикеңестік», «контрреволюциялық» қозғалыстар ретінде қарастырылды. Тек 90 жылдардың басында ғана Қазақстандағы 1929–1931 жылдардағы шаруалар көтерілістерінің тарихын объективті зерттеу мүмкіндігі туды. Академик М.Қ.Қозыбаев Қазақстандағы ауыл

шаруашылығын ұжымдастыру мәселесі, қазақ шаруаларының қарулы көтерілістерінің тарихын тарихшылар экономист, заңгер, тіл білімі мен әлеуметтанушы мамандармен бірлесе отырып кешенді түрде зерттеу қажеттігін баса атап өткен болатын [6, 74 б.]. 1980 жылдардың соңындағы қоғамдық өмірді либералдандыру жағдайында қазақ халқының тарихи өткеніне деген қызығушылық арта түсті.

Қазақстандағы ұжымдастыру мәселелері бойынша концептуалдық жағынан алғанда барынша жаңа болып Ж.Абылхожин, М.Қозыбаев пен М.Тәтімовтардың мақаласы табылды [7]. Ол Қазақстандағы ұжымдастыру тарихының тарихнамасында қазіргі заманғы кезеңінің бастамасын салып берді, себебі мәселенің негізгі құрамдас бөліктері сол кезеңде қазақстандық тарих ғылымында қалыптасып жатқан жаңа парадигмалардың тұрғысынан алғанда байланыстырылып қарастырылды. Бұнда республикадағы ұжымдастыру кезеңінде іс жүзінде болған барлық жағдайлар барынша толық көрінісінде құрастырылып берілді. Сонымен қатар авторлар шаруалардың қарулы көтерілістері туралы мәселені де назардан тыс қалдырмаған. Бірқатар округтер мен аудандарда орын алған ірі қақтығыстар мен жанжалдардың бірнешеуін көрсетіп бере отырып, зерттеушілер сол жылдардағы партиялық құжаттарда бұл оқиғаларды тек тап күресінің ашық көрінісімен және ішкі және сыртқы жауларды іздеумен түсіндіруге талпыныс жасағандығы байқалады деп дәл көрсетеді. Бұл мақаланың барынша кеңейтілген түрі 1991 жылы жарық көрді. Бұл басылымды сипаттасақ, мұнда ең алдымен ұжымдастырудың қарқынына саяси—идеологиялық реттеулердің ықпал ету механизмі дәл көрсетілген, бұның нәтижесінде 1931 жылдың күзінде Қазақстанда барлық шаруашылықтың 65% ұжымдастырылды. Сонымен бірге күш көрсету жағдайында төтенше режимде жүрген ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау науканының тәжірибесі мен идеологиясы да барынша суреттелген. Мақалада 1928–1929 және 1929–1930 жылдарда үш округ бойынша (Ақмола, Петропавл және Семей) осындай дайындау наукандарымен қатар жүрген қуғын—сүргін саясатының көлемін сипаттайтын статистикалық материал берілген. Бай—қулақтарды жою саясатының сипаты, мазмұны мен салдарын анық көрсетіп берген.

Оңтүстік өңірдегі кәмпескелеудің ерекшелігіне келер болсақ, Қазақстан Республикасының Президенті Қасымжоларт Тоқаевтың 2020 жылы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау туралы мемлекеттік комиссия құру туралы» Жарлығы шықты. Осы Жарлық бойынша Түркістан облысында да жұмыс комиссиясы құрылды. Мұнда жалпы он бір бағыт бар. Осы мемлекеттік комиссияның мүшесі т.ғ.д., профессор Тұрсын Хазретәлі оңтүстік өңірдегі кәмпескелеудің, ауа көшудің ерекшеліктерін былайша түйіндейді: «Жалпы ашаршылықтың салдарынан ауа көшушілердің санын нақты анықтау – күрделі мәселе екендігін атап өткен дұрыс. Мақаш Тәтімов марқұм бастаған демографтарымыз, тарихшыларымыз бен статистиктеріміз белгілеген сан бар ғой. Сол зерттеуші демографтардың көрсетуінше аштықтан қырылғандардың саны – 2 миллион 200 мың мен 2 миллион 600 мыңның аралығында. Қытайға, Ресейге ауа көшкендер бар. Соның ішінде мынау оңтүстік өңірден, батыстан Тәжікстан, Ауғанстан, Өзбекстанға көп көшкен. Бұлардың болжамды саны 600 мыңның төңірегінде деген тұжырым бар. Мен архивте көп отырамын. Сонда мынадай бір дерек кездестірген едім: 1933-жылдың қыркүйегінде Жаңақорған аудандық партия комитетінің конференциясы болады. Осы конференцияда әйгілі «Бесеудің хаты» деген ортақ хатты жазушылардың бірі Емберген Алтынбеков сол Жаңақорған ауданына бірінші хатшы болып келіп баяндама жасайды. Бұл – Голощекин кетіп, орнына Мирзоян келіп жатқан, алдыңғы басшының жасаған қателіктерін түзетіп жатқандай бағытқа бұрылған кез ғой. Сол конференциядағы Е.Алтынбековтің баяндамасында елдің және малдың 1928-жылғы саны айтылады. Сол 1928 жылғы кәмпеске алдында бүкіл малдың санағы алынған екен. «1928 жылы Жаңақорған ауданы бойынша 450 000 бас мал болды. Ал биыл, 1933-жылы осы 450 000 бастан қалғаны – 4500 ғана», – дейді. Сонда барлық малдың бір пайызы ғана қалған болып отыр. Және де 1928-жылы ауданда 10 000 шаңырақ бар еді дегенді айта келе, сол 10 000 шаңырақтан қалғаны – 3 000 түтін ғана дегенді де атап көрсетеді. Сонда ауданда 10 мың шаңырақ болғанда, шамамен 40 мыңнан астам адам болған. Солардың үштен бірі ғана қалып отыр ғой, елде. Архив құжаттарында осындай жан жабырқатар деректер өте көп. «Біздің елге ет салығы осыншама салынды, басқаша салықтар мұншама», – дегендей статистиканы айтады. Осыдан кейін: «Мұншама халық қайда кетті?» – деген сұрақ қояды [8].

Ғалымның тұжырымынша «...оңтүстік өңірлердегі, Сыр бойындағы тұрғындар да ашаршылыққа ұрынған. Бірақ айтып өтерлігі – өзге аймақтарға қарағанда ашаршылықтан соншалықты көптеп қырыла қоймаған. Сырдың бойында аштықтан қырылған кімдер сонда? Олар – кезінде үлкендер «Қарағанды-Қарсақпай» деп айтып отыратын елден, негізінен сол Арқа жақтан келген қазақтар екен. Түрлі салық, отырықшыландыру, т.б. зорлықтың салдарынан ата қонысынан ауа босқан ел Сыр бойына келген. Бұл кезде оңтүстіктегі, яғни Сырдың бойындағы әлді-қуатты адамдар ауа көшіп кеткен болатын. Ішетін-жейтін ештеңе жоқ болғандықтан көптеп қырылып жатқан – сол теріскей жақтан келген ел болатын деп айтатын. Жоғарыда айтқанымдай біздің бір айқындап беріп кететін нәрсеміз – ауа көшушілер мен ашаршылықтың босқындар мәселесі. Осы екеуін көбінесе шатастырады. Бұл екеуі – екі бөлек категория. Ауа көшу деген – негізінен саяси, әкімшілік қысым көрген адамдар. Олар биліктің қысымымен бас сауғалап, малымен, мүлкімен өз мекенінен басқа жаққа, өзге елге ауып көшіп кетушілер. Мұны ауа көшушілер дейміз. Ал ашаршылық босқындары – ішерге тамағы, аяқ артарға көлігі жоқ, істерге жұмыс жоқ болғандықтан амалсыз ақтабан шұбырындыға ұшыраған адамдар. Осы екеуінің арасында үлкен айырмашылық бар. Біз қазіргі күнгі зерттеулерімізде осы мәселеге баса мән беріп жатырмыз. Тарихымыздағы тағы бір мәселе: осы ауа көшуге байланысты, яғни бұл

үдеріс қашан басталды деген сұраққа нақты жауап беру. Осы тұрғысында аңдағанмыз: советтік реформалардың зардабынан туған жерінен ауа көшушіліктің алды 1927-жылдан басталады екен. Бұл – кәмпескенің алды. Кәмпескенің алдында Голощекиннің қолына ұстап отырған «бүкіл Қазақстан бойынша осыншама бай бар, оларда мынанша мал бар» деген дерегі болған. Ал сөйте тұра кәмпеске кезінде әлгі байларда жаңағы аталған мал жоқ болып шығады. Осы малға қатысты «сатып жіберді», «қырып жіберді» деп айтып жатады қазіргі орыс тарихшылары. Бұл жердегі мәселе – біздің халқымыздың енші бөлісу деген дәстүрінде үлкен мән ғой. Мысалы, 1928-жылдың қаңтарынан бастап малдың санағы алынған. Бұл – астыртын алынған санақ. Пәленше деген байдың қарамағында осыншама мал бар, жеті-сегіз баласы бар, мал бәріне ортақ болып келді ғой. Санақта бір бай пәлен малдың ортақ иесі болып шыға келген. Ал енді кәмпескеге ұшырауға жақындаған кезде ол малдың барлығын еншіге бөліп, балаларына, туыскандарына, басқаларына бөліп берген. Бұл – әдейі жасалғандық та емес, кәмпескеге ілінбеу үшін малын ірі қараға шаққанда көшпелі аудандарда елу мал, жартылай көшпелі аудандарда жүз елу мал болуы керек деген өлшемдер бар. Міне, алдыңғы көрсетілген малдың саны аз болып шығатыны осындай себептерден еді» [8] дейді ғалым.

2022 жылы Түркістан облысы мемлекеттік архивінің қызметкерлері «Түркістан өлкесіндегі оқу-ағарту ісі» және «Сырдария округіндегі тәркілеу науқанына қатысты құжаттар жинағы» атты екі кітап шығарды. Аталмыш кітаптарда осы күнге дейін көпшілікке беймәлім болып келген Оңтүстік тарихының кезеңдері туралы нақты архивтік мағлұматтар бар. Осы жинақтарды жарыққа шығарудағы мақсат – ғасырға жуық уақыт аралығында әбден ескіріп, көнерген құжаттарды жарыққа шығару, төте-араб әліпбиінде сақталған құжаттарды жалпы оқырмандарға қолжетімді ету, өлке тарихына қызығушылық танытатын зерттеушілерге қажетті ақпарат ұсыну және өңіріміздің тарихын келешек ұрпаққа насихаттау.

Алғашқы кітап 1928 жылғы Оңтүстік өңіріндегі байларды тәркілеу науқанына арналған. 2015 жылы «Сырдария округіндегі кәмпеске науқаны», 2017 жылы «Сырдария округіндегі тәркілеу науқанына қатысты құжаттар жинағы» кітаптары баспадан шығарылған. Байларды тәркілеу – кеңестік қызыл империяның қазақ қоғамында ірі, жартылай феодал-байлардың шаруашылығы мен мал-мүлкін тәркілеу мақсатында жүргізген саяси қитұрқы науқаны. Түркістан облысының мемлекеттік архиві республикадағы іргелі мекемелердің бірі. Архив қорларында ел тарихындағы айтулы оқиғаларды айғақтайтын құнды құжаттар сақталып келеді. Тарихи оқиғалардың қисынына жүгінсек, елде жүргізілген кәмпеске науқаны отызыншы жылдары жүргізілген жаппай саяси қуғын-сүргіннің бастамасы болғандығын көреміз. Бұл сөзіміздің айғағы архивте сақталған құжаттар. Атап айтатын болсақ, жинақтағы №204 құжатта «Үлкен комитет пен халық комиссариатының ірі байлар мен жарты бектерді жер аудару» деген қаулысы назар аудартады. Қаулыда «Науқан кезеңінде ірі байлар, бектер мен солардың қасында болып жүргендермен күресеміз, тағы да ортамызға жүктелген қызмет болса атқаруға міндеттіміз деп уәде береміз» делінеді. №206 құжатта Шаян ауданының №14 ауыл жиылысының хаттамасы бар. Онда: «Өмірі ата-бабасынан бері қарай хан, датқа тұқымды яки өмірі болыстық неше атасынан бері үзілмей келе жатқан шынжыр балақ ескі өкімет адамы болған, өзін де боламын деген зорлықшыл, жуандығы арылмағандардың көзін жоюға, өмірі малының көптігіне сүйеніп, халықты қойдай қырып, бірін екіге беріп, суын сүт қылған ірі байлардың тамырына балта шауып, малдарын алып, өздерін жер аударуға қарар қылысын» делінеді. Бұл құжаттардан біз кәмпеске науқанының қалай жүргізілгенін және оның зардаптарын танып, біле аламыз. Сырдария округіндегі аудандарда жүргізілген кәмпескелеу науқанына қатысты құжаттар архивте «Сырдарьинский окружной исполнительный комитет» деп аталатын №74-қорында сақталған. Қорда Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы Халық комиссарлар Кеңесінің, Орталық Атқару Комитетінің қаулылары, жиналыс хаттамалары, округтік және аудандық съезд материалдары, бай-феодалдарды кәмпескелеу жөніндегі құжаттар кездеседі. Сонымен қатар, Сырдария округінен Орал округіне жер аударылған жерлестерімізге қатысты деректік құжаттар Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінен әкелініп, жинаққа енгізілген [9].


«Сырдария округіндегі тәркілеу науқанына қатысты құжаттар жинағы» кітабындағы мәліметтердің барлығы еліміздегі архивтерден алынған болса, екінші «Түркістан өлкесіндегі оқу-ағарту ісі» кітабындағы деректер өзіміздің және жақын шетелдердегі архивтерден алынған мәліметтерден топтастырылған. Нақтырақ айтқанда, аталмыш кітаптағы жазбалар Ташкент қаласындағы Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде, Омбы облыстық мемлекеттік архивінде, Орынбор архивтерінде сақталған. Сонымен қатар кітабымыз Өзбекстанның А.Науаи атындағы Ұлттық кітапханасы, Өзбекстан Ғылым Академиясының кітапханасы және Өзбекстанның Беруни атындағы Шығыстану институты кітапханасындағы алуан түрлі материалдар негізінде құрастырылды.

Қорыта айтқанда, бір-бірімен сабақтаса жүргізілген тәркілеу, ет және астық өнімдерін дайындау, күштеп ұжымдастыру, зорлап отырықшыландыру саясаттары дәстүрлі мал шаруашылығын толығымен күйретті. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан күн-көрісі болып келген көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығына негізделген мал шаруашылығының ерекшеліктерін ескермеу, оған зиян келтіру қазақ халқының аштыққа ұшырап, қырылуына тікелей әсер етті. Ел басына түскен небір зұлматтардың ішінде орны толмас өкініш ұжымдастыру зардаптарынан болған аштық пен босқыншылықтың бәрінен асып түскені белгілі. Орталықтың күштеу саясатының салдарынан жасанды ашаршылық туындап, халқымыз бұрын-соңды болып көрмеген демографиялық зұлматқа-геноцидке ұшырады. Үш жылға созылған ашаршылықта

республикада сол кездері қазақ жұртының тең жартысына жуығы қырылып, 15 пайызы Қазақстаннан тысқары аймақтарға біржолата оралмастардан көшіп кетуілеріне әкеп соқты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 <https://abai.kz/post/73032>
- 2 Омарбеков Т: Бүкіл қазақ бір тамырдан тараған // <https://turkystan.kz/article/61491-talas-omarbekov-b-kil-aza-bir-tamyrdan-tara-an/>
- 3 Омарбеков Т. 20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы.—Алматы: Санат, 1997.—320 б.
- 4 Алланиязов Т.К., Таукенов А. Шетская трагедия. Из истории антисоветских вооруженных выступлений в Центральном Казахстане в 1930–1931 гг. — Алматы: фонд «XXI век», 2000.—166 с.
- 5 Алланиязов Т.К. Крестьянские выступления 1929–1932 гг. В Казахстане: опыт и проблемы изучения. — Алматы: Алматы: фонд «XXI век», 2002.—205 с.
- 6 Қозыбаев М.К. Ақтандақтар ақиқаты. Алматы: «Қазақ университеті», 1992.— 272 б.
- 7 Абылхожин Ж.Б., Қозыбаев М.К., Татимов М.Б. Казахская трагедия // Вопросы истории. — 1989.—№ 7. С. 53–71.
- 8 Тұрсын Х. Оңтүстік өңірлердегі кәмпескелеу, ашаршылық, ауа көшудің өзіндік ерекшеліктері // <https://newsroom.kz/regions/turkistan2668324.html>
- 9 Исатаева А. Ұлт тарихы ұмытылмауы тиіс // <https://okg.kz/post?id=28166&slug=ult-tarihy-umytylmauy-tiis>



ӘОЖ 902 7(574)

**1941-1945 ЖЫЛДАРЫ «САЯСИ СЕНІМСІЗДЕР» РЕТІНДЕ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНА
ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАНДАР**

**Сейтқұлова Ж.М. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті**

Аңдатпа. Мақалада 1941-45 жылдары Сталиндік режимнің саясатымен ешбір сот шешімінсіз «саяси сенімсіздер» деген айыппен ешбір кінәсіз этностар мен этникалық топтар өз тарихи отандарынан еш жағдайы жасалмаған эшолондармен Жамбыл облысына депортацияланғандары архив құжаттары негізімен баяндалған.

Түйінді сөздер: Депортация, этностар, Кеңес өкіметі, неміс, шешен, қарашай, саяси сенімсізлер, Жамбыл облысы.

Қашанда тарих ғылымы мен тарихшы-ғалымдар өткен тарихты ақиқат тұрғысынан зерделеп, халықтың тарихи санасын қалыптастыруды парыз санады. Қазақстандықтардың ұлттық идеясы мен тарихи санасын қалыптастырып, халықтың бірлігін нығайту мақсатында тарихи тағылыммен сабақ алу – болашақтың басты кепілі.

Қазақстандағы түрлі этностар мен этникалық топтардың тату-тәтті бірге тұруы басқа мемлекеттерде қалыптаспаған ерекше қазақстандық менталитетті қалыптастырды. Қазақстанның бірегейлігі этностық саналуандығында. Әлемдегі көптеген мемлекеттерде осындай полиэтностық жүйе қалыптасқан. Бірақ, Қазақстандағыдай ерекше қалыптасқан өзге ұлт өкілдеріне деген мейірбандылық пен толеранттылық басқа мемлекеттерде кездесе бермейді. Бұл – қазақстандықтарға басқа халықтармен құнды мәдени жетістіктерді алмасу мүмкіндігін беретін біздің бүкіл қоғамның орасан зор байлығы, ортақ жетістігі.

Бүгінгі Жамбыл облысындағы 87-ден астам этностар мен этникалық топтардың өзіндік келу тарихы бар. Ол Сталиндік режим кезіндегі әр жылдарда бүтіндей бір халық – Қазақстанның барлық облыстарына 800 мыңға жуық неміс, 102 мың поляк, 550 мың Солтүстік Кавказ халықтарының өкілдері, 18,5 мың Қиыр Шығыстағы корей отбасыларының депортациялануы.

1941-1945 жылдары Кеңес-Герман соғысы жылдары депортация үрдісінің екінші кезеңі басталды. Соғысқа дейінгі күшпен қоныс аударту операциясы мемлекет қауіпсіздігін күшейту мақсатында жасалса, ал, соғыс кезінде ұлттық-аймақтық автономиялары бар көптеген этностар тұтастай депортацияға ұшырады. Соғыс басталысымен Батыс Украина, Батыс Белоруссия, Балтық жағалауы, Бессарабия аумақтарынан республикаға арнайы қоныс аударылғандардың, яғни депортацияланғандардың жаңа контингенті пайда болды. Оларға «саяси сенімсіздер» статусы тағылды. Сонымен, Кеңес-Герман соғысы жылдары 61 этнос пен этникалық топтар күшпен қоныс аудару үрдісіне ұшырады.

Соғыс кезінде республикаға арнайы қоныс аударылғандардың алғашқы легін немістер бастады. 1941 жылдың 28 тамызында Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Халық Комиссарлар Кеңесінің және БКП(б) Орталық Комитетінің бірлескен № 2060-935 сс «Еділ бойы аудандарында тұратын немістерді қоныс аудару

туралы» қаулысымен күзде әкімшілік тәртіппен Қазақстанға неміс ұлтын көшіру туралы шешім қабылданды. Москва, Ленинград, Сталинград, Саратов, Куйбышев облыстары мен Краснодар өлкесінен, Армения, Әзірбайжан, Грузия, Украина аймақтарынан немістер жер аударылды. Майдандағы офицерлер мен солдаттар шақыртылып алынды. Алғашқы кезеңде 361 мың неміс депортацияланды. 1939 жылғы бүкіл одақтық мемлекеттік санақ бойынша КСРО-да 1 427222 неміс болса, соның ішіндегі 441713-сі республикада тұрды [1, 51 б.].

Немістерді депортациялау туралы қаулының шығу себебі Еділ бойындағы немістердің КСРО-ға шабуыл жасаған фашистік Герман әскеріне көмектесуі мүмкін деген сылтау еді. Әрі Поволжьедегі неміс автономиясын жоюға бағытталған алғышарт болатын. 1941 жылдың 6 қыркүйегіндегі Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің қаулысы бойынша немістерді КСРО-ның өзге территорияларымен қоса Қазақстанның Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Семей, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарына орналастырды. 1941 жылдың 28 қыркүйегінде Жуалы ауданының орталығы Бурное станциясына 252 неміс этносының өкілдері депортацияланады. Оларды аудандағы қазіргі Бәйтерек, Нұрлықент, Қосбөлтек, Сұрым елді мекендеріне бөліп орналастырады.

1941 жылдың 11 қазанында Жамбыл облысына 3 эшалон (№1063,1064,1066) депортацияланған немістердің 7769 адамнан құралған 1760 отбасы әкелінеді. Олардың құрамында 1714 – ер адам, 2352 – әйел адам, 3703 – балалар болды. Бұлардың арасындағы 2 мыңы Қырым аймағынан келген, кезінде Ростов ауданынан қоныс аударған немістер еді. Жамбыл жеріне жеткенше эшалондағылардың 8-і станцияларда қалып қойса, 16-сы қайтыс болған, 1 сәби дүниеге келген. Барлығын облыс әкімшілігі Сарысу, Свердлов, Жамбыл, Талас, Шу аудандарындағы елді мекендерге орналастырады [2, с. 63].

1941 жылдың 28 қазанында берілген деректе 2347 немістерді Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстарына тағы да әкеледі. 1941 жылдың 1 қарашасындағы мәліметте 50 мың немісті Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстарына қалдырған [3, с.68]. 1941 жылдың 5 қарашасында берілген дерек бойынша Жамбыл облысына 1941 жылдың 25 қазанында 4 эшалонмен 10550 және 26 қазанында 2650 адам әкелінгені баяндалады. Олардың барлығы дерлік Краснодар аймағының немістері еді [2, с. 68]. Депортацияланғандарды Жамбыл, Сарысу, Талас, Свердлов, Шу, Көктерек аудандарындағы орыс және украин этностары басым орналасқан колхоздарға орнықтырады. 1941 жылдың қыркүйегі мен 1942 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстанға депортацияланған 385 785 немістің Жамбыл облысына 41 000-ын орналастыру жоспарланса, нақты әкелініп тіркелгендері – 20994 адам болды [1, с.75]. Осы кезеңдерде елімізге саяси жер аударылған немістер республиканың ауыл шаруашылығы салалары мен өндіріс орындарында жұмыстар жасады. Депортацияланғандар арасында адам өлімі өте жоғары болды. Соныменен, КСРО-дағы 1 209 430 немістердің 1941-1945 жылдары жалпы Қазақстанға депортацияланғандары 444005 адамды құрады.

Келесі облысқа депортация үрдісімен әкелінген этностың бірі – финдер. Әскери Кеңестің Ленинград майданы бойынша 1941 жылдың 26 тамызында шыққан №196 сс қаулысына сәйкес Коми АССР-і мен Архангельск облысында тұратын немістермен қоса финдер де көшірілді.

1941 жылдың 6 қыркүйегінде Жамбыл облысына әкелінетін 30 мың финдерді бөліп аудандардағы елді мекендерге орналастыру туралы жоспар жасалып, облыс орталығына тапсырылады. Архив құжаттарында алғашқы эшалонмен келетін 3500 финдерді Свердлов ауданының басшылары 1075-ін Жамбыл станциясынан, 1465-ін Үшбұлақ станциясынан, 960-ын Ақшолақ станциясынан қарсы алатындығын жолдаған. Осындай мәліметтерді облыстың өзге де аудандары берген. Берілген мәліметтерде алдын ала бөліп жоспарлаған елді мекендерге орналастыру тәртібі мен сол орналастыратын ауылдардың орталықпен ара қашықтығы көрсетіліп жіберілген.

1941 жылдың 26 тамызы мен 19 қыркүйегі аралығында Жамбыл облысына эвакуацияланғандар мен депортацияландарды орналастырғандығы жөнінде берілген мәліметте 9 аудандағы 53951 шарушылықта 258924 адам тұратындығы көрсетілген. Осы құжатта 1941 жылдың 19 қыркүйегінде Луговой ауданына – 2500 фин, Свердлов ауданына – 2500 фин, Мерке ауданына – 3000 фин қоныстандырған.

Сонымен, барлығы Жамбыл облысының жоғарыдағы үш ауданына депортацияланатын 30 мың фин орнына 8000 фин қоныстандырылған [3, 62 б.], [4].

1946 жылдың 12 қаңтарында арнайы көшірілгендердің режимі біткен кезеңде финдерге қайтадан Ленинград облысына көшуіне рұқсат етілмеді. 1949 жылдың 11 ақпанындағы КСРО министрлер Кеңесінің қаулысынан кейін олар Ленинград облысының шектеулі аймақтарына ғана көшіп баруларына рұқсат алды.

Қазақстанға поляктардың алғашқы көшірілуі 1939-1940 жылдары гитлерлік Германияның Польшаны жаулап алуы кезінде өтсе, екінші легі соғыс басталғаннан кейін қайта қолға алынды. 1940-1941 жылдары 200 мыңдай поляктарды Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Талдықорған облыстарына депортациялап, орналастырады.

Жамбыл облысының Көктерек және Шу аудандарына депортацияланған поляктарға 1941 жылдың 30 желтоқсанында КСРО-дағы Польша Елшілігі аудандық партия комитетінің хатшысына көмек берулерін және Польша азаматы Балясик Феликс Иосифовичті елшіліктің сенімді өкілі ретінде қабылдауларын өтінеді [5].

1941 жылы Өзбекстанға депортацияланған поляктарды еліміздің Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарына қайтадан жер аударады. 1942 жылдың 28 қаңтарында Жамбыл облысына – 22051 поляк әкелінген. Оларды:

- Түркістан-Сібір жолындағы Отар станциясының №29 мектеп- интернатына;
- Луговой станциясы мен осы ауданның колхоздарындағы жатақханалар мен мектептерге, №33 темір жол бойындағы мектепке, аудандағы магазиндер мен қоймаларға;
- Меркі ауданының клубтары мен колхоздарының клубтарына, «Қызыл Интернационал», «Красный Восток» колхоздарына;
- Оңтүстік Қазақстан облысына сол кезеңдерде қараған Шақпақ станцияларына уақытша тұрақ ретінде орналастырады.

Соғыс жылдары КСРО - ның түрмелерінде тұтқында отырған поляк азаматтарына рақымшылық жасалынды. 1942 жылдың 22 қаңтарында Жуалы ауданының Шақпақ ата ауылындағы шахта маңында поляк ұлтының әскери тұтқындары болды. 1943 жылдың тамызынан бастап, поляк-кеңес пактісіне қол қойылғаннан кейін Қызыл Армияның қолдауымен олардың көп бөлігі Владислав Андерс бастаған поляк армиясының қатарында әскери қимылдарға қатысты. Андерс армиясына енгісі келмегендердің бір бөлігі Қазақстан аумағында қалды. Соғыстан кейін олардың көпшілігі еліне қайтқанымен, 1930 жылдары депортацияланған бөлігі қалып қойды. Тәуелсіздік жылдары Луговой және Шақпақ станцияларын уақытша тұрақ еткен кезеңде қайтыс болған поляк жауынгерлеріне арнап ескерткіш орнатылды [6, 320-321 б.б.]. Облыстағы Сталин атындағы колхозда поляктар көптеп орналасты және облыс басшылары оларды азық-түлік, баспана және отынмен қамтамасыз етті. Архивтегі 282-қордағы 1-тізбе, 548-ісінің 36-бумасындағы құжаттарды парақтасаңыз, көңіліңізге қаяу түсіретін деректер мен дәйектер бар [7]. Соғыс жылдары қыстың қақаған аязында поляктардың көбісі ауырып қайтыс болды. Балалар өлімі көбейді.

Польша консулының қаржысымен Жамбыл облысында екі балалар үйі қаржыландырылып, қолға алынған. Ол балалар үйінің бірі Қордайда, екіншісі Шу ауданында болды. Кейінірек, 1945 жылы Қазақ ССР-дағы Наркомпрос мәліметі бойынша поляк балалары үшін 979 адамды құраған 10 балалар үйі ашылған. Солардың бірі Жамбыл облысындағы Шу ауданына қарайтын Мойынқұмдағы балалар үйінде 71 бала тәрбиеленсе, Свердлов ауданына қарасты Ново-Ивановка, қазіргі Жетібай ауылында соғыс кезінде балалар үйі болды. Сол балалар үйінде поляк балалары тәрбиеленді. 1944 жылы 23 қарашадан бастап облыста балабақшалар ашылып, оларда да поляк балалары болған.

1943-1944 жылдары Қазақстан жеріне Солтүстік Кавказдан, Қырым мен Закавказьеден барлығы 507480 адамнан құралған армян, әзірбайжан, грек, қалмақ, қарашай, ингуш, шешен, балқар, қырым татарлары, түріктер депортацияланады. 1942 жылдың тамызынан 1943 жылдың қаңтарына дейін қарашайлықтардың жері неміс басқыншылардың қолында болып, бұл территория жаудан тазартылғаннан кейін Кеңес өкіметі 1943 жылдың 12 қазанында «Қарашай автономиялық облысын жою және территориядағы әкімшілік төңіректі қайта құру» туралы құпия қаулы қабылдайды. Бұдан кейін Кеңес өкіметі «неміс басқыншылары Қарашай Автономиялық облысына басып кірген кезеңде қарашайлар опасыздық көрсетіп, сатқындық жасап, көптеген адамдарды немістерге ұстап берген, неміс-фашистерінің құрған ұйымына кіріп, Кеңес өкіметіне қарсы соғысты» деген желеумен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Кеңес қаулысымен Қарашай автономиялық облысы жойылды. 1943 жылдың 14 қазанында КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі қарашайлықтарды туған жерінен көшіру туралы құпия қаулы шығарады. Көптеген қарашайлықтарға «Закавказье асуынан өтер кезде немістерге жол көрсетті» деген желеумен айып тағылып, тұтқынға алынып, түрмелерге жабылды. Сөйтіп, ұлтты қатаң жазалау мақсатымен, 70 мыңға жуық тұрғыны бар Қарашай Автономиялық облысы жойылды. 1943 жылдың 2 қарашасы күні 14774 қарашайлық шаңырақ, жалпы саны 69267 адам Қазақстан мен Қырғызстанға депортацияланды. Қазақстанның Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына 11711 шаңырақтан құралған 45529 адам бөлінеді [8, 51 б.]. Аз уақыттың ішінде үйлерінен қажетті деген 100 кг заттары мен азық-түлігін алып шығуға рұқсат беріп, арнайы әскермен машиналарға артып, қыстың күндері жағдайы жасалмаған вагондарда бірнеше аптада әкеледі. Жолда суық пен аштықтан қарашайлардың 30% -ы, яғни қарттары мен жас балалары – барлығы 22 мың адам ауырып қайтыс болады. Қарашайларды қоныстандыру туралы большевиктер Коммунистік партиясының Орталық Кеңесі және Халық Комиссарлар Кеңесі шығарған Солтүстік Кавказдан көшіп келушілерді Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде орналастыру туралы қаулысын қабылдады. Сол қаулының негізінде 1-кестеден көріп отырғандай, Жамбыл облысының 7 ауданына барлығы 5699 отбасынан тұратын 20285 адам қоныстандырылды [9, с 51]

1- кесте

1943 жылы қазанда Жамбыл облысы аудандарына қоныстандырылған қарашайлар

№	Аудан атаулары	Жанұя саны
1.	Жамбыл ауданы	1050
2.	Свердлов ауданы	1020
3.	Талас ауданы	429
4.	Луговой ауданы	550
5.	Мерке ауданы	850

6.	Қордай ауданы	750
7.	Шу ауданы	1050
Барлығы – 5 699 жанұя саны		

Жамбыл облысында оларды орналастырып ұйымдастыру үшін 11 арнайы комендатура құрылған. Депортацияланған қарашайлар туған-туыстарын іздестіру мақсатында аудан басшылары мен арнайы комендатураларға 2000-нан аса өтініш түсірді. Олардың арасында жергілікті халықтың қарашайлардың туыстарын іздестіруге көмектескен. 2543 қарашай Қызыл Армия қатарынан демобилизациялап, арнайы комендатурамен айыпталады. Жер аударылып келген қарашайлар колхоз, совхоздарға орналастырылып, ауыл шаруашылығында жұмыс жасады. Колхоздардағы бос ғимараттар мен жергілікті қазақ үйлеріне кіргізілді. Тұратын үйлерін жөндеуге, саман кірпіштен тұрғын үй салуға жергілікті басшылық өкілдері көмектесті. Бұл тапсырысты орындау сол кезеңдегі ауыл халқының негізін қалаған қазақтарға салынғаны белгілі.

Мысалы, 1943 жылдың төртінші кварталында қоныс аударушыларға арнайы көмек көрсетуге арналған көмек жоспары құрылған. Сол жоспар бойынша 120 вагон ағаш материалдары, 9 тонна шеге, 6 мың шаршы метр терезе әйнегі берілген. Сондай-ақ, әр отбасыға 7 жылға 5 мың рубль көлемінде ақшалай несие беріледі.

1944 жылдың 31 қаңтарында КСРО Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің Солтүстік Кавказдан шешен және ингуш ұлттарын депортациялау туралы №5073 құпия шешімі шығарылды. Шешім бойынша депортацияланған шешендер мен ингуштерді Қазақстан мен Қырғызстанға орналастыру көзделді. 1944 жылдың 21 ақпанында осы шешімді жүзеге асыру жайындағы жарлық шықты. Шешен-Ингуш АКСР-ін жою, халқын жер аудару мәселесін Л. Берия басқарды. 1944 жылдың 24-29 ақпанында барлығы 478479 шешен мен ингуш этностары жер аударылды. 1944 жылдың наурыз айының ортасында Қазақстанға шешендер мен ингуштер тиелген эшалон жетеді. Жамбыл облысына – 537 отбасынан құралған 17448 адам, Талдықорғанға – 19 отбасы (36 адам), Оңтүстік Қазақстанға – 5949 отбасы (23283 адам) тұратын барлығы 6505 отбасын 40767 адамымен орналастыру жоспарланды. 1945 жылғы қазанда берілген мәлімет бойынша Қазақстанда барлығы 406375 шешен мен ингуш ұлттарының өкілдері болған [10, с.4.].

1944 жылдың 27 наурызы мен 20 қараша аралығында Жамбыл облысына арнайы қонысаударушы 1000 шешендер мен ингуштердің отбасы 5 ауданға орналастырылады. Оларды төмендегідей бөлді:

1. Свердлов ауданына – 150 отбасы;
2. Қордай ауданына – 200 отбасы;
3. Меркі ауданына – 250 отбасы;
4. Жамбыл ауданына – 200 отбасы;
5. Шу ауданына – 100 отбасы.

Аталған аудандардың 10 совхозына 215 отбасы, 60 колхозына 785 отбасы бөлініп, қоныстандырылды. Колхоз және совхоздардағы клуб, мектеп т.б. жайларға 865 отбасы тығыз орналастырылса, 135 отбасына жергілікті халықтың босаған немесе тұрып жатқан үйлерінің бір бөлмесі берілді [11]. Жамбыл облысына нақты депортацияланған шешендер мен ингуштердің жалпы саны 20882 адамды құраса, олардың 20035 – шешендер, 847 – ингуштер, 500-ден аса Цунтин таулы ауданының тұрғындары – аварлар болған. Сонымен қатар шешен және ингуш ұлт өкілдерінің майдандағы ер-азаматтарын соғыс ошақтары аймақтарынан тылға – туыстарын көшірген жерлерге жіберген.

1942 жылдың тамыз айында Кабардин-Балқар АКСР-інің бес ауданы неміс басқыншыларының қол астында қалды. 1943 жылдың басында аймақ жаудан тазартылды. НКВД-ның «Қарақшылық әрекеттері мен неміс басқыншыларымен ынтымақтасты» деп таққан айыптары бойынша жүздеген балқарлар атылды. 1944 жылдың 24 ақпанында Л. Берия И. Сталинге балқарларды депортациялау туралы мәлімдеме жасайды. 26 ақпанда НКВД «Кабардин-Балқар АКСР-ін жою туралы іс-шаралар» қаулысын шығарды. 1944 жылы Кабардин-Балқар АКСР-і Кабардин АКСР-і болып өзгертіліп, балқарлар Қазақстанға қоныс аударылды. Балқарлар мұсылман дінінің сүнниттік тармағын ұстанған түркі тілдес халық болса, кабардиндер христиан дінін ұстанушылар болды. Бұл әрекеттің астарында бөлініске салынатын жер мәселесі де тұрды. Эльбрус, Чегем, Хуламо-Безенгиев, Черек және Нальчик қаласындағы балқарлар тұратын территорияның аймағы Грузияға, ал қалған территориясы РСФСР-ға берілді. 1944 жылдың 5 наурызында шыққан жарлық бойынша 1944 жылғы 8 наурызда ертемен 24 сағаттың ішінде НКВД-ның НКВД-ның 21 мың жауынгерінің күш көрсетуімен 37 мың 713 адамнан құралған балқарлар түгелдей депортацияға ұшырайды. Олардың 52%-ы балалар, 30% -ы әйелдер, 18% -ы ер адамдар болды. Әр отбасына киім-кешегі мен азық-түлігінен 20 кг затты жинақтап алып шығуға рұқсат етілді. Олардан өзге 476 адам «антисоветтік элемент» ретінде тұтқындалды. Тарихи құжаттарда балқарларды депортациялау ісі «Солтүстік Кавказ – 455» деп аталды. Ешбір жағдайы жасалмаған 14 эшалонға тиелген балқарлар 18 күндік жолда суық пен індеттен 562 адамынан айырылады. 8 наурыз балқарларда қаралы күн ретінде аталып өтіледі.

1944 жылдың 17 наурызында жер аударылған 16665 балқар Жамбыл облысының Шу, Жамбыл, Свердлов аудандарына орналастырылды [12, с. 114]. Қазақстанға 4660 отбасынан тұратын 16684 балқар әкелінді. Олардың 11373-ы ауыл шаруашылығында жұмыс жасау үшін тіркеуден өткен. 1945 жылдың 1 қазанындағы мәліметте Жамбыл облысына 6042 адамнан тұратын 1680 балқар отбасының орналастырылғаны

келтірілген. «Жаумен ынтымақтасты» деген желеумен балқарлардан кейін 1944 жылдың 20 мамырында тағы да балқарлар мен кабардин ұлтының өкілдері Қазақстанға депортацияланады. Жамбыл облысына тек балқарлардан 1593 отбасы, 6124 адам әкелінеді.

1944 жылдың наурыз айының соңында Грузиядан 608 күрді және 3240 әзірбайжан ұлты жер аударылды. 1944 жылы 11 мамырда Қырым АКСР-і де жойылып, депортацияланған (жалпы саны 193865 адам) 4500 адамның 276 адамы Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарына, 4224 қырымшақ Жамбыл облысына орналастырылды. Сонымен бірге, Қырымнан Қазақ жеріне барлығы 7 мың болгар мен гректер депортацияланды. 1944 жылдың 29 мамырында Л.П. Берия И.В. Сталинге Қырым АКСР-нен болгар, грек, армяндарды жер аудару туралы баяндайды. №5984сс «Қырым АКСР-нен болгар, грек, армяндарды жер аудару» бұйрығы бойынша 20 мың армянды жер аударды. 1944 жылдың 28 маусымында Армения, Әзірбайжан аймағынан, Қара теңіз жағалауынан түрік, грек, дашнактарды жер аударды.

Түркиямен туыстық байланыстары бар және сенімсіз ұлттар қатарына жатқызған Кеңес өкіметі түріктерді алғашқы тілі ұқсас болғандықтан әзірбайжандарға қосты. Кейінірек түбі бір түрік халықтары ретінде күшейіп кетуінен үрейленіп, 1925-1940 жылдары күштеп олардың ұлты мен тегін грузин деп өзгертті. Көп кешікпей алғашқыда әзірбайжан, одан грузин деп жазылған түріктер мен әзірбайжандарды орналастырған аймақтарынан тағы да күштеп көшірді. Құжаттарында ата-тегі мен ұлтын сақтаған түрік отбасыларында дүниеге келген сәбилерге төлқұжат берілмеді. Қазақстанға түрік-месхетиндер деп бөліп түрік этностарын алғашқыда 1938 жылдың соңында күрдтер мен армяндармен бірге күшпен жер аударылды.

Түріктерді депортациялаған кезеңде КСРО-да тұрған елді мекендерінің атауымен және тарихи даму ерекшеліктеріне орай субэтностық негізді қалаған оларды түрік-ахыскалар, түрік-хемшилдер, түрік-терекеме деп бөліп атау қалыптасты. Бұлардан басқа түріктерді түрік-месхет деп Месхетия территориясымен атап бөлу осы депортация кезеңінде басталды. Түрік-месхет деп бөліп отырған түріктер негізінен түрік-ахыскалар еді. Депортация кезеңінде Месхетия территориясында түріктер мүлдем жоқ болды деуге келеді. Бұл Л.Берияның сол уақытта өзге де аз санды ұлттарға жасаған қиянаты секілді түріктерді тарихи түбірінен шатастыру мақсатында жасалған саясат болды.

Түрік-ахыскалар Грузияның Месхетия және Джавахетия аймақтарында ерте кезеңдерден мекен еткен түрік тілдес халықтар. Бұл аймақты 1578 жылдардан бастап Осман империясының Ахыска пашалығы билік етті. 1828 жылы Орыс-түрік соғысы аяқталған кездегі «Андриополь келіссөзі» бойынша территория Ресей аймағында қалды. Ал, сол жерді мекендеген түріктер диаспора ретінде қала береді. Олардың көбісі Ресей империясының отарлық саясатына шыдамастан Түркияға көшіп кетіп, территорияларына армяндар қоныстана бастады. Кеңес өкіметі кезінде Грузияның Түркиямен шекаралас Ахыскине, Ахалкалак, Адыгюн, Аспиндза, Богданов аудандарындағы ауылдық аймақтарындағы түріктер саны өсіп, дамыды. Кеңес-герман соғысы жылдарында Түркия фашистік Германия жағында Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына соғыс ашады деп қауіптенді. Грузияның оңтүстігіндегі жоғарыда аталған бес ауданындағы түріктерді өзге аймақтарға қоныстандыруды қолға алынды [13.75 б.].

1944 жылдың 12 сәуірінде Грузия ІХК төрағасы Г.Каранадзе КСРО ІХК төрағасы Л.Берияға жазған мәлімдемесінен кейін екінші депортациялау үрдісі басталады. Мәлімдемеде түрік, күрд және әзірбайжандардың бір бөлігі жасалған шешімді бұзып, орналастырған елді мекендерді тастап, Тбилисиге кеткендері туралы баяндалды.

1944 жылдың 24 шілдесінде Л.Берия осы мәлімдеменің нәтижесі ретінде И.Сталинге Грузияның шекаралық қауіпсіздігін сақтау мақсатында Түркиямен шекаралас Ахыскине, Ахалкалак, Адыгюн, Аспиндза, Богданов аудандарындағы ауылдық аймақтарындағы түріктерді депортациялау мәселесін көтерді. 1944 жылдың 31 шілдесінде оларды депортациялау туралы № 6279 қаулы қабылданды. 1944 жылдың 20 қыркүйегінде НКВД-ның №001176 жарлығы шықты. Депортациялаудың алдында сорақы саясат ұстанған Грузия басшылары оларға өз ұлттарын грузин ұлтына ауыстыру туралы үгіт-насихат жұмыстарын жасады. Бірақ өздерінің ұлттық тарихи ерекшелігі мен дінін өзгертпейтіндігі туралы халық үзілді кесілді қарсы шықты. Сонымен оларға «Туыстық байланыстары бар», «жаумен ынтымақтастық күрды», - деген айыптар тағылды.

1944 жылдың қараша айының басында түріктер тұрған аудандарды НКВД әскерлері қоршады. 1944 жылдың 15 қарашасындағы таңда басталған депортациялау үрдісі бірнеше күнге созылды. Грузияның 220 елді мекенінен 125 000 халық, олардың ішінде 115 000 түрік, 7000 күрді және 3000 хемшилдер Қазақстан, Қырғызстан мен Өзбекстанға депортацияланды.

Осы кезеңдерде ұрыс даласында 46000 ахыска түріктері соғысып жатты. Олардың 26000- ы майдан даласында қаза тапты. Ерлігі үшін қаншама ахыска түрік жауынгерлері медаль және ордендермен марапатталды. 8 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Қаулы нәтижесімен әскер қатарындағы түріктер босатылып, туыстары көшкен аймаққа жіберілді.

1944 жылдың 31 шілдедегі Мемлекеттік қорғаныс Комитетінің қаулысымен Қазақстан басшылығына Грузиядан көшірілген 40 мың адамды қоныстандыру тапсырылды. Қазақстанға 6309 түрік жанұясы – 27833 адам, Өзбекстанға 10756 жанұя -53127 адам көшірілді. Грузиядан көшірілген түріктер Қазақстанның 5 облысына жайғастырылды;

- Алматы облысына - 2544 жанұя - 11004 адам;

- Жамбыл облысына - 822 жанұя - 3415 адам;
- Қызылорда облысына - 373 жанұя - 1826 адам;
- Талдықорған облысына - 337 жанұя - 1441 адам;
- Оңтүстік Қазақстан облысына - 2233 жанұя - 10147 адам.

Барлығы: 6309 жанұя - 27833 адам.

1944 жылдың 12 қазанында Жамбыл облысының басшылары республика басшылығына тағы да 1000 қоныс аударушыны қабылдайтындығын хабарлаған. 1944 жылдың 25-26 қарашаларында Аджария территорияларынан хемшилдер осы аймақтағы өзге этностар грек және күрді, түріктер тағы да депортацияланып, олардың бір бөлігі Жамбыл облысына қоныстандырылды.

1944 жылдың 9 желтоқсанында 50 эшалонмен Грузиядан түрік, күрді, хемшилдер депортацияланды. Күрділер үшін бұл депортациялау үрдісінің екінші толқыны болды. Қазақстанға 11 эшалонмен 20634 адам әкелінді. Әзірбайжан территориясында қалғандары құжаттарын әзірбайжан ұлты деп өзгертіп қуғыннан аман қалды. Облысымызға Грузиядан депортацияланған күрділердің 3351 адамнан құралған 797 отбасының 1665-і балалар болды. Күрділерді көшірмес бұрын олардың дүние-мүлкі, малдары тәркіленіп алынды. Өздері НКВД-ның қатаң бақылауында жүк вагондарымен әкелініп, облыс пен аудандарға бөліп орналастырылды [14, с.155].

1944 жылдың 10 желтоқсанында Жамбыл темір жол станциясына екі эшалон депортацияланғандар тағы да әкелінеді. Олар азық-түлік пен жылудың жоқтығынан сүзек ауруымен ауырып, 5 адам қайтыс болады [15, с.155].

Осы жылдары облыстағы елді мекендердің әлеуметтік, экономикалық жағдайы өте ауыр болды. Ауылдарда қылмыс өсіп, зорлық-зомбылық, ұрлық көбейген. Қоныстанушылар үлкен қиыншылықтарға тап болды. Орналасатын бос үйлердің жоқтығы мен азық-түліктің бітуі, медициналық көмектің болмауынан олардың арасында түрлі эпидемиялық аурулар тарады. Жұмысқа орналастыру барысында қоныстанушыларға жұмыс табылмай, бір шаруашылықтан екіншісіне көшіру барысы жиіледі [16].

Бұл үрдіс 1945 жылдың қаңтарында аяқталады. Адам төзгісіз ешбір жағдайы жасалмаған товар таситын поезда олардың 20-30%-ы балалар мен әйелдер, қарттар жолда қайтыс болады. Депортацияланғандар арасында – 66823 түрік, 8843 күрд, 13977 хемшилдер болды [10, С. 103-114], [3, с. 208].

1944 жылдың 8 ақпанынан 1944 жылдың 13 желтоқсанына дейін «Қордай ауданына арнайы қоныс аударушыларды орналастыру және жұмыспен қамту туралы мәліметті» қарастырсақ, қоныс аударушыларды елді мекендерге орналастыру тәртібі 2- кестеде келтірілген.

2-кесте

№	Елді-мекендер атауы	Кулак-тар		Неміс тер		Қарашай		Шешен-дер		Балқар		Барлығы	
		отбасы	адам	отбасы	адам	отбасы	адам	отбасы	адам	отбасы	адам	отбасы	адам
1.	Роза-Люксембург					96	358	63	221			159	579
2.	Красный рисороб							26	95			26	95
3.	Буденный					43	148					43	148
4.	Молотов	3	11			19	64	27	102			49	177
5.	Трудовик	194	480	52	162	128	452					374	1094
6.	Сталин					43	143					43	149
7.	Панфилов					78	304					78	304
8.	Степное	171	550	9	23	45	169					225	742
9.	Луб.завод	34	83			49	206	42	174			125	469
10.	Талапты					108	393					108	393
11.	Жаңа-тұрмыс							40	171			40	171
12.	Шокпар	4	14			48	117	49	241			101	352
13.	«Искра Ленина» колхозы							145	357			145	537
14.	Чкалов							142	612			142	612
15.	Кеңес							59	267			95	267
16.	Пром. прод.	8	15			9	35	19	75			35	125
17.	Гос.учреж.					1	9	3	9			4	18
18.	Коминтерн					79	344			36	170	115	514
19.	Куйбышев					45	128			51	184	98	366
20.	Қара-кемер									36	139	36	139



21.	Қызыл-сай									32	128	32	128
22.	М.Т.С.	4	9									4	9
Барлығы:		418	1162	61	185	791	2930	615	2464	155	621	2040	7362

Мұрағат дерегінен көргеніміздей 1944 жылдың 23 маусымына дейін ауданда 2040 отбасы 7362 адам тіркелген [12].

1945 жылдың 1 қаңтарында Кеңес-Герман соғысы кезеңінде Солтүстік Кавказдан арнайы қоныстанушылар саны 900 мыңнан 1 млн. 209 мыңдай адам болған. Ал, осы 1945 жылдың 1 қаңтарында Қаз КСР НКВД тізімі бойынша есепте тұрғандардың саны – 232593 отбасы, яғни 815319 адам болды.

1941-1945 жылдары барлығы 15-ке жуық этнос пен этникалық топтардың өкілдері депортация үрдісіне ұшыраған. 3-кестеден көргендей архив құжаттарындағы нақты деректерде, Жамбыл облысына депортацияланғандар саны әлдеқайда көбірек. Олардың жалпы саны 128 171 адам болған.

3-кесте

1941-1945 жылдары Жамбыл облысына депортацияланғандар саны

№	Депортацияланған этностар	Адам саны
1.	Немістер	20994
2.	Финдер	8000
3.	Поляктар	22051
4.	Қарашайлар	20285
5.	Шешендер	20035
6.	Ингуштер	847
7.	Аварлар	500
8.	Балқарлар	24469
9.	Қырымшақтар (тек біздің ғана облысқа орналастырылған)	4224
10.	Түрік, күрді, хемшил тағы да басқалары	6766
Барлығы		128 171

Саяси жер аударуға ұшыраған этностар мен этникалық топтар сталиндік зобалаң нәтижесімен көптеген қиыншылықтарға ұшырады. Депортацияға ұшырағандардың жағдайлары өте нашар болды. Азық-түлік, тұрғын үй, киім-кешектері болмады. Аштықтан, суықтан, жұқпалы індеттерден адам өлімі көбейді. КСРО Ішкі істер басқармасының 1944 жылғы есебі бойынша депортацияланған 144704 адамның 101036-сы қайтыс болған.

Кеңес-Герман соғысының алапат шығындар әкелуіне қарамастан мемлекет депортациялау үрдісіне қосымша шығын шығарды. Саяси жер аударылғандарды көшіру, күтіп алып, орналастыру үшін арнайы қаржы бөлінді. Ол қаржының көбісі депортацияланғандарды қабылдаған жергілікті халықтың қаржысы есебінен толықтырылды.


1944 жылдың 27 наурызынан 20 қарашасына дейін Жамбыл облысында депортацияланғандарды жұмыспен қамту, оларға тұрғын үй салуға жер телімі мен құрылыс материалдарын беру, ауырғандарға медициналық көмек көрсету, колхоз мен совхоздарға мал, азық-түлік және киім-кешекпен қамтамасыз етуді жүктеді. Арнайы қоныс аударғандардан жеке шаруашылықтар ұйымдастыру қажеттігі қарастырылды. Алайда жергілікті басқару органдары мүмкіндіктері жоқ екендігін алға тартты. Шешімдердің орындалмауы республикалық деңгейде қайта қаралып, орын алған кемшіліктерді жою үшін өкімет пен партия Солтүстік Кавказдан депортацияланғандарға барынша көмек көрсетуді тапсырды. Оларға жеке үй салуға 5000 рубльге дейін 7 жылға ссуда берілу керектігі жүктелді. 1944 жылдың 29 мамырына дейін депортациялағандардың әр адам басына тірідей салмағы 200 килограмм болатын тірі мал беру міндеттелінді. Осындай жұмыстардың жүргізілгені туралы мәліметтер облыстың мемлекеттік архивіндегі құжаттарда келтірілген [12].

1945 жылы қаңтарда КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің ісін басқарушы Я. Чадаев депортацияланғандарды есепке алып, қатаң бақылап ұстау үшін ереже жасады. Ережеде арнайы қоныс аударылғандардың құқықтық жағдайы белгіленді [11, с. 17]. Осыған байланысты депортацияланғандар «арнайы қоныстанушылар» деп аталып, орналасқан жерлеріндегі жергілікті ішкі істер бөлімінде есепке алынып, үнемі катал тексеруден өткізілді. Оларды шашырата орналастырып, орналасқан жерлерінен ешқайда көшпеге қажеттігін сақтатты, рұқсатсыз ешқайда бармады. Көрші ауылдардағы туыстарымен араласуға да қатал тыйым салынған еді. Жамбыл облысының өзінде депортацияланғандарды бақылау үшін 11 комендатура құрылды. Жергілікті қазақ халқы депортацияға ұшыраған барша халықтарға көмектесіп, қамқорлық жасады.

Сонымен, соғыс жылдары басым қарқынмен өткен депортация үрдісі Жамбыл облысының полиэтностық сипатын тереңдете түсті.

Әдебиеттер тізімі

1. ЖОМА. 282-қор, 1-тізбе, 252- іс, 17- бума.
2. Ен Хун . Қазақстандағы аз ұлттардың қатынастары және әлеуметтік саяси тарихы (1935-2009жж.). Авторефераты: Алматы. 2010 – 32 б.
3. Тараз. Жамбыл облысы: Энциклопедия /бас редактор. Б. Ғ. Аяған – Алматы: 2003. – 550 бет
4. Тоғжанов Е.Л., Кан Г.В., Коробков В.С. Шаяхметов Н.У. Қазақстан халқы Ассамблеясы: тарихи очерк/ Тоғжанов Е.Л., Кан Г.В., Коробков В.С. Шаяхметов Н.У. Тоғжанов Е.Л., Кан Г.В., Коробков В.С. Шаяхметов Н.У. – Алматы: Раритет, 2010. – 328 б.
5. ЖОМА. 306-қор, 1-тізбе, 3- іс, 31- бума.
6. Алексеенко Н.В. Население до революционного Казахстана в 1867-1914 гг. – Алма-Ата, 1965. – 114 с.
7. ЖОМА. 282-қор, 1-тізбе, 548- іс, 36- бума.
8. Хасанаев М. Для расселения выделить районы Казахстана... (Архивные документы о депортации народов в Казахстан) / Депортация народов проблема прав человека. Материалы семинара. — Алматы, 12 июля 1997. Алматы: Фонд «XXI ВЕК»
9. История российских немцев в документах (1763–1992). М.: МИГУП, 1993. – 448 с.
10. Из истории депортации. Казахстан. 1935-1936 гг. Сборник документов. Алматы: ЛЕМ, 2014 – 740 с.
11. Бугай Н.Ф. Правда о депортации чеченского и ингушского народов // Вопросы истории, 1990. – № 7, 4 б.
12. Садыков У. Курды: депортация в Казахстане / Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: Арыс-Қазақстан, 1998. 159 б.
13. Сейткулова Ж.М. Жамбыл облысындағы этностар мен этникалық топтар тарихы. Монография. – Тараз: Тараз университеті, 2017. – 190 б.
14. ЖОМА. 280-қор, 1-тізбе, 548-іс, 34- бума.
15. ЖОМА. 6-қор, 1-тізбе, 437-іс, 25- бума.
16. ЖОМА. 282-қор, 1-тізбе, 507-іс, 37- б



ӘОЖ 63.3 (2 қаз) (0.93)

ПАТШАЛЫ РЕСЕЙ БИЛІГІ ТҰСЫНДАҒЫ СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

**Қаниева Ботагөз Сәбитқызы - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
2-курс магистранты**

Аннотация. Баяндамада патшалы Ресейдің Сыр бойындағы отарлық саясатын көптеген деректер негізінде нақтылап, тарихнамалық талдаулар жасалынған. Атап-айтқанда, патша үкіметінің нұсқауымен Сыр бойына келген орыс, украин шаруаларының жергілікті халықтарға жасаған озбырлығын жан-жақты ашып көрсетеді. Сонымен бірге, патшалы Ресей билігі тұсындағы Сырдария олысының этникалық құрамының XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында түрлі өзгерістерге ұшырауы туралы жаңа қорытындыға келіп, өзіндік пікір ұсынды.

Түйін сөздер: Перовск форты, Әулие Ата, Қазалы уездері, Орал казактары, Ф.Кауфман, Ф.А.Шербинаның, П.П.Румянцев және т.б.

XIX ғасырдың ортасына таман Ресей империясы Арал аймағы арқылы бүкіл Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алу үшін өз әскерін даярлай бастады. Сыр өңірін басып алу арқылы патша өкіметі бірнеше стратегиялық жағынан маңызы бар жоспарларын жүзеге асыра алатын еді. Әсіресе, патша өкіметін және қалыптасып келе жатқан орыс буржуазиясын табиғат байлықтарына өте бай Түркістан өлкесі қызықтырды. Ондағы мақта және мал өнімдері Ресей мануфактурасына ең қажетті шикізат көздері еді. Ресей империясы Шығыстан мол табиғат байлықтарын іздестірумен қатар, стратегиялық жағынан маңызды Сыр өңірінің сауда жолдарына бақылау жасауға ұмтылды. Себебі патшалық Ресей Азиядағы сауда-саттық мәселесіне үлкен мән берді. Орыс деректерінің бірінде «Азиямен сауда жүргізу - Ресей үшін ұлы мақсат» [1, 213 б.], - деп атап өтілуі соның дәлелі. Яғни, қазақ даласы капиталистік қатынастарға дендеп ене бастаған Ресей экономикасы мен нарығына қажетті шикізат қоры мен тауарларын өткізетін нарық болып табылуы керек-тін.

Алдына қойған мақсатын жүзеге асыру жолында патша өкіметі басып алған Сыр өңірі Ресей империясы үшін әскери жағынан маңызды стратегиялық плацдарм болғандықтан, ондағы әскери-әкімшілік жүйесін күрделендіре түседі. Осыған байланысты Ресейдің өлкедегі мемлекеттік басқару жүйесі бірнеше отаршылдық мақсаттарды көздейді, біріншіден, әскери әкімшілік басқару құралдарын қайтадан құру және олардың өлкедегі билігін күшейту; екіншіден, өлкені өзінің ішкі өнеркәсібі және басқа да сұраныстарына қажет

арзан шикізат көзіне айналдыру; үшіншіден, өлкеге Ресейдің губернияларынан шаруалар мен казактарды әкеліп қоныстандыру және отарлау; төртіншіден, өлкені болашақта Орта Азия мен басқа да Азия елдеріне шабуыл жасайтын стратегиялық плацдармға айналдыру. Бұл жерде ағылшындар үшін Орталық Азияға кіру үшін Ауғанстандағы Герат провинциясы қандай маңызды болса, патша өкіметіне Сыр өңірі де сондай маңызды алаңға айналды.

Сондықтан Сыр өңірінде 1954 жылы патшаның жарлығымен Перовск форты, №1 форт (Қазалы), №2 форт (Қармақшы) және №3 форттар (Қуандария) негіздерінде Сырдария әскери шебі құрылып, оның қолбасшысы дивизия командирінің дәрежесімен теңестірілді [2, с.39] Осындай әскери-әкімшілік өзгерістерден кейін, Сыр өңіріне ең бірінші кезекте, Ресейдің ішкі губернияларынан казак-орыстар лек-легімен ағылды. Өйткені патша өкіметінің казактар мен шаруаларды көптеп қоныстандыруы өлкені бағындырудағы ең негізгі отаршылдық саясат еді. Бұл отаршылдық саясат арқылы отарлау казактарға ауыр тиіп, өлкедегі бұрыннан қалыптасқан шаруашылыққа орасан зиян тигізіп, казактарды күйзеліске ұшыратты [3, 66 б.]. Казак әскерлері бастапқыда орыс патшасының құлдығынан қашқан шаруалар, ұрылар, әр түрлі қылмыс жасаған топтардан құралып, тонаушылық жолында шығысқа қарай жылжыған жартылай әскерилендірілген әлеуметтік топ еді. Алайда уақыт өте келе патша өкіметі казактарды империяның жаулап алу саясатын жүзеге асыруда маңызды құралға айналдыруды көздеп, өз қызметіне алады [4, с.3-26].

Патша әкімшілігі Сырдарияның төменгі ағысына да Орынбор және Орал бекіністі шептерінен казактардың отбасыларын көшіре бастады. Олар Сыр өңірін отарлаушылардың алдыңғы тобын құрады. 1848 жылы Райым бекінісі жанында Орынбор казактарының 26 отбасын көшіреді. Кейін олар жылдан-жылға көбейе түседі. Райымға көшіп келген казактар болса жергілікті тұрғындарды ығыстырып, Сыр бойындағы шұрайлы және жақсы суландырылатын жерлерге орналастырады. Соның салдарынан егінші казактар пайдаланылмай жатқан құнарсыз жерлерді игеруге күш салса, кейбір казактар қоныс аударушылар мен шенеуніктердің қожалықтарында жалданып жұмыс істеуге мәжбүр болады. Өйткені казактар көп күшті қажет ететін Сырдариядағы суармалы егіншілікпен жұмыс істеуге құлықсыздық танытты. Сондықтан көп жерді иеленген казактар жергілікті халықты жалдауға көшеді [5, 385 б.].

Сонымен бірге, патша өкіметі Орта Азия хандарынан тартып алған бекіністерін және жаңадан салынған қорғаныс бекіністерді пайдалана білді. Қорған-бекіністер арқылы сол жерлерде өз билігін нығайтуды көздеді. Мысалы, патша әкімшілігі 1853 жылы Қоқан хандығының Ақмешіт бекінісін жаулап алғаннан кейін, сол жерден Орталық Азия хандықтарына жаулаушылық жорықтар жасау мақсатында, бекініске казак отбасыларын көбірек қоныстандыру керек деп шешеді. Осы мақсатты көздеген патша өкіметі 1854 жылы Петербургтен арнайы жарлық шығып, Ақмешітке 300 казак отбасын қоныстандыру және оған кететін барлық шығынды жергілікті казактардың түтін басынан алынатын алым-салық пен башқұрттардың қаржыларынан жұмсауға тапсырма береді [6, с.162]. Бұл іс-шара генерал Катенин тұсында жан-жақты жолға қойылып, жергілікті жерлерді әлсін-әлсін зерттеу арқылы казактарды орналастыруға ыңғайлы Сырдария өзенінің оң жағалауынан Қазалы, Қармақшы, Ақмешіт сияқты 6 елді мекен табылады. Алайда бұл жерлерге қоныс аударушылардың орналасуы өте қиын жағдайда жүрді. Осыған байланысты 1865 жылы патша үкімімен казак даласы мен Түркістан өлкесіне Ерекше Дала комиссиясы шығарылып, ол екі жыл өткен соң бұл өлкені басқаруға қатысты өз жоспарларын ұсынады. 1867 жылы наурызда император Александр II-нің жарлығымен Ресейдің Орталық Азия иелігінде басқару жүйесін құруға қатысты ұсыныстар даярлау мақсатында соғыс министрі Д.А.Милютиннің төрағалығымен Ерекше Комитет құрылады.

Патша үкіметі 1867 жылы 11 сәуірде Дала комиссиясына жаңа өлкенің әкімшілік басқару жобасын даярлауды, ал Бас Штабқа жаңа әскери округ жөнінде ереженің жобасын жазуды тапсырады. 1867 жылы 11 шілде айында Ресей патшасы Александр II империя құрамында Түркістан генерал-губернаторлығын құру жөнінде жарлыққа қол қояды [7, 66 б.]. 1867 жылы жарияланған «Уақытша Ереженің» негізінде Түркістан генерал-губернаторлығы құрылып, ол алғашында екі облысқа бөлінді: Сырдария (орталығы Ташкент) және Жетісу (орталығы Верный қаласы). Сырдария облысының құрамында 1868 жылы Әулие Ата, Қазалы, Құрама (орталығы - Қойлық), Перовск, Түркістан, Ходжент, Шымкент уездері ұйымдастырылды. Ташкент қаласы дербес әкімшілік бөлімді құрады. Патша өкіметінің сыр бойында жүргізген әкімшілік-аумақтық бөліністері өлкенің табиғи, тарихи, экономикалық және ұлттық ерекшеліктерін ескермеді. Ол аумақты жалпы империялық ұйымдастырудың заңды жалғасы болып табылды [8, с. 49].

Жалпы алғанда патша өкіметінің мүддесіне сәйкес келетін орыс шаруаларының Ресейдің ішкі губернияларынан Қазақстанға қоныс аударуы 1861 жылғы реформадан соң шешімі табылмаған жер мәселесінің салдарынан күшейіп, патша өкіметі осы мәселені шешу жолында казак жерлерін жаппай тартып алу арқылы жергілікті халықты шөл және шөлейт аудандарға ығыстырып, «бос» қалған жерлерге орыс шаруаларын қоныстандыруды мақсат етіп қояды. Яғни, патша өкіметі Ресей империясындағы аграрлық дағдарысты жоюдың жолы - ол казактардың ертеден келе жатқан қауымдық жерлерін мемлекет пайдасына алу болып табылды [9, 208 б.].

Патша өкіметінің казак жерлерін мемлекеттің меншігіне қандай жолмен алғаны жөнінде академик К.Нүрпейісовтің «Алаш хәм алашорда» атты еңбегінде былай делінеді: «Патша өкіметі казак халқы мекендеген жерді мемлекеттің меншігі деп жариялап, құнарлы алқаптарды қоныс аудару қорына, казак әскерлерін

орналастыру учаскелеріне, патша әулетінің жеке меншігіне, т.с.с. күштеп тартып алып отырды»[10, 70 б.]. Патша өкіметінің қоныстандыру саясатының қазақ халқы үшін ауыр салдары болғанын С.Асфендияров та атап көрсетті: «Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты,-деп жазды ол, - қазақ мемлекеттілігіне аса үлкен апат әкелді. Бұл саясаттың кері салдары байлар билігінің нығаюымен үндесіп, қазақ еңбекші бұқарасына және кедейлеріне өзінің бар салмағын салды. С.Асфендияров сондай-ақ патша өкіметінің қоныстандыру саясатындағы орын алған әр түрлі өрескелдіктердің қазақтардың мүддесіне мүлде қайшы келгенін атап көрсетті [11, с.290.].

Кең байтақ қазақ даласын отарлап алуды осылайша бастаған патша өкіметі бұл әрекеттерін XIX ғасырдың аяғына таман ұйымдасқан, жоспарлы түрде жүргізді. Бұл бағытта Ф.Кауфман, Ф.А.Шербинаның, П.П.Румянцев, В.Кузнецов және т.б. қазақ даласына жүргізген барлау мақсатындағы экспедициялары көп мағлұматтар жинады. «Олар жергілікті тұрғындар мекендеген жерлерді, су көздері, құнарлы топырақты аймақтарда т.б. топографиялық карталарға түсіріп, алдағы уақыттарда бұл жерге мұжықтарды, казактарды, кулактарды және т.б. қоныстандыра бастауды көздеді» [12, с.80].

Сыр өңірін орыс мұжықтары арқылы отарлаудың тиімділігін мынадан көруге болатын еді. Мысалы 1875 жылдан 1880 жылға дейін Сырдария облысына орыс қоныс аударушыларының келіп қоныстана беруіне мүмкіндік туып, Қазалы, Перовск елді-мекендеріне патша өкіметіне бағынбаған және әскери қызмет етуден бас тартқан оралдық казактарды күштеп қоныстандыра бастады. Жалпы саны 1000-ға тарта адам болып, алғашқы тобы 1875 жылы 28 қазан күні келеді [13, с. 14]. Бірақ-та олар жергілікті патша әкімшілігінің басқармаларын мойындамайды және өздерін нашар жақтарымен көрсетіп, билік орындарынан кейін қайтаруды талап етеді. Ақыры орыс патшасы III Александрдың жарлығымен жергілікті әкімшілік 1881 жылы оларды келген жерлеріне қайтарады [13, с. 17]. Дегенмен оралдық казактардың барлығы бірдей қайтпай, Қазалы мен Перовскіде қалып қойғандары балық аулаумен, бау-бақша өсірумен және жергілікті казактармен сауда жасаумен айналысып, казактардың қарапайымдылығы мен сенгіштігін пайдаланып, олады алдап-арбап әр кезде тонап отырады [6, с. 163].

XIX ғасырдың 80-жылдарына дейін Сырдария облысына қоныстану өте баяу жүрді. Осы жерде тұрып жатқан орыстардың жалпы саны 2 мыңнан аспады. Сырдария облысына қоныс аударушылардың негізгі толқыны Сібірден және Жетісудан ағыла бастады. Олардың көпшілігі тұруға ыңғайлы, жер шаруашылығымен айналысуға қолайлы Ташкент, Шымкент, т.б. жерлерге қоныстанып алып, суландыру жүйесін қалпына келтіре отырып, көп күш-жігер жұмсауға тиісті ауылшаруашылық жұмыстарына араласқылары келмеді. Сондай-ақ, қоныс аударушылар жер шаруашылығына қолайсыз, жарамсыз, жауын-шашын аздау түсетін, көп күш жұмсауға тура келетін Перовскіге (Ақмешіт) жетпей қалды. Осыған қарамастан Перовскде орыстардың елді-мекендерінің негізін қалаған төменге шендегі қызметкерлер, көпестер үшін салынған кішігірім үйлер пайда болып, осы үйлер негізінде «Александровск слободкасының» іргетасы көтеріледі [14, с. 57]. Ал 1868 жылы Қазалыдан Шымкент қаласына көшіп барған екі казак отбасы қоныстанып, өздерінен кейінгілерге жол салып береді. Оларға жер бөлініп берілгеннен кейін, алғашқы келімсектер «Солдатская слободка» деген елді-мекеннің іргетасын қалайды [14, с. 62].

Қоныс аударушылар арасында ертеден жер шаруашылығымен айналысып келе жатқан жергілікті тұрғындардың суармалы жерлерін тартып алу, қора-жайларын өздері қалаған жерлерге салып алу, ұнамаса басқа жаққа көшіп кету, т.б. жағдайлар жиі кездесіп тұрды. Өйткені, 1870-1880 жылдар аралығында Сырдария облысында қоныстандыру жұмыстары өте баяу жүргізілді және қатаң тәртіп, реттілік болған жоқ. Алғашқы қоныс аударушыларға қойылған талап-тілек, олар ең алдымен жерді өңдеуі керек және екі жылдың ішінде өзіне қора-жай салуға міндетті болды. 1891-1892 жылдары Ресейдегі егіннің шықпай қалуы мен ашаршылық орыс шаруаларының оңтүстік аймаққа жер іздеп қоныс аудару тасқынын одан сайын күшейтті. Сырдария облысында қоныстанушылар негізінен Воронеж, Астрахань, Самара, Саратов, Тамбов және т.б. губернияларынан шыққандар басымдық танытты [15, с.34]. Сыр өңіріне қоныс аударып келгендер бұл жерге мәдениетсіздік, тұрпайылық, алаяқтық, т.б. секілді жағымсыз қылықтарды да бірге ала келді. Тіпті, көнеден келе жатқан ескерткіштерді бүлдіріп, орман-тоғайларды қиратып, аң-құстарды, балықтарды жөн-жосықсыз аулады. Сонымен қатар шаруалар жергілікті халықтың ең шұрайлы жерлерді тартып алып, қазақтарды шөл-шөлейт жерлерге ығыстырды. Ал ол жерлерде мал өсірудің өзі қиын еді. Қазақ даласы мен Сыр бойын шаруалармен отарлаудың екінші кезеңінде, яғни әскери-әкімшілік отарлау кезеңінде тірек пункттері есебінде әскери қоныстардың іргесі көтерілді. Бұл қоныстардан шекаралық сызықтар (линиялар) өрбіді. Біртіндеп әскери қоныстану қазақ жерінің ішкі аймақтарына тамыр жайды. Әскери-әкімшілік отарлау империяның отарлаушы әкімшілігінің өкіметін нығайтуға көмектесті және қоныс аударушы мұжықтардың ағылуына жол ашты. Бұл саясаттың мақсатын мынадан көреміз. Біріншіден, Ресейдің ішкі аймақтарындағы жер үшін, тәуелсіздік, т.б. байланысты болып жатырған шиеленістерді әлсірету болса, екіншіден, қазақ жеріне қоныс аударған орыс мұжықтарын қоныстандыру арқылы өзіне тіреніш табу болып табылады [16, с.144].

Патша өкіметінің қоныс аудару саясатының көпшілік жағдайда жергілікті халықтардың жерлерін күшпен тартып алу, алдап-арбап алу, пара беру фактілері, т.б. көптеген заңсыздықтардың орын алып отырғандығын қазақтың көзі ашық азаматтарының бірі, тарихшы Мұхаметжан Тынышбаевтың мына сөздерінен де байқаймыз: «Біреулер облыстық управительдермен ауыз жаласып, түземдіктердің (қазақтардың) жерін өте

арзан бағаға сатып алды, екіншілері әртүрлі қызметі үшін бай түземдіктерден сыйлық алып, оған мақта тазалайтын заводтар салды, полицейлер мұнда мақта тазалауға адамдарды күшпен айдар әкелді. Үшіншілері, шарап жасаушылармен серіктесіп алып, көлденең жолмен жүзім алдырып отырды. Қазақ жеріндегі назар аударарлық таңы бір келеңсіз жайт етек алды. Жергілікті халық пен кірмелердің (орыстар, татарлар немесе сарттар) арасындағы дау-тартыс әкімшіліктің араласуымен көбінесе сол кірмелердің пайдасына шешілді, әртүрлі жағдайда, кірме шаруалар мен орыс казактарының жаласымен де жергілікті қазақтар соттан көп құқай көрді, мұнда сауатсыздық пен аудармашыны сатып алушылықтың да әсері болмай қалған жоқ» [17, 10 б.].

Ресей империясының мақсаты, жергілікті ұлт өкілдерінің үлес салмағын азайту, жер асты және жер үсті байлықтарын тонау, құлдық бұғауға түсіру болды. XIX ғасырдың II жартысында Сыр бойына қоныс тепкен бұхарлық еврейлер де патша өкіметі тарапынан олардың азаматтық құқы кез-келген сарт, өзбек, тәжікпен салыстырғанда шектеліп, жекелеген кварталдарда оқшауланды. Бұхарлық еврейлер Ішкі істер Министрлігінің және Түркістан генерал-губернаторының рұқсатымен Ресей бодандығын қабылдап және көпестік гильдияға қабылдағаннан кейін, қазақ жерінің шекаралық қалаларында тұруға құқықты алады. 1873 жылы Бұхара мен Ресей арасындағы келісім шарттардан кейін, бұхарлық еврейлер бұрын қоныстануға мүмкіндігі болмаған аймақтардың біраз бөлігінде тұрақтануға мүмкіндік беріліп, қысқа уақыт аралығында Сырдария облысының Түркістан, Шымкент, Қазалы, Перовск қалаларында олардың саны қаулап өседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Киняпин А.С. Блиев М.М. Дегаев В.В. Кавказ и Средняя Азия во внешней политике России.- Москва: МГУ, 1984.-328 с.
2. Потто. О степных походах // ВС. - 1873. - №.5. - С.30-57.
3. Құсайынұлы Қ. Қазақ шаруашылығы отаршылдық дәуірінде.- Алматы: Дәнекер, 2001.- 120 б.
4. Статистическое описание Уральского казачьего войска. /Материалы для географии и статистики России. СПб., 1866.-407 с.
5. Асылбеков М.Х., Шалекенов М.У., Ерофеева И.В. Қазақстан тарихы. (Көне заманнан бүгінге дейін): 5 томдық. – Алматы: Атамұра, 2002. - Т.3. – 786 б.
6. Рязанов А. Прошлое Кызыл-Орды // Советская Киргизия. – Оренбург, 1925. №5-6. с.
7. Қойгелдиев М.Қ. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ.-1917 ж.). - Астана: Елорда, 2004.- 216 б.
8. Рабочий класс Казахстана в период перехода к социализму (1917-1937 гг.). - Алматы: Наука, 1987. Т.1. – 570 с.
9. Арынов Ж.М. Қазақстандағы қоныстандыру мәселелерінің тарихи кезеңдері. /Отандық тарихты оқыту: проблемалары мен инновациялық мәселелері. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 70 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық материалдары. 21-22 қазан. 2004 ж. 1-бөлім. -Алматы: Қазақ университеті, 2004.-326 б.
10. Нұрпейісов К. Алаш һәм алашорда. - Алматы: Ататек, 1995. - 256 б.
11. Асфендияров С.Д. История Казахстана с древнейших времен. – Алматы: Казкрайиздат, 1935. - Т.1. - 262 с.
12. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1886 год. – Ташкент, 1887.
13. 17. Добромислов А.М. Города Сыр-Дарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата и Чимкент. – Ташкент, 1912.
14. 19. Пален К.К. Переселенческое дело в Туркестане. – СПб., 1910.
15. 21. Кронградт Г.К. Национальный состав населения Южного Казахстана в конце XIX в. // Ист. науки: сб. ст. Алматы, 1976. Вып.3. С.33-37.
16. Жумалиев Б. Присоединение – переселение и истребление // Мәдениет, 1993. - С.7-9.
17. Тынышпаев М. Ұлы мәртебелі мырзаға / Түркістан генерал-губернаторына // Қазақ әдебиеті, 1990. 26 қазан.

3 – СЕКЦИЯ

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН КЕЗЕҢІНДЕГІ ОТАНДЫҚ, АЙМАҚТЫҚ ТАРИХ: ПРОБЛЕМАЛАР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

ӘОЖ 94(574)

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТАРХИ БІЛІМДІК ЖҮЙЕНІҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Берлібаев Бакдәулет Түрбекұлы

Саясаттану ғылымдарының кандидаты, тарих ғылымдарының докторы

Абай атындағы ҚазҰПУ мен АЭЖБУ нің профессоры

Халықаралық ғылым академиясының педагогикалық білім саласының академигі

Бүгінгі күні жиі айтыла бастаған Жаңа Қазақстан ұғымы, қайсыбіреулер айтып жүргендей, ұран да дақпырт та даңғаза да емес. Бұл-қазіргі таңдағы іске басшылықтың жаңа идеясы ғана.

Шындығы, жаңа Қазақстан өз дәуірін 1986-ші жылы «Желтоқсан көтерілісінен» бастаған болатын. Одан бері қоғамда қай жағынан болмасын, қилы-қиын, шым-шытырық, кілең «Нұрмен» безендірілген кезеңді бастан өткердік те, жаңа жолға түсе алмадық. Ал президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бүгінгі ойындағы жаңа Қазақстан деп жүргені, Н.Ә. Назарбаева биліктен күннен бастап жаңа Қазақстанды дамытудың нағыз даңғыл жолына түсу керек дегенді меңзесе керек. Бұл-бір жағынан. Екіншіден, бұл идея, қоғамдық өмірдің барлық салаларын автохтонды қазақ ұлтының діліне сәйкестендіріп, түбірінен қайта құру дегенді білдірсе керек. Бірақ бұл идея, баяғы кеңестік президент-М.С. Горбачев айтқандай, бәрін тез арада Ленин негіздеген «сара жолға» түсірмекші болғаны сияқты, Қазақстанды сонау хандық дәуірдегі «Қасым салған қасқа жолға» немесе, «Есім салған ескі жолға» түсіру емес, керісінше қазіргі әлемде алға озып кеткен өркениетті деген елдермен теңесуді ойластырған жасампаз идея деп түсінгеніміз абзал.

Сөйтіп, жаңа Қазақстан дегеніміз, кейбір аналитиктердің айтып жүргеніндей уақытша нәрсе емес, қазақтың «жаңа Қазақстаны» әлі алда. Шынына келсек, Мемлекет басшысының өткен жылға арнаған жолдауын «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» деп атауының өзінен жаңару ауылының бір-ақ күндік емес екенін аңғаруға болады. Президент, болашақтан жаңа да жаңғырған Қазақстанды көргісі келеді [1]. Мұндағы «Жаңару» деп отырғанымыз, таяу жылдары барлық саладағы даму жағынан алда жүрген елдердің қатарынан көріну дегенді білдірсе, «Жаңғыру» болса, бұл тарих деп аталатын арбаның дөңгелегін артқа қарай айналдырып, кері кетушілікті білдірмейді. Бұл-қазақ халқының діліне сәйкес келетін рухани жетістіктерге сүйеніп, оны қоғамдық өмірдің барлық салаларында барынша пайдалану дегенді нұсқайды. Алайда, болашақта іске асырылатын мұндай ауқымды бастамалар, бірден емес, біртіндеп жүзеге асады деген ойдамыз. Сондықтан, «Жаңа Қазақстан» деп отырғанымыз, мемлекетіміздің «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру: Болашаққа бастар жол» деген бағдарламалары сияқты стратегиялық идеяның бір түрі болып табылады. Егер, «Мәңгілік ел» ел деген атау тпрыхымызбен бірге жасап өткеніміздің түпсіз тұңғығынан, мөлдір қайнар бұлағынан бастау алатын қасиетті сөз болса [2], «Жаңа Қазақстан» деген атау «Мәңгілік елдігімізді» сақтай отырып, жаңару мен жаңғыруға ұмтылу дегенді білдіреді.

Осы арада біздің елдегі тарихи білімдік жүйенің даму болашағын ойлап, бүгінгі таңдағы дамыған елдердің тарихына үнілсек, олар өтпелі кезеңде, өз халқының рухани жаңғыруын жаңа сападағы тарихи ой-сананы қалыптастарумен байланыстырған. Сол сияқты жаңа қоғамдық сатыға көтерілген Қазақстан да өз дамуының алғашқы жылдарының бірін (1998) тарихқа арнап, бірнеше жылға созылған «Мәдени мұра» бағдарламалары арқылы өшкенімізді жаңартып, жоғалғанымызды түгендеп жатса, бұның өзі тарихи білімдік жүйенің даму болашағына мемлекет тарапынан көңіл бөлуді білдіреді. Осыған орай, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Тарихи оқиғалар мен фактілер оқушыларға ешбір бұрмалаусыз жазылу керек»[3] деп айтса, өткен тарихтың шынайы бейнесін жасау мемлекеттік мәні бар аса маңызды мәселе болып табылады. Өйткені Қазақстанның көп ұлттық бітімі мен геосаяси жағдайының ерекшелігі елдің бірлігін және басқа көрші елдермен арадағы ынтымақты сақтауды қажетсінді. Бұның өзі жас мемлекеттің егемендігін тұрақтандырып, нығайтатын және халықты азаматтық пен отаншылдық рухта тәрбиелеудің негізгі факторларына жататын құбылыс болатын. Ал тарих өткеннің айнасы мен халықтың зердесі ретіндегі өзінің қасиетін жоғалтпайтын, әрі ешкім өшіре алмайтын категория. Адамдар өмірге келеді, кетеді, ал тарих ылғи да адамдардың орнын басып, олардың өмірге келген жаңа тобына мәлімет беретін байланысшы, бірақ тілсіз жан. Сондықтан адамдар әрбір өтпелі кезеңде қалыптасқан мәселелердің шешімін табуға асыға отырып, алдымен тарихқа жүгінеді. Бұл арада қоғамдағы өзгерістерге байланысты эмоцияға алдымен берілетін қауым – ақын, жазушылар екені белгілі болса, кеңестік дәірдің өзінде Ілияс Есенберлин қозғаған, ал деморатияның жариялануынан демеу алған Шерхан

Мұртаза бастаған бір топ жазушылар бірден тарих қойнауына кірісіп кетті. Олардың қатарындағы Р. Бердібаев, Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, М. Мырзахметов, М. Жолдасбеков, А. Аманжолов, А. Сейдімбек, Қ. Салғара, Қондыбай Серікбол, Б. Нұржекеев, Қ. Жұмәділов, Т. Қауыпбаев, Ж. Тұрлыбайұлы сияқты белгілі қоғам қайраткерлері мен қаламгерлер әдебиеттегі тарихи шындықтардың дереккөздерін дәлелдеп, оны ғылыми айналымға келтіру жағын жақтайды.

Осылардың ішінде білікті де білімдар азамат Серікбол Қондыбай, тәуелсіздік алғаннан кейінгі соңғы бес-он жылдың бедерінде тарихи-географиялық, мәдени-танымдық т.б. мәселелерге қатысты бірнеше кітаптар мен 80-нен аса ғылыми-көпшілік мақалалар жазып кетті. Әсіресе, оның 2004 ж. жазып қалдырған «Арғықазақ мифологиясы» деп аталатын 4 томдық еңбегі, Қазақтың ауызша тарихынан сыр тартатын Ақселеу Сейдімбектің «панславяндық гегомондықты» барынша айыптаған еңбегінен [4] бұрын жазылуы жағынан өзінің құндылығын жоғалтпайтын бағалы туынды. Себебі осы кітапта, ұлт болмысына тұғыр болған ілкідегі өмір-салт үлгілері, ұлттық-қадір қасиетті қалыптастырған түп-тамыр себептер, сол еңбектердің құнарлы нәрін бүгін мен болашақ кәдесіне жарату, сөйтіп күн өткен сайын күрделеніп бара жатқан заманмен беттесетін ұрпақтың рухын орнықты ету мәселелері мақсат етілген [5].

Сол сияқты, Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» – 32-ші аштық жылдарындағы нәубетті [6], «Тамұқ» – 37-ші жылдардағы зобаланды ашып көрсеткен [7] тұңғыш көркем шығарма. Бұл еңбектердегі арқау болған басты тұлға – Тұрар Рысқұлов болатын. Жазушы Шерхан Мұртаза тұла бойы халқына деген сүйіспеншілікпен, адалдық пен ерлікпен, азаматтық намыстан жаралған Тұрардың бейнесін шебер сомдай білді. Бұның өзі тәуелсіздігін жаңа алған елдің тарихи білімінің де жаңа жолға түсуіне серпін берді. Яғни халқы үшін Тұрарша жұмыс істеуден шабыт алған бірнеше жаңашыл тарихшылар, көбінесе ХХ ғасыр «ақтаңдақтарының» болмысын халыққа жеткізу арқылы тарихты жазудың идеологиядан тысқары, әрі әділ жолын көрсетті. Олар бұрын пайдалануға рұқсат етілмеген мұрағат құжаттарының негізінде тарихтағы болған нақты шындықты ашу ерекшеліктері мен ХХІ-ші ғасырды тарихты бұрмалаусыз жазудың жолына түсті. М.Қ. Қозыбаев, Ж.Қ. Қасымбаев, М. Қойгелді, К. Нұрпейіс, Т. Омарбеков, Ж. Қасымбаев, Ә.С. Тәкенов т.б. сондай тарихшылар қатарынан орын алады.

Бұған қосымша, көркем әдебиеттегі тарихи оқиғаны зерттеудің өзі, өткен тарихқа көз жеткізумен бірге, халқымыздың басынан кешкен шындықты терең білгізу арқылы кез келген оқушыға өткен өмірінің болмысын ұғындыру. Сондай-ақ, оларды тиісті мәселені тарихи тұрғыдан ойлау, салыстыра білуге, одан тиісті қорытынды шығара білуге машықтандыру. Сөйтіп ел жадына ұлт жандылық көзқарасты дарытып, тарихи білімдік түсінікті қалыптастыру болып табылады. Демек, бүгінгі білім реформасы көркем әдебиеттегі нақтылы тарихи білімдік көріністерді іріктеу арқылы да өз шешімін табады деген ойдамыз.

Зерттеу тәжірибесінің нәтижелері негізінде Қазақстан тарихының ДАТ-тағы білімдік нұсқаларын төмендегідей үлгіде белгіледік (ДАТ – Даланың ауызша тарихы, ҚАТ – Қазақтың ауызша тарихы (А. Сейдімбек):

Кесте 1. Тақырыбы: Шыңғысхан – көрнекті қолбасшы

Даланың ауызша тарих айту дәстүрі (ДАТ немесе, ҚАТ) бойынша	Тарихи білімдік нұсқалар	
1	2	
1. «Құпия шежіре» Дотым Мәнненнің аты – Хабич батыр ұлы Мәннен тудай. Әйелі Намулун. Бұл адамның жеті баласы болған. Және де есімдері келтірілген. Ең үлкені – Хачи-хулүк. Баласының есімі – Қайду хан. «Моңғолдың құпия шежіресі» жазылғаннан кейінгі тарихшылар, Шыңғыс хан әулетін Боданчардың ағасы Бұқұ хатағыдан таратады. Өйткені сол заманда Бұқа хан Афрасиаб екендігі мәлім болатын. Шыңғыс ханды Афрасиаб ұрпағы етіп көрсету әлемді жаулаушының түпкі тегінің беделін өзге түрік	Бұқа (Кабич-батыр) Дотым Мәннен (Қоңыршұнақ) Қайду хан (Жетім малай) Байсұңқар Түмбинай Қабыл қаған 	БОДАНЧАР Бұқатай Нышан батыр (Барлас руы тарады) Баруладай батыр Ерімші Сұғық шешен Қарачар-Ноян Әмір-Темір
1-кестенің жалғасы		
1	2	
халықтары арасында жоғары көтеретін. Бірақ, шын	Барған батыр	



<p>мәнінде, Афрасиаб-Рашид-ад-дин, Әбілғазы, Жалайыри, Мырза Ұлықбек жазғандай Боданчардың баласы емес, ағасы еді.</p> <p>2. Рашид-ад-дин Тірі қалған Қайду – ең кенже, тоғызынша баласы. Нышан батыр екеуі айттырылған қалыңдығының елі қанбауыт руына кеткен. Қ. Жалайыридың куәландыруынша қанбауыт руы жалайыр тайпасы құрамына кіреді.</p> <p>3. «Түрік шежіресі» (Әбілғазы баһадүр хан) Дотым Мәнненнің аты – Датумен хан. Тоғыз ұлының анасы аты Мунулун, үлкен ұлы Қайду хан айттырылған қызымен қалыңдық ойнауға кеткен.</p> <p>4. «Жылнамалар жинағы» (Қадырғали Жалайыри) Бұқаның ұлы Дотым Мәнненнің әйелі Мунулун атлығ. Тоғыз баласы болған. Оларды әр тараптан үйлендірген. Тірі қалған баланың есімі Қайду хан. Ол қымыз сабасы үстіне жабылған тері тонның астына жасырынып тірі қалған. Кейін Нышан-батырдың көмегі арқасында 50 ұлыс елдің билеушісі болды.</p> <p>5. «Қоңырат шежіре» (Алматы, «Жалын» 1992) Дотым Мәнненнің есімі Қоңыр сопы. Бұл Қоңыр сопыдан тоғыз бала туады. Сегізін жау өлтіріп кетіп, ең кенжесі Жетім-малай ғана тірі қалады. Қоңыр сопы жатса-тұрса: «Е, құдай, шүп-шұнақ қылып қойдың-ау!» деп зарлайды екен.</p>	<p>Есукей батыр Шыңғыс хан</p> <p>Шыңғыс ханды қоршаған орта <u>Қоңырат руынан шыққан түменбасылар, мыңбасы, жүзбасы қолбасшылар мен баһадүрлер</u></p> <ul style="list-style-type: none"> ■ Мүгэ – әкесі ноян болған. ■ Дай-ноян (шешен) – Бөртеңнің әкесі. ■ Алчи-ноян – Дайдың баласы ■ һүку (Үкі) ноян – Дайдың баласы ■ Кухо – Дайдың баласы ■ Бөрет – Дайдың баласы ■ Долоодай (Дәрітай) – Дайдың ағасы. ■ Қата (Қатай), Бұйыр (Бабыр) Такудар (Бұрт Күдір), Шүкір (Бұрт Күдір) – ірі қолбасшылар. ■ Сауур (Сәуір) – Шыңғысханның анасының ағасы. ■ Чигу-күйеу – Шыңғыс ханның қарындасын алған. ■ Мыңбасы Тоғышар – ол әрі түмен қолбасшысы. ■ Хэтэй (Қатай) <p><u>Жалайыр руынан шыққан түменбасылар, мыңбасы, жүзбасы қолбасшылар мен баһадүрлер</u></p> <ul style="list-style-type: none"> ■ Мұхулай Гауан – Солтүстік Қытайға жасалған жорықтың қолбасшысы. ■ Улугэй ■ Бала-черби ■ Жүзбасы Ұлдай Құршы ■ Мыңбасы Бала ноян ■ Мыңбасы Аркай Қосар ноян ■ Мөку (Мөнек, Мұқа)
--	---

1-кестенің жалғасы

1	2
<p>Жетім малайдың тұқымдары содан Қоңыршұнақ руы атанып кетіпті.</p> <p>Осы бес қилы дәуірде жазылған тарихи дүниенің бәріне тән ортақ мотивтері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бір ұлы ханның болатыны; 2. Әйелінің тоғыз бала тууы; 3. Сегіз баланың өлуі; 4. Бір баланың тірі қалуы; 5. Тарихи есімдердің дыбыстық өзгеріске 	<p><u>Алтай тілдестерден дараланған мұңғұлдар мен түркілердің дәстүр жалғастығы:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> - Шыңғысханның шешесі <u>Онулиннің</u> Қоңырат руынан болуы; - Шыңғысханның бәйбішесі-<u>Бөртеңнің</u> Қоңырат руынан болуы; - Бұрынғы Қоңыршұнақ руының жүре келе бүгінгі қазақ ішіндегі <u>Қоңырат руына</u> алмасуы; - Қият-Боржүгін мен Қоңырат тайпаларының



<p>ұшырғанымен бір-бірімен үндесіп жатуы. Бұл нені көрсетеді, яғни бұл, «Монғолдың құпия шежіресі» мен күні кеше жазылған «Қоңырат шежіресі» арасында сөзсіз генетикалық байланыс бар!</p>	<p>кезіндегі дана бабалары орнықтырған ертеден келе жатқан құдаласу дәстүрінің бүгінгі қазақ дәстүріне ұласуы;</p> <p>- Мұңғұлдар да кіретін бұрынғы Алтай тілдестердің өз алдына даралана бастаған түрік мәдениетіне дейінгі тіл табысу ұқсастығы;</p> <p>- Орта ғасырлық түріктерден тараған бүгінгі оғыз бен қыпшақ тілдестердің өзара кинлып барып түсінісуі-бұрынғы мұңғұлдар мен түріктердің өз кезегіндегі бөліне бастауын еске түсіреді.</p>
--	--

Сонымен, осыған қарап айтарымыз, қазіргі Қазақстандағы қоғамдық ойдың дамуына жетекші болатын екі фактор бар. Оның бірі ақпарат алмасудың тездігі де, екіншісі тарихи сананың қалыптасуы. Тарихи сананың қалыптасуында тарихи оқиғаларға ұлттық тұрғыдан баға беру мен тарихи деректерді талғап, мақсатты пайдаланудың мәні зор. Осы орайда ұлттық талғам жоғарыламайынша, ғылым мен техника жаңалықтарын ұлттық мүдде үшін қызмет еткізу мүмкін емес. Сондықтан тарихи білімнің шындық тегін анықтап, өткенге ой көзімен қарау бүгінгі күннің тарихшыларға қояр бірінші талабы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев. «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – 16 наурыз 2022 ж. / <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340>
2. Талас Омарбеков. Мәңгілік ел және тарих.- Сүйерқұлұлы Қожбанбет бидің өнегелі істеріне байланысты өткізілген ғылыми-практикалық конференция материалдары.-Алматы: Leader offset printing баспаханасы, 2014.- 14 б.
3. Жас Алаш, 28 қаңтар, 2021 жыл, Бейсенбі, № 8 (16607).
4. Ақселеу Сейдімбек. Қазақтың ауызша тарихы: зерттеу.- Астана: Фолиант. 2008.-32 б.
5. Қондыбай Серікбол. «Арғықазақ мифологиясы»: 1-4 том.- Алматы: «Дайк Пресс». 2004.
6. Шерхан Мұртаза. Қызыл жебе.- Шығармалар жинағы: 7 томдық. Т.1-3.- Алматы: Қазығұрт, 2005.
7. Шерхан Мұртаза. Тамұқ.- Алматы: «Атамұра-Қазақстан», 1994.-224 бет.



ӘОЖ 94(574)

БАЙЗАҚ МӘМБЕТҰЛЫ

Жанғара Дәдебаев

филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры

Байзақ Мәмбетұлы (1789-1864) - XIX ғасырда Қоқан-Қазақстан-Ресей арасындағы талас-тартыстың, ұрыс-соғыстың қалың ортасында елдің ынтымағы мен бірлігі, тәуелсіздігі үшін күрескен, сол жолда қаны мен терін төгіп, жанын қиған халық қаһарманы, білгір би және қоғам қайраткері.

Байзақ батырдың заманы қилы оқиғаларға толы әрі соқтықпалы, соқпақсыз болды. Соған байланысты ол өмірдің қилы кезеңдерінен, тар соқпағынан өтті. Батыр қоқанның қысқа күнде қырық құбылған ішкі саяси-әкімшілік жүйесі мен халықтың жат жұртқа тәуелді болған ауыр әлеуметтік жағдайы шегінде алған бағытына, сөзі мен ісіне тиянақты, тұрақты болды, халықтың ұлттық рухани құндылықтарын сақтау мен қорғауды өзінің өмірлік мақсатына балады, азаматтық ұстанымына айналдырды.

Ел-жұрттың жатқа тәуелділігі жағдайында ұлттық құндылықтарды жоғалтып алу қатері ұдайы төніп тұратыны анық. Жатқа тәуелділіктің барлық ауыртпалығын үн-түнсіз, тұяқ серіппей көтеру құлдық сананың қалыптасуына алып келеді. Құлдық сана қалыптасқан ел ел болудан қалады, өйткені құлдық санаға бой алдырған әрбір құл өзінің қолындағы құлдық кісенін мақтан көретін дәрежеге жетпей қалмайды. Ердің азуы, елдің тозуы деген осындай болады. Байзақ ердің азуынан, елдің тозуынан сақтанды, ердің азуына, елдің тозуына алып келетін тәуелділікке қарсы күресті, ел-жұртының ары мен жанын, ұлттық рухани құндылықтарын сақтарлық жолды, тәуелсіздік үшін күрес жолын ақылмен тауып, білектің күшімен, найзаның ұшымен ашты және оны ақылмен сақтап, білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғады.

Қоқандаған қоқан тұсында ақылдың алымы, білектің күші, найзаның ұшы бірбүтін болып тұтасып тұрмаса, ел іздеген тәуелсіздікті, ел жоқтаған әділетті табу да, сақтау да қиын еді. Күш жоқ жерде әділетті табу, әділетті қорғау мүмкін емес, әділет болмаған жерде қара күштен қайыр жоқ. Байзақтың болмысында әділетті жақтарлық қасиет те, елді қорғайтын күш те болды.

Байзаққа қара ормандай қалың ел қарады. Ол қара ормандай қалың еліне арқа сүйеді, сол елдің мұңын мұндап, жоғын жоқтады, сол елді қолдап, сол елді қорғады. Байзақтың жеке тұлға ретіндегі асық қасиеттері мен қалың елінің қайраты бірбүтін сипатқа иеленіп, қалыптасқан тарихи жағдай аясында елеулі әлеуметтік күшке айналды. Белгілі кезең мен аумақ шегіндегі саяси-әкімшілік ахуал жағдайында бірбүтін құбылысқа айналған елеулі әлеуметтік күштің өрісі шектеулі болды.

Байзақ заманында қоқанның қой зекет, түндік зекет, қырман зекет, қол пұл, тарту сияқты толып жатқан алым-салықтары елдің есін алды, еңсесін басты. Зекетшілер мал алғанды қанағат тұтпай, ар мен жанға қол сала бастады. Малын алғанға көнген жұрт жаны мен арына қол салғанға шыдай алмады. Қоқандықтардың зорлығы мен қорлығына қарсы елдің наразылығы 1809 жылы күзде ашық күреске айналады. 100-200 адам болып бірігіп жүріп, ойларына келгендерін істеп, ауыл ортасына ойран салған қоқан зекетшілерін қазақтар күл-талқан етті, олардың қолында кеткен елдің мал-жанын, асыл-бұйымдарын, астықтарын түгелдей қайтарып алды. Байзақ батыр осы қарулы қақтығыстың қақ ортасында болды. Бұл тұста ол 25 жастағы қайраты тасыған жігіт еді.

Қоқан ханы қазақтардың көтерілісін басуға қапысыз дайындалып, әр ру өз қыстақтарына барып қонған шақта, осы жылдың қысында жорыққа шығады. Хан жазалаушы әскерін аттандырып тұрып, жолда кездескен қазақтардың ешқайсысын тірі қалдырмай, бәрін де тонап, қырып-жою туралы жарлығын жариялайды. Қыстау-қыстауда бір-бірінен алшақ әрі қамсыз отырған қазақтар қоқанның жасанып шыққан жазалаушы әскеріне қарсы қайрат көрсете алмайды. Қапыда қалған жұрт тоналып, талан-таражға түседі. 1813-1814 жылдары қоқан хандығына 200 мың сомдық дүние-мүлік артқан керуенді бастап келген Филипп Назаров Шымкент маңынан Әлімхан тұсында болған осындай шапқыншылықтың әсерінен қаңырап, иесіз қалған қазақ қыстақтарын, қора-жайларын көріп, олардың иелерінің шығысқа қарай ығысып кеткенін жазады. Ф. Назаров 1814 жылы Шымкент Қоқанға бағынғанмен, Түркістан және Созақ Қоқанға бас иемей, онымен соғыс жүргізіп жатқанын көрсетеді. Бұл соғыстың туын ұстаушы ел ішінен шыққан батырлар болса, Байзақ солардың көрнектілерінің бірі еді.

Анталап аңдыған жау Ташкенттен Әулиеатаға дейінгі жерді алып, одан Шуға дейінгі елді өзіне қаратты. Қоқан билеушілері мұнымен тоқтамай, қазақ ортасындағы билігі мен ықпалын нығайту үшін, ел ішіндегі батырлар мен билерді өз жағына тартып, оларға түрлі шен-шекпен ұсынды. Олар ел ішіндегі беделді кісілердің көңілін табу арқылы, қарудың күшімен жете алмаған мұраттарының үдесінен шығуға күш салды. Бұл ретте Қоқан хандығына Әлімханнан кейін отырған Омархан көп іске ұйытқы болады. Ол ел ішіндегі батырлар мен билерге, ру басыларға сүйеніп, хандықтың ішкі жағдайын нығайтып алуға ерекше көңіл аударды. Хан қазақтың ел басындағы бірқатар белгілі батырлары мен билеріне датқа деген атақ беріп, бауырына тартты. Қоқан хандығының іш тартуына, берген шен-шекпеніне қарамастан, Байзақ батыр қоқандықтардың ел ішінде ойран салуына жол бермеді, өз елінің тәуелсіздігі туралы түпкі ойларынан қайтпады. Осындай жағдайда қазақ елінің тұтастығы, мемлекеттік дербестігі, егемендігі туралы ұран көтерген Кенесары қозғалысының мұрат-мүддесі Байзақ батырдың түпкі нысанасымен үндес келді.

Кенесары елдің ақсақалдарымен, батырларымен әңгімесінде, оларға арнаған үндеулерінде өзінің Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңіріне келгендегі басты мақсаты қазақ пен қырғыздың басын қосып, оларды қоқан езгісінен азат ету екендігін баса айтып отырған. Бұл мақсат Қоқан езгісінен есі шыққан қалың елдің де, ел басындағы есті азаматтардың да көкейіне қонып, олардың тәуелсіздік туралы өмірлік мәні жоғары ұлы тілектерімен мейлінше үндесіп, үйлесуші еді. Байзақ батыр бастаған отаншыл рухтағы батырлар, ер-азаматтар елдің азаттығы мен дербестігі, егемендігі үшін ереуіл атқа ер салып, күрес майданына шықты. Байзақ батыр нар тәуекел іске барып, сарбаздарын соңынан ертіп, Кенесарыға қалың қол болып қосылып қана қоймай, жауынгер жасаққа ат-көлік ретінде үйір-үйір жылқысын да алдына салып айдап келді. Нысанбай жыраудың “Кенесары-Наурызбай” дастанындағы Наурызбай соғысқа мінетін Көкдөнен мен Кертайлақ Байзақ батырдың сәйгүліктерінің алды еді.

1840 жылы Қоқан хандығы мен Бұхара хандығы арасында соғыс өрті лап ете түсті. Бұған Қоқан хандығының хан тағында отырған Мәделі ханның елдің дәстүрлі дүниетанымына, әдет-ғұрпына, шарифатқа қайшы іске баруы себеп болды. Қоқан мен Бұхара арасындағы соғыста Кенесары Бұхара жағында сағысады. 1841 жылы ол қоқанның бірнеше бекіністерін алады. Бұл соғыста Кенесары жағында бір Байзақ қана емес, қазақтың басқа да белгілі батырлары болды. Соғыс нәтижесінде қазақтар Түркістан өлкесіндегі бірнеше қалаларын қоқандықтардан азат етті. Созақты билеп тұрған Отыншы және Сушы деген қоқан бектері өлім жазасына кесілді.

1845 жылы Кенесары Алатау қазақтарына сұлтан болып тұрған туысы Рүстем Абылайұлының маңына келеді. Кенесары қоқанға қараған қазақтарды азат ету жолындағы күресін енді Алатаудың етегінен бастағанды дұрыс көреді. Байзақ бұл жолы да сарбаздарымен Кенесарының қасынан табылады. Байзақпен бірге Кенесарыға бір топ батырлар қосылады. Кенесарының тапсыруымен Байзақ батыр Қоқанның бірқатар бекіністерін алады. Меркі қамалын алуда үлкен қайрат көрсетті.

Соғыс қоқандықтардың қырғыз елінің ішіндегі бекіністеріне, Бішкек қамалына қарай ойысқанда, қоқан билеушілері қазақтардың азаттық күресінің бетін бұрып, оларды қырғыз халқымен шабыстыруды көздейді. Сонымен қатар қазақ жерін әр тараптан отарлап келе жатқан Ресейдің әскери-басқару аппараты қазақтарды өзара бір-біріне айдап салу, қазақ, қырғыз арасында ұрыс-соғыс өртін тұтату үшін, арандату амалдарының неше алуан түрлерін қолданды. Ақырында орыс отарлаушылары мен қоқандықтар қазақтардың қырғыздармен бірлесе отырып, қырғыз жеріндегі Қоқан бекіністерін алуға бағытталған әскери жорықтарына қарсы қырғыз халқын айдап салды. Оның үстіне қырғыз манаптары Жантай мен Орман Кенесарының қазақ пен қырғызға бірдей бас болғысы келген шешіміне үзілді-кесілді қарсылық білдірді. Олар Кенесарының билігін мойындағаннан гөрі Қоқанның езгісінде қала бергенді дұрыс деп білді. Кенесарының жіберген елшілеріне айтқан сөзінде Орман қазақ пен қырғыз – екі елдің де билігін өзіне беруді, ал Кенесарының барлық істі өзімен келісе отырып қана істеуі шарт болуын талап етті. Қырғыз бен қазақтың басын қоқандықтардың езгісінен азат ету туралы ұлы мақсат, осылайша, қырғыз манаптары тарапынан қолдау таппайды да, сөздің мәні, ойдың жүйесі билік, атақ, мансап төңірегінен ұзап шыға алмай қалып қояды. Қырғыз бен қазақ арасындағы шағын қақтығыстардың ұлғайып, шиеленісіп, екі жақ үшін де апатты сипатқа иеленуі Орманды да, Кенесарыны да ашындырған үстіне ашындыра түседі. Ашық ұрыс басталады. Ұрыс басталғанда, Байзақ батыр Кенесарының қасында болады. Нысанбай жыраудың жырлауы бойынша, қырғыз батыры Бидер ортаға шығып, қазақ батырларын жекпе-жекке шақырады. Қазақтан ортаға батыр шықпай, жұрт мазасыздана бастайды. Байзақтың қолынан қырғыз батырымен жекпе-жекке ұмтылып шыққан жан болмайды.

Қырғыз батырына жекпе-жекке қазақтар жағынан ешкімнің белсеніп шықпауы қазақ қолының қырғыздарға қарсы қан-майдан соғыс ашуға ықыласы болмағанын аңғартады. Мұның өзі Байзақ батырды үлкен ойға салғандай іс еді. Батыр қоқан бекіністерін алуға, қазақ пен қырғызды қоқан езгісінен азат етуге бағытталған ізгі істерінің қазақ пен қырғыздың қырғын соғысына ұласқалы тұрған қатерін көреді. Қалыптасқан ахуалды сауықтыру мүмкін болмай қалғанына көз жеткізеді.

Кенесары бастаған ұлт-азаттық соғысы ақырғы шегіне жетті. Кенесары да, Байзақ батыр да ел-жұртының тәуелсіздігіне жете алмады. Байзақ батырдың Кенесарыдан кейін ел-жұртының отасына келуі ол үшін өзі қарсы күресіп жүрген Қоқан билігін мойындаумен пара-пар еді. Батыр мұндай іске амалсыздың күнінен көнген болса керек. Осылайша Байзақ батыр бұрын кетіскен қоқандықтармен енді келісуге мәжбүр болады.

Қоқанға қараған халықтың жағдайы Ташкент әкімі болып Мырза Ахмет парваншы келген кезеңде қатты төмендейді. 1857 жылы Әулие-Ата аймағының Байзақ датқа бастаған қазақтары қоқан езгісіне қарсы тағы көтеріледі. Көтеріліске қырғыздар да белсене қатысады.

Мырза Ахмет әр руға, әр рудың әр атасына жүзден, екі жүзден зекетшілер жіберіп, елді естен тандырады. Мырза Ахмет шашқан шығынның орнын елден жиналатын алым-салық жаба алмайтын жағдай да туады. Ел қатты күйзеледі. Мырза Ахмет алым-салық төлей алмаған жұрттың жасөспірім балаларын тартып алып, оларды сарттарға құлдыққа сата бастайды. Ол сондай-ақ 1 ділдә зекет төлемеген қыздың күйеуге шығуына тыйым салады.

Сырдария өлкесінің әскери басшысының Орынбор генерал-губернаторына 1858 жылы 7 июньде жазған ақпарына қарағанда, ашынған жұрт Мырза Ахметтің інісі Мырзаби, бес жүз қолдың басшысы молла Майсұл бастаған зекетшілердің жасағының жазасын береді.

Ресей отарлаушыларының Жетісу өлкесін емін-еркін билеп-төстеп, қамалдар, бекеттер тұрғызуы, қанатын батысқа қарай жая бастауы қоқан билеушілерін қатты алаңдатты. Қоқандықтар Жетісуға жақын маңдағы қамалдарын күшейтіп, әскер санын арттыра түсті. Қоқан ханы болып тұрған Малляхан 1860 жылы Әулие-Атаға 18 мың қолмен келеді, Тоқмаққа 6 мың қол жібереді.

Қоқандықтардың әскери жорықтарын сәтсіздікке ұшырату мақсатында орыс әскері бірқатар соғыс шараларын қолданды. Полковник Циммерман мыңнан астам жаяу әскер, қазақтардың үш жүздігін, 8 зеңбірек, 7 мортир және 4 ракеталық қондырғы алып, 1860 жылдың тамызында Тоқмақ қамалын өзіне қаратады, ал қыркүйектің басында Бішкекті бағындырады. Тоқмақ пен Бішкектің бекініс қамалдарын қиратып, Циммерман кері қайтады. Бұл қоқандықтарды ашындыра түсті. Қанатша қоқан әскерін топтастырып жорыққа шығады. Тоқмақты, Бішкектің қорғаныс күшін қалпына келтіреді, Қордай асып, Ұзынағаш пен Қастектің арасына жетеді. Қастек асуында қатты қақтығыс, ұзынағашта сұрапыл соғыс болды.

«Қастектегі қақтығыс», «Ұзынағаш шайқасы» тұсында Шымкенттен Қастекке дейінгі қырғыздар мен қазақтардың ауыл-аймағы түгелдей қоқан бақылауында тұрды. Сондықтан олардың Қанатшаға қосылмай қалуы мүмкін емес еді. Бірақ олар қоқан үшін орыс әскерімен соғысуға бармады. Қазақтың елі мен жерінің бір жартысының – Ресейге, бір жартысының Қоқанға бағынышты болуы қазақтарды Қоқан мен Ресей арасында алаңдаулы күй кешуге мәжбүр етті.

1860 жылы қазанның 21 күні таңертең Қанатша қазақ қолының басындағы батырларды Верныйды шабуға жұмсайды. Қазақ қолы Верныйға бет алады. Қарғалыға келгенде, Верный қамалын шабуға бес жүз сарбаз іріктеліп шығады. Олар қамалдың маңындағы шағын бекіністерді шауып, кері қайтады. Қастектен кері қайтқан Қанатшаның қол Тоқмақ, Бішкек, Меркі, Әулие-Ата қамалдарына барып бекінеді. Қазақтар күзеулеріне кетеді. Алай әмірі Әлімбек датқа Қанатшадан бөлініп, еліне қайтады.

Еларалық қарым-қатынастың шиеленісуі Қоқан хандығындағы ішкі тартысты күшейте түсті. 1862 жылы 23 ақпанда ханға қарсы топ хан сарайына басып кіріп, Малля ханды өлтірді де, хан тағына оның он төрт жасар бауыры Самұратты отырғызады. Архив құжаттарында бұл хабар мынадай түрде сақталды: “Қоқан ханының өлімі туралы алып-қашпа сөздер шындыққа айналып отыр. Наурыздың 14 күні шымыр билерінің бірінің баласы қашқарлықтарға келіп мынаны айтқан: ол наурыздың 12-нде жолға шығыпты. Сол күні, бұл жолға шығар алдында, Ташкенттен Байзақ бидің ұлы Ақмолда келіп, қоқан ханын қыпшақ Өтембай датқаның баласы өлтіргенін, ханның дүние-мүлкі ханталауға түскенін, ал таққа оның кіші інісі Самұрат (Шах-Мұрад) отырғанын айтқан. Қанатша бұл кезде Жаңа Қорғанда екен, ханталаудан түскен дүниеден оған 2 000 ділдә алып келген”.

Қоқан хандығынан ынтымақ, береке-бірлік кете бастады. 1860 жылы Қастек қақтығысында Қанатша қолына амалсыз қосылған батырлар мен билер Жетісудағы орыс әскери әкімшілігінен кешірім сұрап, атамекендерін мекендеп тұруға рұқсат алады. Байзақ датқа да Таластағы еліне келіп, тыныш тіршілікке бет бұрады. Бірақ әскери күштің ара салмағы, қоқанның қатал бақылауы Байзақтың тыныш тіршілік кешуіне мүмкіншілік бермейді.

1862 жылдың шілдесінде Қоқан ханының тағына Құдияр қайта отырады, Қоқан хандығындағы мұндай өзгерістердің жай күйін Байзақтың ұлы Төрегелдінің 1862 жылдың 26 шілдесінде хатқа түскен сөздері едәуір айқындай түседі. Архив құжаттары Қоқан ханының сарайы маңындағы ірі оқиғалардан Байзақтың Ақмолда, Төрегелді секілді ұлдарының жете хабардар болып жүргенін көрсетеді.

7. Романова А. Астана не сразу строилась // Портал о недвижимости Казахстана "Kn.kz" (дата публикации: 09.07.2008). URL: <https://www.kn.kz/article/1642>
8. Тихонюк Н. Астананың алғашқы қадасын қағыстым // I-News.kz (дата публикации: 07.06.2013). URL: https://i-news.kz/news/2013/07/06/7084670_nikolai_tihonyuk_astananyn_algashky_kada.html



ӘОЖ 94(574)

ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ӨЗЕНДЕР МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ТАРИХИ АСТАРЫ

Қаражанова Ж.Қ. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
ҰҚК Академиясы. Алматы қ.

Биыл Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастарының орнатқандығына 30 жыл толды. Осы кезең аралығында екі елдің достық қарым-қатынастары өзара құрмет, бір-бірінің мүддесін ескеру, өзара қолдау, ұзақ мерзімді перспективаларды есепке алу, оларды үшінші елдерге бағыттамау қағидаларына негізделіп, екі жақты қатынастарды әрі қарай дамытудың тарихи іргетасына айналды. Әрине, Қазақстан мен Қытай арасында қарым-қатынастың барлық бағыттары үлкен даму жолына түссе де, бірақ екі елдің тарихында мемлекеттік шекара мәселесінен ешбір кем түспейтін, трансшекаралық өзендер мәселесі әлі күнге дейін өзекті тақырыптардың бірі.

Сонау 1992 жылдан бері трансшекаралық өзендер проблемасымен Қазақстан мен Қытайдың тарапынан арнайы мекемелерлік комиссиялар тығыз айналысуда. Қазақстандық мекемелерлік комиссияның құрамына тек қана оған мүдделі министрліктердің өкілдері кірген, оның ішінде сыртқы істер министрлігі, ауылшаруашылық министрлігі және басқа да арнайы мекемелердің өкілдері. Екі мемлекеттің тарапынан сайланған комиссиялардың отырысында Қазақстан-Қытай трансшекаралық өзендер проблемасына қатысты талай-талай бірлескен келісімнің жобалары қабылданғандығы анық. Бірақ негізінен бұл комиссиялардың жұмысы жабық есіктің арғы жағында өткізіліп, проблеманың шешілу барысымен түпкілікті танысуға арналған ресми мәліматтер қазақстандық баспасөз беттерінде өте сирек кездеседі.

Жалпы, трансшекаралық өзендердің су қорларын бірлесіп пайдалану мәселесі халықаралық деңгейде жеткілікті дәрежеде реттестірілмеген қарым-қатынастар саласының бірі. 1992 жылғы БҰҰ Еуропалық экономикалық Комиссиясы ұсынған Трансшекаралық сулар мен халықаралық өзендерді қорғау және пайдалану жөніндегі Хельсинки Конвенциясына бүгінгі күнде не бары 40-қа жуық мемлекет қосылған екен. Әрине, бұл мемлекеттердің арасында Қытай жоқ. Қазақстан мен Қытай арасында жүргізілген екі жақты келіссөздер барысында 23 шекаралық өзендердің тізімі анықталып, олардың қатарына Ертіс, Іле және Текес сияқты трансшекаралық өзендер жатқызылған. Аталмыш өзендердің әрқайсысы бойынша Қытай тарапы арнайы ирригациялық жобаларды дайындап, бүгінгі күнде олардың көбісі іске қосылып қойған. Олардың іске қосылуының нәтижесінде Қазақстанға келіп түсетін судың мөлшері жыл сайын азайып, еліміздің экологиялық қауіпсіздігіне тигізетін зияды жақтары ұлғаюда. ТМД мемлекеттерінің ішінде біздің еліміз өзен суымен өте аз мөлшерде қамтамасыз етілген мемлекеттердің қатарына жатқызылған. Географиялық жағынан барлық трансшекаралық – Ертіс, Сырдария, Жайық, Іле, Шу, Талас секілді өзендердің төменгі сағасында орналасқандықтан да болар, Қазақстан үшін бұл проблема күрделілігімен қатар, уақыт өткен сайын мүлдем жаңа түрге енетін құбылмалылығымен де қиындық туғызуда.

Қытай жағының трансшекаралық өзендерге қатысты мәселеге әлі де болса «өзіміздікіміз» мінезді байқатып, бұл мәселенің шешілу барысына сақтықпен қарап келе жатқаны айқын. Трансшекаралық өзендер мәселесін Қытай тарапы қандай да бір үшінші жақтың немесе халықаралық институттардың ешбір араласуынсыз, тек екі жақты келіссөздер арқылы шешпек ниеті бар. Қытай тарапы тіпті бұл мәселенің шешілу барысына ешбір қызығушылық білдірмейді деп айтсақ кем емес. Себебі Қытайдың аумағынан Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Үндістан, Непал, Бутан, Бирма, Лаос және Вьетнам сияқты елдердің көптеген трансшекаралық өзендері бастау алып отыр. Ал осы жағдай ҚХР-ды көрші мемлекеттермен қарым-қатынасты реттестіру мәселелерінде бірқатар артықшылық жағдайға ие болдырып, олармен саналы түрде трансшекаралық суларды бірлесіп пайдалану және қорғау туралы келісімдерді жасамауға итермелейді. Сонымен қатар Қытай тарапы өзінің саяси және экономикалық мүдделерін жүзеге асыру барысында трансшекаралық өзендер мәселесін Қазақстанға әрдайым қысым көрсету мақсатында қолдануы да ықтимал.

Өткенге көз жүгіртетін болсақ, трансшекаралық өзендер проблемасы ХХ ғасырдың 70-80-ші жж. Кеңес үкіметі тұсында көтеріле бастаған мәселелердің бірі. Сол кезеңде-ақ Қытай мен Қазақ КСР-і арасындағы трансшекаралық өзендерді бірлесіп пайдалану және қорғау мәселелерін ретке келтіретін мемлекетаралық

келісімдер қарастырылған-ды. Бірақ бұл мәселе бойынша екі жақты пікірлердің алшақ болуына байланысты ақыр-соңды шешім қабылданбай, мәселенің шешілу барысы Қазақстан Республикасына мұра болып қалды. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткеннен бері үкімет басшылығымыз Қытай Халық Республикасына бірнеше мәрте трансшекаралық өзендердің су қорларын үнемді және әділ пайдалану туралы өзінің ұсыныстарын жіберген болатын. Бірақ Қытай тарапы бұл мәселенің шешілу барысына үлкен сақтықпен қарап, мәселенің шешілу барысын барған сайын кейінге шегерткен.

Қазақстан тарапы болса трансшекаралық өзендер мәселесінің дұрыс шешілу барысына үлкен мағына беруде. Өзеріңіз білетіндей, Қазақстан Республикасы су тапшылығын едәуір сезініп отырған елдердің қатарында. Жүзден астам шаршы шақырымды алып жатқан жер үсті суларының 56 %-ы ғана республикамызда шоғырланған, қалғандары мәселен, Қытайдан бастау алатын Іле мен Ертіс өзендерінің сулары сияқты көршілес республикалардың аймағынан келіп түседі. Бірақ соған қарамастан судың тапшылығы Қытай үшін де маңызды мәселелердің біріне айналған. Соңғы жылдары қарқынды түрде дамып келе жатқан өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының мұқтаждықтарын қамтамасыздандыруға байланысты ҚХР-ның су қорларына деген тапшылық жағдайы жылдан-жылға артып бара жатыр. Қытай ең алқапты аймақты иемденгенімен де, оның біршама бөлігі өмір сүруге қолайсыз шөлді және шөлейтті жерлердің үлесіне тиеді. Олар бүкіл мемлекет аймағының 31% және 22%, яғни екеуін қосқанда 53% құрайды [1].

1998 жылдың күзінен бастап Қазақстан мне Қытай арасында трансшекаралық өзендердің су қорларын бірлесіп пайдалану мәселесі өте шиеленіскен жағдайда қарастырылды деп айтсақ болады. Себебі сол кезеңде Қытай тарапы Қазақстан Республикасымен шекаралас жатқан ҚХР-ның Шыңжаң ұйғыр автономиялық ауданында 2020 жылға дейін қуаттылығы аса зор «Ертіс-Қарамай» су каналының құрылысын бастайтындығы туралы ресми мәлімдеме жасаған. Қытай үкіметі жаңа су құрылыстарын дамытуды мемлекеттің ішкі басымды бағыттарының қатарына енгізіп, олар бірнеше өзендердің арнасынан суды бұрып ағызатын ірі каналдар мен су қоймаларын салу жұмыстарын жүргізуді жоспарға алды. Яғни, Қытайдың Шыңжаң ұйғыр автономиялық ауданындағы «Ертіс-Қарамай» су каналы бойынша Ертістің бастауындағы судың бір бөлігі Үрімжі қаласының маңында орналасқан мұнай өндіру кен орнына қарай бұрылатын болды. Қытай тарапы жыл сайын аталмыш объектінің қажеттілігіне Ертістен 450 млн. кубометрден артық суды алуды жоспарлады. Ал келешекте бұл судың көлемін 1,5 млрд. кубометрге дейін жеткізетіндігін ешкімнен жасырмады [2]. Біле білгенге бұл болашақта қиын жағдайға душар ететін көрсеткіштің бірі. Егер де Ертістің жалпы су ресурсының мөлшері шамамен 9,8 млрд. текше метр екенін ескерсек, Қытайдың бұл ұстанымы Қазақстанның ғана емес, сонымен қоса Ресейдің экономикасы мен экологиясына едәуір залал келтіретін болады.

Су каналы құрылысының басталуының салдарынан Қазақстан Республикасының аймағы арқылы өтетін өзендерінің бассейнінде іркіген судың мөлшері шамадан артқандығы байқалып, еліміздің экономикасы мен экология жағдайына үлкен зиянын тигізе бастады. Оның үстіне Іле мен Ертіс өзендерінен алынатын судың мөлшері жылдан-жылға ұлғаюы Қазақстанның аумағындағы өзендердің су мөлшерінің азаюына, судың құрамындағы зиянды заттардың артуына және бұл уланған судың ауылшаруашылыққа мүлдем жарамсыз болуына қауіп төндірді. Бірақ Қытай тарапы әрдайым, Ертіс-Қарамай су каналының трансшекаралық өзендердің су қорларын бірлесіп пайдалану мәселесіне, Қазақстан Республикасының мүддесіне және оның қоршаған ортасына зардабын тигізбейді деп сенім білдіруге тырысты.

Бірақ соған қарамастан ҚХР тарапы жылдан-жылға Іле мен Ертіс өзендерінен алынатын судың мөлшерін ұлғайтуды тоқтатпады. 1999 жылғы 31 наурызда екі ел арасындағы кең ауқымды қатынастар шеңберінде экологиялық мәселелер туындады. Атап айтқанда, Іле мен Ертіс трансшекаралық өзендерінің су қорларын дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде экологияға зардабын тигізген мәселелері анықталды. ҚР-ның мемлекет басшылығы Қытай тарапын трансшекаралық өзендердің айналасындағы ахуалды реттеу үшін шұғыл шаралар қабылдауға шақырды және осы мақсатта сарапшылар тобын құрып, екі жақты келіссөздерді бастауды ұсынды. Нұрсұлтан Назарбаевтың осы жолдауы трансшекаралық өзендерге байланысты Қытай-Қазақстан келіссөздерінің басталу мерзімін біршама тездеткендей болды.

1999 жылғы 5-11 мамыр аралығында Пекинде Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы сарапшыларының арасында трансшекаралық өзендердің су қорларын бірлесіп пайдалануға байланысты келіссөздердің бірінші раунды өткізілді. Артынан көп ұзамай 22-26 қараша аралығында Алматы қаласында Қытай мен Қазақстан арасындағы трансшекаралық өзендерге байланысты жүргізілген келіссөздердің екінші раунды болып өтті. Келіссөздер барысында Қытай тарапы ҚХР мен ҚР арасындағы трансшекаралық өзендердің су қорларын бірлесіп пайдалану және қорғау туралы келісімнің жаңартылған жобасына қол қоюға әзір екендігін білдірді. Осы кезеңде ҚР үкіметі, ҚХР тарапына қолдау көрсеткендей болып, Қытайдың Ертіс пен Іле өзендерінің су қорларын өте аз мөлшерде пайдаланады, ал «Ертіс-Қарамай» каналының құрылысы Қазақстан Республикасына ешбір зиянын тигізбейді деген тұжырымдар жасаған еді. Мысалы, ҚР Табиғи қорларды және қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің Су қорлары бойынша комитетінің төрағасының қызметін атқарған Аманбек Рамазанов Қытайдағы Ертіс-Қарамай каналы бойынша алынатын судың мөлшері Қазақстан Республикасының экологиясына әсерін тигізбейді деп мәлімдеді. Осы мәлімдемені қоспағандай ҚР СІМ ақпарат және талдау басқармасының бастығы А.Таженов те, Қара Ертістегі гидротехникалық құрылыстардың қуаттылығы туралы сөз қозғай отырып, «судың алыну мөлшері – 800 млн. куб. метр, ал жылдық ағымы 9

миллиард куб. метр, құрылыстың салынуына судың шамамен 10 %-ы ғана алынып отыр, сондықтан зиян тимейді» - деп сендіруге тырысты [3]. Кезінде ҚР СІМ министрінің лауазымында болған Ерлан Ыдырысов та «трансшекаралық өзендер мәселесі әрдайым Қытай мен Қазақстан мемлекет басшыларының жоғары деңгейінде талқыланды. Трансшекаралық өзендердің су қорларын пайдалану жөніндегі келіссөздер процессінің басталуы мен бұл мәселенің талқылану деңгейі істің айтарлықтай алға жылжығандығының белгісі болып табылады. Ал осы мәселенің шешілу барысы екі елдің саяси мүдделеріне сай болуы керек...Бұл қиын сарапшылық жұмыс болса да, бірақ жүзеге асырылатын жұмыстардың бірі» - деп баға беруге тырысты [4]. Бірақ іс жүзінде ҚР мен ҚХР-дың арасында жүргізілген келіссөздер ешбір нәтиже бермеді, себебі Қытай тарапы бұл мәселенің шешілу барысына ешбір қызығушылық білдірген жоқ.

2000 жылы алғашқы рет трансшекаралық өзендер мәселесімен тереңірек айналысатын арнайы Қазақстан-Қытай жұмысшы тобы құрылды. Жұмысшы тобының міндеттеріне сай екі мемлекет арасындағы Ертіс, Іле және Текес өзендеріндегі судың мөлшері мен сапасы туралы ақпаратпен әрдайым алмасып тұруға қол жеткізілді. Екі жақты жүргізілген келіссөздердің барысында өзендердегі судың мөлшері және сапасы екі жаққа да бірдей әдістермен және аспаптармен жүргізуге келісім алынды.

Қытай тарапы бұл қабылданған шараларға қарамастан Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық аймағындағы өндіріс және ауыл шаруашылық саласын дамыту жолға қолға ала бастады. 2008 жылдың наурызынан бастап Қытай тарапы өзінің дамуы жағынан арта қалып қойған Батыс аймағының экономикасын жетілдіру мақсатында Бүкілқытайлық халық өкілдер жиналысының кезекті отырысында «Батыс бөлікті игеру» бағдарламасын жариялады. Кезіндегі ҚХР-ның төрағасы Цзян Цзэминь, «Батыс бөлікті игеру» бағдарламасы Қытайдың экономикалық және әлеуметтік дамуына зор әсерін тигізе отырып, жергілікті халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруына, ұлттық азшылықтардың көкейкесті мәселелерінің шешілуіне, аймақтың тұрақтылығына әсер етуші сепаратистік әрекеттердің азайуына мүмкіндік берді деп айтқан болатын [5]. «Батыс бөлікті игеру» бағдарламасын жүзеге асыруды қолға ала отырып, Қытай тарапы Ертіс пен Іле өзендерінің бойында жаңа каналдар мен ірі су қоймаларын салуды жалғастыра түсуді көздеді. Осы бағдарламаны жүзеге асырып Қытай Қазақстан Республикасына тек қана қысым көрсетіп қоймай, сонымен қатар өзінің бір қатар ішкі мәселелерін шешуге де бел байлады. Шыңжаң өлкесінде мұндай қауырт өнеркәсіптік құрылыстың басталуы Қытайдың суға деген жылдық сұранысын арттыра түсетіндігі белгілі болды. Сарапшылардың деректеріне сүйенетін болсақ, орташа есппен Қытайдағы жетіспейтін судың мөлшері жылына шамамен 30-40 млрд. кубметрді құрайтын болды. Осы мәселені шешу үшін Қытай басшылары солтүстік аймақтағы судың тапшылық мәселесін Янцзы өзенінің су қорларын пайдалану арқылы, ал елдің батыс аймағындағы бұл мәселені Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданның және Қазақстан Республикасының трансшекаралық өзендерінің су қорларын пайдаланудың нәтижесінде ғана шешпек ойлары болды. Нәтижесінде қазақстандық өзендердегі судың мөлшері азайып қана қоймай, оған қосымша қытайлық кәсіпорындардан шығарылатын лас сулар сол өзендерге құйылып кету қаупі төнді.

Жылдан-жылға екі жақты қатынастарындағы үдемелі түрде дамып бара жатқан көкейкесті мәселенің алдын алу мақсатында 2001 жылғы 12 қыркүйекте ҚР мен ҚХР арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылып, тараптар арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімде тараптар «трансшекаралық өзендер» терминіне түсініктеме бере отырып, мемлекеттік шекара сызығы бойынша орналасқан барлық өзендер мен арналарды трансшекаралық өзендер деп атуға келісілді. Келісімнің 6-шы бабына сай Қазақстан мен Қытай арасындағы трансшекаралық өзендерді бірлесіп пайдалану саласындағы ынтымақтастықты асыру мақсатында төмендегідей шараларды жүзеге асыруға келісті:

- су мөлшері мен сапасын бақылау және өлшеу постыларының орналасу жерлерін келісу және белгілеу;
- бақылаудың, өлшеудің, талдау мен бағалаудың бірыңғай әдістерін зерттеу;
- тараптар келіскен постылардағы гидрогеологиялық бақылау мен өлшеулердің мәліметтеріне талдау жүргізу және оларды жинақтау;
- су тасқындары, мұзданулар және басқа да табиғи апаттардың әсерлерін алдын алу, немесе жеңілдету жөнінде мүмкін болатын бірлескен зерттеулерді жүргізу;
- трансшекаралық өзендер сулылығының және судың сапасының келешектегі өзгеру үрдістерін зерттеу;
- қажет болған жағдайда, трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласында бірлескен зерттеулер жүргізіп, тәжірибелермен алмасу [6].

Сонымен қатар Қазақстан және Қытай тараптары трансшекаралық өзендерге қатысты мәліметтермен және ақпараттармен алмасудың уақытын, саны мен мазмұнын белгілеп, бір-біріне қайшы келмейтін және келісілген алмасудың тақырыбы болып табылмайтын төтенше маңызды гидрогеологиялық ақпараттармен алмасып тұруға, әрі бір-бірінің талаптарын қанағаттандырып тұруға келісті.

Екі мемлекет арасындағы трансшекаралық өзендердің су ресурстарын пайдалану және қорғау саласындағы проблемаларды әділетті әрі ұтымды түрде шешу мақсатында 2003 жылғы шілдеде Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасында кезекті келіссөздер өткізілді. Келіссөздер барысында ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев және ҚХР-дың төрағасы Ху Цзиньтао екі елдің геосаяси орналасу жағдайын өзара тиімді түрде пайдалану қажеттілігіне тоқтала отырып, трансшекаралық Ертіс

өзенінің су қорларын бірлесіп пайдалану және қорғауға байланысты Қазақстан Республикасы, Қытай және Ресей Федерациясы мемлекеттерінің қатысуымен жұмысшы тобын ұйымдастыру туралы мәселелерді ғана талқылаумен шектелді. Қазақстан мен Қытай арасында жүргізілген келіссөздер белгілі бір нәтижеге келген жоқ. Тараптар өзінің ұстанымдарын ғана мәлімдеп, іс жүзінде ешқандай әрекет қолданбады. Жуық арада трансшекаралық өзендердің қорларын бірлесіп пайдалануға байланысты келісімдерге қол қою жоспарға енгізілмеді, себебі тараптардың әр қайсысы өзінің келісім нұсқасын ұсынуда. Жалпы, халықаралық қарым-қатынас, оның ішінде Қытай-Қазақстан қарым-қатынас тарихында Қытай осындай тәріздес құжаттарға бір де бір шекаралас мемлекеттермен қол қоймапты. Сондықтан да Қытаймен өткен жылдарда су қатынастарын реттеу жолында жұмыс жүргізіп жатқан тек Қазақстан Республикасы ғана емес, осы бағытта Қырғызстан, Ресей де өз тараптарынан айтарлықтай жұмыс атқарып жатыр. Ертіс өзені Обь өзеніне келіп құятын ең басты ағыстардың бірі, ал Қырғызстан территориясындағы Сарыжас өзенінің сулары Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі Тарим өзенін 75 %-ға қоректендіреді. Егер де Ертістің жалпы су ресурсының мөлшері шамамен 9,8 млрд. текше метр екенін ескерсек, Қытайдың бұл ұстанымы Қазақстанның ғана емес, сонымен қоса Ресейдің экономикасы мен экологиясына едәуір залал келтіретін болады. Әрине Қытай тарапы, мәселенің мұндай жолмен, яғни үш мемлекеттің Қазақстанның, Ресейдің және Қытайдың қатысуымен шешілуінен бас тартуда. Қытай тарапының қойып отырған талаптарына сай, трансшекаралық өзендер проблемасы тек Қазақстан Республикасымен, сол сияқты басқа да шекаралас мемлекеттермен екі жақты сипатта және жеке-жеке кезеңдер бойынша шешілуі керек. Уақыт өте келе мұндай келіссөздер міндетті түрде үш жақты сипатқа ұласуы мүмкін, себебі трансшекаралық өзендер мәселесі үш мемлекеттің (Қазақстан Республикасы, Қытай және Ресей) ұлттық мүдделеріне қатысты және бұл үш мемлекет шекаралық өзендердің су қорларын тиімді пайдалану үшін теңдей жауапкершілікте болулары тиіс. Мамандардың пікірінше, екі ел арасында кеме қатынасының жұмысы жолға қойылатын болса, Қытай тарапы Ертіс өзенінің су қорларын көп мөлшерде пайдаланып кетуіне мүдделілігі азаяды. Бұл да көңілге демеу болмақ.

Сонымен қорытып айтқанда, өздеріңіз көріп отырғандарыңыздай трансшекаралық өзендер мәселесі Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қарым-қатынастарының күнделікті күн тәртібінен сырта қалмай, екі жақтың әрқайсысымен жеке-жеке тереңдетіліп мұқият қарастыру үстінде. Бұл мәселенің шешімін табу барысында екі жаққа да үлкен сабырлық сақтау қажет. Қазақстан Республикасының дипломатиясы Қытай тарапымен трансшекаралық өзендер мәселесін реттестіруді мемлекетіміздің қауіпсіздігін нығайтуға, сондай-ақ түрлі салалардағы ынтымақтастықты кеңейтуге арналған қосымша мүмкіндіктер ретінде қарастырылуда. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының ұлттық мүдделеріне сай трансшекаралық өзендердің су қорларын ұтымды пайдалану әрі қорғау мәселесінің дұрыс шешілуіне аймақтағы тұрақтылық және қауіпсіздік жағдайлары тығыз байланысты. Қазақстанның және Қытайдың экономикалық қуаттылығы артқан сайын трансшекаралық өзендер мәселесінің шешілу барысы барған сайын саяси проблемаланың біріне айналды. Тараптар екі жаққа да ортақ өзара тиімді саяси бағыттарды ұстана отырып, ең алдымен мемлекеттерінің ұлттық мүдделерін және азаматтарының жеке мүдделерін ескерулері қажет. Көптеген сарапшылардың көзқарасы бойынша, бұл проблеманы Ресейдің қатысуынсыз реттестіруге мүмкіндік болмайтын сияқты. Дегенмен, суды пайдалану мәселесі еліміздің маңызды ұлттық мүдделеріміздің бірі болғандықтан, оның дұрыс шешілу барысына екі жақта бірдей қызығушылық білдірулері қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қожабекова А. Қытай көші-қонының посткеңестік елдерге келтірелік қаупі қандай? // Қоғам және дәуір. - 2006. - №1. - 14 б.
2. Әдібаев Н. Балығың бар ма, Балқашым? // Отан. - 2000. - № 5-6. – 97 б.
3. Экология. Еще раз о проблеме Иртыша // Казахстанская правда. - 1999. - 27 ноября.
4. Идрисов Е.А. Реки добрососедства и дружбы // Дипломатический вестник. - 1999. - № 4. - С. 102-104.
5. Темирбулат Б. Между Казахстаном и Китаем может начаться конфликт из-за воды // Саясат. - 2000. - № 8-9. - С. 97-98.
6. ҚР мен ҚХР арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім // <http://qz.government.kz>.
7. Құланбай Ә. Тарихи сапар тағлымы // Егемен Қазақстан. - 2004. - 21 мамыр.
8. Синьхуа агенттігінің деректері бойынша // <http://big5.fmprc.gov.cn/gate/big5/kz.china-embassy.org>.



ӘОЖ 94(574): 378(043)

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДА ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ

Серубаева Аурика Темірханқызы

PhD доктор, доцент

Базаров Қайсар Әмірұлы 2 курс магистранты

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің

Қазақ халқы ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келгені белгілі. Бүгінгі біздің тату-тәтті өмір сүріп, болашаққа сеніммен аяқ басуымыздың өзі бабаларымыздың салып кеткен сара жолының жемісі. Кеңес одағы ыдыраған сәттен бастап, Қазақстан дамудың демократиялық жолын таңдады. Еліміз ұзақ уақыт қалыптасқан социалистік жүйеден бас тартып, нарықтық қатынасқа өту жолында қажырлы, табанды еңбек етті. Отыз жыл ішінде қазақ халқының кез келген саладағы жетістіктері орасан зор. Социалистік қатынастарға негізделген жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға негізделген экономикаға көшу әлемдік тарихта бір білімнен екіншісіне ауысуды білдіреді. Оның қанша уақытқа созылатыны тарихтан белгілі және біз оны жақсы білеміз. Ал біз бұл шекараны қысқа мерзімде еңсерді. Нарықтық сана қазірдің өзінде елдің санасында қалыптасты. Экономикамен қатар қоғамдық өмірдің барлық салалары қысқа уақыт ішінде нарықтық қатынастарға бейімделді деп айтуға болады.

Тәуелсіздік жылдарында отандық тарих ғылымы қоғам алдындағы борышын да орындады. "Тарихты халық жасайды, ғалым жазады" деген сөз бар. Кеңестік кезеңде Отан тарихының мәселелері зерттеліп, академиялық басылымдардың томдары, жеке арнайы зерттеулер жарияланғаны белгілі. Олардың барлығы белгілі бір теориялық және әдіснамалық тұрғыдан жазылған. Бұл марксистік-лениндік әдіснама. Жетпіс жылға жуық уақыт бойы осы әдіснамаға сүйенген қоғамтанушылар үшін тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары одан тез арада құтылу және ескісінің орнына келген жаңа өркениеттік ұстанымды қабылдау сияқты қиындықтар тудырғанын бәріміз білеміз. Дегенмен, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағы жаңа позицияның толық жеңісін отандық тарих ғылымының ең үлкен жетістігі деп санауға болады. Бұрынғы әдістеме таптық принципке негізделген және халықтың бір бөлігінің тарихы ескерілген. Нәтижесінде қазақ халқының кейбір тұлғаларына – хандар мен сұлтандарға, билер мен батырларға, ақындар мен шайнектерге, діни қайраткерлерге, XX ғасырдың басындағы ұлттық қайраткерлерге отан тарихында орын берілмеді. Олардың тарихи рөлдерін айтпағанда, олардың аттарын атауға тыйым салынды.

Тәуелсіздік бірден келмеген сияқты, қоғамтанушы ғалымдар да басым идеологиядан бірден құтылған жоқ. Кеңес өкіметінің соңғы жылдарында Кеңес Одағында қоғамтанушы ғалымдар арасында да тарихқа қатысты даулар болды. Өткен ғасырдың 80-жылдарының соңында алаштың бес арыс қайраткерін ақтау және өз халқымен қауышу үстем идеологияның үлкен жеңілісі болып саналды. Үстем идеологияның орнына жаңа немесе таптық емес көзқарастар келе бастады. 1991 жылы Кеңес Одағы тарихтың алдыңғы қатарында болды және оның орнында Қазақстан Республикасы сияқты тәуелсіз елдердің құрылуы марксистік-лениндік әдіснамаға да қауіп төндірді. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында әлеуметтік зерттеулер саласындағы негізгі теориялық-әдіснамалық проблема осылайша оң шешілді және біздің тарихшылар жаңа ұстанымдар мен көзқарастарға сүйене отырып, біздің тарихымызды жаңа тәсілдермен белсенді түрде зерттей бастады [1].

Мың өліп мың тірілген қазақ ұлтының тарихы басынан бастап көптеген қиындықтарды бастан өткерді. Кеңес дәуірінің бірінші буынының тарихшылары С. Асфендияров, Т. Рысқұлов және басқалары 30-шы жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған және атылған буржуазиялық ұлтшылдар деп айтылды. Екінші буын – Б. Сүлейменов, Е. Бекмаханов бастаған топ 1948 жылдың аяғы мен 1953 жылдың басында Кеңесары Қасымовтың көтерілісіне байланысты сотталып, Сібірге жер аударылды. Көп ұзамай оларға елге оралуға «хрущев жылымығы» ғана мүмкіндік берді. Содан бері орта мектепте Қазақстан тарихы Кеңес одағының тарихы аясында аз сағатта оқытыла бастады. Мектепте негізінен Ресей мен әлем тарихы оқытылды. Тәуелсіздік жағдайында орта және жоғары мектептерде Қазақстан тарихы кеңінен оқытыла бастады. Алайда, кейіннен жағдай өзгерді және тарихты оқытуда технологиялық бағыт қалыптаса бастады [2].

2020 жылы Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының құрылғанына 75 жыл толды. Институт Кеңес Одағының фашизмге қарсы екінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жетуі тұсында құрылды. Бұл соғысты Кеңес халықтары фашистік Германияға қарсы «Ұлы Отан соғысы» деп атаған еді. Соғыстан тұралап шыққан елдің, күйреген экономиканың, миллиондаған адамдардың өмірі қиылған трагедияның орын алуына қарамастан Қазақстанда 1945 жылы Тарих, археология және этнография институты құрылды. 1941 жылдан бері бұл ғылыми ұжым Тіл, әдебиет және тарих институты құрамында болып келген еді. Жаңа институттың ашылуына 1944 жылғы 6 желтоқсандағы КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысы және 1945 жылғы 14 тамыздағы КСРО ҒА Қазақ филиалының Президиумының қаулысы негіз болды. 1961 жылы қаңтар айында институтқа қазақ академиялық ғылымының негізін қалаушы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың есімі берілді. 1991 жылдың қыркүйегінен бастап институт Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты болып аталды.

Қазақстанның тарих ғылымы кеңестік кезеңде қалыптасты. Әрине, тарихшылар еңбектерінде сол дәуірдің әсері болды. Коммунистік идеология қазақ тарихын объективті шындық тұрғысынан ашып көрсетуге мүдделі болған жоқ. Соған қарамастан жаңадан ашылған институтта қызмет жасаған тарихшылар ел тарихының құпия беттерін ашуға, тарихи шындықты халыққа жеткізуге тырысты. Қазақтың кәсіби тарихшысы Ермұхан Бекмаханов Кеңесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің шындығын жазғаны үшін айыпталды. Бек Сүлейменовке де таптық, партиялық принциптен ауытқыды деп кінә тақты, соттады. Осындай қудалауларға қарамастан қазақ тарихшылары Ақай Нүсіпбеков, Әлкей Марғұлан, Манаш Қозыбаев, Рамазан Сүлейменов, Кеңес Нұрпейісов, Григорий Дахшлейгер, т.б. ғалымдар қазақ халқының тарихын кешенді зерттеуге қол жеткізді. Қазақ тарихшылары КСРО-ның қатал тәртіптері заманында-ақ қазақ жері әлемдік өркениеттің құрамдас бөлшегі болғандығын, қазақ халқының әлем халықтарымен бірге терең тарихы мен мемлекеттілігі болғанын дәлелдеп кетті. Олар Қазақстан тарихын толыққанды зерттеу жұмыстарын бастап, нені және қалай жазу керектігін көрсетіп бере алды [3].

Академик Д. Кішібеков: «Қазақстан тарихшыларының бүгінгі буыны осы ардагерлер жасаған дәстүрді жалғастырып жаңа белеске, заманауи тарих ғылымдарының талаптарына сай деңгейге көтеруге міндетті. Ең басты талап – объективті тарихи шындықты ашу, көрсету және дәлелдеу. Екінші дүниежүзілік соғыс жүріп жатқан кезде Қазақстанда жеке Тарих, археология және этнография институтының құрылуы бекер емес. Бұл шараның жалпымемлекеттік, жалпыұлттық маңызы зор болатын. КСРО басшылығы тарих ғылымы мен халықтың тарихи санасын тәрбиелеудің мемлекет тұтастығын, халықтың саяси бірлігін қамтамасыз етудегі рөлін жақсы түсінді. Әсіресе КСРО құрамындағы халықтардың өзара достық тәжірибесі, ортақ мақсат-мұраттары, бірлескен шаруашылығы, алдағы міндеттері, коммунистік құрылысты дамыту мәселелері бірінші кезекке шықты. Халықтық тарихи контекстінде оның отарлау саясатына қарсы азаттық күрестерінің жарқын беттері де сөз болды. Әрине биліктегі Компартия, Кеңес халықтарының тарихын марксистік, таптық методология тұрғысынан зерттеуді күн тәртібіне қойды. Коммунистік идеология принциптеріне сәйкес келмейтін тарихи фактілер айтылмады, бұрмаланды немесе теріске шығарылды. Сондықтан кеңестік дәуірдегі тарих ғылымында «ақтаңдақтар» (зерттелмеген оқиғалар) тым көп болды» [3] деп сол кезеңдегі тарих институты мен сонда қызмет еткен ғалымдардың отандық тарих ғылымының дамуы мен өркендеуіне қосқан үлесіне баға берді.

Шындығында халықтың тарихи жады, тарихи санасы – аса қуатты субъективті фактор. Өз халқының дамуының кезеңдерін, жолдарын басынан кешірген ауыртпашылықтарын, қайғы-қасіретін, жеңістері мен жеңілістерін білген, оларға объективті баға бере алатын адамдары бар елдер ғана бәсекеге қабілетті. Ондай халықтар тарихтан дұрыс сабақ алады, қателіктерін жылдам түзейді, Отанын, елін, жерін қорғауға әр кез дайын болады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде КСРО-ны билеген сталиндік топ осы құбылыстың маңызы мен мазмұнын ұқты. Компартия билігі қазақ халқының тарихи дамуын зерттеудің қажеттілігін сезінді. Қазақ халқын социалистік, коммунистік құрылысқа белсенді тартудың бір жолы оған өз тарихын білгізу, саяси-әлеуметтік дүниетанымын кеңейту деп есептеді. Өкінішке қарай, тарихи білім мен танымға деген мемлекет пен қоғамның зәрулігі тарихи шындықты толыққанды ашумен, көрсетумен ұласпады. Жұмысшы табы мен еңбекші бұқараның өмірі мен талап-тілектерін қабыспайтын қандай құбылыстар болмасын социалистік қоғамға жат, буржуазиялық таптық мүддесіне жақын деген көзқарас үстемдік құрды. Таптық принципті ұстанған кеңестік тарих ғылымының ауқымы тар болды. Ол жалпыхалықтық, жалпыұлттық мүдделерді толыққанды қорғай алмады. Сонымен қатар пролетарлық интернационализм принципінен де тарих ғылымы шыға алған жоқ. Әділет пен шындық қаналған жұмысшылар мен еңбекші бұқара жағында деп есептелінді. Орталыққа, Мәскеу мүддесіне қайшы келетін пікірлердің барлығы антисоветтік, антихалықтық ұстанымдар ретінде қудаланды [3].

Тәуелсіз Қазақстан құрылғанға дейін халықтың тарихи болмысы мен тарихи санасы бұрмаланды, ауыр деформацияға ұшырады. Қазақ халқының мемлекеттілігі мыңжылдықтар басында пайда болғандығы, қазақ этносының объективті этногенезі, түбі бір түркі халықтары одағы, қазақ халқының өнерінің, мәдениетінің, салт-дәстүрлерінің табиғаты мен мазмұны, отаршыл империялардың қазақ халқына қарсы жүргізген этноцидтік отарлау саясатының мән-мағынасы, қазақ халқына өлшеусіз еңбек сіңірген көптеген тарихи тұлғалар есімдері мен қызметтері, т.б. маңызды тақырыптар тарихшылар назарынан тыс қалдырылды. Қазаққа өркениет пен мәдениет Ресей мен Батыстан ғана әкелінген, қазақ өркениеті мүлдем болмаған деген жаңсақ, шындықтан алшақ тарих ғылымы үстемдік құрып келді. Батыстық басымдылықтар қоғамдық санада бірінші орында тұрды. Қазақ тілі, тарихы мен мәдениеті «екінші сортты» құндылықтар ретінде тайыз қабылдануы қазақ халқының ұлттық белгілерінің көмескіленіп, маргиналдануына жол ашты. Халықтың санасы, ойы, тарихи жады мәңгірттенгені ақиқат. Қазақ халқының тарихи санасындағы дағдарысы ұлттық рухани ауруға ұласты [3].

Біздің халқымыз тарихта қанша қатыгездік көрді, қанша батыр тұлға ұлттық азаттық үшін күрескен. Бақытымызға орай, біздің халқымыз үшін Кеңес Одағы тарихи сахнада ыдырап, Қазақстан Республикасы 1991 жылы тәуелсіздігін жариялап, егемен елге айналды. Тәуелсіз ел тарихының жаңаша жазылуы, тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасын дайындау сияқты күрделі мәселелер күн тәртібіне қойылды.

1995 жылы Президент жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің «Қазақстанда тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы қабылданды. Мұнда тарихтың, әсіресе, қоғам дамуының өтпелі кезеңдерінің ерекше маңызы көрсетілген, тарихи білімнің негізгі басымдықтары, тарих ғылымының

проблемалары, тарихи білім беру мен ағарту ісінің келешегі белгіленген болатын. Президент жарлығымен үш жыл қатарынан тарихи танымға айрықша назар аударылды. Олар: 1997 жылы – Қоғамдық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу; 1998 жыл – «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы», 1999 жыл – «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы» еді [4].

2004-2011 жылдар аралығында – Қазақстанның тарихы мен этнографиясы бойынша арнаулы зерттеу жүргізілді. Дегенмен, мұның бәрі – тарихи жады мен тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы ауқымды жұмыстар атқарылды. Мемлекеттің ұлттық тарихты жаңғырту мен зерделеу мақсатында қабылдаған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы ауқымы орасан зор жұмыстар тындырды. «Мәдени мұра» бағдарламасының мақсаты жазба деректерді жинау және жариялау болып табылады. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы екі кезеңді, бірінші кезеңі 2004-2006 жылдарды қамтыса, екінші кезеңі 2009-2011 жылдарды қамтыды [4].

Тарихты өткен өмір ғана, – деп білу қате пікір. Шынайылықты тапқан тарих адамзаттың әлемдегі өзіндік орнын белгілеп берсе, ал бұрмаланған тарих адамзаттың өздігін жоғалтып жібереді. Мәселен, Түркияда республика құрылғаннан бастап отан тарихы ғылымын дамытуға, жетілдіруге ерекше мән берілді. Бастама ретінде 1930 жылы түрік елінің басшысы Мұстафа Ататүрк: «алдымен ұлтқа тарихын, ұлтының асыл екенін, барша мәдениеттің анасы – алдыңғы қатардағы ұлттың ұрпағы екенін үйретуге тиіспіз» [5], – деп атап өтті. Міне, осындай патриоттық жолда оқытылған тарихтың арқасында қазіргі таңда түрік елінде патриоттық сезім өте жоғары деңгейге көтерілген және әр бір түрік азаматы өз тарихын мақтан тұтатын жағдайда отыр. Яғни ұлтын кастерлейтін, өз отанының тарихын ұлықтайтын ұрпақтың келешегі айқын екені дәлелденді.

Қазіргі уақытта тарихшы-ғалымдардың, оқытушылардың иығында қиын міндеттер тұр. Өйткені, ғасырлар бойы қалыптасқан Қазақ тарихы өте қатты бұрмаланған және аз зерттелгені белгілі. Тарихи шығармалардағы шындықты жазу бір жағында тұрсын, қазақтар мәдени деңгейі жетілмеген халық ретінде ғасырлар бойы психологиялық тұрғыдан бағынатын ел ретінде тәрбиеленді. Сондықтан қазіргі уақытта Отан тарихын оқытудағы ең өзекті мәселелердің бірі-біздің тарихымыз арқылы жастардың патриоттық сезімдерін тәрбиелеу. Бұған тарихи оқиғаның саяси бағыттарына ғана емес, рухани, мәдени, әлеуметтік, этнопсихологиялық және басқа аспектілерге де назар аудару отырып, оқыту арқылы қол жеткізуге болады. Бұл әдіс "Қазақстан-2050" Стратегиясында көрсетілген жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз. Отан тарихын оқытудағы өзекті мәселелердің тағы бірі – деректердегі мағлұматтардың арасындағы әртүрлілік болып табылады. Тарихшы ғалымдар сол мағлұматтардың шынайылығын анықтап, бір ізділікке жеткізу қажет. Осы негізде профессор Б. Аяғанның Қазақстан тарихын көне заманнан бастап қайта жаңғырту қажет деген пікірін құптағанмыз жөн.

Аталмыш ғалым: «сақ дәуірін алсақ, бұрын кеңес заманында сақтардың тілі иран, парсы тілі деп көрсетілді. Сол кезде шыққан Қазақстан оқулықтарын қарап көріңізші, дәл солай жазылған. Ал соңғы деректер бойынша сақ, үйсіндер көне түрік тілінде жазып, сол тілде сөйлеген екен» [6], – дейді. Міне, бұл тұжырымдаманың бір өзі ежелгі дәуірдегі екі мемлекеттің тарихын өзгертіп жібере алатындай құндылық танытады. Сонымен қатар тарихи оқиғаларды талдай отырып, тарихи хронология яғни кезеңдерге бөлу немесе дәуірлеу мәселесі де отандық тарихы ғылымында ауқымды орынды алып отыр. Соңғы кезде бұл мәселеге қатысты ғылыми таным аясының кеңейе түсуіне орай бірқатар тұжырымдамалар ұсынылып жатыр.

Ал ортағасырлық отан тарихын оқытуда біріншіден, қазақ хандығының орталықтанған билік жүйесіне ерекше тоқталу қажет. Көптеген тарих кітаптарында осы мәселе жалпылама аталып кетеді. Екіншіден, ортағасырлық көшпелі халықтың рухани мәдениетіне аса мән берілуі қажет. Өйткені қазақ халқының хандары, билері, ақындары, жыраулары, ғалымдары мен әншілері ислам дінінің білгірлері, ислами өркениеттің өкілдері еді [7]. Яғни, ортағасырлық қазақ даласы туралы мәселе көтерілгенде рухани өмірдің саясаттағы, әлеуметтік қоғамдағы ықпалы мен рөліне кеңірек тоқталған жөн болар. Бұл ата-бабамыздың дәстүрлі рухани жолын қазіргі кездегі көптеген алдамшы сенімдермен шатастырып, ұрпақтың тура жолдан адаспауына үлкен үлес қосады деген сенімдеміз.

Жаңа заман тарихында қазақ хандығының патшалық Ресейдің боданына айналу тарихы да өзіндік өзекті мәселелерге толы. Ол кезде қазақ хандығына өз территориясын сақтап қалу қаншалықты маңызды болса, ал патшалық билікке экономикалық табыс көзі тиімділік соншалықты тиімді болды [5]. Бұл идеология XVIII ғасырдағы ресейлік зерттеушілердің еңбектерінен де анық байқалады.

Зерттеуші ғалымдарымыз өз еңбектерінде XV ғасырдың ортасынан қазақ хандығы тұтас саяси құрылым ретінде өмір сүріп, XVIII ғасырдан бастап әрбір жүз өз хандарын сайлай бастағанын тілге тиек етеді [5]. Мұны оқығанда орталық биліктің дағдарысқа ұшырауына қандай факторлар себеп болды немесе орталықтанған билік астында неге жауға қарсы тойтарыс бермедік деген сұрақтар туындайды. Демек бұл жағдай да әлі терең зерттеуді қажетсінеді, – деп ойлаймыз.

Патшалықтың идеологиясы халықты материалдық, әрі этнопсихологиялық тұрғыдан қысты. Идеологияның қаншалықты дәрежеде қиындық тудырғанын қазақ жерінде үнемі бой көтеріп тұрған ұлт-азаттық қозғалыстар дәлелдеп береді. Әрине, бұл қозғалыстардың алғышарттары мен салдары болды, бірақ барлығын біріктіретін мінез бостандыққа ұмтылу болды. Сондықтан Отан тарихын оқытуда қазақ жеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихы бойынша дәріс, жеке зерттеулер бойынша дәріс қосымша курс ретінде оқыту маңызды деп есептейміз.



Кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихына тоқталған кезде біз әлі де шындыққа сәйкес келмейтін немесе нақты анықталмаған нәрселерді байқаймыз. Көптеген мәселелер немесе оқиғалар кеңестік кезеңдегі мәліметтермен шектелді. Жоғарыда аталған бірқатар мәселелерді қорытындылай келе, Отан тарихын оқыту әлі де зерделеуді қажет ететінін байқаймыз.

Қорыта айтқанда, тәуелсіз Қазақстан құрылған күннен бастап қазақ халқын, барша қазақстандықтарды отарлық санадан тазарту жұмысы басталды. «Батпандап кірген ауру мысқалдап шығады» деген халық мақалын осы құбылысқа қатысты айтуға болады. Сананы, тарихты, мәдениетті отарсыздандырудың күрделі үдерісі басталды. Өкінішке қарай, әлі де халықтың басым бөлшегі отарлық санадан құтыла алмай отыр [3]. Осы жағдай қазақ ұлты өкілдерінің біршама қомақты бөлшегінің өз ана тілін білмеуінен, қазақ халқының ұлттық гуманистік дәстүрлерінен мақұрым қалуынан, қазақстандық отаншылдық психологиясының әлсіздігінен, экологиялық мәдениеттің төмендігінен, т.б. ауытқу құбылыстарынан анық байқалуда. Ел халқы тастүйін, біртұтас Қазақстан мемлекеттілігі идеясы төңірегінде топтасуының әлсіз, билік пен халықтың арасындағы түсінушіліктің нашар болуының, билік пен халықтың арасындағы қайшылықтың орын алуының және этносаралық жанжалдардың себептері мен түп тамыры осында. Сондықтан Қазақстан халқының тарихи санасын тәрбиелеудің мемлекеттік маңызы зор. Тарихи болмыс пен тарихи сана – мемлекет тұтастығының кепілі болатын құбылыстар қатарында. Мемлекеттің күш-қуаты белгілі дәрежеде халықтың тарихи санасының, саяси мәдениеті мен руханилығына тәуелді екендігін ешуақытта ұмытпауымыз керек. Дамыған мемлекеттердің барлығы өз халқының дұрыс, шындыққа негізделген тарихи санасының тәрбиеленуіне ерекше назар аударатыны сондықтан. кәшібеков

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Кәрібаев Б. Тәуелсіздік және ұлттық тарих // <https://egemen.kz/article/276782-tauelsizdik-dgane-ulttyq-tarikh>

2 <https://ie.kz/?p=3757>

3 Кішібеков Д. Тарих ғылымының көшбасшысы // Егемен Қазақстан. – 2021. – 27 қаңтар

4 Еңсенов Қ. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастыру мәселесі // https://history-state.kz/?ELEMENT_ID=1601

5 Кушенова Ғ.И. Отан тарихын оқыту өзекті мәселелері // <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8878/>

6 Отан тарихын оқытудың өзекті мәселелері // <http://baq.kz/kk>

7 Нуртазина Н. Ислам в казахском ханстве (XV-XVIII вв.). – Алматы: КазНУ им. Аль Фараби, 2009. – С. 6.



UDC 37.013.77

INNOVATIVE TECHNIQUE OF ART THERAPY EBUR AS A MEANS OF RELIEVING THE PSYCHO-EMOTIONAL TENSION OF CHILDREN

Iskakova Zh.G. – PhD of pedagogy and psychology
Al Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, zig019@mail.ru

Annotation. Now, it is necessary to look for new means of psychological and pedagogical support for the prevention of negative emotions in students, since their emotional state cause's serious anxiety today. Children have high anxiety, frequent manifestations of general apathy or, conversely, increased irritability or aggressiveness. The article discusses the technique of art therapy (ebur) as a tool for ensuring emotional well-being and psychological and pedagogical support of participants in the educational process. It is directly related to visual activity and includes a variety of different forms and methods, so it would be appropriate to talk about innovative techniques and techniques that can be used by participants in the educational process.

Keywords: ebur, art therapy, innovative technology, children

Art therapy is a specialized form of psychotherapy based on art, primarily visual and creative activities. Art therapy - literally means art treatment. This is one of the methods of work that uses the possibilities of art to achieve positive changes in the intellectual, emotional and personal development of a person, including a child [1, p.18].

More and more people recognize the undoubted healing effect of art therapy and successfully apply it in practice. Many educational psychologists rely on the achievements of art therapy in their daily work. The main goal of art therapy is the harmonization of personality development through the development of the ability of self-expression and self-knowledge.

The main tasks of art therapy:

- Correction of deviant behavior and emotional disorders in children and adolescents;
- Prevention of behavioral and emotional disorders, violations of school adaptation;

- promoting a more harmonious, comprehensive development of the personality of students, closely related to the tasks of psychoprophylaxis, achieving a higher level of their psychosocial adaptation;
- Rehabilitation of children and adolescents with "special needs", that is, having certain systemic disorders (speech, hearing, vision, motor functions), behavioral abnormalities [2, p.23].

Art-therapeutic methods of working with children and adults are a safe way to discharge negative emotions. It allows you to work out thoughts and emotions that a person is used to suppressing, increases a person's adaptive abilities to everyday life, and reduces fatigue, negative emotional states and their manifestations [3, p.75].

Almost every one of us in childhood was upset and angry when he could not draw. Draw as I would like, experiencing joy and pleasure. But there is another way of drawing that does not require skill and skill from you – just a desire and a special technique that I am ready to share with you.

Ebru - (drawing on the water surface) is the oldest Turkish way of creating patterns on fabric and paper with the effect of marbling. "Ebru" (from Persian. the language "ob" – water and "ru" – na) is adapted in Turkish as "ebru", meaning "on the water". From Persian, the word "ebru" can be translated as "similar to clouds". Historians do not have a single opinion about the time and place of origin of ebru. There is a version that ebru originated in Bukhara and Samarkand, and later, through Persia, reached Turkey. According to another theory, the origin of ebru occurred somewhat to the east — in China. In addition, there are versions that ebru originated in India, Persia, Ancient Egypt, and even in Southern Siberia. A drawing on a piece of leather similar to an ebra, which is about 2500 years old, was discovered in Altai [4, p.57].

The technique of drawing on water ebru is considered a traditional art of Turkey, because this country has become the place of a new wave of development and popularization of this art form. Since December 2014, ebru has been included in the UNESCO list of Intangible World Values.

The advantage of ebru is that even a beginner can easily create his first picture. To do this, you need to buy the necessary ingredients and tools, prepare a solution of water, paint.

Ebru is a drawing of one liquid on the surface of another. This is only possible if these liquids have different surface tension. Therefore, the water on which the drawing will be performed must be thickened. As a thickener, an extract of the given plant or sea red algae is used.

Only natural materials are used in ebru.

- Brushes - a ponytail hair is used in the ebru.
- Awl for drawing.
- A comb for obtaining a "scaly" pattern.
- Ebru paints include natural pigment, water and bile.

They are liquid in consistency, in fact, colored water. In the process of work, it is very difficult to predict how the paints will spread. Therefore, there are no certain limits and restrictions, but only a personal flight of fancy. Ebru is a dance of colors, which, intertwining with each other, create a variety of patterns. Each painting is unique and inimitable.

Drawing on water - ebru is a kind of art therapy, refers to the method of intuitive drawing. This is a good way to relax, stop the flow of thoughts, allow the left hemisphere to rest, activate the work of the right, thereby freeing access to its own inner world, its resource states [5, p.68].

Why ebru? "Drawing with the soul" or intuitive drawing allows you to dive into the stream of the unconscious in a short time, gently bypassing your psychological barriers. Since immersion "into oneself" occurs naturally, it is safe. Such relaxation therapy is available to people with any level of psychological development, with varying degrees of "workload" problems, adults and children.

How does it work? Colors evoke feelings and experiences in a person. Some of them contribute to balancing and calming, others, on the contrary, raise the tone and mood. Working with paints relieves fatigue and tension, reduces anxiety, aggression. In 30-45 minutes, you can change an uncomfortable emotional and psychological state to a calm and joyful one, improve your well-being. Everyone has a result, it is individual and depends on the state at the moment. In the process of ebru relaxation, outside interference is minimal. Everything is aimed at preserving the established contact of a person with himself. The main thing is to teach the child to fully devote himself to drawing on the water, not to plan the result, because it will always be unique and inimitable.

For whom? Ebru relaxation therapy is well suited for adults and children with increased anxiety, a tendency to perfectionism; schoolchildren who experience heavy academic loads; effective as a prevention of emotional burnout;

In some cases, ebru acts as a leading method of corrective action (as, for example, if a child has emotional and behavioral disorders of a neurotic nature). In other cases, it is used as an auxiliary tool to stimulate the child, develop his sensorimotor skills, and reduce emotional stress. You can use ebru as a psychoprophylactic, developmental tool.

Every drop that falls into the water spreads into a circle, which we can transform into any desired shape. Such drawing perfectly develops children's imagination and thinking, and gives the child the opportunity to feel like a real artist and get real satisfaction from creativity. Paintings always turn out to be unusual; every movement with an awl or brush creates a unique image.

What we do in class:

- We learn to observe colors.

- We explore the relationship between what we do and what we get.
- And we invent, fantasize and create.

The process of creating a drawing on the water is simple and fast. Transferring a drawing to paper resembles a miracle and causes sincere delight among children and adults.

Among the main results are the following:

- Development of communication skills, group interaction;
- increasing the level of motivation for creativity;
- Development of self-control skills;
- Correction of higher mental functions;
- Mood boost;
- Reduction of anxiety;
- improving relationships with children;
- Self-esteem enhancement [6, p.17].

Recently, the ebru technique has found its practical application: in the field of correctional and rehabilitation work with various categories of children and adults (including those with disabilities and disabilities, as well as difficulties in socialization and learning); in the field of additional education for children and adults.

Thus, drawing on water - ebru is one of the methods of health-saving innovative technologies in working with children, as well as a means of relieving psycho-emotional stress and a favorable psychological impact on the emotional state of children.

List of literature

1. Ametova L.A. Formation of art-therapeutic culture of younger schoolchildren. Himself an art therapist. M., 2003.
2. Zinkevich-Evstigneeva T.D. The path to magic. Theory and practice of art therapy. St. Petersburg: Zlatoust, 2005.
3. Kiseleva M. V. Art therapy in working with children: A guide for child psychologists, teachers, doctors and specialists working with children. - St. Petersburg: Speech, 2006. – 160 p.
4. Kopytin A.I. Art therapy in secondary school. Methodical manual. St. Petersburg, 2005.
5. Kopytin A.I., "Art therapy in the education system", M., w/ "School psychologist", 2011, No. 18
6. Lebedeva L.D. Practice of art therapy: approaches, diagnostics, system of classes. St. Petersburg: Speech, 2008.



ӘОЖ 902/904

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ОТАНДЫҚ АРХЕОЛОГИЯ/ЭТНОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ ІРГЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Қайыркен Әдиет, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының аға ғылыми қызметкері

Отандық археология және этнология ғылымының іргелі мәселелерін зерттеуші ғалымдар тәуелсіздік жылдары аталған ғылымдардың әртүрлі тақырыптарында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп бірқатар құнды диссертациялық еңбектер қорғаған.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы мен Ұлттық академиялық кітапханасының диссертациялық залдарында қарастырылған 62 жұмыстардың ішінде 33 этнографиядан, 29 археология саласынан қорғалған жұмыстар болып табылады. Аталған диссертациялық жұмыстардың басым көпшілігі Қазақстан археологиясы мен этнографиясына қатысты қорғалған жұмыстар екендігі мәлім болды.

Археология/этнология саласында зерттеу жұмысында жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдар, жаңа көзқарастар тұрғысынан көптеген зерттеулер басшылыққа алынған. Этнография мен археология ғылымы саласындағы жаңа әдіс-тәсілдер қолданылған. Отандық ғалымдар археология/этнология ғылымының іргелі мәселелерін зерттеумен айналысу барысында көптеген ғылыми мақалалар жариялап, өздерінің тақырыптары аясында жеке ой-тұжырымдар мен жаңа көзқарастар енгізгенін көруге болады.

Қазақстан археологиясы дәстүрлі бағыттарды зерттеудегі, сондай-ақ қазіргі заманның талаптарын алға тартатын жаңа жаһандық ғылыми үрдістер жүйесінде дамуда. Қазіргі таңда әлемдік археология ғылымында жаратылыстану ғылымының жетістіктерін кеңінен қолданып, жаңа технологиялық әлеует мүмкіндіктері көптеген мәселелерді нақтылауға көп септігін тигізіп отыр. Қазақстан археологиясы да әлемдік ғылым жүйесімен бірге дамып келеді десек артық айтқандық емес. Онда қалыптасқан ғылыми дәстүрлер мен жаңа инновациялық технологиялар да кеңінен қолданылып әрі өзара үйлестіріліп, далалық ізденістер жаңаша қырынан жанданып отыр [1]. Әлемдік ғылымның, соның ішінде археологияның маңызды бағыттарының бірі – адамның шығу тегі мен оның дамуы туралы мәселелерді анықтау десек. Осы бағытта қазақстандық археологтар да палеоботаника, одонтология, генетика, топырақтану т.б. мамандармен қоян-қолтық жұмыс істеуде. Оның

нәтижелері әлемдік археология тарихнамасында енген елеулі табыс болып есептелінеді.

Жамбыл Омарұлы Артықбаевтың 1997 жылы қорғаған «XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы» тақырыбындағы диссертациясында қазақ қоғамының XVIII ғасырдағы құрылымдық қасиеті анықталып, қоғамдық байланыс түрлерін жеке-жеке шаруашылық, әлеуметтік, этникалық, саяси бейнесімен анықтап, сол қалпымен жүйелеп, этнос табиғатының әлеуметтік заңдылықтарын ашып көрсеткен. Қазақтың XVIII ғасырдағы шаруашылық өмірін, оның қыр-сырын, қазақтың өзінше ел болып отырған негізі қарастырылған. XVIII ғасырдағы қазақ елінің этникалық құрылымына, қараша халық ішіндегі рулар мен олардың ішкі байланыстарына, жалпы конфигурацияға енетін субэтникалық топтар мен ассимиляциялану процесіне ұшыраған кірме этностардың тіршілігін қарастырады. Қазақтың дәстүрлі әлеуметтік құрылымын меншік тұрғысынан, әлеуметтік жіктер мен топтар тарапынан, сонымен бірге қоғамдық байланыстың кейбір елеусіз-елеулі түрлеріне тікелей қатысты зерттелген. XVIII ғасырды зерттеу барысында көптеген жаңа тың деректер зерделеніп, қазақ хандарының шежіресі, елшіліктер шежіресі, көрші мемлекеттердің саяси үдерістерін тікелей анықтайтын басшылардың билік құрған дәуірі, саяси істері жүйеленіп алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр [2].

Қазіргі таңда арамызда жоқ тарихшы, археолог ғалым, ұзақ жылдар еліміздің оңтүстік өңірлерінде 250-ден астам қыстау-қоныстардың қазба жұмыстарын жүргізіп еліміздің ежелгі тарихын зерттеуге өзіндік үлес қосқан *Сәйден Жолдасбайұлы* 1997 жылы қорғаған «Жетісу аймағындағы елді-мекендер мен тұрақ жайлардың даму тарихы және олардың экономикалық тиімділігі (XVI-XVIII ғғ.)» атты диссертациялық еңбегінде XVI-XVIII ғасырлардағы Жетісу қыстау-қоныстарының даму тарихы мен экономикалық әсері айқындалған. Жетісу мен Сырдарияның орта және төменгі ағысынан көне мекен жайларының табылып, көне дәуірдегі үй-жайлардың ішкі-сыртқы көріністері соңғы орта ғасырдағы қазақтардың үй-жайларының көріністерінде тарихи қалпына келтірілген [3]. Ғылыми еңбектерінің басты бағыты қазақ халқының XV-XVIII ғасырлардағы мәдениетін, Жетісу тарихын, палеоэтнографиялық ерекшеліктерді зерттеумен байланысты болды.

Танымал археолог ғалым *Мұхтар Бахадырұлы Қожаның* 2009 жылы қорғаған «Ортағасырлық Отырар (тарихи-археологиялық деректер бойынша)» тақырыбындағы диссертациясында Отырарды қазу және айналасында далалық барлау жұмыстары барысында соңғы уақытта табылған археологиялық деректерді көрсеткен. Соңғы жылдары ғылыми айналымға енгізілген жазбаша және жергілікті аңыздар деректерімен бірге деректанулық базаны кеңейткен материал берген болатын. Еңбекте Отырар қалалық мәдениетінің этникалық аспектісі жаңаша қарастырылған. Археологиялық және жазбаша деректік материалдар негізінде Отырар қаласы мен аттас иеліктің ортағасырлық дәуіріндегі тарихын тұтастай қарастырып зерттеу жұмысында әр кезеңдегі саяси тарихы, қолөнер, егіншілік пен ирригациясы, сауда-саттық, мәдениет пен наным-сенімдері сипатталады. Зерттеу жұмысында жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдар, жаңа көзқарастар тұрғысынан көптеген зерттеулер басшылыққа алынған. Тарих пен археология ғылымы саласындағы жаңа әдіс-тәсілдер қолданылған [4].

Этнограф-ғалым *Ахмет Уалханұлы Тоқтабайдың* 2009 жылы қорғаған «Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі жылқы феномені» диссертациясында Қазақ жері жылқының пайда болған жері екендігі атап өтіліп, ер-тоқымның пайда болу тарихы, түрлі даму жолдары, өндіру технологиясының аймақтық ерекшеліктері және басқа да белгілері бойынша жалпы типологиясын жасаған. Этномәдени маңызы бар ат ойындары және ұлттық мерекелердің (ас беру, бәйге (ат жарысы), қымызмұрындық (қымыз ішуге арналған мереке) ерекшеліктері оның орны мен маңызын қарастырған болатын. Жылқыны зерттеу халқымыздың материалдық және рухани жетістіктерінің көптеген көмескі тұстарын айқындауға мүмкіндік береді. Жылқы мәдениетін қазақ пен оған бауырлас халықтардың арғы бабалары көшпенді тайпалардан қалғандығы деректер негізінде дәлелдеп талдайды [5].

Күлжазира Мейрамқызы Төлеубаева «Қазақтар және Орта Азия халықтарының отбасы, отбасылық әдет-ғұрып, салт-саналары» (салыстырмалы-этнографиялық зерттеу) диссертациялық зерттеулерінде Отбасы формалары, қазақтар мен Орта Азия халықтарының отбасы ішіндегі қарым-қатынастарын зерделеген болатын. Аталған аймақ халықтарының үйлену тойының негізгі кезеңдері сипаттаған. Қазақтар мен Орта Азия халықтарының балалар әдет-ғұрпына салыстырмалы-тарихи талдау жасай отырып, олардың ежелгі дәуірден кейінгі орта ғасырларға дейінгі тарихи-этнографиялық, тарихи-мәдени, этногенетикалық процестермен байланысын қарастырған. Жекелеген неке-отбасылық, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің шығу тегі тарихи-этнографиялық дәстүрлермен байланысын көзқарастарымен пайымдайды. Қазақ және Орта Азия халықтарының отбасылық әдет-ғұрыптары жеке-жеке біршама зерттеп, сипаттаған [6].

Елімізде біршама танымал археолог-ғалым *Елеуов Мадияр* «Шу-Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары мен мекендері» атты диссертациясында тұңғыш рет Қазақстанның орта ғасырлық тарихында Шу-Талас өзендері аралығын жеке тарихи-мәдени аудан ретінде қарастырып, ондағы керуен жолдарының бағыттары және олардың VI-XIII ғғ. басындағы өзара байланысы жайлы жан-жақты сипаттаған болатын. Шу-Талас өзендері аралығындағы қалалар мен қоныстар туралы жергілікті аңыздар зерттеп, тарихи дереккөздердің жеке тобына жіктелген батыр жырларын талдады. Өртүрлі деректер негізінде жекелеген ортағасырлық қалалар, қоныстар, ескерткіштерді оқшаулау нақтылап берген. Шу-Талас өңірлері арқылы өткен ортағасырлық керуен жолдары кешенді түрде зерттеліп, олардың негізгі бағыттары және бір-бірімен байланысы бірінші рет

көрсетілген. Қазақстан археологиясында алғаш рет жеке тарихи-географиялық аудандағы ортағасырлық үйлердің әр кезеңдегі түрлері, олардың жылыту жүйесі және қалаларды суландыру, тазалық жүйелері анықталып, ерекшеліктері көрсетілген [7].

Отандық археолог ғалымдардың алдымызда жаңа міндеттер тұр, археология ғылымын іргелі және қолданбалы екі бағыт бойынша дамыту. Қазақстанның іргелі археология ғылымын келесі бағыттарда дамыту маңызды болып табылады: Антропогенез, адамның шығу тегі және Қазақстандағы мәдениеттің ерте кезеңдерін зерттеу; Еліміз адамзаттың тарихи даму үдерісіне ықпалы мәселесінің теориялық материалдарын әзірлеу; Қазақ хандығы дәуіріне дейінгі көшпенділер мәдениетін зерделеу; ежелгі және орта ғасырлардағы отырықшы өркениеттер мен көшпелі мәдениеттердің өзара байланысын зерделеу, атап айтқанда, Қазақстанның байырғы қалалық өркениетінің бастапқы кезеңі туралы мәселені шешу; 10-18 ғғ. дамыған орта ғасыр дәуіріндегі Қазақстан қалаларының мәдениетін зерттеудегі археологияның рөлі қарастыру; Еуразия тарихында маңызды рөл атқарған түркі халықтарының тарихын жаңа көзқарастар тұрғысынан өзіндік ой-тұжырымдармен жазу т.б. [8].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қазақстандық этнологиялық-этнографиялық ғылымы біршама қиындықтарына қарамастан көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастырды. 1998 жылы республиканың барлық 14 облысында жүргізілген фронтальды этномәдени зерттеу жұмыстары жүргізілген болатын. Осы зерттеулер мен материалдарды жинақтау негізінде өткен жылдардағы «қазақтардың өткен және қазіргі кездегі салт-дәстүрлері» – жаңа этнологиялық тарихнамада өз кезеңдеріндегі құбылыс болып табылады. Осыдан кейін далалық этнографиялық (экспедициялық) жұмыс саласында, жаңа тақырыптарды әзірлеу, диссертацияларды қорғау және т.б. салаларда айтарлықтай жандану байқалды. Соңғы жылдары қазақстандық этнология саласында этноархеологияның ерекше ғылыми бағыты дамыды. Ол өзінің міндеттері бойынша бұрынғы палеоэтнографиямен тығыз байланысты болған еді [9]. Этнологтар осы маңызды ғылыми бағыттың дамуына елеулі үлес қосқан болатын.

Қазіргі уақытта Қазақстанның археология және этнология ғылымы саласында жоғары білікті 80-ден астам маман (ғылым докторлары мен кандидаттары) жұмыс істейді. Бұл археология және этнография ғылымы саласын дамытуға импульс беретін маңызды күш екендігі белгілі.

Бүгінгі таңда Қазақстанның археология және этнология ғылымы саласына академиялық этнографияның базалық дәстүрлерін сақтау, сондай-ақ этнос пен мәдениетті зерттеуде жаңа ерекше бағыттарды таңдау, ізденістер географиясын кеңейту маңызды болып табылатын зерттеушілердің үшінші/төртінші буыны келді.

Қорытындылай кетсек, жалпы, қазақ халқының сан ғасырлық тарихының этнография және археология ғылымына байланысты деректерін зерттеу, біздің ойымызша әлі де Қазақстанның бүгінгі талаптарына сай келмейді – деп айтуға болады. Сол себепті осы ғылым салаларындағы жас ғалымдар алдында өздерінің әлеуметтік, ғылыми, жалпы мәдени маңыздылығы жағынан этногенез, этностық тарих, алуан түрлі дәстүрлі және қазіргі заманғы мәдениет т.б. кешенді зерделеу саласындағы аса маңызды міндеттер тұр.

Қолданылған әдебиеттер

1. Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 386 бет.
2. Артықбаев Ж.О. XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы: тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 1997. – 500 б;
3. Жолдасбаев С.Ж. Жетісу аймағындағы елді-мекендер мен тұрақ жайлардың даму тарихы және олардың экономикалық тиімділігі (XVI-XVIII ғғ.). тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 1997. – 404 б;
4. Қожа М.Б. Ортағасырлық Отырар (тарихи-археологиялық деректер бойынша). тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2009. – 314 б;
5. Тоқтабай А.У. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі жылқы феномені. тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010. – 316 б;
6. Төлеубаева К.М. Қазақтар және Орта Азия халықтарының отбасы, отбасылық әдет-ғұрып, салт-саналары (салыстырмалы-этнографиялық зерттеу). тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010. – 368 б;
7. Елеуов М.Е. Шу-Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары мен мекендері. тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 1999. – 360 б;
8. Байтанаев Б.А. Археология Казахстана в эпоху независимости: итоги и перспективы. // <https://e-history.kz/ru/historical-education/show/12923/>. Кірген уақыты: 11.10.2021.
9. Ажигали С.Е. Из истории академической этнографии в Казахстане. <https://iie.kz/>. Кірген уақыты: 11.10.2021.



УДК94(574)

О НОВЫХ ИНТЕРПРЕТАЦИЯХ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЛИДЕРОВ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ДВИЖЕНИЯ М.ШОКАЯ И А-З.ВАЛИДИ

Мулдахметова Ж.И. - кандидат исторических наук, ст.преподаватель кафедры «История Казахстана», Южно-Казахстанский университет им им.М.Ауэзова

Аннотация. В статье проведено исследование истории национального вопроса через призму общественной мысли, идейной борьбы и политической практики в советской власти. Одной из малоизученных тем в казахстанской литературе до сих пор остается проблема взаимоотношений казахских и башкирских интеллектуалов. Исторический материал имеет новое звучание в контексте национальной идеи, гражданской идентификации населения суверенного Казахстана, осмысления роли и места национально-освободительного движения. Систематизировать и классифицировать деятельность деятелей Мустафы Шокая и Ахмета –Заки Валиди в соответствии с принципами духовного возрождения и обосновать методiku применения примеров политической борьбы и гражданских принципов в формировании исторического сознания.

Ключевые слова: мусульманские движения, межнациональные отношения, переосмысление интерпретация, национально-освободительное движение, возрождение.

Республика Казахстан, имеющее богатое историческое прошлое и культурное наследие, входит как полиэтничное и многоконфессиональное государство. Во все времена, создание объективной картины прошлого в этих условиях становится одним из главных факторов формирования общенационального единства, становления государственной идентичности Республики Казахстан, укрепления ее суверенитета, воспитания гражданского патриотизма.

В историографии советского времени изучение поведения мусульман пост февральский революционный период было втянуто в жесткую схематику развития национально-освободительного движения, которым с течением времени полагалось избавиться и от своих «националистов» и встать на «интернационалистские» позиции под руководством ленинцев и сталинистов. После распада Союза стал господствовать новое содержание: в пределах национальных движений во всей территории бывшей Российской империи народы и лидеры оказались едины, было это обусловлено эпицентром современных этнополитических процессов в Содружестве независимых государств на былые времена. Исторические же явления не ложатся и в эту концептуальную теорию. Общеизвестно, что в переломные, кризисные моменты своего развития, историческая наука непременно самокритично анализирует свой пройденный путь, переоценивает духовные ценности. Не составляет исключения и историографический массив по периоду первых десятилетий советской власти, включающий такие исследовательские направления, как индустриализация и аграрное развитие, духовная жизнь общества, социальные и политические отношения. Красной нитью через перечисленные проблемы проходит тема истории народов и межэтнических отношений, где особенно много догм и фальсификаций. Вдумчивый и объективный анализ опубликованной литературы позволит получить ясное представление о достижениях и неизученных проблемах историографии межнациональных отношений, определяемых как «процесс взаимодействия национальностей по поводу реализации их специфических интересов в распределении экономических, социальных и культурных ценностей, в развитии языка, культуры, традиций, обычаев и обрядов» [1.с-17]. Предстоит также приодолеть одностороннее освещение истории идейной борьбы с представителями антиленинских группировок, с «буржуазными национальностями» из среды национальной интеллигенции разных регионов страны. За 90-годы историками и представителями других гуманитарных дисциплин Казахстана переоценены место и роль видных лидеров национальной интеллигенции, кто возглавил сопротивление советскому тоталитарному режиму. В частности, сотни публикаций посвящены Мустафа Шокаю (Мустафа Чокай-оглы), включая издание мемуаров и его научно-публицистических работ [2.с-32]. В последнее время жизнь и деятельность бывшего премьер-министра «Кокандской автономии» М.Шокая все теснее увязывается с колоритной личностью лидера башкирского национально-освободительного движения Ахмет-Заки Валидова (Ахмет-Заки Валиди Тоған). Как явствует из трудов К.Нурпеисова, М.Койгельдиева, А.Артыкбаева и других исследователей воспоминаний А.-З.Валидова, именно Валидов и Шокай оказались среди организаторов всестороннего сопротивления большевистскому колониализму всех тюркских народов, оставляя национальную идею суверенного развития. Речь идет о Туркестанском комитете, созданном в начале 1919 года, куда входили оба политика. Впоследствии «Туркестанское Национальное Объединение» было оформлено в нелегальных условиях в Туркестане в 1921 году представителями местных мусульманских народов и преследовало своей целью достижение национальной независимости края.

Другая тональность присуща вышедшему документальному сборнику «Из истории российской эмиграции: письма А.-З.Валидова и М.Шокай (1924-1932гг.)» [3.с-128].

На обложке сборника помещены фотографии М.Шокай и А-З. Валидова, а чуть ниже текст, гласящий, что упомянутые лица были одними из лидеров российских мусульман, в советской России объявлены «врагами народа», а после распада СССР выдвинуты на роль национальных символов в Казахстане и соответственно и в Башкортостане. Предваряя публикацию доктор исторических наук В.К.Булдаков не исключает, что «она способна стать в полном смысле слова историографической сенсацией, ибо весьма известные политические деятели предстают в них в совершенно необычном свете» [4, с-54].

Работа опирается на неизвестный ранее пласт источников конца 20-х начала 30-х годов, принадлежавших непосредственно М.Шокай и А-З. Валидову. В подборку входят 23

конфиденциальных письма А-З. Валидову и М.Шокай, написанные на русском языке и отправленные в Россию и Варшаву из Будапешта, Вены, Парижа, Стамбула и Анкары. Кроме того, в приложении даны фрагменты двух рецензий М.Шокай на книги А-З. Валидова. Все перечисленные документы находились в материалах польской разведки попали сначала в нацистскую Германию после захвата Польши, а затем, после окончания второй мировой войны, в СССР, в Особый архив при Совете Министров СССР, и лишь недавно рассекречены. Как справедливо отмечается в аннотации к книге, «в документах отражены малоизвестные стороны истории национально-государственного строительства в Центральной Азии, Поволжье и на Урале, а также проблемы российско-мусульманской эмиграции. 20-30-х годов [5, с-100].

Среди адресатов упомянутых корреспонденций А-З. Валидова известные коммунистические функционеры И.В. Сталин, Н.Н. Крестинский, Я.Х. Суриц, о чем имеются соответствующие упоминания в его же воспоминаниях. Гораздо интереснее содержание писем А-З. Валидова и М.Шокай Т. Голувко, В. Шетпелю и в В. Дабровскому, которые являлись утверждению составителя книги С.М. Исхакова, оба политика тесно контактировали с польской разведкой-экспозитурой, созданной для ведения разведывательной деятельности против СССР и получали ежемесячное содержание содержание в валюте [6, с-8].

Начиная с 1926 года, Мустафа Шокай, а позднее А-З. Валидов, получали от поляков средства для издания эмигрантской прессы и для начала политической деятельности. В январе 1931 года А-З. Валидов писал Т. Голувко и В. Шетпелю: «Теперешняя Польша, больше чем какая-либо другая страна, стоит на правильном пути, когда она ограждение своих жизненных интересов ставит в зависимости от тщательно и всестороннего изучения международных отношений, когда она начинает все серьезнее интересоваться вопросами взаимоотношения России и азиатских стран, проблемами народов русской и нерусской Средней Азии... Мы, несомненно, стоим перед величайшими событиями, может быть Ваша теперешняя скромная материальная помощь, смотря тому, какие из возможных направлений они готовят, будут играть, будет играть решающую роль в предстоящих событиях [7, с-86].

В обстоятельном предисловии к сборнику упоминаются также сведения о возможном сотрудничестве А-З. Валидова с резидентами ОГПУ и, таким образом, его игре на два фронта. Опубликованная переписка убедительно свидетельствует о неприязненных отношениях, сложившихся в конце 20-х годов между А-З. Валидовым и М. Шокай, что объясняется борьбой за лидерство в российско-мусульманской эмиграции.

Итак, наличие плюрализма подходов к оценке исторических событий и личностей XX века подводит к мысли о настоятельной необходимости возобновления и углубления действенного сотрудничества историков Казахстана с коллегами на постсоветском пространстве, централизованной организации выявления документов в рассекреченных архивах Российской Федерации.

Таким образом, оценка деятельности лидеров национально-демократического движения М.Шокай и А-З. Валиди в мире российских мусульман, безусловно, нельзя отнести ни к числу исчерпывающих, ни к категории беспристрастных. На них безусловно отпечаток политических надежд и всего того, чем была полна российская революция. Что так или иначе позволяет переосмыслить и интерпретировать деятельность М.Шокай и А-З. Валиди в условиях национально-освободительного движения.

Список литературы:

1. Нурпеисов К.Н. Духовное сопротивление национально-демократической интеллигенции тоталитарному режиму в Казахстане (на примере 20-х годов.) // Современные проблемы истории Казахстана: становление казахской государственности и развитие нации. - Уральск, 1997. - С. 20
2. Заки-Валиди Тоган. Воспоминания. Кн1-2. - Уфа, 1998. С. 32
3. Из истории российской эмиграции: письма А-З. Валидова и М. Чокаева (1924-1932гг.). - М., 199. - С. 128
4. Шамагдиев Ш.А. Очерки истории гражданской войны в Ферганской долине. - Т., 1961. - С. 55
5. Хайит Б. Басмаческое движение // Звезда Востока №1. 1991. - С. 100
6. Кыдыралина Ж. Нация и история. Астана. Изд. Елорда. 2009. - С. 293
7. Сафаров Г. Колониальная революция (опыт Туркестана). Алматы, 1996. - С. 296



ӘОЖ 94(574)

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ: ҰЛТТЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Мекебаев Т.Қ. - тарих ғылымдарының кандидаты қауымдастырылған профессор
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті**

Аңдатпа. Мақалада қазіргі кезеңде заман талабына сай ұлт тарихының ұлттық сана мен ұлттық рухты насихаттайтын өткен ғасырдағы Алаш зиялыларының қызметіндегі мемлекеттілік идеясының қалыптасуы қарастырылады. Қанша уақыт бойы тарих, филология және басқа бағыттарда жазылып келсе де, әлі де зерттелуді толық қанды қажет етеді. Сондықтан авторлар мақалада кеңестік кезеңде тиім салынған ұлттық идеяның қалыптасуы мәселесіне біршама тоқталады. Сонымен қатар, мақалада Отандық тарихшылардың еңбектері ғана емес, қазіргі кезеңдегі шетелдік тарихшылардың жиырмасыншы ғасырдың басындағы Алаш қозғалысының ұлттық автономия алу жолындағы идеялары туралы объективті көзқарастағы пікірлері жете қарастырылған. Ұлттық тәуелсіздік идеясы туралы ұлт зиялыларының мерзімді баспадан жарық көрген еңбектері мен тұжырымдамаларына ғылыми талдаулар жасалынған.

Түйінді сөздер. Ұлттық идея, Алаш қозғалысы, қазақ зиялылары, Кеңес Одағы.

Қазіргі кезеңде заман талабына сай ұлт тарихының ұлттық сана мен ұлттық рухты жоғары деңгейде дамытуға қызмет көрсетуі заңдылыққа айналып отыр. Ұлттың бірегейлігі мен біртұтас келбетін сомдайтын тарих ғылымы болып табылады. Сондықтан да, тарихшылардың тарих алдында уақыт арқалатқан жауапкершілігі зор. Ұрпақ арасындағы білім мен біліктілікке негізделген тарихи сабақтастықты жалғастыру және дамыту арқылы ұлттың рухы биіктей түседі. Кеңестік қоғам тұсындағы ұлт мүддесінің аяқ асты болған тұстарын объективті түрде зерттеп, шынайы зерделеу, тәуелсіздік жылдарында қазақ зерттеушілерінің басты нысанына айналды. Өйткені, кеңестік кезеңде қазақ халқының қайғы-қасіретке толы болған тарих беттерін ашуға мүмкіндік болған жоқ.

XX ғасырдың бірінші жартысында жазықсыз қудаланған қазақстандық зиялы қауымның тағдыры кеңестік кезеңде айтылмады және жазылмады, оның себебі қазіргі уақытта баршамызға мәлім. Еліміз егемендікке қол жеткізгеннен кейін, бұл мәселені зерттеу қолға алынды, алайда мәселе әлі де толықтай зерттеле қойған жоқ. XX ғасырдың басында қазақ қоғамында орын алған күншілдік, сатқындық секілді жаман, жат қасиеттер қазақ ұлтының зиялы қауымы өкілдерінің арасында да белең алып, соның салдарынан кеңес билігі одан сайын күшейе түсті. Мұны пайдаланған сталиндік үкімет қазақ зиялыларының басым бөлігін қудалауға ұшыратты. Қуғын-сүргін шаралары ой еңбегінің рухани болмысын меңгерген зиялылар үшін өте ауыр болып, олар рухани жағынан адам айтып түсіндіре алмас азап шекті.

Бүгінгі таңда қазақ қоғамының тарихи санасын жаңғырту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Өйткені өз еліміздің тарихын тану арқылы ғана өткен ғасырдың соңында қол жеткізген тәуелсіздігіміздің кадіріне жете аламыз. Қазақ халқының тарихына үңіліп қарасақ еліміздің азаттық пен тәуелсіздік жолындағы күресі ешқашан толастамағанын аңғарамыз. Өз дамуының белгілі бір жетістікті кезеңіне жеткен кез-келген ел ұлттық идеясын қалыптастыруға деген қажеттілікті сезінеді. Әлемдік тәжірибе көрсетіп бергендей, ұлттық идея ел дамуының түбегейлі жаңа сатысына көтерілудің орасан зор мақсаты жолындағы қоғам мен мемлекеттің саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани және тағы басқа барлық күштерін біріктіру міндеті туындаған тұста пайда болады. Ұлттық идея этностық, діни, мәдени және өзге де қауымдастықпен біріккен адамдар тобының бөлісетін ұжымдық мақсат-мұраттары, дүниетанымының көзқарастары мен құндылықтарының кешенді жиынтығын білдіреді. XX ғасырдың бас кезінен өрістей бастаған қазақ қауымына тән қоғамдық қозғалыс өз алдына буржуазиялық-демократиялық мәні бар жалпыұлттық мақсат-міндеттерді: ұлттық тең құқылық, халықтың мәдениетін көтеру, оқу-ағарту ісін жетілдіру, әйел теңдігін қамтамасыз ету, көшпелілерді отырықшыландыру сияқты міндеттерді қойды. Басқа сөзбен айтқанда бұл істің басы-қасында болған жаңадан қалыптаса бастаған қазақтың ат төбеліндей аз ғана тұңғыш интеллигенттері жалпы ұлттық сұраныстарға жауап беруге және оларды шешуге тырысты.

Ұлттық идеяның мәні мәңгілікке ұмтылуда. Оның мазмұнына көз жүгіртсек, екі бөліктен тұрады. Бірі – ұлт, екіншісі – идея мәселесі. XX ғасыр қазақ тарихына ұлы өзгерістер әкелді. Олардың ішінде ұлтты ұлықтағандары да, ұлттың қасіретіне айналғандары да бар. XX ғасырдың алғашқы екі он жылдығы ұлттық идея тарихына терең із қалдырғанын байқамау мүмкін емес. Торлаған тұманнан жол таппай тұрған халқын өрге сүйреген күш Алаш қозғалысы еді. Саяси мәдениетті әлемдік деңгейге көтерген, кәсіби даярлығы заманның сұранысына сай, адамгершілік-имандық қасиеттері ұлы даланың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен суғарылған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышпаев, Ж. Ақпаев, С. Лапин, Б. Қаратаев сияқты дүлдүлдер бастапқыда осынау қозғалыстың тұлғалық-интеллектуалдық әлеуетін сомдаса, іле-шала Х. Досмұхамедов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, М. Әуезов, Ж. Аймауытов, М. Шоқай, тағы басқалар әрлендірді.

Бұдан әрине ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялылары шетінен періште болды деген ой-түйін шықпауы керек. М. Дулатов жазғандай, «ұлтшыл болуға жарамай, өз басының қамын ойлап, жылтыр түйме таққанына маз болып, переводчик болып пара алып, пристав болып халықтың қанын сорып, болыс болып ел бүлдіріп, тыңшы болып, шағым жүргізіп жүрген соғылғандар» қай аймақтан да табылатын. Мұндайлар тарихи прогрестің өзегінде тұрған жоқ [1, 219-220б.].

Аса ірі тарихи оқиғалар, біріншіден, инерциялық сипатта болса, екіншіден, ұзаққа созылатын саяси салдарға ие болады. Осыған байланысты, Алаш тарихы мен Қазақстанның мемлекеттілігі арасында өзара тарихи байланыс пен сабақтастық бар. Ол біріншіден, ХХ ғасырдың басы империялық және кеңестік мемлекеттік дағдарысқа ұшырады. Осының өзі қоғамның белгілі бір бөлігінің, атап айтқанда, Алашорданың идеялық дем берушілері мен кеңестік және посткеңестік Қазақстанның саяси жетекшілерінің шешуші қимылдар жасауына түрткі болды. Екіншіден, екі жағдайда да ұлттық қозғалыстар саны арта түсті. Үшіншіден, алашордалықтар қазақтардың мемлекеттік құрылымының түрін, еуразиялық геосаяси кеңістіктегі орнын, өкілеттігі мен мәртебесін өз көзқарастары тұрғысында дамыта білді. ХХ ғасырдың басында саяси қайраткерлер де саяси сауаттылық, күрделі міндеттерді шешуде шапшаңдық таныта білді. Өйткені, Кеңес Одағы деп аталатын аса қуатты империя дамып жатты. Осы кезде қоғамды сақтап қалып, жаңа мемлекетті, ұлттың ілгері дамуы үшін қажетті жағдайларды жаңадан құру керек болды. Бұдан бөлек, аталған жағдайда мемлекеттік – ұлттық мәселелерді шешетін және оны шешудің кілті жатқан негізгі құрал болатын [2, 22 б.].

Жапониядағы Хоккайдо университетінің Славян зерттеу орталығының Орталық Азия бойынша маманы, профессор Уяма Томохиконың пікірінше: «Алашордада әлдебір идеология болды деп айтпас едім. Бұл қозғалысқа қатысушылардың әртүрлі идеялары болды. Егер олардан нені үйрену керек деген әңгіме туса, онда адамгершілікті, азаматтылықты және қарапайымдылықты деп жауап беруге болады. Олардың идеясы – халыққа қызмет ету болатын. Патша тұсында олар Алашордалықтар халық игілігі үшін жұмыс істеген адамдардың жақсы үлгісі ретінде қала бермек. Автономиялы үкіметті құрған кезде өздерін министр деп емес, жай ғана Алашорда мүшелері деп атады. Алашордалықтардың қазақтардың мәдени деңгейін дамытуға талпынысы мен жапондықтардың өз халқының мәдени және экономикалық деңгейін көтеруге ұмтылыстары арасында әлдебір ортақ дүниелер бар деп ойлаймын» [3, 12 б.], – десе, ал тарихшы-ғалым М. Қойгелдиев: «1917 жылы Алаш автономиясын құру туралы хабарлама ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртудың әрекеті болды. «Ресей империясының құрамындағы Алаш автономиясы» деген сөзді айта отырып, Әлихан Бөкейханов қазақтар өз мемлекетін құруға әлі даяр емес дегенді білдіргісі келді. Ол жеке мемлекеттілікке өту үшін даярлық кезеңі қажет, тәуелсіздік туралы мәселені болашақта айтуға болады деді. Желтоқсанның сол бір күндерінде бір кездері Алаш қозғалысы өз алдына қойған мәселелер көтерді. Қазақстанның 1991 жылы мемлекеттік алуы Алашорда идеясының заңды жалғасы деп есептеймін», – деп ойын білдіреді [4, 3 б.].

Әрине ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының мақсаты ұлттық еркіндік жолындағы күресі мен іс-әрекеті болатын. Айталық 1905-1907 жылғы бірінші орыс революциясы қазақ даласындағы ұлттық қозғалыстың белең алуына да өз септігін тигізді. Бірінші орыс революциясының дүмпуі Ресей империясының құрамындағы шет аймақтарындағы елдерде де ұлт-азаттық қозғалыстың өрши түсуіне әсер еткені белгілі. Осы жылдары қазақ зиялылары жалпы ұлттық мүдде арнасында іс-әрекеттерге көшіп, ұлттық бірлікті орнықтыруға, әрі тәуелсіздік жолында ұлттық, мұсылмандық, түркшілдік идеясы негізінде діндес, бауырлас, тағдырлас елдер өкілдерімен бірлесе кіріскен болатын. Олардың саяси көзқарастарының қалыптасып, қоғамдық-саяси қызметке араласуына бірінші орыс революциясы белгілі дәрежеде ықпал жасады. 1905 жылғы революциядан кейін қазақ зиялыларының белсенді қайраткерлері қазақ халқының саяси санасын қалыптастыру жөнінде жүргізген жұмысы ұлт-азаттық қозғалысын ұйымдық жағынан рәсімдеу идеясына әкелді [5, 4 б.].

Өткен тарихымызда, қазақ ұлтының дамуына үлестерін қосқан, өздерінің болмысы да, көзқарастары да дара туылған, ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қалыптасқан қазақ зиялы қауым өкілдерінің рөлі ерекше болды. Өздерінің саяси бағыттары мен әлеуметтік базасы жағынан оларды үш топқа бөліп қарастыруға болады, сонымен бірге ХХ ғасырдың 1918-1929 жж. кеңестік билікке тартылған ұлт зиялыларын төртінші топ ретінде қарастырдық. Олар большевиктік көзқараста болғанымен елдің теңдігін ойлап, тұтас Түркістан идеясын көтеріп, тәуелсіздік үшін күрескен ұлт зиялылары еді. Аталған бұл топтағы зиялы қауым өкілдерімен екінші тарауда арнайы қарастырамыз. *Бірінші топқа* - «Алаш» партиясының либералды-демократтар тобы жатады. Партияны бұлай деп атап және оның негізін салған адам, ол қазақтың көрнекті саяси қайраткері Әлихан Бөкейханов болатын. Оның мақсаты Ресей аясында қазақтардың автономиялық тәуелсіздігіне қол жеткізу. Алаш зиялылары сұлтан, бай, билер мен ауқатты малшылар мен жериеленушілер отбасынан шыққан адамдардан құралған. Олардың басым көпшілігі Санкт-Петербургте, Мәскеуде және т.б. Ресейдің орталықтарында жоғары білім алған, сонымен бірге отаршыл әкімшілікте – дәрігер, мұғалім, қорғаушы т.б. болып қызмет атқарған еді. Бұл топты («батыстықтар» деп атаған) мынадай жарқын адамдар құрайды: А. Байтұрсынов – «Қазақ» газетінің бас редакторы, ақын, жазушы, лингвист тілтанушы; Ж. Ақаев – заңгер; М. Тынышпаев – инженер; М. Дулатов – ақын, жазушы; М. Жұмабаев – ақын, жазушы; Х. Ғаббасов – жазушы; Ж. Аймауытов – жазушы, ақын; Х. Досмұхамедов – дәрігер; Ж. Досмұхамедов – экономист; А.К. Кенжин – мамандығы мұғалім. И. Мустамбаев – геолог; А.Ө. Ермеков – ұстаз, ғалым, математик және сол секілді көптеген т.б. [6, 1-24 п.].

Ұлт зиялы қауым өкілдерінің *екінші тобын* мұсылман қозғалысының өкілдерімен қарым-қатынаста болған ұлт зиялылары құрайды, олардың көбі кейін Түркияға бағыт ұстанады және соған байланысты «түрікшілдер» атауын алған болатын. Бұл топтың өкілдері М. Шоқай, С. Лапин, У. Хожа, А. Махмұд, Х. Юрғули-Ағасев, С. Герцфельд, Ш. Шағиахметов, Ә. Оразаев, К. Қары, С. Ақаев, А. Бадин, Кішкенбаев, Кәрімбаев, М. Бехбуди [7, 52 б.] және тағы басқа өкілдер бар.

Үшінші топты, саны жағынан аз және әлсіз топты көзқарастары социалистік бағытты ұстанушы ұлт зиялылары құрады, оларда тек сирек ерекшелік болмаса, көбі кедей малшылар мен жериеленушілерден шықты. Олар: Мұқан Әйтпенев, Көлбай Төгісов, Шаймерден Әлжанов, Қасен-Қожа Бекхожин, Махмұт Уәлиханов, Қазы Торсанов, Байсейіт Әділов, Әлиасқар Қуанышев, Үсен Қосаев, Нұрғали Құлжанов, Ыбырай Төлебаев, Сұлтан Аблаевтар және т.б. болды [8, 10 п.].

«Алаш» партиясының көшбасшысы, ақсүйектер (сұлтан) отбасынан шыққан Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов Омбыдағы техникалық училищені, 1894 жылы Санкт-Петербургтегі Императорлық Орман шаруашылығы институтының экономикалық факультетін тамаша бітіріп шыққан болатын [9, 137 б.]. Мұғалім, журналист, этнограф, публицист және әлуметтанушы ғалымның мандайына ауыр және өте қиын тарихи миссия – қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының өкілі және ең алғашқы қазақ автономиясының басшысы болу жазылыпты. Ә. Бөкейхановтың ең принципті саяси мұрасы – ұлттық-мемлекеттік өз-өзін ұйымдастыру идеясы. Бұл идеяны ол және оның жақтастары өздерінің бүкіл күш-қайратын іске асыру үшін жұмсады және Алаш-Орда мемлекетін жариялаған соң, сол үшін ақырында өмірлері құрбан болды.

Ұлт зиялыларының атқарған жұмыстарында қазақ халқының арасына беделді оқығандарды ел ішіне, ауылдарға шығара отырып, үгіт-насихат жұмыстарының нәтижелі болуына қазақ комитеті үлкен мән берген болатын. Осындай үгіт-насихат, ұйымдастыру істерінің нәтижесінде көпшілік уездер мен ауылдарда комитеттер мен ұйымдар ашылып, қазақ мүддесі үшін сан-салалы қызметтер атқарды. Ұлт зиялы қауымы өкілдері осындай ұйымдастыру, түсіндіру, насихат жұмыстарын атқару жолында кездескен әртүрлі кедергілерге отарлық саясатқа деген ызасы мен кегін, өмірден есесі кетіп жүргендегі өкінішін естеріне түсіріп, көкірегінде ұлттық намыс отын жағу үшін халықтың сана-сезіміне психологиялық әдіс арқылы әсер еткен болатын. Айтар болсақ «Сарыарқа» газетіндегі «Күш бірлікте» деген мақалада: «... құлдыққа көніп, жем болудан қашатын болсақ, мына ұлы орыстың өзімен-өзі алысып, әлі құрып тұрғанда Алаш туын көтеріп, ақ орданы тігу жөн. Дәл осы кез – іздегенде таба алмайтын, автономияны алып қалатын кез. Ұлы орыс есін жиғанда оңайлықпен автономияны бере қоймас. Тиісті мезгілін өткізіп алып, баяғыдай аңсап жүрмелік! Ұлы орыстың тұзағына алынып, ебіне еріксіз көнгеніміз жетер, мұны есімізден шығармалық. Елдігімізді кетіріп, береке, бірлігімізді жойып, қолқамызға қол салған заманды ұмытпалық!», – деп [10], кешегі тепкі көрген өмірін әлі ұмытыла қоймаса да, дүркін-дүркін есіне түсіріп, автономия аларлық сәтті кезенді өткізіп алмас үшін намысқа шақырады. Ал, Омбыдағы Алаш партиясының Бас комитеті «Жас Азамат» газетінде жарияланған «Алаш азаматтарына!» арнаған үндеуінің мазмұнына зер сала қарайтын болсақ, халыққа рух пен жігер беру үшін: «Ақсақалдар, Ағалар! Ақыл айтып, жол бастаңыздар! Баяғы еркін дәуреннен сөз қозғап, жастардың жүректеріне қызулық жалынын салыңдар! - деп еркіндік, азаттықтың нарқын түсіндіруге тырысса, «Алаш Ордаға жәрдем қылмасандар, ұранға қызбасандар сол көңілсіз қор күндерің алдарыңда даяр. Ардақты азаматтар! Алаш тілегі иманымыз болсын, бәріміз соған ұйыйық» – деп [11, 37 б.] езгіде өткен күндерін еске түсіріп, үрей сезімін тудыру арқылы ықпал етуді көздеген. Идеологиялық жұмыс жүргізгенде қазақ зиялылары халықтың көз алдына «көңілсіз кер күндерін» әкелсе, үрейі ұшқан соң ел намыстанар, жігерленер деген ойда болғаны анық.

Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның да басты идеяларының бірі болуы тиіс. Ал бүкіл қазақ даласын осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын Алаш рухына бөлеген ұлы қазақтар аманатының жөні бөлек. Біздің ата рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парызымыз Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ал құрметтің негізгісі – Алаш идеясын ұрпақ бойына сіңіру. Алаш идеясы – ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды. Алаштың жолы, Алаш қайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту сапары – бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік ұстымдардың бірегейі болатынын естен шығармағанымыз абзал.


Алаш идеясы – қазақ идеясы. Демек, «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» дейтін біз үшін ол әрқашан қазақ идеологиясының темірқазығы болып келді, бола береді де.

Әдебиеттер:

1. Сейдімбек А., Әбжанов Х., Салғараұл Қ. Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы. – Астана: Фолиант, 2012. – 248 б.
2. Аманжолова Д.А. Алаш исторический смысл демократического выбора. – Алматы: Таймас, 2013. – 400 с.
3. Томохико Уяма. Переосмысление этнической истории казахов (Rethinking Ethnic History of the Kazakhs // Chiiki Kenkyu Ronshu ICAS Review. – 1999. – Vol. 2, №1. – P. 37-41.
4. Қойгелдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII - XX ғғ.). Зерттеулер. – Алматы: Жалын, 2004. – 400 б.



5. Бисенова Ғ. Бірінші орыс революциясы тұсындағы қазақ азаттық қозғалысы: тар. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы: Ғылым, 2002. – 32 б.
6. ҚРПМ. 811-қор, 23-тізбе, 171- іс. 1-24 п.
7. Қыдыралиев Д. Қ. Мұстафа Шоқай. – Астана: Фолиант, 2007. – 320 б.
8. ҚРПМ. 811-қор, 23-тізбе, 218^а-іс. 10 п.
9. Қойгелдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII - XX ғғ.). Зерттеулер. – Алматы: Жалын, 2004. – 400 б.
10. Күш бірлікте // Сарыарқа. – 1918, қаңтар 2. – №27.
11. Алаш азаматтарына! // Жас Азамат. – 1918, шілде 30. – №1.



ӘОЖ 93/94 : (574)

ҰЛТ ТАРИХЫНДАҒЫ ЖАҢАША ЗЕРДЕЛЕУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ТАҚЫРЫПТАР

Карибаев С.Ө.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Шымкент қаласы

Аңдатпа. Бүгінгі Қазақстанның қоғамдық өміріндегі түбірлі өзгерістер, ең алдымен тарихи білім жүйесін жаңартуды өткір қойып отырғанда, тарих қойнауында жинақталған бағалы тәжірибелерге назар аударудың маңызы зор. Бұл - жоғалтқаныңды түгенде деген сөз. Елдің төрт құбыласын түгендеу, оның тарихын жөнге келтіруден басталады. Тарихтың жақсы, жаманы болмайды. Тарих шынайы, не бұрмаланған болады. Патшалы, одан кейінгі кеңестік кезеңде қазақ тарихы саналы түрде бұрмаланды. Қазіргі кездегі басты міндет - «ақтандақтардың» себеп-салдарын ашу, төл тарихымызды қазақтың ұлттық көзқарасы тұрғысында зерттеу, жазу, ұғыну, білу, яғни шынайы тарихи сана қалыптастыру болып табылады.

Кілттік сөздер: қазақ тарихы, отаршылдық, бұрмалау, «ақтандақтар», патша, кеңес өкіметі, тәуелсіздік, жана көзқарас.


Патшалы, одан кейінгі кеңестік Ресей отаршылдық саясатын ақтау мақсатында «кетпеннің басын басса, сабы маңдайына тиетінінен» сақтанып, күштеп құрамына кіргізілген ұлттар мен мемлекеттердің тарихын саналы түрде бұрмалады. Яғни, Д. Нерудің «отар елдің тарихы - жаулап алушылардың қолымен жазылды» дегеніндей отаршылдық кезеңде «Ата тарихымыз» Ресей мүддесі тұрғысында жазылды. Нәтижесінде Ресей құрамындағы өзге ұлттармен қатар, Қазақ тарихында да «ақтандақтар» пайда болды. Кеңес Одағы өмір сүріп тұрған, қайта құру кезінде кең қолданысқа алынған «ақтандақтар» термині КСРО құрамындағы өзге ұлттар үшін «қара дақ» болып табылады. Өйткені, ол халықтың тарихи санасына теріс көзқарастарды қалыптастырды. Атап айтатын болсақ, «Қазақстан Ресей құрамына өз еркімен қосылды», «Қазақ хандығы (мемлекеті-К.С.) бір орталыққа бағынған біртұтас ел болмады», «қазақта мемлекет те, мемлекеттік шекара да болмаған», «қазақ халқы өзара алауыз, бірлігі болмады», «қазақ хандары ел мүддесінен тақ мүддесін жоғары қойды, өзара таққа таласты» деген сияқты жалған тұжырымдар, өкінішке орай, осы күнге дейін тарих оқулықтарында орын алып ұлт, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп келеді. Мұндай тұжырымдар қазақ елі «жеке тәуелсіз ел бола алмайды, ол белгілі бір күшті елдің құрамында болуы керек» деген сияқты жастарға жалған тарихи сана қалыптастырып отыр. Зерттеу нәтижесінде «бұрмаланған» тарих отар ел үшін - қасірет, ал отарлаушы ел үшін - құдірет» екендігін көріп отырмыз.

Медицина ғылымында адам өміріне аса қауіпті және қауіпті емес деген аурулар болады. Аса қауіпті болса, тез арада ота жасап, алып тастап, емдеуді одан әрі жалғастырады. Сол сияқты, қазіргі төл тарихымызға мемлекеттік көзқарас тұрғысынан қайта бағамдау, зерделеу кезеңінде ең бірінші жоғарыда айтылған аса қауіпті тұжырымдардан арылуымыз керек. Сондықтан қазіргі кездегі басты міндет - «ақтандақтардың» себеп-салдарын ашу, төл тарихымызды қазақтың ұлттық көзқарасы тұрғысында зерттеу, жазу, ұғыну, білу, яғни шынайы тарихи сана қалыптастыру болып табылады.

Орыс тарихнама ілімінің негізін салушылардың бірі, Петербор діни академиясының профессоры М.О.Коялович неміс ғалымдарының орыс елі тарихын жазуға араласқысы келгенін жақтырмай былай деген: «...мен..сауал қояйын, сыртқы елдегілердің орыс тарихын жазуға араласқанынан бізге келер пайда көп пе, зиян көп пе?» дейді де, «бұдан орыс тарихы іліміне келетін зиян өте көп, өйткені бұл пәнді орыс көзқарасынан алған тұрғыда дамитын жолды өз беделдерімен қиып тастайды» - деп өзі жауап береді. Бұдан шығатын қорытынды, әрбір ұлт, ел, өз тарихын өзі жазуы керек.



Міне, сондай міндеттердің бірегейі - Әбілқайыр ханның 1730 жылы орыс патшасына араб қарпінде жолдаған хатын саналы түрде дұрыс аудармау арқылы қазақ елінің Ресей құрамына «өз еркімен қосылды» деген жаңсақ пікір болып табылады. Ол үшін назарларыңызға Әбілқайыр ханның 1730 жылғы хатын (түпнұсқа) ұсынамыз.[1].



Ұлуғларын аууа мархаматы биік, дәулеті артық, йер йүзіне билеген акна ұлуғ падша хазыретлерін хұзырына бенделік етеміз. Күнден күн, айдан айға, йылдан йылға дәулет сәлемет зияда олар анша тасығай. Біз ғарызбандә хазыретіңізге бу дәрге. Сіз ұлуғ хазыретнің Орал ештегі башқұрт халайықы бірле арада еллігіміз йоқ ерді.Емді ел-хал, Сіз дәулеті ұлуғ падша хазыретіңе саясыда панаһ олып, сатиг мунқаз олмақ үчін тоғай йолы Орал ештегі бенденіз Алдарбайға елші косып ййбердім. Ол Алдарбай Сіз ұлуғ падшаның хазыретіңе елші тілегені үчін біз, Әбілхайыр хан, кырық сан қазақ, Орта йүз, Кіші йүз барша рағайат қарашаларым бірле баш салдым. Йарлық: Сізнің-дүр ол кулларыңыз Орал ештегі бірле ел қылып ірішу[і]ңні тілейміз. Сізнің йарлығыңыз бірле ел болғаймыз. Сейіткул ййбергем елші баш Кутлымет йолдашлары бірле.

Мына нәрсеге баса назар аудару керек: Әбілқайыр ханның 1730 жылы орыс патшасына жолдаған хатының орыс тіліндегі аудармасының өзінде түпнұсқадан принципті маңызы бар ауытқушылық жіберілген. Күні бүгінге дейін тарихшылар пайдаланып келген орыс тіліндегі хаттың мәтіні мынандай: «8 сентябрь 1730 г, Послание в Петербург ее величеству Величайшей, благородной, богатой и умной обладательнице многих земель, ее величеству государыне императрице ежедневно, ежемесячно и ежегодно желаем божией милостью благополученного государствования. Наше заявление Вашему величеству состоит в том, что с подданным Вам башкирским народом, который находится за Уралом, у нас близких отношений не было. Желая быть совершенно подвластным Вашему величеству, я посылаю своего посланника вместе с Вашим подданным Алдарбаем. Этот Алдарбай требовал посланника от нас к Вашему величеству, и поэтому мы, Абулхайр-хан с подвластным мне многочисленным казахским народом Среднего и Малого жузов, все преклоняемся перед Вами, являемся Вашими слугами и все вместе в простом народе желаем Вашего покровительства и ожидаем Вашей помощи, чтобы с подданным Вам башкирским народом, находящимся за Уралом, жить в согласии.

Желаем Вам всякого благополучия и будем Вашими подданными.

(Передали): Сейткул. Главный посланник Куттумбет с товарищами».

Орыс тіліндегі аудармадағы қара қалың әріппен берілген 48 сөздер түпнұсқада жоқ. Мұны орыс ғалымдары саналы түрде кіргізген. Хатта көріп отырғанымыздай, Ресей құрамына қосылу туралы бірде-бір сөз де, ишара да жоқ.

Неге Кеңес билігі бұл хаттың аудармасын саналы түрде бұрмалады дегенге келсек. Біріншіден, кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында тарихи зерттеулерде патшалы Ресейдің отаршылдығына баса назар аударылып, Түркістан, Қазақстан, Сібір, Кавказды басып алды деп көрсетіліп, қысқа уақыт болса да шынайылық көрініс тапты. Екіншіден, Ұлы Отан соғысы басталысымен КСРО-дағы ұлттардың өткен тарихындағы ұлттық батырлары мен эпостық жырларын дәріштеп, рухын көтеру мақсатында үкіметтің қаулысы шыққан болатын.Осы тұрғыда келелі істер атқарылды. Солардың ішінде Е.Бекмахановтың «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан», 1943 жылы Қазақ ССР тарихы және тағы басқа эпостық жырлар жарық көрді.Үшіншіден, 1944 жылы кеңес әскері КСРО-ның батыс шекарасын фашистерден толық азат етіп, Шығыс Еуропаға аяқ басқанда, кеңестік билік ұлттық рухтың күшеюінен секем алып, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы КСРО-дан бөліну туралы мәселенің қайта көтерілу мүмкіндігінен қорқып, халықты «жуасыту» мақсатында тарихты басқаша жазуға қаулы алады. Соның негізінде 1917-1944 жылдары ұлттық отарлау мәселелері жөнінде қалыптасқан тұжырымдарды Кеңес тарихшыларының көрнекті өкілі, КСРО ҒА-сының корреспондент мүшесі А. В. Ефимов былай деп көрсетеді[2]:

1. Ресейдің жекелеген халықтарының тарихы дербес субъект ретінде зерттелуі мүмкін емес, ол тек объект ғана. Басқаша айтқанда, кіші халықтардың орталықтан тыс өз тарихы болмайды. 2.Үлкен халықтардың кіші халықтарды жаулап алуы, не болмаса қосып алуы объективті прогрестік факт. Демек, Ресейдің шет аймақтарды отарлауы тек прогресті жағынан түсіндірілуі тиіс. 3. Аз халықты отарлауға қарсы күресінің

прогресті жағы болғанымен, оларды «орыс тарихының қаһармандарына» айналдыруға болмайды. 4. Бұқараның тәуелсіздік үшін күресінен гөрі реформа үшін күресі неғұрлым әділ. Сондықтан шет аймақтардың тәуелсіздік үшін күресі аса дәріптелмесін. 5. Ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшілерін мадақтауға болмайды. Басқаша айтқанда, езілген халықтардың бостандық жолындағы отарлық езгіге қарсы күресіндегі батырлары мен қолбасшылары, жауынгерлік күрес тарихы болуға тиіс емес.

Төртіншіден, қаріпті қайта-қайта ауыстыру да тарихтың бұрмалануына белгілі дәрежеде роль атқарды. Ұзақ уақыт өткен тарихын араб қарпімен жазып келген қазақ халқы латын (1930 ж.), одан кейін кириллицаны (1940 ж.) қолданды. Нәтижесінде араб жазуындағы төл тарихын оқи алмайтын жағдайға тап болды. Мұны орыс ғалымдары шебер пайдалана біліп, билер кеңесінің шешіміне негізделген Әбілқайырдың хатын саналы түрде бұрмалап, жалған тарихи сана қалыптастырды. Өкініштісі, осы уақытқа дейін қазақ тарихынан оқулық жазып жүрген тарихшыларымыз араб жазуын білмегендіктен бұрмаланған орыс тіліндегі хат мәтінін пайдаланып, «Әбілқайыр билер шешімін аяқ асты етіп, елшілер арқылы бодан болу туралы хат жіберді» деп қате тұжырымдар беріп келеді.

Ал енді осы құжатқа байланысты ғалымдардың көзқарастарына келетін болсақ: А.Исин: «аударманы түпнұсқа мәтінімен салыстырсақ, қате аударылған, аударылмай қалған, мазмұны өзгерген және қосып жіберілген сөздер тізбегі шығады...» [1, 42-44 б]. Т.Жұртбай: «Әбілқайыр мен Тевкелев арасындағы қазақ елінің Ресейге бодан болуы туралы жасалған рәсімі жалған, онда тек қана сауда-саттық пен бейбіт қатар өмір сүру жөніндегі одақтастық сыпаттағы келісімге қол қойылған, Ресей бұл келісімді заңсыз бұзып, тікелей отарлау саясатын жүргізді, одақтасқа емес отарына айналдырды. Ресейге қазақ елі еркімен қосылған жоқ. Саяси және мемлекеттік билігі зорлықпен тартып алынды» [3]. Е.Әбіл: «Хаттағы мәтіндер бұрмаланып дұрыс аударылмаған, сондықтан ол құжаттың заңдық мәні жоқ» [4]. Академик М. Қозыбаев: «Өз еркімен қосылды деу - миф» [5]. 1918 жылы И. В. Сталин Қырым, Кавказ, Татар-Башққұрт және Түркістан (Қазақстан) сияқты түркі өлкелерінің жағдайы туралы: «Бұл өлкелер- Ресейдің саяси билігі астына зорлықпен алынған өлкелер. Бұл жерелерді (Ресейге) қосу бұрынғы, тарихи Ресей тарапынан қолданылған зорлық пен зомбылықтың толық көрінісі болып табылады», - деген болатын [6]. Н.Г. Апполова Ресейдің ХҮІІ ғасырдың 30-шы жылдарынан бері жүргізіп келген саясатын: «Қазақстанды Ресей империясының отарына айналдыруға бағытталған саясат» деп түйіндейді [7]. 1937 жылы жарияланған «Үлкен кеңес энциклопедиясында» «Шовинистердің қазақ халқының Ресей үстемдігін ерікті түрде қабылдағаны жайындағы аңызы шылғи өтірік» деп жазылған [8]. С. Аспандияров: «Тарихи шындықтар үлкен мемлекеттік шовинистер тарапынан жарияланған қазақтардың Ресейге ерікті түрде қосылуы туралы аңызының бекер екендігін көрсетеді» - деп жазады [9].

XX ғасырдың 40-шы жылдарына дейін орыс тарихшылары іргелі зерттеу еңбектерінің атауын бақырайтып, «Ресейдің Түркістанды, Орта Азияны басып алуы» деп айдар тағып баспадан шығарса, біз неге өзіміз қосылдық деуіміз керек.

Ресей басшылары Әбілқайырдың 1731 жылғы бодандықты қабылдауы оның «өз еркімен» еместігін жақсы білді. Сондықтан Әбілқайырдан 4 рет ант қабылдаған. Адам өмірінде бір-ақ рет ант қабылдайтындығы әлемдік тәжірибеде «бесенеден белгілі». Демек, 1731 жылғы ант заңсыз деген сөз. Әбілқайырдың шарасыздығы неде еді? Біріншіден, орыс үстемдегінің күшейіп бара жатқындығы болса, екіншіден, Орынборда Әбілқайыр балалары алғашында Ералы, одан кейін Қожахмет орыс қолында аманат (қазіргі ұғымда кепілде (орысша-залогта) - К.С.) ретінде ұсталды. Сондықтан орыс кепілдігіндегі балаларының өмірі Әбілқайырдың қандай қадам жасауына тікелей қатысты болатын.

Осының барлығы да орыс отарлауынан туындады. Қазақ жерін отарлауға байланысты түрлі кезең мен Ресейлік түрлі әлеуметтік топтардың көзқарастарына келетін болсақ, төмендегіше тұжырымдарға тап боласыз. Атап айтсақ: Орыстың ірі тарихшысы В.О. Ключевский «Курс русской истории» атты еңбегінде «Ресей тарихы - отарлау елінің тарихы. Отарлау аймағы оның мемлекеттік территориясының кеңеюімен қатар жүреді» - деп орыс отаршылдығының табиғатын ашып көрсетеді [10]. А.Л.Трегубов «Орыс отарлауының ерекшелігі - орыстардың «аяғы тиген жаңа жерлер», «орыс қаны төгілген жер», «қай жерде орыс өмір сүрсе, қай жерде орыс билігі жүрсе, ол өлке Ресейге айналатын» - деп жазады [11]. Декабрист П.Пестель: «Молдавия, Кавказ, Қазақстан, Қиыр шығыстың Ресей құрамында болуын жақтады» [12]. Туған жерін тастап, ұлттық аймақтарға қоныс аударған орыс шаруаларынан «Отаныңды тастап қайда барасың? - дегенде. Олар: «Отанымыз бізбен бірге көшеді» - деп жауап берген. М.С. Горбачев және Солженицын: «Қазақстанның солтүстік 5 облысын Ресейге қарату керек» деп мәлімдеді. «Литературная газета» тілшісі С.Бабуринен «Биыл 50-ге толып отырсыз, осы уақыт арасында Ресейдің көсегесін көгертуге қызмет етіңіз, құдай тағы да 50 жыл өмір берсе, ол өмірді неге арнар едіңіз дегенде», ол: «Ресей, Украина, Белорусия, Қазақстанды бір Отан ету үшін арнар едім» - деп жауап берген [13]. 2014 жылы Лимоновтың «Қазақстанның солтүстігін басып алуды», В. Жириновскийдің «заңыз құрылған қазіргі Орта Азия республикаларын Ресейдің Ортаазиялық федералдық округіне айналдыру керек. Орталығы Алматы емес, Верный болуы тиіс» деген пікірлеріне бей-жай қарауға болмайды. Көріп отырғандай, әр түрлі әлеуметтік топтар, әр түрлі кезең болса да, бір Ресейдің мүддесімен тоқайласқанын байқауға болады.

Тағы бір назар аударатын мәселе - «Әбілқайырдың ұлы хан болып сайлана алмағаннан кейін, ренжіп, шайқас алаңын тастап батысқа кетті» деген шындыққа жанаспайтын пікір туралы. Болат хан өлген кезде қазақ

әскері жерін жаудан толық азат етіп жатса, жоңғарлар елінде ішкі саяси жағдай күрделі әрі шиеленісті еді. Жоңғарларға көмегін аямаған Ресейдің шығыстағы мақсатының орындалуы қиындай түскенде, ол қазақ жеріне башқұрттарды, еділ қалмақтарын, орыс казактарын айдап салды. Сондай қиын-қыстау жағдайда Әбілқайыр «ренжіп» емес, елдің батысын қорғау үшін кеткен болатын. Екіншіден, солтүстікте - Ресей, Шығыста-Жоңғар, оңтүстік-шығыста-Қытай, оңтүстік, оңтүстік - батыста- Қоқан, Хиуа және Бұқар қазақ жеріне көз тіккенде, басқаруды жеңілдету мақсатында Ұлы ханға тікелей бағынатын жүздік хандар тағайындаған болатын. Олардың құзіреті қазіргі облыс әкімдерінің құзіретіндей ғана болатын. Бұл жөнінде Торғай облыстық басқармасының аға кеңесшісі И.И. Крафт «Қырғыздардың орыс бодандығын қабылдауы» атты еңбегінде «Ақылды, тәжірибелі, басқару өнерін жақсы меңгерген Тәуке өзінің әкесі мен атасы сияқты үш қырғыз-қазақ ордасын Түркістанда отырып басқарды... қырғыздар (казактар-К.С.) орыс бодандығын қабылдағандар алдында Тәуке хан қырғыз-қазақ халқының дара билеушісі болды, ал әрбір орданы ол тағайындаған, оған бағынышты билеушілер басқарған. Бұдан шығатын қорытынды,- ордалар әлі ХҮІІІ жүзжылдық басында жеке хандық дәрежесінде болған жоқ, одан гөрі бір мемлекеттің ішіндегі генерал-губернаторлық типіне жақын басқаруда болған» деп жазады[14]. Сондықтан олар бүкіл ел атынан шешім қабылдай алмайтын. Мысалы, Түркістан облысы әкімі ел Президентінің және халықтың келісімінсіз Түркістан облысын Өзбекстанға қоса алмайды. Әбілқайырдың да құзіреті осындай-ақ болатын әрі бүкіл ел атынан сөйлеуге құқы жоқ. Үшіншіден, қазақ елі өз еркімен қосылса, неге осы үдеріс бір жыл ішінде емес, 134 жылға созылады? Төртіншіден, қазақ елі өз еркімен қосылса, неге осы кезең Сырым, Исатай, Махамбет, Кенесары, Жанқожа, Есет бастаған ұлт-азаттық көтерілістерге тола? Бесіншіден, казактар ғасырлар бойы жоңғарға қарсы отар болмау жолында елдің азаттығы, халқының бостандығы үшін «білектің күшімен, найзаның ұшымен» күреседі де, тәуелсіздікті де, елді де тәрк етіп, Ресейге өз еркімен отар бола салады. Бұл ақылға сыймайтын нәрсе. Алтыншыдан, ХҮІІІ ғасырдың алғашқы ширегінде казактарға қауіп жоңғарлардан емес, «біреудің қолымен көсеу көсейтін» Ресейден болатын. Сондықтан осы уақытқа дейін айтылып келе жатқан жоңғар факторына емес, Ресей факторына баса назар аудару керек.

Осы кезеңнің келесі бір жан-жақты қарастыруды қажет ететін мәселесі - казактардың «ақтабан шұбырынды, алқа көл сұламаға» ұшырауы. Казактардың (*М. Тәтімов дерегі бойынша 3.333.333 қазақ-К.С.*) «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұламаға» ұшырауының басты себептерінде Ресей факторы басты роль атқарады. Біріншіден, бұл жорықтардың табысты болуына шведтің артиллерия сержанты Иоганн Густав Ренаттың тигізген әсері үлкен болды. 1709 жылы Полтава тубінде орыстардың қолына түскен Ренат Тобыл қаласына айдалды, Бухгольцтің экспедициясы құрамында Кереку қаласының маңында 1715 жылы қыста қалмақтарға тұтқынға түседі. 1733 жылға дейін қалмақтардың қолында болған ол қалмақтарды темір балқытып зеңбірек құюды үйретеді. Екіншіден, казактарды өз қол астына кіруге мәжбүр еткісі келген Ресей жоңғарларға Сібір бойындағы, сонымен қатар 1718 жылы салынған Семей, 1720 жылы салынған Өскемен бекіністерінен зеңбірек беріп, қару-жарақпен қамтамасыз етіп отырған. Үшіншіден, академик М.Қозыбаевтың дерегі бойынша жоңғар әскерінде 600 орыс офицері (*бізге қазірге белгілісі-К.С.*) әскери нұсқаушы болып, соғыс өнерін үйреткен. Төртіншіден, мұндай көмек казактарға берілмеді, қару-жарақ қарапайым болды. Бесіншіден, Қазақстан территориясының кеңдігінен, халықтың тығыз орналаспауынан аймақтар арасындағы байланыс нашар болды. Бұл ХҮІІІ ғасырдағы жағдай. Ал қазірдің өзінде, ХХІ ғасырда Астанаға қарай жол тартсаңыз бір сәтке елді мекенді көрмейсіз.

Келесі мәселе - хандар таққа, билікке таласты деген «ертегіге» байланысты мәселе. Қазақ заңында да, дәстүрінде де «ата жолымен» деген сөз бар. Бұл қандайда бір нәрсенің ата жолымен өзіне тиесілі болмаса, таласпа дегенді білдіреді. Сондықтан Әбілқайыр мен Сәмекеңнің «хандыққа таласты» дегені шындыққа жанаспайды. «Жол» дәстүрін қазіргі кезде де ұстанып келеміз. Оған дәлел - үлкен тұрып, кішінің сөйлемей, жасы үлкен нағашыдан жасы кіші түп нағашының бірінші сөз сөйлеуі және т.б.

Қазақ хандығы бір орталыққа бірікпеген ел болды деген «ертегі» туралы. Қазақ хандығы Қасым ханның кезінде бір орталыққа біріккен мемлекет болған. Оған дәлел - бүкіл қазақ халқы сол кездің ата заңы «Қасым ханның қасқа жолының» қағидаларымен таңын аттырды, күнін баттырды. Одан кейінгі өмір талабына сай қабылданған «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» заңдарының хандық ішінде толық жүзеге асырылуы хандықтың (мемлекеттің-К.С.) бір орталыққа біріккен мемлекет болғандығының дәлелі бола алады.

Халық арасында алауыздық болды деген «көзқарасқа» жауабымыз. Қазақта «өткір пышақ қап түбінде жатпайды» деген сөз бар. Қазақтар алауыз болып, бір-бірімен қырқысып жатса, жазбаша, қала берді ауызша тарихнамада «мына жерде, мынадай шайқас болды» деген мәлімет қалуы керек еді ғой. Екіншіден, басымыз бірікпей, алауыздықта өмір сүрсек, қазіргі әлемдегі жер көлемі жағынан 9-шы орын алатын аумаққа ие бола алмас едік. Үшіншіден, қазақ халқы шежірені ер адам жағынан таратып, ру жағынан бөлектенгенімен қызын ұзатып, ұлын үйлендіріп құда, жекжат, ағайындыққа өте берік халық.

Керісінше, «айрандай ұйыған» қазақ қоғамына іріткі салып, жеріне, еліне байлығына ие болуды мақсат тұтқан Ресейдің отаршылдық, басқыншылдық саясатынан іздеген жөн. Бұл тұжырымымызға деректер жеткілікті. Мысалы, Патша өкіметінің отаршылдық саясаты ІІ Екатерина тұсында күшейді. Оның казактар туралы губернаторларға жолдаған құпия жарлығында былай делінген: 1. «Қазақ халқының ру басыларын екінші ру басыларымен араз етіп, бірінің етін бірі жеуге себепкер болыңыз. 2. Сұлтандарды бірімен бірін иттей таластырып, бірінің етін бірі жеуге себеп боларлықтай іс қылыңыз. 3. Қазақтың басты адамдарын

сұлтандарымен араздастырыңыз. ... Осылайша береке бірлігін алсақ, өз ара азып-тозғандарынан қазақ жұрты бөтен патшалық қол астына көшіп кетерге дәрмені болмас. Өз-өздері қырық пышақ болып қырылысып жатса, Ресей өкіметі араларына төре болып төрелеп, ретіне қарай не анаусын, не мынауын қуаттап тұруы керек. Түрлі айламен сұлтандардың күшін кетірсек, өзімізден озып еш қайда кете алмас. Келетін, кететін жері өзіміз боламыз, тілегенімізше қақпалап мініп жортамыз»[15].

Орыс ғалымдары қазақ жерін зерттегенде жер асты, жер үсті байлықтарына, тарихымызға, этнографиямызға ерекше назар аударды. Оған Левшиннің еңбегі дәлел. Олар біздің нәзік жерімізді табуға әрекеттенді. Орыс зерттеушілері «қазақ жерінде сексеуіл деген ағаш өседі екен, оны өткір балтамен шапсаң зорға шабасың, өткір арамен араласаң зорға аралайсың. Ал екі қолыңа екеуін алып, бір-біріне ұрсаң өзінен-өзі сынады екен» деген. Патша өкіметі әкімшілеріне қазаққа осы «сексеуіл» әдісін қолдануды қатаң тапсырған.

Қазақ тарихы кеңестік кезеңде де саналы түрде бұрмаланды. Оның қыр-сырын М.Шоқайдың мына тұжырымынан байқауға болады. М. Шоқай «Тарихты жазудың екі жолы бар екендігін айта келе, ...зерттеуші кездегі мақсаттарын күні бұрын белгілеп алады да, соған жету үшін оқиғалар құрастырады. Тіпті мақсаты қажет етіп жатса, оқиғаларды ойдан шығарады. Мақсатқа қайшы келетін бұлақ көздеріне жұймайды. ... Кеңес тепкісіндегі халықтардың ұлттық қозғалыстары туралы жазып жүрген большевик тарихшылар осы екінші түрге жатады. ... Ғылым олар үшін таптық күрестің баламасы. Сондықтан олар тарихты өздерінің болашақ таптық мақсаттары үшін пайдалануға тырысады. Өйткені олар тарих өткен өмірден мағлұмат беретін ғылым ғана емес, келешекке сабақ беруге қызмет ететін ғылым екенін де жақсы біледі» деп, тарихтың қоғамдық-саяси саладағы алатын орнын ерекше атап көрсетеді [16]. Нәтижесінде, Қазақстан тарих ғылымы да орталықтағы сияқты мейлінше идеологияландырылған сипатқа ие бола отырып, тарихи проблематиканың негізгі тақырыптарын біріншіден, буржуазиялық өмір тәртібін сынау, екіншіден, елдегі тап күресі, қазан төңкерісінің тарихи рөлі, социалистік өндіріс, интернационализм, мәдени төңкеріс және тағы басқаларды мадақтау құрады. Бұл жағдайлар қордалана келіп отандық тарихымызда «ақтандақ» беттердің пайда болуына әкеліп соқтырды.

Ұлттық егемендік пен тәуелсіздікке қол жеткізуіміз халқымыздың өз құқықтарын, ұлттық болмысын қайта қалпына келтіріп, жаңғыртуға, әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуы үшін шексіз мүмкіндіктер туғызды. Төл тарихымызды, елдік дәстүр, халықтық тағдыр-талайымызды танып-білуде, ескерткі мұрағаттарымызды жинастыру мен сараптауда біраз жетістіктерге қол жетті. Бұған дейін қол жетпей жүрген деректер, білмей жүрген рухани қазыналар жарыққа шыға бастады. Шетел мұрағаттарынан да туған тарихымызға қатысты құжаттар жинақталып, оқырман игілігіне ұсыныла бастады. Беті жабулы архив құжаттары мен дерек көздері ғылыми айналымға енгізілді.

Қазіргі таңда ресми тарихпен қатар, қазақтың балама тарихы пайда бола бастады. Алайда, онымен (*тарих зерттеумен-К.С*) тарихшы мамандығы бар маман айналысып жүр ме?. Осыған мән беруіміз керек. Қазақ халқында «қасқалдақ сойса да, қасапшы сойсын» деген аталы сөз бар. Біз, осыған тоқтауымыз керек. Әйтпесе, жыл сайын республика бойынша қаншама түлектер тарихшы мамандығын бітіреді, бірақ, олардың бәрі тарихшы бола алмайды. Олардың ішінен ілеу де біреуі, тарихшы болуы мүмкін, қалғаны тарих пәнін жастарға түсіндіруші немесе ұғындырушы болып қала береді. Тарихшы деген, ойдан роман құрастыратын жазушы емес. Осыны ойдан шығармағанымыз жөн. Өлең жазуға «әркімнің таласы» болуы мүмкін, ал тарихты жазуға «әркімнің таласы» болмауы тиіс.

Тәуелсіздік жағдайында төл тарихымыздың кезеңдері шынайлық ұстанымында зерттеліп зерделенуде. Алайда жетістіктермен қатар кемшіліктер де жетерлік. Сондықтан осы мәселе бойынша мынадай ұсыныстарымыз бар:

1. Алдағы уақытта жазылатын төл тарихымыз ұлттық (мемлекеттік) мүдде мен шынайылық ұстанымы негізінде зерттеліп, зерделенуі қажет. 2. Ресейлік дереккөздеріне өте сақтықпен қарау керек. Оны сол күйінде пайдалану үлкен зардаптарға әкеледі. Өйткені ол дереккөздері ресейлік ғалымдардың пікірі негізінде жасалынған. 3. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы Отан соғысында жоңғар емес, Ресей факторына баса назар аударылуы тиіс. 4. Тарихи оқулықтар Қазақстан халқын рухтандыратын, жас ұрпақты отансүйгіштікке жетелейтін әрі шынайы ұлттық сананы қалыптастыратын тұрғыда жазылуы тиіс.

2. Кәсіби тарихшыларды дайындау мәселесі бойынша ұсыныстар:

а). Тарих мамандығында оқитын бакалавриат, магистранттар мен PhD докторантурасына мемлекеттік грант санын көбейту және тарихқа бейімділерді ғана іріктеп алу; б). Төрт мамандық бойынша грантқа тапсырыс беруді жою қажет. Өйткені, талапкер армандаған мамандығына түсе аламай, жай тапсырыс берген мамандыққа ілігеді де, онда оқымайды, немесе оны бітірсе де ол мамандық бойынша жұмыс істемейді. Бұл мемлекеттің қаражаты далаға кетті деген сөз. Ал ол мамандық басқа талапкердің армандаған мамандығы, бірақ ол грантқа іліге алмайды. Сондықтан талапкер бір ғана, яғни өзі армандаған мамандыққа ғана тапсырыс бергені жөн; в). Тарих мамандығында оқитын студенттерге араб, парсы, қытай және шағатай тілдерін оқытуды қолға алу керек. Өйткені біздің орта ғасырлардағы төл тарихымыздың негізгі дереккөздері осы тілдерде. Онсыз сол кезеңнің шынай бейнесін бере алмаймыз.


Белгілі саясаттанушы ғалым Э. Томсонның «Отаршылдықта болған ел отарлықтан құтылғаннан кейін міндетті түрде отарсыздануы керек. Отаршылар елден кетсе де, олардың көлеңкесі қалады. Тәуелсіздік алған елде саяси жүйе өзгерсе де, отаршылардың ойран салуынан әбден зардап шеккен ұлттық сана көп уақытқа дейін

ойрандалған қалпында қалады»[17] деген болатын. Сондықтан бізге отарсыздандыру саясатын жүргізуді шынайы тарихты қалпына келтіруден бастаған дұрыс. Ол, арғы жағы сақтар мен көне түркілерден бастап, бергі тарихымыз Қазақ хандығы, яғни қазақ ұлтының дербес мемлекет құрған дәуірінен бастап қазіргі тәуелсіз Қазақстанның өткен жолын саралаған жүйелі еңбек болуы керек. Өрелі ұрпақты дайындап, «Мәңгі қазақ елі» идеясын іске асыратын қоғамның тарихы осындай болуы керек.

Жалпы алғанда, қазақ тарихындағы шындықтан алшақ, жалған тұжырымдардан арылу уақыт күттірмейді. Олай етпесек, бізді кейінгі ұрпақ кешірмейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Исин Амантай. Әбілқайыр ханның хатын қалай оқыған дұрыс.//Абай №2, 2001. 42-44 беттер; Атабаев Қамбар. Деректану. Алматы., «Қазақстан тарихы» баспасы, 2007 жыл, 216-218 беттер
2. Аманжолов Қ., Рахметов К. Түрік халықтарының тарихы. 2-ші кітап., Алматы., «Білім», 1997 жыл, 4 бет.
3. Жұртбай Т. «Талқы»-Алматы.55-56 бет.
4. Әбіл Е. «История государства и права Казахстана»-Караганда, 2005. с.133
5. Қозыбаев М. Өркениет пен ұлт.-Алматы. 2000.
6. Сталин И.В. Сочинения. IV том. С.67.
7. Апполова Н.Г. Присоединение Казахстана к России. Алма-Ата, 1948.
8. Большая советская энциклопедия. XXX том, стр.591.
9. Аспандияров С. История Казахстана. 1-том, Алматы-Москва, 1935, С.116.
10. Ключевский В.О. Курс русской истории. Сочинения, Т.1, ч.1, М., 1956. С.13-14.
11. Трегубов А.Л. Переселенческое дело в Семипалатинской и Семиреченской областях» - Вопросы колонизации. Т.6, Спб., 1909. с.107.
12. Восстание декабристов. М., 1958. Т.7. с.124.
13. Литературная газета, 2009 жыл. №3.
14. Қазақ тарихынан. Шежірелер, жазбалар, пікірлер, зерттеулер. Құрастырған- Н.Құлмұхамбетова. Алматы: «Жалын» ЖШС, 2004. 375 б.
15. Қ.Аманжолов. Қ. Рахметов. Түркі халықтарының тарихы- Алматы, «Білім», 1999 жыл. 2-ші кітап. 4-5 бет.
16. Шоқай М. Таңдамалы. - Алматы: Қайнар, 1998. – 1 т. – 223-224 бб.
17. Gandolfi A. Les mouvements de liberation nationale. PUF, 1989. Садықова Б. История Туркестанского легиона в документах. - Алматы: Кайнар, 2002. - 248 с. (20-21 с).



ӘОЖ 902.7(574)

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР ДИНАМИКАСЫ

Сейткулова Ж.М. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Аңдатпа. Мақалада Жамбыл облысының этникалық үдерістер динамикасы туралы келтірілген. Осы жылдар аралығындағы облыстағы қазақ және өзге де этнос өкілдерінің сандық ерекшеліктері көрсетілген.

Түйінді сөздер: Жамбыл облысы, этностар, қазақтар, өзбек, түрік, күрд, дүнген, халық санағы.

Кеңес Одағының ыдырауы және Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қалыптасуы саяси және экономикалық факторларды туындатты. Қазақстан тәуелсіздік алған күннен бастап зайырлы, демократиялық, құқықтық және әлемге ашық мемлекет құруға кірісті. Бұл мақсатты орындауда еліміздің тарихи мұрасы мен қалыптасқан өзіндік саяси мәдениетінің ерекшелігі, мемлекет пен қоғамның өзара байланысы есептеліп, ескерілді.

Бірақ экономикалық және саяси өмірдегі өзгерістер еліміздің демографиясына өз әсерін тигізді. Қазіргі кезеңде Қазақстан дүние жүзінде халқы ең аз қоныстанған мемлекет қатарына жатады. Көлемі 2724,9 мың шаршы шақырымды алатын ұлан-байтақ елімізде бір шаршы шақырым жерге шаққанда 5,5 адамнан келеді. Халықтың мекендеуі үшін қолайлы жерлер Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстары болып табылады. Мұнда республиканың бүкіл халқының 37,8% -ы шоғырланған. Мысалы, Жамбыл облысында халықтың тығыздығы 1 шаршы шақырымға шаққанда бұл көрсеткіш 6,9 адамды құрайды.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаннан бастап, демографиялық дамуының басты ерекшелігі болып халықтың абсолюттік санының серпінді өзгеруі саналады. 1989 жылдан 1999 жылға дейін Қазақстан халқының саны 1246028-ге азайды. Миграциялық үдеріс Кеңестік саяси-этникалық үрдіспен көшірілген этностардың тарихи Отандарына кетуімен орын алды. Миграцияның шарықтау шегі 1994 жылға сәйкес келеді.

Осы жылы республикадан тыс жерлерге 481 мың адам көшіп кеткен. Бұл үрдіс халық тығыз орналасқан полиэтносты аймаққа жататын Жамбыл облысына да өз әсерін тигізді. Мысалы, 1989 жылы Жамбыл облысында жалпы тұрғын саны 1 млн. 38 мың 667 адам болса, 1999 жылы облыс халқының саны 988 мың 840 адамға азайды. 1989-1999 жылдар аралығында облыстан 49 мың 827 адам көшіп кетті. 1989 жылы Жамбыл облысында кенттену үрдісімен қала халқының саны 491 мың 769 адамға көбейсе, ал, 1999 жылы олардың саны 456 мың 939 адамға кеміген. Облыс орталығы сол кездегі Жамбыл және Жаңатас, Қаратау қалаларынан 34 мың 830 адам көшіп кетті. 1989 жылы Жамбыл облысында ауыл тұрғындарының саны – 546 мың 898 адам болса, бұл көрсеткіш 1999 жылы 531 мың 901 адамды көрсетеді, яғни, 14 мың 997 адамға кеміген [1, 129 б.].

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы халық санағы 1999 жылы өтті. Санақ нәтижесі бойынша республикада халық саны 14 млн. 953 мың 246 адамды құрады.

1989, 1999, 2010 және 2016 жылдардағы облыс бойынша этностар мен этникалық топтардың этникалық үдерістер динамикасын статистикалық негізде салыстырмалы анализ жасай отырып, этникалық ерекшеліктері бойынша қарастырсақ, облыстан осы жылдары Ресей мен Украина, Белоруссия аймағына үдере көшкен шығыс славяндық халықтар – орыс, украин, белорустардың, Германияға немістердің, Грецияға гректердің, Израйльге еврейлердің, Татарстанға татарлардың, сондай-ақ, поляк, литва, латыш, эстон, корейлердің миграциясы аймақтағы аталған этностар санының азаюына әкелді. Сонымен, егемендік жылдары Қазақстаннан ТМД елдеріне және шалғай шетелдерге ондаған мың келімсектердің көшіп кетуі нәтижесінде республикадағыдай облыстың этникалық құрамында еуропалық халықтардың саны мен үлес салмағы қысқарды.

1989-1999 жылдары олардың көшу себебі біріншіден, еліміздегі әлеуметтік жағдайдың төмендеуі еді. Себебі, КСРО ыдырауынан Қазақстанның жас тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы бірден оңайға түспеді. Алғашқы жылдардағы экономикалық дағдарыс, өндірістің құлдырауы, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі орын алды. Оған қоса инфляция деңгейі жоғары болды. 1993 жылғы ұлттық кіріс 1991 жылғымен салыстырғанда 26,7%, ішкі қоғамдық өнім 28,7%, өндірістік өнім көлемі 27,7% азайды [1, с. 66]. Сол себепті де еліміздегі эмиграцияның шарықтау шегі 1994 жылға сәйкес келді. Дегенмен оның қарқыны 1995 жылы төмендей бастаған еді [2, 62 б.].

Екіншіден, адамзат қоғамы дамуының заңдылығына сәйкес, патшалық империяның жалғасы болған тоталитарлық жүйе келмесе кетіп, күшпен көшірілген этностар мен этникалық топтардың үрейлі өмірі аяқталып, атамекенмен табысу мақсаты орындалды.

Жамбыл облысы республикадағы химия өнеркәсібі дамыған аймақ болып табылғандықтан тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында Тараз, Жаңатас, Қаратау қалаларында тұрғындардың саны қысқарды. Әсіресе, қаланы құрайтын кәсіпорындар жойылып, жапа-тармағай көшу үрдісі Жаңатас пен Қаратау қалаларында белең алды. Осы қалалардағы микроаудандардағы көп қабатты үйлер қаңырап, түгелдей дерлік босап қалды.

Ал, ауылдық аймақтарда тұратын этностар мен этникалық топтар, мысалы Жуалы ауданындағы колхоз, совхоздардан – орыс, неміс, украин, шешен, кәрістер, Тұрар Рысқұлов, Меркі аудандарынан – орыс, грек, немістер, Қордайдан – белорустар мен корейлер, Байзақ ауданынан – орыстар, Сарысу ауданынан – немістер, Шу ауданынан – украин, орыс, татар, неміс, шешендер көшті.

1999 жылға дейін этникалық ерекшеліктеріне орай, статистикалық салыстырмалы анализ барысында Жамбыл облысындағы жергілікті халық қазақтардан кейін басым тұратын орыс ұлтының өкілдері 1-кестеден көрініп отырғанындай, 1989 жылы – 275424 адам, 26,52% болса, 1999 жылы – 179258 адамға жетіп, яғни, 18,13%-ға кеміген, 2010 жылы – 141829 адамға, 13,59%, 2016 жылы бұл көрсеткіш 114056 адамға төмендеп кеткен. 1989-1995 жылдардағы орыстардың көші-қондық кері ағымдары қарқынды жүрді, нәтижесінде барлық облыстарда олардың абсолюттік санының азаюы байқалды.

1989 жылдан 2016 жылға дейін облыстан 161370 – орыс, 30425 украин, 61284 – неміс, 8261 – грек, 7574 – татар, 4150 – корей, 3535 – белорустар көшіп кетіп, олардың облыстағы үлес салмағы күрт азайды және бұл үрдіс жалғасуда.

1989-2011 жылдардың өзінде облыстан көші-қон үрдісімен келгендер саны 244 мың, кеткендер 476,3 мың адамды құрады

Байырғы тұрғылықты халықтың жоғары үлес салмағы біздің Жамбыл облысына да тиесілі және облыс басқа этностар мен этникалық топтардың басым тұратын өңірі болып табылады. 2009 жылғы өткен ҚР халқының Ұлттық санақ нәтижесі көрсеткендей 87 этнос пен этникалық топтар өмір сүруде.

Жергілікті қазақ халқының саны тек демографиялық тұрғыдан табиғи өсіп-өнумен ғана емес, этникалық үрдістің миграциялық үдерісімен облысқа шетел аймақтарынан қандастарымыздың келуі сандық және сапалық өсуіне әсерін тигізді. Қазақстан – шетелдердегі қазақтарды тарихи Отаны – туған жеріне қайтаруға қамқорлық жасап отырған дүние жүзіндегі Израйль мен Германиядан кейінгі үшінші мемлекет. 1991 жылдан бері алыс және жақын шетелдерден 600 мыңға жуық қазақтар атамекенге көшіп келді. Олардың 59,3%-ы Өзбекстаннан, 17,6%-ы Монғолиядан, 9,2%-ы Түркіменстаннан, 4,2%-ы Қытайдан келген [3, 271 б.].

1993-1998 жылдар аралығында миграциялық квотамен отандастарымыздың көпшілігі Ауғанстан, Иран, Пәкістаннан қоныс аударды. Жыл сайын қандастарымыздың көшіп келу квотасын бекітіп, көзделген іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында Үкімет қаулысы шығарылды. «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша үш

жылда (2009-2011ж.ж.) 60 мыңға жуық отбасы елге оралды. Олардың 20%-ы Оңтүстік өңірге қоныстандырылды. Қандастарымызды атамекенге қоныстандыру саясаты негізінде облыстағы қазақтардың саны өсті. Мысалы, 1989 жылы облыстағы қазақтардың саны – 507302 адам болса, 2016 жылы бұл көрсеткіш 805956-ны көрсетті. 27 жылда облыстағы қазақ саны 298654 адамға көбейген.

Қазақтар ертеден ауылдық аймақта көп шоғырланды. Тәуелсіздік алған жылдары олар елеулі түрде қалаға шоғырлану үрдісіне тап болды. Мысалы, 2009 жылғы санақ бойынша Жамбыл облысы тұрғындарының 45,1%-ы 450,3 мың адам қалада, 54,9%-ы 550,2 мың адам ауылда тұрды. Облыста халық біркелкі қоныстанбаған, негізінен облыстың оңтүстігінде қоныстанған. Халықтың орташа тығыздығы 1 км²-ге 6,8 адамнан, тау бөктеріндегі өңірде халық тығыз орналасқан. Тараздың төңірегінде 1 км²-ге 50 адамнан болса, облыстың солтүстік және орталық бөлігінде халықтың орташа тығыздығы сирек кездеседі. Шу өзенінің төменгі ағысында 1 км²-ге 1-2 адамнан келеді. Қырғыз Алатауының етегінде 1-2 мың тұрғыны бар елді мекендер көбінесе өзен, канал бойларында орналасқан, кейде олар бір-біріне ұласып жатады. Шағын елді мекендер (50-100 адам) Шу-Гле таулары мен Қаратаудың етегінде, Шу, Талас өзендерінің сағасында орналасқан, бұлар – бұрын, негізінен, мал фермалары болған, қазіргі кезде жеке шаруашылық қожалықтарына айналғандар.

2015 жылдың алғашқы кезеңінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Жамбыл облысының Статистика департаменті деректері бойынша Жамбыл облысында этностар мен этникалық топтардан құралған халықтың жалпы саны – 1098,7 мың адамды құраған. Ал, 2016 жылы бұл көрсеткіш облыстың этникалық ершелігімен бірге 1110,9 мың адамға жеткен. Сонда бір жылда облыста халық 12,2 мың адамға көбейген. Облысымыздағы халықтың этникалық құрамының үлкен көлемі халқының саны көп 12 этностан құралған. Олар – қазақтар, орыстар, дүнгендер, түріктер, өзбектер, күрділер, эзирбайжандар, қырғыздар, корейлер, татарлар, немістер, украиндар, облыс тұрғындарының санындағы үлесі 98,9%. Халық санының басым бөлігі қазақтардан тұрады. Олардың саны – 806,0 мың адам немесе жалпы тұрғындар санынан үлесі 72,6%. Орыс халқының саны 114,0 мың адамды құрады (10,3%). Облыстағы халық санының жалпы санынан дүнген халқының үлес салмағы 4,9%, түріктер - 3%, өзбектер - 2,5%, күрділер - 1,3%, эзирбайжандар – 1,1%, қырғыздар - 0,9%, корейлер мен татарлар – 0,8%, немістер 0,4%, украиндар 0,3%, - ын, басқа да ұлттар 1,1%-ды құрады.

Мысалы, 1989 жылы облыста дүнгендер 23555 болса, 2016 жылы олар 54495-ке жетіп, 27 жыл аралығында 30940 дүнгенге көбейген. Түріктер – 15896 адамға, күрділер – 6162 адамға, өзбектер – 5675 адамға, қырғыздар – 4747-ге, шешендер – 1359-ға, тәжіктер – 701-ге, эзирбайжандар – 684 адамға артты. Бұл көрсеткіш кейінгі жылдарда көбейе беретіндігі анық. Ал, 2019 жылы Жамбыл облысындағы халық саны 1125442-ге жеткен. 1-кестеде Жамбыл облысындағы этностар мен этникалық топтардың статистикалық мәліметі берілген.

1-кесте

Жамбыл облысындағы 1989, 1999, 2010, 2016, 2019 жылдардағы этностар мен этникалық топтардың құрамы туралы статистикалық мәліметтер

№	Этностар	1989 жыл	%	1999 жыл	%	2010 жыл	%	2016 жыл	%	2019 жыл	%
1	Барлығы	10386 67	100	988 840	100	104384 3	100	111090 7	100	1125442	100,00%
2	Қазақ	50730 2	48,8 4	640 346	64,7 6	722627	69,23	805956	72,6%	818487	72,73%
3	Орыс	27542 4	26,5 2	179 258	18,1 3	141829	13,59	114054	10,14 %	110013	9,78%
4	Дүнген	23555	2,27	303 33	3,07	42404	4,06	54495	4,9%	58560	5,20%
5	Түрік	17145	1,65	248 23	2,51	29354	2,81	33041	3%	34290	3,05%

6	Өзбек	21512	2,07	225 01	2,28	24986	2,39	27487	2,5%	28441	2,53%
7	Күрді	8796	0,85	108 55	1,10	13220	1,27	14958	1,3%,	15474	1,37%
8	Корей	13360	1,29	140 00	1,42	12452	1,19	9210	0,8%	8636	0,77%
9	Әзірбайжан	11653	1,12	105 93	1,07	12185	1,17	12337	1,1%,	12729	1,13%
10	Татар	16618	1,60	125 76	1,27	10651	1,02	9044	0,8%	8819	0,78%
11	Қырғыз	5279	0,51	496 6	0,50	7752	0,74	10026	0,99%, ,	10507	0,93%
12	Неміс	70150	6,75	113 94	1,15	6695	0,64	4433	0,44%	4323	0,38%
13	Украин	33903	3,26	100 13	1,01	3888	0,37	3478	0,34%	2737	0,24%
14	Ұйғыр	2805	0,27	256 9	0,26	2783	0,27	2770	0,27%	2829	0,25%
15	Шешен	881	0,08	243 8	0,25	2548	0,24	2240	0,22%	2221	0,20%
16	Грек	9273	0,89	202 4	0,20	1637	0,16	1012	0,1%	967	0,09%
17	Белорусь	3986	0,38	148 1	0,15	870	0,08	451	0,04%	388	0,03%
18	Тәжік	633	0,06 %	692	0,07 %	619	0,06%	633	0,06%	740	0,07%
19	Басқалары	17025	1,64	867 0	0,83	7962	0,76	5214	0,52% -	5 281	0,47%

Аталған этностар мен этникалық топтардың облыстағы саны мен үлес салмағының артуының өзіндік саяси, әлеуметтік-экономикалық себептерге байланысты екендігі белгілі.

Түрік, күрді этностарының облыста көбеюінің келесі себептерінің бірі 1989 жылы 19 маусымда Қырғызстан аумағының бір бөлігі Ферғана алқабында болған этносаралық шиеленістен көшіп келуімен байланысты. Ондағы жер мәселесі бойынша қырғыздар мен өзбектер арасындағы қақтығыстар қантөгісті шиеленіске әкелді. Осыған байланысты Қырғызстан мен Өзбекстаннан, Ош, Джалалабад, Ферғана территорияларындағы түріктер мен күрдтер этносаралық қақтығыстардан бас сауғалап, 1989-1992 жылдары Қазақстанға, сонымен қоса Жамбыл облысына қоныстанды. 1988-1990 жылдары армяндар мен әзірбайжандардың Таулы Карабахтағы қақтығыстарынан кейін Қазақстанға 1989-1993 жылдары қоныстанған күрділердің келуімен олардың саны 30%-ға өсті.

Жамбыл облысындағы этностар мен этникалық топтардың құрамын территориялық негізде орналасуымен жіктесек, Қазақстандағы дүнгендердің басым көпшілігі Жамбыл облысын мекендейтіндігі белгілі болды. 2009 жылғы ҚР Ұлттық құрамы бойынша дүнгендер екі ғана облыста шоғырланған. Біріншісі 43,3 мың дүнген, ең көп орналасқан территория – Жамбыл облысы, 1,6 мың дүнген орналасқан екінші аймақ – Алматы облысы. 2016 жылғы облыстық статистикалық мәлімет бойынша Жамбыл облысында орыс ұлтынан кейінгі саны жағынан ең көп этнос – 54495 адамды құрайтын дүнгендер. Олар 1-кестеде көрсетілгендей, Қордай ауданындағы Масаншы, Сортөбе, Қасық ауылдарында, Жамбыл ауданында Жалпақтөбе елді мекенінде және Тараз қаласында көп қоныстанған. Санақ аралық мәліметтерді талдаудан дүнгендердің сандық және үлестік деңгейінің өсуі көп бала мен туудың жоғары көрсеткішіне негізделген табиғи өсімінің арқасында мүмкін болғандығын көрсетті. Дүнгендердің Қазақстан халқының құрамындағы үлестік көлемінің динамикасына тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстандағы жүргізіліп жатқан реформалардың олардың өсіп-өнуіне тигізген әсері оң. Бұған әсер етуші факторлардың қатарына жағымды табиғи өсімді ғана емес, сонымен бірге көші-қондағы оң айырымды да жатқызамыз.

1989-1998 жылдар аралығында Қазақстанға 607 дүнген көшіп келген. Олардың 403-і ТМД елдерінен келген болса (негізгі көпшілігі Қырғызстаннан – 380 адам), Қытайдан 11 дүнген қоныс аударған [4, сс. 70-71.]. Бір ғана 2000 жылы Қазақстанға келген дүнгендер саны 172 адам болды. Олардың 154-і кері қайтып, көші-қон айырымы 18 адамды құрады [5, 176.].

Ал, 2000 жылдан бергі мәліметтерге көз жүгіртсек, онда 2000-2007 жылдар аралығында дүнгендер саны 8261 адамға көбейгенін байқаймыз. 1989-2000 жылдарғы 7714, 1979-1989 жылдарғы 7465 адамдық өсімге қарағанда, бұл жағымды – өсім. Олардың үлесі 2000 жылдардан бастап көтерілуде.

Жамбыл облысындағы дүнгендерден кейінгі көп этнос – түріктер. Республика көлемінде облыс түріктері аймақтық орналасуы жағынан екінші орынды иеленеді. 2009 жылғы Ұлттық санақ бойынша Алматы облысында 35,6 мың, Жамбыл облысында 29,8 мың түрік қоныстанды. Жамбыл облысында Қазақстандағы барлық түріктің 34,6% шоғырланған, соның ішінде 36,6% ауылдық аймақты мекендесе, 24,6% қала тұрғындары. Ауылдық жерлердегі түріктердің басым бөлігі Меркі ауданындағы – Меркі, Жамбыл және Нововоскресеновка ауылдарында, Байзақ ауданындағы – Сарыкемер, Түймекент, Ровное, Құмжота ауылдарында, Жамбыл ауданындағы – Пригородное және Аса ауылдарында, Шу ауданының – Шу қаласы, Алға және Кемер ауылдарында шоғырлана орналасқан.

2019 жылғы статистикалық мәлімет бойынша Жамбыл облысында 34290 түрік бар. Түріктерді түрік-хемшилдер, түрік-ахыскалар, түрік-месхеттер, түрік-теректер деп атау қалыптасқан. Түрік хемшилдер – түпкі тегі мұсылман армяндар, түрік-месхеттердің этногенезі Оңтүстік-батыс Грузияның Месхет-Джавахет деп аталатын территориясында грузиндердің месх тайпасының ұрпақтары. Олар Осман империясы тұсында түріктеніп, мұсылман болды. XIX ғасырдың екінші жартысында түрік-месхеттерге түрік тілі ана тілі ролін атқарды. 1926 жылы Грузияда оларды арнайы ана тілінде оқытса, 1937 жылдан бастап грузин тілінде күштеп сауат аштырып, грузин ұлты деп тектерін ауыстыра бастады. Грузияның түріктенген месхеттік мұсылмандарын тұрған елді мекендерінің атымен осы кезеңде түрік-месхет деп атау қалыптасты. Ал, жергілікті православ дінін ұстанатын месхеттік грузиндер оларды түріктер деп атаған еді [6, С.150]. Осындай белгілі тарихи топонимнің негізімен түрік-терек, түрік-ахыска атаулары аталды.

Өзбектер 2009 жылғы Ұлттық санақ қорытындысы бойынша республикада Оңтүстік Қазақстан облысынан (401,6 мың) кейінгі Жамбыл облысында (24,5 мың) көп шоғырланған [7, С.214]. 2019 жылғы статистикалық мәліметте олардың саны 28441-ге жеткен. Өзбектер облыстың Тараз қаласында (26504 адам), Меркі, Жамбыл, Шу, Байзақ аудандарында көп қоныстанған.

Жамбыл облысында қарқынды түрде саны жағынан өсіп келе жатқан этностардың бірі – күрділер. 1999 жылы олардың саны 10855 адамды құраса, 2019 жылғы статистикалық мәлімет бойынша күрділердің саны 15475 адамға жеткен. Күрділер облыстың Жамбыл, Талас, Байзақ, Шу аудандарында көп қоныстанған.

1989-2019 жылдар аралығында облыстың этникалық құрамында дүнген, әзірбайжан, түрік, өзбек, қырғыз, күрді, шешендердің саны мен үлес салмағы табиғи өсу үрдісімен артып келеді [1,129 б.]. Негізі, оңтүстік аймаққа жататын Жамбыл облысы өзінің географиялық орналасуы жағынан да бірыңғай Орта Азия мемлекеттерімен, түбі бір туыс халықтармен, яғни, Қырғызстан, Өзбекстан, Қарақалпақстан және олардан басқа түркі тілдес түрік, әзірбайжан этностарының шоғырлана орналасқан жері ретінде ерекшеленеді. Жамбыл облысында қазақтарға туысқан халықтардың санының өсуі, кезегінде түркі тектестердің біртұтастығына,

этнический сәйкестілікке (идентичность) мәліметте олардың саны 28441-ге жеткен. Өзбектер облыстың Тараз қаласында (26504 адам), Меркі, Жамбыл, Шу, Байзақ аудандарында көп қоныстанған.


Жамбыл облысында қарқынды түрде саны жағынан өсіп келе жатқан этностардың бірі – күрділер. 1999 жылы олардың саны 10855 адамды құраса, 2019 жылғы статистикалық мәлімет бойынша күрділердің саны 15475 адамға жеткен. Күрділер облыстың Жамбыл, Талас, Байзақ, Шу аудандарында көп қоныстанған.

1989-2019 жылдар аралығында облыстың этникалық құрамында дүнген, әзірбайжан, түрік, өзбек, қырғыз, күрді, шешендердің саны мен үлес салмағы табиғи өсу үрдісімен артып келеді. 2022 жылғы деректер бойынша Жамбыл облысында 1152,1 мың адамға жеткен. Жыл басынан бастап облыс халқы 2 мың 200 адамға өскен. Қалалық жерлерде облыс халқының 40 пайызы тұрса, ол 461,7 мың адамды құраса, ауылдық елді-мекендерде әлі де 60 пайызы тұратындығы анықталды. Ол облыс халқының 690,4 мыңын құрайды.

Қорытындылай келе, оңтүстік аймаққа жататын Жамбыл облысы өзінің географиялық орналасуы жағынан да бірыңғай Орта Азия мемлекеттерімен, түбі бір туыс халықтармен, яғни, Қырғызстан, Өзбекстан, Қарақалпақстан және олардан басқа түркі тілдес түрік, әзірбайжан этностарының шоғырлана орналасқан жері ретінде ерекшеленеді. Жамбыл облысында қазақтарға туысқан халықтардың санының өсуі, кезегінде түркі тектестердің біртұтастығына, этникалық сәйкестілікке (идентичность) әкеледі. Бұл сәйкестілік этногенездік негізде, тілдік, діндік ерекшеліктердің бірлігімен халықты жақындастыра түседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сейткулова Ж.М. Жамбыл облысындағы этностар мен этникалық топтар тарихы. Монография. – Тараз: Тараз университеті, 2017. – 190 б.
2. Казахстан. Отчет по человеческому развитию. 1995. Алматы: - 123с.
3. Тоғжанов Е.Л., Кан Г.В., Коробков В.С. Шаяхметов Н.У. Қазақстан халқы Ассамблеясы: тарихи очерк/ Тоғжанов Е.Л., Кан Г.В., Коробков В.С. Шаяхметов Н.У. Тоғжанов Е.Л., Кан Г.В., Коробков В.С. Шаяхметов Н.У. – Алматы: Раритет, 2010. – 328 б.
4. Рысбай К. Егемен қазақ елі / Көкіш Рысбай Тараз, ЖШС «Рысбаева и Ко». 2009. – 300 б.
5. Миграция населения. Итоги переписи населения 1999 года. Алматы, 2000. – 156с.
6. 2000 жылғы қаңтар-желтоқсандағы Қазақстан Республикасы халқының көші-қоны. Алматы, ҚР Статистика жөніндегі агенттігі, 2001. 17-б
7. Исаев М.И. Словарь этнолингвистических понятий и терминов. – М.:Флинтта: Наука, 2001. – 200 с.



УДК:94(574)303.446.4

ТАТУЛЫҚ ПЕН БІРЛІК- ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ТІРЕГІ

Тажмуханова Нағима Ералиевна

Жалпы тарих және музей ісі кафедрасының т.ғ.к., аға оқытушысы

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Нарымбет Гүлнұр Бекмұратқызы

Жалпы тарих және музей ісі кафедрасының аға оқытушысы

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Аннотация. В этой статье рассматривается идея толерантности и мирного сосуществования народа Казахстана как многонационального общества, исторически доказавшая о возможном сочетании в одном государстве: уклада жизни, особенностей в обычаях, традиции, культуре, языке, религии. Народы Казахстана сумели вместе пройти тяжелые для страны годы, выиграли войну, выжили в холод и разруху. Через себя пропустили сталинские репрессии, период восстановления народного хозяйства и экономических кризисы современности. Но никакие трудности не смогли помешать единству и консолидации общества вокруг партии и государства. В настоящее время образец сплочения и объединения этносов республики – это политическая организация, называемая Ассамблея народа Казахстана, имеющая политический статус, активно принимающая участие во всех вопросах нашего многонационального государства.

Ключевые слова: этнос, ассамблея, народы, единство, толерантность, договор, дружба.

Annotation. This article tells about the idea of tolerant and peaceful existence of Kazakh people as a multinational society which historically proved an opportunity of integration into one government: way of life, peculiarities of customs, traditions, culture, language and religion. The people of Kazakhstan could pass the hardest years, won a war, survived in a cold and in destruction periods. They felt Stalin's repressions, rehabilitation period of national economy and modern economical crises. But nothing could stop the realization of unity and consolidation of society around the party and government.

Nowadays the example of rallying and integration of ethnic groups of the republic is a political organization named The Assembly of the people of Kazakhstan which has political status and actively takes part in all items of our multinational government.

Keywords: ethnic group, assembly, people, unity, tolerance, contract, friendship.

Кез келген елдің тілегі де, оның арманы да халқының бейбітшілігін сақтау екені сөзсіз. Елінің экономикасын дамытып, халқының қауіпсіздігін нығайту арқылы ішкі тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Өйткені, бейбіт өмір бақыт, береке, бірлік әкелумен бірге, өрлеу мен өркендеуге жол ашады. Дана халқымыз «Байлық байлық емес, бірлік – байлық» деп бекер айтпаса керек. Бұқара халық әрдайым тыныштықта, мәңгілік бейбіт өмір сүруді армандайды. Ал ұрпағының аمانдығы келешегінің кемелдігін білдіреді. Өткен тарихқа көз салсақ, адамзат небір сұрапыл соғыстардан көз ашпады. Қаншама елдер соғыс зардабынан құлдырап, азып-тозды. Талай жазықсыз жандар сол зұлматтың зардабын шекті. Мұның барлығы бейбітшілік кеткен жерді берекесіздік жайлайтындығын тайға таңба басқандай етіп анық көрсетуде. Бейбітшілікті сақтау, соғыс отын тұтаптау, бейбітшілік үшін күресу қазіргі XXI ғасырдың да ең өзекті мәселелерінің біріне айналды. Содан болар, халықаралық қоғамдастық бейбітшілікті жалпыадамзаттық құндылықтар қатарына қосып отыр.

Елімізде ұлтаралық татулықтың салтанат құруы – біз мемлекеттің негізін құрайтын қазақ халқының саяси мәдениетінің биік деңгейге көтерілгенінің белгісі. Біле білсек, толеранттылық – үлкен құндылық. Мұны тәуелсіздікке қол жеткізген 20 жылдағы маңызды жетістігіміз десек артық айтқандық болмас еді. Қазақстандағы полиэтникалық қоғамда негізінен екі мәдениеттің үстемдік құрып отырғаны белгілі. Біріншісі, сөз жоқ қазақ мәдениеті. Бұдан кейінгі орында орыс мәдениеті тұр. Дәл қазір өзге ұлт өкілдерінің діні мен салт-дәстүрін жаңғыртуға барынша жағдай жасалған. Осындай ынтымақты тірлікке дүниежүзінің көптеген елдері қол жеткізе алмауда. Керек десеңіз, Қазақстан – Орталық Азияда ұлтаралық татулықты сақтап, алауыздыққа қол бермеген жалғыз ел. Бүгінде кең-байтақ қазақ жерінде 11 тілде жастарға тәлім беретін мектептер жұмыс істейді. Біздің билік мұндай білім ошақтарының барлық шығындарын көтеріп отырғаны белгілі. Осыдан-ақ еліміздегі өзге ұлт өкілдеріне қандай жағдай жасалғанын бағамдай беруге болады. Сондай-ақ, мұндай мектептер өзге ұлт өкілдері жастарының қазақ тілін оқып-үйренуіне негіз болып отырғанын тілге тиек ете кетуіміз керек.

Бұдан басқа ел аумағында 13 тілде түрлі радиохабарлар тарайтыны белгілі. Бұны үлкен жетістік деп айтуымызға қақымыз бар. Қазіргі таңда өзге ұлт өкілдері Қазақстан халқы Ассамблеясының маңайына топтасып, өзінің салт-дәстүрі мен мәдениеттерін дамытуда. Осы орайда 1995 жылы құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының алатын орны ерекше. Бүгінде бұл аталған достық шаңырағы қазақ жерінде тіршілік ететін ұлттық-мәдени орталықтардың басын қосатын және аз ұлттардың мүддесін қорғайтын мекеме есебінде нәтижелі жұмыс жасауда. Қазақстандағы аз ұлттардың өкілдерінің мұқтаждығын өтеуге, ұлтаралық қарым-қатынас аясында үйлесім орнатуға барынша жағдай жасалған. Барша ұлттардың азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтарын қорғауға байланысты жүзеге асырылатын шаралар халықаралық стандарттарға сай және осы орайда өзге мемлекеттерге үлгі бола алатынын айта еткен жөн. Сонымен бірге Қазақстанда жүзеге асырылып отырған ішкі саясаттың тағы бір ұтымды тұсы қазақстандықтарды түрлі діни конфессияларға деген толеранттылыққа тәрбиелеумен сабақтас. Соңғы жылдарда Республиканың түпкір-түпкірінде бой көтерген түрлі діни мекемелердің (мешіт, православие приходы, католиктердің костелы, ғибадатханалар және т.б.) жанданған құрылысы мемлекеттің өзара үйлесімді қоғамдық дамуға тиімді жағдай жасағандығын дәлелдей түседі. Өзара сыйластық пен төзімділікке, бейбітшілік пен келісімге негізделген қоғамдық қатынастар әлем сахнасында Қазақстанның шынайы имиджін қалыптастыруға игі ықпал жасауда. Мұны елімізге келіп, қоғамдық-саяси жағдайды сараптаған саясат-танушылардың өздері де айтып жүргені белгілі. Тәуелсіздікпен бірге есейіп келе жатқан Ассамблея еліміз үшін үлкен мән-мағынаға ие. Бүгінде қоғамдық институтқа республика бойынша 820 мәдени орталық мүше. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бүгінгі өміріміз дүниежүзіне үлкен үлгі-өнеге болып отырғаны даусыз. Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайды сараптаған адам қазақ жерінде қандайда бір ұлтқа қатысты ксенефобиялық көзқарастың жоқ екенін бірден байқайды. Қазақ халқы Кеңес Одағы тарапынан аштық пен репрессияның тауқыметін көп тартқан ел. Бірақ біздер КСРО-ның заңды мұрагері Ресейге қарсы ешқандай өшпенділік пиғыл танытпадық. Ал басқа елдерде мұндай жағдай керісінше сипат алғанын көзіміз көрді. Іргеміздегі Ресейдің өзі әлі күнге дейін Кавказ бен Орталық Азияның кейбір халықтарына қатысты жағымсыз көзқарастан арыла алмай отыр. Өркениеттің шыңына шықты деген Францияның өзінде Ислам дініне қатысты қайшылықты көзқарастар туындап, үлкен мәселеге айналып отырғаны жасырын емес. Осындай жайттарды еске алғанда еліміздегі қалыптасқан толерантты қоғамның мәні мен мазмұнын жете түсіне бастайсың. Бұдан басқа Мемлекет Басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Астана төрінде әлемдік дінбасылардың құрылтайын өткізіп, төрткүл дүниедегі тәрбие мен бейбітшілікті, лаңкестікке қарсы күресті талқылау бүгінде маңызды ғаламдық іс-шараға айналып отыр.

1995 жыл – тәуелсіздігін дүйім дүниеге паш етіп, өзін егемен ел ретінде жариялағанына бірнеше жыл ғана болған Қазақстанның күйреген империядан мұраға қалған құлдыраған экономикасының ауған жүгін түзету жолындағы арпалыспен қатар шекарасын шегендеп, мемлекеттілігін нығайтып, алдағы даму жолын айқындау

мақсатында әлемдік үрдістердің беталысын байыптап, барлай отырып, ешкімге ұқсамайтын, ешкімді қайталамайтын бірегей Қазақстан жолын салуға кіріскен кезі болатын. Сол жылы көктемнің алғашқы күнінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы Жарлыққа қол қойды. Араға бірнеше апта салып, өзінің тікелей бастамасынвоглен шақырылған Қазақстан халқы Ассамблеясының бірінші сессиясында тарихи баяндамасын жасады. «Мен елімнің Президенті ретінде қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуді өзімнің басты міндетім деп санаймын. Бірлік аспаннан өзі келіп түспейді, тек қарқынды жұмыс арқылы ғана келеді. Мен кең-байтақ жерімізде татулық пен тыныштық болғанын тілеймін. Мұның, ең алдымен, миллиондаған қазақстандық отбасына керек екенін еске аламын. Мен қайғыдан шашы ағарған аналардың балаларын жоқтамағанын, сәбилердің мүгедек болмауын, қарт адамдардың күйреген үйлерінің алдында қасірет шегіп, жыламағанын қалаймын», деген Нұрсұлтан Назарбаевтың сөздері сол кездегі ең өзекті, ең маңызды мәселе ретінде әрбір қазақстандықтың жүрегінің төрінен орын алды [1, 36]. Арада 24 жыл өтсе де Елбасының бұл сөздерінің өзектілігі артып, күн өткен сайын өміршеңдігі айқындала түсті. Қазақстан халқы Ассамблеясының алғашқы құрылтайында Елбасы жаңа институттың қоғамдағы рөлі мен жұмысының басты контурларын сол кезде-ақ: «Осыдан бастап қоғамдық мәселелердің барлық қырлары бойынша, әсіресе, ұлттық саясатта мемлекеттік актілер Ассамблеяның пікірлерін ескеріп және оның тікелей қатысуымен қабылдануға тиіс. Ол актілердің әрқайсысы еліміздегі барлық этностардың мүдделеріне қайшы келмеуі қадағаланып, сараптан өткізілуі керек», деп қолмен қойғандай нақтылап берді. Бұл кейіннен идеологиялық тренд ретінде орнығып, әлемге «бейбітшілік пен қоғамдық келісімнің Назарбаев моделі» деген атпен белгілі болған Қазақстан халқы Ассамблеясының алғашқы қадамы еді. 30 жылда Қазақстан қоғамының ішкі ықпалдасуының, қоғамдық келісім мен ел бірлігін нығайтудың біртұтас мемлекеттік және қоғамдық жүйесі толығымен қалыптасты. Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттің этностық саясатын қоғамдық келісім саясаты деңгейіне көтерген бүкілхалықтық институтқа айналды. Этносаралық қатынастарды реттеудің толық заңнамалық базасы құрылды. Ассамблеяға конституциялық орган мәртебесі беріліп, ол Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне 9 депутат сайлау құқығын иеленді. «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданып, Ассамблеяның құрылымы мен қызметінің, еліміздің қоғамдық-саяси жүйесінде алатын орны мен рөлінің нормативтік-құқықтық реттелуі заңнамалық негізде қамтамасыз етілді. Ассамблеяның негізгі стратегиялық және бағдарламалық құжаттары өмірге келді... Бұл құжат көпұлты мемлекеттің ұлтаралық қатынасын реттеуге, бір мақсатта болашақты құруға мүмкіндік береді. Себебі әлемде көпұлты мемлекеттерде әлде этносаралық қақтығыстар, халықаралық қатынастар шешілмеген, қазіргі заманда бұған біз куә болып отырмыз. Осы заңның нәтижесінде ұлттар арасындағы қатынастар саяси дәрежеде шешілуде, яғни Қазақстанда тұрып жатқан әр ұлт өкіліне бірдей саяси құқық беріледі. Ел ішінде мұқият талқыланып, Елбасы мақұлдаған «Ел бірлігі доктринасы» бейбітшілік пен қоғамдық келісімді нығайтудың «бір ел – бір тағдыр», «тегі басқа – теңдігі бір», «ұлт рухының дамуы» сияқты басты қағидаларын айқындап берді.

Мемлекеттік этностық саясатты жүзеге асырудың жаңа институционалды тетіктері толығымен қалыптасты. Өткен жылы Елбасының Өкімімен Президент жанындағы «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесі құрылды. «Облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалар мен елордадағы Қазақстан халқы Ассамблеяларының қызметтерін қамтамасыз ету» атты жаңа бюджеттік бағдарлама қабылданды. Аймақтарда 11 мамандандырылған облыстық «Достық үйі» табысты жұмыс істеп тұр. Тағы 4 облыста Ассамблея жылы барысында ашылатын болады. Елбасының тапсырмасы бойынша Достық үйлерін дамыту тұжырымдамасы бекітіліп, Достық үйлері директорларының әдістемелік кеңесі құрылды. Күнделікті өмірден туындайтын нақты мәселелер жергілікті жерлерде пайда болады, тиісінше түйткілдердің түйінін тарқату да сонда жүзеге асырылады. Бұл ретте, Ассамблеяның аймақтық құрылымдарының маңызы ерекше екенін ескеріп, оның жергілікті жерлердегі жұмысын қолдау үшін аймақтық Ассамблея хатшылықтары меңгерушілерінің лауазымы көтерілді [2], осы іс – шаралардың орындалуында әр аймақтарының этностардың бір – бірін жаңадан танысып, тарихи түсінігі, мәдени, рухани мұрасы арқасында мүмкіндік береді және де татулығын, қарым-қатынасын нығайтады.

Ассамблея институты азаматтық қоғамның ең дамыған салаларының біріне және қоғамдық бірлестіктер мен мемлекеттің өзара әрекеттестігіне қажетті басты сұхбаттастық алаңына айналды. Қазақстанда 820 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Ассамблея мен этномәдени бірлестіктердің активі 67 мыңнан астам адамды қамтиды. Елбасының тапсырмасы бойынша аймақтық әкімдіктердің жанынан ақылдастық-кеңестік орган ретінде құрылған Қоғамдық келісім кеңестері Ассамблеяның Елбасы айқындап берген жалпыхалықтық институт мәртебесін айшықтай түседі. Себебі, ауыл, аудандардағы әртүрлі ұйымдардың басын бір арнаға тоғыстыратын, қоғамда туындайтын негізгі сауалдардың барлығымен айналысатын осы кеңестер. Бүгінде еліміздің барлық аймақтарында түрлі деңгейдегі 1035 қоғамдық келісім кеңесі табысты жұмыс істеуде. Ассамблеяның жанынан құрылған Отбасында толеранттық тәрбие беру жөніндегі Аналар кеңесі еліміздің ең басты құндылықтары – татулық пен тұрақтылықты ұрпақ жадына сіңірудің тиімді тетігі ретінде өз жұмысын бастады...

Оңтүстік Қазақстан облысында 3 млн.-ға жуық халық тұрса, оның ішінде 100-ден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі бар. Солардың бірі – корейлер. Сталиндік репрессия кезінде қуғын-сүргінге ұшырап, азап вагонына тиеліп, Қазақстанға келген. Олар Қазақстанда отбасын құрды, тату-тәтті тұрып жатыр. Еліміз

бойынша алғаш болып Шымкентте әдеп-ғұрып және салт-дәстүр орталығы ашылды. Бастысы, әрбір этностың тілін, ділін, салт-дәстүрін сақтау мен өркендетуге бар жағдай жасалып отыр. Аталған орталық облысымыздағы ұлтаралық ынтымақты нығайта түседі деп ойлаймын [3].

Сонымен қатар Республикамызда жарты миллионға жуық өзбек тұрады. Оңтүстік Қазақстан облысында қазақтардан кейінгі екінші, ал еліміз бойынша үшінші орындамыз. Мақтаныш сезімімен айтуға болады, облысымыздағы 143 мектепте өзбек балалары өз тілдерінде білім алады. Оның 57-сі – таза өзбек мектебі, 86-сы аралас мектептер. Жыл сайын, орта есеппен алғанда, 100 мыңға жуық жеткіншек өзбек тілінде оқиды, 4,5 мыңдай түлек орта мектеп бітіріп шығады. Облыстық өзбек мәдени орталығының атқарып келе жатқан ізгі істері мен ізденістеріне орай абырой-беделі де жоғары десек, артық айтқандық емес [4, 304].


Қазақстанда барлық этностардың дәстүрі мен тілін, мәдениетін дамытуға өте қолайлы жағдай жасалған. Ассамблея қызметінің арқасында мемлекетіміздің этносаралық мәселелерді тиімді шешуіне мүмкіндік туды. Осы арқылы еліміздің халықаралық қауымдастықтағы абыройы күн санап өсіп келеді. Қырғызстандағы, Украинадағы жағдайлар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығына нұқсан келтіргенін көріп отырмыз. Украина кеңестік кезеңде экономикасы жағынан үлгі алатын ел болатын. Алайда, бүгінгі таңдағы келіспеушіліктер елді екіге бөлді. Бізде Украинадағыдай кеме құрылысы мен еуропалық елдерге шығатын мүмкіндік жоқ. Алайда, бізде Президентіміздің жүргізіп отырған кемел саясаты бар. Қазіргі кезде халқының саны жағынан үш есеге аз болғанымен Қазақстанның ішкі жалпы өнімі Украинадан жоғары болып отыр. Мұның барлығы мемлекеттегі этносаралық тұрақтылықтың нәтижесі. Қаншама мектептер, ауруханалар, жолдар салынды. Әлі де салынады. Біз осы тиімді саясатты әрі қарай жалғастыра алсақ, өзіміз өмір сүріп отырған елді, қаланы тағы да дамыта түсетін боламыз. Осы жерде өніп-өсіп отырған халық болғандықтан, бір-біріміздің дәстүріміз бен тілімізге деген құрметіміз жоғары болуы керек. Бұл үрдіс ұрпақтан ұрпаққа алмасуы қажет [5, 3526].

Достық – әртүрлі адамдар арасындағы саяси емес, адами құндылықтармен астасатын қатынас. Достық, бірлік, татулық – Тәуелсіздігіміздің темірқазығы. Біз әртүрліміз, бірақ – бір халықпыз. Біз бірлігі ажырамас берік қамал орнаттық. Достық рухы асқақ, мықты елге айналдық. Ал біздің ендігі міндетіміз – осы асыл қазынамызды болашақ ұрпақ санасына сіңіру. Ауызбірлік пен түсіністік, қарапайым сыйластық үстемдік құрған жерлерге қашанда нәтижелі істердің үйір болатыны белгілі. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дегенді ата-бабаларымыз ынтымақтың керектігінен айтқаны анық. Ұлт пен ұлыстың татулығы арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері дамып келе жатыр. Бір шаңырақ астында ұлттың ұйытқысына себеп болып отырған, саясатымыз бен Ата Заңымыздың арқасында атқарылып жатқан шаралардың нәтижесі екендігі белгілі.

Қорытындылай келгенде, Қазақстанда этносаралық бірлікпен татулықтың тірегі – тәуелсіздік! Бұл – Елбасы айтқандай, той тойлайтын емес, ой ойлайтын, болашаққа сенім білдіретін мүмкіншілік! Себебі, елдегі бейбітшілік пен келісімді, тұрақтылық пен татулықты сақтап, дамытудың бірегей тетігіне айналған Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің өшпес құндылығы – Тәуелсіздікке тірек болған Ел бірлігінің ең басты тұтқасы.

Әдебиеттер:

1. «Егемен Қазақстан» // 05.02.2015
2. [Қазақстан халқы ассамблеясының ресми сайты](#).
3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия – Алматы, 2001
4. Тугжанов Е., Кан Г.В., Коробков В.С., Шаяхметов Н.У. Ассамблея народа Казахстана – Алматы: Раритет, 2010. – 304 б.
5. «Біз тұратын үй» - Павлодар: Сытина, 2011. – 352 б.



ӘОЖ 336.647

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН КЕЗЕҢДЕГІ ЭКОНОМИКАМЫЗДА БАҒА ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫНЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Заурбекова Ляззат Едигеевна
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университет

Аннотация. Нарықтық қатынастар аясының кеңеюі, экономиканы басқару жүйесіндегі соңғы уақытта жүргізіліп жатқан өзгерістер аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жүйедегі орны мен рөліне айтарлықтай ықпалын тигізуде. Осыған орай аймақ экономикасын басқару, олардың дамуын мемлекет тарапынан реттеу мәселелері өзекті болуы. Аймақтық саясат мақсаты – маңызды инвестициялық жобаларды жүзеге асыру арқылы аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлері арасындағы айырмашылықты азайту. Инвестициялық

жобаларды жүзеге асыру инфрақұрылымды, шаруашылық іс-әрекетті жақсартады, ал бұл өз кезегінде халықтың өмір сүру деңгейін көтеругі.

Түйін сөздер: бағалы қағаздар портфелі, қор нарығы, инвестиция, аналитика, қаржы құралдары, компания, акция, инвестициялық стратегия, проблема, перспектива.

Жаңа Қазақстанның дамыған ұлттық республикалардың қазіргі таңдағы барлық ұлттар мен ұлыстардың, олардың қатарында еріксіз жер аударылып келіп, осы өлкені өзінің екінші Отанына айналдырғандардың да қосқан үлесі, яғни проблемалар мен перспективалар даму үстінде. Қазақстандық тарих ғылымының осы заманғы дамуына талдау жасай отырып, Жаңа Қазақстанның отандық кезеңдегі аймақтық тарихының неғұрлым өзекті мәселелеріне көңіл аударудың үлкен маңызы бар.

Нарықтық қатынастар аясының кеңеюі, экономиканы басқару жүйесіндегі соңғы уақытта жүргізіліп жатқан өзгерістер аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жүйедегі орны мен рөліне айтарлықтай ықпалын тигізуде. Осыған орай аймақ экономикасын басқару, олардың дамуын мемлекет тарапынан реттеу мәселелері өзекті бола түсері сөзсіз.

Аймақтық саясат мақсаты – маңызды инвестициялық жобаларды жүзеге асыру арқылы аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлері арасындағы айырмашылықты азайту. Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру инфрақұрылымды, шаруашылық іс-әрекетті жақсартады, ал бұл өз кезегінде халықтың өмір сүру деңгейін көтереді.

Өмір сүру деңгейді көтеру, ең басты мақсат, Отандық тауарларымыздың бағасын төмендету немесе тұрақтандыру, басты проблема емес па? Азық түлік, тұтыну тауарларымыздың бағасы шарықтап көтерілуде, ал халықтың еңбекақысы әлде қайда төмендеп барады, тұрақсыздық жылма-жыл өзгеріп көтерілу қалыпқа айналған еді, ал қазіргі таңда ай, күн санап көтерілуде, ал халықтың еңбекақысы, тұрмыс деңгейі 5-6% төмендеп барады. Қазіргі таңдағы ең басты мәселе бағаны тұрақтандыру, әрбір аймақтардағы мониторинг департаменттерінің қызметкерлері дұрыс мәлімет жинап, статистикалық бюромен тікелей қызмет жасап, талдау жүргізе отырып, халықтың ықпалына қарай жағдай жасаса, микрокредиттерге қарызданбас еді.

Аймақтық саясаттың негізгі қағидаттары:

- республикалық мүдделерді аймақтық мүдделерден, әлеуеттілердің ағымдағылардан басымдығы;
- территориялық орналасуына байланысты аймақтардың табиғи байлықтарын тиімді қолдану;
- артта қалған аймақтарды іріктеп, олардың экономикасын сол жерде кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау механизмдерін құрып, шаруашылық жүргізуші субъектілерді ынталандыру арқылы көтеру;
- мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар аймақтарды дамыту басымдығы.

Аймақ дамуын мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты — аймақтардың тұрақты экономикалық өсуіне мүмкіндіктер жасау негізінде бүкіл республика экономикасының өркендеуіне жол ашу болып табылады. Көздеген мақсатқа жету — мемлекеттік және аймақтық мүдделердің бірлігін, олардың ұштастырылуын көздейді.

Жоспарлау мен басқарудың аймақтық мәселелері республикадағы экономикалық қатынастарды қайта құру бойынша іс-шаралар жүйесінде маңызды орын алады. Мемлекеттің дамуында аймақтар мен олардың билік органдарының ролін арттыру әлемдік тенденцияға жатады.

Ұлттық қор қаражатын бюджетке трансферттер бөлу үшін конвертациялау операциялары, квазимемлекеттік сектор валютасын сату, экспорттаушылардың бюджетке салықтық төлемдері ұлттық валютаға қолдау көрсетті. Факторлар балансының негативті жаққа ауысуы, нарықтардағы тәуекел-сентимент теңгенің долларға шаққандағы бағамының ақпанда 495 теңгеге дейін 14,2%-ға әлсіреуіне себеп болды. Наурызда қосымша санкцияларға, соның ішінде Ресейден мұнай өнімдерін импорттауға АҚШ-тың тыйым салуына байланысты Ресей рублінің әлсіреуі теңгеге қысымды күшейтті. Наурыздың басынан бастап \$542 млн интервенция жүргізілді. Биылғы жылғы 14 наурызда теңге бағамы бір доллар үшін 511,74 теңгені құрады.

Қолма-қол шетел валюталары нарығында барынша нарықтық бағам белгілеуді қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк айырбастау пункттері арқылы теңгеге шетел валютасын сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін кеңейту бойынша түзетулер әзірледі. Қаржылық тұрақтылық тәуекелдерінің алдын алу және алыпсатарлық сұраныстың қысымын төмендету мақсатында ҚР Президентінің Жарлығымен елден \$10 000 жоғары қолма-қол шетел валютасын және шетел валютасындағы ақша құралдарын, салмағы 100 грамнан асатын тазартылған алтынды, алтын құймаларды әкетуге шектеу енгізілді. Бұл қолма-қол шетел валютасының шамадан тыс әкетілуін бақылауды және Ұлттық Банк резервтерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Екінші деңгейдегі банктер мен Ұлттық Банк Қазақстанға қолма-қол шетел валютасын жеткізу жөніндегі шаралардың бүкіл тізбесін қабылдауда. Бұл ретте екінші деңгейдегі банктер шоттардағы, депозиттердегі және бағалы қағаздардағы қалдықтар түріндегі өтімді валюталық активтердің жеткілікті көлеміне ие. Ұлттық Банк шоқтарды ретке келтіріп, дисбаланстардың жинақталуын болдырмайтын және резервтерді орынды пайдалануға мүмкіндік беретін икемді бағам белгілеу саясатын ұстануды жалғастырады. Екінші. Инфляциялық тәуекелдерді төмендету.

Геосаяси тәуекелдердің іске асырылуы, жаһандық тауар жеткізу жолдары проблемаларының шиеленісуі, азық-түлік пен энергия ресурстары бағасының өсуіне байланысты әлемдегі сыртқы инфляциялық қысымның күшеюі, бағамның әлсіреуі инфляцияның барынша жоғары динамикасының басты себебіне айналады. Ұлттық Банк ел экономикасына сыртқы шок салдарының таралуын алдын алу, теңгеге қысымды төмендету және теңгедегі активтерді қорғау шараларын қабылдауда. Осы мақсаттар үшін биылғы жылғы 24 ақпанда Ұлттық Банк базалық ставканы 13,5%-ға дейін көтерді.

Геосаяси ахуал нашарлап, сыртқы тәуекелдердің жүзеге асуы жағдайында инфляция болжамы жоғарылау жағына қарай қайта қаралуда. Инфляцияның 2022-2023 жылдардағы нысаналы дәлізден жоғары болып қалыптасуы тәуекелі артты. Осы жылғы ақпан айында жылдық инфляция барлық компоненттерінің қымбаттауы аясында 8,5%-дан 8,7%-ға дейін жеделдеді. Инфляцияға азық-түлік тауарлары үлкен үлес қосады, оларға бағаның өсуі 10%-ға дейін нан-тоқаш өнімдерінің, жармалардың, сүт өнімдер мен көкөністердің қымбаттауына байланысты жеделдеді. Азық-түлікке жатпайтын инфляция 8,5%-дан 8,6%-ға дейін өсті. Ақылы қызметтер 6,8%-дан 7,1%-ға дейін жеделдеді, бұл бірқатар нарықтық қызметтер бағасының өсуіне байланысты. Энергия, металл және ауылшаруашылық өнімдері бағасының өсуіне байланысты жаһандық инфляция бұған дейін болжанған уақыттан да ұзақ мерзім болады және ішкі бағаларға қысым жасайды.

Сондай-ақ оның айтуынша, азық-түлік пен тыңайтқыштарға әлемдік бағаның өсуі тарапынан инфляция үшін тәуекелдерді барынша азайтқан жөн. Ол үшін сауда шараларын қабылдау, логистикадан туындайтын проблемаларды жедел шешу, тиімді тауар интервенциялары, құбылмалылықты ретке келтірудің нарықтық тетіктерін енгізу ұсынылады. Осы тұрғыда бүгінгі отырыстың күн тәртібінде тұрған Орта мерзімді кезеңде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспарын тиімді іске асырған жөн. Азық-түлік инфляциясын тұрақтандыру инфляцияны төмендетуде маңызды болып табылады. Ұлттық Банк әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бойынша ғана емес, инфляцияға елеулі үлес қосатын басқа да тамақ өнімдері бойынша жұмыс жүргізілуі тиіс деп есептейді.

Бағаны тұрақтандыру үшін Ұлттық Банк өз тарапынан базалық ставка бойынша алдағы шешімдерді болжамды және нақты инфляцияны, инфляциялық күтулерді және геосаяси жағдайдың дамуы мен оған қаржы нарықтарының ықпалын ескере отырып қабылдайтын болады.

Үшінші. Елдің халықаралық резервтерінің өсімі мен зейнетақы активтерінің кірістілігін арттыру. Ақпанда жалпы халықаралық резервтер \$87,5 млрд дейін \$161 млн өсті, оның ішінде алтынвалюта резервтері – алтын бағасының өсуіне байланысты \$33,5 млрд дейін \$132 млн өсті. Ұлттық қордың активтері ақпанда \$53,9 млрд болды. Ақпан айында бюджетке трансферттер бөлуді қамтамасыз ету үшін \$510 млн сатылды. Ұлттық қорға жалпы түсімдер осы жылдың басынан бастап 925 млрд теңге болды, бұл өткен жылдың ұқсас көрсеткішінен 4,5 есе жоғары.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері жыл басынан бастап 533,5 млрд теңгеге немесе 4,1%-ға ұлғайып, 13,6 трлн теңгені құрады. Осы жылдың басынан бастап есептелген инвестициялық кірістің мөлшері шамамен 534,2 млрд теңгені құрады. Осы жылдың 2 айының қорытындысы бойынша инфляция 1,5% болса, кірістілік 4,0%, ал нақты кірістілік 2,5% болды. Төртінші. Төлем жүйелерін дамыту.

Биылғы жылдың қаңтар айында Ұлттық Банк төлем жүйелері арқылы 52,5 трлн теңге сомасына 4,2 млн транзакция жүргізілді. Орташа алғанда, бір күнде төлем жүйелері арқылы 2,9 трлн теңге сомасына 232,5 мың транзакция жүргізілді. 2022 жылғы қаңтарда қолма-қол ақшасыз операциялардың саны мен көлемі 5,4 трлн теңге сомасына 438,5 млн транзакцияны құрады. Қазақстандық банктердің ел ішінде клиенттік және меншікті төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізу бойынша барлық операциялары штаттық режимде.

Қорыта келе шет елдер тәжірибесін ғылыми қорытындылау қажеттігі келесі жағдайлар бойынша қарастыруымызға болады: біріншіден, экономиканы мемлекеттік реттеудің қағидалары мен жүйесінің тұжырымдамалы негізін, түбірін анықтауға мүмкіндік туады, екіншіден, аралас экономиканың жалпы заңдылықтарын анықтау мүмкіндігі туады, және де бұл Қазақстан жағдайында мемлекеттік реттеудің механизмдерін «түйістіруге» мүмкіндік жасайды, үшіншіден, мұндай толықтыру мемлекеттік реттеудің нәтижелерін салыстырып талдауға мүмкіндік береді және де керек болған жағдайда экономикалық реформаларды құруды, әлемдік шаруашылық процеске республиканың араласу мөлшерін ескере отырып, реформаларды дұрыс жолмен жүргізуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік-экономикалық процестерге мемлекеттің араласу тәжірибесін үйренуден шығатын қорытынды — көптеген алдыңғы қатарлы елдерде экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі құралдары ретінде халық шаруашылығы дамуының мақсаттары мен басымдылықтарын анықтау, болжау, жоспарлау, бағдарлама жасау қарастырылады. Сыртқы, ішкі және оларға сөйкес факторлардың біртіндеп шиеленісуі, мемлекет тек ғылыми негізделген экономикалық мақсаттарға жетуде, әрқашан тарихи жағдайды ескеруді талап етеді. Американдық ірі экономист П. Самуэльсон көрсеткендей, мұндай зерттеулерсіз, «күннен-күнге өсіп отырған қиыншылықтар мен әлеуметтік өзгерістерге эволюциялық жолмен икемделе алмайтын экономикалық жүйелерге, қазіргі кезде қаншалықты мықты болғаныменен, бара-бара күйреу қатері туындайды, өйткені ғылым мен техника экономикалық өрістің табиғи дамуын үздіксіз өзгертіп отырады». Басқаша айтқанда, дәл біздің экономика

сияқты, «әлсіз экономикалық жүйеге», барлық туындайтын қиындықтарға «эволюциялық жолмен икемделу қажеттілігі» үздіксіз ғылыми-техникалық процесс салдарынан туындайды


Қазақстанда тұтыну тауарларының бағалары жылдан жылға көтеріліп жатыр, сондай-ақ еліміздің әртүрлі аймақтарында да тұтыну тауарларының бағалық алшақтықтары орын алды. Бұл өз кезегінде тұрғындардың өмір сүру ортасына ықпал жасайды. Инфляция-бұл инфляцияның жалпы деңгейінің жоғарылауы және ақшаның күнсыздануы.

Сәуір айында Жамбыл облысындағы инфляция деңгейі жылдық есептеуде 13,2%-ды, бір айда 2%-ды құрады. Жыл басынан бері инфляция 7,5%-ды құрады. Қазақстан Республикасы бойынша инфляция деңгейі жылдық есептеуде 13,2%, бір айда 2%, жыл басынан 7,3% болып қалыптасты.

Бір жыл ішінде азық-түлік тауарлары 18,9%-ға, азық-түлік емес тауарлар 9,9%-ға және ақылы қызметтер 8,4%-ға қымбаттады.

Тұтыну тауарлары мен қызметтерге бағаның өзгеруі

- өткен жылдың сәйкес айына пайызбен, өсуі+, төмендеуі –



Өткен жылдың сәуірімен салыстырғанда азық-түлік тауарлары бойынша бағалар қантқа 58,7%-ға, ұнға 50,6%-ға, жаңа жиналған көкөністерге 44,6%-ға, картопқа 32,5%-ға, қой етіне 30,7%-ға, тұздалмаған сары майға 29,7%-ға, құс етіне 26,9%-ға, жармаларға 26%-ға, күнбағыс майына 25,6%-ға, шайға 23,5%-ға, шошқа етіне 22,3%-ға, макарон өнімдеріне 20,3%, жылқы етіне 17,6%-ға, кондитерлік өнімдерге 15,2%-ға, алкогольді ішімдіктерге 14,4%-ға, сиыр етіне 11,7%-ға, шұжықтар 11,6%-ға, балық және теңіз өнімдеріне 11,4%-ға, нанға 7,2%-ға айтарлықтай өскен. Бағаның төмендеуі тек жұмыртқа бойынша байқалған – 4,5%.

2022 жылғы сәуірде (2021 жылғы сәуірге) азық-түлік емес тауарларға бағаның өсімі 9,9%-ды құрады. Зергерлік бұйымдар мен сағаттар бағасының деңгейі 33,1%-ды, тұрмыстық құралдар 20,7%-ды, автокөліктер 19,2%-ды, жеке қолдануға арналған тауарлар 16%-ды, ыдыс аяқ 11,7%-ды, жуғыш және тазалағыш құралдар 9,2%-ды, тоқыма бұйымдары 8,2%-ды, құрылыс материалдары 8,1%-ды, киім және ақ киім 7,7%-ды, фармацевтикалық өнімдер 6,9%-ды, жиһаз және үйге қажетті заттар 4,2%-ды құрады. Дизельдік отын бағалары 23,1%-ға, бензин 6%-ға өсті. Сұйытылған газ бағалары 7%-ға төмендеді.

Бір жыл ішінде ақылы қызметтердің бағалары 8,4%-ға қымбаттаған. Санаторий қызметтері бағасының деңгейі 19,2%-ға, жолаушылар көлігі қызметтері 17,7%-ға, қоғамдық тамақтану 13,5%-ға, медициналық қызметтер 12,3%-ға, шаштараздар мен жеке қызмет көрсету орындарының қызметтері 7,8%-ға, білім беру 7%-ға өсті.

Тұрғын үй қызметтері саласында су бұру тарифтері 23,1%-ға, электр қуаты 9,9%-ға, тарату желілері бойынша тасымалданатын газ 7%-ға, суық су 4%-ға жоғарлады.

Орталықтан жылыту және ыстық су тарифтері 16,9%-дан төмендеген.

Инфляция деңгейін сипаттайтын тұтыну бағаларының индексі халықтың жеке тұтынуы үшін сатып алатын тауарлар мен қызметтер бағасының өзгеруін көрсетеді. Жыл басынан бері индекс құрылымындағы азық-түлік тауарларының үлесі 40,7%-ды, азық-түлікке жатпайтын тауарлар 30,2%-ды, ақылы қызметтер 29,1%-ды құрайды.


Баға – тауар құнының ақшаға шағылуы. Тариф – қызмет құнының ақшаға шағылуы. Баға өнім өндіру мен оны сатуға жұмсалатын шығын, сондай – ақ кәсіпорынның пайдасы мен табысы жөніндегі деректердің негізінде құрылады. Ағымдағы нарықтық бағалардың көмегімен өндірілген, пайдаланылған және сатылған өнімнің жалпы көлемі анықталады; экономикалық салалар мен секторға бөлінген құрылымы өлшенеді. Факторлық баға (ФБ) – өндіруші тауардың, қызметтің бірлігі үшін алатын баға: $ФБ = АТ + НКТ + ЖП (ЖАТ)$



	2018	2019	2020	2021 ²²⁾
Тұрмыс деңгейі статистикасы				
Халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары				
теңге	93 135	104 282	116 126	130 616 ²²⁾
АҚШ доллары	270,2	272,5	281,2	306,6
атаулы ақшалай табыстар индексі, өткен жылға пайызбен	111,3	112	111,4	112,4 ²²⁾
атаулы ақшалай табыстар индексі, 1995 жылға пайызбен	5411,7	6059,4	6747,6	7589,5
Нақты ақшалай табыстар индексі, өткен жылға пайызбен	105,0	106,4	104,3	104,1 ²²⁾
Табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасынан төмен халықтың үлесі ¹⁹⁾ , пайызбен	4,3	4,3	5,3	5,2
Күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы				
теңге	27 072	29 342	33015	37 266
АҚШ доллары	78,5	76,66	79,9	87,47

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://primeminister.kz/kz/news/2022>
2. stat.gov.kz
3. Микрoэкономикалық статистика. Алиев М.Қ., Утебаев Б.С., Абдурахманов М.А. Астана. 2018ж. - 209 бет
4. <http://elib.dulaty.kz/MegaPro/Download/MObject/1610>



ӘОЖ 94(574)

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАРИХИ - МӘДЕНИ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ

**Бейбитов Нурбек Жолдасалиевич, Мырзабеков Джамбул Ергараевич
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**

Ұлы дала төсіндегі ұлттық мұралар мен теңдесі жоқ құнды жерлерімізге деген құрметке қазақ халқы қоғамның барлық даму кезеңдерінде аса мән берген. Адам бойындағы адамгершілік құндылықтар туған жерге, отанға деген сүйіспеншіліктен туындайды. Тарихы тағлымды Жамбыл облысының киелі жерлеріне негізделіп жазылған мақалада аталмыш мәселенің ерекшеліктері ғылыми тұрғыда дәйектелген.

Тағылымды тарихы мен өрелі мәдениеті ерте кезеңдерден – ақ талайлардың таңдайын қақтырып, тамсандырған Әулиеата өңірінің сан-қилы тарихы әрқайсымызды бей-жай қалдырмасы белгілі. Қойнауы құт, жері дархан бұл өлкенің өзіндік ерекшелігі мен тарихы туралы талай ғалымдар тер төгіп, жыршылар мен ақындар өз шығармаларына арқау еткен.

Еліміз өз тәуелсіздігін қолына алып, етек-жеңімізді түріп, дамудың даңғыл жолына түсе бастаған тұста-ақ Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Н.Ә.Назарбаев: «Тұтас жұртыңды, иісі алашынды ардақтау ең алдымен өзіңнің тұрған өлкенің тарихын, табиғатын танудан, адамдарын құрметтеуден басталады» - деп өз бағасын берсе, барша Қазақстандықтардың жүрегіне жол тауып, сәуелі отын жаққан «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын жүзеге асыру қажеттілігіне тоқталып, бұл мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруінде емес, идеяның түпкі төркіні киелі мекендерді және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды атап көрсеткен болатын [1].

ҚР Ұлттық музейі жанындағы «Қасиетті Қазақстан» өлкетануды дамыту орталығы Жамбыл облысынан ұсынылған 33 нысанның ішінен, ұлттық сарапшылар кеңесінің отырысында 8 тарихи-мәдени ескерткішті іріктеп алып, «Қазақстанның 100 киелі нысаны» тізіміне енгізді.

Олар: XIV ғасырға жататын Тектұрмас кесенесі, XI ғасырға жататын Қарахан кесенесі мен XI-XII ғасырларға тән Айша бибі мазары, сондай-ақ X-XI ғасырларға жататын Бабажы Хатун мазары мен Байзақ

батыр Мәмбетұлының кесенесі, ал археологиялық ескерткіштерден: VIII - IX ғасырларға жататын Ақыртас сарай-кешені мен тарихын тереңнен алатын I-XIX ғасырларға жататын Ежелгі Тараз қалашығы және Меркі-Жайсан түркі ғұрыптық кешені» жатады.

Сонымен қатар, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің сұратуымен жергілікті маңызы бар қасиетті орындардың микросакралды нысандар тізімін жасау үшін «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасына облыс бойынша 27 нысан ұсынылып, Жамбыл облысының өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енді [2,106.].

Тараз қалашығының орнына ең алғаш 1925 және 1927 жылдары қазба жұмыстарын жүргізген М.Е.Массон, Талас өзенінің жоғарғы ағысындағы түркілер дәуіріне тән руналық жазбалардың ерекшелігі мен тарихына да терең үңілгендігін байқауымызға болады.

Ұлы Отан соғысының алдында, А.Н.Бернштамның басшылығымен ұйымдастырылған КСРО Ғылым академиясы жүргізген іргелі жұмыстардың нәтижесінде ежелгі Тараз және оның аумағында орналасқан ежелгі қалашықтарға байланысты тың деректер ғылыми айналымға енгізілді.

А.Н.Бернштамның ежелгі Құлан аумағындағы үйсін мемлекетіне тән қоныс орындарына, Берікқара және Кеңкөл обаларына жүргізген қазба жұмыстары, тарихымызбен қатар ежелгі адамдардың діни түсініктерінен, жерлеу рәсімдерінен терең мағлұмат берген [2, б.144].

Жалпы алғанда Тараз қаласы бойынша жалпыұлттық деңгейдегі қасиетті нысандар қатарына I-XIX ғасырларға жататын Ежелгі Тараз қалашығы XIV ғасырға жататын Тектұрмас кесенесі, XI ғасырға жататын Қарахан кесенесі ал өңірлік деңгей бойынша Қазақ хандығының 550 жылдығына арнайы салынған «Қазақ хандығы» монументі кіреді.

Ежелгі Тараз қалашығы - қала орталығында жатыр. Жамбыл облысының республикалық дәрежедегі мемлекеттік тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енген. Орта ғасырларда Тараз тек үлкен қала ғана емес, үлкен руханият орталығы әрі ірі сауда-саттық орны болған. Тараз тарихы бай, жері құнарлы, табиғаты көркем қала.

Тараз қаласы б.д.д 40-36 жылдары тұрғызылған. Ұлы Жібек жолындағы тарихи-мәдени орталықтардың бірі. Қала алғаш рет Византия деректерінде 568 жылдары аталады. Ал 630 жылдары осы өңірге саяхаттап келген Қытай саяхатшысы Сюань-Цзянь: «Тараздың аумағы 8-9 ли. Бұл қалада көптеген елдердің саудагерлері аялдап, түрліше заттар әкеліп сатады» - деп жазған. Араб саяхатшысы Ибн Хаукаль да қаланы дәл осылай: «Тараз – мұсылмандардың түріктермен сауда жасайтын қаласы», деп суреттейді. Ал, араб тарихшысы Әл-Макдиси болса: «Тараз – бақтары мол, тұрғындары тығыз орналасқан үлкен қала» - деген мәліметтер қалдырады. X ғасырдың ортасында Тараз қаласы Қараханидтер империясының ірі мәдени орталығы болды [3, б.48].

Т.Рысқұлов ауданы бойынша жалпыұлттық қасиетті жерлер тізіміне жоғарыда атап кеткен Ақыртас сарай-кешені енгізілсе, өңірлік деңгейдегі қасиетті нысандарға, Әбілхайыр даласындағы «Сұмқайтты» ұмытылмас орны, Ойранды даласы, Құлан және Өрнек қалашығы мен жері енгізілген болатын. Енді осы жер – су атауларының тарихына орналасуы мен ерекшеліктеріне тоқтала кетейік.

Әбілқайыр даласындағы «Сұмқайтты» деп аталатын жазықты алқап Т. Рысқұлов ауданының орталығы Құлан аулынан солтүстік - батысқа қарай 45 шақырым жерде орналасқан.

1728 – 1730 жж. тарихымызда біріккен қазақ қолының жоңғар басқыншылығына қарсы жүз жылдық азаттық соғысында бетбұрыс жасаған ең ірі шайқастардың бірі болған «Сұмқайтты» даласын алғаш 1926 ж. жол құрылысының инженері және тарихшы М.Тынышбаев Шу – Талас өзендерінің аралығында зерттеу жүргізу барысында анықтаған [4].

1997 ж. бұл жерді халық жазушысы Ә.Кекілбаев мұқият зерделеп, нәтижесінде «Үркер» романын жазып, Әбілқайырдың жаңаша тарихи образын ашса, тарихшы-ғалым М.Қозыбаев бастаған ғылыми экспедиция шайқас болған жерді жан-жақты зерттеген. Археологиялық зерттеулер барысында сарбаздардың қару-жарағы, ер-тұрман саймандары көптеп табылған.

1720 ж. соңында Әбілқайыр осы жерде болған жоңғарларға қарсы соғыста қазақ жасақтарын басқарған және өзенге жақын қалың бұталы, шөбі шүйгін жерді таңдап тұрақтаған.

Кіші жүздің ханы Әбілқайыр бастаған үш жүздің жасақтары жоңғарларға қарсы қиян-кескі соғыс жүргізген. Кішігірім өзеннің көне арнасының маңында болған қан төгіс ұрыста қазақ батырлары жоңғарлардың шабуылына тойтарыс беріп қана қоймай, оларды өз жеріне қарай қайтуына мәжбүр етті. Ұрыс болған жер ел аузында «Сұмқайтты» яғни қатыгез жаудың беті қайтты деп атала бастады.

Бұл туралы Ілияс Есенберлин «Көшпенділер» романының «Жанталас» деген бөлімінде: «Үш жүздің әскері жауымен алғашқы рет Балқаш көлінің күнгейіндегі Алакөлдің тұсындағы Хан тауы деген жерде кездесті. Үлкен Орда ханы Болат пен бар қазақ әскерін басқарған Кіші жүздің ханы Әбілқайыр үлкен жеңіске жетті. Шүно-Дабо басқарған қалың жоңғар жеңіліп, Іле өзенінің бойымен шығысқа қарай қашты. Бұл жеңісті қазақ жұрты артынан, жоңғарлар аңыраған «Аңырақай» жеңісі деп атады. Алакөл жағасындағы ұрыс болған жерде қырқа, белес, асуларға «Әбілқайыр», «Сұмқайтты» болып өзгерген ат қойды» - деп сипаттаған [5,526.].

Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындардың қатарына жататын Ойранды даласы Т. Рысқұлов ауданы, Жаңатұрмыс ауылының тұсындағы тау шатқалына кіреберістегі жазықты алқапты алып жатыр.

Бұл аумақтың Ойранды деп аталуы бекер емес. Ол қазақтың «ойран болды», «ойраны шықты» – деген сөздерімен мағыналас. Ертеректе бұл алқапта жоңғарлардың қалың қолы қазақ жасақтарынан жеңіліп, ойраны шыққан жер болған.

Ойранды аумағындағы соғыс алаңында ірі-ірі тастар қатарынан тізбектіліп қойылған. Бұлайша, тізбектелген тастар жоңғарлармен соғыс кезінде жау аттарының екпінін қайтару үшін қойылған.

Осы маңдағы «Ойранды», «Ақсарай», «Қалмақия» деген жерлерде үлкен соғыс болған. Жоңғарлардың шапқыншылығы қазақ елінің тәуелсіздігіне мейлінше қауіп төндірді. Қазақ халқын талқандауды мақсат еткен жоңғарлар өздерінің жоспарын тезірек іске асыруға талпынды.

Тарихи аңыздардың бірінде қалмақтар осы Ойранды даласында жеңіліп, асудан қашқан екен. Олардың алдынан қазіргі «Ақсарай» деген жерде жауды күтіп алған қазақ жасақтары, тағы да соққы берген. Асуға барар жол қазақтардың қолында болғандықтан жоңғарлардың «Қаратас» жанындағы бітеу шатқалмен қашуына тура келген. Асу құз, жартасты болғандықтан қашарға жер таппған жау әскері ойраны шығып жеңілген екен.

Тағы бір аңыздарда Ойранды өзенінің маңында бір кездері қырғыз – қазақтың арасында қарулы соғыс болған көрінеді. Екі жақтан да адам шығыны көп болғандықтан бұл жерді «Ойран болады», «Ойранды» деп атап кеткен екен.

Белгілі қазақ қаламгері Әбіш Кекілбаев, қалмақпен шешуші соғыс Жамбыл облысындағы, «Тұтқынсай» деген жерде болғандығын және бұндағы Әулие бұлақ маңы қазіргі «Ойранды» - деп баяндайды [6, 1286.].

Расында, шатқалдың етегінде «Әулие бұлақ» деп аталатын бастау ағып жатыр. Жергілікті халық жиі келіп бұлақтың көзін ашып, зиярат жасайды.

Ерте ортағасырлар кезінде Ұлы Жібек жолының солтүстік бағытының Қазақстан арқылы өткен тармақтарының бойында сәулеті мен дәулеті келіскен қалалар қалыптаса бастағаны белгілі. Солардың ішіндегі маңызы ерекше ескерткіштердің бірі ортағасырлық – Құлан қалашығы. Тарихы VI-XIII ғғ. жататын археологиялық ескерткіш Т. Рысқұлов ауданының орталығы Құлан ауылының солтүстік-шығыс шетінде орналасқан. 2014 жылы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік Мәдени Мұралар тізіміне және 2017 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енгізілген.

Құлан қалашығы жайлы жазба деректер VII ғ. бастап кездеседі. 629-630 жылдары Ұлы Жібек жолы бойымен Шу, Талас өңірлері арқылы жүріп өткен қытай діндары Сюань Цзян өзі көрген ерте ортағасырлық қалалар туралы құнды мәліметтер жазып қалдырған.

Ол Шу өңірінде орналасқан қалалар жайлы: «Суябтың тура батыс жағында бірнеше ондаған жекелеген қалалар орналасқан және әрқайсысының өз ел ағалары бар. Олар бір-бірінен тәуелсіз болғанымен барлығы түріктерге бағынады» - дейді. Ал, Құлан өңіріне қатысты: «Оңтүстік жиегі таулы, қалған үш жағы жазық дала. Бұл араның жері ылғалды, орманы қалың, ал түрлі-түсті гүлдері көктемгі мезгілде өрнекті жібекке ұқсайды. Бұл жерде мыңдаған бұлақтар мен өзендер ағады, мекеннің атауы да соған байланысты. Түрік қағаны жаздың ыстығында осы жерге келіп паналайды. Онда құландардың табыны жүреді, мойындарына қоңыраулы әшекейлер байланған. Оларға адамға үйренген...» - деп сипаттайды. Бәлкім қаланың Құлан аталуының бір себебі де осыған байланысы болса керек [7, 886.].

Араб географы Абдоллах Хордатбектің «Жолдар мен мемлекеттер» деген еңбегінде Құланды Ұлы Жібек жолы мен Талас, Шу өңірлері арқылы өткен керуен жолдың бойында орналасқан сәулетті қалалардың бірі ретінде атап көрсетеді. Құлама ибн Джафардың «Салық туралы кітап» деп аталатын еңбегінде Тараз бен Құланның солтүстік жағын алып жатқан құмды алқап, ал оның арғы жағында шөлді дала қимақтар шекарасына дейін созылатындығын мәлімдейді [8, 926.].

Әйгілі араб географы әл-Мукаддасидің «Тұтас өңірдің бөлімшелерге бөлінуі» деп аталатын шығармасында Құлан үлкен Тараздың жолында орналасқан, бекіністі қала екендігін, онда мінәжат ететін мешіттер барын баяндайды.

Якуту ал-Хамавидің «Муджам ал-булдан» атты географиялық сөздігінде Құлан туралы: «Құлан – түрік елінің Мәуераннахр тарабындағы шекарасында орналасқан әдемі қала» - деп сипаттама берген [9, 946.].

Құлан қалашығында ғылыми-зерттеу жұмыстары XIX ғ. бастау алып, әлі күнге дейін жалғасуда. Зерттеулер нәтижесінде Құлан жергілікті түріктерге тиесілі сәулетті сарайлары бар мәдени орталық қалалардың бірі болғандығы анықталып отыр.

Өрнек қалашығы болса, Т. Рысқұлов ауданы, Өрнек ауылының оңтүстігінде 7,7 шақырым қашықтықта, Алтынсу өзенінің жағалауында, Сұлутөр шатқалында орналасқан. Қалашық VIII-XII ғғ. жататын археологиялық ескерткіш. 2014 жылы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік Мәдени Мұралар тізіміне және 2017 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енген.

Қалашықтың орналасқан жері мен ескі атауына қатысты там-тұм мәліметтер ортағасырлық жазба деректерде кездеседі. Араб деректерінде аты кездесетін Құлшұб қаласы осы Өрнек қалашығы болуы ықтимал

деген жорамал бар. Олай болса Өрнек қарлұқтардың қарауындағы саяси-стратегиялық орталықтардың бірі болғандығы айқын [7, 526.].

Қалашықтың топографиялық құрылымы мен ішкі құрылыстарында жүргізілген қазба жұмыстары отырықшылық пен қолөнердің барынша жоғары деңгейде қалыптасқандығын көрсетеді. Сонымен қатар мықты бекіністердің, мешіттің, бай мазарлардың болуы, бұл ескерткіш ірі қалалық орталықтың болғандығын дәлелдейді.

Әлбетте қалашықтың қалыптасуы мен даму тарихында Ұлы жібек жолының маңызы жоғары екендігі даусыз. Күре жолдың бойында орналасқан Өрнек қалашығы да заманында ерсілі-қарсылы ағылған жиханкездер мен саудагерлердің ат басын тірейтін тұрақты мекені болған. Талай тарихи оқиғалар мен тақ таласының, жойқын соғыстардың куәгері болған ескерткіш тарихымыздың баға жетпес қазынасы болып табылады.

Жуалы ауданы Теріс (Асы) өзенінің жоғарғы және орта ағысында, жерінің көпшілік бөлігін Жуалы таулы үстірті (биіктігі орталығында 900 метр, шет жақтарында 1200 метр) алып жатыр. Солтүстігі мен солтүстік-шығысын Қаратау жотасы, батысы мен оңтүстік-батысынан Боралдай тауы, оңтүстігінен Талас Алатауы қоршайды.

Жуалы өлкесі ерте заманнан тау баурайларынан бастау алатын бұлақтарының көптігінен «Мыңбұлақ», кейінірек сай – салаларында өсетін жуаның көптігіне байланысты «Жуалы» атанған. Көнекөз қариялар Жуалы аймағын «Ұлы Жуалы», «Бел Жуалы» және «Кіші Жуалы» үш бөлікке бөліп атайды.

Осы өлкеден шыққан заңғар жазушы, Шерхан Мұртаза «Жұлдызы биік Жуалы» атты белгілі очеркінде: «Жуалының бір аты бағзы заманнан «Мың-Бұлақ» болатын» - деп жазады

Шерхан Мұртазаның жазуына қарағанда, біздің эрамыздың VII ғасырында өмір сүрген қытай манағы Сюань-Цзянь Қытайдан шығып Шашқа (Ташкент) дейін сапар шеккен жолында осы Мыңбұлақ жөнінде былай жазған: «Мыңбұлақ жерінің оңтүстігін басын мұзарт басқан биік таулар қоршайды. Суы мол, орман-тоғайы тұнып тұр. Көктемнің соңғы айында жайқалып өскен түрлі-түсті гүлдер шебердің қолынан шыққан әсем кілемдей көздің жауын алады. Мұндағы сай-сай болып аққан мөлдір бұлақтардан аяқ алып жүргісіз. Сондықтан да Мыңбұлақ атанған. Түріктердің ханы жылда ыстық жақтан ығысып, жазда осында дем алған. Мұнда мойнына қоңырау таққан бұғы, елік көп кездеседі. Адамдарға үйренгені сонша, қасына барсаң да қашпайды. Хан еліктерді жақсы көрген. Солардың жайылып жүргеніне қарап рахаттанып отырған. Ол өз қол астындағы елге арнап жарлық шығарған: «Онда кімде-кім бір елікті өлтірсе, табанда өлім жазасына тартылады» - делінген

Байзақ ауданының қасиетті жерлерге Ақтөбе мазары, Қостөбе қалашығы, Ботамойнақ үңгіріндегі пиктограммалар, Қарасай және Қамыстыбұлақ шатқалындағы петроглифтер кірген болатын.

Байзақ батыр кесенесі Байзақ ауданы, Дихан және Сарыкемер ауылдық округтерінің шекарасындағы төбенің басында, Талас өзенінің оң жағалауында, ауылдың солтүстік шығысында 4 шақырым жерде орналасқан.

Байзақ жас кезінен ерекше ұйымдастырушылық қабілеті мен дарынының арқасында, ел жұрты мен руластары арасында жоғары беделге ие болған. Қоқан үкіметі тарапынан да құрметке ие болып, оған жеке басының артықшылығы мен салық төлеуден босатуға құқық беретін құрметті «датқа» атағын берген

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру//Egemen Qazaqstan, 12 сәуір 2017.
2. Бернштам А.Н. Очерк истории гуннов. - Ленинград, 1951. - 328 с.
3. Массон М.Е. К вопросу о взаимоотношениях Византии и Средней Азии по данным нумизматики. Труды Среднеазиатского государственного университета. Вып. XXIII. - Ташкент, 1951. - 124 с.
4. Әулиесатаның қасиетті орындары //ред кеңес М.Жолдасбеков, М.Елеуов, Б.Әбдіғалиұлы, Д.Быкыбаев, С.Илияс. –Астана, 2014.
5. Тынышбаев М. История казахского народа. - Алма-Ата, 1993.
6. Есенберлин І. Көшпенділер. - Алматы: Жазушы, 1987.
7. Кекілбаев Ә. Үркер. - Алматы: Сөздік – Словарь, 1999.
8. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1992.
9. Волин С. Сведения арабских источников IX-XVI вв. О долине реки Талас и смежных районах. // Труды ИИАЭ АН КазССР. – 1960. – 5 том. – 72-90.



ӘОЖ 574

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫН ТАРИХИ ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Орынтаева Эльмира Орынбасарқызы - тарих магистрі
«Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент қ.

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ғылыми-техникалық қамтамасыздандыруда қазіргі кезеңдегі экономикалық тетіктерінің басым бағыттарына ғылыми тұжырымдар жасай отырып орта кәсіптік білім мен аграрлық-индустриялық әртараптандырудың маңыздылығы мен агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың өзара қатынастарын қарастыруға негізделген. Автор бірқатар дереккөздерді, оның ішінде зерттеулер, мерзімді баспасөз материалдары, электрондық ресурстарды пайдаланып, әртараптандырудың басты негізі болып табылатын агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бұрын-соңды болмаған көмек көрсетілуімен қатар, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елдің ғылыми технологиялық дамуының салааралық жоспарының экономикалық тетіктеріне ғылыми тұжырымдама жасалынған.

Түйін сөздер: аграрлық-индустриялық әртараптандыру, агроөнеркәсіптік кешен, азық-түлік қауіпсіздігі, Аграрлық ғылым.

«Болашағына сеніммен қарайтын халық, тарихына терең бойлайды» - деген даналық сөзі бүгінгі тәуелсіздік пен еркіндіктің нышаны іспеттес «Мәңгілік ел» жалпұлттық идеология тарих ғылымы үшін арнайы айтылған секілді. Төл тарихымыздың күңгірт беттерін ашып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа, аршынды сапалық сатыға көтерілуіне қазақ елінің өткен кезеңін зерттеу, зерделеу бүгінгі күннің талабы. Себебі, тоталитарлық жүйенің идеологиялық ықпалынан арылуымен бірге тәуелсіздік идеологиясының әдістемелік негізінде тарихи дамудың ақиқат болмысын қалпына келтіру бағытында түбірлі жұмыстар атқарылды.

Отандық тарих ғылымының өзектілігі-кеңестік тоталитарлық жүйенің идеологиялық ықпалынан арылуымен бірге тәуелсіздік идеологиясының әдістемелік негізінде тарихи дамудың ақиқат болмысын қалпына келтіру бағытында түбірлі жұмыстар атқарылуда. Соның бірі-мемлекетті әлеуметтік-экономикалық реформалаудағы мемлекеттік саясат. Қазіргі қоғамның даму кезеңіндегі негізгі әрі өзекті мәселелердің бірі осы салада нарық қатынасын қалыптастыру, халықты отандық азық-түлік, өнеркәсіпті шикізат өнімдерімен жеткілікті түрде қамтамасыз ету, өндірістің тиімділігін арттыру, бәсекелікке төтеп беретін өнім өндіру және әлемдегі экономикасы бәсекеге барынша қабілетті дамыған 30 елдің қатарына кіру стратегиясын іске асыру болып отыр. Сол үшін индустриалды-инновациялық үдеріс бірінші кезекте ауыл шаруашылығында шаруашылықты жүргізу механизмін қалыптастыру және дамытуда аса қажетті қозғаушы экономикалық күштің негізіне айналуға.

Мемлекеттің халық шаруашылығының барлық салаларының ішінде ауыл шаруашылығында біразға созылған экономикалық дағдарыстан шығуы бірте-бірте өз нәтижесін беріп келеді. Дегенмен, өндірістің негізгі саласының бірі, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Әйтседе, шикізат мәселесін шешетін халық шаруашылығындағы өнім өндіру мен оның өсімі әлі де болса төмен деңгейде. Өндірістерде қалыптасқан жағдайларды сараптай және талдай келе аграрлық сектордағы шешілмей жатқан мәселелерді зерттеу, ауыл шаруашылық пен өндірістің экономикалық негізіне әсер ететін іс-шараларды (тиімділігін көтеретін, бәсекелікке лайықты өнім өндіру т.б.) жүзеге асыру нарық жағдайындағы өзекті мәселелердің атаулысы болып отыр.

Қоғамның даму жағдайы, өндірістердегі күрделі өзгерістер, шаруашылықты жүргізудің барлық деңгейінде басқару мен экономикалық ынталандырудың барынша тиімді жолдары мен әдістерін іздестіру мен қолдануды талап етуде. Сайып келгенде, ауыл шаруашылығында шаруашылықты жүргізудің механизмін нарық қатынасына бейімдеу, ұдайы өндіріс көрсеткіштерінің, атап айтқанда, өндірістің тиімділігі, өнімнің сапалы түрде көлемінің өсуі, еңбек өнімділігінің көрсеткіштері, өндіріс, айырбас, тұтыну, үлестіру жүйелерін қалыптастыру қазіргі алғышарттардың бірі болуда.

Қазақстан үшін аграрлық сектор республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейін айқындаушы күштердің бірі болып отыр.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өз алдына ұлттық мемлекет қалыптасып, шаруашылық жүргізудің әкімшілік әдіспен аралас нарықтық экономика қағидаларына ауысу үрдісі байқалды. Әрине, бұл жылдардың қиыншылығы мен ауыртпалығы аз болған жоқ. Әсіресе, өтпелі кезеңде орын алған қиындықтар зардабы ауыл шаруашылығына, бүкіл аграрлық секторға қолайсыз болды. Ел экономикасының маңызды және өмірлік қажет саласының әлеуметтік мәселелерін, әкімшілік басқару жүйесінен нарықтық жүйеге көшуге байланысты

аграрлық саланың тұрақты және тиімді даму бағыттарын анықтайтын теориялық және практикалық мәселелерді одан әрі зерттеп-зерделеу қажеттілігі ешбір күмән тудырмайды.

Социалистік қоғамнан шыққан өзге елдердегі сияқты, Қазақстан Республикасында өткізіліп жатқан аграрлық реформалардың басты мазмұны басқару әкімшілік-әміршілдік тәсілге негізделген бір экономикалық жүйеден нарық қатынастарына негізделген екінші экономикалық жүйеге көшу. Оның негізінде экономикалық жүйенің іргетасының өзі-мемлекеттің меншікке монополия құқығынан бас тартып, оның басым бөлігін жеке және заңды тұлғаларға беруді ойластырған меншік қатынасы жатыр.

Нарықтың өзгеру нәтижесінде аграрлық саланың шаруашылық тетігі терең өзгерістерге ұшырайды. Ауыл шаруашылығындағы нарықтық қатынастың барлық субъектілерінің экономикалық мүдделерінің рөлі артады. Осыған байланысты, ауыл шаруашылығын реформалауда шаруашылық жүргізудің басымырақ нысаны болып табылатын, өндірісті тиімді жүргізуді қамтамасыз ете алатын және табыстарды әлеуметтік әділеттілікпен бөле алатын ауылшаруашылық бірлестіктерінің маңызды рөліне тиесілі.

Осындай қарапайым бірлестіктердің бірі, кооперация. Кооперация заңды нәтиже және қоғамдық еңбек бөлінісінің қажетті сатысы ретінде, нарықтық қатынастың дамуынан туындаған шаруашылық тәртіп ретінде өзінің дамуының тарихи кезеңінде экономикалық дамыған елдердің бәрінің шаруашылық өмірінде үлкен маңызға ие бола бастады. Кооперацияның бір ғасырдан астам уақыттан бергі тәжірибесі оның нарықтық экономиканың заңдары мен қағидаларына сүйене отырып тауарлы ауылшаруашылық өндірісін қалыптастырудағы ерекше маңызын ашып берді.

Әлемдік тәжірибеде ауыл шаруашылығы дамуының үш жолы бар: жеке фермерлік, ірі кәсіпорындар және кооперация жолымен шаруа қожалықтары мен ауыл шаруашылығы тауарын өндірумен айналысатын жеке кәсіпкерлердің бірлескен шаруашылық қызметін жүргізуі. Осы үш жолдың біздің елімізде алдыңғы екеуі жақсы жолға қойылғанымен, көлемі жағынан шағын, айналымдық қаржысы тапшы, жағдайы ортадан төменгі дәрежедегі шаруаларды кооперациялау жолы мемлекет тарапынан қолдау көрмей келеді.

Ұзақ жылдар бойы елімізде аграрлық саладағы кооперацияның теориясы мен тәжірибесінің дәстүрлі ғылыми-зерттеу ісін жүргізудің мүмкіндігі болмады. Бұрынғы КСРО-ның ғылымы мен тәжірибесінде кооперация десе колхоздар алға тартылды және оған Казпотребсоюз жүйесі қосылды, өйткені тек осылар ғана ауылшаруашылық бірлестіктерінің ең жоғары, жетілдірілген түрлері деп есептелді. Бұл толық дәлелденбеген қағида және адасулар оның қайта өрлеуі мен дамуы жолында кедергі болды. Дегенмен, аграрлық реформалаудағы шаруашылық жүргізудің жаңа жағдайында кооперация агроөнеркәсіп кешеніндегі өзара бірігу үрдісімен бірге қалыптасып келе жатқан нарықтық экономикаға сайма-сай екені анық. Аграрлық саладағы ауылшаруашылық бірлестіктерінің бірі-кооператив. Кооперативтік қатынастар ауыл шаруашылығы өндірісін тұрақтандыруда, азық-түлік тауарларын көбейтуде, тұрғындардың түрлі талаптарын барынша қанағаттандыруда бастапқы рөл атқаратын болады. Аталған ауылшаруашылық бірлестіктері мен серіктестіктерінің ерекшеліктері ауыл шаруашылығын реформалаудағы шаруашылықты дамытудың тарихи маңызы мен ондағы жүргізілген зерттеулердің өзектілігін нақтылайды.

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы ауыл шаруашылығындағы аграрлық сектордағы нарықтық қатынастардың қалыптасуы мен реформалау барысына қатысты зерттеулер сипаты, мазмұны жағынан өте күрделі болды. Тақырыптың тарихнамасының күрделі сипат алуының бірнеше себептері бар.

Біріншіден, тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдары ауылшаруашылығындағы қайта құрудың бағдарламалық мақсаты, әлеуметтік-саяси негізі, ұйымдық-құқықтық заңнамалары және жергілікті басшылықтар мен өзін-өзі басқару мекемелері өзіндік ерекшеліктерге ие тарихи құбылыс болатын. Сондықтан да ол аймақтық оқшаулауға көнбейтін республикалық тұрғыдан сабақтастырып қарау қажеттігі туындады. Міне, осы күрделі сипат жүргізілген зерттеу жұмыстарының барынша әралуандылығына негіз болды.

Екінші себеп-қоғамдық-саяси көзқарастар жүйесінің өзгермелілігінен туындайды. Қазіргі кезеңдегі жағдайда, жоспарлы шаруашылықтан нарықтық қатынастар қалыптасып жатқан аграрлық секторда, бірқатар объективті және субъективті қиыншылықтар болуына қарамай, ауыл шаруашылығында реформа жүргізуде салалық саясатын жетілдірудің икемді тәсілдерін қолдану жөніндегі тарихшы ғалымдардың, А.Б. Тұрсынбаев, Г.Ф. Дахшлейгер, К. Нұрпейіс, Б.А. Төлепбаев, М.Т. Кенжебаев, Ж. Жумабеков, М.Ж. Ташенев, Ә.Н. Құдайбергенов, Г. Халидуллин, Р. Исатаев, Ж.Б. Әбілқожин, И.Ш. Шамшатов, С.А. Байтілен, С. Жолдасов, И.А. Берденова, К. Рыспаев, Қ.Қ. Байсарина, С.И. Иманбердинаның ғылыми зерттеу жұмыстары бар. Сондай-ақ, ауыл село еңбеккерлерінің өндіріс саласындағы еңбектерін зерттеумен қатар, олардың әлеуметтік, мәдени саласын зерттеген Х. Абжанов, М.Х. Асылбеков, М.Б. Тәтімов, экономика ғылымы саласындағы Л.Е. Әбділдина, И.Ю. Бенке, К.Ж. Жарекешев, Б.З. Зиябеков, Х.Е. Ертазин, Ж.О. Ихданов, С.М. Касымов, М.Д. Тінәсіл, және де бірқатар авторлар өз жұмыстарында көрсетуде.

Алайда зерттеулердің кооперация проблемасы әлемдік ғылым үшін жаңалық емес. Оны зерттегендер қатарында Р.Оуэн, Ш.Фурье, Ф. Райффейзен, Ф. Лассаль, Н.Г. Чернышевский, К. Маркстар болды. Ал ресейде ауыл шаруашылығы кооперациясы мәселесімен Н.П.Макаров, П.П.Маслов, А.А.Николаев, С.Н.Прокопович, М.И.Туган-Барановский, А.В.Чаянов, А.Н.Челинцев, А.И.Чупров, К.А. Пажитнов, Н.Д. Кондратьевтер жете шұғылданды.

Кеңестік кезеңнің аяғы-нарық экономикасына көшу мерзімінде ауыл шаруашылығын әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан зерттеуде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев, мемлекет қайраткері Д.А. Қонаевтің, Б.М. Тұрсынбаев, С.А. Терешенко, Ж. Кәрібжанов, сөйлеген сөздері мен ой толғау еңбектері және естеліктері назар аудартады.


Демек, әр кезеңнің, әр ағымның тақырыпқа қатысты зерттеулерінің деректік, әдістемелік негізі әртүрлі болғандықтан олардың арасында бір-біріне қарама-қарсы бағалар да кездеседі. Бұндай жағдайда мәселені кешенді түрде қарастырып, тарихи тұрғыда салыстыра бағалау қажеттігі туындайды.

Осылайша зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздемесі, зерттеу барысында талдау және жинақтау, индукция мен дедукция, тарихи-салыстырмалы, жүйелік-құрылымдық, теориялық таным, модельдеу мен типтендіру, статистикалық өңдеу, қисындылық сияқты жалпы ғылыми, философиялық, әлеуметтану, экономикалық салыстырмалау және негізінен тарихи зерттеу тәсілдері қолдануды қажет етті. Әдістемелік мәселелердің дұрыс қойылуы ғылымда оқиғалар мен құбылыстарды шынтуайттылық тұрғыдан терең зерттеуге жол ашады. Маркстік-лениндік әдістеменің ескіруіне байланысты бұл мәселе өзекті бола түседі. Әрине, маркстік-лениндік әдістемеден бас тартып, жаңа әдістемені қалыптастыру оңай міндет емес. Осыған орай әдістемелік мәселелердің кешегісі мен бүгінгісі жайында өз пікірімізді білдіріп, оның өзекті тұтастарына тоқталуды мақсат еттік. Әдістеменің анықтамасын беруде ресейлік тарихшы ғалымдардың пікірлеріне де сүйеніп қарастырдық. Оның себебі әдістемелік зерттеулерде олар біршама белсенділік танытып, дәйекті ғылыми көзқарастар білдірді. Мәселен, В.В. Журавлев былай дейді: «...тарихи зерттеу әдістемесі-бұл тарихи білімді дүниеге келтіру және олардың қағидаларын реттеу. Әдістеме бұл тұста ғалымның қарамағындағы малай немесе құлдық құруды талап ететін патша емес. Яғни әдістемені «не істесем де өзім білемін» деген қағиданы ұстанып, оны біржақты дәріптеуге немесе елеусіз қалдыруға болмайды. Нағыз тарихшы ең алдымен өмір бойы әдістемелік жағынан жетіледі. Ол ғылымда жинақталған әдістемелік қазынамен бірге өседі, ал соңғысы ғылымның күш қайратының арқасында молаяды [1, 140-146-бб.]. Ғылымда әдістемені «тарихи танымның теориясы ретінде айқындайтын интерпретация да кездеседі [2, 7-б.]. Методология-белгілі бір мәселені зерттеудің ғылыми әдістемелері. Тарихи ғылымдағы зерттеу тәсілдері мен жолдары, яғни нақтырақ айтсақ әдістеме математикадағыдай дайын формула емес, ол өзін теориялық жетілдіруді және үздіксіз ізденістер арқылы қалыптастыруды талап етеді. Әдістемелік негіз шынтуайттылық, тарихи қағидаларды басшылыққа алып, шынайы деректерге сүйеніп, салыстырмалы зерттеу жүргізу барысында зерттеушінің ой-пікір түйіндеуі нәтижесінде қалыптасады.

Қағидалар дегеніміз-ғылымның негізгі, жетекші ұғымдары. Олар тарихтың шынтуайттылық заңдарын оқып-үйренуден туындайды, соның нәтижесі ретінде саналады және осы мағынада заңдылықтар іспеттес болады [3, 64-65- бб.]. Әйтседе олардың арасында айырмашылық бар: заңдылықтар шынтуайттылық түрде зерттеушіден тыс әрекет етеді, ал қағидалар-логикалық категория, олар табиғатта емес, адамдардың санасында өмір сүреді. Оның үстіне аграрлық тарихты зерттеу өткен күннің тарихи-саяси және әлеуметтік-экономикалық дәйектерінен ой қорытқанда барынша шынайы болуды, саяси-идеологиялық феномендердің көп қырлы және қарама-қайшылықты жағдайын ескеруді талап ететін болғандықтан әлеуметтанулық тәсілдерді қолдана отырып, аграрлық реформаның қалыптасуы мен жүзеге асуын зерттеуде аграрлық сектордың көп қырлылығы, олардың өзара байланысы мен экономикалық тәуелділігі сияқты ерекшеліктері ескеріліп, пайдаланылған деректердің түпнұсқалылығы мен нақтылығы тек терең талданып, сыни ой елегінен өткеннен соң ғана дұрыс нәтиже көрсететіндігін ескеру қағидасы қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Журавлев В.В. Методология исторической науки. Вчера. Сегодня. Завтра // Кентавр. – 1995. – №6. – 146 с.
2. Иванов В.В. Методология исторической науки. – М.: Высшая школа, 1985. – 168 б.
3. Спирин Л.М. Теория, методология и методика исследований по истории КПСС. – М.: Московский рабочий, 1992. – 192 с.



ӘОЖ 93:082.2

Д.А.ҚОНАЕВ ЖӘНЕ ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ

Сағындықова А.Ә. – магистр, оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ
Нарымбет Г.Б. – магистр, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ

Андатпа Бүкіл қазақ еліне, қазақстандықтарға Д.А. Қонаев жарқын жүзімен, толассыз еңбегімен танымал. Қазақ халқының тарихында өмірі өзіндік бір кезең болған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өте бір

күрделі шақта еңсесі түскен елін айбынды да айдынды, ауқатты жасау үшін барлық күш-жігерін салды және осы мақсаты тоталитарлық билік – қызыл империя күшейіп тұрғанда қолынан келгенше жүзеге асырды.

Түйінді сөздер: Д.А. Қонаев, желтоқсан көтерілісі, пленум, Горбачев, Колбин билігі, хатшы, КОКП Орталық Комитеті, Саяси Бюро.

Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу – қазақтың дәстүрлі таным-түсінігінде ертеден қалыптасқан үрдіс. Қазақтың қария сөздерінде, яғни шежірелік зердесінде тарих ұдайы жеке тұлғалардың өмір дерегі арқылы танылып отырады. Қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ахуалы ұдайы жеке тұлғалар болмысы арқылы көрініс табады. Содан да болу керек, қазақтың дәстүрлі философиялық пайымдауында өмірді өзгертуден бұрын, алдымен адам сапасын шындауға көбірек мән беріледі. Дәстүрде де қоғам дамуының жалпы ахуалынан бұрын, алдымен адам туралы мағлұмат беру басты нысана болып отырады.

Қазақтың саналық зердесінде адам – тарихтың негізгі тұлғасы, ал адам сапасы – тарихтың қозғаушы күші. Әрбір адам әкесі мен шешесінің ғана перзенті емес, сонымен бірге халықтың да бір бөлшегі. Яғни, зердеде халық тарихы жеке адамнан тыс қарастырылмайды, керісінше адам әулетінің өмірбаяны ретінде қарастырылады. Бәлкім, осы дәстүрді тарихты танудағы «қазақстандық мектеп» деуге де болар. Мұның өзі тарих ғылымында мойындала бастаған «жаңаша әлеуметтік тарих», «тарихи антропология» деп аталатын ғылымның ізденістермен (әсіресе, француз тарихшыларының арасында) үндес екенін атап өткен жөн [1, 33-б].

Белгілі бір тұлға жайында сөз қозғау қашанда жауапкершілікті қажет ететіні белгілі. Өйткені, бас салып мақтасаң да немесе сын садағына ілдірсең де, бәрібір төреші уақыт жылдар өте келе бәрін өз орнына қояды.

XX ғ. қазақ халқы үшін ең ауыр, қасіретті, сонымен қатар, бақыт пен табыстары мол жылдар болды. Сталиндік-голощекиндік геноцидтен жарымына жуығы жойылып, тілі мен ділі, діні мен салт-дәстүрлері құрдымға кете жаздап, өз елінде өзі кірмеге айналуға жақын қалған қазақ халқы Д.А.Қонаев басқарған жылдары қайта бой көтеріп өзін-өзі ұлт ретінде толық таныды. Қазақстанның саяси-экономикалық және рухани дамуына өз қолтаңбасын қалдырған аса көрнекті тұлғаларының бірі – Д.А. Қонаев. Міне, биыл Д.А. Қонаевтың туғанына 2022 жылы 12 қаңтарда 110 жылдығы аталып өтті.

Д.А. Қонаевтың қызметі мен мәдениетке, өнерге деген танымдылығын М. Исиналиев «Штрихи к портретам» еңбегінде объективтік түрде ашып көрсетеді. Қайраткердің жарты ғасырдай билік еткен жылдарындағы оқиғалар сол өзінің Асанбай Асқаров, К. Аухадиев, С. Жиенбаев сияқты замандас құрдастарының естеліктерінде толық айтылады.

Д.А. Қонаевтың қызметімен сол кезеңдегі жағдайларды, республиканың экономикалық, саяси-әлеуметтік, мәдениет жағынан атқарған қызметтері, оның өзі жазған еңбектері өте құнды болып саналады. Сонымен қатар Д.А. Қонаев қамқорлығымен журналист Г.Толмачевтің естеліктер жинағын, С. Әбдірайымовтың «Елу жыл ел ағасы» естеліктер жинақ кітабын дерек ретінде қарастыруға болады.

Д.А. Қонаев еліміздің бас хатшысы болды, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына дейінгі аралықта республикамыздың экономикалық-әлеуметтік деңгейін жоғары көтерген тұлға. Алайда, Мәскеудің дүлей басшыларымен тізе бүгіп қатар қызмет жасап, бар күшін қазақ халқының азаттықты көксеген рухын көтеруге тырысқан азамат болған. О. Сүлейменовтың «Екі мәрте қайталанған Желтоқсан оқиғасы» мақаласы және белгілі журналист К. Адырбекұлының «Соңғы репрессия: (1986 желтоқсан – 1989 шілде)» кітабынан тың деректер алуымызға болады.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің салалық хатшысы, Бюро мүшесі А.П. Рыбников «Простор» журналының 2002 жылғы № 1 санына жариялаған «Тұлға. Саясаткер. Адам» атты естелігінде Қонаевпен болған соңғы әңгімені қаз-қалпында қағазға түсіріпті. «... Қызметтен кету керек. Мына қайта құрғыш Горбачевтан еш жақсылық күтуге болмайды. Ол елді қайыршылыққа дейін жеткізеді, - деді Димаш Ахметович». Қонаев білген екен. Айтқаны дәл келді. Аузын айға білеген әлеуетті КСРО бас-аяғы екі-үш жылда экономикалық дағдарысқа ұшырады. Кеңестер Одағы өзінің тарихында қайта құру саясатын екі рет бастан кешті. Біріншісі, Н.С. Хрущев жасады. Облыстарды біріктіріп өлке құрды. Шекараларды жойып, КСРО-ны тұтас бір ғана елге айналдырғысы келді. Одан халық шаруашылығы тұралады. Екіншісінің авторы М.С. Горбачев Елді қайта құрам деп кадрларды сапырылыстырды. Сенімді серілері Колбин мен Мендібаев шаш ал десе, бас алды. Қонаевтың Хрущевпен талай рет тартысқаны бар. Жастық жігерімен барлық ауыртпалығын көтерген. Енді шау тартып шаршаған шағында Горбачевпен жаға жырттысып берекет таппасын сезді.

Қараша айының соңында Қонаев Мәскеуде Горбачевпен тағы кездесіп, ұзақ отырып сөйлесті. Өзі 42 жыл басқарған республиканың жетістіктері мен кемшіліктері туралы айтты. Ренішін де жасырған жоқ. Соңынан қызметтен босануға өтініш берді. Қоштасарда Қонаев «Михайл Сергеевич республикада ел басқаруға лайықты жандар бар» - дей бергенде Горбачев лезде оған басыңызды ауыртпаңыз. Бұл мәселені шешуді бізге қалдырыңыз» - деді.

1986 жылы 11 желтоқсанда Саяси Бюро мәжілісінде Д.Қонаевты зейнеткерлікке шығуына байланысты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшылығынан босату туралы шешім қабылдады. Желтоқсанның 16 күні Алматыда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің кезектен тыс пленумы болды. Оған КОКП Орталық Комитетінің хатшысы Г.Разумовский қатысты. Бас-аяғы он сегіз минутқа созылған қысқа пленумда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшылығына Геннадий Васильевич Колбин

сайланды. Ол соған дейін Ульяновск обкомның бірінші хатшысы болған. Пленум шешімі Алматы қаласының студенттері мен жұмысшы жастарының наразылығын туғызды. Наразылық шеруі 17-18 желтоқсан күндері Горбачев пен Колбиннің солақай саясатының кесірінен көтеріліске ұласып, әскер күшімен басылды [2, 247-248 б].

КОКП Орталық Комитетін басқарып отырған М.С. Горбачев қазақ халқы кешірмейтін екі қате жіберді. Біріншісі, Д.А. Қонаевтың орнына республикаға еш қатысы жоқ көлденең көк атты қайдағы бір Г.Колбин дегенді сайлағаны. Екіншісі жастар наразылығына әскер күшін қолданғаны.

Ол нені ескермеді, дұрысы нені ескергісі келмеді? Қонаев республика партия ұйымын жиырма бес жыл басқарды. Осынау жылдың бедерінде ұлттық интеллигенция арасынан қаншама әлемге танымал ғалымдар, ақын, жазушылар ел басқаруға лайықты қайраткерлер шықты. Горбачев соларды, жалпы қазақтың ұлттық санасынның әлдеқашан өскенін білмеді ме? Білгенде қандай Ол Брежневтің кезінде Орталық Комитеттің хатшысы ретінде Қазақстанда екі рет болған. Алғашқыда Брежневпен бірге тың облыстарын аралады, екіншісінде Алматыдағы тыңның 30 жылдық мерекесіне қатысты. Сол кездерде облыс тізгінін ұстаған республика басшылығында жүрген талай іскер жандармен пікір алысты ғой. Сағидолла Құбашев 1987 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне екінші хатшылыққа ұсынылғанда Горбачевтың қабылдауында болғанын «Ана тілі» газетінің 2002 жылғы 3 қазандағы «Арпалыспен өткен екі жыл» естелігінде былай баяндаған [3, 4-6]. «Горбачев: «Мен Сізді білемін, жолдас Құбашев. Есімде. Сіз Қазақ КСР Министрлер Кеңесінде істедіңіз. Талай рет кездескенбіз. Сізді Семейге жібергеніміз де қаперімде. Есіңізде болар, мен қолдағанмын, - деді». Горбачев сонда-ақ ұлттың интеллектуальдық деңгейінің соншалық көтерілгенін байқаған. Бірақ Бірінші Петрден мұраға қалған империялық пиғылы, қала берді ішмерездігі оларды мойындатқысы келмеді. Орыстық үстемдікті қалады.

М.С. Горбачев туралы Саяси Бюроның бұрынғы мүшесі Гейдар Әлиевтің 1992 жылы 17 сәуірде «Комсомольская правда» газетіне тілші О.Техменовпен «Егер халқым шақырса тартынбаймын» деп аталған сұхбаты шықты. «... Негізінен оның республика, автономия және облыс деңгейіндегі кадр саясаты менің үлкен наразылығымды туғызды. Ол бұл мәселеде біз басшылыққа алуға тиісті принциптерді өрескел бұзды. Ашығы республикалар мен облыстардың мүддесі мен құқына қысым жасады. Ең бастысы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіндегі басшылықты алмастырмауына байланысты 86 жылдың желтоқсанында Алматыда болған жағдай менің іштей келіспеушілігімді күшейтті. Ол шын мәнінде бұл мәселені тек өзі ғана шешті. Студенттер қозғалысынан кейін Горбачев болған жайды әділ бағалаудың орнына, керісінше қазақ ұлтшылдығы туралы мәселені көтере бастады. Бұрын Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде екінші хатшы болған Соломонцевті Алматыға мән-жайды талдап реттеуге жіберді. Республикада Соломонцевтің беделі өте төмендігін білетін мен үшін бұл да таңданарлықтай жай еді. Мен өз пікірімді ашып айттым. Горбачевтің ашу-ызасына келгенін де сездім» [4, 37-6].

Мұндайды саясатта «шовинист» дейді. Шовинист Горбачевтің қатесін Саяси Бюроның мүшелері емес, Желтоқсанның жастары тайсалмай көрсетті. Әлем алдында масқара болмау үшін оларды «маскүнемдер, бұзақылар, есірткі шегушілер» деп атады. Бірақ алпауыт елдің журналистері мен саясаткерлері оған қалай сене қойсын? «Горбачев республикаға беделді басшы Қонаевты орнынан аламын деп үлкен қателік жіберді». «КСРО-дағы лениндік ұлт саясаты славян, христиандар үшін. Орта Азия халықтарына сөз жүзінде ғана» деген хабарлар лезде әлемді шарлады. Горбачев жастарды күшпен басып жаншыса да, рухын жеңе алмағанын, Қонаевтың ел-жұртына соншалық қадірлі екенін сонда ғана білді. Мүмкін Саяси Бюро мүшелерімен ақылдасып шешілгеніне өкінген де болар. С.Құбашевтың естелігінен: «Димаш Ахметовичті сыйлаушы едім. Одан кейін Қазақстанда жағдай бұлай болады деп ойлаған жоқпыз, - деді. Ойланып біраз отырды да кілт бұрылып: «Сіз жағдайды қалай деп ойлайсыз?»- деп сұрады. «Михайл Сергеевич, жағдайды қатардағы оқиға демеймін, бізге сабырлы қызмет керек»- дедім. «Жағдайға жайбарақат қарауға болмайды. Өте сақ болу керек. Біз сізге үлкен сенім артамыз», - деді ол» [3, 4-6].

Горбачев шынымен де ұлттық кадрға Құбашевқа сенгендей сенген болса, республиканың бірінші басшысын қазақтан қояр еді. Оларды көрсе де, көрмегендей сынай танытты. Бар мақсаты республикада Қонаевтың кезінде біраз әлсіреген орыстық-империялық ықпалды қайта күшейту еді. Желтоқсан көтерілісі сол мақсатына жеткізбеді.

Желтоқсан көтерілісіне кім кінәлі? М.С. Горбачев: «Қонаев Саяси Бюрода Қазақстан Орталық Комитетінің Бірінші хатшылығына қалайда ұлты орыс адамды сайлауды және оны тек республикадан тысқары жерден алып келуді ұсынды», - деп жүр. Ал жоғарыда Гейдар Алиев ондай мәселенің Саяси Бюрода талқыға салынбағанын, тек Горбачевтің өзі ғана шешкенін айтады.

Г.В. Колбин: «Қонаев алаңдағы жастар алдына шығып сөйлеуден бас тартты», - деуден танбады. Тіптен 1987 жылы 18 ақпандағы Республика журналистерінің VII съезінде Д.Қонаев, М.Ақуев, А.Стенинді Заң орындары ақ-қарасын ажыратпай Желтоқсан оқиғасының инициаторлары қатарына қосып жіберді. Кейіннен 1988 жылы 5 маусымда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының баяндамасында: «... Бұрынғы басшылықтың төңірегіне бірталай адамдар топтасты. Олар тамыр-таныстықтың, паракорлықтың, мансапқорлықтың жалпы платформасында жең ұшынан жалғасқандар еді. Өзіннің қылығы үшін сазайымызды

тартпай қоймаймыз деп үрейленген олар жастарды айдап салып, олардың ұлттық сезімін қасақана пайдаланды» [4, 29-6].

М. Шаханов «Желтоқсан көтерілісі: Горбачев, Колбин, Қонаев және Бакатин төңірегіндегі құпиялар»: «Колбин билігі Қонаевқа Желтоқсан көтерілісін ұйымдастырған адам ретінде қарады. Сөйтіп, оның айналасындағыларды түрмеге де жапты. Асқаровты, Бекежановты түрмеге отырғызудағы мақсат – Қонаевтың Желтоқсан көтерілісіне қатыстылығын ашу болатын. Тіпті, Димекеннің өзін де үш рет абақтыға жабуға әрекет жасаған. Оның қалай болғанын Димекен маған өзі айтып берген. Кезінде Қонаевтың туған күніне бюро мүшелері теледидар сыйлапты. Соны параға алды деп Қонаевты түрмеге отырғызбақшы болған. Сол кезде Димекенді КСРО прокуратурасының өкілі Калиниченко өзінің бөлмесіне шақырып жауап алады. «Енді, Димаш Ахметұлы, Сіз түрмеге барасыз. Қалған өміріңіздің едәуір бөлігін сол жақта өткізесіз. Дегенмен теледидар үйіңізде жоқ екен. Сол мүлік қайда? Қай туысқаныңызға бердіңіз?» – дейді. Димекен: «Жарайды, көрсетейін, мәшине шақыртыңыз!» – дейді. Анау мәшине шақыртады. Сөйтіп, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіндегі, бұрын өзі, кейіннен Колбин отырған бөлмеге алып барады. Колбин орнында жоқ екен. Хатшы қыздан рұқсат сұрап, екеуі ішке енеді. «Мына шкафтың қақпағын тартыңыз!» – дейді Калиниченкоға. Анау ашып қалғанда, ішінен теледидар шыға келеді. Калиниченко сасып қалады. Ол ойлаған ғой, Қонаев теледидарды үйіне алып кетті деп. Осыған ұқсас тағы екі оқиға бар. Содан соң, ең аяғында Калиниченко өз әрекетіне ұялып: «Қаншама басшыларды тексердім, солардың арасында сіздей таза адамды бірінші рет көріп тұрмын, енді соңыңыздан түспеймін», – деп кешірім сұрапты». Осылай Желтоқсан оқиғасының кейбір қатпарлары ашылмай келе жатыр [5, 57-60 б].

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы өте Қазақстан КГБ-сының қызметкерлері оқиғаға қатысқандар мен қатысуы мүмкін делінген күдіктілерді дереу жауапқа алды. Ал Мұхтар Шаханов басқарған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Комиссиясы құрылған соң республика КГБ-сы төрағасының өзі де жауап беруге мәжбүр болды.

«Алға қойылған тағы бір міндет – «жиынды біреулер ұйымдастырды ма, әлде өздігінен пайда болды ма» дегенді анықтау еді. Өздігінен пайда болған жиынның да өз жетекшілері болады. Біз соларды анықтаумен шұғылдандық... Ұлтшыл ұйымдар бар деген күдік-күмәнді де дәлелденбеді. 600-ден астам адамнан жауап алынды, бірақ олардың ешқайсысы да өздерін біреу әдейі итермелегенін немесе ұйымдастырғанын айтқан жоқ. Бұл жайт процессуалдық тұрғыдан да дәлелденді... Желтоқсан оқиғасына байланысты қабылданған жазалау шараларының керегі шамалы еді. Кей тұстарда бұл шаралар кешігіп қалды. Ал кей тұстарда ашық кетіп, оқиғаны шиеленістіріп жіберді. Бұл – сирек кездесетін оқиға. Қан төгілмегені және оқиғаның облыстарға тарамғаны – қабылданған шаралардың қажеттігін дәлелдеп берді. Ол кезде жариялылық туралы декларация, адамдардың оны іс жүзінде пайдалануға дайындығы мен оған жол бермейтін аппараттың ескіше ойлау жүйесі алғаш рет қалыптасып деуге болады. Бұл жерде қайта құру алғашқы емтиханнан өтті... Сіздер Колбин жолдас Грузия Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы болып тұрған кезде мұндай қалыптасып кездескенін, Абхазиядағы егесті бастан өткергенін ұмыта бересіздер. Менің ойымша, бұл тұста оның сол тәжірибесінің пайдасы тиген сияқты. Өйткені ол ешкімнің де кеңесіне мұқтаж болған жоқ», - деп 1990 жылы 4-қазанда «Огни Алатау» газетінің бұрынғы журналисі Юрий Шапоревке берген сұхбатында В. Мирошник Г. Колбинге сілтеп жіберген.

«... Күндізгі сағат бірден аса Орталық Комитеттен оралдым. Дәл сол кезде Горбачев телефон шалып: - Жастардың бұлай алаңға шығуын немен түсіндіруге болады? – деп сұрады. – Қазір Республика басшылары Орталық Комитетке жиналып, кеңесіп жатыр, - дедім. – Олар сізге баяндайтын болар. – Мұны кімдер ұйымдастыруы мүмкін? – Маған ұйымдастырушылар белгісіз. – Жақсы, біз реттеп, шара қолданамыз. Тәртіп орнатамыз. – Горбачевтің соңғы сөзі осы. Толқып тұрғанымды байқап қалып, менің бұл іске қатысуымның қажеті жоқтығын қайталап түсіндірумен болды. Сөйтіп, мен шын мәнінде ұйқамаққа алынған болып шықтым» [6, 430-431 б].

Горбачев өзі жарияға жар салған демократия мен жариялылыққа өзінің дайын емес екенін көрсетті. Онымен алғаш осылай бетпе-бет келгенде, тайқып шыға келді. Империялық саясатқа бой ұрып, шоқпармен орнатты. Жастарды қанға бояды.

17 желтоқсан күні түске дейін алаңдағы ахуал қалыпты жағдайда еді. Жастар пленум шешіміне өз наразылықтарын бейбіт тұрғыда білдірді. Яғни, ахуал ушығып, шиелініске жетпеген кез. Ал Қонаев халық сүйіспеншілігіне бөленген жан. Жастардың көбісінің сол үшін де алаңға шыққаны рас. Оның үстіне Қонаев ақылға бай, сөзге шешен. Тегін білетін жандар оған бұл қасиеттер бабаларының бірі Бөлітіріктен дарыған дейді. «Жатақтарыңа қайтыңдар? Тыңдамасандар күш қолданамыз!» - деп қоқан-лоққы жасап, қорқытып үркітпекші болған Елемесов секілді үкімет мүшелеріндей емес, Қонаевтың құлақтан кіріп, ақылға қонатын сөз айтары кәміл. Жастар саналы, сөз қадірін біледі. Жүйелі сөзге құлақ асып, орынды жерде тоқтау қанымызда бар қасиет.

Леонид Полежаев естелігінде: «... Егер маған ары, жаны таза партия басшысын, заманның аса батыл қаһарманын ата десе, мен ойланбастан Қонаевқа ғана тоқтар едім. Биік тұлғасынан тиянақтылық пен байсалдылық қатар байқалып тұратын. Оның көрген, білген, естелігітерінен іштей ой түйіп жүретін сабырлы да салиқалы кейіпі енді ғана атылатын жанартауға ұқсайтын. Өзілдеп сөйлеу әдеті кімді де болса жанынан жақын тартып, әңгімеге шақырып, жасқаншақтық пен ашу-ызаға орын қалдырмайтын. Басқа басшылар секілді

кісімінуді білмейтін. Кездескен адамына кеуде көтермей, сонымен бірге өз дәрежесіне де түсірмей сөйлесетін», - деп жазыпты. Бертінде, Қонаев өмірден өтіп кеткен соң, Полежаев сонау Омбыда жүріп, осы естелікті қазаққа жағыну үшін жазды дейсіз бе? Солай деуге еш қисын жоқ. Тіпті оның табиғи болмысы да ондайға келмейді. Ол өз жүрегінің қалауын орындады [7, 346-354 б].

Л. Полежаев жоғарыдағы аталмыш естелігінде «Ереуілшілер ол бірдеңе айтар деп күтіп еді, алайда Мәскеу бұған басқаша келді. Алаңға әскер шығарды. Қан төгілді».

«Перзенттік сыр» естелігінде Елдар Қонаев: «1986 жылы 17 желтоқсан күні үйге келгенімде Димаш Ахметұлы жанын қоярға жер таппай дегбірсізденіп, көңіл-күйі болмай отыр екен [8, 55-б].

Ол кісінің қарауытып, беймаза күйге түскенін бірінші рет көргенім еді. Шошып кеттім. Ол әуелі: «Обалына қалатын болды. Бұл не сұмдық? Тасада тұрып тас лактыртқан кімдер олар?» - деп күйінді. Мен сабырға шақырған тұста да сабасына түсе алмай: - Жастарға жаным ашиды, оларға қиын болады. Азаптың бәрін солар тартады... Оларға түсіндіретін адамның табылмауы қалай екен?.. Мені қойшы, ғайбаттау мен кінәраттаудың қандайына болса да дайынмын. Халық тұрғанда жала жабылмайды маған, - деді ашулы».

1986 жылы 19 желтоқсанда Мәскеуден КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының М.С. Соломонцев бастаған комиссия Алматыға келді. Оның құрамында Одақтық Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер министрлігінің, Бас прокуратураның белді қызметкерлері болды. Соломонцев бұрын осында жоғары лауазымды қызмет істеген. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы жат қылықтармен қызметтен қуылған. Оған соның есесін қайыратын күн туды. Ол Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетіндегі кездесуде өктем сөйледі. Бірақ «Лениншіл жас» газетінің редакторы Сейдахмет Бердіқұловтың тегеурінді қарсылығынан тауы шағылып, сабасына түсті. Алайда ол Горбачевке Желтоқсан оқиғасы ұлтшылдардың ісі деп баяндады. Содан кейін-ақ одақтық басылымдардан Қазақстан туралы сын мақалалар жиі жариялана бастады.

1987 жылдың алғашқы екі айында Одақтың азулы басылымдарының тілшілері Колбиннің астыртын шақыруымен Қазақстандағы Қонаевтың «келеңсіз істерін» әшкерелеуге өре түрегелді. «Правда» 7 қаңтарда Г.Ділдаев пен А. Петрушовтың «Тағы да ескі байланыстар», Т.Есілбаевтың 11 ақпанда «Мардымсудың зардаптары», «Известия» 24 қаңтарда В.Щепоткиннің «Шырмауық», «Комсомольская правда» 10 ақпанда А.Лапиннің «Ащы сабақ», «Советская культура» 24 ақпанда XXVII съездің делегаты Манат Ахметованың «Менің семьям, менің байлығым» атты жөн-жосықсыз жазылған мақалаларын жариялады. Ұлтшылдықтың, рушылдықтың, бұзақылықтың қысқасы Одақтағы қылмыс біткеннің бәрінің ошағы осы біздің республикада секілді. Тіптен Т.Есілбаев «Мардымсудың зардаптарында» Алматыдан ашылған жалғыз ұлттық балабақша «Ер Төстікке» бар кәріні төккен. Ол ұлттық оқшауланудың, ұлтшылдықтың негізін содан көріп, жөргегінде тұншықтырғысы келген. Космополиттен қандай жақсылық күтуге болады? «Іштен шыққан жау жаман». Оқиғаны ұйымдастырған – Қонаев, орындаушысы – Сүлейменов деп шығарды [9, 46-47 б].

Г.Колбин барлық заң қорғау орындарын қалайда Д.Қонаевты жазықты етіп шығаруға жұмылдырды. «Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Қазақ КСР Қылмыстық істер кодексінің 60 бабы бойынша қылмыстық іс қозғалған құжаттары» деген іс қағаздарында мынандай мәліметтер бар. «... Тергеу барысында партия және Кеңес органдарының бұрынғы жауапты қызметкерлерінің 1986 жылы желтоқсандағы жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыруға қатысы бар деген мәліметтер алынды. Сондай-ақ республика прокуратурасы парақорлығы үшін қылмыстық іске тартылған Шымкент облыстық Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Шардара аудандық милиция бөлімінің бастығы Қ.Ақмұрзаевтың берген түсінігі бойынша, парақорлығы мен қызмет бабын жеке басына пайдаланғаны үшін прокуратура органы қылмыстық жауапқа тартқан Шардара аупарткомының бұрынғы бірінші хатшысы А.Бекжановтың республика астанасында ұлтараздығын тудыру мақсатында, жастарды жаппай тәртіпсіздікке айдап салудағы ұйымдастыру ісіне қатысы бар секілді. Онда Ақмұрзаевтың үлкен кісі, Д.Қонаевты құтқаруға байланысты Алматыда өткізілетін шараны ұйымдастыруға Бекжанов 40-50 мың сом жинап беруді тапсырғаны көрсетілген. Ақмұрзаев одан басқа Бекжановтың ауызша сөзі мен жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыру ісіне Шымкент обкомының бұрынғы бірінші хатшысы А.Асқаровтың, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бұрынғы хатшысының көмекшісі Д.Бекежановтың, ҚазМУ ректоры Ө.Жолдасбековтың, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Ғылым және оқу орындары бөлімінің меңгерушісі С.Темірбековтің қатысы барларынан хабардар екенін жеткізді.

Ақмұрзаевпен бетпе-бет кездескен Бекжанов оның сөзінің бәрі жала деп мойындаудан бас тартты. Ақмұрзаев көрсеткен куәгерлер Ө.Жолдасбеков пен С.Темірбеков те өздерінің Бекжановпен ешқандай да қарым-қатынаста болмағандарын анықтап берді».

Бішкектегі сот іс қарауы барысында Ақмұрзаев мұның бәрі тергеушілердің күш көрсетуімен жазылғанын ашып айтты. Қонаевқа тұзақ етіп құрған бұл айла-шарғы да іске аспай қалды.

1987 жылы 27 қаңтарда КОКП Орталық Комитетінің кезекті Пленумы болды. Пленум қарауына «Қайта құру және партияның кадр саясаты туралы» мәселе енгізілді. Бас хатшы М.С. Горбачев ұзақ баяндама жасады. Қайта құрудың мәнін мүсіндіремін деп жайыла сөйлеп, жұртты жалықтырды. Сөз арасында Алматыдағы Желтоқсан оқиғасына да тоқтала кетті.

«... Әрбір ұлт пен халықтың гүлдену мүддесі, олардың одан әрі жақындасу мүддесі, бүкіл қоғамның мүддесі үшін дер кезінде және әділетті шешу ерекше маңызды болмақ. Осыған байланысты мына жайтты айтпай кетуге болмайды. Біз қарсы күрес бастаған теріс құбылыстар мен келеңсіздіктер ұлттық қатынастар

саласында да бой көрсетті. Жергілікшілдік көріністері, ұлттық тұйықталу тенденциялары, ұлттық меңмендік пиғылдары және жуырда Алматыда болған сияқты оқиғалар арақидік байқалып қалады. Алматыдағы оқиға және оны туғызған жәйттер байыпты талдауды, принципті баға беруді талап етеді. Мұның бәрін әлі мұқият анықтау керек болады» [4, 35-б].

Пленум Д.А. Қонаевты зейнеткерлікке шығуына байланысты КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі міндетінен босату туралы шешім қабылдады... 1987-1988 жылдардағы екі жыл Димаш Ахметұлының өміріндегі ең ауыр кезең өзіне және жақын адамдарына оңай тимеді.

1990 жылдың басында барлық жала мен тағылған айыптар теріске шығарылды, шындық орнады. Ең бастысы қиын-қыстау кезеңде Д.А.Қонаев сынған жоқ, ешкімге кек сақтаған жоқ, бәріне әдеттегідей кең пейілділікпен қарады. Д.А.Қонаев еңбек демалысында бола тұрып 80 жылдардың соңында өзіне айтылған күнделікті жалған сын сөздердің ортасында өзінің өмір жолы туралы естеліктерді жазуды шешті. Барлық күш-қуатын жинап 1991 жылы шілде айында "О моем времени" (менің уақытым жайлы) атты кітабын бітіреді. Бұл еңбек 1992 жылы баспадан шығады. Бұл кітапта және 1980 жылы баспадан шыққан "Кеңестік Қазақстан" тарихының аясында 40-90 жылдары арасындағы кезең баяндалады.

"О моем времени" атты кітап жарыққа шыққан соң Д.А.Қонаев көптеген таныс және бейтаныс адамдардан, қазақстандықтардан ғана емес шетел азаматтарынан пікірлер мен ұсыныстарын алады. Ол оқырмандардың ұсыныстарын ескергісі келіп, естелік (мемуарлардың) жаңа нұсқасын "От Сталина до Горбачева" атты еңбегін жазды. Бұл еңбек 1994 жылы Алматыда баспадан шығады. Д.А.Қонаевтың естеліктерінің екінші кітабы, көптеген қызық фактілер мен эпизодтармен молайтылып оның бай өмірі туралы суреттейді. Бірінші тарауда автор өзінің балалық шағы мен отбасы жайлы, оқудағы жылдар мен еңбек жолының басталуы туралы жазған. Екінші тарауы республиканың әртүрлі жылдардағы экономикасы мен мәдениетінің қарқынды дамуына арналған. Үшінші тарауда соңғы жылдардың мәселелері сипатталып, қайта құруға баға беріліп, М.С.Горбачевтің қызметі түпкілікті талданған.

1992 жылы 14 сәуірдегі Егемен Қазақстан газетінде Н.Ә. Назарбаев: «Колбин туралы бір мәселені халқымыз білуі керек деп санаймын. Кабинетінде қалған көп қағаздардың ішінен он бес параққа қолмен жазылған бір анықтаманы таптым. Онда менен бастап Қазақстандағы барлық қазақ басшыларының, жазушыларының қай жүзден екені, оның ішінде қай рудан тарайтыны, кімнің қай басшыға қандай қатысы бар екені, оның төңірегі түгел жазылған. Енді бұл қағазды жазып берген адамның қазақ екеніне талас болмас. Баяғыда КОКП Орталық Комитетінің бізді басқаратын ұйымдастыру бөлімінде отырғандар сенің қай рудан, қай атадан екенінді жатқа соғатын. Мұны да үйрететін өз адамдарымыз ғой. Ал олар біліп алады да, қазақты бір-біріне айдап салады, сөйтіп өздеріне қажет адам алып келеді. Патшаның саясаты да, КОКП Орталық Комитетінің саясаты да солай болды. Қашанғы осылай жүзіміз күйіп жүре береміз, басымыз бірікпесе – барымыздан айырылатынымыз белгілі ғой» [4, 68-б].

Желтоқсан оқиғасы – ұлт рухының биік белесі. Желтоқсан көтерілісінен көп ұзамай, қол жеткізген тәуелсіздіктің 20 жылы ішінде Қазақстан ғасырларға бергісіз жолды еңсеріп, әлем қауымдастығы құрметпен қарайтын, абыройлы, айбынды елге айналды. Тәуелсіздік алған соң жазықсыз жала жабылған ұлт зиялыларымыздан басталған тұлғалар түбегейлі ақталды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қоғамдық пәндер бойынша түсіндірме сөздік: ЖОО арналған оқулық. - Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті – 2006 – 558 б.
2. И. Шәмшатұлы Д.А. Қонаев қызметінен қалай кетті? – С. Әбдірайымұлы Елу жыл ел ағасы. – Алматы: Санат – 2002. – 463 б.
3. С. Құбашев Арпалыспен өткен екі жыл // Ана тілі. – 2002. – 3 қазан. – № 41.
4. К. Адырбекұлы Қонаев және Желтоқсан оқиғасы // Ақиқат. – 2011. -№11.
5. М. Шаханов Желтоқсан көтерілісі: Горбачев, Колбин, Қонаев және Бакатин төңірегіндегі құпиялар // Жалын. – 2009. - № 10.
6. Д.А. Қонаев Ақиқаттан аттауға болмайды. – Алматы: Санат – 1994. – 509 б.
7. Л. Положаев Бар ұлт пен ұлысқа ортақ тұлға – С. Әбдірайымұлы Елу жыл ел ағасы. – Алматы:Санат – 2002. - 463 б.
8. Е. Қонаев Перзенттік сыр // Дінмұхамед Қонаевтың туғанына 100 жыл //Мәдени мұра. – 2012. –№7 – 86 б.
9. Г. Толмачев Қонаевпен кездескен 50 сәт. – Алматы: РПО «Кітап» - 1998. – 160 б.



ӘОЖ 801-8

ТҒЫЙЫМДАРДЫҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСТЕРІ

Кашкеева А.Б
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология факультеті,
А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі кафедрасының
1-курс докторанты

Андатпа. Халықтың іс әрекеттері, ойлары, армандары тілде көрініс табатындығы баршамызға белгілі. Мақалада адамдардың қоғамдағы әлеуметтік, мәдени және экологиялық ортаға байланысты қалыптасқан наным сенімдерінің, салт-дәстүрлерінің қағидалары мен нормаларының тілдегі орныққан көрінісі табу ұғымы жайлы көзқарас қамтылған.

Түйін сөздер: табу, тыйымдар, миф, этномәдениет, тіл.

Тіл – қарым-қатынастың, тұлғалық коммуникацияның құралы, ұлттың байлығы, мұралық құндылық. Адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл — парасатын, рухани байлығын көрсететін ажар да оның реңкінің қанық та көркем болуы тұлғаның лингвистикалық мәдениетіне байланысты. Тарихты парақтасақ, тіл мәдениетінің өзектілігі әрқашан ескеріліп, қай халық болса да бұл мәселені айналып өткен емес. Тіл табиғатының қыр-сырына терең, жан-жақты үңілу – ғалым А.Байтұрсынұлынан бастау алып, Қ.Жұбанов зерттеулерімен өз жалғасын тапқан. Ахмет Байтұрсынұлы «сөз ұнамды, өнді болуы үшін талғаудың басты шарты — сөз тазалығы, сөз дұрыстығы, тіл анықтылығы, тіл дәлдігі мен тіл көрнектілігі,-деп көрсетеді. Тіліміздің қолданылу мүмкіншілігі кең болғандықтан, оның байлығы сөз мағынасынан, қолданысынан айқын көрінеді.

Тіл білімінде, әсіресе қазіргі қазақ тіл білімінде ерекше рөл атқаратын «табу», «эвфемизм» ұғымдарының өзіндік тарихи дәуірі, даму тарихы бар, олар әр түрлі әлеуметтік ортада ерекше, әр түрлі қолданыста. Эвфемизмдер мен тыйым сөздерге қатысты түрлі теориялық көзқарастар ғалымдар тарапынан айтылып, жинақталған.

Бұның өзі мәселенің қажеттілігін және көкейкестілігін айқындаса керек. Ерте заманда адамдар әр түрлі қате түсініктерді, адам аттарын, құбылыс аттарын және т.б атауларды тікелей атамайтын болған. Тілімізде ондай сөздердің орнына қолданылатын сөздерді-табу деп атаймыз. Мұндай ұғым дүние жүзіндегі көптеген халықтарда кездеседі. Табу ең алғаш рет XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қалыптасып, зерттеле бастады. Ең алғаш рет табуды зерттеген ғалымдар И.Г.Гердер мен В.Гумбольд. Табуды әлемдік деңгейде зерттеген ғалымдар да баршылық. Мысалы: Эдуард Тейлор, Дж.Фрезер, Зигмунд Фрейд, Р.Смит, Ф.Стайнер т.б. Сонымен қатар қазақ ғалымдары: Ә.Т.Қайдаров, Ш.Уәлиханов, И.И.Ибрагимов, Ә.Х.Марғұлан, Б.Сағындықұлы, Ә.Ахметовтердің еңбектерін атап кетуімізге болады. Түркі тілдеріндегі, соның ішінде қазақ тілінің эвфемия құбылысын ғалым Ә.Ахметов алғаш ғылыми зерттеу нысанына алып, табу мен эвфемизмді этнографиялық лексикаға жатқызады.

Мифтік ескі наным бойынша атын тура айтуға тыйым салынған сөздер тіл білімінде табу деп аталады. Қараңғылық пен діншілдік құрып тұрған өткен замандарда адам баласы өмірді жете таньш білмеу салдарынан, зат пен оның атауының арасында табиғи байланыс бар деп жансақ түсінушілік болған. Адамзат өзі тудырған кейбір сөздерді күнделікті тұрмыста өз атауымен атамай, басқаша атауға мәжбүр болған. Мұндай тыйым салынған сөздер дүние жүзіндегі халықтардың көпшілігінде кездеседі[1]. Бұл әдет түрік халықтарының тарихында кең тараған Қазақ халқының революцияға дейінгі тұрмысында да бұл сияқты соқыр сенім өмір сүріп келгендігі аян. Қазақ тіліндегі табудың ендігі бір түрлері табиғаттың дүлей күшімен, адамды опат қылатын ауру аттары мен қаскүнем жыртқыш аң-жәндіктермен тікелей байланысты шыққан. Мәселен, қазақ аулына жай түсті десек, “адамға қырсығы тиюі мүмкін” деген наным бойынша, оны жасыл деп атайтын болған. Шешек ауруының атын атасақ, “жұғады”, “жабысады” деген сенімге байланысты шешек ауруының атын тура атамай, әулие, қорасан, мейман, қонақ, деп өзгеше атаған. Қасқырды қасқыр деп атасақ, естіп қойып, “малымызға шабады” деп қорқып, оны итқұс, қара құлақ, серек құлақ, ұлыма деп атайтын еді. Жыланды да жылан десек, “келіп шағады” деп үрейленіп, оның түйме, қамшы, ұзын құрт деп айтқызыған. Ұры алған, жоғалған малды ұрланды десек, “мүлдем табылмай кетуі мүмкін” деген сеніммен қолды болды деп айт дейтін. Мал сауылып бітті дегеннің орнына мал байыды, күн батты дегеннің орнына күн айыды, жиналған адамдар кетейік, қайтайық дегеннің орнына көбейсейік деп айтуды әдетке айналдырған еді. Соның нәтижесінде осы ұғымдарға қатысты бірнеше синонимдер пайда болған. Бұлар белгілі контексте әр түрлі стильдік мән тудырады. Б. Сағындықұлы «...табу мен эвфемизмдерді бір-бірімен шатастыруға болмайды. Екеуі екі түрлі мақсаттан шыққан. Эвфемизм табу сияқты қорқыныштан, үрейленуден туған сенімге емес, сыпайыгершілік пен әдептілікке негізделеді» – деген пікірді негізге ала отырып, «...ауыстыра алатын қасиеті үшін ғана эвфемизмдерді табуға телудің реті жоқ. Әлеуметтік саладағы құбылыс – жаргондар мен арголар да бір сөзді екінші сөзбен алмастыра алады.

Эвфемизмнің семантикалық табиғаты табумен үйлеспейді» [2, 87-88 бб.] деп, эвфемизм құбылысының семантикалық табиғатына баса назар аударады. Бұл айтылғандар эвфемизм мен табудың ара жігін ажыратудағы негізгі тұжырым екенін байқаймыз.

Өздеріңіз білегіндей, тілдер уақыт пен кеңістікте өмір сүретіндіктен, осы екі өлшемде дамиды және сараланады. Тыйым сөздер немесе ырымдар – адамдардың наным-сенімінен және тілдерде көрініс тапқан әмбебап этнографиялық, этномәдени және этнолингвистикалық категориялардан туындайтын алуан түрлі адамзаттық рухани мәдениеттің көрінісі.

Сондықтан да түркі халықтарына ортақ әдет-ғұрыптардың тамыры басқа халықтардың салт-дәстүрлері сияқты қалыптасқан наным-сенімдерімен, эзотерикалық немесе тылсымдық ұстанымдары мен дәстүрлерімен, қоғам мен әлеуметтік ортамен қауіпсіздік пен тұрақтылықты бағалайтын қағидалары бар, сондай-ақ оның алдын алуға бағытталған. Табу белгілі бір құбылысқа тыйым салынған дегенді білдірмейді. Көпшілік алдында белгілі бір құбылыс туралы сөйлеуге немесе оны тікелей атауға тыйым салынады. Ежелгі тыйымдар күнделікті өмірдің әртүрлі процестері мен құбылыстарымен байланысты болды: тамақтану, ауру, босану, үйлену тойлары, жерлеу, ауылшаруашылық еңбегі және адамның басқа да әрекеттері. Тыйымдардың барлық түрлерінің ішінде лингвистикалық тыйымдар – белгілі бір сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға тыйым салулар елеулі орын алды. Олар тілдің сиқырлы қызметіне деген сеніммен, яғни тілдің көмегімен қоршаған әлемге тікелей әсер ету мүмкіндігіне сенумен байланысты болды.

Дүние жүзіндегі барлық мәдениет тыйым ұғымымен таныс. Бірақ, бұл шын мәнінде қасиетті ұғымнан қалыптасқан тыйым ба, діни әдет пе, әлде адамдардың күнделікті өмірін реттеу тәсілі ме? Шын мәнінде, біз бұл терминді түсінудің үш тәсілін қарастырсақ: тыйым салу Полинезиядағы тарихи құбылыс ретінде, діни тыйымдар ретінде және бейнелі, күнделікті мағынада тыйым салу. Антропологтардың тыйымдарды зерттеуі әртүрлі қоғамдардың дамуын тереңірек түсінуге және бүкіл әлемге таралған мәдениеттер арасындағы ұқсастықтарға әкелді. Нақты тыйымдар әмбебап болмаса да, белгілі бір әрекеттерге тыйым салу ұғымы жалпы адамзаттың жақсылыққа ұмтылатынын көрсетеді. XIX ғасырда антропология және дінтану классиктері адамның қандай да бір әмбебап мәні бар деп есептеді (шамамен Тонга аралдарының жабайы аборигендерінде және жоғары интеллектуалды француздар арасындағы зерттеулерден).

Саяхатшылардың жазбалары арқылы зерттеу жүргізген британдық ғалым Джеймс Фрейзер 1890 жылы "The Golden Bough: A Study of Magic and Religion" (Алтын бұтақ: сиқыр мен дінді зерттеу) атты еңбегін жариялады. Бұл еңбегінде ол арал тұрғындарының тағамға байланысты ырым-тыйымдардың жиі екенін байқайды. Отбасылық дәстүрлер (мысалы, кейбір ата-бабалар қайтыс болғанға дейін оның банан ағашына қайта оралуы мүмкін екенін айтты, сондықтан оның ұрпақтары банан жемейді) және психологиялық тыйымдарды белгілі бір кезеңде қиялдың жемісінен туындайды деп санады [4, 466]. Кісінің қайтыс болуымен байланысты табу мен эвфемизмдер басқа халықтар сияқты түркі халықтарының да тілдерінен кездеседі. Қазақтың «Өлім жайлы көп айтса, тірінің берекесі кетеді» деген мақалы да сол айтылғанның айғағы секілді. Оны былай қойғанда, түркі тектес халықтардың салт-дәстүрінде өлім туралы суық хабарды туыс-жақындарға астарлап естіртіп, көңіл айту әлмисақтан белгілі әрі ол дәстүр күні бүгінге дейін өзгере қойған жоқ десек, шындықтан алыс кетпейміз. Түркия түріктері суық хабарды естіртіп, көңіл айтқанда «өлді» деген сөздің өзін де, оның баламаларын да қолданбайды. Оның орнына Алла сизlere өмүр версин! деген эвфемистік мағыналы тілекпен ғана шектеледі.

Табу мен эвфемизмдер қоғамның дамуына орай, адамдар санасының өзгеруіне, түрлі әлеуметтік топтардың жіктелуіне, адамдар қарым-қатынасындағы этикалық нормалар мен қағидалардың жаңаруына қарай сипатын өзгертіп отырады. Аборигендер Зигмунд Фрейдке де қызығушылық танытты. Оған жабайылар үлгісін қазіргі адамның психикасының қалыптасуын зерттеуге болатындай көрінді. «Тотем мен табу» кітабында ол аборигендердің әртүрлі тәжірибелерін сипаттайды. Фрейд гендерлік қарым-қатынасқа қызығушылық танытады және әртүрлі мысалдардан ол қайын ене мен күйеу бала, қайын ата мен күйеу бала, келін арасындағы қарым-қатынасқа тыйым салатын тыйымдарды таңдайды [5, 676].

Сөйлеу мәдениетінде сөз әдебін ескеріп отыру, қарым-қатынас жасаушылардың ішкі тәрбие мәдениеті мен сөз салмағының әсерін пайымдау мен түсіну маңызды нәрсе. «Шал – ақсақал, кемпір – кәрия» сияқты үлкен-кішілерге айтылатын сөз реті эвфемизмді қажет етеді. Бүгінгі заманның адамдары, әсіресе, өзге тіл арқылы басқа ұлт мәдениетімен «көз ашқан» жандар ежелден келе жатқан қазақ сөз әдебін үнемі ескере бермейді.


Табу – жағдайға, уақытқа және жеке адамға, қоғамға, адамдарға байланысты күрделі ұғым. Қазіргі уақытта әлемнің көптеген тілдерінде мұндай сөздер өте көп. Біздің талдауымыздың нәтижелері қазақ және ағылшын тілдерінде тыйым салулар мен эвфемизмдер саласында көптеген ұқсас тармақтар бар екенін көрсетті, өйткені олар кез келген тілдің ең маңызды аспектілері болып табылады. Табу мен эвфемизмдер тіл мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосатын этнографиялық лексиканың көлемді бір саласы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 176 б.
2. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 101 б.
3. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы, 1988. 49 б.



4. Мистика. Религия. Наука. Классики мирового религиоведения. Антология. М.: «Канон+», 1998.
5. Фрейд З. Тотем и табу. СПб.: Азбука-классика, 2005



ӘОЖ 93/94

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Идрисова Г. Б. – PhD докторант
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Соңғы отыз жылда отандық тарих ғылымында елеулі өзгерістер орын алды. Ел тәуелсіздігін баянды ету мақсатында қазақ халқының тарихи жадын жаңғыртып, ұлттық сана-сезімін ояту мәселесі қолға алынды. Өткеннен сабақ ала отырып, болашақты дұрыс бағамдау үшін еліміздің өткен тарихы жаңа көзқарастар тұрғысынан қайта қарастырыла бастады. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен басталған ұлттың рухани әлемін жаңа сұраныстарға бейімдеу мәселесі бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ. Еліміздің өткен тарихын жаңа көзқарас тұрғысынан зерделеу – жаһандану заманында елдің мемлекеттік дербестігін және ұлттың бірегейлігін нығайта түсудің бірден-бір тиімді жолы. Сонымен бірге ол жастарды патриоттық рухта тәрбиелеудің, олардың бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады.

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ даласында басқа да қазақ қоғамындағыдай қауырт өзгерістік кезеңді басынан кешірді. Өзгерістер қоғам өмірінің барлық саласын қамтыды. Бұл өзгерістер, әрине, бұдан бұрын да зерттеу нысаны ретінде қарастырылған. Біздің мақсатымыз далалық өңірдегі осы үдерістерді жаңа зерттеу әдіс-құралы арқылы зерттеу нысанына айналдыру болды. Қазақ-Ресей қарым-қатынастарының тарихы қазіргі кезде жаңа методологиялық талдауларға зәру. Дегенмен, дәстүрлі қазақ қоғамының саяси әлеуметтік құрылымы толығымен ғылыми қалпына келтіріле қойған жоқ.

Қазақ халқының тарихи өзіндік түсінігі туралы жекелеген мәселелер атап айтсақ, М.Қозыбаевтың «Тарих зердесі», «Өркениет және ұлт», Ж.О.Артықбаев «XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы туралы» қазақ халқының рухани құндылықтары А.Сейдімбектің еңбектері және басқа да ғалымдардың еңбектері ұлттық мүдде тұрғысынан зерделеніп, тың пікірлер тарихи оқулықтарға енді.

Қазіргі уақытта қазақстандық ғалымдар осы мәселеге қатысты келесі ой-пікірлер айтып, ғылыми ізденістер жасап келеді. Қазақ халқының тарихи өзіндік түсінігі туралы жекелеген мәселелер атап айтсақ, М.Қозыбаевтың «Тарих зердесі», «Өркениет және ұлт», Ж.О.Артықбаев «XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы туралы» қазақ халқының рухани құндылықтары А.Сейдімбектің еңбектері және басқа да ғалымдардың еңбектері ұлттық мүдде тұрғысынан зерделеніп, тың пікірлер тарихи оқулықтарға енді.

Дәстүрлі қоғамда әлеуметтік жаңалықтар эволюциялық жолмен біртіндеп жүзеге асады. Ұрпақтар сабақтастығы, олардың арасында қарама-қарсы себеп-салдарлардың болмауы, сан ғасырлық мәдени құндылықтарды ардақ тұтып, рухани-имандық қасиеттерді қастерлеу дәстүрлі қоғамның жағымды қырлары болып табылады. Кейде дәстүрлі қоғамдағы қатаң ұжымдық сана жеке адамның шығармашылығы мен бостандығын жете бағаламаушылыққа, өз мәдениетінің жосындары мен қалып қағидаларын өзге мәдени орта мен қоғамның ықпалынан қорғаштап бағатын томаға-тұйықтыққа алып келеді.

Дәстүрлі қоғам қазіргі бүкіл әлемдік жаһандану жағдайында, әмбебап құндылықтардың, қарым-қатынас пішімдерінің, техника мен технологиялардың өрістеп, қанат жаюына орай өзінің томаға тұйықтығын жоғалта бастады. Бірқатар елдер (мысалы, Жапония) өздерінің дәстүрлі қоғамындағы әлеуметтік-мәдени құндылықтарды қазіргі заманғы өркениет үрдістерімен оңтайлы ұштастыра білді. Ал, Азия, Африка мен Латын Америкасының кейбір елдері бұрынғы дәстүрлі даму жолдарын сол қалпында ұстануға тырысып келеді. Қазақ халқының дәстүрлі қоғамында да өзіндік дәстүрлі мәдениет, дәстүрлі саяси жүйе, дәстүрлі құқықтық сана, т.б. болған. Ұзақ жылға созылған отарлық езгі барысында қазақтардың дәстүрлі қоғамына тән өзіндік болмысын жоюға бағытталған қыруар әкімшілік шараларға қарамастан, халқымыз өзінің әлеуметтік-мәдени құндылықтарының негізін сақтап қала алды [1].

Қазақтың ұлан-ғайыр даласында көшпенділерді басқару қиын болғандықтан хандардың билігі отырықшы-жер өңдеуші елдердегідей күшті болған жоқ. Рулар мен тайпалар басқарушы (хан) тарапынан қысым көрсе немесе үнемі келіспеушілікте болса, кез келген уақытта басқа жерге көшіп кете алған. Мысалы, Қазақ Хандығының іргесін қалаған Керей мен Жәнібек басқарған тайпалар мен рулар осылай істеген еді ғой. Қазақтарда саяси құқықтардың болғандығын және оның дәстүрлі қоғамда өзіндік орын алғанын, мысалы хандарды сайлау институтынан, немесе дәлірек айтсақ, халық мойындаған Төрелер мен Шыңғыс ұрпақтарының (чингизидтер) билігін заңдастырудан көруге болады. Хандық билік көбінесе сайланбалы болған. Қазақ Ордасындағы хан сайлау дәстүрі туралы М. Мағауин: «Қазақ дәстүрінде әрбір жаңа хан өзінің тумысымен емес, болмысымен билікке жеткен, яғни ханның ұлы емес, халықтың ұлы ретінде танылған ел - ағаларының бірі

көпшіліктің қалауы бойынша хан сайланған. Қазақ Ордасының мемлекеттік құрылымындағы мұндай ерекшелікті өткен замандағы орыс дипломаттары мен оқымыстылары бірден байқапты» [3], - дей келе, XVIII ғасырда Ресей мен Қазақстан арасында елшілікте жүрген атақты М.Тевкелев пен XVIII ғасырда Қазақстанды отарлау саясатын жүргізген Орынбор губернаторы И. Неплюев те хандардың сайлануы туралы, жалпы қазақ даласындағы еркіндікті, қоғамның ашықтығын жазған болатын.

Түрік Қағанатында реттік тәртіп аттамалы жолмен, дәлірек айтсақ, іріктеу арқылы жүзеге асады, жасы кіші інінің келесісі емес, үлкен-кішісіне қарамай ең беделді, айбарлысы хан көтеріледі. Бұл салт Қазақ хандығы кезінде өз жалғасын тапты, болашақ хан тек сайлау арқылы ғана таққа жететін болды. Хан сайлау рәсімін көруге, белгілі бір мөлшерде сырттай болса да атсалысуға ұлыстағы кәрі-жастың бәрінің де хақысы бар. Әрбір адам кеңесші дауысты иеленген. Бұлар белгілі бір үміткерді қостап, мақұлдап немесе әлдебіреуіне наразылық білдіріп, хан сайлаудың өзі қалаған бағытта өтуіне ықпал етуге таласқан. Яғни қазақ Ордасындағы халықтың, қарулы әскердің ой-пікірі жауапты кезеңде үлкен күшке айналған. Ал хан сайлау барша жұртқа ортақ іс. Басқа елдерде жоқ, тек қазаққа ғана тән рәсімдердің бірі - жаңа хан сайланғаннан соң, әр тайпадан, әр рудан келген адамдар ханның өрістегі малын түк қалдырмай бөліске салады. Бұл рәсім «Хан сарқыты» деп аталады. Ханға малдың керегі жоқ. Хан – ел иесі, жұрт тұлғасы, елде бар болса, Ханда да бар, ханның халықтан бөтен тілегі болмауға тиіс, деген сөз. Бірақ айта кететін жай, үш-төрт күнде бұл мал көбейіп, кері қайтады; бірақ бұл ханның емес, қазынаның малы. Сонымен бірге «Хан сарқытынан» бөлек, «Хан талау» деген салт та бар. Бұл - ел сенімін ақтамаған, өзінің нашарлығын танытқан басқарушының мал-мүлкін түк қалдырмай бөліп алу. Бұл барымта емес, халық шешімі бойынша жүзеге асатын жаза. «Хан талау» - жанға емес, малға ғана қатысты рәсім екендігін естен шығармау қажет. Жан-сауға, бірақ әмірші мал-мүлкімен бірге, бар билігінен, абыройынан айырылады. «Халық қаһарланса, ханды да тақтан тайдырады» деген сірә осы болар.

Егер шаруашылық-мәдени тип адамдардың қоршаған табиғи ортаны меңгеруінің тәсілі болса, онда элеуметтік-генетикалық типтер жеке тұлғаның басқа элеуметтік жүйелермен тұрақты және үйлесімді қарым-қатынаста болуының құралы іспеттес. Бұл туралы А. Тарақты өз ойын былай жеткізеді:

«Ұлы дала, қуаң табиғат, көшпелі өмір салт, маңдайға жазылған соң, сол жазмышқа көндігудің бірден-бір кепілі – адамдар бірін-бірі жатсынбай, біріне-бірі арқа сүйеп қана өмір сүруі қажет. Бұл қажеттілікті терең сезінген көшпелілер «адамның күні – адаммен» деген принципті тіршіліктеріне тірек еткен. Сондықтан да әрбір көшпелі қазақ туыстық-қандастық жүйені тарата білуді өмір сүрудің нормасы, моральдық-этикалық критерий деп білген. Мұндай дәстүрдің бұлжымай сақталуына жеті аталық үрдіс ұйытқы болып отырған. Бұл орайда, жеті аталық үрдіске ұлттың этнобиологиялық және этномәдени тұтастығын қамтамасыз ететін ғажайып тетік (механизм) ретінде ден қоюға тура келеді».

Қазақ сахарасында билер институты да елеулі роль атқарған. Бұл жөнінде Ш.Уәлиханов «Сот реформасы жөнінде хатында»: “Возведение в звание бия не обуславливалось у киргиз (казахов) каким-либо формальным выбором со стороны правящей народом власти; только глубокие познания в судебных обычаях, соединенные ораторским искусством, давали киргизам это почетное звание... Значение бия основано на авторитете, и звание это есть как бы патент на судебную практику», - деп жазған еді [5].

Сонымен қатар дәстүрлі қазақ қоғамындағы адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың өзіндік институты ретіндегі билер сотының демократиялығын Ш. Уәлиханов жақсы сипаттаған [7]. Біріншіден, дауласушылар бидің әділетсіздігін сезсе, дауды шешу үшін кез келген басқа биді таңдап алуға құқылы болды. Екіншіден, дауласушы жақтардың әрқайсысы әділетсіз деп тапқан шешімді басқа бидің алдына қоюға, яғни шағымдануға құқылы. Үшіншіден, айыпталушыға қарсы айғақтар аз болған жағдайда, би кез келген ақыл-парасаты жоғары туысынан айыптау немесе ақтау жөнінде ант алуға құқылы болған. Төртіншіден, билер соты ауызша, ашық жария түрде жүргізілді, және әрбір адам өзін қорғай алды. Бесіншіден, билер сотын халықтың сыйлағандығы сонша, оған ешқандай тәртіптік шараларды қолдануды қажет еткен жоқ. Басқаша айтқанда, құқықтық дәстүрдің реттеушілік ролінің жоғары болғандығы сонша, ондағы соттық шешімдерді іске асыру ешқандай мемлекеттік араласуды қажет еткен жоқ. Айтылған мәселелердің барлығы дәстүрлі қазақ қоғамындағы бүкіл саяси жүйенің жоғары деңгейде болғандығын көрсетеді. Көшпелі қазақ қоғамында орта ғасырлардың өзінде өзіндік ерекшеліктері бар биліктің бөліну жүйесі қалыптасқан. Хан билігі институты өзіндік монархиялылығын сақтай отырып, ханды сайлауға жол берілген. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы биліктің тағы бір ерекшелігі – биліктік өкілеттіктерді иеленушілер тек сайланып және тағайындалып қана қойған жоқ, сонымен қатар халық оларды мойындауы қажет болды, яғни басқарушы биліктік өкілеттіктерге халық алдында лайық болуы тиіс еді. Халықтың келісімімен ханды ақ кигізге отырғызып көтеру рәсімі немесе билерге соттық-әкімшілік, әскери-саяси және дипломатиялық қызметті атқаруды міндеттеу-биліктік өкілеттіктерді иеленуге үміткер адамның саяси еркін мойындау актісі ретіндегі биліктің заңдастырылуының болғандығын білдіреді. Қазақ қоғамындағы биліктік өкілеттіктердің бөлінуі қазіргі күнгі тежемелер мен тепе-теңдіктер жүйесі сияқты болуынан да оның ерекшелігі көрінеді.

Өйткені хандар ақырғы шешімді қабылдауға тек заң жүзінде ғана құқылы болды, ал іс жүзінде олар қарапайым халықтың мүддесін өздері таңдап мойындаған, сол ортадан (халықтан) шыққан билер тарапынан қолдау табатын Хан кеңесінде белгілі бір мемлекеттік мәселелерді қарастыру барысында көпшіліктің пікірімен санасуға мәжбүр болған. Демек бидің билігі мемлекеттік күштеуге емес, беделге негізделген. Себебі қашан да

көшпелі қазақ қоғамында билік - байлық сияқты өткірші дүние, мәңгілік емес деген пікір үстемдік еткен. Қазақтар ең алдымен бірін-бірі қадірлеген, бір-бірінің қадір-қасиетін, материалды дүниеден жоғары қойған.

Сонымен қатар қазақ даласындағы дәстүр мен құқықтық мәдениеттің күші тағы бір тарихи жағдайдан айқын көрініс тапқаны белгілі: Әбілхайыр ханды өлтірген Барақ сұлтан өзін соттайтын төрт биді бүкіл қазақ билерінің арасынан өзі тандап алған болатын [3]. Мұнда құқықтық мемлекеттің маңызды қағидаларының бірі іске асырылған: барлығы заң алдында тең, құқық аясынан ешкім тыс қалмайды.

Қорыта келе, Манаш Қозыбаевтың көтерген өзекті мәселесі болып саналады. Және ол бүгінгі күнде өз шешімін іздестіруде. Ал жастарға келетін болсақ, қазіргі ұлттық саясат жүргізудің бір әдісі – оларға басқалардың құндылықтарына еліктеп кетпейтіндей деңгейде ұлттық болмысымызды насихаттай білу. Әрине, бұл – олар басқа ұлт пен ұлыстардың озық үлгілерін үйренбесін, олардан тыс қалсын деген сөз емес. Бұл жердегі басты мақсат – тұтастық, бірлік, елдік мәселесі. Елімізде тарихи сананы қалыптастыру – ел бірлігінің кепілі, ол тұтас руханиятқа жеткізеді. Елдегі қазақтар әртүрлі тілде сөйлеп отырса, дүние жүзіндегі қазақ үш әліпбиді пайдаланып отырса, дініміз де бөлініп, жіктеліп, әртүрлі пиғылдағылар әсіренткі істерімен тыныштығымызға іріткі салса, тұтастық қайдан болады, тұтас руханият қалай қалыптасады.

Әдебиеттер

1. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет.
2. Кенжалиев З.Ж. Дәстүрлі мемлекеттік билік // Заң газеті. - 19 қаңтар. - 2000. - 4 б.
3. Бектаев Қ., Қалдыбаев М. Ұлы бабаларды ұрпақ ұмытпайды. Шымкент, 1993. - 49 б.
4. Мағауин М. Қазақ тарихының әліпшесі. - Алматы: Ер-Даулет, 1994. - 238 б.
5. Айдаров Ф. Күлтегін ескерткіші. - Алматы: Ана тілі, 1995. - 232 б.
6. Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения. - Алматы. - 1958. - 247 с.
7. Адамбаев Б. Халық даналығы. - Алматы. - 1996. - 267 б.
8. Валиханов Ч.Ч. Суд биев в древней народной форме / Избранные произведения. - Алматы. - 1958. - 257 с.



ӘОЖ 339.924(574)

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МАҚТА ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАРИХЫ МҰРАЖАЙЫ ТУРАЛЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Қарабаева К.У. - Шымкент университеті, а.ш.ғ.к., доцент
Кадирғалиева А.Т. - Шымкент университеті, магистр, аға оқытушы
Шекербеков Қ.М. - Шымкент университеті, магистр, аға оқытушы

Аңдатпа. Мақалада Түркістан облысының мақта шаруашылығы тарихы мұражайы туралы талдаулар мен сараптамалар қарастырылған. Яғни, аталмыш мұражайдың негізі функциясы, тарихы, зерттеу аспектілері мен ұлттық, рухани сана сезімді көтеретін материалдары туралы шағын ғылыми тарихи ақпарат берілген. Оңтүстік – тарих пен шежіреге бай өлке. Құт дарып, кие қонған ырысты өңір. Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи секілді әулиелер мен әл-Фараби сынды ұлы ғұламалардың кіндік қаны тамған қасиетті өлке халқымыздың арғы-бергі тарихынан терең сыр шертеді. Әйтсе де: «Шежірелі Оңтүстік, тарихи мұраға бай өлке», деп ауыз толтырып айтқанымызбен халық, бүгінгі жастар, қай мұрасымен шежірелі екенін, қай белгісімен бай екенін жатқа білмейді. Жастар түгілі үлкендер де бұл туралы көп білмейді. Басқаны айтпағанда, тіпті Оңтүстік өңірде тас ғасырынан басталған тарихи жәдігерлер көп кездеседі. Бұл еліміз бойынша өте сирек құбылыс. Мәселен, Бәйдібек ауданындағы Қарасу көп қабатты палеолит тұрағының ашылуы ғылымға қосылған сүбелі үлес. «Қазақстан тарихын қай кезеңнен бастаймыз, қанша кезеңге бөлеміз?» деген дау-дамаймен жүргенімізде мұнда 20-дан аса ежелгі адамдардың мекендері, көптеген тас ғасыр дәуірінің құрал-саймандары табылған. Ұрпаққа берер пайдасы да, маңызы да орасан зор рухани қазынамыздың бір арнасы – мұражайдың мәртебесін биіктетуден, ортақ игілікті ілгерілетуден ұтарымыз мол.

Кілт сөздер: Түркістан облысы, Оңтүстік өңірі, мұражай, мұрағат, археологиялық ескерткіштер, экспонаттар, экспозиция, мақта шаруашылығы, ұлттық тарих, мәдениет.

Оңтүстік Қазақстан ғалымдары орта және жоғары палеолит дәуірлеріне жататын 6 мәдени қабаттарды ашты. Кіші Қаратау қойнауында жоғарғы палеолит дәуіріне жататын үңгірлер бар. Үңгірді еліміздің бірегей археологиялық ескерткіштерінің қатарына жатқызуға болады. Қола дәуіріне қатысты облыс көлемінде зерттелген ескерткіштер бірен-саран ғана. Созақ, Түлкібас, Бәйдібек аудандарында кездесетін жартастағы жазулардың өзі неге тұрады?! Оңтүстік өңірінде орта ғасырлар кезіндегі қалалар жөнінде де толыққанды деректерді халық дүниетанымына сіңіре қойған жоқпыз [1].

Дәстүр мен сенімнің берік болуына Оңтүстік өңірдегі әйгілі діни ғимараттар да себепші болғаны анық. Сайрамдағы сансыз бап, Түркістандағы Түмен бап, баптардың бабы – Арыстан бап сияқты киелі орындар кешегі атеистік кезеңде адам санасынан Аллаға деген сенімді өшірмей, рухтарына нұр себелеп тұрды. Қазақтың барлық аңыз-жырларында айтылмай кетпейтін Баба Түкті Шашты Өзіз де осы өңірде, Созақ жерінде өмір сүріпті деген аңыз ақиқат ауыздан-ауызға көшіп, қазақ халқының қиын-қыстау кезеңде сиынар пірі болды. Дәл соның қасында Қара-бура әулиенің қабірі тұрса, оның оңтүстік батысында Мұңлық-Зарлық пен Ханшайым өмір сүрген Шөгінді дөңі тұр. Ардақты ана қасиетінің символы – Домалақ ана қабірі де осында. Арыс қаласы тұсындағы шығанақта Ханшайым аралының аты бүгінге дейін ел есінде сақталып келсе, аңыз бойынша Арыстан бапқа Меккеден әкелген құрманың дөнін тілінің астында бес жүз жыл сақтаған Ұзын-Ата әулиенің көне кесенесі тұр. Үш жүздің басын біріктіріп, тәуелсіздік жорығын бастауға шақырған Ордабасы сияқты қасиетті тау сол ұлттың татулығы мен бірлігін паш етіп, бар өңірге өрлік пен ерлік рухын сеуіп тұр.

Жақында «Нұр Отан» ХДП Түркістан облыстық филиалы ұлттық тарихты зерттеу бойынша бастаманы қолдай отырып, облыс шеңберінде «Оңтүстік Қазақстан облысындағы тарихи ескерткіштерді сақтауға – партиялық бақылау» акциясын ұйымдастырып, дөңгелек үстел өткізді. Жиынға Парламент Мәжілісінің депутаты Ұласбек Сәдібеков және бірқатар археолог, этнограф ғалымдар қатысып, аудан аумағында тарихи ескерткіштердің сақтау жағдайы, жаңа тарихи ізденіс, халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары туралы ой-пікір бөлісті [2].

«Ұлттық тарихты білу үшін ең алдымен туған өлке тарихын терең әрі жан-жақты меңгеру керек. Тарихы терең, тағылымы кенен, көне мұраларға толы Оңтүстік туралы бұл тұрғыда көп нәрсе айтуға болады. Осы дөңгелек үстел жиынында айтылып отырған ұсынысты, яғни әр тарихи ескерткіштер мен жәдігерлерге партиялық бақылау орнату мәселесін құптаймын. Бұл бастама тарихи мұраларды сақтауға, қорғауға, дәріптеуге үлкен септігін тигізеді деп сенемін», деген Парламент Мәжілісінің депутаты Ұласбек Сәдібеков облыс аумағындағы тарихи ескерткіштерге ұқыптылықпен, қамқорлықпен қарау керек екенін баса айтты.

Осылайша ел ғалымдарының алдында ұлт тарихын жаңа қырынан зерттеуді қолға алу міндеті қойылды», дейді «Нұр Отан» ХДП Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Алмасбек Мамытбеков. Тарихта қателік болмауы тиіс. Шынын айту керек, бүгінде көптеген дарынсыз жандар ойына келгенін жазып, кітап етіп шығарып жүр. Ондай түкке тұрмайтын дүниелерге қомақты қаржы бөліп отырғандар да бар. Тарихты шынайы тануға деген ұмтылысты былай қалдырып, әркім өз ата-бабасын тарихта орны бар, ықпалды адам етіп көрсету жолында жанталасып жатыр. Ұлттық тарихты зерделеу төңірегіндегі әңгіменің бір түйіні – осыны тоқтату болса керек. Еліміздің тарих ғылымына сапалық серпіліс жасайтын кез келді. Бұл бағытта жасалатын жұмыстар ұлттық тарихты, тілді, руханиятты, дәстүр мен мәдениетті сақтауға бағытталуы тиіс. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, «қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ». Бұл тарапта ғылымға жүктелер міндет көп. Солардың бірі – ұлттық патриотизмді ояту. Ал ұлттық патриотизмді оятатын – тарих ғана.

1973 жылы Ленин орденді «Пахтаарал совхоз–техникумының халықтық мұражайы» атағы берілді. Осы жылы реконструкция жүргізіліп, мұражай экспозициялары толығымен жаңартылды. 1984 жылы Мәдениет министрлігі Ж.Еркімбаевтің қолы қойылған 16.02.84ж. №57 бұйрығына, ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Б.Ашимов қол қойған №30-Р қаулысына сәйкес мұражай Мәдениет министрлігінің қарамағына өтеді. 2002 жылдан бастап «Мақтаарал ауданының мақта шаруашылығы тарихы мұражайы» мемлекеттік мекемесі деп аталды. 2005 жылы облыстық бюджет есебінен қаржыландыру басталды. 2007 жылдан бері Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі мәдениет басқармасы «Оңтүстік Қазақстан облысының мақта шаруашылығы тарихы мұражайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып өзгертілді [3].

Мұражай ғимараты 1 қабаттан тұрады, 1930 жылы салынған: экспозиция залы, 1 қор сақтау бөлмесі және әкімшілік бөлмелер, мәжіліс залы орналасқан.

Мұражайдың жалпы ауданы -772,4 ш. м., экспозиция ауданы - 297,8 ш. м, қор сақтау бөлімінің ауданы - 24,5 ш.м., мәжіліс залы - 53,6 ш. м, әкімшілік бөлмелер - 394,2 ш. м., мұражай қызметкерлерінің саны - 15, жалпы жәдігерлер саны –9009 жаңадан қосылған жәдігерлер саны – 48.

Облыстық мәдениет басқармасы бекіткен мұражайдың 2013 жылғы жұмыс жоспары бойынша төмендегі жұмыстар атқарылды.

2013 жылдың 12 айында мұражайға келушілер саны – 8500 адамды құрады, 60 лекция өткізілді, 17 көрме ұйымдастырылып, 65 саяхат жүргізілді. Бұл 2012 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда келушілер саны 2500 адамға артқан.

2013 жылдың 12 айында 48 жаңа жәдігер қабылданды. Негізгі қорда – 8257, ғылыми-көмекші қорда – 752 жәдігер тіркелген. Бұл жәдігерлер аудан тұрғындарынан мұражайға сый ретінде қабылданды. Жәдігерлердің ішінде этнографиялық маңызы бар диірмен, келі-келсап, алаша тоқитын құралдар, сандық, т.б. заттар қабылданды. Сонымен қатар, 1929 жылғы Пахтаарал совхозының жер шаруашылығының айналым жинағы қабылданды [4].

Аудан көлемінде Социалистік Еңбек Ерлері және соғыс ардагерлері жөнінде мәліметтер жинақталды. Социалистік Еңбек Ерлерінің 10 фотосуреттері, совхоз «Пахтааралға» итальяндықтар мен болгарлардың

совхозға келген кезіндегі фотосуреттері, 1903, 1907, 1913 жылғы монеталар, радиола, акустикалық жүйе және Ауған соғысы туралы диск қабылданды.

Мұражай және ондағы жинақталған жәдігерлер жөнінде брошюра дайындалды. 2012 жылы әдістемелік көмек және консультация 5 адамға берілген болса, 2013 жылы бұл көрсеткіш 3 есеге артқан.

Германиядағы Бонн университетінің докторы Шталтовна Анастасияға «Орта Азиядағы және Латын Америкадағы мақта шаруашылығы» тақырыбында мәліметтер берілді.

2013 жылдың 13 қараша күні мұражайға Жапониядан бір топ жапон делегаттары келді. Әскери тұтқында болып, қаза тапқан жапондықтар жөнінде мәліметтер берілді.

Ш.Уалиханов атындағы тарих және этнология институтының аға ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Орынбаева Гүлмира этно-тарихи экспедициялық іс-сапармен келді. Оның негізгі мақсаты – ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің тапсырмасымен «Жүз ауыл», «Жүз қария», «Шежіре», «Ұлттық ою-өрнек» бағдарламалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша мәліметтер берілді.

Мұражайға Қазақстан Республикасының Орталық мұражайының Антропология және этнология орталығының бір топ қызметкерлері Д.Қатран, Қ.Нұрғожа, Е.Шойнақов, О.Әлім және Ж.Исабековтер келіп, мақта шаруашылығының дамуы, мақта өсіру, мақтадан алынатын өнімдер, өлке тарихы мен салт-дәстүрі жөнінде мәліметтер берілді.

Мұражай облыс, аудан көлемінде бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыста жұмыс жасап жатыр. Олардың ішінде «Алтын қазына», «Южный Казахстан», «Қазақстанның мақташылар одағы», «Мақтарал» және «Жеті сыр» газеттеріне мақалалар шығуда және «Санұр» телеарнасымен тығыз байланыста. 2012 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда баспаларда 3 мақала жарияланған болса, 2013 жылы 20 мақала және 1 телесюжет көрсетілді.

Халықта “Еліңді сыртқа мейлінше кеңінен танытам десең — мұражай аш” деген нақылға айналған сөз бар. Ал, шын мәнінде әрбір белгілі жердің ескерткіш заттары, жауһар жәдігерлері, басқа да ұлттық құндылықтары негізінде өңірдің өткені мен бүгінгі білу тек қонақтарға ғана емес, ең алдымен, жергілікті тұрғындардың өзіне, әсіресе, өскелең ұрпаққа аса қажет. Міне, қазіргі қоғам, болашақ алдындағы осы мәртебелі міндетті Қазығұрт аудандық өлкетану мұражайының ұжымы үлкен абыроймен атқарып келе жатыр [5].

Аталмыш мұражай аудан әкімі Әли Бектаев болған тұста, дәлірегінде 1998 жылы аудандық мәдениет үйінің жанынан ашылды. Тәптіштей түскенде әлемге мәшһүр қасиетті атауды алған ауданда аймақтың қилы тарихынан, халқының кешегі талайлы тұрмыс-тіршілігінен жан-жақты мағлұмат беретін алуан түрлі бағалы жадығаттарды жинайтын орталық аса керек болды. Ауданның сол кездегі басшылығының ата-баба өмірінен маңызы бар мирас мүліктерді бір орынға шоғырландырудағы басты мұраты да Қазығұрттың жастарына, барша адамдарына, өзге жақтан атбасын бұрып келгендерге елдің, жердің шежіресін терең таныта түсу еді.


Туған өлкеміздің ежелгі тарихын, әр кезеңдерін, бүгінгісін танытатын айшықты айғақтардың жиынтығы болар көпшілік мекеменің алғашқы экспонаттары ретінде талайдан бері көзімнің қарашығындай сақтап жүрген 30-шақты затты өз үйімнен, жеке мұрағатымнан әкелдім. Содан кейін бұған жерлесіміз, Чехияның халық батыры Әлихан Көшіков туралы мәліметтерді оның отбасынан сұрап алып қостым, — дейді Қазығұрт аудандық мұражайы ашылғаннан бергі директоры, ғалым, сазгер Райымқұл Темірбаев. – Жаңа тірлікті аяғынан тұрғызуға жар құлағымыз жастыққа тимей жүрген сол бастапқы қиын күндердің бірінде аралас-құралас танысым жолыға кетті. Ол Өзбекстаннан қоныс аударған бір туысының үйінен ерекше бір кілем көргенін айтты. Жедеқабыл жеттік. Барсақ, тілге тиек етілген кілем дәлізге төселініпті. Мұндай айрықша жасалған тоқыма бұйым бұрын-соңды көзіме түспеген еді. Көлемі 4,2 метрлік кілемде санап шыққанымызда бір-біріне мүлдем ұқсамайтын 52 өрнек бар екен. Бәрі де ұлттық нақышта. Өзгеше мүлікті иесінен аттай қалап, ақшасын төлеп алдық. Осыдан кейін маған ой туды. Енді кілем, басқұр, сырмақ, алаша қазақтың сән-салтанатына пайдаланатын басқа да төсеніштерін, қабырғаға ілетін бұйымдарын тоқитын өрмекті неге мұражайға әкеп қоймасқа. Сөйтсек, оны қолға түсіру қиямет-қайым екен. Ауданның барлық елді мекендерінен табан тозып, ал кеп ізделік. Ұшырассашы. Сұрастырудан жалықпай, ақырында бір түкпірдегі ауылда тұратын ақсақалдың қорасындағы қуыстан өрмектің жұрнағын таптық. Қариядан қиыла өтініп жүріп, қолға түсірдік.

Әдебиеттер

1. Мұсаева С.Т. Музей өлкетануы дамуының негізгі кезеңдері //Қазіргі заманғы музей: Ғылым. Дәстүрлер. Инновациялар. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Астана, 2009. – 207-211-бб.
2. Мусаханова М.З. Развитие музеев Казахстана (1991-2001 гг.): Автореф. канд. дис. истор. наук. – А., 2007. 32 с.
3. Санақұлова Б.Қ. Қазақстан Республикасындағы музей құрылысы мен қызметі (1991-2004 жж.): Тар. ғыл. канд. дис. автореф. – Орал, 2006. – 30 б.
4. Сатубалдин А.К. Современное состояние и перспективы развития музейного дела в Казахстане //Қазіргі заманғы музей: Ғылым. Дәстүрлер. Инновациялар. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 24 тамыз 2009 ж. /ғыл. ред. басқарғандар А.С.Сағынғали, Б.М.Қайпова. – Астана: ҚР ТПМ, 2009. – 356 б.



5. Тайман С. Қазақстанда мұражай ісінің даму тәжірибелері және проблемалары (1946-1970 жж.): Тар. ғыл. канд. дисс... – Қарағанды, 1999. – 158 б.



ӘОЖ 94(574)

**ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН КЕЗЕҢІНДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ БУРНООКТЯБРЬСК (БАРКУАБ VI-XIII ҒҒ.)
ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ ТАРИХ САХНАСЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ
(ТИМДІЛІГІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ)**

Шоңов Е.Ш. – М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті
**Шайбек І.Е. – «Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясы»
ғылыми қызметкері**

Аңдатпа. Мақалада тарихтан белгілі ортағасырлық Бурнооктябрьск қалашығының зерттелу тарихы қамтылды. Сонымен қатар қалашықтың қазіргі таңда тарих сахнасынан алатын орны және болашақта өскелең ұрпаққа сақтап жеткізу мақсатында ашық аспан асты музейіне айналдыру жұмыстары жазылды.

Түйінді сөздер: археология, тарих, музей, ортағасыр, қазба, жәдігер.

Дүние жүзінің кез келген мемлекеті өзінің даму тарихында жер тарихына, соның ішінде көне қалалардың тарихына тоқталмай тұрмайды. Себебі бүгінгі таңда олардың мемлекет болып қалыптасуының алғы шарты өткен тарихы болса, ал бабалар салған сара жолды ұрпаққа таныту, насихаттау ісі міндетті түрде қатар жүруге тиісті.

Ата-бабаларымыз есте жоқ ескі замандардан-ақ ұлан-байтақ Орта Азия өңірін мекен еткен түркі тілдес халықтардың бірі. Халқымыз сол дәуірдегі бірнеше ру-тайпалардың ұзақ тарихи даму барысында, ортақ бір территорияда бірге өмір сүріп, этногендердің жалпы заңдылықтары бойынша бірте-бірте бірігуі мен дамуы арқылы өз алдына жеке халық болып қалыптасты.

Қазақ халқын қалыптастырған негізгі этникалық құрам көне тайпалардың аттары мен таңбалары, ұрандары еді. Олардың шығу тегі мен таралуы туралы мәліметтер мен деректер, көбінесе — шежірелер, ауызша әңгімелер, қолжазбалар және аңыз-жырлар түрінде ұрпақтан-ұрпаққа тарап, біздің заманымызға дейін жетті. Осы деректердің ең негізгі ортасы, мәдениеттің тоғысқан жері ескі қалалар болатын.

Қазіргі қазақ даласын мекендеген ертедегі тайпалар мен ұлыстардың аты көнеден сақталып келе жатқаны белгілі, демек қазақ халқы осы дала көшпелілерінің тікелей ұрпақтары екені даусыз. Мұндай пікірді көптеген ғалымдар өздерінің зерттеу еңбектерінде де жариялаған болатын. Олардың бізге жеткен мәдениетінің, салт-дәстүрлерінің және де аманат етіп қалдырған ұлы даласының заңды мұрагерлері біз болып табылатындығымызды әсте естен шығармауымыз керек. Бұған дәлел ретінде қазақ тарихын зерттеген көптеген тарихшы, этнограф, антрополог, археолог ғалымдарымыздың келтірген мәліметін айтуға болады.

Сондықтан, жеріміздің тарихын бағалайтын, болашағына алаңдайтын жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне көп көңіл бөлу-өмір талабы. Егеменді еліміздің әлемдік деңгейдегі алатын орны, өзінің тарихи, мәдени, этнографиялық жағынан өзгешеленіп тұратын ерекшелігі бар. Осыған орай кез келген азаматты туған жерінің тарихын білуге, Отанын сүйуге, оны қорғауға үйрету қажет.

Бүгінгі таңда **Бурнооктябрьск (Баркуаб VI-XIII ғғ.)** қалашығы еліміздің төл тарихында және «Ұлы жібек жолының» дамуында алатын орны ерекше тарихи-мәдени нысан. Қалашық Жуалы ауданы Нұрлыкент ауылы маңында, Теріс өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан.

Бурнооктябрьск (Жылқышытөбе) қалашығы жайлы алғашқы мәліметті әйгілі шығыстанушы В.В. Бартольд жазған болатын. Ол 1893-1894 жылдары іс сапармен Қазақстанның оңтүстік аудандарына келген. Орта Азияның ортағасырлық тарихын, соның ішінде Қазақстанның тарихын араб, парсы, түрік, соғды, т.б. тілдерде жазылған жазба деректер негізінде түгендеп 9 томдық еңбек жазып кеткен ғалым, сол сапарында атқарған зерттеулері жайлы «Отчет о поездке Среднюю Азию с научной целью в 1893-1894 гг.» атты қомақты мақаласында жариялаған. Осы мақалада Теріс өзенінің бойындағы ортағасырлық қала орындары жайлы алғаш айтқан. Кейіннен, 1939 ж. Жамбыл археологиялық пунктінің директоры, белгілі археолог Г.И. Пацевич Теріс өзенінің оң жағалауындағы Бартольд айтқан үш қалашықтың орындарын анықтап, олардың орналасқан жерін, топографиялық құрылымын сипаттап, жобасын қағазға түсірген. Үстінен табылған ыдыс сынықтары негізінде қалашықтардың өмір сүрген уақытын шартты түрде көрсетіп, мемлекеттік есепке алған. Ескерткіштерге сол кездегі жергілікті мекеннің аталуы бойынша Бурнооктябрьск 1,2 және 3 деп құжат толтырған. Сол кезде X – XII ғғ. мерзімделген Бурнооктябрьск 2 және XI – XII ғғ. мерзімделген Бурнооктябрьск 3 қала орындары кейіннен шаруашылық жұмыстары мен ауыл құрылыстары барысында жойылып кеткен. Бұл күнде Бурнооктябрьск 3 егістіктің, ал Бурнооктябрьск 2 ауыл үйлерінің астында жатыр. [1, 192-193 бб.]

Бурнооктябрьск (Баркуаб) қалашығында жүргізілген қазба жұмысы

Дүние жүзінде жерінің көлемі жағынан 9-шы орындағы елімізде мәдени-тарихи құндылықтардың орасан зор қоры бар. Бұл керек десеңіз, мұнай, газ бен түсті металдардан да мол қор. Дегенмен, біз заттық және рухани мәдени мұраларымызды қорғау мен сақтау мәселелерінде шетелдерден ширек ғасыр артта қалып қойдық! Соның салдарынан ескерткіштер ескерусіз, иесіз қалып, әртүрлі әсерлерден жойылуда.

Ғалымдар Баркуабтың Тараздан әлдеқайда көне екенін айтуда. Сол үшін де көпшіліктің көне шаһарға деген қызығушылығы күн өткен сайын арта түсуде. Қазба астында біздің дәуірімізге дейінгі I және II ғасырлардағы қала жұрты болуы мүмкін деген де болжам бар. Мұндай болжамды «Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясы» тарих және археология бөлімінің басшысы, археологиялық экспедиция жетекшісі Сауран Қалиев айтты.

Шығыстанушы, ресейлік ғалым Василий Каллаур өз еңбегінде бұл жерді Иркут деп атаған екен. Жалпы, Иркут те, Баркуаб та араб тілінен аударғанда Теріс деген мағынаны білдірсе керек. Теріс өзенінің бойында табылған қаланы бір кездерде Жетісу археологиялық экспедициясының жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы Александр Бернштам да зерттеген.

«Біз 6-8 метр тереңдіктегі көлемді алып, солтүстік батыс жақты төбеден төмен қарай қазамыз. Қазылған жерден алынған адамдардың мүрдесі Бақалы ауылындағы зиратқа қайта жерленуде. Ал әрбір қазылған қабатты, оның топырағы мен осы жерден табылған құнды дүниелер жекелей зерттелуде. Жер қыртысы арқылы қаланың өмір сүрген кезеңін анықтай түсеміз. Бұл қаланы кезінде Ұлы Жібек жолы бойымен Тараз қаласы арқылы Испиджабқа қатынайтын жол бойындағы ірі сауда орталығы болған деуге толық негіз бар», – дейді Сауран Қалиев.

Тараз шаһарының 2000 жылдық тарихы болса, ғалымдар Баркуаб қаласы одан да ерте кезеңде пайда болған деген дерек келтіріліп отыр. Оған қоса, мұнда табылған бұйымдар орта есеппен 2500 жыл бұрын пайдаланылған деген болжам жасалуда. Оны ресми айғақтау үшін біз қазба орындарынан табылған жәдігерлерді Жапония мемлекетіне жібердік. Онда 8 ай зерттелген бұйымдар бізге жуырда ғана келді. Қазір тілмаштар жапон тіліндегі жазбаны аударып, археологтармен бірге жұмыс жасауда. Бұған дейін аудан көлемінде мұндай археологиялық қазба жұмыстарына арнайы қаржы қаралмаған. Облыс әкімі Асқар Мырзахметовпен келісе отырып, қазба жұмыстарына жергілікті қазынадан қаржы бөлдiк. Одан бөлек, табылған жәдігерлерді орналастыру үшін аудан орталығының есебінен музей салынды. Қазір Баркуаб қалашығынан табылған кейбір жәдігерлерді сонда қойып жатырмыз, – дейді Жуалы ауданының әкімі.

Жуалы ауданына қар қалың түсетіндіктен, археологиялық жұмыстар көктемге дейін біршама уақытқа тоқтатылған. Десе де, биыл ауданнан ашылған тарихи-өлкетану музейіне Баркуабтан табылған құнды жәдігерлер зерттеулерден соң жеткізіліп жатыр. Қос қабатты музейдің төменгі бөлігі толықтай Баркуаб қаласына арналған.

2020 жылғы қазбаның мақсаты: Екі жылдан жүргізілген қазба барысында ашылған кешеннің оңтүстік және батыс шетіндегі қатар жатқан бес бөлменің солтүстік-шығыс шетін алып жатқан бөліктегі жалғасын анықтау. Шығыс шетінде болуы мүмкін деген кешеннің негізгі есігін табу болды.

1.1 ҚАЗБА ІҮ. Кешеннің сыртқы қорғаныс қабырғасының орналасу жүйесін анықтау мақсатында төбенің оңтүстік-батыс қазба салынды. Қазбаның бастапқы көлемі 4,5x13x02-04 м. болды. Артынан құрылыс ерекшелігіне қарай қазбаның ені 5,5 м дейін кеңейтілді (сурет 1). Алдымен жердің бетіндегі шым қабаты алынды.



Сурет 1. Бурнооктябрьск. Қазба 4. Қазбаның жалпы көрінісі.



Қазба жердің бетінен 20 см төмен түскенде қазбаның солтүстік-шығыс бұрышынан адам сиятындай қуыс анықталды. Оның ішкі жағынан ұра тәріздес қуыс байқалды. Қуыстың шығыс шетінен сопақша келген шұңқыр ашылды. Шұңқырдың ені 70 см, шығыс қабырғасы 1,9 м, оңтүстік қабырғасы 1,15 м, тереңдігі 15-20 см. Шұңқырдың шеткі жиегі тігінен қаланған қам кесектермен қаланған (сурет 2). Табаны тегіс, еденінде ретсіз қаланған кесектер жүйесі байқалады. Шұңқырдың батыс шетіндегі жоғарыда айтылған қуыстың бетіне қаланған кірпіштердің көлемі 22x35x9 см. (сурет 2а). Қуыстың аузын ашып, ішкі жағына түскен топырақтарды тазалаған кезде табаны қазбаның бетінен 1 м. тереңдікте жатқан шұңқыр ішінде жатқан ересек адам қаңқасы табылды. Шұңқыр ұзын жағымен солтүстіктен оңтүстікке қарай қазылыпты. Шұңқырдың ені 0,8 м, ұзындығы 2 м. Ішінде жатқан мәйіт басын солтүстік-батысқа қаратып, шалқасынан жатқызылған. Беті оңтүстік-батысқа қарай бұрылған (сурет 3). Жалпы мәйіттің орналасу рәсімі (бағыты) мұсылман дәстүріндегі жерлеулерге сәйкес келеді, қабір ішінен де ешқандай жоралғы заттар кездеспеді. Осыған қарай жерлеу кейінгі уақытқа (жаңа заманға) жататын құрылыс па деген ой туды. Дегенмен кейбір түсініксіз жәйіттер де байқалады. Мысалы, жерлеу үйінің аузына қаланған кірпіштердің өлшемдері мұсылман дәуіріне сәйкес келмейді. Әдетте мәйіт үйінің шығыс шетінде болатын ауыз бөлме аталатын шұңқыр жоқ. Оның орнында жерлеу құрылысына жатқызуға келмейтін, жерлеу шұңқырымен ешбір байланысы жоқ, сырты мен едені қам кесекпен қаланған құрылыс анықталды. Бұл құрылыстың құпиясын анықтау мақсатында археология тәжірибесінде кездескен жерлеулер жайлы еңбектер мен архив материалдарын қарастыру қажеттігі туындап отыр. [2, 6-7 бб.]



Сурет 2. Бурнооктябрьск. Қазба 4. Жерлеу қуысы мен оның шығыс шетіндегі белгісіз құрылыс.



Сурет 3. Бурнооктябрьск. Қазба 4. Жерлеудің ішкі көрінісі.

Осы жылға қазба барысында кешеннің сыртқы қорғаныс қабырғасының жағыты мен орналасу жүйесін анықтау мүмкін болмады. Ауа райының ыңғайына қарай сыртқы қазбаны тоқтатып, шатыр астындағы былтырғы қазба жалғастырылды. Қазбаның келесі жалғасы бұрынғы қазбалар барысында ашылған жоғарғы қабаттағы 6 бөлмеге апаратын басты ауыз бөлменің (каридор) ашумен жалғасты.

Зерттеулер барысында жасалған тұжырымдар

Жаһандық әлемде Қазақстанды қай жерден көретініміз біздің мәдени-рухани құндылықтарымызды қалай қорғауымызға, сақтауымыз бен жаңғыртуымызға байланысты.

Г.И. Пацевич үстінен табылған ыдыс сынықтары негізінде VII-IX ғғ. мерзімдеген Бурнооктябрьск 1 (Жылқышытөбе) қалашығында екі маусымда жүргізілген қазба жұмыстары барысында биіктігі 17-18 м. болатын төбенің астында екі қабатты (алғашқы болжау бойынша), көп бөлмелі құрылыс кешенінің орны анықталды. Құрылыс шамамен 90% сақталған. Төбенің жоғарғы бөлігінен қабырғалары қалың (2-3 м), биіктігі 2,5-3,5 м биіктікте сақталған 6 бөлме ашылды. Орталық бөлмелері батыстан шығысқа қарай ұзын жағымен созыла қатар салынған. Төбесі күмбезделіп жабылған. Өкінішке орай жоғарғы жабыны құлап кеткен. Дегенмен, кей жерлерінде қабырғаның иығынан иілдіре қырынан қаланған жабынның бөліктері сақталған. Оларды еппен орнына келтіріп, сауатты сәйкестендіру арқылы бастапқы қалпына келтіруге болады. Қазіргі кезде 1-ші және 6-шы бөлмелердің опырыла құлаған еденінің астыңғы жағындағы төменгі қабаттың бөлмелері ашылып жатыр. Бөлмелердің жоғарғы жағында күмбезделіп жабылған жабынның құламай қалған бөліктері анық байқалады. Қалыңдығы 2 м, биіктігі 3-3,5 м болатын қабырғалардан түзілген үстіңгі қабаттағы ауыр құрылысты көтере алмаған кешен кезінде оңтүстікке қарай қисая отырған. Сол себепті бөлмелердің ішкі жағынан қосымша қорғау қабырғалары тұрғызылған. Бірнеше бөлмеде қабырғаға тақап қаланған осындай қорғау қабырғалары анықталды.

Археологиялық зерттеулер қорытындысы кешенді ежелгі Қаңлы дәуіріне, яғни I-V ғасырларға жатқызуға мүмкіндік береді. Бұндай тұжырым жасауға қазба және заттай деректер мәліметтері мен ескерткіштің топографиялық құрылымы негіз болады.

Деректер бойынша Қаңлы мемлекеті (қытайша Канзю) б.ж.д. III – б.ж. III ғасырлары аралығында Орта Азияда едәуір гүлден, қуатты патшалық болған. Б.ж.д. II ғ. (138 ж) елшілік сапармен келген Хан әулетінің сол кездегі императоры У-Дидің жіберген елшісі Жәнь Шанның жазбаларында «Батыста Әмудариядан шығыста Талас өңіріне дейінгі аралықты жайлаған Қаңлы мемлекетінің астанасы Бетен қаласы болған және ол бес патшалықтан құралған» деп жазылған. Сонымен қатар Жәнь Шань қытайдың астанасы Шаннанан Бетен арасындағы және бес патшалық арасындағы қашықтық өлшемін де көрсеткен. Кеңестік тарихшы Л.А. Боровкова өзінің «Запад Центральной Азии во II в. до н.э – VII в н.э.» атты еңбегінде Бетеннің орны Талас өңірінде болуы мүмкін деген болжам айтқан болатын. Бірақ ол болжам Қаңлы тарихын зерттеуші мамандар тарапынан қолдау таппаған. [3, 95 с.]

1964-1968 жылдары Талас өңірінде қаңлы дәуіріне жататын ескерткіштер Шөлтөбе мен Көкқайнартөбе зерттелді. Қазба нәтижелері мекенжайлардың I-IV ғасырлар аралығымен мерзімделетінін анықтаған. Табылған заттай деректер мен құрылыс салу ерекшеліктері де қаңлы дәуіріне сәйкес келетіндігін көрсетті. Біз қазба жүргізіп жатқан Жылқышытөбенің материалдары Шөлтөбе мен Көкқайнартөбенің заттарымен өте ұқсас. Кешендердегі құрылыс салу дәстүрі де қайталанатын. Тағы бір ұқсастығы бұл үш төбе де археологияда шартты түрде «алаңды төбе» деп аталатын мекен жайлар қатарына жатады. Ал «алаңды төбелер» ерте ортағасырлық мекендердің орны болып есептеледі. [4]

Баркуаб қаласынан табылып жатқан жәдігерлер адамдарды еріксіз таңғалдыруда. Мәселен, таңбалы тас аталатын жәдігерге ою-өрнектердің қалай әдептелгенін түсіну қиын. Сондай-ақ қазба орындарынан кетпен, майшам, өрнек тоқуға арналған керме, диірмен, тас астау және қыш ыдыстар табылуда. Таңғаларлығы, 30 метр тереңдіктен табылып жатқан молалар болып тұр. Ондағы мәйіттер мұсылманша жерленбеген. Бас жағына тас қойылып, бір қырымен жатқызылған. Археологтар бұған қатысты ертедегі адамдар қайтыс болған жақындарын ананың құрсағында жатқандай етіп жерлеген деген болжам айтуда. Әрине, ол әлі талай зерттеуді қажет етеді. Тағы бір айта кетерлігі, Баркуаб қаласының жанында Жылқышытөбе атанып кеткен жер бар. Археологтар осы жерден қазба жұмыстарын бастап, үш қабаттан тұратын үйлердің төбесінен түсті. Онда бөлмелердің қуыстарынан кәріз суын ағызатын құбырларды қазып алды. Бұл шын мәнінде таңғалатын нәрсе. Демек осыдан 2500 жыл бұрын үш қабатты үйлер тұрғызылып, онда кәріз жүйесі орнатылғаны ғой. [5, С. 92-97]

Топырақтан аршылып алынып жатқан жәдігерлердің ішінен үлкен бас табылған. Денесі жоқ басты қазір алматылық ғалымдар зерттеп жатыр. Ол жөнінде тарихшылар: "Ертедегі хандар өз жауларының басын кесіп алып, шатырының маңына іліп қойған. Бұл Томирис шауып алған Кир патшасының басы секілді бір ұлы адамның басы болуы мүмкін» деген болжам жасауда. Әрине, мұның бәрі ресми дәлелденбей, бір тоқтамға келу қиын. Сондықтан, біз қазір Жапония зерттеушілерінің байламын күтіп отырмыз. Егер олар Баркуаб қаласының осыдан III дәуір бұрын өмір сүргенін растаса, онда Қазақстан тарихына үлкен дүмпу болғалы тұр, – дейді белгілі өлкетанушы, музейдің ғылыми қызметкері Дәулетжан Байдалиев.

Зерттеу нәтижелерінің осындай сәйкестіктері Жылқышытөбенің I ғасырлар шамасында салынып, V ғ. дейін өмір сүргендігін толық растайды. Осы жылғы қазбалар барысында алынған археологиялық мәліметтер Жылқышытөбе VI-IX ғғ. аралығында да тіршілік болғандығын аңғартты. Яғни ескерткіштің үстіңгі қабатынан



айтылған уақыт аралығына жататын құрылыс іздері мен қыш ыдыстардың сынықтары шықты. Зерттеу барысында жасалған тұжырымдар Г.И. Пацевичтің ескерткіштерді мерзімдеу болжамының дұрыстығын растайды.

Қорытынды

Бурнооктябрьск 1 (Жылқышытөбе) қалашығында 2021 жылы жүргізілген қазба жұмыстары туралы зерттеу материалдарын оқып, талдау барысында төмендегідей нәтижелер жүзеге асты:

- Өткен жылғы қазба жалғастырылып кешеннің үш бөлмесі (4,5,6) ішкі жағынан ашылды. Бөлмелерді тазарту барысында кешеннің екі қабаттан тұратындығы анықталды. Бесінші бөлмені тазарту барысында оның едені ойылып астыңғы бөлменің ішіне түскені байқалды. Астыңғы алтыншы бөлмені қазған кезде оның күмбезделіп жабылған төбесінің үстінен жоғарғы бөлме түскендігі мәлім болды.

- Кешеннің сырттан кірер есігін анықтау мақсатында оның шығыс шетіне салынған қазба (қазба II) кезінде оның кірер есігі қолдан әдейілеп тұмшаланып тасталғандығы белгілі болды. Одан кейін белгілі бір уақыт аралығында кешеннің сыртқы жағында, яғни шығыс бөлігінде тіршілік қайта жалғасқандығы расталды. Қазбадан VII-IX ғғ. аралығына тән қыш ыдыстардың сынықтары табылып, өте нашар сақталған үй орындары ашылды.

- табылған археологиялық материалдар (тас құралдар мен бұйымдар, қыш ыдыстар мен олардың сынықтары, мал сүйектері, т.б.) зертханалық сараптауға алынды.

- зерттеу мәліметтері Жылқышытөбе кешенінде I-IV ғғ. аралығында жергілікті егінші тұрғындардың бүтін бір әулеті мекендеген деген тұжырым жасауға негіз береді. Кешенді салу құрылыс ерекшелігі мен оның сәулеткерлік сипаты мұнда отырықшы мәдениет пен қатар үй құрылысын салу дәстүрінің жоғары деңгейде дамығандығын көрсетеді.

Зерттеу жоспарына сай, Жылқышытөбе кешеніне жақын маңдағы онымен серіктес ескерткіштерді анықтау мақсатында жүргізілген археологиялық іздеу-барлау жұмыстары кезінде онымен дәуірлес ондаған мекен орындары анықталып, оларға құжаттамалар төлтырылды. [6, 50-64 бб.]


- Облысымыздағы тарих және мәдениет ескерткіштері қорғауды күтеді. Оны қорғап, сақтап қалудың бір жолы ашық аспан музейі ретінде ашып, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу. Ашық аспан музейінің үлгісі ретінде Ежелгі Тараз қалашығының орнына жасалған эскиздік жобаның үлгісін алуға болады.

- Көне қала туралы зерттеулер негізінде жинақ кітап шығару керек. Ескерткіштер жинағын облыс емес, әр аудан бойынша жіті барлау жасап, құжаттау өзекті. Осы ақтаңдақтардың Бұл бағыттағы археологиялық барлау, есепке алу, құжаттауды әр әкімшілік аудан бойынша ұзақ жылдар бойы жүргізіп, дайындаған әзірге Жамбыл, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстары ғана болып отыр. Сондықтан республика бойынша бізге белгілі 25 000-нан астам тарих және мәдениет ескерткіштерінің саны төрт-бес есе өсуі мүмкін. Республикалық маңызы бар мемлекеттік тізімдегі нысандардың саны да артары анық. Жоғарыда мысал келтіргендей, бұл жаппай науқанға бизнес өкілдерін де тарту маңызды.

- Көне қаланың орнындағы археологиялық ескерткіштердің бұзылуын бақылап, жиі мониторинг жүргізу өте қажет, консервациялық және реставрациялық жұмыстар жасалуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы. Жуалы ауданы. – Алматы, 2013. 192-193 бб. № 173.
2. Талеев Д.А., Торбеков Е.С. Бурнооктябрьск-1 қалашығында жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары жайлы ЕСЕП. – Тараз, 2021 ж. 6-7 бб.
3. Пацевич Г.И. Отчет об археологической разведке в Джуалинском районе Южно-Казахстанской области в 1939 г. // Известия АН КазССР. №46. серия археология. Вып. 1, 1948. – С 95.
4. Талеев Д.А. Талас өңірінің 1000 жылдық тарихынан сыр шерткен жәдігерлер: Шөлтөбе, Қызылқайнартөбе және Жылқышытөбе // Тараз және Түрік өркениеті халқаралық ғылыми конференциясы (8.10.2021) материалдары.
5. Пацевич Г.И. Отчет об археологической разведке в Джуалинском районе Южно-Казахстанской области в 1939 г. // Известия АН КазССР. №46. серия археология. Вып. 1, 1948. – С 92-97.
6. Талеев Д.А., Торбеков Е.С. Бурнооктябрьск (Жылқышытөбе) қалашығында 2018-2019 жылдары жүргізілген зерттеулер // Қазақстан археологиясы. № 2(8) 2020. 50-64 б.





УДК 371.035 б

ИЗУЧЕНИЕ ИСТОРИЧЕСКОГО ПРОШЛОГО НАРОДА КАК ЭФФЕКТИВНЫЙ ПРИЕМ ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Султанбекова Р.Т.

Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати

В настоящее время в эпоху глобализации, когда стираются грани между государствами и народами особую актуальность приобретает патриотическое воспитание. Несколько меняются приоритеты у современной молодежи. На первый план в системе ценностей выдвигается материальная составляющая. Успех, карьера, финансовое благополучие для молодежи становятся важнее духовно-нравственных ценностей, любви к Отечеству. Они начинают жить по принципу: родина там, где мне хорошо. Происходит «утечка мозгов». Молодые люди мечтают жить за границей, так как больше ценят комфортные условия проживания.

По этой причине на образовательные учреждения: общеобразовательные школы, средние специальные заведения, высшие учебные заведения налагается большая ответственность по воспитанию обучающихся в духе истинной любви к родной земле, стремления трудиться во благо Родины.

В целом, патриотизм – это понятие динамическое. Каждый период истории вносит свои коррективы в это понятие. Как нам кажется, в целях патриотического воспитания современной молодежи, нужно бороться с любыми проявлениями манкуртизма. Надо, чтобы подрастающее поколение хорошо знало свою историю, народных героев, их подвиги во имя Родины, что позволит формированию мировоззрения современной молодежи.

По мнению А.Бакытовой, автора статьи в газете «Казахстанская правда», «Патриотизм не поддается измерению цифрами и на деле выражается в чувствах, объединяющих людей. ...Патриотизм не рождается на пустом месте. Его истоки — в глубоком знании истории страны, в понимании и уважении деятельности тех поколений, усилиями которых обеспечивались ее независимость и процветание» [1, с.4].

Ученые-историки изучали историческое прошлое народа с точки зрения исторической правды, считали своим долгом исследовать формирование исторического сознания народа. Главный залог процветающего будущего - формирование национальной идеи казахстанцев, уроки истории способствуют укреплению толерантности в казахстанском обществе. Объединение всех казахстанцев посредством общенациональной идеи «Мәңгілік ел» позволило преодолеть трудности и занять свое место в мировом сообществе.

О.С. Газман подчеркивает значимость воспитания для развития личности ребенка. Как полагает ученый, «воспитание – это коллективное творчество, в котором большую роль играет преемственность поколений, когда совместными усилиями создаются ценности, нормы поведения, сотрудничество старшего и младшего поколения, в результате которого формируется определенная жизненная позиция» [2, с.51].

На протяжении многих лет я веду занятия по русскому языку в группах с нерусским языком обучения. Непосредственно на занятиях, а также на кураторских часах мы используем как традиционные методы и формы работы по патриотическому воспитанию обучающихся, так и инновационные, то есть гармоничное сочетание традиционных и инновационных форм и методов работы может дать положительный эффект. Это такие виды работы как беседы, сообщения, встречи с интересными людьми (художниками, врачами, туристами, мастерами спорта, общественными и политическими деятелями, представителями правоохранительных органов). Неплохой эффект по формированию патриотического мировоззрения подрастающего поколения имеют и следующие виды работы: экскурсии (по приглашениям, на природу, на выставки), конкурсы, выставки, соревнования, праздники, викторины; лекции, беседы, доклады на военно-патриотическую тематику; экскурсии в музеи воинских частей, учреждений и предприятий, высших учебных заведений; встречи с ветеранами войны и труда и военной службы; походы по местам боевой и трудовой славы; поисковая работа, экскурсии и походы; участие в работе клубов и кружков военно-патриотического направления; месячники, конкурсы строя и песни и многое другое.

Надо отметить, что многие духовно-нравственные качества, которые мы рассматриваем как составную часть патриотических чувств, формируются еще в детском возрасте. Сначала любовь к родному дому, родителям, членам семьи, потом горячие чувства к улице, где ты провел детские годы, к родному городу, селу, к близкому окружению, потом к школе, к школьным друзьям закладывают фундамент патриотических чувств. Любовь к Малой Родине, к природе, земле, также имеют важное значение в развитии патриотических чувств.

Многие нравственные качества человека, к числу которых мы относим и патриотические чувства, закладываются в детские, школьные годы. Любовь к своему дому, к семье, где ты родился, к улице, на которой живешь, к городу или селу, где проходит твое детство, создают фундамент патриотических чувств и убеждений. Картины родной природы: леса и степи, горы и озера, - все это закладывает основы чувств любви к своему отечеству, а прекрасные легенды, сказки и песни, исторические повествования и памятники, с которыми в раннем детстве знакомят родители, бабушки и дедушки, позже воспитатели в детских садах, оставляют неизгладимый след в детской душе.



Как писал Д.С.Лихачев, «Любовь к родному краю, родной культуре, родной речи начинается с малого - с любви к своей семье, к своему жилищу, к своему детскому саду. Постепенно расширяясь, эта любовь переходит в любовь к родной стране, к её истории, прошлому и настоящему, ко всему человечеству» [3, с.48].

По нашему убеждению, ведущее место в патриотическом воспитании детей, формировании патриотических чувств и убеждений должно принадлежать общеобразовательной школе, где проходит процесс становления личности ребенка.

Констатирующий эксперимент мы начали с опроса и анкетирования школьников 6-го класса. Во время опроса респондентам были заданы следующие вопросы:

1. Что вы знаете о выдающихся деятелях культуры вашего края?
2. Назовите имена известных исторических личностей вашего края?
3. Знаете ли вы легенды и предания, связанные с историей вашего города?
4. Каковы особенности флоры и фауны Жамбылской области?
5. Назовите имена своих знаменитых земляков.

Ответы на вопросы показали, что не все ученики хорошо знают историю своего края, известных деятелей культуры, легенды и предания, недостаточно ориентируются в историко-культурном социопространстве.

Нами также было проведено анкетирование на тему «Выдающиеся личности истории». Проведенное анкетирование подтвердило, что 65% учащихся имеют поверхностные представления об исторических личностях.

Результаты анкетирования учащихся. «**Выдающиеся личности истории**»

Аудитории	Назовите имена первых казахских ханов	Назовите имена выдающихся исторических деятелей XIX века	Назовите имена исторических деятелей XX века, внесших вклад в становление и развитие независимости государств	Назовите имена современных известных деятелей в различных сферах жизни общества
Группа «А»	30%	39%	46%	28%
Группа «Б»	30%	43%	49%	38%

Констатирующий эксперимент позволил установить фактическое состояние исследуемого объекта, констатацию исходных параметров, выступающих исходными для формирующего эксперимента. В рамках нашего исследования в ходе констатирующего эксперимента необходимо было определить уровень сформированности патриотического сознания, патриотических чувств и убеждений, осознанного отношения к Родине, готовности встать на защиту своего Отечества, соблюдать конституционные обязанности.

Формирование патриотического сознания, патриотических чувств и убеждений, осознанного отношения к Родине, готовности встать на защиту своего Отечества, соблюдать конституционные обязанности осуществлялось в контрольной группе по традиционной методике обучения, в экспериментальной - с использованием инновационных технологий, возможностей глобальной сети Интернет.

В целях определения уровня сформированности патриотического сознания, патриотических чувств и убеждений, осознанного отношения к Родине, в контрольной и экспериментальной группах было проведено анкетирование. Результаты анкетирования отражены в таблице № 2.

Таблица № 2. Уровни сформированности патриотического сознания, патриотических чувств и убеждений, осознанного отношения к Родине, (констатирующий эксперимент)

Группа Уровни	контрольная		экспериментальная	
	Чел.	%	Чел.	%
Низкий	5	25	4	22
Средний	7	35	8	40
Высокий	8	40	8	40

Проверка уровня сформированности патриотического сознания, патриотических чувств и убеждений, осуществлялась в процессе выполнения заданий викторины, в ходе которой учащимся необходимо было ответить на вопросы. Вопросы викторины включали сведения о наиболее значимых событиях отечественной истории, о выдающихся деятелях истории, культуры и искусства. В ходе викторины были задания на знание

государственной символики, основного закона государства - Конституции. Кроме того, завершилась викторина написанием эссе: «Мои главные жизненные приоритеты». Уровень сформированности патриотических чувств школьников оценивался по показателям, приведенным в таблице № 3.

Таблица № 3. Показатели, отражающие уровень сформированности патриотических чувств школьников

Уровень	Основные показатели	Косвенные показатели
Высокий	Правильные ответы на 10 из 10 заданий викторины	Обучающийся очень хорошо знает историю и культуру своей страны, проявляет интерес к государственной символике, ориентируется в Основном законе – Конституции РК. Хорошие знания определяют осознанное чувство любви к Родине, стремление все свои силы, знания и способности отдавать на благо Родины, ответственное отношение к соблюдению своих конституционных обязанностей.
Средний	Правильные ответы на 7-9 из 10 заданий	Школьник достаточно хорошо знает историю и культуру своей страны, проявляет интерес к государственной символике, ориентируется в Основном законе – Конституции РК. Учащийся любит свою Родину, испытывает чувство благодарности к своей семье, учителям, родному краю, но более приоритетными для него являются собственные интересы.
Низкий	Правильные ответы на 5-6 из 10 заданий викторины	Учащийся не проявляет особого интереса к истории и культуре своего Отечества. Не очень внимателен к государственной символике. Приоритетными в его системе ценностей являются личностный рост, стремление добиться успехов в каком-либо виде деятельности для собственного самоутверждения.

Данные констатирующего эксперимента подтверждают относительное сходство сформированности патриотического сознания, убеждений и чувств школьников в контрольной и экспериментальной группах.

Констатирующий эксперимент показал, что школьники при всей своей любви к Родине, благодарности к стране, которая их вырастила, не испытывают трепетного отношения к Родине, не совсем изъявляют готовность все свои силы, знания, труд и способности отдавать Отчизне, защищать ее в случае необходимости. В погоне за красивыми сленгами и лозунгами мечтают о жизни за границей, руководствуются лишь собственными интересами. Определенную часть учащихся отличает отсутствие четких духовно-нравственных и этических координат, увлечение модными веяниями.

В процессе проведения формирующего эксперимента по патриотическому воспитанию ученики контрольной группы обучались по традиционной методике, а учащиеся экспериментальной группы занимались с учетом современных тенденций на основе применения возможностей глобальной сети Интернет инновационных технологий.

Основной целью нашего экспериментального исследования явилась проверка целесообразности предлагаемой модели патриотического воспитания и образа современного патриота на основе использования возможностей Интернета и инновационных технологий.

Диагностика проблем позволила перейти к «педагогической инструментровке» целей, системы педагогических действий, форм воспитания, отбору содержания патриотического воспитания, способов контроля. Организуя опытно-экспериментальную работу, мы определили дидактические, воспитывающие, развивающие целевые ориентации.

Дидактические: познавательная деятельность, расширение кругозора, систематическое накопление знаний, умений анализировать, обобщать, делать выводы.

Воспитывающие: воспитание путем познания окружающего мира, собственной истории, культуры. Знакомство через различные формы воспитательной работы с историей собственного Отечества, культурой, искусством не только своего народа, но и всего мира является средством целенаправленного воздействия на личность, т.е. имеет большое воспитательное значение. Это воздействие в целом не носит прямого нравоучительного характера. Умело построенное воспитательное мероприятие заставит человека пережить ситуации, в которые он не попадал в реальной жизни, сделать его участником таких событий, которые он не наблюдал в действительности, испытать при этом разнообразные эмоции, ощущения, переживания, погрузиться в раздумья, и, таким образом, как бы непосредственно пережить, освоить “чужой” опыт, обогатить свою личность.



Воспитательные мероприятия, направленные на изучение природы как родного края, так и всей республики позволяют человеку почувствовать красоту окружающего мира (природы, людей, их отношений, вещей). Так, во время эксперимента обучающиеся должны были подготовить сообщения на темы, которые мы предлагали.

Выступающие старались подготовить не доклад, сухое изложение фактов, а эмоциональный рассказ об истории, культуре, природе.

Для наблюдения нами были выделены такие психические особенности обучающихся, как познавательный интерес, внимание, восприятие, воображение, память, мышление, взгляды и суждения, познавательная активность.


Развивающие: постепенное развитие осознанного, осмысленного патриотического чувства любви к Родине, ответственности за ее настоящее и будущее; уважение и почитание государственных символов: герба, флага, гимна, ощущение причастности к событиям, происходящим в республике. Формирование и развитие толерантности сознания, признание прав и уважение к языку, культуре и традициям народов, проживающих на территории государства. Желание своей деятельностью принести пользу Отчизне. Определение своего места, самосовершенствование, постоянная работа над собой.

Развивающие ориентации мы стремились формировать в процессе воспитательной работы по всем направлениям: духовному, нравственному, эстетическому, военно-патриотическому, трудовому, гражданскому, экологическому и т.д.

В ходе формирующего эксперимента мы пришли к пониманию того, что соотношение удельного веса репродуктивной деятельности обучающихся с постановкой умело и обоснованно отобранных с учетом возрастных возможностей проблем, стимулирующих самостоятельный поиск, становится эффективным средством формирования патриотического сознания, убеждений и чувств.

Список использованной литературы:

1. Бакытова А. С чего начинается Родина... – Общенациональная газета «Казахстанская правда» от 05.06.2009 г №121-122 стр. 4
2. Газман О.С. Неклассическое воспитание: От авторитарной педагогики к педагогике свободы.- М.: МИРОС, 2002, 296 с.
3. Лихачев Д.С. Заметки о русском.- ООО «Издательская Группа «Азбука-Аттикус», 2014. – 85 с.



ӘОЖ 39(574):910.4

ОТАНДЫҚ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ҚОРҒАУ ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ ТУРИЗМДЕГІ РӨЛІН АРТТЫРУ

**Тансыкова А.Б. - тарих ғылымдарының магистрі
«Тарих және география» кафедрасының оқытушысы
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті**

Аңдатпа Мақалада ХХ ғасырдың басында республикада қазақ халқының тарихы мен этнографиясын, материалдық және рухани мәдениеті мен тұрмысы саласындағы мәдени дәстүрлер мен этнографиялық ерекшеліктерді терең және жүйелі зерттеу кезеңі басталуымен орай орыс зерттеушілерінің зерттеу еңбектері берілген.

Түйінді сөздер: қазақ халқының тарихы, этнография, материалдық және рухани мәдениет, мәдени дәстүрлер, кесене, мазар, туризм, экскурсия.

Бұл танымал туристік және экскурсиялық сапарлардағы ерекше рөл. Археологиялық ескерткіштердің барлық түрлері туристік экскурсияларда маңызды рөл атқарады. Олардың ішінде Жетісудағы Сақ қорғандары, Қазақстандағы Талхиз, Отырар, Сайран қалалары, Қазақстанның Батыс еліндегі Сарайшық және басқалары бар. Ішінен дошедших дейін біздің тәулік заттарды археологиялық – многознаменательных монументтер үлкен маңыздылығы ие қорғандар сондай-ақ, қорымдар. Тасқа қашалған петроглифтер қола дәуірінің монументтері қатарына жатқызылуы мүмкін. Оларға қайталанбас белгілі шіркеулер жатады: Көксу өзеніндегі Ешкіөлмес монастыры, Тамғалы орны-Аңырақай әлемінің шыңы, сонымен қатар Шолақ, Кіндіктас, жүрек Гармоникасы төбесіндегі жартастағы суреттер. Сақ қорғандары 6 ғасырдан 3 ғасырға дейін таранқаға дейін сақталған. сондай – ақ, Бесшатыр қорымындағы "Алтын адам" жерлеу бейнекамерасы, 2001-2002 жылдары Шығыс Қазақстан облысының Қатынқарағай ауданындағы Бердыел (Берікел) қорғанында табылған "Сақ патшайымы" археологиялық туристік заттары. Түркістан, Отырар, Жаркент, Тұрбай, Онагр, Мерке, Талхиз және басқа да

